


ҚАЗАҚСТАН

тарихы

2

XV-XVII ҒАСЫРЛАРДА



ҚАЗАН ХАНДЫҒЫ
1552ж.дейін (ОУФА)

С і Б і Р
(XV г. 2-ші жа)

О Р Ы С М Е М Л

Еділ

Жайық

Тобол

Орда

Гурьев (1645)

Бі жем

Қ А Р А Қ А Л П А Қ Т А Р

А Ш Қ А Н И Й Х А Н Д Ы Ғ Ы

Қ А Р А Ш А Й Б А Н Н Л Е Р
(XVI г.)
А Ш Т А Р Х А Н И Л Е Р
(XVII г. басма)

Маңғыстау

Түрікмендер


Үргеніш

Хива

Сырдария

Үзе

ҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ




**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ – ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ**

**Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
Ә. Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

ҚАЗАҚСТАН тарихы

КӨНЕ ЗАМАННАН БҮГІНГЕ ДЕЙІН

БЕС ТОМДЫҚ



**«АТАМҰРА» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ, 1998**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ – АКАДЕМИЯ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМ. Ч. Ч. ВАЛИХАНОВА
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А. Х. МАРГУЛАНА**

История КАЗАХСТАНА

**С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ
В ПЯТИ ТОМАХ**



**ИЗДАТЕЛЬСТВО «АТАМУРА»
АЛМАТЫ. 1998**

БАС РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

**АСЫЛБЕКОВ М. Х., АЛДАЖҰМАНОВ Қ. С.,
БАЙПАҚОВ К. М., ИСМАҒҰЛОВ О. И.,
ҚОЗЫБАЕВ М. Қ. (БАС РЕДАКТОР),
ҚОШАНОВ А. Қ., ҚҰЛ-МҰХАММЕД М. А.,
КӨМЕКОВ Б. Е., НҰРПЕЙІСОВ К. Н.,
РОМАНОВ Ю. И., САҒАДИЕВ К. Ә .**

Редакциялық алқадан: «Қазақстан тарихы» бірінші томының жарық көруі қалың оқырмандар қауымының зор ынта-ықыласын туғызып, оны ғылыми жұртшылық жоғары бағалады. Егемен Қазақстанның қалыптасу кезеңінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерді, қоғам өмірінің барлық салаларында жүргізіліп жатқан реформалау ісін, ұлттық сана-сезімнің өсуін, тарихты объективті тануды негізге алған тарихи сананың қоғамда қалыптасу қарқынының күшейе түсуін ескере отырып, редакциялық алқа бұл басылымды төрт томнан бес томға жеткізіп, ұлғайтуға шешім қабылдады. Ең соңғы бесінші том хронологиялық жағынан егемен Қазақстанның қалыптасу және даму тарихының кезеңін қамтиды.

II ТОМ

ҚАЗАҚСТАН СОҢҒЫ ОРТА
ҒАСЫРЛАР ДӘУІРІНДЕ

ББК 63.3 (5 каз) 43-47

Қ 18

Қ 18 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. II том. — Алматы: «Атамұра», 1998. — 640 бет.

ISBN 5-7667-4735-7, 2-т.

ISBN 5-7667-2984-7

Бұл томда XIII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі соңғы ортағасырлық дәуірдегі Қазақстанның тарихы баяндалады. Қазақ хандығының қалыптасу және даму процесі, қазақ халқының құрылуы, оның этникалық аумағының, қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық қатынастарының қалыптасуы жазбаша деректемелер мен археологиялық ізденістер кешенінде қарастырылған.

Қазақ мемлекеті саяси тарихының мәселелері, оның сыртқы саясаты, көрші мемлекеттермен және халықтармен өзара байланыстары, Жәнібектің, Қасым ханның, Хақназар ханның, Тәуекелдің, Есімнің, Жәңгір ханның, Тәукенің, Әбілқайырдың, Абылай ханның және басқаларының мемлекеттік қызметі елеулі орын алады.

Рухани мәдениет, қала өркениеті, сауда дамуының аса маңызды проблемалары қарастырылған. Кітап карталар, суреттер, ғылыми аппарат, көрсеткіштермен жабдықталған.

Басылым қоғамтанушыларға, жоғары оқу орындарының, мектептердің, колледждердің, гимназиялар мен лицейлердің оқытушыларына, студенттерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарихына ден қоюшыларға арналған.

ТОМНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ:

~~К. М. БАЙПАҚОВ~~, М. Қ. ҚОЗЫБАЕВ,
Б. Е. КӨМЕКОВ, К. А. ПИЩУЛИНА

К 0503020905 — 034
418 (05) — 98 Без обьявл., 98

ББК 63.3 (5 каз) 43-47

ISBN 5-7667-4735-7, т-2

ISBN 5-7667-2984-7

© «Атамұра», 1998

АЛҒЫ СӨЗ

Бес томдық «Қазақстан тарихының» екінші томы соңғы орта ғасырлар тарихына арналған және XIII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі кезенді қамтиды. Осының алдындағы бірінші том (1996 ж.) сияқты бұл басылманың да Шығыстың жазбаша ескерткіштеріне, археологиялық және антропологиялық материалдарға, лингвистика және халықтың ауызша шығармашылығы деректеріне негізделген берік деректемелік негізі бар. Мұнда орта ғасырлардың белгілі бір проблемаларын баяндауда жаңа көзқарастар көрініс тапқан, жүйелі тарихи білім отандық және шетелдік ғылымның жетістіктерін ескере отырып берілген.

XIII ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның халықтары мен тайпалары Евразияның шектес және алыстағы этностарымен және елдерімен бірге Монғоли империясының құрамына кірді. Тарих ғылымы дамуының қазіргі кезеңінде монғолдардың жаулап алуы түрліше түсіндіріледі. Ең алдымен монғолдар шапқыншылығының өлкенің әлеуметтік-саяси, шаруашылық, этникалық және мәдени дамуына теріс әсер еткені анық. Сонымен бірге осынша кең-байтақ географиялық-саяси кеңістікте Монғол империясының, атап айтқанда, Алтын Орданың құрылуы біртұтас саяси жүйенің құрылуына әкеп соғып, соның шеңберінде сауда, халықаралық байланыстардың дамуы байқалды, сондай-ақ орталықтандырылған билік идеясы, мемлекеттілік пен фискалдық қызметтің маңызды элементтері таралды. Қазақстан аумағында түрік шонжарларымен туыстасып, саяси биліктің бүкіл міндетін атқарған монғол шонжарлары бірте-бірте түріктер ортасына, ең алдымен қыпшақтар ортасына қосылып, сіңісіп кетті. Екі мәдениеттің — монғол және қыпшақ мәдениеттерінің күресінде неғұрлым дамыған қыпшақ мәдениеті үстем болып, соның нәтижесінде қыпшақ дәстүрі монғол дәстүрінен басым түсті. Соның негізінде қыпшақтардың мемлекеттік құрылысына байланысты идеялардың мықты болғаны соншалық, олар қыпшақтардың этникалық негізіндегі тұңғыш автохтондық мемлекет Көк Орда (Ақ Орда) құрылған XIII ғасырдың аяғындағы кезеңде тағы көрінді.

Әулеттер арасындағы қырқысқан күрес, сондай-ақ ұлы Темір империясының Қазақстан аумағына жасаған сансыз көп соғыс жорықтары Көк Орданың Өзбек хандығы мен Ноғай Ордасына ыдырауына әкеп соқты. Құрылған этникалық-әлеуметтік құрылымдардың этникалық құрамы негізінен сәйкес келетін, олардың арасындағы айырмашылық сан және сапа өлшемдерінде ғана болатын. Мәселен, Көк Ордада — қыпшақтар, Моғолстанда — дулаттар, ал Ноғай Ордасында маңғыттар үстем тайпалар болды. Этникалық процестерде жоғары өрлеген бірігу бағыты біртіндеп басымдық ала берді. XIV—XV ғасырларда әр түрлі түрік және түркіленіп кеткен монғол этникалық топтарынан қазақ халқының қалыптасу процесі аяқталды. Бастапқы әлеуметтік мәнімен этникалық мазмұн алғанға дейін күрделі өзгерістер жолынан өткен «қазақ» атауының өзі жауынгерлік рухымен ғана емес, өзіне жеткілікті экономика-

сының жоғары деңгейімен де, өзіндік мәдениетімен де мәлім халықтың атауына айналады.

Қазақ халқы этникалық тарихының өзіндік ерекше белгісі жүздер болып табылады. Сірә, жүздердің негізінде өмірлік маңызы бар жайылымдар мен көшіп-қону бағыттарының дәстүр бойынша орныққан аумақтары, мемлекеттік құрылымдар мен рулық-тайпалық конфедерациялардың ғасырлар бойы қалыптасып, сайып келгенде этникалық-аумақтық бірлестіктерге айналған дәстүрлері жатса керек. Жүздердің тұрмыстық, рулық-тайпалық құрылымының қатаң регламенттелуі бұл құрылымның орнықтылығын және сырттан жасалған соққыларға қарсылығының беріктігін қамтамасыз етті.

Қазақ хандығының пайда болуы (1466 ж.) XIV–XV ғасырларда Қазақстан аумағында болып өткен этникалық-саяси және әлеуметтік-мәдени процестердің заңды қорытындысы болды. Қазақ мемлекеттігі — тамыры ежелгі заманда жатқан ұзақ тарихи дамудың жемісі, ол қазақ халқының топтасуына, оның этникалық аумағының қалыптасуы мен тұтастығының нығаюына, қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің дамуына себеп болды.

Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке хандар тұсында Қазақ хандығы нығаю және өрлеу кезеңдерінен өткен, Орталық Азияда елеулі рөл атқарған орталықтанған мемлекет, біртұтас саяси организм болды.

XV–XVII ғасырларда бірін-бірі толықтырған екі шаруашылық-мәдени үлгілерге — көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілікке, қала үлгісіне негізделген берік экономикалық жүйе құрылды. Урбанизация қазақтардың ортағасырлық тарихының айқындаушы факторларының бірі болды. Сырдария қалалары үшін қазақ және Орта Азия хандарының арасында табан тірескен күрес жүруі кездейсоқ емес. Көптеген қалаларға таңғажайып ғимараттар мен іргелі құрылыстар көрік беріп тұрды.

Дала өркениеті жағдайында қазақ халқының өзіндік мәдениеті дамыды. Онда Қазақстан аумағындағы бұрынғы ұрпақтар мен халықтардың мәдени қазыналары етене қосылып кетті.

Дәстүрлі қолөнердің, үй кәсіпшілігінің, қолданбалы өнердің тамаша туындылары халықтың өзіндік материалдық мәдениеті жоғары деңгейде болғанын айқын дәлелдейді. Қазақтардың халықтық ауызша шығармашылығы, соның ішінде ауызша тарихнама дәстүрлі ізгілікті негізде кеңінен дамыды. Батырлық эпостың көптеген туындылары, әлеуметтік-тұрмыстық дастандар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, әдет-ғұрыптық әндер мен ертегілер шығарылды. Талантты музыканттар эпикалық, тарихи сюжеттерге аспаптық туындылар (күйлер) шығарып, тұрмыстық тақырыптарды да бейнеледі. XVI–XVII ғасырларда қазақ тіліндегі жазбаша әдебиет діни және тарихи-аңыз мазмұнындағы кітаптар түрінде таралды, тарихи әдебиет пен генеалогия (шежіре) жасалды. Бұл кезеңде ислам діни қазақ қоғамында, қазақтың билеуші ақсүйектері арасында терең орнықты.

Бұл том қазақ халқы құрылуының, Қазақ хандығының пайда болуы мен дамуының жалпы заңдылығын, өзіндік ерекшеліктерін, олардың шектес және жекелеген этностармен, елдермен алуан түрлі сауда, саяси және мәдени өзара байланыстарын айқын көрсетеді.

«Қазақстан тарихының» екінші томы мәтінін мына авторлар жазды: алғы сөз — Б. Е. Көмеков, «Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихнамасы және деректемелері» тарауы — К. Ш. Хафизованың қытай тіліндегі және К. Л. Есмағамбетовтің батыс деректемелері бойынша материалдарын пайдалана

отырып, К. А. Пищулина, Б. Е. Көмеков (§ 1); К. А. Пищулина (§ 2); К. М. Байпақов (§ 3). I-бөлім, 1-тарау – Т. И. Сұлтанов пен А. Ш. Қадырбаев (§§ 1, 2), К. А. Пищулина (§ 3); 2-тарау – К. А. Пищулина (§§ 1–6), Н. Н. Мингулов (§ 2, 7); 3-тарау – К. А. Пищулина (§§ 1–3), К. М. Байпақов (§§ 4–6); 4-тарау – С. А. Қасқабасов (§ 1), Р. М. Мұстафина (§ 2), К. М. Байпақов (§ 3); 5-тарау – О. Исмағұлов, К. Сикымбаева, А. О. Исмағұлова (§ 1), К. А. Пищулина (§§ 2–4), Б. Е. Көмеков (§§ 4, 5), М. С. Мұқанов (§ 6); 6-тарау – К. А. Пищулина (§§ 1–5). 2-бөлім, 1-тарау – Т. И. Сұлтанов (§§ 1, 3, 4), К. А. Пищулина (§ 2); 2-тарау – М. Х. Әбусейітова (§§ 1, 2); 3-тарау – М. Х. Әбусейітова (§ 1), В. З. Галиев (§ 2), Б. Е. Көмеков (§ 3), Е. Ж. Уәлиханов (§ 4); 4-тарау – Т. И. Сұлтанов, Б. Е. Көмеков (§ 1), М. С. Мұқанов (§ 2), Т. И. Сұлтанов, Б. Е. Көмеков (§ 3); 5-тарау – К. А. Пищулина (§ 1), К. М. Байпақов (§§ 2–7); 6-тарау – Т. И. Сұлтанов, Б. Е. Көмеков (§ 1), К. А. Пищулина (§ 2); 7-тарау – С. А. Қасқабасов (§ 1), Ә. Т. Қайдаров (§ 2), Х. А. Арғынбаев (§ 3), Р. М. Мұстафина (§ 4).

Томның суреттерін дайындағандар – К. М. Байпақов, Б. Е. Көмеков. Карта-схемаларды дайындағандар – К. А. Пищулина, Б. Е. Көмеков, техникалық жағынан орындаған – К. А. Власов. «Қазақ жауынгерлері» атты суретті салған – Х. С. Ахметжанов. Құрастыру жұмысын жүргізгендер – Ю. И. Романов пен А. Т. Қапаева. Тарихи-географиялық және топографиялық атаулар көрсеткішін – Ә. Ә. Қайдарова, есімдер көрсеткішін – Ә. Ә. Қайдарова, Н. А. Атығаев, этникалық атаулар көрсеткішін – Н. А. Атығаев, Д. Қатран, хронологиялық көрсеткішті Ю. И. Романов жасады.

Томды қазақ тіліне аударғандар – Ж. Ә. Әбішев пен Ә. Б. Пірманов, Т. Б. Рсаев (1-бөлімнен: 2-тарау § 5, 6; 3-тарау § 2; 5-тарау § 4; 6-тарау § 3).

Қазақша басылымның редакциясын қарағандар – М. Қ. Қозыбаев пен Қ. С. Алдажұманов.

СОҢҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

1. ЖАЗБАША ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

Парсы деректемелері. Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихын зерттеу негізінен алғанда Шығыстың шектес және алыс елдерінен шыққан авторлар жазған жазбаша деректемелердің материалдарына негізделеді. Нарративтік шығармаларда: ең алдымен парсы тілінде жазылған тарихи, мемуарлық, географиялық шығармаларда аса маңызды материал бар, оларды шағатай, ескі өзбек (түркі), сондай-ақ араб тілдерінде жазылған еңбектер толықтырады. Бұл деректемелер ақпараттарының дәрежесі әр түрлі, көршілес Орта Азияның (Мауараннахрдың), сондай-ақ Иранның, Шығыс Түркістанның авторлары мейлінше хабардар, оның үстіне олардың неғұрлым көлемді де дәл мәліметтері Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға қатысты. Мысалы, Моғолстаннан айырмашылығы арнайы Қазақ хандығының тарихына арналған деректеме жоқ.

Қазақстан жөніндегі мәліметтер шығыс авторларының шығармаларында үзік-үзік келтірілген, негізінен алғанда саяси тарихқа, оның халқы мен билеушілерінің көрші мемлекеттердің халқымен өзара қатынастарының тарихына қатысты әр түрлі әулеттен тараған хандардың шежіресі келтірілген. Этникалық құрамы, шаруашылық кәсібі, рухани және материалдық мәдениетінің элементтері жөнінде бытыранқы мәліметтер де бар. Шығыс деректемелерінің материалдарын — батысевропалық, кейініректе — орыс саяхатшыларының, елшілерінің, ғалымдарының хабарлары, сондай-ақ орыс жылнамалары мен мұрағаттарының мәліметтері толықтыра түседі.

Монғолдардың жаулап алуы түрлі тілдердегі ауқымды әдебиетті өмірге келтірді. Оңтүстік Қазақстандағы, сондай-ақ Орта Азиядағы монғолдар жаулап алуын зерттеуде басты деректеме Ала ад-дин Ата Мәлік Жувейнидің «Тарих-и джахангуша» («Әлемді бағындырушының тарихы») деген еңбегі болып табылады¹. Шығарма 1260 жылы аяқталған. Автор Түркістанға, Ұйғырияға, Монғолияға өзі барған, монғолдардың ауызша әңгімелерін пайдаланған. Жувейни Отырарды қоршау, Сырдариядағы басқа қалалардың талқандалуы туралы хабарлайды, Шағатай, Жошы, Үгедей жұрттарының Қазақстан аумағында орналасуы, XIII ғасырдың ортасында Шағатай ұлысында болған қырқыстар мен бүліктер туралы деректер келтіреді.

Фазлаллах Рашид ад-Диннің «Жами' ат-таварих» («Жылнамалар жинағы», 1310—1311 жылдары аяқталған) деген тарихи еңбегі XII—XIII ғасырлардағы монғол және түрік тайпалары мен халықтарының тарихы жөніндегі мейлінше елеулі еңбек болып табылады. Рашид ад-Дин шығармасының негізіне ресми монғол хроникалары, монғолдар жаулап алған түрлі елдердің тарихи шығармалары, оқиғаларға қатысушы хабарламашылардың материалдары алынған.

Әдет-ғұрыптар, діни нанымдар, көшпелі тұрмыс туралы, түрік және монғол тайпаларының орналасуы туралы мәліметтер алуан түрлі. «Жылнамалар жинағының» екінші томында тайпалардың этникалық құрамы, Қазақстан монғол ұлыстарының құрамына кірген кездегі оның топономикасы, тарихи географиясы, саяси тарихы жөніндегі деректер, Орда-Ежен ұлысының тарихы, оның ұрпақтарының, басқа да Жошы ұрпақтарының генеалогиясы жөніндегі мәліметтер келтірілген².

Рашид ад-Диннің мәліметтері бұл тақырыпты кейінгі уақыт үшін дамытқан көптеген авторларға негіз болды. Олардың ішінде беймәлім автордың 1426 жылы Темір ұрпағы Шахрухтың тапсыруы бойынша жазылған және Жошы ұрпақтарының генеалогиялық тармағы, атап айтқанда, Ұрұс хан мен оның ұрпақтарының шежіресі келтірілген «Муизз әл-ансаб фи шаджарат салатин могул» деген еңбегін атап өткен жөн³.

XIV–XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір ұрпақтары тобының (қабылданған әулеттер бойынша шартты жіктеуге сәйкес) шығармаларынан тұрады. Оларда Темір мен оның ұрпақтарының көрші елдер мен халықтар жөніндегі саясаты ғана көрсетілмеген, сонымен қатар олардың ішкі саяси, шаруашылық, этникалық-мәдени өмірі жөніндегі материал да көп. XV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырға Моңғол және Шайбани ұрпақтары қалыптастырған деректемелер негізгі дерек көзі болып табылады.

Евразия тарихнамасында, жалпы шығыстануда Низам ад-дин Шамидің «Зафар-наме», Шараф ад-дин Әли Йаздидің «Зафар-наме», Абд ар-Раззак Самарқандидің «Матла'ас-са'даин ва маджма'әл-бахрайн» деген және басқа толып жатқан әмір Темір деректемелері кеңінен мәлім екеніне қарамастан Орта Азияның, Иранның, шектес елдердің тарихын зерттеушілер оларға қайта-қайта оралып, олардағы материалдың алуан түрлі екені соншалық, бұл деректемелердің жеткілікті дәрежеде толық және дәйекті түрде зерттелмегенін әділ атап өтуде. Бұл қорытынды Темір ұрпақтары дәуірінің шығармаларында бар Қазақстан тарихы жөніндегі мәліметтерге де қатысты.

Темір дәуірі туралы түпнұсқа деректемелерді зерттеушілер екі топқа бөледі⁴. Бірінші топқа Темірдің немесе оның билік еткен ұрпақтарының әмірімен жазылған деректемелер жатады. Низам ад-дин Шамидің, Шараф ад-дин Әли Йаздидің оны данышпан, әділетті мемлекет қайраткері етіп суреттейтін шығармалары осындай. Шығармалардың екінші тобын бейтарап авторлар – бұларға, мысалы, Рюи Гонзалес де Клавихо және Батыс Еуропаның басқа да саяхатшылары жатады, сондай-ақ әмір Темір бағындырған елдердің өз еңбектерінде оның басқыншылық саясатын бейнелеген авторлар (армян, грузин деректемелері) жазған. Темірдің саясатына теріс сипаттама берген араб авторлары Ахмед ибн Мұхаммед ибн Арабшах, әл-Айли, әл-Асади соңғы топқа жатады⁵. Клавихо өзінің 1403–1406 жылдардағы саяхатының күнделігінде⁶ Самарқандтағы орасан зор құрылыс жұмыстарын онда товарлардың, соның ішінде Русь пен оның Қазақстанды атайтынындай «Татариядан», Қытайдан және басқа елдерден әкелінген товарлардың молдығын атап өткен. Әмір Темір мен оның ұрпақтары негізгі сауда жолдарын жаулап алып, көптеген елдермен сауда және дипломатиялық қатынастарын дамытуға көп көңіл бөлді.

Хронологиясы жағынан әмір Темірдің іс-әрекеттері туралы толып жатқан

хикаялардың негізін салған алғашқы еңбек Низам ад-дин Шамидің «Зафар-намесі» болды, ол хижра бойынша 806 жылға (1403—1404 жж.) жеткізілген. Автор Темір Бағдатты алғаннан кейін соған қызмет етуге көшкен, оның жорықтарында еріп жүріп, кеңсе қызметін атқарған. Ол өз еңбегіне ресми құжаттарды, Темірдің жеңістері туралы мәлімдемелерді, сол дәуірдегі оқиғаларға қатысушылардың ауызша әңгімелерін, Темірдің ұйғыр хатшысы жазған хроникаларды пайдаланған. Шамидің XIV ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда болған оқиғалар туралы мәліметтері негізінен әмір Темірдің Ақ Орда мен Моғолстанның билеушілері Ұрұс хан мен Тоғлық-Темір ханға қарсы күресіне қатысты. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы шаруашылықтың жай-күйі жөнінде деректер келтірілген, өлкенің тарихи географиясын зерттеуге арналған материалдар бар. Низам ад-дин Шами шығармасының парсыша мәтінін Ф. Тауэр басып шығарған⁷. Екінші томында оның еңбегіне түсініктеме, сондай-ақ Хафиз-и Абрудың «Зубдат ат-таварих» деген шығармасынан үзінділер бар⁸.

Шараф ад-дин Әли Йаздидің «Зафар-намесі» әмір Темірдің өмірі мен қызметінің мейлінше толық ресми тарихы болып табылады, ол Низам ад-дин Шамидің еңбегі, түркі тілді «Манзума-йи тюрки» хроникасы, күнделіктер, ресми құжаттар, оқиғаларды көзімен көргендердің айғақтары негізінде жазылған⁹. Шами сияқты Йазди де Темірдің бағындырылған елдердегі қатыгездік әрекеттерін бүгіп қалмайды, бірақ Шамиден ерекшелігі, ол бұл әрекеттерді мадақтаудан шаршамайды. Шыңғыс-хан, әмір Темір сияқты қалаларды қиратып, сансыз көп адамды қырып-жойған, оларды туған жерлерінен айдап әкеткен ортағасырлық жаулап алушылар өздерінің көрші халықтар жөніндегі қатыгездік саясатын жасырмаған, ал сарайдағы авторлар өз шығармаларында олардың соғыстағы жеңістерін дәріптеген. Йаздидің еңбегі Шахрухтың ұлы Ібраһим сұлтан кезінде, 1419—1425 жылдар аралығында жазылғанымен, ол Темірді дәріптеу болып табылады. Мұндай шығармаға Темір немесе оның ұпақтары болашақ ұрпақтар үшін есте қалдырғысы келетін оқиғалар ғана таңсырыс бойынша енгізілетін. Оқиғалар соған сәйкес түсіндірілетін. Сондықтан бұдан бұрынғы отандық әдебиеттегі Йазди мен оның ізашары жазғанының бәрін «тарихи шындыққа» сәйкестендіру туралы айту дұрыс болмас еді¹⁰.

Шараф ад-дин Әли Йаздидің (хижра бойынша 858/1454 жылы өлген) шығармаында XIV ғасырдың соңғы үштен бірінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда болған саяси оқиғалардың егжей-тегжейі, әмір Темірдің осы аудандар мен Тянь-Шаньға жасаған жаулап алушылық жорықтарының бағыттары келтірілді. Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы мемлекетті Моғолстан, «Моғолдар елі», «Моғол ұлысы» деп атаған Низам ад-дин Шами мен Хафиз-и Абрудан айырмашылығы, Шараф ад-дин Әли Йазди оны «Жете» деген менсінбеген терминмен ғана атайды. Йазди Темірдің Жете еліне жаулап алушылық ниеттері туралы талй рет айтады, әмір Темірдің алдына бұл өлкені қаңыратып, күйзелту мақсатын қойғанын, оның жергілікті билеуші топтарды бағындыруы тиіс екенін атап көрсетеді. Автор Ақ Ордада да, Моғолстанда да біртұтас билік болмағанын сипаттайтын көп материал келтіреді. Темірдің жергілікті көшпелі және жартылай көшпелі халықпен шайқастарда оңай жеңіп шығуына бұл да көмектескен. Қазақстанның мал шаруашылығын, Ақ Орда мен моғол хандарының әскери ұйымын және Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудың байырғы халқы өмірінің басқа жақтарын сипаттайтын деректер келтіріледі.

Му'ин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» деген еңбегі Қазақстан тарихын зерттеу үшін құнды деректеме болып табылады. «Ескендір анонимі» деген атаумен бұл еңбекті ғылыми айналымға В. В. Бартольд енгізіп, оған бірнеше мақаласын арнады¹¹. Одан Шығыс Дешті Қыпшақтың, атап айтқанда, Ақ Орданың тарихы жөніндегі материалдар В. Г. Тизенгаузеннің басылымында келтірілген¹². Баспагерлер бұл деректеменің «көптеген құнды деректерінің» бірегейлігін, олардың анықтығын, мұны орыс жылнамаларының деректерімен салыстырғанда расталатынын атап өткен.

Му'ин ад-дин Натанзидің еңбегі хижра бойынша 815—816 жылдары (1412—1414 жж.) әмір Темірдің немересі Ескендірдің өтінуімен жазылған. В. В. Бартольд автор Фарста тұрғанымен, оның ортаазиялық аңыздармен, әдет-ғұрыптармен және көзқарастармен жақсы таныс болғанын, оның монғол және ұйғыр деректемелерін пайдаланғанын жазады¹³. Бұл оның Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісудың, Шығыс Түркістанның тарихы жөнінде хабарлаған мәліметтерінің бірегей сипатынан көрінеді. Натанзи еңбектері Темір билік еткен кезеңдегі оқиғаларды баяндауда жоғарыда аталған шығармаларды толық қайталамайды, ол Темір тарихының ресми нұсқасымен шектеліп қалмаған.

«Мунтахаб ат-таварих-и Му'иниде» Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, Қырғызстан мен Шығыс Түркістанның тарихы жөнінде басқа деректемелерде қайталанбайтын бірегей материал бар¹⁴. Моғолстандағы тайпа үстем топтарының, әсіресе әмір Қамар ад-дин дуғлаттың орталық хан билігіне қарсы күресі туралы, Қызыр-Қожа ханның экономикалық саясатының кейбір жәйттері туралы деректер мен басқа да мәліметтер қызықты. Му'ин ад-дин Натанзи шығармасының парсыша мәтіні 1957 жылы Тегеранда басып шығарылды¹⁵.

1423 жылы Темірдің немересі Мырза Байсұңқардың тапсырысы бойынша Хафиз-и Абру 4-томдық «Маджма' ат-таварих» деген жалпыға бірдей тарих жазуды бастады. Арнайы «Зубдат ат-таварих-и Байсункари» деп аталған төртінші томы материалдарының Қазақстан тарихына қатысы бар¹⁶. Ол түпнұсқа Шами мен Натанзи шығармаларының негізінде, бірақ ғасырдың одан кейінгі ширегі үшін, 1428—29 жылдарға дейін, яғни алғашқы Темір ұрпақтары заманына арналған. Ұлықбектің Моғолстанға Мұхаммед ханға қарсы жорығы туралы, сондай-ақ Темір ұрпағы Шахрухтың XV ғасырдың 20-жылдарында Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы арқылы жүріп өткен Қытайға елшілігі туралы мәліметтер назар аударарлық. Моғолстан арқылы өткен жолды суреттеуде өлкенің тарихи географиясы жөнінде деректер бар, ол сол кезеңдегі Моғолстанның ішкі саяси жағдайы жөнінде пікір айтуға мүмкіндік береді¹⁷.

Темір ұрпақтары тарихнамасының маңызды туындылары қатарында XV ғасырдың екінші жартысындағы шығармалар ерекше орын алады. Олардың ішінде Абд ар-Раззақ Самарқандидің «Матла'ас-са'дайн ва маджма'әл-бахрайны» бар. Онда Иран мен Орта Азияның Хулагу және Темір ұрпақтарының 1304 жылдан 1471 жылға дейінгі тарихы баяндалған. XIV—XV ғасырлар шебіндегі Ақ Орданың құлдырауы кезіндегі Шығыс Дешті Қыпшақтағы оқиғалар туралы, Барақ ханның мемлекеттің ыдырауына қарсы әрекеті, Ұлықбектің заманындағы Моғолстан мен Мауараннахрдың өзара қатынастары туралы мәліметтер мен басқа да деректердің ынта-ықылас туғызатыны күмәнсіз¹⁸.

Мұхаммед Хавенд-шах Мирхондтың (1433—1498 жж.) «Раузат ас-сафа» деген жалпыға бірдей алтыншы томында XV ғасырдың 20-жылдарынан бастала-

тын Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тарихы жөнінде көлемді материал жеткілікті. В. В. Бартольд оның деректерін Ұлықбектің Моғолстанға жоғарыда аталған жорығын сипаттауға арналған жазбаларында келтірген. Мирхондтың бұл томының неғұрлым ертеректегі мәліметтері Темір мен оның ұрпақтарына арналған, олардың Қазақстан аумағындағы саясаты туралы ертедегі Темір ұрпақтары тарихнамасы авторларының еңбектері бойынша сол кезде-ақ мәлім деректерді қайталайды. Өз есімдерін, топонимдерді, этникалық топтардың атауларын жазуда айырмашылықтар бар. Оқиғаларды баяндауда, мысалы, Ұлықбектің нақ сол Моғолстанға жорығын суреттеуде және бұл мемлекеттің ішкі жағдайын көрсетуде орын алған, неғұрлым егжей-тегжейлі, еш жерде қайталанбайтын қиғаштықтар Мирхондтың әлдебір жоғалып кеткен түпнұсқа деректемелерді пайдаланғанын көрсетеді¹⁹. Хондемирдің «Хабиб ас-сийар» деген шығармасының²⁰ XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы жөніндегі мағлұматтары негізінен алғанда Шами, Йазди және Мирхонд шығармаларын қайталайды, олар XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басы үшін ғана бірегей. Қазақстанның орта ғасырларын зерттеушілер үшін Хондемирдің Санкт-Петербургтің Мемлекеттік көпшілік кітапханасындағы «Та'рих-и Джахан-наме» деп аталатын қолжазбасындағы географиялық қосымшасы назар аударарлық.

Әбу-л-Хасан Сайид Әли әл-Жүзжанидің (шамамен 1476/77 жж. өлген) «Масалик әл-мамалик» деген шығармасы да Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тарихи географиясын зерттеушілерге материал береді²¹.

Темір ұрпақтарының тарихнамасында осы әулеттің өкілдері жазған еңбектер де бар. Бұлар — түрік тіліндегі, әмір Темір шығарды деп саналатын «Темір ережелері»²² мен «Улус-арба'» (немесе «Тарих-и арба' улус»), яғни төрт монғол ұлысының тарихы.

Екінші шығарма Ұлықбек мырзаның басшылығымен және қатысуымен жазылған. Ұлы астроном-ғалымның бұл тарихи еңбегіне Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстары туралы жазған XVI—XVII ғасырлардағы көптеген авторлардың шығармаларында да талай рет сілтеме жасалған. Жошы мен Шағатай ұлыстары туралы материалдар соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына тікелей қатысты. Ұлықбек Шағатай ұлысындағы 28 ханның және Жошы ұлысындағы 39 ханның есімдерін келтірген. Б. А. Ахмедовтің пікірінше XIII ғасырдың бас кезінде-ақ «өзбек» терминінің пайда болуы туралы, оның XIV ғасырда Дешті Қыпшақтың батыс бөлігінде этноним ретінде қолданылғаны туралы мәліметтер ерекше құнды болып табылады²³.

Темір ұрпақтары тарихнамасы тақырыбы жағынан алуан түрлі, әскери, саяси оқиғаларды да, мәдени оқиғаларды да, мысалы, XIV—XV ғасырлардағы Сыр өңірі қалаларында дала хандары салғызған құрылыстар және әмір Темірдің жарлығымен Ахмет Йассауи қабірінің үстінен тұрғызған таңғажайып кесенені де көрсететін шығармалардағы Қазақстан жөніндегі материалдардың шоғыры осындай.

XVI ғасырдағы белгілі тарихшы және әдебиетші Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та'рих-и Рашиди» деген шығармасы XIV—XVI ғасырлардың басында Қазақстан аумағы мен көрші аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі Моғолстан тарихына арнайы арналған. Бұл еңбек — Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы тым қысқа болғанымен, дәйекті түрде баяндалған.

Шонжарлардың жоғары топтарына жататын Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсайын Дуғлат (1499–1551 жж.) Моғолстанның аса ірі тайпаларының бірінен шыққан. Мырза Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары — дуғлат тайпасының әмірлері мен бектері — Моғолстан мемлекетіне кірген Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, Қырғызстанның, Шығыс Түркістанның саяси тарихында зор рөл атқарған; олар аса маңызды мемлекеттік қызметтер атқарып, ұлысбектер болған.

Мырза Мұхаммед Хайдар хижра бойынша 905 жылы (1499/1500 жж.) сол кезде моғол хандарының билігінде болған Ташкентте туған. Оның анасы Моғолстан ханы Сұлтан Жүністің кіші қызы болған, ал Сұлтан Жүніс белгілі мемлекет қайраткері, тарихшы және ақын Захир ад-дин Бабыр мен Моғолстан ханы Сұлтан Сайидтың немере туысы еді. Мырза Мұхаммед Хайдар 1512 жылдан 1533 жылға дейін Сұлтан Сайид ханның сарайында болып, билеушінің мұрагері Абд ар-Рашид сұлтанды тәрбиеледі. 1533 жылы Абд ар-Рашид хан дуғлаттардың жоғарылауынан қауіптеніп, оларға жазалау шараларын үйіптөкті. Мұхаммед Хайдар Кашмирге қашып барып, Үндістан, Ұлы Моғолдар билеушілері атынан 1551 жылы шайқастардың бірінде өлтірілгенге дейін билік етті.

Мырза Мұхаммед Хайдар жақсы білім алған, өз дәуірінің саяси оқиғалары мен қайраткерлерінен хабардар болды. Ол түркі тілінде әдеби шығармалар жазғанымен де, мұсылман тарихнамасына тарихи «Та'рих-и Рашиди» еңбегінің авторы ретінде енді. Шығарма 1542–1546 жылдары Кашмирде ортаазиялық парсы тілінде жазылған. Екі бөлімнен — дафтарлардан тұрады.

I дафтар моғолдың Шағатай ұрпақтарынан шыққан хандарының тарихынан тұрады, онда әмір Болатшы дуғлат 1348 жылы Тоғлық-Темір ханды хан тағына көтерген уақыттан бастап, Мұхаммед Хайдар мырза Абд ар-Рашид ханның құрметіне арнаған өз шығармасы 1533 жылы Қашғарияда (Моғолияда) оның билік ете бастағанына дейін Моғолстанда болған оқиғаларды баяндаған.

II дафтар автор 1541 жылға дейін жеткізген мемуарлар болып табылады. Бұл бөлімде өз өмірбаяны және сол дәуірдің көптеген тарихи адамдары туралы өмірбаяндық материалдармен қоса, бірінші бөлімде баяндалғандарына қосымша Сұлтан Сайид ханның Моғолстандағы билік үшін күресі, оның 1514 жылы Қашғарияның дуғлат әмірлерін басып алып, Моғолия мемлекетінің негізін қалағаны, Моғолстанның бұрынғы аумақтарында — Жетісу мен Тянь-Шань өңірінде Шағатай ұрпақтарының билігін қалпына келтіру әрекеттері туралы мәліметтер бар. II дафтарда XV–XVI ғасырлар шебінде Орта Азияда, Шығыс Түркістанда, Ауғанстанда, Үндістанда болған көптеген тарихи оқиғалар баяндалған.

Мұхаммед Хайдар мырза өз еңбегін моғолдар, атап айтқанда, өз бабалары — дуғлат әмірлері арасында белгілі ауызша аңыздарға, ұлысбек-дуғлаттардың қолы жететін ресми мемлекеттік құжаттарға негіздеген. «Тарих-и Рашиди» деректемелерінің арасында «сенім білдіруге лайықты адамдардың» әңгімелері — замандастары мен оқиғаларға қатысушылардың айғақтары маңызды орын алады. Мұхаммед Хайдар өзінің ізашарлары — Жамал ад-дин Қаршидің, Жувейнидің, Рашид ад-Диннің, Хамдаллах Казвинидің, Абд ар-Раззақ Самарқандидің, Шараф ад-дин Әли Йаздидің және басқа көптеген адамдардың тарихи еңбектерін көптеп пайдаланған.

«Та'рих-и Рашиди» — XIV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырдың ба-

сындағы Моғолстанның және XVI ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы Қашғарияның Шағатай ұрпағынан шыққан хандарының тарихы жөніндегі ғана емес, сонымен қатар дуғлаттардан шыққан атақты адамдардың Шығыс Түркістан бөлігіндегі (Манлай Сүбе) билік ету тарихы жөніндегі де негізгі түпнұсқа деректеме. Бұл шығармада соңғы орта ғасырларда Жетісуды, Шығыс Дешті Қыпшақты, Тянь-Шань аймағын, Шығыс Түркістанды мекендеген моғолдардың, басқа да тайпалар мен халықтардың, атап айтқанда, қырғыздардың, ұйғырлардың, өзбектердің, ойраттардың және басқалардың тарихы жөнінде бірегей материалдар бар. Онда алғаш рет тарихнамада қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің көшіп кетуі туралы хабарланады (көшіп кету — жаңа қазақ хандығының өзінше бір өзін-өзі билеуінің, ерік білдіруінің нысаны), олардың этникалық сана-сезімін қабылдау себептері туралы пікірлер айтылып, қазақ хандарының Шайбани ұрпақтарымен, моғол хандарымен, қырғыздардың, ноғайлардың, қалмақтардың (ойраттардың) әміршілерімен өзара қатынастары айтылады.

Мұхаммед Хайдардың шығармасы медиевистикада кеңінен мәлім. Оны XVI—XVII ғасырлардағы көптеген шығыс авторлары мен соңғы орта ғасырлардағы Орталық, Орта Азия тарихын қазіргі зерттеушілер түпнұсқа ретінде пайдаланды²⁴.

«Та'рих-и Рашиди» қолжазбасы парсы тіліндегі көптеген тізімдерде, түрік тіліндегі аудармаларда сақталған. Ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармалары жарияланған²⁵.

Шах-Махмұд Шорастың «Тарих» («Хроника») деген шығармасы қазақ хандары Бұйдаш, Хақназар, Тәуекел, Есім және оның ұлы Жәңгір кезіндегі XVI—XVII ғасырлардағы қазақ-моғол қатынастарының тарихы жөніндегі түпнұсқа болып табылады²⁶. Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та'рих-и Рашиди» сияқты, Шах-Махмұд Шорастың «Хроникасы» да Шығыс Түркістанның (Моғолстанның және 1514 жылдан Моғолияның) Шағатай ұрпақтарына арналған деректемелер тобына жатады. Дуғлаттар тарихын жазған Мырза Хайдардың үлгісімен, Шах-Махмұд Шорас өз еңбегін өзі туған шорас тайпасының тарихына арнаған. Құрама бөлігі «Та'рих-и Рашиди» негізінде, Абд ар-Рашид ханның уақытына (1533—60 жж.) немесе, дәлірек айтқанда, «Та'рих-и Рашиди» біткен уақытқа дейінгі кезең негізінде жасалған. Одан кейінгі, XVII ғасырдың 70-жылдарына дейінгі уақыт түпнұсқа, көз көргендер мен автордың мәліметтеріне негізделген. Бұл бөлімнің жалпыға бірдей тарих, энциклопедиялар сипатындағы неғұрлым ертедегі үш шығармаға еш қатысы жоқ, ал оларда да Шығыс Түркістандағы моғол мемлекетінің әміршілері туралы мәліметтер бар. Бұлар — Әмин Ахмет Разидің «Хафт иклим» (1593—94 жылдары жазылған), Хайдар ибн Әли Разидің «Тарих-и Хайдари» (1611/12—1618—19 жж.) және Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» (шамамен 1640—41 жылдарда бітірілген) деген шығармалары. Шах-Махмұд Мырза Фазил Шорастың шығармасы шамамен 1676—77 жылдарда жазылған. Ол XVI—XVII ғасырлардағы қазақ-моғол өзара қатынастарының жекелеген жағдайларын көрсетеді²⁷.

Бұл мәліметтер ұқсас, бірақ олар жоғарыда аталған деректемелердің мәліметтерімен (уақыты, хандардың есімдері, шайқастар өткен жерлер және басқа да егжей-тегжейлер жөнінен) сәйкес келмейді. Олар Абд ар-Рашид ханның орталық және батыс Моғолстанда, Жетісуда моғол әміршілерінің билігін қалпына келтіру, бұл жерлерден қазақтарды ығыстырып шығару әрекеттеріне қатысты. Шах-Махмұд Шорас Есім ханның

Шалыш пен Турфан әміршісі Абд ар-Рахимнің Жаркенттегі орталық әміршімен күресіне қатысқаны туралы айтады. Қазақ хандығының Моғолиямен дипломатиялық қатынастары туралы айтқанда қазақ ханы Жаһангер бастап, оның ұлы, болашақтағы атақты хан Тәуке сұлтан қатысқан елшілік туралы мәліметтер ден қоюға лайық²⁸.

XVI ғасырда Орта Азияда ең алдымен Мұхаммед Шайбани хан мен оның атасы Әбілқайыр ханның, ал ғасырдың екінші жартысында Абдаллах ханның қызметі баяндалатын шайбанилік тарихнама шығармалары көп мөлшерде жазылды. Темір ұрпақтарынан Мауараннахрды жаулап алған Мұхаммед Шайбани өз жағына өткен Темір ұрпақтары мектебінің әдебиетші, тарихшы қайраткерлеріне өзінің ерліктерін, өзінің ата-бабалары – Шайбани ұрпақтарының әрекеттерін тарихи шығармалардың беттерінде көрсетуді тапсырған. Авторы Мұхаммед Шайбанидің өзі болған деп саналатын, түрік тіліндегі «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» деген анонимдік шығармамен, Мұхаммед Салихтың түрік тілінде өлеңмен жазылған «Шайбани-наме» дастанымен бірге XVI ғасырдың басындағы ортаазиялық тарихнамада Камал ад-дин Бинаи мен Молла Шадидің төжік-парсы тіліндегі шығармалары маңызды орын алады.

Камал ад-дин Бинаи (1453–1512 жж.) – әдебиетші, «төжік өлеңінің керемет шеберлерінің бірі»²⁹. Гератта, Иракта, Самарканд пен Бұхарада тұрған, Мұхаммед Шайбани ханға қызмет етуге көшіп, 1504–1510 жылдар арасында оған арнап «Шайбани-наме» және «Футухат-и хани» деген екі тарихи еңбек жазған (екінші шығарма – біріншісінің кеңейтілген нұсқасы). Камал ад-дин Бинаи жастық шағынан бастап, Мауараннахрда Темір ұрпақтары мемлекетінің құлауына дейінгі (1502–1503 жылдарға дейінгі) Мұхаммед Шайбанидің өмір жолын баяндаған. Ол Темір ұрпақтарының күйреуіне Мұхаммед Шайбанидің әскер күші мен қолбасшылық талантынан гөрі, Орта Азияның бұрынғы билеушілері мен шонжарларының арасындағы өзара қырқыстар мен кикілжін себеп болғанын көрсеткен.

Камал ад-дин Бинаидың қазақтар мен Қазақстан туралы мәліметтері көп әрі маңызды. Оларды, сөз жоқ, аталған «Таварих-и гузида» деп аталып өткен еңбектің мәліметтерімен салыстыруға болады, ал оған деректеметануда XVI ғасырдың басындағы шайбанилік тарихнаманың басқа шығармалары үшін түпнұсқа рөлі беріледі³⁰. Алайда зерттеушілер (П. П. Иванов, А. М. Мирзоев, Р. Г. Мукминова, С. К. Ибрагимов, Б. А. Ахмедов және басқалар) Бинаи еңбегінің маңызын деректеме деп таниды.

Бинаи Әбілқайыр ханнан кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы жағдай туралы, оның ұлы Шайх Хайдар ханның билікті қолдан шығарып алғаны туралы (оның бұйрықтары мен шақырғанына «адамдар мен әскер жиналмады»), оған Жошы ұрпақтарының, соның ішінде қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің, сондай-ақ маңғыт мырзаларының қарсы шыққаны туралы, Сыр өңірі қалалары аймағында ықпал жасау жолындағы күрес туралы сөз етеді. Түркістанның Отырар, Сығанак, Сауран қалалары туралы материалдары, сондай-ақ Дешті Қыпшақтың құсшы, қоңырат, қият, найман, күрлеуіт, маңғыт тайпалары және өзбек, қазақ, башқұрт және басқа да түркі тілдес халықтарының құрамына кірген өзге тайпалары туралы мәліметтері құнды³¹.

Молла Шадидің өлеңмен парсы тілінде жазылған «Фатх-наме» («Жеңістер кітабы») 1501 жылға дейінгі оқиғаларды қамтиды, Мұхаммед Шайбани ханның тапсыруымен жазылған. Оның мазмұны «Таварих-и гузида-йи нусрат-намедегі» оқиғалардың баяндалу үлгісіне сәйкес келеді. Қазақстан тарихы бойынша

алғанда оның аумағында Шайбани ұрпақтарының биліктен айырылу кезеңінің сипаты көп жағынан Бинаидің материалдарына ұқсас. Алайда, шайбанилер тобының басқа шығармаларында жоқ бірқатар мәліметтер, мысалы, Әбілқайырдан кейін Шығыс Дешті Қыпшақта Жәдігер ханның билік етуі туралы хабар да бар. Дастан мәтінін аударушы және зерттеуші В. П. Юдин өз еңбегі үшін Молла Шади қосымша ақпарат көздерін, атап айтқанда, хандар мен олардың серіктерінің өздері ауызша айтқан әңгімелерін немесе «Таварих-и гузиданың» неғұрлым толық, редакцияланып үлгірмеген қолжазбасын пайдаланған деп топшылайды³².

Шайбанилік тарихнама қатарында Орта Азия мен Қазақстан тарихы жөніндегі аса маңызды түпнұсқа еңбек — Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара» («Бухар мейманының кітабы») деген еңбегі ерекше орын алады. Ол хижра бойынша 862/б.з. 1457—58 жылы Иранда туған. Ибн Рузбиханның балалық және жастық шағы Шираз бен Исфahanда өткен. Хиджаз бен Египетте ол сол замандағы ғылымнан зор білім алып, көрнекті діни ғалым мен әдебиетші болды. Кейіннен Ибн Рузбихан XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басындағы Иран мен Орта Азияның бірқатар билеушілерінің сарайларында жоғары қызметтер атқарды. Азербайжандағы Ақ-Қойынлы әулетінің тарихына арналған «Тарих-и аламара-йи Амینی» деген тарихи шығарма жазды. 1504 жылы Шах Исмаил Сефевидің әскерлері сунниттерді талқандағаннан кейін Ибн Рузбихан Ираннан кетіп, Мауараннахрдағы Мұхаммед Шайбани ханның сарайына барды. Жорықтарда оған еріп жүріп, ханмен діни ілім сайыстар мен әңгімелерге қатысты.

Қазақстан мен Орта Азия тарихнамасында Ибн Рузбихан «Бұхара мейманының кітабы» авторы ретінде мәлім. Шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1508—1509 жылдың қысындағы қазақтарға қарсы жорығына әзірлік пен жорықтың өзіне арналған. Шынына келгенде ол XV—XVI ғасырлар шебіндегі қазақтар мен көшпелі өзбектердің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірінің көптеген жақтарын емін-еркін сипаттайтын замандастың нақты айғақтары болып табылады. Ибн Рузбиханның қазақтардың тұрмысы, шаруашылығы, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының этникалық құрамы, Қазақстан мен Орта Азия халқының сауда-экономикалық байланыстары, Қазақ хандығының билеушілері мен шайбанилердің өзара саяси қатынастары туралы мәліметтері ерекше.

Дешті Қыпшақ пен Түркістан жөніндегі тарихи-географиялық материалдар қызығушылық туғызады. Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңіріндегі қалалары туралы мәліметтер ерекше маңызды. Олардың көпшілігіне — Түркістанға, Сауранға, Аркөкке және басқаларына ол өз еңбегінің көптеген беттерін арнаған. Ибн Рузбиханның шығармасын 1962 жылы Манучихр Сутуде Тегеранда басып шығарды³³.

Шайбанилік тарихи әдебиет арасында Масуд ибн Усман Кухистанидің «Тарих-и Абулхайр-хани» деген жалпыға бірдей тарихы, атап айтқанда, оның 1428—1468 жылдарда Шығыс Дешті Қыпшақта билік еткен көшпелі өзбектер ханы Әбілқайырдың тарихына арналған түпнұсқа бөлігі маңызды орын алады. Шыңғыс-хан мен оның мирасқорларының тарихы, Темір мен оның ұрпақтарының тарихы сияқты жоғарыда аталған XIV—XV ғасырлардағы авторлар қолжазбаларының негізінде баяндалған. Шығарма 1543—1544 жылдарда, Шайбани ұрпағы, Самарқандта 1540—1551 жылдарда билік еткен Абд ал-Латиф ханның (Әбілқайыр хан немересінің) тапсыруымен тәжік (ортаазиялық парсы)

тілінде жазылған. Бұл ханға қызмет еткенге дейін Масуд ибн Усман Кухистани Әбілқайырдың ұлы Сүйініш-Қожа ханның хатшысы болып, Дешті Қыпшақ пен Түркістандағы XV ғасырдағы оқиғалар туралы ақпаратты Сүйініш-Қожа ханнан және Әбілқайыр ханның басқа да серіктерінің ұрпақтарынан алып отырған.

Масуд Кухистанидің Әбілқайыр ханның заманы туралы мәліметтері ауқымды әрі алуан түрлі: онда оның билік ете бастаған кезі, оның Қазақстанның далалық аймақтарындағы Жошыдан тараған сансыз көп қарсыластарымен соғыстары, Хорезм мен Сыр өңірі қалаларын жаулап алуы, Мауараннахрдағы Темір ұрпақтарымен өзара қатынастары туралы айтылады. Басқа да Шайбани ұрпақтары дәріптелетін шығармалардағы сияқты, Масуд Кухистанидің еңбегінде де барлық материалдың едәуір дәрежеде сыңаржак тандап алынғанын, ол Шайбанилердің данқын, олардың далалық аумақтарға ғана емес, сонымен қатар Түркістан қалаларына, Хорезмге, Мауараннахрға дәмелерінің зандылығын дәлелдеуге тиіс болғанын атап өткен жөн. Солай бола тұрса да, зерттеушілер бұл деректемелерді олардың этносаяси сыңаржак бағдарда екенін (мысалы, оларда қазақ әміршілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістан жерлеріне құқықтары туралы ештеңе айтылмайды) ескере отырып пайдаланып келеді. Масуд Кухистанидің Шығыс Дешті Қыпшақ халқының рулық-тайпалық құрамы, көшпелі өзбектер хандарының серіктері — әмірлер мен бектердің белгілі бір есімдерін атаған кездегі әлеуметтік терминдер жөніндегі деректерінің, тарихи география жөніндегі деректері мен басқа да мәліметтерінің зор маңызы бар³⁴.

Орта Азияның соңғы орта ғасырлардағы тарихын зерттеушілер Зайн аддин Васифидің «Бадаи' әл-вакаи'» («Ғажайып оқиғалар») деген мемуарын жоғары бағалайды, ол XVI ғасырдың бірінші жартысындағы аймақ халқының түрлі топтарының қоғамдық, мәдени өмірінің, тұрмысының көптеген жақтары жөніндегі аса маңызды түпнұсқа деректеме болып саналады. Васифидің шығармасында Қазақстан тарихы жөнінде — Шайбани ұрпағы Ұбайдаллах ханның қазақтарға жасаған жорығы туралы маңызды мәліметтер және «Қазақтарды жену туралы мәлімдеме» (1537 жылғы) бар. Бірақ оның Сыр бойы қалалары өмірінің түрлі жақтары туралы, мысалы, Саурандағы медресе құрылысы туралы, сол қаланың төңірегіндегі суландыру жүйесі туралы, вақфтық жерлер және т. б. туралы мағлұматтары ерекше маңызды. Ол бұл жерлерде болған, Сауранда Сейид Абдаллахтың жанында Мир-и Араб атымен тұрған, Түркістанда, Ташкентте болған³⁵.

XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед Бұхаридің сол кездегі ортаазиялық тарихнамада кеңінен мәлім «Шараф-наме-йи шахи» («Шахтар данқы кітабы») деген еңбегінің маңызы зор. Автор Шайбани II Абдаллах ханға қызмет етіп, оның қызметін, әскери жорықтарын, Орта Азия мен көршілес өлкелерде болған оқиғаларды егжей-тегжейлі жазып отырған. Абдаллах өзінің шайбанилік мемлекетті біріктіру жолындағы күресінде көршілес билеушілердің, атап айтқанда, қазақ ханы Шығай мен оның ұлы Тәуекелдің әскери күштерін пайдаланған. Қазақтардың Сыр өңірі қалалары үшін күресі туралы мәліметтер ден қоюға лайық. Абдаллах ханның Сарысуға дейінгі қазақ жеріне жасаған жорығын суреттеуден қалалардың, сондай-ақ далалық аумақтың экономикалық жағдайы туралы әр түрлі материал, этногеографиялық деректер алуға болады³⁶.

XVI ғасырдағы түрік авторы Сейфи Челебидің «Китаб-и падишах-и вилай-

ет-и Хинд ва Хитай ва Хотан ва Кашмир» деген шығармасында жинақталған материалдар қазақтардың шаруашылығын, әлеуметтік құрылымын, этносоциологиялық мәселелерді зерттеуге жәрдемдеседі³⁷.

Махмұд ибн Әмір Уәлидің «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» («Өнегелі адамдардың ерліктері жайлы ғаламат құпиялар») деген энциклопедиялық еңбегінде соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөнінде алуан түрлі және өте құнды материалдар бар. Автор XVII ғасырдың 1-жартысында өмір сүрген, Балхта туған, көп саяхат жасап, Үндістанда болған, кітаптардан, білімді адамдармен сұхбаттардан толып жатқан ғылыми мәліметтер жинаған. Бірқатар поэтикалық шығармалар жазған. Аштархани Нәдір-Мұхаммед шахтың тапсыруымен өзінің негізгі еңбегін — ғарышнама, география, жалпы тарих жөніндегі 7 томдық «Бахр аль-асрар» шығармасын жазған.

VI томда Шыңғыс-хан мен оның ұрпақтарының тарихы баяндалады. Томның екінші бөлімінде Мауараннахрдағы, Моғолстан мен Шығыс Түркістандағы Шағатай ұрпақтарының тарихы айтылған³⁸. Бұл әулет туралы «Та'рих-и Рашиди» мәліметтері жүз жылға, 1640—41 жылға дейін жеткізілген. Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпақтарының тарихы — үшінші, аштархандықтар — төртінші бөлімде. Соңғы бөлімнің көптеген материалдарының Қазақстан тарихына, әсіресе Орта Азиямен XVII ғасырдың алғашқы онжылдықтарыдағы қарым-қатынастары тарихына қатысы бар. Махмұд ибн Уәлидің мәліметтері оқиғаларды көзімен көргендер мен қатысушылардың айтқандарына негізделген. Қазақ сұлтандары Есім мен Тұрсынның егестері туралы, Есімнің ойраттарға қарсы жорығы, Имамкули ханның Ташкент пен Түркістанды Есімге беруі туралы материалдар мен басқа да деректер ынта-ықылас туғызады³⁹.

Махмұд ибн Уәлидің Жошы және Шағатай ұрпақтарының тарихы жөніндегі мәліметтері — бірегей мәліметтер, ол бұларды, сірә, бізге дейін жетпеген түпнұсқа деректемелерден алса керек. Бұл мәліметтер Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының, Моғолстанның, Қазақ хандығының тарихына қатысты; тарихи география, атап айтқанда, Орта Сырдария өңіріндегі қалалардың сипаттамасы жөніндегі материалдар зор ықылас туғызады. Бұл деректемені ғылыми айналымға бірінші рет В. В. Бартольд енгізген⁴⁰.

М. Х. Әбусейітова XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығының зерттеу үшін келтірген деректемелер тобында қазақ хандары мен сұлтандарының шайбанилермен, содан соң XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басындағы Мауараннахрдың аштарханилерімен қарым-қатынастары туралы егжей-тегжейлі мәліметтер бар. Ол бұл деректемелерге сипаттама берген, олардың арасында Мұхамедия ибн Араб қатағанның «Мусаххир әл-билад», Молла Шараф ад-диннің «Тарих-и Сайид Рахим», Ескендір Муншидің «Тарих-и аламара-йи Аббаси», Хасан-бек Румлудің «Ахсан ат-таварих» деген шығармалары және Орта Азия мен Иранның соңғы орта ғасырлардағы авторларының басқа да шығармалары бар⁴¹.

Қазақ және өзбек (Бұхара) билеушілерінің XVII ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан мен Ташкенттің маңызды сауда-экономикалық орталықтары жөніндегі тайталастары туралы, Мұхаммед Юсуф Муншидің «Тарих-и Муким-хани» деген шығармасында айтылатын Имамкули ханның Ташкенттегі көтерілісті аяусыз басып-жаньшптауы туралы мағлұматтарды атап өткен жөн⁴².

Түркі тілді деректемелер. Жалпы дәстүр мен мәдениет негізінде парсы тілді шығармалармен біріктірілген және негізінен Орта Азия мен Шығыс Түркістанда жазылған түркі тілді әдебиет ескерткіштері соңғы орта ғасырлар

дәуіріндегі Қазақстан тарихы жөніндегі нарративтік деректемелер арасында маңызды орын алады. Оларда орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының қазақ халқы құрылуымен, Қазақ хандығының пайда болуымен және дамуымен, сондай-ақ XV—XVIII ғасырдың басындағы қазақ қоғамы өмірінің көрінісін жаңғыртып көрсетумен байланысты кезеңнің ерекше маңыздылығын баяндайтын едәуір мәліметтер бар.

Жалпы тарих бойынша «Зубдат әл-асар» («Маңызды жылнамалар») деген шығарманы басқа бір деректемелер бойынша Абдаллах Балхи (XV ғ. аяғы — XVI ғ. басы) ретінде белгілі Абдаллах бен Мұхаммед жазған. XVI ғасырдың басында ол Хорасанды көшпелі өзбектердің ханы Мұхаммед Шайбани біржола жаулап алғанға дейін Темір ұрпақтарына қызмет еткен. Сонан соң ол шайбанилерге қызмет етуге көшеді. Абдаллах Балхи өз еңбегін Шахрухияның, кейіннен Ташкенттің билеушісі Келді-Мұхаммед сұлтанның тапсыруымен жазған. Құрастырма хроника болып табылатын шығармада мұсылман әулеттерінің тарихы баяндалады. Оқиғаларды суреттеу 1525 жылға дейін жеткізіледі. Еңбектің XVI ғасырдың алғашқы ширегі үшін ғана түпнұсқа деректеме ретінде маңызы бар. Бұл кезеңнің оқиғаларын автор өз әсерлері және замандастары мен оқиғаларға қатысушылардан алынған ақпарат негізінде берген. «Зубдат әл-асарда» қазақтардың саяси тарихы мен олардың билеушілері жөнінде нақты материал бар. Мұхаммед Шайбани ханның 1510 жылғы өзбектердің жеңілісімен аяқталған қазақтарға жорығы туралы айтылады. Басқа деректермен қатар, Қасым ханның Түркістан мен Ташкентке жорығына байланысты мәліметтер де келтіріледі⁴³.

Тарихшы, ақын, билеуші — Үндістанда Ұлы Моғолдар империясының негізін салушы Бабырдың (1483—1530) тарихнамада «Бабыр-наме» («Бабыр жазбалары») деген атпен белгілі болған еңбегі орта ғасырлардың тамаша тарихи-әдеби ескерткіштерінің бірі болып саналады. Жас кезінде Бабыр Ферғананың мұрагер билеушісі болған. Уақыт өте келе Орта Азияда Темір ұрпақтарының орталықтандырылған мемлекетін құру жолындағы өзара қырқысқан күресіне белсене қатысады. Алайда Дешті Қыпшақтан келген Мұхаммед Шайбани Темір ұрпақтары әулетінің түбіне жетті. Бұл жағдай Бабырды 1504 жылы Ауғанстанға кетуге мәжбүр етіп, сол жерден ол Орта Азия мен Үндістанға жорықтар жасады. 1526 жылы Бабыр Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалап, онда 1530 жылға дейін билік етті.

Бабыр сол дәуірдегі көптеген оқиғалардың куәгері ғана емес, тікелей қатысушысы да болды. «Жазбалар» Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан тарихы жөніндегі өте құнды деректеме болып табылады. Бұл кітапта сол замандағы ғұрыптың мейлінше толық көрінісі берілген.

Қазақстан тарихы үшін Бабырдың Жетісу моғолдары, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілқайыр мемлекеті туралы, Мұхаммед Шайбанидің саяси іс-қимылдарына қатысу туралы, қазақтану институты, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың тарихи географиясы, өзбектер сияқты, қазақтардың, қырғыздардың және Орта Азиядағы басқа да түркі тілдес халықтардың этникалық тарихы туралы мәліметтері ерекше маңызды⁴⁴.

XVI ғасырда «Шыңғыс-наме» деген құнды тарихи шығарма туды. Оның авторы — Елбарыс ханның (1512—1525) қызметінде болған ықпалды отбасынан шыққан Хиуа тарихшысы Өтеміс қажы ибн Маулана Мұхаммед Дост. Ал оның ата-бабалары XV ғасырдың 80-жылдарында ұлысы Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Шайбани Жәдігер ханның боданы болған. Өтеміс қажы-

ның өзі әуелгі кезде Елбарыс хан жанында, сірә, сарай хатшысы болып қызмет еткен болса керек.

«Шыңғыс-наме» мәліметтерінің орта ғасырлардағы Қазақстан халқының саяси, этникалық-саяси, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени өмірінің проблемаларын шешу үшін зор маңызы бар. Өтеміс қажының туындысы Шыңғысхан мен оның ұрпақтары билік еткен уақытты қамтиды және онда Алтын Орданың хандары туралы мәліметтер бар. Көбіне ауызша айтылған аңыздарға негізделген еңбектің бірегейлігі Алтын Орданы зерттеушілер үшін, атап айтқанда, XIV ғасырдағы Қазақстанды зерделеу үшін ғылыми ынта-ықылас туғызатыны күмәнсіз⁴⁵.

Қашғариядағы белгілі суфылық қайраткер Қожа Мұхаммед Шарифке арналған, авторы беймәлім агиографиялық шығарма «Тазкира-йи Ходжа Мухаммад Шариф» («Қожа Мұхаммед Шарифтің ғұмырнамасы») XVI ғасырдың екінші жартысына жатады. Ол Сырдариядағы Сайрамда туған. Самарқанд медресесінен білім алған. Оқуын бітіргеннен кейін Қашғарға барып, онда Шығыс Түркістанда көшпелі түріктерді ислам дініне кіргізген әулие деп құрметтелген қарахани Сатұқ-Боғра хан мазары жанында өмір сүрген. 1656/1666 жылы Жаркентте өлген. Тұрмыстық әдебиет жанрына жататын «Тазкираның» бірінші бөлігі аңызға құрылған және суфылық ізгілік рухына толы, нақтылы тарихи мағлұматтар шығарманың екінші бөлігінде айтылады, онда, атап айтқанда, Шағатай ұрпағы Абд ар-Рашид ханның ұлы Абд әл-Латифтің қырғыздарға шапқыншылығы туралы және кейіннен оның өлуі туралы мағлұмат бар. Осы оқиғаға қатысты мәліметтер айтылатын басқа шығармалардан Абд әл-Латифтің қазақ хандарының басшылығымен аттанған қазақтар мен қырғыздардан қаза тапқаны мәлім⁴⁶.

Шайбани ханның ресми тарихының авторы ақын әрі ғалым Мұхаммед Салих болып табылады. Оның «Шайбани-наме» («Шайбани туралы кітап») ретінде белгілі шығармасында Шайбани ханның туғанынан бастап, оның көшпелі өзбектермен бірге Мауараннахр мен Хорезмді жаулап алуына (1500—1509 жж.) дейін Қазақстан (Шығыс Дешті Қыпшақ) мен Мауараннахр аумағында болған саяси оқиғалар, атап айтқанда, Шайбани ханның Кереймен және Жәнібекпен, Бұрындық ханмен және Қасыммен өзара қатынастары, Сыр бойының қалалары үшін күресі баяндалады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәліметтер, көшпелі өзбектердің мемлекеттік құрылысы туралы, әскери құрылыс пен олардың әскерінің жай-күйі туралы деректер бар. Бағалы географиялық мәліметтер зор ынта-ықылас туғызады, олар кейіннен қазақ, өзбек халықтарының этникалық компоненттерінің бірі болған түрік-монғол тайпаларының құрамы туралы пікір айтуға мүмкіндік береді⁴⁷.

«Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» («Жеңістер кітабының тандамалы тарихы») деген тарихи еңбектің авторы қазіргі шығыстанушы-медиевистердің есептеуінше, Шайбани ханның өзі болуы әбден ықтимал. Әулеттік тарихта Шыңғысхан мен оның патшалық еткен ұрпақтарының тарихы, Монғолияда, Дешті Қыпшақта, Орта Азияда билік етуші Шайбани ханның тарихы баяндалады. «Таварих-и гузидада» Әбілқайыр хан өлгеннен кейін Шығыс Дешті Қыпшақ далаларында қалыптасқан жағдай туралы да, Керей мен Жәнібектің сол даладағы іс-қимылдары туралы да айтылады. Шайбани ханның Сырдариядағы қалаларды алу жолындағы қазақ және моғол хандарымен күресі ерекше тәптіштеп баяндалады. Сонымен бірге Жәнібек сұлтанның Орта Азиядағы жорығы туралы, көшпелі өзбектердің әскери құрылысы мен тактикасы тура-

лы, олардың әскери-әкімшілік жүйесі туралы, Шайбани ханның еркін билік ету («казачества») жылдары туралы мәліметтер де құнды⁴⁸.

Сығанақ өлкесіндегі заң құжаттарында (олар небәрі үшеу) бір шаруашылықтың XVI ғасырдың екінші жартысынан басталған үш ғасыр бойындағы жер-су құқықтары көрсетілген. Солардың арқасында Түркістан өңірінде көп болған дағдылы вақфтық шаруашылықтың жер және су пайдалану эволюциясын белгілі бір шамада байқауға болады. Грамоталарда әр түрлі салықтар мен міндеткерліктерді көрсететін қомақты материал бар. Хандардың тархан атақтары мен пұрсаттарын беруі туралы мағлұматтар құнды. Құжаттарда бірқатар мекендер осы кезге дейін аталатын көптеген географиялық атаулармен айтылуының да маңызы аз емес. Құжаттардың Сығанақ өңіріндегі жер иелену тарихын зерттеудегі маңызы зор екені дау туғызбайды⁴⁹.

Қазақтың жалайыр тайпасының өкілі Қадырәли бек (Қадырғали, 1530—1605 жж.) бізге дейін жеткен, шартты түрде «Жами ат-таварих» («Жылнамалар жинағы») деген тұңғыш тарихи еңбекті жазды. Бұл шығарма ауызша тарихи аңыздар мен Рашид ад-Диннің тарихи жинағы (XIV ғ.) негізінде жазылған. Белгілі би Қадырәли бек Ондан сұлтанға, ал одан соң оның ұлы Ораз-Мұхаммедке қызмет еткен. Қалмақтардың қолынан Ондан сұлтан өлгеннен кейін Қадырғали Ораз-Мұхаммедпен бірге Көшім ханның қамқорлығымен Сібір хандығына қоныс аударған. Мұнда ол Сібір хандарына кеңесші болып қызмет еткен. 1588 жылы Сібір воеводасы Д. Чулков Ораз-Мұхаммедті оның барлық туысқандарымен және нөкерлерімен бірге алдап, тұтқынға түсіріп, оларды Қадырғалимен бірге Москваға аманат етіп жіберді. 1592 жылы Федор Иванович патша Ораз-Мұхаммедке Касимов хандығынан жер бөліп берді. Ал 1600 жылы Борис Годунов оны Касимов қаласының билеуші ханы етіп қойды, 1602 жылы Қадырғали өз туындысын сонда жазды, онда Рашид ад-Дин еңбегінің Шыңғыс-хан мен оның мирасқорлары тарихымен байланысты жекелеген бөлімдерінің қысқаша мазмұны келтіріледі. Кітаптың қазақ хандары тарихын көп жағынан айқындайтын екінші бөлігінің дербес және өте құнды маңызы бар. XV—XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы туралы деректер едәуір ынтаықылас туғызады, олар қазақ қоғамында ауызша тарихнамалық дәстүр, генеалогияларға және саяси тарих мәселелеріне нақты мүдделілік бар екенін көрсететін сенімді жергілікті деректемелерге негізделген⁵⁰.

Екі тарихи шығарма: «Шаджара-йи тюрк» («Түріктердің генеалогиясы») пен «Шаджара-йи таракима» («Түрікмен шежіресі») белгілі хан Әбілғазының (1603—1664 жж.) қаламынан шыққан. Әбілғазы Үргеніште туған. Өзара қырқысқан күрестің салдарынан Бұхараға қашып барған. Содан соң Хорезмге қайтып оралып, Үргенішті үлеске алған. 1627 жылы өзбектер (Әбілғазы бастаған) мен түрікмендер (оның бауыры Исфендияр бастаған) арасындағы саяси бақталастық салдарынан Хорезмнен кетуге мәжбүр болып, қазақтарға қашып барды, онда оны Түркістанда Есім хан қабылдады. Содан соң екі жыл бойы Ташкент ханы Тұрсынның жанында болды. 1643 жылы Арал өзбектері Әбілғазыны өздерінің ханы деп жариялады.

«Түріктердің генеалогиясында» Орталық Азия аймағының көптеген өңірлерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы, этнографиясы мен тарихи географиясы туралы едәуір ақпарат бар. Көшпелі өзбектер мемлекетінің тарихы, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Маңғыт (Ноғай) Ордасындағы Шайбанилер әулеті туралы мәліметтер назар аударуға лайық. Моғол ұлыстарының тарихы жөнінде, Көшім хандығы, тоғыз заттан тұратын сый тарту ғұрпы

және оның мәні⁵¹ т. т. туралы құнды анықтамалық материал бар. Басқа бір шығарма — «Түрікмен шежіресі» маңызды тарихи деректеме ғана емес, сонымен қатар көпшілігі орта ғасырлар дәуіріндегі түрік дүниесіне тән көптеген халық әңгімелері, аңыздары, этнонимдердің халықтық этимологиясы, әдет-ғұрыптар, мақалдар мен мәтелдер шеберлікпен баяндалатын елеулі әдеби ескерткіш болып табылады⁵².

XVIII ғасырда Мунис деп аталып кеткен Шер-Мұхаммед Әуез би «Фирдаус әл-икбал» («Жұмақтағы бақыт бағы») деген тарихи шығарма жазды. Мунис юз тайпасынан шыққан өзбек ақсүйектеріне жататын еді. Ол сарай маңындағы тарихшы, ақын, мемлекет қайраткері болды. «Фирдаус әл-икбалды» Мунис аяқтаған жоқ (1829 жылы қайтыс болған). Оның хроникасын Мунистің хан қызметіндегі мирасқоры ғана емес, сонымен қатар оның шәкірті де болған жиені Агахи аяқтаған. Мунис — Агахидің ауқымды еңбегі шағатай тілінде жазылған. Бұл туындының бірінші бөлігі құрастыру сипатында. Бірақ шығарманың көп бөлігі XVIII ғасырға қатысты оқиғаларды жылдар бойынша баяндайтын бөлігінде түпнұсқа болып табылады. «Фирдаус әл-икбалда» Хиуаның ішкі саяси тарихы туралы бай ақпаратпен қатар Хиуаның қазақтармен, түрікмендермен және басқалармен саяси әрі басқа да байланыстары мен қатынастары туралы ауқымды мағлұматтар келтірілген. Хиуаның тарихи өміріне қазақтың рулық бөлімшелерінің және жергілікті билеуші адамдар мен топтар қолдан қойылған хандар ретінде пайдаланған қазақ хандары мен сұлтандарының қатысуын ашып көрсететін деректер зор ынта-ықылас туғызады⁵³.

Тегінде, «Тарих-и Қашғар» («Қашғар тарихы») Шығыс Түркістанда XVII ғасырдың екінші ширегінде жазылса керек. Автордың есімі белгісіз. Мазмұны және құрылымдық жағынан «Тарих-и Қашғар» орта ғасырлардағы Шығыс Түркістан және Орта Азия тарихнамасының үлгілі туындысы болып табылады. Оғыз хан туралы аңыз, Шыңғыс-хан мен оның мирасқорларының тарихы алдыңғы жазбаша деректемелер негізінде баяндалады. Шағатай мен оның ұрпақтарының едәуір егжей-тегжейлі тарихы берілген. Моғолстан мен Моғолияның тарихы едәуір ынта-ықылас туғызады. 1670 жылдан кейінгі оқиғалардың баяндалуы толық мағынасында алғанда түпнұсқа болып табылады⁵⁴. Моғолдардың қазақтармен шайқастарының неғұрлым ертеректегі нарративтік шығармаларда келтірілген жазбаша мағлұматтармен салыстырғанда анонимнің дербес нұсқалар хабарлайтыны назар аудартады. «Тарих-и Қашғардағы» қазақтар туралы соңғы мағлұмат XVII ғасырдың басында Даниал қожаның Шығыс Түркістанда Шағатай ұрпақтарының әулеті құртылған аласапыран кезеңде Шыңғыс ұрпағы ретінде қазақ сұлтаны Есімді Жаркент тағына шақыруы туралы хабар болып табылады.

Мұхаммед-Салық Қашғари жазған «Тазкира-йи ходжаган» («Қожаның ғұмырнамасы») деген шығармада Есім ханның Шығыс Түркістандағы іс-қимылдары туралы неғұрлым егжей-тегжейлі мағлұмат бар. Бұл еңбек қазақтардың Жоңғария қалмақтарымен қарым-қатынастарының жекелеген жақтарын, сондай-ақ қазақтар мен моғолдардың арасындағы саяси байланыстарды зерттеу үшін қызмет етеді және олар үшін материал бар, атап айтқанда, Хақназар ханның Абд әл-Латиф сұлтанды өлтіруі және Моғолстан ханы Абд ар-Рашид ханның қарсы жорығы туралы мағлұмат келтіріледі⁵⁵.

Оңтүстік Қазақстанда, Сайрам қаласында туған Молла Мұса Айсәк қожа Сайрамидің қаламынан шыққан «Тарих-и амнийя» («Тыныштық пен қауіпсіздік

тарихы») деген тарихи шығармада соңғы орта ғасырлардағы қазақтар тарихы жөнінде бірсыпыра қызғылықты мағлұматтар бар. Шығыс Түркістанда жазылған бұл еңбекте осы аймақтың Нұхтан бастап, ХІХ ғасырға дейінгі тарихы баяндалады. Молла Сайрами өз туындысында, соның ішінде қазақ-қалмақ қатынастарының тарихынан деректер, қалмақтардың Сайрам тұрғындарын Шығыс Түркістандағы өздері көшіп жүретін жерлерге көшіруі туралы мағлұмат келтіреді. «Тарих-и амнийада» келтірілген Ұбайдаллах хан грамотасының мәтіні ерекше құнды болып саналады; грамотаның мазмұны ХVІ ғасырдағы Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңірі қалаларының тарихын жақсы түсінуге жәрдемдеседі⁵⁶.

Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының проблемаларын талдап шешу үшін халық шығармашылығының ескерткіштері (шежірелер) едәуір ынта-ықылас туғызады. Башқұрт генеалогиялық аңыздарын зерттеу тәжірибесінің көрсетіп отырғанындай, шежірені жазбаша деректемелердің деректерімен салыстыру әдісі өте жемісті болып шығуы мүмкін⁵⁷. Қазақ халқының үш жүзінің генеалогиялық аңыздары халық құрамына енген әр түрлі этникалық компоненттердің тарихы, орналасуы және мәдениеті жөніндегі бағалы ақпарат қоймасы болып табылады. Қазақтардың шежіресін ғылыми айналымға енгізудегі негізгі қиындық оларды өңдеу мен түсіндіру әдістемесін әзірлеуде жатыр⁵⁸.

Соңғы орта ғасырлардағы кезеңде Қазақстан тарихы үшін араб тілді деректемелердің мәні парсы және түркі тілді тарихнамадан өлшеусіз кем. Солай бола тұрса да, бізді ден қойғызатын нақты материалдың белгілі бір дәрежеде егжей-тегжейі айтылатын бірқатар араб тілді туындыларды көрсетіп өтуге болады.

Ең алдымен ХІV ғасырдың басында белгілі филолог, тарихшы және саяхатшы Жамал Қарши жазған «Мулхакат ас-сурах» («Ас-сурах сөздігіне қосымша») деген тарихи шығарманы көрсете кеткен жөн. Ол 1230—31 жылы Алмалықта туып, өз еңбегін Қашғарда жазған. Оның әкесі Баласағұн қаласы ғалымдарының бірі болған. Алмалықтағы түрік әулетіне жақын болған Жамал Қарши ХІІІ ғасырдағы Алмалық әулеті туралы едәуір егжей-тегжейлі мәліметтер келтіреді. Шағатай ұрпақтары ұлысының өлкелерінде көп саяхат жасаған. Монғол хандары мен олардың серіктері туралы қызықты деректер кездеседі. «Мулкахат ас-сурахта» ХV және ХVІ ғасырларда кейінгі авторлар Моғолстан халқын атаған «жете» термині бірінші рет айтылады. 1273—74 жылдарда ол Баршыкентте (Сырдарияның төменгі ағысында) және Жентте болған, мұнда сол кезде атакты шейх Камал ад-дин әл-Хорезми ас-Сығанаки өліп, Жамал Қарши оған арнап құлпытасына эпитафия шығарған. Ол барлық жерде жергілікті шейхтармен танысуға ұмтылып отырған, оларды өз еңбегінде атап келтіреді⁵⁹.

Мысыр қаласында туған ғалым әрі саяхатшы әл-Омари (1301—1349) жазған «Масалик әл-абсар фи мамалик әл-амсар» деген еңбек маңызды географиялық шығарма болып табылады. Оның тарихи бөлімдерінде кездесетін монғол шапқыншылығының зардаптарын суреттеу көптеген халықтардың, соның ішінде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының өмірі туралы, Жетісудағы қалалар мен сауда жолдары туралы, қыпшақтардың орналасуы мен этнографиялық ерекшеліктері туралы мәліметтерді толықтыруға мүмкіндік береді. Әл-Омаридің татар-монғолдардың қыпшақтар арасына сіңісіп кету үрдісін баяндауы ерекше маңызды⁶⁰. Бұл тарихи факт тарихи қалыптасқан қыпшақ

қауымының монғол дәстүрін жеңіп шығып, XIII ғасырдың аяғы – XIV ғасырдың басында қайта көрінгенін көрсетеді.

Сол дәуірде жалпы түрік ортасында болған шаруашылық, әлеуметтік, этникалық және мәдени-тұрмыстық шындықтарды көрсететін көптеген қыпшақ терминдері мен лексикалық айналымдар арабша түсіндірілетін немесе тура аударылып келтірілетін лингвистикалық еңбектер басқа бір түпнұсқа деректемелер болып табылады. Бұл топтағы туындылардан 1245 жылы Египетте құрастырылған «Китаб маджму тарджуман тюрки ва аджами ва мугули ва фарси» («Түрік, араб емес, монғол және парсы түсіндірме сөздері жинағының кітабы») сөздігін атап өткен жөн. Оның негізіне қыпшақ тілі алынған. Бұл аноним сөздікте «үйсіз», «кезбе», «қуылған» деген мағынада, яғни этникалық емес, әлеуметтік сипаттағы «қазақ» термині тұңғыш рет айтылады⁶¹.

Адам мекендейтін бүкіл дерлік мұсылман дүниесін шарлап шыққан атақты саяхатшы Ибн Баттутаның (1304–1377) жол жазбалары – Дешті Қыпшақ тарихы жөніндегі маңызды деректемелердің бірі. Ибн Баттутаның саяхаты суреттелген «Тухфат ан-нуззар фи ғараиб әл-амсар ва аджаиб әл-афсар» («Қалалардың ғажайыптары мен саяхат кереметтерін аңғаратындарға сыйлық») іс жүзінде оның шығармасы емес, қайта оның әңгімелеріне 1356 жылы әл-Калби жасаған әдеби өңдеу болып табылады. Ибн Баттутаның Қырым арқылы Солтүстік Кавказ далаларына, Еділ Бұлғариясы мен Алтын Ордаға және сол жерден Хиуаға, Бұхара мен Ауғанстанға сапарының «Тухфатта» келтірілген егжей-тегжейлерінің баға жеткісіз маңызы бар. Алтын Ордадағы күнделікті тұрмыстың көріністері, әлеуметтік құрылыс, шаруашылық, сауда жолдары, даладағы қоныстар мен қалалар және түрік халықтарының тарихына қатысты және басқа да көптеген мәліметтер ерекше құнды⁶².

Ибн әл-Фураттың (1334–1405), әл-Калкашандидің (1355–1418), әл-Макризидің (1364–1442), Ибн Тангрибердидің (1411–1465), Ибн Иястың (1448–1524) және басқаларының энциклопедиялық еңбектерінен этникалық, саяси тарихы және рухани мәдениеті тұрғысынан алғанда Мамлюк мемлекеті сұлтандарының Дешті Қыпшақ хандарымен байланыстары туралы едәуір нақты материал алуға болады.

Темірдің атақты өмірбаяншысы, араб тарихшысы әрі әдебиетшісі, қаламынан «Абжаиб әл-макдур фи наваиб Тимур» («Темір [жасаған] қасіреттердегі алдын алу кереметтері») деген еңбек туған Ибн Арабшахты (1450 жылы өлген) да атап өткен жөн. Темір өмірінің түрлі кезеңдерін қадағалай отырып, ол әр түрлі елдер мен халықтар, атап айтқанда, Қазақстан туралы көптеген маңызды мәліметтер хабарлайды. Көптеген жағдайларда көзбен көргендердің әсерлеріне негізделген бұл мәліметтердің құндылығы зор.

«Жами ад-дувал» («Әулеттер жинағы») деген елеулі еңбектің авторы – Салоникиде туған түрік Мунаджжим-баши (1702 жылы өлген). Бір кезде ол, сірә, астролог болса керек, бірақ соңғы жылдарын Мекке мен Мединеде қуғында өткізді. Бұл шығармасын жазған кезде түрік тарихшысы араб, парсы және түрік тілдеріндегі деректерді кең көлемде пайдаланып, 1672 жылға дейінгі аңызға айналған оқиғалардың тарихын қамтыған. Кітапта Алтын Орданың дәуірі, мұсылман әулеттері, орта ғасырлардағы мемлекеттік бірлестіктер мен XIV–XV ғасырлардағы Қазақстанның тарихи географиясы туралы маңызды материал бар⁶³.

Қытай деректемелері. Қытайда жергілікті емес әулет бес жүз жылға жуық билік еткеннен кейін Мин әулеті орнығып (1368–1644), ол да тақты

«жатжерліктерге», бұл жолы маньчжурларға босатып берді. Орталық Азияда Мин империясы жыл өткен сайын күшейе түскен Жоңғар хандығына қарсы, Хэси қуысы арқылы және Тянь-Шань өңірімен әмір Темірдің иеліктеріне дейін баратын Жібек жолы учаскесін бақылау құқығы үшін күрес жүргізді. Қытай деректемелерінен «қазақ» этнонимі қытай мемлекетінің XVII ғасырдың алдындағы Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарына байланысты ғана табылды.

Қазақ хандығы құрылғанға дейін Қазақстанның жекелеген жерлері әр түрлі мемлекеттердің құрамына кіріп, Қытайдың Мин және Цин империялары иеліктерінің ұлғаюына қарай олардың сыртқы саяси байланыстары аясына тартылып отырды.

Аталған кезеңнің негізгі деректемелері мыналар: «Мин әулетінің тарихы» («Мин ши»), «Мин әулеті билік етуінің анық жазбалары» («Мин шилу») және «Мин империясына жалпы шолу» («Мин хой яо»). Қалған деректемелер: Моғолияға, Моғолстанға, Темір мемлекетіне және Орталық Азияның басқа да елдеріне қытай елшілерінің, барлаушылары мен жолшыларының, көпестерінің жазбалары, ортаазиялық елшілер мен мұсылман көпестерінен алынған мәліметтер қосымша материалдар болып табылады. Сонымен бірге олар өңделген түрінде қытайдың ең басты ресми еңбектерінің бәріне кірген, олардың ерекшеліктері — Мин империясы күйрегеннен кейін жазылғаны⁶⁴.

«Мин ши» Қытайдың 25 әулеттік тарихының — дүниежүзілік мәдениеттің бірегей ескерткіштерінің бірі болып табылады. Оны авторлар ұжымы жазған және 1645—1735 жылдарды қамтиды. Көп томдық еңбектің 332 тараудан 220 тарау — орама (цзюань) енетін соңғы бөлімінде Орталық Азия (Си юй) мемлекеттері туралы тарихи, этнографиялық, географиялық материал бар. Орталық Азия мемлекеттерінің өз аумақтарының көлемі, саяси маңызы және әскери күш-қуаты жағынан кем түспегені былай тұрсын, көбінесе қытай мемлекетіне елеулі қауіп төндіргеніне де қарамастан, деректемеде олар сыңаржақтылықпен оның «сауда вассалдары» етіп көрсетілген.

«Мин шилу» — көптеген императорлар билеуінің хроникасы, онда олардың күннен күнге жасаған қызметі туралы жазбалар бар. Қытай әскерлерінің Орталық Азия халықтарына қарсы соғыс қимылдарының әзірленуі мен барысының мәселелері, сарайда олардың елшілерін қабылдау көрсетілген.

Қазіргі уақытта Қытайда «Мин шилудан» географиялық белгісі бойынша жиналған⁶⁵, не аймақтың бір иелігіне қатысты үзінділер жариялануда⁶⁶.

«Мин хой яо» — тақырыптық белгісі бойынша жасалған тарихи құрама еңбектің үлгісі. Онда шет жерлердегі елдер, олардың орналасқан жерлері, қалалар, халықтардың әдет-ғұрыптары, елшілік байланыстар туралы мәліметтер бар. 79 және 80-цзюаньдар Мин империясының солтүстік, солтүстік-батыс және батыс жағында орналасқан елдерге: Орта Азия, Шығыс Түркістан және Монғолия мемлекеттеріне арналған. Бұл деректеме де оқиғаларды баяндағанда сыңаржақтылығымен және Қытайды орталық деп көрсетуімен сипатталады⁶⁷.

Қытай деректемелері белгілі мұсылман деректемелерін өзінің жүйелілігімен, уақыты жағынан ұзақтығымен және жан-жақтылығымен едәуір толықтыра түседі⁶⁸.

Орыс деректемелері. Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде XIV—XVII ғасырлардағы орыс құжаттары мен мұрағат материалдарының

зор маңызы бар. Орыс жерлері Алтын Ордаға бағынған кезең жылнамаларында орыс князьдарының Орданың билік орындарымен қарым-қатынастарының көптеген жақтары көрсетілген. Оларда Орданың ішкі, қоғамдық-саяси жағдайы туралы, атап айтқанда, XIV ғасырдың 60—70-жылдарындағы Орда шонжарларының түрлі топтарының өзара қырқысқан күресі туралы айтылады («И бысть в Орде замятня велика»)⁶⁹. Мамай, Токтамыс, Едіге, әмір Темір заманына қатысты және бұл билеушілердің ыдырап бара жатқан Алтын Орданың тағдырына ықпал етуге және сол арқылы Москва Русіне, Литваға, Польшаға, олардың мемлекеттік орталықтану жолындағы күресіне кедергі жасауға тырысқан әрекеттерін сипаттайтын материал алуан түрлі. Жылнамаға шаруашылық, халық туралы мәліметтер енгізілген, мысалы, кангиттер (хвалисстер) жерінің Батый иеліктерінен әрі орналасқаны көрсетілген. Жошы ұлысының батыс бөлігі үшін неғұрлым дәл, шығыс бөлігі үшін жанама географиялық деректер хабарланған. Мысалы, Үлкен немесе Алтын Орданың астанасы Сарай қаласы болғаны, сонымен бірге Жайықтың арғы жағындағы барлық жер — орталығы Самарқандта болған «Көк Орда» деп аталғаны атап өтілген⁷⁰. Көк Орда деп «Ақсақ Темір басып алған» «жерлер мен патшалықтар» арасында аталған, бірақ олардың ішінде Қытай да аталған⁷¹, шынына келгенде бұл олай емес болатын.

Қазақстанның солтүстік бөлігінің тарихы жөніндегі маңызды деректемелер Сібір жылнамалары: Строганов жылнамасы (XVII ғасырдың орта шені шамасында), С. Есиповтың «Сібір жылнамасы» (1687 ж.) және «Ремезов жылнамасы» (XVII ғасырдың аяғы — XVIII ғасырдың басы) болып табылады. Оларда бұл аумақтағы және Сібірдегі тайпалардың, соның ішінде керейіттердің (керейлердің) орналасуы туралы, бұл жерлерде, Сібір жұртында керейден шыққан Тайбұғы әулетінің, содан соң Сібір хандығындағы Шайбани әулетінің билік етуі туралы мәліметтер бар⁷². Ресейдің орталық (ЦГАДА, АВПР), сондай-ақ жергілікті мұрағаттарында сақтаулы материалдар мен құжаттарда Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, Жоңғария, Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы хандықтар жөніндегі Ресей саясаты ғана көрсетіліп қоймайды, сонымен қатар бұл мемлекеттердің ішкі өмірі, олардың қарым-қатынастары туралы да мол ақпарат келтіріледі. Жарияланған және жарияланбаған бұл материалдар арасында хандар мен патшалардың грамоталары мен жолдаулары, дипломатиялық миссиялар басшыларының есептері, жазбалар, күнделіктер, «ертегілер», «сұралып алынған сөздер», қолтаңбалар және т. б. бар.

Орыс князьдары мен патшаларының Ноғай билеушісі Ибақ пен мырзалары Москваға елшілік жіберген 1489 жылдан бастап⁷³, XVII ғасырдың ортасына дейін ноғай билерімен және мырзаларымен, сондай-ақ Жоңғария билеушілерімен дипломатиялық хат алысулары мейлінше ауқымды. Ноғай Ордасына 1534—35 жылдардағы Данила Губиннің (ол былай деп хабарлаған: «...қазақтар ноғаймен соғысуды өте қалайды... қазақтар күшті, оларға қалмақтар да берілген»⁷⁴), 1569 жылғы Семен Мальцевтің, 1577 жылғы Борис Доможировтың елшіліктері мәлім⁷⁵.

XVI ғасырдың аяғында қазақ-орыс елшілік байланыстары туралы мағлұматтар пайда болды. 1594 жылы Москваға достық қатынастар жасасу және Бұхара ханына қарсы күресте көмек алу мақсатымен Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммед жіберілді. 1595 жылы Тәуекел ханның Сырдариядағы ордасына Вельямин Степанов жауап грамота алып келді⁷⁶. XVII ғасырда қазақ даласы арқылы Бұхара мен Хиуадан Ресейге қырықтан ас-

там және Орта Азияға 9 орыс елшілігі жүріп өтті⁷⁷. Сібір приказының материалдарында XVII ғасырдың аяғындағы, Тәуке хан тұсындағы қазақ-орыс келіссөздері туралы мәліметтер бар. «Тобольскіден Түркістанға дейінгі Қазақ Ордасы қалашықтарының тізімі...» және «Сұрап алынған сөздер» тапсырған 1696–97 жылдардағы Федор Скибин экспедициясының мәліметтері зор ынта туғызады⁷⁸.

Елшіліктердің есептері, сауда миссияларының, экспедициялардың материалдары өлкедегі саяси оқиғаларды, экономикалық шындықтарды көрсетіп, этнографиялық материал, Қазақстан аумағында ноғайлардың (Ноғай Ордасының шекарасы Тюменге дейін жеткен), башқұрттардың, қарақалпақтардың орналасуы туралы мәліметтер берген. XVII ғасырдың аяғына қарай қазақ жүздері солтүстігінде Тобыл мен Ертістен, оңтүстігінде Сырдария мен Ташкентке дейінгі, шығысында Еділ өзенінен, батысында Жайыққа дейінгі кең-байтақ аумақты алып жатты, олардың билеушілері саны отыздан асатын жоғарыда аталған қалашықтарды иеленді. Мұның бәрі XVII–XVIII ғасырлар шебінде жинақталған бай картографиялық материалда көрсетілген.

Елшілік, сауда миссиялары мен экспедициялардың чертеждері мен жазбалары алуан түрлі географиялық шындықтармен бірге XVI ғасырдың аяғында жасалған орыстың тұңғыш ресми жиынтық картасы «Үлкен Чертеждің» негізіне алынды. «Үлкен Чертеж» жоғалып кеткен, бірақ «Үлкен Чертежге Кітап» сақталған, онда қазақ жерлері туралы мәліметтер тұтас тарауға жетеді деуге болады⁷⁹. Чертежді жасаудың алдында XVI ғасырда Ресейде зор көлемде картографиялық жұмыстар жүргізілді⁸⁰.

Егер ертедегі шетелдік карталарда – Петр Висконтидің картасында (1320 ж.), Каталон картасында (1375 ж.), Фра Мауроның картасында (1459 ж.) – Қазақстан жері мүлде дерлік айтылмай, Төменгі Еділ бойы мен Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауын бойлай жатқан жерлер көрсетілсе, С. Герберштейн (1546 ж.) мен А. Видтің (1555 ж.) орыстың картографиялық материалы пайдаланылған карталарында енді Жайыққа дейінгі аумақ көрсетілген. 1558 жылы ағылшынның «Москва компаниясының» тапсыруымен сауда мақсатын көздеп Орта Азияға аттанған А. Дженкинсонның картасы Қазақстан туралы географиялық мәліметтерді еселей түсті⁸¹. Оның саяхатының суреттемесінде қазақтар мен ноғайлар туралы мәліметтер бар. Картада ол қазақтарды Сыр өзенінде көрсеткен де, ноғайларды Жайыққа орналастырған.

Ақпараттың молдығы жағынан «Үлкен Чертеж» оның алдындағы карталардан қазақ даласы мен Сырдариядағы қалалардың географиялық нақтылығын көрсету жөнінен артық. Чертежді құрастырушылар онымен жұмыс істеген кезде негізінен XVI ғасырдағы орыстың картографиялық материалдарын пайдаланған. «Үлкен Чертеж» бен оның суреттемесін XVII ғасырдағы орыс картографтары пайдаланды.

XVII ғасырдың аяғында Қазақстан мен Орта Азия туралы барлық картографиялық материалдарды орыстың көрнекті ғалымы С. Ремезов қорықты. Оған болуы мүмкін барлық географиялық объектілерді – тауларды, өзендерді, шатқалдарды, өткелдерді, құдықтарды, сондай-ақ елді мекендерді, олардың арасындағы қашықтықты көрсете отырып, «Тобылдан Қазақ Ордасына дейінгі, Үлкен Бұхарияға дейінгі, Хиуаға дейінгі, Жайыққа дейінгі, Астраханға дейінгі даланы жазу» тапсырылған болатын.

С. Ремезов жұмысының қорытындысы Қазақстан аумағы жөнінде тарихи-

географиялық мәліметтер бар «Сібірдің Чертеж кітабы» болды⁸². Бұл картада Арал тұңғыш рет өз атымен аталып, жеке бассейн ретінде көрсетілген⁸³.

Қазақстан және Орталық Азияның шектес аумақтары халықтарының тарихын зерттеудегі орыстың деректі материалының маңызы XVII ғасырда барған сайын арта түседі. Сол ғасырдың аяғына қарай бұл халықтардың өздері де орыстарға бұрынғысынан гөрі неғұрлым белгілі бола түседі⁸⁴.

Батыс деректемелері. XIV–XVII ғасырларда дипломаттардың, саудагерлердің, миссионерлердің (Гонзалес де Клавихо, Сигизмунд Герберштейн, Иософат Барбаро, Амброджо Контарини, Антоний Дженкинсон, Филип Авриль, Адам Олеарий)⁸⁵ және арасында соғыс тұтқындары (Ганс Шильтбергер) да болған басқа да адамдардың Азия елдері мен Московияға саяхаттары мен сапарлары қазіргі Қазақстан аумағындағы этникалық-саяси бірлестіктер, Темір билік еткен кезеңдегі әскери-саяси оқиғалар мен оның Токтамыспен және Едігемен қарым-қатынастары, ноғайлар мен қазақтардың одақтастық қатынастары туралы тарихи-этнографиялық мәліметтер бар жана нарративтік деректемелердің жасалуына негіз болды.

Венеция дипломаты И. Барбароның «Тан мен Персияға саяхат» деген кітабында «татарлар» деген жалпы атаумен дала тұрғындары елеулі орын алады. Діни нанымдарды, сот ісін жүргізуді, әскер ісін, сауданы, қолөнер мен егіншілікті суреттеумен қоса, ол Едіге және оның ұлы Мұртаза, Ұлық-Мехмет, ханзада Кішік-Мехмет, Жәнібек (1343–1357) хандар билік еткен кезеңнің кейбір тарихи оқиғаларын да жазады. Темірдің 1395–1396 жылдары Оңтүстік Дешті Қыпшақтың қалаларына жасаған жойқын жорықтарын айтып өтеді, ол тұрғындар зердесінде әлі де сақталып қалған еді, өйткені бұл жерге И. Барбаро XV ғасырдың 50-жылдарында келген-ді. Персияда 1474–1477 жылдары болған А. Контарини «татарлардың» түрлі топтарын, соның ішінде «Еділдің арғы жағында тұратын, солтүстік-шығыс және шығыс жағына көшіп жүретіндерді» бөліп көрсетеді.

Дипломат С. Герберштейннің мағлұматтары да «әр түрлі татар ордаларына» қатысты, ол солардың арасында қазақтарды (Cassaki) да көрсетеді. Ал 1562 жылы А. Дженкинсон жасаған «Ресей, Московия, Татария» картасында Еділ мен Жайық арасы – ноғайлар мекендейтін жер олардан шығысырақта «Қазақия» (Cassakia) жері деп көрсетілген. Ағылшын көпесі А. Дженкинсон саяхатының күнделігі – Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінің оқиғалары, соның ішінде Хақназар ханның Сыр өңірі қалалары үшін соғыстары көрсетілген ең алғашқы европалық еңбек.

Орта Азия мен Қазақстан туралы мағлұматтар бар XVII ғасырдағы европалық еңбектер арасында голланд географы Н. К. Витсеннің «Солтүстік және шығыс Татария туралы» деген кітабы⁸⁶ мейлінше құнды, ол географиялық, этнографиялық және лингвистикалық мәліметтердің орасан үлкен жинағы болып табылады. Онда сол кезде «Татария» деген жалпы атаумен белгілі болған, Каспий теңізінің, Еділдің, Каманың жағалауларынан шығысында Тынық мұхит жағалауына дейінгі барлық елдерді қамтиды. Қазақтар, қырғыздар және басқа да түркі тілдес халықтар туралы жекелеген мәліметтер европалықтардың жарияланбаған күнделіктерінен, сондай-ақ араб деректемелерінен және голландықтың айтуынша, «барлық рулардағы татарлардан» сұрастыру жолымен алынған.

XVII ғасырдағы нарративтік әдебиетті голландықтар Ян Стрейстің, Корнелий де Бруиннің, швед дәрігері әрі дипломат Энгельберт Кемпфердің, фран-

цуздар Жан Батиста Таверньенің, А. Мотрэннің, ағылшындар Самюэль Коллинздің, Джон Перридің және басқаларының Қытайға, Үндістан мен Иранға сапарлары нәтижесінде жазылған еңбектері байытты⁸⁷. Қазақ халқының тарихы мен этнографиясының белгілі бір жақтарын көрсететін бұл еңбектердің ақпараттық дәрежесі бірдей емес. Бұл жағынан шведтің соғыс тұтқыны Филипп Иоганн Страленбергтің «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөліктерінің тарихи-географиялық сипаттамасы» деген кітабы ерекше, онда өзбектерден, түрікмендерден, қырғыздардан, сондай-ақ қарақалпақтар мен Қазақ Ордасынан (Kosachi Horde) тұратын Сібір мен «Ұлы Татария»⁸⁸ туралы XVIII ғасырдың басына дейін белгілі материалдарды жүйеге келтіру ісіне бәрінен де көбірек көңіл бөлінген. Ол Тобольскіде алғаш рет «бұхарлықтардан» Әбілғазының «Түріктер шежіресі» қолжазбасын қолына түсіріп, оны «татар» тілінен орыс тіліне және орыс тілінен неміс тіліне аударуды ұйымдастырудың сәтін түсірді, сөйтіп жергілікті деректемелерді ғылыми айналымға енгізудің негізін қалады.

Жазбаша деректемелерге қысқаша шолу орта ғасырлардағы шығыс пен батыстың нарративтік деректемелері едәуір мөлшерде ғылыми айналымға енгізілді деп қорытуға мүмкіндік береді. Алайда тарих ғылымы дамуының қазіргі кезеңінде ең алдымен парсы-түркі-араб тобының өзімізге белгілі нарративтік жазбаша деректемелерінің бүкіл тобын, әсіресе олардың шетел кітап қоймалары мен кітапханаларында сақтаулы бөлігін орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын сапасы жағынан жаңа деңгейде ой елегінен өткізу және олардың өткендегі тарихи үрдіс аренасында алатын орнын дәлме-дәл анықтау мақсатымен тарту қажеттігі пісіп-жетілді.

Парсы, түркі және араб тілді ескерткіштері, оларды бүкіл алуан түрлі және толық күйінде тікелей зерттеу, сондай-ақ тарихи-деректеметану проблемаларына жүйелі көзқарас қазақ халқы тарихының жеке мәселелерінен гөрі, ең жалпылама мәселелері бойынша маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

2. СОҢҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

XVIII ғасырда орыс зерттеушілерінің сол кезеңдегі қазақтар туралы мағлұматтар, негізінен тұрмысы, шаруашылығы, ғұрыптары, нанымдары, жүздердің рулық-тайпалық құрамы, орналасуы туралы этнографиялық мағлұматтар жинауы жалғастырылып, халықтың шыққан тегі туралы аңыз-әңгімелер зерттелді. Бұл зерттеушілер арасында П. И. Рычков, И. Г. Георги бар⁸⁹. Қазіргі авторларға қазақтардың жағдайын сипаттап беретін бұл материал халықтың алдыңғы ғасырлардағы өмірін көрсетеді. 1750 жылы Г. Ф. Миллердің «Сібір тарихы» жарыққа шықты⁹⁰, онда Сібір хандығының құрамындағы Солтүстік Қазақстанның тарихы тұңғыш рет жазылған. Орыстың мұрағат және жылнама материалын, сондай-ақ өз байқауларын кеңінен пайдаланған В. Н. Татишевтің (ол Астрахан губернаторы болған) еңбегінде соңғы уақыттағы қазақтар туралы мәліметтер бар⁹¹.

Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы тарихы туралы мәліметтер келтірілген түпнұсқа деректемелер жариялана бастады. 1768 жылы түрік халықтарының тарихы мен этнографиясы жөніндегі Әбілғазының «Шаджарайи турк» деген еңбегі французша басылымынан орыс тіліне аударылды. Шағатайша мәтіні 1825 жылы Қазанда басып шығарылды. 1854 жылы Әбілғазының

шығармасын И. Н. Березин «Шығыс деректемелерінің кітапханасы» сериясында басып шығарды⁹². 1906 жылы Г. С. Саблуков орыс тіліне аударған бұл еңбек зерттеушілер арасында кеңінен мәлім⁹³. И. Березин, сондай-ақ беймәлім автордың «Шайбаниадасын» да басып шығарған⁹⁴. XV ғасырдағы Қазақстан жөніндегі жалпы мәліметтер «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» материалдарымен сәйкес келеді. «Шайбаниада» — Мұхаммед Шайбани хан туралы мәліметтермен толықтырылған «Таварихтың» қысқартылған тізімдерінің бірі. Деректемелерді басып шығарумен бірге зерттеу жұмысы жүргізілді. 1834 жылы Иакинф Бичуриннің ойраттар (қалмақтар) туралы деректі материалдарға толы еңбегі жарық көрді, ойраттардың тарихы XV ғасырдан бастап Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, ал XVII ғасырдан Солтүстік және Батыс Қазақстанның тарихымен тікелей астасып жатқан еді⁹⁵.

А. И. Левшиннің (1797—1879) 1832 жылы жарияланған «Қырғыз-қазақ, яғни қырғыз-қайсақ ордасы мен даласының суреттемесі» деген еңбегі⁹⁶ қазақ халқының географиясы, тарихы мен этнографиясы жөніндегі алғашқы іргелі монографиялық зерттеу болып табылады. Кітаптың бірінші бөлігінде қазақ халқы өмірінің табиғи жағдайлары көрсетіліп, екінші бөлігінде ең ертедегі заманнан XVIII ғасырдың аяғына дейінгі қазақтар туралы тарихи мәліметтер жинақталған. Ерекше бағалы үшінші бөлімінде қазақтардың рулық-тайпалық құрылысы, тұрмыс салты, әдет-ғұрпы, діни нанымдары, экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмірінің көптеген жақтары туралы авторға тікелей өз бақылауы мен өзіне таныс жергілікті халықтың көрнекті өкілдерінің ақпараттары бойынша мәлім болған деректер берілген. Автор XVI—XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихын «Қырғыз-қазақтардың негізі және олардың Ресей бодандығына кіргенге дейінгі немесе 1730 жылға дейінгі жай-күйі туралы» деген тарауда баяндаған. Ертеректегі кезендер жүрдім-бардым айтылған және онша дәл емес, бұған шығыс деректемелерін жеткілікті білмеуі әсер еткен. Келтірілген деректердің анықтығы XVII—XVIII ғасырларға жеткенде арта түседі. А. И. Левшин халықтың аталуы туралы өз пікірін келтірген, бұл — «ғылымда қазақ халқы этногенезі проблемасының тұңғыш рет қойылуы»⁹⁷. А. И. Левшиннің еңбегі оның замандастарынан жоғары баға алды, неғұрлым кейінгі зерттеушілер көптеген проблемалар жөнінен соның еңбегіне жүгінді. А. И. Левшиннің шығармасын жаңадан басып шығару 1996 жылы Алматыда жүзеге асырылды.

Ресейде соңғы орта ғасырлар кезіндегі Қазақстан тарихын зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап шығыс деректемелері сияқты берік негізге ие болды. Бұл кезеңде ол В. В. Вельяминов-Зернов пен Ш. Ш. Уәлихановтың есімдерімен байланысты. Аса көрнекті ориенталист В. В. Вельяминов-Зернов (1830—1904) өзінің «Касимов патшалары мен ханзадалары туралы зерттеу» деген төрт томдық тарихи еңбегінде алғаш рет XV—XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихына назар аударды⁹⁸, ал оның қолында сенімді тарихи негіз болған еді. Еңбегінің екінші бөлімінде ол Қазақ хандығының тарихын рет-ретімен баяндап, бұл мемлекеттің құрылуы туралы пікір айтқан, оны Керей және Жәнібек хандардың Жетісуға көшіп кетуімен байланыстырып, қазақ хандарының ноғай, моғол билеушілерімен сыртқы саяси байланыстарын көрсеткен. Автор қазақтардың жүздерге бөліну фактісіне өз түсінігін ұсынып, оны XVII ғасырда болған және халықтың түрлі топтарының: Түркістан мен Ташкент өңірін мекендеген жартылай отырықшы және қалған аумақтағы көшпелі тұрмыс салтының шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық

ерекшеліктерімен түсіндіреді. В. В. Вельяминов-Зернов қазақ халқы мен мемлекетінің тарихы жөніндегі өз еңбегіне орыстың мұрағат және әдеби материалдарымен қоса, шығыстың түпнұсқа деректемелерінен алынған үлкен үзінділер жариялап, олардың бірегей мәліметтерін тұңғыш рет келтірген. Бұл деректемелер арасында Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та'рих-и Рашиди», Қадырәли бек Жалаиридін «Жами ат-таварих», Хафиз Таныштың «Абдулла-наме» («Шараф-наме-йи Шахи»), Захир ад-дин Бабырдың «Бабыр-нама» деген шығармалары және басқалары бар. В. В. Вельяминов-Зерновтың еңбегі ұзақ уақыт бойы кейінгі зерттеушілер үшін дерек көзі болып келді. Ол орыс ғалымдары арасынан 1858 жылы бірінші болып Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды, мұны В. В. Бартольд Академияның Шығысты зерттеу саласындағы міндеттері туралы мақаласында атап өткен⁹⁹.

XIX ғасырдың екінші жартысында орыстың шығыстану ғылымы ойдағыдай дамыды. В. В. Григорьев, П. И. Лерх, И. Н. Березин, В. Г. Тизенгаузен, Н. И. Веселовский, В. В. Радлов, В. Р. Розендердің еңбектері «орыстың дүниежүзілік шығыстануда құрметті орын алған тарихи-шығыстанушылық мектебінің пайда болғанын» көрсетті¹⁰⁰.

Орыс шығыстанушылары есімдерінің арасында қазақтың тұңғыш тарихшы-ғалымы, шығыстанушысы, этнографы, географы Ш. Ш. Уәлиханов (1835—1865) көрнекті орын алады. Ол Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан тарихының мәселелерін, қырғыз, ноғай, өзбек, ұйғыр халықтарының тарихын зерттеді. Ш. Ш. Уәлиханов өзінің көптеген: «Қырғыз шежіресі», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қырғыздардың көші-қоны туралы» деген еңбектерінде қазақтардың этногенезінің, жүздер құрылуының, қазақтардың рулық-тайпалық құрамының, орналасуының проблемаларын зерттеген еді. Ол қазақтар мен ноғайлардың этникалық жақындығы туралы пікір айтты. Бірқатар еңбектерінде («Жоңғария очерктері», «Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының аңыз-әңгімелері») Ұлы жүз қазақтарына тарихи-этнографиялық сипаттама берілген; ол қазақ хандарының генеалогиясы, Қазақ хандығы мен Ноғай Ордасының саяси қатынастары туралы да жазды.

Ш. Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде қазақ және ноғай эпостарын, аңыздарды, тарихи әңгімелерді, алуан түрлі фольклор материалдарын пайдаланған. Ол В. В. Вельяминов-Зерновтың еңбектері шыққанға дейін-ақ, бірінші болып шығыстың жазбаша деректемелеріне зор мән берді, соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде олардың ең маңыздыларын пайдаланды. Ол Қадырғали Жалаиридін «Жами ат-таварихынан», Мырза Мұхаммед Хайдардың «Та'рих-и Рашидиінен» үзінділер келтірген. Орыс Географиялық қоғамы 1904 жылы Ш. Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағын шығарды. Қазақтың аса көрнекті ғалымы, ағартушысы, ойшыл-демократы еңбектерінің толық жинағын 60-жылдарда Қазақ КСР Ғылым академиясы дайындап басып шығарды, ал 80-жылдарда олар қайта басып шығарылды¹⁰¹.

XIII—XIV ғасырлардағы Қазақстан тарихы монғол ұлыстары мен мемлекеттері, атап айтқанда, Алтын Орда, Шағатай және Үгедей ұрпақтарының мемлекеттері тарихының бір бөлігі болды. Монғолдардың тарихына, Алтын Орда тарихына арналған зерттеулер саны Батыс Европада ғана емес (Ж. Дегинь — XVIII ғ., д'Оссон — XIX ғасырдың 30-жылдары, Х. Ховорс — XIX ғасырдың аяғы, Л. Каэн — 1896 ж. және басқалар), орыс тарихнамасында да едәуір көп. Оларда Қазақстан өмірінің де көптеген жақтары қозғалған. XIX ғасырдың 30-жылдарының өзінде-ақ Ресей Ғылым академиясында Алтын Орда

тарихы жөніндегі шығармаларға бәйге жарияланды. Бұл мемлекеттің ішкі құрылысын, әкімшілік аппаратының құрылымын зерттеуге И. Н. Березиннің Алтын Ордадағы қоғамдық өмірдің көшпелі және отырықшы нысандарының ұштасқанын, қоса өмір сүргенін көрсеткен хан жарлықтарына, бұйрықтарына, басқа да шығыс деректемелеріне негізделген зерттеу, елеулі үлес қосты¹⁰².

Орда ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Еділ бойы мен Батыс Қазақстан аймағының тарихын зерттеуші Г. Перетяткович XVI ғасырдағы ноғайлардың қазақтармен қатынастары туралы, Ноғай Ордасындағы жекелеген мырзалардың өздеріне бағынышты рулармен бірге Жайық үшін қазақ билеушілерімен өзара тартыс кезеңіне көшуі туралы жазған¹⁰³.

Алтын Орда жөнінде мәлімет бар шығыс деректемелерінен алынған үзінділердің екі томдық жинағы шығуының монғол заманындағы Қазақстан тарихын зерттеу үшін зор маңызы болды. Араб тарихшылары мен географтарының еңбектерінен алынған материалдар енгізілген бірінші томын шығаруды бұл материалдарды Европаның көптеген кітап қоймаларынан жинаған аса көрнекті шығыстанушы В. Г. Тизенгаузен (1825—1902 жж.) жүзеге асырды¹⁰⁴. Екінші томына нақ сол В. Г. Тизенгаузен іріктеп алған парсы шығармаларынан үзінділер енгізілген, олар алпыс жылға жуық уақыт өткен соң, А. А. Ромаскевич пен С. Л. Волиннің өңдеуімен басып шығарылды¹⁰⁵. Баспагерлер алғы сөзде табыс етілген материалдардың түпнұсқалылығын, хронологиялық жағынан реттілігін, кейінгі деректемелердің алдыңғыларына байланыстылығын атап өткен. Бірінші томындағы араб деректемелері сияқты, ертеректегі парсы деректемелері де Алтын Орданың батыс бөлігіндегі үлкен оқиғаларды сипаттайтынын, ал Иранның шығыс бөлігі мен Орта Азияда неғұрлым кейінгі кезде жазылғандарының Жошы ұлысының шығыс бөлігіндегі оқиғаларды, яғни қазақтар мен көшпелі өзбектердің тарихын жақсы білетінін көрсеткен. Олардың арасында Низам ад-дин Шамидің, Шараф ад-дин Йаздидің, Му'ин ад-дин Натанзидің, Абд ар-Раззақ Самарқандидің, Хайдар Разидің және басқаларының жоғарыда аталған шығармалары бар.

Алтын Орда тарихы жөніндегі материалдардың жинағы ұзақ жылдар бойы XIII—XV ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі мәліметтерінің сенімді көзі болып келді және осы кезге дейін солай болып қалып отыр.

XIX ғасырдың аяғына қарай Ресейде Орталық Азияның түрік-монғол халықтары тарихының аса маңызды проблемаларына арналған еңбектер шықты. Олардың ішінде Н. А. Аристовтың еңбектері мен В. В. Бартольдтің алғашқы ірі еңбектері бар. Н. А. Аристов Батыс Европа және орыс тілдеріне аударылған шығыс деректемелерінің, сондай-ақ орыстың мұрағат материалдарының, фольклорлық, этнографиялық деректер негізінде түрік халықтарының этникалық құрамы жөнінде еңбек жазды¹⁰⁶. Онда қазақ халқының этникалық құрылымын неғұрлым егжей-тегжейлі келтірген. Н. А. Аристов оның жүздері құрамында «қаңлы, қыпшақ, шу (дулат), арғын, найман, керей және алшын» тайпалары және басқа да рулар мен тайпалар бар деп көрсетеді. XIX ғасырдың аяғына дейінгі қазақ халқында ру және тайпа атауларының сақталуын зерттеуші көшпелі тұрмыс салты, дағдылы шаруашылық нысандарында тіршілік етуі үшін ғасырлар бойы сыннан өткен халықтың рулық-тайпалық ұйымдасуы ықпал еткен деп түсіндіреді.

90-жылдарда аса ірі шығыстанушы В. В. Бартольд (1869—1930 жж.) шығыстың көптеген түпнұсқа деректемелерімен орасан зор жұмыс жүргізді. 1898 жылы ол «Жетісу тарихының очеркін» бастырып шығарды¹⁰⁷, онда Жетісу

жөнінде өлке XVII ғасырдан құрамына кірген қалмақтар мемлекетінің ежелгі заманнан 1758 жылы құлағанына дейінгі авторға мәлім тарихи материалдар жинақталған. Шағатайдың монғол ұлысы кезеңіндегі, өлкенің Моғолстан құрамындағы тарихы айтылған. Бұл — Қазақстанның маңызды аймақтарының біріне арнайы арналған тұңғыш тарихи еңбек.

1898 жылы В. В. Бартольдтің «Түркістан монғолдар шапқыншылығы дәуірінде» деген іргелі еңбегінің бірінші бөлігі (деректемелерден үзінділер) болып шығарылды, ал 1900 жылы зерттеудің өзі басылып шықты¹⁰⁸. «Шыңғыс-хан және монғолдар» деген соңғы тарау Түркістан тарихының соңғы орта ғасырлардағы кезеңіне арналған. Көптеген еңбектері Таяу және Орта Шығыс елдерінің тарихына қатысты болса да, орыстың шығыстану мектебінің аса көрнекті өкілі, академик (1913 ж.) В. В. Бартольд өзін-өзі «көбінесе Орта Азия тарихшысы» деп атаған. Бірақ Орта Азия жөніндегі, түрік-монғол халықтарының тарихы жөніндегі барлық еңбектерінде қалай дегенмен де соңғы орта ғасырлардағы қазақтар мен Қазақстан тарихының проблемалары ашып көрсетіледі. Олардың арасында «Түркістан тарихы» (1920 ж.), «Түрік-монғол халықтарының тарихы» (1927 ж.), «Орта Азияның түрік халықтарының тарихы жөніндегі он екі дәріс» (1926 ж.) және басқа да көптеген туындылар бар.

В. В. Бартольдтің барлық еңбектері шығыс деректемелерін терең өңдеуге негізделген. Ол нумизматика, эпиграфика, этнография, археология деректерінде деректемелер ауқымына қосты. Ол Орта Азияның, Европаның қолжазбалар қоймаларындағы, жеке коллекциялар мен кітапханалардағы материалдарды үнемі іздестіріп жүрген, мұны «Орта Азияға ғылыми мақсатпен жасалған сапар туралы есеп» дәлелдейді. Оның көптеген еңбектерінде қолжазбалар материалдарының аудармалары, сипаттамалары, бағалары, өзі ғылыми айналымға алғаш рет енгізген деректемелердің үзінділері берілген. Кейінгі зерттеушілер үшін В. В. Бартольдтің еңбектері деректеметанушылық негіз, сондай-ақ жазбаша деректемелердің материалдарына сыни талдау жасаудың үлгісі болып саналады.

Академик В. В. Бартольдтің 60—70-жылдарда тоғыз томдық еңбегі шығарылғаннан кейін Қазақстанның соңғы орта ғасырлар кезеңіндегі тарихын зерттеу сенімді негіз алды¹⁰⁹. Ол Қазақстан тарихшылары үшін парсы және түрік тілдеріндегі жазбаша деректемелерді кең көлемде тарту үшін ғана емес, сонымен қатар орта ғасырлардың көптеген проблемаларын алға қойып, талдап шешу үшін де бағыт-бағдар болды.

В. В. Бартольдтің шығармаларына алғы сөздердің авторлары (И. П. Петрушевский, В. А. Ромодин және басқалар) оның елдер мен халықтардың тарихи тағдырларындағы олардың географиялық өмір жағдайларының маңызын, сауда жолдарының, мәдени ықпалдар мен алмасулардың атқарған рөлін үлкенді-кішілі империялар, атап айтқанда, Шыңғыс-хан империясы құрылуының нәтижесі деп асыра бағалағанын атап өтті. В. В. Бартольдтің билеушілердің (хандар, әмірлердің) өмір-тіршіліктеріне тым көңіл бөлгенін атап өткен; оның монғолдар жаулап алуының күйретушілік зардаптарын жете бағаламағанын атап көрсеткен. Алайда халықтардың тарихи өткен жолына жаңа көзқарастар қазіргі кезеңде осы аса көрнекті шығыстанушы-тарихшының түріктер мен монғолдардың мәдени-тарихи өткен кезінің белгілі бір құбылыстарына берген бағаларымен көп жағынан алғанда келісуге мәжбүр етеді.

В. В. Бартольд Оңтүстік Қазақстанның қалаларына, суландыру жүйелеріне,

сауда жолдарына қатысты деректемелерден орасан көп материалдар жинаған¹¹⁰.

Оның түрік-монғол тайпаларының этникалық тарихының проблемалары жөнінде шығыс қолжазбаларынан келтірген деректері мен оларды өзінің түсіндіруі ерекше маңызды. Оның еңбектерінде қазақ халқының құрамына кірген тайпалар туралы мәліметтер көп. Қазақ халқының онда «өзбектер», «өзбек халқы», «өзбек-қазақтар» деген этникалық терминдермен, яғни XIV—XV ғасырлардағы деректемелерде Шығыс Дешті Қыпшақтың халқы аталатын атаулармен айтылуы жиі кездеседі. В. В. Бартольд «Европа мен Ресейде Шығыстың зерттелу тарихы» деген еңбегінде XVI ғасырдың басында-ақ «өзбек қазақтарының өз хандары бар, күшті халық болғанын» атап өткен. Ол қазақтардың үш жүзге («ордаға») бөлінуін олардың көшіп жүретін жерлері «рулардың үлкендігіне қарай шығыстан батысқа қарай көшу тәртібімен орналасқан» деп атап өтіп, географиялық фактормен байланыстырған¹¹¹.

В. В. Бартольд Орталық Азия халықтарының әлеуметтік қатынастары проблемаларын да қағыс қалдырған жоқ. Ол монғол мемлекеттілігінің жаңа белгілерін, оның пайда болу себептерін көрсетуге тырысқан. Ол бірте-бірте өзінің шығармашылық жұмысының қорытындысында «Қоғам тұрмысының түріктер мен монғолдардың шаруашылық дәстүрімен байланысы» деген мақаласында (1929 ж.) мүлік жағынан тең емес, қоғамның әлеуметтік жіктелуі мен тап күресі болатын көшпелі мемлекеттердің пайда болу мүмкіндіктері туралы қорытынды жасайды, мұның өзі заманының идеологиялық қондырмаларына сай келетін. Бұл тарихтың негізгі өзегі қоғам дамуында таптардың құрылуы және тарихтың қозғаушы күші тап күресі деп танитын маркстік-лениндік түсініктің қалыптасу кезі болатын. Сондықтан көптеген тарихшы-ғалымдар осы көзқарасқа көшкен еді.

А. Ю. Якубовский Орта Азия, сондай-ақ Алтын Орда халықтарының әлеуметтік (феодалдық) ұйымдасу проблемалары, сол сияқты оның саяси тарихы жөнінде бірқатар мақалалар, ал кейініректе монографиялық зерттеу жазды¹¹². Бұл зерттеу — іс жүзінде Алтын Орда жөніндегі жинақтап қорығатын тұңғыш еңбек.

Көшпелілердің, атап айтқанда, қазақтардың қоғамдық ұйымдасу деңгейіне берілген баға көшпеліліктану тарихнамасының қалыптасу кезеңі бойында талай рет өзгерді¹¹³. Мәлім болып отырғанындай, әуелі «жаратылысынан бар және өзгермейтін» рулық-тайпалық құрылымы, «патриархаттық-рулық уклады болған көшпелі қоғамдарды тапсыз, әлеуметтік жағынан айқындалмаған» деп тану орнықты, мысалы, XIX ғасырда Н. А. Аристов, XX ғасырдың 20-жылдарында А. П. Чулошников осылай деп санады. Бұл қоғамдар отырықшы-егінші елдер мен халықтарды жаулап алмайынша, өз мемлекетін өз бетінше құра алмайды деп саналды (В. В. Григорьев, шығармашылығының ертерек кезеңдерінде В. В. Бартольд). Кеңестік кезеңде көшпелі қоғамның таптық жіктелуі, көшпелілердің феодалдық даму, феодалдық мемлекеттік сатысына жету мүмкіндігі туралы пікір орнықты, бұл көзқарасты С. П. Толстов дамытты. Б. Я. Владимирцов ғылымға «көшпелі феодализм» ұғымын енгізді.

С. П. Толстов «Ертедегі Хорезм» деген іргелі еңбектің¹¹⁴ тууымен аяқталған зерттеулерінде жазбаша деректемелер мен археологиялық материалдардың негізінде Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихын кезеңдерге бөліп, көшпелі халықтардың өз дамуында басқа халықтардың көпшілігі

өткізген әлеуметтік-экономикалық формациялардан, атап айтқанда, алғашқы қауымдық және феодалдық формациялардан өткенін көрсетті. Б. Я. Владимирцовтың зерттеуі көшпелі және жартылай көшпелі түрік халықтарының әлеуметтік ұйымдасу проблемаларымен айналысқан тарихшыларға ұзақ уақыт бойы зор ықпал жасап келді¹¹⁵.

20—30-жылдарда арнайы Қазақстан тарихына арналған, соның ішінде ұлттық қазақ зиялыларының өкілдері жазған зерттеулер пайда болды. Бұлар — А. П. Чулошниковтың (1924 ж.), М. Тынышбаевтың (1925 ж.), С. Ж. Асфендияровтың еңбектері. Неғұрлым ертеректегі кезеңде, ХІХ—ХХ ғасырлар шебінде қазақ халқы мен басқа да түрік халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеушілер арасында С. Бабажанов, М. Шорманов, Т. Сейдалин, А. Жантөрин, С. Нұрмұхамедов деген және басқа да қазақтардың есімдері мәлім болды. Олардың еңбектері тарихнамада өлкетану еңбектері ретінде бағаланды¹¹⁶. Акын әрі философ Шәкерім Құдайбердіұлының «Түріктердің, қырғыздардың, қазақтардың және хан әулеттерінің шежіресі» деген шығармасын атап өту керек¹¹⁷. Шежіре 1911 жылы Орынборда басып шығарылды. Бұл қазақ халқының құрылу тарихын Әбілғазы, Н. А. Аристов, В. В. Радлов еңбектерінің негізінде ана тілінде жаңғыртуға әбден сәтті жасалған әрекет болатын. Жүздердің рулық-тайпалық құрамы, жекелеген рулардың шежіресі, олардың таңбалары, хан әулеттерінің генеалогиясы баяндалған.

А. П. Чулошников «Қазақстанды зерттеу қоғамының» алғашқы төрағасы болды, ол ХVІІІ ғасырдың 30-жылдарына дейінгі қазақ халқының саяси және шаруашылық өмірі баяндалған, этникалық тарих мәселелерін қорытындылайтын еңбек жазды¹¹⁸. Қазақтардың шаруашылық кәсібін «қоспасыз» көшпелі-малшылар ретінде ғана емес, сонымен қатар отырықшылық өмірмен, егіншілікпен таныс етіп сипаттайтын мысалдар келтіреді. Автор бұл кәсіптердің кең-байтақ Қазақстан аумағында алуан түрлі болған табиғи, географиялық факторларға байланысты екенін көрсетеді. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың сипаты туралы өз түсініктерін автор өзінің «ХVІІ—ХVІІІ ғасырлардағы Қазақстандағы феодалдық қатынастар тарихы жөнінде» деген басқа бір еңбегінде (1936 ж.) сынға алған.

1925 жылы М. Тынышбаевтың «Қырғыз-қайсақ халқының тарихы жөніндегі материалдар» деген еңбегі шығарылды¹¹⁹, 1926 жылы «Қазақстанды зерттеу қоғамы» оның «17 және 18-ғасырлардағы қырғыз-қайсақтар» деген еңбегін шығарды. «Материалдарда» қазақ жүздерінің этникалық құрамы, қазақтардың шыққан тегі туралы аңыз-әңгімелер, қазақ руларының таңбалары мен ұрандары берілген, әрбір тайпаның тарихын сипаттау үшін тарихи материал іріктеліп алынған. Алайда ол ғылыми емес әдістерді қолданып, қателіктер жібереді: географиялық атаулардың, тарихи есімдердің лингвистикалық үндестігін қазақ халқы тайпаларының ежелден келе жатқанының айғағы деп қабылдайды; ол бұларды Геродоттың алазондары, Святославтың касогтары, черкестер және т. б. деп санап, оларды Қиыр Шығыстағы Аргуннан Дунай мен Кавказ сыртына дейінгі аумаққа орналастырады.

1935 жылы өзінің «Қазақстан тарихын (көне заманнан бергі)» бастырып шығарған С. Ж. Асфендияров М. Тынышбаевтың қазақ тайпаларын ежелгі етіп көрсеткен және олардың орналасқан аумағын шексіз кеңейткен қателіктерін көрсетті.

М. Тынышбаев жүздердің құрылуын Батый мен Орда-Ежен заманына жатқызады (оның пікірінше, олардың иелігі тиісінше Орта жүз бен Ұлы жүз)

Кіші жүзді ол Жошының кіші ұлы Тоқа-Темірдің есімімен, ал аумақтық жағынан Кавказбен, Қырыммен және Жошы ұлысының батыс жерлерімен байланыстырады. Шыңғыс-ханның жаулап алу дәуірінде жергілікті және көшіп келген халықтың саяси бөлінуі де шынына келгенде, табиғи-географиялық жағдайлардың салдарынан ежелден құрылып, халықтың шаруашылық байланыстары тарихи қалыптасқан әр түрлі тарихи-географиялық өңірлердегі (Жетісу, Түркістан, Сарыарқа, Батыс Қазақстан, Арал өңірі және басқалар) тайпалар мен этникалық топтардың бөлініп шығуына айқын әсер етті. Алайда деректемелерден XIII ғасырдағы қазақтар, олардың жүздері және олардың автор атаған аумақтармен, есімдермен байланыстары туралы ешқандай деректер байқалған жоқ.

С. Ж. Асфендияров 20-жылдардың орта шенінде-ақ тарихпен айналысты, ғылымның ұйымдастырушысы болып, Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасу кезеңінде бірқатар ғылыми құрылымдарды басқарды. Ол — тарихтан алғашқы профессор-қазақ, Ғылым академиясының 1932 жылы наурыз айында құрылған Қазақстан базасы төрағасының орынбасары болды, оған дейін Қазақ Ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтының тарих-археология секторын басқарды, кейініректе Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ректоры болды¹²⁰. Профессор П. А. Кунтемен бірге С. Ж. Асфендияров Қазақстан мен Орта Азияның тарихы жөніндегі мәліметтері көне, шығыс және жылнама деректемелерінен алынған материалдар жинағын әзірлеп, 1935 жылы бастырып шығарды¹²¹. Жинақ қазақтардың тарихи өткен заманы туралы сол кездегі мәліметтерді толықтыра түсті, қазақтардың тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, олардың көршілес халықтармен және мемлекеттермен экономикалық, саяси және мәдени байланыстарын қайта қарауға негіз болды. Ғылым қазақтар тарихын суреттеп, бұл проблемаларды шешуге ұмтылыс жасады.

С. Ж. Асфендияровтың монографиясында көшпелі халықтардың тарихы жоқ екендігі, артта қалғандығы, олардың қоғамдық құрылысын рулық құрылыс деп бағалау туралы концепция теріске шығарылған. Көшпелі қазақ қоғамының қоғамдық құрылымы басқа да отырықшы және көшпелі халықтарға тән таптық, феодалдық құрылым ретінде көрсетілген. Автор таптық қанау мақсатында пайдаланылатын рулық сарқыншақтардың сақталуын көшпелі халықтардағы феодалдық қатынастардың ерекшелігі деп санаған. Автордың пікірінше, шаруашылық үлгісі — көшпелі мал шаруашылығы — жеке шаруашылықтың дамуына мүмкіндік бермейді; малға жеке меншік жағдайында жайылымды пайдаланудың қауымдық нысаны сақталып қалады. Шаруашылық қажеттері рудың, рулық қауымның, патриархаттық отбасының сақталуына әкеп соғады. Бірақ бұл рулық институттар түбірінен өзгеріп, олар әлдеқашан туындаған таптық қатынастарды көрсетеді.

Сол кезде одақтық тарих ғылымында шығыс қоғамдарының әлеуметтік-экономикалық құрылысы, «азиялық өндіріс әдісі» туралы пікірсайыс жүріп жатты. С. Ж. Асфендияров тарихнамаға пікірсайыс проблемаларының өз түсінігін енгізді, Азияның ерекше Шығыстық жолы тұжырымдамасының негізсіздігін көрсетті, К. Маркстің «азиялық өндіріс әдісі» түсінігін теріс түсіндіруіне тоқталды. Ол Б. Я. Владимирцовтың Монғолия қоғамдық құрылысын «монғолдың көшпелі феодализмі»¹²² деген «сәтсіз» анықтамасымен де келіспеді. Кейінгі кезеңде де «көшпелі феодализм» теориясы сынға алынды.

Кітап ұзақ жылдар бойы жабулы ұсталғандықтан, оған сілтеме жасалмаса

да, С. Ж. Асфендияровтың көшпелі қазақтардың қоғамдық құрылысына көзқарасының көп ізбасарлары болды. Қазақ халқының шығу тегі және қазақ мемлекетінің пайда болу проблемаларын С. Ж. Асфендияров басқа да түрік халықтары дамуындағы нақ сондай проблемалармен байланыстыра қарады. Үш жүздің құрылуын ол саяси бірігуге кедергі жасаған, табиғи-географиялық үш өлкеде дамыған көшпелі шаруашылықтың тарихи жағдайларымен дәлелдеп түсіндірді.

Бірқатар орыс авторларының көшпелі халықтарда «тарих жоқ екендігі» туралы, олардың өз дамуында рулық құрылыс пен алғашқы қауымдық шаруашылық деңгейінен аса алмағандығы туралы ұлы державалық пиғылдарын да, жергілікті авторлардың қазақ қоғамы тарихи жолының ерекшелігі туралы, онда таптық антагонизмнің жоқ екендігі, «түрік-монғол нәсілінің ұлы рөлі»¹²³ туралы көзқарастарын да теріске шығаруға орынды әрекет жасай отырып, С. Ж. Асфендияров өз кезегінде саяси тұрғыдан көшпелілер өмірінің келеңсіз жақтарын ерекше атап көрсетті, оның пікірінше, олардың өмірі халық бұқарасын феодалдық-рулық үстем таптың талап-тонауы мен қанауына, рулық бірлестіктер арасындағы қантөгісті күреске ғана толы болған.

М. Тынышбаевтың қазақтардың, халықты құраған этникалық топтардың шыққан тегін ежелгі етіп көрсетуге, олар мекендеген аумақты шексіз ұлғайтуға тырысқан әрекеттерін дұрыс теріске шығара отырып, С. Ж. Асфендияров басқа жаққа ауытқыды, сөйтіп «қазақтардың дербес тарихының басталуын» XVI ғасырдың аяғы — XVII ғасырдың басына ғана жатқызды¹²⁴, мұның өзі сөзсіз қате болатын.

Қазақстан тарих ғылымы дамуының 40—50-жылдардағы жаңа кезеңі басқа да барлық проблемаларды зерттеумен қатар, соңғы орта ғасырлар тарихының проблемалары жөніндегі зерттеулер деңгейінің артуын да айқындап берді. 1943 жылы ҚазМУ-да тарих факультеті, содан соң педагогикалық институттарда тарих факультеттері ашылды. 1945 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясында Тарих, археология және этнография институты ашылды. Ұлттық ғылыми тарихшы кадрлар даярланды. Оларды даярлауға бұрынғыдай Москва мен Ленинградтың ғалымдары — А. Н. Бернштам, С. П. Толстов, А. Ю. Якубовский, А. М. Панкратова және басқалар көп көмек көрсетті.

Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихын зерттеу дамытылды. Қазақ мемлекеттігінің қоғамдық құрылысының даму проблемаларына, халықтың шығу тегіне ерекше көңіл бөлінді. 1941 жылы «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдардың» белгілі бастырып шығарушысы М. П. Вяткиннің ерте заманнан XIX ғасырдың ортасына дейінгі қазақтар тарихын жүйелі баяндаған «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер» деген қорытындылаушы еңбегі басылып шықты¹²⁵. Басқалармен қатар Қазақ хандығы құрылуының мәселелері автордың назарын аударған. Автор оның құрылуында алғашқы қазақ хандары бастап, бөліне көшуге алдындағы зерттеушілер сияқты үлкен мән берген. Олардың моғол хандарына вассалдық тәуелділігінің асыра көрсетілгені күмәнсіз. М. П. Вяткин қазақ жүздерінің үш аймаққа бөлінуі табиғи-географиялық жағдайға байланысты екендігі туралы В. В. Бартольд пен С. Ж. Асфендияровтың пікірін қолдаған, бірақ бұл фактормен бірге олардың саяси оқшаулануықпалын да қосқан. М. П. Вяткиннің монографиясында XIX ғасырдың ортасына дейінгі Қазақстан тарихы жөніндегі әдебиет пен деректемелерге бірінші рет жалпы шолу жасалған.

Қазақстан тарихының тарихнамасында тарихшылар ұжымының жиынтық

ғылыми еңбектері Орта Азияның басқа республикаларынан бұрын пайда болды.

1943 жылы тұңғыш ұжымдық жиынтық еңбек — «Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» жарық көрді¹²⁶. Кітапты авторлар ұжымы — КСРО Ғылым академиясы Тарих институтының академигі Б. Д. Греков, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А. М. Панкратова бастаған бір топ ғылыми қызметкерлер мен жергілікті тарихшылар қысқа мерзімде жазып шықты. Зор ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде Қазақстан тарихы жөнінде жарияланған деректемелердің деректері ғана емес, сонымен бірге аймақтық тарих, басқа да түрік халықтарының тарихы жөніндегі орта ғасырлардағы Қазақстан¹²⁷, әсіресе саяси тарих, қазақ-Орта Азия байланыстары жайлы мәліметтер бар материалдар да жүйеге келтірілді. Солай бола тұрса да, шешілмеген проблемалардың көптігі, халықтың тарихи өткен кезеңінің көп бөлімінің зерттелмегендігі авторлар ұжымының алдына қиын міндеттер қойды. Атап айтқанда, саяси тарихқа, хандар мен батырлардың ұйымдастырушылық қызметіне, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресіне көп орын берілді; қазақ халқының қалыптасуы мен дамуында татар-монғолдардың жаулап алуына елеулі көңіл бөлінді. Ал еңбекші халықтың әлеуметтік-экономикалық жай-күйі жөнінде материал мүлде болған жоқ. Бірақ халықтың тарихы идеологияландырылған кеңестік тарихнаманың канондарына қарама-қарсы көрсетілді. Республика Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР тарихының» 2-басылымын дайындау туралы қабылдаған қаулысында (1945 жылғы 14-тамыздағы) бірінші басылымда жіберілген қателіктер, феодалдық өткен заманды дәріптеушілік, татар-монғол шапқыншылығының ойрандаушылық сипатын жете бағаламаушылық, еңбекші халықты қанаудың жеткіліксіз көрсетілуі атап өтілді; тарихи фактілерге қарамастан, кітапта XV—XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының мықты да құдіретті деп сипатталғаны көрсетілді¹²⁸.

Алғашқы ұжымдық басылым тарихнамадағы маңызды кезең болды, зор ғылыми ынта-ықылас, жаңа тарихи деректемелерге ізденістер, аса маңызды проблемалар бойынша пікірсайыстар туғызды. 1949 жылы екі томдық «Қазақ ССР тарихының» бірінші томы шықты. Алайда республика басшы органдарының шешімдерінде «қазақ халқының феодалдық өткендегісін дәріптеушілік, оның мәдени мұрасына сын көзбен қарамаушылық..., хандар мен сұлтандарды мадақтаушылық» тағы да атап өтілді¹²⁹.

1957 жылы «Қазақ ССР тарихының» жаңа екі томдық басылымының бірінші томы шықты¹³⁰. Онда XIII—XVII ғасырлар тарихына: Қазақстан монғол үстемдігі кезеңінде; Қазақ халқы мен қазақ хандықтарының құрылуы; Қазақстанның XV—XVII ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық қатынастары мен саяси құрылысы; XV—XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті деген төрт тарау берілген. Соңғы орта ғасырлар кезіндегі Қазақстан тарихының бұл негізгі проблемалары бойынша авторлар ұжымы ішінде көрнекті ғалымдар: Н. Г. Аполлова, М. О. Әуезов, Г. Ф. Дахшлейгер, Ә. Х. Марғұлан, В. Ф. Шахматов және басқалар болды. Бұрынғы басылымдардың шын және ойдан шығарылған олқылықтары мен «қателіктері» ескерілді. Қазақ халқының шаруашылығы мен әлеуметтік-экономикалық қатынастары мәселелері, мәдениеті көрсетілді. Бірақ өкінішке қарай деректемелердің жеткіліксіздігінен көп нәрсе соңғы екі ғасырдың, жаңа заманның материалдарына негізделді. Кітапта қазақ халқының құрылуында оны құраған көптеген түрік тайпалары-

ның, шаруашылық, материалдық мәдениеті, тұрмысы, тіл үлгілері ортақтығының маңызы көрсетілген; қазақ халқының этногенезі процесінің сан ғасырларға созылғаны, халықтың XV ғасырдың орта шені — XVI ғасырдың басына қарай қалыптасқаны атап өтіліп, «қазақ» терминінің шығу тегі түсіндірілген. Қазақ хандықтары құрылуының әлеуметтік-экономикалық және саяси себептері анықталып, олардың нақты тарихы зерттелген. Қазақ қоғамы патриархаттық белгілері бар көшпелі ортаға тән таптық, феодалдық қоғам ретінде көрсетілген. Қазақстан аумағында феодалдық формацияның қалыптасу уақыты — VI—VII ғасырларға (Түрік қағанаты заманына), ал мемлекеттілік элементтерінің пайда болуы жаңа заман шебіндегі усундар мен қандылар заманына жатқызылған.

Жоғарыда аталған проблемаларға жасалған талдау мен томда жасалған қорытындылар өткен онжылдықтардағы тарихнаманың жетістіктеріне ғана емес, сонымен қатар Қазақстан тарихшыларының тікелей 50-жылдарда жүргізген үлкен жұмыстарына да, көршілес республикалардағы түрік және басқа да көшпелі халықтардың тарихын зерттеулерге де негізделді¹³¹.

Көшпелілердегі әлеуметтік-экономикалық қатынастардың феодалдық сипаты туралы пікір кеңестік тарихнамада 30—50-жылдары орнықты. Зерттеушілердегі пікір алалықтары көшпелілердегі феодалдық қатынастардың базистік негіздерін, көшпелі мал шаруашылығы үлгісіндегі ең басты өндіріс құралдарын бағалауға ғана қатысты болды. Пікір алалықтары мен дау-дамайлар 50-жылдардың ортасында қазақтың көшпелі мал шаруашылығы жағдайларындағы патриархаттық-феодалдық қатынастардың мәні мен ерекшелігі жайында ғана болды. Пікірсайыс барысында екі көзқарас аңғарылды. Бір зерттеушілер көшпелі мал шаруашылығы жағдайында негізгі өндіріс құралы мал болды, ал жер небәрі өндіріс жағдайы болған деп санады. Негізгі өндірушіні, қатардағы көшпеліні қанау малды меншіктену негізінде жүзеге асырылды. Жер қауымдасып пайдаланылды, ал жерге жекеменшік көшпелілер отырықшылыққа көшкеннен кейін ғана пайда болды.

Екінші көзқарасты жақтаушылар көшпелі жағдайда да, атап айтқанда, қазақ қоғамында жер өндіріс шарты ғана емес, өндіріс құрал-жабдығы болып табылады деп санады. Дағдылы құқық нормаларына байланысты жерді (жайылымдарды) пайдаланудың қауымдық нысаны сақталған жағдайда малдың ірі меншік иелері көшіп-қону жерлеріне билік етті, іс жүзінде ең жақсы жайылымдарды иеленді, қанау малды меншіктену ғана емес, жерге меншік негізінде де жүзеге асырылды. Өндіргіш күштерді, өндіріс құрал-жабдықтарын және оларды меншіктенуді түрліше сипаттай отырып, екі көзқарасты жақтаушылардың пікірлері ең бастысына — көшпелілердің қоғамдық-экономикалық қатынастарына таптық баға беруге келгенде алшақтады.

КСРО Ғылым академиясы мен Орта Азия және Қазақстан одақтас республикалары академияларының 1954 жылы Ташкентте өткен Біріккен ғылыми сессиясында пікірсайыстың қорытындылары шығарылды¹³². Жалпы алғанда көшпелі тайпалар мен халықтар адамзаттың тарихи дамуының жалпы арнасында жүріп өтіп, өз эволюциясында таптық қатынастарға жетті деген тұжырым қабылданды. Пікірсайыста XV—XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамының формациялық деңгейін патриархаттық-феодалдық қоғам деген баға орнықты. «Қазақ ССР тарихында» (1957 жылы шығарылған) да осы баға көрініс тапты. Пікірсайыс барысында анықталған көзқарастар дамытылып, Қазақстан ма-

териалдарында бірқатар көлемді мақалалар мен монографиялар дайындалды¹³³.

Соңғы орта ғасырлардың саяси тарихының проблемалары да зерттелді. С. К. Ибрагимов (1929—1960) қазақ мемлекеттігінің тарихын, XV—XVII ғасырлардағы Қазақстанның этникалық және әлеуметтік тарихын зерттей бастады¹³⁴. Кеңестің аса көрнекті шығыстанушысы, Орта Азия тарихын зерттеуші, шығыстың түпнұсқа деректемелерін жариялау арқылы кеңінен мәлім болған А. А. Семенов Қазақстан аумағындағы өзбек тайпаларының тарихы мен XV ғасырдағы Шайбанилер әулетінің тарихы, оның XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басындағы қазақ хандарымен қарым-қатынастары зерттелген еңбектер жариялады¹³⁵.

50-жылдары жазбаша деректемелер базасын кеңейту, шығыстанушы кадрларды даярлау проблемасы алға қойылды. Қазақ КСР Ғылым академиясында шығыстану секторы құрылып, ол кейіннен Қазақ КСР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының шетелдік Шығыстың шектес елдері тарихы бөлімі етіп қайта құрылды. Кейініректе шығыстанушылар тобы осы Институттың ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы бөліміне шоғырландырылды. С. К. Ибрагимов Қазақстан шығыстанушыларынан шығыс деректерін тауып, аударуға алғашқылардың бірі болып кірісті. Ол соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі негізгі деректемелерді — парсы және түрік еңбектерін анықтап, жариялау мен зерттеуге зор үлес қосты. С. К. Ибрагимов шығыстың, негізінен Орта Азия авторларының (Мас'уд бен Осман Кухистанидің, Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфханидің, Камал ад-дин Бинаидің және басқаларының) XV—XVI ғасырлардағы Қазақстанның этникалық, саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихы жөнінде едәуір көп нақты мәліметтер бар шығармаларын тауып, олардың үзінділерін тарихтанушылық шолулар мен мақалаларда жариялады¹³⁶.

60-жылдардың басында КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институты Ленинград бөлімшесінің жәрдемдесуімен Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында XV—XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі шығыс деректемелерінен алынған материал жинағын жасау жұмысы басталды. С. К. Ибрагимов басылымның жоспарын және оған арнап Мас'уд бен Усман Кухистани шығармасы мен Бинаидің қолжазбасы мәтіні бір бөлігінің аудармасын дайындады. Жұмысты В. П. Юдиннің жалпы басшылығымен және ленинградтық шығыстанушылар О. Ф. Акимовский мен М. А. Салахетдинованың қатысуымен жинақты құрастырушылар тобы (Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин) жалғастырып, ол 60-жылдардың аяғында аяқталды¹³⁷. Жинаққа қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі негізгі түпнұсқа деректемелерінен — XV—XVIII ғасырлардағы парсы және түркі тілдес шығармалардан: «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Тарих-и Абулхайр-хани», «Та'рих-и Рашиди», «Тарих-и Кыпчаки», «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» және басқаларынан орыс тіліне аударылған үзінділер енген. Нарративтік шығармалардан және хандар мен діни адамдардың ғұмырнамаларынан, тарихи оқиғалардың хроникалары мен сарай маңындағы әдебиетшілердің мемуарларынан басқа, жинаққа Сығанақтан вақфтық төрт құжат енгізілген.

Барлық аудармаларға шығармалар, олардың авторлары және қолда бар материалдардың сипаты туралы қажетті ақпаратпен қоса анықтама берілген. Құрастырушылар мәтіндерге ғылыми түсініктемелер, анықтамалық аппарат

жасаған. Жазбаша деректемелер аудармалары корпусының басып шығарылуы XV—XVIII ғасырлардағы Қазақстан тарихының негізгі проблемаларын зерттеудің тарихтану базасын кеңейтті. Қазақ халқы топтасуының соңғы кезеңіндегі Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу және Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) аумағындағы халықтың этникалық құрамы мен этникалық процестер туралы жаңа түпнұсқа мағлұматтар, қазақ хандықтарының әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси тарихы жөніндегі, шектес мемлекеттермен қарым-қатынастар туралы, аймақтың тарихи географиясы, қазақ халқының этникалық аумағы қалыптасуының аяқталу және оның мемлекеттігінің даму уақыты жөніндегі материалдар ғылыми айналымға енгізілді. «Қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар» соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі шығыс деректемелерінен алынған үзінділердің осы кезге дейін бірден-бір жарияланған жинағы болып қалып отыр және XVI—XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары туралы құжаттардың бірінші томымен, сондай-ақ «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» екі томдық басылымымен бірге олар бес томдық «Қазақ ССР тарихының (көне заманнан бүгінге дейін)»¹³⁸ екінші томы бөлімін, соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі бірқатар монографиялық еңбектер мен осы басылымды дайындаған кезде жақсы негіз болды.

Кейінгі жылдарда Қазақстан медиевистикасының деректемелік базасы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының нақты мәселелерін талдап шешкен зерттеушілер күш-жігерімен де, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жұмыс істейтін белгілі шығыстанушылардың еңбектерімен де көтеріле түсті.

КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институты мен Қырғыз КСР Ғылым академиясының Тарих институты В. А. Ромодиннің редакциясымен басып шығарған X—XIX ғасырлардағы араб, парсы және түрік тарихи және географиялық шығармаларынан алынған, қырғыздар мен Қырғызстан тарихы жөнінде мәліметтер бар үзінділер аудармасының жинағы Қазақстан тарихын зерттеу үшін бағалы болып табылады¹³⁹. XIV—XVI ғасырлардағы парсы деректемелерінен — Низам ад-дин Шами, Шараф ад-дин Йазди, Му'ин ад-дин Натанзи және Абд ар-Раззақ Самарқанди шығармаларынан келтірілген үзінділер Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағындағы XIV—XV ғасырлар шебіндегі саяси тарихты зерттеу үшін елеулі материал береді.

Соңғы онжылдықтарда шығыс авторларының Орта Азия мен Шығыс Түркістанның шектес елдері жөнінде және орта ғасырлардағы Қазақстан жөнінде материалдар бар жекелеген шығармалары басылып шығарылды. Зайн ад-дин Васифи, Абд ар-Раззақ Самарқанди, Шараф ад-дин Әли Йазди шығармаларының мәтіндері (түпнұсқа, терілген және факсимилиялық түрінде) шықты¹⁴⁰. Хафиз Таңыштың «Шараф-наме-йи шахи» деген шығармасын бірінші рет А. Мирзоев өзбек тіліне және М. А. Салахетдинова орыс тіліне аударып, егжей-тегжейлі ғылыми түсініктемелерімен басып шығарды¹⁴¹. Шах Махмұд Шорастың «Тарих» деген еңбегінің түпнұсқа бөлігін О. Ф. Акимушкин орыс тіліне аударылған мәтінде бастырып шығарып, оған қосымша қолжазбаларға деректемелермен зерттеулер мен түсініктемелер берді¹⁴². Б. А. Ахмедов Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» еңбегінің географиялық бөлігін орыс тіліне аударып шығарды¹⁴³.

Қазақтардың шаруашылығын, тұрмысын, Қазақстанның XV—XVI ғасырлар шебіндегі этникалық, әлеуметтік, саяси өмірін зерттеудің аса маңызды деректемесі — Фазлаллах ибн Рузбихан Исфаханидің «Михман-наме-йи Буха-

ра» деген шығармасы жарияланды (орыс тіліне Р. П. Джалилова аударған). Басылымда шығарманың парсыша мәтіні, тарихи-филологиялық зерттеу мен ескертулер де бар¹⁴⁴.

60-жылдардың басында монғол хандарының тарихшысы Рашид ад-Диннің «Шежірелер жинағы» деген шығармасын басып шығару аяқталды¹⁴⁵. Орта ғасырлардағы Қазақстанның этникалық тарихы жөніндегі материалдар бар басқа да көптеген шығармалар: Әбілғазының шығармалары, «Бабыр-наме» (Бабырдың жазбалары), Махмұд Қашғаридің өзбек тіліндегі «Диван луғат ат-түрк», Жүсіп Баласағұнның шығармалары¹⁴⁶ және басқалар басып шығарылды. Ескендір Мунши мен Мұхаммед Аваз шығармаларынан XVI—XVII ғасырлар шебіндегі Қазақстанның сыртқы саяси тарихына және қазақтар арасында ислам дінінің таралуына қатысты үзінділер жарияланды¹⁴⁷. Өтеміс-Қажының «Шыңғыс-наме» деген шығармаларының аудармасы шықты¹⁴⁸. Батыс авторларының материалдары қайта басып шығарылды¹⁴⁹.

Қазақстанның соңғы орта ғасырлары үшін саны аз болса да, ғылыми айналымға енгізілген актілік құжаттар, сыйға тарту грамоталары ерекше құнды болып табылады, оларда жер-су қатынастары туралы материалдар, қала тұрғындарының әлеуметтік саралануы, салық жүйесі, суландыру арналарының топографиясы туралы деректер және басқа да мәліметтер бар¹⁵⁰. Түркістан қаласынан табылып, соңғы жылдарда ішінара жарияланған құжаттар негізінен соңғы уақытқа, XVIII—XIX ғасырларға қатысты¹⁵¹.

Өзбектің белгілі шығыстанушысы Б. А. Ахмедовтің деректемелерін анықтаушылық еңбегінде 50-ден астам парсы және түрік тілді шығармалардан алынған, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірі, этникалық тарихы, олардың саяси, сауда және мәдени қарым-қатынастары туралы аса маңызды мәліметтер келтірілген¹⁵². Әрбір деректеме бойынша анықтама-очерк шығарманың зерттелу дәрежесін сипаттайды, автор қолжазбаның тізімдері, жарияланымдар туралы ақпарат береді, деректеме материалдарының мазмұнын ашып көрсетеді. Б. А. Ахмедовтің зерттеуі, Өзбекстанда жүзеге асырылған түпнұсқа деректемелер, басқа жарияланымдар сияқты, Қазақстан медиевистерінің де зор ынта-ықыласын туғызады¹⁵³.

1996 жылы Ташкентте Мырза Мұхаммед Хайдардың «Та'рих-и Рашиди» деген шығармасы орыс тіліне аударылып шығарылды¹⁵⁴. Аудармасына егжей-тегжейлі кіріспе мен ескертулер беріп А. Орынбаев, Р. П. Джалилова, Л. М. Епифанова жасаған.

XVII—XVIII ғасырлардағы Орта Азиядағы халықаралық қатынастар жөнінде Ресейдің, Қытайдың және Жоңғарияның бір-бірімен және басқа мемлекеттермен, соның ішінде қазақ хандықтарымен қатынастарындағы саясатын көрсететін орыс архивінің, қытай, монғол құжаттары мен материалдары жарияланды¹⁵⁵.

Тарихи өткен заманның жазбаша айғақтарының деректемелік базасы көптеген проблемаларды, негізінен алғанда қазақтар мен олардың ата-бабаларының саяси тарихы, шектес елдермен және халықтармен қарым-қатынастарының тарихы проблемаларын едәуір ілгері бастыруға мүмкіндік берді. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың, этникалық процестердің, мәдени-идеологиялық дамудың проблемалары аз дәрежеде талдап шешілді, өйткені деректемелерде тиісті материал біршама аз болды.

Бұл материалдар 60—80-жылдарда пайда болған және соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына арналған мақалалар мен монографияларда қара-

стырылды. Монографияларда олар әдетте кешенді түрде қозғалды, оларда саяси, этникалық-саяси тарих жөніндегі материал басым болатын. Бұл кездегі еңбектердің ерекше белгісі археологиялық зерттеулер, этнография, лингвистика, әдебиеттану деректерін тарта отырып, барлық проблемаларды кең көлемдегі жазбаша деректемелер негізінде талдап шешу болып табылады.

Соңғы онжылдықтарда тарихшылар зерттеулерінің пәні Қазақстан аумағында мемлекеттіктің дамуы болды. Мемлекеттіктің пайда болуын осы аумақта Қазақ хандығының немесе Монғол империясы мен монғол мемлекеттерінің тууымен ғана байланыстыру тоқтатылды.

Қазақстан аумағында мемлекеттілік дамуының тамырлары тереңде жатқаны айқын болды. Оның бастаулары бұл жерде ерте заманда және орта ғасырларда, түріктерге дейінгі, түріктер мен монғолдар заманында мекендеген көптеген тайпалар мен халықтардың саяси бірлестіктерінің тууына және одан кейінгі эволюциясына барып тіреледі¹⁵⁶. Монғол империясының мирасқорлары — Алтын Орда (Жошы ұлысы) мен Хайду мемлекеті (Шағатай мен Үгедей ұрпақтарының мемлекеті) Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуда мемлекеттіктің дамуына тікелей ықпал жасады. Бұл мемлекеттер ыдырағаннан кейін Қазақстанның кең-байтақ аумағының белгілі бір тарихи-географиялық аймақтары шеңберінде және Тянь-Шань өңірінің, Алтайдың, Оңтүстік Сібірдің, Еділ бойының, Арал өңірінің жапсарлас жатқан жерлерінде жергілікті этникалық негізде құрылған қазақ, өзбек, қырғыз, сібір татарлары, башқұрт, ноғайлы, қарақалпақ халықтарының мемлекеттері қалыптасты.

Алтын Орданың тарихнамасы жаңа зерттеулермен толықты. Г. Ф. Федоров-Давыдов, М. Г. Сафарғалиев, И. Б. Греков, Н. Мұхамедияров, В. Л. Егоров және басқалары Алтын Орда шаруашылығының, қоғамдық құрылысының, саяси тарихының, тарихи географиясының проблемаларын зерттеді¹⁵⁷. Мемлекеттік басқарудың дамуы, біртіндеп мемлекеттік құрылымның дамуына әкеп соққан ұлыс жүйесінің қалыптасуы, Алтын Орда ыдырауының тарихы, бұл процестің Дешті Қыпшақтағы саяси, этникалық процестерге ықпалы, Алтын Орда қыпшақтарының (немесе орыс деректемелері бойынша татарлардың) болғаны сияқты суперэтностың жеке этностарға, болашақтағы ноғай, башқұрт, қырым татарлары, көшпелі өзбек, қазақ халықтары мен басқа халықтарға бөлшектелуі көрсетілген. Алтын Орданың ұлыстық ұйымдастырылу жүйесі ғана емес, сонымен қатар сол ұлыстарды құраған іс жүзінде дербес аумақтарда (В. Л. Егоровтың зерттеуінде көрсетілгеніндей, саны оннан асады) болған ішкі қоғамдық даму процестері де ыдырауға әкеп соққан еді. Бұл аумақтар экономикалық тұрғыдан іс жүзінде тәуелсіз болды, біртіндеп саяси дербестікке ұмтылды, олардың халықтарының этникалық оқшаулануы барған сайын айқындала түсті. Зерттеушілер Алтын Орданың Ордаға күштеп енгізілген Қырым, Солтүстік Кавказ, Қара теңіз өңірі, Днепр бойы, Еділ бойы, Хорезм, Оңтүстік Қазақстан аумақтарында ежелден дамып келген көптеген қалалардың, жекелеген аумақтардың экономикалық дербестігі күшеюінде зор рөл атқарғанын атап өтеді.

Қалалардың, соның ішінде Еділдің төменгі бойындағы қалалардың дамуын сипаттай келіп, В. Л. Егоров жалпы алғанда Алтын Орданың экономикалық мүмкіншілігінің бірте-бірте нашарлағанын, демографиялық жағдайдың нашарлауы, көшпелілер санының азаюы салдарынан дала аумақтарының қанырап қалғанын көрсетеді, ал мұнда Орда хандарының үнемі агрессияшыл сыртқы саясат жүргізуі мен үздіксіз ішкі қырқыстар аз себепші болған жоқ.

Тарихшылар Алтын Орда құлдырауының басқа да себептерін, соның ішінде орыс халқының тәуелсіздік жолындағы күресін, Ордаға қарсы тайталаста орыс жерлерінің орталықтандырылған орыс мемлекетінің құрылуын тездеткен топтасуын қарастырады. Алтын Ордаға бағыну Русьтегі билікте деспотизмнің орнығуына ықпал жасағаны атап өтілген¹⁵⁸. Алтын Орданың құлауында әмір Темір саясатының рөл атқарғаны анық.

Ақ Орда (немесе Көк Орда), сонан соң Алтын Орда билеушілерінің, Шыңғыс ұрпағы Тоқтамыс ханның Темірмен одақтастық қатынастары, ал одан кейінгі олардың Алтын Орданы біржола күйреткен тайталасы уақытындағы Жошы ұлысы тарихының көптеген мәселелері зерттелді.

Дешті Қыпшақ пен жоғарыда аталған, қосып алынған тарихи дербес өлкелердің Алтын Орда кезеңіндегі тарихына, сондай-ақ монғолдар жаулап алуының өзіне де берілген баға уақыт өте келе тек қана теріс баға беруден (монғолдар орнатқан тәртіп пен Орданы агрессияшыл, қарудың күшімен қолдан жасалған және қарудың күшімен тіршілік еткен мемлекет деп бағалау мағынасында) Алтын Орда тарихының өз аумағында және шектес жерлерде құрылған дербес халықтар мен мемлекеттердің тағдырына ықпал жасауының оң жақтарын ескеретін неғұрлым объективті баға берумен ауысты.

Монғолдардың жаулап алуы зардаптарын бағалауда да, Алтын Орданы бағалауда да, қаншалықты қалалар қирап, ауыл шаруашылығы мен қолөнер кәсіпшілігіндегі кері кетушілікке қарамастан, оның онды ықпалы да: сауданың дамуын ынталандыру, далаға орталықтандырылған билік идеясын әкеліп сіңіру, Алтын Орданың ұзақ уақыт бойы тұрақты өмір сүруіне себепші болған әр түрлі экономикалық укладтарды біріктіру ескеріледі.

Алтын Орда билеушілерінің алғашқы кезде конфессионалдық қатынастарда шыдамдылық көрсетуі де оның аясына тартылған халықтардың дамуындағы онды фактор деп атап өтіледі¹⁵⁹. Мысалы, осы шыдамдылық Русьте шіркеу мен христиан дінінің нығайып, орыс жерлерін мемлекеттік біріктіру ісінде өз ықпалын күшейтуіне, идеологиялық тірек болуына мүмкіндік берді. Ал кейіннен Орданың өзінде мұсылман діні қабылдануы оның өз мемлекеттігі дамуына нақ осындай игі ықпал жасады.

В. В. Трепавлов XIII ғасырдағы Монғол империясының мемлекеттілік проблемасын монография жазып зерттеді. Көшпелі түрік дәстүрлері дамуының Монғол империясының өз құрылысында да, ол ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттердің¹⁶⁰, яғни Алтын Орданың, Ақ Орданың, Көк Орданың әлеуметтік-саяси құрылысында да монғолдар заманында ертедегі түрік мемлекеттігі сабақтастығының проблемасы жаңаша қарастырылған.

Зерттеушілер XIV–XV ғасырлардағы Қазақстанның, оның аумағында Алтын Орда мен Хайду мемлекетінің ыдырауы барысында құрылған бірнеше ірі саяси бірлестіктер: Ақ Орда (Көк Орда), Әбілқайыр хандығы (көшпелі өзбектер мемлекеті), Моғолстан хандығы, Ноғай Ордасы өмір сүрген кездегі тарихының проблемаларына көп көңіл бөлді. Бұл тайпалар орта ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның, XIII–XV ғасырлардағы Еділ бойының көшпелі тайпалары мен Қырғызстанның тарихнамасында белгілі болатын. Олар туралы шығыстанушы тарихшылар В. В. Бартольд, П. П. Иванов, А. Ю. Якубовский, А. А. Семенов, К. И. Петров, М. Г. Сафаргалиев және басқа да Алтын Орданы зерттеушілер жазған. Сол ғасырлардағы түріктер мен монғолдардың тағдырлары туралы өз толғаныстарында Л. Н. Гумилев Ақ Орда мен Көк Орда туралы жазған беттер аз емес¹⁶¹. Қазақстан аумағында мемлекеттілік дамуы-

ның белгілі бір кезеңі ретінде Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан туралы мәліметтер өте қысқаша түрде болса да, «Қазақ ССР тарихында» (1957) көрініс тапқан.

Дегенмен де әдебиетте олар туралы айтыс-тартыстар көп болды. Бір зерттеушілер оларды бірқатар бытыранқы иеліктер, құбылмалы саяси құрылымдар деп білді, басқа біреулері бұл иеліктердің белгілі бір байланыстарын, олардың ішкі саяси бірлігін, мемлекеттік-әкімшілік жағынан қалыптасқандығын, экономикалық жағынан оқшауланғандығын, халықтың этникалық құрамының айқындығын ашып көрсетеді. Егер Ноғай Ордасының мемлекеттік мәртебесін Н. М. Карамзиннің, С. М. Соловьевтің, В. В. Вельяминов-Зерновтың, Г. Перетятковичтің заманынан бергі зерттеушілерден, ал Моғолстанның мемлекеттік мәртебесі В. В. Бартольдтің алғашқы еңбектерінен танылса, Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы жөнінде айқындық азырақ болды.

Мәселен, С. К. Ибрагимов Дешті Қыпшақта ешқандай да «Өзбек хандығы» және «тіпті өзбек тайпаларының одағы» болған емес деп санады¹⁶². В. П. Юдин «Бату (1255) мен Орда-Ежен (1280) өлгеннен соң бірден-ақ дерлік», XIII ғасырда-ақ «Ақ және Көк Ордалар саяси-құқықтық абстракцияға айналды» деп пайымдады¹⁶³. «Ақ Орда» мен «Көк Орда» туралы (бұл атауларды қолданғандағы Му'ин ад-дин Натанзидің қатесі туралы)¹⁶⁴ пікірсайыс «Ақ Орданың» пайда болу және құрып біту уақыты туралы айтысқа ұласып қана қоймай, Ақ Орданың іс жүзіндегі тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүруінің өзіне күмән туғызды¹⁶⁵. В. П. Юдин «орда» атауының және оны деректемелерде ірі мемлекеттік құрылымдарға да, ұсақ саяси және этникалық бөліністерге де қолданудың этимологиясын қарастырды. Деректемелердің Алтын Орда әлсіреп, ыдыраған замандағы Дешті Қыпшақ аумағындағы, оның шығыс бөлігіндегі, яғни Қазақстан далаларындағы және неғұрлым ертерек уақыттағы, XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдағы саяси, этникалық-саяси немесе этникалық құрылымдар туралы бытырап жатқан мәліметтерін бір ізге келтіру, өмір шындығына сәйкестендіру шынында да өте қиын. Өйткені XVI—XVII ғасырларға дейінгі деректемелерде (Фазлаллах Рузбихан Исфханидің, Әбілғазының, Махмұд ибн Уәлидің және басқа көптеген авторлардың шығармаларында) бұл бірлестіктер «Жошы ұлысында» (сондай-ақ «Шағатай ұлысында») немесе «Дешті Қыпшақта» (сондай-ақ «Мауараннахрда», «Түркістанда», «Хорезмде»), яғни «елде» (деректемелерде — мамлакат, замин, эль) билік еткен хандардың есімдерімен аталады. Әсіресе бұл Шығыс Дешті Қыпшаққа тән, онда алты ғасырдан астам уақыт бойы Шыңғыс ұрпақтары үздіксіз билік етті және шығыс авторларының қабылдауында, оның үстіне «даланың ауызша тарихи дәстүрін» беруде, яғни ауызша әңгімелерде оқиғалар үнемі «Жошы ұлысында», кейін «Өзбек ұлысында» өтіп, оларда көптеген «ордалар» пайда болады да, Жошы ұрпақтарының әр түрлі әулеті тармақтарының өкілдері билікке таласады және әрбір ханның өзі тұратын «ордасы» болады. Ал шынына келгенде Шыңғыс ұрпақтары көптен-ақ аумақтарында халықтар немесе олардың құрамдас этникалық тармақтары қалыптасқан дербес мемлекеттерді басқарған-ды.

Жошы ұлысының ыдырауы дәуіріндегі, XIV—XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның далалық бөлігінің тарихы Алтын Орда жөніндегі жоғарыда аталған еңбектерде, Т. И. Сұлтановтың еңбектерінде көрсетілген¹⁶⁶.

Әбілқайыр хандығының, яғни көшпелі өзбектер мемлекетінің (Б. А. Ахмедов)¹⁶⁷, Моғолстан мемлекетінің (К. А. Пищулина)¹⁶⁸, Ноғай Ордасының (Б. -

А. Б. Кочекаев)¹⁶⁹ тарихы монографиялық тұрғыда зерттелді. Моғолстан тарихы орта ғасырлардағы Қырғызстан тарихы жөніндегі еңбектерде де зерттелген¹⁷⁰. Мемлекеттік құрылыс, осы саяси құрылымдар шеңберіндегі этникалық процестер, шаруашылықтың жай-күйі, әлеуметтік құрылымдар, қоғамдық қатынастар, ішкі саяси тарих, көршілес халықтармен және мемлекеттермен қарым-қатынастар мәселелері қарастырылған.

Бұл мемлекеттерді пайда болу жағдайларының ортақтығы, кейде сыртқы агрессияға қарсы тұру жағдайларында өткен тарихи даму тағдырларының ортақтығы біріктіретіні көрсетілген; олардың құрылуы, қалыптасуы мен дамуы көбіне Шыңғыс ұрпақтарын өз ыркына бағындырған, сонымен қатар дәстүр бойынша (осы мемлекеттердің көпшілік бөлігінде) мардымсыз болса да, олардың жоғарғы билігін сақтап қалған ірі тайпалар (қыпшақтар, маңғыттар, дулаттар және басқалар) ақсүйектері ықпалының артуына байланысты болды.

Бұл қазақтың дербес саяси бірлестігі әлі қалыптаспаған, қазақ халқының құралуы әлі бітпеген, бірақ Қазақстан аумағында политогенез және этногенез процестері сол бағытта жүріп жатқан кез болатын, сол сияқты басқа да көршілес аумақтардағы түрік халықтары дамуында да осындай процестер болып жатты.

Аталған мемлекеттер тіршілік еткен кезеңде, жоғарыда айтылған еңбектерде ашып көрсетілгеніндей, әр түрлі шаруашылық құрылымдардың өзара әсеріне байланысты экономиканың, соның ішінде қала, отырықшылық-егіншілік экономикасының өрлеуі негізінде, әлеуметтік-мәдени даму, ішкі саяси өмірдің тұрақтануы базасында жергілікті мемлекеттілік нығайды, ал оның шеңберінде этникалық процестер жаңа бағыт алды: әр түрлі этникалық топтардан, түрік және түріктеніп кеткен монғол тайпалары мен руларынан, олардың XIII ғасырда қаулаған оқиғалар барысында өз орындарынан ауысып, араласып кеткен бөліктері мен бөлшектерінен біртіндеп жаңа этникалық-саяси, этникалық-аумақтық топтар — моғолдар, ноғайлар, татарлар, өзбектер, өзбек-қазақтар қалыптасты.

Жоғарыда аталған авторлардың атап көрсеткеніндей, бұл мемлекеттердің ішінде бір жарым ғасыр бойы интеграциялық процестер тұрақтанған сипат алып, рулар мен тайпалардың этникалық жағынан неғұрлым айқын тұрақты этностарға бірігуі жеделдей түсті. Ноғай, қырғыз халықтарының құралуы аяқталды. Қазақ халқының құралуы айқындалды, бұл орайда олар үш жүз болып қалыптасты, бұл процестің Ақ Орда және көшпелі өзбектер, Моғолстан, Ноғай Ордасы шеңберіндегі соңғы кезеңінің ұзақ уақыт өтуімен байланысты жүргені соңғы кезекте болған жоқ¹⁷¹.

Осы төрт саяси бірлестіктің тарихы, олардың Қазақстан аумағында қазақ халқы мен мемлекеттігінің дамуындағы рөлі бес томдық «Қазақ ССР тарихының» екінші томында жеткілікті дәрежеде толық және объективті көрсетілген¹⁷². Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы түрік мемлекеттері жүйесінде тәуелсіз Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы («көшпелі өзбектер мемлекеті») мемлекеттерінің маңызын зерттеушілер қазіргі кезеңде де мойындап отыр¹⁷³.

Қазақ мемлекеттігі өзінің даму проблемалары, XV—XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихы 60-жылдар — 90-жылдардың басындағы көптеген зерттеулердің негізі болды. Қазақ хандығының құрылу және қалыптасу, даму және құлдырау кезеңдері, оның қоғамдық-саяси құрылысы, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы қарастырылды, соңғы орта

ғасырлардағы дала заңдары, экономиканың жай-күйі, мәдениет және дін мәселелері зерттелді.

Алайда, ол кезеңде алдындағы мемлекеттер сияқты Қазақ хандығының да саяси, этникалық-саяси тағдырына ерекше көңіл бөлінгенін атап өткен жөн. Жалпы алғанда отандық тарих ғылымында қоғам дамуының заңдылықтарына, оның формациялық сипаттамасына жоғары назар аударумен қатар, саяси тарихқа едәуір артықшылық берілді. Егер біріншісін сол кездің жалпы идеологиялық қондырғыларымен түсіндіруге болса, екіншісіне соңғы орта ғасырлардағы Қазақстанның деректемелік базасының нақты жай-күйі себеп болды: біріншіден, жазбаша деректемелерден материалдар жинақтау процесі жүріп жатты, екіншіден, жоғарыда атап өтілгеніндей, бұл деректемелерде негізінен алғанда сол мемлекеттердің саяси тарихы жөніндегі, ол былай тұрсын, негізінен сыртқы саяси тарих, басқа халық өмірінің тым бұрмаланған көрінісін бейнелеген сол деректемелер жасалған көршілес мемлекеттермен қатынастар жөніндегі мәліметтер бар.

Қазақ мемлекеті тарихының аса маңызды мәселелерінің бірі оның құрылған уақыты туралы мәселе болып табылады және де оның пайда болуының нақты мезгілі жөнінде ғана емес, сонымен қатар оның бастапқыдағы аумағы, этникалық негізі, беріктік дәрежесі, мықтылығы, оның бір мемлекет немесе бытыраңқы бірнеше иелік болған-болмағаны жайында да сөз болды. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен даму барысы халықтың этникалық топтасуымен тығыз байланысты екендігін ескеру қажет болды.

С. К. Ибрагимов дербес қазақ мемлекетінің құрылу мерзімін XVI ғасырдың 30—40-жылдарына жатқызды, ал Жәнібек, Бұрындық хандардың, Жәнібектің ұлдары Махмұд, Еренші есімдерімен байланысты XV—XVI ғасырдың басындағы қазақ ұлыстарын жеке феодалдық иеліктер деп анықтады¹⁷⁴. Б. А. Ахмедов Қазақ хандығы XV ғасырдың 80—90-жылдарында, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының бөліну және осы аймақтағы «көшпелі өзбектердің» бір бөлігінің Мауараннахрға көшіп кету процестері барған сайын нақты айқындалған кезде құрылды деп санады¹⁷⁵.

Т. И. Сұлтановтың Қазақ хандығы құрылуын неғұрлым ертерек кезге — 70-жылдардың басына жатқызғаны әбден орынды. Бұл проблемаға өзінің бірнеше еңбегін арнаған ол 1470/1471 жылдарға (хижра бойынша 875 жылға) тоқталып, бұл оқиғаны Шығыс Дешті Қыпшақтағы жағдаймен байланыстырды¹⁷⁶. Автор Әбілқайыр хан өлгеннен кейін Қазақстанның далалық бөлігінде, «Өзбек ұлысында» әулеттердің ауысуына баса назар аударады: билік басына Шайбанилер әулетінің орнына Тоқа-Темір ұрпақтарынан шыққан қазақ хандарының әулеті келіп, Қазақ хандығы құрылған.

Басқа да көзқарас айтылды (К. А. Пищулина): Өзбек ұлысында ғана емес, сонымен қатар 1462 жылы өлген Есен-Бұға ханнан кейін іс жүзінде биліксіз қалып, құлдырау жағдайына ұшыраған Моғолстанда да, әсіресе Жетісуда болған оқиғалардың барысын ескере отырып, сондай-ақ қазақтың іс жүзінде қалыптасқан Ұлы жүзінің жергілікті рулары мен тайпаларының Жәнібек пен Керейге қолдау көрсеткенін ескеріп, Қазақ хандығы құрылуының Мұхаммед Хайдар Дуғлат айтқан хижра бойынша 870 жыл (1465/1466) деген мерзіммен әбден келісуге болады. Әбілқайыр өлгенге дейін де Батыс Жетісуда алғашқы қазақ хандарының билік құрғаны әбден айқын. В. В. Вельяминов-Зерновтан бастап, көптеген зерттеушілер осы мерзімге келіскен. XV ғасырдың соңғы үштен бірінде Оңтүстік Қазақстанда (Түркістанда) болған, қазақ рулары мен

тайпаларын біртұтас мемлекетке біріктіру, оңтүстіктегі және оңтүстік-шығыстағы этникалық аумақты біріктіру мен қорғау міндеттеріне байланысты кейінгі оқиғалар, қазақ хандары билігінің біртіндеп далалық өңірлерге таралуы «Өзбек ұлысында» әулеттер алмасуының бір сәтте болғаны жөнінде айтуға негіз бермейді¹⁷⁷.

Қазақ хандығының тура XVII ғасырға дейін біртұтас мемлекет болғаны көрсетілген. Сондықтан XV—XVI ғасырлардағы «қазақ хандықтары» туралы айтуға негіз жоқ. Ханның саяси (мемлекеттік) билігі ықпалының аумағы қазақтардың этникалық аумағымен сәйкес келмесе де, ал хандықтың шекарасы хандардың соғыстағы табыстары мен сыртқы саяси жағдайларға қарай жиі өзгеріп отырса да, дегенмен бұл кезеңнің деректемелерінің әрқайсысында ең басты (жоғарғы, үлкен) билеушінің билігі әбден айқындалады¹⁷⁸.

Т. И. Сұлтанов Қазақ хандығын біртұтас мемлекет деп жазады, ол «Қазақ хандығының тарихы аяқталды. Қазақ хандықтарының тарихы басталды» деген XVII ғасырдың аяғы үшін маңызды қорытынды бар әйгілі сөздерді айтқан¹⁷⁹. Т. И. Сұлтановтың еңбектерінде Қазақ хандығы тарихы проблемаларының барлық жақтары қозғалады деуге болады. Қазақтың көшпелі мал шаруашылығы, жай-күйінің, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының, мемлекеттің әкімшілік құрылысының, көрші елдермен қарым-қатынасының мәселелері көптеген шығыс деректемелерінің материалында орнықты көрсетілген¹⁸⁰.

Евразия даласының аумақтарына қатысты тарихи-археологиялық зерттеулерде соңғы онжылдықтарда көшпелі мал шаруашылық және отырықшы-егіншілік, қала мәдениеттері қарым-қатынасының проблемасы қаралды. Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасына 60-жылдардың өзінде-ақ Қазақстанның оңтүстік жерлерінің, Сыр өңірі қалаларының тарихы тақырыбы енгізілді, кең көлемде археологиялық қазба жұмыстары да басталды. Бұл қалалардың Қазақ хандығының экономикалық, саяси жағдайын нығайту үшін маңызы көрсетілді; шығыстың жазбаша деректемелерінің материалдарында Орта Сырдария аңғары қалаларының жағдайы, Түркістан жазирасындағы жер пайдалану нысандары, халықтың әлеуметтік жіктелуі және басқа мәселелер ашып көрсетілді¹⁸¹. Қазақ мемлекеттігінің дамуы мен нығаюындағы Оңтүстік Қазақстан қала мәдениетінің маңызы Отырардағы көп жылдық археологиялық зерттеулермен көз жеткізе расталды (кейінгі бөлімді қараңыз). Тарихи шындық мынада: қазақ этносы мен оның ізашарлары «қоспасыз» көшпелілер болған жоқ, олар отырықшылықты және отырықшы егіншілікті, қала мәдениетін білген, ал қазақ мемлекеттігі дамуының экономикалық негізі кешенді шаруашылық еді¹⁸².

Бес томдық «Қазақ ССР тарихында» (II т.) Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың бүкіл орта ғасырлар бойындағы көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала мәдениетінің өзара ықпалының тақырыбы, қала мәдениетінің жай-күйі, оның Қазақстандағы сан ғасырлық мемлекеттілік процесіндегі рөлі, атап айтқанда, Қазақ хандығын нығайтудағы экономикадағы, ондағы билікті орталықтандырудағы рөлі көрініс тапқан. Бұл томда қазақ мемлекеттілігінің тарихымен байланысты басқа проблемалардың ашып көрсетілуі сияқты, бұл проблеманың және оны талдап шешудің маңыздылығын түсіну ғылыми жұртшылықтан мақұлдау тапты¹⁸³.

XVI ғасырдың 2-жартысындағы Қазақ хандығының саяси тарихы парсы тілді деректемелердің материалдары негізінде М. Х. Әбусейітованың монографиясы мен көптеген мақалаларында зерттелді¹⁸⁴. Қазақ хандары Хакназар-

дың Ноғай Ордасымен және Шығыс Түркістанның (Моғолияның) моғолдарымен, Шығай хан мен Тәуекел сұлтанның шайбани Абдаллах ханмен сыртқы саяси байланыстары мен қатынастары қарастырылған. Қазақстанның оңтүстігінде 1598–1599 жылдары болған оқиғалар, Сырдария қалалары мен Ташкенттің қазақ хандарының билігіне көшуі егжей-тегжейлі айтылған. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірінің, ислам діні таралуының мәселелері қозғалады. А. Исин XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының, әсіресе Қасым хан кезіндегі тарихын зерттегенде орыс мұрағатының, елшілік бұйрықтарының материалдарын пайдаланған¹⁸⁵. О. Ф. Акимовский XVI–XVII ғасырлардағы қазақ-моғол қатынастарының проблемасына деректемелердің түпнұсқа материалдарына негізделген бірнеше еңбегін арнады, Моғолстан хандарының хронологиясын жасаған да сол¹⁸⁶. XVI–XVII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары В. Я. Басиннің еңбегінде зерттелген¹⁸⁷. Қазақ хандарының ішкі және сыртқы саясаты, олардың сыртқы саяси бағдарының себептері, олардың бір-бірімен қарым-қатынастары, мүдделері барған сайын Қазақстан жерлеріне келіп түйіскен көршілес мемлекеттерден – Ресейден, Орта Азия хандықтарынан, Жоңғариядан одақтастар табуға жасаған әрекеттері көрсетілді. Қазақстанның XVII ғасырдағы Жоңғар хандығымен қарым-қатынасы В. А. Моисеевтің монографиясында зерттелген¹⁸⁸. Батыс монғол-ойраттарының Моғолстан, Орта Азия мемлекеттері, Қазақ хандығы жерлеріне бет алу мәселелері қарастырылған. Қазақ халқының XVII ғасырдағы жоңғар агрессиясына қарсы күресі жазылған. И. Я. Златкиннің «Жоңғар хандығы тарихында»¹⁸⁹ олардың Қазақстан аумағына басып кіруінің экономикалық себептері көрсетілген.

Қазақ халқының этногенезі, оның соңғы орта ғасырлар дәуіріндегі қалыптасуының аяқталу кезеңінің проблемалары одан әрі талдап шешілді. Бұрынғысы сияқты, «казак», «қазақ» этнонимінің шыққан тегі, халықтың өз атауының пайда болған кезі тарихшылардың ынта-ықыласын туғызды¹⁹⁰. Бірақ зерттеушілер халықтың құралуының өзін деректемелерде «қазақ» терминінің пайда болу фактісімен байланыстыруды қойды. Қазақтар этногенезінің ертедегі кезеңдері, Қазақстан аумағында ертеде және алдыңғы орта ғасырларда болған этникалық процестер, олардың шаруашылық нысандарының эволюциясымен, аса ірі саяси оқиғалармен, қоғамдық қатынастардың дамуымен байланысы зерттеле бастады.

60–70-жылдардағы тарих ғылымында этникалық-генетикалық проблемаларды этнографияның, археологияның, филологияның жетістіктерін, фольклордағы және басқа деректерді пайдаланып зерттеуге кешенді көзқарас орнықты. Ол бұл проблемалардың Қазақстандағы тарихы жөніндегі зерттеулерде де ескеріле бастады. Этногенез проблемалары жөнінде теориялық еңбектер пайда болды; Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этногенезі мен этникалық тарихының жалпы проблемалары конференцияларда қаралды¹⁹¹.

Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстанның этникалық проблемалары жөніндегі зерттеулерде Қазақстанның этникалық-саяси тарихы басқа да түрік халықтарының тарихымен бір арнада, тікелей өзара қатынаста дамығандығы барған сайын көбірек ескеріле бастады. Өзбектердің, қырғыздардың, башқұрттардың, қарақалпақтардың, алтайлықтардың, ноғайлардың, сібір татарларының этникалық жағынан қалыптасуына қатысқан тайпалардың көптеген топтарының шығу тегі мен этникалық құрамының ортақтығы, тұтас алғанда шаруашылықтың бір тұрпаттылығы, тілдерінің, көптеген тұрмыс белгілерінің,

материалдық және рухани мәдениетінің жақындығы қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының проблемаларын зерттеуге осы халықтардың этникалық, этникалық-саяси тарихы бойынша жетекші тарихшылар, шығыстанушылар, этнографтар – С. М. Абрамзонның, С. Г. Агаджановтың, Т. А. Жданконың, Р. Г. Кузеевтің, Л. П. Потаповтың, Б. Х. Кармышеваның, К. Шаниязовтың және басқаларының монографиялық еңбектерінің жасаған зор ықпалымен айқындалады¹⁹². Бұл еңбектер тектес халықтардың этногенезі мен этникалық тарихы проблемаларын қою мен шешудің үлгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстан тарихына тікелей қатынасы бар бірқатар проблемаларды зерттеу тұрғысынан да маңызды. Мысалы, Қазақстан аумағындағы өзбектердің, көшпелі өзбектердің, сондай-ақ моғолдардың тарихы – осындай проблема.

Орталық Азия аймағы тарихының, қарақалпақтар тарихының белгілі зерттеушісі П. П. Ивановтың «Орта Азияның тарихы жөніндегі очерктерінің» арнайы тарауы Өзбек ұлысының тарихына, «өзбек» терминінің пайда болуына, XIV–XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы өзбек тайпаларының этникалық құрамына, олардың саяси тарихына арналған¹⁹³. Б. А. Ахмедов көшпелі өзбектердің этникалық құрамын зерттеді¹⁹⁴. Жоғарыда аталған авторлар, сондай-ақ А. А. Семенов, К. Ш. Шаниязов¹⁹⁵ және басқалар Дешті Қыпшақ өзбектерінің Мауараннахрға кетіп, өзбек халқы қосындылары соңғыларының біріне және өзбек-қазақтарға, сонан соң қазақтарға айналу проблемалары туралы жазды. Б. Х. Кармышеваның этнографиялық зерттеулері көрсеткендей, Мауараннахрға қоныс аударған көшпелі өзбектер ұзақ уақыт бойы, XIX–XX ғасырдың басына дейін көшпелілік дәстүрлерін және қазақтармен туыстығы туралы түсінігін сақтап қалған¹⁹⁶. Зерттеушілер әдебиетте орнығып алған «өзбек» терминінің Өзбек ханнан шыққаны туралы пікірден бас тартып, бұл терминнің этноним сипатында емес, политоним сипатында болғанын және оның Дешті Қыпшақта XIII ғасырдың аяғында, Өзбек хан пайда болғаннан көп бұрын-ақ қолданылғанын және бұл мемлекеттің батыс бөлігіне қатысты екенін көрсетті¹⁹⁷.

И. Т. Сұлтановтың «Арал өңіріндегі көшпелі тайпалар» деген кітабында Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістанның түркі тілдес тайпаларының этникалық тарихы, іс жүзінде қазақ халқының тарихы қарастырылған¹⁹⁸. Бір жағынан Шығыс Дешті Қыпшақтың өзбек тайпаларының қолжазбаларында кездесетін ертеректегі тізімдеріне және екінші жағынан, 92 өзбек тайпасының, яғни «илатийа тайпаларының» («көшпелі тайпалардың») неғұрлым кейінгі тізімдеріне талдау жасап, оларды салғастыру негізінде XV–XVIII ғасырлардың бойындағы Қазақстан халқының рулық-тайпалық құрамы мен қазақ-өзбек этникалық байланыстары зерттелген.

Қазақстан этнографтары М. С. Мұқановтың, В. В. Востровтың монографиялық зерттеулері арнайы қазақтардың этникалық тарихына арналған¹⁹⁹. Оларда қазақ жүздерінің этникалық құрамы мен тайпалардың неғұрлым кейінгі кездегі (XIX–XX ғасырдың басы) орналасуы қарастырылады. Бұл монографияларда келтірілген және терең талдау жасалған материал ерте заманнан бастап, соңғы орта ғасырларға дейінгі негізгі қазақ рулары мен тайпаларының этникалық тарихының неғұрлым ертедегі кезеңдерін де көрсетеді. Олардың Қазақстан аумағында пайда болған уақыты анықталып, тайпалардың (наймандардың, керейіттердің, қоңыраттардың) түркі тілдес екендігі әдеби деректемелердің пікірлерін салыстыру негізінде көрсетілген.

А. Ш. Қадырбаевтың сериялы еңбектерінде түрік тайпалары — қыпшақтар, қаңлылар, қарлұқтар және басқалар тарихының алдыңғы орта ғасырлардағы кезеңдері, олардың Монғол империясы мен Юань империясының қоғамдық, әскери, саяси өмірінде атқарған рөлі мен алған орны, бұл тайпалардың Қазақстан аумағына қоныс аударуы (қытай деректемелері бойынша) көрсетілген²⁰⁰. Шығыстанушы В. П. Юдиннің мақаласы деректемелерде Моғолстан мен Моғолияның моғолдары деген атпен белгілі XIV—XVII ғасырлардағы рулар мен тайпалар тобына арналған, ол моғолдардың қалыптасқан қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарымен, лобнорлықтармен этникалық байланыстарын көрсеткен. В. П. Юдиннің пікірінше «моғолдар» термині, Дунайдан Ертіске дейінгі аумақта «өзбектер» термині сияқты этноним сипатында болған, яғни халықты білдірген деген пікір айтты²⁰¹.

Моғолстан мен Жетісудың этникалық тарихының мәселелері, атап айтқанда, осы аумақтағы тайпалардың тарихы, олардың қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңінде атқарған рөлі К. А. Пищулинаның аталған еңбегінде қарастырылған. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқының соңғы орта ғасырларда қазақ тайпаларының этникалық аумағы шеңберінде болған этникалық процестерде алған орны анықталған. Қазақстан аумағының далалық бөлігіндегі, сондай-ақ Түркістандағы этникалық процестердің барысы туралы да пікір айтылып, қазақ халқы қалыптасуының XIV—XV ғасырларда іс жүзінде аяқталғаны туралы тұжырым жасалған²⁰².

Б.-А. Б. Кочекаевтың еңбегі мен ноғайлар туралы арнайы тарихи-этнографиялық зерттеуде ноғайлардың қазақ халқымен этникалық, мәдени өзара байланыстары көрсетілген. Қазақтар мен ноғайларда этникалық түп-тамырдың, халық ғұрыптарының, нанымдарының, шаруашылық нысандарының ортақтығы, аңыздарының (мысалы, Едіге туралы), эпикалық шығармаларының ортақтығы ашып айтылған²⁰³.

Этникалық проблемаларды зерттеу тұрғысынан Қазақстан этнографтары көп іс тындырды²⁰⁴. Олар қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысын, қазақ халқының материалдық мәдениетін, дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, діні мен нанымдарын этнографиялық жағынан елге шығып зерттеу материалдары арқылы ғана емес, сонымен қатар жазбаша тарихи деректемелердің мағлұматтарына сүйеніп зерттеді. Соңғы орта ғасырлардағы этникалық процестерді зерттеу үшін тарихи-этнографиялық материал ерекше маңызды, ол қазақтардың этникалық, ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді, этникалық жақындасу процестерінің, этникалық, этноәлеуметтік ортақтығының қозғаушы күші болып табылады, бұл жөнінде авторлар өздерінің тарихи очерктерінде шаруашылық пен тұрмыс, қолөнер мен әдет-ғұрып үлгілерін сипаттағанында жазған²⁰⁵. Н. Е. Масанов көшпелі тұрмыс салтын қазақтардың этникалық-мәдени қауым болып қалыптасуындағы ең басты этнос құру факторы деп анықтады²⁰⁶.

Қазақтардың және аймақтағы басқа түрік халықтарының этногенезінің күрделі процесін өз ғылымының нақты әдістерімен ашып көрсеткен қазақ антропологтары зор табыстарға жетті²⁰⁷. Халықтың этникалық тарихы проблемаларын зерттеуде әдебиетшілердің, тілшілердің, фольклоршылардың, шежіре зерттеушілерінің жетістіктері пайдаланылды.

Қазақстан археологтарының соңғы онжылдықтарда алған археологиялық материалдары²⁰⁸ ерте заманда және орта ғасырларда Қазақстанды мекендеген түрік халықтары материалдық мәдениетінің үздіксіз дамығанын көрсетеді,

жекелеген түрік және монғол тайпаларының көшу жолдары мен уақытын, көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара әсерін, отырықшы және қала мәдениетінің Қазақстан аумағында болып өткен этникалық процестердің кешенді шаруашылық негізінің дамуында зор рөл атқарғанын аңғаруға мүмкіндік береді. Қазақстанның оңтүстігіндегі ертедегі қалаларды аршыған кезде алынған археологиялық материал XIX—XX ғасырдың басындағы қазақтардың этнографтар зерттеген мәдениетімен генетикалық жағынан тығыз байланысты материалдық мәдениеттің дәстүрлі үлгісін сипаттайды, мұның өзі қазақтардың этногенезіне қалалық мәдениеті бар Оңтүстік Қазақстан халқының қатысқанын көрсетеді. Қазақ халқының этникалық аумағы проблемасына назар аударылды; оның қалыптасуы негізінен XVI—XVII ғасырларда аяқталғаны көрсетілді²⁰⁹. Бес томдық «Қазақ ССР тарихының» екінші томында соңғы орта ғасырлардағы қазақ халқының этникалық тарихын зерттеудің белгілі бір кезеңінің тарихы көрініс тапқан²¹⁰.

Көшпелі халықтардың тарихнамасында дәстүрлі номадизмнің қоғамдық қатынастарының, әлеуметтік құрылымының проблемалары 70—80-жылдары мейлінше күрделі әрі ақырына дейін талдап шешілмеген болып келді. Көшпелі халықтардың қоғамдық-экономикалық құрылысының сипаты туралы тұжырымдама қайтадан қақ жарылды. Ендігі дау көшпелілерде ненің ең басты өндіріс құрал-жабдықтары болғаны және қатардағы малшыларды қанаудың неге негізделгені жайында болған жоқ, жер немесе мал меншігі феодалдық (немесе патриархаттық-феодалдық) қатынастардың негізі болды, оны 50—60 жылдардың бас кезіндегі пікірсайысқа қатысушылардың іс жүзінде бәрі мойындады. Енді 70—90-жылдардың басында әңгіме көшпелілердің формациялық, сатылық дамуы жайында: олар өзінің қоғамдық дамуында таптық деңгейге жете ме, көшпелі мал шаруашылығының үлгісі өзінің әлеуметтік рөлі жағынан шаруашылықтың тап құрайтын үлгісі болып табыла ма, көшпелілер өз мемлекетін құруға қабілетті ме деген өлшемдер жайында болды²¹¹. Негізгі екі көзқарас, екі тұжырымдама айқындалды. Олардың біреуі — көшпелі қоғамда таптық қатынастар мен мемлекеттілік болғанын мойындау, оны жақтаушылар тарихи материализмнің негізгі принциптерін ұстанды. Екінші тұжырымдама: көшпелі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуында алдыңғы таптық немесе таптық қоғамға дейінгі, мемлекеттік қоғамға дейінгі деңгейде тоқтап қалады. Бұл ереже «көшпелілер қоғамы тарихы жоқ қоғам болып табылады» деп санаған және оны «кенже қалған», дамымаған өркениетке жатқызған А. Дж. Тойнбидің көптеген ізбасарларының батыс тарихнамасында болып келген тұжырымдамасына ұштасады²¹².

Көшпелі халқы басым нақты халықтардың, елдердің, аймақтардың орта ғасырлардағы тарихын зерттеушілердің көпшілігі қоғамдардың қоғамдық дамуының өзіндік ерекшеліктері тарихи дамудың жалпы заңдарының күшін жоймайтындығын ескерді. Олар номадтардағы қоғамдық қатынастардың феодалдық (патриархаттық-феодалдық) сипатын, көшпелі қоғамдардың таптарға бөлінгенін мойындады, көшпелілердің өз дамуында мемлекеттілікке жету мүмкіндігін көрсетті. Бұл орайда бір зерттеушілер жерге нақты меншік қатынастарының қанаушылық сипатын анықтады (С. З. Зиманов, А. Е. Еренов, Л. П. Потапов, И. Я. Златкин, Г. А. Федоров-Давыдов, Б. А. Ахмедов және басқалар); басқалары көшпелі қоғамда негізгі өндірушілерді қанау негізі малды меншіктенуде деп білді (В. Ф. Шахматов, С. Е. Толыбеков, К. И. Петров және басқалар)²¹³. Өмір салты абстрактілі «таза» түрінде қаралмай, шын мәнінде

болғанындай, отырықшы егіншілік және қала мәдениетімен тұрақты өзара байланыста қабылданған көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық қатынастарының феодалдық сипаты туралы, халқы өткенде көшпелі болған республикалардың тарихы жөніндегі қорытындылаушы еңбектерде: «Қазақ ССР тарихында» (ІІ т., 1979), «Қырғыз ССР тарихында» (І т., 1984) және басқаларында, сондай-ақ «Монғол республикасы тарихында» (Москва, 1967) көрсетілген.

Көшпелілердегі алдыңғы таптық қатынастар тұжырымдамасын жақтаушылар (А. И. Першиц, А. М. Хазанов, Ю. И. Семенов) көшпелілер өзінің қоғамдық дамуында тек алдыңғы таптық, алдыңғы феодалдық қатынастарға немесе дамымаған қатынастар деңгейіне ғана жетеді деп санады («көшпелілерде таптық құрылымдар жетілмеген түрінде көрінді» — Г. Е. Марков)²¹⁴. Малға жекеменшіктің тап құраушылық сипаты мен соған негізделген қатардағы қауымдық-малшының қаналуы танылғанымен, қоғамдық қатынастар жер меншігі қатынастарының болмауымен, малға монополиялық меншікпен сипатталады. Көшпелілер мемлекеттілік деңгейіне өз бетінше жете алмайды, бұл оларда отырықшылық өңірлерді жаулап алу мен отырықшы-егінші халықты қанауға байланысты ғана пайда болуы мүмкін деп саналады.

Көшпелі қоғамдардың әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын талқылау 60—80-жылдарда тұтас алғанда бүкіл дүниежүзілік-тарихи процесс дамуындағы капитализмге дейінгі қоғамдық-экономикалық формациялар туралы және әсіресе Шығыс дамуының ерекше жолы туралы жалпы пікірсайыстың бір бөлігі ретінде жүргізілді²¹⁵. Тарих ғылымының жаңа фактілері адамзат тарихы дамуының «бес мүшелі» схемасына қайшы келді, ол қатты сынға алынды. Неғұрлым өркениетті халықтардың материалдық мәдениетін, шаруашылық тәжірибесін, саяси құрылыс нысандарын, идеологиясын қабылдай отырып, көптеген халықтардың тұтас даму сатыларына соқпай өтетіні анықталды.

«Азиялық өндіріс әдісі» туралы мәселе қайта қойылды, бұл орайда азиялық құрылым екі түрге: ирригациялық немесе аграрлық-ирригациялық және мал шаруашылық (көшпелі мал шаруашылық) түрлеріне бөлінді; көшпелі қоғамды да қамтыған кіріптарлық өндіріс әдісі теориясы ұсынылды (Ю. И. Семенов)²¹⁶. В. П. Илюшечкин қанаудың ренталық әдісін ұсынды, ол «капитализмге дейінгі біртұтас таптық-антагонистік формацияның» болғаны туралы тұжырым жасады²¹⁷. Капитализмге дейінгі біртұтас қоғамдық-экономикалық формация туралы көзқарас қоғам дамуының осы кезеңін маркстік тұрғыдан түсінуден алшақтамайды.

Белгілі көшпенділіктанушы Г. Е. Марков «номадтық» өндіріс әдісі тұжырымдамасын ұсынды. Жоғарыда аталған, ертедегі таптық («дамымаған») құрылымды қоғамдық қатынастар осы өндіріс әдісін сипаттайды. Кейініректе Г. Е. Марков Б. В. Андриановпен бірге шаруашылық-мәдени үлгілердің өндіріс әдістерімен арақатынасын зерттеп, ерекше «варварлық қоғамдық-экономикалық формация» болғаны туралы болжам ұсынды, бұған олар номадтық шаруашылық-мәдени үлгісі мен өндіріс әдісін де жатқызды. Капитализмге дейінгі қоғамдық қатынастардың ұсынылған құрылымында авторлар небәрі төрт қоғамдық-экономикалық формация мен тоғыз өндіріс әдісін бөліп көрсетті²¹⁸. Н. Е. Масанов номадизмді «аграрлық өркениет шеңберіндегі ерекше өндіріс әдісі» деп анықтады; оның сипаттамасында көшпелі қоғамның таптарға бөлінуі де орын алады: ол «бай мал иелерінің табы» мен «тікелей өндірушілер табынан» тұрады²¹⁹. Бұл таптардың жағдайы мен қоғамдық рөлінің автор келтірген

иланымды сипаттамасы «көшпелі» қоғамның өз дамуында «ертедегі таптық» деңгейден әлдеқайда алға кеткенін көрсетеді. Оның үстіне таза көшпелі қоғам абстракцияда емес, нақты өмірде сирек кездескен.

Капитализмге дейінгі дәуірді анықтау үшін (адамзаттың даму жолын ашып көрсетуге қабылданбай тасталған «бес мүшелі схемамен» бірге) «феодализм» терминін ауыстыратын сөз іздестіру әрекеттері «көшпенділіктану» тарихнамасында ғана емес, сонымен қатар Шығыс тарихнамасында да жалғастырылып келеді. Айтқандайын, дүниежүзілік тарихнамада бұл термин формацияның анықтамасы үшін емес, қайта «орта ғасырлардың» синонимі ретінде кеңінен қолданылады, ол тарихтың саяси бытыраңқылықпен, билік сатыларымен, вассалдықпен, басқаруды ұйымдастырудың үлестік жүйесімен, өзара қырқыспен және басқа да «феодалдық» белгілермен сипатталатын кезеңі деп түсініледі. Л. С. Васильевтің анықтауы бойынша, Шығыстағы орта ғасырлар — жаңа заманның басынан XV—XVI ғасырлар шебіне дейінгі, яғни тарихтың отаршылдық кезеңі басталғанға дейінгі кезең²²⁰. Тарихнамада қоғам дамуының кезендерін тек өндіріс әдісі мен өндірістік қатынастар бойынша ғана анықтайтын формациялық шеңберлер жеткіліксіз екені расталды. Оларда саяси даму, мемлекеттілік нысандары, қоғамның азаматтық жай-күйі, мәдениет, дін, идеология, өмірдің өркениет ұғымына кіретін басқа жақтары ескерілмейді.

Отандық тарих ғылымының алдында халықтың тарихын жаңа әдістерді пайдалана отырып, идеологияландырылған шеңбер мен нұсқауларсыз неғұрлым терең және объективті ашып көрсету міндеттері тұр. Қазақстандағы мемлекеттілік дамуының проблемаларын зерттеуге жаңа тәсілдер қажет. 1996 жылдың өзінде ғана осы проблемалар жөнінде республикада екі ғылыми-теориялық конференция, «дөңгелек столдар» өткізілді²²¹. Ертедегі дәуір мен орта ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттік тарихының монографиялық талдамасы жүргізілуде. Түрік-монғол мемлекеттігінің дәстүрлері сабақтастығының, қазақ мемлекеттігінің өзі дамуының мәселелері зерттеліп жатыр; Орталық Азия мен Евразия мемлекеттері жүйесіндегі Қазақ хандығының алған орны мен атқарған рөлі анықталуда. Қазақ халқының қалыптасуы мен оның этникалық аумағы құрылуының проблемаларын, халық тарихының мәдениеттанушылық жақтарын одан әрі зерттеу зор көңіл бөлуді керек етеді. Бұл проблемалардың көбі қазіргі жарияланымдарда көрініс тауып отыр.

Осы және басқа да көптеген тақырықтарда өткен замандағы тарихшылардың көптеген буындарының зерттеу жұмыстарының қорытындыларын ескере отырып, зерттеулердің белгілі бір нәтижелері осы басылымда көрсетілген.

3. XIV—XVIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Тарихтың соңғы ортағасырлық кезендерін зерттеудегі археологияның мүмкіндіктеріне зерттеушілердің көзқарасы таяу уақытқа дейін біркелкі болған жоқ. Кезінде А. Ю. Якубовский Орта Азияның XV ғасырдан кейінгі тарихи даму кезеңі «археологияның тікелей мүдделерінің шеңберіне сыймайды, ал археология Орта Азияның ежелгі және ертедегі ортағасырлық тарихына өзінің басты назарын аударады» деп жазған еді²²². Бұл жорамал Орта Азия мен Қазақстан археологтарының нақты зерттеулеріне тікелей байланысты болатын, олар әдетте өмір Темір заманының керамикасын, сәулет өнері мен сәулет ескерткіштерін зерттеуден әрі аспады²²³.

Осы сипатталған сарынмен қатар, соңғы орта ғасырлардағы қалаларды зерттеуге арналған басқа бағыттар да дамытылды. М. Е. Массон басшылық еткен Оңтүстік-Түрікменстан кешенді археологиялық экспедициясы Нису қаласының орнын зерттей келіп, өз мүдделерінің аясына XIII—XVIII ғасырлардағы объектілерді де қосты²²⁴.

Алайда соңғы орта ғасырлардағы қаланы зерттеуде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының Үргеніш қаласындағы XVI—XVII ғасырлар деңгейінде жүргізген жұмысын үлкен ілгерілеу деп санау керек²²⁵. Қазба жұмыстары Ташқала жұртының оңтүстік қақпалары кешенінде және кейін анықталғанындай, XV—XVII ғасырларда сауда-қолөнер махалласы алып жатқан учаскеде жүргізілді²²⁶. Орта Азияның соңғы орта ғасырлардағы қалаларының өмірін, қалалықтардың шаруашылығы мен тұрмысын сипаттайтын мүлде жаңа ақпарат тұңғыш рет алынды. Сырдарияның төменгі ағысы бойына жасалған экспедицияның зерттеулері де соңғы орта ғасырлардағы қоныстарды, соның ішінде XVIII—XIX ғасырлардағы қазақтар мен қарақалпақтардың қоныстарын да зерттеліп отырған қала жұрттарының қатарына жатқызды²²⁷.

Егер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың соңғы орта ғасырлардағы қалалары мен қоныстарының археологиялық зерттеу проблемасын қарастыратын болсақ, зерттеушілердің монғолдардан кейінгі уақытта қала мәдениеті мен отырықшылық мәдениеттің құлдырап кеткендігін атап көрсеткенін айту керек²²⁸. XIII—XVIII ғасырлар қабаттары деңгейі бойынша қала орындарына нақты зерттеулер жүргізілген жоқ. Қазақстан археологтары 60-жылдардың басында ғана соңғы орта ғасырлардағы отырықшылық мәдениет пен қала мәдениетін нақты іздестіру және қазба жұмыстарын қолға алды, археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері А. К. Кларе мен А. А. Черкасовтың 1904 жылы Отырар қаласы жұртының жоғарғы қабаттарына жүргізген қазба жұмыстарын, әділеттілік үшін болса да, атап өткен жөн, олар Отырардағы кең көлемде қазба жұмыстары жүргізілгеннен кейін-ақ анықталғанындай, XVI—XVIII ғасырларға жатады²²⁹. Бастапқыда Талас және Шу аңғарындағы, Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі XIII—XVIII ғасырлардағы ескерткіштер зерттелді. Осы бағыттағы алғашқы жұмыстардың өзі-ақ қала өмірінің ауқымы мен сипаты туралы түсінікті өзгертіп жіберді. XIII—XVIII ғасырлардағы мәдениет кешені бөліп шығарылды²³⁰.

Отырар археологиялық экспедициясы 1969—1970 жылдары Арыс аңғарындағы, Сырдарияның сол жағалауындағы, Түркістан және Отырар жазирасындағы қалалардың жұрттарына зерттеу жүргізді. Отырарда стратиграфиялық тік үңгу қазбасы арқылы XIII—XVIII ғасырлардағы қабаттар аршылды²³¹. Аэроәдістерді қолдана отырып, жоспарлы түрде жүргізілген, іздестіру және барлау сипатындағы қазба жұмыстары, зерттеулердің көрсеткеніндей XIII—XIV ғасырларда, қазақ хандығы қалыптасқан кезеңде тіршілігі қайнап жатқан көптеген қала топтарын анықтады. Оларды деректемелердегі Арыстағы Қараспан (Қарасаман), Жақанкент, Отырар жазирасындағы Шілік деп аталған қалаларға балау мүмкін болды. Түркістан жазирасында — Сүре, Йунке, Шаға, Қарашық, Сырдарияның сол жақ жағалауында Сүткент, Аркөк, Құтжан, Аққорған, Үзгент қалалары анықталды. Қала мәдениетінің Қазақстан археологиясы үшін жаңа қабатының ашылуы қазақтар мен қазақ хандығының XV—XVIII ғасырлардағы тарихы жөніндегі жазбаша деректемелердің және қалалар, олардың соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихында атқаратын рөлі туралы талдама мақалалардың ғылыми айналымға енгізілуімен тұспа-тұс келген еді²³².

Осының бәрі соңғы орта ғасырлардағы қала мәдениеті мен отырықшылық мәдениетке деген ғылыми ықыласты ынталандыра түсті. 1971 жылдан бастап Қазақстанның оңтүстігінде Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы зерттеу жұмысын өрістетті. Ол Отырар қаласының орнын өзінің қазба жұмысының негізгі объектісі етіп тандап алды²³³. Содан бері 25 жыл бойы онда XIII—XVIII ғасырлар деңгейіндегі қала қабаттары зерттеліп келеді. Соның нәтижесінде қала құрылысы анықталды, тұрғын үйлер, қоғамдық құрылыстар зерттелді, қаланың қызметіне — қолөнерге, саудаға, ауыл шаруашылығына талдау жасалды²³⁴. Отырар жазирасының соңғы орта ғасырлардағы ирригациясы²³⁵, Сауранның соңғы орта ғасырлардағы кәріздік суландыру жүйесі зерттелді²³⁶. 70-жылдары Түркістан қала жұртының орнында XVII—XIX ғасырлар қабаты деңгейінде ауқымы ірі қазба жұмыстары жүргізілді²³⁷.

Соңғы орта ғасырлардағы қалалардың жұртында археологиялық зерттеулердің кеңейтілуі, материалдардың саны жағынан жинақталуы мен бұл материалдардың соңғы орта ғасырлар тарихының көптеген проблемаларын анықтау мәселелеріндегі ықтимал мүмкіндіктері зор екендігінің айқындалуы, сайып келгенде, мамандардың ғылымдағы жаңа «соңғы орта ғасырлар археологиясы» бағытын мойындауына жеткізді. Алматыда 1981 жылы өткізілген кеңесте археологияның жаңа бөлімі ресми түрде танылды²³⁸. Сөйтіп Қазақстан мен басқа да аймақтардағы тарихи процесті зерделеу, материалдық мәдениетті, әлеуметтік қатынастарды зерттеу ісінде археология мүмкіндіктерінің XIII—XIX ғасырлар кезеңіне де таралатыны дәлелденді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың соңғы орта ғасырлардағы қалаларына жасалған көп жылға созылған қазба жұмыстары құнды материалдар берді, ол жарияланып, монографиялар мен көптеген мақалаларда, диссертациялық зерттеулерде талданды. Бұл жарияланымдарға шолу жасау Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалаларын археологиялық зерттеудің кейбір қорытындылары туралы түсінік беруге, зерттеулердің негізгі проблемалары мен бағыттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік туғызады. Отырар қаласының орнында XIII ғасырдың басындағы қабаттар деңгейінде жүргізілген қазба жұмыстары сол кездегі Қазақстан қаласы және соңғы орта ғасыр қаласы туралы нақтырақ түсінік алуға мүмкіндік берді. XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басындағы тұрғын үй құрылыстары 1500 шаршы метр алаңда зерттелді. Жалпы алғанда, бірқатар жылдар бойы қазылған учаскеде 400 жыл бойында дәстүрге айналған, жылжымалы жоспарланған махалла мен жекелеген үй иеліктері көлемінің шекаралары айқын түрде қалыптасқан құрылыс анықталды. XVI—XVIII ғасырдың басындағы махаллалар негізінен алғанда неғұрлым ерте кезеңнің махаллаларына сәйкес келеді. Тұрғын үйлердің үлгілеріндегі сабақтастық та сақталған.

Қала маңындағы аумақты зерттеу оның монғолдардан кейінгі уақытта даму барысын анықтауға мүмкіндік берді. XIII ғасырдың аяғы — XIV ғасырдың басына қарай қаланың монғолдарға дейінгі рабад шегіндегі бүкіл алаңды алып жатқаны анықталды. Оның ауқымының тарылуы XV ғасырдың екінші жартысынан басталады.

Отырар қаласының төңірегінен қыш-құмыра шеберханалары, қоғамдық монша аршып алынды. Ол — крест сияқты етіп жоспарланғаны айқын аңғарылатын төрт бұрышты құрылыс²³⁹.

Орта Азия мен Қазақстан қалаларының монғолдар ойранынан кейін қайта өрлеу уақыты туралы екі түрлі көзқарас бар. В. В. Бартольдтің пікірінше,

Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігі экономикасының өрлеуіндегі бетбұрыс кезеңі Кебектің ақша реформасы болған²⁴⁰. Е. А. Давидович өзгеше көзқарас ұстанады. Ол Орта Азияда, Қазақстан мен Жетісуда бетбұрысты және мейлінше маңызды ақша реформасы әмірші-көпес Масудбектің 1271 жылы басталған реформасы болды деп санайды және «XIV ғасырдың екінші ширегі емес, Орта Азияның қала өмірі мен ақшалы саудасын ішінара қалпына келтіру үшін берік те жеткілікті қолайлы жағдайлар пісіп-жетілген уақыт XIII ғасырдың соңғы ширегі деп есептеуге болады»²⁴¹. Отырарда және Сырдарияның басқа қалаларында XIII ғасырдың соңғы үштен бірінде қолөнер өндірісінің өсуі нақ осы көзқарасты растайды.

Қазақстан қалаларының керамика, металдан, сүйектен, тастан жасалған бұйымдар жиынтығы бойынша белгілі материалдық мәдениеті олардың XIII—XIV ғасырларда жоғары дамыған қолөнер және сауда орталықтары болғанын көрсетеді²⁴². XIII—XIV ғасырларда Кендждеде, Таразда, Жентте, Баршыкентте, Сығанақта теңге соғылған.

Орта ғасырлардағы қалалар мен қоныстарды зерттеудің аса маңызды әлеуметтік қырларының бірі белгілі бір қала халқын демографиялық зерттеу болып табылады. Отырарда кең көлемде жүргізілген қазба жұмыстары оның тұрғындары санын жеткілікті дәрежеде сеніммен анықтауға, содан соң бұл деректерді Оңтүстік Қазақстанның басқа қалаларына да қолдануға мүмкіндік береді²⁴³.

Зерттеулер бағыттарының бірі Оңтүстік Қазақстанның отырықшы өркениеті мен қала мәдениетінің негізі болған ертедегі ирригация мен суармалы егіншілікті зерттеу болып табылады. Әр түрлі тарихи кезендерде суармалы егіншіліктің даму деңгейін, оның аймақтағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірмен байланысын зерттеуге байланысты мәселелер қойылды.

Отырар жазирасында суландыру жүйелері Арыс өзеніне негізделген, оның сағасына құяр тармақтары бастапқыда өңірді сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылған.

Түркістан жазирасының суландыру жүйелері, Сауран және Сығанақ аудандары бойынша алынған жаңа материалдар, жазбаша деректемелердің мәліметтерімен қоса алғанда, суармалы егіншіліктің даму деңгейі, оның Сырдария алқабындағы, тау аңғарларындағы ерекшеліктері туралы түсінікті нақтылай түсуге мүмкіндік береді²⁴⁴. Мысалы, Қаратаудың теріскей және күнгей беткейлеріндегі егіншілік тау өзендерінің суын пайдалануға негізделген. Сауран ауданындағы XVI ғасыр кәріздерінің қалдықтарын аса маңызды ғылыми жаңалықтардың бірі деп санау керек. Орта Азияның оңтүстік аудандарына тән осы суландыру және сумен жабдықтау үлгісі, Қазақстанда да пайдаланылғандығы анықталған²⁴⁵.

Отырарда және Оңтүстік Қазақстанның басқа қалаларының жұртында жүйелі жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде теңге түрлері жиналды, олар бұрынғы жылдардағы олжалармен және кездейсоқ табылған көмбелермен бірге Қазақстан ғылымы үшін жаңа бағыт — нумизматикаға негіз болды. Теңгелер мерзімді анықтайтын материал ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның орта ғасырлардағы саяси және экономикалық тарихын, аймақтың Орта Азияның басқа да мәдени-тарихи облыстарымен экономикалық және сауда байланыстарын зерделеуге арналған деректеме ретінде де зерттелді.

Сол кездің теңгелеріне жасалған талдаудың көрсеткеніндей, облыстың экономикасы мен саудасы біршама қысқа мерзімде қалпына келтіріліп, мұнда XIII ғасырдың орта шенінде-ақ тұрақты түрде теңге соғу жолға қойылған. Отырар Орта Азия мен Қазақстанның үш номиналды теңгелер (динар, дирхем, фельс) шығарған бірден-бір қаласы болғаны анықталды. Құрамында Кіші Азиядан, Қырымнан, Еділ бойынан және Шығыс Түркістаннан әкелінген күміс бұйымдар мен заттар бар күміс ақша, мүліктер көмбесінің табылуы қала мен аймақтың халықаралық байланыстарының кең болғанын дәлелдейді. Көмбе Масудбек реформасына дейін жинақталған.

Отырардағы қазба жұмыстарында Самарқандта, Бұхарада соғылған көптеген мыс теңгелердің табылуы Отырар, Сығанақ, Түркістан, Сауран және басқа қалалар әмір Темір империясының құрамына кірген кезде Сырдария аймағында экономика мен товар-ақша қатынастарының едәуір өрге басқанын дәлелдейді. Сырдария қалалары экономикасының дамуында XV ғасырдың ортасы — XVI ғасырдың бірінші ширегінің аралығы одан да неғұрлым елеулі кезең болды. Самарқандта, Хисарда, Ташкентте, Құндызда шығарылған мыс теңгелер Отырардан және Оңтүстік Қазақстанның басқа да қалалық орталықтарынан табылды.

Келесі XVII ғасырдың орта шеніне дейінгі кезеңде Отырардың ақша айналымында Түркістанда, Ташкентте соғылған мыс теңгелер басым болды. Бұлар — сапасыз соғылған мыс теңгелер. Қазақ хандығының тарихымен байланысты бұл кезең (XVI—XVIII ғғ.) теңгелердің сапасыздығы, оларда ақпараттың аз сақталуы себепті әзірше мейлінше нашар зерттелген. XVII ғасырдың екінші жартысындағы кезең үшін Оңтүстік Қазақстанның қалалар рыногына Алексей Михайлович патшаның есімі бар, 1655—1663 жылдары соғылған мыс теңгелердің ену фактісі ден қоярлық²⁴⁶.

XV—XVIII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениетін палеоэтнографиялық жағынан зерттеу нәтижелі болды.

Жалпы алғанда Оңтүстік Қазақстанда отырықшы-егіншілік және қала мәдениеті дәстүрлерінің ұзақ уақыт сақталуын атап өту керек. Қазір жаңа деректердің арқасында, қазақ тұрғын үйі жоспарлануының көптеген элементтерінің, оның интерьер бөліктерінің тандырмен немесе түтін тартастын мұржасы бар пешпен жылыту жүйесінің, азық-түлікті шұңқырларда, ұраларда, шикі кірпіштен, балшықтан, тастан жасалған жәшіктерде сақтаудың түп қазығы XIII—XV ғасырлардағы және одан да ерте кездегі қалалық үй құрылысында жатқанын сеніммен атап айтуға болады. Қазақтардың материалдық мәдениетінің негізі орта ғасырлар кезінің көптеген мәдени жетістіктерінен құралған. Қазақ халқының этногенезіне Оңтүстік Қазақстанның қала халқы да қатысқан²⁴⁷.

Қазақстанның ортағасырлық археологиясындағы екінші бағыт XIII—XVIII ғасырлардағы көшпелілер өркениетін, тиісінше қыпшақтардың, монғолдардың, қазақтардың ескерткіштері — молалар, қабір құрылыстарын, діни сәулет өнерін зерттеумен байланысты. XIII—XIV ғасырлардағы Қазақстан ескерткіштерінің Саян-Алтай мен Батыс Сібірден бастап Дунайға дейінгі Евразияның далалық өңірінің мәдениетімен, әсіресе, заттай құрал-саймандар саласында өлке ескерткіштерімен ортақ бірқатар элементтері бар, бұған монғолдардың жаулап алуы, соған байланысты тайпалардың Монғол империясы, ал кейіннен оның ұлыстары шегінде көшіп-қонып, араласуы әсер етті²⁴⁸. Бұл өлке тұрғындарының, соның ішінде Қазақстанның далалық және егіншілік

аудандарында отырықшыланған монғолдардың да жағпай «қыпшақтану» кезеңі болатын. Негізінен қорымдар мен жекелеген қабірлерді қазған кезде алынған археологиялық материалдар арқылы мәлім материалдық мәдениетті біркелкілендіріп жібергендей еді. Егер Орталық және Шығыс Қазақстанның оңтүстігінде XIII–XIV ғасырлардағы қыпшақ қорғандары әзірше бірен-саран болса, Батыс Қазақстанда көптеген қорымдар табылып, зерттелді. Оларды зерттеушілер Алтын Орданың саяси және экономикалық иелігінің ортасына енген Батыс Қазақстанда мемлекет шекарасының тұрақтануы, сондай-ақ далалық аудандардың ылғалдануына байланысты қолайлы экология жағдайларында көшпелі халық көбейіп, соның салдарынан көптеген қабірлер пайда болған деп санайды²⁴⁹. Алайда Қазақстанның қалған аудандарында XIII–XIV ғасырлардағы қорымдар санының әзірше аз болуын түсіндіретін негізгі себеп ең алдымен оның соңғы орта ғасырлар көшпелілері мәдениетін зерттеу жағынан археологиялық ізденістердің нашарлығы болып табылады.

Соңғы орта ғасырлардағы көшпелілердің материалдарын зерттеуге алғашқылардың бірі болып А. Н. Бернштам көңіл аударды. Ол Жетісудан кездейсоқ табылған олжалар тобын қайта жариялап, сипаттап берді, олардың ішінде дөңес тұтқалы, өсімдік сияқты өрнекпен әсемделген тостаған және күміс қаңылтырлар бар, олар тегінде қабірлерден алынған болса керек²⁵⁰. Зерттеуші бұл материалдарды қазақтар мен қырғыздардың этногенезі мәселелерін шешу үшін пайдаланған.

Көшпелілер, соның ішінде соңғы орта ғасырлар көшпелілері жөніндегі Тянь-Шань бойынша А. Н. Бернштам белгілеген тақырыпты К. Ш. Табалдиев ойдағыдай жалғастырып, дамытты. Ол XIII–XIV ғасырлардағы қорғандар тобын зерттеді²⁵¹.

А. Н. Бернштамның ізінше ол XIII–XIV ғасырларда тайпалар қырғыздардың құрамына кірген деп санайды. Алайда, бір нәрсе даусыз, кейініректе Тянь-Шань көшпелілері қырғыздар мен қазақтар тарихында маңызды рөл атқарған Моғолстан мемлекетінің құрамына кірген.

Шығыс Қазақстандағы, Ертіс бойындағы XIII–XIV ғасырлардың ескерткіштері мейлінше көп зерттелген. Бұлар – Жданов, Качир, Леонтьев қорымдарындағы қорғандар. Ф. Х. Арсланованың пікірінше, бұл қабірлер кимек-қыпшақ тайпаларының²⁵². Шульба СЭС-інің бөгені астында қалған аймақтағы сондай ескерткіштер қазындыларының материалдарына талдау жасаған С. М. Ақынжанов сол пікірді ұстанды²⁵³.

Жетісу²⁵⁴ мен Орталық Қазақстанда қыпшақтардың XIII–XIV ғасырлардағы жекелеген қабірлері ашылды²⁵⁵.

Бұрын аталып өтілгеніндей, Батыс Қазақстанда XIII–XIV ғасырлардың көптеген жерлеу ескерткіштері табылып, зерттелді²⁵⁶.

XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырда ислам Қазақстанның далалық аудандарында, көшпелілер арасына да таралады, осыған байланысты жерлеу салты өзгеріп, далада жер бетіндегі сәулет ғимараттары – шикі кірпіштен және сирегірек болса да күйдірілген кірпіштен салынған кесенелер (мазарлар), Қазақстанның батысында – құлпытастар, қойтастар, сандықтастар, үйінділер, сыпалар пайда болады. Мұсылман дінінің таралуына байланысты қоса көмілетін құрал-саймандар кездеспейді, киімді кебін алмастырады, бетін оңтүстікке қаратып, солтүстік-батысқа бағдарлап жерлеу басым болады. Жерлеу-діни сәулет өнерінің бұл жаңа ескерткіштерінің тарихы тарихнаманың ерекше бөлімін құрайды²⁵⁷.

- ¹The History of World-Conqueror by Ala-ad-Din Ata-Malik Juvainy. Transl. from the text of Mirza Muhammad Qazvini by J. A. Boyle, vol. 1-11. Manchester, 1958.
- ²*Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. II. Перевод с персид. Ю. П. Верховского. Примечания Ю. П. Верховского и Б. И. Панкратова. М.-Л., 1960.
- ³Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузенем и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. М.-Л., 61–62-б.
- ⁴*Якубовский А. Ю.* Тимур. — «Вопросы истории», 1946, № 8–9.
- ⁵*Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884.
- ⁶*Рюи Гонзалес де Клавихо*. Дневник путешествия ко двору Тимура. СПб., 1881.
- ⁷History des Conquetes de Tamerlan intitulee Zafarnama par Nizamuddin Sami avec des additions empruntees au Zubdatu-t-tavarih-i Baysunguri de Havis-i Abru. Ed. critique par F. Tauer, t. I: Texte Persan zu Zafarnama. Praha. 1937; t. II. Introduction, commentaire, index. Praha, 1956.
- ⁸*Бартольд В. В.* Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Соч., т. V. М., 1968, 167-б.
- ⁹*Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., т. I, М., 1963, 102-б.
- ¹⁰*Муминов И.* Роль и место Амира Тимура в истории Средней Азии в свете данных письменных источников. Ташкент, 1968, 8–9-б.
- ¹¹*Бартольд В. В.* Определение «анонима Искендера». Соч., т. VIII. М., 1973, 481–482-б.; *Соньки*. Еще об анониме Искендера. Соч., т. VIII, 491–503-б.
- ¹²Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II, 104–105, 126–138-б.
- ¹³*Бартольд В. В.* Двенадцать лекций..., 166-б.; *Соньки*. Туркестан..., 103-б.
- ¹⁴*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI вв. (Вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата, 1977, 24-б.
- ¹⁵Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини мансуб ба Му'ин ад-дин Натанзи ва маруф ба «Аноним Искандера» ба тасхих Жан Обен. Тегеран. 1336 (1957 г.).
- ¹⁶*Бартольд В. В.* Хафиз-и Аbru и его сочинения. Соч., т. VIII, М., 1973, 94-б., прим. 103.
- ¹⁷*Буриев А. Б.* Сведения Хафиз-и Аbru о взаимоотношениях Средней Азии с Китаем в XV в. // Из истории Средней Азии и Восточного Туркестана XV–XIX вв., Ташкент, 1987, 24–37-б.
- ¹⁸Матла'ас-са'дайн та'лиф-и Абд ар-Раззак Самарканди. Лахор, т. I, 1360 (1941 г.), т. II, 1368 (1949 г.); Абдураззак Самарканди. Матлаъи саъдайн ва мажмаъи бахрайн. Форс-тожик тилидан таржима, кириш суз ва изохли луғатлар А. Уринбоевники. Тошкент, 1969.
- ¹⁹*Бартольд В. В.* Улугбек и его время. Соч., т. II, ч. 2, 178–196-б.
- ²⁰*Хондемир*. Тарих-и хабиб ас-сийар фи ахбар-и афрад-и башар. Тегеран, 1954, т. III–IV.
- ²¹*Миклухо-Маклай Н. Д.* Некоторые персидские и таджикские исторические, библиографические и географические рукописи Института востоковедения Академии наук СССР // «Ученые записки ИВ», т. XVI, 1958, 270-б.
- ²²Уложение Тимура. Ташкент, 1968.
- ²³*Ахмедов Б. А.* Улугбек и его исторический труд «Тарих-и арба' улус» // Из истории науки эпохи Улугбека. Ташкент, 1979.
- ²⁴*Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья. Соч., т. II, ч. 1. М., 1963 және сонун баска жұмыстары; *Иванов П. П.* Очерки по истории Средней Азии (XVI — середина XIX вв.). М., 1958; *Азимджанова С. А.* К истории Ферганы второй половины XV в. Ташкент, 1957; *Петров К. И.* Очерки феодальных отношений у киргизов в XV–XVIII вв. Фрунзе, 1961; *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI вв.; *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992, 224–226-б. ж. б.

²⁵ *Вельяминов-Зернов В. В.* Исследование о Касимовских царях и царевичах. Часть вторая. СПб., 1864; *The Tarikh-i Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Duglat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English vers. Ed. by N. Elias, transl. by E. Denison Ross.* London, 1895; *Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)*, Алма-Ата, 1969, 185—231-б.; *Стори Ч. А.* Персидская литература. Био-библиографический обзор. Переработал и дополнил Ю. Э. Брегель, т. II, М., 1972, 1202—1206-б.; *Мирза Мухаммад Хайдар.* Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р. П. Джалиловой, Л. М. Епифановой. Ташкент, 1996.

²⁶ *Шах Махмуд Чурас.* Хроника. Критический текст. Перевод, комментарии, исследование и указатели О. Ф. Акимушкина. М., 1976.

²⁷ *Шах Махмуд Чурас.* Хроника. 13, 112—115-б. ж. б.

²⁸ *Материалы по истории казахских ханств.* 385-б.

²⁹ *Мирзоев А. М.* Камал ад-дин Бинаи. М., 1976, 399-б.

³⁰ *Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв.* 92-б.

³¹ *Ахмедов Б. А.* Историко-географическая литература Средней Азии XVI—XVIII вв. Письменные памятники. Ташкент, 1985, 17—22-б.; *Материалы по истории казахских ханств.* 96—127-б.; *Стори Ч. А.* Персидская литература. 1116—1119-б.

³² *Материалы по истории казахских ханств.* 44—53-б.

³³ *Михман-наме-йи Бухара.* Та'лиф-и Фазлаллах ибн Рузбихан би ихтимам-и Манучихр Сутуде. Тегеран, 1341 (1962 г.).

³⁴ *Материалы по истории казахских ханств.* 135—171-б.

³⁵ *Болдырев А. Н.* Зайн ад-дин Васифи — таджикский писатель XVI в. Сталинабад, 1957 г.; *Стори Ч. А.* Персидская литература. 1123—1127-б.

³⁶ *Хофиз Таниш.* Абдуллонома. Шарафномаи шохий. Тошкент, 1966—1969, ж. I—II; *Материалы по истории казахских ханств.* 237—312-б.

³⁷ *Султанов Т. И.* Краткое описание сочинения Сейфи (XVI в.) // *Известия АН КазССР, серия общественная*, 1970, № 1, 46—50-б.

³⁸ *Пищулина К. А.* «Бахр ал-асрар» Махмуда ибн Вали как источник по социально-экономической истории Восточного Туркестана XVI—XVII вв. // *Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI—XVIII вв.* Алма-Ата, 1983, 34—88-б. *Материалы по истории казахских ханств.* 329—368-б.

³⁹ *Международные отношения в Центральной Азии. XVII—XVIII вв. Документы и материалы.* Книга 2, М., 1989 (244—246-б., перевод Б. А. Ахмедова).

⁴⁰ *Бартольд В. В.* Отчет о командировке в Туркестан. Соч., т. VIII в. М., 1973, 170—196-б.

⁴¹ *Абусеитова М. Х.* Казахское ханство во второй половине XVI в. Алма-Ата, 1985, 12—32-б.

⁴² *Мухаммад Юсуф Муниш.* Мукимханская история. Перевод с таджикского, предисловие, примечания и указатели А. А. Семенова. Ташкент, 1956.

⁴³ *Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков.* Алма-Ата, 1969, 128—134-б.; *Ахмедов Б. А.* Историко-географическая литература Средней Азии XVI—XVIII вв. Письменные памятники. 1985, 30—33-б.; *Ибрагимов С. К.* Некоторые данные к истории казахов XV—XVI веков // *Изв. АН КазССР, серия ИЭФП, вып. 3*, 1956, 107—113-б.

⁴⁴ *Бабур-наме.* Записки Бабура, пер. М. Салье. Ташкент, 1958; *Ахмедов Б. А.* Историко-географическая литература Средней Азии XVI—XVIII вв., 150—154-б.; *Султанов Т. И.* «Записки» Бабура как источник по истории моголов Восточного Туркестана и Средней Азии // *Turcologica.* 1986, Л., 1986, 253—267-б.; *Бабур Захир ад-дин Мухаммед.* Бабырнама. Орыс тілінен ауд. Б. Қожабеков, Алматы, 1990.

⁴⁵ *Утемиш-хаджи.* Чингиз-наме. Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследования В. П. Юдина, Алма-Ата, 1992.

⁴⁶ *Мугинов А. М.* Описание уйгурских рукописей Института народов Азии. М., 1962; *Материалы по истории казахских ханств,* 232—236-б.

⁴⁷ *Мухаммад Салих.* Шайбани-наме. Джамагатайский текст. Посмертное издание

П. М. Мелиоранского. СПб., 1908; *Ахмедов Б. А.* Историко-географическая литература Средней Азии, 22–26-б.

⁴⁸«Таварих-и гузида — Нусрат-наме». Исследование, критический текст, аннотированное оглавление и таблицы сводных оглавлений А. М. Акрамова. Ташкент, 1967; *Ибрагимов С. К.* Некоторые источники по истории Казахстана XV–XVI вв. // Вестник АН КазССР, 1956, № 9; Материалы по истории казахских ханств, 9–43-б.

⁴⁹Материалы по истории казахских ханств, 313–319-б.

⁵⁰Сборник летописей. Текст. Библиотека восточных историков. Казань, 1854, т. II, ч. 1; *Сыздықова Р., Қойгелдиев М.* Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1991; *Қадырғали Жалаури.* Шежірелер жинағы. Дайындаған Мингулов Н., Көмеков Б., Өтениязов С. Алматы, 1997.

⁵¹History des Mongols et des Tatares par Aboul-Ghazi Behadour Khan, publiee, traduite et annotee par la Baron Desmaisons, t. I, Texte, St.-Pbr., 1871; t. II. Traduction, St.-Pbg., 1874.

⁵²*Кононов А. Н.* Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хана хивинского. М.-Л., 1958.

⁵³Материалы по истории казахских ханств, 431–475-б.

⁵⁴*Ибрагимов С.* Некоторые данные к истории казахов XV–XVI веков, 112–113-б.; Материалы по истории казахских ханств, 398–418-б.

⁵⁵*Дмитриев Л. В., Мугинов С. Н.* Описание тюркских рукописей Института востоковедения, П. М., 1975, 51–55-б.

⁵⁶*Тихонов Д. И.* Уйгурские исторические рукописи конца XIX и начала XX вв. // Уч. зап. Ин-та востоковедения, т. IX, М.-Л., 1954; Материалы по истории казахских ханств, 476–492-б.

⁵⁷*Кузеев Р. Г.* Происхождение башкирского народа. М., 1974.

⁵⁸*Қозыбаев М., Көмеков Б., Мұқанов М.* Шежіре — ата-баба мұрағаты // Ана тілі, 1993, № 39.

⁵⁹*Бартольд В. В.* Мулхакат ас-Сурах. Сочинения, т. VIII, М., 1973, 98–102-б.; *Соныкі.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Тексты, ч. I, СПб., 1898, 128–152-б.

⁶⁰*Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884, 540–542-б.

⁶¹Ein Turkisch-arabisch glossar. Leiden-Brill, 1894; *Курышжанов А. К.* Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата, 1970.

⁶²*Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I; *Ибрагимов Н.* Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. М., 1968.

⁶³*Мунаджджим-баши.* Сахаиф аль-ахбар. Т. I–III, Стамбул, 1868.

⁶⁴Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIV–XIX вв. А., 1994; Сондай-ақ қараңыз: *Зотов О. В.* Китай и Восточный Туркестан в XV–XVIII вв. М., 1991; *Хафизова К. Ш.* Китайская дипломатия в Центральной Азии: XIV–XIX вв. А., 1995.

⁶⁵*Миндай Хами.* Тулуфань цзыляо хойбянь (Сборник материалов о Хами и Турфане периода правления династии Мин). Урумчи, 1984.

⁶⁶Цин шилу чжуньгээр шилу чжайбянь (Сборник исторических материалов о джунгарах из «Правдивых записей правления династии Цин»). Урумчи, 1987.

⁶⁷*Лун Вэньбин.* Мин хойяо. Пекин, 1956.

⁶⁸Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969; Материалы по истории Средней и Центральной Азии X–XIX вв. Ташкент, 1988.

⁶⁹Полное собрание русских летописей (далее: ПСРЛ), т. XV. Летописный сборник, именуемый Тверской летописью. СПб., 1863, вып. 1, 69-б.

⁷⁰*Федчина В. Н.* Как создавалась карта Средней Азии. М., 1967, 24-б.

⁷¹ПСРЛ. Т. XI. Никоновская летопись. СПб., 1861, 85-б.; *Рыбаков Б. А.* Русские карты Московии XV — начала XVI в. М., 1974, 12-б.

⁷²Сибирские летописи. СПб., 1907; *Муканов М. С.* Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974, 10, 28–36-б. ж. б.

⁷³Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымскою и Ногайскою Ордами и с Турцией, т. I, Сб-к Русского ист. об-ва, 1884, 82, 89-б. ж. б.

⁷⁴ЦГАДА, ф. Сношения России с ногайскими татарами. Кн. I, л. 62, 63; *Вельяминов-Зернов В. В.* Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч. 2, СПб., 1864, 326-б.; *Златкин И. Я.* История Джунгарского ханства. М., 1983, 309-б., прим. 18.

⁷⁵Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I, М., Алма-Ата, 1935, 93-б.; Продолжение Древней российской Вивлиофики, т. XI, СПб., 1801, 186-б.

⁷⁶Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Сборник документов и материалов, Алма-Ата, 1961, 3–6-б.; Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Т. I, Л., 1932, 293-б. (әрі қарай: МИУТТ).

⁷⁷*Маслова О. В.* Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. Ч. I, Ташкент, 1955, 5-б.

⁷⁸МИУТТ, вып. 3, 1933, 262–265-б.

⁷⁹«Книга Большому Чертежу». Подготовка к печати и ред. К. Н. Сербиной. М.-Л., 1950; *Макшеев А.* Географические сведения «Книги Большого Чертежа» о киргизских степях и Туркестанском крае. Изв. имп. Русского географ. об-ва, т. XIV, СПб., 1878.

⁸⁰*Татищев В. Н.* История российская. М.-Л., 1962, т. I, 348-б.

⁸¹Английские путешественники в Московском государстве в XVI в. М., 1937.

⁸²«Чертежная книга Сибири», составленная тобольским сыном боярским Семеновом Ремезовым в 1701 г. СПб., 1882.

⁸³*Бартольд В. В.* История изучения Востока в Европе и России. Сочинения. Т. IX, М., 1977, 392-б.

⁸⁴*Соныкі.*

⁸⁵*Клавихо Рюи Гонзалес.* Дневник путешествия ко двору Тимура в Самарканд в 1402–1406 гг. Пер. с исп. И. И. Срезневского. СПб., 1881; Записки о Московских делах. Пер. и примеч. А. И. Малеина. СПб., 1908; *Олеарий А.* Описание путешествия в Московию и через Московию в Персию и обратно. Примеч. и пер. А. М. Ловягина. СПб., 1906; *Early voyages and travels to Russia and Persia by Ant. Jenkinson and other Englishmen / Ed. by D. Morgan. L., 1986; Avril Ph. Voyage en divers etate d'Europe et d'Asie. Avec une discription de la Grand Tartarie et des difference peuple qui l'habitent. P. 1692; Barbaro J. Travels to Tana and Persia. L., 1873 etc.*

⁸⁶*Witsen N. K. Noord en Oost Tartarye. Amsterdam, 1692.*

⁸⁷*Есмагамбетов К. Л.* Что писали о нас на Западе. А.-А., 1992, 24–25-б.

⁸⁸*Stalenbergh F.* An historical-geographical description of the North and Eastern parts of Europe and Asia, but more particularly of Russia, Siberia and Great Tartary. L., 1738.

⁸⁹*Рычков П. И.* История Оренбургская, по учреждению Оренбургской губернии. СПб., 1759; Переизд.: История Оренбургская. Оренбург, 1896; *Соныкі.* Топография Оренбургская. СПб., 1762; Переизд.: Топография Оренбургской губернии (сочинение П. И. Рычкова, 1762 г.), Оренбург, 1887; *Георги И. Г.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Ч. II. О народах татарского племени. СПб., 1799.

⁹⁰*Миллер Г. Ф.* История Сибири. СПб., 1750; *Соныкі.* Т. I, М.-Л., 1937, т. II, 1940.

⁹¹*Татищев В. Н.* История российская. М., 1769, кн. I, ч. I.

⁹²История Абулгази. «Книга родословия тюркского». Библиотека восточных историков, издаваемая И. Березиным. Т. III, Казань, 1854.

⁹³Родословное древо тюрков. Сочинение Абул-Гази, хивинского хана. Перевод и предисловие Г. С. Саблукова с послесловием и прим. Н. Ф. Катанаева. Казань, 1906. Переизд. в 1996 г. № 146-ескертуді қараңыз.

⁹⁴Шейбаниада. История монголо-тюрков. Библиотека восточных историков, издаваемая И. Березиным. Т. I, Казань, 1849.

⁹⁵*Бичурин И. Я.* Историческое обозрение ойратов, или калмыков с XV столетия до настоящего времени. СПб., 1834.

⁹⁶Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. СПб., ч. I—III, 1832.

⁹⁷Ерофеева И. В. А. И. Левшин и его труд «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» // Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы, 1996, 578-б.

⁹⁸Вельяминов-Зернов В. В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч. II, СПб., 1864. Труды Вост. Отд. Импер. Русского археолог. об-ва (т. X).

⁹⁹Кумекоев Б., Султанов Т. Вклад русских и советских ученых-востоковедов Академии наук в изучение средневековой истории Казахстана // Известия АН КазССР, 1974, № 2, 16-б.; Бартольд В. В. Сочинения. Т. IX, М., 1977, 581-б.

¹⁰⁰Введение к изданию Сочинений академика В. В. Бартольда. Сочинения. Т. I, М., 1963, 5-б.

¹⁰¹Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата, 1961—1968; Саныкі. Собрание сочинений. Т. 1—5. Алма-Ата, 1984—1985.

¹⁰²Березин И. Н. Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева. ТВОРАО. Т. VIII, 1864.

¹⁰³Перетяткович Т. Поволжье в XV и XVI веках. М., 1877.

¹⁰⁴Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884.

¹⁰⁵Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузенем и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. М.-Л., 1941.

¹⁰⁶Аристов Н. А. Опыт выяснения состава киргиз-казахов Большой Орды и каракиргизов // «Живая старина», вып. 3—4, 1894; Саныкі. Заметки об этническом составе тюркских племен и народов и сведения об их численности. СПб., 1897 («Живая старина», вып. III—IV, 1896).

¹⁰⁷Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья // «Памятная книжка Семиреченского областного стат. комитета за 1898 г.» II. Верный, 1898, 74—175; Сочинения, т. II, ч. I, М., 1963, 21—106-б.

¹⁰⁸Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. I. Тексты, СПб., 1898; Ч. II. Исследование. СПб., 1900; Сочинения. Т. I, М., 1963.

¹⁰⁹Бартольд В. В. Сочинения. Т. I—IX, М., 1961—1978 гг.

¹¹⁰Бартольд В. В. Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до XVII века. Т. III, М., 1965; Саныкі. К истории орошения Туркестана. Т. III, 210—233.

¹¹¹Саныкі. Сочинения. Т. IX. М., 1977, 405-б.

¹¹²Якубовский А. Ю. Феодалное общество Средней Азии и его торговля с Восточной Европой в X—XV веках. ТИАИ, т. 8, вып. 3, ч. I, Л., 1933; Греков Б. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950.

¹¹³Евразия аймағы көшпелі малшыларының әлеуметтік ұйымы проблемаларының тарихнамасы мына еңбектерде қарастырылған: Хазанов А. М. Социальная история скифов (Основные проблемы развития древних кочевников евразийских степей). М., 1975, 32—35-б.; Першиц А. И. Некоторые особенности классового образования и раннеклассовых отношений у кочевников-скотоводов // Становление классов и государств. Сб. ст., М., 1976, 290—297-б.; Федоров-Давыдов Г. Ф. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 4—23-б. және басқа жұмыстары.

¹¹⁴Талстов С. П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах. Известия ГАИМК. 1934, вып. 103; Саныкі. Древний Хорезм. М., 1948.

¹¹⁵Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934.

¹¹⁶Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А. Востоковедные исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1989, 7—8-б.

¹¹⁷Шакарим Кудайбердыұлы. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий.

¹¹⁸Чулошников А. П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с

общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, 1924, ч. I.

¹¹⁹*Тынышпаев М.* Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925; *Соныкі.* Киргиз-казаки в 17 и 18 веках. Кзыл-Орда, 1926.

¹²⁰*Масанов Э. А.* Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966, 38–40-б.; *Сулейменов Р. Б. Асфендиаров С. Д.* и становление советской исторической науки в Казахстане // Великий Октябрь и социально-экономический прогресс Казахстана. Алма-Ата, 1987.

¹²¹Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I (V в. до н. э. – XVIII в. н. э.). Москва – Алма-Ата, 1935.

¹²²*Асфендиаров С. Д.* История Казахстана (с древнейших времен). А., 1993, 56–69-б.

¹²³*Бұл да сонда,* 16-б.

¹²⁴*Бұл да сонда,* 99-б.

¹²⁵*Вяткин М. П.* Очерки по истории Казахской ССР. Т. I. С древнейших времен по 1870 г. М., 1941.

¹²⁶История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата, 1943.

¹²⁷Материалы по истории Узбекской, Туркменской и Таджикской ССР. М.-Л., 1932. Т. I, вып. 3; Материалы по истории Башкирской АССР. Ч. I, М.-Л., 1936; Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 2 (XVI–XIX вв.). М.-Л., 1938.

¹²⁸О подготовке 2-го издания «Истории Казахской ССР» // Известия Каз. филиала АН СССР. Серия историческая, 1946, № 2, 3-б.

¹²⁹*Дахилейгер Г. Ф.* Историография Советского Казахстана. 59-б.

¹³⁰История Казахской ССР. Т. I, Алма-Ата, 1957.

¹³¹*Шахматов В. Ф.* К вопросу об этногенезе казахского народа // Известия АН КазССР, серия историческая, 1950, вып. 6, 80–99-б.; *Адильгереев Х. М.* К истории образования казахского народа // Вестник АН КазССР, 1951; № 1; *Юшков С. В.* Основные вопросы истории казахского государства // Известия АН КазССР. Серия юридич. 1951, вып. 3; *Зиманов С. З.* К вопросу о праве феодальной собственности в Казахстане // ВАН КазССР, 1952, № 4; *Потанов Л. П.* О сущности патриархально-феодальных отношений у кочевых народов Средней Азии и Казахстана // Вопросы истории, 1954, № 6; *Шахматов В. Ф.* К вопросу о сущности и специфике патриархально-феодальных отношений в Казахстане // Вестник АН КазССР, 1951, № 7; *Зиманов С., Еренов А.* О характере феодальной собственности на землю в Казахстане // Труды Алма-Атинского юридического института. Т. I, Алма-Ата, 1955.

¹³²Материалы Объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. Ташкент, 1955; О патриархально-феодальных отношениях у кочевых народов (к итогам обсуждения) // Вопросы истории, 1956, № 1.

¹³³*Зиманов С. З.* Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата, 1958; *Толыбеков С.* Общественно-экономический строй казахов в XVII–XIX вв. Алма-Ата, 1959; *Еренов А. Е.* Очерки по истории феодальных земельных отношений у казахов. Алма-Ата, 1961; *Шахматов В. Ф.* Казахская пастбищно-кочевая община. Алма-Ата, 1964.

¹³⁴*Ибрагимов С. К.* Некоторые данные к истории казахов XV–XVI вв. // Известия АН КазССР. Серия историческая, 1956, вып. 3; *Соныкі.* Новые материалы по истории Казахстана XV–XVI вв. // «История СССР», 1960, 152–158-б.

¹³⁵*Семенов А. А.* К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии. Вып. 1, Сталинабад // Труды АН Тадж. ССР. Т. 12, 3–37-б.; *Соныкі.* Шейбани-хан и завоевание им империи тимуридов // *Бұл да сонда,* 39–83-б.; *Соныкі.* Первые шейбаниды и борьба за Мавераннахр // *Бұл да сонда,* 109–150-б.

¹³⁶*Ибрагимов С. К.* Некоторые источники по истории Казахстана XV–XVI вв. // Вестник АН КазССР, 1956, № 8; *Соныкі.* Сочинение Мас'уда бен Усмана Кухиста-

ни «Тарих-и Абулхайр-хани» (перевод) // Известия АН КазССР, 1956, вып. 3; *Соньки*. «Шейбани-наме» Бинаи как источник по истории Казахстана XVI в. // Труды сектора востоковедения АН КазССР, т. I, 1959; *Соньки*. «Михман-наме-и Бухара» Рузбихана как источник по истории Казахстана XV–XVI вв. // Труды ИИАЭ АН КазССР, т. 8, 1960; *Султанов Т. И. С. К.* Ибрагимов и его историко-востоковедческие исследования // Страны и народы Востока. Средняя и Центральная Азия. М., 1971, 241–248-б.

¹³⁷Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата, 1969.

¹³⁸Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Сборник документов и материалов. Составители: В. Я. Басин, Б. С. Сулейменов, Т. Ж. Шоинбаев. Алма-Ата, 1961; История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. Алма-Ата, 1977–1981.

¹³⁹Материалы по истории киргизов и Киргизии. Редактор В. А. Ромодин. Выпуск I, М., 1973.

¹⁴⁰*Зайн ад-дин Васифи*. Бадаи'ал-вакаи'. Критический текст, введение и указатели А. Н. Болдырева. Т. I–II, М., 1961; *Абдураззок Самаркандий*. Матлаъи саъдайн ва мажмаъи бахрайн (форс-тожик тилидан таржима... А. Уринбоевники). Тошкент, 1969; *Шараф ад-дин Али Йазди*. Зафар-наме // Подготовка к печати, предисловие, примечания и указатели А. Урунбаева. Ташкент, 1972.

¹⁴¹*Хофиз Таниш ибн Мухаммал Бухорий*. Абдуллонома (Шарафномаи шохий) // I жлд. Форсчадан С. Мирзаев таржимаси, нашрга тайёрловчи, суз боши ва изохлар муаллифи Б. А. Ахмедов. Тошкент, 1966; II жлд, 1969; *Шараф-наме-йи Хафиз-и Таниш Бухара* // Факсимиле, рукописи, перевод с персидского, введение, примечания и указатели М. А. Салахетдиновой. Ч. I, М., 1983.

¹⁴²*Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас*. Хроника. Критический текст, перевод, комментарии, исследование и указатели О. Ф. Акимовича. М., 1976.

¹⁴³*Махмуд ибн Вали*. Море тайн относительно доблестей благородных (География). Введение, перевод, примечания, указатели Б. А. Ахмедова. Ташкент, 1977.

¹⁴⁴*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани*. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой, под ред. А. К. Арендса, М., 1976.

¹⁴⁵*Рашид ад-Дин*. Сборник летописей. Т. I, кн. 1 // Перевод с персидского Л. А. Хетагурова, ред. и примечания А. А. Семенова. М.-Л., 1952; т. I, кн. 2 // Перевод с персидского О. И. Смирновой, прим. Б. И. Панкратова и О. И. Смирновой, ред. А. А. Семенова. М.-Л., 1952; т. II // Перевод с персид. Ю. П. Верховского, прим. Ю. П. Верховского и Б. И. Панкратова, ред. И. П. Петрушевского. М.-Л., 1960; т. III // Перевод с персидского А. К. Арендса, ред. А. А. Ромаскевича, Е. Э. Бартельса и А. Ю. Якубовского, М.-Л., 1946.

¹⁴⁶*Кононов А. Н.* Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази, хана хивинского. М.-Л., 1958; *Абулгозий Баходир-хан*. Шажарайи турк. Масъул мухаррир во суз боши муаллифи Б. А. Ахмедов. Тошкент, 1992; *Бабур-наме*. Записки Бабура / Перевод М. Салье. Ташкент, 1958; *Махмуд Кашгари*. Туркий сузлар девони (Девону луготит турк.). Т. I–III, Тошкент, 1960–1963; *Юсуф Баласагуни*. Благодатное знание / Изд. подготовил С. Н. Иванов. М., 1983; *Абул-Гази-Багадур-хан*. Родословное древо тюрков. Иакинф. История первых четырех ханов Дома Чингисова. Стэнли Лэн-Пуль. Мусульманские династии. Москва – Ташкент – Бишкек, 1996. Изд.: «Ассамблеи культур народов Центральной Азии» (Узбекистан, Ташкент). Составление, подготовка и обработка текста академика Р. Рахманалиева.

¹⁴⁷*Абусеитова М. Х.* Из истории казахско-среднеазиатских отношений: События 1598–1599 гг. // Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). Алма-Ата, 1981, 214–141-б.; *Юдин В. П.* Известия «Зийа ал-кулуб» Мухаммед Аваза о казахах XVI века // Вестник АН КазССР. Алма-Ата, 1966, № 5 (263), 71–76-б.

¹⁴⁸*Утемиш-хаджи*. Чингиз-наме. Перевод с тюркского В. П. Юдина. Алматы, 1996.

¹⁴⁹*Джиованни дель Плано Карпини*. История монголов. *Гильом де Рубрук*. Путешествие в восточные страны / Ред. М. П. Шастиной, М., 1957; «Книга Марко Поло» / Перев. И. П. Минаева, М., 1955. Переиздано: Алма-Ата, 1990; Барбаро и Контарини о России. Л., 1971. Вступительная статья, перевод и комментарий Е. Ч. Скржинской, 147, 223-б. ж. б.

¹⁵⁰*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств XV—XVI вв. // Казахстан в XV—XVIII вв. (Вопросы социально-экономической истории). Алма-Ата, 1969, 3—49-б.

¹⁵¹*Кумекон Б. Е., Настич В. Н., Шуховцов В. К.* Письменные документы из Южного Казахстана // Вестник АН КазССР, 1977, № 8, 70—73-б.; *Шуховцов В. К.* Письменные документы из города Туркестана // Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата, 1981, 164—165-б.

¹⁵²*Ахмедов Б. А.* Историко-географическая литература Средней Азии XVI—XVIII вв. Письменные памятники. Ташкент, 1985.

¹⁵³*Таварих-и гузида нусрат-наме* / Исследование, критический текст, аннотированное оглавление и таблица сводных оглавлений А. М. Акрамова. Ташкент, 1967; *Материалы по истории Средней и Центральной Азии X—XIX вв.* / Отв. ред. Б. А. Ахмедов. Ташкент, 1988; *Материалы по истории, истории науки и культуры народов Средней Азии* / Под ред. П. Г. Булгакова и У. И. Каримова. Ташкент, 1991.

¹⁵⁴*Мирза Мухаммад Хайдар*. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р. П. Джалиловой, Л. М. Епифановой. Примечания и указатели Р. П. Джалиловой и Л. М. Епифановой. Отв. ред. А. Урунбаев. Ташкент, 1996.

¹⁵⁵*Международные отношения в Центральной Азии. XVII—XVIII вв. Документы и материалы.* Кн. 1—2, М., 1989. Составители: *Гуревич Б. П., Моисеев В. А.* Ответ. ред. Б. П. Гуревич, Г. Ф. Ким; *Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIV—XIX вв.* Отв. ред. Г. С. Садвакасов. Алматы, 1994.

¹⁵⁶*История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней.* В пяти томах, т. I, Алматы, 1977.

¹⁵⁷*Федоров-Давыдов Г. А.* Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники, М., 1966; *Соныкі*. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973; *Соныкі*. Общественный строй кочевников в средневековую эпоху / Вопросы истории, 1976, № 8; *Сафаргалиев М. Г.* Распад Золотой Орды. Саранск, 1960; *Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII—XIV вв. М., 1985; *Греков И. Б.* Восточная Европа и упадок Золотой Орды (на рубеже XIV—XV вв.). М., 1975.

¹⁵⁸*Наше отечество. Опыт политической истории.* Том I. М., 1991; *История Отечества: люди, идеи, решения. Очерки истории России IX — начала XX вв.* М., 1991.

¹⁵⁹*Русь между Востоком и Западом. Культура и общество в X—XVII вв.* Ч. I, М., 1991, 46—49-б.; *Сочнев Ю. В.* Русь и Золотая Орда: некоторые аспекты конфессиональных взаимоотношений // Россия и Восток: проблемы взаимодействия. М., 1993, 279—291-б.

¹⁶⁰*Трепавлов В. В.* Государственный строй Монгольской империи XIII в. М., 1993.

¹⁶¹*Гумилев Л. Н.* Древняя Русь и Великая степь. М., 1992, 607—675-б.

¹⁶²*Ибрагимов С. К.* Новые материалы по истории Казахстана XV—XVI вв. / «История СССР», М., 1960, № 4, 155-б.

¹⁶³*Юдин В. П.* Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI—XVIII вв. Алма-Ата, 1983, 128-б.

¹⁶⁴*Федоров-Давыдов Г. А.* «Аноним Искандера» и термины «Ак-Орда» и «Кок-Орда» // История, археология и этнография Средней Азии. К 60-летию со дня рождения С. П. Толстова. М., 1968; *Соныкі*. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 141—144-б.; *Султанов Т. И.* К вопросу о терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Йуз-Орда // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока.

М., 1970, 94–96-б.; *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992, 189–195-б.

¹⁶⁵*Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV в.в. // М., 1985, 66, 160–161-б.

¹⁶⁶*Султанов Т. И.* К истории Казахстана 70-х годов XIV в. // Известия АН КазССР, серия обществ. наук, 1976, № 5; *Соныкі.* О терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Йуз-Орда // Известия АН КазССР, серия обществ. наук, 1972, № 3; *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий, 189–212-б.

¹⁶⁷*Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков. М., 1865.

¹⁶⁸*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв. (Вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата, 1977.

¹⁶⁹*Кочекаев Б.-А. Б.* Ногайско-русские отношения в XV–XVIII вв. Алма-Ата, 1988, 19–108-б.

¹⁷⁰*Петров П. И.* Очерк происхождения киргизского народа. Фрунзе, 1963; *Соныкі.* Киргизстан в XIII–XV вв. // История Киргизской ССР. Т. I. Фрунзе, 1984, 393–407, 430–434-б.; *Бейшембиев Э. Д., Джунушалиев Д. Д., Мокрынин В. П., Плоских В. М.* Введение в историю кыргызской государственности. Курс лекций для вузов. Бишкек, 1994, 55–67-б.

¹⁷¹*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан, 222–245-б.; История Казахстана. Очерк. Алматы, 1993, 138–141-б.

¹⁷²История Казахской ССР. В пяти томах. Том II, Алма-Ата, 1979.

¹⁷³*Акишев К. А.* Государства тюркоязычных народов // Эволюция государственности Казахстана. Материалы международной конференции. г. Алматы, 3–5 апреля 1996, 16–21-б.

¹⁷⁴*Ибрагимов С. К.* К истории Казахстана в XV в. // Вопросы филологии и истории стран советского и зарубежного Востока. М., 1961, 172–180-б.

¹⁷⁵*Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 150–151-б.

¹⁷⁶*Султанов Т. И.* Некоторые замечания о начале казахской государственности // Известия АН КазССР, 1971, № 1; *Соныкі.* О первом казахском государстве (к 525-летию Казахского государства) // Кунсткамера. Этнографические тетради. 1995, вып. 8–9, СПб., 31–38-б.; *Соныкі.* О дате образования казахского государства // Эволюция государственности Казахстана. Материалы международной конференции. Алматы. 3–5 апреля 1996, Алматы, 1996, 73–74-б.

¹⁷⁷*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в XIV – начале XVI вв., 246–262-б.; Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и шайбанидами в последней трети XV в. // Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). Алма-Ата, 1981, 96–123-б.

¹⁷⁸*Бұл да сонда.* 263-б.; История Казахстана. Очерк, 144–156-б.

¹⁷⁹*Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992, 356-б.

¹⁸⁰*Султанов Т. И.* Кочевые племена Приаралья (Вопросы этнической и социальной истории). М., 1982; *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись...

¹⁸¹*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVII веках // Казахстан в XV–XVIII веках: Вопросы социально-политической истории. Алма-Ата, 1969, 5–49-б.; *Соныкі.* Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV–XVII вв. / Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983, 165–176-б.

¹⁸²*Пищулина К. А.* Государственность казахов позднего средневековья // Материалы международной конф. «Культурно-исторические процессы в Центральной Азии в средние века». Информационный бюллетень. Спецвыпуск. М., 65–68-б.

¹⁸³*Кычанов Е. И., Литвинский Б. А.* Рец. на: История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Т. 2, Алма-Ата, 1979 // Народы Азии и Африки, М., 1981, № 6, 188–194-б.

¹⁸⁴*Абусеитова М. Х.* Казахское ханство во второй половине XVI в. Алма-Ата, 1985.

¹⁸⁵Исин А. Новые источники по истории Казахстана первой четверти XVI в. // Известия АН КазССР. Серия обществ. наук, 1985, № 3, 45–49-б.; *Соныкі*. Материалы посольского приказа Русского государства о Казахском ханстве XVI – начале XVII вв. // Вопросы историографии и источниковедения Казахстана. Алма-Ата, 1988, 161–170-б.

¹⁸⁶Акимушкин О. Ф. К вопросу о внешнеполитических связях Могольского государства с узбеками и казахами в 30-х годах XVI – 60-х гг. XVII вв. // «Палестинский сборник». М.-Л., вып. 21, 1970, 233–248-б.; *Соныкі*. Могольско-узбекский союз против казахов в середине XVI в. // Письменные памятники и проблемы истории и культуры народов Востока. Л., 1969, 37–40-б.; *Соныкі*. Хронология правителей восточной части Чагатайского улуса (линия Туглук Тимур хана) // Восточный Туркестан и Средняя Азия. М., 1984.

¹⁸⁷Басин В. Я. Россия и Казахские ханства в XVI–XVIII вв. Алма-Ата, 1971.

¹⁸⁸Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи. XVII–XVIII вв. Алма-Ата, 1991.

¹⁸⁹Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. Изд. 2-е, М., 1983.

¹⁹⁰Ибрагимов С. К. Еще раз о термине «казах» // Труды ИИАЭ АН КазССР, т. 8, 1960.

¹⁹¹Гафуров Б. Г., Литвинский Б. А. Узловые проблемы этногенеза и этнической истории Средней Азии и Казахстана (Теоретический аспект). Тезисы. М., 1976; Бромлей Ю. В. Очерки теории этноса. М., 1983; *Соныкі*. Этносоциальные процессы: теория, история, современность. М., 1987; Гумилев Л. Н. Этногенез и биосфера земли. М., 1990; Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. М., 1989, 1990.

¹⁹²Абрамзон С. М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., 1971; Жданко Т. А. Каракалпаки Хорезмского оазиса // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. 1952, т. I; История Каракалпакской ССР. Ташкент, 1974; Агаджанов С. Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии. IX–XIII вв. Ашхабад, 1969; Потанов Л. П. Этнический состав и происхождение алтайцев. Л., 1969; Шаниязов К. Ш. К этнической истории узбекского народа. Историко-этнографическое исследование на материалах кыпчакского компонента. Ташкент, 1974.

¹⁹³Иванов П. П. Очерк истории каракалпаков // Материалы по истории каракалпаков // Труды ИВ АН СССР. М.-Л., 1936, т. 7; *Соныкі*. Очерки по истории Средней Азии (XVI – середина XIX вв.). М.-Л., 1958.

¹⁹⁴Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков.

¹⁹⁵Шаниязов К. Ш. Некоторые вопросы этнической динамики и этнических связей узбеков XIV–XVII вв. // Материалы к этнической истории населения Средней Азии. Ташкент, 1986, 83–93-б.

¹⁹⁶Кармышева Б. Х. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. М., 1976, 209–226-б.

¹⁹⁷История Узбекистана. Ташкент, 1993, 21-б.

¹⁹⁸Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралья.

¹⁹⁹Востров В. В., Муканов М. С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX вв.). Алма-Ата, 1968; Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974.

²⁰⁰Кадырбаев А. Ш. Тюрки и иранцы в Китае и Центральной Азии XIII–XIV вв. Алма-Ата, 1990; *Соныкі*. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаириров, найманов и киреитов. Алма-Ата, 1993.

²⁰¹Юдин В. П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахскими и другими соседними народами (XIV–XVII вв.) // Известия АН КазССР, 1965, вып. 3; *Соныкі*. Орды: Белая, Синяя, Золотая.

²⁰²Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан. 222–240-б.

²⁰³Калмыков И. Х., Керейтов Р. Х., Сикалиев А. И.-М. Ногайцы. Историко-этнографический очерк. Черкесск, 1988.

²⁰⁴Муканов М. С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата, 1979;

Соныкі. Казахская юрта. Алма-Ата, 1981; *Масанов Н. Э.* Экологические аспекты этногенеза кочевников Казахстана // Этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий. Омск, 1984; *Соныкі*. Этногенез казахов: проблемы и метод // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. Вып. 2; История и археология. М., 1990.

²⁰⁵Хозяйство казахов на рубеже XIX—XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата, 1980; Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы, 1995.

²⁰⁶*Масанов Н. Э.* Кочевая цивилизация казахов. Алматы — Москва, 1995, 245—247-б.

²⁰⁷*Исмагулов О.* Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. Алма-Ата, 1970; *Соныкі*. Этническая антропология Казахстана. Алма-Ата, 1982; *Исмагулов О., Сихимбаева К. Б.* Этническая одонтология Казахстана. Алма-Ата, 1989.

²⁰⁸*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Древний Отрар. Алма-Ата, 1972; *Солардікі*. Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата, 1981; *Солардікі*. Отрар в XIII—XV вв. Алма-Ата, 1987; *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986. История Казахстана. В пяти томах, т. I, Алматы, 1996.

²⁰⁹*Муқанов М. С.* Этническая территория казахов в XVIII — начале XX вв. Алма-Ата, 1991; *Пищулина К. А.* Территория: формирование казахской этнической территории в древности и средневековье // Қазақ, Алматы, Білім, 1994 (на каз. яз.), 47—65-б.

²¹⁰История Казахской ССР. В пяти томах, т. II, Алма-Ата, 1979.

²¹¹Проблеманың тарихнамасы жайлы № 113 еңбектерге қосымша мына жұмыстарды қараңыз: *Марков Г. Е.* Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. М., 1976, 280—310-б.; *Крадин Н. Н.* Социально-экономические отношения у кочевников в советской исторической литературе. Владивосток, 1987. Рукопись депонирована в ИНИОН, № 29892; *Сулейменов Р. Б.* Формационная природа кочевого общества: проблема и метод // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата, 1989, 89—102; *Цинман М. З.* Методологические проблемы типологии отношений собственности у кочевников. Научно-аналитический обзор. Алма-Ата, 1992; *Масанов Н. Э.* Кочевая цивилизация казахов. 199—200, 213—224-б.

²¹²*Тойнби А. Дж.* Постигание истории. Сборник. М., 1991, 181—186-б.

²¹³Жоғарыда аталған авторлардан басқа мына еңбектерді қараңыз: *Толыбеков С. Е.* Кочевое общество казахов в XVII — начале XX вв. Алма-Ата, 1971; *Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй кочевников в средневековую эпоху // Вопросы истории. М., 1976, № 8, 39—48-б.; *Петров К. И.* Очерки феодальных отношений у киргизов XV—XVIII веков. Фрунзе, 1961; *Златкин И. Я.* Концепции истории кочевых народов А. Тойнби и историческая действительность // Современная историография стран зарубежного Востока. Проблемы социально-политического развития. М., 1971, 131—193-б.; *Соныкі*. А. Тойнби об историческом прошлом и современном положении кочевых народов // Вопросы истории. 1971, № 2.

²¹⁴*Першиц А. И.* Некоторые особенности классовообразования и раннеклассовых отношений у кочевников-скотоводов // Становление классов и государств. Сб. статей. М., 1976, 280—313-б.; *Марков Г. Е.* Кочевники Азии; *Хазанов А. М.* Социальная история скифов. М., 1975; *Семенов Ю. И.* Кочевничество и некоторые общие проблемы теории хозяйства и общества // Советская этнография, 1982, № 2.

²¹⁵Общее и особенное в историческом развитии стран Востока. Проблемы капиталистических обществ в странах Востока. М., 1971; *Качановский Ю. В.* Рабовладение, феодализм или азиатский способ производства? М., 1971; *Никифоров В. Н.* Восток и всемирная история. М., 1977; *Алаев А. Б.* К типологии феодализма на Востоке // Народы Азии и Африки, 1977, № 4; *Кшибеков Д.* Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. Алма-Ата, 1984.

²¹⁶*Семенов Ю. И.* Проблема социально-экономического строя древнего Востока // Народы Азии и Африки. 1965, № 3.

²¹⁷ *Илюшечкин В. П.* Рентный способ эксплуатации в добуржуазных обществах древности, средневековья и нового времени. М., 1971; *Соныкі.* Проблемы формационной характеристики сословно-классовых обществ. М., 1986; *Соныкі.* Сословно-классовое общество в истории Китая. М., 1986.

²¹⁸ *Марков Г. Е.* Кочевники Азии; *Андрианов Б. В., Марков Г. Е.* Хозяйственно-культурные типы и способы производства // Вопросы истории. 1990, № 8, 3–15-б.

²¹⁹ *Масанов Н. Э.* Кочевая цивилизация казахов. 210–224-б.

²²⁰ *Васильев Л. С.* История Востока. Т. I, М., 1994, 245–251-б.

²²¹ Эволюция государственности Казахстана. Материалы международной конференции. Алматы, 3–5 апреля 1996 г., Алматы, 1996.

²²² *Якубовский А. Ю.* Вопросы периодизации Средней Азии в средние века (VI–XV вв.) // КСИИМК. Вып. 28, 1949, 43-б.

²²³ *Пугаченкова Г. А.* Искусство Туркменистана. М., 1967, 163–166-б.; *Пугаченкова Г. А., Ремпель Л. И.* Очерки искусства Средней Азии. М., 1982, 207–208-б.; *Бяшимова Н. С.* Художественная глазурованная керамика Южного Туркменистана IX–XIV вв. Автореф. канд. дисс. Ташкент, 1985.

²²⁴ *Массон М. Е.* Южно-Туркменистанская археологическая комплексная экспедиция (ЮТАКЭ, 1946). Труды ЮТАКЭ. Т. I. Ашхабад, 1949, 9, 12-б.

²²⁵ *Толстов С. П.* Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1949–1953 гг. // Труды ХАЭЭ, т. II. М., 1958, 224–232-б.; *Бактурская Н. Н.* Раскопки городища Ургенч в 1952 г. // Труды ХАЭЭ, т. II. М., 1958, 467–494-б.

²²⁶ *Туркгенев-Амитиров А. Г.* Раскопки комплекса южных ворот и крепостной стены Таш-калы // Труды ХАЭЭ, т. II, М., 1958, 494–504-б.; *Федоров-Давыдов Г. А.* Раскопки ремесленного квартала XV–XVII вв. на городище Таш-кала в Ургенче // Труды ХАЭЭ, т. II. М., 1958, 505–528-б.

²²⁷ *Толстов С. П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962, 273–294, 306–314-б.

²²⁸ *Агеева Е. И., Пацевич Г. И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 5. 1958, 214-б.; *Агеева Е. И.* Общий обзор находок. Археологические исследования на северных склонах Каратау // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 14. 1962, 201–204-б.

²²⁹ *Кларе А. К., Черкасов А. А.* Древний Отрар и раскопки, проведенные в развалинах его в 1904 г. // ПТКЛА, год IX. Ташкент, 1904, 13–35-б.

²³⁰ *Ерзакович Л. Б.* Оседлая культура Южного Казахстана в XIII–XVIII вв. Автореф. канд. дисс. Л., 1966; *Соныкі.* О позднесредневековом городище Аспара // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата, 1968, 85–97-б.; *Соныкі.* О позднесредневековом городище Сузак // Известия АН КазССР, сер. обществен. № 3. 1966, 66–69-б.; *Соныкі.* Некоторые черты оседлой культуры позднего средневековья // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972, 98–106-б.

²³¹ *Байпаков К. М.* О локализации позднесредневековых городов Южного Казахстана. СА, № 2. 1977, 201–209-б.

²³² Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. Алма-Ата, 1970; *Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств XV–XVII вв. // Казахстан в XV–XVIII вв. Алма-Ата, 1969, 5–49-б.

²³³ *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Новое в средневековой археологии Южного Казахстана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969, 5–42-б.; *Солардікі.* Древний Отрар. Алма-Ата, 1972.

²³⁴ *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Позднесредневековый Отрар (XVI–XVIII вв.). Алма-Ата, 1981; *Солардікі.* Отрар в средние века. Алма-Ата, 1987.

²³⁵ *Грошев В. А.* Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата, 1985.

²³⁶ *Акишев К. А., Байпаков К. М.* Кяризы Саурана // Вестник АН КазССР. 1974. № 4, 76–78-б.

²³⁷ *Сенигова Т. Н.* Керамика городища Туркестан из верхнего строительного горизонта (XVII–XVIII вв.) // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978, 171–187-б.; *Смагулов Е. А., Настич В. Н.* Гончарные штампы с надпи-

сями XIX в. из Туркестана // Известия АН КазССР. Серия обществ. наук. 1983. № 2, 45–50-б.

²³⁸Тулепбаев Б. А. Вступительное слово. Резолюция. Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата. 1983, 3–5, 229-б.

²³⁹Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Отрар в XIII–XV вв., 112–123-б.

²⁴⁰Бартольд В. В. История Туркестана. Соч. Т. II, ч. 1. М., 1963, 152-б.

²⁴¹Давидович Е. А. Денежное хозяйство Средней Азии в XIII в. М., 1972, 125-б.

²⁴²Байпаков К. М., Настич В. Н. Клад серебряных вещей и монет XIII в. из Отрара // Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата, 1981, 20–62-б.

²⁴³Байпаков К. М. Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана. Алма-Ата, 1990, 37–42-б.

²⁴⁴Грошев В. А. Основные моменты динамики оросительной сети Отрарского оазиса в XIII–XV вв. // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978, 140–150-б.; *Соныкі*. Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата, 1985.

²⁴⁵Акишев К. А., Байпаков К. М. Кяризы Саурана // Вестник АН КазССР. 1973. № 4, 76–78-б.

²⁴⁶Бурнашева Р. З. Два клада джанидских денег XVII в. с территории Южного Казахстана // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата, 1976, 59–80-б.; *Соныкі*. К вопросу денежного обращения Отрара в XV в. // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. Алма-Ата, 1986, 144–148-б.; *Соныкі*. Клад чагатаидских монет второй половины XIII в. с городища Отрар. Алма-Ата, 1980, 83–94-б.; *Соныкі*. К вопросу об экономическом положении позднесредневекового Туркестана и области (XV–XIX вв.) // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983, 52–61-б.; Байпаков К. М., Настич В. Н. Клад серебряных вещей и монет XIII в. из Отрара // Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата, 1981, 20–60-б.; Настич В. Н. Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане (XIII–XVIII вв.) // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983, 143–152-б.

²⁴⁷Жолдасбаев С. Материальная культура казахов XV–XVIII вв. (по археологическим данным). Автореф. дисс. канд. ист. наук. Алма-Ата, 1975; *Соныкі*. Типы оседлых поселений казахов по данным археологических исследований Южного и Центрального Казахстана (XV–XVIII вв.) // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата, 1976, 46–58-б.; Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата, 1981, 190–194-б.

²⁴⁸Степи Евразии в эпоху средневековья. Археология СССР. М., 1981, 194–200-б.

²⁴⁹Иванов В. А., Кригер В. А. Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII–XIV вв.). М., 1988, 4–6-б.

²⁵⁰Бернштам А. Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая. МИА. 26. М.-Л., 1952, 173-б., 73-сурет.

²⁵¹Табалдиев К. Ш. Эволюция погребального обряда кочевников внутреннего Тянь-Шаня в средние века. Автореф. дисс... канд. ист. наук. Новосибирск, 1984, 16–17, 21-б.

²⁵²Арсланова Ф. Х. Памятники Павлодарского Прииртышья (VII–XII вв.) // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата, 1968, 110–111-б.; *Соныкі*. Погребение в золотоордынское время в Павлодарской области // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970, 54–59-б.

²⁵³Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987, 243–246-б.

²⁵⁴Максимова А. Г. Погребение воина XIV в. // Вестник АН КазССР. 1965. № 6, 85–91-б.

²⁵⁵Маргулан А. Х. Раскопки погребения воина XIV в. в долине р. Нуры // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. 1959, 248–261-б.; Массон М. Е. Серебряные монеты XIV в. из погребения могильника в бассейне реки Нуры // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. 1959, 262–265-б.; Кадырбаев М. К., Бурнашева Р. З. Погребение кыпчака первой поло-

вины XIV в. из могильника Тасмола // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970, 42–53-б.

²⁵⁶Кушаев Г. А. Этюды древней истории степного Приуралья. Уральск, 1993, 105–109-б.

²⁵⁷Аджигалиев С. И. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана. Алматы, 1994.

БІРІНШІ БӨЛІМ

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ.
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ
ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫ**

Бірінші тарау

АЛТЫН ОРДА

1. ҰЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Отпен өртеп, қылышпен қырып, орасан зор империя құрған Шыңғыс-хан өзінің төрт ұлының әрқайсысына үлес бөліп берді: кіші ұлы Төлей Шыңғыс-ханның негізгі жұртын — Монғолияның өзін, сондай-ақ монғолдың тұрақты 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын алды. Монғолиядан батысқа қарай жаулап алынған ұлан-ғайыр аумақ үлкен ұлдарына бөлінді, бұл орайда олардың әрқайсысына тұрақты армиядан 4 мың адамнан бөлініп берілді. Шыңғыс-ханның үшінші ұлы Үгедейге Батыс Монғолия мен ұлысының орталығы орналасқан Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймағы қарайтын болды¹. Өзін ұлы хан деп жариялағаннан кейін (1228/29—1241) Үгедей Орхонда, Қаракорымда тұрды.

Шыңғыс-ханның екінші ұлы Шағатайдың иелігіндегі жерлер Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі, «ұйғырлар өлкесінің шекарасынан Самарканд пен Бұхараға дейінгі жерлерді»², яғни Шығыс Түркістанды, Жетісу мен Мауараннахрдың денін қамтыды. Жамал Қаршидің деректері бойынша, Шағатай иеліктерінің негізгі бөлігін құраған өлке Аларғу елі деп аталды; оның басты қаласы Алмалық болды. Шағатайдың жазғы ордасы Іле өзенінің алқабындағы Құяш деген жер болды. Оның мирасқорларының ордасы, Жувейни деректері бойынша, түрікше Ұлығ-Иф (Ив) деген атпен, яғни «Үлкен үй»³, ал нумизматика деректері бойынша Орду әл-Азам деген атпен мәлім болған. Шағатай мен оның мирасқорлары иеліктерінің құрамына Балх және Хорасан өлкелері де кірді⁴.

Шыңғыс-ханның үлкен ұлы Жошының үлесі Ертістен батысқа қарай және «Қойлық пен Хорезм шекарасынан Саксин мен Булғардың татар аттарының тұяғы тиген жерлерге дейінгі»⁵ ұшы-қиырсыз аймақты алып жатты, сөйтіп Жетісудың солтүстік бөлігін және Төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты қамтыды. Рашид ад-Диннің деректеріне сәйкес, Жошының ордасы Ертісте болған, бірақ басқа деректемелер бойынша ол Сарысуға жақын манда, «қыпшақтар елінде» жерленген. Ертісте, Алакөл көлінің маңында, Пано Карпинидің дәлелдеуі бойынша, XIII ғасырдың орта шенінде Жошының баласы Орда-Ежен (Орда-Ичен) тұрған. Алтын Орданың құрылуына байланысты Жошы ұлысының саяси өмірінің орталығы Төменгі Еділге ауысты.

Сонымен Қазақстан аумағы монғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі — Жошы ұлысының құрамына, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан — Шағатай ұлысына, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі — Үгедей ұлысына кірді.



Шыңғыс-хан (1162–1227).

Шыңғыс-ханның тірі кезінде ұлдарына бөліп берген жерлер олар үшін тек қана пайда көзі болды, бірақ империя басшысына бағынышты болып қала берді. Ол өлгеннен кейін жағдай өзгерді. Монғол державасының ұлан-ғайыр кендігі, ұлыстардың иелері тұрған жерлердің Орхондағы жалпы империя орталығынан шалғайлығына байланысты жергілікті жерлердегі билік қана шын мәнінде билік болып қалды. Үлестік жүйенің әулеттік бастамасы, ұлыстардағы іс жүзіндегі биліктің Шыңғыс-ханның ұлдары ұрпақтарына ауысуы ұлыс қарауында елеулі әскери күші бар Шыңғыс-хан ұрпақтарын өз әулеттерін толығымен дербес етіп алуға, ал ұлыстарды тәуелсіз иеліктерге айналдыруға итермеледі. Ұлыс билеушілерінің қолына біртіндеп бүкіл билік толығымен көшіп, империя бірнеше дербес мемлекетке ыдырады. Оның ыдырауының негізгі себептері халық бұқарасының монғол езгісіне қарсы күресі, көптеген елдер мен халықтарды қарудың күшімен өзіне қаратып алған империяның іргесінің берік еместігі, қырық құрау болып, үнемі жалғасқан өзара қырқыстар, экономикалық байланыстардың, мәдени-тарихи дәстүрлердің болмауы еді.

Шағатай ұлысы. Шағатай әкесі мен ағасы Жошы өлгеннен кейін хан тұқымындағы үлкені ретінде зор беделге ие болды. 1228—1229 жылдары ол Үгедейді

ұлы хан деп жариялаған ханзадалардың басшысы болған еді. «Ясыны, биліктер мен қағидаларды, патшалықты сақтаудың амалдарын» жетік білген Шағатайдың билігі зор болғаны соншалықты, тіпті ұлы хан Үгедейдің өзі де ағасының мақұлдауынсыз қандай болса да маңызды шешімдер қабылдамайтын болған⁶.

Ұлы ханның келісімі бойынша Шағатай тұңғыш баласы Мүтіген балаларының үлкені Қара-Хулагуды өзінің мирасқоры етіп тағайындады. 1241 жылы Үгедей, одан кейін көп кешікпей Шағатай да өлді. Монғол империясында патшалар арасындағы бес жылға созылған дүрбелең кезең басталды. 1246 жылы ғана құрылтайда Үгедейдің үлкен ұлы Күйік ұлы хан болып жарияланды. Күйіктің бұйрығы бойынша Шағатай ұлысына Қара-Хулагудың орнына жаңа ханның жақын досы Шағатайдың баласы Есу-Мөңке қойылды. Бірақ көп кешікпей Күйік өлгеннен кейін (1248 ж.) Үгедей мен Төлей ұрпақтарының арасында билік үшін күрес басталды. Батыйдың қолдауымен 1251 жылы Төлейдің үлкен ұлы Мөңке империяның басшысы болып жарияланды.

Жаңа ұлы ханның билік басына келуі жазалаудан басталды; Шағатай мен Үгедей тұқымынан шыққан ханзадалар Мөңкеге қарсы қастандық жасады деп айыпталып өлтірілді немесе жер аударылды, сөйтіп Шағатай тұқымының мәні біраз уақытқа дейін жоққа сайылды. Бірақ ұлыстар формальды түрде өмір сүре берді: Күйіктің жесірі оның Емелдегі ордасында қалды, ал осының алдында қайтыс болған Қара-Хулагудың жесірі Орқына ұлы ханның келісімімен Шағатай ұлысының билеушісі болды. 1254 жылы ол Шағатай ұлысының әміршісі ретінде ұлы хан Мөңкенің інісі Хулагудың Иранға бара жатқан әскерін Алмалықта қарсы алды.

Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасында империя Төлей мен Жошы ұрпақтарының арасында бөлісілген болатын. Ұлы хан Мөңке мен Жошы ұлысының басшысы Батыйдың ықпалы жүретін шекаралар, Рубруктың дәлелдеуі бойынша, Талас пен Шу өзендерінің арасындағы жазықта өткен. Сөйтіп Жетісу, XIII ғасырдың 50-жылдарында ұлы ханға бағынған, ал Жошының үлесіне жатпайтын Мауараннахр уақытша Жошы тұқымының ықпалына кірді.

XIII ғасырдың 60-жылдарында Монғолия империясының бірлігіне ақырғы соққы берілді. 1259 жылы Мөңке өлгеннен кейін оның екі інісі Арығ-Бұға мен Құбылай арасында таққа отыру жолындағы күрестен туған өзара қырқысқан соғыс басталды. 1260 жылы олардың екеуі де бір мезгілде ұлы хан деп жарияланды.

Екі хан да Шығыс Түркістанды, Жетісуды және Орта Азияны өздеріне бағындырып алуға ниеттенді. Құбылай Жетісуға өзінің қойған адамы Шағатай ұрпағы Әбішкені (Мүтігеннің немересі) Шағатай ұлысында билікті алу үшін жіберді, алайда жол бойында Әбішкені Арығ-Бұғаның жауынгерлері қолға түсіріп, өлтірді. Арығ-Бұға өз кезегінде Шағатайдың немересі Алғұйды «Шағатай ұлысының патшасы боласың және сол мандарды Құбылай ханның әскерлерінен және [Шағатай] үйінің әскерлерінен қорғайсың деген жарлық»⁷ беріп батысқа жіберді.

Алғұй қысқа мерзім ішінде атасының иелігінде болған жерлердің бәрін өз билігіне бағындырды. Жошы ұрпағы Берке ханнан Отырарды жеңіп алып, ол бұрын Алтын Ордаға кірген Хорезм мен Ауғанстанның солтүстік бөлігін де басып алады. Бастапқыда ол Арығ-Бұғаның атынан қимылдап, кейіннен одан бөлініп кетті. 1264 жылы Арығ-Бұғаны Құбылай талқандап, империя ханы болып жарияланды. Батыстағы ұлыстар оған бағынбады: Ирандағы Хулагу,

Жошы иеліктеріндегі Берке, Алғұй және содан кейін Шағатай ұлысындағы Хайду іс жүзінде тәуелсіз әміршілер болды⁸.

Алғұй өлгеннен кейін Шағатай ұлысындағы саяси жағдай тағы да шиеленісті. Талас-тартыстар салдарынан билік Шағатай ұрпағынан Үгедей ұрпағына, оның Берке хан қолдаған немересі Хайдудың қолына көшеді.

Шағатай мемлекеті. Хайду тұсында Шыңғыс ұрпақтарының Орта Азиядағы мемлекеті біржола қалыптасты⁹. 1269 жылдың көктемінде Талас жағасында құрылтай болып, онда ұлы ханның иеліктеріне тәуелсіз Хайду билеген (1269—1301) мемлекет жарияланды. Жаңа мемлекеттің жері соғыстардағы табыстарға немесе жеңілістерге байланысты біресе кеңейіп, біресе тарылып отырды. Оған Оңтүстік Қазақстанның Жент пен Үзкент жазираларын қоса алғанда Сырдария бойындағы жерлері мен Жетісу кірді. Шығыс Түркістанда бұрын Шағатай ұрпақтарына қараған аумақтың бір бөлігі Құбылай иелігіне көшті. Хайдудың үлкен ұлы және оның Орта Азиядағы тағын алған Шапардың Емелде — өзінің ата-бабасының иеленген жерлерінде хан болып жариялануына қарағанда, Үгедей мен Шағатай ұрпағы ұлыстарының арасындағы шекаралар анық белгіленбеген.

XIV ғасырдың басында Шағатай әулетінің Орта Азиядағы және Жетісудағы рөлі қалпына келді. Хайду өлгеннен кейін көп кешікпей, 1306—1307 жылдар шамасында мемлекеттегі билік Барақ ханның баласы, Шағатайдың шөбересі Туваға (Дуваға) ауысты. В. В. Бартольдтің бағалауы бойынша ол «Шағатай державасының негізін салушы» болған¹⁰.

Шыңғыс-ханның тұсында-ақ монғол феодалдарының арасында қарама-қарсы екі саяси бағыт байқалған еді. Біріншісі жаулап алушылардың көшпелі тұрмыс пен қырдағы патриархаттық дәстүрлерді сақтауын, бағындырылған елдердің халқын қырып жіберуге дейін аяусыз, жыртқыштықпен тонауын және жаулап алынған аумақтарды мал жайылымына айналдыруды жақтады. Екінші бағыттың өкілдері жергілікті феодалдық үстем тапқа, жаулап алынған отырықшы-егіншілікпен айналысатын елдердің дәстүріне сүйене отырып, хан билігі күшті мемлекет құру мақсатын көздеді. Бірінші бағытты неғұрлым табандылықпен жүргізушілер Шыңғыс-хан, ал оның ұрпақтарынан — Шағатай мен Күйік (1246—1248) болды, оларды Шағатай ұлысының әміршілері, Орқына-хатун, Барақ хан және басқалары қолдады.


Үгедей (1228/29—1241), Мөңке (1251—1259) хандар және ұлыс ханы Жошы орталықта күшті билік болуын және тізе бүккен халықтармен қатынастарды біраз ретке келтіруді жақтады. Сөйтіп, аталған екі бағыт өкілдерінің арасындағы тартыстың мәні жаулап алынған аумақтардағы халықты қанау әдістері туралы мәселеге, сондай-ақ «бағындырылған елдердің феодалдық үстем тобымен жақындасу туралы, олардың феодалдық мемлекеттілігін, идеологиясын және мәдени дәстүрлерін қабылдау туралы мәселеге» келіп тірелді¹¹.

Экономикалық күйзеліс, Монғол империясының, оның ішінде Шағатай ұрпақтары мемлекетінің ыдырауы қалайда екінші әдісті тандап алуды өктем талап етті. XIV ғасырда Шағатай ұлысы хандарының іс-әрекетінде орталықтану және Мауараннахр халқымен жақындасу жағына қарай бетбұрыс айқындала түсті. Бұл тұрғыда Туваның баласы Кебек хан (1318—1326) неғұрлым елеулі қадам жасады. Көшпелі дәстүрлерден қол үзіп, ол Іле аңғарынан Мауараннахрға қоныс аударды, кейбір қалаларды қалпына келтіруге жәрдемдесті. Ол ақша реформасын жүргізді, ұлысты басқару жүйесін едәуір өзгерткен әкімшілік реформасын да жүргізген сол деп ұйғарылады.

Кебек ханның мирасқоры, оның інісі Тармашырын (1326—1334) орталықтандыру саясатын жалғастырды. Кебек сияқты, ол да Мауараннахрда тұрды, Ала ад-дин деген есімге ие болып, исламды Шағатай ұрпағы мемлекетінің ресми дініне айналдырды¹². Алайда жоғарыда аталған бағыттарды жақтаушылардың арасындағы күрес жалғаса берді. Исламды қабылдауға және көшпелі әдет-ғұрыптарды елемеуге әскери-көшпелі шонжарлар наразы болып, бұл наразылық ашық көтеріліске ұласты. Тармашырын өлтірілді. Он жылдан астам уақытқа созылған феодалдық әуре-сарсаң қайта жалғасты.

1346 жылы көшпелі феодалдармен күресте Кебек — Тармашырын тұқымын жалғастырушы Қазан хан қаза тапты. XIV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Шағатай ұрпағы мемлекетінің батыс бөлігі түрік-монғол әскери-көшпелі шонжарлары мен жергілікті феодалдардың өкілдері басқарған оннан астам иелікке ыдырап кетті. Қашқадария алқабында — барластар, Ходжент аймағына — жалайырлар, Солтүстік Ауғанстанда — арлаттар, Әмударияның жоғарғы сағасында — қаушындар күшейді; бұл рулардың әрқайсысының басшысы өз өлкесінде дербес әмірші болды¹³. Оның үстіне 1346 жылдың өзінде Шағатай ұрпағы мемлекетінен Моғолстан деп аталған солтүстік-шығыстағы аумақ бөлініп шықты.

Жошы ұлысы. Қазақстан Алтын Орданың құрамында. Шыңғыс-ханның үлкен ұлы Жошы өз ұлысын тәуелсіз мемлекет етуге күш салды; 1227 жылғы қыста оның өлуі ғана әкесі екеуінің арасындағы соғысқа кедергі болған еді. Жошының мирасқоры оның ұлы Батый болды. Батый қолының Руське және Еділден батысқа қарайғы басқа да жерлерге жасаған қанды жорықтары Жошы ұлысын Алтайдан Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан, орталығы Төменгі Еділде орналасқан ұлан-байтақ мемлекетке айналдырды. Тарихи әдебиетте бұл мемлекеттің Алтын Орда деген атауы орнықты¹⁴. Алтын Орданың



Жошы ханның кесенесі. Орталық Қазақстан. XIV ғасыр.

астанасы Сарай-Бату (қазіргі Астрахань маңында) болды, кейінірек астана Сарай-Беркеге Еділ бойымен (Сарай-Батудан жоғарырақ) көшірілді.

«Алтын Орда» ұғымы біртекті емес: бір жағдайда Алтын Орда деп Батый мен оның мирасқоры Беркенің жеке иелігіндегі жерлерді, яғни Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказ, ал енді бір орайда түгелдей Жошы ұлысы айтылады.

Батый (1227—1255) зор беделге ие болды және іс жүзінде империяны өзінің қолдауымен таққа отырған ұлы хан Мөңкемен бірге биледі. Алайда Батый да, оның мирасқорлары да Алтын Орданың тағында біртұтас мемлекетті басқарушылар болмады. Жошы ұлысы үлестерге — оның көптеген ұлдарының ұлыстарына ыдырады. Өз кезегінде Алтын Ордада ұлыс жүйесі қалыптасты. Әбілғазыда (XVII ғ.) деректемеге сүйенбей келтірілген аңыз бойынша Батый «солтүстік елдеріне» — Шығыс Европаға (1236—1242) — жасаған жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін өзінің інісі Орда-Еженге былай деген: «Бұл жорықта сен біздің ісіміздің аяқталуына жәрдемдестің, сондықтан он мың отбасынан тұратын халық саған беріледі»¹⁵; енді бір аудармада «сол сенің әкең тұрған жерде»¹⁶, яғни Ертістің жоғарғы ағысында деген сөздер қосылған¹⁷. Әдет-ғұрыпқа бағып, Батый өзінің басқа бауырларына да үлес берген.

Орда-Ежен ұлысының әміршілері іс жүзінде тәуелсіз болды және өздерін Алтын Орда хандарына бағынышты деп мойындаса да, олардың құрылтай жиналыстарына бармады. «Әуел бастан-ақ, — деп жазады Рашид ад-Дин, — оның орнындағы Орда тұқымының қайсы біреуінің Батый тұқымынан тараған хандарға барған кезі болған емес, өйткені олар бір-бірінен шалғай орналасқан, сонымен қатар өз ұлысының тәуелсіз патшалары болып табылады. Бірақ оларда Батыйдың орынбасары кім болса соны өзінің патшасы әрі әміршісі санау әдеті болған және олардың есімдерін бұлар өз жарлықтарының жоғарғы жағына жазып отырады»¹⁸. Орда-Ежен ұлысына Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлер, Ертіс бойындағы кең-байтақ аймақ, Ұлытау мен Қаратауға дейінгі жерлер кірді. Ұлыстың аумағы біртіндеп кеңейе берді. XIII ғасырдың екінші жартысында-ақ Орда-Еженнің немересі Қонышаның тұрған жері деректеме бойынша Орта Сырдариядағы Жент пен Үзкент маңында болған; ұлыстың саяси орталығы осы жерге ауысқан еді¹⁹.

Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда-Ежен ұлысы дербес мемлекет болып, шығыс деректемелерінде ол Ақ Орда деп аталған. Оған билік жүргізгендер хан атағын иеленіп, олармен Батый хан және оның мирасқорлары ғана емес, сондай-ақ бүкіл империяның жоғарғы хандары да санасып отырған. Рас, кейде Алтын Орданың хандары Ақ Ордада таққа отырғандарға ел билеуге жарлық беріп отырған, бірақ мәселе осымен тынып, мемлекет істеріне нақты араласу болмаған. Алтын Орданың хандары Иран әміршілерімен үнемі дұшпандық қатынаста болғанымен, Ақ Орданың хандары XIII—XIV ғасырлар шебінде Хулагу ұрпақтарымен дипломатиялық байланыста болып, елшілер алмасып отырды²⁰.

Орда-Ежен ұлысынан батысқа қарай Шайбани иелігіндегі жерлер жатты. Шайбани ұлысының бөлінуі туралы Махмұд ибн Уәли былай деп хабарлайды: «...Шыңғыс-ханның ұлы Жошы ханның баласы Шайбани хан жеті жылдық жорықта астар, орыстар, черкестер және бұлғарлар елдерін жаулап алған кезде егтілік көрсетіп, ағасы Батый ханнан сыйлық ретінде төрт омақ алды»²¹. «Зубдат әл-асарда» осы «омақтардың» аттары келтірілген, олар: қосшы, найман, бұйрақ және қарлұқ тайпалары²². Шайбани үлесінің аумағы туралы Әбілғазы былай деп хабарлайды: «Шайбани жазда Орал бөктеріндегі, Тобыл,

Жайық, Ырғыз өзендерінің аралығындағы кең-байтақ жерлерде, ал қыста — Арал теңізі өңірінде, Шу, Сарысу өзендерін бойлап және Сырдарияның төменгі ағысында көшіп жүрген»²³.

XIII ғасырдың екінші жартысындағы — XIV ғасырдың басындағы Алтын Орданың тарихы орыс князьдықтарымен (XIII ғасырдың соңғы ширегінде ғана монғолдар орыс жерлерін қанға бояп, Руське 15 жорық жасаған)²⁴, Иранның Хулагу әулеттерімен болған үздіксіз соғыстарға толы; бұлардан Берке (1257—1266) мен оның мирасқорлары Азербайжанға және Оңтүстік Каспий маңындағы басқа да жерлерді иелену құқығына таласты. Менгу-Темір тұсында (1266—1280) Алтын Орда Монғол империясының орталығынан біржола оқшауланып, тұңғыш рет өз атынан теңге соға бастады, Орта Азия мен Жетісуда Шағатай ұрпақтарының билігін нығайту үшін ұлы ханға қарсы күресінде Хайдуды қолдап отырды.




Өзбек ханның (1312—1342) және оның баласы Жәнібектің (1342—1357) тұсында Алтын Орданың күш-қуаты барынша кемел кезіне жетті. Өзбек хан Орда-Ежен ұрпақтарын бұрынғы вассалдық тәуелділігіне қайтаруға тырысып, Сығанақта өзінің баласы Тыныбекті хан тағына отырғызды; алайда ол көп кешікпей өлтіріліп, билік Орда-Еженнің ұрпақтарына қайта көшті.

2. САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫ

Монғолдардың жаулап алуы бағындырылған елдер халықтарының әлеуметтік-экономикалық құрылысын тұтас алғанда өзгертпегенімен, олардың қоғамдық-саяси өмірі мен тұрмысына айтарлықтай өзгерістер енгізді. Отырықшылық-егіншілік өңірлердегі дінбасылары, көпестер, ірі феодалдар және көшпелі түрік шонжарлары монғол хандары мен феодалдарының тірегіне айналды, ал еңбекшілер екі жақты экономикалық және саяси езгіге ұшырады.

Монғол империясы хандық құрушы Шыңғыс ұрпақтарының бірлесіп билейтін меншікті жері деп саналды. «Сырттай қарағанда басқару мен бүкіл ел хандық дәрежесі бар бір адамға ғана сеніп тапсырылған сияқты көрінгенімен, — деп жазды Жувейни, — шындығында бүкіл ұрпағы мен немере ағалары жерді және қоғамдық дәулетті ортақтаса пайдаланды»²⁵.

Шыңғыс ұрпақтарының басшысы державаның ең жоғарғы әміршісі болып табылатын ұлы хан болды. Ол өзінің жоғарғы билігінің бірден-бір



Тараз бен Кенджденің дирхемдері. XIII ғасырдың соңғы ширегі — XIV ғасырдың басы (1,5 есе үлкейтілген).

атрибуты болған «қаан» («қаған», «хақан») деген атаққа ие болды²⁶. Ұлы ханның мемлекет басшысы ретіндегі құқықтары әскери, заң шығару және әкімшілік билігін қамтыды. Жоғарғы өкімет билігінің бірлігі идеясы империя өмір сүрген алғашқы ондаған жылдарда теңге соғудан көрініс тапты. Түрлі ұлыстардың қалаларында, оның ішінде Орта Азия қалаларында да шығарылған теңгелер, әдетте, анонимді түрде болды, оларда ұлы хан есімінің немесе өзінің таңбасының ойылып жазылуы едәуір сирек кездесетін. Алтын Ордаға келген шет жерлік елшілердің Қарақорымға жіберіліп отырғанына қарағанда, шетел мемлекеттерімен келіссөз жүргізу құқығы ұлы ханда болған.

Құрылтай. Монғол империясының саяси өмірінде Шыңғыс ұрпақтарының және көшпелі монғол шонжарларының жалпы империялық жиналысы — құрылтай (хурилтай, хурилта) зор рөл атқарды.

Құрылтай ресми түрде жоғарғы өкімет билігінің жоғары органы болды, құрылтайда ірі әскери әрекеттерге байланысты мәселелер, ішкі саясат, Шыңғыс ұрпақтары арасында өлкелерді бөлу мәселелері шешіліп отырды. Құрылтайда хан жариялау және оны салтанатты түрде таққа отырғызу рәсімдері жасалды. Құрылтайды империяның, ұлыстың басшысы немесе билік жүргізіп отырған рудың жасы жағынан үлкен мүшесі шақыратын. Оның шақырылу мерзімі күні бұрын белгіленіп, ұлыстарға адам жіберу арқылы жария етілетін. Тағайындалған мерзімде (әдетте көктемде) және белгілі бір жерге (әдетте өзен жағасына) империяның түкпір-түкпірінен «ханзадалар, күйеу балалар, ханшалар, түмен және мыңбасы, нояндар жиналды.., бұл жерге сондай-ақ олардың қол астындағы патшалар мен сұлтандар мол-мол сыйлық пен тартуларын алып келетін болды»²⁷.

Құрылтай іс жүзінде Шыңғыс ұрпақтарының, әскер басыларының және азаматтық әкімшілік қайраткерлерінің қаған мен оның айналасындағы жақындарының күні бұрын қабылдаған шешімдерін құлақтандыру әрі орындау үшін қабылдауға арналған жиналысы болды және ол империя әміршісінің билігін шектемеді. 1259 жылы Мөңке қаған өлгеннен кейін жалпы монғолдық құрылтайлар шақырылған жоқ.

Шыңғыс әулетінің және әскери-көшпелі ақсүйектердің съездері ұлыстарда да жиналды. Ибн Баттутаның деректеріне қарағанда, мұндай жиналыс Шағатай ұлысында «той» деген түрікше атауға ие болып, жыл сайын шақырылып тұрған. Ханның «той» (құрылтай) өткізуден бас тартуы қалыптасқан дәстүрді бұзу болып саналды және оған қарсы жасалған көтерілісті ақтау үшін негіз болып кетуі мүмкін еді. Ибн Баттутаның айтуы бойынша, «тойға» Шыңғыс-ханның ұрпақтары, әскер басылары, өлкелердің билеушілері мен атақты әйелдер жиналатын болған.

Ұлыстық құрылтайлар мақсаттарының бірі өзара қырқыстарға жол бермеу болды (1269 жылғы Талас құрылтайы, 1309 жылғы құрылтай). Алайда Шыңғыс ұрпақтары арасындағы феодалдық қақтығыстар тоқталмады; әрбір ханзаданың қарекеті іс жүзінде құрылтайдың шешімімен емес, оның әскери күш-қуатымен анықталып отырды.

Яса. XIII ғасырдың басында Монғол мемлекетінің құрылуы мемлекетті басқару үшін ортақ, жазбаша баянды етілген құқықтық нормалар мен заң ережелерін әзірлеу қажеттігін туғызды. Жаңа жағдайларға сай келетін, жинақталған әрі өзгерістерге ұшыраған әдеттегі құқық осы мақсатқа орайластырылды. Заңдар мен ережелердің жиынтығы Шыңғыс-ханның «Ұлы Ясасы» деп аталды²⁸.

Яса (неғұрлым толық атауы ясак, монғолша — дзасак) «қаулы», «заң» дегенді білдіреді. Жувейнидің айтуы бойынша, Шыңғыс-ханның заңдары мен қаулылары орамаларға («тұмар») жазылып, Ясаны терең білетін неғұрлым беделді ханзадаларда сақталған²⁹. Яса түпнұсқада сақталмаған және үзінділер мен мазмұны қысқаша баяндаулар түрінде ғана белгілі. Яса қаулылары туралы неғұрлым егжей-тегжейлі мағлұматтар Жувейниде және XV ғасырдағы араб жазушысы Макризиде (И. Березиннің аудармасында басылып шыққан) келтірілген³⁰. Монғолдың мемлекет басшылары үшін Яса ұзақ уақыт бойы биік бедел болып қалды³¹. Ясаның талабын орындамаған хан тұқымының мүшелері білік («білім») деген түрік сөзімен аталған Шыңғыс-ханның нақыл сөздеріне сәйкес қатаң жазаланатын еді.

Шыңғыс-хан жасаған құқық жүйесі феодалданып келе жатқан монғол қоғамының талаптары мен қажеттеріне сай келді. Онда әдеттегі құқықтың бұрынғы нормаларының феодалдық-көшпелі шонжарлардың мүдделеріне сай келетіндері, сондай-ақ жаңадан белгіленген нормалар ғана баянды етілді.

Шыңғыс-ханның Ясасы көшпелі өмірдің нормаларын ғана реттестірді. Монғолдар бағындырған елдердің көпшілігінде, оның ішінде ежелден өзінің құқықтық дәстүрі бар Орта Азияда халықты жаңа құқыққа көндіру өте-өте қиын болды. Көшпелілердің әдеттегі құқықтық негізінде әрі көбіне көшпелілер үшін қалыптасқан монғолдардың құқық жүйесі басқа жағдайларға мейлінше қолайсыз болды. Әлеуметтік-тұрмыстық және қоғамдық өмірдің, оның ішінде Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының әлеуметтік-тұрмыстық және қоғамдық өмірінің көптеген жақтары Ясада әсте де реттестірілген жоқ, ал оның жекелеген қағидалары мұсылманның діни құқығына және жергілікті халықтың әдет-ғұрпына қайшы келіп отырды. Осының негізінде Яса заңын сақтаушылар мен жергілікті халықтың арасында қақтығыстар болып тұрды, ал бұл қақтығыстар әдетте жергілікті халықты қайғы-қасіретке душар етті.

Алайда, уақыт өткен сайын Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі-әскери үстем тап мұсылман мәдениеті мен мемлекеттігінің дәстүрлерін көбірек қабылдап, өз өмірінде Ясаның қағидаларын орындауы кеми берді. Хамдаллах Казвинидің айтуы бойынша, «монғолдардың қалада тұратын дәстүрі жоқ, мұның өзі Шыңғыс-ханның Ясасына қарсы»³². Солай бола тұрса да, нақ осы талапты Шыңғыс ұрпақтарының өздері Жошы ұлысында да, Шағатай ұлысында да неғұрлым жиі бұзып тұрды.

Ұлыстардың мемлекеттік-әкімшілік құрылысы. Жоғарыда айтылғанындай, Монғол империясы бүкіл хан тұқымының иелігі болып саналды. Билігі жүріп тұрған тұқымның әрбір өкілі қолөнершілердің белгілі бір тобын және империяның жалпы аумағынан егіншілік аймағын алып отырды; олардан түскен пайда сарай мен әскердің қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдаланылды. Бұл орайда Шыңғыс ұрпақтары өздеріне бөлінген жұрттарда — жазғы және қысқы көшім-қонымға арналған аумағында өз ұлысының адамдарымен бірге тұруға тиіс болатын. Олар отырықшы өлкелерді басқаруға және халықтан салық жинауға араласа алмайтын; бұл міндет ұлы хан, ал сонан соң жергілікті әкім тағайындайтын ерекше адамға жүктелетін еді.

Монғолдар құрған мемлекеттердегі жоғары сословие Шыңғыс ұрпақтары бастаған түрік-монғол көшпелі шонжарларынан тұрды. Бастапқыда әскери билік азаматтық биліктен бөлек болатын. Ұлыстардағы азаматтық өкімет, әдетте, жергілікті ақсүйектер өкілдерінің қолында болды. Шыңғыс-ханның тұсында да, оның мирасқорлары тұсында да монғолдар басқа тайпалардың

білімділерін чиновниктер ретінде пайдаланып отырды. Алтын Орда мен Шағатай ұлысының хандары ислам дініне кіргеннен кейін де мемлекеттік кеңселердегі іс жүргізу едәуір дәрежеде түрік жазуымен, дәлірек айтқанда, орта ғасырлардағы ұйғыр жазуымен жүзеге асырылды³³. Шағатай ұлысының отырықшы өлкелерін азаматтық тұрғыдан басқару Хорезмде туып-өскен мұсылман көпесі Махмұд Жалауашқа тапсырылды. Монғолияның өзінде және Шағатай ұлысында болған бүкіл төңкерістерге қарамастан, Махмұд Жалауаштың әулеті XIV ғасырдың басына дейін Орта Азиядағы отырықшы өлкелердегі азаматтық басқаруды өз қолында ұстап тұрды. Махмұдтың баласы Масудбектің тұсында Шағатай ұрпақтарының мемлекетінде ақша шаруашылығын тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар жүзеге асырылды³⁴.

XIV ғасырдың басына дейін Жетісуда Шыңғыс ұрпақтары көшпелілердің басшылары болып қала берді және Мауараннахрдың ішкі басқару ісіне тікелей араласпады.

Жекелеген өлкелер мен қалаларда (Бұхара, Отырар, Шаш, Ходжент, Ферғана, Талас, Алмалық және т. б.) азаматтық басқару билігі монғолдар жаулап алғанға дейінгі түрік әулеттерінен шыққан, арабтың «мәлік» деген лауазымымен аталған жергілікті әкімдердің қолында болды³⁵. Бағындырылған қалаларда мәліктермен бірге монғол даруғалары (даругашылар) отырды. Жаулап алғаннан кейінгі алғашқы кезде даруғалар жеңгендердің жергілікті жерлердегі әскери билігін атқарды, кейіннен оларға мемлекеттік қазына мақсатында үнемі жүргізілетін халық санақтарын өткізу, әскер жинау, почта қатынасын ұйымдастыру, салық жинау және оны сарайға жеткізіп беру сияқты міндеттер жүктелді³⁶. Басқарудың мұндай тәртібі негізінен алғанда XIV ғасырдың басына дейін сақталды.

XIV ғасырда Шағатай ұрпақтары мемлекетінің мемлекеттік-саяси өмірінде елеулі өзгерістер болды. Мемлекетті саяси орталықтандыруға бағытталған, Кебек хан жүргізді делінетін реформалар арқылы жергілікті мәліктердің еркін құқықтары жойылды, ел түмендер деп аталатын ұсақ әкімшілік бөліністерге бөлініп, оларды көшпелі түрік-монғол шонжарларының өкілдері басқарды³⁷.

Мемлекеттегі ақша шаруашылығының жайын, сондай-ақ хулагулық Иран және Алтын Ордада ақша жүйесін ұйымдастыру тәжірибесін ескере отырып, 1321 жылы жүргізілген ақша реформасының нәтижесінде, билік жүргізіп отырған Шағатай ұрпағының атынан соғылатын жаңа жалпы мемлекеттік күміс ақша «кебеки» динарлары енгізілді³⁸. Алайда феодалдық қақтығыстар, хан билігінің әлсіреуі Кебек хан реформасының нәтижелерін жоққа сайды. Елді басқару іс жүзінде жергілікті билеушілердің қолында болды, бар айырмашылығы — әкімшілік басқару жүйесінде бұрынғы билеушілердің орнына көшпелі түрік-монғол тайпаларының басшылары келді.

Алтын Ордада Жошы ұлысының мемлекеттік құрылысының түп негізі сақталды. Жошы ұрпақтарының мемлекеті саяси құрылысы жағынан ұлыстарға бөлінген, өз кезегінде ұлыстары неғұрлым ұсақ үлес-иеліктерге бөлшектенген әдеттегі көшпелі мемлекет болған еді.

Алтын Орданың ішкі басқару жүйесінде қызмет адамдарынан, сондай-ақ көшпелі, әскери шонжарлардан құралған әкімшілік-чиновниктік аппарат маңызды орын алды³⁹, олардың ішінде түрік халықтарынан шыққандар — қыпшақтар, ортағасырлық ұйғырлар, Еділ бұлғарлары мейлінше елеулі рөл атқарды. Армияны және мемлекеттің ішкі істерін тікелей басқару үшін ерекше

лауазымдар белгіленді, сөйтіп Жошы ұрпақтарынан шыққан хан әдетте «жағдайдың егжей-тегжейін байыптамай-ақ», «өзіне баяндағанмен ғана қанағаттанды, бірақ алым жинау мен жұмсауға қатысты жекелеген жайларға зер салмады»⁴⁰. Хан атынан бүкіл әскери істі беклар-бек басқарды, ал азаматтық биліктің басы уәзір болды.

Беклар-бек әскери өкіметтің өкілі ретінде «патшалар мен сұлтандардың кеңесшілері» — уәзірден дәреже жағынан жоғары тұрды; ол сондай-ақ басқа мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды басқарды және негізгі әмір ретінде азаматтық істерді шешкен кезде жоғары сот билігін өз қолында ұстаған болса керек⁴¹. Беклар-бек әкімшілік-аумақтық бөліністерді басқарған ұлыстың негізгі төрт әмірінің құрамына кірді. Уәзір орталық үкіметтің атқарушы өкіметінің басшысы, мемлекетті азаматтық тұрғыдан басқару ісінде ханның кеңесшісі болды. Әл-Омаридың деректеріне қарағанда, уәзір наместниктерге бұйрық беріп отырған және «нағыз сұлтан сияқты ақша жағына жеке билігін жүргізді, беклар-бектің әскери істе жеке өзі билік жүргізетіні сияқты (нақ солай), тіпті ең маңызды істерде басқару мен ауыстырып отыру билігінде жүргізіп отырды»⁴².

Алтын Орда мемлекетін басқару жүйесінде даруғалар мен басқақтар маңызды орын алды. Даруғалар негізінен салық жинаумен шұғылданды, басқақтар басқару міндетін де атқара отырып, жергілікті халыққа әскери бақылауды жүзеге асырды. Кейбір жергілікті жерлерде олар салық жинау хақысын алушылар ретінде де көрініп отырды.

Атқарушы өкіметтің орталық органы диуанның қарауында қаржы, салық және басқа ведомстволар болды, диуанның бітікші деп аталатын хатшылары болды.

Чиновниктік аппараттың пайда болуы, көшпелі-әскери шонжарларды мемлекеттік және әкімшілік істерге тарту жаңа жағдайларда өзінің маңызынан айрылған кейбір көшпелі әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ығыстыруға ықпал етті, бірақ тұтасымен алғанда Алтын Орда мемлекетінің барған сайын орныға түскен феодалдық қатынастарға сай болған көшпелі әскери сипатын өзгерте қойған жоқ.

Орасан зор аумақты басып алған Алтын Орда билеушілерінің егіншілікті және қалалық мәдениет аймақтарын басқару жөнінен тәжірибесі болмады. Сондықтан Алтын Орда хандары әуел-бастан-ақ сауатты және даярлығы бар адамдардан орасан үлкен чиновниктік аппарат құруға мәжбүр болды, ол қызметтегілер негізінен мұсылмандар (хорезмдіктер, ирандықтар, түркі-бұлғарлар, қыпшақтар, қарлұқтар, қанлылар) немесе буддистерден (орта ғасырлардағы ұйғырлар, тибеттіктер, қытайлар) тұрды. Алтын Орда бодандарының басым бөлігін түрік халықтары, Қазақстанның, Еділ бойы мен Қара теңіз өңірінің монғолдар бағындырып алған половец-қыпшақтары, Хорезм мен Еділ Бұлғариясының тұрғындары және орыс князьдіктерін мекендеушілері құрады, олардың арасында шығыс славяндары және олармен ішінара сіңісіп кеткен угро-финдер басым болды. Ақсүйек және азын-аулақ тандаулы әскер болған монғолдардың өздері едәуір тез арада өздерінің неғұрлым мәдениетті бодандарының ықпалына түсіп, XIII ғасырдың аяғына қарай-ақ олардың түркі тіліне көшті, ал сонан соң ислам дініне де кірді.

Алтын Орданың тарихтағы рөлін бағалау, тіпті оның атауын анықтау жөнінен тарихшылардың пікірлері осы кезге дейін алшақ болып келеді. Жақын араға дейін отандық тарихнамада Алтын Ордаға, оның тарихтағы рөліне

теріс көзқарас орын алып келген еді. Дегенмен де басқаша пікірлер де болды, атап айтқанда В. В. Бартольд сияқты танымал шығыстанушының пікірі басқаша болатын. Ол былай тұрсын, түрлі авторлар Шығыс Европада Қытайға дейінгі бүкіл Евразияда монғолдар жаулап алғанға дейінгіден гөрі әлдеқайда зор саяси тұрақтылық орнағанын атап өткен⁴³. Алтын Ордадағы бағындырылған халықтардың наным-сенімдеріне ұстамдылық көрсеткен билеуші ақсүйектердің діни ізденістері мәлім. Алтын Орда хандары өздері ислам дініне кіргеннен кейін де діни ұстамдылық көрсетті.

Алтын Орда өзгермей қалған жоқ, мұсылмандық Шығыстан көп нәрсе: қолөнер, сәулет өнерін, моншаны, изразецтер, өрнекті безендіру, әшекейлі ыдыс, парсы өлеңдерін, араб геометриясы мен астрологиясын, қарапайым көшпелілерге қарағанда неғұрлым жетік мінез-құлық пен талғам алып, үйренді. «Орда мәдениеті белгілі бір мұсылмандық-жерортатеңіздік сипатқа ие болды» деп санайды, батыстың белгілі шығыстанушысы К. Босворт, бұған Алтын Орданың XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың бірінші жартысында Анатолиямен, Сириямен және Египетпен кең әрі тығыз байланыс жасауы себепші болды.

Алтын Орданың астанасы Сарай мен оның басқа да қалаларында көптеген қалалардың өкілдері тұрды. Сарайда бәрі де дамып, қалыптасу үстінде болатын, онда әр түрлі діндер мен мәдениеттер тоғысты, Алтын Орда сарайында түрлі нанымдағы миссионерлер арасында пікірсайыстар өткізіліп, оларға Мұхаммед, Христос, Будда дінін ұстаушылар белсене қатысты. Ордалықтар өздері жаулап алған елдерден тұтқын етіп айдап әкелген он саусағынан өнер тамған шебер қолөнершілер Алтын Орда қалаларын салуға және Алтын Орданың синкретикалық мәдениетін жасауға қатысты.

Бір қызығы, мемлекеттері Алтын Орданың қираған жұртында пайда болған Қазақ хандығының билеушілері және Москваның ұлы князьдары мен патшалары XVII ғасырдың аяғына дейін мұсылман падишалармен алтынордалық хаттама дәстүрінде ресми хат жазысып тұрған, мұның өзі олардың орда рәміздерін жат бір нәрсе деп қабылдамай, етене, дағдылы түрде пайдаланғанын дәлелдейді⁴⁴.

Жалпы Шыңғыс-хан империясының, атап айтқанда, Алтын Орда мен Шағатай ұлысының мұрасы XVI—XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығынан да, сондай-ақ сол кезеңдегі Орта Азияның, Сібірдің, Еділ бойының, Солтүстік Кавказдың, Қырымның түрік мемлекеттерінен де көрінді. Атап айтқанда, бұл қазақ қоғамының қоғамдық-саяси құрылысынан көрініс тапты, онда сұлтандардың жоғарғы тобы әкеден балаға ауысқан Шыңғыс-хан тұқымдары — Шыңғыс ұрпақтарынан құралды, хан тағын тек солар ғана иеленетін болды. Бұл орайда Шыңғыс ұрпақтарының бұл құқығы орын алған этникалық және мемлекеттік шекараларға байланысты болмады: Шыңғыс-хан империясының дәстүрлері белгілі бір дәрежеде сақталған кез келген жерде хан атағынан дөмете алатын еді. Сондықтан қазақ арасындағы Шыңғыс ұрпақтары бірде қарақалпақтар мен қырғыздардың падишахы рөлінде, бірде Бұхара мен Хиуа хандары рөлінде үстемдік етіп отырды. Шыңғыс ұрпақтарының мазмұны мен сипаты жағынан саяси, «генеалогиялық құқыққа» ғана негізделген билігінің, сірә, ұлттық мәні болмаса керек.

Кезінде Шыңғыс-хан Ясасының монғол заңдары жинағының құрамына енген және XVII ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында мағынасын жоғалтпаған халық ғұрпының кейбір дәстүрлі нормалары қазақтардың заң ескерткіші —

«Жеті жарғының» (Тәуке ханның «Ережесі» немесе «Зандары») бір бөлігін құрауы ықтимал.

Қазақ мемлекеттігінің өз негізінде дамығаны, ертедегі түрік мемлекеттігінің дәстүрлі жалғасы болғаны күмәнсіз⁴⁵. Мұны Алтын Орда да айқын дәлелдейді. Алтын Орданың, алғашқы кезекте Қазақстан мен Ресей тарихының барысына ықпалының сан қырлы екені, Орда ықпалының алуан түрлі, қайшылықты және уақыты жағынан ұзақ екені туралы, олардың өз кезегінде отандық және дүниежүзілік тарихнамада Алтын Орда кезеңінің аталған елдер тарихы үшін маңызы жөнінде дау туғызғаны туралы⁴⁶ көп айтуға болады.

3. ЖАУЛАП АЛУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

Шыңғыс-хан әскерлерінің шапқыншылығы жаулап алынған елдер үшін өзінің зардабы жағынан ауыр апат болды; ол көптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси, әлеуметтік және этникалық дамуын ұзақ уақыт тоқыратты⁴⁷. Монғолдардың жаулап алуы салдарынан өндіргіш күштер талқандалып, адамдар жаппай қырылды, өркендеп тұрған қалалар жер бетінен ғайып болып, материалдық және мәдени қазыналар жойылып кетті, ондаған мың тамаша шеберлер мен қолөнершілер құлдыққа айдалды. Араб тарихшысы Ибн әл-Асир монғолдардың жаулап алуы туралы «бұл күн мен түн болғалы болып көрмеген, жаратылғанның бәрін жайлаған орасан кесапат болды... жылнамаларда бұл секілді апаттың болғаны айтылмаған» деп жазды⁴⁸.

Қалалардың қирауы. Жергілікті халықтың қарсыласуын басу үшін Шыңғыс-хан жаппай қырып-жою және күштеу, тұтас бір аудандардан түк қалдырмау әдістерін қолданды. Шыңғыс-ханның Орта Азияға баратын жолында жатқан Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңіріндегі қалалары мен қоныстары бұл әдістердің алғашқы құрбандары болды. Монғол әскерлері отпен өртеп, қылышпен қырып, өзіне жол ашып отырды. Араб және парсы деректемелері түрлі елдердің халқын монғолдар түгелдей дерлік қырып тастаған отызға тарта қалаларының атын келтіреді⁴⁹, олардың ішінде Оңтүстік Қазақстанның Отырар, Сығанақ және Ашнас қалалары айтылады.

Жоғарыда айтылғанындай, Отырар тұрғындары мен оның гарнизонының алты ай бойы қарсыласқаны үшін қаталдықпен кек алынды — монғолдар қаланы тонады, қамал мен қорғанның дуалын қиратты, қаланың тірі қалған тұрғындарының көпшілігін қырып тастады. Отырар тұрғындарының шағын бір бөлігі, «қылыштан қашып құтылғандары» ғана тұтқынға алынып, қаланы қоршауға алған кезде пайдалану үшін Самарқанд маңына айдап әкетілді. Сығанақты жеті күн бойы үздіксіз шабуыл жасап алғаннан кейін басқыншылар оның халқын түгел қырып тастады⁵⁰. Сырдарияның төменгі ағысындағы Ашнастың халқы да осындай жағдайға душар болды. Бұл ауданның басқа қалаларында — Жентте, Үзкентте және Баршынлыкентте халықты мұншалықты қыру болған жоқ, бірақ бұл қалалар да монғол әскерлерінің талап-тонауына берілді⁵¹. Оңтүстік Қазақстанның басқа отырықшы-егіншілік орталықтарының халқы да зардап шекті. Папа IV Иннокентийдің Күйік ханға жіберген елшісі 1245–1247 жылдары Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан арқылы жүріп өткен. Плато Карпинидің байқаулары осыны дәлелдейді. Атап айтқанда, Сырдария ауданында ол және оның серіктері жермен жексен болған көптеген қалаларды, қирап қалған бекіністерді және қаңырап қалған қыстақтарды көрген⁵². Шапқ-

ыншылықтан қалалар мен олардың төңірегіндегі халықтар ғана емес, сонымен бірге көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың халқы да зардап шекті. Сол Платано Карпини былай деп атап көрсетті: «Біз қанғиттердің жеріне аяқ бастық... Бұл жерден, сондай-ақ Команиядан біз аяқ астында тезекше шашылып жатқан сансыз адамдардың бас сүйектері мен қаңқаларына тап болдық... Бұл адамдар, командар да, қанғиттер де, жер өндемеген, малмен күн көрген, олар сондай-ақ үй салмастан, шатырларда орналасқан. Татарлар оларды да қырып-жойған, енді өздері солардың жерінде тұрады, ал тірі қалғандарын құл қылып алған»⁵³. Монғол жаулап алушыларына қарсы күрескен халықтың тағдыры осындай болған.

Жетісуда шаруашылықтың құлдырауы. Монғол феодалдары үстемдігі орнауының ауыр зардаптары ешбір ұрыссыз-ақ басып алынған деуге болатын Жетісу жеріне де ауыр тиді. Шыңғыс-ханның шабуылына дейін-ақ үздіксіз соғыстарда күйзеліске ұшыраған бұл шағын аймақтың халқы жаулап алушыларға қарсылық көрсете алмады. Сондықтан мұнда шабуыл кезінде қалаларды тікелей жойып жіберу болмаған сияқты. Алайда жазбаша деректемелер мен археологиялық мәліметтер Жетісудағы қала мәдениеті мен отырықшы-егіншілік мәдениеттің едәуір бүлінгенін, егістік үшін игерілген жерлердің өлкеде монғол үстемдігі орнығуынан кейінгі алғашқы ондаған жылдарда-ақ жайылымға айналдырылғанын дәлелдейді.

Француз королі ІХ Людовиктің монғол ханы Мөңкеге жіберген елшісі Рубрук монғол шапқыншылығынан кейін отыз жылдан сәл астам уақыт өткен соң, 1253—1255 жылдары Қазақстан аумағы арқылы өтіп бара жатып, егіншілік мәдениеттің күйрегені туралы, Жетісудағы, атап айтқанда Іле алқабындағы қалалардың ғайып болғаны туралы алғашқылардың бірі болып мағлұматтар қалдырған. Ол былай деп жазған: «Біз оң жағын биік тау қоршаған, ал сол жағында айналасы 25 күншілік теңіз бе, әлде көл ме, шалқып жатқан өте әсем жазықпен жүрдік. Бұл жазық таудан басталып әлгі аталған теңізге келіп құйып жатқан сумен түгелдей тамаша суландырылған. Жазда бұл теңіздің (яғни Балқаштың. — *Ред.*) солтүстік беткейі арқылы қайттық, бұл беткей де таулы болып келеді. Жоғарыда аталған жазықта бұрын көп қала болған, бірақ олардың көпшілігін өздерінің малын бағуға жағдай жасау үшін татарлар [монғолдар] қиратып жіберген, өйткені онда ең тамаша жайылымдар болған»⁵⁴.

Бір кезде гүлденіп тұрған, халқы жиі қоныстанған, қала мәдениеті дамыған әрі отырықшы-егіншілік және мал шаруашылығы бар Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағы өзінің бұрынғы экономикалық, саяси және мәдени маңызынан тез айырылды. Мұның бірнеше себебі болған еді.

Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзінің географиялық жағдайына байланысты монғол жаулап алушылары үшін маңызды стратегиялық өлке болып шықты. Бұл аудан басып алынған жерлерде пайда болған неғұрлым ірі үш монғол ұлысының орталығына айналды, ал оның аумағы осы ұлыстар арасында бөліске түсті: Жошы ұлысына Балқашқа жақын жатқан Жетісудың бір бөлігі тиді; Іле өзенінің алқабы, Оңтүстік Қазақстанның егіншілікті жазираларына қоса Шу, Талас өзендерінің аралығы Шағатай ұлысының құрамына кірді; Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі Үгедей ұлысынан шалғай болса да, маңызды бөлігін құрады, ал Үгедейдің ордасы Тарбағатай ауданында орналасқан еді.

Жошы мен Шағатайдың адамы көп «ордулары», яғни сарайы, нөкерлері, қалың әскері бар негізгі ордалары да Жетісуда орналасты. Бірнеше ондаған

жылдар бойында жаулап алынған жерлерде «көшпелі мал шаруашылығының басымдығын» нығайтқан көшпелі монғолдар тобы осылай қарай ағылды⁵⁵. Ұлыстар құрылғаннан кейін Жетісуға көшпелілердің қалың топтарының келіп қоныстануы салдарынан егіс танаптары, өңделетін жерлер күрт азайып, экономиканың көшпелі мал шаруашылығы секторы отырықшылық секторы есебінен күшейе түсті. Елді мекендерді қирату, егістікті малға таптату, бау-бақшаны, ирригациялық жүйелерді жойып жіберу, отырықшы-егінші халықтың қырылып, босып кетуі, оның көрші қалалармен және егіншілікпен шұғылданатын өлкелермен, соның ішінде, Оңтүстік Қазақстанмен экономикалық байланысының күрт тарылуы – осының бәрі Жетісудағы қалалар тіршілігінің экономикалық негізін әлсіретті. Көшпелі мал шаруашылығы егіншілікті ығыстырып шығарды, егіншілік болмаған соң қалалар құлдырап кетті⁵⁶.

Монғол ұлыстарындағы, әсіресе Шағатай ұлысындағы саяси жағдайдың орнықсыздығы да Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы шаруашылықтың құлдырауына себепші болды. Жаулап алушылар қатал билікті де, заңдылықты да, берік бейбітшілікті де орната алмады. Шағатай ұлысында, оның үстіне негізінен Жетісу аумағында хан билігінен дәмеленушілер арасында Шағатай ұрпақтарының арасында ғана емес, Жошы мен Үгедей ұрпақтарының арасында да толассыз соғыстар жүріп жатты. Рашид ад-Дин былай деп атап көрсетті: «XIII ғасырдың 60-жылдарында Арығ-Бұға әскерлерінің халықты қысқаны соншалықты, Іле алқабында ашаршылық басталып, көптеген халық қырылып қалды»⁵⁷. Шағатай ұлысының аумағында 1269 жылы ұлы ханға тәуелсіз Хайду мемлекеті құрылғаннан кейін мұның пайда болуының өзі жергілікті феодалдық үстем таптың белгілі бір ықпалының қалпына келгенін білдірген-ді, жергілікті отырықшы-егінші халықты одан әрі күйзелуден сақтауға әрекет жасалды (Таласта болған құрылтайда), бірақ олар ешқандай нәтиже бермеді⁵⁸. Махмұд ибн Уәли өзара жауласқан бұл соғыстар туралы былай деп жазды: «Ол кездерде... көптеген адам қырылды, өлкелер қаңырап бос қалды, иеліктер (иқта) сағымға айналдырылды, ал егістік танаптар құрғап қалды. Ешбір жерде ешқандай да маңызды іс ілгері басып, тиянақ тапқан жоқ. Бұдан басқа [өзара жауласқан] ұрыстар мен шайқастарда жауласқан екі жақ бірдей көптеген жауынгерлерінен айрылды, ат-көліктен қоң кетіп, көтерем болды. Екеуінің де [Хайду мен Дува ұрпақтарының] қазынасы қаңырап, қалалар мен құрылыстар қиратылды, ал адамдар оларды тастап, қаңғыбастарға айналды»⁵⁹.

XIV ғасырдың ортасына қарай Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзінің ежелгі қалалы және отырықшы-егіншілік мәдениеті бар өлкеден көшпелі әрі жартылай көшпелі мал шаруашылығы басым ауданға (оңтүстік-батыс аудандарынан басқа) айналды. Мұны көзімен көрген XIV ғасырдың бірінші жартысындағы араб географы әл-Омари бұл туралы әбден түсінікті мынадай мағлұмат келтіреді: «Түркістаннан енді азды-көпті сақталған үйінділерді ғана табуға болады. Алыстан жақсы салынған мекенді көресің, айналасы жасыл желекпен көмкерілген. Оған жақындап келгенде тұрғындармен жүздесерміз деп үміттенесің, бірақ үйлер қаңырап бос тұрады. Елдің бүкіл тұрғындары – көшпелілер және егіншілікпен мүлде айналыспайды»⁶⁰. Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат кейінірек былай деп атап көрсетті: «Моғолстанның кең-байтақ жерінде қандай да болсын елеуге тұрарлық бір қала немесе қыстақ сақталмаған, бұрын мұнда болған қалалар туралы барлық мәліметті өз уақытындағы кітаптардан немесе аңыздардан ғана білуге болады, ал қайсыбір қаланың орналасқан жерін енді ешкім де білмейді»⁶¹.

Монғол шапқыншылығына дейін Іле өзенінің бассейніндегі айтарлықтай қала қазіргі Алматының орнында, Іле Алатауының баурайында орналасқан Алмату (Алматы) қаласы болды⁶². Захир ад-дин Бабырдың шығармасында былай делінген: «Солтүстігіне келетін болсақ (яғни, Ферғанадан солтүстікке қарай. — *Ред.*), бұл жақта бұрын Алмалық, Алмату және кітаптарда Тараз деп жазылып жүрген Янги қалалары болған, алайда оларды біздің уақытымызда монғолдар мен өзбектер қиратып жіберген, сондықтан онда ешқандай да отырықшылықтың ізі қалмаған»⁶³. В. В. Бартольдтың топшылауынша, Бабырға дейін жазған саяхатшылар мен тарихшылар Алматуды басқа атпен атаған⁶⁴. Мұхаммед Хайдар Алматуды өлкедегі «кеңінен танымал жерлердің» біріне жатқызады, бәлкім ол қирап кеткендігі туралы Бабыр айтып отырған бұрынғы Алмату қаласының орнын айтқан болса керек. Шараф ад-дин Әли Йазди де Алматуды енді қала деп атамайды. Темір әулетінің басқа да тарихнамашылары сияқты, бұл автор да XIV ғасырдың аяғындағы Жетісуда болған оқиғаларды суреттей келіп, Шағатай ұрпақтарының бұрынғы астаналық орталығы Алмалық туралы ештеңе де айтпайды. XIV ғасырдың ортасына қарай ол да өзінің маңызынан айрылды.

XIV ғасырдың екінші жартысы — XV ғасырға орайлас деректемелерде Қойлық, Эквиус⁶⁵ (соңғысын В. В. Бартольд, А. Н. Бернштам және басқалары Ілебалық деп санайды) қалалары туралы ешнәрсе айтылмайды, тек қана Уәйіс хан XV ғасырдың 20-жылдарында қалмақтармен (ойраттармен) күрес кезінде өз ордасын «Ілебалыққа» көшіреді, ол XIV—XV ғасырлар шамасында-ақ өмір сүруден қалған ежелгі қаланың ауданы болуы мүмкін; ал басқа шығармаларда Ілебалық өлкесінде «қала да, құрылыс та жоқ, оның барлық тұрғыны — көшпелілер» делінеді⁶⁶. Мұны Темір ұрпақтары дәуіріндегі шығармалар да құптайды, олардың біреуінде де бұл қала туралы ештеңе айтылмайды. Ол туралы Мырза Хайдар да мағлұмат келтірмейді. Тегінде Жетісудағы басқа қалалар сияқты, Ілебалық та XV ғасырдан көп бұрын өмір сүруден қалған болуы керек.

Жазбаша деректемелерге, нумизматикалық деректер⁶⁷ мен археологиялық материалдарға қарағанда, Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігінде шаруашылық әжептәуір құлдыраса да, XIII—XIV ғасырларда мұндағы жағдай біршама басқаша болған. Бұрын отырықшы-егіншілік мәдениеті дамыған, монғолдарға дейінгі уақытта 200-ге тарта елді мекен болған бұл ауданда XIII—XIV ғасырларда жиырмадан аспайтын шағын қоныстар ғана қалған. Атап айтқанда, XIV ғасырдан кейін Шу алқабындағы жеті қоныстан Аспара ғана тіршілігін тоқтатпаған⁶⁸.

XIV ғасырдың оқиғаларын сипаттайтын деректемелерде Янги-Тараз бірнеше дүркін, бірақ көбінесе қала ретінде емес, уәлаят ретінде сөз етіледі⁶⁹. Өзінің еңбегін XIV ғасырдың бірінші жартысында жазған әл-Омари Янги деген атау төрт қалаға қатысты болған деп түсіндіреді: «Янги дегеніміз төрт қала. Олардың әрқайсысының бірімен-бірі арасындағы қашықтық бір фарсахтан, әрбір қаланың өз аты бар. Бірі — Янги, екіншісі — Янги-Балық, үшіншісі — Кенджек, соңғысы — Тараз»⁷⁰. Араб географының бұл хабары, әрине, неғұрлым ертерек кезеңге — XIII ғасырға қатысты, өйткені Янги («Жаңа») деген ат, Мұхаммед Хайдардың айтуы бойынша, монғолдар тұсында пайда болған⁷¹. Тараздағы тіршіліктің біртіндеп өшуі XIV—XV ғасырларға қатысты. Ұлықбектің тұсында бұл жерде Темір әулетінің әскерлері тұрған, сөйтіп халықтан тағар (әскерді ұстауға арналған салық) жиналған, бірақ бұл

оқиғалар туралы жазған Мирхонд бен Абд әр-Раззақ Самарқанди Янгиді (немесе Янги-Таразды) қала деп атамайды. Захир ад-дин Бабырдың (XVI ғасырдың басы) Тараз Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның басқа қалалары сияқты қиратылған және онда «ешқандай да отырықшылық қалмаған» деген мәліметі жоғарыда келтірілген болатын. Бабырдан кейінірек өмір сүрген Мұхаммед Хайдар оның сөздерін қайталайды: «Янги, оның аты тарихи кітаптарда Тараз деп жазылып жүр» дейді де, бұл пікірін XVI ғасырда-ақ Тараздың қайда болғандығын дәл анықтау мүмкін емес деген түсіндірмемен былай деп толықтыра түседі: «Моғолдар Таразды «Янги» деп атайды. Янги — Моғолстандағы белгілі жер. Бұл қаладан шыққандар (оларды янгиліктер деп атайды) Мауараннахрда көптеп кездеседі. Дала өңірінде олар Янги деп атайтын қалалардың жұрты көп кездеседі, олардың күмбездерінің, мұнараларының, ханақы мен медресесінің қалдықтары сақталған, бірақ бұл қалдықтардың қайсысы Янги болғаны және басқа қалалар қалай аталғаны белгісіз»⁷².

Шу аңғарындағы ежелгі ірі қала — Баласағұн құрып кетті. Мұхаммед Хайдар былай деп жазады: «Енді тіпті Баласағұнның аты қатысты жер де беймәлім, оның қалдығының қайда екені де белгісіз»⁷³. В. В. Бартольдтің пікірі бойынша, Баласағұн XIV ғасырдың басына дейін де белгілі болған, бірақ өзара кескілескен соғыстар кезінде басқа қалалармен бірге біржола қиратылып жіберілген⁷⁴.

Оңтүстік Қазақстаннан айырмашылығы, Жетісу мен Тянь-Шань өңірі аумағының көпшілік бөлігінде қала және отырықшы-егіншілік мәдениеттің құрып кету зардаптары кейінгі бес ғасырға жуық уақыт бойы жойылмады. Ешқандай табиғат, климат өзгерістері болмай-ақ, бұл өлке кенеттен қуаң және шөлейт далаға айналғандай, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының өңірі болды.

Монғолдар жаулап алуының әлеуметтік зардаптары. Нақ әлеуметтік-саяси факторлар: монғол жаулап алушыларының шапқыншылығы, Қазақстанның оңтүстік-шығысының аумағында көшпелілердің едәуір мөлшерде қоныстануы, монғол ақсүйектерінің саяси билігінің орнығуы, ақырында, монғол ұлыстарында, әсіресе XIII ғасырдың екінші жартысы — XIV ғасырдың бірінші жартысында Шағатай мемлекетінде болған толассыз өзара қырқыстар қала мәдениетінің құлдырауына әкеліп соғып, аймақтың шаруашылық құрылымын түбірімен өзгертті.

Монғолдардың жаулап алуы шаруашылықтың жайына ғана теріс әсер етіп қана қойған жоқ, ол қоғамдық дамуды да тежеді, ол былай тұрсын, жаулап алынған елдердің, оның ішінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылысында елеулі кері кетушілік те туғызды. Қоғамдық қатынастарда ең мешеу нысандар орнықты, құл иеленушілік уклады (қолға түскен мындаған адамдар құлға айналдырылды) кең етек алды. Егіншілік пен қала мәдениетінің күрт құлдырауының, шаруашылықта экстенсивті көшпелі мал шаруашылығының үлес салмағы арта түсуінің салдарынан қоғамның әлеуметтік даму (феодалдану) процесі тежелді.

Монғолдар жаулап алған егіншілік мәдениетті елдердегі, оның ішінде үлестер, шартты түрде жер сыйлау жүйесімен қоса феодализм қараханилер тұсында-ақ дамыған Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстандағы қоғамдық қатынастарға елеулі жаңалық енгізген жоқ. Бағындырылған отырықшы-егіншілік өлкелердің халқын ешбір шектеусіз жыртқыштықпен қанауды одан әрі жүргізу мүмкін еместігіне уақыт өте келе көзі жеткен монғол билеушілері (әсіресе

жоғарыда айтылып өткен екінші бағыттың өкілдері) одан мемлекетті ұйымдастыру және отырықшы халықты қанау саласында бірталай нәрсені бірте-бірте алып пайдаланғаны сияқты, жер иелену мен жерді пайдаланудың көптеген сипаттарын да үйренуге мәжбүр болды. Олардың ішінде біртіндеп сойырғалға ұласқан икта институты, вақф (мұсылман дінбасыларының жерлері), мильк (жер иеленудің жеке меншік түрі) және басқалары бар еді. Қанаудың тағылық деректі нысандары бірте-бірте экономикалық нысандармен ауыстырылады, салық салуды реттеу жүйесі енгізілді.

Қырдағы мал шаруашылығы аудандарында монғолдардың жаулап алуы ертедегі таптық, феодалдық қатынастардың нығаюы мен сол қалпында қалуына әкеп соқты. Жаулап алынған жерлерге халықты әкімшілік-әскери тұрғыдан ұйымдастырудың ондық жүйесі, вассалитеттің өзіндік жүйесі таратылды. «Әрбір ноян «жүздікті», «мындықты», «түменді» мұралық иеленуге ала отырып, ең алдымен Монғол империясы бөлінген үлес-ұлыстардың бірінің иесі ханзаданың вассалы, ал содан соң империяның және монғол әскерлерінің басшысы ретінде монғол императорының вассалы болды»⁷⁵. Бағындырылған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі халқы Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстарына кіріп, олар да ондыққа, жүздікке, мындыққа, он мындыққа бөлінді. Олар монғол ақсүйектерінің жаңа үлестері (лендері) және жаңа әскери бөліністер болды⁷⁶. Бұлайша бөлу жергілікті халықтың рулық-тайпалық құрылымын ескере отырып жүргізілді, сондықтан мұның өзі оның ұзақ уақыт бойы орнығуына себепші болған маңызды фактор еді.

Бағындырылған халық хан үйіне тиесілі деп саналды, оларға ауыр салықтар салынып, міндеткерліктер жүктеліп отырды. Әскери міндеткерлік өте мөте ауыр болды — жоғарыда аталған ұйымдастырудың ондық жүйесіне сәйкес халық монғол әскерлері үшін жауынгерлер беріп отыруға міндеттелді. Еңбекші халық өндіргіш еңбектен қол үзіп, әскери қару-жарақ үшін зор шығынға ұшырады. Отырықшы халық та әскери борышын өтеуге тиіс болды (бұлар да он түтіннен бір жауынгер деген принцип бойынша жауынгер берді), бұл жауынгерлер жаяу әскер етіліп, монғолдар оларды қамалдарды қоршау үшін пайдаланды.

Хан сарайы мен өзінің тікелей әміршілерінің пайдасы үшін көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын халық құшыр төлеуге тиіс болды. Әбден күйзелген халықтан алынатын алымды амалын тауып реттеуге тырысқан Мөңке хан тұсындағы бұл салық 100 малдан 1 мал мөлшерінде белгіленді; іс жүзінде бұл арақатынас үнемі бұзылып отырды. Құшыр отырықшы шаруаларға да, қала тұрғындарына да салынып, жан басынан (еркектерден) алынатын салыққа айналды⁷⁷. Отырықшы халық сондай-ақ жер салығын да (хараж) төлеп тұрды. Әскерлерді астықпен, малмен және басқаларымен жабдықтауға арналған алым — тағар, «төтенше салық» (авариз) және басқа да көптеген салық түрлері белгіленді. Зерттеушілер жер-жерден жаппай алынған монғолдар белгілеген салықтың кемінде 20 түрін атайды⁷⁸. Салық жинау хақы сатып алынатын болды; оны сатып алушылар салықты аяусыз жинап, оны белгіленген нормасынан көбейтіп отырды, қайта-қайта жинай берді. Сатып алу жүйесі еңбекшілер үшін зор ауыртпалық болды.

Ямдарды (почта станцияларын) ұстауға байланысты почта міндеткерлігі және тұрғын жай беру де ауыр болды. Бұл міндетті көшпелілер де, отырықшы-егіншілік аудандардың тұрғындары да атқарып отырды. Ерекше жарлық бойынша халық жол жүріп бара жатқан хан жаушыларына (елшілеріне),

чиновниктеріне, көпестерге көлік, түсетін үй, азық-түлік беріп отыруға міндетті болды. Халыққа сол жерде тұрған монғолдың әскери қосындарын да киіммен, азық-түлікпен жабдықтап отыру міндеті жүктелді. Қиянаттар бұл міндеткерліктерді ауырлата түсті. Монғолдар ямдарға арнап ат-көлік, жем, азық-түлік берудің белгіленген нормаларымен қанағаттанбай, сонымен бірге көшіп жүрген жерлерінде осының бәрін, әсіресе жылқыны ешбір шектеусіз тартып алатын еді.

Салықтың ауыр езгісі халықтың жаппай күйзелуіне әкеп соқты. Рашид ад-Дин бұл туралы былай деп жазды: «...күштеу мен қорқытып тартып алу барған сайын күшейіп, егіншілердің, әсіресе белгіленген алымдар мен міндеткерліктердің көптігінен [зардап шеккендердің] алған астығының өзі белгіленген алымдардың жартысын да өтеуге жетпейтін болды»⁷⁹.

Шыңғыс-ханның және монғол феодалдарының жаулап алушылық саясаты бағындырылған халықтар үшін ғана емес, монғолдардың өздері үшін де кесепат болды. Толассыз жүргізілген соғыстар монғол араттары бұқарасына шалғай жерлерге жорыққа аттану үшін қосымша шығын жұмсап, жоқшылыққа ұшыраудан, жорықтар кезіндегі тақсіреттер мен жат жерде өлуден басқа ештеңе берген жоқ⁸⁰. Шыңғыс-хан мен оның мирасқорларының соғыстары жаулап алынған елдердің ғана емес, Монғолияның өзінің де өндіргіш күштерінің де құлдырауына әкеп соқты.

Қазақстан аумағында ежелден тұратын этникалық топтар мен халықтардың және олардың жерлерінің монғол ұлыстарына бөлінуі олардың ертеден бері түрлі саяси құрылымдар шегінде болуын нығайтты, сол арқылы халықтың этникалық, шаруашылық, мәдени тұрғыдан бытыранқылығын ұзартты.

Сонымен бірге Монғол империясының, одан соң Алтын Орда мен Шағатай және Үгедей (Хайду мемлекеті) ұрпақтары мемлекеттерінің құрылуы бір Қазақстанның аумақтық шеңберіндегіден гөрі неғұрлым кең тұрғыдағы, яғни евразиялық дала мәдениеті мен монғолдар бағындырып алған елдердің отырықшы-егіншілік мәдениетін таратушылардың өзара әсері мен өзара ықпалы тұрғысындағы интеграциялық процестердің дамуына мүмкіндік берді. Ол былай тұрсын, Қазақстан халқының мұсылман Шығысымен, Европамен, Қытаймен кеңінен араласуына мүмкіндік туғызды. Монғол билігі сауданы, халықаралық байланыстарды дамытуға ынталандырды, жер-жерде почта және жәмшік қызметін енгізді. Бұрын алыс болып келген халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатылды. Ұлыстардың аумағымен сауда керуендері жүріп өтті, алыс өлкелерге дипломатиялық миссиялар, саяхатшылар аттанып, Европаға алыстағы бұрын беймәлім Азия елдері мен халықтары туралы мәліметтер жеткізді. Монғолдар далаға орталықтандырылған өкімет идеясын әкелді, бұрын ұйымдаспаған тайпаларды біріктірді, жаңа жағдайларға бейімделген дала заңдарын іске қосты. Монғолдардан кейінгі уақыттағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде кейіннен әлеуметтік ұйымның көптеген нормалары мен мемлекеттік нысандары пайдаланылды.

⁷⁹The Ta'rikh-i-Jahan-qusha of Ala'ud-din Ata Malik-i-Juwayni. Ed. with an introduction, notes and indices from several old MSS by Mirza Muhammad ibn Abdul-Wahhab-i-Qazwini, pt. I, containing the history of Chingis Khan and his successors. Zeyden-Zondon, 1912 (Далее: Джувейни, изд. Казвини, т. I), 31-б.; *Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. II. Пер. с перс. Ю. П. Верховского. Под ред. И. П. Петрушев-

жоғарыда айтылып өткен екінші бағыттың өкілдері) одан мемлекетті ұйымдастыру және отырықшы халықты қанау саласында бірталай нәрсені бірте-бірте алып пайдаланғаны сияқты, жер иелену мен жерді пайдаланудың көптеген сипаттарын да үйренуге мәжбүр болды. Олардың ішінде біртіндеп сойырғалға ұласқан иқта институты, вақф (мұсылман дінбасыларының жерлері), мильк (жер иеленудің жеке меншік түрі) және басқалары бар еді. Қанаудың тағылық деректі нысандары бірте-бірте экономикалық нысандармен ауыстырылады, салық салуды реттеу жүйесі енгізілді.

Қырдағы мал шаруашылығы аудандарында монғолдардың жаулап алуы ертедегі таптық, феодалдық қатынастардың нығаюы мен сол қалпында қалуына әкеп соқты. Жаулап алынған жерлерге халықты әкімшілік-әскери тұрғыдан ұйымдастырудың ондық жүйесі, вассалитеттің өзіндік жүйесі таратылды. «Әрбір ноян «жүздікті», «мындықты», «түменді» мұралық иеленуге ала отырып, ең алдымен Монғол империясы бөлінген үлес-ұлыстардың бірінің иесі ханзаданың вассалы, ал содан соң империяның және монғол әскерлерінің басшысы ретінде монғол императорының вассалы болды»⁷⁵. Бағындырылған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі халқы Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстарына кіріп, олар да ондыққа, жүздікке, мындыққа, он мындыққа бөлінді. Олар монғол ақсүйектерінің жаңа үлестері (лендері) және жаңа әскери бөліністер болды⁷⁶. Бұлайша бөлу жергілікті халықтың рулық-тайпалық құрылымын ескере отырып жүргізілді, сондықтан мұның өзі оның ұзақ уақыт бойы орнығуына себепші болған маңызды фактор еді.

Бағындырылған халық хан үйіне тиесілі деп саналды, оларға ауыр салықтар салынып, міндеткерліктер жүктеліп отырды. Әскери міндеткерлік өте мөте ауыр болды — жоғарыда аталған ұйымдастырудың ондық жүйесіне сәйкес халық монғол әскерлері үшін жауынгерлер беріп отыруға міндеттелді. Еңбекші халық өндіргіш еңбектен қол үзіп, әскери қару-жарақ үшін зор шығынға ұшырады. Отырықшы халық та әскери борышын өтеуге тиіс болды (бұлар да он түтіннен бір жауынгер деген принцип бойынша жауынгер берді), бұл жауынгерлер жаяу әскер етіліп, монғолдар оларды қамалдарды қоршау үшін пайдаланды.

Хан сарайы мен өзінің тікелей әміршілерінің пайдасы үшін көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын халық құшыр төлеуге тиіс болды. Әбден күйзелген халықтан алынатын алымды амалын тауып реттеуге тырысқан Мөңке хан тұсындағы бұл салық 100 малдан 1 мал мөлшерінде белгіленді; іс жүзінде бұл арақатынас үнемі бұзылып отырды. Құшыр отырықшы шаруаларға да, қала тұрғындарына да салынып, жан басынан (еркектерден) алынатын салыққа айналды⁷⁷. Отырықшы халық сондай-ақ жер салығын да (хараж) төлеп тұрды. Әскерлерді астықпен, малмен және басқаларымен жабдықтауға арналған алым — тағар, «төтенше салық» (авариз) және басқа да көптеген салық түрлері белгіленді. Зерттеушілер жер-жерден жаппай алынған монғолдар белгілеген салықтың кемінде 20 түрін атайды⁷⁸. Салық жинау хақы сатып алынатын болды; оны сатып алушылар салықты аяусыз жинап, оны белгіленген нормасынан көбейтіп отырды, қайта-қайта жинай берді. Сатып алу жүйесі еңбекшілер үшін зор ауыртпалық болды.

Ямдарды (почта станцияларын) ұстауға байланысты почта міндеткерлігі және тұрғын жай беру де ауыр болды. Бұл міндетті көшпелілер де, отырықшы-егіншілік аудандардың тұрғындары да атқарып отырды. Ерекше жарлық бойынша халық жол жүріп бара жатқан хан жаушыларына (елшілеріне),

чиновниктеріне, көпестерге көлік, түсетін үй, азық-түлік беріп отыруға міндетті болды. Халыққа сол жерде тұрған монғолдың әскери қосындарын да киіммен, азық-түлікпен жабдықтап отыру міндеті жүктелді. Қиянаттар бұл міндеткерліктерді ауырлата түсті. Монғолдар ямдарға арнап ат-көлік, жем, азық-түлік берудің белгіленген нормаларымен қанағаттанбай, сонымен бірге көшіп жүрген жерлерінде осының бәрін, әсіресе жылқыны ешбір шектеусіз тартып алатын еді.

Салықтың ауыр езгісі халықтың жаппай күйзелуіне әкеп соқты. Рашид ад-Дин бұл туралы былай деп жазды: «...күштеу мен қорқытып тартып алу барған сайын күшейіп, егіншілердің, әсіресе белгіленген алымдар мен міндеткерліктердің көптігінен [зардап шеккендердің] алған астығының өзі белгіленген алымдардың жартысын да өтеуге жетпейтін болды»⁷⁹.

Шыңғыс-ханның және монғол феодалдарының жаулап алушылық саясаты бағындырылған халықтар үшін ғана емес, монғолдардың өздері үшін де кесепат болды. Толассыз жүргізілген соғыстар монғол араттары бұқарасына шалғай жерлерге жорыққа аттану үшін қосымша шығын жұмсап, жоқшылыққа ұшыраудан, жорықтар кезіндегі тақсиреттер мен жат жерде өлуден басқа ештеңе берген жоқ⁸⁰. Шыңғыс-хан мен оның мирасқорларының соғыстары жаулап алынған елдердің ғана емес, Монғолияның өзінің де өндіргіш күштерінің де құлдырауына әкеп соқты.

Қазақстан аумағында ежелден тұратын этникалық топтар мен халықтардың және олардың жерлерінің монғол ұлыстарына бөлінуі олардың ертеден бері түрлі саяси құрылымдар шегінде болуын нығайтты, сол арқылы халықтың этникалық, шаруашылық, мәдени тұрғыдан бытыраңқылығын ұзартты.

Сонымен бірге Монғол империясының, одан соң Алтын Орда мен Шағатай және Үгедей (Хайду мемлекеті) ұрпақтары мемлекеттерінің құрылуы бір Қазақстанның аумақтық шеңберіндегіден гөрі неғұрлым кең тұрғыдағы, яғни евразиялық дала мәдениеті мен монғолдар бағындырып алған елдердің отырықшы-егіншілік мәдениетін таратушылардың өзара әсері мен өзара ықпалы тұрғысындағы интеграциялық процестердің дамуына мүмкіндік берді. Ол былай тұрсын, Қазақстан халқының мұсылман Шығысымен, Еуропамен, Қытаймен кеңінен араласуына мүмкіндік туғызды. Монғол билігі сауданы, халықаралық байланыстарды дамытуға ынталандырды, жер-жерде почта және жәмшік қызметін енгізді. Бұрын алыс болып келген халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатылды. Ұлыстардың аумағымен сауда керуендері жүріп өтті, алыс өлкелерге дипломатиялық миссиялар, саяхатшылар аттанып, Еуропаға алыстағы бұрын беймәлім Азия елдері мен халықтары туралы мәліметтер жеткізді. Монғолдар далаға орталықтандырылған өкімет идеясын әкелді, бұрын ұйымдаспаған тайпаларды біріктірді, жаңа жағдайларға бейімделген дала заңдарын іске қосты. Монғолдардан кейінгі уақыттағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде кейіннен әлеуметтік ұйымның көптеген нормалары мен мемлекеттік нысандары пайдаланылды.

⁷⁹The Ta'rikh-i-Jahan-qusha of Ala'ud-din Ata Malik-i-Juwayni. Ed. with an introduction, notes and indices from several old MSS by Mirza Muhammad ibn Abdul-Wahhab-i-Qazwini, pt. I, containing the history of Chingis Khan and his successors. Zeyden-Zondon, 1912 (Далее: Джувеини, изд. Казвини, т. I), 31-б.; Рашид ад-Дин. Сборник летописей, т. II. Пер. с перс. Ю. П. Верховского. Под ред. И. П. Петрушев-

ского. М.-Л., 1960, 43-б.; *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 460-б.

²*Джувейни*, изд. Казвини, т. I, 31-б.

³*Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 60-б.

⁴*Oliver E. E.* The Chagatai Mughals // "The Journal of the Royal Asiatic Society", vol. XX. London, 1888, p. 77.

⁵*Джувейни*, изд. Казвини, т. I, 31-б.

⁶*Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. II, 96-б.

⁷*Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. II, 97-б. Сондай-ақ қараңыз: *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 573–576-б.

⁸*Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 66–67-б.; *Соныкі*. Чагатай-хан. — Соч., т. II, ч. 2. М., 1964, 541-б. Сондай-ақ қараңыз: *Далай Ч.* Борьба за великоханский престол при Хубилае и его преемниках. — Мына кіт.: Татаро-монголы в Азии и Европе, 326–329-б.

⁹*Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 578-б.

¹⁰*Бартольд В. В.* Чагатай-хан, 541-б.

¹¹*Петрушевский И. П.* Земледелие и аграрные отношения в Иране XIII–XIV веков, М.-Л., 1960, 51-б.

¹²*Гафуров Б. Г.* Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. М., 1972, 462-б.; *Бартольд В. В.* История культурной жизни Туркестана. — Соч., т. II, ч. I. М., 1963, 264-б.; *Соныкі*. Чагатай-хан, 543-б.

¹³*Бартольд В. В.* История Туркестана. — Соч., т. II, ч. 1. М., 1963, 153–154-б.; *Соныкі*. Улугбек и его время. — Соч., т. II, ч. 2. М., 1964, 34–35-б.; *Гафуров Б. Г.* Таджики, 463-б.

¹⁴«Алтын Орда» термині кейіннен шыққан. Орыс жылнамашылары Батый негізін қалаған мемлекетке қатысты «татарларға», «татарлардан» «Батыйға» деген сөздерді қолданады. XV–XVI ғасырлардағы жылнама жинақтарында неғұрлым ежелгі документтердегі бұрынғы сөздердің орнына «Орда» термині берік орнығады. «Алтын Орда» деген ат орыс деректемелерінде алғаш рет тек XVI ғасырдың аяғында ғана кездеседі, оның алғаш пайдалану жағдайы Сарай қаласын — Батыйдың астанасын атауға байланысты қолданылған. «Алтын Орда» ұғымының шығуы, зерттеушілердің пікірі бойынша, ұлы монғол ханының хан ордасына, сән-салтанатты киіз үйіне байланысты; бұл орданың сипаттамасы XIII–XIV ғасырлардағы деректемелерде келтірілген («Онда [яғни Қарақорым маңында] мың адам сиятын үлкен үй тігілген... Оның уықтары алтын, ішіне айнала мата ұсталған. Оны «Алтын ставка (Орда)» деп атаған (*Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. 2, 41-б.). Плано Карпинидің айтуы бойынша «Алтын Орда» деп монғолдар ұлы хан Күйікті такқа отырғызу рәсімі өткен үйді атаған (*Плано Карпини*. История Монголов /Перевод А. И. Малеина. СПб., 1911, 54-б.).

Кейінірек ұлыс хандарының ордалары да «Алтын Орда» деп аталатын болды. Мысалы, деректемеде (Вассаф) Талас аңғарында қоныстанып, 1305 жылы Шағатай ханзадаларының талауына ұшыраған Шапардың інісі Шахтың ордасы осылай аталған. Жошы ұлысы хандарының Төменгі Еділдегі ордасы Сарай қаласын «Алтын Орда» деп алғаш атау бертін келе Жошы әулетінің мемлекетін атайтын термин болып, географиялық ұғымнан саяси терминге айналды. Қараңыз: *Егоров В. Л.* Государственное и административное устройство «Золотой Орды» // Вопросы истории, 1972, № 2, 33–34-б.; *Богатов Г. А.* Золотая Орда // Русская речь, 1970, № 1, 74–75-б.; *Трепаев В. В.* Государственный строй Монгольской империи. М., 1992.

¹⁵*Histoire des Mogols et des Tatares par Aboul-Ghazi Behadour Khan. Publiee traduite et annotee par le Baron Desmaisons, t. I, Texte, St.-Pbg., 1871, P. 181.* (Бұдан әрі: Абулгази).

¹⁶Родословное древо тюрков. Сочинение Абулгази, хивинского хана. Перевод и предисловие Г. С. Саблукова. Казань, 1906, 159-б.

¹⁷Неғұрлым ертедегі деректеме (*Рашид ад-Дин*) бойынша, Орда-Ежен үлесті Батыйдың қолынан алмаған; өз бауырлары Үдір, Тоқа-Темір және Шынықұммен бірге

ол әкесінің тұсында-ақ Жошы ұлысының шығыс бөлігін билеп тұрған, сөйтіп, керісінше, Батыйдың билікке ие болуына жәрдемдескен: «Орда Батуды патша етуге келісті және әкесінің тағына отырған нақ сол. Жошы хан әскерінің жартысы соның, екінші жартысы Батыйдың қолында болды» (Қараңыз: *Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. II, 66-б.).

¹⁸*Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. II, 66-б.

¹⁹*Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 72-б.

²⁰*Бұл да сонда*, 67–68-б. Сондай-ақ қараңыз: *Пигулевская Н. В., Якубовский А. Ю., Петрушевский И. П.* и др. История Ирана с древнейших времен до конца XVIII в. Л., 1958, 187–200-б.

²¹*Махмуд ибн Вали*. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 1375, л. 115 а; Материалы по истории казахских ханств в XV–XVIII веках (извлечения из персидских и тюркских сочинений). А., 1969, 347-б.

²²*Абдаллах бен Мухаммад бен Али Насраллахи*. Зубдат ал-асар. Рук. Санкт-Петербургского филиал Института востоковедения РАН. Д. 104, л. 88 а, 119-б.

²³Абулгази, 101, 173, 181-б.

²⁴*Черепнин Л. В.* Монголо-татары на Руси (XIII в.). – Мына кіт.: Татаро-монголы в Азии и Европе. 186–206-б.

²⁵*Джувейни*, изд. Казвини, т. I, 30–31-б.

²⁶Монғол құқығы бойынша монғол басқарушылары мен ақсүйектеріне «басқа халықтардағы, әсіресе мұсылмандардағы сияқты алуан түрлі дәріптеме атактар» беруге тыйым салынды (*Вернадский Г. В.* О составе Великой Ясы Чингис-хана. С приложением главы о Ясе из истории Джувейни в переводе В. Ф. Минорского. Брюссель, 1939, 15, 43, 54-беттер).

²⁷*Патканов К. П.* История монголов по армянским источникам. Вып. I. СПб., 1873, 16-б.

²⁸Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. Изд. С. А. Козина (введение, перевод, тексты, глоссарии). Т. I. М.-Л., 1941, 182-б.; *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 89-б.

²⁹*Джувейни*, изд. Казвини, т. I, 17–18-б.; *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 89-б.

³⁰*Березин И.* Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева. СПб., 1863, 25–31-б.

³¹*Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. 457-б.

³²*Хамдаллах Казвини*. Та'рих-и гузиде. Рук. ЛГУ, № 153, л. 472.

³³*Григорьев А. П.* Монгольская дипломатика XIII–XIV вв. Л., 1978; *Султанов Т. И.* Письма золотоордынских ханов. Тюркологический сборник. М., 1975, 234–285-б.; *Усманов М. А.* О тугре в официальных актах и посланиях Джучидов. Бартольдовские чтения. М., 1990, 70-б.

³⁴*Гафуров Б. Г.* Таджики, 459–461-б.

³⁵*Бартольд В. В.* История культурной жизни Туркестана, 262-б.

³⁶*Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 468-б.

³⁷*Гафуров Б. Г.* Таджики, 462–463-б.

³⁸*Бартольд В. В.* История культурной жизни Туркестана, 263-б.; *Гафуров Б. Г.* Таджики, 461-б.

³⁹*Федоров-Давыдов Г. Е.* Общественный строй Золотой Орды. М., 1973.

⁴⁰*Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884, 230-б. (Бұдан әрі СМИЗО, т. I).

⁴¹*Егоров В. Л.* Государственное и административное устройство Золотой Орды, 38, 39-б.

⁴²СМИЗО, т. I, 249-б.

⁴³*Ланда Р. Г.* Ислам в истории России. М., 1995, 44–45-б.

⁴⁴*Босворт К. Э.* Мусульманские династии. М., 1971, 191, 203–206-б.; *Трепавлов В. В.* Статус «Белого царя»: Москва и татарские ханства в XV–XVI вв. // Россия и Восток: проблемы взаимодействия. М., 1992, 306–308-б.; *Бартольд В. В.* Ислам и культура мусульманства. М., 1992, 133-б.

⁴⁵Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан — летопись трех тысячелетий. А., 1992.

⁴⁶Соловьев С. М. История России с древнейших времен. Кн. II. М., 1960, 284—288-б.; Ключевский В. О. Сочинения. Т. II. М., 1957, 43-б.; Хара-Дован. Чингис-хан как полководец и его наследие. Белград, 1929; Полубояринова М. Д. Русские люди в Золотой Орде. М., 1978, 24, 28, 33—34-б.

⁴⁷Петрушевский И. П. Поход монгольских войск в Среднюю Азию в 1219—1224 гг. и его последствия// Татаро-монголы в Азии и Европе, 131-б.

⁴⁸СМИЗО, т. I, 2-б.

⁴⁹Петрушевский И. П. Поход монгольских войск в Среднюю Азию в 1219—1224 гг. и его последствия, 122-б.

⁵⁰The History of the World-Conqueror by 'Ala ad-Din 'Ata-Malik Juvaini / Transl. from the text of Mirza Muhammad Qazvini by J. A. Boyle, vol. I. Manchester, 1958, p. 62-67.

⁵¹Ibid., p. 67—80; Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 482, 483-б.; Петрушевский И. П. Поход монгольских войск в Среднюю Азию в 1219—1224 гг. и его последствия, 124-б.

⁵²Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. Ред, вступит. статья и прим. Н. П. Шастиной. М., 1957, 126-б.

⁵³Бул да сонда.

⁵⁴Вильгельм де Рубрук. Путешествие в восточные страны. Введ. пер. и примеч. А. И. Малеина. СПб., 1911, 105-б.; Сондай-ак қараңыз: Бартольд В. В. К вопросу об археологических исследованиях в Туркестане. — Соч., т. IV. М., 1966, 105-б.

⁵⁵Бейшембиев Э. Д., Джунушалиев Д. Д., Мокрынин В. П., Плоских В. М. Введение в историю Кыргызской государственности. Бишкек, 1994, 52-б.

⁵⁶Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI века (вопросы политической и социально-экономической истории). Алматы, 1977, 37—38, 130—132-б.

⁵⁷Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. II, 164-б.

⁵⁸Бартольд В. В. История культурной жизни Туркестана, 257, 258-б.; Соньки. К истории орошения Туркестана. — Соч., т. III. М., 1965, 233-б.; Соньки. Современное состояние и ближайшие задачи изучения истории турецких народностей. — Соч., т. V. М., 1968, 464-б.

⁵⁹Махмуд ибн Вали. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 7418, л. 159-б.

⁶⁰СМИЗО, т. I, 230-б. Сондай-ак қараңыз: Бартольд В. В. История Туркестана, 153-б.

⁶¹Мирза Мухаммад Хайдар б. Мухаммад Хусайн гурган дуглат. Та'рихи Рашиди. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 1430, л. 124 б (Бұдан әрі: Та'рих-и Рашиди); Бартольд В. В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893—1894 гг. — Соч., т. IV. М., 1966, 56-б.

⁶²Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., т. I. А., 1961, 396, 399-б.; Городецкий В. Д. Остатки древнего поселения к югу от города Алма-Аты (б. Верный). — Мына кіт.: Икд ал-Джуман. В. В. Бартольду туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927, 23-б.; Макшеев А. Карта Джунгарии, составленная Ренатом в 1716—1743 гг. — ЗИРГО, т. XI. СПб., 1881, 606-б.; Койчубаев Е. К. Казахские географические названия с формантами ты и сы. — Мына кіт.: Топонимика Востока. Исследования и материалы. М., 1969, 143—144-б.

⁶³Захир ад-дин Бабур. Бабур-наме. Ташкент, 1960, 22-б. Бұл аударма жасалған қолжазбада «Тараздың» орнына кателесіп «Отырар» деп берілген. Қараңыз: Пантусов Н. Н. Фергана по «Запискам» Султана Бабура. — ЗИРГО, 1880, т. IV, 180-б.; Хасанов Х. Х. Отрар или Тараз? — Мына кіт.: Топонимика Востока. Исследования и материалы. М., 1969, 161, 162-б.

⁶⁴Бартольд В. В. К вопросу об археологических исследованиях в Туркестане, 106-б.

⁶⁵Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г. Средневековый город Средней Азии. Л., 1973, 205—210-б. Сондай-ак қараңыз: Рашид ад-Дин. Сборник летописей, т. II, 19, 64, 138-б.

⁶⁶Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья, 86-б.; *Соныкі*. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893—1894 гг., 85, 86-б.

⁶⁷Давидович Е. А. Денежное хозяйство и частичное восстановление торговли в Средней Азии после монгольского нашествия. — Народы Азии Африки. 1970, № 6, 57—67-б.; Гафуров Б. Г. Таджики, 460-б.

⁶⁸Ерзакович Л. Б. О позднесредневековом городище Аспара. — Мына кіт.: Новое в археологии Казахстана. А., 1968, 94—96-б.; *Соныкі*. Некоторые черты оседлой культуры позднего средневековья в Таласской долине. — Мына кіт.: Поиски и раскопки в Казахстане. А., 1972, 98—106-б.

⁶⁹Та'рих-и Рашиди. Л. 38 а, 45 б; *Абд ар-Раззак Самарканди*. Матла' ас-са'дайн фи маджма' ал-бахрайн, т. I, Лахор, 1360/1941, 202-б.; *Мирхонд*. Раузат ас-сафа, т. VI. Приложение персидского текста. — Мына кіт.: Бартольд В. В. Соч., т. II, ч. 2, 182-б.

⁷⁰Волин С. Л. Сведения арабских источников IX—XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. // ТИИАЭ АН КазССР, 1960, т. 8, 91-б.

⁷¹Бартольд В. В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893—1894 гг., 35-б.; *Соныкі*. Тараз. — Соч., т. III, 495—496-б.; *Соныкі*. История Туркестана, 153-б.

⁷²Та'рих-и Рашиди, л. 124 а.

⁷³Та'рих-и Рашиди, л. 124 б.

⁷⁴Бартольд В. В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893—1894 гг., 55—56-б.; *Соныкі*. Баласагун. — Соч., т. III, 355—357-б.

⁷⁵Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934, 104-б.

⁷⁶Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 140, 241-б.

⁷⁷Петрушевский И. П. Иран и Азербайджан под властью Хулагуидов (1256—1353 гг.). — Мына кіт.: Татаро-монголы в Азии и Европе, 244-б.

⁷⁸Бул да сонда.

⁷⁹Рашид ад-Дин. Сборник летописей, т. II. 141-б.

⁸⁰Тихвинский С. Л. Татаро-монгольские завоевания в Азии и Европе. — Мына кіт.: Татаро-монголы в Азии и Европе, 12-б.; Мункуев Н. Ц. Новые материалы о положении монгольских арабов в XIII—XIV вв. — Бул да сонда, 412, 413-б.

Екінші тарау

XIV–XV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕР


1. XIV–XV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚ ПЕН ЖЕТІСУДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ- МӘДЕНИ ДАМУ

Қазақстан аумағында мемлекеттілік дамуының тамырлары тереңде жатыр. Ол ертедегі кезде және орта ғасырларда, түріктерге дейінгі, түріктер мен монғолдар заманында мекендеген көптеген тайпалар мен халықтардың тарихына байланысты. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен дамуын тарихи әдебиетте Қазақ хандығының дәуірімен байланыстыру қабылданған. Алайда оның хандары көршілес мемлекеттер мен халықтардың билеушілерімен күрделі қатынастарда қазақтардың этникалық топтарын және олардың жерлерін әлдеқашаннан-ақ дайын Қазақстан халқының сан ғасырлық этникалық-саяси және шаруашылық-мәдени дамуының біртұтас мемлекетіне біріктіріп жинап отырған.

Дамудың маңызды кезендерінің бірі монғолдардан кейінгі кезең, XIV–XV ғасырлар болды. Сол кезде Шығыс Дешті Қыпшақтың (Қазақстанның далалық бөлігі), Жетісу мен Түркістанның (деректемелерде соңғы орта ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан аумағы осылай аталған) көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы-егінші халқын этникалық және саяси жағынан топтастыру аяқталды. Қазақ халқының қалыптасу процесі аяқталып, жергілікті этникалық негізде мемлекеттілік қалпына келтірілді. Бұл ғасырларда біртұтас халық пен оның мемлекетінің қалыптасуы жөніндегі тарихи процесс аймақтың саяси бытыраңқылығын жоюдың қиын жағдайларында өтті.

Қазақстан тарихындағы бұл күрделі дәуірдің бастапқы кезеңі — монғол ұлыстарының — Дешті Қыпшақ пен Орта Азиядағы (Мауараннахрдағы) Шығыс ұрпақтары иеліктерінің ыдырауымен, соңғы кезеңі нақ қазақ мемлекетінің, Қазақ хандығының құрылуымен сипатталады. Бұл кезде аймақ халқының саяси өмір нысандарының эволюциясы оның аумағында бірнеше мемлекеттің — Ақ Орданың (немесе Көк Орданың), Моғолстанның, Ноғай Ордасының, сондай-ақ неғұрлым кейінгі кезеңде көшпелі өзбектер мемлекетінің немесе Әбілқайыр хандығының бөлініп шығуы арқылы өтті.

Орта Азияда, Дешті Қыпшақта, соның ішінде оның шығыс-европалық бөлігінде, Еділ бойында, Батыс Сібірде, Шығыс Түркістанда шаруашылық-әлеуметтік, саяси, мәдени-тарихи даму деңгейі де, әр түрлі өңірлерді біріктірген монғол ұлыстары да мемлекеттердің экономикалық жағдайының тұрақтылығы, беріктігімен ерекше болған жоқ. Әртекес этникалық



XIV ғ. мен XV ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан. Шартты белгілері: 1 – Ақ Орда; 2 – Темір мемлекеті; 3 – Моғолстан; 4 – XIII–XIV ғ. күйреген қалалар мен елді мекендер (Екіөгіз бен Қаялық қалаларының тұрған жерлері Қазақстан археологтарының материалдары бойынша беріліп отыр); 5 – Қала жұрттарының осы кездегі аттары; 6 – Ұрұс хан мен Барақтың жорықтары; 7 – Әбілқайырдың жорықтары; 8 – Темірдің Моғолстан мен Дешті Қышаққа жорықтары; 9 – Ұлықбектің Моғолстанға жорығы; 10 – XV ғ. бірінші жартысындағы ойраттардың (қалмақтардың) шапқыншылықтары; 11 – XIV ғ. – XV ғасырдың бірінші жартысындағы тайпалар мен халықтардың негізгі орналасқан аудандары.

қауымдар мекендеген олар уақыт өте келе неғұрлым айқын, тарихи жағынан байланысты, шаруашылық және этникалық негізі бар саяси құрылымдарға бөлшектеліп кетті. Бұған өндіргіш күштердің біртіндеп қалпына келуі, қоғамдық қатынастар дамуындағы белгілі бір өзгерістер, этникалық процестердегі топтасушылық сарынының өріс алуы себеп болды. Өзінің саяси билігін нығайтуға ұмтылған жергілікті феодал шонжарлардың рөлі артты. Монғолдар жаулап алған аумақтың евразиялық бөлігінде ғана емес, Азияның ежелден отырықшы-егіншілік өркениетті елдерінде де осылай болды. Оларға қарасты аумақты феодалдық басқару жоққа шықты.

XIV ғасырдың орта шенінде Иранда Хулагу ұрпағынан шыққан монғол билеушілерінің билігі бітті; ильхандардың орнына жалайырлықтар келді. 1368 жылы Қытайда Мин әулеті орнықты, 1369 жылы монғолдар солтүстік провинциялардан ығыстырылып шығарылды¹.

Орта Азияда XIV ғасырдың 70 жылы ішінде 20 шақты хан алмасты. Шағатайдан тараған хандар Кебек, Тармашырын өз билігін Мауараннахрдың жергілікті феодалдық шонжарларымен жақындасу жолымен нығайтуға, ислам дініне кіруге, салық жүйесін реттеуге ұмтылды. Бірақ бұл саясат жаулап алынған өлкелерде шексіз билік жүргізуге ұмтылған көшпелі монғол шонжарларының көпшілік бөлігінен қарсылық туғызды. Билеуші шонжарлар топтарындағы қайшылықтар әуелі Шағатай ұлысының одан соң XIV ғасырдың ортасында Хайду мемлекетінің ыдырауын тездетті, оның шығыс бөлігінде Моғолстан хандығы құрылды.

XIV ғасырдың 50–60-жылдарында батыс бөлігінде, Мауараннахрда ірі түрік-монғол тайпаларының көсемдері арасында кескілескен күрес өріс алды. Қырқыс Шағатай және Үгедей ұрпақтарының моғолдардан, түріктерден, тәжіктерден тұратын полиэтникалық мемлекетті басқара алмайтынын көрсетті. Шағатай ұрпақтары көбінесе бұрынғы Шағатай ұлысы мен Үгедей иеліктерінің далалық аудандарында – Моғолстанда билік жүргізе алды. Мауараннахрдың ірі шонжарлары мен жоғары саудагер топтары елге мықты билік керек екенін түсінді. Әмір Темір өз қолына осындай билікті шоғырландырып, күшті мемлекет құра білді.

Жошы ұлысында (Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда) монғолдар өте аз болды. Алтын Ордаға жаулап алу жолымен біртұтас жүйеге біріктірілген тайпалар мен халықтар жиналды. Бұл мемлекет, оған күшті және жігерлі хандар билік еткен кезде болмаса, онша ұзақ уақыт қуатты болған жоқ. Бірақ олардың біреуі Өзбек хан (ол 1312 жылдан бастап билік етті) кезінде-ақ мемлекеттің орнықтылығын шайқалтқан оқиғалар болды: мұсылман дініне кірген ол Шыңғыстан тараған тектің жаңа дінге кіруден бас тартып, бабаларының нанымын сақтап қалғысы келген ондаған өкілдері мен барлық нояндарды қырып тастады.

50-жылдардың орта шенінде Жәнібек ханды оның үлкен ұлы Бердібек өлтіргеннен кейін, орыс жылнамасының анықтауы бойынша, «ұлы алапат»² (1359–1379 жж.) деген атпен мәлім болған жиырма жылдық өзара қырқыс басталды. Алтын Орданың батыс бөлігі бірнеше иеліктерге бөлінді. Еділ бойында, Астраханьда, Қырымда, Сарайшықта жергілікті әміршілер, Қара теңіз өңірінде түменбасы Мамай орнықты. Жошы ұрпағынан тараған жекелеген хандар мен ірі тайпалардың жетекшілері оларды уақытша біріктіргенімен де, XV ғасырдың өзінде-ақ бұл иеліктер тәуелсіз Қазан, Астрахан, Қырым, Үлкен

Орда хандықтарына айналды. Қазақстан мен Түркістанның далалық аумағында жергілікті билік нығайды.

XIII ғасырдың ортасынан бастап Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Ақ Орда мемлекеті өмір сүрді. Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілер, Рашид ад-Диннің айтуынша, өздерін Батый хан ұрпақтарының вассалдары деп сөз жүзінде ғана санаған «өз ұлысының тәуелсіз патшалары»³ болды.

XIV ғасырда Орда-Ежен тегінен шыққан әміршілердің билігі Шайбани ұлысына да таралды. Қазіргі зерттеушілердің бірқатары Қазақстан аумағында осы мемлекеттің құрылуына «Көк Орда» атауын теліп жүр. Олар Батый ханның Жайық өзенінің батыс жағындағы иеліктерін, соның ішінде Шайбани ұлысын да Ақ Орда деп атайды. Шайбани ұлысы Орда ұрпақтарының иеліктері құрамына енгеннен кейін «Ақ Орда» бүкіл біріктірілген мемлекетке көшкен болуы ықтимал. XIV ғасырдың аяғынан бастап Ақ Орда хандарының иеліктері деректемелерде Өзбек ұлысы деп атала бастаған.

Ақ Орданың саяси тарихы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Алтын Ордаға тәуелсіз хандардың өз билігін нығайту жолындағы күресімен, кейініректе — Ақ Орда хандарының ыдырап бара жатқан Алтын Ордадағы қырқысқа араласуымен, содан соң Орта Азия билеушісі әмір Темірдің агрессиясына тойтарыс берумен сипатталады.

Ақ Орданың Алтын Ордадан оқшаулануы XIV ғасырдың екінші ширегінде, Ерзен мен Мүбәрак-Қожа кезінде болған делінеді. Ол XIV ғасырдың 60—70-жылдарында билік еткен Ұрұс хан кезінде едәуір нығайған. Сол кезеңде Темірге қарсы Ақ Орданың тәуелсіздігі жолындағы күрестің негізгі ауыртпалығы соған түскен еді. Кейініректе Ақ Ордадағы билікті қолға алған Темірдің қолшоқпары, Жошы ұрпағы Тоқтамыс жергілікті шонжарларға және әскери ресурстарға сүйене отырып, Алтын Орданың батыс бөлігін басып алып, оның ыдырауын уақытша тоқтатты. Бірақ 90-жылдарда Орданы Темір талқандады.

XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басындағы сыртқы саяси ауыр жағдайлар мен ішкі қырқыстар кезінде Ақ Орда едәуір әлсіреп кетті. Жиырмамыншы жылдарда Ұрұс ханның немересі Барақ хан өз әулетінің билігін бірсыпыра уақытқа қалпына келтірді. 20-жылдардың аяғында Шығыс Дешті Қыпшақтың үлкен бөлігіндегі билік Шайбани ұрпағы Әбілқайырдың қолына көшті. XV ғасырдың екінші ширегінде Ұрұс хан мен Барақ ұрпақтары Қазақстанның оңтүстік аудандарында өз биліктерін сақтап қалды.

XIV ғасырдың ортасы — XVI ғасырдың басында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағы Моғолстан мемлекетіне кірді. Ол Орта Азияның солтүстік-шығысында, монғолдар кезінде Шағатай ұлысына кірген Жетісу мен Шығыс Түркістанда құрылған еді. Ірі тайпа — дуғлаттардың көсемі әмір Поладшы бастаған көшпелі шонжарлар ол ыдыраған кезде 1348 жылы Шағатай ұрпағы Тоғлық-Темірді хан етіп қойды.

Моғолстанның саяси тарихы соғыстар мен талас-тартыстарға, көршілес мемлекеттер тарапынан жасалған шабуылдарды тойтаруға толы. Моғолстанның алғашқы хандары Тоғлық-Темір мен Ілияс-Қожа 60-жылдарда Мауараннахрда Шағатай ұрпақтарының билігін қалпына келтіруге әрекет жасады. Бірақ 70—80-жылдардың өзінде-ақ Моғолстан билеушілері Қызыр-Қожа ханның (1388—1389), әмір Қамар ад-дин дуғлаттың, Енге төренің және басқаларының Жетісу мен Қашғарияға Темір әскерлерінің басып кіруіне қарсы ұзаққа созылған және табан тірескен күрес жүргізуіне тура келді. Осы күрес барысында Ақ Ордамен күш біріктіруге әрекет жасалды. Әмір Темірге қарсы бірлескен

күрестің Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу халқының саяси, шаруашылық байланыстарын орнату үшін зор маңызы болды. Орта Азия билеушісі жорықтарының қорытындысында Моғолстан уақытша үлестерге бөлініп кетті. Қызыр-Қожа хан өзін Темірдің вассалы деп тануға мәжбүр болды. Темір ұрпақтары XV ғасырдың 1-жартысында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан жерлерінен дәмеленуін тоқтатпады.

Жоғарыда айтылған Әбілқайыр хан кезінде, 50-жылдардың аяғы — 60-жылдардың басында Моғолстанның батыс бөлігіне Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістаннан қазақ хандары Жәнібек пен Керей бастаған тайпалардың бір бөлігі қоныс аударды. Әбілқайыр хан өлгеннен кейін оның мемлекеті ыдырап кетті.

Алтын Орданың ыдырауы барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі Ноғай Ордасы еді. XIV—XV ғасырларда оған Батыс Қазақстанның аумағы кірген. XIV ғасырдың аяғынан бастап Жайық пен Еділ арасындағы бұл тайпалардың бірлестігі оның ең ірі бір тайпасының атымен «Маңғыт жұрты» деп аталды. Ноғай Ордасы іс жүзінде он бес жылдай (1396—1411) өз қолында ұстаған Едіге тұсында оқшаулана бастады. Едіге Тоқтамыспен соғысты, феодалдық аласапырандар мен қырқыстар кезеңінде Алтын Ордаға хандарды өзі қойып, Ноғай ұлысын күшейту үшін көп іс тындырды. Кейініректе маңғыттардың көсемдері шығыстағы көршілеріне бағдар алып, Әбілқайыр ханның, содан соң қазақ хандарының одақтастары болды. XV ғасырдың ортасына қарай Ноғай Ордасы тәуелсіз мемлекетке айналды.

XIV—XV ғасырдың 1-жартысында, қазақ мемлекетінің өзі — Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы қарсаңында Қазақстан аумағы мен көршілес жерлердегі саяси жағдай осындай болатын. Алтын Орданың тарихи тағдыры, оның біртіндеп әлсіреуі мен ыдырауы, сондай-ақ Орта Азияның күдіретті жаулап алушысы әмір Темірдің іс-әрекеті Қазақстан мен көршілес аумақтар халықтары мен тайпаларының саяси тағдырларына ықпал жасады. Бұл олардың шаруашылық, этникалық-саяси даму жолдарына да айтарлықтай ықпал етті.

Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы және Моғолстан мемлекеттерінің шеңберінде Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу халқының саяси, шаруашылық және әлеуметтік дамуы, оның қоғамдық өмірдің барлық нысандарындағы қарым-қатынастары мен өзара іс-қимыл жасауы үшін монғолдардың ұлыстарындағымен салыстырғанда неғұрлым қолайлы жағдайлар пайда болды. Алтын Орда мен Шағатай мемлекетінде олардың ыдырауы кезінде талас-тартыстар мен соғыстар салдарынан пайда болған тайпалардың этникалық аумақтарын, ұлыстары мен иеліктерін саяси жағынан біріктіріп, аталған мемлекеттердің әрқайсысы өз аумағында өзіне кірген тайпалар мен руларға аумақтық және саяси бірлігін, Қазақстанның түрлі өңірлері халықтарының экономикасын, мәдениетін, бейбіт қатынастарын дамыту мүмкіндігін қамтамасыз еткен, этникалық жағынан оқшау, неғұрлым мықты мемлекеттік ұйым болды.

Тайпалардың халыққа қосылуының маңызды шарты шаруашылықтың, экономикалық байланыстардың дамуы болып табылатыны мәлім. Отырықшы-егіншілік және қала мәдениеті шектесіп жатқан аумақтармен сол аумақтардың сан-салалы экономикасы жаратылысының өз себебіне қарай шаруашылық байланыстары нақ көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы кезінде ерекше қажет болып орнықты. Халықтың шаруашылық, сол

сияқты этникалық-мәдени, этникалық-саяси тұрғыдағы тұрақты байланыстары бар біртұтас экономикалық аймақ құрылды; жақын тектес этностардың ғана емес, басқа этникалық топтардың арасында да алуан түрлі байланыстар орнатылды.

XIV–XV ғасырдың бірінші жартысында, Ақ Орда кезеңінде, Көшпелі өзбектер мемлекеті Қазақстан аумағындағы тайпалардың этникалық құрамына тұрақтанып, түрік, монғол тайпаларының бірсыпыра мәдени-тұрмыстық ерекшеліктері бір ізге түседі, түрлі тайпалық бірлестіктердің этникалық белгілерінің ортақтығы байқалады. Бұл мемлекеттер халық болып қалыптасқан көптеген рулар мен тайпаларды қамтыды; бұл орайда Ақ Орда, Көшпелі өзбектер мемлекеті, Ноғай Ордасы халқының этникалық құрамы негізінен алғанда ұқсас болатын. Оларда сол кездегі жазбаша деректемелерде «өзбектер» деген жинақтаушы этникалық-саяси терминмен (этнополитониммен) белгілі болған түркі тілдес тайпалар: қыпшақтар, үйсіндер, қоңыраттар, керейіттер, маңғыттар, арғындар, қарлұқтар, наймандар мекендеді. Солармен қоса деректемелерде бүркіт, қият, кенегес, күрлеуіт тайпалары мен рулары және басқа да көптеген тайпалар мен рулар аталады. Олардың бір бөлігі қазақтың Орта және Кіші жүздерінің құрамына кіріп, басқа бір бөлігі XV–XVI ғасырлар шебінде Орта Азияға барған, сөйтіп оған «өзбек» есімін апарған. Ноғай Ордасында қалыптасқан халық та маңғыттармен, алшындармен, қытайлармен, астармен және басқаларымен қатар қыпшақ, қаңлы, найман, үйсін және қоңырат тайпаларының бөліктерін қамтыды.

Бұлардың бәрі Орта Азия мен Қазақстанның XIII ғасырдағы буырқанған оқиғалары аймақтың орасан кең аумағына бытыратып, араластырып жіберген көптеген түрік халықтары үшін ортақ түрік және түркі тілдес тайпалары мен рулары болатын. Аталған мемлекеттер ауқымындағы этникалық-саяси даму процестері көп жағынан алғанда өзбектер, ноғайлар, қарақалпақтар, сібір татарлары, қазақтар үшін ортақ еді. Бұл халықтар соңғы орта ғасырлар дәуірінде іс жүзінде бір мезгілде қалыптасты, олардың қалыптасуы оқшау емес, қайта этникалық топтардың тығыз жанасымдары, мемлекеттік бірлестіктердің саяси байланыстары, халықтың шаруашылық және мәдени өзара қатынастары жағдайында өтті.

Моғолстанда да нақ сондай процесс болды. Онда орта ғасырлардағы деректемелерде «моғолдар» деген жинақтаушы этникалық-саяси терминмен белгілі дуғлат (дулат), керейіт (керей), қаңлы (бекшік), қарлұқ, барлас, шорас, жалайыр, қалушы, бұлғашы тайпалары және басқалары мекендеді. Бұл рулар мен тайпалардың негізгі бөлігі қазақ халқының басқа бір тармағы — Ұлы жүз құрамына енді. Шығыс Түркістанның моғолдары Тянь-Шань өңірін мекендеген этникалық топ ұйғырлардың құрамдас бөлігі болды, қырғыздардың құрамына кірді.

XIV–XV ғасырларда Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің саяси шеңберде біршама тұрақты өмір сүруі жекелеген ірі этникалық топтарды сақтап қалу мен дамытуға айтарлықтай мүмкіндік туғызды. Ақ Орда (Көк Орда), Әбілқайыр хандығы, Моғолстан және Ноғай Ордасы кейіннен аймақта этникалық жағынан біртектес мемлекеттердің пайда болуы үшін, оларды кейініректе осы заманғы ұлттарға айналған ірі халықтардың саяси құрылымдарына топтастыру үшін жағдайлар дайындады.

Қазақстанның және оған шектес Жайық пен Еділ арасындағы, Оңтүстік Сібір мен Алтай, Тянь-Шань мен Арал өңірлері аумағындағы жерде аталған

мемлекеттердің бір жарым ғасыр бойы тіршілік етуінің қорытындысында осы аумақтағы этникалық дүние өзгерді. Монғолдарға дейінгі және монғолдар кезеңінде көптеген алуан түрлі тайпалар мен руларды біріктірген Алтын Орданың қыпшақтары мен татарларының, Шағатай ұлысы моғолдарының орнында жаңа этнос-халықтар мен этникалық-саяси қауымдар: ноғайлар (маңғыттар), башқұрттар, көшпелі өзбектер, қазақтар, қырғыздар, сібір татарлары, ұйғырлар, қарақалпақтар және басқалары пайда болды⁴. Белгілі бір этникалық аумақтар оларға сол кезде орнықты.

Жоғарыда аталған мемлекеттердің оқшаулануы, аймақта саяси өмірдің тұрақтануы шаруашылықтың өрге басуына, көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы-егінші халықтар арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың нығаюына себепші болды. Мұның өзі материалдық және рухани мәдениеті жағынан жақын түркі тілдес топтардың қарым-қатынасына жәрдемдесіп, олардың неғұрлым нақты этникалық-аумақтық және саяси ауқымда бірігуін жеделдетті. Бұл процестер қазақ мемлекеттігі қалыптасуының ең маңызды орталықтары — Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағында мейлінше айқын көрінді. Осы өңірлерде, отырықшы-егіншілік дүниенің көшпелілер даласымен тоғысатын жерінде, негізгі сауда жолдарының тоқайласатын жерінде Қазақстанның, Орта Азияның, Шығыс Түркістанның көршілес халықтары мәдени, экономикалық жанасымдар жасады.

Халықтардың шаруашылық және мәдени байланыстарға объективті түрде болған мүдделілігі көшпелі қазақтар Орта Азияның егінші халқымен қатынастарын соғыс қақтығыстарының үздіксіз тізбегі деген түсініктің қате екенін дәлелдейді. Кей кезде, мысалы, өмір Темір дәуірінде солай болған да; ол XIV ғасырдың 70—90-жылдарында Ақ Орда мен Моғолстан аумағына оннан астам соғыс жорығын жасап, оларды едәуір әлсіретіп тастады. Өмір Темірдің Алтын Орданы талқандаудағы рөлі де белгілі: оның қалалары (Сарай-Берке, Астрахань, Азов және басқалар) талқандалды, мұның өзі оның аумағындағы, соның ішінде Батыс Қазақстандағы да шаруашылық өмірді, транзитті сауданы үзіп тастады. Халық көп қырылды, оның едәуір бөлігі Мауараннахрға көшірілді, материалдық қазыналар талап-тоналып, көп мөлшерде мал айдап әкетілді. Ресми жағынан Қазақстанның далалық аумағы Темір империясына қосылған жоқ, бірақ Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілері үшін өмірлік маңызы бар Оңтүстік Қазақстан өңірі Сығанак, Отырар, Сауран, Ясы, Сайрам қалаларымен қоса қолдан шығып қалды. Ақ Орда мен Моғолстанның дербестігіне елеулі соққы жасалды.

Өмір Темір соғыстарының тарихы, оның дүниежүзілік империя құруға жасаған әрекеттері орта ғасырлардағы деректемелерде де, тарихи әдебиетте де талай рет жазылған. Және де оның замандастарының көзқарасынша, бұл жорықтардың, атап айтқанда, Моғолстан аумағына жасаған жорықтарының қайсыбір жағынан заңды болғанын, «тарихи жағынан ақталғанын» атап өткен жөн. XIII—XV ғасырларда Дешті Қыпшақта болған оқиғалар туралы жазған шығыс деректемелерінің авторларына Жошы ұлысын Шағатай ұлысы сияқты бөлінбес мемлекеттік бөлініс ретінде қабылдау тән. Бұдан монғолдардың империяға (мемлекетке) меншік ретінде, жалпы алғанда билеп-төстеуші бүкіл Шыңғыс ұрпақтарының, жеке алғанда Жошы, Шағатай ұрпақтарының игілігі деп қарайтын дәстүрлі көзқарасы көрінді, ал іс жүзінде бұл мемлекет-ұлыстар әлдеқашан-ақ бөліктерге ыдырап кеткен еді. Өмір шындығын замандастарының және Шыңғыс ұрпақтарының өздерінің осылайша ұғынуы Алтын

Орданың күдіретті кезінде оның хандарына, мысалы, Жәнібек ханға (1342—1357 жж.), Ақ Орда сол кезде-ақ іс жүзінде тәуелсіз болғанымен, Ақ Ордаға өз адамдарын қоюға, ал Алтын Орданың күйреуі кезеңінде Ақ Орда хандарына Алтын Орда тағында билік етуге ұмтылуға мүмкіндік туғызды. Шағатай ұлысында да солай болды: Моғолстанның Шағатай ұрпағынан шыққан хандары Мауараннахрда Шағатай ұрпақтарының (өздері арқылы) билігін қалпына келтіруге ұмтылды. Ұлықбек те өзінің «Улус-и арба'-йи Чингизи» деген еңбегінде «Шағатай ұлысында» билік еткен, Шағатай ұрпақтарынан тараған 28 хан есімдерінің тізбесін және Моғолстан ханы Тоғлық-Темірді келтіреді⁵. Ал әмір Темір барлас әсте де Шыңғыс ұрпағы емес, бар болғаны «Шыңғыс ұрпағының күйеу баласы» — «гурган», ол өзін Шағатай ұрпақтарынан шыққан, өзі қойған хандар арқылы Моғолстан мен Қашғариядағы өзі үшін заңды билікке ұмтылып, қазақ даласындағы (Өзбек ұлысындағы) өз қолшоқпарларын қолдауға құқылымын деп санаған.

Бірақ XIV ғасырдың соңына таман монғол ұлыстары мен мемлекеттерінің заманы өтті: олардың орнында жаңа мемлекеттер құрылып, халықтар қалыптасты. Соның нәтижесінде де осы аумақтағы билікке деген заңды сияқты көрінетін бұл үміттер дағдылы басқыншылық соғыстар мен талап-тонауларға айналды.

Түріктер дүниесінің, басқа да көршілес халықтар дүниесінің біртұтас этникалық-мәдени кеңістігінде билеушілердің әскери тайталасы халықтың ұзаққа созылған бейбіт қарым-қатынасымен, мәдени қазыналарды өзара алмасуымен ауысып отырғанын тағы да атап көрсеткен жөн. Қазақстан мен Орта Азияның көршілес аймақтары халықтарының шаруашылық, сауда байланыстары бір-бірінің экономикалық жағдайының нығаюына, қалалардың өсіп, егіншіліктің, мал шаруашылығының дамуына себепші болды. Олар көшпелілер мен егіншілердің бір-бірімен материалдық мәдениет, тұрмыс элементтерін, шаруашылық дағдыларын, әлеуметтік нормаларды, мемлекеттік ұйымдардың нысандарын, әскери шеберлік пен қару-жарақ алмасуына жағдай жасап, мәдени алыс-беріске бастады. Тату көршілік қатынастар дала ақсүйектері арасында мұсылман мәдениеті, жазуы, кітапша білім таралуына жәрдемдесті. Ал ортаазиялық, иран және басқалардың қайраткерлерін, атап айтқанда, тарихшылары мен шежірешілерін бұл қарым-қатынастар қазақтардың тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен таныстырды, мұның өзі жазбаша деректемелерден көрініс тапты.

Қазақстанда ислам дінінің одан әрі таралуы, оның жерінде Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесі сияқты сәулет өнерінің тамаша ескерткішінің пайда болуы әмір Темірдің есімімен байланысты. Орта ғасырлардағы автор Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфханидің айтуынша, бұл кесене — «әлемде салынған ғажайып ғимараттар мен адамзат баласының керемет туындыларының бірі»⁶. Әмір Темір мен XV ғасырдағы Темір ұрпақтары дәуірінде Орта Азияда мәдениеттің өрге басуы Қазақстан халқы мәдениетінің дамуына да игі әсерін тигізді.

Қазақстан аумағында XIV—XV ғасырдың I-жартысында болған саяси, шаруашылық, этникалық-мәдени процестер оның халқының дамуындағы содан кейінгі интеграциялық сарынға жағдайлар әзірледі. XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырда қазақ халқының негізгі этникалық топтары мен оның этникалық аумағының мемлекет болып бірігуі оның ұлттық топтасуының аяқталу процесін тездетті. Монғолдар жаулап алғаннан кейін іс жүзінде Шы-

ғыс Дешті Қыпшақтың, Түркістан мен Жетісудың барлық түрік рулары мен тайпалары, яғни қазіргі Қазақстанның бүкіл аумағы Қазақ хандығы ретінде тұңғыш рет бір мемлекетке бірігеді.

2. XIV ҒАСЫРДАҒЫ АҚ ОРДА

Ақ Орданың өрлеуі*. Монғолдар жаулап алуының ауыр зардаптары уақыт өте келе біртіндеп жойыла берді. XIV ғасырда Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында қала мәдениеті, егіншілік, қолөнер өндірісі жандана түсті. Қазақстанның орталығындағы далалық өңір мен Жетісудың Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азия жазираларымен сауда байланыстары қалпына келтірілді.

Шаруашылықтың жаңғыруы, феодалдық қатынастардың нығаюы жағдайында жергілікті түрік және түріктеніп кеткен феодалдық үстем таптың жағдайы күшейе түсті. Халық бұқарасының монғолдар тәртібіне наразылығын пайдалана отырып, Жошы мен Шағатай ұлыстарында түрік шонжарлары Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуда өздерінің саяси билігін орнату жолында күрес жүргізді. Соның нәтижесінде XIV ғасырда Солтүстік-Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумағында Алтын Ордадан Ақ Орда біржола оқшауланып шығып, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан аумағында Моғолстан пайда болды.

XIV ғасырдың басында Жошы ұрпақтары иеліктерінің Еділ бойындағы даланы, Еділдің батыс жағындағы жерлерді, Қырымды, Солтүстік Кавказды және Хорезмнің солтүстік бөлігін қамтыған батыс бөлігі (оң қанат) бұрынғысынша Алтын Орданы құрады; Жошы ұлысының қазіргі Қазақстанның (Жетісуды қоспағанда) Жайық өзенінің шығыс жағындағы және Арал теңізі мен Сырдарияның солтүстік жағындағы кең-байтақ аумақты қамтыған шығыс бөлігі (сол қанат) Ақ Орда құрамына кірді. Алтын Ордада — негізінен Батый ханның ұрпақтары, Ақ Ордада Орда-Еженнің ұрпақтары билік құрды. Ұлыстың екі бөлігінде де Жошының 13-ұлы Тоқа-Темірдің ұрпақтары билік етті.

Жоғарыда атап өтілгеніндей, Орда-Еженнің иеліктері мен Алтын Орданың арасында орналасқан Қазақстан аумағы Шайбани мен оның ұрпақтарына бағынышты болды. XIV—XV ғасырдың басында бұл аумақты шығыс авторлары бірде Ақ Орда, бірде Көк Орда деп атайды. Мұны Орда-Ежен әулеті өкілдері билігінің осы аумаққа да таралуымен түсіндіруге болады, мұны мұсылман әулеттерінің хронологиялық кестелері дәлелдейді⁷.

Сонымен, XIV—XV ғасырларда деректемелерде Жайық өзенінен Батыс-Сібір ойпатына дейінгі Қазақстан даласының, Сырдарияның төменгі және орта ағысын қоса алғандағы кең-байтақ аумағы, яғни Орда-Ежен мен Шайбани ұлыстарының жері Ақ Орда деп түсінілген. Алтын Орда жай ғана «Орда» немесе «Еділ Ордасы» деп аталған орыс жылнамаларында Жайық өзенінің оңтүстік-шығысындағы далалық аумақ «Көк Орда» немесе «Жайық сырты Ордасы» деген атаумен көрсетілген, ал орыс жылнамаларында «Ақ Орда» ұғымы пайдаланылмаған⁸.

Ақ Орда — монғолдардан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында жергілікті

*Ақ Орда мен Көк Орданың өзара қарым-қатынастары туралы тексті жазған К. А. Пищулина.

этникалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым. Оны осы жерлерде ежелден мекендеп келе жатқан және монғолдардың жаулап алуынан көп бұрын-ақ қыпшақ бірлестігінің құрамына кірген, сондай-ақ Шыңғыс-ханның шапқыншылығы кезінде Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандары мен Алтайдан қоныс аударған түркі тілдес тайпалар мекендейтін еді. Онда қыпшақтармен қатар наймандар, үйсіндер (ушундар), қарлұқтар, керейіттер (керейлер), сондай-ақ қоңыраттар, маңғыттар және басқалар мекендеген.

Мұсылман әулеттерінің хронологиялық кестелерінде Ақ Орда хандарының есімдері мынадай ретпен келтіріледі: Орда-Ежен, Сартак, Қоныша, Байан⁹, Сасы-Бұға, Ерзен, Мүбәрак, Шымтай, Ұрұс хан, Қойыршақ және Барак.

XIV ғасырдың бас кезінен Орда-Ежен ұрпақтарының Сыр өңірінің қалалары мен Жетісу жайылымдары үшін Шағатай ұрпақтарымен күресі жүргізілді. Сонымен бірге далалық аудандардың көшпелілері мен жартылай көшпелілерінің және Сыр өңірі жазирасының отырықшы аудандарының халқы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды қалпына келтіру сарыны күшейді. Ақ Орда билеушілерінің әкімшілік орталығын өз иеліктерінің оңтүстік шет жағына, Сығанақ қаласына аударғаны кездейсоқ емес.

Ақ Орда хандары Ертістен Сырдарияға, Алтайдан Ұлытау мен Аралға дейінгі кең далада экстенсивті мал шаруашылығын сақтап, ұстана отырып және дәстүр бойынша жазғы және қысқы жайылымдарға көшіп-қонудың қалыптасқан тәртібін орнықтырып, Сырдарияның орта ағысының, Таластың, Шудың отырықшы-егіншілік жазиралары мен Ұлытау даласында шаруашылық және мәдени өмірді қалпына келтіруге қадамдар жасады. Му'ин ад-дин Натанзи Ақ Орда хандарының бірі Ерзеннің Сығанақты көркейтіп, Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршыкентте біраз үйлер салдырғанын хабарлайды¹⁰. XIV ғасырда Ақ Орда хандары теңгелерді енді тек өз атынан соқтырды.

Оңтүстік Қазақстанды астанасы Сығанақта болған Ақ Орданың орталығына айналдыру¹¹ Орта Азия мен Хорезмнің отырықшы аудандарымен байланыстардың кеңеюіне жәрдемдесті. Бұл байланыстарға Алтын Орданың орталығы — Еділ бойында қала өмірінің тіршілігін тоқтатуы мен сауда жолдарының өзгеруі едәуір әсер етті.


Түрік және түріктеніп кеткен жергілікті феодалдық үстем таптың экономикалық және саяси жағдайының нығаюы негізінде Ақ Орда билеушілері Мүбәрак-Қожа ханнан (1320—1344) бастап¹², Алтын Ордадан біршама тәуелсіздіктің өзінен де біржола қол үзді.

Ақ Орда Алтын Орданың ыдырауы кезеңінде. Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін Алтын Ордада кезекті аласапыран кезең мен сарай төңкерістері басталды, бір мезгілде таққа бірнеше хан дәмеленіп, олардың әрқайсысы өз теңгелерін соқтырды¹³. Бытыраушылық сарыны күшейіп, тәуелсіз иеліктер құрыла бастады, оларды өз билеушілері басқарды. Алтын Орда мемлекетіндегі жоғарғы билік жолындағы күреске сол қанаттың феодалдары белсене қатысты және Қызыр ханнан (1359—1361) бастап, Алтын Орда тағына бірінен кейін бірі, ал кейде бір мезгілде Жошы ұрпақтарының шығыс тармақтарының өкілдері, атап айтқанда, Темір-Қожа, Орда-Шейх, Мүрид және басқалар көтерілді. Ақ Орданың үстем табы Алтын Ордада қалыптасқан жағдайды пайдаланып, Жошы ұлысының екі бөлігін өз билігінде саяси жағынан тұтас етіп біріктіргісі келді. Бердібек хан өлгеннен кейін Сарай тағына отыруға, мысалы, Ақ Орда ханы Шымтай (1344—1361) ресми түрде шақырылды, ол шақыру-

ды қабылдамады, бірақ оның балалары, әсіресе Ұрұс Алтын Орда тағы үшін күреске белсене қатысты¹⁴.

Ұрұс 1368 жылы Ақ Орда ханы болды. Қадыр-Әли Жалаири, Му'ин ад-дин Натанзи оны батыл мінезді, күшті әрі күдіретті билеуші деп сипаттайды¹⁵. Ұрұс кезінде Ақ Ордадағы хан билігі күшейіп, ол Алтын Орда тағына белсенді түрде ұмтыла бастады. 1368 жылы «державаның тіректері мен сарай шонжарларының» қолдауына сүйенген Ұрұс хан Еділ бойы жағына жорық жасады. Ол 1374—1375 жылдары Сарайды алып, Қажы-Тарханды (Астраханды) қоршады, деректемеде «Ұрұс хан жұрты» деп аталған Кама бұлғарларының жерін бағындырды¹⁶.

Сығанақтың мыс теңгесі. XIV ғасыр.



Алайда Ұрұс ханның табысы ұзаққа бармады, сөйтіп келесі жылдың өзінде-ақ ол Еділ бойынан кетуге мәжбүр болды. Ұрұс хан өзара қырқыс кезеңінде феодалдардың қолдауымен Алтын Орданың батыс бөлігінде едәуір билікке қол жеткізген Алтын Орданың уақытша билеушісі Мамайды жолынан тайдыра алмады. Ұрұс хан 1375—1376 жылдары Сырдария жағасына қайтып оралды, ал онда Ақ Орданың оңтүстік шегінде Орта Азияның билеушісі әмір Темір өзінің агрессиялық қимылдарын өрістетіп жатқан еді.

Темірдің көмегімен Ақ Ордадағы билікті қолына алған Тоқтамыс Жошы ұлысының шығыс және батыс бөліктерін біріктіру саясатын жалғастырды. Алтын Орданың уақытша жандануы соның есімімен байланысты. Тоқтамыс өзін Сығанақта Ақ Орданың ханы деп жариялап, соның материалдық және әскери ресурстарына сүйеніп, 1380 жылы Жошы ұлысының батыс бөлігін жаулап алды. Темірмен соғыстар, Тоқтамыстың Русь пен Орта Азияға шапқыншылықтары, Ақ Ордадағы тартыстар оның Сарай мен Сығанақтағы билік құрған кезін сипаттайды. 1395 жылы Тоқтамыс Темірден күйрей жеңіліс тауып, Сібірге қашып кетті.

Бүліктер мен қырқыстар, орыс халқының азаттық күресі, сондай-ақ Темірдің шапқыншылықтары Алтын Орданың іргесін шайқалтып, оны екінші дәрежелі мемлекет жағдайына түсірді. Темір Алтын Ордаға Ұрұс ханнан тараған өз қолшоқпарларын (Қойыршак, Темір-Құтлық) отырғызды, бірақ олар оның бұрынғы ұлылығын қалпына келтіре алмады. Алтын Ордада маңғыт әмірі Едіге басты рөл атқара бастады, ол он бес жыл бойы іс жүзінде оның билеушісі болды. Ол 1399 жылы Алтын Орданың тағына Темір-Құтлықтың інісі Шәдібекті көтеріп, жағдай бірсыпыра уақытқа біршама тұрақтанды. 1406 жылы Едіге Тоқтамысқа қарсы Сібірге жорық жасады, содан соң өзі қойған Шәдібекке қарсы күресіп, оны қашып кетуге мәжбүр етті. Едіге 1408 жылы Темір-Құтлықтың ұлы Поладты Алтын Орданың ханы етіп қойды. Алайда Поладты 1411 жылдың өзінде-ақ Қырымның ханы қуып шықты.

Толассыз аласапырандар, әмір Едіге мен оған тәуелді хандар арасындағы қырқыстар 1419 жылы Едігенің өзінің қаза табуына әкеп соқты. Алтын Орда шын мәнінде орталық билігі бар мемлекет болуын тоқтатып, XV ғасырдың ортасына қарай біржола ыдырады: оның аумағында Қазан, Астрахан, Қырым хандықтары пайда болды, ал Хорезм Темір ұрпақтары мемлекетінің құрамына кірді.

Ақ Орда тарихына қысқаша шолу келесі бөлімдерде жалғастырылады. Ал бұл арада сол мемлекеттің атауына тоқтала кеткен жөн, өйткені соңғы онжылдықтардағы әдебиетте ол (атауы) туралы пікірсайыстар жүргізіліп қана қоймай, бұл мемлекеттің тарихи болғанының өзіне де күмән келтірілді.

«Ақ Орда» мен «Көк Орда». Евразия далаларында XIII—XV ғасырларда билік еткен Жошы мен оның ұрпақтары ұлысының тарихнамасында екі проблема ерекше қызу дау туғызды. Біріншіден, Жошы ұрпақтарының Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіндегі, яғни Батыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумағындағы мемлекетінің қалай Ақ Орда немесе Көк Орда деп аталғаны. Екіншіден, бұл саяси құрылымның мемлекеттік мәртебесі, оның Дешті Қыпшақтың батыс бөлігінің (немесе Жошы ұлысының), яғни орыс және Батыс Европа тарихнамасы мен деректемелерінде соңғы төрт ғасыр бойы «Алтын Орда» деген атаумен белгілі мемлекеттің хандары жөнінен дербестік немесе тәуелділік дәрежесі қандай? XIV—XV ғасырдың басындағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы мемлекет тарихының маңызды мәселесі оны билеушілердің генеалогиясы туралы мәселе болып табылады, өйткені қазақ хандары әулетінің негізін нақ солар қалаған.

Жоғарыда, бірінші тарауда, Жошы ұлысының екі қанатқа: сол қол және оң қол болып бөлінгені айтылды. Әрбір қанат Жошының екі үлкен ұлының дербес иеліктері болды: сол қолды — Орда (Орда-Ежен, Орда Ичен), оң қолды Бату басқарды. Ұлыстың екі қанатының түпкілікті қалыптасуы XIII ғасырдың Орда мен Бату өз иеліктерінде патшалық еткен 30-жылдарына жатады¹⁷.

Сол кезге жақын жазбаша деректерде Жошы ұлысының сол қанаты мен оң қанатының (монғолша, жоңғар және барунғар) хандар есімімен: Орда ұлысы, Бату ұлысы деген анықтамасынан басқа ешқандай түс белгісі болмаған. Плано Карпини (XIII ғасырдың 40-жылдары) былай деп атап өткен: «Әлдебір теңіз [Алакөл, Ертістің жоғарғы ағысында] Батудан үлкен Орду тұрады... онда орда немесе әкесінің сарайы да бар...»¹⁸. Орда-Еженнің немересі Көнші ханның ұлысымен жүріп өткен және ол туралы: «Олардың патшасы ешкімге бағынбайды» деген Марко Поло (кітап XIII ғасырдың аяғында жазылған) оның иеліктерін Ақ Орда деп те, Көк Орда деп те атамайды. Марко Поло Сайыннан (Бату) бастап, өзі «Батыстың патшасы» деп атаған Тоқты ханға (1290—1312) дейінгі «батыс татарларының патшаларына» көптеген беттер арнаған¹⁹.

Рашид ад-Дин (XIV ғасырдың басы) Жошы ұлысы қанатын хандардың есімдерімен: «Бату ұлысы», «Орда ұлысының билеушісі Баян» және т. б. деп белгілеген. Жошы қонысының «Ертіс шегінде» орналасқаны туралы Рашид ад-Дин былай деп хабарлаған: «Жошы хан Хорезм арқылы (яғни Хорезмді алғаннан кейін) өзінің көші жатқан Ертіс жағына бет алып, өз ордасына қосылды»²⁰. Рашид ад-Диннің Орда мен оның ұрпақтары (олардың генеалогиялық реті: Жошы — Орда — Сартақтай — Күйінші — Баян) туралы мәліметтері Орданың шөбересі, автордың замандасы Баянның билік еткен кезеңімен аяқталған, бұл мәліметтер мейлінше егжей-тегжейлі және айқын. Жоғарыда аталған Күнші (онда — Күйінші) туралы тарихшы оны «ұзақ уақыт бойы Орда ұлысының билеушісі» болған деп хабарлайды. Баян туралы ол «қазір Орда ұлысының патшасы», «ол бұрынғысынша әкесінің ұлысын басқарып отыр» деп бірнеше рет айтқан. Атап айтқанда, автор оның Рашид ад-Дин өз еңбегін жазған Иранның билеушісі Газан ханмен достық қатынаста болғанын жеткізеді²¹. Ал Рашид ад-Дин өз заманындағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы жағдайды өте

жақсы білген. Бірақ Жошы ұлысы қанаттарының қандай түсте болғанын Рашид ад-Дин айтпайды.

Жошы ұрпақтары туралы осының алдындағы тарихшының мәліметтерін көп жағынан қайталайтын Вассаф (XIV ғасырдың бірінші жартысы) та түртүс белгілерін білмейді. Ол Жошының жеті ұлының есімдерін келтіреді, Жошының жеке өзінің төрт мың әскері Батудың ағасы Хордудың басқаруына берілді деп хабарлайды²².

«Ақ Орда» атауының алғаш рет ауызға алынуы XIV ғасырдың 40-жылдарында болуы мүмкін. Т. И. Сұлтанов бұл жәйітке егжей-тегжейлі тоқталған: «Ақ Орда» термині кездесетін уақыты жағынан ең ертедегі деректеме, сірә, Кутбтың «Хұсрау мен Шырыны» болса керек²³. Ол Өзбек ханның ұлы, әкесінен кейін Алтын Орда тағында бірнеше ай бойы отырған Тыныбек туралы деректемелерден егжей-тегжейлі мәліметтер келтірген. Ақ Орда Тыныбектің әйелінің атына байланысты да айтылады («Ақ Орда — оның патшалығы, ол — тақтың көркі»). Бірақ дастанның 1340—1342 жылдары Сығанақта жазылғаны мәлім²⁴. Өзбек ханның өлген уақыты, Т. И. Сұлтанов келтірген мәліметтер бойынша, деректемелерде хижра бойынша 742 жылғы шаввал (1342 жылғы наурыз-сәуір) және 743 жыл (1342 жылғы маусым — 1343 жылғы мамыр) деп аталады²⁵. Дастан Өзбек хан өлгенге дейін жазылып, оны Кутб Өзбек хан өзінің ұлын Орда ұрпақтарының ұлысын бағындыру мақсатымен жіберген Сығанақтағы Тыныбекке тарту еткен болуы ықтимал. Кутбтың дастанын зерттеуші Э. Н. Наджип осылай деген жорамал айтқан. Г. А. Федоров-Давыдов бұл жорамалды «онша дұрыс емес» деп санаған, өйткені ол кезде сол қанатта, яғни Орда ұрпақтарының ұлысында Ерзен хан «өте жақсы» билік еткен еді (хижра бойынша 720 ж. / II. 1320 — I. 1321 — 745 ж. / V. 1344 — V. 1345 ж.)²⁶. Нақ осы Ерзен ханның 25 жыл бойы ойдағыдай басқарғаны туралы Му'ин ад-дин Натанзи де айтады. Ал Лэн Пуль Стэнлидің мәліметтеріне қарағанда, 1320—1344 жылдарда «Шығыс Қыпшақта» («Орда Үйінде») Мүбәрак-қожа билік еткен²⁷. Ұлыстардағы жағдайдың әрқашан тұрақты болмағаны туралы мәліметтердегі бұл алшақтық Сығанақта қайсы бір кезде Тыныбектің де болуын әбден мүмкін етеді.

Тыныбектің әйелі Хан-Мелек міне сол жерде, Сығанақта «Ақ Орда тағының көркі» болуы ықтимал, ал «зор үміт күттіретін шах» туралы сөздер көркемдік дәріптеу қатарына жатады, ол шығыстың лирикалық дастандарына мейлінше тән.

Темірлік тарихнаманың авторлары (XIV ғасырдың аяғы — XV ғ.) Жошы ұлысының мемлекеттеріне ала-құлалық белгілерін қолданбайды. Темірдің, Ұлықбектің дәуіріндегі Мауараннахрдың солтүстік жағындағы оқиғаларды суреттеген кезде Низам ад-дин Шами, Шараф ад-дин Йазди, Абд ар-Раззақ Самарқанди Дешті Қыпшақтағы мемлекеттік құрылымдарды көрсету үшін хандардың есімдерімен және негізінен «өзбек» деген этнополитониммен қосып, «ұлыс», «дийар» (ел), «уәлаят» (облыс), «мамлакат» (мемлекет) деген терминдерді пайдаланады. Мысалы, Абд ар-Раззақ Самарқанди «Барақ оғлан Мұхаммед ханның ордасын басып алды және ол Өзбек ұлысының көп бөлігін қаратып, бағындырып алды» деп жазады; нақ сол автор әмір Едігені, оның інісі Исабекті, Шәдібек, Полад, Ұлық-Мұхаммед хандарды «Дешті Қыпшақтың және өзбектер уәлаятының билеушілері» (падишахан-и Дешт и Кыпшак вә вилайат-и узбек) деп атайды²⁸.

Му'ин ад-дин Натанзи (XV ғасырдың екінші онжылдығының басы) «Мун-

тахаб ат-таварих-и Му'ини» деген шығармасында Жошы ұрпақтарының XIV ғасырдың ең басындағы Алтын Орда ханы Токта мен Ноғай арасындағы, 1300 жылы соңғысының қаза табуымен аяқталған күреске байланысты оқиғаларға дейінгі²⁹ Жошы ұрпақтарының тарихын Рашид ад-Дин бойынша баяндай келіп, Жошы ұлысының Ақ Орда және Көк Орда болып бөлінгені жөнінде былай деп хабарлайды: «Осыдан кейін Жошы ұлысы екі бөлікке бөлінді. Сол қанатқа жататындары, яғни Ұлытау, Сегізағаш пен Қаратал шегінен Түйсен шегіне, Жент пен Баршыкент төңірегіне дейін Ноғай ұрпақтарына орнықты да, олар Ақ Орда сұлтандары деп атала бастады; ал Ібір-Сібір, Русь, Либка, Үкек, Мажар, Бұлғар, Башқұрт және Сарай-Берке жататын оң қанаты Токта ұрпақтарын тағайындады, сөйтіп оларды Көк Орда сұлтандары деп атады»³⁰. Натанзи өз әңгімесінің басқа бір жерінде географиялық және этникалық-саяси нақтылықтардың осы тізбесінде Сығанақ қаласын — «Ақ Орда» мен Қажы-Тарханға және басқа мекендерді «Көк Ордаға» қосқан³¹.

Содан соң автор Сасы-Бұғадан бастап Көк Орда мен Ақ Орданың билеушілерін атап келтіре отырып, хандардың, әсіресе Жошы ұлысының сол қанаты хандарының істері туралы көптеген егжей-тегжейлі оқиғаларды баяндайды. Зерттеушілер осы мәліметтерге жүгіне отырып, материалдардың түпнұсқа екенін, автордың жақсы білетіндігін, Жошы ұлысы шығыс бөлігі тарихының монғолдардан кейінгі кезеңі мен Темір заманындағы тарихын зерттеуде оның мәліметтерінің құндылығын баяндайды³².

Му'ин ад-дин Натанзи үшін Жошы ұлысының жоғарыда аталған екі бөлігіне екі түрлі белгіні қолдану кездейсоқ айтыла салған сөз емес. Сол қанат жөнінде «Ақ Орда» атауын ол бірнеше рет қолданады. Мәселен, XIV ғасырдың 60-жылдарында, «асқан аласапыран» кезеңінде «Көк Орда» (оның мәліметтеріне қарағанда — Жошы ұлысының оң қанаты) әмірлері тобының шақыруымен Сарай тағында жоғарыда аталған сол қанат әулетінен тарағандардың, яғни Орда, Тоқа-Темір, сондай-ақ Шайбани (Шейбани) ұрпақтарының билік етуін айта келіп, Му'ин ад-дин Ақ Орда әмірлерінің аталған тобы қарсыластарының біреуінің (Натанзидің айтуынша) «надандық сезімімен»: «Ақ Орда сұлтандарының мына ұрығы қалайша Көк Орда патшалары тағының әміршісі (падишаханы) болмақ!» деп айқай салған сөздерін келтірген³³. Жошы ұлысының шығыс бөлігі хандарына көрінеу іш тарта отырып, Натанзи оқиғалар заманындағылардың екі ұлыс билеушілерінің қайсысы басым екеніне, олардың «Көк Орданы» (яғни Алтын Орданы) билеуге саяси мәртебесі жағынан қайсысының жоғары екеніне көзқарасын көрсетті.

Одан кейінгі уақыттың, XIV ғасырдағы 70-жылдардың оқиғаларын сипаттаған кезінде Натанзи, жоғарыда аталған теміршіл авторлар сияқты, әуелі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына, ал содан соң Жошы ұлысының Сарай тағына сол қанаттың хандары (Ұрұс, Тоқтамыс және басқалар) келген батыс бөлігіне қатысты «Өзбек ұлысы» деген атауды барған сайын жиі қолданады. Му'ин ад-дин Натанзидің «Ақ Орда» атауын төменіректе қолдануын екі түрлі — Өзбек ұлысының әкімшілік, саяси бөлігі ретінде де, сол қанаттың әскери контингентінің (түменінің) атауы ретінде де түсінуге болады, ол былай дейді: «Өзбек ұлысының патшалығы (сұлтанаты) Темір Мәлік ханға тиген кезде ол Ақ Орда деп аталатын сол қанаттың (сол қол) түмендерін басқаруды өзінің жиені Мұхаммед оғланға берді»³⁴. Натанзиде Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіне «Өзбек ұлысы» атауы Едіге заманына қолданылады; Сарайға әмір Темір отырғызған Темір-Құтлық ханнан кейін «мемлекетте қайтадан жолсыздық орын

алып, Өзбек ұлысы өз әдеті бойынша Шыңғыс-ханның данқты ұрпағын іздестіре бастады». Едіге Шәдібек ханды сондай адам деп тапты³⁵.

Му'ин ад-дин Натанзидің Жошы ұлысының түрлі бөліктері үшін «Ақ Орда» және «Көк Орда» деп түсін белгілеуінің өзі сол ұлыстың тарихнамасындағы жоғарыда аталған дауларға негіз салып берді.

XV ғасырдағы (1426 ж.) беймәлім «Му'изз әл-ансаб» деген деректемеде Жошы ұрпақтарының генеалогиялық тармақтарын сипаттауға арналған мәліметтер бар, олар Рашид ад-Диннің «Жами'ат-таварихы» екінші томының деректеріне негізделген. Осы бір Европадағы монғолдар заманы жөніндегі тамаша түпнұсқа деректемемен салыстырғанда толықтыру да бар: Батудың патшалық етуіне Орданың келіскені туралы Рашид ад-Диннің мағлұматтарын хабарлай келіп, «Му'изз» авторы «оның [Орданың] ұлдары мен ұрығын Көк Орда деп атайды» деп қосады³⁶. Натанзи сияқты, бұл автор да Темір ұрпақтарының сарайы маңында жазған. Ол Натанзидің еңбегін білмейтін еді және оның мәліметтеріне қандай болса да түсінік бере алмайтын. Бұл авторлардың екеуі де, зерттеушілердің атап өткеніндей³⁷, әлдебір түрік (ұйғыр) қолжазбасын, сондай-ақ Темір ұрпақтары Омар-Шейхке, Ескендір мен Шахрухқа қызмет еткен монғол әмірлерінің ауызша хабарламаларын деректеме ретінде пайдаланған. Олардың шығармаларының парсыша мәтіндегі көптеген түрік және монғол сөздері, сондай-ақ қолжазбаларды көшіріп жазушылардың түрік-монғол тайпаларының, географиялық атаулардың, жеке есімдердің дәл берілмеуі соны көрсетеді.

Му'ин ад-дин Натанзидің «Ақ Орда» мен «Көк Орда» туралы Жошы ұлысының сол қанаты мен оң қанатының атаулары деген сөздерін XVI—XVII ғасырлардағы бірқатар авторлардың қабылдағаны мәлім. Олардың ішінде Қазы Ахмед Гаффари Казвини («Нусах-и джаханара», 1564—65 жылдарда аяқталған), Хайдар Рази («Тарих-и Хайдари», 1618—1619 жылдарда аяқталған), «Тарих-и Шах Уәйіс» және басқалары бар. Оларда, Натанзидегі сияқты, Көк Орда мен Ақ Орда хандары туралы жеке-жеке баяндалады, оның үстіне материал баяндалуының ұйымдастырылуында Жошы ұлысы Алтын Орда заманында ғана емес, қазақ хандары заманында да біртұтас етіп көрсетілген. Атап айтқанда, Барақ хан мен Қасым Жошы ұлысының билеушілері ретінде бір қатарда айтылады³⁸.

XVI ғасырдың басындағы автор Фазлаллах Рузбихан Исфханиде XV—XVI ғасырлар шебіндегі оқиғалардың «Жошы ұлысында», «Өзбек ұлысында», «Өзбекстанда», «өзбектер ұлысы» мен «қазақтар ұлысында» дамытылатынын атап өткен жөн. Мұхаммед Хайдар Дуғлат та нақ сол терминдерді қолданады. Түрлі-түстік белгілер бұл кезеңде де, бір ғасырлық оқиғаларды еске алуда да жоқ.

«Ақ Орда» және «Көк Орда» терминдері XVII ғасырдағы екі автордан — Әбілғазы Баһадүр хан мен Махмұд бен Уәлиден Шығыс Дешті Қыпшақтағы ұлыстардың атаулары ретінде қайтадан кездеседі.

Әбілғазы Баһадүр хан «Шаджарат ал-атрак» деген шығармасында Көк Орда туралы оншама нақты жазбай, былай дейді: «Айта кетелік, Жошы ханның мекен-жайы Дешті Қыпшақта, Көк Орда деп аталатын елде болған»³⁹. Жоғарыда Жошының ордасы Ертістің бас жағында болғаны айтылды. Автордың айтуынша да, Көк Ордамен осы аудан сәйкес келеді. Автор XIII ғасырдағы оқиғаларға байланысты Ақ Орда туралы былай деп мағлұмат береді: «Берке хан өлгеннен кейін (1266—67) хан Меңгу-Темір хан болды да, өз үлесіндегі

халықты басқарумен айналысты; руындағы өзінің үлкенді-кішілі туыстары жөнінде ол Бату ханның өкіміне сәйкес билік етті, сондықтан Ақ Ордада билік құруды ол Шибан ханның ұлы Баһадүр ханға берді»⁴⁰. Бұл арада Ақ Орда XVI ғасырдан бастап тарихнамада Алтын Орда деп аталатын сарай хандары иеліктерінің оң қанатын білдірмеді.

Ақ Орда иеліктерінің Баһадүр ханға берілуіне байланысты Әбілғазы айтқан оқиғалар басқа бір деректеме — Махмұд бен Уәлидің «Бахр әл-асрар» деген еңбегінде басқаша көрсетіледі. Бұл автордың мағлұматтарына қарағанда, Шайбанидың ұлы Баһадүр оң қанат ханының әмірінсіз Ақ Ордаға сол кезде-ақ иелігі ретінде өзі аттанады. «Шайбани ханның ұлы Баһадүрге келетін болсақ... ол әкесінің [ол өлгеннен кейін] орнына ел мен ұлысқа басшылық ете бастады. Жақын туыстарына, тайпаларына және төрт қаушынға жиналуға әмір беріп, ол қыстауы мен жайлауына Жүз Орда ретінде де белгілі Ақ Орданы тандап алды»⁴¹. Бұл арада қаушындар деп Бату хан батысқа жорық жасағаннан кейін Шайбаниға бөліп берген төрт омақ (күсшы, найман, қарлұқ және бұйрақ) айтылып отыр. Інісіне Бату хан бөліп берген Шайбани ұлысының аумағы да белгілі. Егер төрт ғасыр өтіп кеткен уақыт шындығын ескерер болсақ, Әбілғазы бұл үлестің аумағын әдеттен тыс тәптіштеп былай деп суреттейді: «Сен тұратын жұрт (аймақ) менің жұртым мен ағам Ежен жұртының арасында болады. Сен жазда Жайықтың шығыс жағында, Ырғыз-суық, Ор, Елек өзендерінің бойында, Орал тауларына дейін жайла; ал қыс кезінде Ара[л] құмда, Қаракұмда және Сыр өзенінің жағаларында, Шусу және Сарысу өзендерінің сағалары маңында қыста»⁴². Менгу-Темір хан «Ақ Ордадағы иелікті «Бату ханның өкіміне сәйкес» Баһадүрге бергендіктен, ал жоғарыда аталғаннан басқа өкім болмағандықтан, осы аумақ «Ақ Орда» деп есептеледі.

Сонымен екі автор — Әбілғазы мен Махмұд бен Уәли де Ақ Орданы Шығыс Дешті Қыпшақ (Қазақстан) аумағында дейді.

Ал егер Ақ Орда далалық Қазақстан аумағынан тыс жатқан деп айтылса, бұл атау Жошы ұлысының оң қанатына жатқызған деп жорамалдар болсақ, Алтын Орда ханы Менгу-Темір Баһадүрге оң қанаттағы өз иелігін берген болып шығады, ал бұлай болуы мүмкін емес. Мұны сол кездегі монғол мемлекеттігінің тарихын зерттеуші В. В. Трепавлов атап өткен.

Сонымен XVII ғасырдағы аталған екі автордың түсінігінде, әлдебір түрік қолжазбаларынан алынған түсінікте XIII ғасырдың шындығы ретінде «Ақ Орда» термині даланың ауызша «тарихнамасының» айтуынша, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына, бірақ Шайбани ұлысына жатады. Оларда бұл Ақ Орданы, XIV ғасырдың басында Натанзиде көрсетілгеніндей, Орда-Ежен ұрпақтары емес, Шайбани ұрпақтары иеленгені жайында сөз етіледі.

Әбілғазы мен Махмұд бен Уәлиге қарағанда, Жошы әулетіне көзқарасы жөнінен Му'ин ад-дин Натанзидің неғұрлым объективті болғанын айта кеткен жөн. Алдыңғы екі автор да тым сыңаржақ жазады. Әбілғазының шығармасы шайбанилік тарихнама тұрғысынан жазылған (айтқандайын, оның жалпы түрік шежіресіне арналған шығармасы мәтінінің жартысын шайбанилер тарихы альп жатыр, ал «Тоқай-Темір тегінен» тараған қазақ хандарына небәрі бір абзац берілген). XIII ғасырдағы Шайбани жұрты аумағының бұлайша егжей-тегжейлі сипатталғаны мынадан: Шығыс Дешті Қыпшақта әуелі Орда-Еженнің ең жақын ұрпақтарымен, содан соң қазақ хандарымен үнемі билік үшін күрескен оның ұрпақтары кейінгі ғасырларда сондай түрде білгісі келген.

Махмұд бен Уәли де сыңаржақ (Тоқа-Темір ұрпақтарының пайдасына)

баяндайды. «Бахр әл-асрарда» жоғарыда айтылған шайбани Баһадүр «хан ұлдары» атағын алған Тоқай-Темір ұрпақтарына бағынуға өзін міндеттімін деп санап, өзінің бүкіл өмірі бойында оларға бағынудан айнымаған» деп атап өтілген⁴³. Бұл жағдай шайбанилік шығармаларда, әрине, теріске шығарылады.

Олардың біреуінде бұл ерекше айқын көрінген. Бұл арада Өтеміс-Қажының (XVI ғ.) «Шыңғыс-намесі» және сол автордың жаулап алынған Дешті Қыпшақта жоғарғы билікті Батуға бергені туралы және Шыңғыс-ханның жұрттарға өз немерелерін, қайтыс болған Жошы ұлдарын қойғаны (ақ жұртты — Батуға, көк жұртты — Орда-Еженге, сұр жұртты — Шайбаниға бергені) туралы жиі дәйексөз келтіретін мағлұматы жайында айтылып отыр. Сол арқылы олардың өзара қатынастарындағы саяси дәрежелері мен әрқайсысының оларда алатын орны белгіленген болатын. Бұл орайда Өтеміс-Қажы «Шайбани хан оғландарының» Жошының 13-ұлы Тоқа-Темір ұрпақтары алдында «мақтаныш ететінін және өздерін дәріптейтінін» атап көрсетеді, ал оларға шайбанилік тарихнама Ұрұс хан мен қазақ хандарын жатқызып: «[Ал] сендердің әкелеріңе ол тіпті [жабық] арба (В. В. Бартольдтің аудармасында — «шатыр») да орнатқан жоқ» дейді⁴⁴. Өтеміс-Қажының шығармасын зерттеуші В. П. Юдиннің анықтамасы, оның ізінше В. В. Бартольд берген баға («Түгелдей аңыздық мүдде») бойынша осынау «көрінеу аңыз әңгіме» Ақ Орда мен Көк Орданың Жошы ұлысының қай бөлігіне жататыны және олардың қайсысы басты Орда екені туралы дауларда екінің бірінде елеулі дәлел болып табылады. Бұл деректемелердің сыңаржақтылығы әлгі дауда ескерілуге тиіс, сондықтан В. П. Юдиннің шайбанилік тарихнамада Шайбани мен оның ұрпақтары «шамадан тыс» дәріптеледі деп атап өтуі әбден дұрыс⁴⁵. Жошы әулетінен тараған басқалардың, атап айтқанда, қазақ хандары мен олардың ізбасарлары әулетінің Шығыс Дешті Қыпшақтағы рөлі төмендетіліп, шатастырылып жіберілген де, деректемелерде — ал олар негізінен шайбанилік — Шайбанидың рөлі тым жоғарылатылып айтылған, сол сияқты оның ұлысының аумағы да Батыс Қазақстанның кең-байтақ жерлері мен Сырдарияның солтүстігінде далалық аудандарын ғана емес, Оңтүстік Сібірді де алып жатыр деп әсірелеп көрсетілген.

Шығыс деректемелерінің Шығыс Дешті Қыпшақта «Ақ Орда» және «Көк Орда» терминдерінің қолданылуы туралы деректері осындай.

Жоғарыда орыс жылнамаларында Жошы ұлысының осы, бірақ тым жақын белгілері бар («Индейға жақын» үлгісіндегі) бөлігі жөнінде «Синья Орда» атауы айтылатыны атап өтілді.

Деректемелерде Жошы ұлысының кейіннен орыс деректемелерінде «Алтын Орда» атауын алған бөлігіне «Ақ Орда» атауының қолданылуы іс жүзінде кездеспейді. Жоғарыда айтылғанындай, шығыс деректемелерінде Жошы ұлысының батыс бөлігі (оң қанат) билік еткен ханның есімімен (Бату ұлысы, Берке ұлысы, Өзбек ұлысы және т. б.) аталған. Орыс құжаттарында (жылнамаларында) ол әуелі суреттеме түрінде — («татарлар»), сонан соң көбінесе — «мемлекет, держава» мағынасында «Орда», сондай-ақ «Ұлы Ұлыс» деп аталған. «Ұлы Ұлыс» деген бұл атау Қырым жарлықтарында, Тоқтамыстың Яғайлаға хатында айтылған; ол орыс мәтіндерінде «Белая Орда» деп қате аударылған. Түпнұсқада бұл мемлекеттің «Ақ Орда» деген атауы жоқ, «Ұлы Ұлыс» бар⁴⁶.

Зерттеу әдебиетінде «Ақ Орда» мен «Көк Орданы» Жошы ұлысына орналастыру және оларды XIII—XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтағы мемлекеттік

құрылымдарға жатқызу жөніндегі деректемелердегі қайшылықтар әлдеқашан-ақ атап өтілген (А. Ю. Якубовский, В. В. Бартольд)⁴⁷. Солай бола тұрса да, «Ақ Орда» атауын Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық-саяси, мемлекеттік құрылымдарға, Орда-Ежен мен оның ұрпақтары ұлысына, Орда мен Шайбани ұрпақтарының бір мемлекетке біріктірілген ұлыстарына қолдану дәстүрі тым ұзаққа созылып (Му'ин ад-дин Натанзидің заманына, яғни XV ғасырдың басынан), орнығып келді.

Бұл автордың «Ақ Орда» және «Көк Орда» атауларын Жошы ұлысының сол қанаты мен оң қанаты жөнінде қолдануының дұрыстығына алғаш рет М. Г. Сафарғалиев күмән келтірді⁴⁸. Ол «Ақ Орда» атауы — оң қанатқа, ал «Көк Орда» сол қанатқа қатысты болуға тиіс деп көрсетті. Бұған мына деректемелерде: Кутбтың «Хұсрау мен Шырынында»; «Му'изз әл-ансабта»; Әбілғазы Баһадүр ханда (Жошы қонысының «Көк Ордада» орналасқаны туралы) айтылуы; Токтамыстың орысшаға аударылған хатында «Ақ Орданың» (бірақ түпнұсқада — «Ұлы Ұлыс») аталуы негіз болған. Оның жорамалдарын Г. А. Федоров-Давыдов қолдап, дамытты⁴⁹. Ақ Орда әулетінің негізін салушы Ноғай ұлының ұрпақтары деп санаған Натанзидің қателігін ескере отырып, Г. А. Федоров-Давыдов Бату ұлысының екі қанатқа — Токта мен Ноғай арасында қайталап бөлінгені туралы мынадай пікір айтты (біріншісі Жошы ұлысының Орда мен Бату арасында бөлінуі болған): «Мұндай жағдайда «аноним Ескендір» [яғни Натанзи] «Ақ Орда» және «Көк Орда» терминдерінің мағынасын дұрыс, бірақ солайша қайталап бөлінген ұлыстарға ғана қолданған». Му'ин ад-дин Натанзидің қатесін В. Л. Егоров, В. П. Юдин, Т. И. Сұлтанов⁵⁰ және басқалар түзетіп, сол қанатты (Орданың ұлысын) «Көк Орда» деп, ал оң қанатты «Ақ Орда» деп атай бастады. Дәлелдер ауқымы кеңейді, аталған төрт деректеме мен Өтеміс-Қажының аңыз әңгімелерінің мәтіндерінен егжей-тегжейлі деректер келтірілді. Алтын Орда Ақ Орда⁵¹ және Ұлы Ұлыс⁵² деп атала басталды.

Талқылау барысында Шайбани ұлысы туралы, оның оң немесе сол қанатқа жататыны туралы мәселелер шешілді. Зерттеушілерде Махмұд бен Уәлидің Ақ Орданың синонимі (контекст бойынша — қазіргі автордың синонимі) ретінде Жүз Орда туралы мағлұматы ерекше ынта-ықылас туғызды. Бұл атауды қазақ жүздеріне жатқызу туралы пікірлер пайда болды (Т. И. Сұлтанов, Г. А. Федоров-Давыдов, В. П. Юдин). Сонымен бірге зерттеушілер Натанзидің қателіктерін ұзақ уақыт бойы негіздегеннен кейін «Ақ Орданы» біртіндеп Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына қайтарды. Г. А. Федоров-Давыдов: «Мұндай жағдайда [бұл арада «Жүз Орданың» жүздермен байланысын айтқанда. — *Ред.*] «Ақ Орда» атауы қазіргі Қазақстан аумағына, яғни оң қанаттың Шайбани иелік еткен ежелгі ұлысының аумағына жатқызылған болып шығады», — деген қорытындыға келеді⁵³. Т. И. Сұлтанов «Ақ Орда» термині Шайбани иеліктерінің негізгі бөлігін құраған өңірге жатып, ал кейіннен бұл атау бүкіл Қазақстанға, соның ішінде Орда ұрпақтарының жұртына көшкен деп санайды. Шайбани мен Орда-Еженнің екі ұлысының бір Ақ Орда мемлекетіне біріккені туралы К. И. Петров пен К. А. Пищулина жазды⁵⁴.

Оң қанат (Ақ Орда) мен сол қанаттың (Көк Орда) нақ солай аталатын жаңа қанаттарға қайта бөлінгені туралы және Қазақстан аумағында жаңа «Ақ Орданың» пайда болуы туралы пікірді В. В. Трепавлов дамытты, ол Жошы ұлысының жақсы ойластырылған екі қанатындағы жоғарыда аталған қайшылығымен кездескен еді. Қайшылық, атап айтқанда, оң және сол қанаттарға түс

белгілерін «Ақ» және «Көк» беруге байланысты, өйткені Әбілғазы мен Махмұд бен Уәлидің мәліметтері «Ақ Орданың» Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болғанын айқын көрсетті: Сарай ханы Меңгу-Темір өзінің Ақ Ордадағы (Алтын Ордадағы) иеліктерін Шайбанидың ұлы Баһадүрге бере алмайтын еді. «Дештіден тағы бір Ақ Орда іздеуге» тура келді⁵⁵. Сөйтіп ол табылды.

Қанаттарға бөлінген монғол ұлыстарының аумақтық-әкімшілік құрылымының бұлыңғыр жүйесін зерттей келіп, В. В. Трепавлов Бату ұлысының ғана емес (хандар мен беклар-бектер арасында), сонымен қатар Орда ұлысының (Көк Орданың) да жаңадан «Ақ Орда» мен «Көк Ордаға» қайталап бөлінгені туралы қорытындыға келген. Шайбани де осы жаңа Ақ Орданы (оң қанат) алған. «Егер Көк Орданың қайталап бөлінуі туралы қағидасын, сондай-ақ Г. Е. Грум-Гржимайло мен В. Л. Егоровтың Жайық бойындағы [қанаттар арасындағы. — *Ред.*] болжамын қабылдар болсақ, Натанзидің нұсқасы дұрыс болып шығады. Ібір-Сібір мен Башқұртстан (шайбанилердің иеліктері) шын мәнінде оң қанат, бірақ Орда-Ежен мемлекетінде болған»; бұл орайда Орданың ұлысына Шайбани XIII ғасырдағы 40-жылдардың басында-ақ «берілген»⁵⁶. Шығыс Дешті Қыпшақтың Көк Орда қайта бөлінгенде Шайбани алған және оң қанат («Ақ Орда») болған бұл кең-байтақ аумағы (Батыс Қазақстан, Орталық және Оңтүстік Қазақстанның бір бөлігі) соған дейін-ақ, XIII ғасырдың 20—30-жылдары шебінде де «Ақ Орда» деп аталуға тиіс болатын (және аталуы мүмкін еді). Жошы ұлысы бастапқыда оның екі үлкен ұлы арасында бөлінген кезде оның батыс шекарасы әлі Жайықтың шегінен аспайтын. Батудың да үлесі, батыс үлес, батыс қоныс — «Ақ Орда» сол аумақта болған. Ал шығыста, Ертістің жоғарғы ағысында Орданың үлесі — шығыс үлес, шығыс қоныс — Көк Орда болды. «Азиялық көшпелілерде әлемнің тараптарын түрлі түстерге бояу кеңінен таралған: қызыл — оңтүстік, қара — солтүстік, көк — шығыс, ақ — батыс, сары — аспан»⁵⁷. Түріктер мен монғолдарда ең құрметті түс «көк» — көшпелілер ең басты өмірлік күш деп құрметтейтін көгілдір, көк және жасыл түс (көк өскіннің түсі), аспан мен судың түсі болған.

Жошы ұлысының бастапқы қанаттарының жоғарыда аталған түс белгілері Бату жаулап алғаннан кейін де, «Ақ Орда» мен «Көк Орда» батыс бағытына ауысқан кезде де ресми болған жоқ, олар әлі де жазбаша құжаттарға түспеген, оқиғалардың замандастары әңгімелерінде, түрік-монғол аңыздарында өмір сүріп, негізінен «даланың ауызша тарихи дәстүрінде» сақталған⁵⁸. Тек бір-бір жарым ғасыр өткеннен кейін ғана олар жоғарыда аталған деректемелерде жазылған. Бұл мәліметтерді Әбілғазының беру нысаны түсінікті: шайбани Баһадүрге иелік «Ақ Ордада» бөлінген, ал Жошының қонысы «Көк Орда» деп аталатын елді», яғни жаулап алушылар келіп, оларды өздерінше атаған, оның үстіне нақ түрік атаулары кеңінен қолданылған белгілі бір географиялық аудандарда болған.

Бірақ әлем тараптары бойынша Жошы мен оның ұрпақтары жаулап алған аумақтардың осы дәстүрлі, бірақ ресми емес түс белгісі мемлекеттік құрылымдардың, державалардың белгісіне айналған кезіне қарай Шығыс Дешті Қыпшақтағы жағдай түбірінен өзгерген еді. Орда ұрпақтарының (оның төрт інісінің, соның ішінде Тоқа-Темір де болған) ұлысы XIII ғасырдың өзінде-ақ батыс бағытында — Сарысу жеріне, Қаратау өңіріне, Орта Сырдария бассейніне, оның сағасына, Арал өңіріне, яғни Ақ Орда жеріне қарай кеңіді. Оның иеліктерінде Сығанақ, Сайрам, Жент, Барукент қалалары аталады. Шайбанилер Батыс және Оңтүстік Қазақстан аумағынан солтүстік-шығыс бағытына, Орта Ертіске, Сібірге қарай ауысады.

Му'ин ад-дин Натанзи де бастапқы «Ақ Орда» аумағын (ұлысын да) сол канат әулетіне — Орда-Ежен ұрпақтарына қарайды деп көрсеткен, дегенмен де әуеліде Көк Орданың ұрықтары болған. Жүз жыл ішінде, XIV ғасырдың ортасына қарай, Орда-Еженнің бұрын шағын болған монғолдық «Көк Ордасы» жергілікті этникалық негізде ірі державаға — Ақ Ордаға айналып, ол атауымен бірге шайбанилердің кең-байтақ аумағы мен ұлысының көп бөлігін өзіне қаратып алады. XIV ғасырдың екінші жартысынан ол деректемелерде әлі де Өзбек ұлысы деп атала берді.

Бір жарым ғасыр бойы өзінің ресми емес атауын үш рет (Көк Орда — Ақ Орда — Өзбек ұлысы) өзгерткен, ал ресми деңгейде Орда ұлысы, одан тараған ұрпақ хандарының ұлысы деп аталған осы саяси құрылымның мемлекеттік мәртебесі де түрлі кезеңдерде өзгермей қалған жоқ.

Деректемелер мен зерттеушілер Монғол империясының (Еке Монғол ұлысының) мемлекеттік құрылысына сәйкес Орда-Ежен ұлысының Бату ұлысына қарағанда әуелбастан үлкен деп саналғанын атап өтеді, Рашид ад-Диннің Орда мен Бату және олардың ұрпақтары (ұрықтары) «өз ұлыстарының тәуелсіз әміршілері болып табылады» деген мағлұматы жоғарыда, I тарауда келтірілді. Мөңке қағанның батыс ұлыстарға Қаракорымнан жіберілген жарлықтарында алдына Орданың, содан соң Батудың есімдері қойылған. Алтын Орданың тарихи географиясын зерттеуші В. Л. Егоров: «Жошының ұлысы екі канатқа бөлінді, ол іс жүзінде екі мемлекеттік құрылымға сәйкес келетін», — деп екі хан иеліктерінің дербестігін талай рет атап өткен⁵⁹.

Бірақ көп кешікпей Батудың ұлысы іс жүзінде сол кездің «нақты жағдайында»⁶⁰, атап айтқанда, жаулап алушылық үлкен жорықтардың, ұлысына жаңа елдер мен халықтарды бағындырып алудың нәтижесінде күштірек болып шықты. Өзіне туыс Жошы ұрпақтарының да тәуелділігі айқындалды. Рашид ад-Дин Орда ұрпақтарында «мынадай ғұрып болды: олар Батудың мирасқорларын өздерінің патшалары және билеушілері деп санайды, олардың есімдерін өздерінің жоғарыдан берген жарлықтарында жазады», — деп атап көрсеткен⁶¹.

Дегенмен де XIII ғасырда Орда ұрпақтары ұлысының билеуші Бату хан ұрпақтарына бұл тәуелділігі формальды түрде болды. «Іс жүзінде екі иелік сыртқы саяси және экономикалық мүдделері әр түрлі дербес мемлекеттер еді», — деп жазады В. Л. Егоров; ол Көк Орданың «толық экономикалық тәуелсіздігін» де атап өткен⁶².

Мысалы, Иранның хулагулықтарымен Баянның одақтастық қатынастарынан сыртқы саяси байланыстар мен мүдделер ерекше ауқымда көрінді, ал сол кезде батыстағы Жошы ұрпақтары Кавказ сыртына ие болу үшін ұзаққа созылған соғыстар жүргізіп жатқан-ды. Баян Иранмен одақты өзінің Жетісу мен Түркістан жерлері үшін Шағатай және Үгедей ұрпақтарына (Хайду мен Дува) қарсы, сондай-ақ өз туысы Құблыққа қарсы ұзақ күрес жүргізген кезінде жасасты, ал оның Құблықпен 18 рет шайқасуына тура келді⁶³. Көршілес ұлыстардағы Шыңғыс ұрпақтарымен күрес Орда ұрпақтарын Сығанаққа, Сырдарияға қарай ығысуға мәжбүр етті.

Бірақ Көк Орда билеушілері астанасының бұлайша ауыстыруына ең маңызды себеп экономикалық қажеттілік, бұрынғы шаруашылық, сауда орталықтарының тарту ықпалының өзі болатын. Монғол ұлыстарының көшпелі билеушілерінің ордалары біртіндеп осындай дамыған экономикалық орталықтарға жылжып отырды, олар монғол ұлыстары жерінде пайда болған тәуелсіз жаңа мемлекеттердің астаналарына айналды. Сөйтіп Орда-Ежен ұрпақтары-

ның орталығы Алакөл мен Ертістен Оңтүстік Қазақстан жеріне ауысып қана қоймай, Шағатай ұлысының орталығы да Жетісудан Мауараннахрға ауысты. Ғасырға жуық жинақтаушы «өзбектер» деген саяси атаумен (этнополитоним) аталып, уақыт өте келе ірі этникалық бөлініске — қазақтардың Орта жүзіне айналған қыпшақтар мен басқа да этникалық топтар осында, Ақ Ордаға біртіндеп шоғырланып, оқшауланып шықты.

Жошы ұлысының екі қанатындағы мемлекеттік даму жолдары барған сайын алшақтай берді. Егер жүз жыл өрлеу мен тұрақтылықтан кейін батыс қанаттағы мемлекет (яғни Алтын Орда немесе Ұлы Ұлыс) XIV ғасырдың 2-жартысынан бастап бірте-бірте әлсірей түссе, шығыс қанаттағы мемлекет (XIV ғасырда Орда-Ежен мен Шайбани ұрпақтарының ұлыстары мен үлестерінің жұрттарын біріктірген Ақ Орда, яғни бастапқыдағы Көк Орда) уақыт өте келе кеңейіп, тұрақтанып алды. XIV ғасырдың ортасынан бастап ол, мысалы, сол кезге дейін сол қанат хандарын Алтын Орда ханының арнаулы жарлығымен бекітуден көрінген ресми тәуелділікті де тоқтатты. Ақ Орда хандары өз теңгелерін соқтыра бастады (Мүбәрак-Қожа хижра бойынша 728/1327—28 және х. б. 729/1328—29). Шығыс Дешті Қыпшақта жергілікті мемлекеттілік әсіресе Ұрұс хан кезінде нығайды. Ұрұс ханның шығу тегі мен қызметі, оның ұлдары, әсіресе немересі Барақ туралы Т. И. Сұлтановтың еңбегінде деректемелерден мол мәліметтер келтірілген⁶⁴. Ұрұс хан, одан кейін Ақ Орда (Өзбек ұлысы) тағына әмір Темір отырғызған Тоқтамыс та Алтын Орданы қалпына келтіруге тырысты, бірақ оншалықты табысқа жете алмады: бұл жаулап алынған көптеген елдер мен халықтардың орасан зор бірлестігінің заманы XV ғасырдың 1-жартысында біржола күйреп тынды. Шығыс Дешті Қыпшақта дербес, берік этникалық негіздегі мемлекет күш ала берді, дегенмен онда да әулеттер алмасты: билік Орда-Еженнің ұрпақтарынан Тоқа-Темірдің ұрпақтарына (Тоқтамысқа) көшті, сонан соң қайтадан Ұрұс ханның мұрагерлері қайтарып алды, Шайбани ұрпақтарына ауысты.

Жоғарыда Орда-Еженнен тараған хандар туралы: Рашид ад-Диннің мәліметтері бойынша — қоса алғанда Баянға дейін, Му'ин ад-дин Натанзидің мәліметтері мен теңге деректері бойынша — Сасы-Бұғаға дейін сөз етілді. Сасы-Бұға ханның есіміне байланысты бірсыпыра көмескілік бар, өйткені Натанзи оны Ноғай ұрпағы деп санаған, бұл — қате. Рашид ад-Динде Баян ұлдарының арасында Сасы-Бұға (Саты-Бұға) аталған. Зерттеушілер Баян ханның мұрагерлері туралы бұл мағлұматтарды ескереді⁶⁵, хан билігінің тегіндегі үлкендікті есептеу жөнінен де, әкесінен баласына тікелей мұраға қалуы жөнінен де мирасқорлық құқықтарының барлық күрделілігін ескергенде, Ақ Орда хандарының Орда-Ежен тегінен (тұқымынан) тарауын танудың негізі бар. Натанзидің Сасы-Бұғадан Ұрұсқа және оның ұрпақтарына дейінгі хандардың билік етуі туралы деректері мұраға алудың бір жүйесінен екіншісіне көшуін көрсетті. Жошы ұрпақтарының басқа тармақтарының биліктен дәмеленуі бұл процесті қиындатты. Бірақ деректемелер мен әдебиетте атауы туралы мәселе қалай шатастырылғанымен де, Қазақстан аумағындағы дербес мемлекеттілік дами берді.

Бірқатар, негізінен Шайбани ұрпақтары дәріптелетін деректемелерде Ұрұс хан мен оның ең жақын бабалары Жошының 13-ұлы Тоқа-Темірден тараған деп көрсетіледі. Бұл туралы төменде, алғашқы қазақ хандары жөніндегі бөлімде толығырақ мәліметтер келтіріледі.

3. ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МОҒОЛСТАННЫҢ ҚҰРАМЫНДА

Моғолстанның құрылуы. Моғолстанның құрылуы пайда болған кезінен бастап-ақ саяси және экономикалық жағынан біртұтас ел болмаған Шағатай ұрпағы мемлекетінің ыдырауымен байланысты. Мауараннахрды жаулап алған монғолдар жергілікті отырықшы-егінші және қала дәстүрлерінің ықпалымен жағдайға бейімделіп, отырықшылыққа ауысты. Ал Жетісудағы қалған монғолдар мұнда да едәуір дәрежеде түріктенгенімен, негізінен көшпелі тұрмысын сақтап қалды, ол былай тұрсын, жергілікті халықтың егіншілері мен жартылай көшпелілерінің біразы көшпелі тұрмыс салтына көше бастады.

Таусылмайтын соғыстар мен тартыстар елдің ауыл шаруашылығын күйзеліске ұшыратты, ал Мауараннахрды мекендеген хандардың оны осындай жағдайдан құтқармақ болған әрекеттері түріктердің көшпелі бөлігімен монғолдардың түріктеніп кеткен үстем тобының наразылығын туғызды. XIV ғасырдың ортасына қарай Шағатай ұрпағы мемлекеті дербес мемлекеттерге айналған батыс және шығыс бөліктерге бөлінді. Моғолстан атанған бұрынғы Шағатай ұрпағы мемлекетінің шығыс аймақтарының көшпелі шонжарлары хижра бойынша 748 ж./1347—1348 жылы Шағатай ұрпағы Тоғылық-Темірді хан қойды. Мұнда XIV ғасырдың ортасында саяси өмірдегі басты рөлді Мауараннахрдан бөліну жолындағы қозғалысты басқарған дуғлат тайпасының көсемдері атқара бастады. Дуғлаттар бұл кезде Жетісудағы ең ірі түрік тайпаларының бірі болатын және едәуір аумақты жерді мекендейтін.

Дуғлаттардың феодал үстем табы XIV ғасырда Шығыс Түркістанның отырықшы-егіншілік жазираларына да иелік етті. Мырза Мұхаммед Хайдар дуғлат руының шонжарлары Шығыс Түркістандағы өз иелігін (икта) XIII ғасырда-ақ алған деп жазады. «Шағатай-хан өз мемлекетін (үлестерге) бөлгенде, ол әмір Поладшының атасы Өртөбеге (Өрте-Бараққа) Манлай Сүбені (облысын) берді... Оның шығыс шекарасы — Құсан (Құша) мен Тарбүкір; батыс шекарасы — Шаш (Ташкент), Ғаз бен Жакишман, оның соңғысы Ферғана уәлаятында орналасқан; солтүстік шекарасы — Ыстықкөл, ал оңтүстігінде — Жарқан мен Сарыұйғыр. Әмір Поладшы билеген осы аталған бүкіл аумақ Манлай Сүбе аталды. Сол уақытта бұл елде бірнеше қалалар болды. Олардың ішіндегі ең үлкендері: Қашғар, Қотан, Жаркент, Қашан, Ақшыкент, Әндіжан, Ақсу, Атбасы, Құсан. Осы қалалардың ішінен әмір Поладшы Ақсуды өзінің ордасы етіп тандап алды»⁶⁶. Кейіннен бұл аудан Моғолстан билеушілері өкіметінің ауық-ауық тірек базасы рөлін атқарды.

Дуғлат тайпасынан шыққан әмірлердің XIII ғасырдың өзінде өрлеуі туралы мәліметтерді «Та'рих-и Рашиди» авторы өсіріп айтқан. Ол өз аталарының билікке деген дәмесін, ежелгі тайпаның басқа руларға қарағанда бас ру екендігін, хандарға дәстүрлі жақындығын негіздемеке болған. Мұны Рашид ад-Диннің дуғлаттар туралы айта келіп, осы тайпадан «ол ғасырда (XIII ғ.) және қазір де⁶⁷ сый-құрмет пен даңққа бөленген ешкім де мәлім емес»⁶⁸ деп ескерткен пікірін негізге ала отырып, В. В. Бартольдтің өзі де атап көрсетті. Алайда XIV ғасырдың екінші жартысында нақ дуғлаттардан шыққан әмірдің хандық құру жолындағы күресті басқарғаны шын мәнінде болған оқиға, бұл деректемелерде көрсетілген.

Дуғлаттардың үстем табының басшысы әмір Поладшы Мауараннахрдан бөлектенген хандық құрмақ болып, өзінің басшылық жағдайын нығайтуға және феодалдық егестерді бәсендетуге үміттенді. Бұл егестер туралы деректемелер

былай деп жазады: «Моғол ұлысы хансыз қалды, моғол халқы арасында әркім өзін билеп, ұлыста тәртіпсіздік орнады», «әрбір моғол әмірі тәуелсіздік пен өз билігіне ұмтылып, қарсы әрекеттер мен егестердің жалауын көтерді»⁶⁹.

Дуғлат көсемдері арқылы моғол шонжарлары Жетісу мен Шығыс Түркістанда өз билігін нығайтқанымен, көршілес Мауараннахр мен Ақ Орданың феодалдары сияқты қалыптасқан дәстүрді бұзуға және Шыңғыс әулетінен билікті тартып алуға батылы бармады. Поладшы таққа өзі қойған ханды отырғызбақ болып, Шағатай әулетінен Дува ханның немересі 18 жастағы Тоғылық-Темірді қалады: «Моғол тілінде (шежіреде) ханды әмір Поладшы... он алты жасында... әкелді деп айтылады. Он сегіз жасында (Тоғылық-Темір) хан болды, жиырма төрт жасында мұсылман болды, ал отыз төрт жасында өлді»⁷⁰. Күрделі, саяси жағынан тұрақсыз жағдайда дәл осы хан өзінің билігін күшейтті және моғол хандарының Моғолстанда, сонан соң Қашғарияда (Моғолия мемлекеті) XVI ғасырдың басына дейін билік еткен жаңа, едәуір орнықты әулеттің негізін қалады.

Өздері қойған адамды хан етіп бекіте отырып, дуғлат әмірлері ел ішіндегі өз ықпалын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар өз иеліктерін түрік әмірлерінің билік үшін шиелініскен күресі жүріп жатқан Ферғана мен Мауараннахр тарапынан болатын шапқыншылықтан қорғауға, ол былай тұрсын, көрші елдің ісіне араласуға тырысты.

Аумағы мен халқы. Жаңа мемлекет сол кезге дейін-ақ Шағатай ұрпағы иеліктерінің шығыс бөлігінде қалыптасқан атпен, яғни Моғолстан («Моғұлстан») деп атала бастады. Мырза Мұхаммед Хайдардың «Та'рих-и Рашидиіне» сәйкес Моғолстанның шекарасы төмендегідей болды: «...қазіргі Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен көлденеңі (ұзақтығы) 7—8 айшылық жол. Шығыс шеті (Моғолстанның) қалмақтардың жерімен шектеседі және Барыскөл⁷¹, Емел және Ертісті [өзіне қосады]. Солтүстігінде оның шекарасы Көкшетеніз (Балқаш) Түркістанмен және Ташкентпен шектеседі; оңтүстігінде Ферғана уәлаятымен, Қашғар, Ақсу, Шальши және Тұрфанмен шектеседі»⁷², яғни Моғолстанның едәуір бөлігі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғыз аумағынан құралған. «[Оңтүстік шекараның] ұзындығы сауда керуенінің үш айшылық жолына жетеді және тоқсан күншілік асуы бар». Бұдан әрі Мұхаммед Хайдар былай деп жалғастырады: «Моғолстанда көлемі жағынан Жейхұнға (Әмудария) тең көптеген ірі өзендер бар, олардың ішінде Іле, Емел, Ертіс, Шұлық (Шу) және Нарын бар. Бұл өзендер Сейхұннан (Сырдария) еш кем емес. Осы өзендердің басым көпшілігі Моғолстан мен Өзбекстан (Шығыс Дешті Қыпшақ) арасына орналасқан және оларды бөліп тұрған Көкшетеніз көліне құяды»⁷³.

Моғолстанның шекарасы тұрақты болған емес, оның бір жарым ғасырлық өмір сүрген уақыты бойында өзгеріп отырды. Алғашқы хан Тоғылық-Темір мемлекетінің құрамына Моғолстанның өзі мен вассалдық иелік ретінде Шығыс Түркістанның бір бөлігі (дуғлат әмірі Поладшының үлесі Маңлай Сүбе) кірді. Кейіннен Шығыс Түркістан бірде Темір ұрпағының мемлекетіне кірсе, бірде қайтадан Моғолстан билеушілерінің қол астына қарады; XV ғасырдың 80-жылдарынан бастап Моғолстан хандары иеліктерінің құрамына Ташкент пен Сайрам енді, бірақ Жетісу кірмей қалды. XVI ғасырдың басында Моғолстанның ыдырауы кезіне қарай оның хандарының билігі тек Қашғариямен ғана шектелген еді.

Тарихи-географиялық «Моғолстан» термині, мемлекеттің өзінің аты си-

яқты, «моғұл», «моғол» этнонимінен құрылған; «монғол» сөзі Орта Азияда осылай жазылатын болған, сірә, айтылғанда да солай айтылса керек. XIV ғасырдың өзінде-ақ мұнда ауысқан монғол рулары мен тайпалары жергілікті түрік халқымен сіңісіп кетті⁷⁴. Моғол тайпалары деректемелерде түрік тайпалары ретінде, өзінің негізінде шығуы жағынан автохтондық болып көрінеді. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның негізгі халқы мұнда Моғолстанның кезінде түркі тілдес болған⁷⁵.

Моғолстан ортағасырлық авторлардың тарихи шығармаларында мемлекеттің құрылу кезеңіне қарай «моғол» атты этникалық-саяси біртұтастыққа бірігудің ұзақ араласу және сіңісу процесінен өткен жергілікті түрік және түріктенген монғол тайпаларының мемлекеттік-саяси бірлестігі ретінде көрінеді. Деректемелер моғолдарға түрік атаулары да, монғол атаулары да бар ірі тайпаларды жатқызады, олар: дуғлаттар (дулаттар), қанлылар (бекшіктер), керейіттер (керейлер), аргинуд (аргинут), баариндер, арлаттар, барластар, бұлғашылар және басқалары. Кейбір тайпалардың аты (мәселен, үйсіндер) деректемелерге енбеген, бірақ сол кезеңнің барлық әскери-саяси оқиғаларына қарамастан, олардың мұнда одан әрі өмір сүргеніне ешбір күмән жоқ⁷⁶.

Орталық Азияның саяси картасында XIV ғасырдың ортасында Жетісуда орталығы бар Моғолстан мемлекетінің пайда болуы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Ақ Орданың құрылып, нығаюымен қатар Қазақстан тарихында маңызды оқиға болды.

Алғашқы моғол хандары. «Та'рих-и Рашиди» бойынша, Тоғылық-Темір едәуір дәрежеде жағдайды біршама тұрақтандырып, Моғолстанның бүкіл аумағын өз билігіне біріктіре алды⁷⁷; оның ордасы Алмалықта болған⁷⁸. Алғашқы моғол ханы ұлыстық жүйені сақтады; жоғарғы ұлыс бегінің мұралық лауазымын (ұлысбегі) ол дуғлаттардың басшысына бекітті⁷⁹. Салық жинауды реттеу үшін кейбір шаралар қолданылды.

Исламды мемлекетінің ресми діні етіп қабылдаған Тармашырын хан сияқты Мауараннахр хандарының өнегесімен Тоғылық-Темір өзінің жоғарғы билігін ортағасырлық Шығыстағы сыннан өткен идеологиялық тірек — мұсылман діні арқылы нығайтуды ұйғарды. Ислам жергілікті халыққа Қарахандар кезінен бері белгілі болғанымен⁸⁰, шағатайлық хандар, өздерінің көптеген бодандары сияқты, мәжусилер болып қала берді. Тоғылық-Темір кезінде Моғолстанда мұсылман дінін тарату жөнінде батыл шаралар қолданылды. Мырза Хайдардың хабары бойынша, бір күнде 160 мың адам ислам дініне енгізілді⁸¹. Бұл, әрине, асырып айтылған, бірақ ол ислам дінін енгізу барысын дұрыс бейнелейді. Ислам дінін қабылдамағандарға, тіпті әмірлер мен бектерді қоса, өлім жазасына, адам басына сәлдені шегелеуге дейін қатаң шаралар қолданылды.

Тоғылық-Темір өз билігін Мауараннахрға да жүргізбек болды⁸². Өзінің сыртқы саяси әскери істерімен Тоғылық-Темір өз беделін арттырып, өз мемлекетін нығайтуға тырысты. Көрші егіншілік өлкелерінен оңай олжа тауып, тұтқын түсіру дәмесі хан төңірегіне көшпелі ақсүйектердің топтала түсуіне жағдай жасады. Өзінің алғашқы жорығына Тоғылық-Темір Жетісудан 1360 жылғы ақпан-наурыз айларында аттанды. Әскерімен Ташкентке жақын тоқтап, Тоғылық-Темір хан ілгері қарай қосын жіберді, ол Сырдариядан өтіп, Шахрисябз қаласына қарай жүріп кетті. Тоғылық-Темірдің өзара жауласып жатқан жергілікті әмірлер өзіне қарсылық көрсетпейді деген есебі ақталды.

بنوعی که اگر از عهد آن گذرند بر آن سلطان بوسیله هیچ آید و چون
عراق بود از جهت این ایالتها بود که طرف عراق بود و آن نیز
از پیش مشرف شده است که فریبند که در آنجا پیش و در مقابل ابوبیخان
فرستاد که این امر را در هم در آن زمان تا حدود ولایت می بیند و امر
مندان که انان مشرف شده بودند و هر کس ظهور است که در میان الملکوت
بنی نیکر و ده خان نیز منضمه اینان بنشیند با همه آنکه شاه داند جمع بماند
و در آن ایام ابوالخیر خان استیلا تمام در دست قباوق است سلطان
چون می شود متوجه شدی بیکسان و کرامی خان از آنجا که خیزد و نماند
ایا ایستادگان با آنکه تمام طرف جبهه خیزی با شتر ابوی که است
که در فوجی منور است چون اینان انجام می بودند بعد از وفات
ابوالخیر خان اولی که هم بر آمده اختلاف بسیار افتاد و اکثرین که
مانند بیکر خان آمدند چنانکه قدرت ایشان با دولت خوارکس بودیم
از آنکه از آن بر این اتفاقا و آنها دولت سلاطین تراق از سال شصت و هفت
و در آن علم و تقیه و جلیل این معنی تراق استیلا تمام دولت و اکثر از آن
بعد از آنکه این برین وقتان بود پس بر آنکه بیکسان سهند بودی
چون این سهند نورد و شکر که از یاره از هزار هزارند بعد از هر طرف
مندان که از آن بطنیم تر نبود با همه بعد از وی بر شش خان بود
مگر بر آنکه اینها سهند در آن ایام که در خان تراق بر آن
مندان که از آن بطنیم تر نبود با همه بعد از وی بر شش خان بود

Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та'рих-и Рашиди» деген

پیش پسران ناسر لاساکی باشی بقالیماق رفت و همی بکر قابوی بلندی و قشک
دیگر پیش ابو الخیر باوز بکستان بختند و امر ابو نجی و چند دیگر و همی بکستان
اعتدال و بریشانی تمام روی نمود لایا بوغغان در اقسو استوار یافت اول
میر محمد شاه آمد و بعد از آن مردم بازر جمع بجان کردند غان نیز از کوهستان بود
مردم معاطه نیک که چون قوت تمام یافت بار اول بکوه بگرام و کوهستان
بیکبار کی یافت بر دوزالی بسیار کرده بگشت این یافت قبل از کوهستان
و تا نایه بود بر نوبه دیگر کوهن و ستون است بر سر ولایت بر و سلطان ابو سعید میرزا
در ازنان بلو شامه و اورا انهر شده بود وی خانزاق غوغو و در اینجا که در کت
تواریخ طرار زشته رسیدنی از آنکه جنگی واقع شد و مغول فرار نمود و میرزا ابو سعید
پار بگشت بر ولایت خود چون میرزا سلطان ابو سعید خراسان گرفت و بوزان
غلت ایسا بختان بانه جان رفت در آنه جان میرزا علی که یک نام میرزا بود اول
میرزا سلطان ابو سعید و در قلعه اند جان بختین نمود کثرت لشکران بجای بود که قلعه
اند جان را بسف حلقه گرفتند و از طرف عقب زدند قلعه سران بگشتند
خوار که میرزا علی که یک مانده آنرا لامه بجمع مع بگشت بسیار در کوهستان تمام
لشکران اسیر کرده بگشت تا این زمان از آن مردم که اسیر کرده اند از سران
مغول مغول است چون سلطان ابو سعید میرزا این خبر شنید و از سران
سلطان حار نماند زیرا که اگر مغول بگشتان بشود و این از سران
مغول میرزا علی که یک مانده آنرا لامه بجمع مع بگشت بسیار در کوهستان
تمام لشکران اسیر کرده بگشت تا این زمان از آن مردم که اسیر کرده اند از سران

қолжазбасының фрагменті. XVI ғасыр.

Олардың бірі — Орта Азияның болашақ билеушісі әмір Темір Тоғылық-Темірге бағынатынын білдіріп, сол үшін Кеш қаласын үлесті жерімен бірге басқаруға алды⁸³. Моғол ханының саясаты әмір Темірдің билік басына жету жолын оңайлатты.

Моғол әскерлерінің одан әрі ілгерілеуіне Тоғылық-Темір әскербасыларының өзара іс-әрекетінің үйлеспеуі кедергі келтірді. Олардың арасында деректемеде керейіт, аргинуд, қаңлы тайпаларының әмірлері мен бектері аталған, олар әуелі хан ордасына келіп, содан соң бүлік шығарып, Моғолстанға кетіп қалды. Моғол ханы Мауараннахрды бағындыру жөніндегі одан арғы әрекетін тоқтатуға мәжбүр болды. Әмірлердің бүлігін басқан соң Тоғылық-Темір 1361 жылы көктемде тағы да Мауараннахрға аттанды. Мауараннахрдың ірі әмірлерінің бірі Қажы барлас Хорасанға қашты; Темір тағы да өзінің бағынышты екенін білдірді де, Кеш өңірін билейтінін құптатып алды. Тоғылық-Темір Мауараннахрдың бүкіл аумағы арқылы өтіп, оңтүстікте Құндызға дейін жетті. Мұнда көктем мен жаз бойы болып, күзде Самарқандқа оралды. Тоғылық-Темірдің Мауараннахрда уақытша орнығуына өлкедегі саяси жағдай — жиырма жыл бойы, XIV ғасырдың 40 және 50-жылдарында орталық биліктің болмауы жәрдемдескен еді. Ішкі соғыстардан және жатжерлік басқыншылықтардан қалалар мен елді мекендердің бейбіт халқы азап шекті: «Оның (Тоғылық-Темір ханның) әскері, — деп әңгімеленеді «Зафар-намеде», — Гиндукуштың тау бөктеріне дейінгі аумақтар мен аудандарындағы халықтың иелігін тонап, күйзелтті...»⁸⁴.

Өзінің баласы Ілияс-Қожаны Мауараннахрдың билеушісі етіп қалдырып, Тоғылық-Темір Моғолстанға оралды. Моғол әскербасылары өздерін жаулап алушылардай ұстап, тек өздерінің баюын ғана көздеді. Халық бұқарасының ашынуы мен жаулап алушылар ордасындағы талас-тартысты пайдаланып, әмір Темір Мауараннахрда билік жүргізуге күш сала бастады. Тоғылық-Темірдің өлімі хан тағын мұралану ісімен айналысу үшін Ілияс-Қожаны Мауараннахрдан кетуге мәжбүр етті⁸⁵. Бірақ Ілияс-Қожа қайтар жолында Темір мен әмір Хұсайынның біріккен әскерлерімен шайқасуға мәжбүр болды. Ол жеңіліп, тұтқынға түсті, бірақ Моғолстанға босатылып жіберілді⁸⁶. Темір жеңілген моғол әскерін Ташкентке дейін қуды.

Моғолстанның хижра бойынша 764/1362—1363 жылы ханы болған соң Ілияс-Қожа 1365 жылы бұрынғы Шағатай иеліктерін біріктіруге жаңа әрекет жасады. Темір өз әскерлерімен оны Чиназ бен Ташкент аралығында Сырдарияның жағасында қарсы алды. Бұл жерде өткен белгілі «Батпақ шайқасының» («Джанг-и лой») екі жақ үшін де зор маңызы болған еді. Шайқас кезінде әскерлердің соғыс қимылын қиындатқан қатты нөсер құйды. Моғолстанның қатаң ауа-райына неғұрлым көндіккен және неғұрлым жақсы жасақталған Ілияс-Қожаның әскері бұл шайқаста жауға төтеп берді. Дуғлат әмірі Шамс ад-дин басқарып жеткен тың моғол әскері Темірді кері қайтуға мәжбүр етті, оның үстіне «дүркірей қашқан кезде көптеген адамдар батпақ пен лайға тапталды», «қырғын алаңында 10 мыңға таяу адам өлді»⁸⁷.

Жеңіс моғол әскерлеріне Мауараннахрға жол ашты. Му'ин ад-дин Натанзи моғолдардың Самарқандқа барар жолдағы тонаушылықтары туралы былай деп хабарлайды: «Жеңістен кейін моғолдар ислам елінде талан-тараж бен зорлық-зомбылыққа ден қойып, өлтірумен және тонаумен айналысты»⁸⁸. Темір мен Хұсайын Самарқандты тастап, Әмударияның арғы бетіне өтіп кетті. Бірақ моғолдар қаланы ала алмады: орталығы Хорасанда болған сарбадарлар қозға-

лысына қатысушылар басшылық еткен Самарқанд халқы кескілесе қарсылық көрсетті⁸⁹. Ұзақ қоршауға алу әскерді әлсіретті, «Жете (яғни Моғолстан) әскерінің аттарына жамандат тиіп, бұдан аттардың қырылғаны сонша, төрт жауынгерге бір аттан да қалмады»⁹⁰. Моғолдар қаладан шегінуге мәжбүр болды. Моғолдардың шегінуінің басты себебі Самарқанд халқының қаһармандық күресі болған еді.

Моғолстанның алғашқы хандарының Шағатай ұрпағы мемлекетін қалпына келтіру жолында жасаған әрекеттері осылай аяқталды.

Шағатай ұрпағы мемлекетінің ыдырауы экономикалық және саяси себептерге байланысты заңды құбылыс болды. Моғолстан хандарын бұрынғы Шағатай ұрпағы хандарымен бір деп теңестірген Мауараннахрдың отырықшы-егінші және қала халқы тәуелсіздік үшін табанды күрес жүргізді. Моғолстан хандарының көршілес жерлерді жаулап алуға ұмтылуы көшпелі шонжарлардың мүдделеріне байланысты еді. Хандар осы шонжарлардың өз қолдарынан қойған адамдары болатын және хандар жаугершілікте табысқа жеткен жағдайда ғана олардан қолдау таба алатын. Бірақ замандастарының ойынша, тиісінше тарихи шығармаларда да Моғолстан хандарының Мауараннахрдағы (Ұрұс ханның Алтын Ордадағысы тәрізді) сыртқы саяси әрекеттерінің басты себебі бұрынғы Шағатай ұлысының бүкіл аумағына (ал Ұрұс ханның Алтын Орда тағына) әулет ретінде дәмеленуі еді.

Моғолстан Темірдің басып кіруі қарсаңында. Ілияс-Қожа ханның билік жүргізген аз ғана уақыты шонжарлар топтарының оқшаулану ниетімен жүргізген күресіне толы болды. Моғолстанда хан билігі рулық-тайпалық үстем таптың еркімен шектелген тым әлсіз еді. Хандар шонжарлар алдында іс жүзінде дәрменсіз болатын. Бұл Мауараннахрда жеңілгеннен кейінгі Ілияс-Қожаның мысалынан көрінеді. Ілияс-Қожа хан билігінің күйреуі мен оның өлімінің нақты мән-жайы деректемелерде тым қарама-қайшы келтіріледі. Әдетте бұл жағдайлар дуғлат шонжарларының көрнекті өкілдерінің бірі әмір Қамар ад-диннің қарсылығымен байланыстырылады. Қамар ад-дин, Мұхаммед Хайдардың хабарлауы бойынша⁹¹, Тоғылық-Темір хан өлген соң бірден-ақ Моғолстандағы жоғарғы билікті басып алуға тырысқан. Мұхаммед Хайдардың жазуында, оның ханға деген ежелгі дұшпандығының себебі — Тоғылық-Темірдің оған моғол мемлекетінің әкімшілігіндегі мұраға қалып отыратын ұлыс бегінің (ұлысбегі) жоғары лауазымын бермегендігі. Поладшы өлгеннен кейін Тоғылық-Темірдің жарлығымен дуғлаттың қалған көсемдерінің ішіндегі үлкені Қамар ад-дин емес Поладшының жасы әлі жетпеген мұрагер баласы Хұдайдад ұлысбегі болып тағайындалды. Тоғылық-Темірдің ұлысбегілікті Қамар ад-динге бермеу себебі ұлыстың құдіретті билеушісінің аузына қараудан құтылғысы келген еді, мұның өзі ханның шонжарлар сепаратизмімен күресі жағдайында әбден түсінікті болатын.

Му'ин ад-дин Натанзидің пікірі бойынша, Қамар ад-дин мен оның інісі дуғлат Шамс ад-дин әуелі Ілияс-Қожа оғланды хан тағына отырғызады⁹², бірақ бір жыл өткен соң, жаңа ханның өзара қырқысқан талас-тартысты тоқтата алмайтынын көрген соң, Ілияс-Қожа хан өлгеннен кейін ғана Қамар ад-дин бүлік шығарған. Мұхаммед Хайдардың айтуынша, Қамар ад-дин Тоғылық-Темір ханның соңғы ұрпағы әлі жас Қызыр-Қожа оғланнан басқа хан әулетінің барлық мүшелерін қырып салыпты-мыс, ал Қызыр-Қожа оғланды дуғлат ұлысбегі әмір Хұдайдад жасырып алып қалыпты⁹³.

Моғолстанның феодалдық-тайпалық ақсүйектерін бағындыру Қамар ад-

динге оңай іс болмады. Елде саяси және шаруашылық өмірдің қым-қуыт аласапыраны басталды⁹⁴. Ірі тайпалардың көсемдері ең жоғары әкімшілік қызметтерге ие болып, айрықша артықшылықтарды пайдаланған дуғлаттардың одан әрі күшеюіне жол бергілері келмеді. Алайда Қамар ад-дин біраз уақытқа болса да моғол тайпаларының едәуір бөлігін өзіне бағындыра алды.

Қамар ад-дин мен оның аға-інілері тәрізді дуғлат шонжарларымен қатар деректемелер бұл кезде Моғолстанда бірқатар басқа тайпалар басшыларының есімдерін атайды. Шараф ад-дин Әли Йазди Моғолстанның билеуші топтары ішіндегі бытыранқылық, қайшылықтар мен араздықтар туралы жазады. «Жете әмірлерінің арасында, — деп хабарлайды ол, — өштестік орын алды. Дуғлат омағынан шыққан Қамар ад-дин, Кебек, Темір және Ширавул біраз әскермен аргинуд Қажыбекке қарсы бірікті»⁹⁵.

Моғолстанның жекелеген тайпалары мен ұлыстары иеліктерінің шекаралары жиі өзгеріп отырды, жайылымның жақсысын алып, олжа түсіруді көздеген күрес жүріп жатты. Бітпейтін өзара қырқыстар, күшейе түскен езгі халық бұқарасының наразылығын туғызды. Әмір Темір әскерінің басып кіруі қарсаңында жалпы Моғолстандағы, соның ішінде Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы жағдай осындай еді⁹⁶.

Моғолстанның құрылуы Қазақстанның (Қырғызстанның да) аумағында этникалық жағынан біртектес мемлекеттік бірлестіктің пайда болуы жолындағы ілгері басқан қадам болатын, сонымен қатар мұның өзі саяси жағынан Жетісудың түркі тілдес халқын Қазақстанның басқа аумағындағы туысқан халықтан уақытша бөліп тастады да, қазақ халқының қалыптасу процесіне салқынын тигізді.

4. ӘМІР ТЕМІРДІҢ ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚ ПЕН ЖЕТІСУ АУМАҒЫНДАҒЫ БАСҚЫНШЫЛЫҚ СОҒЫСТАРЫ

XIV ғасырдың соңғы үштен бірі — XV ғасырдың басында Қазақстан халқының шаруашылық және саяси өміріне әмір Темірдің жаулап алушылық, тонаушылық жорықтары зор қауіп төндірді.

Жаулап алынған елдердің түрік және түріктенген көшпелі монғол ақсүйектері мен жергілікті отырықшы ақсүйектердің ішкі қайшылықтары, монғол мемлекеттерінің (Алтын Орданың, Шағатай ұрпақтары мемлекетінің, Ирандағы Хулагу ұрпақтары мемлекетінің) саяси және экономикалық жағынан берік болмауы, монғолдар бағындырған аймақтардың халық-азаттық күресі бұл мемлекеттердің ыдырауына әкеп соқты. Шағатай ұрпағы мемлекетінің батыс бөлігі — Мауараннахрда XIV ғасырдың 50—60-жылдарында ірі-ірі түрік-монғол тайпаларының көсемдері арасында кескілескен күрес өршіді. Монғолдар жаулап алуының барлық ауыртпалығын мойнымен көтерген еңбекші бұқараның, шаруалар мен қолөнершілердің жағдайына ауыр салмақ түсірген талас-тартыстар, сондай-ақ Шағатай ұлысының бұрынғы аумағы шеңберінде тарихи жағынан келмеске кеткен ескі мемлекетті қайта туғызуға тырысқан Моғолстан хандарының Мауараннахрға жасаған жорықтары халық-бұқарасының қарсылығын туғызып, сарбадарлардың шынайы патриоттық қозғалысына ұласты. Халық көтерілісінің қауіп-қатері Мауараннахрдың ақсүйектері мен жоғары саудагер топтарын сарбадарлардың халық-азаттық қозғалысын басып, орнықты саяси билік орната алатын басшы іздестіруге

мәжбүр етті. Олар монғолдың түріктенген барлас тайпасынан шыққан Тарағай бектің баласы әмір Темірді (1336—1405 жж.) осындай басшы деп тапты. Атаққұмар, жігерлі, алған бетінен қайтпайтын әмір Темір әскерлердің шапқыншылығын пайдаланып, одақтастарына опасыздық жасай отырып, халық қозғалысын басып-жаныштап, көршілес жердегі халықты талап-тонау мен күйзелту арқылы байып алды да, ешнәрседен шімірікпестен билікке ұмтылды. 1370 жылы Темір Мауараннахрда билікті басып алды. Темірдің жеке-дара билік құрған 35 жылы (1370—1405 жж.) көрші аймақтар мен елдерге жасаған басқыншылық, тонаушылық жорықтарға, дүниежүзілік империя құру әрекеттеріне толы. Ол жаулап алушылық үлкен соғыстарды мейлінше мейірімсіз тағылық әдістермен жүргізді. Темір бұл соғыстарды Мауараннахрдың билік етуші үстем табы арасында өз билігін нығайту үшін көшпелі ақсүйектерге жаулап алынған елдердің халқын талап-тонау, Орта Азияның да, бағындырылған аймақтардың да еңбекші бұқарасын қанау есебінен баюға мүмкіндік беріп, оларды бүлік шығару мен өзара қырқыстан тыю үшін жүргізген еді.

Темірдің Орта Азияны біріктіруі 18 жылға созылып, Қазақстан мен Қырғызстан аумағына — Шығыс Дешті Қыпшаққа, Жетісуға және Тянь-Шаньға тонаушылық, басқыншылық жорықтар жасаумен бірге нақ сондай қатыгездік әдістермен жүзеге асырылды (мысалы, Хорезмге бес рет жорық жасап, Үргеніштің толық талқандалуы нәтижесінде ғана бағындырылды). Темірдің үстемдікке ұмтылысы 1360—1370 жылдардағы талас-тартыстар шайқалтқанымен, әлі де күдіретті Алтын Ордамен бетпе-бет келді. Бірақ оны күйретпестен бұрын Темір семсерін өзінің ең жақын көршілері — Ақ Орда мен Моғолстанға сілтеп, олар Темірдің Орта Азиядан тыс жерлерге агрессиясының алғашқы нысаналарына айналды. Ақ Орда мен Моғолстанның шаруашылық және саяси тәуелсіздігінің нығаюына кедергі жасауға ұмтылған Темір 70—90-жылдарда бұл мемлекеттердің аумағына оннан астам жорық жасады.

Ақ Орда билеушілері мен Темір арасындағы соғыс қимылдарына мұрындық болған соңғысы еді. Алтын Орданың астанасы Сарайды жаулап алуға қатысудан бас тартқаны үшін Ұрұс хан өлтірткен, Маңғыстаудың үлесті билеушісі, Жошы ұрпағы Түй-Қожа оғланның баласы Тоқтамыс Ақ Ордадан Темірге қашып барды⁹⁷. Ұрұс хан Алтын Ордада болған кезде Темір өзінің солтүстіктегі көршісінің істеріне араласу үшін қолайлы жағдайды пайдаланып, Тоқтамыстың Ақ Ордада орнығып алуы үшін оған әскер берді. Сауран түбегінде Тоқтамыспен шайқаста Ұрұс хан балаларының бірі Құтлығ-Бұға қаза тапқанымен, Тоқтамыстың хижра бойынша 776 жылы (1374—75 жж.) алғашқы әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Тоқтамыстың Самарқандтағы өз қамқоршысына қашып баруына тура келді. Темірден тағы да әскер алып, Тоқтамыс Сауранға дейін жетті, бірақ Ұрұс ханның үлкен ұлы Тоқтақия оны тағы да тас-талқан етті.

Темірдің Ақ Орданың оңтүстігіндегі әрекеттері, оның әулет ішіндегі араздық пен талас-тартыстарға араласуы Ұрұс ханды Сарайдан асығыс шығып, өзінің байырғы жұртына қайтып оралуға мәжбүр етті. Темір Ақ Ордаға жорық жасау үшін Тоқтамысты үшінші рет әскермен жасақтады. Сол кезде, 1375—76 жылғы қыста, Ұрұс ханнан Тоқтамысты қайтаруды талап еткен және Ұрұс хан әскерлерінің Түркістан жеріне аяқ басқанын хабарлаған елші келді. Оған жауап ретінде Темірдің өзі Сырдариядан өтіп, әскерімен Отырар маңына ор-

наласты. Ұрұс хан Сығанаққа жетіп тоқтады. Алайда екі әскер осылайша бір-біріне жақындамай, аталған мекендерде 3 айға жуық тұрды⁹⁸.

Ұрұс хан Сығанақтан кеткеннен кейін әмір Темір Ұрұс ханның ұлы Темір-Мәлік оғланның 10 мыңдық әскерін талқандады. Низам ад-дин Шами мен Шараф ад-дин Йаздидің мәліметтеріне қарағанда, 1376 жылы Ұрұс хан өлген. Көп ұзамай оның ұлы әрі мұрагері Тоқтақия қайтыс болды. Темір Сауранда Тоқтамысты таққа отырғызып, «оған бүкіл Дешті Қыпшақ патшалығы мен» әлі де жаулап алынбаған «Жошы ұлысын берді»⁹⁹ де, өзі Мауараннахрға қайтты.

Ұрұс ханның ұлы, Ақ Орданың жаңа ханы Темір-Мәлік (1376–79 жж.) 1377 жылы Сауранда Тоқтамысты талқандады. Темір өзінің әскербасыларымен бірге Тоқтамысты Ақ Ордаға тағы да аттандырды. Тоқтамыс Ақ Орданың астанасы Сығанақты басып алды. Түркістанның өзге жері Темірдің қолында қалды. Темір Сығанақты қолдан шығарып алғанына көнбеген Ақ Орда ханының қарсы қимылдарын қалт жібермей қадағалап, Темір-Мәлікті талқандауға әмір берді. Мұны жүзеге асырған Тоқтамыс өзін Ақ Орданың билеушісі деп есептеді. Ақ Орданың көптеген әмірлері оның жағына өтті. 1380 жылы Тоқтамыс Сарайды, Қажы-Тарханды, Қырымды, Мамай Ордасын басып алды. Тоқтамыстың табысқа жетуін 1380 жылы Куликово даласында Дмитрий Донскойдың Мамайды талқандауымен түсіндіруге болады. Алтын Орда үшін бұл Русьтің монғолдарға тәуелділіктен азаттық ала бастағанын білдірген басты соққы болды. Алтын Орда бірқатар шағын иеліктерге (ордаларға, ұлыстарға) ыдырап кетті. Алтын Орда бұрынғы екі одақтастар — Темір мен Тоқтамыстың ұрыс алаңына айналды¹⁰⁰.

Түркістанда өз билігінің нығаюымен бірге және Дешті Қыпшаққа өзі қойған, Ақ Орда ханының тағынан үміткер Тоқтамыстың қолдауымен Темір Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, Қырғызстан мен Қашқарияның аумағында басқыншылық соғыстар жүргізді.

Темір өзінің Шағатай ұрпағының бұрынғы иеліктерінде бір орталыққа бағынған қуатты мемлекет құрмақшы болған мақсаттарына кедергі жасай алатын моғол билеушілерін әлсіретуді міндет етіп қойды. Ол жиырма жыл бойы Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстанға үздіксіз шапқыншылықтар ұйымдастырып, оны Дешті Қыпшаққа, Хорезмге, Таяу және Орта Шығыс елдеріне жорықтармен кезектестіріп отырды. 1371–1372 жылдарда Темір Моғолстанға әскер аттандырды, ол «Алмалықтың шегіне дейін жетті» де, керейіттерді талқандап, қайтып оралды¹⁰¹. Нақ сол жылы оның өзі Моғолстанға жорыққа шығып, бұл жолы Ыстықкөл өңіріндегі Сегізағашқа дейін жетті. Темір әскері сансыз көп тұтқын алып, «сан жетпейтін» олжа түсіріп қайтты. Бұл Темірдің олжа түсіріп, тұтқындар алумен аяқталған және өзінің күшін көрсеткен барлаушылық жорығы болатын. Осыдан кейін сол кезде Моғолстанның ең ірі феодал билеушісі болған әмір Қамар ад-дин дуғлатқа қарсы 1375–77 жылдардағы жорықтар тізбегі жасалды.


1375 жылы Темір әскері Ілеге дейін жетті. Темір әскерлерінің жолы Сайрам, Талас алқабы арқылы жүріп, Жетісудың қойнауына қарай өтті. Шарын өзенінің шатқалында Темір әскерінің Жаһангер бастаған алдыңғы қосынының (мандай) Қамар ад-динмен шайқасы болды. Моғолдар қаша бастады. Темір қууға үлкен қосын жіберді, ол моғолдарды Іле өзеніне дейін және оны жағалай қуды: «Жау еліне жеткен соң, оны тонап, бүкіл мал-мүлкін тартып алды, ал ел құрамындағы «мындықтар» (хазарахтар) күрендерге бөлініп, Самарқан-

дка жөнелтілді»¹⁰². Тұтқынға алынған көп адамды айдап әкету Темірдің Моғолстанға шапқыншылықтары үшін сипатты нәрсе.

1376 жылдың көктемінде Хорезмді жаулап алумен айналысып жатқан Темір Моғолстанға Қамар ад-динге қарсы 30 мың әскермен әмір Сасы-Бұға қыпшақты, Әділ-шахты және басқа әмірлерін аттандырды. Алайда әмірлер Моғолстанға бармай, Темірдің өзі Хорезмге кеткенін пайдаланып, бүлік шығарды да, өздерінің жалайыр және қыпшақ тайпаларын жинап алып, Самарқандқа аттанды. Жеңіліске ұшырап, Ақ Орда ханы Ұрұстан қолдау табамыз деген үмітпен Дешті Қыпшаққа қашты. Сонан соң әмірлер Моғолстанға Қамар ад-динге барып, оны Темірдің Мауараннахрда жоқтығын пайдалануға, сөйтіп Темірге қарсы қимылдарында өздерін, әмірлерді, қолдау үшін оған әскер жіберуге шақырды. Алайда Мауараннахрға қайтып келген Темір Қамар ад-динді Атбасы маңында (Нарын алқабында) қуып жетіп, талқандады. Темір Мауараннахрға көп олжа түсіріп қайтты¹⁰³.

1377 жылы Қамар ад-дин екі рет: біріншісінде – Қаратау етегінде, екіншісінде Шу алқабынан Ыстықкөлге баратын жолдағы Бұғым шатқалында талқандалды¹⁰⁴. Деректемелерде атап айтылғанындай, оның әскерлері жауынгерлік қабілеттен толық айырылды; Темір «қисапсыз олжамен» бірге өте көп тұтқын алды. Тұтқындар Мауараннахрға апарылып, құлдыққа сатылды. Қамар ад-дин өзінің негізгі әскери күштерінен айрылды, ал бүкіл моғол ұлысы да бұл талқандаудан көп уақыт бойы ес жия алмады.

1383 жылы Темірдің Моғолстанға жіберген әскері ба'арин тайпасының әскер қосынын талқандады. Моғол ұлысының басшысы Қамар ад-дин



Жүзден кесенесі. Орталық Қазақстан. XIV – XV ғасырлар.

Жетісудың солтүстігіне кетіп үлгерген еді, ал сәл кейіннен ол Дешті Қыпшақтағы Тоқтамысқа барды.

Моғолстанда уақытша болса да қолын босатып алған Темір Мауараннахрға қайтып оралды, онда жаулап алушыны Хорезм мен Ирандағы басқыншылық жоспарлармен қатар, өзінің Ақ Ордаға бұрын қолымен қойған билеушісі Тоқтамыспен арадағы барған сайын шиеленісе түскен қатынастар күтіп тұрған еді.

Тоқтамыс хан Ақ Орда ақсүйектерінің Алтын Орданың бүкіл аумағында Жошы ұрпағының билігін қалпына келтірмек болып, XIV ғасырда Алтын Орда тағына өз үміткерлерін талай рет жіберген бөлігіне сүйеніп, сондай-ақ, бір жағынан, Мамайды Дмитрий Донскойдың талқандағанын, екінші жағынан — Темірдің Хорезмдегі, Ирандағы, Моғолстандағы жаулап алушылық әрекеттерден босай алмауын пайдаланды да, Алтын Ордада билікті басып алды. Тоқтамыстың ұлы державалық ниеттері Темірдің қарсылығын туғызды, оған Алтын Орда мен Ақ Орданың бір күшті билікке бірігіп, күшеюі мүлде ұнамайтын. Темірдің Тоқтамысқа қарсы ұзаққа созылған қиян-кескі күресі басталды.


1387 жылы Тоқтамыс Кавказдағы Кура өзенінде Темірден жеңіліс тапты, бірақ Орта Азияда Тоқтамыстың, Қамар ад-дин мен Енге төренің одақтасқан әскерлері Самарқанд пен Бұхараның төңірегін тонады. Темір Хорезмді біржола талқандап, оның астанасы Үргеніш қаласын жермен-жексен етті де, 1389 жылдың көктемінде Сырдариядан өтті. Тоқтамыс даланың түкпіріне қашты, алайда Темір Қаратаудан айналып өтіп, оны Түркістан шегінен әрі қуған жоқ, қайта әуелі Тоқтамыстың моғолстандық одақтастарын талқандау үшін Жетісуға бет бұрды.

Моғолстан мен Ақ Орда билеушілерінің 80-жылдардың аяғына қарай қалыптасқан, құрамына Қамар ад-дин, Енге төре, ал 1389 жылдан — Моғолстанның жаңа басшысы Қызыр-Қожа хан және Тоқтамыс кірген саяси одағы Ақ Орда мен Моғолстанның бытырап кеткен саяси және әскери күштерін бір жауға қарсы біріктіруге мүмкіндік алды. Одақ Темірдің Қазақстан мен Қырғызстан халқын тәуелділікке түсіруге, Дешті Қыпшақ, Жетісу және Тянь-Шань өңірі аумағындағы мемлекеттердің шаруашылық және саяси тәуелсіздігінің нығаюына кедергі жасауға тырысқан әрекеттеріне қарсы бағытталды.

Ақ Орда мен Моғолстан билеушілерінің күш біріктіруіне жауап ретінде Темір Қазақстанның байырғы халқы үшін зардаптары мейлінше ауыр болған екі жорық: 1389 жылы — Моғолстанға және 1390—91 жылдары Ақ Орда мен Алтын Ордаға жорықтар жасады.

1389 жылы жорық кезінде Темірдің Моғолстандағы қарсыластары Енге төре мен Қызыр-Қожа хан еді. Темір әскері Моғолстанға Қаратауды теріскей беткейінен айналып, содан соң Шу өзенін бойлай жүріп өтті. Іле өзенінен өткеннен кейін Аякөзге жетіп, онда Темір өз әскерін екі бөлікке бөлді. Темірдің өзі Қаракөшірге, Тарбағатайдың батыс жағына бет алды. Омар-Шайх әскердің екінші тобымен Көбік өзеніне дейін жетіп, онда үлкен шайқаста Енге төренің әскерін талқандады. Моғол басшысы Ертістің арғы жағына қашты, ал жеңгендер қисапсыз олжа мен байлыққа батты, «көп жылқы, түйе, сондай-ақ тұтқындар» әкетті¹⁰⁵.

Өзі Тарбағатайда қалып, Темір Моғолстанның түкпір-түкпіріне жалпы саны 120 мың адамға дейін жететін 5 қосын жіберді. Сонан соң Темір бастаған негізгі әскерлер Емел ауданынан Жұлдызға, Күнгес және Текес өзендерінің



Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің қасбеті. XIV ғасырдың аяғы.

арасындағы жазыққа бет алып, жол-жөнекей бұлғашы тайпасын талқандады¹⁰⁶.

Қосындардың бірі Қызыр-Қожа ханға тап болды. Екі әскер де шайқас бастауға тәуекел етпей екі күн тұрды да, екі жаққа кетті. Темір Жұлдыздан Қаратұр тау асуы арқылы өтіп, Шығыс Түркістандағы Қарабұлақ деген жерде Қызыр-Қожаның әскеріне жетті, оны қашуға мәжбүр етіп, Шалысқа дейін қуды. Қызыр-Қожа оғлан хан атағынан және Моғолстанды билеу құқығынан айрылды¹⁰⁷.

Барлық қосындар жиналған Жұлдызда бірнеше күн болып, 1389 жылғы 8 тамызда Темір Самарқандқа қайтар жолға бет түзеді. Келесі 1390 жылы Темір әскері Ыстықкөлге, содан соң Көктөбеге бет алды, Алмалыққа сокпай, Іле өзенінен өтіп, Қараталда Енге төрені қуып жетті. Осында әскердің алдыңғы қосындарының бірі мен Қамар ад-диннің әскерімен шайқас болып, ол жеңіліп Ертістің арғы жағына өтіп кетті. Темір әскерінің бір бөлігі оны жеңілденіп, арбаларсыз қуды. Қамар ад-дин Алтай жаққа қашты. Бұл жерлердің Темірге бағынғандығының белгісі ретінде ормандарға белгі салынып, таңба соғылды¹⁰⁸.

Темірдің Моғолстанға жорықтарын сипаттайтын деректемелерде Темір әскерлерінің орасан көп олжа, негізінен жылқы мен қойды, сансыз көп тұтқындарды қолға түсіргені талай рет атап өтілді, сөйтіп Моғолстанды талап-тонап, оның билеушілерін қуып шыққан Темір Дешті Қыпшаққа сондай міндетті шешуге, яғни Тоқтамыс пен ол біріктірген мемлекеттің күш-қуатын жоюға оралды. 1391 жылғы 21-қаңтарда Темір 200 мың әскермен жорыққа шықты. Отырардан, Ясыдан, Қарашықтан, Саураннан өтіп, сәуір айында әскері Сарысуға («Сарыөзен») жетіп, Ұлытауға жақындады. Бұдан кейін Темірдің жолы Жыланшық, Тобыл, Сакмар, Орал (Жайық) өзендері арқылы өтті. Тоқтамыс әскеріне Құндызша деген жерде жетті. 1391 жылғы 18-маусымда сол жерде шайқас болып, онда Тоқтамыс жеңіліс тапты¹⁰⁹. Темір зор олжамен қайтты, оның қайтар жолы сәл оңтүстікте Жайық, Сауран, Отырар арқылы өтті. Темірдің бұл жорығы ол жүріп өткен Оңтүстік, Орталық және Батыс Қазақстан аудандарының халқына зор ауыртпалығын түсірді. Темір әскері өз жолында кездескеннің бәрін талап-тонап, таптап кетті. Тоқтамыстың жеңілісі салдарынан ғана емес, қайтар жолда да қисапсыз олжа — жылқы, қой, алуан түрлі мүлік, тұтқындар қолға түсірілді. Олар дер кезінде кетіп үлгірмеген көптеген Ақ Орда ұлыстарын талап-тонады. «Мал мен соғыс олжалары қисапсыз көп түсті, жаяулар 10-нан 20 жылқыға дейін, бір жылқысы барлар 100 жылқыға дейін ала алды... Қой мен басқа малдың саны көптігінен санауға да мүмкін болмады», — деп жазады Низам ад-дин Шами «жорықтың нәтижесі туралы»; Әбілғазы демографиялық тұрғыда «Әмір Темір көптеген халықтарды қырды» деген мәліметтер келтіреді¹¹⁰.

Тоқтамыс 1393 жылы ғана Алтын Ордадағы билігін уақытша қалпына келтірді, бірақ Ақ Орданың көп бөлігі оның билігіне енбей қалды: мұнда Едіге Жошы ұрпағы Темір-Құтлықты хан жариялады, оларды Ақ Орда ақсүйектерінің көптеген өкілдері қолдады¹¹¹.

1395 жылы Солтүстік Кавказда, Терек өзені аңғарында Темір мен Тоқтамыс арасында жаңа шайқас болды. Тоқтамыс толық жеңіліс тапты. Оны қуалаған Темір орыс жеріне кіріп, Елецке дейін жетті, сонан соң Алтын Орда қалаларын ойрандады: Алтын Орданың Еділдегі астанасы Сарай-Беркені басып алып, қиратты. Еділ бойы мен Қырымдағы ірі қалалар — Астрахань, Каффа, Азақ және басқалар қиратылды. Алтын Ордаға ақтық соққы берілді. Оның дамуында жаңа — «саяси құлдырау мен аумағының ыдырау» кезеңі басталды¹¹².

Сансыз көп жорықтар мен жаулап алу нәтижесінде XIV ғасырдың 90-жылдарының аяғына қарай Темір орасан зор империя құрды, оған Мауараннахр, Хорезм, Каспий өңірінің аймақтары, қазіргі Ауғанстан аумағы ғана емес, сонымен қатар Иран, Үндістан, Ирак, ішінара Кавказдың арғы беті, Батыс Азияның бірқатар елдері енді.

Темірдің Қазақстан мен Қырғызстан аумағына жорықтары да жергілікті халыққа қисапсыз қасірет әкелді. Тарихнамада Дешті Қыпшақ пен Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға, Қырғызстан мен Шығыс Түркістанға Темір осында мекендеген көшпелілердің отырықшы Орта Азия аудандарына шабуылдарын тойтару үшін ғана барған деген қате пікір қалыптасқан. Ақ Ордаға, Алтын Ордаға, Моғолстан мен Қашғарияға жорықтар ашықтан-ашық тонаушылық, басқыншылық сипатта болды, оған деректемелерде дәлелдер бар. Солардың бірінде «Темір моғол елін басқару үшін жорыққа шықты» деп жазылған¹¹³.

Темірдің іс- әрекеті Қазақстан мен Қырғыстан халықтарының тарихында теріс рөл атқарды. Тонаушылық жорықтар Шығыс Дешті Қыпшақтың, әсіресе Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның демографиялық және экономикалық жағдайына теріс әсер етті: бір бөлігі тұтқынға алынып айдап әкетіліп, бір бөлігі қаза тауып, халық саны едәуір азайып кетті; бұған дейін де монғолдар үстемдігінің орнауы нәтижесінде зардап шеккен Жетісудың ежелгі отырықшы-егіншілік мәдениетінің қалдықтары құлдырап кетті; мал шаруашылығы аса ауыр шығынға ұшырады¹¹⁴.

Темір өзіне мұнда жана жерлерді, мысалы, Ақ Орданың Сырдария бойындағы иеліктерін — оның қала орталықтарын тікелей басып алуды, Жетісу мен Қашғарияны империясына қосуды мақсат етіп қойды. Ақ Орда мемлекетінің экономикалық, әкімшілік, мәдени өмірінің орталықтары болған оңтүстіктегі Отырар, Сауран, Ясы (Түркістан), Сайрам және басқа қалаларынан айырылды. Сырдария өңірінің бекініс-қалаларын қаратып алып, Темір оларды өзінің кең-байтақ мемлекетінің солтүстік шекараларындағы форпостар ретінде пайдаланды, атап айтқанда, өзінің Қытайға жасаған ең соңғы зор жорығын ұйымдастырғанда ол соған сүйенді.

Темірдің 1389—1390 жылдардағы Моғолстанға жасаған соңғы жорықтарының қорытындысы Қызыр-Қожа ханның вассалдық қатынастарды мойындауы болды. 1405 жылдың басында Отырарда Темірдің қайтыс болуы ғана Моғолстанды түпкілікті бағыну қатерінен сақтап қалды. Темір өлгеннен кейін оның қару күшімен құрған империясы бірден бұрқ ете қалған әулеттік күрестің нәтижесінде бөлшектеліп ыдырап кетті. Алайда оның ұрпақтары Темір басып алған аумақты әлі де бірсыпыра уақыт өз қолдарында ұстап тұрды.

Темірдің Қазақстан мен Қырғызстанға қатысты агрессиясы зардаптарының бірі XV ғасырдың бірінші ширегінде Ақ Орданың құлдырауы, Ноғай Ордасы мен Әбілқайыр хандығының оқшаулануы және нақ сол кезде Моғолстанның бытыранқылығының күшеюі болды.

Екі мемлекетте де орталық хан билігі бұрынғысынан гөрі әлсіреп кетті, талас-тартыс өріс алып, сайып келгенде, Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Тянь-Шаньның түрік тайпаларының этникалық жағынан халық болып топтасу процесі тежелді, феодалдық тартыстар, мемлекеттің жекелеген иеліктерге ыдырауы әсіресе жау әскерлері басып кірген жағдайда Қазақстан мен Қырғызстанның түрік тайпаларының этникалық және саяси жағынан топтасуына теріс әсер етті.

5. XV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚ ПЕН ЖЕТІСУ

XV ғасырдың бірінші жартысының соңына қарай Евразия далаларының батыс бөлігінде орасан зор Орда мемлекетінің екі жүз жылдық тарихы аяқталды. Бұл мемлекет өзінің даму жолында XIV ғасырдың бірінші жартысында, Өзбек ханның тұсында — аз да болса Жәнібек ханның уақытында аса қуатты өрлеу кезеңін бастан кешті, оның саяси-соғыс қуаты мен экономикалық гүлденуі шарықтау шегіне жетті, бұл өрлеуді қалалардың өсуінен, халықаралық қатынастардан, сыртқы саудадан, ислам дінін қабылдаудан, мәдениеттің дамуынан көруге болады¹¹⁵. «Ұлы тоқырау», құлдырау, Тоқтамыстың өмір Темірдің жомарттықпен көрсеткен көмегіне сүйеніп Жошы ұлысын қалпына

келтірмек болған әрекеттерімен тағы да бір жарты ғасырға созылған (XIV ғасырдың екінші жартысы) кезеңін, ал кейін осы шапқыншының мемлекетті өз қолымен талқандауын бастан кешірген Орда бірнеше дербес мемлекетке ыдырап кетті.

Ол, ең алдымен, өз даму жолының ішкі факторлары салдарынан ыдырады. Сол факторлардың ең бастылары: ұлыстардың оқшаулығы мен мемлекет ішінде бір орталыққа бағындырылған өкімет билігінің болмауы және оның күшейе түсуі; әулеттік күрестің, өзара алауыздықтың, рулар мен көшпелі және отырықшы тайпалар ақсүйектерінің сепаратизмі (оқшаулыққа құмарлығы); әсіресе ұлан-байтақ Алтын Орданың шалғай шептерінде жаңа халықтардың қалыптасуы.

XIII ғасырда монғол хандары зорлап біріктірген табиғи және тарихи оқшау жерлер негізінде қалыптасқан ірі ұлыстардың бірте-бірте өркен жайып, экономикалық дербестіктерінің нығая түсуі Алтын Орданы келе-келе жартылай дербес және дербес ұлыстар кешеніне айналдырды (Орта және Төменгі Еділ жағалауы, Днепр бойы, Қырым, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс Дешті Қыпшақ).

Алтын Орда мемлекеттік құрылымы тек аса күшті билеуші тұсында ғана өмір сүре алатын ұлыстық ұйым болғандықтан жеке бөлшектерге ыдырады. Билеуші ұлыс көсемдерінің, толып жатқан ақсүйектер өкілдерінің өз ұлысы мен шаңырағына, соғыстағы талан-таражға, сыртқы сауда, орталық қазынаға алым-салық төлемеу салдарынан түсетін табыстарға, ең соңында, мемлекеттік ірі қызметтер (ұлысбектері, беклар-бектері, 10 мың қолдық әскерлерді басқаратын түменбасылары және т. б.) атқарудан түсетін табыстарға негізделген экономикалық қуаты ұлыс билеушілерін орталықтан шын мәнісінде тәуелсіз етті. Феодалдар, ақсүйектер топтары хан тағынан үміткер Жошы әулеті ішінен әрқайсысы өз жақтастарын қолдады, олардың арасында өзара айтыс-тартыс өртін өршітуге күш салды¹¹⁶.

Түптеп келгенде Алтын Ордада басқа да монғол ұлыстары (мемлекеттер мысалға, толық саяси күйреуге әкеліп соқтырған Шағатай (Мауараннахрда) ұлысы бастан кешкен жағдайларға тап болды. Ақсүйектер арасындағы оқшаулыққа құмарлық бірте-бірте жігерсіз қуыршаққа айналған әлсіз хандар тұсында күшейе түсті; бұл өз алдарына хандық (мемлекет) құру жолында әрекет жасаумен аяқталды. Жергілікті тайпа көсемдерінің (Моғолстанда — дуғлаттардың, Ноғай Ордасында — маңғыттардың және т. б.) саяси және экономикалық беделдері көтерілді. Соның нәтижесінде бұл жаңа мемлекеттердің пайда болуына, жаңа этностардың-халықтардың қалыптасуына жағдай жасалды.

Алтын Орда тағдырына Ұлы Даламен шектесіп жатқан аймақтардағы геосаяси жағдайлардың өзгеруі де айтарлықтай ықпал етті. Ордамен іргелес, оның шекараларында аса қуатты күштер, ұлылы-кішілі мемлекеттер — оңтүстік және оңтүстік-шығыста өмір Темір мен Темір әулеті империясы, Шығыс Еуропада жаңа саяси құрылымдар: Москва князьдығы (Русь мемлекеті), Поляк-Литва мемлекеті, Молдова князьдығы, Венгрия князьдығы пайда болып, нығая түсті. Бұдан бір жарым ғасыр бұрын Алтын Орданың мұндай көршілері болған емес¹¹⁷. XIII ғасырда монғолдар бағындырған халықтардың тәуелділігі әлсіреп, олар ірі-ірі халық болып қалыптаса бастады. Бір жағынан, Москва князы Дмитрий Донскойдың Куликов даласындағы шайқасынан сәтті басталған, ең бастысы, орыс халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің күшеюі,

екінші жағынан Темір шапқыншылығына қарсы тұрмақ болған Тоқтамыс әрекеттерінің жеңіліске ұшырауы Алтын Орданы қатты әлсіретті. Темірдің Еділ бойы мен Қырымдағы Орда қалаларын алдын-ала әдейі қиратуы Орданың неғұрлым жоғары дамыған аудандары шаруашылығын түпкілікті күйзелтуді, бұл қалаларды сақтап тұрған аралық сауданы жоюды, мемлекеттің соғыс қуатын талқандауды, оны бөлшектеп тастауды мақсат етті.

Осы факторлардың барлығы XIV—XV ғасырлар аралығында ұлы мемлекетті әлсіретіп, бірте-бірте саяси күйреуге әкеліп соқтырды. Темір шапқыншылықтарынан соң оның жекелеген бөлік-ұлыстарын (олардың ең үлкені — Үлкен Еділ Ордасы) XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында бір-бірімен талас-тартыстағы Қойыршақ, Темір-Құтлық хандар¹¹⁸, Едіге және басқа да беклар-бектері билік жүргізді¹¹⁹. Алтын Орда жерінің неғұрлым үлкен бөлігін бір өкіметке бағындырып, Орда ішінде күшейе түскен саяси бассыздықты (анархияны) тыймақ болған Едіге әрекеттері Москва Русі, Поляк-Литва мемлекеттерінің бір орталыққа жету жолындағы тарихи қозғалысында заңды түрде туған даму бағыттарына кедергі жасамақ болған әрекеттердің сәтсіз аяқталғаны сияқты ешқандай нәтиже берген жоқ.

XV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда бірнеше бөліктерге бөлініп¹²⁰, оларды әр түрлі бағыттағы Жошы әулетінің өкілдері биледі. Осыған байланысты әл-Айни «олардың әрқайсысы (Жошы руынан шыққан кісілер) өз өлкесін биледі және олардың бір де бірінің ісі оңға баспады»¹²¹ деп жазады. 1438 ж. Ортаңғы Еділ жағалауында Қазан хандығы құрылды да, XV ғасырдың басында Хаджи-Тархан (Астрахань) тағында отырған Темір-Құтлықтың немересі Ұлық-Мұхаммед билікті қолына алды¹²². XV ғасырдың 2-ширегінде Шығыс Европа далаларын, Дон мен Төменгі Еділ жағалауын Ұлық-Мұхаммедтің інісі, Темірдің ұлы Алтын Орда ханы Кішік-Мұхаммед басқарды. Ағайынды екеуі Алтын Орда билігі жолында ұзақ соғысты. 1443 ж. Қырым хандығы бөлініп шықты; Кішік-Мұхаммедтен соң, 1466 ж. Астрахан хандығы жеке бөлінді, ал Алтын Орданың қалған бөлігінде, Еділ мен Дон аралығында жене Сарайда Кішік-Мұхаммедтің ұлы Ахмед хан билік құрды. Оның мемлекеті Үлкен Орда деп аталды. Тап осы Ахмед қазақ ханы Жәнібектің Шайбани әулетіне қарсы күресіндегі одақтасы болды.

Ақ Орданың құлдырауы. Ыдырауға ұшыраған Алтын Ордадағы оқиғалар Жошы ұлысының шығыс бөлігіне тікелей әсер етті. Ақ Ордаға қарасты жер мен оның шекаралары, әсіресе оңтүстіктегі Сырдария жағалауларындағы қалалар маңындағы бөліктері үнемі өзгеріп отырды. Алтын Орда тағына құмартқан Жошы әулетінің көптеген өкілдері Ақ Ордаға, оның шаруашылық және әскери күшіне арқа сүйеді, сөйтіп оны экономикалық жағынан ғана әлсіретіп қоймай, Ақ Орданың мемлекеттік ұйымының негіздеріне де зиян тигізді.

Ақ Орда жерінің тұтастығы мен саяси және экономикалық дербестігіне жоғарыда атап өтілгендей, Орта Азия билеушісі әмір Темірдің жаугершілік саясаты алғашқы да шешуші соққы берді. Сонымен қатар оның жекелеген өз билеушілерінің, дәлірек айтқанда, Жошы ұрпағы Тоқтамыстың қимылдары да Ақ Орданың құлдырауын тереңдете түсті. Тоқтамыс өзінің Алтын Орда тағы жолындағы үздіксіз соғыстарымен, орыс жерлеріндегі, Кавказ сырты мен Қырымдағы, Хорезм мен Еділ бойындағы шапқыншылық әрекеттерімен Ақ Орданың материалдық және адам қорын әбден титықтатты. Әскери-көшпелі ақсүйектердің тағы да бір өкілі, XIV ғасырдың аяғында Жайықта өз алдына бөлініп шыққан Маңғыт (Ноғай) ордасының (Маңғыт немесе «Ноғай үйінің»)

негізін қалаушы Едіге әмір XIV—XV ғасырлар аралығында Алтын Орда мен Жошы ұлысының шығыс бөлігін біріктіруші рөлін өз мойнына алды. Ол Ақ Ордадан шыққан Жошы ұрпақтары — Тоқа-Темірдің ұрпағы Темір-Құтлық пен оның немерелес туысы Темір-Құтлық Поладтың ұлы Шәдібекті бірінен кейін бірін сарай тағына отырғызып, солардың атынан Алтын Орданы өзі басқарды, 1420 ж. осы билеушілерге қарсы күресте қаза тапқанға дейін Жайықтағы жерлеріне де иелік етті. Бұл кезде Ақ Ордада ешқандай да бір орталыққа бағынан өкімет іс жүзінде қалмаған болатын.

Темір-Құтлықтың немересі Ұлық-Мұхаммед Алтын Ордаға кетті, 1419 ж. Ақ Ордаға өкімет билігін өз қолына алған Ұрұс ханның немересі Барақ хан Ақ Ордадағы өз аталарының билігін зорлық күшімен, дәлірек айтқанда, Ұлық-Мұхаммедке қарсы күресте әрең қайтарып алғанына қарамастан, 1423—25 жылдары соған ілесе Алтын Ордаға тартты, онда Орда тағы үшін болған күресте бірнеше үміткерлерді жеңіп шығып, Сарайды, содан соң біраз уақыт «Барақ хан жұрты»¹²³ деп аталған Қазанды алды.

Жошыдан тарайтын үш бағыт: Орда-Ежен, Шайбани, Тоқа-Темір ұрпақтарының әулеттік күресі мәжбүр еткен бүлік пен қиқылжындар Өзбек ұлысында (Ақ Ордада) ғасырдың бүкіл алғашқы ширегінде бір тынған жоқ. Олардың көпшілігінің Сарай үшін болғанын көреміз: онда 17 жыл ішінде (1400—1417) 8 хан орын ауысқан, солардың басым көпшілігі Тоқтамыс балалары (Тоқа-Темір ұрпақтары). Олардың есімдерін Ахмед Ғаффари мен Хайдар Рази атап кеткен: «Жалал ад-дин, Керімберді, Кебек хан, Жаппарберді, Мұхаммед хан, Алаху ұлы, Дәруіш ұлан ұлы Чаку; Шәдібек баласы Қиас ад-дин сияқты басқа да ұландар»; «Олардың барлығы да ұзақ билік құрған жоқ»¹²⁴.

Түптеп келгенде Тоқа-Темір әулеті бұрынғы Жошы ұлысының батыс бөлігінде табысқа жетті: олар, жоғарыда айтылғандай, өз алдарына мемлекет болған («татар» хандықтары) бірнеше Алтын Орда ұлыстарын басқарды. В. П. Юдиннің пікірінше билік жүргізуге құқықтары жоқ «Бахр әл-асрардың» авторы атап көрсеткендей «хан ұғылы» («хан ұлдары») болу фактісі олардың құқықтарына ешқандай әсер еткен жоқ¹²⁵.

Дешті Қыпшақтың Шығыс бөлігін де барлық үш әулет өкілдері өзара бөлісіп алды. 20-жылдардың аяғына қарай Шайбани ұрпақтары Өзбек ұлысының ұлан-ғайыр жерлерінде билікті өз қолдарына алды. Бұл туралы Ғаффари: «Тоқтамыс балаларының жаугершілігі салдарынан Орда үйінің күдіреті әбден титықтағандықтан, Шыңғыс-хан ұлы, Жошы хан ұлы Шибан ұрпақтарының бірқатары қолайлы сәтін тауып, олардың біразын өз жақтарына көндіріп алды да, көтеріліске шықты»¹²⁶ деп жазады.

Дегенмен әлі де ширек ғасыр бойы өздерінің мұрагерлік иеліктерінде Ұрұс хан ұрпақтары биліктерін сақтап қалды. Солардың бірі Барақ ханның алдында ұлыстың оңтүстіктегі жерлерін қайтарып алуға байланысты айрықша күрделі міндет тұрды.

1409—1410 жылдары Ақ Орданы Ұрұс ханның баласы сонау 1395 ж. Темір хан Алтын Ордада таққа отырғызған Қойыршақ оғлан биледі. Дегенмен маңғыт әмірі Едіге оны қуып шығып, таққа Шыңғыс әулетінен шыққан өз адамдарын отырғызды. Деректемелерде Қойыршақтың Ақ Ордада билік құрған уақыты туралы ешқандай мағлұмат келтірілмейді.

Бүлікшіл әмір Шайх Нұр ад-диннің Шахрухпен және Ұлықбекпен күресінің соңғы жылдарындағы (1409—1411 жылдар) Сайрам мен Янгидің (Тараздың) иесі ретіндегі келесі билеуші ретінде Абд-ар-Раззақ Самарқандиде¹²⁷

(оны Ақ Ордадан шыққан Шыңғыс оғлан деп атаған) аталады. Ол Шайх Нұр ад-динмен бірге Темір ұрпақтарының күресіне араласты. Шыңғыс оғланды жоғарыда аталған қалаларға олардың бұрынғы иелері Мауараннахр әмірі Хұдайдад Хұсайнимен шайқасып жүрген Шайх Нұр ад-диннің шақыртып алғаны сөзсіз.

1416 ж. Тоқтамыс ұлы Жаппарберді Ақ Ордада Шыңғыс оғланды тақтан тайдырды, бірақ 1418–1419 жылдары-ақ Ұрұс ханның немересі, Қойыршақ ханның баласы Барақ оғлан мен Алтын Орда билеушісі Темір-Құтлығ ханның немересі Ұлық-Мұхаммедтің арасында өкімет билігі жолындағы айқас лаулап кетті. Алғашында Ұлық-Мұхаммед жеңіске жетіп, Барақ оғлан Сырдарияға қашты, 1419 ж. мамырда өз бақталасына қарсы Ұлықбектен көмек сұрау мақсатымен Самарқандқа келді. Алдағы уақытта оны Шығыс Дешті Қыпшақты басқаратын, айтқанынан шықпайтын адам ретінде пайдаланып, өзінің Түркістан мен Таластағы иеліктерін қауіпсіз етіп қоймақ болған Ұлықбек оған қол ұшын берді.

Ұлықбектің жеке иеліктері тап осы жерлерде еді. 1404 ж. әмір Темір Өзбек ұлысы мен Моғолстанда басып алған жерлерін немерелеріне: Ұлықбекке «Сайрам, Йанги (Тараз), Ашпараны және Жете (Моғолстан) уәлаятын, ал Ибрахим сұлтанға — Әндіжанды, Ахсикет пен Қашқарды Хотанға дейін берген¹²⁸.

Шығыс Дешті Қыпшақ далалары хандары мен Мауараннахр билеушілері арасындағы ұзаққа, екі ғасырға созылған тартыс Темірден басталды. Дау-дамай Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) қалалары мен Жетісудың (Шу-Талас алқабының) батыс бөлігі үшін болды. Сырдария бойындағы қалаларынан айрылған Ақ Орда (немесе Өзбек ұлысы) бұл тайталаста өзінің стратегиялық базасынан ғана емес, сонымен қатар мемлекет экономикасы үшін өмірлік маңызы зор аймағынан да айрылды, сөйтіп, мемлекеттік орталығын жоғалтты. Тіпті Қыпшақ хандығының кезінде билеушілер осы жерлерде Хорезмшахтардан өз астаналарын қорғап қалған болатын. XIV ғасырда Ақ Орда хандарының да астанасы осында болды, олар қалаларды көркейтуге көп көңіл бөлді. Му'ин ад-дин Натанзидің айтуынша Ақ Орда хандары Сығанақ пен Сауранда жерленген, бұл сол жерге иелік етудің белгісі болатын. Жошы ұлысының шығыс бөлігі ғана емес, батыс бөлігін де билемек болған Жошы ұрпақтары Түркістан қалаларына арқа сүйеді.

Алтын Орда мен бүкіл Жошы ұлысын біріктіруге күш салғандардың көпшілігі Сарайдағы хан тағы жолында жүргізген күрестерінде Ақ Ордаға және оның қалалық орталықтарына, Ақ Орда ақсүйектері мен Түркістан қалаларындағы бай саудагерлерге сүйенді. Қала шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы, қалалардың сауда мен қолөнері кәсіпшілігінің құлдырауы, XIV ғасырдың соңғы ширегінде Еділ сағаларында¹²⁹ Алтын Ордадағы саяси бүліктер және осымен қатар жазба деректер мен археологиялық материалдарға қарағанда XIV ғасырдың орта кезеңінде Ақ Орда хандарының тұсында Қазақстанның оңтүстігінде қалалардың тұрақты өркен жаюы Алтын Орда мен Ақ Ордадағы саяси оқиғалар барысына үлкен ықпал еткен. Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы, оның саяси тұтастығының құлдырауы XIV ғасырдың соңғы ширегі мен XV ғасырдың бірінші тоқсанында оның ішкі істеріне Ақ Орда феодал ақсүйектері мен Жошы ұрпақтарының үздіксіз қол сұғуы нәтижесінде жүзеге асты. Бұл мемлекеттің тұтастығын жасанды түрде біраз уақыт созған да солар.

Алтын Орда билігінен үміттенгендердің барлығы да Ақ Орда қалаларына

қол артты, солар үшін өздерінің ішкі дұшпандарымен кескілескен ұрыс жүргізді, осы қалаларға жұтынған Орта Азия билеушілерінің әрекеттеріне тойтарыс беріп отырды.

Ақ Орда феодалдық-көшпелі ақсүйектерінің басым көпшілігі қала өмірімен жақындаса түсуге, қалаларды өз биліктерінің арқа сүйейтін базасына айналдыруға күш салды, бұл мемлекетті басқару ісін орталықтандыруға жағдай жасайтын еді. Бір ғажабы, Ақ Ордаға біріккен Орда-Ежен мен Шайбани ұлыстарын басқаруға Сырдария қалаларымен тығыз байланыстары күшті, осында өз иеліктері бар (сойырғалдар), солармен сауда-саттық жүргізіп отырған ақсүйектер көбірек араласқан кезеңдерде Ақ Орда жеткілікті дәрежеде нығайып, мемлекеттік тұтастығы арта түскен. Олар хандардың мемлекетті орталықтандыру, Түркістан қалаларын басып алуға ұмтылған Темір мен оның мирасқорларына тойтарыс беру жолындағы күресін қолдап отырды; олар Орта Азия билеушілерінің жаугершілік саясатын тойтарыс беру мақсатымен Моғолстан билеушілерін одақтастық қатынастар орнатуға ұмтылған Ақ Орда хандарына, дәлірек айтқанда, Ұрұс ханға, Токтамысқа, кейінірек Барақ ханға көмек көрсетті¹³⁰.

Бірақ Ақ Орда ақсүйектерінің бұл топтары өз хандарын олар өкіметті нығайтуға, Ақ Ордада күшті мемлекет орнатуға ұмтылған кездерде ғана қолдаған. Ал Жошы ұлысының тұтастығын қамтамасыз етуді мақсат еткен хандар Алтын Ордаға кеткен кезде Ақ Орда ақсүйектерінің көпшілігі олардан сырт айналып, Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінде билікті өз қолына алмақ болған жаңа үміткерді қолдап шыға келген. Мысалға, Ұрұс хан Жошы ұлысы батыс бөлігінің істеріне тереңірек араласып, «Өзбек ханның мемлекеті мен тағын қолына алған соң» Ақ Орданың көптеген әмірлері мен бектері одан теріс бұрылып, Токтамысты қолдап кетті. Ұрұс ханнан соң Ақ Ордада нығайып алған Токтамыс Алтын Ордада өкімет билігін алысымен, өз кезегінде Ақ Орда ақсүйектерінің қолдауынан айрылып қалды (деректемелер мен зерттеушілер Токтамыс, Едіге, Темір-Құтлықтан гөрі танымалсыздау билеушілердің арасынан Әлібек, Ұрық-Темір, Күнше оғлан, Едігенің інісі Исабек әмірлерді және т. б. атайды)¹³¹, олардың басым көпшілігі әмір Темірдің Токтамысқа қарсы күресіне көмек берді. Олар далада күшті өкімет орнайды, Түркістан қалалары қамқорлыққа алынады деп үміттенді. Ал Темір Ақ Орданың Сырдария бойындағы иеліктерін басып алып, оның бүкіл мемлекетті жаулап алу қаупі, Ақ Орда ақсүйектерінің өз дербестіктерінен айрылу қаупі төнген шақта олар Темірдің өзімен ол отырғызған басқарушыларға қарсы шығып, Едіге әмір мен ол хан тағына ұсынған Темір-Құтлықтың төңірегіне топтасты. Бірақ Едіге тұсында да бәрі тағы да қайталанды — оның Алтын Орда жеріне кетуі оны Жошы ұлысы шығыс бөлігінің феодалдық ақсүйектері тарапынан қолдауынан айырып, Сарай тағы жолындағы толып жатқан бақталастарымен күресте әлсірете түсті.

Ақ Ордадағы мемлекеттік-саяси ұйымның тұтастығы өкімет билігінің көшпелі-әскери ақсүйектердің қай тобының қолында болғанына, қалалармен немесе көшпелі даламен неғұрлым тығыз байланыстағы ақсүйектердің қай тобының кезекті ханға ықпал жасайтынына байланысты еді. Хандарды сыртқы жаугершіліктерге, дәлірек айтқанда, Алтын Ордадағы басқыншылық қимылдарға, соғыстарға, шапқыншылықтарға, көршілес жерлерді тонауға мүдделі көшпелі феодалдар топтары итермелеп отырды. Оңтүстікте Түркістан, Жетісу, Токмақ (Орта Азияда және деректемелерде Шығыс Дешті Қыпшақ

даласы осылай аталған) және Қашқария жерлерінде өзі басқыншылық соғыстар жүргізіп отырған аса қуатты әмір Темір мемлекеті өсіп шыққандықтан, XIV—XV ғасырлар аралығында Алтын Орданың күйреу кезеңінде Шығыс Дешті Қыпшақ ақсүйектерінің бұл бөлігінің құлқыны тап осында, батысқа қарай ауды.

Темір әулетінің Ақ Орда жерінің оңтүстік бөлігіне, оның шаруашылық-мәдени жағынан ерекше дамып отырған бөліктеріне жасаған басқыншылық шабуылдары Ақ Орданың далалық мал шаруашылықты және егіншілікпен айналысатын отырықшы аудандары халқының қалыптасқан дәстүрлі сауда-экономикалық қатынастарын бұзды, дала халқының көшпелі қалпы мен қалалардың сауда-қолөнершілік қызметінің қалыптасқан үйлестігіне нұқсан келтірді. Қалалардан қол үзген Ақ Орда ақсүйектері мемлекетті орталықтандыру мүмкіндігін жоғалтты. Түркістан қалаларынан айрылған соң Қаратау, Шу-Талас алқабы, Сарысу аудандарымен шектесетін кешенді малшылықпен егіншілікпен айналысатын шаруашылықтарда да отырықшылық белгілері азая түсті. Ақ Орданың феодалдық топтары арасында көшпелілікке бет бұру өріс алды; олардың көшпелі даламен байланыстылары үстем бола бастады; қалаларды жоғалтқаннан кейін хандықта қатал мемлекеттік өкіметті нығайтуға ұмтылушылар болмай қалды.

Бірақ уақыт өте келе Сырдария бойындағы қалаларды жаудан босатып, Түркістан жерлерін қайтару мүмкіндігі туды. Бұл Өзбек ұлысы билеушілерінің басты міндетіне айналды. Оның шешіміне Темір мемлекетіндегі өзгерістер қолайлы жағдай туғызды, ол бұл кезеңде негізін қалаушының тұсындағы қуатынан айрылған еді.

Темір ұрпақтары Түркістан, Шығыс Дешті Қыпшақ және Моғолстанға байланысты оның саясатын әрі қарай жалғастыруға күш салды. Олар Сырдария бойындағы қалаларды өз қолдарында ұстауға, ал далада өз жақтастарын, осы уақытта Темір әлсіреткен Моғолстан мен Ақ Орда арасында өрши түскен кескілескен алауыздық қақтығыстарда өздерінен қамқорлық күткен Жошы руының әр түрлі ұрпақтарын қолдауға тырысып бақты. Бірақ алғашында, Темір ұрпақтарының өз арасындағы алауыздықтар өріс алып отырған кезеңде Сырдария бойының бірқатар қалалары олардың иеліктерінен тыс қалды. Оларды бұрын Темір әулетіне бағынған бүлікшіл әмірлер басып алды. Бердібек Ясы мен Сауранды иеленді. Сайрамды Ташкентпен, Янгимен (Таразбен) және Мауараннахрдың бірқатар аймақтарымен бірге Хұдайдад Хұсайни әмір мен Шайх Нұр ад-дин Қыпшақ алды¹³². Бұлардың біріншісі Темірдің мұрагері Темір ұрпағы Халид сұлтанның атабегі болатын. Соңғысы кезінде Темірді сатып кетіп, одан Ұрұс ханға, ал кейін Моғолстанға қашып кеткен, аса ірі Темір әмірі Сар-Бұға-йи Қыпшақтың баласы¹³³.

Ортаңғы Сырдария алқабындағы жерлер үшін болған таласқа бірте-бірте Моғолстан хандары да араласты. Хұдайдад Хұсайни моғол ханы Шам'и-Жаханмен бейбіт бітім жасасты, осы бітім шарты бойынша Темір әулетінің әскерлері Ыстықкөл мен Ашпарадағы қамалдарды тастап шықты. Дегенмен олардың Янги (Тараз) мен оның төңірегіндегі жерлер үшін қақтығыстары тоқталған жоқ.

Жаңадан басып алған жерлерге арқа сүйеген Түркістанның жаңа иелері Мауараннахрда Темір ұрпақтарының ішкі істеріне араласты, моғол хандары Шам'и-Жаханмен, Мұхаммедпен бірде араз, бірде тату қатынастарда болды, өзара жауласты.

Солардың бірі Шах-Мәлік әмір үлкен күшпен биік қамал қабырғаларына Шайх Нұр ад-дин барып жасырынған Сауранды қоршады. Келіссөздер нәтижесінде қамалдан сыртқа шыққан Шайх Нұр ад-дин өлтірілді¹³⁴. Сауран Түркістанға қарасты бүкіл жерлерімен бірге, Сығанақпен қоса 1411 ж. Ұлықбектің (1409—1447 жылдар) иелігіне қосылды. Сөйтіп, Темір ұрпақтары Сырдария бойындағы өз иеліктерін қалпына келтірді. Бұл аймақтың билеушісі болып Арслан-Қожа тархан тағайындалды.

XV ғасырдың бірінші ширегінде Ақ Ордада билік құрған дала билеушілері өз тараптарынан Темір ұрпақтары арасындағы бүліктерді пайдаланып, Түркістанда өз биліктерін қалпына келтіру әрекеттерін жасады.

Жоғарыда аталған Шыңғыс оғланға уақытша Сайрам мен Янги-Таразды алу сәті түсті. Ақ Ордадағы өкімет билігіне қол созған екінші бір үміткер, Ұрұс ханның немересі Барақ оғлан мырза Ұлықбектен әскери көмек алды.

Ұлықбек Барақпен кеткен әскер сонынан 1419 ж. өзі де солтүстікке аттанып, Сырдариядан өтті, бірақ көп ұзамай Барақтың дұшпанын жеңгені туралы хабар алған соң кері қайтты. Далалық аудандардағы бақталастар күресі бірнеше жылға созылып, 1422—1423 жылдары «Өзбек ұлысының» басым бөлігі Барақ ханның қолына көшкеннен кейін ғана аяқталды¹³⁵. Барақ хан біраз уақыт деректемелерде оның дұшпандары қатарында тағы да бірқатар Жошы ұрпақтары (олардың арасында Ұлық-Мұхаммедтен басқа Хұдайдад, Дәулетберді және т. б. бар) аталатын ұлыстың батыс бөлігі мен Сарай қаласына мүдделі болды.

Бірақ 1425 жылы-ақ Барақ хан Қазақстан далаларына оралып, 1426 ж. Темір ұрпақтарынан Сырдария бойындағы жерлер мен Ақ Орданың бұрынғы астанасы Сығанақ қаласын қайтару мақсатымен әскерлерімен «Ұлықбек мырзаның иелігіндегі Сығанақ аймағының шектеріне» жетті.

Барақ айтқандарын екі етпейтін, даладағы өз үкімдерін адал орындаушы болады деген Темір әулетінің үміттері ақталмады. Барақ хан дербестікке ұмтылып, Ақ Орда жерлерін тұтас бір биліктің қол астына біріктіру, оның тәуелсіздігі мен дербестігін нығайту жолында күрес жүргізді. Ал екі ғасырдан бері Жошы мен оның ұрпақтарының иелігі болып келген Сырдария бойындағы жерлерді өз мемлекетінің құрамына қоса алмаса бұл мақсатқа жету мүмкін емес болатын.

Барақ хан атасы Ұрұс хан сияқты ыдырап кеткен Алтын Орда билігі жолындағы тұрлаусыз күрестен гөрі әмір Темір мен оның ұрпақтары басып алған Ақ Орданың Төменгі және Ортаңғы Сырдария бойындағы өз жерлерінде берік орнығуды артық санады.

Ұлықбектің Сырдария уәлаятындағы мирасқоры әмір Арслан-Қожа тархан «оның (Барақтың) нөкерлері елді талан-таражға салуда, өздерін шектеусіз әмірші санайды әрі жоғарғы өкімет билігіне құмарлықтарын арсыздықпен аңғартады»¹³⁶ деп өз қамқоршысынан көмек беруін өтінді. Темір әулетінен шыққан әмірдің бұл мәлімдемесінен Барақ жорықтарының тонаушылық мақсаттардан көрі Сырдария бойындағы қалаларда өз билігін нығайтуды мақсат еткені айқын көрінеді. Барақ Ұлықбекке жіберген жолдамасында Ұрұс ханның мұрагері ретінде атасының бұрынғы Ақ Орда иеліктерін алуға құқығы бар екенін ашық айтады: «Менің атам Ұрұс хан Сығанақта тұрып, сонда құрылыс салғандықтан Сығанақ жайылымдықтары заң бойынша да, әдеттегі құқық бойынша да маған тиесілі»¹³⁷. Бұл жерде сөз тек жайылымдық, Сығанақ ауыл шаруашылық округі туралы ғана болып отырған жоқ, сонымен қатар, қала-

ның өзі, маңызды сауда орталығы әрі өте күшті бекіністі қамал жайлы екені анық. Барақ ханның өз қимылдарын дәлелдеуі аса маңызы, онда іс жүзінде Ақ Орда иелігі болып табылатын Сырдария бойы алқабында билік жүргізуге деген дала шонжарларының дәстүрлі құқығы атап көрсетілген. Ұлықбектің Шығыс Дешті Қыпшақпен өзара қарым-қатынастарын зерттеуші Б. А. Ахмедов Барақ хан қимылдарына байланысты өте құнды деректер келтіреді (бұл деректерді XVI ғ. авторы Абд әл-Кәрім ибн Мұхаммед ат-Тамдахи жеткізген): «...Барақ хан онда (Түркістанға) жақсы қаруланған және қоршаулық қару-тас лақтырғыштармен жабдықталған қисапсыз әскер әкелді. Әскер соңын ала бес мың отбасы Өзбек ұлысынан Сығанақ төңірегіне көшіп барды»¹³⁸.

Арслан-Қожа тархан 1427 ж. Сығанақты Барақ ханға беруге мәжбүр болды. Ақ Орда ханы осынау стратегиялық жағынан аса маңызды мекенге арқа сүйеп, Түркістанның Темір жаулап алған басқа қалалары үшін күрес бастау мүмкіндігіне ие болды. Барақтың ішкі ниетін білген Ұлықбек жорыққа аттанатыны туралы Шахрухқа хабар берді де, көп кешікпей әскерімен Самарқандтан Сығанаққа қарай беттеді. Шахрух Мұхаммед Жүкені әскерімен Ұлықбекке көмекке жөнелтті. Бірақ олардың екеуі де Барақ ханнан тас-талқан болып жеңіліп, дұшпанға қыруар олжа — қару-жарақ, ат, азық-түлік, әр түрлі бағалы заттар қалдырып, Самарқандқа қашты. «Барақ оғланның әскерлері Мауараннахр мен Түркістан иеліктерінің әр қиырында елді тонап-талаумен, адамдарды қинаумен айналысты және талан-тараж жөнінен ешнәрсені де мүлт жіберген емес»¹³⁹ деп жазады Темір әулеті әскерлерін Самарқандқа дейін қуып барған Барақ жолына байланысты оқиғаларды тәптіштеп тізген жылнамашы. 1427 жылғы Барақ жеңісі және осыдан кейін басталған шапқыншылық Ұлықбек астанасының жолындағы бірқатар қалалар мен елді мекендерді тонауға ұшыратып қана қойған жоқ, сонымен қатар Түркістан қалаларының бір бөлігін оның билігіне қайта әперді. Шахрухтан көмек алған Ұлықбектің әскерлерімен Барақтың соңына қайта түскенімен тек Ташкентке дейін ғана жетті, мұнда Барақтың дала асып кеткенін білді де кері қайтты. Осындай жағдайда, Түркістанда кімнің қалғаны, бұрынғысынша, Барақ хан келгенге дейіндегідей Ұлықбек мұнда өз мирасқорларын (хакімдерін, даруғаларын) отырғыза алды ма, бұл хақында деректемелерде ештеңе айтылмайды. Ақ Орда ішіндегі бүліктер Барақты Сырдария бойында кідіртпей, Дешті Қыпшаққа кетуге мәжбүр етті. Бірақ келесі, хижраның 831 жылы-ақ (1427—1428 жылдар) ол өзара қырқыс күресте қаза тапты. Әл-Ғаффари мен Хайдар Рази осы мерзімді көрсеткен.

Барақ хан қазасының нақты жағдайлары белгісіз. Абд ар-Раззақ Самарқандидің мағлұматтарында ол хижраның 832 жылы (1428—1429 жылдар) «моғолдар елінің» бір жерінде қаза тапқан. Шығыс Дешті Қыпшақтағы өзара қырқыс жағдайлары Барақты 1425—1429 жылдары Уәйіс хан билеген Моғолстаннан одақтас іздеуге мәжбүр етуі де мүмкін, бірақ мұнда да бүліктер, жеке иеліктер мен тайпа көсемдері арасындағы алауыздық қырқысулар толастай қойған жоқ-ты. Барақ хан Жетісудың батыс аудандарына билік жүргізе алды ма, әлде мұнда шынында да Дешті Қыпшақтағы өз дұшпандарына қарсы Моғол билеушілерінен көмек іздеп келді ме, бұл жағын айырып айту қиын: ортаазиялық Темір ұрпақтарының бұл уақыттағы деректемелері осыншама шалғай аудандардағы оқиғалар жайлы, егер бұл оқиғалар бұл аудандарда тікелей Темір ұрпақтарының қимылдарымен байланысты болмаса, ештеңе айтпайды, ал Мұхаммед Хайдар бұл кезең туралы тым күнгірт, үзік-үзік ауызекі өңгімелер мен аңыздар бойынша ғана жазған.

Абд ар-Раззақ Самарқандидің мағлұматы бойынша 1429 ж. Шахрух Ұлықбектен Барақ хан «моғолдар елінде» Сұлтан Махмұд оғлан дегеннің қолынан қаза тапты деген хабар алған. Ал Сұлтан Махмұдты өз кезегінде көп ұзамай Мұхаммедқазы өлтірген¹⁴⁰.

Барақ хан өзінің Түркістандағы Сығанақты алған сәтті қимылдарының нәтижелерін пайдаланып үлгірмегенімен, бірақ бұл табыстар алдағы уақытта оның туыстарынан шыққан дала билеушілерінің Сығанақ пен оған іргелес аудандарда нығайып алуына жағдай жасады. Рас В. В. Бартольд Барақ «Темір әулеті мемлекетінің есебінен өз иеліктерін кеңейткен жоқ», «Сағанақ (Сығанақ) Ұлықбектің қолында қалды, оны өзбектер 20 жылдан кейін ғана, жана хан Әбілқайырдың тұсында жаулап алды»¹⁴¹ деп жазады. Бірақ, бұл екі онжылдық бойы Түркістан қалалары, солардың арасында Сығанақ та, кімнің қолында болғаны туралы да деректемелерде ештеңе айтылмайды, екіншіден, деректемелерде өз иеліктерінің солтүстік шектерінде Темір ұрпақтарының табысты қимылдары туралы да ештеңе айтылмайды. Темір әулеті әскерлерінің 1427 ж. Түркістаннан дүрліге қашуы және Барақ ханның Мауараннахрға жорығы В. В. Бартольдтің айтуынша «Ұлықбектің бұдан кейінгі бүкіл патшалық құрған кезеңіне дақ салды». Шахрух Барақ ханнан жеңілгені үшін Ұлықбекті тіпті уақытша болса да, Самарқандтағы мирасқорлығынан айырған. «Алдағы жиырма жыл бойы ол (Ұлықбек) өзі бастап бір де бір жорыққа шыққан емес; ол аттандырған отрядтар қимылдары онша табысқа жетіп, көзге түсе қойған жоқ, сондықтан да бұл кезеңнің соңына қарай моғолдар да, өзбектер де сескенуді қойып, оның мемлекетіне шапқыншылықтар жасай берді»¹⁴². Біз қарастырып отырған уақыттағы Өзбек ұлысының оңтүстік шептері мен Моғолстанның батыс шекараларындағы оқиғалар, орта ғасырлардың осынау аласапыран кезеңінде өз жерлерін қайтарып, басқа біреудің жерлерін басып алуға бағытталған қимылдары алдын ала бағаламауды талап етеді.

Біздің топшылауымызша, өз кезіндегі Ұрұс хан, ал кейініректе Әбілқайыр, одан соң қазақ хандары сияқты Барақ хан «Темір әулеті мемлекетінің есебінен өз иеліктерін кеңейткен жоқ». Ол осыдан ширек ғасыр бұрын әмір Темір жаулап алған елдің астанасы Сығанақ қана емес, Ортаңғы Сырдария мен оның аймақтарындағы басқа да қалаларға тайпалардың этникалық және мәдени байланыстары, өлкенің тарихи даму жолының өзі, Ақ Орданың иелік ету құқығы қалыптастырған жерге орналастырудың ғасырлық дәстүрлерін қалпына келтірді.

В. В. Бартольд және басқа да бірқатар зерттеушілер¹⁴³ Темір әулеті мен осы әулеттің негізін қалаушы әмір Темірдің, ал кейініректе Мауараннахрдағы Шайбани әулетінің басқыншылық саясаттарына онша мән бермейді. Әрине, дала көсемдерінің жақсы қаруланған, ынғайлы атты әскерлерінің, әсіресе елде бүліншілік пен өзара алауыздық қақтығыстар етек алған кезеңдегі тонаушылық шапқыншылықтарының тым жиі болғаны рас (В. В. Бартольд көшпелілердің шапқыншылықтарының көбіне қысқы уақытта жасалғаны туралы Наршахи деректерін келтіреді¹⁴⁴). Бірақ Мауараннахр билеушілері ұйымдастырған соғыстар, шапқыншылықтар, жорықтар бұлардан аз емес. Темірдің басқыншылық соғыстары сияқты бұл соғыстар да негізінен Ақ Орда (соның ішінде Түркістанда да), Моғолстан мен Маңдай Сүбе (Қашқария) жерлерінде, сонымен қатар Мауараннахрдың өз жерінде жүргізілді¹⁴⁵. Темір әулетінен шыққандардың да өте шапшаң да ынғайлы, сан мындаған атты әскерлері болды, олар бұл әскерлерін өздеріне қарасты Орта Азия, Хорезм, Ауғанстан,

Хорасанның көптеген көшпелі тайпаларынан қалыптастырды. Темір сияқты оның қазіргі, XV ғасырдың бірінші жартысындағы ұрпақтары да «көшпелілердің шапқыншылықтарын тойтарып» қана қойған жоқ, олардың жерлеріне өздері басып кіріп, оларды біржолата бекітіп алуға тырысты, бекіністі мекендер тұрғызды, оларда гарнизондар орналастырды, оларға өз мирасқорлары мен жергілікті хан тағына өз адамдарын отырғызды.

Отырықшы-егіншілікті және көшпелі мал шаруашылықты аймақтардың билеушілері, феодал ақсүйектері үнемі бір-бірін әлсіретуге күш салды, көрші елдерде алауыздық отын жағып, қақтығыстар туғызып отырды, жаңа жерлер мен жаңа тәуелді адамдарды қолға түсіруге ұмтылды немесе тым құрмасыз өздеріне іргелес аудандарды талан-таражға ұшыратты, осының барлығынан алқаптардың да, далалық өлкелердің де ең алдымен бұқара халқы зардап шекті. Көшпелілер де, егіншілер де бірдей бейбіт өнімді еңбектен қол үзді. Хандар мен мемлекет билеушілерін әскери ақсүйектер де жиі-жиі соғысқа итермеледі. Мауараннахрдың онай олжаға құмартқан жоғарғы тобының қысымымен саясаттан көп хабары жоқ, ұлы астроном ғалым Ұлықбектің өзі өте сәтсіз әскери шаралар ұйымдастырды.

Шамасы, Ұлықбектің қолында Түркістанның тек оңтүстік бөлігіндегі қалалар, яғни Ясы мен Отырар ғана қалған болуы керек, ал оның Моғолстандағы иеліктері Сайрамнан әрі аспаған. Өйткені, моғолдар 30—40 жылдарда Темір әулетінің өздеріне ең жақын иелігі ретінде тап осында шабуыл жасаған. Деректемелерде бұл онжылдықта Түркістанның солтүстік бөлігі мен Қаратауды, Созақты, Сығанақты, Сауранды, Аққорғанды және басқа да қалаларды, яғни кейінірек, 1446 ж. Шығыс Дешті Қыпшақ ханы Әбілқайыр алған қалаларды кімнің иеленгені жайлы дерек келтірілмеген. Деректемелер мағлұматтарын салыстыра отырып, мұнда Қазақстанның оңтүстігінде, Сырдария бойындағы жерлер мен Арал жағалауларындағы ұлан-ғайыр далаларда, Қаратау бөктерлерінде XV ғасырдың 40-жылдарында Әбілқайыр ханға бас иеген Ақ Орда хандарының ұрпақтарынан шыққан дұшпандары қалған деген қорытынды жасауға болады. Барак ханның өкімет басына келуі, оның Түркістандағы Ақ Орда иеліктерін қайтару бағытындағы жігерлі шаралары Ақ Орданың бұрынғы қуатын қалпына келтіре қоймағанымен, Қазақстанның оңтүстігінде саяси жағдайды белгілі дәрежеде өзгертуге мүмкіндік берді, мұнда Орда-Ежен руынан да, Тоқа-Темір руынан да шыққан Ақ Орда хандары ұрпақтарының иеліктерін таяудағы ондаған жылдар бойы сақтап қалды¹⁴⁶.

XV ғасырдың бірінші жартысындағы Моғолстан. Моғолстандағы ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығы Орта Азиядағы Темір ұрпақтарының Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға көз тігуін одан әрі жалғастыруларына мүмкіндік берді. Қызыр-Қожа ханның төрт баласы — Шам'и-Жахан, Мұхаммед оғлан, Шерәлі және Шах-Жахан арасындағы билік жолындағы өзара қырқысулары салдарынан «уәлаят құлдырауға ұшырап, ал адамдары жан-жаққа қашып кетті»; Моғолстан мемлекеті бірнеше бөлікке ыдырады¹⁴⁷. Іс жүзіндегі биліктің жоқтығын пайдаланған Темірдің немересі, Ферғана билеушісі Ескендір 1402—1403 жылдары шекарадағы Үш-Фирман, Ақсу қалаларын тонап алды, содан соң терендеп ене түсіп, Бай, Күш (Құсан), Тарим, Хотан қалаларының төңірегін талан-таражға салды. Бұрынғыдай, Темір кезіндегідей, басып алған жерлерді адамсыз қалдыру әдісі жүргізілді. Тұтқынға түскен тұрғын халық дереу Мауараннахрға көшірілді. Деректемелер Темір ұрпағының қыруар табысқа кенелгенін атап көрсетеді. Ескендір Қашғарияны тонағаннан кейін Жетісу

жеріне, «Мағолстанның ең шалғай шептеріне дейін», «Алмалық пен Бесбалыққа дейін» жеткен. Моғол билеуші топтары оған қарсылық көрсете алмады. Ұлысбек дуғлат Хұдайдад әмір тауға қашты, ағаларымен айқаста мерейі үстем болған жаңа хан Шам'и-Жахан да кері шегінді.

Бұл хан (1399—1408 жылдар), ал одан кейін Мұхаммед хан (1408—1416 жылдар) Темірдің Қытайға жорығын дайындау кезінде басып алған Моғолстанның батыс бөлігін (Ашпара, Янги-Тараз ауданы) азат етуге әрекет жасады. Өздерінің саяси және әскери жағдайларын бірте-бірте нығайтып алған бұл хандар (Му'ин ад-дин Натанзидің¹⁴⁸ мағлұматтарына қарағанда бұлардың алғашқысының қарамағындағы халық тоқсан түменге, яғни 900 мың адамға жеткен) өз кезектерінде Темір әулеті мемлекетінің өзара алауыздық күресіне араласып отырған, дәлірек айтқанда, Түркістан камалдары мен Таласқа (Янги-Тараз және Ашпара) бекінген Темір әулетінен шыққан бүлікшіл әмірлерге әскери көмек көрсеткен. Өзара жасасқан бейбіт бітім шарттарына сәйкес басып алған аймақтарынан кете қоймаған Хұдайдад Хұсайниді 1408—1409 жылдар шамасында моғолдар өлтірді де, Янги (Тараз) бен Сайрам тағы да екі жылға тарта Темір әулетінің мирасқоры атағы мен міндеттерін мойнына алған Хұдайдад ұлы Әбділхалықтың қолында болды.

1411 жылға дейін басып алған жерлерінде билік жүргізген және Шахрух пен Ұлықбектің жоғарғы өкіметіне мойын ұсынбаған Шайх Нұр ад-дин Қыпшаққа байланысты Жошы әулетінің түрік ақсүйектерімен туыстық қатынасын ашып беретін өте қызықты дерек бар. Мырза Хайдар мынадай дерек береді: Өз ағасы Шер-Мұхаммедпен (1418—1425 жылдары Моғолстан ханы) күрес жүргізген, таққа үміткер моғол Уәйіс оғлан Түркістандағы Шайх Нұр ад-динге қашып келеді. Шайх Нұр ад-дин Қыпшақ Уәйіс оғланға қызы Дәулет-Сұлтан Саканджиді (болашақта Жүніс ханның шешесі) тұрмысқа беріп, оның Моғолстан тағы жолындағы күресіне көмек көрсетті¹⁴⁹. Өз кезегінде тіпті бұған дейін Шайх Нұр ад-дин Моғолстан билеушісі Мұхаммед ханнан көмек алған болатын.

1411 ж. Темір әулетінің Янги (Тараз) мен Сайрамдағы мирасқоры Әбділхалық өлісімен Мұхаммед хан әскерімен осы өңірге енді. Оның інісі Шах-Жаханның бастауымен алға жіберілген 15 мың адамдық әскер Сайрамды қоршауға алып, Отырар төңірегіндегі Қарасаманға дейін жетті. Бірақ тап осы уақытта Темір әулетінің келесі бір өкілі Шах-Мәлік әмір Янгиге Талас өзеніне әскер аттандырды, олар мұнда қалған моғол отрядтарын тас-талқан етіп, күшкөліктерін тонап алды. Қолға түскен олжадан Шах-Мәлікке 6 мың ат жіберілді. Мұхаммед хан бұл уақытта Сауранға баратын жол үстінде еді. Янги (Тараз) түбіндегі жеңіліс оны Сайрам мен Отырар түбіндегі әскерлерін кері қайтарып алуға және Шайх Нұр ад-динге қарсы көмектесуге уәде беріп Шах-Мәлікпен бейбіт бітім жасауға мәжбүр етті. Шах-Мәлік Янгиге (Таразға) тиіспеуге міндеттенді.

Мұхаммед ханның тұсында Моғолстан іс жүзінде Темір әулетіне тәуелді болған жоқ¹⁵⁰. Бұл хан Темір әулеті билігінен Моғолстанның батыс аудандарын, Шу-Талас алқабын азат етіп қана қойған жоқ, сонымен қатар Түркістан мен Ферғананың егіншілікті алқаптарына қол жеткізу үшін одан әрі жылжуға күш салды.

Сәтті жүргізілген сыртқы саясат ішкі саяси жағдайды белгілі дәрежеде нығайта түсті; феодалдық қырқысулар азая түсті. Мұхаммед Хайдар Дуғлат атап көрсеткендей Мұхаммед хан ел басқару ісін тәртіпке келтірді. Мұхаммед

хан тұсындағы Моғолстанның сыртқы саясатын сипаттайтын жоғарыда келтірілген деректерге елдің ішкі өмірін сипаттайтын деректемелер мағлұматтарын қосу қажет. «Та'рих-и Рашидидің» авторы Қазақстанның Оңтүстік-Шығысын мекендеген көшпелі халық арасында ислам дінін насихаттау одан әрі табысты жүргізілгенін айтады. Мұхаммед хан өз билігін нығайту, өкімет билігін орталықтандыру, көшпелі феодалдар қарсылықтарына тойтарыс беру мақсаттарында мұсылман діндарларына арқа сүйемек болды. «Мұхаммед хан қуатты билеуші, әділ де жақсы мұсылман еді. Ол өзі билік құрған заманда моғол ұлысының басым бөлігі исламды қабылдау үшін бар күшін салды. Ол исламды тарату ісінде тым қаталдық танытты». Жоғарыда Мұхаммед ханның өз қол астындағыларды ислам дініне енгізуге байланысты жүргізген шаралары аталды; бұл шаралардың қаталдығына тіпті орта ғасырлар дәуірі де сай келе қоймас еді. «Ол мұндай қаталдықты көп көрсетті», — деп қорығады Мұхаммед Хайдар¹⁵¹. Мемлекет билеушісінің тарапынан көрсетілген мұндай қаталдық бірнеше жыл өткен соң ұлысбегі Хұдайдад Дуғлат әмірдің Темір ұрпағы Ұлықбектің өзіне тор үйрету (яғни көшпелі халық билеушілерінің Шыңғысхан уақытынан бастап басшылыққа алған әдет-ғұрыптарының, заңдарының негізгі жинағы) туралы өтінішіне: «Біз Шыңғысхан торынан біржолата бас тартып, шариғат шарттарын ұстауға көшкенбіз»¹⁵² деп жауап беруіне негіз болды.

Дегенмен Мұхаммед ханнан кейін Моғолстанда бүліктер мен өзара дау-дамай қайта өрбіп, мұны Мауараннахр билеушілері дереу пайдалана қойды. 1414 ж. Қашғария қайтадан Темір әулетінің иелігіне көшті. Ұлықбек 20-жылдарда Моғолстанның өз ішінде, яғни Жетісу жерлерінде, Солтүстік Тянь-Шаньда Темір әулетінің ықпалын кеңейту қадамдарын жасады. Мұның ең басты әдісі — өзара алауыздық қырқысуларға араласу, өздері қойған адамдарға қол ұшын беру. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл кезеңде Мауараннахр билеушілері ішкі талас-тартыстар іргесін босатып отырған Ақ Орда жөнінде де тап осындай мақсаттарды көздеді. Қашғария ақсүйектері тарапынан қолдау тауып, Мауараннахрмен достық көршілік қатынас орнатқан Қызыр-Қожа ханның немересі, Шам'и-Жаханның ұлы Нақш-Жахан Моғолстанда екі жыл билік құрды. Оны хижраның 821 жылы (1418 ж.) Қызыр-Қожа ханның тағы бір немересі, Шерәлі оғланның ұлы Уәйіс оғлан өлтірді. Уәйістің үкімет билігі жолындағы ағасы Шер-Мұхаммедпен арадағы тартысында ұлысбегі Хұдайдад Дуғлат бұлардың біріншісін қолдап, ол біраз уақыт жеңіске жетті.

1418—1421 жылдары Моғолстанда өкімет билігі Уәйіс ханның қолында болды. Моғол тағынан екінші бір үміткер Шер-Мұхаммедтің өтініші бойынша 1421 ж. маусымда Ұлықбектің өзі Моғолстанға жорыққа аттанды, бірақ әзірге Моғолстандағы өзара қырқыстарға араласуға бас тіккісі келмей, Қарабұлаққа дейін жетті де, кері қайтты. Бұл елдегі өзара алауыздық қақтығыстарға сипаттама беру тұрғысынан Хафиз-и Абрудың Темір ұрпағы Шахрух елшілігінің Моғол жері арқылы Қытайға барған жолын баяндайтын әңгімесі көңіл аудартады. Елшілік солтүстік жолмен, яғни Оңтүстік-Шығыс Қазақстан арқылы Ташкент — Сайрам — Ашпара — «моғол елі», яғни Моғолстан арқылы жүрді. «Уәйіс хан (Вайс хан) Шер-Мұхаммед оғланға қарсы соғыс ашты, ұлыс алауыздық жағдайда»¹⁵³ деген хабар алдық. Елшілер Белгіті мекеніне соқпай өтіп, бектердің бірі, Мұхаммед бектің жеке иелігіне жетті. Деректемеде оны «ұлыс хакімі», ұлан-ғайыр иелікті билеуші деп атайды. Күңгір өзенінен өткен соң, Жұлдызға келіп, одан әрі «Шер-Бахрам еліне», әрі қарай «бүкіл Моғолстан

арқылы Турфанға»¹⁵⁴ барады. Елшілер Қытайдан қайтар жолда тоқтамай отырған өзара бақталастық қақтығысулардың салдарынан «Моғолстан жолдары тынышсыздау болғаны себепті» оңтүстік бағытпен: Хотан — Қашғар — Әндіжан арқылы жүргенді жөн көрді.

Ұлықбектің көмегіне сүйенген Шер-Мұхаммед 1421 ж. елде билікті өз қолына алды. Моғол әмірлері мен бектерінің бір тобы оны қолдаса, енді бір тобы Уәйіс хан жағында қалды. Шер-Мұхаммед Моғолстан ханы болғаннан кейін Ұлықбекке бағынуды қойды, бұл 1425 ж. Темір әулетінің Моғолстанға жорыққа аттануына себеп болды¹⁵⁵.

Темір әулетінің XV ғасырдың 1-жартысында Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағына байланысты ұстаған саясаты осы аймақтарға «көшпелілерінің шапқыншылықтарына тойтарыс беруден» гөрі осы аймақтарға шабуыл жасау бағытында болды. Темір әулеті Түркістан қалаларын басып алды. Жоғарыда атап өткен Барақ ханның Ақ Орданың бұрынғы астанасы Сығанақ қаласын қайтару бағытындағы талаптары 1427 ж. Ұлықбектің Ақ Ордаға қарсы жорығына себеп болды. Жоғарыда Темір әулеті әскерлерінің Темірден кейін Талас алқабын басып алу фактісі келтірілді. Ұлықбектің Жетісу мен Қашғария үшін жүргізген күресі оның атасының басқыншылық саясатын ілгері жалғастырды. Темір әулеті Қазақстан аумағын, тым болмаса осынау көршілес мемлекеттердің сыртқы саясатын Мауараннахр билеушілері үшін қолайлы арнаға түсіруге бағыттап отыруға мүмкіндік беретін өз адамдарына басқартуға күш салды. Кез келген болмашы себепті кезекті шапқыншылыққа сылтау етті. Мысалға, Ұлықбектің 1425 жылғы Моғолстанға жасаған жорығына Шер-Мұхаммедтің қашып кеткен бүлікшіл әмірді Ұлықбекке беруден бас тартуы түрткі болды.

Жорық алдында Темір әулетінің әскерлері Сайрам, Отырар, Сауран, Янги-Тараз қалаларымен қоса Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аудандарын басып алды¹⁵⁶. Жекелеген жасақтарының құрамы 20 мың адамнан құралған қалың 80—100 мыңдық әскер жолы әуелі Оңтүстік Қазақстанды басып өтті. Ұлықбек әскерінің сол қанаты қыста Отырар мен оның төңірегіне орналасты¹⁵⁷. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда Ұлықбек әскерлері Ашпара арқылы өтіп, одан әрі Талас, Қызыл суға (Ақсу мен Боам шатқалының арасында), Ұлы Кеминге, одан әрі Шелекке жасақтар жіберілді. Ұлықбектің өзі Ашпарадан Шу өзеніне беттеген, деректемеде бұдан әрі Текелік — Ақшілік — Бұралқы аталған, одан әрі Шелек пен Шарын арасындағы алқапқа, Әбіш жазығына барған. Мұнда Шарын өзенінен өткен, содан соң оның бағытындағы пункттер ретінде Тасмойнақ, одан әрі Көктөбе — Бөгеті өзені (Кетпен тауының маңында), одан соң Текестен, Күнгестен өтіп, Жұлдыз жазығына барған. Ол Мауараннахрға Ыстықкөлдің солтүстік жағалаулары арқылы қайтқан (Ыстықкөл қамалы аталады).

Оңтүстік Қазақстанның бұл аталған егіншілікпен айналысатын аудандарының халқы тағар төледі (әскери бөлімдерді асырау үшін жиналатын арнайы салық). Бұл, біріншіден, басқыншылар үшін экономикалық жағынан пайдасы болса, екіншіден, саяси астары бар шара: салық жинау арқылы бұл аумақ тұрғындарының Темір әулетіне бағынатындығы дәлелденді. Деректемелерде көрсетілгендей тағар осынау ұлан-ғайыр көп әскердің бару және қайту жолына, яғни барлық жолына жетерліктей көлемде жиналған. Әскерлер өздері жүріп өткен жерлердің халқын қырып-жойды.

Ұлықбектің әскери жорығының бағыты туралы баяндайтын деректеме-

лер материалы Моғолстандағы бытыранқылықты көрсетеді, ол жекелеген моғол ұлыстарының, феодалдық ақсүйектер меншігінің орналасуы туралы да қызғылықты мағлұмат береді.

Темір әулеті әскери отрядтарының моғолдармен алғашқы қақтығысы Йанги-Тараз маңында болды. Ұлықбектің жорық алдында Шахрухияда, Отырарда және Ашпарада қыстаған кезінде¹⁵⁸ моғолдар Темір әулетінен Талас бойындағы жерлерді тартып алған болатын. Деректемелер осы уақытта Талас алқабында моғолдар ортасында ұлы Түк-Темірмен бірге Ибраһим басқарған керейлердің (керейіттердің), Улжайту Темір басқарған салжұқтардың және Иразан басқарған ба'ариндердің болғанын атайды¹⁵⁹. Олар мұнда үй-іштерімен (коч), жүктерімен (боне) бірге жүрген. Жақын маңдағы көші-қоныстықтар (үйлер, киіз үй-ханақылар, бойуттар) тоналды, бірақ Темір әулеті әскерлері кері шегінген моғолдарды жоғарыда аталған Қызылсу өзенінде қуып жетіп, «адамдарды тұтқынға ала бастады, қисапсыз олжа тапты: отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, сан жетпейтін, аса көп әр түрлі бұйымдар мен заттарды қолға түсірді»¹⁶⁰. Ұлықбектің осы жорығын тәптіштеп жазған Мирхонд Мауараннахрдың «отырықшы» билеушілерінің Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарына жасаған жорығының мұндай тонаушылық сипаттағы мақсаттарын қайта-қайта келтірген. «Әскерлерге оның (Қамар ад-дин әмірдің ұлы Жаханшах дуғлаттың) қол астындағылардан [қолға] түскендердің барлығын өлтіруге; әйелдер мен балаларды тұтқынға алуға, бұл халықтың (жамағаттың) бар мүлкін тонап, талан-таражға салуға рұқсат етілді»¹⁶¹.

Мауараннахр билеушілерінің Қазақстан аумағына жасаған әскери жорықтары туралы түпкі деректемелер материалдары ортағасырлық Қазақстан тарихының демографиялық сәттерін анықтау үшін аса қызықты болып табылады. Рас, бұл материалдарда нақты сандар аталмайды, ал талан-таражбен халықты қырып-жою көлемі белгілі дәрежеде тым артығырақ суреттелетінін (ортағасырлық тарихшыға қамқорлық жасап отырған билеуші-иесінің «табыстарын» мадақтау мақсатында) де ескеру керек, бірақ соған қарамастан, бұл мағлұматтарды елемеуге де болмайды. Темір әулеті Қазақстан аумағындағы көршілес мемлекеттерді әлсіретуге байланысты өз атасы, ұлы басқыншы Темір саясатын жалғастырды. Бұл мақсатты орындаудың басты құралдарының бірі халықты қырып-жою, оларды тұтқын етіп әкету, сөйтіп, көрші мемлекет билеушісін оның негізгі күші — бағынышты адамдарынан айыру болды. Мирхонд та бұл жайды қайта-қайта жазады: «Қазіргі қимылдарымыздың ең дұрыс сипаты біздің оларды (моғолдарды) жаппай жоюға кірісуіміз болып табылады. Олардың күші мен қуатының бетін қайтару үшін біз олардың табын-табын малын, заттары мен үй мүліктерін, Текес өзенінен өткен адамдардың бұйымдарын (сөз моғол ханы Шер-Мұхаммедтің жүктері мен адамдары жайлы болып отыр) басып аламыз». Темір әулетінің әскерлері жүріп өткен жерлердің барлығында да «тұрғындар қырып-жойылды, қайғы-қасірет себілді». Темір әулеті жасақтары «Жете ұлысының (яғни Моғолстанның) бірқатарын тонап, талады. Жеңімпаз әскер Күнгестің аяқ баспаған жерлеріне немесе биік тау сыртына барып тығылған Жете тайпаларын (кабаил) қолға түсіріп, қырды. Бұл елде ешқандай тұрғын қалған жоқ»¹⁶². Темір әулеті әскерлерінің 1425 ж. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға жасаған шапқыншылығының нәтижелері осындай¹⁶³.

Моғолстандағы ауық-ауық орталықсыз қалу жағдайы «тайпалар», «ұлыстар», «елдер» және басқа да жеке иеліктер басшылары — әмірлер мен бектерді

не көршілес ұлыс, тайпа көсеміне, не ханға көмек көрсетпей, әрқайсысының өз бетінше қимыл жасауына әкеліп соқтырды. Мирхонд Темір әулетіне жеке-дара қарсы шығып, соның салдарынан бірінен соң бірі сәтсіздікке ұшыраған бірнеше моғол феодалдарын атайды. Жоғарыда аталған Ибраһим әмір өз керейлерімен, Иразан бек өз ба'ариндерімен Таласта тас-талқан болып жеңіліп, Жаханшах дуғлат бектің жұрты тұрған Ыстықкөлге қашты. Темір әулеті әскерлері сондарына түскен керейлер мен ба'ариндер осында Қызылсу өзенінде Боам шатқалы жанында тағы да қырғынға ұшырады. Өз тайпасын (қауымын) ертіп кері шегінбек болған Жаханшах дуғлатты басып алған мал-мүлікті, адамдарды қайтару үшін Темір әулеті әскерлеріне қарсы шығару Ибраһимге оңайлыққа түскен жоқ. Ақсу өзенінде болған айқаста моғолдар күйрей жеңілді, Ибраһим керейіт пен Улжайту сальдуз қаза тапты. Жаханшах дуғлаттарымен Үлкен Кеминге қашты. Моғол әмірлері мен бектерінің бытыранқылығын пайдаланған Темір әулетінің әскербасылары олардың әскери күштерінің бірігуіне жол бермеді. Үлкен Кеміндегі Жаханшах дуғлатқа қарсы 5 мың қолдық жасақ аттандырылды. Біраз уақыт өткен соң, Ұлықбекке жеткен мәлімдеме бойынша, Жаханшах моғолдардың басқа екі әмірі Садр әл-Ислам және Мәлік әл-Ислам күштеріне қосылмақ болып, Ыстықкөлдегі өз жұртына кеткенде, Темір әулеті оның бұл ойының орындалуына жол бермеді: Жаханшахқа қарсы дереу жөнелтілген Сұлтан Уәйіс барластың жасағы дуғлаттарды тас-талқан етті, ұлыс көсемі тағы да асығыс кері шегінуге мәжбүр болды.

Жоғарыда аталған Садр әл-Ислам мен Мәлік әл-Ислам әмірлердің иеліктері Алтынкөлде, басқа жазбаларда — Ұлықөл, яғни «Үлкен көлде», В. В. Бартольдтің болжауынша — Балқашта¹⁶⁴ орналасқан болатын. Ұлықбек Шарында тұрған кезде бұл моғол әмірлері Шер-Мұхаммед ханға бармақ болып, әскерлерімен Іле өзеніне (бұл деректемеде ол «Ақ Құяш» деп аталған) келді. Ұлықбек оларға қарсы 20 мың жасақ жіберді, бірақ бұл кезде олар Текес өзенінен өтіп кеткен еді. Деректемеде тағы да бір үлкен шайқас айтылады: Әбіш жазығында (Шарын және Шелек өзендерінің аралығында) Арслан-Қожа тархан жасағы ба'ариндермен айқасты. Ол Үлкен Кеміндегі Жаханшах дуғлатқа қарсы жіберілген болатын. Тайпаның бір бөлігі қырғынға ұшыратылып, көптеген адам тұтқынға алынды. Темір әулеті әмірінің қолына «олардың бар мүлкі түсті»¹⁶⁵.

Ең үлкен иелік моғолдардың осы кезеңдегі ханы Шер-Мұхаммедтің елі болатын. Ұлықбек бастаған Темір әулеті әскерлерінің негізгі күштері Ашпарадан Шу өзені арқылы «ерте уақыттан Жете (Моғолстан) хандарының үйіне айналған әрі олардың әскерлерінің демалыс орны болып саналатын» жоғарыда аталған Әбіш жазығына беттеді. Шер-Мұхаммед мұнда Темір әулеті әскерлерінің келу сәтіне өз әскерлері мен «өз уәлаятының әр қиыры мен аудандарынан» құрылған әр түрлі жасақтарды Кетпен тауына әкеліп қойған болатын. Ханның отбасы, мал-мүлкі, күш-көліктері, үйір-үйір мал, әр түрлі дүниелері — осының барлығы Текес өзенінің арғы бетіне өткізілді¹⁶⁶.

Елді әбден жайлап алған бүлік пен бытыранқылық Темір әулеті әскерлерінің бұл жолы да моғол қолбасыларын жеке-жеке күйінде талқандауына мүмкіндік берді. Дегенмен, тұтас алғанда, Ұлықбектің 1425 жылғы Оңтүстік Қазақстан аумағындағы әскери жорығы жергілікті халықты қисапсыз қырғын-сүргінге ұшыратқанына қарамастан, Моғолстанның мемлекет ретіндегі тұтастығына айтарлықтай әсер ете алған жоқ. Бұл бағытта ол

нәтижесіз болды. Ұлықбектің моғол тағына өз адамын отырғызуға да, Жетісу аумағын басып алуға да қолы жетпеді. Моғолстанның дербес мемлекет ретіндегі маңызы сақталып қалды¹⁶⁷.

1428 ж. Ұлықбек Моғолстанға тағы да Сатұқ хан бастаған әскер аттандырды. Уәйіс хан Темір әулетін Ыстықкөл маңында Бақабұлан деген жерде күтіп алды. Шайқас барысында моғол ханы қаза тапты. Дегенмен, жергілікті халық қарсылығына ұшыраған Темір әулеті әскерлері Мұхаммед Хайдар атап көрсеткендей «оның бұл жерлерде тұруына мүмкіндік болмағандықтан» Жетісуды тастап шықты.

XV ғасырдың 1-жартысында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан тынымсыз өзара алауыздық қырқысулар сахнасына айналды. Қызыр-Қожа хан, Мұхаммед хан, Уәйіс хан тұстарында Моғолстанда өкімет билігін орталықтандыру мен ішкі саяси жағдайларды уақытша тұрақтандырудың жекелеген кезендерін феодалдық күрестің жаңа толқындарымен, Жетісу аумағына батыстан Темір әулеті және шығыстан ойраттар жасаған үздіксіз шапқыншылықтары бұзып кетіп отырды. Моғол феодалдарының бір бөлігі өз дербестіктерін нығайту мақсатымен жеке қала-қамалдар сала бастады. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар: «[Есен-Бұға] ханнан бөлініп шыққан моғол әмірлерінің әрқайсысы өздеріне камал салып алды. Олардың барлығы да тиісті дәрежеде ханға бағынған жоқ. Олар мүмкін тағы да қайтып келер деген үмітпен хан да оларға қарсы шара қолдана қоймады»¹⁶⁸ деп жазады. Бірақ бұл құрылыс олардың отырықшылыққа көшкендігі емес-ті, ақсүйектердің бұл бөлігіне қамалдар іште де, мемлекет шекараларынан тыс жерлерде де өз дербестіктерін нығайту үшін қажет болды. Тек қана көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға билік жүргізген жағдайдағыдан гөрі егіншілікпен айналысатын отырықшы орталықтарға, қала-қамалдарға арқа сүйеу оларға анағұрлым үлкен экономикалық, әскери артықшылықтарға мүмкіндік беретін еді.

Көшпелі тайпалар ақсүйектерінің басым көпшілігі көршілес қалалар мен мекендерге тонаушылық шапқыншылықтар кезінде пайда табуға ұмтылды. Жоғарыда Мұхаммед Хайдар: Мир Кәрімберді «Әндіжан мен мұсылмандарға шапқыншылық шабуылдар жасады», Мир Хақберді бекшік «Түркістан мен Сайрамды тонаумен айналысты» деп атап көрсеткен моғол ақсүйектерінің бекіністері мен тірек базалары осы мақсатқа қызмет етті. Өзара қырқыстар, ішкі саяси тұрақсыздық, орталық биліктің жоқтығы салдарынан жекелеген тайпалар мен ұлыс қолбасылары көршілес егін шаруашылықты алқаптарға тонаушылық шапқыншылықтары мен жорықтарын жиілетті.

Сыртқы жаулардың басып кіруі ғана емес, ішкі феодалдық алауыздық қырқысулар салдарынан да демографиялық жағдайға айтарлықтай өзгерістер енді. Моғолстан халқының көрші елдерге көшіп, солармен араласып кетуі өте шапшаң жүрді, олар ел ішін жайлаған қуғын-сүргін мен талан-тараждан достары ғана емес, дұшпандарының жағына да шығып отырған. Мырза Мұхаммед Хайдардың айтуынша «шорас [тайпасының] және ба'арин тайпасының әмірлері қалмақтарға, Исан тайша ұлы Амасанжы тайшаның қарамағына кеткен. Тайпалардың екінші тобы қалушылар, бұлғашылар және басқалары Өзбекстанға Әбілқайырдың қарамағына ауысты. Қоншы әмірлері мен тағы біреулері Моғолстан далаларын бүліншілік пен әр түрлі тәртіпсіздікке ұрындырды»¹⁶⁹. Әмірлердің жоғарыда аталып өткен қамалдар салуы сияқты бұл да ұлысбек Мир Мұхаммед шах пен оны қолдайтын басқа да тайпалардың өкілдері Уәйіс өлгеннен кейін үстемдік алған кезде етек жайды. Олар 1433—1434 жыл-

дар шамасында хан тағына 13 жасар Есен-Бұғаны отырғызды. Барин (ба'арин, байран) тайпасының феодал ақсүйектері, осы тайпаның жоғарыда аталып өткен басшысы Ерзен мен шорас тайпасы бастаған екінші тобы Жүніс ханның қолдауымен отыз мың моғол отбасын (150 мың адамнан кем емес) ертіп, Моғолстаннан Мауараннахрға кетті. Мауараннахрда бұл отбасыларының басшылары өлтіріліп, қалғандары тұтқынға айналдырылды¹⁷⁰. Бұл қастандық Ұлықбектің үкімімен істелді. Жүніс оғлан білім алып, тәрбиелену үшін Шараф ад-дин Әли Йаздиге жіберілді.

Арада бірнеше жыл өткен соң моғол көшпелі ақсүйектерінің талап етуімен жана хан Есен-Бұға Сайрам, Түркістан, Ташкентке тонаушылық шапқыншылықтар жасады. Оның Темір әулетінің Сырдарияға Жетісу мен Талас алқабы арқылы жүрген бағытына қарағанда бұл уақытта Солтүстік Моғолстан соның билігінде болған. Темір ұрпағы Әбу Саид мырза бір шапқыншылығында Есен-Бұғаны қуып Йангиға (Таразға) дейін барған, бірақ моғолдар ұрысқа шықпай елдің ішкі жағына қашып кеткен. Келесі жолы Есен-Бұға Әндіжанға дейін жетіп, қамалды қоршады¹⁷¹. Бір кездегі әмір Темірдің, XV ғасырдағы Темір әулетінің шапқыншылықтары сияқты феодалдық соғыстар, моғол хандарының өзара алауыздық қақтығыстары елді экономикалық жағынан титықтап, қалжыратты, оны демографиялық тұрғыдан нашарлатты, саяси әлсіздікке ұшыратты. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқы сан жағынан кеміп кетті де, бұл өлкенің бұдан кейінгі тарихына кері әсерін тигізді. Мұны, дәлірек айтқанда, бұл жерлерге ойраттар (қалмақтар немесе жонғарлар) тарапынан жасалған қысымның ұлғая түсуінен көруге болады.

Соғыстар мен өзара қырқысулардың салдарынан Жетісудағы қазақ тайпалары орталық және оңтүстік өңірлерден қол үзіп қалды, тайпалардың этникалық ұлт болып бірігу процесі баяулады (тұтас алғанда бүкіл Қазақстандағы сияқты). Алауыздықтар өндірістік күштердің, соның ішінде адам қорының кемуіне, шаруашылықтың жаппай құлдырауына, ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығына әкеліп соқтырды, өте қолайсыз сыртқы саяси жағдай да мемлекетті әлсіретті.

XV ғасырдағы Қазақстан аумағындағы ойраттар. Қазақстанның шығыс шекараларында – тұтас алғанда Жетісу мен Моғолстанда бүкіл XV ғ. бойы ойраттардың кесірінен бірнеше рет осындай жағдай пайда болды. Олар бұдан кейін де, XVIII ғасырдың басына дейін үздіксіз шапқыншылықтар жасап, жергілікті халықты мазалауын тоқтатқан жоқ. Ойраттардың Моғолстан аумағына алғашқы жаугершілігі XIV ғасырдың ақырынан басталды. Ойраттар – Монғол империясы Үгедей ұлысы монғолдарының батыс бұтағы. Олар XV ғасырда «Шығыста Хангай тауларының батыс бөктерлеріне, оңтүстікте Гоби құмдарына, батыста Моғолстанға, солтүстікте Ертіс пен Енисейдің жоғарғы ағыстарына» барып шектелетін ұлан-байтақ жерлерді иеленді¹⁷². Оларды көршілес түрік және парсы тілді халықтар қалмақтар (қалмақ), монғолдар «жонғар» («сол қанат») деп атады. Шами'и-Жахан билеген тұста-ақ (1399–1408 жж.) ойраттар Бесбалық өңірін алып жатты. Уәйіс ханның тұсында (1418 жылдан 1428 жылға дейін, «қазақтық жасау», Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың айтуынша, Шер-Мұхаммед билеген кезеңдегі аздаған үзілістермен) ойраттардың Моғолстанның шығыс шекараларына қысымы күшейе түсті. Алғашқыда ойраттар мен моғол көшпелі феодалдарының басқыншылық мүдделері оңтүстік-шығыс бағытта ғана қайшы келді. Уәйіс хан 1422 ж. Турфан қаласын басып алып, оны өз астанасына айналдырды, ал ойраттар Хами қаласына ша-

буыл жасады. Мұхаммед Хайдардың көрсеткеніндей, Уәйіс хан он жыл ішінде қалмақтардың барлығы 61 шабуылына тойтарыс берген. Бұл ойраттардың Моғолстанға жасаған қысымының табандылығы мен қуатын танытады. Уәйіс хан тек бір рет қана жеңіске жеткен, ол екі рет қалмақтар қолына тұтқынға түскен¹⁷³. Бірінші шайқас «Моғолстанның шет жағындағы» Мыңбұлақ деген жерде, екіншісі — Іленің жоғарғы ағысында, жағадан бір фарсах (5—6 шақырым шамасы) қашықтықта, Бестөбе (Биш-Каба) деген жерде болған. Соған карамастан ойраттар XV ғасырдың 20-жылдарында Жетісу шекараларына жете алмады (Ұлықбектің 1425 жылғы жорығын жазған Темір әулетінің тарихшылары бұл аумақта қалмақтардың болғаны туралы ешқандай дерек бермейді). Дегенмен олар Уәйіс ханды Моғолстанның шығыс шептерінен ығыстырып шығарды. Ол өз орталығын «қалмақтардан қашығырақ болу» мақсатымен Турфаннан Моғолстанның орталық ауданына — Іле жағасына, Ілебалық мекеніне, Жетісуға ауыстырды. «Осы уақыттан бастап бүкіл ел қытайларға осы атпен (Ілебалық) танылды»¹⁷⁴. Моғолстандағы бір орталыққа бағынған өкіметтің жоқтығын пайдаланған ойраттар (қалмақтар) 30-жылдары өздерінің Жетісуға шапқыншылығын қайта жаңғыртты. Олар ешқандай қарсылық көрмей, оның солтүстік-шығыс бөлігі арқылы Ыстықкөл төңірегіне дейін жетті деп жазады Мырза Хайдар; дәлірек айтқанда, қалмақтардан қорғану үшін Ыстықкөл аралдарының біріндегі Қой-сой мекенінде қамал салдырған бекшік (қаңлы) тайпасының әмірі Мир Хакберді ғана аздап қақтығысып қалды.

XV ғасырдың 50-жылдарында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аса қуатты билеуші Есен тайша біріктірген ойраттар шапқыншылығына қайта ұшырады¹⁷⁵. Олар 1452 ж. Моғолстан аумағына келіп, Шу өзенінің жағасына жетті. Қашғардағы алауыздық қырқысулардан қолы босамай жүрген Есен-Бұға хан оларға айтарлықтай қарсылық көрсете алмады.

Ойраттар (қалмақтар) 1457 ж. бұл жолы да Есен-Бұғаның Қашғарияда (Ақсуда) жүргенін пайдаланып, ешқандай қарсылық көрмей Моғолстанның шығыс бөлігі арқылы Жетісуға өтіп, Түркістанға ұмтылды. Олар жүгі мен бала-шағаларын Шу жағасында қалдырып, жеңіл түрде, Әбілқайыр хан тұрған Сығанаққа беттеді. Әбілқайыр бұлардың алдынан әскер шығарды. Көккесене деген жерде (Сығанақтан 8 шақырым) шайқас басталды. Әбілқайыр ханның әскерлері сәтсіздікке ұшырап, тарап кетті, Жошы әулетінің бірнеше сұлтаны (Бактияр сұлтан, Ахмет сұлтан және т. б.) қаза тапты. Әбілқайыр ұрыс алаңынан қашып шығып, қала қорғанысын ұйымдастыра алмай, Сығанаққа тығылды. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған Сырдария бойы қалалары талан-таражға түсті. Қалмақтар Ортаңғы Сырдарияның бүкіл алқабын тып-типыл етіп тонады, дала халқынан да, Темір әулеті мирасқорларынан да, ең алдымен жергілікті қала және егіншілікпен айналысатын тұрғындардан қыруар олжа түсірді: «Дұшпан әскерлері [халықты] тонаумен, талан-таражбен айналысты..., қалмақ хандарының әскерлері бейбіт бітім және келісім шарт [жасасудан] көп бұрын Түркістан, Шахрухия төңірегін және Ташкент маңының тұрғындарын, сол уәлаят тайпалары мен шаруаларын қаталдықпен тонады»¹⁷⁶. Әбілқайыр хан қалмақтардың әскери қолбасшысы Үз-Темір тайшымен тым қорлықты бітім шарттарына қол қоюға мәжбүр болды: Үз-Темір аманатқа өзімен бірге Әбілқайырдың немересі Махмұд сұлтанды ала кетті (ол Жоңғарияда 7 жыл болды)». Бұл Әбілқайыр ойрат тайшасының жоғарғы өкіметін мойындады деген сөз еді. «[Әбілқайырмен] бітім жасасқаннан кейін Үз-Темір

тайшы өзінің бар қуаты мен жігерінің тізгінін Сайрам арқылы, өз жүктері мен бала-шағасы қалған Шу жағасына қарай бұрды... Ол жерден [өзінің] барлық әскерлерімен өзінің мұрагерлік иелігі болып табылатын Қалмақ [еліне] қарай беттеді»¹⁷⁷.

Мас'уд бен Усман Кухистанидің бұл хабарламасы қалмақтардың 50-жылдардағы шапқыншылықтары да, бұдан бұрынғы, XV ғасырдың 20-жылдарындағы Уәйіс хан тұсында бүкіл Моғолстанға жасаған жорықтары сияқты, 20-жылдары Моғолстан аумағына, ал 50-жылдары Түркістан аймағына жүйелі түрде шапқыншылық жасауды тоқтатпаған ойрат феодалдарының басты мақсаттары болғанына қарамастан аумақтық үлес алуына жеткізе қоймағанын көрсетеді. 1469—1470 жылдары Жетісуға Амансанжы тайшаның 300 мың адамдық ұлысы келіп, кескілескен шайқаста Моғолстан ханы Жүністі ойсырата жеңді. 80—90-жылдарда Жетісудың шығыс бөлігінде, «Алаша хан» деген атақ алған, қырғыздар билеушісі Ахмед хан қалмақтармен табандылықпен шайқасты.

Ойраттардың (қалмақтардың) көшпелі феодал ақсүйектері Моғолстанның кең-байтақ аумағына, соның ішінде Жетісуға қатты қызықты; олар мұнда өздерінің қол астындағы рулар мен тайпалар үшін шұрайлы жайылымдық жерлерді басып алуға ұмтылды, өте қолайлы сауда жолдары да осы жерден өтетін, ал феодалдық соғыстар мен өзара алауыздық қақтығыстар етек алған сол бір аласапыран кезеңде бұл Оңтүстік Қазақстанның егіншілікпен айналысатын отырықшы алқаптары мен Орта Азияның солтүстік-шығыс аймақтарына шапқыншылық жолдары болары сөзсіз еді¹⁷⁸. XV ғасырда ойраттар шапқыншылығы бірнеше рет қайталанды. Олар Моғолстанды әлсірете түсті, міне сондықтан да Моғолстан ханы Есен-Бұға 50-жылдардың аяғында Батыс Жетісуға келген қазақтар Жәнібек пен Керейді ойраттар бетін қайтару үшін пайдаланбақ болды. Қазақтар, іс жүзінде, әсіресе 60-жылдардың ортасында Жетісудағы өз иеліктерін ойраттардан қорғай алды.

Ойраттардың XV ғасырдағы Жетісу мен Түркістандағы қазақ жерлеріне шапқыншылықтары шығыстан қазақ халқының басына түскен ұлы қасіреттің басы болатын.

6. ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫ («КӨШПЕЛІ ӨЗБЕКТЕР МЕМЛЕКЕТІ»)

XV ғасырдың 20-жылдарының аяғында Ақ Орданың далалық аумағының үлкен бөлігінде XIV ғасырдың өзінде-ақ біріккен, Орда-Ежен мен Шайбани ұрпақтары билігіндегі халық (ұлыстар) пен жерде (жұрт) билеуші әулет алмасады: Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі шонжарлардың қиян-кескі күресінің нәтижесінде билік біріншісінің мұрагерлерінен екіншісінің мұрагерлеріне ауысады. Бұл күрестің пайда болуы мен етек алуына саяси және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген себептерге байланысты Ақ Орданың әлсіреуі мен құлдырауы себепші болды. Алғашқыларының арасындағы ең бастылары XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап жалғасып келе жатқан Алтын Орданың ыдырауы мен әмір Темірдің және Темір ұрпақтарының агрессиялық саясаты болатын. Екіншілерінің арасында Сырдариядағы қалалардың қолдан шығарылуы аса маңызды орын алды. Ортағасырлық авторлардың бірі Махмұд ибн Уәли Ақ Ордада Шайбани ұрпақтарының билік басына келу фактісін жалпы Алтын Орданың күйреуімен орынды байланыстырады: «Жәнібек хан (өмірінің) аяқталу мезгілінің ең шегі болған хижра бойынша 758 жылдың (біздің заманымыздағы 1356—1357 жж.) басынан Шайбани ұрпақ-

тары шығуының басы болған хижра бойынша 835 жылдың (біздің заманымыздағы 1431—1432 жж.) ортасына дейін Дешті Қыпшақ мемлекетінің тағы ақылды падишах пен жігерлі билеушісіз қалды, осы себепті дін мен мемлекет істерінің құрылысында жүгенсіздік пайда болды, сол аумақтағы қоғамды (байланыстырушы) арқау үзілді, сөйтіп бірлік жойылды»¹⁷⁹. Шайбани ұрпақтарының өздері Алтын Орда тағында билік еткен жоқ, ол жөнінде Махмұд ибн Уәли де былай дейді: «Сол күннен бастап (яғни Батый хан өзінің бауыры Шайбани ханға төрт омақ пен көшіп жүретін жер бөліп берген кезден бастап) Шайбани ханнан тараған барлық адамдар Батый хан ұрпақтарына бағынуға бекем бел буып, бағыну ғұрпын бұзу жөніндегі қылмысты тілек пен ниетті ойға да алмады»¹⁸⁰.

Ақ Орда хандарынан айырмашылығы — Шайбани ұрпақтары Орда тағы үшін жан аямай, өздерінің материалдық және адам ресурстарын ысырап еткен жоқ, олардың Темір мен оның мұрагерлерінің басқыншылық дәмелеріне тойтарыс беруіне де тура келмеді, өйткені Темір ұрпақтарын бұл ауданда көшіп жүретін даладан гөрі бірінші кезекте Сырдария аңғарындағы бекініс-қалалар қызықтырған еді. Осының бәрі Шайбани ұрпақтарына Орда-Ежен мен Тоқа-Темір әулетінен өрбіген хандарға қарама-қарсы Ақ Орда аумағында билік ету құқығын білдіру және Шығыс Дешті Қыпшақ пен кейініректе Түркістанның саяси картасын өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз етті. Ақ Орда аумағының далалық бөлігінде бастапқыда екі саяси бірлестік нығаяды. Олардың біріншісі — ертеректе Жайықта және оның батысына қарай Еділге дейін дерлік, ал солтүстік-шығыс жағында Тюмень бағытында оқшауланып шыққан Ноғай (Маңғыт) Ордасы. Ал Жайықтың шығыс жағында, Ырғыз, Елек, Торғай, Сарысу бойында, Тобыл мен Есілдің жоғарғы ағыстарында, әуелі 20-жылдарда көптеген Шайбани ұрпақтары: Сарысу, Жем аралығында, солтүстік Арал өңірі далаларында — Жұмадық хан; Тобыл мен Есілдің оң жақ саласы Атбасар аралығында — Махмұд-Қожа хан; Атбасардың сол жақ жағасы мен Есілде Мұстафа хан; Тара қаласы ауданында бүркіт тайпасының көсемдері және басқалар күшейеді. Сонан соң, оларға қарсы жиырма жылдай уақыт алған ұзақ күрестен кейін Шайбани ұрпағы Әбілқайыр хан күш алды¹⁸¹. Шайбани ұрпақтары Ақ Орданың өрлеуі кезеңінде өз иелігін сақтап қалып, онда Шайбани ұлысы шегінде жеке үлес болды. Жоғарыда оның аумағының ол Батыс және Орталық Қазақстанның бір бөлігі аумағын алып жатқаны және Сырдарияның төменгі ағысы мен солтүстік Арал өңіріне шыға алатыны айтылды. Махмұд ибн Уәли өз ұлысында билік еткен Шайбани ұрпақтарын атап келтіреді (Баһадүр, Жошы-Бұқа, Бадағұл оғлан, Минг-Темір, Пулад, Ибраһим, Дәулет-Шайх)¹⁸² және олардың бәрі «сол заманның хандарына», әуелі — Алтын Орданың билеушілеріне, содан соң оның құлдыраған кезеңінде Ақ Орда хандарына бағынды дейді. Ал XV ғасырдың бірінші ширегінде Ақ Орданы да бүліктер мен талас-тартыстар қамтып алған кезде Шайбани ұрпақтары Ақ Орданың билігінен шығып, тәуелсіз билік ете бастады. Дәулет-Шайх өлгеннен кейін билікті Суфи хан, содан соң оның ұлы Жұмадық хан (1425—1428 жж.) қолына алды. Ақ Орда ханы Барақ нақ сол кезде Сырдарияда мұраға қалған иеліктерін қайтарып алуға әрекет жасап жатқан еді, сондықтан далада Шайбани ұрпақтарына қарсы қимыл жасауға мүмкіндігі болмады.

Шайбани ұрпақтарының ұлысы мен Ақ Ордада бүлік шығып, тартыс жүрген кезде Ноғай Ордасының билеушілері өз иеліктерін Орталық Қазақстан мен Арал өңірі жағына қарай кеңейтуге, жергілікті көшпелі халықтың бір бөлігін

өз билігіне бағындыруға тырысты. Маңғыттардың көсемдері Әбілқайыр хандығындағы, соның ішінде Сырдариядағы оқиғаларға үнемі қосылып жүрді.

XV ғасырдың бірінші ширегінде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында тұтанған соғыстар мен талас-тартыстар Шайбани ұрпағы, Дәулет-Шайхтың баласы Әбілқайырды жоғары көтерді, Шайбани ұрпағы Жұмадық хан 1428 жылы маңғыт әмірлерімен және Жошы ұрпағы Қажы-Мұхаммедпен Жайтар-Жалқын сайында болған шайқаста қаза тапқаннан кейін Әбілқайыр хижра бойынша 833 жылы (1428—1429 жж.) Тура өңірінде (Батыс Сібір) хан деп жарияланды¹⁸³. Махмұд ибн Уәлидің мәліметтері бойынша, Әбілқайырды (17 жаста болатын) рулар мен тайпалардың 200-ге жуық ірі өкілдері қолдаған. Әбілқайыр хан Шайбани ұлысында билік басына тайпалардың едәуір бөлігінің — қыпшақ, найман, маңғыт, қарлұқ, қоңырат, қаңлы, ұйылын, күрлеуіт, кенегес және басқа тайпалардың билік етуші үстем таптарының қолдауымен келсе де, ол билеп-төстеген бүкіл қырық жыл ішінде (1428—1468 жж.) оның мемлекетінде талас-тартыс толастаған жоқ. Шығыс Дешті Қыпшақтың аумағы саяси жағынан бытыранқы болып қала берді. Шайбани тағынан басқа бір үміткер Махмұд-Қожа ханды (1430 жылғы Тобылдағы шайқаста), содан соң әмір Едігеннің немересі, маңғыт әмірі Уақас биді және басқа да қарсыластарын талқандап, Әбілқайыр хан Орда-Еженнің Ертіс пен Солтүстік-Батыс Балқаш өңіріне дейінгі бұрынғы ұлысының далалық аумақтарын өз иеліктеріне XV ғасырдағы 40-жылдардың ортасына қарай ғана қосып алды. Ақ Орда хандары ұрпақтарының билігі сақталып қалған Ақ Орда жерінің оңтүстік аудандарын — Сыр өңірін, Қаратау аудандарын бағындыру Әбілқайырдан мейлінше көп күшжігер мен уақытты талап етті, ал Сырдарияның төменгі ағысында, Солтүстік Арал өңірі даласында, Жем және Жайық өзендері аралығында, Қажы-Тархан ауданында дербес иеліктер — жоғарыда аталған Кіші-Мұхаммед ханның ұлдары Тоқа-Темір Ахмед хан мен Махмұд хан ұрпақтарының ұлыстары сақталып қалды. Генеалогиялық тармағы бойынша олар Ұрұс хан мен Барақ ханның ұрпақтарымен байланысты болатын.

Ұрұс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек және Керей сұлтандар 20-жылдарда Ақ Орданың Барақ ханның билігі мейлінше берік болған және одан кейінгі жиырма жыл ішінде Әбілқайыр хан ілгерлеп бара алмаған нақ сол оңтүстік бөлігін мекендейтін. Олар осы аумаққа Барақтың билігін мұраға алған еді және Ахмед хан мен Махмұд ханға олардың жерлерінен Әбілқайырдың дәмеленуіне қарсы күресінде одақтастар болатын.

Тоқа-Темір әулетіне қарсы жорыққа Әбілқайыр көп әскер жиды. Оның бұл жорыққа алып шыққан әскер басыларының тізімінде маңғыттардан, бүркіттерден, қияттардан, қоңыраттардан, қытайлардан, таңғұттардан, күшілерден, ұйғырлардан, дұрмандардан, шымбайлардан, үйсіндерден, өкіреш-наймандардан, кенегестерден шыққан әмірлер кездеседі¹⁸⁴. Әбілқайырдың төменгі Сырдария аймағына жорыққа шығуының басты себебі әулеттік күрес қана емес, сонымен қатар Сырдария мен Арал жағалауы төңірегінде қысқы жайылымдық алу қажеттілігі еді. Сырдарияның төменгі сағасына иелік көшпелі мемлекеттің қуатын арттыру үшін аса қажетті Түркістан қалаларына жол ашатын.

Шайқас 1431 ж. Екіретүп деген жерде болды. Мас'уд бен Усман Кухистанидің айтуы бойынша Тоқа-Темір әулеті тас-талқаны шығып жеңілген, «Махмұд хан мен Ахмед хан... Жоғарғы өкімет пен мемлекетке деген [барлық] пиғылдарын біржолата ұмытып, [одан әрі] соғысудан бас тартты, [Әбілқайыр]

әскерлерінен тырағайлап қашты»¹⁸⁵. Көптеген тұтқындар мен олжа қолға түсті («қисапсыз байлық пен толып жатқан мүліктің» арасынан автор «Жүйрік аттарды, тізілген түйелерді, көлік тартқан шағаладай шатырларды, қару-жарақты») санап шығады¹⁸⁶. Әбілқайыр Орда-Базарды басып алды (хандар сарайы осылай аталған). Бұл жерде «Сайын хан тағы» (яғни Бату ханның) болғаны айтылады. Осында Әбілқайырдың есіміне құтпа оқылып (мешіттер біреудің хандығын мойындау үшін оқылатын дұға), оның есімімен ақша соғылды. Мас'уд Кухистанида сөз Сарай («Сайын хан тағы» болған) туралы емес, Ахмед хан ұлысы болған, Арал теңізінен солтүстік-батыс бағыттағы қазақ даласының аумағындағы жер жайында¹⁸⁷.

Өзінің тарихшысы тәптіштеп жазған Әбілқайырдың келесі жеңісі 15 жыл өткен соң, 1446 ж. Атбасар маңында болған. Ол бұл жолы Мұстафа ханды тасталқан еткен.

Әбілқайырдың Екіретүптегі жеңісі түпкілікті болмай, осы уақыт ішінде Тоқа-Темір әулеті мен Барақ ханның мұрагерлері, сондай-ақ бірқатар Шайбани әулеті сұлтандары (мысалға, Ибақ хан, Береке сұлтан) оған бағынғылары келмеді. Махмұд бен Уәли 1431 жылғы жеңілістен кейін көп ұзамай-ақ Ахмед хан мен Махмұд ханның «мұра еткен таққа қайта отырғанын» жазады¹⁸⁸, яғни Үлкен Ордаға қарасты жерлерге — Астрахан хандығына, Жайық, Жем сағаларына, Солтүстік Арал жағалауларында билік құрған.

Бірақ батысқа, күйреуге ұшыраған Алтын Ордаға апаратын жолдар Әбілқайыр ханды онша қызықтыра қойған жоқ. Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының өзінің бұрынғы орталықтарымен байланысы барған сайын әлсірей түсті. Әбілқайырдың көңілі оңтүстік пен оңтүстік-шығысқа (Жетісуға) ауды, оны әсіресе Мауараннахр қызықтыра түсті.

Далалық аудандарда билігін нығайтып алған Әбілқайыр өзін қолдаған көшпелі феодал ақсүйектердің көңілдерінен шығу үшін, жаңа жерлер басып алып, бағындыру мақсатымен оңтүстік аймақтар мен елдерге әскери жорықтарға шыға бастады. Ол 1430 ж. қысқа мерзімге Хорезмді басып алды, Үргенішті тонады. 1446 ж. Ұлықбектің өзінде бұрын болмаған әдет танытып, тақ мұрасы істеріне байланысты Мауараннахрдың оңтүстігі мен Хорасанға кеткенін білген Әбілқайыр жазғы көші-қонысын (яйлақ) қоя тұрып, Самарқанд пен Бұхараға тап берді¹⁸⁹, олардың төңірегіндегі жерлерді тонап, бұған қоса Ортаңғы Сырдарияның бірқатар қалаларын басып алды. Сығанақ өз еркімен берілді: «Сығанақ [қаласының] әкімі [Әбілқайыр] ханның қаптаған қалың әскерлерін көрді, оған бас иіп, мойындап, хақанның әмірлері мен сұлтандарына қаланы тапсырды, бейне бір Сатурн сияқты Аққорған да, Аркөк те, Созақ та, Үзгент те жаулап алушылардың алдында бас иді»¹⁹⁰.

Деректемеде бұл қалалардың кімнен тартып алынғаны туралы ештеңе айтпайды. Оның бір бөлігін өз дұшпандары Ақ Орда хандары ұрпақтарынан, екіншісін Темір әулеті мирасқорларынан алуы мүмкін. Әбілқайыр хан өзінен бұрынғы Барақ хан сияқты, Ақ Орданың экономикалық жағынан анағұрлым қуатты оңтүстік аудандарын өз қол астына кіргізудің маңызын жақсы түсінді. Ол үшін Сырдария қалалары, бұрынғы Ақ Ордадағы сияқты, бірігудің, мемлекеттің далалық аймақтарын өз билігінде ұстаудың факторы бола алатын еді. Қазақстанның далалық көшпелі аудандар тұрғындары үнемі ұмтылып келген кәсіпшілік пен сауда орталықтары саналатын Сырдария қалаларын алу Әбілқайыр хандығын нығайтуға айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз болатын.

Әбілқайыр Дешті Қыпшақтағы өз жақтастарының қыруар күшіне, далаға жиырма жыл бойы үстемдігін жүргізген өз қуатына сүйенгендіктен де Сырдария қалаларын тез басып алды. Бұл жерде Мауараннахр билеушілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ иелерімен арадағы ұзаққа созылған тынымсыз қақтығыстардың бар зардабын тартумен келе жатқан бұл қалалардағы билеуші тап бір жағынан екінші жағына тайқып шығып, бақталастар арасында бұлталақтап үйренгендерін, соның арқасында өз қалаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырғандарын да айта кету қажет.

Қалалар әмірлер мен сұлтандардың басқаруына берілді: Созақ өзіне қарасты барлық жерлерімен Бақтияр сұлтанның (ол 1451 ж. қалмақтарға қарсы шайқаста қаза тапқан соң, Созақ оның ұлы Әлеке сұлтанның билігіне көшті), Сығанақ — Мане оғлан табғұттың, ал Үзгент — Уақас би маңғыттың қол астында болды¹⁹¹. Отырар, Ясы, Сауран мен Сайрам Ұлықбек мирасқорларының, кейін басқа Темір әулетінің (Абдаллахтың, Әбу-Са'идтың) қарамағында қалды. Сығанақ Әбілқайыр ханның астанасына айналды.

Әбілқайырдың Сырдария бойындағы аймақтарға бет бұруы өзара ағайындас Шайбани ұлысы мен Орда ұлысы тайпаларының арасындағы қырғи қабақ қатынастарды бұрынғыдан бетер шиеленістіре түсті. Өйткені Әбілқайырдың қалалар мен оның төңірегіндегі алқаптарды алуы Жәнібек пен Керейдің және оған тәуелді, Сырдария бойы мен Қаратау өңірінде көшіп-қонып жүрген қазақтардың мүдделеріне қайшы келді. Бұл олардың арасындағы күрестің қайта жанданып, қазақ сұлтандары мен оларға қарасты рулар мен тайпалардың көшіп кетуіне әкеліп соқтырған аса маңызды себеп болды.

Әбілқайыр бұдан кейінгі уақытта Мауараннахрға өз адамын отырғызу үшін Темір әулеті арасындағы әулеттік қырқыстарға белсене араласты. Ол Орта Азия билеушілеріне әскери түрде де (Хорезмге жорықтар, 1446 ж. Түркістан қалаларын басып алу, 1451 ж. Самарқандқа жорық), жауласып жүрген Темір әулетінің біреуін қолдау жолымен де бірнеше әрекет жасап көрді. Әбілқайыр экспансиясының табысты болуына оның жергілікті феодалдармен келісімге келуі қолайлы жағдай тудырды, ол Темір ұрпақтарының бірі Әбу-Са'идтың 1451 ж. Самарқандта өкімет билігін өз қолына алуына көмектесті¹⁹².

1456—57 жылдары Сығанақ түбінде қалмақтардан күйрей жеңілген Әбілқайыр Түркістанның талан-таражға түскен қалаларын тастап шығып, «кейін өзін-өзі ұзақ жұбатып, жаугершіліктен әбден титықтап қалған даладағы істерін тәртіпке келтірумен айналысқан»¹⁹³ Дешті Қыпшаққа кетуге мәжбүр болды. Тек 60-жылдардың басында ғана Әбілқайырдың Сырдария бойына қарай қайта қозғалып, мұнда бұрын өзі жаулап алған қалаларға енуіне мүмкіндік туды.

Әбілқайырдың қалмақтардан жеңілуінің басты себебі оның мемлекетінің ішкі әлсіздігінде жатыр еді. Шыңғыс әулеті арасындағы толассыз қырқыстар мен алауыздықтар, рулар мен тайпалардың көшпелі ақсүйектерінің окшаулыққа ұмтылуы (сепаратизмі), феодалдық жоғары топтар мен қатардағы көшпелі және жартылай көшпелі бұқара арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі, ішкі және сыртқы соғыстар мемлекеттің шаңырағын шайқалтып, күйреу дәрежесіне жеткізген еді. 1468 ж. Жетісу жорығы кезінде Әбілқайыр қаза тапты. Қазақ хандығының құрылып, нығаюына байланысты Шайбани әулетінің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі тоқтады.

Өзі Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған 40 жыл ішінде Әбілқайыр хандығының мемлекеттік аумағы бірнеше рет өзгеріске түсіп, оның билік құру

кезеңінің аяғына қарай Батыс Сібірдің оңтүстік шептерінен өзі Сығанақ, Үзгент, Аққорған, Созақ қалаларын қолында ұстаған Сырдария жағалаулары мен Қаратау бөктерлеріне дейінгі және Жайықтан Ертіс пен Балқаш жағалауының Солтүстік бөлігіне дейінгі, яғни көшпелі өзбектер мен қазақтардың этникалық аумағындағы ұлан-байтақ жерлерді алып жатты. Бұл мемлекеттің астанасы соңғы жиырма жыл бойы Сығанақ болды, ал одан бұрын Тура (Чимги-Тура) қаласы, кейінірек Орда-Базар болатын.

Ал Әбілқайыр хан құрған мемлекеттің атауына келетін болсақ, деректемелерде ол әдетте дәстүр бойынша «Өзбек ұлысы», сондай-ақ «Шайбани ұлысы», «Әбілқайыр ұлысы» деп аталған. «Ұлыс» атауы деректемелерде ел атауымен, «ел және Әбілқайыр хан ұлысы» деген түрде жеке адам есімімен бірге аталады немесе «ел және өзбек ұлысы» деген түрде тәуелді халықтың этноса-яси жалпы атауы ретінде айтылады. Бұл соңғы ат сонымен қатар географиялық «дийар» — ел (Дийар-и өзбек) ұғымымен қоса қолданылады. Тарихи әдебиетте Әбілқайыр мемлекетін «Өзбек хандығы», «Көшпелі өзбектер мемлекеті», «Әбілқайыр хандығы» деп атайды. Соңғы атау неғұрлым бейтараптау көрінеді, өйткені Орта Азиядағы өзбек халқының болашақ компоненті ретінде хандық аумағында тек көшпелі өзбектер ғана өмір сүрген жоқ, солармен қатар көп нәрседен хабардар XVI ғасыр авторы Рузбихан Исфханидің жазбаларына қарағанда негізінен қазақтар, маңғыттар тұрған¹⁹⁴. Осы аумақты мекен етіп, Әбілқайыр мемлекетінің құрамына кірген аса үлкен этникалық топтардың бірінің атауымен оны Қыпшақ хандығы деп атауға да толық негіз бар.

7. XIII—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ НОҒАЙ ОРДАСЫ, СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ БАТЫС СІБІР

Ноғай Ордасы. Алтын Орданың ыдырауы және Ақ Орданың әлсіреуі барысында Қазақстан аумағында пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі Ноғай Ордасы болды.

Ноғай Ордасы XIII ғасырдың екінші жартысында бөлектене бастады. Бұл процесс XIV ғасырда әмір Едіге тұсында жалғасып, оның баласы Нұр ад-диннің (1426-1440) кезінде аяқталды. Ноғай Ордасындағы үстем тайпа маңғыттар болды. «Ноғай», «ноғайлықтар», «Ноғай Ордасы» деген терминдер әдебиетте алғаш рет тек XVI ғасырдың басында ғана пайда болды, ноғайлар өздерін маңғыт деп, ал өз ұлысын «Маңғыт жұрты» деп атаған. Оларды көрші халықтар осы атпен білген.

Тарихшылар Б.-А.Б. Кочекаев, И. Х. Калмыков және басқалары ноғайлардың монғол-қыпшақтардан тарағандығы туралы белгілі зерттеушілердің пікірлерін келтіреді; олардың көпшілігі (С. Е. Малов, Р. Г. Кузеев және басқалары) Ноғай Ордасы негізгі тұрғындарының шығу тегін Жошы руынан шыққан Алтын Орда түмені, XIII ғасырда Ноғай әскерінің құрамына кірген тайпалармен байланыстырады¹⁹⁵.

Ноғай Ордасының негізгі аумағы Еділ мен Жайықтың арасындағы далада, оның орталығы Еділдің төменгі бойында немесе Сарайшық (Жайық) ауданында болатын. Шығысында ноғайлар Жайықтың сол жағалауы бойында көшіп жүрді, олардың көшіп жүретін жерлері солтүстік-шығысында Батыс-Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батысында Қазанға дейін, оңтүстік-батысында Арал өңірі мен Каспий өңірінің солтүстігіне дейін жететін, ал кейде олар Маңғыстау мен Хорезмге барып жүретін¹⁹⁶.

XV ғасырдың ортасында ноғайлар (маңғыттар) кей кезде Сырдарияның орта ағысына дейін жетіп, Сырдариядағы бекініс-қалаларды жаулап алды. 1446 жылы, мысалы, маңғыт Уақас би Үзкент қаласына билік етті¹⁹⁷.

Шын мәнінде Ноғай (Маңғыт) Ордасының негізін қалаған Едіге болып саналады. Ол туралы өмірбаяндық мәліметтер көптеген шығыс авторларында: Му'ин ад-дин Натанзиде, Абд ар-Раззақ Самарқандиде, Ибн Арабшахта, Әбілғазыда, Қадырәлі Жалаириде кездеседі. XIV ғасырдың аяғында саяси аренаға шығып, Алтын Орданың белгілі уақытша билеушісі болып алған Едіге 15 жыл бойына (1396-1411) шын мәнінде Алтын Ордадағы бүкіл билікті өз қолында ұстады¹⁹⁸. Ол басқарған «Маңғыт жұрты» Алтын Ордадан бөлектенген елеулі феодалдық иеліктердің бірі болды. Клавихоның айтуына қарағанда «Едіге өз Ордасында екі жүз мыңнан астам атты әскерді ұдайы ұстаған»¹⁹⁹. Өз қолымен қойған хандар арқылы Алтын Орданы басқара отырып, «беклар-бегі» немесе «ұлы өмір» (әмир әл-умара) атағы бар Едігенің билігі зор болған және көрші ұлыстардың өміріне зор ықпал еткен. Ибн Арабшах оның жиырма шақты баласы болғанын, олардың әрқайсысы «билікке ие патша, [өзінің] ерекше үлесі, әскері мен жақтастары» болғанын айтады²⁰⁰.

Ноғай Ордасында бүкіл саяси билік пен экономикалық өмір шын мәнінде Едіге ұрпағы маңғыт әмірлерінің қолында болды және оны рудағы жасы үлкендігіне қарай мұраға қалдырып отырды. Алтын Ордадан бөлектенген бірқатар иеліктердің аумақтарында Шыңғыс ұрпақтарынан қайсыбір адамды хан көтеру Едіге ұрпақтарының келісімінсіз жарамсыз деп танылатын дәстүр болған²⁰¹. Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси өмірінде XV ғасырда Едігенің ұрпақтары Уақас би, Мұса мырза, Жаңбыршы және басқалар зор рөл атқарды.

Ноғай Ордасының құрамына маңғыттармен бірге қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенгерес, қарлұқ, алаш, тама және басқа рулар енді. Олардың басшылары арасында билік пен көшіп-қонатын жер үшін үнемі күрес жүріп жатты. Алтын Орданың қираған тамтығынан құрылған басқа бірлестіктер сияқты, Ноғай Ордасы да этникалық құрылым емес, көбіне саяси құрылым болды. Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазақ халқы қалыптасуының күрделі этникалық процесіне тікелей қатысты.

Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының жақын туыскандығы туралы Ш. Ш. Уәлиханов айтқан болатын. Ол алғашқы қазақ ханы Жәнібек тұсында достық қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан орда» деп атаған²⁰². Мұндай қатынастар кейін де, мәселен, деректемелерде «қазақтар мен ноғайлардың ханы»²⁰³ аталатын Хакназар хан тұсында XVI ғасырдың ортасында да сақталды. Қазақ аңыздарында осы уақыт туралы естеліктер сақталған. Бірақ одақтық қатынастар әрқашан сақтала бермеді.

XVI ғасырда Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен сауда-экономикалық және саяси байланыстары бірте-бірте қалыптаса бастады. XVI ғасырдың екінші жартысында Қазан және Астрахан хандықтары Ресейге қосылғаннан кейін Ноғай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге ыдырап кетті, оның ыдырау процесінде халықтың бір бөлігі Кіші жүз құрамына енді.

XIII–XV ғасырлардағы Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір. Саны көп түрік тайпалары ежелден Сібірдің ұлан-байтақ жерін мекендеген. Батыс Сібір аудандарының халқы Солтүстік, Орталық, ішінара Шығыс Қазақстан халқымен тұрақты қатынас жасап отырды. XIII ғасыр шегінде Шыңғыс-ханның өрлеуі мен жорықтарына байланысты көптеген тайпалар Батыс Сібір аумағы-

يوسف خان اولادى سىم قان تونى يىگىل اوتى بولغاچقا سىم قان خان قان خان
انگالدى خان بولسا تونى سىم قان خان اولادى بولغاچقا يوزنى سلطان بولغان قان
بۇ جۇمھۇر بىكلىك اوتوندا سلطان ايلىنى سلطان ادوانا خان بولغاچقا تونى
توتقان يوزنى سلطان سىم قان خان بىكلىك نىمىلىك تام يوزنى معلوم شور
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل اوتونى بولغانىلار

ستان اوراز خان سىم قان خان اولادى سلطان
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى
بۇ جۇمھۇر بولغاچقا تونى يىگىل خان بىكلىك خان سىم قان خان تونى يوزنى

Қадырәли Жалаиридің «Жами' ат-таварих» атты қолжазбасының фрагменті.
XVIII ғасырдың басы.

нан пана тапты. Олар Ертіс пен Обьтің орта бойындағы жайылымы мол жерлерге отырықшыланды²⁰⁴. Бұдан кейінгі кезде де неғұрлым ұсақ тайпалық топтардың келуі мен ауысуы тоқталған емес, олардың бір бөлігі жергілікті халықпен араласып кетті.

Батыс Сібір тайпаларымен көрші болып, оларға елеулі ықпал еткен қазақ тайпаларының негізгі ұйытқысы қыпшақтар еді²⁰⁵. Торғай, Есіл далаларының, Ертіс бойының қыпшақтары: құлан-қыпшақ, қытай-қыпшақ, сағал-қыпшақ, торайғыр-қыпшақ және маджар (мадьяр)-қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді. Тобылдан Ұлытау мен Сырдарияға дейінгі аумақта басқа тайпалардың едәуір бөлігі, олардың ішінде наймандар, керейіттер, меркіттер мен онғұттар ірге тепті.

Батыс Сібірде ең ірі этникалық-саяси құрылымдардың бірі Орта Ертіс, Тобыл, Есіл мен Тура аумағындағы түркі тілді тайпалардың бірлестігі болды да, онда керейіттер басты рөл атқарды. Бұл бірлестіктің туу кезеңін халық аңыздары және «Сібір шежіресінің» авторлары XIII ғасырға жатқызады. Бірлестіктің негізін қалаған және жергілікті әулетті құрушы Тайбұға болған. Оның шыққан тегі туралы «Сібір шежірелерінде» бірауызды пікір жоқ, бірақ олардың бәрі оның Тура өзеніне қазақ даласынан келгені туралы, оның Батыс Сібір жерін иеленгені және оның Чинги-Тура немесе Чимги-Тура қаласын (Тюмень қаласын) салғаны туралы хабарлайды. Сібірді алғашқы зерттеушілердің бірі Г. Ф. Миллер Тайбұғаның ұрпақтары оның өзі сияқты сол жерлерді иеленгенін, ал Тайбұға тұқымынан соңғы билеуші Сейтақ (Сейид-Ахмед) болғанын атап өтеді²⁰⁶.

Монғол шапқыншылығынан кейін Батыс Сібір аумағы Жошы ұлысының құрамына енді және шайбанилердің батыс тармағының жері деп аталса да, басқару тізгіні жергілікті тайбұғалық түрік әулетінің қолында қалдырылды, ал оның өкілдері Шыңғыс ұрпағы болмағандықтан, ресми түрде хан атала алмайтын еді.

Алтын Ордада болып жатқанның бәрі Батыс Сібірдің жағдайына тікелей әсер ететін. Алтын Ордадағы бүкіл билікті қолына алған Едігеден 1398 жылы жеңілгеннен кейін Тоқтамыс Батыс Сібірге қашты. Ол тайбұғалықтар арасынан қолдау тауып, осында үлес алды. «Жами ат-таварихтың» авторы Обь, Том және Шолым өзендері аралығында орналасқан Тоқтамыс жұрты туралы хабарлайды²⁰⁷, ал шежірелердің бірінде Тюменьге жақын «Сібір жерінде» Тоқтамыстың қаза тапқаны айтылады²⁰⁸. Тоқтамыс өлген соң тайбұғалықтар формальды түрде болса да, Едігенің билігін тағы да мойындады. Едігеден кейін Жошы ұлысының шығыс иеліктерінде Шайбани әулеті өкілдерінің арасында билік үшін өзара қырқысқан күрес өрістеді, оған Ақ Орда хандары да араласты. Шығыс Дешті Қыпшақтан Ақ Орда ханы Барак тықсырып шыққан Шайбани ұрпағы Махмұд-Қожа батыс Сібірге қашып барып, онда XV ғасырдың 20-жылдарының басында маңғыттардың (ноғайлардың) қолдауымен хан болып жарияланды. Бұл жөнінде Қадырәлі Жалаири былай деп жазды: «Мансұр мырза (Едігенің баласы) Махмұд-Қожаны хан көтерді. Олардың бірі хан, екіншісі би болды»²⁰⁹. Хандықтың астанасы Қызыл-Тура болды²¹⁰. Тура ауданы феодалдар Адаб бек бүркіт пен маңғыт Кепек биге бағынды.

1428 жылы Әбілқайыр хан Тураға жорыққа аттанды. Адаб бек пен Кепек би қаланы Әбілқайырдың қолына берді²¹¹. Келесі 1430 жылы Әбілқайыр хан Махмұд-Қожа ханға қарсы шықты. Шайқас Тобыл жағасында болды да,

Махмұд-Қожа хан тұтқынға алынып, өлтірілді²¹². Әбілқайырдың туы астына біріккен көптеген тайпалардың өкілдері шайқасқа қатысты. Махмұд-Қожа ханды жеңуге сіңірген қызметі үшін Чимги-Тура уәлаяты мен басқа да жерлердің даруғасы қызметіне: наймандардан - Сопы бек, ұйғырлардан Қожа-Лақ баһадүр, күрлеуіттерден Жұмадық баһадүр және басқалары тағайындалды. Махмұд-Қожа ханның ұлысы Әбілқайырдың иелігіне қосылды.

Әбілқайыр хан өлген соң, 1468 жылы Батыс Сібір аумағының көп бөлігі Әбілқайыр әулетінің бақталасы Шайбани ұрпағы Ибақ ханға көшті. Ибақтың Батыс Сібірге келген уақыты туралы орыс жылнамаларында мәлімет жоқ, алайда, бұл XV ғасырдың 60-жылдары шебінде болған деп топшылауға болады. Ибақтың аты 60-жылдардың аяғы — 70-жылдардың басында Әбілқайыр мемлекетінің ыдырау кезеңіндегі Шығыс Дешті Қыпшақтағы оқиғаларды көрсететін деректемелерде жиі кездеседі. Ноғай мырзалары (әмірлері), Едігенің шөберелері Мұса және Ямғұршымен бірге Ибақ Әбілқайырдың мирасқоры Шайх-Хайдарға қарсы Жәнібек және Керей хандармен одақ жасасты. Шайх-Хайдарды өлтіріп, Ибақ Астраханға тығылған Мұхаммед Шайбаниді қоршады. Ол қамалдан қашып шықты. Көп ұзамай Мұхаммед Шайбани сол кезде жасақтары жорыққа кетіп қалған Ибақтың ордасына шабуыл жасап, оны тонады²¹³.

Далада Жәнібек пен Керейдің билігі нығайған соң, Ибақ Дешті Қыпшактан кетуге мәжбүр болды. Батыс Сібірде ноғай мырзаларының көмегімен Ибақ өз билігін сақтап қалды. Беделді тайбұғалық Мараның қызына үйленген Ибақ тайбұғалық билеушілермен туыс болды. Көп кешікпей ол тайбұғалықтарды биліктен шеттетіп, Чимги-Тура және Тобыл мен Ертіске жапсарлас жатқан аудандарды жеке-дара басқара бастады²¹⁴.

Ибақтың иелігі болып аталған Сібір хандығының негізгі ұйытқысы әуел баста Батыс Сібірдің негізгі түркі тілдес халқы тұрған Ертістің орта ағысы мен Тара, Тобыл және Тура өзендерінің бойындағы жерлер болды²¹⁵. Біртіндеп хандықтың шекарасы біршама кеңейіп, оған Тобыл өңірінің далалық аудандары енді.

Ибақ тұсында Батыс Сібірдің Орыс мемлекетімен байланысы орнатылды. Екі рет, 1481 және 1483 жылдары Ибақ III Иванға достық пен одақ құру туралы шарт жасасуды, сауда қатынастарын орнатуды ұсынған елшілік жіберіп, оған келісім алды²¹⁶. Алайда Ибақ ханның билік етуіне наразы жергілікті феодалдар тобы Мараның немересі, тайбұғалық Мұхаммедтің басшылығымен едәуір күш жинап, 1495 жылы күтпеген жерден Чимги-Тураға шабуыл жасап, Ибақ ханды өлтірді. Батыс Сібірдің билеушісі болып Мараның немересі, тайбұғалық Мұхаммед жарияланды. Мұхаммед өлген соң, басқару тізгіні тайбұғалықтардың қолында қалды²¹⁷.

XIV—XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшак пен Жетісудағы жергілікті халық мемлекеттілігінің дамуы Қазақстанның оңтүстігінде шаруашылықты, қалалар мен егіншілікті бірте-бірте қалпына келтіру негізінде, белгілі бір дәрежеде қоғамдық қатынастарды өрістетуге жағдайларында, Қазақстанның кеңбайтақ аумағында бес ғасырдан астам уақыт бойы Шыңғыс әулетінің қол астында болғанына қарамастан жергілікті этникалық негізде жүргізілді. Бірақ көптеген әр түрлі этносаяси ұйымдардың, тайпалар мен халықтардың басын қосқан монғол ұлыстарынан бір айырмашылығы, бұл ғасырда неғұрлым айқын этникалық түбірге, қалыптасқан халыққа негізделген мемлекеттілік пайда болды. Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хан-

дығы мемлекеттерінің құрылуы жергілікті халықтың, түптеп келгенде — казак халқының, солармен қатар, осы мемлекеттер аумақтарында немесе оның бір бөлігінде қалыптасқан басқа халықтардың да мемлекеттік даму жолындағы маңызды саты болып табылады. Ол аймақтағы этникалық жағынан бір текті феодалдық мемлекеттердің бұдан соңғы генезисі үшін, казак, ноғай, қырғыз, аздаған өзбек, ұйғыр, сібір татарлары халықтары этникалық қауымдастықтарының неғұрлым толық шоғырлануы үшін жағдай жасауға көмегін тигізді.

¹Васильев Л. С. История Востока. Т. I, М., 1994, 297, 381-б.

²ПСРЛ, т. XV. Летописный сборник, именуемый Тверской летописью. СПб., 1863, вып. I, 69-б.; Греков И. Б. Восточная Европа и упадок Золотой Орды (на рубеже XIV—XV вв.). М., 1975, 49—51-б.

³Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. II. Перевод с персидского Ю. П. Верховского. М.-Л., 1960, 66-б.

⁴Абрамзон С. М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., 1971; Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 172—176-б.; Кузеев Р. Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. М., 1974; Шаниязов К. Ш. К этнической истории узбекского народа. Историко-этнографическое исследование на материалах Кыпчакского компонента. Ташкент, 1974; Калмыков И. Х., Керейтов Р. Х., Сикалиев А. И. Ногайцы. Черкесск, 1988, 11—19-б.; Гумилев Л. Н. Древняя Русь и Великая степь. М., 1992, 454-б.

⁵Ахмедов Б. А. Улугбек и его исторический труд «Та'рих-и арба'улус» // Из истории науки эпохи Улугбека. Ташкент, 1979, 35-б.

⁶Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой. М., 1976, 141-б.

⁷Трофимов М. И. Хронологическая таблица мусульманских династий. Ташкент, 1897; Лэн-Пуль Стэнли. Мусульманские династии. СПб., 1899; Босворт К. Э. Мусульманские династии. М., 1971.

⁸ПСРЛ, т. IV, 82—83-б.; т. XI, 27, 173-б.

⁹Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. II, 67-б.

¹⁰Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузеном и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. М.-Л., 1941 (далее: СМИЗО, т. II), 129-б.

¹¹СМИЗО. Т. II, 130-б.; Греков Б. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение, 305-315-б.

¹²Стэнли Лэн-Пульдің деректері мен ақша материалдары бойынша осылай. «Ескендірдің анонимі» бойынша бұл жылдары Ерзен хан билеген, ал Мүбәрак-Қожа хан хижра бойынша 745 жылдан кейін (б. з. 1344—1354 жж.) алты ай ғана билеген. Қараңыз: Греков Б. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение, 310—315-б.

¹³Савельев П. С. Монеты джучидов, джагатаидов, джалаиридов и другие, обращавшиеся к Золотой орде в эпоху Тохтамыша. Вып. 2. СПб., 1858, 227—229-б.

¹⁴Қадыр-Али Джалаири. Джамии'ат-таварих. Рук. Научной библиотеки Казанского гос. университета № 5028, л. 61а; Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 151—152-б.

¹⁵Қадыр-Али Джалаири. Джамии'ат-таварих. Л. 63а; Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992, 199-б.

¹⁶Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды. Саранск, 1960, 130-б.

¹⁷Трепавлов В. В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. М., 1993, 99-б.

¹⁸Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. М., 1957, 73-б.

¹⁹Книга Марко Поло. Алма-Ата, 1990, 206—217-б.

²⁰Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. II, 78-б.

- ²¹Бұл да сонда, 66–68-б.
- ²²СМИЗО, т. II, 84-б.
- ²³Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись..., 192-б.
- ²⁴Қараңыз: Осы басылымның IV тарауы.
- ²⁵Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись..., 193-б.
- ²⁶Наджип Э. Н. «Хосрау и Ширин» Кутба и его язык // Тюркологический сборник. М., 1966, 81, 82-б.; Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 141–142-б.
- ²⁷Стэнли Лэн-Пуль. Мусульманские династии. Мына кіт.: Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Стэнли Лэн-Пуль. Мусульманские династии. Иакинф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Москва – Ташкент – Бишкек. 1996, 452-б.
- ²⁸СМИЗО. Т. II, 196, 256-б.; История Узбекистана. Т. II, Ташкент, 1993, 38-б.
- ²⁹Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. II, 86–87, 105-б.
- ³⁰СМИЗО, т. II, 127-б., перс. текст, 232–233-б.
- ³¹Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись..., 194-б.
- ³²Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 106-б. (прим. 195), 139-б.; Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. I. М., 1973, 112-б.; Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Летопись..., 194-б.
- ³³СМИЗО. Т. II, 130-б., перс. текст, 235-б.
- ³⁴Бұл да сонда, 132-б., перс. текст, 236-б.
- ³⁵Бұл да сонда, 133-б.
- ³⁶Бұл да сонда, 41-б.
- ³⁷Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись..., 193–194-б.; Султанов Т. И. «Му'изз ал-ансаб» и чингизиды «Кижэ» // Восток, М., 1994, № 6, 83-б.
- ³⁸СМИЗО, т. II, 211, 215-б.
- ³⁹Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков (в изд. 1996 г.), 99-б.
- ⁴⁰Бұл да сонда.
- ⁴¹Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. Алма-Ата, 1969 (далее: МИКХ), 347-б.
- ⁴²Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. В изд. 1996, 104-б.
- ⁴³МИКХ, 551-б., прим. 81; Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан. Сочинения, т. VIII. М., 1973, 192-б.
- ⁴⁴Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI–XVIII вв. Алма-Ата, 1983, 122–123-б.; Бартольд В. В. Отчет о командировке в Туркестан, 167–168-б.
- ⁴⁵Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая..., 126, 130–131-б.
- ⁴⁶Березин И. Я. Ярлык хана Золотой Орды к польскому королю Ягайлу. Казань, 1850, 61-б.; Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 118–119-б.; Егоров В. Л. Государственное и административное устройство Золотой Орды // Вопросы истории, 1972, № 2, 35-б.
- ⁴⁷Греков Б. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение; Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Соч., т. II, ч. I. М., 1963, 70-б.; Соныкі. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Соч., т. V. М., 1968, 138–139-б.
- ⁴⁸Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды, 158-б.
- ⁴⁹Федоров-Давыдов Г. А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. М., 1966, 242-б.; Соныкі. Аноним Искандера и термины «Ак-Орда» и «Кок-Орда» // История, археология и этнография Средней Азии. К 60-летию со дня рождения С. П. Толстова. М., 1968; Соныкі. Общественный строй Золотой Орды, 141–144-б.
- ⁵⁰Егоров В. Л. Историческая география Золотой Орды XIII–XV вв. М., 1985, 160–161-б.; Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая..., 126–127-б.; Султанов Т. И. К вопросу о терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Йуз-Орда // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. М., 1970, 94–96-б.; Соныкі. О терми-

- нах Ак-Орда, Кок-Орда и Йуз-Орда // Известия АН КазССР, 1972, № 3; *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись..., 189–197-б.
- ⁵¹*Трепавлов В. В.* Государственный строй Монгольской империи XIII в., 86–94-б.
- ⁵²*Кузембайулы А., Абилев Е.* История Казахстана. Алматы, 1996.
- ⁵³*Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды, 144-б.
- ⁵⁴*Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись..., 195-б.; *Петров К. И.* Киргизско-кыпчакские отношения. К вопросу об этногенезе и переселении киргизов // Известия АН КиргССР. Серия обществ. наук. Т. 3, вып. 2, Фрунзе, 1961, 94, 102-б.; *К. А. Пищулина.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI в. (Вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата, 1977, 231-б.
- ⁵⁵*Трепавлов В. В.* Государственный строй Монгольской империи, 92-б.
- ⁵⁶*Бұл да сонда*, 93-б., прим. 118.
- ⁵⁷*Кононов А. Н.* Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сборник, 1975. М., 1978, 160, 170–173-б.
- ⁵⁸*Юдин В. П.* Орды..., 124, 125-б.
- ⁵⁹*Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды..., 160-б.
- ⁶⁰*Трепавлов В. В.* Государственный строй, 87-б.
- ⁶¹*Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. II, 66-б.
- ⁶²*Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды, 60, 161-б.
- ⁶³*Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. II, 78-б.
- ⁶⁴*Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись..., 198–212-б.
- ⁶⁵*Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды, 105, 142-б.
- ⁶⁶*Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат.* Та'рих-и Рашиди. Рук. ИВ АН РУз. № 1430, л. ба; *Акимушкин О. Ф.* Хронология правителей восточной части Чагатайского улуса // Восточный Туркестан и Средняя Азия. М., 1984, 156–157-б.; *Мирза Мухаммад Хайдар.* Та'рих-и Рашиди. Перевод с персидского А. Урунбаева, Р. П. Джалиловой, Л. М. Епифановой. Ташкент. 1996, 26-б.
- ⁶⁷*Рашид ад-дин Фазлаллах Хамаданидің «Жами ат-таварих» («Шежірелер жинағы») деген шығармасы 1310 ж. шамасында жазылып біткен. 1813–1844 гг. – Соч. М., 1966, 4-т., 62-б..*
- ⁶⁸*Бартольд В. В.* Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг. Соч., т. IV, М., 1968, 62-б.
- ⁶⁹*Та'рих-и Рашиди, л. 5а, 5б; Махмуд ибн Вали.* Захр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар. Рук. ИВ АН РУз, № 1385, л. 173а.
- ⁷⁰*Та'рих-и Рашиди, л. 11б; Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья. – Соч., т. II, ч. 1. М., 1963, 79–80-б.
- ⁷¹*Барскөл – Шығыс Түркістандағы Хами қаласынан солтүстікке қарай және Турфаннан «15 күншілік керуен жолындай» шығысқа таман жатқан Барскөл көлі (Та'рих-и Рашиди, л. 237а).*
- ⁷²*Та'рих-и Рашиди, л. 237а; Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV–начале XVI вв., 12-15-б. Осы басылым мәтіндегі «Моғолстан» атауы И. Ю. Крачковский мен А. А. Ромаскевичтің ортағасырлық араб, парсы және түрік тілдеріндегі шығармаларын орыс тіліне аудару үшін қабылдаған транскрипция – транслитерациясының ережелеріне сәйкес алынды. МИКХ, 6-б.
- ⁷³*Та'рих-и Рашиди, л. 237б.*
- ⁷⁴*Бартольд В. В.* История турецко-монгольских народов. Соч., т. V, М., 1968, 212-б.
- ⁷⁵*Бұл да сонда. Бартольд В. В.* Улугбек и его время. Соч., т. II, ч. 2. М., 1964, 35-б.
- ⁷⁶*Абрамзон С. М.* Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., 1971, 26–52-б.; *Востров В. В., Муканов М. С.* Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX вв.). Алма-Ата, 1968, 29, 56–60, 67–72-б.; *Юдин В. П.* О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1965, вып. 3, 59-б.
- ⁷⁷*Та'рих-и Рашиди, л. 6а–9б.*

⁷⁸*Бартольд В. В.* Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью, 80-б., Махмуд ибн Уэли Тоғлық-Темір хан Алмалыкта өлді деп хабарлайды (Бахр ал-асрар, л. 176а). *Пантусов Н.* Город Алмалык и мазар Туглук-Тимур-хана // Кауфманский сборник. М., 1910, 162–188-б.

⁷⁹Та'рих-и Рашиди, л. 7а, 22б, 34б.

⁸⁰*Гафуров Б. Г.* Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. М. 1972, 345-б.

⁸¹Та'рих-и Рашиди, л. 2б, 5б–8а; *Мирза Мухаммад Хайдар.* Тарих-и Рашиди. Ташкент, 1996, 86-б.

⁸²*Бартольд В. В.* Народное движение в Самарканде в 1365 г. Соч., т. II, ч. 2. М., 1964, 369-б.; *Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме. Рук. ГПБ им. М. Е. Салтыкова-Щедрина ПНС, 234-б., л. 11б.

⁸³*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме, л. 12б; Та'рих-и Рашиди, л. 9а.

⁸⁴*Бул да сонда.* Л. 15б; Та'рих-и Рашиди, л. 10б.

⁸⁵*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме, л. 22б; Та'рих-и Рашиди, л. 13б.

⁸⁶Та'рих-и Рашиди, л. 13б, 15а.

⁸⁷*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме, л. 26б; Та'рих-и Рашиди, л. 21б.

⁸⁸*Му'ин ад-дин Натанзи.* Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини. Рук. СПбО ИВ АН России, 381-б., л. 248б.

⁸⁹*Бартольд В. В.* Народное движение в Самарканде в 1365 г., 362–379-б.; *Строева Л. В.* Сербедары Самарканда // Ученые записки ЛГУ, 1949, № 98, вып. I, 270–281-б.; *Гафуров Б. Г.* Таджики., 477–481-б.; История Самарканда. Т. I. Ташкент, 1969, 158–162-б.

⁹⁰*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме, л. 28б; Рук. ИВ АН РУз № 4472, л. 113б.

⁹¹Та'рих-и Рашиди, л. 22а.

⁹²Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини, л. 248а.

⁹³Та'рих-и Рашиди, л. 36б; Бахр ал-асрар, I. 180а; *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 82-б.

⁹⁴Та'рих-и Рашиди, л. 22б, 23а.

⁹⁵*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме, л. 44б.

⁹⁶*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI в., 41–61-б.

⁹⁷СМИЗО, т. II, 61–62, 129–132-б.; *Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды, 149-б.

⁹⁸*Низам ад-дин Шами.* Зафар-наме // СМИЗО, т. II, 107-б.

⁹⁹*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме // СМИЗО, II, 149-б.

¹⁰⁰*Греков И. В.* Восточная Европа и упадок Золотой Орды, 208–215-б.

¹⁰¹*Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат.* Та'рих-и Рашиди, л. 23а.

¹⁰²*Бул да сонда,* л. 25а.

¹⁰³*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме, л. 66б, 68а; *Му'ин ад-дин Натанзи.* Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини, л. 270а.

¹⁰⁴*Хафиз-и Аbru.* Зубдат ат-таварих. В изд. Ф. Тауэра, т. II, 41-б.

¹⁰⁵*Бул да сонда,* 71-б.; *Низам ад-дин Шами.* Зафар-наме, 114-б.

¹⁰⁶*Мирхонд, Мухаммад Хавенд-шах.* Раузат ас-сафа. Лакнау, 1891, т. VI, 66-б.

¹⁰⁷*Шараф ад-дин Али Йазди.* Зафар-наме // Материалы по истории киргизов и Киргизии, 141-б.

¹⁰⁸*Бул да сонда,* 143–144-б.

¹⁰⁹*Греков Б. А., Якубовский А. Ю.* Золотая Орда и ее падение, 339–361-б.

¹¹⁰*Низам ад-дин Шами.* Зафар-наме. В изд. Ф. Тауэра, 120-б.; *Абуль-Гази-Багадур-хан.* Родословное древо тюрков. В изд. 1996 г., 94-б.

¹¹¹*Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды, 156–157-б.

¹¹²*Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды, 229-б.

¹¹³*Му'ин ад-дин Натанзи.* Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини, л. 268-б.

¹¹⁴*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан., 62–87-б.

¹¹⁵*Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды, 47–48-б.

¹¹⁶Бұл да сонда, 57–58-б.

¹¹⁷Бұл да сонда, 46–50-б.; Греков И. Б. Восточная Европа и упадок Золотой Орды, 51–52-б.

¹¹⁸Лэн-Пуль Стэнлидің мәліметтері бойынша Темір-Құтлық Орда әулетінен Ұрұс ханның немересі, Темір-Мәліктің баласы) шыққан. «Му'изз» және «Таварих-и гузида-йи нусрат-намеге» қарағанда, ол Жошының 13 баласының бірі Тоқа-Темірдің (атасы – Құтлық-Темір, әкесі – Темірбек не Темір хан) ұрпағы. 1401 жылы өлген. (Лэн-Пуль Стэнли. Мусульманские династии // В изд. 1996 г., 458-б.; Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. М., 1965, 37-б.; МИКХ, 40-б.). Темір-Құтлықтың шығу тегі осы ханмен туыстық байланысты адамдар тұрғысында деректерде түрліше түсіндіріледі.

¹¹⁹Сафарғалиев М. Г. Распад Золотой Орды, 174–175-б.; Греков И. Б. Восточная Европа и упадок Золотой Орды, 238–239-б.

¹²⁰Сафарғалиев М. Г. Распад Золотой Орды, 262–268-б.; Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 165–168-б.

¹²¹СМИЗО, т. I, 533-б.; Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков, 40-б.

¹²²СМИЗО, т. II, 133-б.

¹²³Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 165-б.

¹²⁴СМИЗО, т. II, 212, 214-б.

¹²⁵Махмуд ибн Вали. Бахр ал-асрар // МИКХ, 551-б.; Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая..., 136-б.

¹²⁶СМИЗО, т. II, 212-б.

¹²⁷Абд ар-Раззак Самарканди. Матла'ас-са'дайн фи маджма ал-бахрайн, т. II, л. 65а–67а.

¹²⁸Шараф ад-дин Али Йазди. Зафар-наме, л. 59б; Бартольд В. В. Улугбек и его время, 70-б.

¹²⁹Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 148–154-б.

¹³⁰Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI в., 72–74-б.

¹³¹Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 154–158-б.

¹³²Бартольд В. В. Улугбек и его время, 80-б.

¹³³Мирза Мухаммад Хайдар. Та'рих-и Рашиди. Ташкент, 1996, 72–73-б.

¹³⁴Бартольд В. В. Көрсетілген еңбегі, 93–95-б.; Ахмедов Б. А. Улугбек и политическая жизнь Мавераннахра первой половины XV в. // Из истории эпохи Улугбека. Ташкент, 1965, 28–29-б.

¹³⁵Матла'ас-са'дайн, л. 290б; СМИЗО, т. II, 196–197-б.; Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков, 40-б.

¹³⁶СМИЗО, т. II, 197, 256-б.

¹³⁷Бұл да сонда. Матла'ас-са'дайн, т. II, л. 172б; Бартольд В. В. Улугбек и его время, 111-б.; Ахмедов Б. А. Улугбек и политическая жизнь Мавераннахра, 53-б.

¹³⁸Ахмедов Б. А. Улугбек и политическая жизнь Мавераннахра, 53–54-б.

¹³⁹СМИЗО, т. II, 198, 257–258-б.

¹⁴⁰Матла'ас-са'дайн, л. 238а; Бартольд В. В. Улугбек и его время, 116-б.; Ибрагимов С. К. К истории Казахстана XV в. // Вопросы философии и истории стран советского и зарубежного Востока. М., 1961, 176-б.

¹⁴¹Бартольд В. В. Улугбек и его время, 116-б.

¹⁴²Бұл да сонда, 113-б.

¹⁴³Иванов П. П. Очерки по истории Средней Азии (XVI – середина XIX вв.). М., 1958; Семенов А. А. Первые шайбаниды и борьба за Мавераннахр // МИГУСА, вып. I, ТИИАЭ АН ТаджССР, т. XII, 1954.

¹⁴⁴Бартольд В. В. Улугбек и его время, 116-б.

¹⁴⁵Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., 80–83, 103–104, 110–111-б.

¹⁴⁶Бұл да сонда, 231, 254–256-б.

¹⁴⁷Низам ад-дин Шами, т. I, 213-б.; Хафиз-и Аbru в изд. Тауэра, т. II, 156–157-б.

- ¹⁴⁸Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини, л. 250а.
- ¹⁴⁹*Мирза Мухаммад-Хайдар Дуглат*. Тарих-и Рашиди, л. 38а, 38б; МИКХ, 192-б.
- ¹⁵⁰*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI вв., 97-б.
- ¹⁵¹Тарих-и Рашиди, л. 35б. В изд. 1996 г., 86-б.; *Бартольд В. В.* Киргизы. Исторический очерк. Соч., т. II, ч. 1, 513-б.
- ¹⁵²*Бул да сонда*, л. 41а. *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан..., 97—98-б.
- ¹⁵³*Абд ар-Раззак Самарканди*. Матла'ас-са'адайн, 479-480-б.
- ¹⁵⁴*Бул да сонда*, 527-б. Амин Азмад Рази, «Хафт иклим», лл. 128б—139а.
- ¹⁵⁵Матла'ас-са'адайн, 540—541-б.
- ¹⁵⁶*Бартольд В. В.* Улугбек и его время. 106, 111-б.; *Мирхонд*. Раузат ас-сафа. Приложение персид. текста, 179, 191, 195-б.
- ¹⁵⁷Раузат ас-сафа, 180-б.
- ¹⁵⁸Хафиз-и Абри мен Самаркандидиң айтуынша осылай (Матла'ас-са'адайн, 543-б.); *В. В. Бартольд*тиң айтуынша моғолдар Ашпарада қыстаған, 106-б.
- ¹⁵⁹Раузат ас-сафа, 182-б.; Матла'ас-са'адайн, 544-б.
- ¹⁶⁰Раузат ас-сафа, 182-б.; Матла'ас-са'адайн, 546-б.
- ¹⁶¹*Бул да сонда*, 185-б.
- ¹⁶²*Бул да сонда*, 152—153-б.
- ¹⁶³*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан..., 104—111-б.
- ¹⁶⁴Раузат ас-сафа, 183—185-б.; *Бартольд В. В.* Улугбек и его время, 107-б.
- ¹⁶⁵*Мирхонд*. Раузат ас-сафа. Прилож. персид. текста, 185, 189-б.
- ¹⁶⁶*Бул да сонда*, 187, 191-б.
- ¹⁶⁷*Бартольд В. В.* Улугбек и его время, 113-б. *Соныкі*. Двенадцать лекций по истории тюркских народов, т. V, 179—180-б.
- ¹⁶⁸Тарих-и Рашиди, л. 45а; МИКХ, 194-б.
- ¹⁶⁹*Бул да сонда*.
- ¹⁷⁰*Бул да сонда*, л. 43а, 47а; МИКХ, 375-б.; *Бабур-наме*, 40-б.
- ¹⁷¹Тарих-и Рашиди, л. 45б.
- ¹⁷²*Златкин И. Я.* история Джунгарского ханства (1635—1758). М., 1964, 42-б.
- ¹⁷³Тарих-и Рашиди, л. 38б, 39б; МИКХ, 192—194-б.
- ¹⁷⁴*Bretschneider E.* Mediaeval Researches from Eastern Asiatic Sources. London, 1910, II, p. 44, 241; *Бартольд В. В.* Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893—1894 гг. Соч., т. IV. М., 1966, 86-б.
- ¹⁷⁵Тарих-и Рашиди, л. 45б; МИКХ, 194-б, 375, 522-б.; *Златкин И. Я.* История Джунгарского ханства, 65-б.
- ¹⁷⁶*Мас'уд бен Усман Кухистани*. Та'рих-и Абу-Хайр-хани, л. 338б.
- ¹⁷⁷Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 66б; МИКХ, 17-б.; Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 338б, 339а; МИКХ, 170-б.
- ¹⁷⁸*Златкин И. Я.* История Джунгарского ханства, 100—102-б.; *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан..., 112—114, 124—126 және басқа беттер; *Чимитдоржиев Ш. Б.* Взаимоотношения Монголии и Средней Азии в XVII—XVIII вв. М., 1979, 22—23-б.
- ¹⁷⁹*Махмуд ибн Вали*. Бахр-ал-асрар фи манакиб ал-ахйар. Рук. ИА АН РУз № 1375, л. 115а; МИКХ, 346-б.
- ¹⁸⁰*Бул да сонда*, л. 115а.
- ¹⁸¹*Мас'уд бен Усман Кухистани*. Та'рих-и Абу-л-хани, л. 309аб, 312б, 315аб, 324б, 325а; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 43—48, 51—52, 55—56-б.
- ¹⁸²Бахр ал-асрар. Л. 115а—116а; МИКХ, 347—349-б.
- ¹⁸³Бахр ал-асрар. Л. 117а; Та'рихи Абу-л-Хайр-хани. Л. 312б; МИКХ, 144, 352-б.; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 46-б.
- ¹⁸⁴Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 321б—322а; Бахр ал-асрар, л. 114б.
- ¹⁸⁵Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 322б.
- ¹⁸⁶*Бул да сонда*, л. 323а—323б.
- ¹⁸⁷*Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 52-б.

- ¹⁸⁸Бахр ал-асрар, л. 122б—123а.
- ¹⁸⁹Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 326б—327а.
- ¹⁹⁰Бул да сонда, л. 326а; МИКХ, 159-б.
- ¹⁹¹Бул да сонда, л. 326а; МИКХ, 159-б.
- ¹⁹²Бул да сонда, л. 327б—336а; МИКХ, 161—167-б.
- ¹⁹³Семенов А. А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана. МИГУСА. Труды ИИАЭ ТаджССР. Т. XII, 1954, 26-б.
- ¹⁹⁴Рузбихан Исфохани. Михман-наме-ий Бухара. Рук. ИВ АН РУз № 1414, л. 22аб, 73-б.
- ¹⁹⁵Кочекаев Б.-А. Б. Ногайско-русские отношения в XV—XVIII вв. Алма-Ата, 1988, 24—26-б.; Калмыков И. Х., Керейтов Р. Х., Сикалиев А. И. Ногайцы. Черкесск, 1988, 18—23-б.
- ¹⁹⁶Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды, 201-б.
- ¹⁹⁷МИКХ, 159-б.
- ¹⁹⁸Бартольд В. В. Отец Едигея. Соч., т. II, ч. 1, М., 1963, 797-б.
- ¹⁹⁹Клавихо, Рюи Гонзалес де. Дневник путешествия ко двору Тимура в Самарканд в 1403—1406 гг. Перевод с испанского И. И. Срезневского. СПб., 1881, 341-б.
- ²⁰⁰СМИЗО, т. I, 474-б.
- ²⁰¹Камал ад-дин Али Бинаи. Шайбани-наме. Рук. ИВ АН РУз № 844, л. 8а; МИКХ, 104-б.
- ²⁰²Валиханов В. В. Собр. сочинений. Т. I. Алма-Ата, 1961, 218-б.
- ²⁰³Иванов П. П. Очерк истории каракалпаков // Материалы по истории каракалпаков. Труды Института востоковедения АН СССР, т. VII. М.-Л., 1935, 30-б.
- ²⁰⁴Миллер Г. Ф. История Сибири. Т. I. М.-Л., 1937, 195—196-б.
- ²⁰⁵Бояршинова З. Я. Население Западной Сибири до начала русской колонизации. Томск, 1960, 75-б.
- ²⁰⁶Миллер Г. Ф. История Сибири. Т. I, 190—191, 475-б.
- ²⁰⁷Кадыр-Али Джалаири. Джамии'ат-таварих, л. 79а.
- ²⁰⁸Кузнецов С. К. Отчет об археологических раскопках в окрестностях Томска, произведенных летом 1889 г. // Труды Томского общества естествоиспытателей. Т. I, Томск, 1890, 170-б.
- ²⁰⁹Кадыр-Али Джалаири. Джамии'ат-таварих, л. 64б.
- ²¹⁰Бояршинова З. Я., Степанов Н. Н. Западная Сибирь в XIV—XVI вв. // Материалы по истории Сибири. Улан-Удэ, 1964, 479-б.
- ²¹¹Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков, 48-б.
- ²¹²Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 315б, 316б, 317а; МИКХ, 146—148-б.
- ²¹³Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 96а; МИКХ, 20-б.
- ²¹⁴Миллер Г. Ф. История Сибири. Т. I, 196-б.
- ²¹⁵Бахрушин С. В. Сибирские служилые татары в XVII в. // Научные труды. Т. III. Избранные работы по истории Сибири XVI—XVII вв. Ч. 2. История народов Сибири в XVI—XVII вв. М., 1955, 53-б.
- ²¹⁶История Сибири. Т. I. Древняя Сибирь. Л., 1968, 364—366-б.
- ²¹⁷Миллер Г. Ф. История Сибири. Т. I, 208—209-б.

Үшінші тарау

ҚАЗАҚСТАННЫҢ XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАСЫ

1. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЕГІНШІЛІК

XIV–XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында орналасқан мемлекет тұрғындары шаруашылық қызметінің жалпы даму бағытын өндіргіш күштердің дамуы, көрші өлкелермен сауда, мәдени және шаруашылық байланыстардың артуы айқындады. Монғол шапқыншылығының ауыр зардаптары уақыт өткен сайын біртіндеп жойылып, шаруашылық қайта өркендей бастады: мал шаруашылығын ұйымдастыруда жандану процесі байқалды, ол монғол кезеңіне дейінгі мал шаруашылығы құрылымының өркендеуіне жеткізді, көшпелі және жартылай көшпелі мал өнімінің товарлығы артты; сонымен бір мезгілде егіншіліктің қалпына келу процесі болып жатты, ол Қазақстанның оңтүстігінде және ішінара оңтүстік-шығысында қала өмірінің жандануымен тығыз байланысты болды.

Мал шаруашылығы. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу халқы шаруашылығының басты саласы XIV–XV ғасырларда бұған дейінгідей мал шаруашылығы саналды.


Ертеректегі сияқты, Қазақстанның кең-байтақ аумағында табиғи-географиялық жағдайдың ықпалымен мал шаруашылығының негізгі үш типі: отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелі, өтпелі формалары қалыптасты¹.

Отырықшы немесе бағымдағы, тебіндеп жайылатын мал шаруашылығы Қазақстанның оңтүстігінде, Сырдария мен оның Қаратаудың күнге беткейінен ағып келіп құятын көптеген салаларының алқаптарында дамыды. Қыстақтар мен қалалардың тұрғындары бұл жерде мал шаруашылығын суармалы және тәлімді егіншілікпен, ішінара балық аулаумен де ұштастырды. Мал өсірушілер бүкіл жыл бойы жайылымнан жайылымға үздіксіз көшіп жүретін. Қазақстанның оңтүстігінде отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылығы ұштастыра жүргізілді. Көктемгі-жазғы маусымда Шығыс Дешті Қыпшақ даласына көшіп баратын ауылдар қыстау үшін Сырдария бойына, Түркістан аумағына (Сырдарияның орта ағысы) қайтып келетін еді. Тарихи құжаттарда, соның ішінде Сығанақтан шыққан XV–XVI ғасырлардағы грамоталарда «тұратын [үнемі] мекендер (дихнишин), [жартылай отырықшы] қыстақтар (кишлакнишин) және көшіп жүретін (сахранишин) аймақтар» атап өтіледі².

Көшіп-қонатын жер аумағы мен құрамына қарай (бір немесе бірнеше отбасы, бүкіл руымен) көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы түрлі сипатта болды³.

Маңғыстаудың қуаң даласы мен шөлді аймағын, Арал маңын мекендеген мал өсірушілер бүкіл жыл бойы мал азығы үшін жайылымнан жайылымға көшіп жүрді; олардың тұрақты тұрғын үйлері болған жоқ⁴.

XIII—XV ғасырлардағы саяхатшылар мен тарихшылардың (Плано Карпини, Вильгельм Рубрук, Ибн Баттута, әл-Омари, И. Барбаро және басқалардың) көптеген деректерінен көрініп отырғанындай, Қазақстан аумағында мал шаруашылығының ең көп тараған дәстүрлі түрі жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Жартылай көшпелілер мал өсірумен қатар ішінара егіншілікпен, мал азығын дайындаумен де айналысты; олар көктемгі-жазғы-күзгі көштен кейін өзі үнемі қыстайтын орынға қайтып оралатын. Шаруашылықтың бұл түрі Батыс Қазақстанның бірқатар өңіріне, Орталық және Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағына кеңінен таралды. Жетісуда өлкенің географиялық ерекшеліктеріне байланысты көшіп-қону бағыты біршама қысқа болатын. Монғол кезеңінде егіншілік жанама, қосалқы салаға айналса да, ендігі жерде малшы өзі қыстайтын тұрақты орынға берік орнығып, егіншілікпен кеңінен айналысуға зор мүмкіндік алды. Мейлінше қашыққа көшіп-қону мал шаруашылығының нағыз көшпелі түріне сай келді. Шығыс Дешті Қыпшақтың далалық аймақтарының малшыларына оңтүстіктен солтүстікке қарай және керісінше бойлық бағытында, мейлінше қашыққа көшіп жүру тән еді. Көші-қон бағыттары Аралдың солтүстік маңайы, Сырдарияның орта және төменгі ағысы мен Қаратаудың баурайында орналасқан қыстаулардан Ұлытау жазығы, Торғай, Ырғыз, Тобыл өзендерінің аңғарларындағы жайлаула-



Арқардың тас мүсіні. Маңғыстау. XIV—XV ғасырлар.

рға дейінгі аумақты қамтитын. Соның ішіндегі ең шұрайлысы Сарыарқа саналды.

XIV—XV ғасырлардағы Қазақстан тұрғындарының негізгі кәсібі мал шаруашылығы туралы Темір мен Темір ұрпақтарының Дешті Қыпшақ пен Жетісуға жасаған жорығы туралы жанама деректерде көп айтылады. Хроникаларға қарағанда Темір әскерлері соғыста әскери олжалардың қатарында қора-қора қой мен үйір-үйір жылқы, түйе қолға түсірген. Соғыста олжа алу (негізінен — сөйгүлік аттар) Қазақстан аумағына көршілер тарапынан жасалатын шапқыншылықтың басты мақсаты еді. Әбілғазының айтуына қарағанда Жошы Дешті Қыпшақтан әкесіне сыйлық ретінде әр түрінен жиырма мыңнан — көк, боз, торы, қара, шұбар жылқылар жіберген⁵. Темір хроникаларының авторларында соғыс кезінде қолға түскен «орасан зор олжа», «қисапсыз мол байлық пен мал-мүліктің» аты аталады. Соғыс олжаларының сипаты мен көлемі көшпелі және жартылай көшпелі Қазақстан халқының шаруашылығын зерттеп білуге, өсіретін мал түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, Моғолстанның феодалдық әміршісі Енге төреден Темір жауынгерлерінің көптеген «жылқы, түйе және қашырды» қолға түсіргені, Жәңгірдің сансыз көп соғыс тұтқындарын мыңдаған жылқы, қой малымен қоса пішкеш (олжа) ретінде Темірге сыйға тартқаны, Жаңа-Тараз уәлаятынан моғол ханы отбасының мал-мүлкін тонап, үйін ойрандап, «орасан зор олжаға кенеліп, алты мың жылқы әкелгені» айтылады⁶. Осындай мәліметтерді хроника авторлары Темір әскерлерінің XIV ғасырдың аяғындағы шапқыншылық жорықтары туралы айтқанда да қайталап отырады. Мирхондтың айтуына қарағанда, 1425 жылы Темір әскерлері «санаса, сан жеткісіз» жандықты (анғам — қой мен ешкі), мүйізді ірі қараны (сава'им), мініскер және жүк артылатын малды (давааб — аттар, түйелер) қолға түсірген көрінеді⁷.

Бұл мәліметтер XIV—XV ғасырлардағы Қазақстан халқы шаруашылығының басты саласы — мал шаруашылығы болғанын айқын дәлелдейді. Шаруашылықта қой мен жылқы өсіру басты орын алды. Тек оңтүстік пен оңтүстік-шығыс Қазақстандағы отырықшы жерлерде ғана мүйізді ірі қара өсірілетіндігі атап көрсетілді. Қой шаруашылығының көлемі жөнінен Мұхаммед Хайдардың келтірген деректері бар, мәселен, ол ұлысбек дұғлат Сайид Әли әмірдің үш ұлына 500 мыңға дейін қойды мұраға қалдырғанын хабарлайды.

Деректерде соғыс қаупіне үнемі дерлік әзір тұратын малшылардың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмысы туралы айтылады. Хроника авторларының айтуынша Темір әскерінен бас сауғалап пана іздеген жергілікті халықтар, соның ішінде, Жетісу тұрғындары елдің терең түпкіріне, адам аяғы бармас қиын жерлерге көшіп кетіп отырған. Әдетте, барлық мал-мүлкімен, жүк арбасымен (бонех) ру не тайпаның қару ұстауға жарамайтын жауынгер емес мүшелері (бала-шаға, кәрі-кұртан) көшіп кетіп отырған, ал қалған ер-азаматтар тайпа көсемінің (әмір не бектің) қарулы жасағын құрып жаудың шабуылын тойтарып отырған. Мирхондтың айтуынша Темір ұрпағы Ұлықбек әскерінің шапқыншылығы кезінде Шер-Мұхаммед хан қора-қора қой отарлары, үйір-үйір жылқылары мен дүние-мүлкі тиелген жүк арбаларын құлдары, қызметшілері (куч ва хашам) және отбасымен бірге Текес өзенінің⁸ арғы бетіндегі қауіпсіз жерге орналастырып, өзі жаумен шайқасқа шыққан.

Сонымен қатар, саяхатшылардың мәліметтеріне қарағанда үнемі дерлік төніп тұратын соғыс қаупіне қарамастан оңтүстіктен солтүстікке және

керісінше көшіп-қонудың бағыты тұрақты сақталынған. Жаз айларында мал солтүстіктегі салқын аймақта бағылып, ал қыста малшылар оңтүстікке қарай көшіп, Сырдария мен Талас аңғарының шалғынды жайылымын жайлаған. Вильгельм Рубрук 1253 жылы қазан айында Сарысу арқылы және Ұлытау маңайымен жүріп өткенде, ол жерде ешкімді көрмегенін, өйткені қыс түскен соң малшылардың «оңтүстікке көшіп кеткенін» айтады⁹. Ибн Рузбихан Исфահани XV—XVI ғасырдың басындағы оңтүстіктен солтүстікке және керісінше көшіп-қону жолдары туралы мейлінше кеңінен жазып қалдырған. Бұл мәліметтер XV ғасырдағы Ұлы дала төсін жайлаған қазақтармен қатар өзбектерге де қатысты айтылады. «Бұл кең далалық аймақ, — деп жазады ол Шығыс Дешті Қыпшақ туралы, — өзбектердің жазғы жайлауы, тұрақты қонысы саналады... ал қазақ халқы даланың шет аймақтары мен қиыр шалғайларын мекендейді. Қисапсыз көп малдарына жайылымдықтар іздеп, олар бүкіл далаға түгелдей дерлік қоныстанады, олардың әрбір сұлтанының қарамағында далалы аймақтың белгілі бір аумағы болады. Мал табындарының, қой мен сиыр, үйір-үйір жылқыларының санын... бір құдайдан басқа ешкім білмейді... Күз түсіп, ауа-райы қатты салқындап, қалың қар жауысымен қазақтар далалы аймақтан қысқы тұрақтарына қарай көше бастайды. Соныменен, олардың көші-қоны жоғарыда аталып кеткендей, [Қыпшақтың] далалы аймағы мен Итиль аталатын Еділ [Адил] өзенінің алқабынан өтіп... екі айдай жол жүре отырып, қысқы тұрақ — қыстауға келіп жеткен. Олардың қысқы тұрағы Сыр өзені аталатын Сейхун өзенінің жағалаулары болып табылады»¹⁰.

Ибн Рузбихан Исфահанидің жазбаларында айтылатын мейлінше қашыққа көшіп-қонып жүру ноғайларға да (автор «өзбектерге» «қазақтармен» бірге «маңғыттарды» да жатқызады) тән еді. Уақыт өте келе, соғыс қаупі мен саяси жағдайлардың әсерімен олардың көшіп-қону ауқымы Арал теңізі мен Сырдарияның төменгі ағысына дейін жеткен. Ноғайлардың негізгі көшіп-қону аймағы жазда Орал, Жем, Еділ өзені аңғарлары, даладағы көл жағалары болса, қыстаулары аталған өзен сағалары мен тармақтарында орналасты¹¹.

Ұзақ уақыт бойы көшіп жүріп, қысқы мерзімде ғана қыстауда қоныстанған малшылардың мал азығын дайындаумен, егіншілікпен шұғылдануға мүмкіндіктері болмады. Дегенмен де рудың көшіп-қонуға шамасы жоқ кедей мүшелері қыстауларда қалып, бай ағайындарының малдарына қыстық азық әзірлеп, егістік танаптарын баптап-күткен. Көшпелілердегі еңбектің мұндай ұйымдастырылу тәсілі туралы бірқатар зерттеушілер өз еңбектерінде айтып өтеді¹².

Орталық пен Оңтүстік және Батыс Қазақстанда өзен аңғарлары мен көл жағалаулары, тау етектеріне шағын қашықтықта көшіп-қонып, қыста ызғырық жел өті мен қар тасқынынан қорғану үшін қамыс пен тал-бұталардан айнала қоршау тұрғызылған және алдында шағын егістік танаптары орналасқан тұрақты орынға (қыстақтарға) қайтып оралатын көші-қон бағыттары да болған.

Дешті Қыпшақтың далалық аймақтарында малшылардың ішінара егіншілікпен де айналысатыны жайлы әл-Омари: «Татарларда егістіктің көлемі өте шағын, бидай мен арпа аз егіледі... дәнді дақылдан негізінен тары егіліп, азық ретінде пайдаланылады», — дей келе автор, — татар хандарының иелігіндегі тұрғындардың басты кәсібі мал, малмен бірге олар үнемі көшіп жүріп, егістікті өндеуге мән бермейді, — деп жазады¹³. Бірақ XV ғасырдың екінші жартысындағы басқа бір саяхатшы Иософат Барбаро өз кезеңінде жағдайдың өзгеше екендігін, Дешті Қыпшақ (оның батыс аудандары) малшыларының егістікті

өндеуге зор мән беретінін атап өтеді: «Ақпан айының аяғына қарай Орданың егіншілікпен айналысатын барлық тұрғындарына қажетті құрал-саймандарын әзірлеп, дайын отыруы хабарланады, наурыз айының қолайлы бір күні әркім өзі қалап алған жер үлесіне барып... жерді жыртып, астықты толық егіп болғанша, көктемгі егістік науқаны толық аяқталғанша сонда болады»¹⁴. Шығыс Дешті Қыпшақтың бірқатар аудандарының тұрғындары көшпелі мал шаруашылығын жартылай көшпелі егіншілікпен ұштастырды.

XIV–XV ғасырларда Жетісу өлкесіндегі көшіп-қону дәстүрінде бұған дейінгі кезеңдердегідей маусымдық жайылымдарды тұрақты түрде өзгертіп отыру: қыста тау баурайларында, қамыс-құрақты өзен аңғарлары мен Балқаш жағалауларын қыстап, даладағы көктемгі жайылымнан таудың биік шалғынды жайылымына және одан әрі оңтүстік-шығыс тау алабы тізбегін бойлай көшіп жүру тән еді¹⁵. Өлкенің географиялық ерекшеліктері, шұрайлы жайылымдар мен егістікке қолайлы құнарлы жерлердің жеткілікті болуы Жетісудың мал шаруашылығында жерді игерудің интенсивтілігін арттырды. Жетісуда мал өсірумен қатар тәлімді егіншілікпен де айналысатын жартылай көшпелі мал шаруашылығы басымдық етті. Батыс Жетісудың тұрғындары суармалы егіншілікпен шұғылданды. Деректерде Темір жорықтары (жорық, әдетте, көктем мен жаз айларында жасалатын) барысында жаулап алынған бірнеше жазғы жайылымдар әлденеше рет айтылады. Көшпелілер үшін аса шұрайлы бұл жайылымдықтар Текес пен Күнгес алқабындағы өңірлер болатын¹⁶. Деректемелерде моғол билеушілері пайдаланған ғажайып «Ұлы Жұлдыз» және «Кіші Жұлдыз» жайлаулары атап өтілген¹⁷. «Есен-Бұға хан жылдың бұл мезгілінде Шығыс шекарада (Моғолстанның) орналасқан жазғы жайлау Кіші Жұлдызды жайлайтын»¹⁸. Тарихи хроникаларда Шарын мен Шелек арасындағы Әбіш жазығындағы жайылым әлденеше рет айтылады, «бұл атам заманнан бері Жете (яғни Моғолстан) хандарының ордалары тұратын жер және олардың әскерлері дем алатын жер еді»¹⁹. Сондай-ақ Ыстықкөлдің жағалаулары мен басқа аймақтардағы жазғы жайлаулар мен қысқы қыстаулар да аталады.

Халық негізгі азықтық өнімдер — етті, сүтті, майды, қымызды мал шаруашылығынан алып отырды. «Та'рих-и Рашидиде» алғашқы бие байлау жөніндегі мейрам (биебау) суреттеледі; биебауды «моғолдардың ескі әдет-ғұрыптары мен заңдары бойынша» «Моғолстандағы әйгілі Көктөбе деген жерде» 1405 жылы көктемнің басында Қызыр-Қожа хан мен оның маңындағы ақсүйектер жасаған көрінеді²⁰.

Мал шаруашылығынан киім-кешек, ер-тұрман, үй заттары (киіз, текемет, қайыс, ыдыс-аяқ) дайындалатын шикізат (тері, жүн, сүйек) та алынған. Жазба деректерде жүн мен теріден жасалатын бұйымдар туралы мәліметтер келтіріледі. Мәселен, деректемелерде 1365 жылғы ұрыста моғол жауынгерлерін нөсер жауыннан қорғап, Темір әскерлерін жеңіп шығуға үлкен септігін тигізген жүннен тоқылған шапандар мен ат жабулары туралы айтылады²¹. «Та'рих-и Рашидиде» жүннен киім дайындау әдістері туралы бірқатар мәліметтер келтірілген²².

Мал шаруашылығы негізінен салт атты жауынгерлерден құралатын әскерді мініс жылқыларымен қамтамасыз етті. Дешті Қыпшақта жылқы малы маңызды сауда көзі саналды. Ибн Баттута XIV ғасырдың 30-жылдары татарларда жылқының қисапсыз көп және арзан тұратынын, даладан сатуға алты мың жылқыдан тұратын сауда керуені аттандырылатыны туралы айтып өтеді.

Жылқы («Ордадан көршілес елдерге жылқы апарылады»), мүйізді ірі қара («ірі өгіздер»), түйе саудасы жайлы И. Барбаро да жазып қалдырған²³. Дешті Қыпшақ жылқыларын Ресей, Индия, Персия елдері сатып алған. «Москва жылнамалар жиынағы» мәліметтеріне қарағанда XV ғасырдың аяғында (1474 ж.) Москва қаласына сатуға 40 мың жылқы әкелінген²⁴.

Азық өнімдерін және үй кәсіптеріне арналған шикізат алудың қосымша көзі жабайы аңдар мен құс аулау, кейбір жерлерде балық аулау болды. Деректемелерде хандардың немесе ірі ақсүйектердің аңдарды қаумалап аулауын суреттеу аз кездеспейді. Мұхаммед Хайдар соның ішінде Тоғлық-Темірдің, Уәйіс ханның, ұлысбек дұғлат Хұдайдадтың және басқалардың аң аулауы жөнінде айтады. Аңшылық туралы мәліметтер Темір хроникалары мен Ибн Рузбихан Исфаханидің еңбектерінде келтіріледі. Ноғайларда аңшылық пен балық аулау шаруашылықтың күнделікті түрі саналды.

Жоғарыда аталып өткен мал шаруашылығының көшпелі және жартылай көшпелі типі кең-байтақ Қазақстан аумағында уақыты мен белгілі бір өлкеге қатысы жағынан түрлі дәрежеде өзгеріп отырды. XIII–XIV ғасырларда мал шаруашылығы елеулі өзгерістерге ұшырады. Монғолдардың жаулап алуынан кейін Жетісуда²⁵ мал шаруашылығының қай түрінің болса да маңызы едәуір өсті, қала мәдениеті мен егіншілік құлдырады. Оңтүстік Қазақстанда да XIII ғасырда мал шаруашылығының үлесі артып, қала мәдениеті мен егіншілік тоқырауға ұшырады. Монғол үстемдігі кезеңінде шаруашылықта қой мен жылқы өсіру (Шыңғыс-ханның жаулап алушылық жорықтары жылқы санын барған сайын артуын қажетсінді) басты орын алды. Монғолдар жергілікті дәстүрді бұзып, жаулап алған жерлеріне мал шаруашылығының таза көшпелі түрін орнықтырды. Тек XIV–XV ғасырлардан бастап қана жергілікті экономикалық жағдайлар мен шаруашылық дәстүрлерінің бірте-бірте ықпал етуіне, егіншілік ошақтарының ішінара қайта тууына байланысты мал шаруашылығының жартылай көшпелі формасы қалпына келген, отардағы мүйізді ірі қараның үлес салмағы өскен.

Ақ Орда мен Моғолстанның шаруашылығы барған сайын жандана түсті, мал басы артып, ол товарлық сипат ала бастады.

Егіншілік. Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстанның тұрғындары өмірінде егіншілік көне заманнан маңызды рөл атқарды.

Қазақстанның оңтүстігінде егіншіліктің қалпына келуі Сыр бойы қала өмірінің жандануымен тығыз байланысты болды. Ақ Ордада XIII ғасырдың аяғында байқалған шаруашылықтың жандану процесі XIV ғасырдан кең құлаш жая бастады. Сығанак, Ясы, Сауран, Отырар, Сайрам және басқа қалалар қалпына келтіріліп, егіншілік пен қолөнер кәсібі өркендей бастады, сауда айналымы да өсе түсті.

Ақ Ордада қала және отырықшы-егіншілік өмірдің дамуына мемлекет орталығының осында ауысуы, оның ірі егіншілік ошақтарына жақын орналасуы мен билеушілерінің монғол хандары үстемдік еткен Алтын Орда, Шағатай мемлекеттеріне тәуелсіз өз билігін орнатуға ұмтылуы қолайлы жағдай қалыптастырды. Сонымен қатар Шығыс Дешті Қыпшақ халқының Түркістан қалалары, елдің оңтүстігімен экономикалық байланыстарының маңыздылығы барған сайын күшейе түсті²⁶. Дала тұрғындарының ұлғайып келе жатқан мал шаруашылығы өнімдерін өткізуге, өз кезегінде өздерінің де қолөнер мен егіншілік өнімдеріне деген сұранымын қанағаттандыруға ұмтылуы мал шаруашылықты аудандарының отырықшы-егіншілікті аудандармен экономикалық

байланыстарын берік орнықтырып, Оңтүстік Қазақстанның жазираларында қала мәдениеті мен егіншіліктің жандануына алып келді.

Ақ Ордада XIV ғасырда жағдайдың қалпына келуі шаруашылықтың да өркендеуіне жеткізді: мал басы өсті, мал өнімдерін өндіру мүмкіндіктерін арттырды. Ақ Орда билеушілері Ерзен хан, Мүбәрак хан, Ұрұс хан, Барак хандар мемлекеттің оңтүстігінде егіншілік шаруашылығының ошақтары мен қалаларды қалпына келтіруге тырысты, сауда керуендерін ұйымдастырып, қалаларды Темір ұрпақтары мен шағатайлықтардан тәуелсіз етуге күш салды²⁷. Дегенмен де, Түркістан жазираларында қалалар мен ауыл шаруашылығының тез арада қалпына келуіне әсер еткен аса маңызды фактор — Қазақстанның оңтүстігіндегі тамыры тереңде жатқан, сонау көне заманнан бері келе жатқан егіншілік дәстүрі еді. Ақ Орданың Сыр бойындағы қалалары Оңтүстік Қазақстан жазираларымен экономикалық байланыстары арқылы тығыз қарым-қатынаста болып, Жошының саяси үстемдігі кезінде «жаулап алушылық соғыстарда қолға түскен тұтқындарды пайдалану мен еңбек етуге күшпен еріксіз көндіру арқылы» тұрғызылған Алтын Орда мен Еділ бойының «жасанды» қалаларынан түбірімен ерекшеленді²⁸.

XIV—XV ғасырларда Сыр бойының қалалары егіншілік жазиралар орталығы ретінде маңызды рөл атқарды. Осындай егіншілік жазираларының бірі Сығанақ қаласының төңірегінде орналасты. Монғол шапқыншылығы кезінде қираған Сығанақ қаласы қайта көтеріліп, XIV ғасырда Ақ Орданың астанасына айналды. Бұған қаланың Түркістанның отырықшы-егіншілік аумағы Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі аудандарымен шектесетін жерінде қолайлы орналасуы игі әсер етті. Ерзен хан, әсіресе Ұрұс ханның²⁹ тұсында қайта тұрғызылған Сығанақ қаласы XIV—XV ғасырларда бекіністі қамалға, ірі сауда мен қолөнер орталығына айналды. Қала Шығыс Дешті Қыпшақтың аумағында, мемлекеттің мәдени-экономикалық және саяси өмірінде өз маңызын қалпына келтірді. Қаланы XV ғасырдың басында уақытша Ұлықбек иеленді де, 1446 жылы Сығанақ Әбілқайыр ханның иелігіне көшіп, оны ол билігінің соңына дейін өз қолында ұстады. Шығыс Қыпшақтың билік еткен басқа хандары да осында жерленді.

XVI ғасырдың басында Сығанаққа жолы түсіп, қаланы өз көзімен көрген Фазлаллах ибн Рузбихан Исфаханидің айтуына қарағанда «ертеде бұл тұрғындары көп, көрікті қала болыпты... қалада тыныштық орнап, барлық қажетті игіліктер өндірілген»³⁰. Қала мен оның төңірегіндегі қыстақтардың халқы суармалы егіншілікпен айналысты; жақын маңайдағы суармалы учаскелерде бау-бақшалар мен бақша дақылдары өсірілді, дәнді дақылдар егілетін суармалы және тәлімді жерлер одан алысырақ орналастырылды. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани: «Өңделген егістікті [Сығанақ төңірегіндегі. — *Ред.*] — суландыратын каналдардың... бәрі Сейхун өзенінен таралатын еді», — деп жазады³¹. Солардың бірі — ежелден келе жатқан негізгі канал Төменарық каналы сумен жабдықтап қана қоймай, төңіректегі аумағы едәуір жерді де суландырып отырды. Бозғылұзақ дейтін басқа канал да болды, ол Сырдария тасыған кезде жайылған сумен толатын өзі аттас көлден бас алып, қалаға су әкелетін еді. Хижраның 803/1400—01 жылы Темір жазды делінетін сый грамотасында әлгі екі каналдың да аты аталады³². Каналдар қала төңірегіне келгенде өңделген жер учаскелерін суландыратын сансыз көп ұсақ арықтарға тарамданып кететін еді. Қаланың солтүстік-батысы мен солтүстігінде жатқан жер Қаратаудан ағып шығатын, реттеліп отыратын шағын тау өзендерінен бас алатын арықтармен

суландырылатын. Мысалы, сол кездегі вақф грамоталарында Ордакент, Қызылтал (Қызылтам өзенінен), Келте-Шалғия, Арысланды (Арыстанды өзенінен), Шөлек (Шолак) арықтарының, сондай-ақ Токтамыс, Қараш, Қысаршық су көздерінің (кұдықтар, бұлақтар) аты аталады. Олардың алғашқысы атына қарағанда XIV ғасырға жатады³³.

Сырдарияның орта ағысындағы ең солтүстіктегі егіншілікті аймақта орналасқан Сығанақ XIV ғасырдан бастап ел өміріндегі аса маңызды қалаға айналды³⁴. Осы аумақта ертеректе өмір сүрген, XIII ғасырда монғолдар қиратқан Жент, Жаңакент, Баршыңлыкент қалаларының аты XIV—XV ғасырларда ешбір аталмайды. Бұл жағдай Сығанақ қаласының қазақ халқы өміріндегі ең ірі сауда және саяси орталық ретіндегі маңызын одан әрі арттыра түсті.

Егіншіліктің екінші бір орталығы — Ясы қаласының маңы. Бұл жер астықпен және ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа өнімдерімен тек өз мұқтаждарын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар астықты Түркістанның базарларына да шығарып отырды. Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне Темір берген вақф грамотасы арқылы оған Жанғыш арығымен суарылатын негізгі жер учаскесінен басқа да кейбір вақфтар берілді, ол бойынша «Түркістан қарамағында қанша арық болса да», сол арықтармен суарылатын барлық учаскелерінен «суымен қоса екі көш жер»³⁵ берілетін болды. Атап айтқанда, әңгіме Мірқарасу, Сығанақ, Шорнақ, Қарабұлақ, Сазатбұлақ, Ақтөбе, Үржар, сондай-ақ Көктас бұлағынан ағып шығатын, Қияшық, Бохаршық, Шатдарбаза, Ташанақ, Шаға және Құшқорған арықтары жайында болатын³⁶.

Бұл арықтардың көбімен өзге де дін басыларына немесе мазарларға вақфқа берілген жерлер суарылатын еді. Грамотада аты аталған арықтар арқылы суарылатын учаскелер Ясы (Түркістан) қаласы ауылдық аймағындағы егістік алқабының бір бөлігі ғана болатын. Бұл мәліметтер Ясы қаласының төңірегіндегі XIV—XV ғасырлардағы өңделетін жер учаскесінің аумағын анықтауға толық мүмкіндік береді.

Грамоталарда суарылатын жерлерде дәнді дақылдар, атап айтқанда, бидай, арпа, сондай-ақ бау-бақша дақылдары өсірілгені айтылады. Жүзім мен бау өсіру кең таралған. Қожа-Тумасы арығынан суарылатын жерлерде орналасқан баулардың бірі Темірдің вақфнамесінде Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің вақфы деп аталған. Бұл грамоталар кейіннен жасалынған жалған құжаттар деген пікір де жоқ емес. Солай бола тұрса да, грамоталардағы тарихи-географиялық деректер шындықпен сәйкес келеді. Өз кезінде аталған грамоталардың ақиқатын әміршілер, мәселен, шайбанилық II Абдаллах хан XVI ғасырдың аяғында растап кеткен³⁷.

Сондай-ақ Отырар, Сауран және Сайрам жазиралары да егіншіліктің ірі ошақтары болды. Сауран жазирасының егіншілікке қолайлы климаты туралы: «Сауран ашық далада, тегіс жерде орналасқан сәнді қала. Үнемі таза ауа соғып, көңіліңізді қуаныш нұрына бөлейді. Қаланың сыртындағы жайылымдықта сансыз көп қой мен ешкі жайылады; қала төңірегінде (нахийя) бау-бақша, неше түрлі ағаштар өсіріледі», — деп жазған³⁸. Сауран қаласы мен егістік жерлерін суару үшін Қаратаудың сілемдерінен ағып келетін өзен-жылғалар мен кәріз арқылы шығарылатын жер асты сулары пайдаланылды.

Ертедегі Испиджаб қала жұртының орнында орналасқан Сайрам да егіншілікпен ірі сауда-қолөнер орталығы болды. Қала XIV—XV ғасырларда көшпелі Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістан, батыс Моғолстан мен ортаазиялық Темір ұрпақтары мемлекеттерінің қарама-қарсы мүдделері тоғысатын геогра-

фиялық жағынан қолайлы жерде орналасты. Барлық парсы-түрік тілді шығармаларда аталған мемлекеттердің арасындағы өзара қақтығыстар Сайрам қаласын иемдену үшін болғаны айтылады. Зерттеушілер Сайрамда көне заманның өзінде егіншілік мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын атап өтеді. Сайрамның өзінде екі қабат етіп қоршалған қорған ішіндегі алқапта бау өсірілді, ал қорған сыртында дәнді дақылдар егілетін көлемді егістік жер жатты³⁹.

Сайрам аймағындағы жердің бәрі Қаратау мен Талас Алатауының оңтүстік сілемдерінен ағып шығатын өзендерден бас алған арықтардан суарылатын еді. Бұл өзендердің кейбіреулері — Арыс, Сайрамсу, Ақсу, Бөген, Шаян, Арсланлық (Арыстанды) — деректемелерде аталған⁴⁰. Сайрам округі Қазақстанның оңтүстігіндегі ауыл шаруашылық өндірісінің аса ірі орталығы саналды.

Сырдария бойындағы XIII ғасырдың басындағы монғолдар алаңсыз қиратып кеткен ертедегі Отырар қаласы XIV ғасырда қайта қалпына келтірілді. XIII ғасырдың орта шенінен-ақ қалада экономикалық өмір жанданып, егіншілік округтің елеулі сауда-қолөнер орталығына айналды.

Қазақстан археологтарының Отырардың XIII—XVIII ғасырлардағы мәдени қабаттарына жүргізген қазба жұмыстарына қарағанда (жұмыстың нәтижелері келесі тарауларда толық айтылады) Отырар қаласы XIV—XVI ғасырларда Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі сауда-қолөнер және егіншілік жазирасының орталығы болған⁴¹.

XIV—XV ғасырларда Оңтүстік Қазақстанның егін шаруашылығы, қалаларды қалпына келтірумен бірге, XIII ғасырдың алғашқы жартысында душар болған күйзелістен шықты.

Оңтүстік-Шығыс Қазақстан қалалары мен егін шаруашылығын жергілікті халық шаруашылығының ең басты шараларының бірі ретінде жоюға әкелген жоғарыда аталған тарихи-әлеуметтік факторлардың аса ауыр зардаптарына қарамастан егіншілік болмашы көлемде болса да, оңтүстік-шығыста, Шу мен Талас алқабында басымырақ, аздап солтүстік-шығыста сақталып қалды. Археологтар Тараздан, Садырқорғаннан, Аспарадан және басқа да шағын қалалардан XV ғасырдан кейін де егіншілік тіршіліктің іздерін тапты⁴². Шараф аддин Әли Йазди, сол сияқты Мұхаммед Хайдар XV ғасырдың тап бас кезінде «Қытай мен Мауараннахр аралығындағы аумақ (яғни Моғолстан мен Шығыс Түркістан) аз қоныстанғанын және онша игеріле қоймағанын»⁴³ жазады. Бұл бақылау ең алдымен Темірдің жаугершілік жорықтары әкелген кіріптарлық күйді танытса керек. Жаугершілік нәтижесінде халық саны әжептәуір кеміп, монғол кезеңіндегі шаруашылық жағдайын бұрынғыдан да қиындата түсті.

Осыған қарамастан кейбір тікелей және жанама деректер егін шаруашылығының болғанын айғақтайды. Темір Қытайға жорық жасар алдында моғол ханы Қызыр-Қожаға «егін шаруашылығын (зара'ат) [дамытуға] барынша күш салып, [оның] әскерлеріне азық-түлік дайындауға» жарлық етеді⁴⁴. Жергілікті халық жер өңдеу, азық-түліктік және жемдік дақылдар өсірудің дағдылары мен әдістерін сақтап қалған болуы керек, әйтпесе оның бұл нұсқауын орындай алмас еді.

Бұл уақытта өсірілген дақылдар жайлы деректер тым аз. Жетісу ғана емес, Оңтүстік Қазақстанның егін шаруашылықты отырықшы аудандары мен Мауараннахр жөнінде де осылай; дәнді дақылдар деректемелерде көбіне көп «дән» (галле) деген бір сөзбен ғана айтылады. Сондықтан да тікелей Оңтүстік Қазақстан аумағына қатынасты аздаған деректемелер аса қымбат. 1389 жылғы жо-

рық кезінде Темір бес әміріне Іле маңының бір жерінен иелік (жұрт) бөліп беріп, дереу шаруашылық істерімен айналысуға жүктеді: «Олар жарлықты орындау үшін сонда қалып, жер игерумен және өңдеумен (амарат ва зара'ат) айналысты»⁴⁵. Хафиз-и Абрудың «Зубдат ат-таварихында» бұл туралы келтірілген қосымша фактіде Темірдің егін шаруашылығын дамыту хақында жасаған қадамдарының нақты себептері ашып айтылған, дөнді дақылдардан: тары (арзан) мен жүгері (зоррат)⁴⁶ егілгені көрсетілген. Бұдан әрі «егін егу үшін қалдырылған» әмірлердің жұмысты бітірген соң, Темірге келіп қосылғаны айтылады. Алдарында тек қана «таза» көшпенділер болса, Моғолстандағы Темір мирасқорларының осыншама қысқа мерзім ішінде аса күрделі азық-түлік және шаруашылық міндеттерін шеше қоюлары неғайбыл нәрсе. Бұл мағлұмат осынау жерде жоғарыда аталған дақылдарды өсірудің қалыптасқан көп ғасырлық жергілікті дәстүрі сақталып қалғандығын қуәландыратындықтан да өте қызғылықты. Жергілікті жартылай көшпелі тұрғындар дәстүрлі егіншілікті тоқтатпаған. Олар егін шаруашылығымен бағзы замандардан бері айналысып келген, егіншілік өнімдерін өздері өзін пайдалану, әрі сыртқа өткізу үшін өсірген, бұл туралы монғол шапқыншылығына дейінгі уақыт мағлұматтары жеткілікті. «Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның егін егетін алқаптары әлі бос қала қоймаған кезеңде» деп жазады В. В. Бартольд жазба және археологиялық деректерге сүйеніп, Іле өзені бойының бидай өсірумен даңқы шықты. Бұл жерде «астықтың барлық бес түрі» өсірілді⁴⁷. Қаралып отырған кезеңде жоғарыда аталған тарихи-әлеуметтік факторларға сай Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығы басым болғанымен, аз да болса, егін шаруашылығы, соның ішінде дөнді дақылдар өсіру де сақталып қалды. Мұхаммед Хайдар ұлысбек әмір Хұдайдад дуғлат ұйымдастырған аңшылық жайын сипаттай келіп, әмірдің аң аулауда қатысқандардың барлығына бидай ұны (ард), ет (гушт), сондай-ақ аттарына қажетті жемдік арпа (алик) үлестерін бергенін жазады. Оның қыс сайын үш айға тарта созылатын аң аулау науқанына үш мыңға дейін адам қатынасқан⁴⁸. Осы мақсатқа жұмсалатын барлық ұн мен арпаның Қашғарияның отырықшы аудандарынан әкелінбегені анық. Оның бір бөлігі өзіне қарасты Моғолстан халқынан жиналған.

Жетісудың оңтүстік-батысында егіншілікпен қатар белгілі дәрежеде қала өмірі де сақталып қалған. Қазақстанның бұл жерлеріндегі отырықшы-егіншілікті және қала өмірінің неғұрлым ежелгі де тұрақты дәстүрлері осының өзінен айқын көрінеді. XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың алғашқы жартысында Тараз қаласы әлі де егіншілікті округтің орталығы болып қалды. Археологтар бірнеше шағын қалалары бар (Шелже және басқалар) Тараз округі оңтүстік-шығыс бөлігінің экономикалық жағынан бір сыдырғы жандануы егін шаруашылығын да жүргізе беруге жағдай тудырғанын атап көрсетеді.

XIV–XV ғасырларда Ақ Орданың, Моғолстан мен Қазақстан аумағындағы басқа да мемлекеттердің нығаюы барысында түркі және түркіленген монғол тайпалары мен руларының, Қазақстанды мекендеген отырықшы егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындарының шаруашылық, саяси байланыстары, өзара қарым-қатынастары мен ықпалы қайта жаңғырып, барған сайын беки түсті. Бұл тайпалардың тым жиілеп кеткен қоныс аударуы нәтижесінде, жат жұрттар шапқыншылықтарына, әсіресе әмір Темір мен Темір әулеттерінің, ойрат тайшаларының жаугершілік саясаттарына қарсы біріккен күрес барысында, көрші жерлерге, көбіне көп басқа мемлекеттер аумақтары-

на еріксіз көшу жағдайында іске асты. Қатынастар сауда-саттық процестері барысында да жақсара түсті.

Ортағасырлық қоғамның қарапайым шаруашылығы рулар мен тайпалар тұйықтығын орнықтыра түскені сөзсіз және бұл Қазақстанның далалық аудандарындағы көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындары ғана емес, солармен бірге Оңтүстік Қазақстанның егіншілікті алқаптары мен Орта Азияның отырықшы аудандарындағы тұрғындарына да тән сипат болды. Бұл енді қалыптаса бастаған халықтың ішкі және сыртқы қарым-қатынастарының дамуын шектеп келді. Соған қарамастан XIV—XV ғасырларда Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің өз ішінде де, Орта Азияның көршіліс аймақтарымен де байланысы болды. Бұл байланыстар Ақ Орда мен Моғолстанда шаруашылықтың қалпына келтіріліп, өріс алу деңгейіне сай барынша нығая түсті. Оның басты себебі мұндай қарым-қатынастардың объективті қажеттігінде жатыр. Отырықшы-егіншілікті және қала мәдениетінің аралас аумақтармен шаруашылық байланыстары, өндірістің бұл саласы экономикасының жан-жақты табиғатына сай көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының айрықша қажеттілігінен туды.

Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісу аймағынан екі шаруашылық аймағы, екі мәдениеттің — отырықшы-егіншілік пен көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық шебі өтеді: бұл аумақ ежелден-ақ Қазақстанның әр түрлі аудандарының өз арасында да, Қазақстан мен Орта Азия арасында да тұрғындардың саяси-әлеуметтік және мәдени-этникалық байланыстарының түйіскен тұсы болып табылады. Қазақстанның шекаралары айқын сызылған, тарихи жағынан оқшау, экономикалық жағынан дербес барлық үш ауданы — Оңтүстік-Шығыс, Орталық және Батыс Қазақстан халқының, оның (тұрғын халықтың) басқарушы топтарының шаруашылық, әскери және саяси мәселелерін шешу барысында үнемі Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) аумағына бой ұсынатындары тегін емес.

Тап сол байланыс аймақтары, көшпелі және отырықшы әлем түйіскен жағдайларда шаруашылық өзара араласулар, сауда қатынастары, өндіріс өнімдерін айырбастау шаруашылық екі саланың да өндірістік аса маңызды шарты болып табылды. Көшпелі мал шаруашылығының отырықшы егіншіліктің және қолөнер кәсіпшілігінің шаруашылық қызметі сипатының әр түрлі болуы себепті көшпелі және отырықшы тұрғындар ешуақытта бір-бірінен қол үзген емес, өзара экономикалық, саяси және мәдени ықпал өрісімен жалғасып отырды. Көшпелі және отырықшы құрылыс арасында айтарлықтай айқын шекара болған жоқ. Қазақстан аумағында ежелгі уақыттардан бастап шаруашылықтың көшпелі малшылық пен отырықшы-егіншілік түрлері қатар жүргізіліп, кешенді экономика өркен жайды. Көшпелі және отырықшы халықтарының, бір халық ішіндегі көшпелі және отырықшы топтарының өзара қимылдары мен қарым-қатынастары ең алдымен өндіріс сипаты, әсіресе көшпелі малшылар қажет етіп отырған бейбіт сауда қатынастарын қолдаудан айқын көрінеді. Мал шаруашылығы өндірісінің өнімдерін астыққа, матаға, қолөнер кәсібінің басқа да бұйымдарына айырбастап өткізу көшпелі шаруашылық үшін аса қажет болды. Көшпелі және отырықшы тұрғындар шаруашылығы бір-біріне қайшы келген жоқ, қайта бірін-бірі толықтырып отырды. Әсіресе бір-бірімен байланысты аймақтарда отырықшы-егін шаруашылығын дамытудың көшпелілер тарапынан түсетін сұраныс көлеміне тәуелділігі, мал шаруашылығын өрістетудің өз өнімдерін отырықшы аудандар-

дарға өткізу мүмкіндігіне байланыстылығынан кем болған жоқ. Осы өзара қажеттілік екі салада да шаруашылықты дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара қатынастары қазақ халқының этникалық даму процесінде маңызды қызмет атқарды. Тұрғындардың шаруашылықтарының сипаты әр түрлі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысатын отырықшы топтарының саяси, мәдени, әлеуметтік және этникалық өзара қатынастары мен ықпалы қалыптаса бастаған бір халық шеңберінде оның шоғырлану процесіне жақсы әсер етті. Бұл процесс Қазақстан аумағында осында көшпелі мал шаруашылықты және отырықшы егін шаруашылықты экономикаға негізделген мемлекеттер — Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы тұсында ілгері дамыды.

2. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Әлеуметтік құрылысы. XIV—XV ғасырлар ортағасырлық Қазақстан өмірінің әлеуметтік-экономикалық қатынастарды дамыту саласында да айрықша кезең болды. Шаруашылықтың бір қалыпқа түсу барысына қарай Қазақстанның оңтүстігінде феодалдық жер иелену формалары нығайды, көшпелі мал шаруашылықты аудандарда феодалдандыру процесі одан әрі жалғасты. Осы кезеңде Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттердің қоғамдық құрылысы феодалдық қатынастарға негізделді. Бұдан бұрынғы томда көрсетілгендей⁴⁹ феодалдық қатынастар Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда алдымен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда пайда болып, тезірек дамыды. Бұған осы аудандарда өндірістік күштердің, отырықшы-егіншілік пен қала мәдениетінің анағұрлым жоғары дәрежеде дамуы қолайлы жағдай жасайды. Феодалдық қатынастар Қазақстанның басқа аумағына қарағанда мұнда бұдан былайғы уақыттарда да мейлінше жоғарырақ шапшандықпен өріс алды. Өлкенің феодализм жолымен дамуына оның Орта Азия мен Қашғарияның қоғамдық қатынастары анағұрлым алға кеткен көршілес отырықшы-егін шаруашылықты аудандарымен экономикалық және саяси қарым-қатынастары үлкен ықпал етті.

Қоғамдық даму формациясының теріске шығарылған «бес мүшелі схемасымен» қатар соңғы онжылдық әдебиетінде феодалдық құрылыс та сынға алынды (марксшылдық түсінікте өндірістік әдіс ретінде). Европалық және әлемдік тарихнамада орта ғасырлар кезеңі, тарихтың капитализмге дейінгі сатысы да феодализм кезеңі деп аталады. Бірақ бұл тарихнамада феодализм ретінде әлеуметтік-экономикалық қатынастар емес, қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымы танылады. Ол мұралық ақсүйектер иеліктері — мемлекет билеушісі вассалдарының да, мемлекеттік қызметті — әскери, әкімшілік және т. б. атқару шарттары бойынша да оның өкілдері алған феодалдар жүйесінің болуымен сипатталады. Өкімет иерархиясы, вассалдық, мемлекеттік иеліктерге бөлінуі, толассыз әскери қақтығыстар мен өзара алауыздықтар⁵⁰, өкімет пен күштің заңнан басым түсуі сияқты басқа да «феодалдық» институттар қатынастарының вассалдық-лендік жүйесімен байланысты. «Феодализмнің» бұл нышандарының көпшілігі, әсіресе көшпелі ортада толып жатқан ерекшеліктері болғанына қарамастан ортағасырлық Қазақстан тарихында да болды. Феодализмді жалғыз ғана өндірістік қатынастардың емес, бір-бірімен тікелей байланысты әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани институттардың жиынтығы ретінде

кең көлемде түсіну ғана бұл атауды кейінгі ортағасырлық Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды сипаттауға мүмкіндік береді.

XIV—XV ғасырлардағы Қазақстан халқының әлеуметтік құрылымы сословиелік-таптық сипатта болды. Әр түрлі категориядағы ақсүйектер, ең алдымен Шыңғыс әулетінің өкілдері, тайпалар мен ірі рулар көсемдері билеуші жоғарғы тапты құрады. Қазақстан аумағында өмір сүрген Ақ Орда, Моғолстан және басқа мемлекеттердің жоғарғы билеушілері — хандар, сондай-ақ толып жатқан сұлтандар мен оғландар (Шыңғыс әулетінің билік құрмаған мүшелері) Жошы хан мен Шағатай ханнан тарағандар. Олар әмірлерден, бектерден, билерден, байлардан тұратын тайпалар мен ру ақсүйектеріне арқа сүйеді. Ақ Ордадағы, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстандағы түркі тайпаларының басшылары деректемелерде көп ретте әмірлер, Ноғай Ордасында — мырзалар атанған. Бірақ бұл мемлекеттердің түркі тілді ортасында «бек» деген байырғы түркі атауы неғұрлым кеңірек қолданылды. Мұны бұл атақты әскери және мемлекет аппараты қызметіндегі толып жатқан атаулардың қолданылуынан және атақты адамдардың өз есімдерінен-ақ көруге болады. Мысалға, XIV—XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуда көптеген феодалдық ақсүйектер өкілдері ұлысбегінің — Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығын ұлысбегі және басқа да мемлекет аппаратындағы қызметтерді атқарды (түменбегі, мыңбегі, түкбегі, ордабегі, үшбегі және т. б.). Бұл дәрежелер мен атақтар әлеуметтік және қызмет иерархиясының жоғарғы сатыларына көтерілген түркі ақсүйектерінің өкілдеріне берілді. Моғолстанда бұл атаққа Мұхаммед бек, Кебек бек, Қажы бек және Моғолстанның басқа да әмірлері ие болды⁵¹. Ақ Ордада — Ұрұс хан әмірі Әли бек, Едігенің інісі Иса бек осылай аталды. Әбілқайыр хандығында — Мұхаммед бек қонырат, Сопы бек шат, Сопы бек найман және т. б. осы атақты иеленді⁵².

«Бек» сияқты «би» атауы XV ғасырда Ноғай ұлысында (мысалға, маңғыттардың танымал басшысы Уақас би), Әбілқайыр хан мемлекетінде (Бұзын-жар би қытай, Сүйінші би және басқалары) XV ғасырда, кейінірек Қазақ хандығында ақсүйектер өкілдері арасында кең тарады⁵³.

«Бай» атауы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани атап көрсеткендей Дешті Қыпшақ және Моғол тайпалары арасында «дәулетті адамды, аса көп мал иесін»⁵⁴ білдірген. Оның әлеуметтік мағынасы да болды, далалық феодал тобының өкілдерін танытты (Әбілқайыр хан мен басқалардың сыбайластары — Қылышбай баһадүр, Күншірбай күшші). Монғол билігі орнағаннан кейін «баһадүр» (алғашқы мағынасы — «батыр», «қаһарман») атауы да көшпелі даладағы феодалдық атақтардың біріне айналды. Мас'уд бен Усман Кухистани мен басқа да авторлар өз шығармаларында көптеген баһадүрлерді атайды. Шыңғыс-хан шапқыншылығынан кейін тараған монғол атауы «нойонға» келетін болсақ (түркінің «бек», араб-парсының «әмір» атауларымен мәндес), XIV—XV ғасырлар деректемелерінде Моғолстан мен Ақ Орда түркілерінің арасында оның бірлі-жарым жағдайда қолданғаны ғана байқалады.

Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның отырықшы және көшпелі бұқара халқы «қараша» («қарапайым халық», «қара»)⁵⁵ деп аталды. Ұлысбек Хұдайдад әмір моғол халқын жиіркенішпен: «аразил», яғни «азғын» атаған. Сарай мағұлматтарын тіркеуші авторлар да ақсүйектерге қарсы шыққандарды «төменгі, жарамсыз адамдар» деп даттайды⁵⁶.

Әдетте деректемелерде ақсүйектерге тәуелді отырықшы, көшпелі тұрғындар «қол астындағы», «тәуелді бұқара» мағынасында «утба» аталған. Орта Ази-

яның, Таяу және Ортаңғы Шығыстың тәуелді халқы «ра'ийат» атауымен қатар осындай аталған.

Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың Моғолстан (оның оңтүстік бөлігі) тұрғындарының әлеуметтік құрылымы хақындағы мағлұматы да өте қызғылықты: «Қашғар мен Хотанның барша тұрғындары төрт топқа бөлінеді. «Туман» деп аталатын біріншісі «ра'ийаттар — қол астындағылар» дегенді білдіреді, олар ханға қарайды, жыл сайын оған салық төлейді. «Қаушын» деп аталатын екіншісі әскер дегенді танытады... Әрқайсысы астық, зат және басқа [дүниелер] түрінде табыс алатын үшіншісі — «аймақтар». Төртінші топ — шариғат қызметін атқарушылар және қайырымдылық орындарын, вақфтарды басқарушылар... және көптеген жер иеліктерін [ұстаушылар]⁵⁷. Шын мәнісінде бұл жерде әрбір қоғамдық топтың (В. В. Бартольдтің⁵⁸ айтуынша — сословиенің, таптың) рөлі ашылған: біреулері салық төлейді, екіншілері мемлекеттің әскери күшін құрайды; көшпелі тайпалар көсемдері (аймақтардың) әскери немесе мемлекеттік қызмет атқарғаны үшін белгілі бір аймақтарды, қалалар мен олардың төңірегін шартты түрде иеліктеріне алады; чиновниктер мен діни қызметкерлер өздерінің қоғамдық міндеттерін атқарып, әр түрлі жер иеліктерінен табыс табады (вақфтар, мильктер және басқалар). Деректемелер тұрғындардың мұндай әлеуметтік құрылымы XIV—XV ғасырларда Қазақстан аймағындағы басқа қалаларда да болғанын көрсетеді.

Жер қатынастары. Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан ақсүйектерінің саяси өкіметі ханнан бастап, ру көсеміне дейін экономикалық қуатқа негізделді. Оған дәстүрлі пайдалану құқығы, феодалдардың қол астындағы тайпалар мен рулар көшіп-қонып жүрген жайылымдық жерлерге де (жұрт), қыстау бастарындағы және Түркістандағы, Батыс Жетісудағы және басқа жерлердегі отырықшы-егіншілікті алқаптардың өнделетін учаскелеріне, сондай-ақ аса көп мал табындарына іс жүзінде иелік ету негіз болған.

Деректемелерде нақты фактілер келтірілген материалдардың тапшылығы жер иелену категорияларын анық бөліп көрсетуге, оның көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы жағдайларындағы ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік бермейді. XIV—XV ғасырлардағы Ақ Ордадағы Әбілқайыр мемлекеті және Моғолстандағы қоғамдық өмір тарихына қатысты қолда бар мәліметтер осы категорияларды тек белгілеуге ғана көмектесе алады.

Тұтас алғанда бұл мемлекеттегі егін шаруашылығының түрлері XIII—XIV ғасырларда Жошы және Шағатай ұлыстары мен мемлекеттерінде қалыптасқан түрлерге сай келеді. Бұл хандықтардың тұрғындары бір кездегі көшпелі монғолдардың отырықшы-егіншілікті халықтарды жаулап алу кезінде олардың неғұрлым дамыған әлеуметтік құрылысын қабылдап алғандары сияқты, монғолдар тұсында Қазақстан мен Орта Азия аумақтарында қызмет еткен әлеуметтік институттарды көп жағдайда әлі де болса сақтап қалған.

Монғолдар тұсында қалыптасып, жерге феодалдық құқықты жүзеге асырудың ұзақ уақыт сақталған бірқатар түрлері мұнда бұрын болған жерге иелік категорияларымен тікелей үндестік тапқан. Мысалға, жоғарғы билеуші мен оның отбасының, монғол инжуі түріндегі жерлер бұрын да, дәлірек айтқанда, Иран мен Орта Азияда болған. Осымен қатар, бұрын болған феодалдық иеліктер, мысалға, Қарахан әулеті дәуіріндегі иқта негізінде шартты түрде берілген жер жүйесі (сойырғал) өріс алған. Монғол уақытынан бұрын қалыптасқан вақфтық және мильктік жерлер де сақталып қалды.

Құрамына Қазақстан да кірген Монғол империясында ұлы хан билеуші

әулет басы ретінде бүкіл жердің жоғарғы иесі саналды⁵⁹. Бірақ осы жағдайда бүкіл мемлекет Шыңғыс әулетінен шыққан билеушілер тізбегінің ұжымдық иелігі болып табылды, оның әр мүшесі инжу — осы иеліктің бір бөлігін, яғни жер (жұрт) мен онда тұратын адамдарды (ұлыс) алуға құқықты болды. Бұл жағдай монғол ұлыстарында да, ал монғол уақытынан кейін оның қираған жұртында пайда болған, Шыңғыс әулеті билеген мемлекеттерде де сақталып қалды. Жерге мемлекеттің жоғарғы иелігі Шығыстағы орта ғасыр қоғамының әлеуметтік құрылысына тән ортақ сипат⁶⁰. Дегенмен бұл жерде меншіктің феодалдық мәнін өзгерткен жоқ. Өйткені жер инжу және жер түріндегі ақы ретінде Шыңғыс әулеті мен ақсүйектерге бөліп берілетін болғандықтан, табыстың салық түрінде түсетін бөлігі (егер жер түріндегі ақы «ақталған» болмаса және тархандық құқығы болмаса) хан үйін ғана емес, қоғамның бүкіл билеуші топтарын қамтамасыз етуге жұмсалды.

Инжу. XIV—XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде монғол ұлыстарындағы сияқты жерлердің инжу категориясы болды. «Инжу» атауы мен (оның монғол тіліндегі алғашқы мағынасы — «жасау») Шыңғыс әулеті рулары мүшелерінің «ханзадалардың жеке еншілері» аталды⁶¹.

Инжу дегенде тек хан руының бір мүшесіне бөлініп берілген ұлыс тұрғындары ғана емес, сондай-ақ осы ұлыстың барлық шаңырағы, яғни қамтитын аумағы айтылады. Бұл иеліктен түсетін табыс та инжу аталды. Инжуге көшпелі халықтың да, отырықшы-егіншілікті тұрғындардың да жерлері енгізілді. Инжу жерінің бір бөлігі көшпелі немесе отырықшылық салттағы оның тұрғын халқымен қоса ұлыс ханының шешімімен атқарған қызметінің ақысы ретінде оның вассалдарына берілді.

Шыңғыс-ханның үш баласына бөліп берген әскерлері (әрқайсысында 4 мың жауынгер) олардың мұраға алған еншілері — инжуі болатын. Бұл инжудің әрқайсысы отбасыларын қосып есептегенде шамамен 20 мың адамдық ұлыс құрады. Осы инжулерге — ұлыстарға сай келетін инжу жерлері Шыңғыс-хан балаларының Солтүстік-Шығыс Жетісудан жаулап алған жұрттары болды⁶², яғни Жошы, Шағатай және Үгедей инжуі олардың аса үлкен еншіліктерінің (ұлыстарының) бір бөлігі ғана еді. Еншіліктердің инжуден айырмашылығы, олар алғашында тәуелсіз иеліктер болған жоқ, өйткені барлық жаулап алынған аумақтардың жоғарғы иесі Монғол империясының басшысы — ұлы хан еді. Бірақ XIII ғасырдың орта тұсынан бастап Шыңғыс әулетіне еншіге берілген жерлер (ұлыстар) тәуелсіз иеліктерге айналды.

Әдетте хан жерлері (инжуі) ұлыстар орталығында болды. Шағатай мемлекетінің орталығы XIV ғасырдың 20-жылдарына дейін Жетісуда орналасты. Хан жерлері (инжуі) мұнда Шу, Іле, Талас алқаптарын алып жатты. Алтын Орда хандарының (Бату және басқалары) инжуі Еділ бойында болды⁶³. Қазақстан аумағындағы монғол ұлыстарының билеушілері (Орда-Ежен, Шайбани және басқа да Жошы әулетінен шыққандар) өз кезегінде отбасыларына инжу бөлді. Және олардың еншілері мұралық инжу сияқты бірте-бірте тәуелсіз иелікке айналды. Сөйтіп олар да өз кезектерінде туыстары мен вассалдарына үлес бөліп берді. Феодалдық инжу институты тұтас алғанда еншілік жүйе сияқты алдымен Монғол империясын бөлшектеп, кейін ұлыстарды да неғұрлым ұсақ иеліктерге ыдыратуға әкеліп соқтырды.

Инжу жүйесі Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында кейінгі уақытта да сақталып қалды. Орда-Ежен мен оның ұрпақтарының хандық меншікті жері (инжуі) әуелі Жетісуда (Жетісудың солтүстік-шығыс шетінде), ал кейін

Оңтүстік Қазақстанда (Орталығы Сығанақпен бірге) болды. Ұйғыр деректемелерінде Моғолстандағы инжуге қатысты мағлұматтар кездеседі⁶⁴. Инжуді мекен еткен егіншілер немесе малшылар хан сарайын, әскерлерді, қызметкерлерді, инжу иесінің толып жатқан вассалдарын қамтамасыз ету үшін қаржы төлеп тұрды.

Инжу институты негізінде пайда болған вассалдық жүйесі ұлыстық (еншілік) жүйе сияқты «феодализм өзіне тән сипаттағы вассалдық және басқа да институттарымен... осы сөздің классикалық, саяси мәнінде қалыптасқан» Монғолияның өз ішінде де кең тарады⁶⁵. Және вассалдықтың бұл инжу жүйесі Монғол мемлекетінің әскери-әкімшілік құрылымымен тығыз байланысты болғаны сөзсіз.

Шартты жер иелену. Монғол ұлыстарындағы, дәлірек айтқанда Алтын Орда мен Шағатай мемлекетіндегі сияқты түркі-монғол ақсүйектері Ақ Ордада, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанда екі категорияға бөлінді: әскери ақсүйектер (ұлыс иелері — билеушілерден, ұлыс бектерінен, түмен бектерінен, мыңдық әмірлерінен (мың бегінен) бастап, жүздік (жүзбегі) және ондық (онбегіне дейінгі әскер басшылары) және азаматтық қызметтегі ақсүйектер (финанстық, салықтық және басқа да мемлекеттік дафтарлардың бастықтары, атабектер, аталықтар, қалалар билеушілері — даруғалар және басқалары)⁶⁶. Бұл ақсүйектер өкілдері қызмет дәрежесімен бірге еншіге ұлыстар немесе аймақтар, олардың жерлерін, жұрттарын, қалалар мен елді мекендер алды.

Ақ Ордада, Әбілқайыр хандығында, Ноғай Ордасы мен Моғолстанда халықты ұйымдастырудың көшпелі ақсүйектер, түмен, мыңдық және т. б. әмірлері (бектер) иерархиялық қызметтері бойынша басқарған ежелгі түркі-монғол әскери ондық жүйесі басшылыққа алынды. Әр әскери басшының адамдарымен (ұлысымен) қоса сыйға берілген жері болды, одан түсетін табыс тиісті әскерлер құрамын ұстауға жұмсалды. Рубрук әрбір монғол басшысының өзіне бағынатын малшылар пайдаланатын жайылымдықтар шекарасын, жылдың әр мезгіліндегі көші-қондық жерлерін жақсы білетінін жазды⁶⁷. Иерархиялық бұл жүйе кейін де сақталды. Ұлыстар мен жұрттарды шартты түрде сыйға беруге негізделген бұл жүйе мемлекеттің хандар, сұлтандар, тайпалар мен рулар басшылары сияқты билеуші топтарының баюына қызмет етті. Ол еңбекші бұқараны қанаудан түскен табыстар есебінен мемлекеттің қарулы күштер ұстауына мүмкіндік берді.

Отырықшы-егіншілікті тұрғындар сияқты көшпелі ұлыстардың да ханға, сұлтанға, әмірге, ақсүйектердің басқа да өкілдеріне тәуелді болуы осы ұлыстың-жұрттың жерінде, жайылымдықтарында феодалдардың билік жүргізуін қамтамасыз етті. Деректемелерде белгілі бір жұрттың нақты иесі болғанына айғақтар келтірілген: мысалға, Қаракөл Енге төренің жұрты болды; Қошқар-Жұмғал аймағындағы Ыстықкөл маңындағы жерлер әмір Жаһаншах дуғлаттың жұрты еді. Жұрт ұлыс билеушісінің немесе тайпа басшысының жеке меншігін құрады. Меншікке берілген елді, яғни халықты билеу іс жүзінде жұртқа иелікті танытты. Көшпелі ақсүйектердің бұл өкілдеріне бағынған қатардағы көшпелілер, отырықшы егін шаруашылығымен айналысатын аймақтардағы егіншілер сияқты, белгілі бір жайылымдықтық немесе жер бөлігінің уақытша ғана ұстаушысы саналды. Тайпа көсемдері іс жүзінде тайпаның барлық істерін басқарды: көші-қон мәселелері, басқа тайпалармен күрес, орталық хан өкіметін қолдау немесе оған наразылық білдіру т. б. Олар тайпа өмір сүрген ауданда әкімшілік-саяси билік құрды. Қатардағы көшпелі

бұқара малға жекеменшік құқығы болғанына қарамастан жайылымдықтарды пайдалану, көші-қон бағыттарын тандау жөнінде жайылымдық жерлердің іс жүзіндегі иесі — ханға немесе феодалға тікелей тәуелді болды.

Тайпаның малы аз қатардағы мүшелері қауымдық жайылымдықтарды аз мөлшерде ғана пайдаланды; малы жоқтар «қауымдық жайылымдықтарды» пайдаланушылар қатарынан шығарылып тасталды. Ал ауқатты мал иелері шұрайлы жерлерді, жайылымдықтар мен егістік алқаптарды іс жүзінде бейне өз меншігіндей пайдаланды. XIV ғасыр саяхатшыларының сөздеріне қарағанда бірнеше ондаған мың малы болған Алтын Орда, Ақ Орда тайпаларының билеуші топтары барлық жайылымдықтарды, өнделетін жерлерді, су көздерін іс жүзінде шектеусіз пайдалана алды. Мысалға, жайылымдықтарды өз меншігіндей пайдаланған әмір Сайид Әли дуғлаттың өте көп малы болған. Сайид Әлидің жеке жасағының өзі үш мың адамға дейін жеткен. Оның иелігінен түскен қол астындағы тұрғындардан салық түрінде жиналған табыс осы жасакты ұстауға (қоналғы) жұмсалды⁶⁸. Деректемелерде бұл жайылымдықтар мен егістік жерлер «икта» атауымен — оның атасы Хұдайдад дуғлаттың әскери қызметі үшін алған сыйға берілген жері деп аталды. Шын мәнінде бұл жерлер Хұдайдад ұрпақтарының мұрагерлік меншік жерлеріне айналды. Хұдайдад әмір дуғлаттың өз қол астында 64 мыңға дейін отбасы — 300 мыңдай адам болды.

Көші-қондық жерлерді басқару, тәуелді малшылардың көші-қонын реттеп отыру, жайылымдықтар мен өнделетін жерлерді өзі пайдалану құқығы арқылы шын мәнісінде жерге жеке меншікті іске асырды⁶⁹.

Әскери қызметі үшін шартты түрде берілетін сый-тарту Алтын Ордада елдер және ұлыстар деп аталды. XIV ғасырда Орта Азия мен Ирандағы Темір мемлекеттеріндегі сойырғал атауы сияқты Алтын Ордада, кейін Ақ Ордада, Әбілқайыр хандығында иеліктің осы түрі барған сайын жиі қолданыла бастады. Жерді шартты түрде сыйға тарту Моғолстанда да сойырғал сипатын алды.

Орта Азия мен Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда сонау Қарахан әулеті тұсында пайда болып, монғолдар тұсында икта түрінде сақталған сойырғал ежелгі шартты түрде жерді сыйға берудің жетілдірілген түрі еді. Икта иесінің (иктадардың) сыйға берілген аумақтағы жерге, суға, адамдарға құқығы болды. Көп ретте иктадарлар салық та төлемеді. Икта иелігі мұрагерлік жолымен берілмеді. Сойырғал көшпелі ақсүйектердің малшылар мен отырықшы егіншілікпен айналысатын тұрғындарға үстемдік ету түріне айналды. Сойырғал иесі салықтан ғана емес, ол әкімшілік-сот үкімінен де босатылды⁷⁰. Әскери қызметі үшін сойырғалға берілетін шартты иеліктерге айналған жерлер иесіне көшпелі немесе отырықшы тұрғындарымен қоса тапсырылды, сойырғалға ұлыс, уәлаят билеушісі қызметі де берілді. Алтын Ордадағы сыйға берілген шартты жерлер мағынасындағы сойырғалдар туралы Тоқтамыс пен Темір-Құтлық жарлықтарынан да белгілі⁷¹.

XIV ғасырдың 20-жылдарында Ақ Орда билеушісі Ерзен хан өз туыстарына — Жошы әулетінен шыққан сұлтандар мен көшпелі тайпа ақсүйектеріне сойырғал түрінде сыйға берілетін үлесті иеліктерді ретке келтіруге байланысты бірқатар шаралар белгіледі. Му'ин ад-дин Натанзи: «Ол ұрығының 700-ге тарта адамын жалпы қайырымдылыққа қатыстырып, олардың әрқайсысына енші (куби, монғолша хуби — үлес, енші) және аймақ (сүбе) әзірледі... және үлкендердің ешқайсысы кішілерге қысым көрсеткен жоқ...»⁷² деп жазады.

Сойырғалдар Ақ Ордада XIV ғасырдың екінші жартысында да сақталып келді. Низам ад-дин Шами Ақ Орда билеушісі Ұрұс ханның әскербасылары-

ның бірі, Ұрық-Темір әмір 1377–78 жылдары Тоқтамыспен бірге Самарқандағы Темірге қашып кеткен соң, Ұрұс ханның оған сойырғалға берілген еншісін басқа бір феодал, Тойшыға бергенін жазған⁷³. Әбілқайыр хан билік құрған кезеңде Оңтүстік Қазақстан қалалары да хан тұқымының мүшелері мен көшпелі ақсүйектер өкілдеріне сойырғал түрінде еншіге таратып берілді. 1446 ж. Жошы әулеті мен Темір әулетінен бұл қалалардың бірқатарын тартып алған Әбілқайыр Созақты Бақтияр сұлтанның, Сығанақты Манедан оғланның, Үзгентті Уақас би маңғыттың еншісіне берді⁷⁴. Олардың барлығының қол астында көшпелі халық та болды. Ақ Орда хандары, кейінірек қазақ хандары Темір әулеті, Шайбани әулетінен қаратып алған Түркістан қалаларын феодал ақсүйектердің еншісіне беруді кең қолданды. Сойырғал ретінде жерді сыйға тарту Моғолстанда да феодалдық шартты иелік сипатына айналды. «Та'рих-и Рашидиде», «Бахр әл-асрарда» және басқа да деректемелерде Моғолстан хандарының хан тұқымының мүшелері мен әскери ақсүйектер өкілдеріне Оңтүстік Қазақстанның жаулап алған аумақтарындағы, Ташкент, Шығыс Түркістан ауданындағы (Ақсу, Бай, Куша және т. б. қалалар) қалалар мен оның төңірегіндегі округтерін сыйға бергені туралы жиі айтылады. Мұндай сый көрсеткен әскери және материалдық көмегі үшін немесе әскери әлде әкімшілік қызмет атқарғаны үшін құрмет ретінде берілді⁷⁵. Отырықшы егіншілер мекендеген (мысалға, Шу-Талас алқабы) аудандар, сондай-ақ Моғолстанға тәуелді аумақтарда орналасқан қалалар мен ірі елді мекендер ғана емес, солармен қатар Қазақстанның көшпелі аудандары да, яғни Солтүстік-Шығыс Жетісу мен Тянь-Шань баурайы да сыйға тарту объектісі болды. Деректемелерде дуғлат тайпасының ұлысбегі бастаған ақсүйектері өкілдерінің феодалдық иеліктері туралы нақты мағлұматтар көбірек кездеседі.

Дуғлат ұлысбектері Моғолстанда қызмет сатысының ең жоғарғы шыңына дерлік көтерілді. Нақты өкімет билігіне тек кей кездерде ғана қолы жеткен хандар тұсында ұлысбектер іс жүзіндегі билеушілерге айналды. Аса ірі мұрагерлік иелік — Маңлай Сүбенің еншісін солар иеленді. Ұлысбегі тікелей армияға басшылық етті, мемлекеттің көптеген ішкі істерін жүргізді. Ол чиновниктер аппаратын басқарып, алым-салықтар жинауды, финанс қаржыларының жұмсалуды бақылады. Ұлысбегі қызметін ұзақ уақыт бойы дуғлаттар — Хұдайдад әмір мен оның ұрпақтары атқарды, солардың қатарында Мұхаммед Хайдар Сайид Әли әмірді, өз атасы Мұхаммед Хайдар мен әкесі Мұхаммед Хұсайын мырзаны атайды⁷⁶. Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда Шыңғыс-хан кезінің өзінде дуғлат әмірлеріне Қашғарияның бір бөлігі (Маңлай Сүбеге), сонымен қатар жер иеліктерімен тағы да жеті «сыйлық» (немесе «артықшылық» — мансап) берілген көрінеді. Бұл әңгіменің тым көтермеленкіреп айтылуы да мүмкін. Тоғлық-Темір хан мен Қызыр ханның тұсында ұлысбегіне берілетін сый-тарту саны он екіге дейін ұлғайтылды, соған сай ұлысбегінің құқығы да өсті. Олардың ішінде ең бастылары мыналар: дуғлаттар басшысы «бүкіл моғол ұлысының бас әмірі» болды, оның есімі фирмандарға (хан жарлықтарында) «моғол ұлысының сардары» деп жазылды, яғни ол «бұл туралы ханға баяндамай-ақ қосын әмірлерін, яғни әскер бөлімдерін қызметтен босатып немесе (кез келгенін) қызметке тағайындай алатын» бүкіл әскерлердің бас қолбасшысы болып табылады. Оның барлық жарлықтары хан мен ұлысбегінің мөрімен бекітілді, бұл жағдайда соңғысының мөрі хан мөрінен төмен басылды.

Ұлысбегінің қызметі дуғлат руының мұрагерлік артықшылығы болды;

барлық он екі «сый-тарту» сол артықшылығымен және дуғлаттардың ең үлкен жер иелігі — Маңлай Сүбе еншісімен бірге тура мұрагерлік жолымен ұрпақтан ұрпаққа ұласып, осы тайпа көсеміне ауысып отырды.

Мұхаммед Хайдар Маңлай Сүбе дуғлаттарының иеліктерін кейде «икта» деп атайды. Бұл шамасы тарихи-әдеби дәстүр құрметі болса керек, өйткені дуғлат феодал-ақсүйектерінің құқықтары иктаны классикалық түрде қамтамасыз ететін құқықтардан әлдеқайда кең⁷⁷. Ұлысбектер Маңлай Сүбені сойырғал құқықтарында пайдаланды, оны тәуелсіз иелікке айналдыруға айқын күш салды.

Моғол мемлекетінде басқа да шартты түрде сыйға берілетін көбіне көп өткізгіш үлкен көлемдегі, иелері орталық үкіметтен толық дерлік тәуелсіздік алған феодалдық үлестіктер де болды. Мысалға, XV ғасырдың аяғында Шығыс Жетісудағы Ахмет сұлтан үлесі осындай еді. Ол бұл үлестік жерінде әкесі Жүніс ханның тұсында, кейін ағасы Махмұд ханның кезінде билік жүргізді. Моғолстанда Әбдірашид (Абд ар-Рашид) сұлтанның XVI ғасырдың басында Са'йид ханнан басқаруға алған үлесі де осындай болды⁷⁸. Сыйға берілген аумақтар (қала, егіншілікті округ немесе көшпелі тайпа жұрты) әдетте басқаруға берілген болып есептелді, яғни шартты түрде сыйға берілген жер мирасқорлықтың (хакімдіктің) әкімшілік құқықтарымен астасып жатты. Аймақ, қала немесе көшпелі тайпалар өмір сүретін аумақтар иесі еңбекші бұқарадан түскен салықтың бір бөлігін ханға беруге тиісті болды, ал бір бөлігін өзінің жеке жұмсауына, өзі әскери қимылдарға немесе жорықтарға алып шығатын әскерлерді ұстап, басқару үшін алып қалды.

Хандар көшпелі ұлыстарды жер аумақтарымен бірге жекелеген феодалдарға, рулар мен тайпалар көсемдеріне тұрақты қызметі үшін ғана емес, сонымен қатар нақты әскери ерліктері, хан алдындағы жеке еңбегі үшін де сыйға үлеске берді. Деректемелерде мұндай сыйлық үлес беру фактілері жиі келтіріледі. Мысалға, «Та'рих-и Рашидиде» Жетісудағы Іле өзенінде қалмақтармен (ойраттармен) шайқас кезінде Уәйіс ханға қарамағында қызмет ететін әмір Сайид Әли дуғлат көмек көрсетті, оған астындағы атын беріп, Іледен өткізіп жіберді. Осы қызметі үшін хан оған бес аймақ берді⁷⁹ (көшпелі рулар мен тайпалар), оның үшеуі Хотан облысында болатын (басқа екі аймақтың қай жерде екені айтылмаған) дейді. Бұл дерек Шығыс Түркістанға қатысты болғанымен, ол Қазақстан тарихы үшін де маңызды. Шығыс Түркістан мен Моғолстан (Жетісу мен Тянь-Шань бөктерлері) аумағы да бірыңғай құқықтық нормалар мен құрылымдар іске асырылған моғол хандары мемлекетіне кіргені белгілі. Бұл деректің құндылығы көшпелі рулар мен тайпалар нақты белгіленген бір аумаққа тұрақтаған және аталған шартты сыйға тартылған жер онда тұратын, осы аумақтың жайылымдықтары мен егіншілікті алқаптарын пайдаланып отырған халқымен бірге бөлінетіндігін дәлелдейді.

Моғолстанда, Ақ Ордада, Әбілқайыр хандығы мен Ноғай Ордасында хандардың феодалдармен вассалдық қатынастарында тархандық сый тарту жүйесі тәжірибеде кең қолданылды. Мұндай сыйды алған феодал мемлекет пайдасына салық төлеуден босатылды, ханға еркін кіру құқығы болды, әскери олжасын ешкіммен бөліспеді, тоғыз рет жазалаудан босатылды.

Моғолстан ұлысбегінің жоғарыда аталған артықшылықтарының бірін оған тархандық құқықтары әперді. Мұхаммед Хайдар еңбегінде «тоғыз қылмыс құқығы» туралы егжей-тегжейлі мағлұмат берілген: «Поладшы әмір балаларының кез келген ұрпағының барлығы да тоғыз қылмыс жасағанша жазаға

тартылмайтын болсын. Ол оныншы қылмысын жасаған кезде оны екі жастағы ақбоз атқа мінгізіп, сот болатын жерге әкелсін, [атқа мінген адамның] мерейін асыру үшін ат тұяқтарының астына тоғыз ақ киіз төселсін. Оның сөздері барлас ханға (әмірге) жеткізілсін, ал хан сөздерін барластық екінші әмір [хан отырған] төбенің басынан оған жеткізіп тұрсын. Осындай жолмен тергеу жүргізіліп, оның қылмысы өлім жазасына кесуге лайық екендігі дәлелденсе, онда тоғыз қылмысы анықталғаннан кейін күре тамырынан қан жіберілсін...»⁸⁰. Дуғлат әмірлерінің жер иеліктері салық төлеуден босатылды.

Моғол ұлыстарында тархандық кең қанат жайды. XIV ғасырдың аяғында Алтын Орда мен Ақ Ордада Тоқтамыс (хижраның 794 ж.) пен Ұрұс ханның немересі Темір-Құтлықтың берген (хижраның 800 ж.) тархандық екі жарлығы сақталып жеткен⁸¹. Тоқтамыстың жарлығы көшпелі Бекқожа феодалдық иеліктерін міндеттіліктен және мемлекеттік қазынаға салық төлеуден босатады, ал Темір-Құтлық грамотасы Мұхаммед деген біреудің артықшылықтар өперетін құқықтарын бекіткен. Тархандық мұрагерлік жолымен оның ұрпақтарына көшкен, оны жаңа хандар бекіту грамоталарымен куәландырған. Тархандық (иммунитеттік) грамоталарды хандар немесе ұлыс билеушілері — сұлтандар феодал-ақсүйектер өкілдеріне (ұлысбектеріне, бектерге, әмірлерге, мұсылман дінбасыларына) берілген, кейде мұндай атақтарға қалалар да ие болған. Ұрұс ханның ұрпағы Ақ Ордадағы «ел» және «уәлаят» иесі Күншік оғлан тархан құқықтарын алды⁸². Әбілқайыр ханның серіктерінің ішінде көптеген әмірлер мен бектер тархандар құқығын алған⁸³. Жақсы бек, Кебек-Қожа және басқа да Әбілқайыр хандығында үлесті жер иеленген бектер тархандар болды. Сөйтіп, XIV—XV ғасырлардың аяғында Қазақстанда көшпелі және отырықшы егіншілікпен айналысатын аудандар феодалдарының тархандық құқықтары жеткілікті дәрежеде кең тараған. Олар әртүрлі категориядағы шартты түрде берілген сыйлық иелеріне де, тархандық (иммунитеттік) құқықтарды алғанға дейін мемлекет пайдасына салық төлеп келген басқа адамдарға да берілді.

Жазбаша деректемелерде жеке меншік құқықтарына, соның ішінде басып алу құқығына да негізделген жер иелігінің болғаны жөніндегі мысалдар аз емес. Мысалы, дуғлаттардың Жетісу аумағында Шу және Талас алқабында көшіп-қонып жүретін бөлігін билеу Қамар ад-дин әмірден кейін оның баласы Жаһаншахқа мұра болып қалғаны айтылады. XV ғасырдың 30-жылдарында Ыстықкөл жағалауындағы жерлерді басып алып, онда бекініс салған бекшік әмір Хақбердінің мұрагері, оның немере інісі бекшік Мир Ибраһим болды және т. т.

Билеуші әулет мүшелерінің және ірі тайпалық-рулық ақсүйектердің қызмет көрсету шартымен жерді сыйға алуының мұрагерлік иелікке айналу тенденциясы болды, ал уақыт өте келе олар таза жер меншігі (мильк) формасына ие бола алатын еді. Мильктік жерлер, көп ретте, бұл жерлерді мұраға қалдыру құқығын алған феодал-ақсүйектердің шартты жер иеліктеріне айналды. Сондай-ақ феодалдық өзара қақтығысулар кездерінде күшпен тартып алынған жерлер де, соның ішінде неғұрлым ұсақ та өлсіз басқа рулық-тайпалық бөлімшелер малшылары жайлаған көші-қондық жерлер де милькке айналдырылды. Бекіністер, шағын елді мекендер салу жерге, соның ішінде көшпелі мал шаруашылықты аудандарда да жеке меншікті нығайта түсті. Кейде жеке иеліктегі жерлер тархандық құқық алды, яғни салықтардан толық босатылды. Тархандық құқығымен іс жүзінде мұрагерлік жеке меншікке айналған дуғлат-

тардың феодалдық топтарының иеліктері осындай болды. XIV—XV ғасырларда Қазақстанда етек алған көші-қондық жерлерге, су көздері мен егіншілікпен айналысатын қоныстарға иелік құқығы мәселесіне келетін болсақ, Абд ар-Раззақ Самарқандидің Ақ Орда ханы Барақтың Сырдария қалалары мен оның төңірегіндегі жайылымдықтар жолындағы күресінің себептері хақындағы мағлұматтарының маңызы зор.

Оңтүстік-Батыс Жетісудың отырықшы егіншілікпен айналысатын аймақтары мен қалаларында (мысалға, Тараз ауданындағы мешіттер мен мазарлар маңында), сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан қалаларының барлық аумағында — Сығанақта, Ясыда (Түркістанда), Отырар мен Қазақстанның мұсылман дінбасыларының ықпалы күшті болған басқа да аудандарында вақфтық жерлер, яғни мұсылман діни мекемелерінің жерлері, сол сияқты мұсылман діні қызметкерлерінің жеке меншік жерлері де өте көп болды.

Қазақстанда феодалдық қатынастар таза түрде болған жоқ. Мал шаруашылығы экономикасының тоқыраушылық сипаты көшпелілердің рулық-тайпалық құрылымының сақталып қалуына әкеліп соқтырды. Ақсүйектер малшылардың дәстүрлі рулық-тайпалық және әскери құрылымын өз мүдделеріне пайдаланды. Тайпалық құрылым феодалдық құрылысты іс жүзінде бүркемелеп келді⁸⁴. Рулар мен тайпалар сырттай қарағанда жайылымдық жерлердің, егістік учаскелердің иесі сияқты болып көрінді, бірақ барлық жерге іс жүзіндегі құқық хан (бүкіл жердің жоғарғы иесі), сұлтандар (үлесті жер өміршілері), байлар, әмірлер, бектер (рулар мен тайпа басшылары) қолында болды.

Рулық-тайпалық ақсүйектер өз тайпаластарының жерлерін ғана пайдаланған жоқ, сонымен қатар көп жағдайда басқа топтардың да жерлерін иемденді. Ақ Ордада, Өзбек хандығы мен Моғолстанда жүзеге асырылған басқарудың үлесті мемлекеттік жүйесі, жоғарғы билеушілер тарапынан феодалдарға сыйға үлесті жер беру көшпелі ақсүйектер басқарған басқа мемлекеттердегі сияқты өздеріне бағынышты рулар мен тайпаларда ғана емес, үлесті жерге кіретін отырықшы егіншілікпен айналысатын басқа да аудандар тұрғындары арасында да билік жүргізуді жүзеге асыру үшін өте қолайлы болды. Сонымен қатар бұл жүйе орталық өкіметті әлсіретіп, жиі-жиі соғыстар мен өзара қақтығыстарға әкеліп соқтырды. Сөйтіп, елдің экономикалық және мәдени дамуына, халықтың этникалық топтасуына үлкен зардабын тигізді, еңбекші бұқараның ауыр халін нашарлата түсті.

Салықтар мен міндеткерліктер. Ақ Орданың, Моғолстанның Әбілқайыр хандығының, Ноғай Ордасының еңбекші халқы толып жатқан міндетті төлемдер өтеп, ақсүйектер мен мемлекет пайдасына салық төлеп отырды. Олардың көпшілігі монғол мемлекеттері уақытынан бері сақталып келді. Тұрғын халық *тағар*, *қалан*, *құшыр*, *зекет* және басқа да салықтар төледі. Тағар — әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қажетті заттай жиналатын салық. Ол Ұлықбек тұсында Саураннан, Сайрамнан, Отырар мен Йанги-Тараздан, яғни Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның оның әскерлері тұрған аймақтарынан алынды. Моғол хандары да Оңтүстік-Батыс Жетісу мен Қашғарияның өз қол астарындағы отырықшыларынан тағар жинады. Тағардың нақты көлемі белгіленбей, хан мен басқа да феодалдардың шешіміне байланысты жиналды.

Тағармен қатар құшыр және қалан салықтары салынды. Мұның соңғысының жан басына салынатын құшырдан айырмашылығы, ол жер көлеміне қарай белгіленді⁸⁵. Құшыр көшпелі тұрғындардан жиналатын негізгі салық болды,

ол да Қазақстанда монғол шапқыншылығынан кейін салына бастады. XIII—XIV ғасырларда құшыр барлық монғол мемлекеттеріне, соның ішінде Алтын Орда мен Шағатай ұлысына да тарады; «құшыр» атауымен іс жүзінде көшпелі малшылардан да (мал басының 1%-і көлемінде), қалалар мен қоныстардағы егіншілікпен айналысатын тұрғындардан да жан басына немесе мал басына салынатын алымды білдірді. Салық әскерлерді, почтаны, чиновниктер аппаратын ұстауға жұмсалды⁸⁶. Құшыр Қазақстанда көшпелі тұрғындардан кейініректе де жиналды.

Моғолстан ханы Тоғлық-Темірге оның мемлекетінің отырықшы бөлігі — Қашғария тұрғындары берген өтінішінде қалан салығы жайлы айтылады. «Моңғол хандарынан бастап, бұрынғы хандар тұсында, арыз берушілерге — бақтар иелеріне қаланды бөлу кезінде инжу [жерінде отырғандардан] қалан алынбайтын, ал олар үшін аса ауыр болып отырған қазіргі уақытта екі есе салық төлеуді талап етіп отыр»⁸⁷. Деректеменің бұл нақты мағлұматы Моғолстанға кіретін отырықшы аймақтарға байланысты. Ол Тоғлық-Темірдің басқыншылық жоспарларын жүзеге асыруға қажетті аса көп әскер ұстауды қамтамасыз ететін шығындарға байланысты қанаудың күшейе түскенін білдіреді. Және ол егіншілікті аудандар ғана емес, Жетісудың мал шаруашылығымен айналысатын аудандарын да қамтиды.

Көшпелілер хандар мен сұлтандар пайдасына мал басынан жиналатын шариғаттағы негізгі салық — зекет төлеуге міндетті болды⁸⁸. Зекет Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы қолөнершілер мен саудагерлерден де жиналды. Түркістанның отырықшы егіншілікпен айналысатын және қала тұрғындары басқа да салықтар төлеуге (*хараж, баж, мал-у-жиһат* және т. б.), дамылсыз келіп тұратын чиновниктерді, хан жаушыларын қамтамасыз етуге байланысты күш-көлік, почта (*жамылғы, қоналғы* және т. б.) сияқты еңбек төлемдерін атқаруға міндетті болды.

Далалық аудандардағы қатардағы көшпелілер де заттай алым-салықтар төледі; міндетті төлемдер мен жұмыстар атқарды (*соғым, сыбаға, сабары, пішкеш, сауын* және т. б.)⁸⁹. Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның көшпелі және жартылай көшпелі еңбекші бұқарасы қол астындағы халықтың санына сай көлемдегі әскери жасағымен ханға келіп қосылуға тиісті тайпа басшысы әскерлері құрамында әскери міндетін өтеуі қажет болды; «мындық» әмірі — амир-и хазара мың адамдық әскери жасақ әкелуге міндетті. Бұл міндеттер тайпаның қатардағы мүшелеріне тым ауыр тиді. Өйткені ол тым үлкен шығындарға соқтырып, қарапайым көшпелілерді мал шаруашылығындағы қыруар жұмыстарынан қол үзуге мәжбүр етті.

Феодалдық қатынастардың дамуына байланысты әлеуметтік, мүліктік теңсіздік өсіп, егіншілер мен малшыларды қанау күшейе түсті. Ақ Ордадағы, Моғолстандағы, Әбілқайыр хандығы мен Ноғай Ордасындағы толассыз соғыстар мен өзара алауыздық қырқысулар жағдайында бұқара халықтың әр түрлі формадағы қарсылықтары айқын көріне бастады. Деректемелерде белгілі бір рудың немесе тайпаның, болмаса оның бір бөлігінің өзі тәуелді мемлекет басының немесе оның үлестік билеушісінің қарамағынан көшіп кеткендері айтылады. Мұндай көшіп кетулерге жайылымдықтарды заңсыз басып алу, шектен тыс ауыр салықтар, соғыстар, бүліншіліктер кездерінде мал-мүліктерін тікелей тәркілеу себеп болды. Ақсүйектердің оппозициядағы тобы халық бұқарасының наразылықтарын белгілі бір ханға немесе сұлтанға қарсы күрес үшін пайдаланды.

Ақ Орда мен Моғолстанда әлеуметтік қатынастардың дамуына бұл мемлекеттердің Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Түркістандағы қалалық және отырықшы-егіншілікті мәдениеті дамыған аудандар құрамына кіру факторы ықпал етті. Деректемелер жоғарыда аталған мемлекеттер билеушілерінің Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Түркістанның егіншілікті және қалалық орталықтарына жол табу үшін үнемі әрекет жасап отырғандарын көрсететін (әскери немесе бейбіт) материалдар береді. Көшпелілердің бір бөлігі осында отырықшыланған. XIV—XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихын зерттеуші П. П. Иванов былай деп жазады: «Өздері өмір сүрген барлық уақыттарда көшпелі қоғамдар ішінде кедейленген туыстардың үлкенді-кішілі топтары болды. Олар үшін әр түрлі әлеуметтік жағдайларға сай шиеленісе түскен шаруашылық дағдарыстан шығудың бір мүмкіндігі отырықшылыққа көшу және отырықшы аудандарда егіншілік еңбекпен айналысу болып табылды. Дүние-мүлкі жоқ және тым шағын дала тұрғындарының басым бөлігі өз тайпасының дәулетті мүшелеріне экономикалық жағынан тәуелді болды, сондықтан өз тағдырын осы ауқатты туыстарымен байланыстыруға мәжбүр еді»⁹⁰. Көшпелі ақсүйектер байлығының өсуі (ең бастысы мал санының артуы) жайылымдықтардың ру және тайпа басшыларының қолына көшуге қамтамасыз етті; малға жеке меншік іс жүзінде жерге, ең алдымен жайылымдықтарға иелік ету құқығын ала келді. Екінші жағынан, көшпелі тайпаның малынан айрылған қатардағы мүшелері қауымдық жайылымдықтарды пайдалану құқығын да жоғалтты. Дегенмен отырықшылыққа және жартылай отырықшылыққа көшу оларды тәуелділіктен құтқара алған жоқ. Өйткені иқтаға немесе сойырғалға ие болып отырған көшпелі феодал алқаптарда орналасқан өнделетін жерлерге де билік жүргізді.

XIII—XV ғасырлардағы Қазақстанның саяси тарихы толассыз өзара алауыздық қақтығыстарға, Шыңғыс әулетінен шыққан толып жатқан хандар мен хан билігіне үміткерлер мен ақсүйектердің өздерінің қол астындағы аумақтарды кеңейте түсу жолындағы күресіне толы. Бұл соғыстар жер байлығы мен бағынышты адам санын ұлғайтудың басты құралы болды. Монғол ұлыстары, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Өзбек хандығы мен Моғолстан билеушілері басқыншылық саясат жүргізді. Олар олжа түсіру мақсатындағы шапқыншылықтарға ғана қызыққан жоқ. Жаңа жерлер жаулап алып, тиісінше міндетті төлемдер, алым-салықтар жинайтын өздеріне тәуелді адам санын ұлғайтуға күш салды. Ақ Орда билеушілері мен Әбілқайыр хан Мауараннахрдағы Темір әулетімен үнемі күрес жүргізе отырып, Сырдария қалаларын, оның төңірегіндегі егіншілікті аймақтар мен Сырдарияның ұзына бойындағы қысқы көші-қондық жерлерді уыстарынан шығармауға тырысты. Ноғай мырзалары шапқыншылық жасап, осы аумақтарға дейін жетті. Олардың бірқатары бұл жақтан үлестіктер де алды (Мысалға, Әбілқайыр ханды қолдағаны үшін). Моғол билеушілері Моғолстан шекараларын кеңейту мақсатымен батыста Түркістан мен Ферғананы басып алмақ болды, шығыста моғолдар Хами мен Турфан үшін ойраттармен шайқасты. XV ғасырдың 70-жылдарында Жүніс хан бұл мақсатты аз да болса орындай алды (ол Ташкентті, Сайрамды басып алып, осында ұзақ уақыт тұрақтады).

Хандар ғана емес, солармен қатар үлес иелері, тайпалар, ұлыстар билеушілері де өз қарамағындағы адамдар мен жерлерді ұлғайтуға ұмтылды. Көшпелі феодалдар да, отырықшы феодалдар да жер мен жайылымдықтар, егістік учаскелер, су көздері үшін өзара үздіксіз соғыс жүргізді. Ақ Орда,

Өзбек хандығы, Моғолстан тарихы тайпа басшыларының жер иелену жолындағы кескілескен күресіне толы. Тайпа феодалдарының басып алған жекелеген аудандарға, үлкен жер учаскелеріне құқығы қамал салған соң біржолата бекіді⁹¹.

Шонжарлар қолында аса мол байлықтың шоғырлануы олардың саяси қуатын күшейтіп, тәуелсіздік алуға итермеледі. Әр түрлі бағыттағы Шыңғыс әулеті өкілдерінің өкімет билігі жолындағы толассыз күресі, XIV—XV ғасырларда Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде саяси өкіметтің қайта-қайта орталықсыздануы, жекелеген билеушілердің дербестігі барған сайын күшейе түсті. Тайпалар ақсүйектері орталықтан тәуелсіз болуға ұмтылды, бірігуге қарсылық көрсетті, үлестік иеліктерінде өздерін біржолата тәуелсіз сезініп, өзара алауыздық отын тұтатумен болды.

Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандықтарының хандары сәтті соғыстармен пайдақұмарлық ниеттерін тап басып, көшпелі ақсүйектер арасынан сүйеніш табуға күш салды. Әскери олжа табумен, басып алған жаңа жерлер есебінен аумақтарын ұлғайтумен қатар оларға әр түрлі сый-тартулар, соның ішінде сыйға жерлер беру арқылы да қызықтыра түсті. Үнемі тәуелсіздікке ұмтылып отырған қуатты рулық-тайпалық ақсүйектер әр уақытта бірдей хан өкіметінің сенімді тірегі бола қойған жоқ. Сондықтан да хандар өз айналасына тап осы үкіметке қарыздар адамдарды топтастыруға ұмтылды. Соның нәтижесінде ақсүйектердің ханға шын пиғылдарымен қызмет ететін жаңа тобы пайда болды; оларға өмірбақи иелікке берілген сыйлық жерлер алған атағымен қоса мұрагерлік жолымен ұрпақтарына көшірілді. Мысалға, Моғолстан ханы Қызыр-Қожаның айналасындағылар осындай мақсатпен қалыптастырылды. Өзіне өкімет билігін басып алу кезінде Қамар ад-дин әмірдің көрсеткен көмегі үшін Қызыр-Қожа хан «қарапайым» он екі адамды көтеріп, оларға жоғары қызметтер, үлестіктер берді, олардың әрқайсысы өмір атағын алды. Көптеген хандар ежелгі көшпелі билеуші топқа жаңа қызметкер ақсүйектерді қарсы қою саясатын жүргізді, бұл ірі ру басыларының наразылығын тудырды⁹².

Қазақстанда қоғамдық қатынастардың дамуына ислам идеологиясы үлкен үлес қосты. Қоғамның билеуші топтары қоғам мен мемлекетті басқару ісінде одан қолдау тауып, тірек етті.

XIV—XV ғасырларда Қазақстан тұрғындарының одан әрі айқын әлеуметтік жіктелуге ұшырауы, қоғамның кедей және аukatты топтары, билеуші және оның құқықсыз мүшелері арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі, ақсүйектердің бір бөлігінің өз мүдделерін қорғайтын мемлекеттік өкіметтің құрылып, нығаюына құштарлығы және тап осы уақытта, оның екінші бөлігінің жоғарғы өкімет билігіне үнемі қарсы шығуы, өзара алауыздық қырқыстар тудыруға ынталылығы — осының барлығы тікелей таза қазақ мемлекетінің құрылуы алдындағы кезеңде Қазақстан аумағында өмір сүрген феодалдық мемлекеттердің саяси-әлеуметтік өмірін сипаттайды.

3. АҚ ОРДАНЫҢ, МОҒОЛСТАННЫҢ, ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНЫҢ, НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ӨКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫСЫ

XIV—XVI ғасырлардағы деректерде Ақ Орда, Моғолстан мемлекеттері, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы дәстүр бойынша, Монғол империясы құрамындағы Шыңғыс ұрпағы иеліктерінің бұрын аталып келгеніндей, ұлыстар

деп аталады. Ұлыстар империя шеңберінде билеуші әулет мүшелерінің үлесті иелігі болып саналатын, бірақ «ұлыс» ұғымы сонымен қатар «мемлекет» деген де мағына алды. Мәселен, Жошы, Шағатай ұлыстары дербес мемлекеттер болды. XIII—XIV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпағының иеліктері «Бату ұлысы», «Берке ұлысы», «Өзбек ұлысы»⁹³ деп аталды. Ақ Орда да XIV ғасырдың екінші жартысында «Ұрұс хан ұлысы» аталды, Моғолстан мемлекеті де билеуші хан есімімен ұштастырылып: «Тоғлық-Темір хан ұлысы», «Қызыр-Қожа хан ұлысы» деп аталған. Деректемелерде «Ұлыс-и моғұл» деген этникалық-саяси атау да қолданылды⁹⁴.

«Ел» (иль, эль, ил, эл) ұғымы дербес немесе «Ұлыс» сөзімен бірге қолданылды («ил-и өзбек», «ил-и моғұл», «ил ва ұлыс-и моғұл»)⁹⁵. «Ел» ұғымы «ұлыс» ұғымы тәрізді мемлекетті, елді, мемлекет халқын, бірақ көбінесе, атап айтқанда, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда «көшпелі халықтардың басты бөлімшелері» ретінде тайпаларды белгілеу үшін қолданылған⁹⁶. «Көшпелі халық» деген мағынада «ел», «ұлыс» анықтамаларына «халық», «мардом», «қауым» деген ұғымды білдіретін басқа терминдер де (қайым-и жете, қайым-и моғұл, ак-вам-и моғұл, мардом-и жете), сондай-ақ көшпелі тайпаларды білдіру үшін «ақшам» деген (ақшам-и моғұл) арнаулы термин балама етіледі. XIV—XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің деректемелерде кездесетін атаулары қаншалықты көп болғанымен, ең жиі қолданылатындары Ақ Орда атауы, Әбілқайыр хан хандығы мен Моғолстан болып табылады, олар тарихи әдебиеттерге осы атаулармен енген.

Қазақстан аумағындағы мемлекеттер халқы XIV—XV ғасырларда үлкен-үлкен бірнеше аумақтық топтар мен тайпалық бірлестіктерге бөлінді. Олардың әрқайсысы феодалдық иеліктер сипатында болған еді. Дешті Қыпшақтағы мұндай бірлестіктердің этникалық құрамы Ақ Ордада, Шайбани ұлыстарында, Әбілқайыр хандығында азды-көпті біртектес болған, сонымен бірге белгілі бір тайпалар бірлестіктерінің әр түрлі мемлекеттік құрылымдарға кіруі де жиі кездесетін, ал кейде бірінен екіншісіне ауысып отырған⁹⁷.

Этникалық-аумақтық топтар мен бірлестіктерді белгілеу үшін деректемелерде алуан түрлі терминдер қолданылған. Осының өзінде тарихи шығармалардың авторлары (кейде бір автордың өзі бір шығарманың әр түрлі беттерінде де) белгілі бір топты ел немесе ұлыс, яғни ірі бірлестік, сондай-ақ қабиле, ұрық, оба, яғни ұсақ бірлестіктер деп атайды. Жошы мен Шағатай ұрпақтарының ұлыстарына енген Қазақстан аумағында өмір сүрген этникалық бөліністерді, ру-тайпалық бөлімдерді белгілейтін терминдер сан алуан, олар: ұлыс, ел, аймақ (омак), тайпа, қауым, табақа, ұрық және басқалары. Олардың кейбіреулері — ел (иль), тайпа, ру (ұру, ұрұк) қазақтарда бертінде де сақталған⁹⁸. Тайпа термині этникалық бөлімшенің ең кіші сатысын (ру ішіндегі бөліністі) көрсету үшін қолданылған. Алайда Шығыстың орта ғасырлардағы, соның ішінде Қазақстан жөніндегі де деректемелерінде арабтың тайфа термині ірі этникалық бірлестік — тайпа ұғымын білдіреді. Этникалық терминдерді қолданғандағы бұлдырлық пен құбылмалылықты халықтың өз құрамының да құбылмалылығымен түсіндіруге болады.

Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілқайыр мемлекетінің, Ноғай Ордасының мемлекеттік және әкімшілік құрылысы көбінесе бірдей болды. Мемлекет басшысы хан (Ноғай Ордасында — би) болатын, оның билігі тікелей мұрагерлікпен тұқым қуалайды деп саналатын немесе билеуші әулеттің үлкен өкіліне берілетін. Бірақ дәстүр бойынша ханды рулық-тайпалық ақсүйек

бектердің, әмірлердің жариялауы, сайлауы сақталып келді және тікелей мұрагерді, рудағы үлкенін немесе қандай болса да басқа үміткерді «хан көтеру» солардың еркіне байланысты еді. «Та'рих-и Рашидиде», мәселен, дуғлат Хұдайдад ұлысбектің «алты ханды хан көтеруді», сайлауды ұйымдастырғаны хабарланады.

Ханның басқаруы мен нақты билігі де әрқашанда дерлік рулық-тайпалық үстем таптың еркіне байланысты еді. Деректемелерде хандардың «өз ақсүйектерімен және жақын адамдарымен» түрлі мемлекеттік істер жөнінде өткізген кеңестері туралы үнемі айтылып отырады⁹⁹. Мәселен, «Та'рих-и Рашидиде» Қызыр-Қожа ханның өз шонжарларымен Темірдің саяси және экономикалық мүдделері жөніндегі кеңесі туралы егжей-тегжейлі айтылған.

Ұлыстардың, тайпалық бірлестіктердің билеушілері мемлекет басшысы ретінде ханға вассалдық бағыныштылықта болатын. Олар тайпаны немесе бірнеше тайпаны хан атынан басқара отырып, соғыс бола қалған жағдайда жасақ ретінде белгілі бір мөлшерде жауынгерлер шығаруға, өзіне бағынышты халықтан алатын салықтың бір бөлігін ханға беруге міндеттенді. Ханның нөкерлерден тұратын өз жасағы болған. Бірақ ең басты әскери күш әлгі жасақтар еді¹⁰⁰.

Ақсүйектердің өкілдері ретінде олар өздеріне тәуелді халыққа саяси, сот-әкімшілік міндеттер мен экономикалық билікті қоса жүргізді. Жасақтар түрінде едәуір әскери күші бар шонжарлар ханға кейде бағынбайтын, ал олардың аса ірі өкілдерінің өздері мемлекеттік билікті басып алуға ұмтылатын, өз ортасынан хан тағына үміткерлерді шығарып, оларды қолдап отырды. Әдетте хан өлген соң, оның мұрагерлері арасында күрес басталатын және бұл қырқыстарды шонжарлардың әр түрлі топтары да қолдап отырды.

Хан кеңесі оның жақындары мен ақсүйектерден тұрған. Моғолстанда ол мәжіліс деп аталған¹⁰¹. Моғолстан мен Әбілқайыр хандығында мемлекеттік кеңселер ретінде диуандар мен дафтарлар (қаржы ведомстволары, салық басқармалары, кеңселер) болғаны да айтылады¹⁰². Мемлекет істерінде ұлысбек аса маңызды рөл атқарған, ол тақты мұралану, армияны басқару, көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар жасау туралы мәселелерді шешуге белсенді ықпал жасап отырған. Ноғай Ордасында биден кейінгі екінші тұлға Нұр ад-дин болды, оның лауазымы Моғолстандағы Ұлысбектің дәрежесімен тең саналды. Басқа да жоғары лауазымды адамдар, атап айтқанда, хан жанында үлкен өкілеттігі бар атабек (мұрагердің тәрбиешісі, нағашысы), көкілташ (хан балаларының «тел бауыры») болған. Көкілташ атағы бар адам өзінің жағдайы бойынша бекке немесе аталыққа тең еді. Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанда көкілташ атабектің (аталықтың), яғни хан тағы мұрагерінің тәрбиешісі міндетін атқарды. Ал хан ұрпағы өз алдына билеуші болғанда көкілташ өзінің шәкіртіне одан әрі де зор ықпал жасай алған¹⁰³.

Моғолстанның жоғары қызмет иерархиясында наиб лауазымын да атап өтуге болады. Мәселен, «Та'рих-и Рашидиге» қарағанда, наиб жасөспірім Есен-Бұға ханның жанында регенат рөлін атқарған¹⁰⁴. Сондай-ақ жиналыстарда, мерекелерде тәртіп пен рәсімдердің қадағалауын қамтамасыз ететін лауазымды адамдар — жасауылдар да елеулі рөл атқарды. Хан сарайында рәсім қатаң қадағаланатын («жұрт әрқайсысы өзіне бөлінген жерде отыратын»)¹⁰⁵. Деректерге қарағанда Қазақстан аумағы мемлекеттеріндегі басқа да қызметтерді — ішкі немесе ішік-аға-басы (сарай қызметінің басшысы), инақтар (хан кеңесшілері), миршикар (аңшылық бастығы) және басқа қызметтер болған.

Даруға — қаладағы, аймақтағы хан қойған билеуші, қала істерін басқарушы маңызды әкім адам. Оның міндетіне алым және басқа салық жинау мен тәртіпті қадағалау кірген¹⁰⁶.

Мемлекеттік құжаттар мөр басылып бекітілген (мысалы, Әбілқайыр ханның, Ұрұс ханның жарлықтары — дуғлаттарға берген пәрмендері белгілі). Аратұра жауынгерлер санағы өткізіліп тұрған.

Ұлыстардағы мемлекеттік аппарат та, әкімшілік өкімет те (әдетте тайпа, ұлыс басшысы, үлестік билеушілер, сойырғал иесі атынан ұштастырылған) тап сол экономикалық жағынан да билеуші топ болып табылатын ақсүйектерден құрылды. Жайылымдықтар мен егістік жерлер иелері де, негізі мал басын меншіктенушілер де іс жүзінде солар болды.

Әкімшілік міндеттер мен әскери-саяси биліктің билеуші топ қолына қоса берілуі орта ғасырлардағы Шығыстың көшпелі және бірқатар отырықшы елдеріне тән болып табылады.

Әскерлердің негізгі бөлігі хан вассалдары жасақтарының негізінде құрылды. Бірақ олар сенімсіз болатын, өйткені олардың әскербасылары өздеріне бағынышты қосындарды кез келген уақытта ертіп кете беретін.

Ақ Орда мен Моғолстан әскерлерінің жауынгерлік саптары туралы деректемелердің мағлұматтары ден қоярлық. Ұрұс хан мен Моғолстан хандары қос қанатты әскери сапты пайдаланған. Деректемеде айтылғанындай, «Тасарықта болған жау әскері (моғолдар әскері) қос қанатқа (қол) бөлінді, түріктер оларды бұрынғар және жуанғар деп атайды... Сол қанатты (майсара) Ілияс-Қожа хан мен әмір Хамит, оң қанатты (маймана) әмір Токтемір мен әмір Бекшік басқарды¹⁰⁷.

Мирхондтың атап айтуынша, Темірдің әскері — үш бөлікке, ал моғолдар әскері екі бөлікке бөлінген. 1365 жылғы шайқаста да моғол әскерінің екі қанаты (бұрынғар және жуанғар) айтылады. XV ғасырдың басында Моғол әскерінің құрамында басқа да бөлімшелер, атап айтқанда, алдыңғы қатардағы қарауылдар болған, олар әскер ілгерілеп келе жатқан кезде орталықтың алдында (маңдай) жүрген. Темір ұрпақтарының моғол жасақтарымен шайқастарында қос қанатпен қоса орталық та айтылған¹⁰⁸. Моғол әскерлерінің үш мүшелі жауынгерлік тәртіп жүйесі моғол билеушісі Шер-Мұхаммед ханның 1425 жылғы Ұлықбекпен шайқасын суреттеген кезде де атап өтілген.

Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы көшпелі шонжарлар жетекші рөл атқарған жеткілікті дәрежеде тұрақты, саяси құрылымдар, мемлекеттер болды; олардың мемлекеттік-әкімшілік жүйесі билеуші үстем таптың мүдделерін қорғауға бағытталды. Өз билік баспалдағы бар қалыптасқан әскерлендірілген жүйе оның қатардағы малшылар мен отырықшы тәуелді шаруаларды қанауына мүмкіндік берді. Бірақ сонымен бірге ол жүйе мемлекеттің тұтастығын сақтау, көршілес мемлекеттермен өзара қатынастарда оның жерін қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етті; мәселен, өз көршілері — әмір Темірдің және Темір ұрпақтарының, қалмақ (ойрат) тайшыларының агрессияшылдық ниеттерін іске асыру кезеңінде солай болды.

4. ҚАЛАЛАР, ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕЛОЛЫҚ ҚОНЫСТАР

Қалалардың жағдайы мен олардың саны. Монғолдар шапқыншылығы Қазақстандағы отырықшы және қала мәдениетінің үдемелі дамуын тоқтатып таста-

ды. Жазбаша деректерде қалалар мен мәдени өмір құлдырауының сұмдық көрінісі, бұрын гүлденіп тұрған кең-байтақ егіншілік аудандарының және ең алдымен Жетісудың қанырап қалғаны суреттеледі. Іле алқабындағы қала мәдениеті XIII ғасырдың аяғы – XIV ғасырда құрып бітеді, Талас және Шу алқабында белгілі қалалардың көпшілігі қанырап қалады, бірақ олардың бірқатарында өмір қайта басталып, тіпті жоғары деңгейге жетеді.

Қазақстанның оңтүстігінде, Сырдария өзені аңғарында, Қаратаудың теріскей және күнгей беткейлерінде, Талас жотасының етегінде басқаша жағдай қалыптасты. Мұнда қала өмірі XIII ғасырдың орта шенінде-ақ қалпына келе бастады.

Монғол хандары мен ақсүйектері арасында отырықшы және қала халқы жөнінде екі сарын байқалды. Біреулері мемлекетті ыдыратуға ұмтылды, отырықшылыққа қарсы шығып, қала тұрғындарын шексіз-шетсіз тонауға әзір тұрды. Басқалары жергілікті шонжарлардың, көпестер мен дінбасыларының негізгі бөлігімен бірге күшті билік орнату, қала және жазиралардың отырықшы тұрғындарын озбырлық алым-салықтардан, күйзелуден қорғау мақсатын көздеді, мұнсыз оларды қанауды күшейту мүмкін емес еді. Соңғы сарынды білдірушілер Мөңке хан мен әмірші-көпес Масудбек болды¹⁰⁹. Мөңке хан тұсында нормаланбаған алымдар мен салықтардың күші жойылып, жан басына салық салу ретке келтірілді, алтын динарлар соғуға жарлық шығарылды¹¹⁰. 1269 жылы Талас жағасында құрылтай өткізіліп, онда ханзадалар отырықшы халық пен қала тұрғындарынан бекітілген салық алумен шектелуге, талап-тонауға бармай, егістікке тимеуге міндеттеме алды¹¹¹.

1271 жылы енгізілген Масудбектің ақша реформасы мемлекетті күміс теңгемен қамтамасыз етті, сөйтіп қала өмірі мен ақшалы сауданың дамуы үшін алғышарттар жасады¹¹². Одан әрі экономикалық өрлеуге Кебек ханның 1321 жылғы ақша реформасы себепші болды.

Қалалар шаруашылығының біртіндеп қайта өрлеуіне қоса жергілікті түріктердің феодалдық үстем таптарының экономикалық және саяси жағдайы нығая берді. Халық бұқарасының монғолдар езгісіне наразылығын пайдалана отырып, Жошы мен Шағатай ұлыстарындағы түріктердің феодал шонжарлары өздерінің саяси билігін орнату жолында күресті. Соның нәтижесінде XIV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Шағатай ұрпағының мемлекеті бірнеше иеліктерге ыдырап кетті. Орта Сырдария аудандарына үстемдікті Ақ Орда хандары қолына алды, ал Жетісу Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында қалыптасқан Моғолстан құрамына кірді¹¹³. Моғолстан әміршісі Тоғлық-Темір хан өз билігін Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияға таратуға тырысып, соған байланысты бірнеше жорық жасады. Осы жерлерге дәмеленгенінде ол отырықшы-егіншілікті Орта Азияның әміршісі Темірмен қақтығысты, өз кезегінде әмір Темір Жетісуға бірнеше ойранды жорық жасады¹¹⁴.

70-жылдарда Ақ Орда хандарының Темірмен соғысы басталды. Оған Ақ Орда тағынан үміткер Тоқтамыстың Темірге қашып кетуі себеп болды. Ақ Ордадағы билік жолындағы күресте Темірдің қолдауына сүйенген Тоқтамыс бастапқыда сәтсіз әрекет етті, бірақ 1379 жылы ол Ақ Орда мен Алтын Ордада орнығып алды да, содан соң 1387 жылы енді Темірдің өзіне қарсы шықты. Феодалдық соғыстар барысында күйзелістер мен талап-тонауға ұшыраған қалалар мен селолық отырықшы халық бірінші кезекте зардап шекті. 1387–1388 жылдары Тоқтамыс Мауараннахрға әскер жіберді, ол Моғолстан әмірі Қамар ад-диннің тобымен қосылып, Сығанақ арқылы өтті де, Сауранды қоршады,

Ташкент, Сайрам, Самарканд пен Бұхара төңірегін күйзелтіп, Ясыны тонады¹¹⁵. Темірдің қарсы қимылдары, оның Дешті-Қыпшаққа терендей жасаған жорықтары, өз кезегінде, Ақ Орданың бейбіт халқын тонауға ұласты¹¹⁶.

Темір өлгеннен кейін Сырдария қалалары үшін күрес қайтадан өршіді. 1405 жылдың көктемінде Отырарды шейх Нұр ад-дин басып алып, оны төрт жыл ұстап тұрды, сонан соң қаланы Халил-Сұлтан иеленді¹¹⁷. 1410 жылы моғол топтары Шах-Жаханның бастауымен Сайрамды, Қарасаманды, Отырарды қоршап алды¹¹⁸. 20-жылдарда Ұлықбек пен Барақ арасында Сырдария қалалары үшін күрес шиеленісті, тек Шахрухтың көмегі ғана Сырдария аймағына біріншісінің билігін сақтап қалды. XV ғасырдың ортасына қарай Түркістан қалалары Әбілқайыр ханның көшпелі өзбектеріне бағынды.

Бұрын атап өтілгеніндей, XIII ғасырдың орта шенінде Қазақстанның оңтүстігінде қала өмірі жандана түсті, оның ауқымы соның қарсаңындағымен салыстыруға келмесе де, қалалар қайта өрлеп, аудандардың экономикалық байланыстары қалпына келтіріледі, бірқатар қалалар халықаралық сауда және дипломатиялық байланыстар өрісіне тартылады. Сол кездің жазбаша деректерінде Сырдарияның Отырар, Зернұқ, Сауран, Ясы, Сығанақ қалалары аталады. 1256 жылы Оңтүстік Қазақстан арқылы жүріп өткен армян патшасы I Гетумның сапарнамасында Пергант, Сухулхан, Уросохан, Қайкент, Хузак, Сығанақ, Харшук, Асон, Отырар, Зурнух қалалары аталған¹¹⁹, олардың Баркент (Берукет), Сугулкент, Уросоган, Құмкент, Созак, Сығанақ, Қарашық, Ясы, Суре, Отырар, Зернұқ қалалары екенін білу қиын емес. Қаратаудың теріскей беткейімен өткен керуен жолы Қаратау қалаларының өрлеуіне себепші болған деген пікір туады. Деректемелерде XIII ғасырдың аяғына қарай – XV ғасырдың бірінші жартысында Кенже, Шілік, Сүткент, Жент қалалары ауызға алынады.

Археологиялық зерттеулер XIII ғасырдың ортасында Сайрам, Боралдайдағы Төрткөл, Қараспан, Ақтөбе, Отырар, Құйрықтөбе, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Сүткент, Қауғаната, Мейрамтөбе, Аққорған, Үзкент, Асанас, Жанқала, Жанкент, Қызқала қалаларының қираған орындарында тіршілік қайта басталғанын дәлелдейді. Қалалық орталықтардың қалпына келу қарқыны бірдей болған жоқ. Қиратылғанына қарамастан, Кенже, Отырар, Сауран, Жент, Сығанақ, Баршын (Баршыкент) тез көтерілді. Мұнда теңге соғылып, керуен жолдары өтті. Сонымен бірге Сауран мен Сығанақ XIV ғасырда Ақ Орданың орталықтары болды.

Монғолдар шапқыншылығының зардаптарын жоюдың басталуы мен айқындаушы кезеңі жөнінде әр түрлі көзқарастар бар. В. В. Бартольдтің пайымдауынша, Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігі экономикасының бетбұрысты жері Кебектің ақша реформасы болған¹²⁰. Авторлардың көпшілігі осы пікірге қосылады¹²¹. Е. А. Давидович өзгеше көзқарас ұстанады. Ол Кебек реформасының (1321 ж.) маңызы көрінеу асыра көрсетілген, Орта Азияда, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда әмірші-көпес Масудбектің 1271 жылы басталған ақша реформасы мейлінше маңызды болды деп санайды. Сондықтан «XIV ғасырдың екінші ширегі емес, Орта Азияның қала өмірі мен ақшалы саудасын ішінара қалпына келтіру үшін берік те жеткілікті қолайлы жағдайлар пісіп-жетілген уақыт XIII ғасырдың соңғы ширегі деп есептеуге болады»¹²². Оңтүстік Қазақстан қалаларының жұрттарында жүргізілген соңғы қазба жұмыстарының материалдары Е. А. Давидовичтің пікірін қуаттайды. Отырардың кірпіш күйдіретін шеберханасы XIII ғасырдың аяғында жұмыс істей

бастаған. Нақ сол кезде қалада көп мөлшерде құрылыс материалын керек еткен құрылыс кең көлемде өрістеген еді. XIII ғасырдың аяғында мұнда күйдірілген кірпіштен қоғамдық монша салынып, қала дуалы тұрғызылды. Қаланың жаңа құрылысының басталуы XIII ғасырдың аяғы — XIV ғасырдың бірінші жартысына жатады. Алайда бұрынғы жоспарланған схемасы негізгі белгілері жағынан тура XVII ғасырға дейін сақталды. Рабадқа жұрт интенсивті түрде қоныстана бастайды. Оның шығыс бөлігінде құмырашылар «махалласы» пайда болады. Бұл ретте төменгі деңгей шеберханаларының мерзімі — XIV ғасырдың 70-жылдарына дейін, ал жоғарғы деңгейі шеберханаларының мерзімі XIV ғасырдың соңғы ширегі — XV ғасырдың алғашқы үштен бірі деп белгіленеді.

Өлке экономикасы мен қала мәдениетінің өрге басуында XIV ғасырдың басында Қазақстан оңтүстігінің монғолдардан кейінгі уақытта жергілікті этникалық негізде құрылған алғашқы мемлекеттік ірі құрылым — Ақ Орданың құрамына енуінің зор рөл атқарғаны даусыз. Ақ Орданың билеушілері көшпелілер мен отырықшы халықтың экономикалық байланыстарын қалпына келтіруге ұмтылып, Сығанақ қаласын өз астанасы етті. Сол кезеңде, әсіресе Ерзен хан тұсында Сығанақта, Жентте, Сауранда, Отырарда, Баршыкентте құрылыс жеделдете жүргізілді¹²³.

Сасы-Бұға, Ерзен, Мүбәрак және Шымтай хандар тұсында саяси жағдайдың тұрақтануы қалалардың экономикалық өрлеуіне себепші болды. Монғолдарға дейінгі уақыттағы белгілі қалаларға баланатын қала жұрттарының бәрінде дерлік сақталған XIV ғасыр қабаттары осыны көрсетеді. Рас, қала өмірі дамуының бұрынғы деңгейіне дегенмен де қол жеткен жоқ, сөйтіп қалалар XIV ғасырдағы бірсыпыра өрлеуге қарамастан, XV ғасырдың бірінші жартысында қаңырап қалып, тіршілігін тоқтатады.

Елшілердің, саяхатшылардың хабарлауына қарағанда, Жетісуда монғолдар шапқыншылығынан кейінгі алғашқы жылдардағы жағдай біршама жақсы болған. Талас және Шу алқаптарындағы Жаңабалық, Жаңа-Талас, Кенжек, Баласағұн¹²⁴, Іле алқабындағы Екіоғыз, Қаялық, Ілебалық қалалары сауда-қолөнер және мәдениет орталықтарына айналады. Алайда XIII ғасырдың орта шенінде-ақ мұнда егіншілік пен қала өмірінің жалпы құлдырауы басталады. Сырдариядағы Отырар, Сығанақ, Жент қалалары қайта өрлеген кезде, Жетісудағы Тараз, Баласағұн, Қаялық құрып бітеді. Жетісуда қала мәдениетінің құру себептері әр түрлі және бұған ежелгі отырықшылық дәстүрлері де, қала мәдениетін сақтауға орталық өкімет жасаған әрекеттер де, Жетісу арқылы өткен сауда және дипломатиялық жолдар да бөгет жасай алмады. Жетісу аумағының саяси жағынан үш бөлікке бөлшектеліп қалғаны зор рөл атқарды. Сонымен бірге, мұнда көшпелі халықтың қалың бұқарасы көшіп келіп, олар жоғарғы әміршілердің қамқорлығымен қала тұрғындары мен отырықшы село халқына тағылықпен қарады. Егіске, бау-бақшаға пайдаланылған жерлер көшпелі шонжарлардың мүдделерін көздеп жайылымға бөліп берілді¹²⁵. Жалпы алғанда, отырықшы-егіншілік дәстүрлерге мұндай көзқарас монғолдарға тән болатын. 1253 жылы Іле алқабы арқылы жүріп өткен Вильгельм Рубрук: «...бұрын онда көп қала болған, бірақ олардың көпшілігін өз малын бағуға мүмкіндік болу үшін татарлар қиратқан, өйткені онда өте жақсы жайылымдар болатын», — деп жазған¹²⁶. Шу алқабындағы сансыз көп қираған қалалар туралы 1259 жылы қытай саяхатшысы Чандэ хабарлаған¹²⁷.

Шамадан тыс салықтар, жол алымдары, алуан түрлі міндеткерліктер оты-

рықшы халықты күйзелтті. Меңгу хан жарлықтарының біреуінде былай делінуі кездейсоқ емес: «Зорлық пен қысым көрсету жоғары шегіне жетті, бұл ретте егіншілер көптеген алуан түрлі ауыртпалықтар — төтенше салықтар өндіріп алу мен олардың ауырлығы арқылы ерекше шегіне дейін жеткізілген, сөйтіп олардың алатын пайдасы өндіріп алынатынның (міндеткерлік түрінде) жартысына да жетпеді»¹²⁸.

Сонымен, Жетісудағы отырықшылық мәдениеттің құлдырауы монғолдар жаулап алуының ізінше бірден басталады, ал егер транзитті сауда мен қолөнер өндірісінің орталықтары болған ірі қалалар XIII ғасырдың ортасында сырттай қарағанда әлі де тәп-тәуір көрінсе, оларды қоректендіріп отырған егіншілік өңірлері жедел күйретіледі, көп кешікпей қалалардың өздерін апатқа ұшыратқан да сол еді¹²⁹.

Монғолдар жаулап алуының апатты зардаптары Жетісудағы қала мәдениетінің жай-күйін археологиялық деректер бойынша бағалаған кезде айқын байқалады¹³⁰. Талас алқабында оннан сәл ғана асатын қоныстар одан әрі тіршілік етті, оның екеуі Талас өзенінің төменгі ағысында, қалғандары оның жоғарғы ағысында, күміс-қорғасын кеніштерін үдете қазу жұмысы жалғастырылған Шелже өңірінде болды¹³¹. XIII ғасырдағы Іле алқабында болған алпыс алты қаланың сегізінде ғана тіршілік жалғасты¹³².

Осындай қанырап қалған көрініс Шу алқабында бұдан да зор ауқымда байқалды. Рашид ад-Дин Шу өңіріндегі екі үлкен қоныс: Тарсакент пен Қарғалықты ғана атаған. Әмір Темір заманының деректемелерінде Аспара бекінісі ғана айтылады. Археологиялық зерттеулерде монғолдар жаулап алғаннан кейін де тіршілік еткен жеті қоныс көрсетілген. Алайда бұларда да көрінеу құлдырау белгілері байқалады¹³³.

Жаулап алушылық соғыстар Жетісудың жалпы экономикалық және саяси құлдырауына себепші болды¹³⁴. Алайда Жетісудың бірқатар аудандарында отырықшылық мәдениеті сақталып қалды. Оның ошақтары Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды Ферғанамен жалғастырып жатқан сауда жолы басып өтетін Талас алқабында қалған еді. Тараздан, Садырқорғаннан, Шаруашылықтан XVI—XVIII ғасырлардағы тіршілік іздері байқалады¹³⁵. Мәселен, Тараз қаласының жұртындағы қазба жұмыстары кезінде табылған керамика жиынтығы, XVI—XVIII ғасырлардағы құрылыстардың қалдықтары мәлім¹³⁶. Сонымен, қалалардың қанырап қалуына қарамастан, мұнда отырықшы халық сақталып, соның алдындағы қала мәдениетінің кейбір дәстүрлерін жалғастырған.

Қала және село құрылысы. Бұрынғысы сияқты, қалалар мұнаралы дуалдармен қоршалған тұрғын үй, қоғамдық және діни құрылыстардың ұйымдасқан кешені болып табылады. Құрылыс алаптарын қала қақпаларын жалғастырып жатқан үлкен көшелер кесіп өткен. Көшелерден махалла ішіндегі шағын тұйық көшелер тарап, олардың айналасына жекелеген махаллалардың үйлері топтасқан. Қалалардың ішінде мешіттердің қасбеті қарайтын аландар болған.

Қала сыртындағы аумаққа қолөнершілердің махаллалары мен құрылыстары, қала тұрғындарының бау-бақшалы усадьбалары орналасқан. Қала төңіректері де көбінесе дуалдармен қоршалған. Қалаларға жақын суармалы жерлерге егіншілердің усадьбалары орналасқан. Селолық құрылыс жекелеген поселкелерден, поселкелер топтарынан, сондай-ақ бытыранқы құрылыстардан тұрған. Егіншілік қоныстардың бәрі магистральдық арналарға байланысты болды, олардан егінжайлар мен усадьбаларға су жеткізген суландыру арналары тараған. Бұлайша қоныстануға Отырар жазирасы мысал болады,

онда XIII—XV ғасырларда Отырар — Құйрықтөбе — Алтынтөбе — Марданкүйік қалаларының төрт бұрышты 50 шаршы шақырымға жуық алабында арналарды бойлай тұтас өңір болып село қоныстары мен қолөнер орталықтарының құрылысы жатыр.

Талас Алатауының етегіндегі Сайрам жазирасы қала және село өңірінің ірі орталығы болды. Қала халқы екі қабат дуал ішіне шоғырланды, ал олардың сыртындағы Арыс, Сайрамсу, Бадам суландырған жерлерге егістіктер, бау-бақшалар, село тұрғындарының усадьбалары мен қоныстары орналасқан¹³⁷. Сығанақ пен Сауран төңірегінде қала және село өңірінің жазиралары қалыптасты. Сырдариядан шығарылған екі арна, Сығанақ пен оның төңірегін сумен қамтамасыз еткен¹³⁸.

Кейініректе Түркістан деп аталған Ясы қаласы ірі орталыққа айналады. Қала төңірегінде суармалы жердің үлкен алабы болған. Темір мен оның мирасқорлары кезінде Жетісуда, Талас, Шу және Іле алқаптарында егіншілік аудандар сақталып қалды¹³⁹.

Отырарда, Құйрықтөбеде, Отырар жазирасының селолық құрылыстарында жүргізілген археологиялық зерттеулер мен қазба жұмыстары XIII—XV ғасырдың бірінші жартысындағы қала құрылысы, қала мен селоның тұрғын үйі, қоғамдық және діни құрылыстар, әскери бекіністері туралы түсінік алуға мүмкіндік берді. Қалаларда махаллалар тығыз салынған. Отырар шахристанының оңтүстік-батыс бөлігіндегі XIII—XIV ғасырлардағы махалла 1500 шаршы метр аланды алып жатыр және ұзындығы 32 м, ені 2—2,5 м шағын көшені қамтиды. Махалланың барлық 9 үйі махалла ішіндегі шағын көшеге және махалланың солтүстік жағындағы кішкене тұйық көшеге шығады. Үйлердің артқы қабырғалары бітеу және жоспарында түзу сипатты сызық түзеді. Махалла өрттен жойылған¹⁴⁰. XIII ғасырдағы махаллалар неғұрлым алдыңғы кездің қала махаллаларының жоспарлануын мұраға алмайды, қаланың құрылысы толық өзгерген, бұрынғысынан негізгі көшелер ғана сақталған. Оның есесіне XIV—XV ғасырдың бірінші жартысындағы неғұрлым кейінгі уақыттың құрылыстары негізінен «монғол» кезі махаллаларының жоспарлануын мұраға алады. Махаллалар ішіндегі үйлердің жоспарлануы ғана өзгереді. Мәселен, нақ осы жерде XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басында көлемі біршама шағын — 1200 шаршы метр болатын жаңа махалла қалыптасады. Ол ұзындығы 40 м болатын шағын көшені бойлай орналасқан 11 үйден тұрған¹⁴¹. Қазба жұмыстарының көрсеткеніндей, Отырардың рабады су қоймасына бейім сиректеу құрылысымен сипатталған. Құмырашылардың махаллалары, кірпіш құюшылардың шеберханалары, жекелеген усадьбалар мен ірі тұрғын үй кешендері осында орналасқан.

Қалалық тұрғын үй. Қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілерінің қалыптасуы. XIII ғасырдың екінші жартысы — XIV ғасырдың бірінші жартысында қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілері пайда болады.

Біріншісіне бір орталыққа орналасқан шағын ауласы бар екі немесе үш камералы үйлер жатады. Үйдің анфиладалық жоспарлануына мысал ретінде Отырар рабадындағы құмырашының тұрғын үйін сипаттау керек. Ол екі тұрғын жайдан және махалла ішіндегі кішкене тұйық көшемен қосылған ашық аудандан тұрған. Отырардың орталық төбесінен XIV ғасырдың екінші жартысы — XV ғасырдың басындағы осы үлгілес тұрғын үйді қазған кезде қызықты деректер алынды. Үй өртенген, құлап түскен төбесі сәкіде жатқан тоқылған

шиді басып, сақтап қалған, шидің үстіне киіз бен мақта көрпе төселген, олардан едәуір көлемді қалдықтар сақталған.

Үйлердің екінші үлгісіне қиылысатын орталыққа орналасқан төрт жайдан тұратын тұрғын үй жатады. Бұл крест тәрізді немесе төрт бөлікті схема, онда үй шаршы сияқты жоспарлы болады, ал қоймалар ауланың немесе тандыры бар тұрғын бөлменің сол және оң жақтарына орналасқан. Бұл схеманың бірнеше нұсқалары бар. Тандыр-ошағы бар тұрғын жай көше жағынан санағанда жайлардың екінші қатарындағы үй болып табылады; үйдің құрамында бір тұрғын бөлме; үйде екі тұрғын жай; тұрғын жайда бір тандыр; тұрғын бөлмеде екі тандыр болады. Мұндай үйдегі бөлмелер саны төртеуден көп, бесеу және алтау болуы мүмкін. Үйлердің көлемі 40-тан 60 шаршы метрге дейін жетеді.

Үшінші үлгісіне екі немесе одан да көп бөліктері бар үйлер жатады. Үйдің әр бөлігі екі немесе үш жайдан тұрады, олардың біреуі міндетті түрде тұрғын жай болады. Мұндай үйлерде 15-ке дейін жай болып, көлемі 200 шаршы метрге дейін жеткен.

Аталған хронологиялық кезеңдегі үйлердің жоспарлануына тұрғын үйдің монғолдарға дейінгі неғұрлым ертеректегі екі үлгісі — анфиладалық және крест тәрізді үлгілерінің сақталуы мен дамытылуы тән. Үйдің жаңа үлгісі — көп бөлікті болып келеді.

Тұрғын үйлер интерьерінде елеулі өзгерістер байқалады. Қабырғаларды жағалатып «Г» немесе «П» тәрізді етіп салынған еңсіз сәкілердің орнына бөлменің көп бөлігін алып тұратын сәкілер келеді. Егер XI—XII ғасырлардағы анфиладалық, крест тәрізді етіп жоспарланған үйлерде сәкі бұрышта, бөлменің жартысын алып тұрса, енді ол бөлменің 3/4 бөлігін алады. Тандыр алдындағы әдетте кірпіш төселетін шағын алаңша еден деңгейін анықтайды. Бөлменің ортасында сәкінің шетінде сыланған кеспелтек ағаштың, бөрененің, кірпіш тағанның, тас тұғырдың болуы үй төбесінің бөлме ортасында тұрған бір ағаш дінгекпен тіреліп қойылғанын көрсетеді. Оның алдындағы уақытта таралған төрт тіреуішпен жабу жойылады. Суреттеліп отырған уақытта қабырғалардағы ошақтар жоқ. Бірақ бұрынғысынша жақтауы бар ашық үлгідегі төрт бұрышты ошақтар кездеседі. Тандыр әмбебап ошақ міндетін атқарады. Ол жылыту құралы және тамақ дайындап, нан пісіруге арналған ошақ болады. Тандырлардың алғашқы дәстүрлі үлгісі сәкіге сылап жасалған дөңгелек цилиндр тәрізді ыдыс болып табылады. Мұндай тандырға отын жоғарғы жағынан салынады да, одан шыққан түтін бөлмеге жайылады. Тандырлардың екінші үлгісі мұржаның — әдетте ең қысқа жолмен сәкіге үйдің қабырғасына дейін салынған «канның» пайда болуымен сипатталады, үйдің қабырғасында ол түтін сыртқа шығатын тік қуысқа қосылады. Тандырлардың үшінші үлгісі үшін алдыңғы жағында оттықтың пайда болуын атап өткен жөн, ол мұндай жағдайларда міндетті түрде ташнау-алаңшасына: еденнің сәкіге қарағанда тереңдетіліп, күйдірілген кірпіш қаланған немесе тығыздалып тегістелген учаскесіне ашық тұратын арка тәрізді тесік түрінде болады. Жаңа археологиялық материалдар Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы мұндай тандырлары бар құрылыстардың ерте дегенде XIII ғасыр уақытына жататындығын дәлелдеп отыр.

Отырар тандырларының мұржалары мен классикалық кандар арасында елеулі айырма бар. Біріншілерінің қуыстары әрқашанда мейлінше қысқа етіп жасалады, олардың басым көпшілігі 1,5—2 метрден аспайды. Мұндай мұржалардың бірінші кезектегі міндеті — түтінді сыртқа шығару, ал бөлменің периметрі бойынша салынған негізгі кандар түтінді сәкі астында ұзағырақ

ұстап, бөлмені жылыту үшін жасалады¹⁴². Алтын Орда қалалары тұрғындарының үйлеріндегі классикалық кандар мен Отырардың мұржалы тандырларының айырмасы туралы Г. А. Федоров-Давыдов жазған¹⁴³. Мұржалы тандырларды осында, Қазақстанның оңтүстігіне және Орта Азияға Шыңғыс ұрпақтарының өзара қырқысқан соғыстары кезінде және Жетісуға келген көшпелі тайпалардың қысымымен қоныс аударған Жетісу қалаларының халқы XIII—XIV ғасырдың бірінші жартысында әкелген. XI—XIII ғасырдың басында қысқа мұржалы тандырлар Жетісуда тұрғын үйді жылыту үшін кеңінен пайдаланылған. Сонымен XIII—XV ғасырдың бірінші жартысында қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілері қалыптасатынын, олардың анфиладалық және крест түрінде жоспарланған екеуінің алдыңғы уақытта ұқсас үлгілері болғанын атап өту керек. XI ғасырдың екінші жартысында тұрғын үйдің осы екі үлгісінің пайда болуы қалада отырықшыға айналған түрік этносымен байланыстырылғанына назар аударған жөн.

Тұрғын үйдегі жаңалық мұржалы әмбебап тандырмен жылыту, сәкі көлемінің ұлғайтылуы болып табылады, мұның өзі Оңтүстік Қазақстанның ғана емес, Хорезм мен Алтын Орданың да қалалық тұрғын үйіне тән болатын. Мұндай құбылыс қоғамның дамуындағы ортақ процестерді, аудандардың этномәдени байланыстарын дәлелдейді.

Селолық тұрғын үй. Отырар жазирасындағы XIII—XV ғасырдың бірінші жартысындағы қоныстарды зерттеу бай егіншінің селолық усадьбасының қандай болғанын бағамдауға мүмкіндік берді. Мәселен, Отырардың шығыс жағында 3 шақырым жерде орналасқан, 45 тұрғын үйден тұратын және көлемі 4 шаршы шақырым жерде шашырап жатқан Байылдыр қонысында орталық жоспары бар, көлемі 360 шаршы метр болатын селолық үй қазылып аршылды, онда барлық жиырма тұрғын үй мен қора-қопсы төбесінде орталық дінгекпен тірелген жаппасы бар ортадағы шағын ауланы айналдыра орналастырылған. Ауланың көлемі 36 шаршы метр. Тұрғын жайларда еден астынан салынған қаны бар тандырлар немесе еден үстіндегі ашық ошақтар аршылды; басқаларында азық-түлік қорлары, астық сақталған. Олардың арасында өндірістік бөлмелер болған. Үйдің қабырғалары күйдірілген шаршы кірпішпен қаланған, сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 1 м. Үйге жапсарлас құрылыс іздері сақталған шағын аула бар, ал үйдің айналасында көлемі 1 гектарға жуық қоршалған жер учаскесі бар. Онда дәнді дақылдар өсіріліп, бақ, бау-бақша орналасқан. Усадьба мен бүкіл қоныстың мерзімі XIV—XV ғасырлар деп белгіленеді¹⁴⁴. Үй мен усадьбаның жоспарлануы неғұрлым ерте кездегі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аудандарына тән. Осыған ұқсас усадьбалар көршілес Орта Азия аудандарына да тән.

Қала бекіністері. Жазбаша деректемелерде айтылуына қарағанда, монғолдар қаланы басып алған соң, бірінші кезекте оның бекінісін қиратып отырған. Отырардың дуалдары мен қамалының толық тас-талқан етілгені анықталды, Сығанақ пен Ашнастың да тағдыры осындай болған¹⁴⁵. Монғолдар қалалардың бекініс ретінде қайта өрлеуіне кедергі жасады. Марко Поло былай деп жазған: монғолдар кезінде «әскердің кіруіне кедергі жасай алмауы үшін қалалардың дуалдары мен қақпалары болуына рұқсат етілмеген. Осылайша ауыздықталған халықтар тынышталады және теріс мінез көрсетпейді»¹⁴⁶. Сондықтан қалалар кейіннен біртіндеп қана дуалдармен қоршала бастады.

Сірә, монғолдар жаулап алған әрбір облыста бұл процесс ең алдымен саяси жағдайға байланысты болса керек. Отырарда қаланың жаңа дуалы XIII ғасырдың аяғы – XIV ғасырдың басында ғана салынды. Дуалдың қимасы оның мәдени қабаттағы XI–XII ғасырлардың материалы бар, көлемі 30–32x20–22x8–10 см шикі кірпішпен қапталып қаланған, қиратып тасталған қалдық екенін көрсетті. Дуал түбінің ені 4,8 м, сыртындағы сақталған биіктігі 2 м, ішкі жағынан – 3,2 м. Дуалдың 400 метрге жуық тазартылған сыртқы көрінісі қала жұртының бірде төбесіне көтеріліп, бірде төменге қарай түсетін иретілген линия болып табылады. Оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бұрыштарында шығыңқы сипаттағы мықты жартылай шеңбер түріндегі мұнаралар болған. Олардың ені 5 м, ең шеткі нүктесінен дуал бойына дейінгі алшақтығы 3 м. Бірқатар учаскелерінде жөндеу, қалыңдату іздері, сынған кірпіштердің жаңаларымен алмастырылғаны аңғарылды. Дуалдың «Дарбаза және Суфи» қақпаларына жақын жерлері жақсы сақталған¹⁴⁷. Мәдени қабаттың қиратылып тасталған құландысына қаланған кірпіш қаптаудан құрастырылып жасалған дуалдан айырмашылығы – аталған жердегі дуал шикі кірпіштен қаланған тұтас қабырға болып табылады. Дуалдың түбінен брустверіне дейінгі ең жоғары биіктігі – 6,1 м. Оған IX–XI ғасырлардағы дуал блоктары мен төселген күл-қоқыс қабаты негіз етілген. Дуалдың кесіндісі трапеция тәрізді. Етегінің ені 4,5 м, брустверінің жоғарғы жағы – 2,6 м. Ол көлемі 32x20x10 см шикі кірпіштен қаланған. Бруствер де көлемі дуалдағы сияқты шикі кірпішпен өрілген.

Отырардың айналасындағы дуалдың тұрғызылған уақытын, тегінде, Жошы және Шағатай ұрпақтарының арасында XIII ғасырдың аяғында Сырдария қалалары үшін күрестің күшеюі кезеңімен байланыстырған жөн. Қалаларға бекініп алған Шағатай ұрпақтарының оларды қорғауды ойластырғаны сөзсіз және Отырармен, тегінде, басқа қалалардың да дуалдарын салуды нақ осында Шағатай ұрпақтарының орнығуымен байланыстыруға болады деген ой келеді. Уақыты жағынан бұл қаланың экономикалық өрлеу кезеңіне де сәйкес келеді. Отырарды айналдыра XIII ғасырда тұрғызылған дуал талай рет жөнделіп, қайта жаңғыртылған, XIV ғасырдың аяғында Темір кезінде жүргізілген жөндеу іздері байқалды. Жөндеген кезде қосылған жерлері сол кездің тұрғын үй құрылыстарына да тән көгілдір кірпішпен өрілген.

Молалар. Зират-молалар қалалар мен қоныстардың төңірегінде орналасқан. Ислам дінін қабылдаған көшпелі халықтың отырықшы бөлігі өлген адамдарын мұсылман салтымен ұзынынан, бетін солтүстік-батысқа – Меккеге қаратып, шикі кірпіштен өрілген сағанаға ақымдап жерлеген. Құрал-жабдықтар бірге қойылмаған. Молалардың үстіне топырақтан шағын төбе, сыйлы және белгілі адамдарға шикі не күйдірілген кірпіштен кесене тұрғызылған. Бұл дәстүр XIV–XV ғасырларда кеңінен тараған. Ертедегі пұтқа табынушылық дәстүрді сақтап қалған көшпелілер мұсылмандық жерлеу салтынан өзгеше молалардың үстіне қорғандар тұрғызып, өлікпен бірге қару-жарак, ыдыс-аяк, әшекейлер қоса қойған. Ол Қазақстанның түрлі аймақтарында: Сарыарқада, Ертіс өңірінде, Батыс Қазақстан мен Жетісуда қазылған XIII–XIV ғасырлардағы бірлі-жарым қабірлердің азын-аулақ санынан мәлім¹⁴⁸. Хронологиялық жағынан алғанда, белгілі қабірлердің бәрі XIII ғасырдан XIV ғасырдың басына дейінгі және дала көшпелілері мұсылман дінін қабылдаған XIV–XV ғасырлардағы топтар болып екі хро-

нологиялық топқа бөлінеді. Осы кезде қорғанға жерлеудің орнына кірпіш сағаналарға, мазарларға жерлеу рәсімі тараған. Өлгендер кебінге оралып жерленіп, басы солтүстікке және солтүстік-батысқа, ал беті оңтүстікке, Мекке жағына қаратылған. Көшпелілер бірлі-жарым және топ-топ болып, жинақталған қорымдарға жерленіп, үстіне топырақ немесе тас үйілген. Қарапайым тік бұрышты шұңқырлар, баспалдақты шұңқырлар және лақытты шұңқырлар басым. Молалар кеспелтек ағаштармен жабылған. Молаға жылқының бүтін етін салудың орнына, үстінен үйілген топыраққа не аттың тұлыбы немесе оның аяқтары мен бас терісі қойылған. Өліктердің өздері молаға ұзынынан, шалқасынан жатқызылып салынған, кейде олар тақтай табыттар мен науаларға салынып жерленген. Өліктермен бірге молаға қару, ат әбзелдері, теңгелер салынған. Еркектердің қабірлерінен ағаш қынды пышақтар, қылыштар, сирек болса да найзалар, садақтар мен жебелері бар қорамсақтар, шақпақ тастар кездесті. Кейбір жауынгерлерге сауыт, қабыршақты сауыт-саймандар, дулыға кигізілген. Қайың қабығынан жасалып, геометриялық, өсімдік тәрізді және зооморфтық өрнектер салынған сүйек бастырмалармен безендірілген қорамсақтар ден қоярлық тартымды өнер туындылары.

Әйелдерді жерлегенде сүйек немесе ағаш тарақтар, қайшылар, қола айналар қоса салынады. Еркектердің де, әйелдердің де сәндік заттары күміс сақиналардан, «сұрақ белгісі» түріндегі сырғалардан, моншақтардан тұрады. Киім-кешектері кестелермен, сылдырмақтармен, кішкене қоңыраулармен сәнделген.

Ат әбзелдері — темір ауыздықтар, үзеңгілер, ер қалдықтары, таспалардың қаңылтырлары, айыл тоғалары. Ағаш ыдыстың қалдықтары сақталған. Кейбір қабірлерде киім-кешектің — жібек шапандардың, қой терісінен тігілген шалбарлардың, былғары күртешелердің қалдықтары, тағасыз былғары етіктердің қалдықтары сақталып қалған. XIII ғасырдың аяғы — XIV ғасырда соғылған теңгелер кейде жерленген адамның аузына салынған.

Жамбыл облысында аршылған қорғандағы қабірлердің біреуі XIV ғасырдың басындағы дала батырының киім-кешегі мен қару-жарақтарын қайта құрастыруға мүмкіндік берді. Оған қой терісінен балағы түрлі-түсті жіппен кестелеп тігілген шалбар кигізіліп, оның балағы былғары етікке салынған. Сыртынан ашық алтын түсті немесе алқызыл жібек матадан тігілген шапан киіп, темір тағалы және бастырмалармен, салпыншақтармен сәнделген жалпақ былғары белбеу буынған. Белбеуге қынға салынған темір қылыш пен қанжар таққан. Сол жақ бүйіріне белбеуге терімен қапталып, қайың қабығының түрлі-түсті кесінділерінен бедер салып безендіріліп, қайың қабығынан жасалған қорамсақ ілінген. Қорамсақтың жиегі мен тігістері жіп түріндегі көмкермемен сәнделген. Қорамсақ алуан түрлі: ромб тәрізді, үшбұрышты конус тәрізді, жалпақ қалақшалы темір ұшы бар, ұзындығы 0,7—0,8 м болатын жебелермен толтырылған. Белбеуге шақпақ тасқа арналған кішкене дорба ілінген.

Ислам дінін қабылдаған көшпелілердің жерленуі, бұрын атап өтілгеніндей, отырықшы халықтың мұсылманша жерленуінен ерекшеленбейді, оларда құрал-саймандар салынбаған.

5. ҚОЛӨНЕР

Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының қолөнері таяудағы уақытқа дейін аз зерттеліп келді, өйткені жазбаша деректемелерде қалалардың шаруашылығы мен олардың қызметі туралы ешнәрсе хабарланбайды деуге болады. Қыш-құмыра ісін зерттеудегі ақтандақты қазба жұмыстарынан алынған материалдар толықтырады.

Қыш-құмыра ісі. Отырарда, Күлтөбеде, Түркістанда және басқа орталықтарда жүргізілген қазба жұмыстары қыш-құмыра қолөнерінің, өндіріс техникасы мен технологиясының, шоғырланған жерлерін, керамиканың түр-түрін анықтап, зерттеуге мүмкіндік берді.

Отырарда қыш-құмыра ауылы 2 гектарға жуық жерді алып жатыр. Екі құрылыс деңгейі анықталды, олардың төменгісі уақыты жағынан XIII ғасырдың екінші жартысы – XIV ғасырдың бірінші жартысындағы деп есептеледі. Осы қабаттың құрылыстармен байланысты теңгелер кешені негізінен алғанда XIII ғасырдың екінші жартысы – XIV ғасырдың бірінші жартысындағы шағатайлықтар дирхемдерінен тұрады. Жоғарғы құрылыс қабатының мерзімі Темірдің және Темір ұрпақтарының XV ғасырдың бірінші жартысындағы теңгелерімен белгіленеді.

Төменгі құрылыс қабаты деңгейінен алты шеберхана қазып аршылды. Солардың біреуін сипаттап өтейік. Шеберхананың көлемі 157 шаршы метр, оның 89 шаршы метрін өндірістік бөлік, ал қалғанын тұрғын үй алып жатыр. Өндірістік бөлігі екі жайдан тұрады. Жайдың ортасынан тас тұғыры аршылған ағаш бағанамен тірелген жаппамен жабылған біріншісінде балшық сақтауға арнап, күйдірілген кірпіштен қаланған қамба, құдық және оның қасында су құятын керамика астау бар. Бүкіл шығыс бұрышына күйдірілген кірпіш төселген – мұнда қалыпқа салынатын балшық дайындалған. Екінші жайдың көлемі 40 шаршы метрге жуық. Оның бірінші жартысының төбесі ғана жабылған, екіншісінің жартысы ашық болған. Жаппа астындағы жайдың еденіне күйдірілген кірпіш төселген. Шығыс жақтағы бұрышында шикізатқа арнап күйдірілген кірпіш қалап жасалған жәшік түр, батыс жақтағы бұрышына құмыра станогына арналған орын жасалып, қабына оң жағынан еденге аузы кең ыдыс көміп орнатылған, оған құмыра станогында жұмыс істеген кезінде құмырашының қол шайып отыруы үшін су құйылып қоятын болған. Қарсысына қалыпқа келтірілген ыдыс қоятын текше орнатылған. Керамика күйдіруге арналған, екі қабатты пеш жайдың солтүстік-шығыс бұрышына орнатылған. Оттық сфералық түрде жасалған. Оның диаметрі 1,6 м, тереңдігі 1,6 м. Оттықтың төбесі күйдіру қуысының астындағы тұғыр қызметін атқарған, онда ауа жүретін 12 желдік болып, олар екі қатарлы дөңгелек етіп орналастырылған. Оттық қуысының желдігі көлденеңінен алғанда арка тәрізді болған, мұржасы қуыс арқылы ауланың қабырғасына шығарылған, сірә, түтіннің тартылуын күшейту үшін болар, кірпіштен тік құбыр жасалған, оның тік бұрышты кірпіштен қаланған түбі сақталыпты.

Шеберхананың тұрғын үй кешені – шағын ауласы бар екі бөлмелі үй. Басқа шеберханалардың сипаттамасы кестеде келтірілген. Жалпы алғанда, барлық шеберханалар бір үлгілес.

Рет №№	Жалпы көлемі, шаршы метр	Өндірістік бөлігінің көлемі	Тұрғын үй көлемі	Пеш саны	Өнім
I	157	89	68	1	су таситын көзелер (92%)
II	67	22,5	44,5	1	қос тұтқалы құмыралар, шырағандар
III	75	27,5	47,5	1	қалыпталған керамика
IV	110	55	55	1	құмандар, саптыаяқтар, су себетін керамика
V	114	58	56	2	су себетін керамика, тостағандар
VI	80	36	44	—	жартылай фабрикаттар

Шеберханалардың сипаттамасы және оларда өндірілетін өнімдер. Шеберханаларға тән ерекшеліктерден олардың біреуінде құмыра пеші болмағанын, оны периметрі бойынша ыстық өткізгіші бар, керамиканы тез кептіруге арналған алаңша ауыстырғанын атап өтеміз. Ол төртінші шеберханамен ортақ шағын тұйық көшемен қосылған. Осындай шағын тұйық жасап қосылу бірінші және екінші шеберханаларға тән. Бірінші қабаттағы құрылыстар нашар сақталған, олардың қабырғаларын жел мүжіп, жаңбыр шайған. Керамика күйдіруге арналған пештердің қалдықтары, күйдірілген кірпіш төселген жолдар, тұрғын үй табылды. Екі шеберхананың қалдықтарын анықтаудың сәті түсті. Оларда бір-бірден пеш болған. Олардан диаметрі 155—160 см, тереңдігі 80—90 см от жағатын қуыстар ғана қалған. Шеберханалар жанындағы тұрғын үйлер — екі бөлмелі. Отырардың орталық төбесін қазу сол кез шеберханасының сипаты туралы неғұрлым терең түсінік береді, онда қала іргесіндегі шеберханалар құрылысының сипатын толықтыра түсетін ұсақ-түйектер сақталған қыш-құмыра шеберханасы ішінара ашылды.

Екі өндірістік орынды былайша сипаттауға болады. Біреуінде ақ кристалл ұнтақпен толтырылған шұңқыр түрінде жерден қазылған пеш болды, ұнтақ қамысты жағып алынған, сыр дайындау кезінде қажетті компонент болатын. Батыс жақ қабырға жанында жаппа астында жасыл, сұрғылт, алқызыл және ақ түсті ұнтақ масса түріндегі минеральдық бояулар қоры салынған екі қамба тұрды. Екіншісінде тандыр орналасқан. Жай өртеніп кеткен. Жанып кеткен қамыс пен күйіп кеткен жер қабатының астынан сәкі үстіне қойылып, құлап түскен шатыр сындырып тастаған ыдыстар аршылып алынды. Олардың ішінде құйма тостағандар, құмыралар бар. Бұл жерде күйдірілер алдында керамиканы кептіру жүзеге асырылған деген түсінік қалыптасады. Шеберхананы қазған кезде көп мөлшерде керамика, негізінен құйма керамика жиналды. Керамикаға жасалған талдау мұнда жұмыс істеген шебердің көркемдігі жоғары керамика шығаруға маманданғанын көрсетеді. Шеберхананың мерзімін Темірдің теңгелері мен қағаздағы қолжазба үзінділері көрсетеді, қолжазбаның жазылуын, мамандардың пікірінше, XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басына жатқызуға болады.

Жазбаша хабарларда Шығыстың, Орта Азия мен Қазақстанның орта ғасырлардағы қалаларында қолөнердің ұйымдастырылуы туралы мәліметтер аз¹⁴⁹.

Феодалдық дәуір үшін өндіріс құрал-жабдықтарының иесі және өнімді тікелей өзі өндіруші ұсақ қолөнерші ең сипатты тұлға болып табылады. Топтып жатқан міндеттер атқарғанына қарамастан, еркін қолөнерші, сірә, өндірісте орталық тұлға болса керек.

Шығыс елдері зерттеушілерінің пікірінше, экономикалық жағынан дербес ұсақ товар өндірушінің — базарда немесе үй ішіндегі шеберханасында жұмыс істеп, жұмысты өз күшімен немесе отбасы мүшелерінің және шәкірттерінің жәрдемімен, өзінің қаражаты мен еңбек құралдары арқылы орындаған қолөнершінің жеке өндірісі мұнда сонау ежелгі қалаларда пайда болған. Ол ішінара еріксіз еңбекті ығыстырып шығара отырып, натуральдық және кооперативтік қолөнерге негізделген экономикалық, әлеуметтік құрылымның іргесін шайқалтты. Ортағасырлық қалада ұсақ товарлы өндіріс басым бола бастайды¹⁵⁰. Ұсақ товарлы өндіріспен қатар, натуральдық өндіріс те сақталып, ол қазыналық шеберханалар — көрханаларда шоғырланды. Иран мен Үндістандағы осындай өндіріс туралы жазбаша деректемелерде айтылды¹⁵¹.

Алтын Орда қалаларында еріксіз қолөнершілер болғаны мәлім, оның үстіне Патша қаласында (Сарай-Берке) көрхана болғаны археологиялық жағынан расталған, онда қазба жұмыстары арқылы ақсүйектердің бай усадьбалары және олардың жанынан еріксіз қолөнершілердің жертөлелері табылды¹⁵².

Отырар шеберханалары бірінші кезекте дербес товар өндіруші — үйінің жанындағы өз шеберханасында жұмыс істейтін құмырашының жеке өндірісі туралы түсінік береді. Қаланың орталық бөлігінде де, құмырашылардың жеке қоныстары мен махаллалары бар қала іргесінде де қолөнердің шоғырланғаны байқалады. Шеберханалардың өздерінің орналасуында бірнеше ғасырлар бойындағы сабақтастық аңғарылды, мұның өзі қолөнер мен өндірістің өзіне өнімінен — керамикадан жақсы байқалатын дәстүрлі сипат берді. Қолөнершілер арасында мүліктік жіктелу байқалады, мұның өзі шеберханалардың көлемінен, пештердің санынан, үй-жайлардың интерьеріне күйдірілген кірпіштің пайдаланылу дәрежесінен көрінеді.

Қалада қолөнершілердің цехтық ұйымдарының болуы туралы әңгіме күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Орта Азиядағы цехтар туралы алғашқы айтылған сөздер XIV—XV ғасырлардағы деректемелерден кездестірілді¹⁵³. Алайда, А. Ю. Якубовскийдің пікірінше, Орта Азия қалаларының қолөнершілері X ғасырдың өзінде-ақ цехтарға біріккен¹⁵⁴. О. Г. Большаков Мервте қазып-аршылған XII—XIII ғасырдың басындағы шеберханалар шағын мануфактуралардың пайда болғанын дәлелдейді деп санайды¹⁵⁵. С. Б. Лунина нақ сол Мервтегі қазбалардың материалдары бойынша онда екі керамикашы-шебердің серіктестігі (кооперациясы) болғаны туралы жазады¹⁵⁶.

Отырар шеберханаларын қазу материалдары мұнда серіктестіктер де, цехтық бірлестіктер де болған деп жорамалдауға негіз береді. Қала іргесіндегі шеберханалардың жұптасып бірлескені бұдан бұрын атап өтілді. Мысалы, олардың IV және VI, I және V шеберханалар сияқты, ортақ тұйық көшелері болып, негізгі көшемен байланыс солар арқылы жасалған. Бұл фактіден шеберлердің туыстық қатынастарын (шебер-әке және бөлініп шыққан шебер-баласы) әбден айқын көруге болады. Алайда мұндай құрылыстың кооперативтік сипатта болуы да мүмкін.

Қатар орналасқан IV және VI екі шеберхананың ыдыс жасауда кооперация болуы ықтимал. Соңғысында бұйымдарды тез кептіруге арналған алаңша



болған. Мұнда аралық процесс — бұйымдарды кептіру мен жартылай фабрикаттарды сонан соң пештерде күйдіру үшін IV шеберханаға беру жүзеге асырылуы ықтимал. Этнографиялық материалдар бойынша пішімдеп қана жұмыс істейтін, құймасыз керамика дайындаған шеберлер тобының болғаны мәлім, ал әшекейлеуді, бояуды және қалыпқа келтіріп күйдіруді басқа шеберлер жасаған¹⁵⁷. IV шеберхананың осылай мамандануын онда күйдірілмеген ыдыстар сынықтарының басқаларына қарағанда көп мөлшерде болуы да дәлелдейді.

Отырар шеберханаларында өндірілетін керамика өніміне, негізінен алғанда ақаулы және сынған керамика толтырылған шұңқырлардан алынған керамикаға, сондай-ақ бірқатар жағдайлар бойынша сапалы жағдайына жеткізіле күйдірілмеген; әшекейленген, бірақ күйдірілмеген; күйдіру қуыстарындағы керамикаға жасалған талдау шеберлердің мамандануы туралы айтуға мүмкіндік береді. Отырарда I шеберханада бүкіл өндірістің 92 проценті су таситын құмыралар мен құмандар болған, II шеберханада шебер көлемі орташа екі тұтқалы құмыралар мен шырақтар өндіруге маманданған, үшінші шеберханада қалыпталған керамика — қыш кеспектер, сондай-ақ құйма ыдыс дайындалған, IV шеберханада су таситын құмыралар мен құйма керамика жасалған. Сонымен, жаңа археологиялық материалдар XIII—XV ғасырдың бірінші жартысындағы өндірістің сыртқы сипатын көзге елестетіп қана қоймай, сонымен қатар қолөнердің бұл түрінің ішкі ұйымдастырылу мәселелерін шешу жолдарын белгілеуге де мүмкіндік береді.

Керамика. XIII ғасырдың екінші жартысы — XIV ғасырдың алғашқы төрттен үшіндегі кезеңде керамиканың өзіндік ерекшелігі бар кешені айқын көрінеді, ол неғұрлым кейінгі, XIV ғасырдың 80-жылдары — XV ғасырдың бірінші жартысына жататындығынан ерекше еді.

Алдындағы кезеңмен салыстырғанда, XIII—XIV ғасырдың бірінші жартысындағы керамика едәуір өзгерістерге ұшырайды. Қалыппен басып, жапсырып, оймыштап әшекейленген сфералық жапсырма қақпақтар жасау қысқарады. Дастарқандармен қатар шығыңқы үш аяқты кішкене үстелдер таралады. Барлық керамика сұрғылт, сары, ақшыл-қоңыр немесе қызғылт түсті тығыз да майысқақ етіп иленген балшықтан құмыра ұршықшасында дайындалған. Сырты ашық түсті ангобпен боялған. Қызыл ангобпен әдетте тостағандар, табакшалар, тагорлар, сирек кездесе де құмыралар боялатын. Із, жұғынды түріндегі қара және қызыл ангобты бояу кеңінен пайдаланылады. Ас ішетін керамикада құмыралардың жиектелген жапсырмалы, жалпақ тұтқалы дәстүрлі түрі сақталады.

Құймасыз керамиканың негізгі түрлері көзелер, көзешелер, тагорлар, ас ішетін және су тасуға арналған аузы кең және аузы тар құмыралар, құмандар, қауғалар болып табылады. Құмыралардың өрнектері — бір қатарлы және көп қатарлы иректі сызықтар. Бүйірі шалқам тәрізді кесіндісін қарағанда иректі, қалақшалы тұтқасы бар және мойыны жиектеліп жапсырылған су таситын және ас ішетін құмыралар тобы таралады. Құмыралардың, құмандардың бір бөлігіне иіні мен бүйіріне қою-қошқыл бояумен өрнек салынады. Бұлар — солярлық белгілер, өсімдік жапырақтары, ширатылған, иректелген, толқынды және тамшылатып жасалған сызықтар. Қыш кеспектер пайда болады, олардың қос тұтқалы мойны биік емес, геометриялық және өсімдік сипатында қалыппен басып салынған өрнекпен безендірілген бүйірі шығыңқы болады. Ол өрнектің элементтері ретінде — S — тәрізді иректер, жұлдызшалар, шиыршықтар кездеседі. Мұндай өрнек көлемі әр түрлі та-



Қыш-құмыра мен табақ. Отырар қала жұрты. XIII–XIV ғасырлар.

бақшалар түріндегі қалыптар арқылы салынған. Олардың ішкі бетіне өрнек ойып салынатын болған.

Құйма керамика өндіруде елеулі өзгерістер болады. XIII ғасырдың орта шенін әр түрлі керамикалық стильдер шебі деп санауға болады. Ақ ангобка және глазурь астынан қоңыр, жасыл, қызыл әшекейлер салынған мөлдір қорғасын түстес керамика; қою-қошқыл (шоколад түсті) құйма арқылы боялған керамика жойылады. Тостағандардың диск тәрізді түбінің орнын сақина тәрізді және сақиналы шығыңқы түптілері басады. Ангобтар — қызыл, сары, алқызыл. Құйма мөлдір және сары, жасыл, алқызыл, көгілдір және көк түске боялған болып келеді. Әшекейлері — өсімдік, геометриялық, әріп тәрізді. Ангоб бояумен құйманың ұштасуы керамиканың бірнеше тобын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл — сары құйма және ақ сары түсті ангобка глазурь қабатының астынан әшекей салынған ыдыс. Әшекей жасыл, қоңыр, қызыл бояумен салынған. Суреттері шашыраған күн шұғыласы, тор, үшбұрыштар, ромбылар, нүктелер, үзік сызықтар түрінде. Құйманың сыртынан жұқалап қана қабық жалатылады. Құйманың астынан ашық түсті ангобка арка түріндегі әшекей салынады. Жасыл құйма керамика. Егер өрнегі болса, ол глазурь қабаты астынан бедерлеу әдісімен жасалған. Оның элементтері — өсімдік-геометриялық композиция құратын иректер, шиыршықтар. Екі жақты түрлі-түсті құйма ыдыс. Оның бір жағы жасыл, екінші жағы сары құймамен боялған. Қызғылт-қоңыр ангобка салынған мөлдір құйма бұйымдар. Глазурь қабаты астындағы



Табақтың сынығы. Отырар қала жұрты.

әшекей бір түсті, жасыл немесе сары бояумен орындалған. Әшекейдің элементтері — шаршы медальондар, геометрияландырылған виньеткалар; Қызыл ангоб үстінен боялған жасыл құйма. Түссіз құйма, не қызыл ангоб үстінен боялған алқызыл құйма керамика. Сарғылт түсті құйма арқылы боялған, глазурь қабаты астынан әшекейленген ыдыс. Қап-қара құйма, көк құйма, кара және қоңыр бояумен әшекейленген, мөлдір құйма, көк және марганецпен әшекейленген керамика.

Аталған топтардың кейбіреулері көршілес аймақтардағыға ұқсайды. Орта Азия қалаларында жасыл және сары глазурлі және глазурь қабаты астынан бедерленген, мәрмәр түсті және теңбіл әшекейі бар түссіз құйма көк және көгілдір глазурлі және қара әшекейлі керамика өндірілген¹⁵⁸. Алайда қызыл ангобпен ұштастырылған мұндай әр-алуан түсті құймалар Оңтүстік Қазақстанның қалаларынан басқа әзірше еш жерден кездескен жоқ. Керамиканың сипатты белгілерінің бірі — кашиннен жасалған бұйымдардың болмауы. Кашин ыдысының сырттан әкелінетін қымбат бағалы фарфорды алмастыруға тиіс болғаны мәлім¹⁵⁹. Ол Орта Азияда XIII ғасырда және кейініректе таралды. Бұрын аталып өткеніндей, керсен және кесе сияқты тостағандар — түбінің түрі ерекше. Егер Орта Азия бұйымдарында сақина сияқты түп басым болса, Оңтүстік Қазақстанға түбінің орталығы шығыңқы, сақина сияқты болуы тән. Бұрын аталып өткеніндей, геометриялық өрнек немесе өсімдікті әшекеймен ұштастырылған өрнек басым болады. Зооморфтық тұрғыдағы әшекейлер сирек.

XIV ғасырдың екінші жартысы — XV ғасырдың бірінші жартысындағы құйма керамиканың Орта Азияның әмір Темір кезіндегі керамикасымен ұқсастығы бар, дегенмен де бұрынғысынша кашиннен жасалған бұйымдар кездеспейді. Керамика ашық түстің үстінен мөлдір құйма арқылы боялды, өрнек кобальт, марганец әшекеймен орындалды. Бұйымның екі беті әшекейленді, бірақ тостағанда, табақта, табакшада негізгі өрнек ішкі жағында орналасқан. Тіктеуішті композиция, сондай-ақ негізгі элементі шеңбер болып табылатын өрнекті сурет, сопақша немесе шиыршық көбірек таралған.

Керамиканың әшекейлерінде негізінен өсімдік мотиві пайдаланылады. Бұрынғысынша, сары құймамен боялған және қоңыр, жасыл, қызыл әшекейлі керамика, қызыл ангоб үстінен сары құйма жалатылған керамика; көгілдір немесе көк құйма және қара түспен әшекейленген керамика таралды. Құмырашының шеберханасынан табылған, мерзімі XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басы деп белгіленетін тостағандардың үлкен тобы бұйымдардың пішімдері, глазурьлердің түстері мен әшекейлері, өрнектелу композициялары туралы түсінік береді. Сол кезеңнің керамикасын технологиялық жағынан зерттеу қорғасын құйма пайдаланылғанын көрсетті. Дайындау технологиясы жөнінен неғұрлым күрделі, бірақ глазурь қабығы айтарлықтай сапалы болатын қорғасын-әк құймалары жиірек кездеседі. Бояу ретінде мыс, хром, никель, темір, сурьма тотығы пайдаланылған¹⁶⁰. Керамика өндіру өнеріндегі жаңалықты атап өте отырып, XIII—XV ғасырлар керамикасы мен монғолдарға дейінгі уақыт керамикасының арасындағы сабақтастықты атап көрсеткен жөн. Бұл — әшекейлерде «желбіреген» жапырақ, шиыршық, геометриялық суреттер сияқты дәстүрлі элементтердің пайдаланылуы. Қазақстанда орта ғасырлар дәуірінен бастап кеңінен қолданылған қызыл ангобтың пайдаланылуын да атап өту керек.

Бұрынғысы сияқты, дәстүрлі сырдариялық бейне — қой бейнеленген кера-

мика таралды. Бұл — реалистік мәнерде орындалған қой мүсіндері, қауғаның құйылуы түріндегі қақпақтың құйма және құймасыз ұштары. Көбінесе мүсіншелер сары түспен әшекейленген қоңыр және жасыл ангобпен боялған болады¹⁶¹.

Керамикадағы екінші бір дәстүрлі бейне — құс. Бұлар — әдетте, реалистік мәнерде орындалған мүсіншелер.

Шу алқабы керамикасының глазуруленуі толық емес және шағын топқа бөлінеді. Ыдыстан қазандар, құмыралар, құмандар, тегенелер, тостағандар бар. Сирақты саз үстелдер ұшырасты. Құйма керамика көп емес, бұлар — көгілдір, жасыл, сары және сарғылт-қоңыр құйма қалың етіп жалатылған тостағандардың, кеселердің, шырақтардың бірнеше сынықтары. Түбі жартылай сақина тәрізді, Оңтүстік Қазақстан керамикасына ұқсайтын жартылай сфералық тостағандар тән¹⁶².

Талғар қаласының жұртында Солтүстік-Шығыс Жетісудан XIII—XIV ғасырдың басындағы керамикалық кешен бөліп алынды. Көзелердің айрықша белгісі сыртына қайырылған ернеудің таралуы болып табылады. Бұрынғысынша, ыдыстың ең көп таралған түрі — қазандар, олар өзгермейді. Құмыралардың тұрпаты біршама қарадүрсін сипат алады, бүйірін, әсіресе ернеуін қалыптауда немқұрайдылық байқалады. XIII ғасырдың керамикасында тостағандардың үлесі едәуір басым келеді. Тостағандардың түбі диск тәрізді немесе диск тәрізді үлгіден сақина сияқты үлгіге ауысатын түрде жасалған. Құйма керамиканың негізгі тобын сапасыз жасыл глазурьмен және сарғыш түсті глазурьмен безендірілген ыдыс құрайды. Науа сияқты ұзын шүмегі, тұзақ тәрізді тұтқасы бар және бүйірі мұқият қырланбаған тостағандар мен шырақтар мейлінше көп. Жасыл (батпақ түсті) құйма сұр ангобтың үстінен жалатылған. Жалпы алғанда, мұндағы керамикада соның алдындағы кезеңнің дәстүрі жалғастырылады¹⁶³.

Кірпіш күйдіру кәсібі. Кірпіш күйдіретін шеберхана Отырардың оңтүстік шетінен табылды. Оның орталығы кірпіш күйдіретін пеш болып, тұрғын үйлер мен өндіріс орындары соның төңірегіне топталған. Шеберхананың жұмыс істеген кезеңінде XIII ғасырдың екінші жартысынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі үш құрылыс кезеңі анықталды. Кірпіш күйдіретін пеш осы уақыттың бәрінде жөнделі отырып жұмыс істеген. Ол жоспарлануы жағынан екі қабатты, төрт бұрышты. Ішкі жағынан есептегенде оның көлемі 5,7x7,7 м. Пештің от жағылатын қуысы күйдірілген кірпіштен қаланған. Пештің көлемі 2,9x4,7 м. Оттығы бес аркамен жабылған. Еден деңгейінен аркалар бекітілген жерге дейінгі биіктігі 2 м. Аркалар арасында мойындар арқылы бөлінген желдеткіштер бар. Оттықтың ұзын жағын бойлай ортасынан түтін шығатын қуыс өткен. Ол сыртқа тік шығарылған төрт мұржаға қосылған, ол мұржалар сонымен бірге пештің температуралық режимін реттегіш болған. Түтіндіктің жоғарғы жағы күйіп кетіп, құлап түскен де, ескісі жаңаларымен алмастырылған. Күйдіру қуысының көлемі 5,5x4 м. Тегінде, күйдіру қуысының биіктігі, әдеттегісіндей, 3,5 м болса керек¹⁶⁴. Пештің батыс жағында екі қатар жай бар. Пешке жақын қатарда дәліз арқылы байланысқан үш бөлме орналасқан. Олардың біреуінде еденде жерошақ, екеуінде құйма құрылғы — күйдірілген кірпішпен жабылып, ортасынан тесік шығарылған аузы бар ташнау орнатылған. Үй-жайдың келесі қатары нашар сақталған, олар да үшеу. Олардың екеуінде сәкілер мен боялған тандырлар бар. Олардың біреуінің аузына темір қазан қойылған. Бұл құрылыс-

тар өндірістік процестермен байланысты болған. Пештің сол жағында екі бөлмелі үй бар.

Кірпіш күйдіретін шеберхана кешені — Орта Азия мен Қазақстанда толық аршылған алғашқы осындай объект. Ал Отырардың осындай пештері белгілі. Мұндай пештер Самарқандта қазып аршылған¹⁶⁵. Хорезмдегі Талайханата қала жұртындағы пеш Отырар пешіне өте ұқсас. Оның мерзімі XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басы деп белгіленеді¹⁶⁶. Отырар маңындағы әр түрлі елді мекендерде кірпіш күйдіретін тағы да үш пеш қазып аршылды. Олардың мерзімі XIII—XV ғасырлар деп белгіленеді. Бұған ұқсас пештер көп, бұлар — Сарайшықтағы XIII ғасырдың пеші¹⁶⁷, XIII—XIV ғасырлардағы Мерв пен басқа да Орта Азия қалаларының жұртындағы пештер¹⁶⁸.

Отырардың пештерін бір-бірімен және басқа да қалалардың пештерімен салыстырған кезде олардың құрылысының жалпы ұқсас принципін атап өткен жөн. Барлық пештер екі қабатты, олардың оттықтары астыңғы құрылымның рөлін атқаратын аркалы конструкциялармен жабылған. Түтін не төбесіндегі тесік арқылы немесе арнаулы мұржалар арқылы шығарылған. Аркалардың жоғарғы беттері енінің әр түрлі болуы түрлі сипаттағы кірпіштер дайындауға мүмкіндік берді. Мәселен, шеберхананың пештерінде стандартты 22—25x22—25x4—5 см мөлшеріндегі кірпішпен қатар 40x40x5 см мөлшеріндегі ірі кірпіштер де күйдірілген. Түтін шығаратын күрделі құрылғы мен жылу реттейтін жүйе бұл пеште құрылыста пайдаланылатын әр түрлі заттар мен тақта тастарды күйдіруге мүмкіндік берді. Кірпіш күйдіретін пештер мен шеберханалар санының көп болуы Отырарда құрылыс жұмыстарының құлаш жайғанын дәлелдейді. Құрылыс қажетіне байланысты қыр-алебастр өндіру ісі дамытылды. Күйдірілген кірпіштен қаланған ванналар, кірпіш төсенділер, алебастрлы ыдыстар табылған сондай шеберхананың қалдықтары Отырарда қазып аршылды.

Мыс және қола күй кәсібі. Жинақталған археологиялық материал — мысшылардың өнімі қолөнердің осы түрінің де даму деңгейін белгілі бір дәрежеде сипаттап береді. Зерттеушілердің атап өтіп отырғанындай, монғолдар кезі мен монғолдардан кейінгі кезде қола айналар өндірудің едәуір ұлғайғаны байқалады. Бұл монғолдар кезінде халықтың және ең алдымен қолөнершілердің орын ауыстыруымен байланыстырылады. Айна жасайтын жаңа орталықтар, соның ішінде олар Орта Азияда да пайда болады¹⁶⁹. Сірә, солардың бірі Отырар болса керек. Құйылуының қалыңдығына, шығыңқы бедерлерінің тегістеліп келуіне қарағанда, Оңтүстік Қазақстан қалаларынан табылған қола айналар қаланың өзінде жасалған болса керек, дегенмен де олардың көпшілігі сырттан әкелінген айналардың көшірмелері екендігі даусыз. Айналардың бәрі қалайы қоланың қорғасын қосылған қорытпасынан жасалған қалыптарда құйылған. Айна қорытпаларының сапа және сан құрамы біркелкі, бұл да олардың жергілікті жерде өндірілгені туралы қорытындыны растайды. Сырт жағында өсімдік бейнеленген өрнегі бар айналар диаметрі 7,5—8 сантиметрге дейін жететін дөңгелек болып келеді, ернеуі және сырт жағының ортасында ілмешегі бар. Бедерлі өрнегі ортасына жапырақтар салынып, айналасында иілген сабақтардағы үш жапырақты өсімдіктер мен жүрек сияқты мүсіндер шырматылып жатқан өсімдік бейнелі күрделі өрнек болуымен сипатталады. XIII—XIV ғасырлардағы половецтердің қабірлерінен осыған ұқсас айналар кездестірілді¹⁷⁰.

Өсімдікті-геометриялық өрнекті айналардың да көлемі нақ сондай. Олар-

дың біреуінің сырт жағындағы бедерлі өрнегі алты бұрыштармен толтырылған төрт (екі үлкен және екі кішкене) шеңберден тұрады. Шеңберлер арасындағы жерлерге лотос гүлдері салынған. Осыған ұқсас лотос гүлдері Сібірден табылған XI–XIII ғасырлардағы айнада бейнеленген¹⁷¹. Сырт жағында солярлық өрнектері бар айнаның ортасында күн шеңбері бейнеленіп, одан оратылып жатқан күрделі өркендер түріндегі сәуле тарайды. Бұған ұқсас айналар едәуір көп¹⁷². Айналардың бір тобының сырт жағында зооморфтық өрнек бар. Бірнеше айнаның өсімдік өркендерімен қоршалған балық бейнесімен безендірілген сынықтары сақталған. Диаметрі 14,2 см болатын бір айна «аққу» бейнесімен безендірілген. Арыстан, бұғы көрінеді және біреуі, сірә, ит болар. Жануарлар оратылған өсімдік өрнектерінде бейнеленген. Келесі екі жолақ өсімдік өрнектерімен толтырылған. Бұл үлгідегі айналардың мерзімі XI–XIII ғасырлар деп белгіленеді.

Дөрекі құйылған, жиегінің қалыңдығы әр түрлі, диаметрі 6,5 см болатын айна ден қоюға тұрарлық. Бұл айна қытайлық түпнұсқадан құю арқылы жасалған. Айнаның сыртқы жиегін бойлай 8, ішкі жиегін бойлай 4 медальоннан тұратын шеңбер жасалған. Олардың әрқайсысында жануарлардың бейнелері бар. Сыртқы шеңбердің медальондарынан қабан, ит, құс (қораз), барыс, ішкі шеңберден ат, қой аңғарылады. Медальондар арасындағы жерлерге циклді иероглифтік белгілер салынған. Олар небәрі он. Айна өзінің пайдаланылатын мақсатымен қоса, Шығыста таралған 12 жылдық жануарлар күнтізбесі рөлін атқарған¹⁷³.

Қола мен мыстан алуан түрлі әшекейлер дайындалды. Мысалы, екі жағында бедерлі бейнелер бар, қоладан құйылған медальон маңызды олжа болып табылады. Бір бетінде садағын кере тартып, шауып бара жатқан атты адам мен аттың бауыры астында жүгіріп бара жатқан ит, екінші бетінде оратылып жатқан айдаһар бейнеленген. Бүгінде Орта Азияның, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың аумағынан табылған бір-біріне өте ұқсас бірнеше медальон мәлім¹⁷⁴. Бұл бейнелердің XIII–XIV ғасырлардағы қолданбалы өнер ескерткіштерімен кең көлемді ұқсастықтары бар. Қазба жұмыстары кезінде әр түрлі мыс және қола бұйымдардың — ілмектердің, тойтармалардың, әр түрлі заттар сынықтары жиналды. Қола тостағанның сынықтары табылды. Бұйымдардың көп болуы қала қолөнерінің бұл бағыты маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді.

Зергерлік кәсіп. Суреттеліп отырған уақытта күмістен жасалған бұйымдар өндірісінің технологиясымен, әшекейлердің түр-түрімен және сипатымен байланысты мәселелер үшін Отырардың XIII ғасырдың 60-жылдарында жасалған деп саналатын күміс заттарының көмбесі зор ынта-ықылас туғызды¹⁷⁵. Көмбеден табылған зергерлік бұйымдардың бір бөлігін Оңтүстік Қазақстан қалаларының қолөнершілері жасаған. Бұлар — түп негізі XI ғасырдың өзінде-ақ Оңтүстік Қазақстан, Жетісу аудандары мен Орта Азияның солтүстік аудандарынан мәлім орама тәрізді білезіктер. Білезіктерді дайындаған кезде түрлі сипаттағы күміс шанышқылар мен ширатпалар пайдаланылған. Отырардың жылтыр білезіктері күміспен, бірақ неғұрлым жоғары сапалы күміспен қапталған дөңгелек күміс кесегінен жасалған. Зерттеушілер қыпшақтардікі деп анықтаған сұрақ белгісі сияқты сырғалар: ұшы көп қырлы ауыр сырғалар мен «3» сияқты самай салпыншақтар назар аударарлық. Көмбенің жүзіктері мен жалпақ білезіктері оймалап және соғып безендірілген. Түрлі-түсті тастан моншақтар, алқалар, жүзік көздері дайындалған.

Шыны жасау. Қалаларда бұрынғысынша шыныдан ыдыстар жасау дамыған. Шынының түсі — түрлі түске құбылып тұратын жасыл, көк, көгілдір, қызыл, сары және қою-қошқыл. Бұйымдардың түр-түрі едәуір көп, олар қақпақтар, тостағандар, бокалдар, рюмкалар, графиндер. Бұйымдардың бір бөлігі қалыпқа келтіріп үрлеу кезінде жасалатын басу, шеңберлер, ромбылар түріндегі бедерлі өрнекпен әшекейленген, басқа біреулері пісірілген талшықтардың, нақ өзіндей немесе басқа түсті шиыршықтардың, қайырмаалардың арқасында неғұрлым әдемі көрінеді. Ал жалпы алғанда, XIII—XV ғасырдың бірінші жартысындағы шыны кәсібін сипаттағанда, шыны бұйымдардың азая түскенін атап өткен жөн. Шыныдан әшекей заттар — көз салып безендірілген білезіктер, түрлі-түсті шыны талшықтарынан жасалған білезіктер, моншақтар, ұсақ моншақтар дайындаған.

Қалаларда Қазақстан қалаларына дәстүрлі сүйек ою кәсібі дамыған. Олжалар арасында дөңгелек өрнекпен безендірілген пышақ саптары, түймелер мен қарсы ілгектер бар. Жылқы мен сиырдың ұзын сан жіліктерінің сүйектерінен — жүн өндеуге арналған жылтыратқыш, қой мен ешкінің жұқа сүйектерінен біз бен түйреуіш жасалған. Үй жануарлары мен жабайы хайуандар — киіктің, қарақұйрықтың, бұғының мүйіздері шикізат ретінде пайдаланылған.

Тастан диірмен, әр түрлі шой балғалар, келсаптар, сүргілер, қайрақ тастар дайындалған. Өкінішке қарай, тоқыма кәсібін, кілем тоқу ісін және басқа да қала қолөнерін дәлелдейтін айғақтар аз сақталған, бірақ олардың дамығаны даусыз. Мысалы, қала тұрғындарының үйлерінен табылған мақта қашақтарын, ұршықбастарды тоқыма кәсібінің дамуын көрсететін дәлел ретінде пайдалануға болады.

6. КЕРУЕН ЖОЛДАРЫ, САУДА ЖӘНЕ АҚША АЙНАЛЫСЫ

Монғолдар жаулап алған кезде қалалардың талқандалуы, егіншілік алаптары мен дала өңірінің қаңыратылып тасталуы қала мен оның төңірегін, қала мен даланың саудасына теріс әсер етті. Алайда халықаралық сауда жолдары жұмыс істей берді¹⁷⁶.

Қытайды, Монғолияны Орта Азиямен, Орта және Таяу Шығыспен, Еуропамен жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолында бұрынғысынша жүргіншілер көп болды. Мәселен, 1221 жылы қытай монахи Чан-Чунь Монғолия, Құлжа өлкесі мен Жетісу арқылы Самарқандқа, Кешке барып, сол жерден Шыңғыс-ханның ордасына бет алған. 1223 жылы ол нақ осы жолмен қайтып оралған¹⁷⁷.


1246—1247 жылдары армян қолбасшысы Самбат Спарамет монғолдардың астанасы Қарақорымға аталған жолмен жүріп өткен¹⁷⁸. 1259 жылы Іле алқабы, Жетісу және Орта Азия арқылы Чан Дэ Хорасанға өткен. Бұл бағытпен 1278 жылы екі несториан монахи — III Мар Ябаллахи мен Раббан Саума сонғылардың бірі болып жүрген. Таңғұтқа, сонан соң Қашғарға келген, ал одан Жетісу арқылы Таласта (Таразда) аялдама жасап, Орта Азияға, Хорасанға және одан әрі Кавказға жеткен¹⁷⁹.

Монғолдар кезінде Европаны Азиямен жалғастырып жатқан, оңтүстік-орыс даласы, Еділ бойы арқылы Оралға, одан әрі Хорезмге, Сырдарияға және Жетісу арқылы Алмалық пен Монғолияға өтетін дипломатиялық және керуен жолы зор маңыз алды. 1246 жылы Плано Карпини Киев арқылы Батудың

ордасы Сарай-Батуға барып, ол жерден Хорезм, Жетісу және Тарбағатай арқылы Қаракорымға жеткен. Саяхатшының есебінде Сырдария және көптеген қираған қалалар, олардың ішінде Янкент, Бархин және Орнас (Янгикент, Баршыкент және Аснас) аталады. Сонан соң Платано Карпини Жетісу арқылы жүріп, Іледен жүзіп өткен де, Алакөл көлін оңтүстік жағынан айналып, Омал (Омыл) арқылы Қаракорымға жеткен¹⁸⁰. ІХ Людовиктің Күйікке жіберген елшісі Андре де Лонжюмонның миссиясы 1249 жылы Платано Карпинидің жолын ішінара қайталады. Ол Аққу мен Мосул арқылы, Каспий теңізінің оңтүстік жағалауын бойлай отырып, Хорезмге келген де, сол жерден Жетісу арқылы Омылға жеткен¹⁸¹.

1253 жылы ІХ Людовиктің Рубрук басқарған миссиясы да Мөңке ханға осы жолмен аттанды. Рубрук Константинопольден теңіз жолымен Қырымдағы Сохдак (Судак) қаласына жетіп, одан ол Сартақ ханның Еділден үш күндік жерде орналасқан ордасына келді, содан соң, Еділдің арғы жағындағы дала арқылы Жайық өзеніне жетті және Арал маңының даласы арқылы жүріп, Таластың төменгі ағысына дейін барды. Ол өзен ағысын бойлай жоғары өрлеп, Кинчат қаласынан өтті: Таластан өткен соң, Рубруктің миссиясы Ұлы Жібек жолының Жетісудағы учаскесімен Іле алқабына беттеді. Іле өзенінен жүзіп өткеннен кейін Рубрук Эквиус, «облыс астанасы» Қаялық қалалары арқылы жүрді, Алакөлді айналып, Тарбағатайдан асып өтті де, Қаракорымға жетті¹⁸².

1254 жылы армян патшасы І Гетум Кили Армениясынан Қаракорымға аттанды. Гетум Батыйдың ордасынан шығысқа бет алып, Айех (Жайық) өзенінен өтті де, Орға жетті. Сонан соң, сірә, ол Орталық Қазақстан арқылы жүріп, Ертістен өтіп, Монғолияға жеткен болса керек. Гетумның Даласқа (Таразға)¹⁸³



Белеулі керуен-сарайы. XIV ғасыр.

қайтар жолы Шығыс Түркістан, Алмалық, Ілебалық арқылы өткен. Сонымен, Гетум өзіне дейін отыз жылдан астам уақыт бұрын Чан-Чунь жүріп өткен Оңтүстік-Іле жолымен жүрген. Тараздан Гетум өз еліне Орта Азия арқылы өтетін қысқа жолмен аттанбай, Сартақтың ордасына бармақшы болып, солтүстікке бет түзеді. Ол Хутутчин мен Паркет арқылы Қаратаудың теріскей тау беткейлеріндегі қалаларды жалғастырып жатқан бағыт бойынша жүріп, Согнахтың (Сығанактың) солтүстік жағында орналасқан Сартақ ордасына жеткен де, Сығанакқа қайтып оралып, сол жерден Савран (Сауран) мен Асон (Ясы) арқылы Отырарға барып, Сырдариядан Зурнукке (Зернук) өткен де, Самарқандқа, Бұхараға, Туске соқпай, хан жолымен Арменияға жеткен.

Мөңке хан өлгеннен кейін Монғол империясының шығысы мен батысында өзара қырқысқан соғыстар өршіді¹⁸⁴. Орта Азия мен Жетісу арқылы Тебризден Ханбалыққа тура өтетін жол қауіпті болды. Сондықтан 1291 жылы Монтекорвиноның миссиясы Ханбалыққа сол кезде-ақ игерілген жолмен жүрмей, Үндістан арқылы айналма жолмен аттанды¹⁸⁵. Көпестер мен миссионерлер бұл ұзақ жолдан гөрі Каффадан Танға, Ескі немесе Жаңа Сарайға, Үргенішке, Отырарға, Алмалық пен Ханбалыққа апаратын құрғақтағы жүріп-тұратын жолды артық санайтын. Бальдуччи Пеголоттидің есептеуі бойынша (1340), бұл жол 290 күнге созылған¹⁸⁶. Сарайшық, Үргеніш, Бұхара, Қашғар арқылы тағы бір жол өткен¹⁸⁷. XIV ғасырдың 20—30-жылдарында бұл трансазиялық жолда қалыптасқан жағдай халықаралық саудаға қолайлы болды. Мұны едәуір дәрежеде Алтын Орданың өрлеуі, Сарай-Бату мен Сарай-Беркенің өркендеуі¹⁸⁸, сондай-ақ Ақ Орда қалаларындағы экономикалық және мәдени өмірдің гүлденуі туғызған еді.

Европалықтардың Шығыс елдеріне XIV ғасырдағы соңғы сауда-миссионерлік әрекеті Джованни Мариньолоның 15 жылға созылған (1338—1353) саяхаты болды. Ол Каффадан Тан арқылы Жаңа Сарайға, одан Үргеніш пен Алмалыққа барды¹⁸⁹.

1370 жылға қарай трансазиялық жолдың бүкіл жүйесі толық бұзылды. Шығыстағы соғыстар Мауараннахр мен Жетісу арқылы өтетін жолды сауда үшін қатерлі етті. XIV ғасырдың үшінші ширегінде Алтын Орданы жаппай лаң жайлап алды. Темірдің Еділ бойына, Қырымға, Жетісуға ойранды жорықтары халықаралық сауданы тоқтатып тынды¹⁹⁰.

XIV ғасырдың бірінші жартысында Жетісу қалалары қаңырап қалды. XIV ғасырдың орта шенінде Іле алқабының аса маңызды саяси және экономикалық орталығы Алмалық өз маңызын жоғалтты, одан бұрынырақта Қаялық, Талхиз, Екіоғыз, Ілебалық құрып біткен еді¹⁹¹. Бір ғажабы, Темірдің Жетісуға жорықтарын суреттейтін деректемелердің бірде-біреуінде қалалар да, қоныстар да аталмайды¹⁹². Жетісу буыны халықаралық керуен жолдарының тізбегінен шығып қалды. Мұнда ішкі сауда да құлдырап, қолөнер өнімдері мен егіншілік өнімдерінің далалық және жартылай далалық аудандарға әкелінуі тоқталады. Енді жібек, сәндік заттар Қытай мен Орта Азиядан Батысқа Үргеніш пен Хорезм арқылы жететін болды. Генуялықтардың Каффадан өкететін товарларының тізімінде Хорезм мен Үргеніш жібегі аталады¹⁹³. Пеголоттидің айтуына қарағанда, Орта Азия мен Қытайда сондай-ақ жібек және алтын тінді парча, мақта мата, жүн, күріш, шафран, кепкен жеміс-жидектер, керамика, фаянс, фарфор сатып алынған. Иран мен Шығыстың қалаларынан көркемдік металл, әшекейлер, асыл тастар, сандал ағашы, інжу, Европадан полотно маталар әкелінген. Пеголоттидің көпестерге полотно мата-

лар ала барып, оларды Үргеніште сатуға және татар елдерінде өтімді күміс жамбылар жинап алуға кеңес берген куәлігі сақталған¹⁹⁴. Отырардың ақшазат көмбесінен XIII ғасырдың 40–60-жылдарымен белгіленген нақ сондай жамбылар табылды. Олардың ең үлкенінің түрі сопақша, шеттері қайырылған, көлемі 119x147 мм, салмағы 1410 г. Екі сом жамбының шет жақтары дөңгелетілген (олардың біреуінің бір бөлігі кесіп алынған); тағы екеуі сүйір таяқша түрінде істелген және қақталған іздері бар¹⁹⁵. Ұзындығы 4–6 см және диаметрі 2–3 см болатын осы үлгідегі қорғасын таяқшалар Еділ бойынан табылған Алтын Орда уақытының материалдарында көп кездеседі¹⁹⁶.

Әрине, аталған товарлардың бәрі ішінара Оңтүстік Қазақстанның қалаларында қалып отырған. Халықаралық сауданың кең көлемде жүргізілгенін жоғарыда аталған күміс көмбе дәлелдей алады, онда Алмалықтың, Емілдің, Пуладтың, Женттің, Қырымның, Сивастың теңгелері бар. Көмбе бұйымдарының бір бөлігі, мысалы, жоғарыда суреттелген құрама белдіктің бөлшектері мен ұйғырша жазбасы бар қалақшалар Орта Азиядан, Шығыс Түркістаннан, Кіші Азиядан шыққан. Бұрын атап өтілгеніндей, тоғалар Патша қаласының жұртынан табылып, мерзімі XIV ғасыр деп белгіленген қола тоғаға ұқсайды¹⁹⁷. Бастырмалар мен сақина түрі жағынан Самарқандтағы монғол қабірінен алынған белдік жиынтығының күміс қаптырмаларына ұқсас¹⁹⁸. Сонымен, көмбенің трансазиялық жол басып өткен облыстар мен елдердің өзінше бір «таныс-біліс (визит) карточкалары» бар.

Отырардың XIII–XV ғасырлардағы қола айналарының арасында Таяу Шығыс пен Қытай өндірісінің айналарына еліктеушілік бар. Олардың біреуінде аң қуу, екіншісінде адам бетті, тарамдалған құйрығы және шетінде тікенегі бар қанатты арыстандардың мүсіндері бейнеленген. Мұндай айналарды Орта Азия мен Иранның шеберлері жасаған¹⁹⁹.

Бұл кезеңнің товар-ақша қатынастарына шет аймақтың көшпелілері тартылды. Мұны көмбелер мен көшпелілердің қабірлерінен, атап айтқанда, Жамбылға жақын жердегі XIII–XIV ғасырлардағы қабірлерден²⁰⁰, Орталық Қазақстандағы қыпшақтардың қабірлерінен табылған теңгелер дәлелдейді²⁰¹.

Монғолдар жаулап алғаннан кейінгі алғашқы он жылдықта шаруашылықтың жай-күйінің нашарлап кеткені сонша, бұл кездегі ақшалы сауда жөнінде айтудың да керегі жоқ. Елді күйзелістен шығарып, шаруашылықты қалпына келтіру және ақшалы сауданы жандандыру үшін орталықтандырылған ішкі саясат керек болды. Реформаторлық саясаттың негізін 1251 жылы ұлы хан деп жарияланған Меңгу хан қалады. Деректемелерде халықтың әл-ауқатын ойлаудан туды деген бірқатар шаралар соның атына айтылады. Оның тұсында халықты озбырлық міндеткерліктерден қорғаған жан басына салық салу қатаң реттеліп, сынамасы бірдей алтын динарларды үнемі соқтырып отыруға әмір берілді, мұның өзі ақшалы сауданың қалпына келтірілуі мен жандануына себепші болды²⁰². Меңгу ханның Мауараннахр мен одан шет жерлердегі саясатына дем берушілер мен оны іс жүзінде жүргізушілердің бірі монғолдар кезінде Орта Азияның алғашқы әміршісі болған Махмұд Ялваштың ұлы — әмірші-көпес Масудбек болды.

Е. А. Давидовичтің айтуынша, Шағатай ұрпақтары империясының ақша шаруашылығы үш кезеңге бөлінеді²⁰³. Бірінші кезең — Орта Азияны монғолдардың жаулап алуынан бастап, шамамен XIII ғасырдың ортасына дейінгі ғасыр ширегі. Бұл кезеңде теңгелерді азды-көпті тұрақты шығаруды екі қала — Самарқанд пен Бұхара жүзеге асырды.

Бұл теңгелердің қолданылу аясы тар болды, сондықтан да олар ақша дағдарысының жойылуына жәрдемдеспеді.

Екінші кезең шығарылған жеріне қарамастан, Шағатай ұрпақтарының барлық мемлекеттерінде өтімді болған, сапасы нашар (алтын 60%) анонимдік алтын теңгелердің тұрақты түрде соғылуымен сипатталады. Теңгелердің сына-масы алтын теңгелерді сол кездегі нақты сауданың деңгейі мен көлеміне жақындату үшін әдейі төмен тағайындалды. Ұсақ-түйек төлемдер кезінде салмағына қарай қабылданатын алтын теңгелердің фрагменттерін пайдалануға болатын еді. Бұхараның, Самарқандтың, Ходжент пен Отырардың теңге сарайлары жұмыс істеді. Отырарда хижраның 649 жылынан (1251—52 жылдан) 662 жылына (1264—65 жылға) дейін «меңгу-хандар» немесе «хандар» деген жазуы бар, теңгенің хан теңгесі екенін көрсететін бір үлгідегі күміс жалатылған мыс дирхемдер жыл сайын дерлік шығарылып тұрды.



Отырардың мыс дирхемдері мен фельстері. XIII ғасырдың үшінші ширегі.

Жақында теңгелердің «йарлы хандар» деген жазуы бар тағы бір түрі табылды²⁰⁴. Бұл теңгелер Отырар мен оның төңірегінде ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан, Ташкент пен Ферғана аудандарында да саудаға жүрген. Отырарда күміс жалатылып, мыстан соғылған дирхемдердің көмбелері Орта Азияның аумағынан да едәуір жиі кездеседі.

1972 жылы Отырардан XIII ғасырдың 50—60-жылдарында күміс жалатылып соғылған мыс дирхемдер (190 дана) көмбесі табылды. Онда нақ сол кезеңде Отырарда соғылған (19 дана), күміс жалатылған дирхемдерге ұқсас, олардан көлемі бойынша ғана ерекшеленетін мыс фельстер де бар болып шықты²⁰⁵. Отырардың ақша айналысында олар майдалайтын ұсақ теңгелер міндетін атқарған, мұның XIII ғасырдың екінші жартысында сауда-ақша қатынастарының кеңеюіне байланысты екені сөзсіз. Бұл — өте маңызды факт, өйткені осы кезге дейін Шағатай ұрпақтарының ақша шаруашылығы ұйымдастырылуының

екінші кезеңінде астаналық қала Алмалықта ғана бір мезгілде алтын, күміс және мыс теңгелер шығарылған деп саналып келді. Көмбеде Махмұд Ялваштың ұлы Масуд әл-Хорезмидің есімі бар теңгелердің болуы Масудбектің Мауараннахрдағы экономикалық билігінің бұрын айтылып келгеніне қарағаннан едәуір маңызды болғанын дәлелдейді²⁰⁶.

Үшінші кезең Масудбектің ақша реформасынан басталады²⁰⁷. Оған хижраның 670 жылында (1271–72 ж.) декрет шығарылған еді, бірақ оны толық жүзеге асыру үшін XIII ғасырдың тағы да жиырма жылы керек болды. Реформа Орта Азияның, Қазақстан оңтүстігінің және Жетісудың көптеген қалалары мен облыстарында бағалы күміс теңгелерді тұрақты соғып тұратын етті. Кез келген жеке адам теңге сарайына белгілі бір ақы төлеп, теңге құйдыру үшін күміс әкеле алатын еді. Қазір XIII ғасырдың соңғы ширегінде жұмыс істеген 15-тен астам теңге сарайлары мәлім болып отыр. Олардың ішінде Отырардың, Тараздың, Кенженің (Кендже), Женттің теңге сарайлары бар.

Алмалықтан кейін күміс теңгелерді бірінші болып Отырар (хижраның 670 жылынан 1271/72 жылдан бастап), содан соң Тараз бен тағы да бірнеше қала шығара бастаған. Хижраның 677 жылынан 1278/79 жылдан Кенжеде де теңге шығарыла бастады.

Реформадан кейін күміс теңгелер соғу Орта Азияның түрлі облыстары мен аудандарының экономикалық жай-күйін салыстыра отырып сипаттау үшін аса маңызды деректеме болып табылады. Нумизматикалық деректер ақшалы сауда тұрғысынан алғанда Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-батыс Жетісу мейлінше қолайлы жағдайда болған деп қорытуға мүмкіндік береді.



XIV ғасырдың ортасындағы Буянкули ханның аты жазылған Отырардың күміс динарлары.

Масудбектің реформасы мемлекетті күміс теңгемен қамтамасыз етіп, олардың шығарылған жеріне қарамастан, даналап айналысқа түсуіне (салмағы, сынамасы) кепілдік берді. Сонымен бірге көптеген қалаларда мыс фольстерді тұрақты соғу жолға қойылды, күміс жалатылған мыс дирхемдер шығару тоқтатылып, олар айналыстан алынып тасталды. Барлық облыстарда қала өмірінің едәуір өрлеуін 1271 жылғы ақша реформасының нақ ойдағыдай жүргізілуімен байланыстыруға болады. Бұл өрлеуді Кебек ханның жаңа ақша реформасы (1321 ж.) нығайта түсті, ол жаңа күміс теңгелер — «кебектерді» айналымға енгізді.

Отырардан XIV ғасырдың бірінші жартысындағы мыс және күміс теңгелердің табылуы қалада теңге сарайының жұмыс істегенін дәлелдейді.

Коллекцияда Тармашырын (1326—1334), Женкші (1334—1338), Есентемір (1338—1341) және Буянкули (1348—1358) хандар тұсында соғылған саптыаяқтар бар²⁰⁸.

Темірдің және Темір ұрпақтарының тұсында XIV ғасырдың соңғы ширегінен XV ғасырдың орта шеніне дейін Отырарда теңгелер шығару бұрынғысынша жалғастырыла берді²⁰⁹. Табылған олжаларға қарағанда, XIV ғасырдың екінші жартысы — XV ғасырдың бірінші жартысында Самарқандта, Шахрухияда, Бұхарада, Әндіжанда шығарылған мыс теңгелер де ақша айналысында болған. Бұл теңгелер облысаралық және жергілікті саудада пайдаланылған. 1430—1431 жылдардан кейін Отырарға Ираннан немесе Хорасаннан әкелінген «танга-и шахрухи» күміс теңгелер (219 дана) көмбесі Отырардың кең көлемдегі сыртқы сауда байланыстарының көрсеткіші бола алады. Ол Астрабад, Герат, Йезд, Қашан, Кум, Сабзевар, Шираз теңгелерінен тұратын. Бірнеше теңге Темір мен Махмұдтың, Мұхаммед Жаһангер мен Ескендір Қарақойынлының эмиссияларына жатады²¹⁰.

Отырар жазирасының экономикасы мен саудасы XV ғасырдың ортасы — XVI ғасырдың бірінші жартысында бұрынғысынан да зор гүлдену кезеңіне жетті. Бұл кезде Орта Азияда²¹¹, сондай-ақ, көптеген теңгелердің табылуы дәлелдеп отырғандай, Отырарда, Түркістанда және Қазақстанның оңтүстігіндегі басқа қалаларда да товар-ақша қатынастарының барынша дамығаны байқалады.

¹Руденко С. И. К вопросу о формах скотоводческого хозяйства и о кочевниках // Материалы по отделению этнографии Географического общества СССР. Вып. I. Л., 1961, 2—15-б.; Хозяйство казахов на рубеже XIX—XX веков. Алма-Ата, 1980, 38—41, 81—87-б.

²Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969, 318-б. (ары қарай: МИКХ).

³Руденко С. И. К вопросу о формах скотоводческого хозяйства... 3-б.; Хозяйство казахов..., 83—86-б.

⁴Руденко С. И. К вопросу о формах скотоводческого хозяйства..., 4-б.; Хозяйство казахов..., 37, 86—87-б.

⁵Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Стэнли Лэн-Пуль. Мусульманские династии. Иакинф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Москва — Ташкент — Бишкек. 1996, 78—79-б.

⁶Histoire des conquêtes de Tamerlan intitulé Zafarnama par Nizamuddin Sami. Ed. critique par F. Tauber, t. I. Texte persan du Zafarnama. Praha, 1937. (ары қарай: Шами. Зафар-наме. Изд. Тауэра), 69, 70-б.; 114—116 және басқа беттер; Шараф ад-дин Али Йазди. Зафар-наме. Рук. ГПБ им. Салтыкова-Щедрина ПНС 234, л. 636, 72а; Мухаммад Хавенд-шах Мирхонд. Раузат ас-сафа. Литограф. изд. Лакнау, 1891, т. VI, 35-б.

⁷Мухаммад Хавенд-шах Мирхонд. Раузат ас-сафа. Приложение персидского текста в кн.: Бартольд В. В. Соч., т. II, ч. 2. М., 1964, 182-б.

⁸Бұл да сонда, 190-б.

⁹Иоанн де Плано Карпини. История монголов. Вильгельм де Рубрук. Путешествие в Восточные страны. Введ., перевод и прим. А. И. Малеина. СПб., 1911, 103-б.

¹⁰Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-йи Бухара. Перевод, предисл. и прим. Р. П. Джалиловой. М., 1976, 93—94-б.

¹¹Кочекаев Б.-А. Б. Ногайско-русские отношения в XV—XVIII вв. Алма-Ата. 1988, 29—32-б.; Калмыков И. Х., Керейтов Р. Х., Сикалиев А. И. Ногайцы. Черкесск. 1988, 30—35, 61 және басқа беттер.

¹²Бартольд В. В. История культурной жизни Туркестана // Соч., т. II, ч. 1, М.,

1963, 120-б.; *Иванов П. П.* Очерки по истории Средней Азии. М., 1958, 50-б.; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков. М., 1965, 77–80-б.; *Гумилев Л. Н.* Древняя Русь и Великая степь. М., 1992, 469-б.

¹³*Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884, 230–233-б. (ары қарай: СМИЗО, т. I).

¹⁴Путешествие в Тану Иосафата Барбаро, венецианского дворянина. Пер. с итальянского В. Семенова // Библиотека иностранных писателей о России. Т. I. СПб., 1836, 36–37-б.; сондай-ақ қараңыз: Барбаро и Контарини о России. К истории итало-русских связей в XV в. Вступ. статьи, пер. и коммент. Е. Ч. Скржинской. Л., 1971, 150, 174-б.

¹⁵*Аболин Р. И.* Основы естественно-исторического районирования Советской Средней Азии // Труды САГУ, серия 12. География. Ташкент. 1929, вып. 2; *Соныкі.* От пустынных степей Прибалхашья до снежных вершин Хан-Тенгри // Труды Ин-та почвоведения и геоботаники САГУ. Казахстанская серия. Л., 1930, вып. 5; *Никольский А. М.* Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область // Записки Зап.-Сибирского отд. ИРГО, Омск, 1885, кн. VII, вып. I, 16–26-б.

¹⁶*Бартольд В. В.* Или. Соч., т. III, М., 1965, 443-б.

¹⁷*Абд ар-Раззак Самарканди.* Матла ас-са дайн ва маджма ал-бахрайн. Изд. Мухаммада Шафи, т. I, Лахор, 1949, 480, 550-б.; Шами. Зафар-наме, 117-б.; *Мирхонд.* Раузат ас-сафа, т. VI, 66-б.

¹⁸*Мирза Мухаммад Хайдар.* Та'рих-и Рашиди. Рук. ИВАН РУз, № 1430, л. 486.

¹⁹Раузат ас-сафа. Прилож. перс. текста, 186–187-б.

²⁰Та'рих-и Рашиди. Л. 336.

²¹*Йазди.* Зафар-наме. Л. 26а.

²²Та'рих-и Рашиди. Л. 40а.

²³СМИЗО, т. I, 286, 287-б.; Барбаро и Контарини о России, 149-б.

²⁴Барбаро и Контарини о России, 174-б. (Коммент. Е. Ч. Скржинской).

²⁵*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., Алма-Ата, 1977, 37–38, 150–151-б.

²⁶*Бул да сонда,* 215-б.

²⁷*Му'ин ад-дин Натанзи.* Мунтахаб ат-таварих-и Му'ни (Аноним Искандера) // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузенем и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. М.-Л., 1941 (далее: СМИЗО, т. II), 129–130, 134-б.; *Бартольд В. В.* Улугбек и его время. Соч., т. II, ч. 2, 111-б.

²⁸*Федоров-Давыдов Г. А.* Исторические особенности городов в монгольских государствах Азии в XIII–XIV вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983, 217-б.

²⁹СМИЗО, т. II, 125, 130, 195, 197, 211 және басқа беттер; *Якубовский А. Ю.* Развалины Сыгнака (Сугнака) // «Сообщения ГАИМК», т. II, Л., 1929, 130, 133-б.

³⁰*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани.* Михман-наме-йи Бухара, 116-б.

³¹*Бул да сонда.*

³²МИКХ, 317-б.

³³МИКХ, 317–319-б.; *Якубовский А. Ю.* Развалины Сыгнака..., 159-б.; *Бартольд В. В.* Отчет о командировке в Туркестан // Соч., т. VIII, М., 1973, 202-б.; *Агеева Е. И., Пацевич Г. И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИИАЭ АН КазССР. Алма-Ата, 1958, т. 5, 150-б.

³⁴*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани.* Михман-наме-йи Бухара, 116–117-б.

³⁵Көш – бір маусымда пар өгіз жегіп өндеуге болатын егістік жер аумағы.

³⁶*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVII веках // Казахстан в XV–XVIII вв. (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата. 1969, 20-б.

³⁷*Массон М. Е.* Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент, 1930, 8-б.

³⁸Михман-наме-йи Бухара. Рук. ИВАН РУз № 1414, л. 1126.

³⁹*Бартольд В. В.* Отчет о командировке в Среднюю Азию. Соч., т. III, М., 1965.

222—226-б.; *Массон И. Е.* Старый Сайрам // «Известия Средазкомстариса», Ташкент, вып. 3, 1928, 37-б.

⁴⁰*Хафиз Таныш.* Шараф-наме-йи шахи. Л. 334б, 335а және басқа // МИКХ, 268, 269 және басқа беттер.

⁴¹*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Древний Отрар, Алма-Ата, 1972; *Солардікі.* Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата, 1981; *Солардікі.* Отрар в XIII—XV веках. Алма-Ата, 1987; *Грошев В. Н.* Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата, 1985.

⁴²*Бернишам А. Н.* Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941, 65-б.; *Ерзакович Л. Б.* О позднесредневековом городище Аспара // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата, 1968, 96-б.; *Сенигова Т. Н.* Средневековый Тараз, Алма-Ата, 1972, 169 және басқа беттер.

⁴³Та'рих-и Рашиди, л. 33б.

⁴⁴Бул да сонда.

⁴⁵Шама. Зафар-наме, 116-б.

⁴⁶*Хафиз-и Абри.* Зубдат ат-таварих // Изд. Шама Ф. Тауэра, т. II, 73-б.

⁴⁷*Бартольд В. В.* Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893—1894 гг. // Соч. т. IV, 84-б.

⁴⁸Та'рих-и Рашиди, л. 44б.

⁴⁹История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Том I. Алматы, 1996, 280, 300—303, 403—407 және басқа беттер.

⁵⁰*Блок Марк.* Феодалное общество // Марк Блок. Апология истории. М., 1973, 115—169-б.; *Февр Люсьен.* Бой за историю. М., 1991, 146—158-б.; *Васильев Л. С.* История Востока. Т. I. М., 1994, 242—246-б.

⁵¹Та'рих-и Рашиди, л. 15а, 35б және басқа; МИКХ, 212, 215, 413 және басқа беттер.

⁵²*Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 158, 159-б.; *Мас'уд бен Усман Кухистани.* Та'рих-и Абулхайр-хани, л. 312а, 312б, 318а және басқа // МИКХ, 143, 144, 146, 149 және басқа беттер.

⁵³Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // МИКХ, 16—20, 23—28-б.; *Камал-ад-дин Али Бинаи.* Шайбани-наме // МИКХ, 96—97 және басқа беттер; *Мас'уд бен Усман Кухистани.* Тарих-и Абу-л-хани // МИКХ, 137, 143, 144, 149-б.

⁵⁴*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани.* Михман-наме-йи-Бухара. Рук. ИВ АН РУз, № 1414, л. 74а.

⁵⁵СМИЗО, т. II, 302-б., прим.; *Викторова Л. Л.* Становление классового общества у древнемонгольских кочевников. Проблемы истории докапиталистических обществ. М., 1968, 573-б.

⁵⁶Раузат ас-сафа, 187-б., «Та'рих-и Рашиди», л. 66а, МИКХ, 207-б.

⁵⁷*Мирза Мухаммад Хайдар.* Та'рих-и Рашиди. Ташкент, 1996, 373—374-б.

⁵⁸*Бартольд В. В.* Соч., т. V. М., 1968, 171-б.

⁵⁹*Петрушевский И. П.* Земледелие и аграрные отношения в Иране в XIII—XIV вв. М.-Л., 1960, 236-б.

⁶⁰*Алаев А. Б.* К типологии феодализма на Востоке // Народы Азии и Африки № 4, 1977; *Васильев Л. С.* История Востока, 241—252-б.

⁶¹*Владимирцов Б. Я.* Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934, 100-б.; *Березин И. Н.* Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева, ТВОРАО, т. VIII, СПб., 1864, 426-б.; *Бартольд В. В.* Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Соч., т. V, 146-б.; *Соныкі.* Чингиз-хан. Соч., т. V, 627-б.

⁶²*Бартольд В. В.* Двенадцать лекций..., 145, 146-б.; *Соныкі.* Очерк истории Семиречья, 58—59-б.

⁶³*Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды, 60—61-б.

⁶⁴*Бартольд В. В.* Персидская надпись на стене анийской мечети Мануче. Соч., т. IV, М., 1966, 330-б.

⁶⁵Мункуев Н. Н. Заметки о древних монголах // Татаро-монголы в Азии и Европе. М., 1977, 393-б.

⁶⁶Березин И. Н. Очерк устройства внутреннего улуса Джучиева, 437–448 және басқа беттер; Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 89–103-б.; Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков, 98–105-б.; Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан, 155–169, 197–202-б.

⁶⁷Путешествия в восточные страны, Плано Карпини и Рубрука. М., 1957, 91-б.

⁶⁸Та'рих-и Рашиди, л. 36а; Махмуд ибн Вали. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар. Рук. ИВ АН РУз № 7418, л. 185а.

⁶⁹Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 110–113-б.

⁷⁰Петрушевский И. П. Земледелие и аграрные отношения в Иране в XIII–XIV вв. М.-Л., 1960, 272–274-б.; Гафуров Б. Г. Таджики. М., 1972, 466-б.

⁷¹Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды., 114–115-б.

⁷²СМИЗО, т. II, 129, 130-б.

⁷³Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков, 93-б.

⁷⁴Мас'уд бен Усман Кухистани. Та'рих-и Абулхайр-хан, л. 326а, б, МИКХ, 159-б.

⁷⁵Та'рих-и Рашиди, л. 45а, 50б және басқа. Бахр ал-асрар, рук. ИВ АН № 7418 (Рук. Джурабека), л. 173а, 226а, б, 227б, 228б, 231а, б, 235а, 238а және басқа.

⁷⁶Та'рих-и Рашиди, л. 35б; Бахр ал-асрар, л. 184б, 197а және басқа; Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан., 166–169-б.

⁷⁷Та'рих-и Рашиди, л. 35а.

⁷⁸Бұл да сонда, л. 62б, 67а, 68б; МИКХ, 203, 208–210-б.

⁷⁹Бұл да сонда, л. 39а.

⁸⁰Бұл да сонда, л. 34б. Феодалдардың тархандық құқығын Низам ад-дин Шамидің «Зафар-намедегі» мәліметтері бойынша Н. Махмұдов өз еңбегінде зерттеген. «Земледелие и аграрные отношения в Средней Азии в XIV–XV вв.». Душанбе, 1966.

⁸¹Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды, 125-б.

⁸²СМИЗО, т. II, 18-б.

⁸³Мас'уд бен Усман Кухистани. Та'рих-и Абулхайр-хани, л. 132а. МИКХ, 137, 144, 149-б.

⁸⁴Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды., 168-б.

⁸⁵Петрушевский И. П. Земледелие и аграрные отношения, 98, 384-б.

⁸⁶Бұл да сонда, 360–364-б.; Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. Құшыр (копчур, кубжур, монғолша «жайылым» деген сөз) салығы туралы әдебиет көп. И. П. Петрушевскийдің, Б. А. Ахмедовтың жоғарыда аталған еңбектерінен басқа бұл салыққа А. Ю. Якубовскийдің, В. В. Бартольдтің, А. Али-Заденің, Д. И. Тихоновтың және басқаларының еңбектерінде сипаттама берілген.

⁸⁷Бартольд В. В. Персидская надпись на стене анийской мечети Мануче, 330-б.

⁸⁸Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков, 95-б.

⁸⁹Бұл да сонда; Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., 185-б.

⁹⁰Иванов П. П. Очерки по истории Средней Азии (XVII – середина XIX вв.). М., 1958, 31-б.

⁹¹Та'рих-и Рашиди, л. 45а; МИКХ, 194-б.

⁹²Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., 164–165-б.

⁹³Егоров В. Л. Государственное и административное устройство Золотой Орды. «Вопросы истории», 1972, № 2, 32-б.; Соныкі. Историческая география Золотой Орды, М., 1985.

⁹⁴Низам ад-дин-Шахи. Зафар-наме, 17-б.; Зубдат ал-асар, в изд. Шахи, т. II, 77-б.; Та'рих-и Рашиди, л. 25а.

⁹⁵Та'рих-и Рашиди, л. 25а және басқа.

⁹⁶Бартольд В. В. Улугбек и его время. Соч. т. II, ч. 2, М., 1964, 49–51-б.; Соныкі.

- Церемониал при дворе узбецких ханов в XVII в. Соч. т. II, ч. 2, 394-б., прим. 21; *Соныкі*. Чингиз-хан, т. V, 627-б.; МИКХ, 494-б., прим. 13, 17.
- ⁹⁷*Петров К. И.* Очерк происхождения киргизского народа. Фрунзе, 1963; *Юдин В. П.* О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии, 52—61-б.
- ⁹⁸*Востров В. В., Муканов М. С.* Родоплеменной состав и расселение казахов, Алма-Ата, 1968, 38-б.; *Аристов Н. А.* Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и каракиргизов // *Живая старина*, год IV, СПб., 1894, вып. III—IV, 68-б.
- ⁹⁹Раузат ас-сафа, т. VI, 5, 208 және басқа беттер.
- ¹⁰⁰*Иванов П. П.* Очерки по истории Средней Азии, 35-б.
- ¹⁰¹Та'рих-и Рашиди, л. 34а.
- ¹⁰²*Бул да сонда*, л. 66а; МИКХ, 207-б.; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 100—101-б.
- ¹⁰³Раузат ас-сафа, т. VI, 190-б.; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 100-б.; МИКХ, 18, 22, 98, 312 және басқа беттер.
- ¹⁰⁴Та'рих-и Рашиди, л. 45а; МИКХ, 194-б.
- ¹⁰⁵*Бул да сонда*, л. 33б.
- ¹⁰⁶*Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 100—102-б.
- ¹⁰⁷Та'рих-и Рашиди, л. 15а; Раузат ас-сафа, т. VI, 11-б.
- ¹⁰⁸Та'рих-и Рашиди, л. 18б.
- ¹⁰⁹*Гафуров Б. Г.* Таджики, 467-б.
- ¹¹⁰*Давидович Е. А.* Денежное хозяйство Средней Азии в XIII в. М., 1972, 33—36-б.
- ¹¹¹*Бартольд В. В.* Соч., т. II. Ч. 1, 69-б.
- ¹¹²*Давидович Е. А.* Денежное хозяйство Средней Азии в XIII в., 96—114, 141—151-б.
- ¹¹³*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан..., 33—40-б.
- ¹¹⁴*Бул да сонда*, 62—87-б.
- ¹¹⁵СМИЗО, т. II, 154, 157-б.
- ¹¹⁶*Греков Б. Д., Якубовский А. Ю.* Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950, 339—361-б.
- ¹¹⁷*Бартольд В. В.* Соч., М., 1964. Т. II. Ч. 2, 80-б.
- ¹¹⁸*Бул да сонда*, 93-б.
- ¹¹⁹*Гандзакеци Киракос.* История Армении / Пер. с др.-арм., пред. и коммент. Л. А. Хандарян. М., 1976, 224-б.
- ¹²⁰*Бартольд В. В.* Соч. Т. II. Ч. 1, 152—153-б.
- ¹²¹История народов Узбекистана. Ташкент, 1950. Т. 1, 339-б.; *Петрушевский И. П.* Земледелие и аграрные отношения в Иране XIII—XIV вв. 48—52-б.; *Массон М. Е.* Исторический этюд по нумизматике джагатаидов: (по поводу таласского клада монет XV в.) // Труды САГУ. Новая серия. 1950. Вып. III, 78—100-б.
- ¹²²*Давидович Е. А.* Денежное хозяйство Средней Азии в XIII в., 125-б.
- ¹²³СМИЗО. Т. II, 129-б.
- ¹²⁴*Бартольд В. В.* Соч. Т. II. Ч. 1, 572-б.
- ¹²⁵*Бартольд В. В.* Соч. Т. 1, 538-б.
- ¹²⁶*Вильгельм де Рубрук.* Путешествие в восточные страны. СПб., 1911, 112-б.
- ¹²⁷*Бартольд В. В.* Соч. Т. 1, 426-б.
- ¹²⁸*Рашид ад-дин.* Сборник летописей. М.-Л., 1960. Т. 2, 141-б.
- ¹²⁹*Байпаков К. М.* Периодизация городской и оседлой сельской жизни в Илийской долине // Бартольдские чтения. Год 4-й. М., 1978, 8—10-б.
- ¹³⁰*Ерзакович Л. Б.* Некоторые черты оседлой культуры позднего средневековья в Таласской долине // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972, 98-б.
- ¹³¹*Бубнова М. А.* Добыча серебро-свинцовых руд в Шельджи в IX—XII вв. // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963, 242-б.
- ¹³²*Байпаков К. М.* Городища типа «торткуль» // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978, 96-б.

- ¹³³ *Ерзакович Л. Б.* О позднесредневековом городище Аспара // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата, 1968, 85–97-б.
- ¹³⁴ *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., 80–87-б.
- ¹³⁵ Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941, 65-б.; *Ремпель Л. И.* Археологические памятники в дальних низовьях Таласа // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1956. Т. 1, 70-б.
- ¹³⁶ *Сенигова Т. Н.* Средневековый Тараз, 201–202-б.; *Ерзакович Л. Б.* Некоторые черты оседлой культуры позднего средневековья в Таласской долине, 103–106-б.
- ¹³⁷ *Массон М. Е.* Старый Сайрам, 37-б.
- ¹³⁸ МИКХ, 317-б.; *Якубовский А. Ю.* Развалины Сыгнака (Сугнака), 159-б.
- ¹³⁹ *Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств XV–XVII вв., 20-б.; *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья. Соч., т. II, ч. 1. М., 1963, 67-б.
- ¹⁴⁰ *Ерзакович Л. Б.* Раскопки городского квартала в Отраре. АО 1982. М., 1984, 454-б.
- ¹⁴¹ *Ерзакович Л. Б.* Раскопки на центральных развалинах Отрара. АО 1980. М., 1981, 453-б.
- ¹⁴² *Викторова Л. Л.* Происхождение народа и истоки культуры. М., 1980, 146-б. Примеч. 5.
- ¹⁴³ *Федоров-Давыдов Г. А.* Исторические особенности городов в монгольских государствах Азии в XIII–XIV вв., 220-б.
- ¹⁴⁴ *Жолдасбаев С.* Мечеть XIV–XV вв. в окрестностях Отрара // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1980, 177–182-б.
- ¹⁴⁵ *Петрушевский И. П.* Поход монгольских войск в Среднюю Азию (татаро-монголы в Азии и Европе). М., 1977, 124-б.
- ¹⁴⁶ Книга Марко Поло. М., 1956, 280-б.
- ¹⁴⁷ *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Древний Отрар. Алма-Ата, 1972, 48-б.
- ¹⁴⁸ *Маргулан А. Х.* Раскопки погребения воина XIV в. в долине р. Нуры. Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. 1959, 248-б.; *Кадьирбаев М. К., Бурнашева Р. З.* Погребение кыпчака первой половины XIV в. из могильника Тасмола // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970, 54–59-б.; *Иванов В. А., Кригер В. А.* Курганы кыпчакского времени на Южном Урале. М., 1988.
- ¹⁴⁹ *Якубовский А. Ю.* Феодалное общество Средней Азии и его торговля с Восточной Европой в X–XV вв. Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Л., 1932, 8-б.; *Пигулевская Н. В.* К вопросу о городах Ирана в раннем средневековье // СВ, 1955. № 6, 76-б.
- ¹⁵⁰ *Ашрафян К. З.* Феодализм в Индии. М., 1977, 117-б.
- ¹⁵¹ Бул да сонда, 118–119-б.
- ¹⁵² *Федоров-Давыдов Г. А.* Археологические исследования Царевского городища (Новый Сарай) в 1959–1966 гг. // Поволжье в средние века. М., 1970, 70–71-б.
- ¹⁵³ *Беленицкий А. М.* Организация ремесла в Самарканде в XV–XVI вв. КСИ-ИМК. 1940, 190-б.
- ¹⁵⁴ *Якубовский А. Ю.* Феодалное общество Средней Азии и его торговля с Восточной Европой в X–XV вв., 9, 33-б.
- ¹⁵⁵ *Большаков О. Г.* Средневековый город Средне Азии. Л., 1973, 283–284-б.
- ¹⁵⁶ *Лунина С. Б.* Гончарное производство в Мерве. Тр. ЮТАКЭ. 1962, 407-б.
- ¹⁵⁷ *Пещерева Е. М.* Гончарное производство в Средней Азии. Труды ИЭ. Т. XIII, М., 1959, 208-б.
- ¹⁵⁸ *Сайко Э. В.* Среднеазиатская глазурованная керамика XII–XV вв., Душанбе, 1969, 22–73-б.

¹⁵⁹Пугаченкова Г. А. Самаркандская керамика XV в. // Труды САГУ, 1950, 121-б.

¹⁶⁰Тепловодская Т. М. Некоторые результаты изучения технологии поздне-средневековой керамики Отрара (Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии). Алма-Ата, 1983, 200-б.

¹⁶¹Байпаков К. М. Культ барана у сырдарьинских племен // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1980, 37-б., 4-сурет.

¹⁶²Ерзакович Л. Б. О поздне-средневековом городище Аспара // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата, 1968, 89–92-б., 3-сурет.

¹⁶³Савельева Т. В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау. Алматы, 1994, 113–114-б., 36-сурет.

¹⁶⁴Пругер Е. Б. Кирпичеобжигательное производство средневекового Мерва. Тр. ЮТАКЭ. 1969, 238-б.

¹⁶⁵Шарахимов М. Кирпичеобжигательная печь средневекового Самарканда. 1974, 84–89-б.

¹⁶⁶Вишневская О. А. Раскопки караван-сараяв Ак-яйла и Талайханата. Тр. ХАЭЭ. 1958, 462–466-б.

¹⁶⁷Пацевич Г. И. Раскопки на территории древнего города Тараза в 1940 г. ТИИАЭ АН КазССР. 1956, 221–224-б.

¹⁶⁸Пругер Е. Б. Кирпичеобжигательное производство средневекового Мерва. Тр. Ютакэ. 1969, 227–241-б.

¹⁶⁹Лубо-Лесниченко Е. И. Привозные зеркала Минусинской котловины. М., 1975, 32-б.

¹⁷⁰Кригер В. А., Железчиков Б. Ф. Позднекочевнические погребенья у поселка Рубежка и Алебастрово Уральской области. СА, 1980, 2.1-сурет.

¹⁷¹Лубо-Лесниченко Е. И. Привозные зеркала Минусинской котловины. М., 1975, 65-б., 49, 50-сурет.

¹⁷²Арсланова Ф. Х. Памятники Павлодарского Прииртышья. Алма-Ата, 1968, 110-б., 150-сурет; Кригер В. А., Железчиков Б. Ф. Позднекочевнические погребенья у поселка Рубежка и Алебастрово Уральской области, 33-сурет.

¹⁷³Лубо-Лесниченко Е. И. Привозные зеркала Минусинской котловины, 42-б., 12–13-сурет.

¹⁷⁴Буряков Ю. Ф. Медальоны XIII–XIV вв. из Ташкента. ОНУЗ. 1983, 43–45-б.

¹⁷⁵Байпаков К. М., Настич В. Н. Клад серебряных вещей и монет XIII в. из Отрара. Алма-Ата, 1981, 47-б., 104 табл.

¹⁷⁶После Марко Поло. Путешествие западных чужеземцев в страны трех Индий / Пер., введ., прим. Я. М. Света. М., 1968, 24-б.

¹⁷⁷Си-ю-цзи, или описание путешествий на Запад / Пер. с кит. и прим. архимандрита Палладия // Труды членов русской духовной миссии в Пекине. СПб., 1886. Т. IV, 307, 308, 336-б.

¹⁷⁸Армянские источники о монголах: Извлечение из рукописей XIII–XIV вв. / Пер., пред., прим. А. Г. Галстяна. М., 1962, 7, 48-б.

¹⁷⁹История Мар Ябаллахи III и Раббан Саумы. М., 1958.

¹⁸⁰Иоанн де Плано Карпини. История монголов. Вильгельм де Рубрук. Путешествие в Восточные страны, 24, 51-б.

¹⁸¹После Марко Поло, 22–23-б.

¹⁸²Толығырақ қараңыз: Бернштам А. Н. Памятники старины Алма-Атинской области // Изв. АН КазССР. Сер. археол. 1948. Вып. 1, 79–91-б.; Бартольд В. В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893–1894 гг. Соч. Т. IV, 77–87-б.; Маргулан А. Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950, 55–62-б.; Байпаков К. М. О локализации городов северо-восточного Семиречья // Вестник АН КазССР. 1968. № 7, 21–25-б.

- ¹⁸³Гандзакеци Киракос. История Армении, 222–224-б.
- ¹⁸⁴Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 573–584-б.
- ¹⁸⁵После Марко Поло, 74–85-б.
- ¹⁸⁶Лубо-Лесниченко Е. И. Великий Шелковый путь, 371–373-б.
- ¹⁸⁷Бадян В. В., Чиперис А. М. Торговля Каффы в XIII–XIV вв. // Феодальная Таврика. Киев, 1974, 184-б.
- ¹⁸⁸Греков Б. Д., Якубовский Ю. А. Золотая Орда. М., 1937, 157-б.
- ¹⁸⁹После Марко Поло, 122-б.
- ¹⁹⁰Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., 41–89-б.
- ¹⁹¹Байпаков К. М. Периодизация городской и оседлой сельской жизни в Илийской долине // Бартольдовские чтения. Год 4-й. М., 1978, 8–10-б.
- ¹⁹²Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., 136–137-б.
- ¹⁹³Старокадомская М. К. Солхат и Каффа в XIII–XV вв. // Феодальная Таврика. Киев, 1974, 168–169-б.
- ¹⁹⁴Бартольд В. В. Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XIV в. // Соч. М., 1965. Т. III, 59-б.
- ¹⁹⁵Байпаков К. М., Настич В. Н. Клад серебряных вещей и монет из Отрара, 29–30-б.
- ¹⁹⁶Смирнов А. П. Волжские булгары. М., 1951, 120-б.
- ¹⁹⁷Коллекция Гос. Эрмитажа. Сар-13.
- ¹⁹⁸Буряков Ю. Ф., Крамаровский М. Г. Поясной набор XIII в. из Самарканда // СА, 1974. № 2, 258–263-б.
- ¹⁹⁹Пугаченкова Г. А., Ремпель Л. И. Выдающиеся памятники изобразительного искусства Узбекистана. Ташкент, 1961, 162–163-б., 193, 194-суреттер.
- ²⁰⁰Максимова А. Г. Погребение воина XIV в. // Вестник АН КазССР. 1965. № 6, 85–91-б.; Массон М. Е. К вопросу об изучении языческих курганных погребений // Бул да сонда, 1965, № 1, 82–83-б.
- ²⁰¹Маргулан А. Х. Раскопки погребения воина XIV в. в долине р. Нуры // ТИИАЭ АН КазССР. 1959. Т. 7, 248–261-б.; Массон М. Е. Серебряные монеты XIV в. из погребений кочевников в бассейне р. Нуры // Бул да сонда, 261–265-б.; Кадырбаев М. К., Бурнашева Р. З. Погребение кыпчака первой половины XIV в. из могильника Тасмола // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата. 1970, 42–53-б.
- ²⁰²Гафуров Б. Г. Таджики, 458-б.
- ²⁰³Давидович Е. А. Денежное хозяйство Средней Азии в XIII веке. М., 1972.
- ²⁰⁴Настич В. Н. Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983, 146-б.
- ²⁰⁵Байпаков К. М., Настич В. Н. Новые данные по истории Отрара X–XIII вв. // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1978. № 2, 49–50-б.
- ²⁰⁶Бурнашева Р. З. Клад чагатаидских монет второй половины XIII в. с городища Отрар // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата. 1980, 85, 90–92-б.; Соныкі. Монетные находки с городища Отрар-тобе // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978, 163-б.; Настич В. Н. Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане, 147–149-б.
- ²⁰⁷Давидович Е. А. Денежное хозяйство Средней Азии в XIII в., 141–142-б.
- ²⁰⁸Массон М. Е. Исторический этюд по нумизматике Джагатаидов: по поводу Таласского клада монет XIV в. // Труды САГУ. Археология Средней Азии. 1957. Вып. III, 50–63-б.; Настич В. Н. К периодизации монетной чеканки Отрара и ее роли

в денежном хозяйстве города и области // Ближний и Средний Восток: Товарно-денежные отношения при феодализме. М., 1980, 168-б.

²⁰⁹*Кочнев Б. Д.* Заметки по средневековой нумизматике Средней Азии. Ч. 3 (Караханиды, Масудбек, Чагатаиды, Тимуриды, Джаниды) // ИМКУз. 1981. Вып. 16, 83–85-б.; *Настич В. Н.* Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане, 149–151-б.

²¹⁰*Настич В. Н.* К периодизации монетной чеканки Отрара и ее роли., 167–168-б.

²¹¹*Давидович Е. А.* О времени максимального развития товарно-денежных отношений в средневековой Средней Азии. (К постановке проблемы) // Народы Азии и Африки. М. 1965, № 6, 89–91-б.

Төртінші тарау

РУХАНИ МӘДЕНИЕТ. ДІН. ӨНЕР

1. ҚАЗАҚСТАННЫҢ XIII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТИ

Бұл кезеңнің рухани мәдениеті Дешті Қыпшақ аумағында ежелгі түрік, монғол және ислам мәдениеті дәстүрлерінің өзара тығыз ықпалымен сипатталады. Ол негізінен алғанда фольклор, ауызекі жеке поэзия, жазбаша (қолжазба-кітаби) әдебиет және музыкалық-поэтикалық өнер түрінде болып, дамып отырған.

Фольклор. Ауызекі халықтық-поэтикалық шығармашылық Алтын Орда халқының рухани мәдениетінің негізгі бөлігі болды. Оның ежелден келе жатқан және тамыры терең дәстүрлері бар. Рулық құрылыс пен Түрік қағанаты дәуірінде пайда болған көптеген фольклорлық сюжеттер феодалдық қоғам жағдайларының өзінде-ақ одан әрі жетілдіріле берді. Халық арасында ертеден келе жатқан мифтер мен ертегілер, аңыз-әңгімелер кең таралды, олардың бір бөлігі жаңартылып, өзгертіліп отырды, ал басқа бір бөлігі басқа жанрлардың құрамына кірді, не бәз-баяғы күйінде жасай берді. Ертедегі туындылармен қатар, сол кезде ұлан-байтақ Дешті Қыпшақ даласында болған оқиғалар туралы, оларға белсене қатысып, жалпы алғанда Шыңғыс ұрпақтары, жекелеп алғанда Жошы ұрпақтары мемлекетінің одан әрі өмір сүруінде тағдырлы рөл атқарған жеке адамдар туралы эпикалық жаңа туындылар жасалды.

Ол кезеңдегі фольклордың ең ертедегі үлгілері ғарыштық, тотемдік, этиологиялық және эсхатологиялық сипаттағы алуан түрлі мифологиялық сюжеттер болатын. Оларда Ғарыш пен Жердің Ғайыптан пайда болғаны туралы, Күннің, Айдың және басқа да аспан шырақтарының қайдан шыққаны туралы айтылатын. Мифтерде алғашқы адамдар мен жануарлардың жарық дүниеге қалай келгені, таулардың, көлдердің, өзендердің және басқа да Жер объектілерінің қалай пайда болғаны туралы да баяндалды, хайуандардың түрі, мінез-құлқы неліктен сондай екені түсіндірілді. Рулар мен тайпалардың мифтік тарихы да баяндалып, олардың генеалогиясын жануарлармен, тотемдік бабалармен байланыстарға апарып тірейді. Бұл мифтердің бәрі өзінше бір «танымдық-ақпараттық» міндет атқарды және дүниенің құрылысын, табиғат құбылыстарын, адамның іс-әрекеттері мен хайуандардың қылықтарын аңғалдықпен, кейде теріс түсіндірді. Сонымен бірге монотеистік ислам діні ықпалының артуына байланысты ертедегі мифология ыдырай берді. Ислам діні жағдайында бұрынғы нанымдар күпірлік деп жарияланып, қуғынға салынды, соның салдарынан көптеген көне мифтер жүйеге түсіріліп және фольклорлық циклге енгізіліп үлгімеді. Олар бұзылып, басқа жанрларға айнала бастады, бұл орайда

өзінің танымдық міндетін толық жоғалтқан жоқ. Бұл мифтер көркемдік міндеті басым сындарлы жүйе құрған жоқ, мұның өзі ертедегі құл иеленушілік мемлекеттердің мифологиясына тән болатын.

Құл иеленушілік мемлекеттерде алғашқы қауымдық мифтер циклдерге айналдырылып қана қоймай, сонымен бірге жаңа қоғамдық құрылысқа сәйкес жаңадан жасалды. Жаңа мифологияландыру жүзеге асырылып, бұл орайда циклдерге айналдырылған көне мифтер қайтадан ой елегінен өткізіліп, енді жаңа мемлекеттік жағдайларға, қалыптасып, орныққан көп құдайға бағынушылыққа бейімделді. Осының арқасында сындарлы, біртұтас мифология жасалды, сол кезде ол танымдық қызметтен гөрі, көркемдік-идеологиялық мазмұнда болып, феодалдық қоғам өмірінде көркем фольклор сияқты рөл атқарды және бұрынғысы сияқты, таза қолданбалы немесе этиологиялық сипатта болмады¹.

Фольклор жанрлардың арасында әдет-ғұрыптық өлеңдер, ертегілер батырлық жырлар, мақалдар мен мәтелдер мейлінше кең қолданылатын еді. Олар әлеуметтік-тұрмыстық қызмет атқарды. Әдет-ғұрып өлеңдері көбінесе кәделік-қолданбалы сипатта болды және алуан түрлі отбасылық-тұрмыстық әдеп-ғұрыптарға, салт-жоралар мен ойындарға, сондай-ақ күнтізбелік-еңбек процестеріне қоса айтылатын еді. Той және жерлеу рәсімдері кезінде әдет-ғұрып өлеңдеріне зор мән берілді, өйткені әрбір адамның тууы, үйленуі және өлуі зор маңызды оқиға деп саналатын және оларда ерекше рәсімдер жасалып, ән айтылатын.

Әдет-ғұрып өлеңдерінен айырмашылығы ертегілер тәрбиелік, көңіл көтеру мақсатында айтылды, сондықтан халық арасында ғажайып-батырлық және ғибратты мазмұндағы ертегілер («Құламерген-Жомерген», «Жерден шыққан Желім батыр», «Желкілдек», «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай», «Хан Шентей», «Еркем Айдар», «Аяз би» және басқалар) кең таралды. Оларда неғұрлым ертедегі қоғамдардың көптеген мифологиялық түсініктері мен діни нанымдары, сондай-ақ біршама кейінгі дәуірлердің өмір шындығының элементтері көрініс тапты. Ең көне ертегілерде әр түрлі құбыжықтарды қырып-жоюшы және жер бетін жын-шайтандар мен басқа да зұлым күштерден тазартушы Аншы-мерген (батыр-аншы) туралы айтылады. Ғасырлар бойы ауыздан-ауызға тарау барысында ертегілер түрі жағынан өзгеріп, түрлі дәуірлердің шындықтарын сіңіре берген. Хандық мемлекет көрсетіліп, хандықтың ақылды да дана адамдары туралы, әділ билеушілер мен уәзірлер туралы айтылатын ертегілер («Аяз би») соларға жатады².

Халық арасында жалпы Шығыс ертегілері мен ғибратты-новелла сипаттағы мысал ертегілер де едәуір кең таралды. Егер ғажайып-батырлық сюжеттер негізінен ежелгі түрік сюжеттері болса, новеллалық және мысал ертегілердің көпшілік бөлігі үнді-иран және араб сюжеті болатын («Панчатантра», «Хитопадеша», «Калила мен Димна», «Тотынама», «Мың бір түн» және басқалар).

Бұл кезеңде Алпамыс, Қобыланды, Сайын, Қозы Көрпеш туралы ертеден келе жатқан, кейбір дәрежеде бытыранқы жырлар циклдерге біріктіріліп, көп сюжетті іс-қимылдар мен кейіпкерлері бар эпикалық жырларға айналдырылды. VI-VIII ғасырларда-ақ Алтайда пайда болған «Алпамыстың» бастапқы сюжеті XIII ғасырға қарай фольклорлық циклге біріктірілуден өтіп, мифологиялық эпостан Алтайдағы «Алып Манашта» айтылатынындай, өзінің отбасының ар-намысын ғана емес, қайта бүкіл қоңырат тайпасының ар-намысын қорғайтын батыр туралы батырлық эпосқа айналды.

Қобыланды батыр туралы эпостың көне негіздері де VIII-IX ғасырларда, оғыз-қыпшақ дәуірінде пайда болған, ал XIII-XIV ғасырларда бұрынғы сюжеті тарихи циклге ұшырап, көптеген көріністермен толықтырылған, Алтын Ордаға дейін оғыздар құрамына кірген қыпшақтар мен қияттардың қызылбастар мен қалмақтарға қарсы бірлескен қимылдары эпикалық туындыға айналды. Кеңейтіліп, жаңартылу барысында бұрынғы сюжетке Алтын Орда заманындағы тарихи адамдар: Алшағыр, Қазан, Қараман, Айбақ және басқа есімдер енді.

«Ер Сайын» эпосы да нақ осылайша қалыптасқан. Ертедегі сюжеті XIII-XIV ғасырлардың эпикалық дәстүрі рухында қайта түледі, оған деректемелерде кейде Батый делінетін Сайын енгізілді³. Алайда эпикалық Сайын тарихи Сайыннан алыс жатыр, ал оның эпикалық өмірбаяны жартылай мифологиялық-аныз тұрғысында суреттелген. «Ер Сайын» эпосы мазмұнының дербес дамуына қарамастан, Қобыланды батыр туралы эпостың бір бөлігі сияқты болып көрінеді. Ғажайып болып туып, өскен Сайынды жорыққа Қобыланды бастап шығады, ол мұнда жасы үлкен және әйгілі батыр ретінде көрінеді. Шынына келгенде, эпоста Сайынның қалмақтарға қарсы бір жорығы ғана суреттелген, бұл жорықты да Қобыланды басқарады, ол содан соң, жауырынға қарап жорамал жасағаннан кейін шайқасқа түсуден бас тартып, Сайынды соғыспауға көндірмекші болады, бірақ ол мұны тындамайды. Сайын жалғыз соғысып, қаза табады да, оның әйелі Айым бикеш өлі батырды тауып, оны кереметтің күшімен тірілтіп алады.

XIV-XV ғасырларда ноғайлы топтамасындағы тарихи-батырлық эпос («Ер Тарғын», «Ер Едіге», «Қарасай-Қазы», «Орақ-Мамай», «Ер Көкше», «Ер Қосай» және басқалар) ерекше етек алады, олар біздің заманымызға жекелеген жырлар түрінде де, «Қырымның қырық батыры» деген эпикалық топтама түрінде де жеткен. Бұл топтамада ерлік іздері көп мөлшерде қамтылған, оларда Алтын Орданың нақты қайраткерлері де, ойдан шығарылған кейіпкерлер де іс-әрекет жасайды. Фольклорлық циклге түсірудің (сюжеттік, өмірбаяндық, генеалогиялық, тарихи және географиялық жағынан) алуан түрлі болуының арқасында топтама бірнеше ғасырдың оқиғаларын қамтитын және Алтын Орданың, Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының саяси өміріне белгілі бір түрде қатысқан бірнеше билеуші-батырлардың істері туралы айтылатын ауызекі халық эпопеясына айналған.

Эпопея Ноғайлының барлық батырларының эпикалық бабасы — Аншыбай батыр туралы баяндаудан басталады. Содан соң кезек-кезегімен оның ұрпақтары: Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұсахан, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы туралы жырланады. Әрине, эпикалық дәстүр тарихи оқиғаларды дәлме-дәл көрсете де, нақты адамдардың нақты істерін дәлме-дәл суреттей де алмайды, сондықтан эпопеяда тарихи фактілер мен қатысушы адамдардың нақты өмірбаянынан едәуір көп ауытқушылық бар.

«Қырымның қырық батыры» эпопеясында оқиғалар мен тарихи адамдардың орны ауыстырылған, жекелеген жағдайларда көркемдік-фольклорлық поэтика басым, мұның өзі оған кейбір жағынан шарттылық түр береді. Ең алдымен ноғайларға нақты ноғай батырлары ғана жатқызылмаған. Аншыбайдан бастап, Қобыланды батырмен аяқталатын батырлардың бәрі ноғайлар делінеді. Мұнда Шота деген ұлымен бірге Нарық батыр, Ер Көкше мен оның ұлы Ер Қосай бар. Жалпы алғанда Ноғайлы топтамасының уақыты эпикалық уақыт тәрізді, сондықтан да көптеген оқиғалар мен батырлардың істері Ноғай

Ордасы дәуіріне көшірілген, ал батырлардың өздері қонырат болса да, тама болса да ноғайлар деп аталған.

Ноғайлы топтамасындағы өзекті туынды — Алтын Орданың атақты әмірі, 1396-1412 жылдарда іс жүзінде билеуші болған Едіге туралы эпос. Ол туралы эпикалық аңыз Ноғай Ордасында оның тірі кезінде-ақ жайылған болуы ықтимал. Бұған көп жағдайда оның жеке басының қасиеттері мен қолбасшы және билеуші ретіндегі жоғары беделі себеп болған, өйткені ол белгілі бір уақыт бойы Алтын Орданың саяси бірлігін қалпына келтіріп, елде тәртіп орната алған еді, ал мұны Мамай да, Тоқтамыс та істей алмаған болатын. Халық түсінігінде ол өз мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күресуші және оны жаулап алушылардың шапқыншылықтарынан қорғаушы ретінде көрінген еді. Едіге дәріптеле бастады, ол жөнінде әр түрлі аңыз-әңгімелер фольклорландырылған эпикалық өмірбаяны осылайша жасалған, ол бойынша Едіге Баба Түкті Шашты Әзіз әулиенің пері қызымен қосылуынан кереметтің күшімен туады, ал перінің қызы су астында өмір сүрген және күйеуі оның тыйым салған үш шартын бұзған кезде ғайып болып, баласын елсіз жерге тастап кеткен, сондықтан әкесі ұлын Едіге деп атаған. Кейіпкердің әдеттен тыс жағдайларда тууы оның ерекше екенін және оның ерекше мақсатқа арналғанын атап көрсететін сияқты.

Солай бола тұрса да, Едіге туралы эпостың Тоқтамыс пен Едіге арасындағы күрестің негізгі кезеңдері: Едігенің Тоқтамыстан Темірге қашып кетуі, оның Темірмен бірге Тоқтамысқа қарсы жорығы, Тоқтамыстың қаза табуы мен оның балаларының кек алуы ерекше бір түрде бейнеленетінін атап өткен жөн. Ал Тоқтамыс пен Едіге арасындағы жаулықтың мәні, олардың қаза табу жағдайлары эпоста өздігінше, фольклорлық поэтика мен эстетика: жазықсыз қудаланғандарды қорғау мен дәріптеу рухында баяндалған. Жырда бұл ханның Едіге жөніндегі орынсыз, Едігені амалсыздан қашып кетуге әкеп соққан күдікшілдігі түрінде көрінеді. Ал эпостың кейбір нұсқаларында Едіге орынсыз бақытсыздыққа ұшыраған адам деп көрсетіледі, ол жастайынан жетім қалады; балалық шағын жоқшылықта өткізіп, мал бағып жүреді. Мұның өзі фольклордың заңдылығы — «төмен» адамның көтерілуі. Сонымен бірге болашақ батырдың «төменнен шыққан» жағдайы оның халықпен жақындығын айқын аңғартып, оның халықтан шыққанын көрсетеді.

Әрине, мұндай эпикалық сюжеттер мен мінсіз бейнелердің пайда болуында жыршы сарбаздардың өздері көзімен көрген немесе қатысқан оқиғалар туралы алғаш жыр туғызушылардың рөлі зор. Жекелеген жырларды үлкен эпос етіп циклдерге айналдыру және оларды кейіннен жыршы-сарбаздардың арасынан бөлініп шығып, батырлық және романтикалық эпостардың кәсіби орындаушысы болған аңызшы-жыршылардың орындауы кезінде олардың есімдері ұмытылып қалған.

Ауызша жеке поэзия. XIII-XV ғасырларда Дешті Қыпшақтың мәдени өмірінде халық шығармашылығымен қатар, ауыз әдебиеті өмір сүріп, дами түсті, ол өте ерекше түрде: суырып салма шығарма, ауызша орындау және ауыздан-ауызға берілу түрінде көрініп, орнықты. Оған авторының болуы, мәтінінің біршама тұрақтылығы, оның мазмұнының нақтылығы, арналған адамның болуы, сондай-ақ оның стилінде жеке басталу мен тек өзінің ғана «менін» білдіруге тырысушылық тән болған.

Бізге дейін жеткен авторы мәлім поэзияның ең ертедегі үлгісінің мерзімі XIII-XV ғасырлар деп белгіленеді. Бұлар — деректемелерде Ұлы жыршы деп

аталатын Кетбұға (XIII ғ.), Қотан (XIV ғ.) ақындар мен Сыпыра жырау (XIV-XV ғғ.) жырларының үзінділері. Олардың өмірбаяндары мен шығармашылықтары туралы мәліметтер өте аз және мейлінше аңызға айналған. Мәтіндері мазмұны мен жанры әртүрлі және сол дәуірде Алтын Орда қоғамының көркемдік шығармашылығында ақындар мен жыраулар болғанын дәлелдейді.

Бұл шығарушылардың ең ежелгісі — отбасындағы өлеңші мен рудағы жыршы-сарбаздардан отбасылық-тұрмыстық тақырыпта да, қоғамдық маңызы бар тақырыпта да суырып салып айтатын жалпы жұрт таныған шеберлікке дейінгі жолдан өткен ақындар. Олар ақын атағын бірнеше поэтикалық сөз жарыстарына — айтыстарға қатысып, атақты ақындардың бірін жеңгеннен кейін ғана алған. Сонымен бірге ақындар соғыс жорықтарына да, қоғамдық істерге де қатысып отырған, сондай-ақ жол-жора мен дәстүрлердің білгірлері ретінде олардың өздері де басшылық етіп, адам өмірінің кезеңдеріне байланысты әртүрлі жол-жоралар жасаған, маңызды оқиғалар мен кезеңдер туралы, атақты адамдар және т. б. туралы жырлар шығарған. Мұндай суырып салма жырлар арасында мақтаған арнаулар да, әскери ұрандар да, жерлеу жоқтаулары да, жеке толғаулар мен тағы басқалар да болған.

Осындай естіру жырының бірі — Шыңғыс-хан заманында өмір сүрген ақын Кетбұғаның жыры. Жыр мәтінінің үзінділерін XIII ғасырда араб тарихшысы Ибн әл-Асир жазып алған⁴. Ол ұлы жыршы Кетбұға мен ұлы билеуші Шыңғыс-ханның арасындағы поэтикалық сұхбат түрінде берілген. Әдет-ғұрыпқа сәйкес болғанындай, Кетбұға Шыңғыс-ханға оның үлкен ұлы Жошының қаза тапқаны туралы астарлап былайша хабарлайды:

«Теңіз бастан былғанды,
Кім тұндырар, уа, ханым?!
Терек түптен жығылды,
Кім тұрғызар, уа, ханым?!»

Бұған Шыңғыс былай деп жауап қайтарады:

«Теңіз бастан былғанса,
Тұндырар ұлым Жошы-дүр!
Терек түптен жығылса,
Тұрғызар ұлым Жошы-дүр!
Көзің жасын жүгіртер,
Көңілің тұлды болғай-ма?
Жырың көңіл-өкіртер,
Жошы өлді болғай-ма?»

Сонда Кетбұға былай деп жырлайды:

«Сөйлемекке еркім жоқ,
Сен сөйледің, уа, ханым!
Өз жарлығың — өзіңе жауап,
Ой ойладың, уа, ханым!»

Сөйтіп Шыңғыс-хан былай деп қорытады:

«Құлын[ын] алған құландай,
Құлынымнан айырылдым!
Айырылысқан аққудай
Ер ұлымнан айырылдым».

Бұл жолдардан жоғары поэтикалылық шеберлік аңғарылады. Қайғылы оқиға тура айтылмай, астарланып, айшықталып жеткізіледі. Қаза тапқан кейіпкер де бейнелі түрде айтылып, «терек», «құлын», «аққу» деп аталады. Ал ұлынан айырылған адамның жай-күйі тап басылып, психологиялық параллелизм, метафоралар, эпитеттер мен теңеулер көмегімен суреттеледі. Мұнда автордың да, мезгілсіз қаза тапқан кейіпкердің де, ішін жалын жалаған әкенін де көркемдік бейнелері бар. Мифтік психологизмнің элементтері де айқын көрінеді. Осының бәрі келтірілген мәтінді жеке шығармашылық туындысы ретінде сипаттайды.

Бір ғажабы, бұл жыр көп өзгермеген және неғұрлым толық түрде Жезқазған облысы қазақтарының арасында қазіргі кезге дейін айтылып келеді, олар өздерінің генеалогиясын нақ Кетбұғаға апарып тірейді және оны жоғарыда айтылған жырдың авторы деп санайды⁵. Өз кезінде танымал болған би ретінде Кетбұғаның есімін XV-XVI ғасырларда өмір сүрген данқты Доспамбет жырау да атайды («Кетбұғадай билерден кеңес сұрар күн қайда?!»).

Дешті Қыпшақтың әйгілі ақындарының бірі Қотан болған, генеалогиялық аңыздарға сәйкес, ол арғын тайпасының негізін қалаушы болып табылады, ал басқа бір деректемелер бойынша Қотан (нұсқалары: Кодан, Кодон, Котян) — половец-қыпшақ хандарының бірі⁶ (Айтқандайын, мадиярлардың Венгрияға қоныс аударғанын басқарған мадияр жетекшілерінің бірі де Котян деп аталған⁷). Қотанның аса көрнекті ақын болғаны жөнінде XIX ғасырда өмір сүрген атақты ақын Жанак былай дейді:

«Ертеде Арғын ата болған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы — ақын Қотан,
Өлеңге бізден ұста болса керек».

Қотан шығармаларының бірнеше жолы сақталған, ол оның ұлы Ақжолдың (Дайырқожаның нұсқасы) қарақыпшақ Қобыланды батырдың қолынан қаза табуына байланысты жоқтау өлеңінің мынадай үзіндісі болып табылады:

«Қарақыпшақ Қобыландыда
Нең бар еді, құлыным?
Сексен асып,
Таянғанда тоқсанға
Тұра алмастай
Үзілді ме жұлыным?
Адасқанын жолға салдық
Бұл Ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жаққан шырақ,
Жалғыз күнде құрыдың!
Қарақыпшақ Қобыландыда
Нең бар еді, құлыным?!⁹»

Жырда әбден қартайған әкенің жай-күйі терең сезіммен берілген, ол ұлын жоқтап, өзінің қайғысын төгеді, ұлын «кұлыным» деп еркелетіп атайды және өзінің бойын бірден жайлап алған қасірет пен өкініш, өзін кінәлау мен мүсіркеу жөніндегі әр түрлі сезімдерін білдіреді.

Ақжолдың (Дайырқожа да сол) Әбілқайыр хан кезінде атақты би болғаны, барлық мәселелерді әділ шешкені үшін Ақжол атанғаны мәлім. Ол 1456 жылы өлген. Егер оның әкесі Қотан сол кезде тоқсанға таянғанын ескерер болсақ, Қотан ақын 1370 жылдарда туған деп жорамалдауға болады.

XIII-XIV ғасырларда Дешті Қыпшақтың аса әйгілі жыршыларының бірі — Сыпыра жырау Сұрғантайұлы жырлап өткен. «Халық аңыздарында Сыпыра жырау өте ұзақ, әбден қартайғанша өмір сүрген деп айтылады. Оның тұсында Дешті Қыпшақ даласында бірнеше хан билік құрған, сондықтан ол далада 200 жыл ішінде болған барлық оқиғаларды жақсы білген... Сол кездің өзінде-ақ әбден қартайған ол Тоқтамыстың ордасында соның шақыруымен соңғы рет жырлайды...»¹⁰.

Ауыз әдебиетінің дәстүрі біздің заманымызға оның Алтын Орданың қиын кездерде өзінен ақыл сұраған сол кездегі билеушілеріне арналған бірнеше толғау-монологтарын жеткізді. Бұл толғау-монологтарында ол билеушінің өзіне, оның ата-бабалары мен төңірегіндегі ең жақындарына мінездеме беріп, жағдайды бағалаған және болашақты болжап айтқан да, сонан соң ақыл берген. Оның қиын жағдайларға ұшырап, Сыпыра жыраудан көмек сұраған хандармен жауласқан батырларды бітістіру мақсатында жырлаған толғау-монологтары белгілі. Бұл толғау-монологтар Сыпыра жыраудың негізінен нақты жыршы және бітістіруші болғанын дәлелдейді. Оның толғауының классикалық үлгісі Едіге туралы эпоста айтылған Тоқтамыс ханға арналған арнау өлеңі болып табылады. Онда Сыпыра жырау әуелі өзін таныстырады және өзінің Тоқтамыстың сегіз атасын, соның ішінде Шыңғыс-ханды да көріп-білгенін айтады, олардың әрқайсысына тиісінше анықтама береді. Сонан соң ол Едігенің Тоқтамыстан қашып кетуі кездейсоқ еместігін, Едігенің Темірмен одақ жасап, қайта келіп соғыс ашуы мүмкіндігін жыр етеді. Бұл орайда ол Тоқтамыстың күйзеліп біткен ұлысының көрінісі мен оның тұтқынға түскен қыздары мен әйелдерінің тағдырын көркем суреттейді. Бұған жол бермеу үшін Сыпыра жырау Тоқтамысқа Едігеге елші жіберіп, онымен татуласуға, ал сонан соң оны алдап өлтіруге кеңес береді.

Сыпыра жыраудың толғау-монологы тауып айтылған поэтикалық сипаттамалар мен бейнелі сөздерге толы. Жырау Едіге жүріп өтуге тиісті жерлерді жарқын суреттеп, қатысушы адамдар мен кейіпкерлерге бейнелі анықтамалар береді. Тоқтамыстың алдында айтылған бұл толғау-монолог Сыпыра жырау өміріндегі ең соңғысы болған және шамамен 1390 жылы айтылған. Егер сол кезде жырау аңызға қарағанда 180 жаста болғанын ескерер болсақ, Сыпыра жырау шамамен 1210 жылы туған деп санауға негіз бар. Бұл оның өзі айтқандай Шыңғыс-ханды шынында да көріп-білген деген сөз.

XIV-XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың мәдени өмірінде халық арасында және деректемелерде Асан Қайғы деген есіммен белгілі аса көрнекті жырау Асан Сәбитұлы елеулі рөл атқарды. Ол шамамен 1370 жылдарда Еділ жағасында туып, атақты құсбегінің отбасында өскен және сол кез үшін едәуір білім алған. Білімі мен табиғи таланты оның қоғамда кеңінен мәлім болуына көмектесті және оны сайып келгенде билеушілердің сарайына кіргізеді. Деректемелерде айтылатынындай, Асан толысқан жасында-ақ Ұлық-Мұхаммед ханның ең жақын және ықпалды ұлықтарының біріне айналып, ол құлатылып, Ордадан қуылған кезде де одан байланысын үзбеген. Ұлық-Мұхаммед-

пен бірге Асан бірсыпыра уақыт бойы Қазанда тұрып, оның кеңесшісі болған, сөйтіп Қазанды билеген сүйеніші Ұлық-Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін Дешті Қыпшаққа қайтып оралған. Дешті Қыпшаққа қайтып келгеннен кейін ол билеуші Әбілқайыр мен оның қарсыластары Жәнібек пен Керей арасындағы саяси күрес оқиғаларының қайнаған ортасына тап болып, соңғыларының жағына шықты және Ордадан бөлініп, Қазақ мемлекетінің негізін салған бүлікшіл сұлтандарға еріп, олармен өмірінің ақырына дейін бірге болды.

Асан Қайғының поэтикалық мұрасынан бізге дейін оның өмір туралы, халық тағдыры туралы, қоғам және хан мен халық бұқарасының өзара қатынастары туралы бірнеше толғау-тебіреністері жеткен. Асанның Жәнібек ханға арнау өлеңі кеңінен таралған, онда жырау қоғамдық болмыс проблемаларын көтереді және өзін халықтың мүдделері мен арман-тілектерін білдіруші ретінде көрсетеді. Бұл толғауда сол кездегі ауыз әдебиетінде тұңғыш рет билеуші мен оның саясатына оппозициялық ой айтылған. Асан Қайғы салған бұл негіз кейіннен дәстүрге айналып, XVI-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының басты белгілерінің бірі болды. Асан Қайғы аталған толғауда Жәнібек пен Керейдің Ноғай Ордасынан бөлініп кеткенін өзінің мақұлдамайтын көзқарасын бүкпесіз білдіреді. Жырау қазақтар мен ноғайлардың берік одағын, туыс тайпалардың бірлігі мен достық қатынастарының сақталуын жақтады. Асан эпикалық Орманбет ханның дәстүрлерін сақтауды жан сала жақтады¹¹, оның билік құрған уақытын қазақ-ноғай бірлескен өмірінің «алтын дәуірі» деп санады. Бұл Асанның өзі толғауында ұзаққа созылып, әбден титықтатқан айырыла көшуді айыптай келіп, өздері көшіп барған жаңа жерді ежелгі туған жерге қарама-қарсы қоюынан, Еділ мен Жайық жағаларында, Арал өңірінде өткен өмірді дәріптеуінен, туған жерді, көлдер мен өзендерді былай деп әсірелеп бейнелеуінен көрініс тапқан:

...«Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде де кеңес қылмадың¹²»...

Асанның Жәнібекке оппозициялық көзқарасы ханның алысты көздемейтін және ойланбай жасаған әрекеттеріне наразы болып, хандық шегінен «арман еткен» жер — Жерұйық іздеп кеткен Асан туралы аңыздардың шығуына негіз болды. Қазақтың ауызша дәстүрінде messiандық сипаттағы әлеуметтік-утопиялық аңыздар осылайша туды, осы себепті Асан «қайғы» деген атақ алады.

Асан поэзиясында жалпы жыраулардың шығармашылығына, әсіресе XVI-XVIII ғасырларға тән болған мадақтау стилі жоқ. Оның поэтикалық мұрасынан көбінесе ханмен келіспеушілік және халықтың болашағы үшін, мемлекет тағдыры үшін аландаушылық естіледі, дегенмен басқа жыраулар сияқты, Асанның да өсиет айтып, кеңес беретінін және сәуегейлік білдіретінін айта кеткен жөн:

«Әй, Жәнібек, ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма?
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?¹³»

XV ғасырда ауызша жеке поэзияның жарқын өкілдерінің бірі Қазтуған жырау Сүйінішұлы болды. Ол XV ғасырдың 30-жылдарында қазіргі Астрахань облысының аумағында туған, әскери ақсүйектер тұқымы деп саналады. Ол белгісіз себептермен XV ғасырдың екінші жартысында туған өлкесінен кетіп, өзіне бағынышты болған барлық руларымен және тайпаларымен Қазақ хандығына көшіп келген. Ол жөнінде неғұрлым дәл басқа өмірбаяндық мәліметтер жоқ. Оның әдеби мұрасынан бізге өте аз бөлігі жеткен, бірақ соның өзі-ақ Қазтуғанды сирек кездесетін жыршы-ақын ретінде сипаттап береді. Оның поэзиясы мазмұнымен және стилімен өте ерекше. Онда сылдыр сөзге салыну, сес көрсету және сәуегейлік айту жоқ, оның жырынан әлдебір буырқанған рух, асқақтық аңғарылады, әскери және лирикалық көңіл-күйді ғажайып ұштастыру байқалады. Қазтуған жыраудың өзіне-өзі берген поэтикалық сипаттамасы мейлінше бірегей дүние, ол түгелдей көркемдік анықтамаларға құрылған және бұрынғы авторлардың осыған ұқсас тәсілдерінен айырмашылығы — үшінші жақтан баяндалған.

Қазтуған жыраудың жырларында батыл да ержүрек жауынгердің бейнесі мен жан тебіренісін нәзік сезінетін адамның бейнесі, өзінің ата-анасы мен Отанын сүйетін ұлдың бейнесі қатар жасалған. Сірә, Қазтуған туған жерінде онша жақсы болмай, оның одан кетіп қалуына тура келсе керек. Ол туған жері туралы тебірене жырлап, онымен қимай қоштасады, оны дәріптеп, суреттеу үшін әсірелеу тәсілін молынан пайдаланады.

Сонымен Асан Сәбитұлы мен Қазтуған Сүйінішұлының шығармаларынан XIII-XV ғасырлардың мәдениеті мен поэтикалық дәстүрінде жеке негіз тән болған авторлық ауыз әдебиеті туғанын көрсетеді. Ол өз заманының перзенті еді және онымен тығыз байланысты болды, өз дәуірі талап еткен тақырыпты көтерді. Бұрынғы фольклорлық поэтикасын жаңадан туындап келе жатқан поэтикамен шығармашылық біріктіру жолымен пайда болған жеке поэзия сол кезеңде Дешті Қыпшақта орын алған оқиғаларды өзінше бейнеледі, тарихи адамдар мен ойдан шығарылған кейіпкерлердің әдеби бейнелерін өзінше жасады. Ол үшін ең бастысы Дешті Қыпшақ халқының бірлігін сақтау және оның тәуелсіздігін қорғау болды.

Жазбаша әдебиет. Алтын Орда дәуірі тек қана қиратып-күйретумен ғана емес, сонымен қатар қалалардың өсуімен, сыртқы саяси және сауда қызметінің жандануымен, жазу-сызу мен әдебиеттің дамуымен сипатталды¹⁴. Бұрынғы мәдени дәстүрлер қайта түлеп, Солтүстік Кавказды қоса алғанда, Дешті Қыпшақтың, Орта Азия мен Еділ бойының барлық этникалық топтар үшін бірыңғай жаңа мәдениет қалыптасты. Бұл кезеңде ресми монғол-қыпшақ қос тілділігі орын алды, бірақ қыпшақ тілі неғұрлым кең таралған еді¹⁵. Араб және парсы тілдері де кең қолданылды. Дегенмен де Алтын Орда мен мамлюктік Египетте көркем әдебиет көбінесе қыпшақ тілінде жасалды.

Ең елеулі әдеби туындыларды негізінен сарай төңірегіндегі ортада талантты ақындар жазған, олар әдетте мемлекеттік қызмет атқарған немесе билеушілер жанында болып, өз туындыларын екінші бірінде өз билеушілеріне арнаған не оларға сыйға тартып отырған.

Сол кезеңде жасалған туындылардың жалпы саны арасынан «Кодекс Куманикус», «Оғыз-наме» сияқты авторы беймәлім ескерткіштерді, сондай-ақ Хорезмидің «Мухаббат-наме», Кутбтың «Хұсрау және Шырын», Сайф Сараидың «Гюлистан би-т-тюрки», Дурбектің «Жүсіп-Зылиха», Рабғузидің «Киссас-уль-анбия» деген және басқалардың авторлы туындыларын бөліп көрсетуге болады.

«Кодекс Куманикус» (XIV ғ.) – Жоңғар қақпаларынан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ аумақта қыпшақтар (кумандар) үстемдік еткен кезеңдегі ғылыми-оқулық (және ішінара көркем) әдебиеттің классикалық үлгісі. Бұл – мазмұны мен құрылымының көрсететіндей, арнаулы сөздік және кейбір жағынан әр түрлі мақсаттармен Ордаға келген және латынша білетін европалықтарға, сондай-ақ латынша білгісі келетін қыпшақтарға (сірә, парсыларға болар) арналған қыпшақ тілінің оқулығы. Сөздік екі бөлімнен тұрады, түркологтардың пайымдауынша, оларды түрлі авторлар әр түрлі мақсатта жазған. Сірә, италяндар жазған болуы мүмкін бірінші бөлімі жақсы ойластырылған үш тілді латын-парсы-қыпшақ (куман) сөздігі болып табылады және қолжазбаның 110 бетін қамтиды. Сөздер бағана тәртібімен былайша берілген:

audio - mesnoem - eziturmen (есітермін)

audis - mesnoy - esitursen (есітерсің)

audit - mesnoet - esitur (есітеп)...¹⁶

تونی نصار بعد جلوس بنخانیة اشهر نوصا لبسام اتنهذو اتنوی فی
للإسماء باشرونی و قیل انہ ایتجا بالقول لعل یا ما دم یفرق حتی شیخ
بطه و تشق و جلس لہ ذی حجتہ او غزل فی سبب انباء تواجہ و ناقوست سہ
سین و اربتہ اشروا اما تونی بن بک خان مات قبل ابیہ و قد ذکر
و ترک منہ اربعون انباء فی حق شاریفیم ہوردو و باتونکوت شیان بک
بزرگوار شگفتند و بیرونم جلوس باتومکان ابیہ باموس ہجد و بک خان
شہ و کان دارمک سرای وہی بک تہ جریہ قریب من سفین و کجای
من الممالک الحاقہ لہ و در حقیق و روس و بکس بلاد اس و بک خان
دو ک و جد و باز بکند و جریہ خوارزم و غیر الی معبر انرم جلوس
ترقان بن باتومکان ابیہ مدتہ سکہ قریب من ہک و در حقیق الیک بعدہ
الہ الخو اقبس ثم جلس بک خان بن تونی و ہو کان اسم بک خان و یاری
و قد لہ تجارہ از اشرا و تبرک لہ منہ شیخ اشیاخ قطب الاقطاب تراقتی ان
سین الحقیق ابی بن سعید بن الطیر ابی خریز قدس رقدہ و وہ و نور ک
و بعدہ سلوک تو بن ترقان بن باتونکر خورہ و تا سلوک تو بن ترقان ثم ذل
سلوک الی تو بن سلوک تو بن ترقان بن باتونکر و کان اسم سلوک
بک خان و یاری و تا جلوس سلوک خان زما و ہو سلوک تو بن تونی بن بک خان
و ابنا تونی ہم لہ فی اربہ حوۃ اکبر ہم سلوک ثم قبلا ی ثم ہو لک و کما لہ شیخ

انز و وہ من و وہ من و وہ من و وہ من و وہ من و وہ من و وہ من و وہ من
الہ الخو اقبس ثم جلس بک خان بن تونی و ہو کان اسم بک خان و یاری
و قد لہ تجارہ از اشرا و تبرک لہ منہ شیخ اشیاخ قطب الاقطاب تراقتی ان
سین الحقیق ابی بن سعید بن الطیر ابی خریز قدس رقدہ و وہ و نور ک
و بعدہ سلوک تو بن ترقان بن باتونکر خورہ و تا سلوک تو بن ترقان ثم ذل
سلوک الی تو بن سلوک تو بن ترقان بن باتونکر و کان اسم سلوک
بک خان و یاری و تا جلوس سلوک خان زما و ہو سلوک تو بن تونی بن بک خان
و ابنا تونی ہم لہ فی اربہ حوۃ اکبر ہم سلوک ثم قبلا ی ثم ہو لک و کما لہ شیخ

تونی

Жамал Қаршидің «Мульхакат ас-сурах» деген қолжазбасының фрагменті. XIV ғасырдың басы.

Одан әрі бірнеше бетте сөздің «audio» («есіту») әр алуан түрі беріледі, бұл да сөздікті лексикография принциптерін жақсы білген және мейлінше практикалық мақсатты: Дешті Қыпшаққа келіп, тіл жөнінен қиындық көргендерге көмек көрсету мақсатын көздеген адам құрастырғанын көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше, бірінші бөлімді құрастырушы латыншаны өте жақсы білген, ал куман-қыпшақ тілі жөнінде бұлай деп айтуға болмайды¹⁷.

«Кодекс Куманикустың» екінші бөлімі негізінен алғанда фольклорлық материалдардан: жергілікті ертегілерден, аңыздардан, мақал-мәтелдерден, жұмбақтардан және христиан уағыздары мен Мария ананың, Христос пен оның апостолдарының өмірі туралы аңыздардан тұрады. Бөлім қолжазбаның 161 бетін қамтиды және тегінде, миссионерлік мақсатпен немістер құрастырған болса керек. Бұл бөлімде саны едәуір сөздер куман-неміс аудармасымен, ал өзге бір лексикалық ұғымдар аралас куман-латын тілі түрінде берілген. Мысал ретінде келтірілген мәтіндер, сондай-ақ сөздік лексика сол кездің тілін ғана емес, сонымен қатар Дешті Қыпшақтың көркемдік мәдениетін де сипаттайды. Сөздер мен сөз тіркестері жөнінде айтпағанның өзінде, көптеген жұмбақтар, мақалдар мен мәтелдер, нақыл сөздер мен астарлы сөздер қазіргі қазақ тілі мен фольклорында сақталған.

XIV ғасырдың басында Насреддин Рабғузидің халық арасында «Киссас уль-анбия» деген атаумен көбірек мәлім «Қисса-и Рабғузи» деген қолжазба кітабы шықты. Қолжазба ғасырлар бойы талай рет көшіріліп жазылып, көптеген көшірмелер арқылы түрлі елдерге таралып кетті. Ең ертедегі көшірмесі XV ғасырға жатады және ол Британ мұражайында сақтаулы. Ол 1990-1991 жылдары Ташкентте басып шығарылды¹⁸. Автор Мауараннахрда, Рабати Оғыз деген жерде туған (оның Рабғузи деген бүркеншік аты да содан шыққан).

Кітап Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың өмірі мен кездескен оқиғаларын суреттеуге, Мұхаммедтің өзі мен мұсылман халифтарының өмірін суреттеуге арналған. Онда дүниенің жаралуы туралы, бүкіл әлемдік су тасқыны және Жерде жана тіршіліктің басталуы туралы мифологиялық хикаялар, әр түрлі аңыздар, ертегілер мен мысал әңгімелер бар. Жекелеген хикаялар алдыңғы орта ғасырлардағы тарихи хроникаларға, мысалы, ат-Табари «Тарихына» барып тіреледі.

«Қисса-и Рабғузиге» енгізілген туындыларды идеялық-тақырыптық мазмұны бойынша үш топқа: а) дүниенің, аспанның, жердің пайда болуы туралы, адамның, жануарлардың және басқа да жан иелерінің, жын-шайтандардың шығуы туралы әңгімелер; ә) пайғамбарлар мен халифтар, әулиелердің өмірі туралы хикаялар, Шығыс нақылдары, халықтың аңыз-ертегілері; б) хижраның алғашқы он жылындағы негізгі оқиғалар хроникасы, жылдардың, айлар мен күндердің атаулары туралы, мұсылман күнтізбесіндегі айтулы күндер туралы мәліметтер деп бөлуге болады. Осылардың бәрі ислам діні тұрғысынан баяндалады. Бірақ осы арқылы халықтың дүниетанымы мен кейіпкерлерді фольклорлық дәріптеу айқын көрінеді. «Киссас уль-анбия» құран сюжеттерін, уағыздары мен сүрелерін баяндап беретін танымал прозалық шығарма ғана емес, онда автордың поэтикалық дарыны зор екенін дәлелдейтін дидактикалық әңгімелер мен өлеңдер көп. Бұл жөнінен Жүсіп пен Зылиха туралы хикаяттағы махаббат сипатындағы өлең жолдары ерекше назар аударарлық. Ал құран хикаялары мен аңыздарының сюжеттері тартымды түрде, адамдарға түсінікті қарапайым тілмен баяндалған. Олар діни ғана емес, танымдық сипатта да жазылған, оларда тұрмыстық шындықтар мен уақыт белгілері

көп. Кітапта түрік халықтарының ғана емес, хикаяттарда айтылатын басқа халықтардың да әдет-ғұрыптары туралы мәліметтер бар.

Алтын Орда дәуіріне жататын елеулі туындылардың бірі — «Хұсрау мен Шырын» дастаны, оның авторы — шыққан тегі қыпшақ, ақын Кутб. Кутбтың өмірі туралы толық мәліметтер жоқ. Оның 1330-1340 жылдарда Ақ Орданың астанасы — Сығанақ қаласында тұрып, өз дастанын сонда жазғаны, оны билеуші Тыныбек пен оның әйелі Мәлике-хатунға арнағаны мәлім. Автор өз туындысының түпнұсқасын билеушіге тарту еткен болуы мүмкін, өйткені оның өзі билеушіден қызметке қабылдауды өтінген де, әмірші Кутбтың тілегін орындаған. Алайда Тыныбек елді ұзақ билеген жоқ, бір деректер бойынша — 1337 жылдан 1340 жылға дейін, ал басқа біреулері бойынша 1342 жылғы наурыздан 1343 жылдың басына дейін билік еткен. Сарай төңкерісі нәтижесінде Тыныбекті өз бауыры Жәнібек өлтірген, ал Кутб тағдырының не болғаны белгісіз¹⁹.

Жалпы жұрт Кутб өз дастанын 1341-1342 жылдарда бітірген деп санайды. Сірә, қолжазбаның бірнеше көшірмесі болса керек. Олардың біреуін қыпшақ ақыны Берке Факих (Берке ибн Беракез ибн Едгу Қыпшақи) Египетке алып кетіп, онда 1383 жылы өзінің туысы Құттықожаның өтінуімен дастанды көшіріп жазған, оның қолжазбасы қазір Париждің ұлттық кітапханасында 312-нөмірмен сақтаулы. Оның Парижге қалай жеткізілгені жұмбақ күйінде қалып отыр. Алеппода (Александрияда) болған қолжазбаның Солтүстік Африкаға Наполеон экспедициясының жорықтары кезінде әкетілген болуы әбден мүмкін. Ғалымдар XX ғасырда нақ осы қолжазбаны ғылыми айналымға енгізді және ол қазір де зерттелуде.

Кутбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны Низамидің осы аттас дастанының мақамы бойынша назира рухында жазылған. Кутб Низами поэмасының бүкіл желісін сақтап, негізгі көріністері мен ең басты қатысушы адамдарын өзгеріссіз қалдырған. Низами сияқты, ол да өз дастанында екі тақырыпты: шексіз таза махаббат пен мінсіз билеуші тақырыптарын өрбітеді. Екі тақырып та шексіз берілген махаббат — адам мен қоғамның жетілуіне бастайтын негізгі кілт, махаббат — адамды тазартып, оған ізгілік беретін ғана емес, сонымен қатар оны өзгертетін де сезім деген идеяға сүйенеді.

Әділ билеуші және мінсіз (ізгі) қоғам идеясы халықтың утопиялық хикаяларында және Ибн Сина, әл-Фараби мен басқа да ойшылдардың ғылыми трактаттарында ежелден ұсынылып келген болатын. Ол Фирдоусиде, Құл-Ғалиде, Низамиде көркемдік көрініс тапты. Кутб үшін тікелей деректеме Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастаны болған, сондықтан оларда да мінсіз билеуші мен әділетті қоғам тұжырымдамасы астасып жатады. Кутб пен Баласағұнидың пікірлері бойынша, халықты дана әрі әділ адам басқаруға тиіс, ол ең алдымен халықтың игілігін ойлап, өзінің маңындағыларына, ұлықтары мен чиновниктеріне қатаң бақылау жүргізуге және қиянат жасағаны үшін оларды аяусыз жазалауға міндетті. Егер әмірші мұндай болмаса, ол халықтың қарғысына (ел қарғысына) ұшырайды.

Кутб «Хұсрау мен Шырын» сюжетін поэтикалық өрбіту кезінде Низамиді барлық жағынан қайталамайды. Низамиден айырмашылығы — ол кейіпкерлердің сұхбаттарын қысқаша береді, сондай-ақ иран шындықтарын түрік шындықтарымен ауыстырады: сасанилік билеушілердің емес, қайта Алтын Орда хандарының өмірі мен тұрмысын көрсетеді, Дешті Қыпшақ пейзажын суреттейді. Кутб өз кейіпкерлерінің, әсіресе әйел кейіпкерлердің бейнелерін де әйелдің өмірдегі рөлін түріктерше түсінікке,

Алтын Орда дәуіріндегі әйелдердің нақты қоғамдық жағдайына сәйкес бейнелейді.

Хорезми-Раванидің «Мухаббат-наме» («Махаббат хаттары») деген мифтік поэмасы XIV ғасырдағы көркем әдебиеттің тамаша үлгісі болып табылады. Оның авторы мен жасалу тарихы туралы мәліметтер туындының өзінде бар. Онда Хорезмидің көп саяхат жасағаны, Рум (Византия) мен Шамда (Сирия) болғаны және «Мухаббат-намені» Ақ Ордада тұрған кезінде Сырдария жағасында 754 жылы (хижра бойынша), яғни 1353-1354 жылдарда бітіргені айтылады. Автордың өзі жазғандай, поэма 1342 жылы төңкеріс жасап және ағасы Тыныбекті өлтіріп, таққа ие болған Жәнібек ханға туыс болып келетін қоңырат бегі Мұхамедқожаның өтініші бойынша жазылған. Жәнібек елде 1342-1357 жылдарда билік құрған.

Біздің заманымызға дейін жеткен Хорезми қолжазбалары көшірмелер болып табылады. Зерттеушілер жуырдағы уақытқа дейін «Мухаббат-наменің» екі көшірмесі сақталған деп санап келді. Біреуі — араб, екіншісі ұйғыр қарпімен жазылған, екеуі де Британ мұражайында сақтаулы (А 7914; ОК 8193)²⁰. Алайда түрік ғалымдарының жинақтаушы еңбегінде «Мухаббат-наменің» Стамбулдағы Ұлттық кітапханада тағы да екі көшірмесі бар екені хабарланған²¹.

«Мухаббат -наме» — орта ғасырлардағы түрік әдебиетіндегі түрі мен мазмұны жағынан жаңа туынды. Ол шын сүйетін жас жігіттің өз сүйіктісіне поэтикалық хаттар түрінде жазылған. Құрылымы жағынан поэма бірнеше бөліктерден: құдіреті күшті жаратушыға жүгіну, поэманы жазуға тапсырыс берген Мұхамедқожа бекті мадақтау, сүйіспеншілік өлеңдер-хаттар, рақым жасауды өтініп, құдайға жалбарыну, өзін-өзі сипаттау мен өзі туралы әңгімелеу бөліктерінен тұрады. Сүйіспеншілік хаттарының арасында және жекелеген бөліктер арасында автордың тындаушылар мен шарап құюшыларға арнаған сөздері беріледі. Поэманың мазмұны таза махаббатқа арналған. Лирикалық кейіпкер 11 поэтикалық хат жолдайды, оларда өз сүйіктісін бейнелеп суреттеп, оған өзінің сезімін білдіреді, оның сырт келбетін бейнелеп, мінез-құлқын сипаттайды.

Поэманың тілі кейіпкер өзін азап шегуге мәжбүр етуші туралы сүйсіне сөз ететін Шығыстың классикалық лирикасының поэтикасы мен стиліне ұқсайды. Мұның өзі Хорезмидің Шығыстың ұлы ақындарының шығармаларын жақсы білгенін, өз туындысында араб-парсы және түрік поэтикасын жинақтап қолданғанын дәлелдейді.

Поэманың мазмұны, құрылымы мен тілі көрсеткеніндей Хорезми сірә, көп мөлшерде туындылар жазған, жалпы жұрт таныған аса көрнекті ақын болса керек және «Мухаббат-намені» жазған кезеңінде даңқы шырқап шығып, Ақ Орданың ақсүйектер қоғамымен араласып жүрсе керек. Ол поэманың шығу тарихы туралы айтқанда, сарайдың «салондық» өмірінің ахуалын көзге елестеткен, онда интеллектуалды жұрт жиналып, тостағанмен шарап іше отырып, поэзия мен өнер туралы әңгіме-дүкен құрған, ақындар алыстағы сүйіктісіне және өзінің махаббаттан азап шеккен жанының құтқарушысы ретінде шарап құюшыға арнап өлеңдер шығарып, оқып отырған.

Хорезмидің «Мухаббат-наме» поэмасы Дешті Қыпшақтың рухани мәдениетінде қарапайым адамның жоғары сезімін мадақтайтын жаңа әдебиет тууының басы болды.

Музыка өнері. Халықтың ауызекі шығармашылығымен, жеке поэзиямен және жазбаша әдебиетпен қатар, XIII-XV ғасырларда қоғамның рухани

өмірінде музыка: ән және аспапта ойналатын музыка зор рөл атқарған. Пайдалы-практикалық міндеттер атқаратын ән шығармашылығы кең таралған. Ол жанры мен тақырыбы жағынан алуан түрлі еді. Ең ертедегі жанрлар еңбек және лирикалық-тұрмыс әндері болды, оларда Дешті Қыпшақ адамдарының малшылық-көшпелі тұрмыс салты мен отбасылық-тұрмыстық уклады бейнеленді. Әндердің көпшілігі еңбек барысында және отбасылық-тұрмыстық рәсімдер мен салт-дәстүрлер кезінде айтылатын. Киіз бен текемет басу, кілемдер мен маталар тоқу, тері өңдеу мен ат әбзелдерін жасау, малды сауу мен қырку — осылардың бәрі істелген кезде ән айтылатын еді. Ал отырықшы өңірлерде бидай себу туралы, масақ туралы, егін орағы мен дән туралы әндер айтылды және егінді күтудің әрбір кезеңінің өз әні болған. Адамдар қызметінің сипаты мен үлгісіне қарай ән жылқышылар мен бақташылардың, диқандар мен ұсталардың әндері болып бөлінген.

Отбасылық, тұрмыстық және сүйіспеншілік тақырыптарға арналған лирикалық-тұрмыстық әндер мейлінше көп болды. Үйленудің, бала тууының, оның есеюінің, адам өлуінің — бәрінің арнаулы әндері бар. Үйлену кезіндегі әндер — той бастар, жар-жар, беташар, адамды жерлегендегі дауыс қылып жоқтау, естірту, көңіл айту және жұбату жырлары әрі тұрмыстың бір бөлігі, әрі өнер туындысы болатын.

Лирикалық әндер тақырыбы жағынан ғана алуан түрлі емес. Олар мазмұны жағынан да мейлінше сан салалы. «Оларда сүйіспеншілік сезімі тебіренге беріледі, әйелдің сұлулығы дәріптеледі, жас адамдардың ішкі азабы бейнеленеді. Туған өлкенің табиғаты терең поэтикалықпен, жеке адамдардың әсерлері тұрғысынан әнге қосылады. Лирикалық әндерде келмеске кеткен жастық туралы өкінішті толғаныстар, сүйікті атының немесе сұңқар құсының өлімі туралы өкініштер бейнеленеді»²².

Халық арасында үлкен эпикалық орындау кеңінен таралды. XIII-XV ғасырларда ерлік сипатындағы ноғайлы эпосы мен махаббат мазмұнындағы жырларды негізінен кәсіби жыршылар орындаған. Ол кезде «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Едіге» және басқа да батырлық әуендер жырланған. Музыкатанушы ғалымдар «қаһармандық эпосқа (батырлар жырына) әндік-речитативтік және музыкалық-аяқталған аспаптық түр, ал лирикалық-эпикалық (тұрмыс-салт жырларына) әндік-речитативтік және музыкалық-безендірушілік нақты түр тән болған, бұл орайда көбінесе жеке адам орындаған» деп санайды²³.

Аспапта орындалатын, күй деп аталатын музыка ән өнерінен кем бағаланбаған. Тақырыбы мен мазмұны жағынан олар да алуан түрлі. Өмірдің тез өте шығатыны және дүниенің өткінші екені туралы толғанатын күйлер, тұлпар аттар мен қыран құстар туралы күйлер, артта қалған туған өлке және т. б. туралы күйлер болған. Тарихи, батырлық және сүйіспеншілік тақырыбында да күйлер шығарылып, орындалып отырған. Халық арасында «Ескендір» («Александр Македонский»), «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Шора батыр» күйлері мен басқа да күйлер қазіргі кезге дейін сақталған.

Алтын Орда дәуірінің аспаптық музыкасынан біздің заманымызға дейін бірнеше күй-аңыздар: «Жошы ханның жортуылы», «Ақсақ құлан», «Әмір Ақсақ», «Ел айырылған», «Сағыныш» күйлері жетті. Олардың кейбіреулерін кімнің шығарғаны белгісіз, ал кейбіреулерін халық зердесі Кетбұғаға («Ақсақ құлан»), Асан Сәбитұлына («Ел айырылған»), Қазтуған Сүйінішұлына («Сағыныш») телиді²⁴.

Күй-аңыздар — орындау кезінде күйдің мазмұны түсіндіріліп отыратын әңгімелер қоса айтылатын аспаптық пьесалар. Олар көбінесе тарихи және жалпы халыққа маңызды тақырыптар мен проблемаларға арнап шығарылған.

Күй-аңыздардың ең ертедегі жазылуы XIV ғасырға жатады. «Codex Cumanicus»-тен ғалымдар шаршы нота жазбасын тапқан, оны ажыратып оқыған кезде оның «басталар бөлімі (1, 2, 3-тактілері) ертедегі «Ақсақ құлан» күйінің интонациялық құрылысымен және неғұрлым кейінгі тарихи «Елім-ай» әнімен үндесетін болып шықты²⁵. «Ақсақ құлан» күй-аңызының Шыңғыс-хан және оның ұлы Жошы есімдерімен байланыстырылатыны мәлім. Онда Жошының құлан аулап жүрген кезінде қаза табу оқиғасы музыка тілімен баяндалып, бұл қайғының Шыңғысқа әсері көрсетіледі. Жошының әкесінен бұрын өлгені — тарихи факт, сөйтіп бұл күй-аңызда көрініс тапқан.

XIV ғасырда жазылған музыканың алғашқы тактілерінің әйгілі «Елім-ай» әнінің басымен сәйкес келуі бұл ән әуенінің сол кездің өзінде-ақ халықтың туған жерден кетуінің жаңғырығы ретінде пайда болғанын, ал XVIII ғасырда соған ұқсас жағдайларда оның жаңаша, бәлкім, басқа сөздермен пайдаланылғанын дәлелдеуі мүмкін. Үлкен тарихи өзгерістер, тағдырлы оқиғалар дәуірінде бұрынғы әндер, күйлер, эпостар жаңа өңдеулерге ұшырап, циклдерге түсірілген және жаңадан жасалған туындылармен тең беріліп отырған. Халық пен қоғам қиыншылыққа ұшыраған әрбір жолы жаңартылған бұрынғы туындылар сияқты замананың көкейкесті проблемаларын көтеретін жаңа туындылар пайда болған. Асан Сәбитұлының «Ел айырылған» және Қазтуған Сүйінішұлының «Сағыныш» күй-аңыздары сондай туындылар болды, оларда XIV ғасырда «Елім-ай» әнінде бейнеленген халық бірлігі идеясы қайтадан білдіріліп, XV ғасырда қазақтардың Ноғай Ордасынан көшіп кеткен оқиғасы және дербес Қазақ мемлекетінің құрылуына жеткізген бұл оқиғаларды халықтың қалай түсінгені көрініс тапқан.

2. ДІНИ НАНЫМДАР. XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСЛАМ

Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстандағы исламның тарихын, оның таралуын зерттеу жазбаша деректемелер, атап айтқанда, агиографикалық мазмұндағы қолжазбалар да құрамына кіретін Шығыстың нарративтік шығармалары шеңберінің өте шектеулі болуы себепті қиындай түседі. Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихы жөнінде ғылыми айналымға енгізіліп отырған жаңа материалдар ерекше маңыз алады. Өтеміс қажының (XVI ғ.) жақында басылып шыққан «Шыңғыс-нама» деген түркі тілді тарихи шығармасының осындай маңызы бар, онда XIV ғасырдағы Дешті Қыпшақтың саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихымен қатар, орта ғасырлардағы Қазақстанның идеологиясы, мәдениеті мен тұрмысы қайта жаңғыртылады. Ауызша дәстүрге, «даланың ауызша тарихнамасына» негізделген шығармада Алтын Орда мен Қазақстан тарихы жөнінде құнды мәліметтер, атап айтқанда, Қазақстан аумағында исламның таралуы туралы материалдар бар²⁶. Шығарма авторы Өтеміс қажының Алтын Орда аумағында исламның таралу уақыты туралы мәліметтерінің маңызы зор. «Шыңғыс-нама» авторының айтуынша, Дешті Қыпшақтың халқы ислам дініне Берке хан билеп тұрған кезде (652/1255–664/1266) кірген. «Дешті уәлаяты Берке ханға бағынған кезде, — деп жазады ол, — дінсіздердің көп бөлігін ол ислам дініне кіргізді...». Берке хан мешіттер мен медреселер салуға себепші болды. Ол өз төңірегіне теологтарды, діншіл-ғалым-

дарды жинап алды. Рас, шығарма авторының одан әрі атап өткеніндей, «одан кейін ол (тайпа. — *Ред.*) қайтадан жолдан тайған [тайпаға] айналып, дінсіз болды»²⁷. Мұның өзі Дешті Қыпшақ көшпелілерін ислам дініне кіргізу процесінің үзілісті, сенімсіз сипатта болғанын дәлелдейді. XIV ғасырдың бірінші жартысында Өзбек хан кезінде (712/1312—741/1340) көшпелілерді ислам дініне тартудың жаңа толқыны байқалады.

Аңыздарға негізделген әңгімелерде исламның көшпелілердің ежелгі діндеріне қарсы күресі бейне тапқан. Өзбек ханның исламды қабылдауы туралы әңгімеде оның қасында мұсылманның болуының бір өзі ғана оның маңайындағы пұтқа табынатын сиқыршылардың керемет күшін сәтсіздікке ұшыратқаны атап өтіледі. Мұсылманның ешнәрсе дарымайтын кереметін көрсету үшін пұтқа табынатын сиқыршылардың біреуі мен Баба-Туклас (Баба Түкті Шашты Өзіз. — *Ред.*) әулиеге жанып тұрған пешке (танур) кіруге ұсынылған. Дінсіз сиқыршы әп-сәтте жалын оранып жанып кетеді де, Баба-Туклас танурдан аман-сау шығыпты-мыс. Хан бастаған жұрт осының бәрін көрген бойдан табан астында шейхтардың етегіне жармасып, «[бәрі] мұсылман болыпты»²⁸.


Мұсылман діні біртіндеп ақсүйектер арасында ғана емес, көшпелілерге де кеңінен тарай бастады. Сол кезеңдегілердің пікірінше, XV ғасырдың екінші жартысында Моғолстан халқы түгелдей дерлік мұсылман дінін қабылдаған. 1348 жылы хан сайланысымен ислам дініне енген Шағатай Тоғлық-Темір Моғолстанда ислам дінін таратуда ерекше рөл атқарды. Мұхаммед ханның (1408—1416) тұсында моғол тайпасының басым көпшілігі мұсылман дінін мойындаған²⁹.

Көптеген археологиялық материалдарға қарағанда исламның ықпалымен ежелгі жерлеу ғұрпы өзгеріп, о дүниеге байланысты көне көзқарастар біртіндеп ығыстырылып шығарылған. Қорған үйінділермен қатар мұсылмандардың қабірі «сағана» түрінде тастан қаланған мола құрылысы пайда бола бастаған, іргелі діни құрылыстары бар мұсылман зираттары пайда болды. Дәстүрлі жерлеуді ислам XVI—XVII ғасырларда ығыстырып шығарған деп жорамалданады. Ислам қала халқының идеологиясында елеулі рөл атқарды.

Қазақстанда исламның таралуы едәуір дәрежеде суфизммен (мұсылман мистицизмімен) байланысты. Суфизмнің кейбір идеялары мен салт-ғұрып элементтерінің исламға дейінгі жергілікті нанымдар мен діндерге жақындығы суфизмнің қалың халық топтары арасында кең таралуына мүмкіндік берді.

Орта Азия топырағында туған елеулі суфистік конгрегациялар (бауырластықтар, ордендер) арасынан ең белгілілері үшеу — йассауийа, кубравийа, накшбандийа болды. Накшбандийа конгрегациясы тармақтарының бірі йассауийа (сұлтанийа) орденінің кеңінен мәлім болуы атақты дін уағызшысы Ходжа Ахмад әл-Йасауидің (бұдан әрі — Қожа Ахмет Йассауи) есімімен (XII ғ.) байланысты, ол мұсылман мистицизмі түрік дәстүрінің негізін салушы деп саналады. Кубравийаның таралған ауданы Каспийдің арғы жағына жетті. Құдіретті ходжагон-накшбандийа ең ықпалдылардың бірі болды, оның өкілі, мысалы, қазақтар, қырғыздар мен қалмақтар (жоңғарлар) арасындағы миссионерлік қызметімен данқы шыққан Қожа Ысқақ Уәли (XVI ғ.) еді. Биік қара сеңсең бөріктің көлденеңінен ақ шүберек (ақ түс — орден түсі) байлаған накшбандийа орденінің дәруіштері қазақ, қырғыз, түрікмендер көшіп жүретін жерлерді аралап, Маңғыстауға, Жем, Жайық және Еділ аңғарларына, Қызылқұм шөліне дейін барып жүрді.

Қазақстанда суфизмнің кең таралғаны мен ықпалын Маңғыстаудағы киелі



Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің қазаны.

ғимараттардың петроглифтері мен өрнектері дәлелдейді, оларға «суфизм (орта ғасырлардың өзінде-ақ Түркістан мен Солтүстік Хорасаннан шейхтер әкеп енгізген) мен Евразия өңіріндегі шамандық мәдениеттің нақты мұрасының ұласуы есебінен рухтанған»³⁰.

Орденнің атауы Баха ад-дин Накшбандидің есімімен байланысты екеніне қарамастан, накшбанди дәстүрі Баха ад-динді орденнің негізін салушы деп санамайды; ал Орта Азия суфизмінде Баха ад-дин оның бейітіне үш рет мінәжат етіп қайту алыстағы Қағбаға сапар шегумен бірдей саналатын «тарикат имамы, хакикат пірі және шарифат білімінде еліктеуге лайық өнеге» ретінде мәлім. Кейбір деректемелерге қарағанда, оның тарихы Әбу Жақып Жүсіп әл-Хамаданимен (1140 ж. өлген) байланыстырылады. Үнсіз (құпиялы) зікірді Абдалхалық ал-Гидждувани (1220 ж. өлген) накшбандийа ілімінің негізгі қағидаларының қатарына көтерді³¹. Бұл ілімге тән практика жергілікті халыққа жақын болып шықты, өйткені мұсылмандарға дейінгі жергілікті дәстүрлерге үндес келген еді. Кезінде құдіретті болған осы орден мүриттерін бүкіл мұсылман дүниесінен кездестіруге болатын. Ауқымды дәруіштік бірлестік XV—XVI ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанның саяси өміріне елеулі ықпал жасады.

Қарастырылып отырған кезеңде суфистік ордендердің гүлденуі және алдыңғы ислам кезінде ширк («көп құдайлылық», «пұтқа табынушылық») деп қарастырылған әулиелерге табыну (қасиетті адамдардың молаларын — уәлилерді, әулиелерді, киелі жерлерді құрметтеу) сияқты құбылыстардың таралуы байқалды.

Ислам ығыстырып шығарған ертедегі көзқарастар мен діндер Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы әулиелерге табынудан пана тапты. Араб саяхат-

шысы Ибн Баттутаның (XIV ғ.) айтуына қарағанда, Орталық Азиядағы әулиелерге табыну, оны ресми теология мен сунниттердің жақтырмағанына қарамастан, шын мәнінде халықтың діни санасы көрінген шын, нақты нысан болды. Қарастырылып отырған кезеңде әулиелерге табыну Құранға қайшы келеді деп саналмады және ширк деп қабылданбады, мұның өзі оның ислам жүйесіне терең еніп алғанын дәлелдейді³².

XIV–XV ғасырларда мұсылмандарға дейінгі түсініктер, діндер, әдет-ғұрыптар қазақтардың діни өмірінде маңызды рөл атқарды. Қазақтар исламмен қатар Тәңіріні жоғарғы құдай деп санауды жалғастыра берді. Жоғарғы құдай Тәңірі – көк идеясы көптеген түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың ата-бабаларының да дүниеге көзқарасында оларға исламның енуінен көп бұрын патриархалдық-рулық құрылыстың ыдырай бастауы мен патриархалдық-феодалдық қатынастардың тууына байланысты пайда болған. Кей зерттеушілер Тәңіріге табыну сол кездің өзінде-ақ толық қалыптасқан діни жүйе болған, мұның өзі ислам әкеп енгізген бір құдай – Алла идеясының қабылдануына жәрдемдескен деп санайды³³:

Бұрынғысынша дағдылы құқық (әдет) ережелерімен реттелген қоғамдық және отбасылық өмір діннің ертедегі түрлері – сиқыршылықтың, табиғат пен егін шығымдылығына табынудың, от пен ошақты құрметтеудің, ата-бабаларға табынудың, монғолдарға дейінгі түсініктердің, шамандықтың және басқаларының нышандарын берік сақтады.

Басқа халықтардағы сияқты, қазақтарда да нақты еңбек қызметі ежелгі заманнан бастап әр түрлі нанымдар мен әдет-ғұрыптарға тығыз байланысты болған. Жылқыға – Қамбар ата немесе Жылқышы ата, қойға – Шопан ата, түйеге – Ойсылқара, сиырға – Зеңгі баба, ешкіге Сексек ата қамқоршы деп сайалған³⁴. Қазақстанның оңтүстіктегі егіншілік аудандарында егіншілік пен егіншілердің қамқоршысы деп Дихан баба құрметтелген. Қыдыр пайғамбар алуан түрлі игілік, молшылық, байлық, бақыт әкелуші деп саналған.

Ауыл шаруашылығы ғұрыптарында табиғат оянып, жанданатын, ауыл шаруашылық жұмыстарының басталуын білдіретін Жаңа жыл – Наурызға маңызды орын берілді. Жаңа жылды мерекелеу ғұрпы Алдыңғы және Орта Азия халықтарында кеңінен таралған ертедегі иран дәстүрінен (парсыша – наурыз) бастау алады. Қазақтарда Наурызды мерекелеудің бірнеше күні – 1 наурыз, 9 наурыз, 12–13 наурыз – Қазыбек наурызы болғаны белгілі, оны қазақтардың бәрі таныған.

Жаңа жылдың келуі көктемгі күн мен түн теңелетін 21–22 наурызбен мейлінше көбірек байланыстырылған. Аңыздарға қарағанда Наурыз – қазақтардың ұрпақсыз қарт бабасы, жұрт оны еске алып, құрбан шалып отырған. Наурыз бейнесінің бабаларды құрметтеу дәстүрімен байланысты екені анық. Малшы көшпелілер Наурызда ата-бабалар рухына сыйынған, оларға арнап құрбан шалып, қайтыс болған ата-бабаларының молаларына шырақтар жаққан³⁵.

Қазақтардың шаруашылық қызметінен ажырамайтын ғұрыптар кешенінде қуаншылық болған жағдайда құрбан шалып, тасаттық беретін ғұрып маңызды орын алған. Жаңбыр шақыру ғұрпының түп-тамыры түркі халықтарының «жаңбыр тасы» – алдыңғы орта ғасырлардан XIX ғасырға дейін Орта Азия халықтарында орын алып келген жеде, таш, яда, еде, суу-таш, жай тас туралы ежелгі түсінігінде жатыр³⁶.

Қазақтың халықтық дәстүрінде исламға дейінгі пантеон мен пандемонизмнің ертедегі бейнелері: өлген ата-бабалардың жебеп жүретін рухтары — аруақтар; ертеде, сірә, туу құдайының рөлін атқарған болуы мүмкін, бірақ ислам зұлым әзәзіл, пері бейнесіне түсірген албасты/марту; қарама-қайшы сипаттары бар және шамандық практикада жебеуші рухтар ретінде көрінетін перілер; қазақ шамандығында маңызды рөл атқаратын диюлар және басқалар туралы түсініктер елеулі орын алған.

Қазақтардың діни өмірінде шамандық маңызды рөл атқарған. Шамандық діннің дүниеге анимистік көзқарас дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болған ертедегі түрі деп саналып жүр. Дүниеге шамандық көзқарас адамдар мен оларды қоршаған дүниені мекендейтін рухтар арасында байланыстырушылар қажет дегенге сенуге негізделген. Қазақ шаманының (бақсылардың) негізгі міндеті емдеу болған. Жүйкесі ауыратын — «пері соққан» адамдар бақсының көмегіне жүгінген, оны толғақ қатты болған кездерде шақырған, ол үйлену тойын өткізгенде жас жұбайлардың болашағын болжаушы ретінде қатысқан. Бақсының күші оған қандай рухтардың бағыныштылығына, олардың алуан түрлі болуы мен санына байланысты болған.

Қазақ шаманының қасиетті белгілері: кобыз, қамшы, домбыра болған. Зікірді қазақтар көбінесе «ойнау» деп қана емес, «шақыру» деп те атаған. Қазақ шамандығындағы «жоғарғы дүние» — бұрын шамандардың өздері барып келетін рухтар мекені туралы түсініктерді жоюда исламның зор рөл атқарғаны анық. Аңыздар мен әдет-ғұрыптарда шаманның керемет сәйгүлікпен басқа дүниеге барып-келетіні туралы жойылып кеткен түсініктердің нышандары сақталған. Сірә, қазақ шаманы пайдаланған асатаяқ оның басқа дүние өкілдерімен байланысқа түсуіне мүмкіндік берген ғарыш ағашының үлгісі болса керек³⁷.

Исламға дейінгі ежелгі дәстүрлердің нышандары қазақ қоғамының өмірінде елеулі рөл атқарған. Басқа да көптеген халықтардағы сияқты, қазақтарда да ежелгі замандардан бері өзін өмірдің сан-алуан қайғы-қасіреттерінен: көз, тіл тиюден және т. т. қорғау үмітімен бойтұмарлар (тұмарлар) кеңінен пайдаланылған. Қазақтар өмірінде халық емшілері — балгерлер, сынықшылар, тамыршылар (ауруды тамыр соғуынан анықтайтын тамыршылар) және басқа да көптеген емшілер маңызды рөл атқарған.

Мұсылмандарға дейінгі діни дәстүрлер отбасы тұрмысында — отбасының өмірлік кезеңдеріне (үйленуге, тууға, өлуге) байланысты салт-ғұрыптарында зор рөл атқарды. Қазақтардың үйлену салты өзінің барлық кезеңдерінде мұсылмандарға дейінгі ертедегі белгілерді сақтап қалды. Онда ата-бабалардың аруағына табынуға тығыз байланысты және некенің басты мақсатын жүзеге асыруға — ұрпақты жалғастыруға бағытталған діни-сиқыршылық практика маңызды рөл атқарды³⁸.

Бата оқу-жерлеу жоралғысындағы ғұрыптық рәсімдердің ертедегі дәстүрлі тәртібімен байланысы бұрынғысынша мейлінше күшті сақталып қалды. Жерлеу-бата оқу жоралғылары анимистік көзқарастарға астасып кеткен. Қазақтар жанның үш түрі болады деп санаған. Жан түрлерінің бірі — рух — жан тән өлгеннен кейін өлген адамның «орнында» тұл қалған тірілердің арасында бір жылға дейін болады делінген. Өлген адамның жанына ас беріп, жоқтап отырған. Бір жыл өткен соң, қоштасу ғұрыптарын жасап, марқұмды «өлілер дүниесіне» шығарып салған. Өлген адамның жанына ас беру ғұрпының мағынасы — марқұмды басқа дүниеде қажет бола-

тынның бәрімен қамтамасыз ету және ақырында, оны басқа дүниеге шығарып салу. Киіз үйге шаншылған найзаны бір жыл өткен соң сындырып, сынықтарын өлген адамның моласына қойған. Жан найза арқылы көкке кететін болған. Бұл ғұрып өмір шежіресі, «ұзақ уақыт бойы ескі және жаңа әлемнің адамдар ұжымдары дүниесінің үлгісін анықтап келген әмбебап тұжырымдама» туралы толып жатқан түсініктерге байланысты³⁹.

Қазақстанның мұсылмандарға дейінгі дәстүрлерінде отқа табыну маңызды рөл атқарған. От үй ішінің ғибадатханасы, үйдің қамқоршысы деп саналған. Үлкен үйдің (ата-ана үйінің) ошағындағы от от-ана деп аталған. Келін жаңа отбасына аяқ басқанда, атасының киіз үйіне кіріп, отқа бір қасық май құюға тиіс болған. Қазақтар оттың тазартқыш күшіне сенген: қыстаудан көшкенде, от жағып, жайлауға жын-шайтан еріп бармауы үшін мал мен көш-көлікті солардың арасынан айдап өткізген. Қыстауға қайтқанда да оған от жағып, түтін салған. От емдеу ғұрпында да шешуші рөл атқарған.

Отбасылық ғұрып циклінде соқыр сенімнің, аниминизм мен сиқыршылықтың элементтері: 1) қырсықтық, зиян келтіретін ғұрыптар; 2) балгерлік; 3) эротикалық ғұрыптар; 4) өлген адамға табыну; 5) әулиелер мен жебеушілерге отбасылық-рулық табыну; 6) ата-бабаларға патриархалдық отбасылық-рулық табыну; 7) шамандық айқын көрінді.

Ислам, шаманизммен қатар XIII—XIV ғасырларда буддизм мен христиан діні де орын алды. Жетісудан XIII—XIV ғасырларда несториан-түріктерінің қабірлеріне қойылған тастары табылған, Ыстықкөл жағасында католицизм уағызын жүргізген католик монастыры да болған. XIV ғасырдың 30-жылдары Алмалықта шіркеу салынып, онда бурундиялық епископ Ричард, александриялық монахтар Франциск пен Раймонд Руф діни уағыздар жүргізген. Христиандарды қудалау Әли Сұлтан кезінде басталды. 1339 жылы католик миссионерлері өлтіріліп, несториандар қуғынға ұшыратылды⁴⁰.


Исламға дейінгі ежелгі дәстүрлер мен ислам дәстүрлерінің ұштасуы және өзара әсерінің нәтижесінде қазақтарда қарастырылып отырған кезеңде қазақ қоғамының нақты діни өмірін сипаттаған мейлінше ерекше синкретикалық дін нысандары біртіндеп қалыптаса берді. Осыған байланысты XIV—XV ғасырлардағы көшпелілердің идеологиялық өмірінің өте маңызды жағына — В. П. Юдин «шыңғысшылдық» деп атаған дүниеге көзқарас синкретизміне жүгіну қажет сияқты. «Шыңғыс-ханның шыққан тегі, оның руы, оның ата-бабалары туралы аңыздар... адамзаттың шыққан тегі туралы мұсылмандық түсініктерге және сол арқылы дүниенің мұсылмандық көрінісіне енгізілді. Мұсылмандардың тарихи шығармаларында адам баласының шығу тарихы, әдетте, адамның жаратылуынан және пайғамбарлар тарихынан басталатын, ол Оғыз туралы аңыздар циклімен, Шыңғыс-хан руының генеалогиясымен және көшпелі дүние руларының, тайпалары мен халықтарының одан кейінгі тармақтарымен толықтырылды»⁴¹.

Шамандық, зороастралық, буддалық, мұсылмандық және басқа тұжырымдамалар мен шыңғысшылдық доктринаның өзара әсері нәтижесінде көшпелі қоғамда қоғамның барлық топтарын баурап алған жаңа идеология қалыптасты. Осы дүниетаным және діни синкретизм қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстан аумағындағы діни өмірдің өзіндік ерекшелігін сипаттайды.


3. АРХИТЕКТУРА МЕН ӨНЕР

Монғолдар салған ойранға қарамастан, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық мәдениеті дамуының дәстүрлі бағыты жойылған жоқ. XIII–XV ғасырлар мәдениетінде пайда болған өзгерістер оның алдындағы кезең мәдениетінің даму серпінінде үзіліс болғанын көрсетпейді. Мұндай құбылыс монғолдар жаулап алған, дамыған қалалары бар басқа аумақтарға да тән болатын. Г. А. Федоров-Давыдов Төменгі Еділ бойының алтынордалық қалалары мен Қырымның, Хорезмнің, Еділ Бұлғариясының Алтын Орда өктемдігіне түскен қалаларының синкретикалық мәдениеті арасындағы айырманы өте дұрыс атап өткен. «Төменгі Еділ бойынан айырмашылығы, — деп санайды ол, — оларда ежелгі отырықшы және қала дәстүрі орын алды, қалалар мәдени жағынан да, әлеуметтік жағынан да, аумақтық жағынан да монғолдарға дейінгі қалалардың жалғасы болды»⁴². Қазақстанның оңтүстігінде бұл барлық жерден: сәулет өнерінен де, іргелі және қолданбалы өнерден де байқалады.

XIV–XV ғасырлардың сәулет өнері жоғары деңгейге жетеді, зерттеушілер оны дүниежүзілік сәулет өнерінің ең жарқын құбылыстарының бірі деп атайды. Сәулет өнерінің жетекші шеберлері ұрпақтар тәжірибесін таратушылар әрі жеткізушілер болды, бірақ ешқашан да осы тәжірибенің ғана шеңберімен шектеліп қалмай, оны тұңғыш жаңалықтар табу арқылы байытып отырды⁴³. XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басында Ахмет Йассауидің кесенесі салынды. Ахмет Йассауи кешені аумағы 46,5x65,5 м болатын порталды-күмбезді үлкен ғимарат болып табылады. Үйдің аралық ені 50 м үлкен порталы мен аралығы 18,2 болатын аркалары бар. Үйдің еденінен орталық




Дәуіт бек кесенесі. Тараз. XIV ғасыр.



Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің қазандық бөлмесі.

залдағы күмбезінің ең биік жеріне дейінгі биіктігі 37,5 метрге тең. Күмбездің өз диаметрі 18,2 м.

Кесененің ішіне әдетте екі қатарлы оюлармен және сүйектен ойылған өрнектермен безендірілген аспалы есігі бар басты орталық есік арқылы кіретін болған. Табалдырықтан аттаған бойда, келуші кешеннің ең үлкен, орталық




Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің оюлы ағаш есігі.

бөлмесіне кіреді, оның көлемі 18,5x18,5 м. Кіреберістегі және қарсы қабырғадағы терең екі қуыс залды крест сияқты етіп көрсетеді. Күмбез ішкі жағынан сталактиттермен қапталған, оларда оюлы өрнектердің іздері сақталған. Залдың ортасында адамның бойындай үлкен қола қазан тұр, сондықтан зал қазандық деп аталады. Онда қазанды құйған шебердің есімін — тавриздік Сәруар аддиннің баласы Абд әл-Әзиз есімін және құйылған уақыты 1399 жылғы 25 шілде екенін сақтап қалған бедерлі жазу бар.

Орталық залдың айналасына түрлі мақсаттағы 35 жай жасалған. Олардың арасында «кітапхана» бар, аңызға қарағанда, онда кітапхана орналасқан, кіші Ақсарай, оның еденінде қабір үстіне қойылған алты тақта тас, соның ішінде Әбілқайырдың немересі Құл-Мұхаммед Сұлтанның қабірі үстіне қойылған тақта тас жатыр. Қабірлер үлкен Ақсарайда да бар. Кешеннің батыс бұрышында кіші мешіт үйі орналасқан, оған Жолбарыс хан дәлізі арқылы барған, Жолбарыс ханның бейіті де сол жерде тұр. Ахмет Йассауи жерленген бөлме торлап жасалған есікпен бөлінген. Қабірдің үстіне ашық-жасыл түсті яшманың жылтыр тақта тасынан құлпытас қойылған. Кесененің сырты құйма кірпіштермен және майоликамен қапталған, олар геометриялық, өсімдікті және эпиграфиялық өрнек құрайды. Солтүстік порталдың қаптамасы ғажайып әдемілігімен ерекшеленеді⁴⁴. «Бұл орайда ұлы әмір шебер саяси есепті басшылыққа алды, — деп жазды Ахмет Йассауи кесенесін зергтеушілердің бірі М. Е. Массон, — көшпелілердің ұлттық әулиесіне көңіл бөлу арқылы олардың сезіміне дем беру, ислам дінін ұстанатын халықтардың рухани бірлігін атап көрсету, әсершіл номадқа ой-өрісінің алыптығымен әсер ету, ал оның орындалуы арқылы империяның күш-қуатын көрсетіп беру — XIV ғасырдың аяғында мемлекеттің шет аймағында ортаазиялық сәулет өнерінің таңғажайып ескерткішін тұрғызған кезде ескерілген практикалық мақсаттар міне осылар еді».

Темірдің ресми тарихы — «Жеңістер кітабында» үйдің салынуы туралы әңгіме 1397 жылғы оқиғалармен байланыстырылады. Сол жылы Темір Моғолстан ханы Қызыр-Қожа ханның қызы — Тәуекел-ханымға үйленген еді. Зайыбын күткен Темір қыркүйек айында Қожа Ахметтің бейітіне тауап ету үшін Ясы қаласына барған. Тегінде, құрылысты бастауға бұйрықты ол сол кезде берген болса керек. Әмір Темірдің ғимараттың жалпы жоспары мен негізгі көлемі жайлы жарлығы бекітілген: «Басты күмбездің диаметрі қырық бір кезге тең болуға тиіс. Алдыңғы жағынан екі мұнарасы бар биік аркалы портал көзделген. Оның арғы жағында айналасы отыз кез және ортасында есік оюлары сияқты жеті металдың қорытпасынан құйылған хәуізі бар үлкен күмбезді шаршы жай болады. Одан әрі айналасы он екі кез бөлме, онда кішірек күмбез астында Тавризден әкелінген мәрмәр тақталардан шейхтің өзінің сағанасы салынған. Қабірдің оң жағы мен сол жағында жиналыстар өткізуге арналған екі бөлме (чарсуфы) бар. Сонымен бірге басқа да бірнеше бөлмелер, сондай-ақ ескерткішке тауап етуге келушілерге арналған хұжыралар көзделген. Сол дәуірдің сәулет өнері талғамдарының талап еткеніндей, күмбездер мен қабырғалар изразецтермен қапталуға тиіс болды. Мәулен Убайдолла Садырға жүзеге асыру жүктелген тапсырмалар осындай еді»⁴⁵.

Белгілі ғалым М. Е. Массон бұл ескерткіш туралы былай деп жазды: «Жасалған құдіретті кесененің жоспары жағынан да, түпкі ойы жағынан да Орта Азияда ұқсасы жоқ. Ол — бірегей. Бірақ оның көк тіреген зәулім тұрпатындағы ислам өнері жасап шығарған дәстүрлі сипаттың арғы жағынан дәуірге



Алаша хан кесенесі. Орталық Қазақстан. XIV – XV ғасырлар.

үндес пиғылдың сарыны еріксіз сезіледі, ол сасанилер дәуіріндегі Персеполдың аса салмақты стилі мен императорлық Византия сәулет өнерінен түйсік арқылы алынған болуы мүмкін. Ктесифон мен Фурузабад сарайлары II әрпі түріндегі жоспардың сипатты тұрпатынан өз көрінісін тапқан; сасанилер патшаларының (Тек-и Кеср) қабылдау залының алып күмбезі айбынды порталға үлгі болған. «Көк тәңірісінің және жер патшасы дара билігінің бірлігін» сәулет өнерінде жүзеге асыру идеясы сасанилік Персияның кезінде-ақ орын алған Византияның неғұрлым айқын ықпалы гүлденіп, Константинопольдің Әулие София ғибадатханасында бай көрініс тапқан. Даңқты Шығыстың ғана емес, мұсылмандық Түркияның да сәулет өнеріне, едәуір дәрежеде сан ғасырларға озып кеткен сол дүниежүзілік ескерткішке тәуелділіктің Қожа Ахмет кесенесінде айқын көрінгені сонша, оны «мұсылмандардың Айя-Софиясы деп толық негізбен атауға болады»⁴⁶.

Түркістанның орта ғасырлардағы зираты аумағында, Ахмет Йассауи ханақысының оңтүстік-шығыс жағында 60 м жерде Рабиға Сұлтан Бегімнің кесенесі бар. Бізге дейін ескерткіш қатты күйреген жағдайда жетті, қазір ол қалпына келтірілген. Кесене 5 бөлмені: орталықта орналасқан сегіз қырлы залды, шаршылап жоспарланған екі және ұзынша етіп жоспарланған төрт бұрышты екі бөлмені қамтиды. Үйдің басты беті сүйір ұшты биік аркамен жабылып, Ахмет Йассауи ханақысы жағына қаратылған кіреберісте терең қуысы бар портал түрінде шешілген. Қалған қасбеттері әрбір қасбетінде 5 қуыс бар аркада түрінде жасалған. Үйдің орталық бөлігі цилиндр тәрізді биік барабанға орнатылған күмбезбен жабылған. Ескерткішті сәулет өнері тұрғысынан зерделеу Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі мен Ахмет Йассауи ханақысының сағанасы (қыры жоқ

бірінші күмбез) арасында жақын ұқсастық бар екенін аңғаруға мүмкіндік берді. Кесенеге археологиялық зерттеу жүргізген кезде табылған майоликалық және глазурьленген тақта тастардың көп болуы ескерткіш түгелдей полихромдық қаптамамен қапталған деп топшылауға мүмкіндік береді. Кесененің оңтүстік-шығыс қабырғасынан сағанаға кіретін есік табылды. Сегіз қырлы етіп жоспарланған сағана ескерткіштің орталық бөлігіне орналасқан. Сағананың аласа күмбезін сүйір ұшты аласа 8 арка тіреп тұр. Сағананы ашқан кезде еденінен ішіне сүйек, соның ішінде балалар сүйегі де салынып, терімен қапталған бірнеше ағаш жәшік табылды. Ахмет Йассауи ханақысының күмбезі астына көшірілген құлпытастардың арасында Рабиға Сұлтан Бегімнің құлпытасы бар, онда мынадай эпитафия жазылған: «Бұл — құдіретті әмір Темір Гураганның ұлы, азапты ажалдан қаза тапқан, құдіретті, ұлы сұлтан Ұлықбек Гураганның қызы, ақсүйек, (құдай) кешіріп, рақымшылық жасаған, ізгі жанды Рабиға Сұлтан Бегімнің тыныштық тауып жатқан жері. Құдай олардың бәрі жатқан жерге ақтық күнге дейін жарық сәулесін түсіріп тұрсын. Бұл жалған дүниеден мәңгілік жайға кету құдай қалаған пайғамбар қашып шыққан жаңа ай туған заманның 890 жылдың (яғни 1485 ж.) айларының бірінде болды — оларға құдайдың рақымы түсіп, жаны жайлы болсын»⁴⁷.


XV ғасырдағы сәулет өнері құрылыстарынан Сығанақтағы қазір қирап қалған Көккесене белгілі. Бұл — XIV ғасырдың орта шенінде тұрғызылып, күмбездеп жабылған Әбілқайыр ханның салтанатты қабірі. Кесене шаршылап жоспарланған, сағана еден астынан жасалған. Кіреберісі сүйір ұшты аркасы бар әдемі порталмен ерекше көрсетілген. Оның басты көлемі шаршы призма түрінде болған, содан соң сегіз қырлы өтпелі жер, он алты қырлы барабан және сүйір шатырлы күмбез жасалған. Сырт жағынан кесене геометриялық өрнек жасайтын ақ, көк және көгілдер түсті кірпіштермен қапталған. Күмбездің ішкі жағында арабша жазу бар. Зерттеушілердің пікірінше, сәнді пропорциялы және шатыр күмбезді Көккесененің композициясы XIV ғасырдағы Хорезм сәулет өнерінің дәстүрлерімен ұштасып жатыр, ал оның ең тамаша үлгісі Көне Үргеніштегі Төребек-ханым кесенесі болып табылады⁴⁸. Отырарға жақын жердегі Арыстан баб кесенесі XIV ғасырдың аяғына қарай қайта салынған. Осы уақытқа қарай ол толық қайта құрылған болатын.

Археологиялық қазба жұмыстарының арқасында XIV—XV ғасырлардағы іргелі сәулет өнерінің жаңа ескерткіштері мәлім болды. Бұлар — көп адамға арналған мешіт пен монша. Мешіт Отырар қаласы жұртындағы «орталық төбенің» оңтүстік-шығыс бөлігіне орналасқан. Ол нашар сақталған, алайда оның жоспарлануы мен безендірілуінің жалпы принциптері түсінікті. Мешіттің салынған мерзімі XIV ғасырдың аяғы — XV ғасырдың басы деп белгіленеді⁴⁹.

Көлемі 60x22 м болатын құрылыс ұзынынан шығыстан-батысқа қарай созылып жатыр. Солтүстік қасбетінің ортасындағы кірер есік көлемі 2,7x1,35 м болатын тік бұрышты етіп жоспарланған пилондары бар, қабырға сызығынан шығып тұратын портал түрінде жасалған. Портал тіреуіштерінің аралығы 6 метрге жуық. Батысындағы пилон 1,7 метрге дейінгі биіктікте сақталған, шығыс жағындағысының кірпіші түгелдей дерлік бұзылып алынған. Порталдың бұрыштарына түп жағы цилиндр тәрізді, диаметрі 2 м болатын мұнаралар орнатылған. Мұнаралардың ішінде орама басқыш бар, оған порталдың ішкі жағынан, ені 1 м болатын кірер есік арқылы кірген. Порталдың батыс жағында басқыштың алғашқы төрт баспалдағы сақталған. Ғимараттың қарсы алдынан

қарағандағы композициясы шаршы кесінділі (1,35x1,35 м) отыз бағанадан тұратын және үш қатар етіп қойылған өтпелі төрт галереяны қамтиды. Төбесін тіреуіштердің арасындағы ойық 3,7 метрге тең. Кіреберістің алдында екі зал бар. Шатырдың тіреулері, іс жүзінде түгелдей бұзылып алынған. Кіреберістің батыс жағындағы бірінші залда тік бұрышты кескіндегі көлемі 3,3x1,65 м болатын бағана сақталған. Михраб текшесі бар басты залдың алдыңғы екі бағанасы ішінара сақталыпты. Бағаналардың кесіндісі күрделі болған деп санауға болады. Артқы тіреулері михрабтың екі жағынан қойылған шаршы пилондар сияқты көрінеді. Гимараттың михраб қабырғасында табалдырығы биік есік ойығы бар, ол қаланың оңтүстік жағындағы бекіністі дуал жанындағы көше мен тұрғын үй құрылысы жағына қарай ашылған. Мешіт қабырғасының қалыңдығы 1,35 м, басты қасбетінің бұрыштары бағаналар түрінде безендірілген.

Мешіт салынатын алаң мұқият тегістелген. Бағаналардың түбі тегіс шұңқыр етіп, 15—20 сантиметрге терендетілген, ол таспа сияқты күйдірілген балшықпен толтырылып, оған топырақ тұздарынан қорғаушы ретінде көмір қосылғ-



Сығанақ маңындағы Көккесене кесенесі. XV ғасыр.

ан. Топырақ іргесінің жалпы қалыңдығы 1,1 м. Бұл — іргелі құрылыстардың шөгуіне жол бермеудің Орта Азия мен Қазақстанның орта ғасырлардағы сәулет өнерінде кеңінен қолданылған дәстүрлі әдісі⁵⁰. Тіреуіш конструкциялар — қабырғалар, бағаналар, портал пилондары — сапасы жақсы, 25—28 сантиметрлік шаршы түріндегі күйдірілген тұтас немесе жарты кірпіштен қаланған. Кірпіштер ганч сылағымен тұрақты түрде қатаң беттестіріп қаланған. Қабырғалардың кейбір жерлерінде ганч сылағының бастапқы жұқа қабаты сақталған.

Мешіт сәулетінің безендірілуі ынта-ықылас туғызады, тұрғын үйлерден табылған қаптама қабаттарға қарағанда, онда керамикамен қаптау: глазурьленген түрлі-түсті кірпіштер мен көк және көгілдір түсті изразецтер, өрнектермен және фантастикалық зооморфтық сюжеттермен әшекейленген шаршы және төрт бұрышты тақталар түріндегі полихромдық майоликалар маңызды рөл атқарды. Глазурьленген қаптамалардың негізгі көпшілігі зал орнындағы жайлар мен михраб текшесі бар қабырғадан табылды. Терезелердегі керамикалық торлар — панджардың фрагменттері табылды. Біздің сөз етіп отырғанымыз — махаллалық мешіт емес, нақ көп күмбезді мешіт. Мұны оның көлемі, әдеттегі құрылыс материалдары (күйдірілген кірпіш, изразецтер, майоликалар), мұнаралар мен мықты порталдардың болуы дәлелдейді. Мешіттің қарсысында, оның солтүстік жағында орналасқан тағы бір іргелі құрылыс болғанын көрсететін белгілер бар. Қаланың оңтүстік-шығыс ауданындағы ансамбльді құрылыс белгілері XIV—XV ғасырлар шебіндегі Отырардың жалпы қалалық құрылысының құрамында бұл учаскенің жетекші рөл атқарғанын дәлелдейді.

Отырардың көп күмбезді мешіті Орта Азияның орта ғасырлардағы сәулет өнерінде жақсы мәлім бағаналы-күмбезді үлгідегі құрылыстарға жатады. Бағаналы конструкция Отырар мешітін Құйрықтөбе мешітімен жақындастырады, ал соңғысы едәуір ертерек, X ғасырда салынып, бағаналы мешіттер типологиясының дамуындағы алдыңғы кезең болып табылады⁵¹. Мешіті бар учаскені тұрғын үй махалласы етіп қайта салу қала өмірінде қатардағы оқиға болған жоқ деп санауға болады. Діни мекемелер, «қасиетті орындар» (мешіттер, медреселер, мазарлар) мүлкіне және одан түсетін, вақфтық грамоталармен берілген кірістеріне ешкімнің тиіспеуін ғасырлар бойы сақтап қалған. Мысалы, әмір Темірдің Қожа Ахмет Йассауи кесенесі мен Түркістан қаласындағы басқа да кейбір мазарларға берген вақфтық грамотасы мәлім. Әдетте істелетініндей, қаланың кейінгі әміршілері мазар вақфтарын растап отырған⁵². Отырар өмірінде биліктің алмасуына байланысты әлдебір маңызды өзгерістер болғаны күмәнсіз. Шынына келгенде, мешіт ұзақ жұмыс істемеген, өйткені мұнда ешқандай да жөндеу іздері, еденнің жаңа деңгейі байқалмайды. Жалпы қалалық өрттен кейін үй, жағылған от пен қара топырақтың қалдықтарына қарағанда, уақытша баспана ретінде пайдаланылған да, сонан соң тұрғын үй етіп қайта салынып, мұнда қала махалласы қалыптасқан.

Алдындағы уақытта болғаны сияқты, XIII—XV ғасырдың бірінші жартысындағы қалалардың сәулет өнеріндегі басым болған қоғамдық құрылыстар арасында моншалар бар. Отырардан да мерзімі XIII ғасырдың соңғы ширегі — XV ғасырдың басы деп белгіленетін монша қазып аршылды⁵³. Ол оңтүстік кіреберістің батыс жағында 200 м жерде, су қоймасының жағасында, XI—XII ғасырлардағы моншаның орнына орналасқан. Монша бұрыштарының бұрынғыдай күн сәулесіне қарай бағдарлануы сақталған, тек қана жаңа монша баты-

сқа таман жылжытылып, оған кіретін есік бұрынғы сияқты солтүстік-батыс жағында емес, оңтүстік-шығыс жағында болған. Монша жоспарынан крест көрінісін айқын аңғаруға болатын тік бұрышты құрылыс болып табылады. Екі құрылыс кезеңін байқау мүмкін болды. Қабырғаларының сыртқы көлемі бойынша моншаның бастапқы аумағы 13,5x16,5 м болған. Бұл кезде орталық залдың көлемі 22 шаршы метр, су құятын цистерналары бар бөлмені қоспағанда, қалғандарының бәрінің алаңы 7,2 шаршы метрден болған. Екінші кезең моншаның кеңейтілуімен сипатталады. Оңтүстік-шығыс қабырғасы — екі метрге, ал оңтүстік-батыс жағы 1,5 метрге жылжытылған. Моншаның жалпы көлемі 163,5 шаршы метрге (17x15,5 м) дейін ұлғайған. Моншада 10 бөлме болған. Олардың ішінде шешінетін жер (люнги-хана), буға түсіп, массаж жасату үшін пайдаланылған екі беньюарлы орталық зал бар. Залдан жуынуға арналған бөлмеге — «ыстықхана» мен «суықханаға» кіретін болған.

Бастапқыда Отырар моншасының батыс жақ бұрышында ыстық екі бөлме мен шығыс жақ бұрышында бір салқын бөлме бар екен. Демалатын бөлмеге резервуарының диаметрі 2 метрге дейін жететін дөңгелек хәуіз салынған. Оның еденіне пішімі әр түрлі көгілдір изразецтер төселген.

Моншаны сумен жабдықтау су қоймасынан басталатын су құбыры арқылы жүзеге асырылған. Жер асты галереясына құбырлар қатары салынған. Су құбыры моншаның салқын және ыстық суға арналған цистерналар тұрған бөлмесіне жеткізілген. Нақ осы бөлмеден төрт бөлімге бөлінген ұзын цистерна түріндегі 4 резервуар табылды. Олардың неге арналғанын түсінуге Ибн Синаның хабарлауы көмектеседі, ол моншаның организмге ықпалын суреттей келіп, суға шомылған кезде қолданылатын бірнеше ерітіндіні атайды. Олардың кейбіреулері өсімдіктерді, күкіртті, күлді қайнату арқылы алынған, басқаларын ол темір, тұз, кварц және тотияйын деп атаған⁵⁴. Сарқынды су науамен моншаның сыртындағы арықтармен жерге сіңіріп алатын құдықтарға ағызып жіберілген.

Отырар моншасы оттықпен жылытылған, ал оттықтан ыстық өткізгіш шығарылған, сонан соң бағаналар жүйесі мен бағыттаушы қабырғалар арқылы ыстық бүкіл жайдың еденін қыздыратын ағындарға бөлінген. Түтін қалың қабырға ішінен өткізілген тік қуыстар арқылы шығарылған. Олар сонымен бірге температураны реттегіш қызметін атқарған. Моншаның қабырғалары күйдірілген шаршы кірпіштен қаланған, еденге төсеу үшін кірпіш пен көлемі 40x40x10 см тақтатастар қолданылған. Бірқатар бөлмелерде еденге төсеу үшін глазуурленген кірпіштер мен тақтатастар пайдаланылған. Орта Азия, Еділ бойы, Кавказ бен Қырым қалаларында зерттелген XIII—XVI ғасырлардағы осындай ғимараттар да Отырар моншасына ұқсас. Оны Алтын Орданың Бұлғар (Еділ бойы) қаласының «Ақ және Қызыл Палаталар» ретінде белгілі моншаларымен салыстырған кезде ортақ жақтарының ерекше көп екені аңғарылды⁵⁵.

Іргелі ғимараттар құрылысында бұрынғысынша шикі кірпіш пен күйдірілген кірпіш кеңінен пайдаланылады. Кірпіш шаршы тұрпатты, көлемі 24—28 см болып келеді, сирек болса да қалыңдығы 4—6 см, үлкендігі 40 см кірпіштер кездеседі. Соңғыларының технологиялық қасиеттері ерекше жоғары. Оларды лабораторияда тексеру бұл кірпіштердің қазіргі беріктілік нормативтеріне сай келетінін, тіпті әлдебір жағынан оның деңгейінен асып түсетінін де көрсетіп отыр. Үйлерді безендіруге пайдаланылатын құйма тақталар мен кірпіштер дайындауда кеңінен пайдаланылған глазуурлер жөнінде

де осыны айтуға болады. Тас сирек пайдаланылған, ол іргетастарға, тіреуіштердің табанына төсеу үшін қолданылған. Үйлердің қабырғалықтарын қаптаған кезде мәрмәр тақталар пайдаланылған. Бекітетін сылақ ретінде балшық (сары топырақ), ганч, сирек болса да бор алынған. Есік және терезе жақтаулары, төбе құрылымы ағаштан жасалған. Тіреуіштер мен аркалық бөренелер үшін қарағаш, арша, тұт ағашы алынып, төбенің, есіктердің, терезе мен қоршау шарбақтарының — панджардың оймалы және құрастырмалы бөлшектеріне жұмсақ ағаш түрлері — терек, тал қолданылған. Сыртқы қаптамаларға көк, көгілдір, ақ, жасыл және қара түсті кірпіш қаланған. Үйлердің қабырғаларын әрлеуге тақта түріндегі полихромдық майоликтер пайдаланылған. Бөлменің ішкі көрінісі әшекейлермен, бедерлі өрнектермен безендірілген.

Аркалар, күмбездер сияқты конструкцияларды пайдалануда жоғары прогреске қол жетті. Алуан түрлі дөңестерге негізделген күмбездеп жабу жүйелерінде мейлінше қызықты жаңалықтар ашылды. Екі, тіпті үш қаптама-лы күмбездер таралады. Отырар мешіті мен Арыстан баб кешенінде аңғарылғанындай, колонналы композиция кеңінен пайдаланылған. Арыстан баб пен Түркістанда оймышталған ағаш колонна сақталған. Арыстан бабтағы колонна-лардың ұзындығы 3,5 метрге жуық. Діндері дөңгелек, жоғарғы ұштарының кесіндісі шаршылап жасалған. Олардың төменгі жағында геометриялық өрнек-пен — үшбұрыштармен, ромбылармен, сегіз бұрышты жұлдызшалармен әше-кейленген сегіз қырлы белдеу орналасқан⁵⁶. Ағашты оймыштау өнері Сырда-рия аймағының дәстүрлі өнер түрі болған, шатыр мен төбенің оймышталған бөренелерін, сондай-ақ Құйрықтөбе қаласының орнындағы алдыңғы орта-ғасырлық сарайдан табылған оймышты фриз тақтайларын еске түсіру жеткілікті. Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің есіктерін көркемөнердің осын-дай түрінің жалғасы деп атауға болады. Есік екі қатарлы оймыштармен және жалпақ сүйек әшекейлермен безендірілген. Сағанаға кіретін есікке де сүйек әшекейлермен ұштастырылып оймыштап жасалған геометриялық өрнек са-лынған. Есіктердегі қоладан жасалған екі нәзік ілмек нақышталған күміспен және алтынмен әшекейленген. Олардың топсасынан үш арыстанның басы «қарап тұр». Ал есік жақтауы темір қаңылтырлармен қапталып, оларға ал-тындап жазу жазылған. Жазулардан анықталғанындай, есіктің ілмектерін ис-фахандық шебер Изз-ад-дин 1394—95 жылдары жасаған.

Салмақты он тұтқасы және шығыңқы 30 бүршігі, өрнекті белдеуі бар қазан, кесененің ішін безендірген шырағандар, аспалы шамдар шеберлердің асқан зор көркемдік талғаммен жасалған тамаша туындылары болып табылады⁵⁷. Олар шеберліктің аса жоғары деңгейін көрсетеді.

¹Каскабасов С. А. Казахская сказочная проза. А.-А., 1990.

²Аяз туралы ертегінің сюжетін С. П. Толстов Аяз қала бекінісінің тарихымен байланыстырады // Толстов С. П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.-Л., 1948, 22-б.

³Валиханов Ч. Ч. Извлечения из «Джами-ат-таварих» // Собр. соч. В 5-ти томах. А.-А., 1961, т. 1, 144-б.; Егоров В. Л. Историческая география Золотой Орды в XIII—XIV вв. М., 1985, 98-б.

⁴Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В 2-х т. М.-Л., 1941, т. 2; 202—204, 263—264-б. (Перевод подстрочный — С. К.).

⁵Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі. А., 1993. 14-б.; Шакарим Кудайберды-

улы. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. А.-А., 1990, 45–46, 78-б.; *Маргулан А. О.* О носителях древней поэтической культуры казахского народа. – Мына кіт.: *Ауэзов М. О.* Сб. статей в честь его 60-летия. А.-А., 1959, 79-б.; *Магауин М.* Қобыз сарыны. А.-А., 1968, 7-б.; *Сейдімбеков А.* Күңгір-күңгір күмбездер. А., 1981, 217-б.

⁶Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. А.-А., 1972, 70-б.

⁷Татаро-монголы в Азии и Европе. М., 1977, 211-б.

⁸*Мәшіһур-Жүсіп Көпейұлы. Бұл да сонда; Шакарим Кудайбердыұлы. Бұл да сонда; Маргулан А.* Көрсетілген еңбегі, 78–79-б. (Перевод подстрочный – С. К.).

⁹*Магауин М.* Қадым заман куәгері. – Вст. статья в книге «Алдаспан». А.-А., 1971, 7-б.

¹⁰*Маргулан А.* Көрсетілген еңбегі, 75-б.

¹¹Зерттеу әдебиетінде эпикалық Орманбет ханды тарихи хан Ұлық-Мұхаммедке балайтын пайымдаулар бар.

¹²Поэты Казахстана. Л., 1978, 73-б. Перевод Вс. Рождественского.

¹³XV–XVIII ғасырлардағы казак поэзиясы. А., 1982, 66-б. (Перевод подстрочный. – С. К.).

¹⁴*Закиров С.* Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. М., 1966; *Греков И. Б.* Восточная Европа и упадок Золотой Орды. М., 1975; *Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв.

¹⁵*Федоров-Давыдов Г. А.* Культура и общественный быт золотоордынских ханов. М., 1964. 10-б.; *Григорьев А. П.* Официальный язык Золотой Орды XIII–XIV вв. // Тюркологический сборник. 1977, М., 1981, 81–89-б.

¹⁶Codex Cumanicus. Edited by G. Kuun. Budapest. 1981, s. 1.

¹⁷Қазак әдеби тілінің тарихи көздері. А., 1989, 171-б.

¹⁸*Носируддин Бурхонуддин Рабгузи.* Кисаси Рабгузий. Биринчи китоб, Ташкент, 1990; Екинчи китоб. Ташкент. 1991.

¹⁹*Ибатов А.* Кутбтың «Хусрау уа Шырын» поэмасының сөздігі. А., 1974; *Наджип Э. Н.* Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. Кн. 1. М., 1979, 31–38-б.; Татар әдебиетінің тарихы. 6 томдық. Қазан. 1984, т. 1. 170–196-б.; История всемирной литературы. В 9-ти томах. М., 1985, т. 3, 575-б.; *Келімбетов Н.* Қазак әдебиетінің ежелгі дәуірі. А., 1986. 178–184-б.; *Türk Dnyyasi el Kitabı. Ueuncu Cilt. Edebiyat. Ankara, 1922, 71–73 б.*

²⁰*Щербак А. М.* Огуз-наме. Мухаббат-наме. М., 1959; *Хорезми.* Мухаббат-наме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э. Н. Наджипа. М., 1961; Татар әдебиетінің тарихы. Қазан, 1984. Т. 1. 196–208-б.; *Оғыз-наме.* Мухаббат-наме. Мәтіндерді баспаға дайындаған, казак тіліне аударған және зерттеген Қ. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев. Алматы, 1986; *Келімбетов Н.* Қазак әдебиетінің ежелгі дәуірі. Алматы, 1986.

²¹*Türk Dnyyasi el Kitabı. Ueuncu Cilt. Edebiyat. Ankara, 1992, 7 б.*

²²*Ерзакович Б. Г.* Музыкальное наследие казахского народа. А.-А., 1979, 66-б.

²³*Бұл да сонда, 4-б.*

²⁴*Ерзакович Б. Г.* Музыкальное наследие казахского народа. А.-А., 1979; *Тарақты Ақселеу.* Күй-шежіре. А., 1992.

²⁵*Ерзакович Б. Г.* Көрсетілген еңбегі, 111-б.

²⁶Қараңыз: *Утемиш-ходжа.* Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследования В. П. Юдина. Алма-Ата, 1992. (Ары қарай: Чингиз-наме).

²⁷*Бұл да сонда, 99, 107-б.*

²⁸*Бұл да сонда, 105–107-б.*

²⁹*Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья // Соч., т. II, ч. 1, 77–80-б.; *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (Вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата, «Наука», 1977, 43, 47, 97–98-б.

³⁰Медоев А. Ориентиры древности // Декоративное искусство СССР. 1980. № 8, 37-б.

³¹Трименгем Дж. С. Суфийские Ордены в исламе. Пер. с англ. под ред. и с предисл. О. Ф. Акимушкина. М., 1989, 61-б.; Қазақстандағы суфизм туралы қараңыз: Мустафина Р. М. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX—XX вв.). Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1992 (Далее — Представления, культы, обряды...).

³²Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. Москва, 1988, 65-б.

³³Қараңыз: Кармышева Дж. Х. Путь в мир вечный. (Рукопись в печати), 15—16-б.

³⁴Хозяйство казахов на рубеже XIX—XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата, 1980, 127-б.

³⁵Қараңыз: Кармышева Дж. Х. Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. Историко-этнографические очерки. М., 1986. 49—55-б.; Мустафина Р. М. Представления, культы, обряды..., 115—119-б.

³⁶Қараңыз: Малов С. Е. Шаманский камень «яда» у тюрков Западного Китая // СЭ. 1947. № 1, 154-б.

³⁷Мустафина Р. М. Представления, культы, обряды... 131—133-б.; Каскабасов С. Колыбель искусства. Алма-Ата, 1992, 59-б.

³⁸Қараңыз: Аргынбаев Х. А. Қазақ халқындағы семья мен неке. Тарихи-этнографиялық шолу; Төлеубаев А. Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIV — начало XX вв.). Алматы. «Ғылым». 1991.

³⁹Топоров В. Н. О структуре некоторых архаичных текстов, соотносимых с концепцией «мирового дерева» // Ученые записки Тартуского государственного университета. 1971. Вып. 284. № 5, 9-б.

⁴⁰Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Соч., т. II, ч. 1, 77—79-б.

⁴¹В. П. Юдин. Орды: белая, синяя, серая, золотая // Чингиз-наме, 16-б.

⁴²Федоров-Давыдов Г. А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. М., 1966, 209-б.

⁴³Пугаченкова Г. А. Зодчество Центральной Азии в XV в. Ташкент, 1976, 6—7-б.

⁴⁴Массон М. Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент, 1930, 15—19-б.

⁴⁵Массон М. Е. О постройке мавзолея Ходжи Ахмеда в городе Туркестане // Известия Среднеазиатского географ. об-ва. 1929. Т. 19, 39—45-б.

⁴⁶Массон М. Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави, 12-б.

⁴⁷Проскурин А. Н., Туякбаева Б. Т. Мавзолей Рабиги Султан Бегим. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алматы, 1994, 277—278-б.

⁴⁸Пугаченкова Г. А. Зодчество Центральной Азии XV века, 80—81-б.

⁴⁹Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Отрар в XIII—XV вв. Алма-Ата, 1986, 103—112-б.

⁵⁰Пугаченкова Г. А. Зодчество Центральной Азии XV в. Ташкент, 1976, 16-б.

⁵¹Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI — начало XIII вв.). Алма-Ата, 1986, 139-б.

⁵²Пищулина К. А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVII веках // Казахстан в XV—XVIII веках. Алма-Ата, 1969, 8-б.

⁵³Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Отрар в XIII—XV вв. 112—124-б.

⁵⁴Абу Али ибн Сина. Канон врачебной науки. Ташкент, 1954, 198-б.

⁵⁵Смирнов А. П. Волжские булгары. Труды ГИМ, 210—223-б., XIII табл.

⁵⁶Воронина В. Л. Колонны из Отрара. Древности Казахстана. Алма-Ата, 1975, 70—74-б.

⁵⁷Басенов Т. Комплекс мавзолея Ахмеда Ясави. Алма-Ата, 1982.

Бесінші тарау

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. АНТРОПОЛОГИЯ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗИ

Жалпы тарихи тұрғыдан алғанда, қазіргі адамзат өсуінің кез келген этномәдени тұтас ортақтық қоғамы нақты географиялық мекендеу ортасындағы сан ғасырлық табиғи-тарихи даму процесінің нәтижесі болып табылады. Осы сан қырлы құбылысты объективті түрде зерделеу көптеген білім салалары мен ғалымдардың талай ұрпақтарының міндеті болып табылады. Бұл жағынан қазақ халқының этноантропологиялық ортақтығы да жоқ емес.

Халық тарихын зерттегенде, түрлі тарихи кезендерде бүкіл этномәдени мұралардың құнды бағдарларын нақты жасаушы, таратушы және жеткізуші адамның өзі болғанын есте сақтау керек. Биологиялық жағынан адамдар екінші, үшінші және т. б. дәрежелі белгілері бойынша бөлінеді. Ағылшынның белгілі биологы әрі философы Д. Холденнің айтуынша, адам — Жер бетіндегі ең көп бейнелі, яғни көп нұсқалы түр. Адамдардың белгілі бір аумақпен және шығу тегінің бірлігімен байланысты биологиялық жиынтығы шартты түрде алғанда нәсілде немесе антропологиялық тұрпатта болады. Мұндай ортақтық әдетте физикалық және генетикалық сипаттамалар негізінде анықталады. Рас, физикалық сабақтастық ерекшеліктердің бәрі емес, өздерінің таралатын белгілі бір аумағы бар және түрлі аймақ топтарында ерекше жиі кездесетіндерін ғана нәсіл деп санауға болады. Демек, мирасқорлық шарты мен географиялық жағынан нақты бөліну саласының болуы нәсілдің физикалық белгісін танудың аса маңызды шарты болып табылады. Сондықтан, мәдениет, тіл және этнос сияқты әлеуметтік құбылыстарға қарағанда, адамның қай нәсілге жататындығы немесе антропологиялық тұрпаты шын мәнінде неғұрлым тұрақты болады. Ал алдыңғылары антропологиялық тұрпатын өзгертпей-ақ бір облыстан (елден) екіншісіне біршама оңай өтуі мүмкін, өйткені адамдардың дене келбеті мен өздеріне тән морфологиялық белгілері тікелей қарым-қатынас немесе араласу болмайынша таралмайды.

Жекелеген этникалық топтарда сабақтастық белгілері көріністерінің жиілігі географиялық және тарихи себептердің салдарынан алуан түрлі құбылып отыратыны және оның өсіп-өнудегі фен-маркерлердің алуан түрлі болуына байланысты екені анықталған. Адамдардың белгілі бір қауымы өкілдерінің белгілі бір гендері мен морфологиялық белгілерінің бөліну сипатының өзі-ақ халықтың этникалық тарихы, оның байланыстары, әр түрлі мәдени-тарихи кезендерде орын ауыстыруы немесе окшаулануы жөнінде көп нәрсені көрсе-

те алады, яғни қазіргі халықтардың этникалық және антропологиялық жағынан құралу генезисін анықтап бере алады.

Қазіргі кезде Ғылым академиясында қазақтардың этногенезі мен нәсілдік генезі проблемаларын Қазақстанның ежелгі халқының этносы мен мәдени дәстүрлерінің тарихымен тығыз байланыста алып, кешенді зерттеу үшін мейлінше бағалы негіз болатын мол антропологиялық бірегей материал жинақталған. Бұл материалдар хронологиялық реті оншама үзілмей, төрт мыңжылдыққа жуық уақытты (қазіргі заманнан қола дәуірін қоса алғанда) қамтиды. Мұнда ертедегі тайпалар бірыңғай этноаумақтық және шаруашылық-мәдени ортақтығы арқылы тұтас антропологиялық ұйытқы болған деп санауға негіз бар. Сайып келгенде, кейіннен жергілікті тайпалар одақтарының, соның ішінде жалпы қазақ халқының этностық және нәсілдік-генетикалық дамуы үшін алыстағы ата-бабаларының негізін салған да солар. Олардың сабақтастығы туралы мәдени және антропологиялық деректердің бүкіл жиынтығы осыған көз жеткізеді.

Белгілі бір аумақтағы қазіргі және ертедегі адамдар жиынтығының биологиялық тарихындағы осы бір күрделі процестің негізгі қырлары әдетте физикалық антропологияның жекелеген бөлімдері бойынша қарастырылады; оларға мыналар жатқызылады: тірі индивидуумдардың антропометриясы (басы мен денесін өлшеу); серология (қан топтары); одонтология (тіс морфологиясы); дерматоглифика (қолдың алақандары мен саусақтарындағы тері бедері); краниология (бас сүйек морфологиясы); ертедегі халықтың палеоантропологиясы (қазып алынған сүйек қалдықтары) және басқалар.


Жалпы алғанда, олардың көрсеткіштері қазақ халқының этникалық тарихындағы нәсілдік-генетикалық процестерді анықтайтын биологиялық алғышарттарды тануға жеткілікті дәрежеде ақпарат береді.

Қазақтардың антропологиялық сипаттамасы

Адамдардың қазіргі аймақтық антропологиялық қауымы, этникалық қауым сияқты, ұзаққа созылған тарихи процестің нәтижесі болғандықтан, оның морфофизиологиялық сипаттамасы қолда бар материалдар негізінде, атап айтқанда, қазіргі қазақтардың антропологиясы бойынша егжей-тегжейлі қарастыруға лайық екені күмәнсіз. Ата-бабаларының жақындағы және алыстағы сақталып қалған белгілерін нақ солардың арасынан іздестіру керек, ал ол белгілерді анықтау әзірше антропология ғылымының ғана еншісіне тиіп отыр.

Бұл арада Орталық Азия халықтары ауқымында алғанда қазақтардың антропологиялық жағынан мейлінше кешенді түрде және жақсы зерттелгенін терең қанағат сезімімен атап өтуге болады. Қазіргі қазақтар арасынан кешенді бағдарлама бойынша жиналған антропологиялық материалдардың жалпы саны соңғы 30 жыл ішінде 50 мың адамнан асып түсті. Экспедиция жағдайында әрбір зерттелуші адамның бүкіл кешенді бағдарламадан өтуге жарамды болуына объективті себептер бойынша үнемі қол жеткізіле бермеді. Олардың бәрі түгелдей дерлік ауылдық жерлерде тұрады және өздерін ежелден сол жерлердің тұрғындарымыз деп ұғынады, яғни тарихи отанында этнотарихи жағынан қалыптасқан халықтың бір бөлігі болып табылады. Әсірелеп айтпағанның өзінде, қазіргі қазақтар туралы қайтадан қалпына келтірілген бұл деректерді бірегей деректер деуге болады, өйткені оларды бір зерттеушілер бірыңғай

бағдарлама мен бір ізге түсірілген әдістеме бойынша және көптеген жағдайларда белгілі бір индивидуумдардың немесе бір аумақта тараған өкілдердің арасынан жинаған. Сонымен бірге жинақталған мәліметтердің бүкіл кешені қазақтар таралуының гендік-демографиялық құрылымының бір ұрпағына қатысты. Нақты этникалық топ пен аймақ жөніндегі мұндай іргелі эксперименттік деректер қазіргі антропологияның күрделі проблемаларын шағын көлемде де, ғаламдық ауқымда да зерделеу үшін елеулі көмек болады. Қазіргі қазақтардың нәсілдік соматологиясы, серологиясы, дерматоглификасы, одонтологиясы, краниологиясы және басқа да морфофизиологиялық фен-маркерлері бойынша түп негізі жалпы алғанда осындай. Орталық Азиядағы қазақтарға антропологиялық зерттеу жүргізілген негізгі жерлер ұсынылып отырған схема-картада көрсетілген (1-сурет).



1-сурет. Орталық Азия өңірінде мекендейтін қазақтарға жүргізілген кешенді антропологиялық зерттеулердің схема-картасы (дөңгелек ішіндегі бөлшектер зерттелген бағдарламаның түрлерін көрсетеді, яғни түр-тұлғасы, қан түйірлері, тіс бедерлері, саусақ пен алақан терілерінің өрнектері).

Жоғарыда баяндалған мән-жайларды ескере отырып, қазіргі қазақтар жөніндегі кешенді антропологиялық зерттеулердің аса маңызды нәтижелеріне жүгінейік. Қазақтардың нәсілдік генезіне этнос құру процесінен қарағанда, олардың жинақталған антропологиялық келбеті мен генетикалық сипатын жасауға нақ кешенді көзқарас көмектесе алады. Бұл орайда авторлар Қазақстанның этностық-тарихи дамуының әр түрлі кезеңдерінде аймақтық қалыптасуының шағын ерекшеліктері мен қарқыны мейлінше күрделі болғанын ұғынады.

Антропометрия және антропоскопия. Классикалық антропология бөлімінің деректері бойынша қазақтардың жалпы саны 4 мың адамнан асатын еркектер мен әйелдердің 40-тан астам шағын тобы зерттелді. Зерттелген контингенттің жас шамасы еркектерде — 18—60, әйелдерде 18—55 жас аралығында.


Қазіргі қазақтардың нәсілдік соматологиясы бойынша алынған негізгі нәтижелер олардың шашы мен көзі қара, терісінің түсі біршама ақшыл, беті мен денесіндегі үшінші түк басуы шамалы, мұрнының және бет сүйегінің шығынқылығы орташа, бет әлпетінің биік (еркектер үшін 128,5 мм және әйелдер үшін 121,3 мм) және жалпақ (тиісінше 148,3 және 139,3 мм), айқын аңғарылатын брахикефалды, яғни басының жалпақ (индекс 85,0), бойының орташа (еркектер үшін 166,2 см және әйелдер үшін 153,6 см) және салмағының тиісінше 67,1 және 53,4 кг болуымен сипатталатыны дәлелдейді. Қазақтардың өздері қоныстанған бүкіл аумақтағы әлгіндей және басқа да антропометриялық және антропоскопиялық көрсеткіштер бойынша жалпы алғанда гомогендік көрінісі едәуір айқын көрінеді. Сонымен бірге антропометриялық және антропоскопиялық белгілердің көпшілігіне белгілі бір алуан түрлілік тән екенін аңғару қиын емес, дегенмен де қазақтар таралған бүкіл аумақта ол едәуір аз байқалады. Жалпы алғанда, қазақтардың этникалық ортақтығында біз бұл материалдар бойынша олардың шағын аумақтағы өзгермелілігіне қарағанда, таралуының гомогендігімен көбірек ұшырасамыз. Мұны қазақтардың әр түрлі аумақтық топтары мен тарихи жинақылығы арасында оншама айырмашылықтар болмауын аңғартатын сарын көрсетеді, ал оларға ең алдымен диалектілік, этнографиялық және субэтникалық айырмашылықтар жатады. Морфологиялық айырмашылықтардың географиялық жағынан негізгі бағыты республиканың батыс бөлігінің қазақтарымен байланысты. Жекелеген жинақылықтар жағынан да осындай морфологиялық айырмашылық байқалады. Мәселен, таксономикалық жағынан жоғары маңызының зерттелген белгілері бойынша батыс диалектілік тобын таратушылар қазақ тілінің басқа диалектикалық құрылымдарының өкілдерінен ерекше болып келеді. Шығыс диалектісінде сөйлейтін тұрғындар басқа екі — солтүстік-орталық және оңтүстік диалектілік аймақтардың өкілдері арасында аралық жағдай алатын сияқты. Қазақтардың бұрынғы үш жүзінің ұрпақтарын салыстырған жағдайда осындай сарын байқалады. Бұл орайда морфологиялық белгілерінің жиынтық қашықтығының шамасы жағынан бұрынғы Кіші жүзде туып-өскендердің қалған жүздерден мейлінше елеулі алшақтығы байқалады. Осы полиморфтық жүйе бойынша бұрынғы Ұлы және Орта жүздер ұрпақтарының арасындағы антропологиялық айырмашылықтардың сипаты біршама азырақ.

Бұл құбылыстардың негізгі себептерін жергілікті популяциялардың даму тарихының өзінен іздестіру керек. Бұл күрделі процестің антропологиялық қырлары тарихи және биологиялық сипаттағы сан алуан факторлардың өзара әсеріне байланысты, оларды қазіргі талаптар деңгейінде ашып көрсету өте қиын, бірақ аймақтың этникалық тарихындағы этногенез бен нәсілдік генез проблемаларын шешуде сынаржақтылықтан аулақ болу үшін оларды есте ұстау керек. Сонымен, зерттелген этникалық аумақтың морфологиялық белгілерінің өзіне жасалған ішкі-топтық талдау қазіргі қазақ халқына тек қана бірыңғай антропологиялық фендік-бейне тән екеніне күмән қалдырмайды.

Қазіргі Қазақстан аумағының шеңберіндегі нақты аймақтық шоғырлануына сәйкес, бұл нәсілдік құрылымды аралас тураноидтық (оңтүстік-сібірлік) нәсілдің қазақстандық нұсқасы деп атауға болады¹. Бұл нәсілдің құрамынан мамандар жоғарыда аталған нұсқадан басқа, тағы да екі: тяньшаньдық және алтай-саяндық шағын нұсқаларға бөледі; олардың дағдылы өкілдері қырғыздар мен хакастар деп танылған. Топаралық салғастырудың

морфологиялық көрсеткіштеріне қарағанда, тураноидтық нәсілдің осы екі нұсқасы қазақстандық нұсқасынан Шығыс нәсілдік тармағы элементтерінің күшеюімен ерекшеленеді. Демек, қазіргі қазақтардың қырғыздар мен хакастардың ең жақын деген этникалық құрылымдарының өкілдерінен сараланып тұратын әбден айқын қалыптасқан антропологиялық фенкелбеті бар.

Қазақтардың морфологиялық ерекшеліктері мен олардың дербес антропологиялық жағдайы жақын және алыс шетелдердің этникалық топтарымен салыстырған кезде мейлінше айқын аңғарылады. 2-суреттен көрініп отырға-



2-сурет. Бас пен бет бейнесінің сан (а) мен сапа (б) арқылы сипаттамалы белгілерінің қосындысы бойынша қазақтардың Азия мен Шығыс Еуропаның кейбір халықтары арасынан алатын орны.

нындай, бас пен бет әлпетінің таксономикалық маңызы жоғары өлшену және суреттелу белгілерінің жиынтығы бойынша, бүкіл Азия мен Шығыс Еуропаның мейлінше әр түрлі этникалық құрылымдары ауқымында қазақтардың антропологиялық статусының айқындығы күмән туғызбайды.

Қан топтары. Антропологияда қанның топтық факторларын зерттеу мен олардың қазіргі халықтар арасында географиялық жағынан бөлінуінің әр түрлі этникалық құрылымдар арасындағы генетикалық тікелей байланыстарды анықтауда, сондай-ақ таралу генезисін генохронология әдісімен айқындауда зор тарихи маңызы бар деп танылған. Қазақтардың этникалық ортақтығын популяциялық-генетикалық қырынан зерттеу де Қазақстанның антропологиясынан көрініс тапқан².

Тиісінше қазіргі қазақтар арасында генетикалық-демографиялық бағалаулар мен популяциялық-генетикалық іздестірулер жүргізілді. Генеалогиялық талдаудың көрсеткеніндей, олардың арасында адам генетикасы үшін дәстүрлі әдістеме бойынша алынған инбридинг коэффициентінің орташа популяциялық мәні біркелкі ($F=0,00213 \pm 0,0006$).

Қазіргі қазақтардың серологиясы бойынша қанның 25 мыңнан астам үлгілері жиналды олар соматологиялық деректер сияқты географиялық жағынан да зерттелген этникалық алқаптың негізгі аумағынан асып түседі (1-суретті қараңыз). Бұл орайда гендер жиілігінің бөлінуі негізінен қан топ-

тарының ABO, MN, Rh₀(D) жүйелері бойынша анықталды, сондай-ақ қазіргі қазақтардың фенилтиокарбамид дәмін (PTC) сезінетіні аңғарылды.

Жалпы алғанда, олардың арасында O аллелінің басымдығы анықталды деп санауға болады (34,0%). A (28,9%) және B (29,5%) аллельдерінің проценттік құрамы біркелкі, ал p ($\underline{A}=0,204$) және q ($\underline{B}=0,208$) гендік жиіліктерінің шоғырлануы бір-біріне едәуір жақын ($\underline{A} \approx \underline{B}$). Қазақтар популяциясы үшін қан факторларының бұл жүйесіндегі арақатынасының негізгі нұсқасы $O > A \approx B > AB$ болып табылады.

Қазақтар популяциясының ауқымында ABO локусы бойынша барлық үш (p, q, r) аллель жиіліктерінің топ ішіндегі өзгермелілігі қазақтардың шағын және жинақы топтарының көпшілігінде бір-біріне едәуір жақын арақатынаста болып келеді. Жалпы алғанда, зерттелген микропопуляциялар (рулық-тайпалық деңгейде) арасындағы гендік жиіліктердің құбылуы үш ішкі популяция (жүздер) мен басқа да жинақы, аймақтық құрылымдар арасындағыдан біршама жоғары. Алайда үлкенді-кішілі барлық деңгейлерде топ ішіндегі саралану нақты статистикалық айырмашылықтарға жетпейді, мұның өзі қазақ халқының антропологиялық құрамының генетикалық біртектілігінің жарқын көрінісі болып табылады.


Евразия халықтарының ABO локусы бойынша гендік жиіліктерінің жалпы бөлінуімен салыстырған кезде қазіргі қазақтарға тән популяциялық-генетикалық ерекшеліктер айқын аңғарылады. Мәселен, қазақтардың популяциясы Орталық және Орта Азия халқының ABO жүйесі фенотиптерінің жиілігі ауытқуларының біршама орташа шамасына жақындайды, ал бірқатар жағдайларда Шығыс Европа мен Алдыңғы Азия халықтарының осындай нұсқаларымен сәйкес келеді. A фенотипінің бөлінуі жағынан қазақтар Орталық Азия халқына тән жиілік аралығының шегінде бола отырып, оның жоғарғы шегіне, ал Шығыс Европа халықтарына қатынасы жөнінен оларға тән жиіліктердің төменгі шегіне жақындайды. Қазақтарда B фенотипінің жиілігі Орталық Азия тұрғындарындағы жиілік санына сәйкес келеді, Шығыс Европа популяцияларына тән көрсеткіштерден біршама жоғары және Алдыңғы Азия мен Орта Азия халқына тән жиілік аралығының жоғарғы шегіне жақын келеді. Осыған сәйкес қазақтардағы p(\underline{A}) және q(\underline{B}) гендерінің жиіліктері негізінен Орталық Азия мен Шығыс Европа популяцияларына тән шекаралық мәні бар өңірде жатыр. Бұл жәйт қазақтардың генетикалық қорында осы локус бойынша европеоидтық және монғолоидтық топтардың бастапқы құрамдас компоненттерінің бірдей дерлік ұштасатынын көрсетеді. Біршама ілгері барып, қазақтардың европеоидтық белгілерінің тамыры қола дәуірінің абориген адамдарында жатыр, ал монғолоидтық белгілерін ертедегі темір ғасырынан бастап, XVIII ғасырға дейін тегі азиялық әр түрлі тайпалардан сіңірген деуге болады.

Қазақтар тараған ортада MN қан топтары жүйесінің бөлінуін қарағанда оларға M аллелінің N аллелінен басым болуы тән екені байқалды. MN аллельдерінің екеуі де бар адамдар проценті жергілікті популяциялар арасында бір аллельділерден едәуір көп. Локус деректері бойынша гендік жиіліктерінің шоғырлану дәрежесі жағынан қазақтарда m (\underline{M}) процентінің біршама жоғары және n (\underline{N}) процентінің орташа төмен екені аңғарылады. Қазақтардың таралу құрылымын ескере отырып, MN жүйелері гендік жиіліктерінің ішкі топтық бөлінуін зерттеу жекелеген кіші этникалық топтардың бірыңғай этникалық аумақ ауқымында бір-бірімен өте жақын болға-

нымен, аймақтық популяциялық құрылымдар екенін көрсетті. Салыстырып карағанда қазақтардың MN локусы бойынша анықталған фенотиптері мен генотиптерінің жиілігі Орта Азия халықтарының осы көрсеткіштеріне мейлінше жақындайды. Европеоидтық топтарға қатынасы жағынан қазақтардың анықталған жиіліктері Шығыс Европа халықтарының осындай көрсеткіштері шегінде болады. Жалпы алғанда қазақтардың MN локусы бойынша аралас ерекшеліктерін таратушылар болып табылатыны әбден айқын.

Резус-фактор жүйесінің деректері бойынша қазақтар арасында жағымсыз-резустен гөрі жағымды-резус реакциялы адамдар әлдеқайда көп. Оларға D аллелінің біршама жоғары болуы тән. Біз зерттеген бүкіл аумақта жағымсыз-резус кездесуінің көрсеткіштері тұрақты, өйткені қазақтарда локус деректері бойынша гендік жиіліктердің өзгермелілігі онша көп емес және олар табиғи-тарихи біртектес қауым болып табылады. Жалпы қазақтар таралуы ауқымында d генінің шоғырлану деңгейі бұл аллельдің Шығыс Европа халқында таралуына жетпейді, бірақ ол Орталық Азия тұрғындарындағыдан біршама көп. Жалпы генетикалық маркер деректері бойынша алынған деректер қазақтардың европеоидтар мен монғолоидтар арасынан араласып шыққанын айқын дәлелдейді. Бұл арада қысқаша бейнелеу ретінде Евразия халықтарындағы жағымсыз-резус факторының проценттік құрамын келтіруге болады. Рас, бұл орайда проценттер алдын ала баллға көшіріледі. Салыстырмалы таралуының гендік құрылымының кереғарлығын ескерген қазақтар қазіргі монғолдардан — төрт балл, Орта Азияның байырғы халықтарынан — бес балл және Шығыс славяндарынан он балл алысырақ тұрады.

Эритроцитарлық жүйелердің зерттелген локустары бойынша қорытып-жинақталған генетикалық шамалар қазақтардың таралу деңгейінде жалпы гендік қор құрайтын генетикалық ерекшеліктердің өзінше бір кешені нақты




3-сурет. Қазақтардың (ABO, MN, Rh(D) жүйесі бойынша) Азия мен Шығыс Еуропаның кейбір халықтарынан генетикалық қашықтығының жиынтығы.

бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оның өзіндік ерекшелігі этникааралық салыстыру кезінде мейлінше айқын көрінеді, онда серологиялық жағынан европеоидтық нәсілдік тұрпаттың да, монғолоидтық нәсілдік тұрпаттың да ең дағдылы өкілдері қазақтардың жинақтап қорытылған генетикалық көрсеткішінен біраз өзгеше болып шығады (3-сурет). Сонымен, жүргізілген серологиялық талдау қазіргі қазақтардың микроэволюциялық даму жолдарының бірін бейнелейді және сонымен қатар оларда бастапқы генетикалық ерекшеліктердің қандай арақатынаста сақталғанын аңғартады, сондай-ақ олардың шектес аумақтардағы популяциялардан этноантропологиялық дамуында шартты қашықтығын көрсетеді.

Дәм сезіну (РТС). Этноантропологиялық тұрғыдан бұл жүйе бойынша 5 мыңдай адам зерттелді. Олардың арасында РТС сезінетін индивидуумдар орта есеппен 88% болды, қалғандарына бұл тест әсер еткен жоқ. Демек, қазақтар $t(0,348)$ генінің біршама төмен және $T(0,652)$ генінің жоғары шоғырлануымен сипатталады. Жалпы алғанда Қазақстанның РТС сезіну жөніндегі геногеографиялық картасында аталған жүйенің гендік жиіліктері құбылуының нашар екені анықталды. Мұның бәрі республиканың байырғы мекендеушілері бұл тест бойынша едәуір біртектес және дәмді қабылдау дәрежесі жөнінен РТС дәмін сезінудің біршама жоғары жиілік аймағына кіреді деуге негіз береді. T фенотипі кездесуінің мұндай деңгейі қазіргі қазақтарды Азияның кейбір халықтарымен теңестірмейді, тек жақындата түседі.

Саусақ пен алақан терілерінің бедерлері. Қол саусақтарының терісі өрнектерінің өзіндік ұштасуы таксономикалық жағынан мейлінше құнды болатыны мәлім. Қазіргі этникалық топтар бойынша бұл дерматоглификалық деректер бүгінгі күні этногенетикалық тұрғыдан кең пайдаланылады. Қазақтардың тері бедерлері бойынша жинақталған деректер 10 мыңнан астам адам болды, оларды жинау республика ауқымындағы ғана емес, одан сыртқары жерлердегі басқа да антропологиялық материалдармен бірге жүзеге асырылды (1-суретті қараңыз).

Алынған материалдардағы бүкіл дерматоглификалық белгілер кешені қазақтардың аймақтық топтарының біртектілігі мен олардың жалпы популяция ретіндегі гомогенділігін дәлелдейді. Қазақтардан алынған дельталық индекс пен Камминс индексінің шамасы орташа мәндердің жоғарғы шегінде жатыр ($DI_{10}=14,19$ және $I_c=8,02$). Түйіспелі үш радиус шамасы бойынша да нақ осындай сарын байқалады (78,4%). Қазақтардағы гипотенар өрнектілігі мен саусақ аралығындағы қосымша үш радиус көрсеткіштері орташа мәндер деңгейінде ($H_y=22,6\%$, $DMT=15,7\%$). Қазақтардың жинақтап қорытылған дерматоглификалық көрсеткішіне келетін болсақ, Шығыс кешенінің алынған шамасы көтеріңкі болып көрінеді ($BK=62,9$). Зерттелген популяциялар арасындағы тері бедерінің негізгі фендерінің географиялық өзгермелілігін қарастырған кезде бірқатар жағдайларда шағын ала-құла топтар орналасуының біршама бағытта болуы байқалады. Жергілікті популяциялар арасында мұндай көрініс монғолоидтық компоненттердің шартты үлесінің жоғары болып, республиканың батысында әлсіреуімен және оңтүстігіне қарай өсетуімен байланыстырылады. Қол саусақтарының терісі өрнектерінің негізгі қасиеттері жағынан қазақтардың монғолоидтық-европеоидтық топтардың ұштасатын жерінде екені, яғни будан текті популяцияға жататыны даусыз. Бұл орайда қазақтардан монғолоидтық нәсіл кейіптерінің дерматоскопиялық ерекшеліктерінің біраз басым екені аңғарылады (4-сурет). Сонымен,




4-сурет. Қазақтардың кешенді дерматоглификалық ерекшеліктері бойынша Евразияның кейбір этникалық топтарынан айырмашылықтары.

дерматоглификалық көрсеткіштердің жалпы нәтижелерінің қазақтардағы басқа да антропологиялық фен-маркерлер жүйесімен қосарластығын көрсететіні күмәнсіз.

Тіс морфологиясы. Қазіргі антропологиялық зерттеулерде нәсілдік морфология, серология, дерматоглифика жөніндегі деректермен қатар нәсілдік-этногенетикалық тұрғыдан адамның тіс морфологиясының ерекшеліктері де зерттеледі. Тіс жүйесінің морфологиялық құрылысы биологиялық және тарихи ақпараттың аса маңызды көздерінің бірі екені мәлім, өйткені тіс бедерінің бірқатар маңызды белгілерінде нәсілдік кескін-кейіптер мен этникалық топтарды саралау кезінде таксономикалық құндылық жоғары болады.

Қазақтардың тұтас этникалық қорынан (1-суретті қараңыз) тікелей тіс морфологиясы жөнінен 5 мың адам зерттелді, олар тістердің 30 мыңнан астам түбірін талдауға мүмкіндік берді. Қазақтардың шағын топтары бойынша алынған нәтижелер негізгі одонтологиялық көрсеткіштері бойынша олар ішкі топтық нақты бірлікті білдіреді және дербес табиғи-тарихи қауымдас-тық құрайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Одонтологиялық жағынан қазақтар жоғарғы күрек тістерінің жалпақ түрінің ($I^1=49,7\%$) едәуір жиі кездесуімен, тригонидтің орташа дамыған дисталдық бұдырымен ($ДТС=20,4\%$), метаконидтің иінді қатпарымен ($DW=24,4\%$), Карабелли дөңесшесімен ($25,2\%$), төменгі молярының алты дөңесті түрімен ($M_1,6=13,8\%$) және төменгі бірінші молярының төрт дөңесті үлгісі жиілігінің төмен болуымен ($M_1,4=2,3\%$), бірақ төменгі төрт дөңесті екінші молярының өте жоғары жиілігімен ($M_2,4=65,8\%$) сипатталады. Осы және басқа да одонтологиялық фендік белгілер, жалпы алғанда, қазақтардың тіс морфологиясында «шығыстық» бағдардағы белгілердің «батыстық» ерекшеліктерден басым екенін дәлелдейді. Сонымен бірге, «батыс» тармағы тіс бедерінің кейбір фендерінің ерекшеліктері республиканың батыс бөлігінен шығыс бөлігіне қарай жыл-

жыған сайын белгілі бір дәрежеде кеми береді. Бұған қоса, зерттелген аумақтағы кейбір одонтологиялық белгілер жиіліктерінің бөліну серпінділігі назар аударуға лайық. Қазақтардың таралу ауқымында «шығыс» бағдарындағы фен-белгілердің өзгермелілік сипаты едәуір жинақы көрінеді, ал «батыс» тармағы фен-маркерлерінің бөліну жиілігі біршама тұрақты сипатта болады. Осы негізде қазіргі қазақтарда анықталған «батыстық» тұрақты компоненттің түп-тамыры ертедегі жергілікті субстратта жатыр деп санауға болады.



5-сурет. Қазақтар мен Евразияның басқа халықтарының тіс бедеріндегі «шығыс» (қара түс) және «батыс» тегіне тән фен-белгілері бойынша жасалған комбинациялық полигондары.

Қазақтарға тән одонтологиялық ерекшеліктер оларды «батыс» және «шығыс» одонтологиялық тармақтарының негізгі өкілдерімен жиынтық таксономиялық алшақтық әдісі арқылы салыстырған кезде бұрынғысынан да айқын көрінеді. Оны одонтологиялық белгілердің аралас полигондары суреттей алады (5-сурет), онда қазақтардан Евразияның нәсілдік кейіптері жүйесінде нақ сол антропологиялық фен-маркерлердің басқа жүйелеріне де тән бағдар (аралық бағдар) аңғарылады. Қазақтарға тән осы нұсқа салдарынан жергілікті одонтологиялық ерекшеліктер тураноидтық нәсіл ауқымында нақты ерекшеленеді. Сонымен, қазақтардың тіс морфологиясына егжей-тегжейлі жасалған талдау олардың одонтологиялық кейпінің сырттан келген «шығыс» бағдарымен өзара әсер арқылы батыс тармағына жататын ежелгі автохтондық генетикалық субстрат негізінде қалыптасқандығын көрсететіні күмәнсіз.

Краниология. Тірі адамдарды морфофизиологиялық жағынан зерттеу


тікелей қазіргі халықтың бас сүйектері мен қаңқаларын зерттеумен салыстырылған кезде, әдетте, қазіргі популяцияларды тексеру нәтижелерін ертеде мекендеушілердің соған ұқсас остеологиялық көрсеткіштерімен объективті салыстыру үшін нақты методологиялық алғышарттар туындайды. Антропологияда адамның бас сүйегі, посткраниалдық қаңқалары мен тіс морфологиясы қазіргі кезден ертедегі заманға өтудің осындай «көпірлерінің» бірі бола алады. Бұл жөнінен соңғы жылдары республика мамандарының күш-жігерімен қазіргі қазақтардың краниологиялық белгілерін Қазақстанның орта ғасырлардағы және ертедегі тұрғындарының бас сүйектерімен антропологиялық жағынан тікелей салыстыру үшін өте тиімді ғылыми алғышарттар жасалғанын мойындау керек.

Бүгінгі күні антропология ғылымында Қазақстанның барлық аймақтарындағы қазіргі қазақтарға тікелей қатысты репрезентативтік краниологиялық сериялар жинақталған, мерзімі ХІХ–ХХ ғасырлар деп белгіленетін бас сүйектердің жалпы саны 300-ге жуық. Қазақтардың зерттелген бас сүйектер сериясы негізгі краниометриялық көрсеткіштері жағынан бас сүйек қауашағының орташа алғанда төмен (130,8 мм), мандайының орта есеппен біршама кең (96,3 мм), бас сүйектің брахикрандық көрсеткіші (83,4), бетінің биік (75,1 мм), бірақ бет сүйек диаметрінің өте жалпақ (143,7 мм), көлденең жалпақтығында бет бөлігінің орташа қырлы (назомалярлық бұрышы – 144,3°, зигомаксиллярлық бұрышы – 134,4°), көз шарасының біршама биік (35,3 мм) және кең ($d=40,7$ мм), мұрын сүйектері бұрышының шығыңқылығы орташа (24,9°) және мұрын түрінің жалпақтығы орташа (26,6 мм) болуымен сипатталады. Бас сүйектердің осы және басқа да көрсеткіштері қазақтардың краниологиялық және сыртқы физиономиялық белгілері негіздерінің бір екеніне күмән туғызбайды, сондай-ақ жалпы алғанда оларды аралас тураноидтық нәсілдің қазақстандық нұсқасымен сәйкес келтіреді. Жергілікті краниологиялық айырмашылықтарға келетін болсақ, олардың арасындағы алшақтық нәсілдік соматология бойынша тірі топтар арасындағыға қарағанда біршама үлкен. Солай бола тұрса да, қазақтардың краниологиялық белгілерінің морфологиялық тұтастығы статистикалық жағынан айқын болып қала береді.

Сонымен, қазақтардың таралу ауқымында жалпы келтірілген салыстырмалы морфофизиологиялық көрсеткіштер географиялық, этнографиялық және лингвистикалық принципі жағынан қазіргі қазақтардың өздері мекендейтін бүкіл аумақты біртұтас этноантропологиялық гомогендік тұтастықта тұратынын дәлелдейді³.

Қазақтардың краниологиялық ерекшеліктерін шектес аумақтардағы бас сүйектердің басқа да ұқсас серияларымен топаралық деңгейде салыстырған кезде, күтілгеніндей, біздің сериямыз қазіргі евразиялық этникалық құрылымдар ауқымында алғанда, негізгі нәтижелерінің соматологиясы, серологиясы, дерматоглификасы және одонтологиясы бойынша бұрынғы деректермен сәйкес келетінін көрсетеді (6-сурет).

Сонымен, антропологиялық білімнің қазіргі деңгейінде ішкі топтық және топаралық кешенді салыстырудың басты нәтижесі қазақ халқының өзі жинақы мекендейтін бүкіл аумақтағы генетикалық бірлігі мен этникалық тұтастығын әбден айқын және ғылыми негізделген түрде көрсетуі болып табылады. Сондықтан қазақтардың гендік қоры мен этникалық ауқымын жүздер немесе ұлыстар түрінде әр алуан ішкі этникалық топтарға бөлшектеу әрекетінің ешқандай да ғылыми негізі жоқ.



6-сурет. Бас сүйек ерекшеліктеріне қарай қазіргі қазақтардың Орталық Азияның кейбір халықтарынан ажыратылу дендрограммасы.

Сонымен бірге Қазақстанның қазіргі халқын сан салалы зерттеулерден біз қазақ халқының антропологиялық субстраты негізінде екі үлкен — европеоидтық және монғолоидтық нәсілдер компоненттерінің морфофизиологиялық жиынтығы жатқаны жөнінде едәуір айқын кешенді дәлелдер таба аламыз. Қазақтардың фендік кейпінде соңғысының үлес салмағы басым және ол шартты түрде алғанда жалпы жиынтығының 2/3 бөлігіне жуық болады. Қазақ популяциясы сияқты біртұтас және гомогендік антропологиялық қауымдастықтың құрылу тарихы түгелдей алғанда Қазақстан аумағымен ғана байланысты болуы мүмкін, ал оның ауқымында нәсіл құраған негізгі фактор будан болған. Бұл процестің бастауын антропологиялық зерттеу қазіргі қазақ халқының жақын және алыс кездердегі физикалық ата-бабаларына кері орала отырып іздестіру негізіне алынуға тиіс. Жалпы бүкіл деректемелер кешені қазақтардың этномәдени және антропологиялық статустарын, олардың қалыптасу және даму жолдарын Қазақстан аумағында болып өткен жергілікті этностық және нәсілдік-генетикалық процестер ғана анықтағанын көрсетеді.

Қазақтардың бергі ата-бабаларының түр-түрпаты

Қазақтардың алдыңғы дәуірлер халқымен этнотарихи байланысы мен генетикалық тегін, жоғарыда атап өтілгеніндей, бәрінен де қазіргі және ертедегі краниологиялық материалдар негізінде жақсырақ зерттеуге болады. Бұрын атап өтілгеніндей, Қазақстан аумағынан алынған бұл материалдар ерекше хронологиялық үзіліссіз қазіргі заманнан қола дәуіріне дейінгі кезенді қоса қамтиды. Дегенмен де, жалпы алғанда Қазақстанның мәдени-тарихи дамуы бастауларының түп-тамыры төменгі палеолитте жатыр.

Хронологиялық тұрғыдан қазіргі заманға орта ғасырлардың ең соңғы

кезендері (XV—XVI ғғ.) мейлінше жақын ұштасады. Нақты тарихи деректемелерге қарағанда, Қазақстанның бұл кезеңдегі жағдайы қазақ хандығының қалыптасуымен, шаруашылық-мәдени дәстүрлері біртектес, бірыңғай этностық-құрылымдық қауымдастықтың орнығуымен және кең-байтақ аумақтағы этникалық тұрғындарының лингвистикалық бір тілде сөйлеуімен сипатталған. Бұл орайда жергілікті мекендеушілердің қоғамдық-саяси өмірінің бүкіл жиынтығы мен этномәдени салты түрік дүниесінің ғана тарихи ерекшелігіне негізделеді. Жалпы алғанда Қазақстанның осы кезеңін зерттеушілер жергілікті мекендеушілер арасында өздері негізгі қоныстанған, 46—90° ендік пен 40—56° бойлық арасында созылып жатқан деуге болатын бүкіл аумақта қазақтарға тән жалпы тарихи этномәдени және лингвистикалық тұтастық толық көлемінде айқын көрінгендігін таныған⁴.

Қазақстанның краниологиялық серияларынан осындай көрініс байқалады. Мәселен, Беғазыдан (Орталық Қазақстан) табылған XVI—XVII ғасырлардағы бас сүйектер сериясын қазіргі қазақтардың краниологиялық серияларымен тікелей салыстырған кезде олардың генетикалық жағынан жақындығы әбден айқын көрінеді, яғни олар тураноид нәсілінің қазақстандық нұсқасының краниологиялық белгілерін нақ сондай дәрежеде бейнелейді. Демек, осы екі кезеңдегі Қазақстан халқы бір ғана физикалық тұрпатқа жатады, өйткені олардың антропологиялық жақындығы жергілікті популяцияның бірыңғай гендік қорына негізделген.

Осы тұрғыдан XIII—XV ғасырлардағы краниологиялық материалдар зор ынта-ықылас туғызады, олар — Қазақстан аумағынан табылған 60-тан астам бас сүйек. Қазіргі қазақтардың бас сүйектерін Қазақстанда монғол ұлыстары билеген кезең мекендеушілерінің бас сүйектерімен салыстыру краниологиялық белгілерінің кешені жағынан салыстырылған сериялар арасында айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтар көбірек аңғарылатынын көрсетті. Уақыты жағынан 700 жыл мерзімге алыс жатқанына қарамастан, бұл топтар арасында антропологиялық белгілердің тығыз ортақтығы сақталып қалған. Бұл краниологиялық байқаулардың ең басты құндылығы мынада: XIII ғасырдың өзінде-ақ жалпы жергілікті мекендеушілер антропологиялық ерекшеліктерінің кешені едәуір тұрақты аралас нәсілдік тұрпатта болған. Жалпы монғолдар үстемдік еткен кезде жергілікті мекендеушілерде «шығыс» компонентінің шартты үлесі алдыңғы орта ғасырлардың өткендегі кезеңімен салыстырғанда шамамен 20% артқан. Осыған сүйене отырып, монғолдар экспансиясымен қоса Орталық Азия тайпалары жаппай қоныс аудармаған немесе жергілікті тайпалар басқа аймаққа толық ығыстырылып шығарылмаған деуге болады. Антропологиялық жағынан оның негізгі рөлі өлкенің ежелгі ұрпақтары арасында қан араласу процесінің кезекті күшеюіне келіп сайған. Демек, жергілікті популяциялардың физикалық кейпіндегі монғолоидтық элементтердің негізгі бөлігі, шындығында, XIII—XIV ғасырларда монғолдар енгізгенінен гөрі неғұрлым ертеректегі толқын есебінен қалыптасқан. Нәсілдік-генетикалық тұрғыдан монғолоидтардың елеулі сіңісуінің басталуын Қазақстан аумағына ғұн тайпаларының да, түрік тайпаларының да ертеректегі келуімен байланыстыру керек. Сонымен бірге монғолдар кезеңінде гендердің оншама көп келмеуі бүкіл Қазақстан аумағында жергілікті популяциялардың фендік кейпінде «батыс» компонентінен «шығыс» компонентінің іс жүзінде басымдық алуы үшін жеткілікті дәрежеде тиімді болып шыққанын, яғни бүкіл жанасым тарихы кезінде сырттан

енген компоненттің үлесі этникалық ауқымның жалпы гендік қорының 2/3 бөлігіне жеткенін көрсеткен жөн. Біздің антропологиялық суреттеуіміз қазіргі заманнан ертедегі кезге қарай жүргізілетіндіктен, бұл арада Қазақстан аумағында екі үлкен нәсілдің ең ерте кездердегі жанасымдары жайында айтылып отырғанын, ал оның іздері негізінен ертедегі темір ғасырынан аңғарылатынын атап көрсету керек. Бұл орайда Қазақстанның әр түрлі тарихи кезеңдерінде Орталық Азиядан келген топтар өздерінің морфологиялық белгілері жағынан монғолоидтық топтардың әр түрлі нәсілдік тұрпаттарына жатқан, оларды археологиялық және антропологиялық білімнің қазіргі деңгейінде неғұрлым егжей-тегжейлі анықтау мүмкін емес. Қазақстан халқының антропологиялық құрамындағы ең басты құрамдас компоненттердің жалпы біз анықтаған арақатынасы соңғы орта ғасырлардан қазіргі кезге дейін біршама тұрақты болып қалуда. Мұның бәрі Қазақстан тарихындағы қарастырылып отырған кезеңдерде нәсілдің құралу процесінің антропологиялық бірлігі мен сабақтастығын дәлелдейтіні күмәнсіз.

Бұл жағдай қазақтардың бергі ата-бабаларының түр-тұрпатын біздің заманымыздағы I және II мың жылдықтардың тоғысынан, яғни монғолдар алдындағы деп аталатын уақыттан іздестіруге мүмкіндік береді. Жазбаша деректемелерде Евразияның далалық өңіріндегі ортаңғы орта ғасырлардағы жалпы тарихи жағдайдың бірқатар этникалық-саяси және мемлекеттік құрылымдардың, атап айтқанда, Қазақстанның шығыс, орталық және солтүстік бөліктерінде әуелі Кимек, сонан соң Қыпшақ қағанаттарының құрылуымен белгілі екені мәлім, кең-байтақ Жетісу аймағында Қарлұқ мемлекеті үстемдік етті, Сырдария аңғарында, Арал өңірі мен Каспий маңы ойпатында Оғыз мемлекеті дамыды, ал Қазақстанның ең батыс бөлігі Төменгі Еділ бойындағы Хазар қағанатымен шектесіп жатты⁵.

Нақ түріктер уақытында Қазақстанның орасан зор аумағы өзінің тарихи дамуы мен географиялық жағдайы себепті ұзақ ғасырлар бойы Шығыс пен Батыстың арасындағы көпірге айналды, ал оның байырғы мекендеушілерінің еншісіне мындаған жылдар бойы Евразияның миграциялық жолдарының қас ортасында өмір сүру тиді. Жалпы алғанда ертедегі Қазақстандағы мұндай табиғи-тарихи жағдай бірқатар ғасырлар бойы негізінен шаруашылық-мәдени дамуы тұрғысынан шын мәнінде бейбіт және жасампаздық жағдай болды, кейбір зерттеушілердің айтып жүргеніндей, онда қайғылы және күйретуші жағдайлар әлдеқайда сирек орын алды. Өйткені келуші, жұрт сайып келгенде, жергілікті жағдайларға біртіндеп сіңісіп, белгілі бір шаруашылық-мәдени жаңалықтар да әкелді, ал этникалық топтардың сіңісе алмаған бөлігі басқа аймақтарға ығысты. Сол кезден бастап Ұлы дала өңірі аумағының ұлан-байтақ бөлігі Түркістанға, яғни түріктер еліне айналды.

Мәлім болып отырғанындай, бұл кезеңде жалпы жергілікті популяциялардың гендік қорының Шығыстан шыққан көшпелі тайпалар тарапынан талай рет генетикалық «үстемеге» ұшырағаны күмәнсіз. Қазақстанның палеоантропологиялық деректеріне қарағанда, монғолоидтық гендер келуінің ауқымы әр түрлі болған және әлбетте, белгілі бір аумақтардағы жергілікті популяциялардың фендік кейпіне айтарлықтай әсер еткен. Алайда, краниологиялық деректерімен қоса алғанда, қазып аршылған ескерткіштерді археологтардың көпшілігі, олардың қай тайпаға жататындығын анықтамай-ақ, негізінен түріктер уақытына жатқызады. Бас сүйектердің жекелеген сериялары ғана кимектер (Алтайдың Сросткин ескерткіші) мен кимақтар (Шығыс


Қазақстанның Зевакинск қорымы) сияқты кейбір түрік тайпаларымен байланыстырылады.

Қазақстан ауқымында бас сүйектердің жергілікті сериялары арасында европеоидтық және монғолоидтық элементтің арақатынасында бірсыпыра әртүрлілік байқалады. Мәселен, Тобыл бойынан (Солтүстік Қазақстан) табылған VIII—X ғасырлардағы бас сүйектерді салыстыру негізінде бұл аймақта сыртқы пішініне қарағанда тураноидтық нәсілдің қазақстандық нұсқасына жататындығы әбден айқын адамдар тұрғанын аңғару қиын емес⁶. Шығыс Қазақстанның IX—X ғасырлардағы кейбір қорымдарынан алынған бас сүйектер арасынан да әлгі жергілікті нұсқаға едәуір жақын антропологиялық үлгі табылды⁷. Біздің анықтауларымыз бойынша, олардағы монғолоидтықтың шартты үлесі, қазіргі қазақтардағы сияқты, жалпы антропологиялық белгілер жиынтығының 2/3 бөлігіне жеткен. Мәселен, Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінен біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың аяғында аралас монғолоидтық-европеоидтық тұрпаттағы, физиономиялық жағынан қазіргі қазақтарға ұқсас адамдар бірінші рет кездеседі. Солай бола тұрса да, түріктер кезіндегі этникалық құрылымдардың негізгі көпшілігі дене пішіні жөнінен европеоидтық болып қала берген, яғни бұл ретте Қазақстанның өздерінен бұрынғы ежелгі тайпаларының антропологиялық ерекшеліктерін сақтап қалған. Біздің байқауларымыз бойынша, сол кездегі жергілікті популяциялардың дене пішініндегі жетекші екі нәсіл компоненттерінің жалпы арақатынасы монғолоидтық элементтердің шартты үлесі жергілікті этникалық құрылымның жалпы гендік қорының шамамен жартысына дейін, ал бірқатар жағдайларда 1/3 бөлігіне дейін құраған деңгейде болған.

Осының бәрі Қазақстанның орта ғасырлардағы этномәдени пішіні түрік, дүниетанымы түрік, европеоидтік-монғолоидтық белгілері бар халқын қазақ халқының физикалық жағынан бірден-бір жақын тікелей алдыңғы ата-бабасының түріне жатқызуға мүмкіндік берді. Қазақ халқының жалпы этникалық негізі, мәдени танымдық ерекшелігі және антропологиялық сипаттары нақ осы дүниенің қойнауында пісіп-жетілген деп санауға жеткілікті негіз бар. Сонымен, орта ғасырлардағы Қазақстанға жасалған антропологиялық талдау қазақтардың фендік пішінінің ең жақын генетикалық түп-тамырларының тек жергілікті мекендеушілермен ғана аса тығыз байланысты екеніне, олардың ертедегі түрік дүниесінің тайпалары жасаған аса маңызды этномәдени және лингвистикалық жаңалықтарды солардан алғанына күмән келтірмейді.

Мұндай антропологиялық қорытынды жасауға қазіргі қазақтардың бас сүйек серияларын Қазақстанның орта ғасырлардағы популяциялары бет пішінінің бірқатар аса маңызды краниологиялық белгілерін морфологиялық жағынан әралуандықтың кең көлемінде тікелей қарастыруға негіз бола алады (7-сурет). Бұл орайда көрнекілік үшін шектес аумақтардан, атап айтқанда, тарихи өткен кездерде нәсілдік-генетикалық ортақ байланыстары болған қырғыздар, төлеңгіттер мен монғолдар жөнінде ұқсас краниологиялық көрсеткіштер келтірілді.

Орта ғасырлардағы Қазақстан халқында ертедегі европеоидтік негіздің іргелі екені келтірілген суреттен айқын көрінеді, онда қазақтардың антропологиялық ерекшелігі жергілікті популяциялардың краниологиялық белгілерінің әралуандығы ауқымына еркін сияды. Жалпы алғанда, түріктер кезіндегі Қазақстанның субстраттық және суперстраттық этникалық құрылымының мәдени, лингвистикалық және антропологиялық ортақтығының



7-сурет. Орта ғасыр кезеңіндегі Қазақстан тұрғындарының Орталық Азияның қазіргі кейбір халықтарынан бет сүйірлігі мен мұрын сүйек бұрыштарының ерекшеліктері жағынан өзара салыстырылуы: 1 — қазақтар; 2 — қырғыздар; 3 — (төленгіттер); 4 — монғолдар.

жиынтығы Евразияның орта ғасырлардағы тарихи географиясында қазақ халқының нақты дербес этникалық құрылым ретінде тікелей құрылуы мен түпкілікті қалыптасуына табиғи-тарихи жағынан негіз болған. Евразия ауқымындағы осы этноантропологиялық көпшіліктің генезисіне келетін болсақ, өз кезегінде, оның түп-тамыры ғасырлар қойнауында, яғни ертедегі кезеңдегі қола дәуірінің тайпаларында жатыр және олар қазіргі популяциялардың фен-маркерлеріне тікелей қатынасы бар ежелгі мекендеушілер арасындағы нәсіл қалыптасу процесінің ерте кездегі кезеңін құрайды. Б. з. бұрынғы II және I мыңжылдықтағы Қазақстанды мекендеушілер өздерінің антропологиялық ерекшеліктері жағынан, палеоантропологиялық материалдарға қарағанда, одан кейінгі тура қазіргі қазақтарға дейінгі ұрпақтардың ертедегі ата-бабаларына жатады деп санауға барлық негіз бар.

Қазақтардың арғы ата-бабаларының түр-түрпаты


Б. з. б. екі мыңжылдық пен біздің заманымыздың тоғысында Қазақстан аумағында Орталық Азияның көшпелі тайпаларының жаңа этносаяси одағы қалыптасып, Ұлы дала тайпаларының тарихына хундар (ғұндар) империясы ретінде енгені мәлім. Шынында да, ол ертедегі сақ-усун үлгісіндегі қоғамның шаруашылық-мәдени және әлеуметтік-экономикалық эволюциясын біржола тоқтатқан алғашқы Орталық Азия империясы болған еді. Белгілі ғалымның бейнелеп айтуынша, «Сонымен хуннулардың жеңісі темірдің қоланы шексіз жеңуімен бірдей болды»⁸.

Ғұндар енгізген аса маңызды қоғамдық және техникалық жаңалықтар шын мәнінде революциялық сипатта еді. Соның нәтижесінде олар жергілікті тайпалардың тарихи-мәдени дамуында терең із қалдырды. Алайда олардың ертедегі Қазақстан тайпаларына әсерінің нақты ауқымы археологиялық ізденістерде әлі де айқын бейнесін тапқан жоқ. Солай бола тұрса да, жергілікті халықтың

гендік қорына ғұндар қосқан үлестің өзі жеткілікті дәрежеде елеулі болды, яғни жергілікті популяциялардың фендік кейпіндегі «шығыс» элементтерінің қоспасы оның алдындағы дәуірмен салыстырғанда біршама артты. Біздің деректеріміз бойынша, ғұндар басып кіргеннен кейін жергілікті популяциялар арасындағы азиялық антропологиялық компоненттің жалпы үлесі енді морфологиялық ерекшеліктердің жалпы ауқымының 1/4 бөлігі болған. Лингвистикалық жағынан алғанда, мамандардың пікірінше, ғұндар түріктерден бұрынғы сөйлеу тілінің негізін салып қана қоймай, сонымен қатар оны өлкенің абориген халқының арасына белгілі дәрежеде енгізіп те үлгірген.

Осының бәрінің алдында сақ-усун мәдени-тарихи қауымдастығы болып, соның өзінде-ақ қазақ халқының арғы ата-бабаларының түр-тұрпатының этникалық және антропологиялық негізі қаланған еді. Ғылымда Қазақстанның ежелгі үнді-европалық тайпалары мен олардың шаруашылық-мәдени дәстүрлерінің бүкіл жиынтығы, этнолингвистикалық ортақтығы мен генетикалық бірлігі сайып келгенде біртұтас ата-бабалар негізін құрғаны және қорытындысында, жалпы қазақ халқын қоса, жергілікті тайпалар одақтарының кейінгі этникалық және нәсілдік-генетикалық даму бағытын анықтап бергені мойындалған. Сонымен бірге, ертедегі темір ғасырының бас сүйек серияларына егжей-тегжейлі антропологиялық талдау жасаған кезде, Шығыстан шыққан (Орталық Азия) популяциялар әкелген фен-белгілердің әсерімен дамығаны күмәнсіз, дегенмен де оны көрмеуге болмайды. Сол кездің зерттелген палеоантропологиялық материалдарына қарағанда, ертедегі Қазақстан популяцияларының фен кейпіндегі монғолоидтық элементтердің үлес салмағы, арнаулы зерттеулердің көрсеткеніндей, әлі де болмашы еді. Жалпы алғанда сақтар кезіндегі жергілікті тайпалардың дене пішінінің 1/5 бөлігі сол кезде-ақ «шығыс» құрамына жатқан, ал олардың өкілдері Қазақстан аумағында сол кезеңнен бастап бірінші рет кездеседі. Соның негізінде б. з. б. I мыңжылдықтың орта шенінде Шығыс популяциялары екшеле бастап, сонымен бірге Қазақстанның ежелгі мекендеушілері арасындағы қан араласу процесінің бастапқы кезеңі жүріп өткен. Нақ сол кезден бастап, қарастырылып отырған аумақта «шығыс» нәсілдік тармағының элементтері орта ғасырлардың соңғы кезеңіне жақындауына қарай бірте-бірте еселене түседі (8-сурет).

Сақтардың замандастары және оларға этномәдени жақын тайпалар қарастырылып отырған аймақтың батыс бөлігінде мекендеген савроматтар болған. Антропологиялық жағынан олардың европеоидтық нәсілге тән белгілері болды. Олардың арасындағы ең басты морфологиялық айырмашылықтары сақтардан ерекше савроматтардың бет пішінінің ені біршама қушықтау, бірақ ат жақты болуымен сипатталуына келіп саятын еді. Сарматтардың Оңтүстік-Шығыс Қазақстан усундерінен антропологиялық айырмашылықтары болмашы ғана, ол айырмашылықтардан гөрі ұқсастық көп байқалады. Жалпы алғанда сақ және савромат тайпаларының арасындағы этномәдени жақындық Евразия далаларының археологиялық ескерткіштерінде нақты көрініс тапқан. Бұл жағынан Евразия аумағында Аржан (Тува), Пазырық, Ақ Алахаз (Таулы Алтай), Есік (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан), «Толстая могила» (Украина) және басқа қорғандар ең классикалық ескерткіштер деп танылды⁹, оларда осы тайпалардың тандаулы өкілдері жерленген және олардан табылған олжалар Керуленнен Дунайға дейінгі аса бай сақ-савромат дүниесінің этномәдени эталондарына айналды.




8-сурет. Краниологиялық мәліметтер бойынша жасалған әр түрлі мәдени-тарихи дәуірдегі монғолоид текті элементтердің Қазақстан халқындағы шартты үлесі.

Қазақстан ауқымында бұл тайпалардың мәдени генезі мен нәсілдік генезі өз кезегінде Қазақстанның қола дәуіріндегі мекендеушілеріне барып тірелетіні, онда жергілікті мекендеушілердің бүкіл шаруашылық-мәдени, этногенетикалық және нәсілдік-генетикалық даму кешенін бастап берген андронов этномәдени қауымдастық дейтіннің негізінен кең таралғаны мәлім. Ол кезде ертедегі Батыс Қазақстанда, яғни Ақтөбе облысының шамамен Елек өзенінің батысында қима мәдениеті жарыса дамыған. Шынына келгенде осы екі аймақтық мәдениет арасынан ерекше түбірлі айырмашылығы жоқ едәуір жақын белгілер байқалды. Жалпы алғанда қола дәуіріндегі Қазақстан тайпаларының этномәдени жетістіктерінде аймақтық белгілер айқын көрініп, бұл белгілер өз кезегінде номадизм және соған байланысты бірқатар этнографиялық дәстүрлер түрінде олардың ұрпақтарының тұрмыс салты үшін маңызды негіз болған. Жалпы қола дәуірі Азия мен Еуропаның көптеген провинциялары үшін сайып келгенде жекелеген мәдени құрылымдардың пайда болуы мен бірқатар ежелгі этникалық және лингвистикалық қауымдастықтардың қалыптасуы үшін бастапқы нүкте болған аймақтық мәдени-тарихи ірі орталықтарының қалыптасуы мен дамуындағы бетбұрысты кезең болды. Зерттеушілердің көпшілігі «ертеде иран тілдері мен тайпаларының таралу облысы Оңтүстік-Шығыс Еуропа облыстарынан Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан» деп санайды¹⁰.

Ертедегі Қазақстан тарихындағы күрделі этнолингвистикалық жағдайды түсіну үшін Авестадағы Евразияның далалық өңірінің тарихи географиясымен байланысты ең ертедегі баяндауының зор маңызы бар екенін мойындау керек. Шығыстанушы Драмстетер мен оның ізбасарларының Авестаны алғаш рет оқып, аударған кезінен бастап «Арийлік (иран) және үндіарийлік (үнді) тайпалар Шығыс Европа мен Қазақстанның қазіргі ғылымға қима және андронов мәдениетін таратушылар ретінде мәлім болған далалық өңірінде б. з. б. II мыңжылдықтың басында оқшауланған үндіевропалық тіл және мәдениет қауымдастығына жатқаны» анықталды¹¹. Зерттеушілер арасында олардың ғылымда «арья» этнонимімен мәлім болған жалпы атауы жөнінде ерекше алшақтықтар жоқ¹².

Археологтардың байқауларына қарағанда, андронов және қима ескерткіштері Евразияның ұлан-байтақ кеңістігінде біртұтас географиялық және мәдени аудан құрайды. Мұнда қола дәуіріндегі даланың Н. Л. Членова жасаған археологиялық картасы өте көрнекті және мазмұнды болып табылады¹³, ол 9-суретте аздап өзгертілген түрде келтірілген, онда андронов мәдениетінің оңтүстік шекарасы Иран мен Ауғанстанның солтүстік облыстарына дейін созылып жатыр. Дала мәдениетінің осынша кең таралуы үндіевропалық қауымдастық ауқымында қола дәуірі тайпаларының жалпы мәдени, лингвистикалық және этникалық құрылымына ғана негізделе алатын еді.




9-сурет. Европа аумағында орналасқан қола дәуірі археологиялық ескерткіштерінің шартты схема-картасы. 1 — андронов-федоров кезеңі, 2 — андронов-алакөл кезеңі, 3 — алдыңғы қима кезеңі, 4 — соңғы қима кезеңі. Тығыз орналасқан ескерткіштер шеңбердің ішінде көрсетілген.

Евразия аумағындағы көлдер мен өзендердің тиісті гидрономикалық атаулары да автохтондық халықтың үнді-европалық тіл жүйесіне жататындығы жөнінде маңызды лингвистикалық түсінік жасалуына көмектеседі¹⁴. Жалпы алғанда, зерттеушілердің Евразия далаларында арийлердің, турлардың немесе турандардың этномәдени және этнолингвистикалық құрылымдарының негізгі мирасқорлары сақтар мен савроматтар болған деген пайымдауы әбден орынды¹⁵.

Сонымен қатар ғалымдар арасында соңғы қола және ерте темір дәуіріндегі Қазақстан тұрғындарының лингвистикалық негізін прототүрік тіл қауымдастығы құраған деген пікір де қалыптасқан. Бұған дәлел ретінде Қазақстан аумағында табылған металл, сүйек, керамика және тастардағы таңбаланған идеографиялық жазбалардың фрагменттік белгілері келтіріледі. Таңбаларды түсінудің шарттылығына қарамастан мамандар оларды Қазақстан аумағындағы ең көне түрік тілінің белгілері санайды¹⁶. Ертедегі Қазақстан аумағындағы бұл лингвистикалық қауымдастықтың хронологиялық ауқымына қарамастан жергілікті тұрғындардың тарихи-мәдени дәстүрлері негізінде өзара алмасып индоирандық және прототүріктік тіл қауымдастығы бүгінгі қазақ тілінің өзегін құрады.

Осы деректерді қола дәуірінің антропологиялық зерттеулерімен салыстыру үшін Қазақстанның палеоантропологиясына жүгінейік. Қола дәуірінің краниологиялық материалдары азды-көпті дәрежеде Қазақстанның барлық аймақтарынан алынғанын мойындау керек. Қарастырылып отырған аумақтан табылған неғұрлым ерте кезеңдердегі адам қаңқалары қола дәуіріне қарағанда, өкінішке қарай әзірше тым үздік-создық. Солай бола тұрса да, ертедегі Қазақстанның неолит халқының кескін-кейпі ертедегі европеоидтық кейіпте ғана болған деп санауға барлық негіздер бар.

Сонымен, Қазақстанның қола дәуіріндегі антропологиялық сипаттамасына қайтып оралайық. Бұл дәуірдің краниологиялық серияларын жинақтап зерттеу негізінде жергілікті мекендеушілердің түр-тұлғасы мен бет-әлпеті туралы түсініктер алынды, негізінен олардың бас сүйегі мезокранды (жалпақтығы орташа), беті аласа, бірақ көлденеңінен қарағанда жақсы көрінетін, мұрын сүйектері мейлінше қонқак және көз шаралары шүңірек болған. Осы және басқа да ертедегі морфологиялық белгілердің генетикалық тұрақтылығы арқасында, олар ежелгі элементтер түрінде қазіргі заманға дейін жеткен және қазақтардың физикалық бет-әлпетінде бар. Хронологиялық шеңберден сәл ауытқи отырып, қазақтарға тән европеоидтық ерекшеліктер қола дәуіріндегі Қазақстанды мекендеушілердің европеоидтық белгілерімен ғана байланысты деуге болады¹⁷. Жалпы алғанда, палеоантропологиялық зерттеудің нәтижелері қола дәуіріндегі Қазақстан халқын Шығыс нәсілі тармағының ешқандай қоспасы жоқ таза европеоидтық деп сипаттауға мүмкіндік береді. Қола дәуірінде Қазақстанның ежелгі европеоидтық субстраты өлкенің ежелгі халқының гендік қорына одан кейінгі көшуге негіз болған қуатты антропологиялық қабат болды. Бұған 10-сурет жақсы көрнекі бейне бола алады, онда Қазақстан аумағында европеоидтық және монғолоидтық компоненттердің отыз бес ғасырдан астам уақыт бойы біртіндеп өзара қалайша ықпал еткені көрсетілген. Сонымен қоса, дендрограмманың көмегімен біз қазақтардың арғы және бергі ата-бабаларының түр-тұрпатындағы шартты шекті аңғаруға да әрекет жасадық (10-сурет). Суреттен б. з. б. II және I мыңжылдықтардағы Қазақстан халқының жалпы бір кластер құратыны, ал біздің заманы-



10-сурет. Қазіргі қазақтар мен көне заман дәуірлерінде өмір сүрген Қазақстан тұрғындары бас сүйек ерекшеліктерінің дендрограммасына орай қазақтардың бергі және арғы ата-тектерінің болжамалы шекарасы.

мыздағы I және II мыңжылдықтар халқының, өз кезегінде, басқа кластер құрайтыны көрінеді. Демек, қазақтардың арғы және бергі ата-бабалары тұрпатының арасындағы негізгі «өзгешелік» біздің заманымыздың түріктер уақыты алдындағы шебінде жатыр. Келтірілген антропологиялық деректер Қазақстан аумағындағы түрік тайпаларын қазақ халқының жақын генетикалық ата-бабалары деп тануға әбден жеткілікті негіздер береді.

Сонымен, қарастырылып отырған аймақ үшін ежелгі популяциялардың европеоидтық келбеті бастапқыда тек қана автохтонды құбылыс болған және бұл нәсілдің аса маңызды фен-белгілері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған. Сонымен, қола ғасырының андроновтық этномәдени келбетті, үнді-европалық тілді, европеоидтық кейіпті ежелгі тайпалары физикалық жағынан қазақ халқының алыстағы физикалық ата-бабалары нысандарының бірі болған деп қорытынды жасауға болады.

Объективті көрініске алғашқы жақындау ретінде қазақ халқының және оның арғы да, бергі де ата-бабалары нысандарының бүкіл даму тарихын табиғи-тарихи уақыт шкаласының көмегімен таныстыруға болады. Осы мақсат үшін біз арнайы әлеуметтік емес кешенді схема-шкала жасадық (11-сурет), онда адамдар қауымдастығының негізгі нысандары шартты төрт үлгіге (А, В, С, D) бөлінген. Бұл орайда олар үшін тарихи-хронологиялық дамудың барлық кезендерінде әлеуметтік емес жүйені (отбасынан мемлекетке дейінгі) іске асырудың аса маңызды алғышарты ретінде өзгеріссіз біртұтас аумақтық негіз қала береді. Демек Қазақстанның барлық тарихи-мәдени даму нысандарының тұрақты табиғи негізі ретінде біртұтас географиялық орта бірінші қатарға шығады, онда да адамдар тіршілігінің барлық уақыттағы іздері бар. Сонында біздің стратиграфиялық шкалада уақыт жөнінен жақсы бағдар алу үшін қарастырылып отырған аймақтың барлық мәдени-тарихи даму

Хронология		Биоәлеуметтік кешенді жүйе *										Географиялық орта										
		Мәдени - тарихи дәуір											Болжамалы типологиялық ортақтық									
													Жалпы тарихи	Тіл	Этникалық	Антропологиялық						
		I										A	B	C	D							
700-400 жыл	250-50 жыл	40-10 жыл	8-6 жыл	4-3 жыл	2 жыл	б.з.д. I жыл	б.з. I жыл	Біздің заманымыз				12	Қазіргі дәуір (XX в.)	<p>Өте көне жайт</p> <p>Өте ежелгі заман</p> <p>көне жайт</p> <p>Ежелгі заман</p> <p>Жаңа заман</p> <p>Орта ғасыр</p> <p>Жаңа заман</p> <p>Қазақстан</p> <p>Түркістан</p> <p>Еуропеоид-монголоид</p> <p>Еуропеоид-монголоид</p> <p>Біртұтас аумақтық өлке</p>								
								6	Қола дәуірі (б.з.д. XVI - IX ғғ.)	7	Ертедегі темір дәуірі (б.з.д. VIII - III ғғ.)	8	Алғашқы орта ғасыр (б.з.д. II в. - б.з. V в.)		9	Орта ғасырдың орта кезеңі (VI - XII ғғ.)	10	Соңғы орта ғасыр (XIII - XVI ғғ.)	11	Жаңа заман (XVII - XIX ғғ.)		
								5	Энеолит													
								4	Неолит													
								3	Мезолит													
								2	Соңғы палеолит													
								1	Ежелгі палеолит													

11-сурет. Қазақ халқының көне заманнан бастап бүгінге дейінгі панорамалық тарихи өлпет стратиграфикасының схемалық бейнесі.
* Схема автордың өзіндік көзқарасын білдіреді.

кезендері мыңжылдықтар бойынша хронологиялық шеңберлерде берілген. Біздің өзімізге белгілі тарихи жағын көбірек бөліп көрсеткенімізді атап өткен жөн, ол 12 мәдени-тарихи кезеңге бөлінді. Тарихты саралаудың бұл әдісі (I, 1–12) кең таралған әдіс екені мәлім. Сонымен бірге бұл кезендерді Евразияның ғаламдық тарихының синхронды кезендерімен еркін салыстыруға болады. Біз схема-шкаламызда этникалық қауымдастыққа қосымша Түркістан және Қазақстан ұғымын да жатқыздық, өйткені олардың географиялық мәнімен қатар белгілі бір дәрежеде этникалық мәні де бар. Тұтас алғанда, бұл стратиграфиялық схема-шкала, біздің ойымызша, қазақ халқының ең ертедегі кезден осы кезге дейінгі панорамалық даму тарихын суреттеу әрекетінде алғаш қаланған іргетас бола алады. Біздіңше, нақ осындай панорамалық схема қазақ халқының этномәдени қауымдастығының, сондай-ақ оның физикалық келбеті мен гендік қорының қалыптасу және құрылу проблемасын түсінуді едәуір жеңілдетеді.

Осы стратиграфиялық схема-шкала негізінде қазақ халқының панорамалық тарихындағы бірқатар шартты типологиялық қауымдастықтар бойынша генетикалық байланыстардың аса маңызды қабаттарын анықтауға болады. Мәселен, қауымдастықтар дамуының мынадай жүйелі тізбегін: А) жалпытарихи тұрғыда: ежелгі — ертедегі — ортағасырлық — жаңа — қазіргі; В) лингвистикалық тұрғыда: ертедегі европа — үнді-иран — алдыңғы түрік — түрік — қазақ; С) этникалық тұрғыда: үнді-иран — түрік — қазақ; D) антропологиялық тұрғыда: европеоидтық — европеоидтық-монғолоидтық — монғолоидтық-европеоидтық тізбектерге бөлуге болады (11-суретті қараңыз). Осы қауымдастықтардың біртұтас аумақта ұзаққа созылып бағытталған өзара әсерлері қазіргі қазақтардың антропологиялық гомогенділігін белгілеп берген. Соңғы орта ғасырлардан бастап олардың негізгі мекендейтін өңірі этногеографиялық белгісі бойынша Қазақстан деп атала бастады.

Ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстанның краниологиялық серияларын зерттеудің негізгі қорытындыларын мұқият қарап шығу қазіргі қазақтарға тән фендік келбет кеш дегенде XII–XIV ғасырларда екі үлкен нәсілдің — автохтондық европеоидтық және сырттан келген монғолоидтық нәсілдердің жергілікті жерде және ұзақ уақыт бойы өзара әсері негізінде біржола қалыптасқан деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қазір осының бәрі қазақ халқының антропологиялық құрамының біртұтас мызғымас морфофизиологиялық қоспасын құрап отыр.

Жоғарыда баяндалғандардан бұл нәсіл құрау процесінің генетикалық түптамырлары, бір жағынан, біртіндеп арғы ата-бабалар нысанына, яғни қола дәуірінің ертедегі жергілікті тайпаларына, екінші жағынан — бергі ата-бабалар нысанына, яғни түріктердің тарихи-мәдени қауымдастығын таратушыларға — өлкенің байырғы мекендеушілеріне барып тіреледі. Бұл ата-бабалар нысандарының Қазақстан аумағында бірқатар мыңжылдықтар бойында бір бағытта тұрақты ауысуы дербес антропологиялық қауымдастықтың физикалық ұйытқысының нақты қалыптасуына, сондай-ақ қазақ халқының этномәдени тұтастығына жетуге мүмкіндік берді, оны осылайша қазіргі Қазақстан аумағының ауқымында табиғи-тарихи қалыптасқан бірден-бір этнос деп қарастыру керек. Сондықтан қазақ халқы — негізінен өзі мекендейтін қазіргі шекаралар шегіндегі қандай да болсын федерацияға кіре алмайтын тарихи және антропологиялық бірден-бір мұрагер, егеменді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысының бірегейлігі, міне, осыған негізделуге тиіс.

Жалпы алғанда Қазақстанның ертедегі және қазіргі халқын антропологиялық және популяциялық-генетикалық жағынан зерттеулердің нәтижелері қазақ халқының этникалық, мәдени және лингвистикалық қауымдастығының құрылуы мен қалыптасуы жөніндегі пәнаралық ізденістердің негізгі қорытындыларымен сәйкес келетіні әбден айқын¹⁸.

Қорытындысында, қазақ халқы қазіргі этномәдени, лингвистикалық және антропологиялық мәртебесімен үшінші мыңжылдық табалдырығынан аттайды, сөйтіп бүкіл алуан түрлі мәдени байланыстар шеңберінде жаңа тарихи даму алдына адамзат өркениетінің, сондай-ақ полиморфизмнің және адамзат популяцияларына тән физикалық белгілердің біршама биологиялық тұрақтылығының біртұтас жүйесінде аяқ басады деген сенім білдіруге болады, мұның өзі адамдардың барлық уақыттағы тіршілігінің аса маңызды негізі болып табылады.

2. МОНГОЛДАР ЖАУЛАП АЛҒАННАН KEЙІНГІ ЭТНИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР. ХАЛЫҚТЫҢ АУМАҚТЫҚ ОРНАЛАСУЫНДАҒЫ, РУЛЫҚ-ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

XIII ғасырда Шыңғыс-хан империясының құрылуына байланысты этносаياسي оқиғалардың ықпалымен Қазақстандағы этникалық жағдай елеулі өзгерістерге ұшырады. Аймақ жеріндегі халықтың этникалық құрамы мен тайпалардың орналасуына оның Азия мен Европаның басқа да көптеген халықтарын және олардың жерін қосып алған Монғол империясының құрамына енуі зор ықпал етті. Монғолдардың жаулап алуы бағындырылған барлық халықтардың экономикалық және мәдени дамуының барысын өзгертіп жіберді. Шапқыншылықтың өзі, ал одан соң монғол хандары орнықтырған басқару ісі әсіресе алғашқы онжылдықтарда жерді ойрандаумен, халықты жаппай қырып-жойып, айдап әкетумен, қалалар мен отырықшылық қоныстардың, егіншілік пен қолөнер кәсіпшілігі ошақтарының құртылуымен, материалдық және мәдени қазыналарды талап-тонаумен және жойып жіберумен ұштастырылып отырды. Осының бәрі монғолдар бағындырған халықтардың бұрынғы үдемелі дамуындағы біріктіруші этникалық және саяси тенденцияларды бір аудандарда баяулатып жіберді немесе басқа бір аудандарда мүлде тоқтатып тастады.

Атап айтқанда, Қазақстанда интеграциялық тенденция монғолдардың жаулап алуы алдындағы кезеңде Алтай, Тянь-Шань тауларының етегі мен Балқаш өңірінен Жайық (Орал) пен Еділ өзендерінің аңғарына дейінгі, Оңтүстік Сібірдің орманды даласынан Орта Азиядағы қос өзен аралығындағы далалық шет аймаққа дейінгі кең аумақта, яғни Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі (немесе Шығыс Дешті Қыпшақ), Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) мен Жетісу аумағында әбден айқындалған болатын. Бұған шаруашылық-мәдени үлгінің ортақтығы, сонымен бірге шаруашылықтың көп қырлылығы, бүкіл аумақтағы халықтың тіл және тұрмыс жөнінен жақындығы, көшпелі, жартылай көшпелі малшылар мен отырықшы егіншілердің, қала халқының өзара байланысы мен өзара ықпалы, феодалдық қатынастардың дамуы қолайлы жағдай жасады. Тайпалар мен тайпа бірлестіктерінің этникалық интеграциясы Қазақстанның ең ертедегі иран тілді және ғұн дәуіріндегі монғолоид текті тайпалардың ұрпақтарын сіңіріп алған 6 ғасырдан өлкенің негізгі тұрғында-

ры түркі тілдес тұрғындардың негізінде қалыптасқан ірі түрік халқын құру бағытында жүрді. Халық ретінде қалыптасудың негізгі ошағы Орталық және Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жері болады. Жалпы алғанда монғолдарға дейінгі кезеңде көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар далалық Қазақстанның көп бөлігінде қыпшақтар негізінде, Жетісуда усун-қарлұқ негізінде, яғни жалпы аймақта жеткілікті дәрежеде біртекті этникалық негізде қалыптасты. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыстағы түрік ру-тайпаларының саяси одағына кірген қыпшақтардың өзара этномәдени, әлеуметтік, шаруашылық қарым-қатынастары, ал батыста Жетісу, Шығыс Қазақстан мен Алтай тайпаларының одағы біртұтас түрік қауымдастығын қалыптастыруға тарихи алғышарт қалыптастырды.


Монғолдардың жаулап алуы этникалық процестің дамуын күрт өзгертті, оның барысы мен сипатына өзгерістер енгізді. Халықтың орналасу географиясы өзгерді. Монғолдардың басып кіру тасқыны түріктердің көптеген этникалық топтарын өздерінің байырғы орындарынан жылжытып, басқа аудандарға ығыстырды, бірқатарын бөлшектеп жіберді. Қазақстан аумағына монғолдардың да, түріктердің де жаңа этникалық топтары келіп қоныстанды. Монғол-татар шапқыншылығы Қазақстан халқының этникалық құрылымының одан әрі күрделілене түсуіне, оның антропологиялық кескін-кейпінің монғолдануын күшейтуге себепші болды.


Тарихи деректемелерде жаулап алушылар әр түрлі аталған. Араб, парсы, орыс, Батыс Еуропа деректемелерінде Шыңғыс-хан мен оның Алтын Ордадағы мұрагерлерінің әскерлері «татарлар» деп аталған, ал бұл этноним шығыс-монғол тайпаларының бір бөлігіне ғана қатысты болатын. Осы тайпалардың аты бойынша Монғолияның бүкіл халқы Қытайда «татарлар» деп аталғанда, ол қытай деректемелерінен басқа тілдердегі аталған деректемелердің бәріне көшкен. Ал Шыңғыс-ханның өзі мен оның төңірегіндегілер, сондай-ақ оның мұрагерлері өздерін «монғолдар» деп, өз мемлекетін «монғол» мемлекеті деп атаған¹⁹, яғни «монғолдар» деген этноним Орталық Азияның Шыңғыс-хан біртұтас мемлекетке біріктірген бірқатар тайпалардың атауы болған. Монғолияның ең ірі тайпалары — монғолдар мен татарлар арасындағы күрес монғолдардың жеңісімен аяқталды: «Әр жақтан [татарлардан да, монғолдардан да] басқа жаққа шығып, сайып келгенде Шыңғыс-хан татарлар мен қытай императорларының барлық тайпаларын [өз] семсеріне жем еткенге [дейін] [бірін бірі] өлтіріп, тонай берді...»²⁰. Деректемелерде монғол әміршілерінің татарларға қарсы (соңғыларының Шыңғыс-ханның әкесін өлтіргені үшін кек алу негізінде) осы кескілескен күресін көрсетуі зерттеушілердің Шыңғыс-хан әскерлерінде шынына келгенде татарлар болмаған деген қорытынды жасауына мүмкіндік берді²¹. «Татарлар» деген атау (бұл арада, шынына келгенде, этникалық емес, этникалық-саяси термин айтылып отыр) монғолдардың татар тайпасынан емес, қайта монғолдар өздерінің батысқа қарай аттанғанында ертіп әкеткен түркі халықтардан шыққан деген пікір өткен ғасырда-ақ айтылған еді²². В. Л. Егоров монғол-татарлар (сол сияқты татар-монғолдар да) деген қосарланған атау кейіннен шыққан, монғол мемлекеттері ыдырағаннан кейін жүз жыл өткен соң пайда болды, оны бірінші рет 1823 жылы П. Наумов қолданған деп атап өтеді²³. Бұл этнонимдерді мәндері тең сөздер ретінде бөлек қана пайдаланған дұрысырақ болар еді (оларды В. Н. Татищев пен Н. М. Карамзин солай қолданған). Бұл екі этноним ғасырлар бойы бұрынғы Жошы мен Шағатай

Әмір Темір (1336–1405).



Қожа Ахмет Йассауи кесенесі.





XV–XVIII ғасырлардағы қазақ жауынгерлері.

ұлысының аумақтарында татар (казан, қырым, касимов, сібір т. б.) халықтары және Моғолстан мен Шығыс Түркістан моғолдары этносаяси қауымдастықтары атауларында сақталды.

Осы басылымның бірінші томында көрсетілгеніндей Шыңғыс-хан жорығына дейін-ақ Қазақстанның батыс аумағына қазіргі Монғолияны мекендеген көптеген тайпалар, атап айтқанда, найман, керей, меркіт, жалайырлар қоныс аударды. Жаулап алушылық барысында батысқа манғыт, қият, барлас, қоңырат және басқа да тайпалар қоныс аударды. Жоғарыда аталып өткен пікір бойынша батысқа жылжыған әскердің арасында татарлар болмады деген тұжырым нақты емес. Біріншіден, Шыңғыс-хан татарларды толық жоя алмады²⁴, ал екіншіден келер ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ (яғни Қазақстан) тайпаларының арасында «татар» атауы кездеседі. Бір қызығы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани қазақ әскері туралы еске түсіре тұра, «өткен уақыттарда» оны татар әскері деп атап өтеді²⁵.

Қазақстан жеріне басып кірген монғолдардың саны туралы шамамен ғана айтуға болады. Шыңғыс-ханның соғыстары Орталық Азияның алыс түкпірінен батысқа монғолдарды едәуір көп мөлшерде ауыстырды. Жат өлке лерге кеткен монғолдардың бір бөлігі күзет қызметін атқару, одан әрі жорықтар жасау үшін түрлі елдерде қалдырылып отырды; олар бірте-бірте жергілікті этникалық ортаға сіңісіп кетті.

Шыңғыс-ханның Қытайға және батысқа жорықтары кезінде оларға – Рашид ад-Диннің айтуынша – 129 мың адам қатысқан²⁶. Қазақстан аумағы мен Орта Азияға жасалған жорыққа қатысқан монғол жауынгерлерінің тек өзі ғана 111 мың адам. Сонымен бірге оларға Шыңғыс-хан вассалдары – ұйғырлардың, қарлұқтардың армиясы қосылған, соларды қосқанда әскердің саны 150 мыңға дейін жеткен²⁷. Вассаф Орда ханы Тоқтайдың Хулагу ұрпағы Ғазан ханнан өзіне Азербайжанды беруін талап еткенін жазады, бұл орайда оны мынадай күшпен қорқытқан: «Қырым мен Қарақұрым (Сырдарияның төменгі ағысында) шегінен бастап Дербендтің шет жағына дейін біздің әскердің 10 түменнен астам (яғни 100 мыңнан астам) күзет жасағы тұр, олардың шатырлары өзара иін тіресіп, арқандары (шатырлардың) бір-бірімен байландырылған»²⁸. Алтын Орданың монғол әскерлері туралы бұл мәліметтер XIII–XIV ғасырлар шебіне жатады, ал ол әскердің бір бөлігі Қазақстан аумағында да орналасқан еді.

Жаулап алудың алғашқы кезеңіндегі Қазақстандағы монғолдардың саны туралы деректер сақталған. Рашид ад-Дин Шыңғыс-ханның басқа балалары сияқты Жошыға да бодандарының саны 4 мың жауынгер бере алатындай (отбасыларымен қоса алғанда бұл 20 мың адамға дейін жеткен) ұлыс бөліп бергенін хабарлайды²⁹. Жошының басқа да әскери құрамалары, мысалы, 1219 жылы қыркүйекте Отырарды қоршау кезінде Шыңғыс-ханның оған Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қалаларды – Сығанак, Жент, Үзкент, Ашнас, Баршынлыкент және Жаңакент қалаларын алу үшін (бұл қалалар 1220 жылдың көктеміне дейін алынған) бөліп берген құрамалары да болған³⁰. Жошы Монғолияға қайтып оралған жоқ; оның бүкіл әскерінің өз иеліктерінде (мал-мүлкімен және отбасыларымен) қалғаны анық. Жошы ұрпақтары әскерлерінің саны туралы деректемелердің бірқатар мәліметтері³¹, әскердің едәуір бөлігі, жоғарыда айтылғанындай, Шығыс Түркістан мен Жетісудан шыққан жасақтардан құралғанымен, Ертіс пен Алтайдан Днестр мен Дунайға дейін созылып жатқан Жошы ұлысының аумағына қоныстан-

ған монғолдар саны, Шыңғыс-ханның осы ұлына бөлгені 4 мың емес, әлдеқайда көп болғанын көрсетеді.

Қазақстан аумағындағы монғол әскерлерінің санын нақты көрсететін деректер бар, бірақ олар әр түрлі авторларда қарама-қайшы келеді. Рашид ад-Дин Жошының үлкен ұлы, әкесінің тірі кезінде-ақ Қазақстаннан ұлыс алған Орда-Ежен «Батыйдың патшалық етуіне келісті және әкесінің тағына оны [нак] сол отырғызды», сөйтіп «Жошы хан әскерінің жартысын оның өзі, ал екінші жартысын Батый басқарды» деп хабарлайды³². Вассаф Батыйды «әке тағының мұрагері болды, ал Жошының... бір түменнен астам (яғни 10 мыңнан астам) әскері болған, төрт жеке «мындықтары» ағасы Ордудың қарамағында болды» дейді³³. Әбілғазы да (XVII ғ.) Вассафтың деректеріне жақын деректер келтіреді. Батый хан Орда-Еженнің иеленуіне «өзінің әкең тұрған» жер (яғни Ертісте) деп, «он мың отбасынан тұратын халық» берді³⁴. Сонда жеке төрт «мындық» (хазара) бұл санға сәйкес келмейді, өйткені 1 түменнен көп, яғни 10 мыңнан астам болып шығады. Бұдан кейінгі кезеңде Ордудың монғол әскерінің саны өскен, Рашид ад-Дин Иранды жаулап алу үшін Орда-Еженнің Хулағу ханның әскеріне әрбір ондықтан екі жауынгерден есептеп³⁵, 10 мың жауынгер бөлгенін айтады, яғни оның, Орда-Еженнің, әскері ол кезде 50 мың адам, ал отбасыларымен қоса алғанда 250 мың адам болған.

Бұл деректер Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде қалған монғолдар саны жөнінен мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Қазақстан аумағының бір бөлігі Шағатай мен Үгедей ұлыстарына қарады. Жошы сияқты, олар да әкесінен барлас, қоңырат, жалайыр тайпаларынан төрт «мындықтан» (20 мыңдай адам) жауынгер алған. Жошының үлес-ұлысында болғанындай, уақыт өте келе бұл «мындықтар» саны да монғолдардың өздері есебінен де, Оңтүстік Сібірдің, Алтайдың, Батыс Монғолияның шығыс-түрік тайпаларының есебінен де өсетүсті. Алтай мен Ертіс өңірінен Жетісуға (Тянь-Шань өңіріне) телестермен, төлеңгіттермен және басқа да түріктермен бірге баариндер қоныс аударды. Монғолдардың үш ұлысы тоғысқан осы өлкеде көсемдердің көп адамды «ордалары», яғни сарайы, нөкерлері, сансыз көп әскерлері бар ставкалары орналасты, бірнеше ондаған жылдар бойы жиынтығы кемінде 200 мың болатын, өздерінің шаруашылық сипатын сақтап қалған, кең-байтақ жер алқабын керек еткен көшпелілер³⁶ сол жерге ағылып келіп жатты.

Деректемелердің жоғарыда келтірілген деректері XIII ғасырда монғолдардың Қазақстан жеріне талай рет ағылып келгенін көрсетеді, мұның өзі Монғолияның экономикасы мен мәдениетіне, оның өз жағдайына да теріс әсер етті. Дегенмен де жалпы алғанда, олардың Дешті Қыпшақта (соның ішінде Қазақстанда) ғана бағындырып алған жерінің кең-байтақ екенін ескергенде, жаулап алынған аумақта қалған монғолдардың жалпы саны көп болған жоқ және олар біртіндеп жергілікті көп халыққа сіңісіп кетті.

Монғолдардың жаулап алуы жергілікті халықтың этникалық құрылымына едәуір өзгерістер енгізді. Қазақстан аумағы батысқа монғол шапқыншылығының жолындағы монғолдардың өздері мен олар ерткен көптеген шығыс түрік рулары мен тайпаларының жолындағы алғашқы аймақ болып шықты. Монғол жаулап алушыларының 1219 жылғы Мауараннахрға беттеген жолының бағыт-бағдары Қазақстанның Жетісудан Орта және Төменгі Сырдария қалаларының ауданына дейінгі халық ең көп қоныстанған және шаруашылығы жөнінен игерілген аудандары арқылы өтті. 1224 жылы батыстан Жебе мен Сүбедейдің корпусы Төменгі Еділ бойынан Монғолияға Қазақстан арқылы

қайтты. Батыс жағынан Ертіс, Балқаш, Арал теңізінен, Әмударияның төменгі ағысын қоса алғанда, ан-Нувейридтің айтуынша Қазақстан аумағы: «Қаялық (Жетісуда) шекарасы мен Хорезм жерінен Саксин және Бұлғар шет аймақтарына, шапқыншылық жасаған кездегі жасақтарының ат тұяғы басқан қиыр шеттерге дейін жайлауы мен қыстауы болған»³⁷ Жошының үлесіне кірді. Қазақстанның көшпелі тайпалары Жошы мен оның мирасқорларының бодандары қатарына қосылды. «Туши мен Чагатай, — деп хабарлайды Джузджани «Насир топтарында», — Хорезм істерін жайғастырған соң, Қыпшақ пен Түркістанға бет түзеді, қыпшақ әскерлері мен тайпаларын бірінен кейін бірін бағындырып, бодан етіп алды және осы тайпалардың бәрін өз билігіне мойынсұндырды. Шыңғыс-ханның үлкен ұлы Туши Қыпшақ жерінің ауасын жұтып, суын татқан кезде, ол бүкіл әлемде бұл жерден жақсы жер, бұл ауадан артық ауа, бұл судан тәтті су, бұл көкмайса мен жайылымдардан кең жайылым жоқ деп білді»³⁸. Жошы тірі кезінде Саксин мен Бұлғарды бағындырып үлгірмеді (мұны М. Г. Сафарғалиев атап өткен³⁹), Қазақстан аумағынан тыс жерлерге аттанған жоқ. 1222—1223 жылдарда Жошы ұлысының ордалары Жайық өзені маңайында көшіп жүрді. Тек 1229 жылы, Жошы өлгеннен (1227 ж.) кейін ғана Батыйдың атты әскері Жайықтан өтіп, половецтер мен саксиндерді (хазарлардың ұрпақтарын) көшіп жүретін жерлерінен ығыстырды. Демек қыпшақтардың басып алынған жерлерінің аталған сипаттамасы Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіне қатысты айтылған. Мұны «Қыпшақпен» қатар айтылған «Түркістан» топонимі қуаттайды. Джузджанидің «қыпшақ әскерлері мен тайпаларын бағындырып, бодан етіп алу» туралы келтірілген мәліметтері Қазақстанның көшпелі аудандарының халқы жатжерліктер шапқыншылығының ауыртпалығын бастан кешірген жоқ, олар жаулап алушыларға қарсылық көрсетпестен мойынсұнды деп санауға негіз болмайды. Солай бола тұрса да, қарсылық көрсету әрекеттері басып-жанышталған. Жергілікті көшпелі (көбінесе қыпшақ және оғыз) шонжарлар монғолдарға қызмет ете бастады. Қатардағы жергілікті көшпелілер жаңадан жүздіктер, мындықтар, түмендер құру үшін пайдаланылып, монғолдардың ханзадалары мен феодал шонжарларына үлестіріліп берілді. Олар монғолдардың бұдан кейінгі жаулап алушылық жорықтарына тартылып, өздерінің мекендейтін жерлерінен әкетілді, өнімді еңбектен қол үздірілді. Көшпелі қыпшақтар мен басқа да түркі тайпалары 1237 жылы Батыйдың бастауымен Шығыс Европаны бағындыру үшін аттанған монғол әскерінің едәуір бөлігін құрады, мұның өзі жаулап алушылардың әскери қуатын күшейте түсті. Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінен жаулап алушылық жорықтарға тартылған көшпелілер бұрынғы орындарына барлық уақытта бірдей қайтып орала бермей, жаулап алынған жаңа өлкелерде (Еділ бойы, Оңтүстік Русь, Бұлғария) қалып отырды. Қыпшақтардың бір бөлігі монғол шапқыншылығының қысымымен Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір шегіне барып қоныстанды. Наймандар мен керейіттер де сонда барды⁴⁰. Мұның өзі олардың жаулап алған жерінде халық санының азаюына, олар мекендеген жердегі шаруашылық мүмкіншілігінің әлсіреуіне әкеп соқты.

Монғолдардың жаулап алуы, әсіресе Жетісуда қалыптасқан этникалық-саяси және этникалық-әлеуметтік құрылымды қатты әлсіретті. Бұл аумақты монғолдар алған кезде оның қалалары мен қыстақтарының жергілікті тұрғындары тікелей қырып-жойылмағанымен, шаруашылық құрылымының өзгеруі себепті олар да өз жерлерінен ығыстырылып шығарылды. Шабуыл жасап қиратылмаса да, талап-тоналған Жетісу қалалары мен олардың

егіншілік өңіріне көшпелілердің дүлей күші соғып өтті. Қалалық және егінші халық күйзелген қалалар мен қыстақтардан кетуге мәжбүр болды. Олардың бір бөлігі бытырап, басқа жерлерге кетіп қалды, бір бөлігі шаруашылық түрін өзгертті. Әсіресе Шығыс Қазақстан мен Жетісуда монғол феодалдарының жақсы жайылымдарды басып алуы олардан жергілікті халықты шетке ығыстырды, ал монғол шонжарларының өздері жаулап алған жерлерді ұлыстарға бөлуі этникалық туыс топтарды ажыратты.

Түрлі уақыттарда Шығыс Қазақстанға, Орталық және Солтүстік Қазақстанға осында қоныс аударған наймандар мен керейіттерден (керейлерден) басқа татарлар, маңғыттар, жалайырлар, барластар, баариндер және басқа да этникалық топтар келіп орналасты.

Монғолдардың жаулап алуы кезеңінде Қазақстанның халық қоныстанған басқа бір тарихи ауданы — Сыр өңірі қалалары ауданында халық саны күрт азайып, олар қоныстану орнын ауыстырды. Деректемелерде Оңтүстік Қазақстанның халқы толық жойып жіберілген үш қаласының атауы — Отырар, Сығанақ және Ашнас келтірілген. Отырар тұрғындары мен оның 20 мыңдық гарнизонының алты айға созылған қарсылығы үшін монғол шапқыншылары аяусыз кек алды — қала талап-тоналып, шабуылдан кейін тірі қалған тұрғындарының көпшілік бөлігі қырып тасталды, ал қалғандары Самарқандты қоршау кезінде пайдалану үшін «хашарға» әкетілді. Қала тұрғындары — монғолдарды жақтайтын автордың терминологиясы бойынша, «жауыздар», «қаратабандар мен қаңғыбастар» (шариран, оубаш ва рунуд) Сығанақты жеті күн бойы қорғады. Сығанақ алынғаннан кейін халқын түгелдей қырып тастады⁴¹. Сырдарияның төменгі ағысындағы Ашнас тұрғындарының тағдыры да сондай болды. Нақ осы өңірдегі Жент, Баршынылықент, Үзкент қалалары халқы түгел қырылмаса да, тонауға ұшырады⁴². Қала халқы ғана емес, Сыр бойы жазирасының егіншілік өңірінің тұрғындары да зардап шекті. Жергілікті халықтың едәуір бөлігі жойып жіберілді, басқалары тұтқынға алынды, үшінші біреулері қашып-пысып, жан-жаққа тарап кетті. Мал шаруашылығы аудандары да қанырап қалды. 1245—47 жылдары Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан арқылы жүріп өткен Плато Карпини былай дейді: «Біз кангиттер жеріне кірдік... Осы жерден, сондай-ақ Команиядан біз өлі адамдардың қи сияқты жерде жатқан көптеген басы мен сүйегін таптық... Бұл адамдар, командар да, кангиттер де, жер өндемеген, малмен ғана қоректенген. Олар үйлер де салмай, шатырларда тұрған. Татарлар оларды да қырып тастап, солардың жерінде тұрып жатыр, ал қалғандарын олар құлға айналдырған»⁴³.

Монғол шапқыншылығы аймақтың қалыптасқан шаруашылық және этникалық-саяси құрылымын өзгертіп жіберді. Экономиканың қожырауы аймақтың көшпелілері мен егіншілерінің шаруашылық байланыстарының бұзылуына әкеп соғып, Қазақстан аймағындағы этникалық дамуды басқа жолға салды. X—XII ғасырлардың өзінде-ақ аңғарыла бастаған топтасу процестері монғолдардың жаулап алуының келенсіз зардаптарын жою барысында бір ғасыр өткен соң ғана одан әрі ілгерілеуге стимул алды.

Қазақстан аумағында ол саяси тарих пен этностардың даму барысын сапалық жағынан өзгерткен аса маңызды саяси фактор болды, жаңа мемлекеттер мен этникалық-әлеуметтік қауымдастықтардың қалыптасуына жол ашты. Қазақстан аумағында ірі халықтар қалыптасуының бұрынғы эволюциялық жолы үзілді.

Этникалық тұрғыдан алғанда, жергілікті халық тіршілігінің көптеген

жақтары өзгерді, атап айтқанда, халықтың этникалық құрамы, оның этникалық-әлеуметтік ұйымының түрлері, әлеуметтік-экономикалық тұрмыс жағдайлары өзгеріске ұшырады. Халықтың едәуір бөлігі Шыңғыс ұрпақтарының жаулап алушылық жорықтарына тартылып, Қазақстаннан тыс жерлерге ауыстырылды.

Жаңа этникалық компонент — Қазақстан аумағына ауысқан монғол рулары мен тайпалары: жалайырлар, қоңыраттар, маңғыттар, барластар, байриндер және басқалары қосылды. Жайылымдарды монғол феодалдарының басып алуы жергілікті халықтың ығыстырылуына, орын ауыстыруына әкеліп соқтырды. Феодалдық соғыстар мен өзара қырқыстар, ұлыстардың саяси бөлшектелуі түрік рулары мен тайпаларының ұсақтану, ажырау, орын ауыстыру процесін күшейтті, мұның өзі байырғы рулық байланыстар мен қатынастарды үзді. Бағындырылған халықтармен салыстырғанда монғолдардың саны біршама аз еді, бірақ олар өздері құрған әрбір ұлыс-мемлекеттерде билеуші топ және әскери күштердің ұйытқысы болды. Алтын Ордада монғолдар әскердің төрттен бірі ғана болған. Батый ханның әскері деректемелерде қыпшақ әскері деп аталған, өйткені оның төрттен үші қыпшақтардан және басқа да түрік тайпаларынан құрылған еді.

Бірақ монғолдар саны көп түрік халқының арасына бірте-бірте сіңісіп, олардың тілі мен әдет-ғұрпын қабылдады. Олардың көбі Орталық Азияда да түріктеніп кетті. Алтын Орданың ұлан-байтақ аумағында халықтың басым көпшілігі болған қыпшақтардан басқа қанлылар, наймандар, керейіттер, үйсіндер, кенегестер, арғындар және басқа да көптеген тайпалар қоныстанды. Араб географы әрі саяхатшысы Әл-Омари XIV ғасырдағы Алтын Ордадағы араласу барысын өте бейнелі көрсеткен: «Ертеде бұл мемлекет қыпшақтардың елі болған, бірақ өздерін татарлар жаулап алған кезде қыпшақтар солардың бодандарына айналған. Сонан соң бұлар олармен араласып, туысып кеткен де, олардың табиғи және нәсілдік қасиеттерінен үстем болып шығып, олардың бәрі нақ қыпшақтар сияқты болып кеткен, олар монғолдардың қыпшақтар жеріне қоныстанып, олармен некелесіп, солардың [қыпшақтардың] жерінде өмір сүруге қалғандықтан бір [солармен] ру сияқты»⁴⁴. Мұндай этникалық араласу Алтын Орданың шығыс бөлігі — Қазақстан аумағына да өтті. Жергілікті тұрғындардың этноәлеуметтік құрылымы өзгеріп, этникалық процестерге жаңа түр берді. Монғол империясының құрылып, ұлыстардың қалыптасуына байланысты тайпалар мен халықтардың осы аумақта бұрын мекендегендерінің де, шығыстан көшіп келгендерінің де біте қайнасып өзара этникалық араласуы жылдамдатыла түсті. Аймақтың этникалық картасын жаңа қоғамдық құрылымдар, феодалдық қатынастар, жаңа құрылған ұлыстар едәуір өзгертіп жіберді.

Жергілікті халықты «мындықтар» мен «түмендерге», көшпелі тайпаларды ұлыстар мен үлестерге бөліп, монғолдар халықты араластырып жіберді, оны көп мөлшерде жаңадан мекендейтін жерлерге ауыстырды. Жақын туыстық байланыстардың аумақтық байланыстармен ауыстырылуы көшпелі халықтың халық болып топтасу барысын жеделдетуге себепші болды. Отырықшы және көшпелі аймақтардың арақатынасы, бұрынғы қалалардың сақталуы мен жаңа қалалардың салынуы жағынан неғұрлым қолайлы экономикалық жағдайларға және Алтын Орда қоғамының әлеуметтік жағынан неғұрлым интенсивті дамуына байланысты Алтын Орданың шығыс бөлігіне қарағанда, Қазақстан аумағының батыс бөлігінде бұл этникалық араласу барысы тезірек жүрді⁴⁵.

Монғолдар үстемдігінің орнауына байланысты Қазақстан аумағында оның әлеуметтік-экономикалық зардаптарының өте-мөте қолайсыз болуы себепті жергілікті халықтың этникалық-саяси дамуы үшін ерекше қиын жағдайлар қалыптасты. Қалыптасқан экономикалық күйзелістің салдарынан монғолдар дәуірінде қалалық және егіншілік мәдениет өрісінің тарылуы, шаруашылықтың көшпелі мал шаруашылығы секторы үлес салмағының күшеюі, қоғамдық ұйымның күні өткен нысандарының орнығуы негізгі көріністерінің бірі болған әлеуметтік дамудың баяулауы — осының бәрі Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу аймағындағы этникалық даму барысына теріс әсер етті.

Қазақстан халқының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын едәуір өзгерте отырып, монғолдардың үстемдігі Евразия аймағындағы этникалық процестердің дамуын да жана арнаға түсірді, бұлаумақтағы тұрақты этникалық құрылымдардың — соңғы орта ғасырлар халықтарының қалыптасуын тездетуге ықпал жасады.

3. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЭТНОСАЯСИ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

XIV—XV ғасырларда Қазақстан аумағының тұрғындарына байланысты «қазақ» атауымен қатар деректемелерде басқа да: «өзбек», «өзбек-қазақ», «моғолдар», «ноғайлар» ұғымдары да аталады. Бұл атаулар осы кезеңде Қазақстан аумағында өмір сүрген Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы мемлекеттерінің тұрғындарына қатысты айтылады. Олар халықты емес, этносаяси қауымдастықты құрады. Тарихи-этнографиялық әдебиетте белгілі бір тарихи-этнографиялық аймақ шебінде құрылған мемлекет тұрғынының этносаяси қауымдастық деп аталатынын білеміз. Қандай халық болса да, өзінің ұзаққа созылған қалыптасу жолында көбіне көп әр түрлі феодалдық мемлекеттер шеңберінде оқшауланып қалады да, басқа халықтар бөлшектерімен бірге өздерінің жекелеген құрамаларымен әр түрлі этносаяси қауымдастық құрайды. Көшпелі қоғам жағдайында мемлекеттердің шекаралары әдетте халық болып топтасып, сол мемлекеттердің шеңберінде уақытша этносаяси қауымдастық құрған рулардың, тайпалар мен өзге де этникалық бөлімшелердің көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы кезіндегі этникалық қоныстануының өзгермелі шекараларымен сәйкес келе бермеді. Пайда болып, жойылып кеткен мемлекеттер мен туыс тайпалардың этникалық орналасу шекараларының сәйкес келмеуі олардың этникалық жағынан жақындасуын қиындатты, өйткені саяси бөліну ежелден қалыптасқан шаруашылық, мәдени, этникалық байланыстардың сақталуы мен орнығуына кедергі жасады. Бұл жағдайдың қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңінде де (XIII ғасырды айтпағанның өзінде, XIV—XV ғасырларда) едәуір дәрежеде әсері болды. Ол әсіресе XV ғасырдың екінші жартысының аяғына қарай, кезінде жергілікті халықтың этникалық, мемлекеттік дамуында зор рөл атқарған мемлекеттер құлдырай бастап, қалыптасқан халықтардың барлық бөліктерінің мемлекет болып бірігуіне объективті қажеттігі пісіп-жетілген кезде ерекше айқын аңғарылды.

Қазақстан аумағында белгілі бір этносаяси қауымдастық қалыптасқан халықты түгел қамтымай, оның бір бөлігін ғана қамтығандықтан, қазақ халқының тарихы тек Ақ Ордамен және оның өзбек, өзбек-қазақ, сонан соң қазақ

этносаяси қауымдастығымен ғана байланысты емес. Қазақ халқын құраған тайпалардың бәрі Ақ Ордаға ғана кірген жоқ. Қазақтардың этникалық тарихы Әбілқайыр хандығы мен оның көшпелі өзбектерінің этносаяси қауымдастығымен де, Ноғай Ордасы мен оның этносаяси қауымдастығымен (қазақ, ноғай) де, ақырында Моғолстан мен оның этносаяси қауымдастығымен (моғолдар) де байланысты.

Этникалық бірлесу Моғолстанға қарағанда Ақ Ордада (және Әбілқайыр хандығында) жылдам жүрді. Ақ Ордадағы этникалық топтасу сырттай да, шын мәнінде де Моғолстанға қарағанда неғұрлым айқын жүрді. Ол деректемелерде айқынырақ көрсетілген, өйткені мемлекеттердің біріншісіне — Ақ Ордаға негізінен алғанда қыпшақ одағының этникалық жағынан жақын рулары мен тайпалары негіз болса, екіншісі екі қауымдастық — қазақ (үйсін) және қырғыз қауымдастықтарының, ал кейде Шығыс Түркістанның ұйғыр халқын қоса, үш қауымдастықтың да саяси бірлестігіне негізделді. Мұның өзі бұл топтардың этникалық дамуын қиындатты. Қолда бар деректемелерде Моғолстан халқы моғолдар деп аталған, сондықтан зерттеушілер оны бірде этникалық қауымдастық, бірде тайпалар одағы, енді бірде халық деп санайды⁴⁶. Алайда осы атаудың артында Жетісу қазақтары да, Тянь-Шань қырғыздары да жатыр, оны моғолдардың рулық-тайпалық құрамы ғана емес, сонымен қатар Мұхаммед Хайдардың қырғыздар да моғол тайпаларына жатады деп тікелей көрсетуі дәлелдейді⁴⁷. Жәнібек пен Керей көшіп келгенге дейін Жетісуда қазақтар тұрған деп тікелей көрсетілмеуі мыналарға әкеп соқты: сол кезде қазақ халқы мен қазақ мемлекеттігінің даму процесінде Ақ Орданың елеулі рөл атқарғанына күмән келтірілмейді, Моғолстан, бір жағынан, Қазақстанның орта ғасырлардағы проблемаларының тарихнамасында әлі де тиісті орнын алған жоқ, ал екінші жағынан, Жетісу ауданына қатынасы жөнінен қазақтар әлі де әдебиетте осы ауданға сырттан «көшіп келген» келімсектер деп саналып жүр⁴⁸, қалыптасқан халықты іздестіргенде оны құрған этникалық компоненттерді емес, қазақ терминінің ізінен қалмайтын дәстүрлі қате пікір осыған байланысты. Шынына келгенде, қаралған материалдың көрсеткеніндей, XIV—XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы этносаяси тарихтың бүкіл барысы Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының ғана емес, сәл кейініректе қазақтардың Ұлы жүзіне келіп тірелетін тайпалар, әсіресе Жетісу ауданындағы халқының құрамдас бөлігі болған Моғолстанның да саяси, шаруашылық және әлеуметтік өмірімен байланысты еді.

Қатар дамыған Ақ Орда мен Моғолстан Шыңғыс-ханның Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы нәтижесінде пайда болған қырық ру монғол ұлыстарының халық болып қалыптасқан тайпаларының саяси жағынан бөлінуін XIV ғасырдың өзінде-ақ қамтамасыз еткен еді. Олар өздерінің даму кезеңінде монғолдар жаулап алуының теріс зардаптарын жоюға жәрдемдесті, Қазақстан аумағындағы этникалық процестерді тездетті. Бірақ үш жүзде халықтың қалыптасуына осы мемлекеттер ықпал жасағаны анық.

Қалыптасып жатқан қазақ халқының жекелеген бөліктерінің саяси жағынан Моғолстан, Ақ Орда, Ноғай Ордасы мемлекеттеріне бөлшектеліп кетуі қазақтардың этникалық тарихының барысына ықпал етті — ол қалыптасқан халықтың ертедегі этникалық орталықтар аумақтарының табиғи-географиялық жағынан оқшаулануы себепті⁴⁹ ежелден айқындалған жүздерге бөлінуін орнықтырды.

Ежелгі тарихи-этнографиялық аймақтар жерінде — Қыпшақ және Үйсін

одақтарының тайпалары қоныстанған аймақта пайда болған Ақ Орда мен Моғолстан XIV—XV ғасырларда ежелгі Қазақстанның автохтондық тайпаларының негізгі этникалық құрамын сақтап қалды. Бұл мемлекеттердің және қазақтардың Ұлы жүзі мен Орта жүзінің этникалық негізі белгілі бір этникалық аумақта ірге тепкен белгілі бір жергілікті түрік тайпалары болды, олардың төңірегіне күрделі этникалық өзара байланыстар нәтижесінде жергілікті және сырттан келген, туыс және туыстығы жоқ, тұтас және шашыранқы, түрік және түріктенген (сіңісіп кеткен) тайпалар, рулар және олардың бөлімшелері ғасырлар бойы топтаса берген. Мұның өзі Ақ Орда мен Моғолстанның ежелгі Қазақстанның этнотарихи аймақтарының нақ жоғарыда аталған аумағында пайда болуының заңдылығын, бұл феодалдық-көшпелілер мемлекеттерінің айқындаушы этникалық негізі жергілікті түрік халқы болғанын көрсетеді.

Тайпалық бірлестіктердің этникалық ұйытқысы мейлінше тұрақтылығымен ерекшеленеді және Ақ Орда мен Моғолстан кезеңінде де өзінің ежелгі жерінде мекендеді. Мәселен, қыпшақтар әрқашанда ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстанның орталық бөлігіндегі негізгі халық болып, ғасырлар бойы қалыптасқан халықты құрушы негізі болып қала берді. Олар XI—XIII ғасырлардағы қыпшақ мемлекеттік бірлестігінде ғана емес, Алтын Орданың кеңбайтақ аумағында сонымен қатар XIV ғасырда Орда-Ежен мен Шайбани ұлыстарын біріктірген Ақ Ордада да сондай болды. Деректемелерде көшпелі өзбектер мемлекеті делінетін Әбілқайыр хандығының тайпалары арасында да қыпшақтар аталады⁵⁰, ақырында, олар қазақтың Орта жүзінің едәуір бөлігі болды⁵¹. Шығыстың барлық деректемелерінде орасан зор аумақтың ғасырлар бойы Қыпшақ даласы (Дешті Қыпшақ) деп аталатыны да кездейсоқ емес. Кейініректе Орта жүз құрамында аталатын тайпалардың бәрі дерлік, соның ішінде Моғолстан ханының бодандары арасында да аталатын арғындар мен керейлер Батыйдың қыпшақ әскері құрамына (оларды Махмұд ибн Уәли арғын, оғыз, найман, бұйрақ, ойрат, қарлық, қосшы, үйсін, минг, қоңырат, керей және барластар деп атаған)⁵² енгені көптеген жағдайларда қыпшақ аталатындарды нақ қыпшақ тайпасы ғана деп санамай, бұл терминді қыпшақтар бас болған тайпалар одағына, этносаяси қауымдастыққа қатысты жинақтаушы мағынасында ұғыну керек деген ойды қуаттайды.

Аталған тайпалар бірлестіктердің сан ғасырлық тұрақтылығы, біріншіден, оларды құраған бөліктердің, рулардың, тайпалардың автохтонды болғанын және екіншіден, қазақ халқының қалыптасу процесінің жалпы алғанда (агрессиялар, соғыстар, қалыптасқан байланыстардың үзілуі түріндегі сыртқы кедергілердің бәріне қарамастан) тұрақты, үздіксіз жүргенін көрсетеді.

Ақ Орданың тұрақтылығын оның негізінде ірі бөліктерінің бірі — Орта жүзде іс жүзінде қалыптасқан халықтың этникалық орнықтылығы жатқанымен түсіндіруге, ал ол халықтың айқындалуын Ақ Орданың өзінен-ақ көруге болады. Феодалдық иеліктердің, ұлыстардың, жаңа мемлекеттік құрылымдардың көп, тіпті олардың ең ірілері шекараларының тұрақсыз болуы халықтың этникалық қауымдастығы болмауының салдарынан емес, феодалдық мемлекеттің әлсіздігі, феодалдық талас-тартыстар, үлестік билеушілердің дербестікке ұмтылу саясаты, феодалдық, әсіресе көшпелі қоғамдағы шаруашылық байланыстарының жеткіліксіздігі салдарынан болған.

XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың — XV ғасырдың бірінші ширегіндегі көптеген ұсақ ұлыстардың және Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы,

Ноғай Ордасы, Қазақ хандығының Орта және Кіші жүздері сияқты ірілері саяси бірлестіктерінің этникалық құрамы іс жүзінде бірдей болды. Олардың құрамына мәдени-тұрмыстық, тілі, шаруашылығы жағынан айырмашылығы жоқ деуге болатын белгілі түркі және түркіленген тайпалардың бөліктері белгілі бір мөлшерде енген. Деректемелерде екінші бірінде өзара жауласушы түрлі Жошы ұрпақтары бодандарының арасында рулық-тайпалық тегі бір әмірлер, бектер және феодалдық-көшпелі үстем таптың басқа да өкілдері айтылады. Деректемелерде қыпшақ, найман, қоңырат, қарлұқ, үйсін (уйшин), керей, маңғыт сияқты ірі тайпалардың өкілдері мейлінше жиі аталады. Онша елеулі емес бүркіт, қият, қосшы, отаршы, жат, шымбай, кенегес, дұрман, күрлеуіт, таңғұт, ұйғыр, қытай, таймас, шабақты, шұңқарлы, ойрат, мажар және басқалар сияқты тайпалар мен рулардан шыққандар да айтылады⁵³. Бұлардың бәрі – Орта Азия мен Қазақстанның түркі халықтарына ортақ, 92 көшпелі «өзбек» тайпаларының ең кейінгі тізімі бойынша белгілі⁵⁴, XIII–XIV ғасырлардағы буырқанған оқиғалар (монғолдардың шапқыншылығы мен Жошы және Шағатай ұлыстарындағы өзара талас-тартыстар) Орта Азия-Қазақстан аймағының кең-байтақ аумағына шашыратып, араластырып жіберген түркі және түркіленген тайпалар мен рулар.

XIV ғасырдың 50–60-жылдарынан Ақ Орданы, яғни Шығыс Дешті Қыпшақ аумағын мекендеген тайпалар қыпшақтардың орнына көбінесе өзбектер деп атала бастады. Соңғы жылдардағы тарихи әдебиетте ол кезде, XIV және XV ғасырларда өзбек атауының этноним ретінде емес⁵⁵, Шығыс Дешті Қыпшақтың жергілікті түркі және сiңiсiп кеткен монғол тайпаларын көрсететін жиынтық, саяси атау ретінде қолданылғаны жөнiнде әбден негiзделген пiкiр анықталды. Бұл кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақта өзбек атауының этноним болмағаны XVI ғасырдың басындағы әр оқиғадан хабары автор Рузбихан Исфахани берген түсiндiрмеден айқын көрiнедi⁵⁶. Ол саяси бағдарымен ғана емес, этникалық дамуы оқшаулануының ежелгi дәстүрiмен де бөлiнген «үш халықты», үш тайпа (таифе) тобын өзбектерге жатқызған, олар: Шайбанилер, яғни көсемдерi Мұхаммед Шайбаниге бағынған шығыс-қыпшақ тайпаларының бөлiгi немесе олардың бөлiмшелерi және «қазақтардың» өздерi, Жетiсуды жайлаған қазақ руларынан басқа Едiлден Сырдарияға дейiнгi ұлан-байтақ далада көшiп жүрген⁵⁷, қазақ хандарының бодандарын «қазақтар» деп түсiнген. «Михман-наме» авторы маңғыттарды да – Ноғай Ордасы халқының Батыс Қазақстан аумағында мекендеген және XV–XVI ғасырлар шебiнде жетекшiлерi қазақ хандары мен Шайбани ұрпақтарының Дешті Қыпшақтағы билiк үшiн күресiне араласқан бөлiгiн де өзбектерге жатқызған (қазақ тайпаларының бұл бөлiгiнiң дәстүрлi атауы кейiннен ноғай ретiнде ұзақ уақыт бойы сақталып қалды, ал Жәнібек хан тұсында «ноғайлар мен қазақтардың екi туыс ордасының» одақтық қатынастарының заманы, Ш. Ш. Уәлихановтың айтуынша⁵⁸, эпоста «алтын ғасыр» ретiнде жырланған). Зерттеушiлер ноғай тайпаларының арасынан «өзбектердiң» Әбiлқайыр хандығына, қазақтардың Орта жүзiне ғана емес, қырғыздардың да құрамына енген он шақты рулары атайды. Олардың қатарында – найман, қыпшақ, қоңырат, қаңлы, қытай, қатаған және басқалар.

Шын мәнінде бұрын қалыптасқан жағдайды баяндағанымен, Мұхаммед Шайбанидің саясатын бiлдiрушi ретiнде Рузбихан Исфахани дала тұрғындарын бұрынғысынша Шайбаниден тараған өзбек ханының бодандары деп көрсеткiсi келсе де, өзбек тайпаларының осы үш тобынан қазақтың екi жүзiне

– Орта жүзі мен Кіші жүзіне және Мұхаммед Шайбаниді қолдап, онымен бірге Мауараннахрға барған және ол жаққа өзбек атауын әкеткен тайпалар мен рулар тобына (немесе олардың бөліктеріне) бөлінген этносаяси топтар аңғарылады. Оны жақтаушылар саны көп емес еді, Мұхаммед Шайбанидің Дешті Қыпшақтағы Әбілқайыр ханның бұрынғы иеліктерінде билікті қолына ала алмағанын айтпағанның өзінде, оның Сыр өңірі қалаларын иеленуіне ұзақ уақыт бойы мүмкіндік бермеген де нақ осы жағдай болатын. Рузбихан Исфахани айтқан қазақтардың көшіп жүретін қоныстарының географиялық бағыт-бағдарына қарағанда, қазақтардың Ұлы жүзі ол қарастырған мәліметтерден тыс қалған (Жетісу қазақтарына «өзбек» деген жиынтық термин ешқашан қолданылмаған).

Жалпы алғанда Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығының өзбектер деп аталған халқының этносаяси қауымдастығын түркі тілдес халықтың қалыптасқан үлкен тармағы деп санауға болады. Осы тармақтың қалыптасу процесінің аяқталуы барысында XIV–XV ғасырларда қыпшақ, өзбек, өзбек-қазақ, қазақ деген жиынтық этносаяси терминдердің ауысуы арқылы қазақтар (қазақ) деген этникалық атау анықталып, орнықты. Әулеттер өзгеріп, олардың әрқайсысы Жошы ұрпақтарының белгілі бір тектер мен тайпа көсемдері қолдаған өзіндік басқару бағытын нығайтты, бірақ шын мәнінде Ақ Орда мен Әбілқайыр ханның хандығы кезінде-ақ қалыптасқан қазақ халқының мемлекеті болған еді. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Моғолстан, Қырғызстандағы сияқты, бұл мемлекеттер де автохтондық негізде пайда болды; олардың әрқайсысы этникалық қауымдастықтың азды-көпті бөлігін қамтыды. Бұл орайда халықтың бір әулетке бодандықтан екіншісіне ауысып отыруы жиі кездесті. Бұл әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі жағдайда оңай еді, мұның өзі халықтың іс жүзінде қалыптасқан этникалық тұтастығын қалыптастыруға кедергі жасайды. XV–XVI ғасырлар шебінде Шығыс Дешті Қыпшақ тайпалары мен руларының бір бөлігінің (немесе бөліктерінің) Мауараннахрға кетуі, XVI ғасырдың орта шенінде (Астрахан және Сібір хандықтары құлағаннан кейін) жекелеген рулардың қосып алынуы, 1514 жылы Жетісудан Қашғарияға әкетілген жекелеген топтардың XVI ғасырдың 20–30-жылдарында қайтып оралуы (олардың туған жерге қайтып оралуды қатты аңсағаны жөнінде Мұхаммед Хайдар көп жазған⁵⁹) халықтың шағын бөлігін ғана қамтыған, ал қалыптасқан халықтың негізгі бөлігі орнында қалып, XV ғасырдың екінші жартысына қарай этносаяси тұрғыда әбден айқындалған еді⁶⁰.

Мас'уд бен Осман Кухистанидің, Камал ад-дин Бинаидің, Шадидің, Мырза Мұхаммед Хайдардың, Махмұд бен Уәлидің және басқа авторлардың XV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың басындағы оқиғалар баяндалатын шығармалары Жошының әр ұрпағынан тараған хандардың (Шайбани ұрпақтарының, Орда-Ежен, Тоқа-Темір ұрпақтарының және басқаларының) Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістанның деректемелерде бірде өзбектер, бірде өзбек-қазақтар, бірде қазақтар деп аталатын, бірақ оның ірі бөліктерінің бірі – Орта жүзде іс жүзінде халық болып қалыптасқан бір ғана халқына билік жүргізу жолындағы күресі туралы мәліметтерге толы. Егер XVI ғасырдың басындағы деректемелерде Шығыс Дешті Қыпшақтың халқына қазақтар деген атау барған сайын айқын қолданыла түсетін болса, бұл халықтың сол кезге қарай ғана қалыптасқанын және «қазақтардың» Жетісуға, «өзбектер» Мауараннахрға кеткеннен кейін «қайтып келгенін» көрсетпейді (өйткені деректемелерде Жәнібек пен Керейге еріп Жетісуға кеткендер, яғни

Әбілқайыр ханның бодандары да өзбектер, өзбек әскері — «кошунат-и узбак» деп аталады⁶¹), Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістан (Сыр өңірі) сол кездің өзінде-ақ этникалық жағынан гөрі, саяси жағынан қазақтар деп аталып кеткен халқына саяси билік жүргізудің Жошы ұрпақтарынан тараған Ақ Орда хандарына көшкенін ғана көрсетеді. Мауараннахрға Әбілқайыр хан бодандарының Мұхаммед Шайбани өз ықпалын орнықтыра алмай-ақ қойған негізгі бұқарасы кетіп қалмағандықтан, осы әулеттік өзгерістерден кейінде, шын мәнінде, Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы кезіндегіден өзгеріс болған жоқ. Айырмашылығы сол кезге дейін Моғолстан хандарының бодандығында болған Жетісу халқынан сүйеніш тапқан хандардың жеңіп шығып, олардың бодандары санының ұлғайғандығында ғана болды.

4. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ СОҢҒЫ КЕЗЕҢІ

Қазақ халқының құрылуы этникалық-әлеуметтік организмдер ретінде халықтар қалыптасуының жалпы заңдылықтары негізінде, таптық, феодалдық қатынастардың қалыптасуымен және нығаюымен, аумағының, тілінің, материалдық және рухани мәдениеті ортақтығының қалыптасуымен байланысты жүзеге асты. Халықтың құрылуына XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағында қайта өрлей бастаған дәстүрлі шаруашылық, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының отырықшы егіншілікпен өзара әсері де ықпал етті. Бұл орайда, ілгеріде атап өтілгендей, Қазақстан аумағында экстенсивті көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы сияқты шаруашылық-мәдени үлгі басым болғандықтан, мұнда феодалдық қатынастар (Азияның басқа да көптеген халықтарындағыдай) патриархаттық шаруашылық қатынастармен астасып жатты, қалыптасқан халықта әлі ру-тайпалық құрылымының көптеген элементтері сақталып қалды және деректемелерде «қазақ» этнонимімен қатар көптеген тайпалардың, тайпалар бірлестіктерінің, ру топтарының аттары аталған.

Жедел қалыптасып келе жатқан халықтың белгілі бір бытыраңқылығы және сонымен қатар бірігу бағыты қазақтар мен қазақ жүздерінің шығуы туралы көптеген аңыздарда көрініс тапқан. Мәселен, олардың бірінде былай деп әңгімеленеді: хижраның 780-790 жылдары шамасында (яғни XIV ғасырдың соңы) түрікше сөйлейтін 32 тайпаның қол астында 500 немесе 600 отбасы болған бір ханның тұтқын әйелінен «ала» аталған бала туады. Хан бәйбішесінің айдап салуымен баладан құтылмақ болып, оны Сырдарияның арғы бетіне апарып тастайды, мұнда оны бір кедей бала етіп асырап алады. Кейіннен жігіттің батырлық ерліктерімен аты шығып, оның жеңістері туралы хабар ханға жетеді де, ол баласын үйге қайтармақ болады. Хан кеңесшілері Қотан би мен Майқы би оған жүз жігіт жіберуді ұсынады, бұл жүз жігітті басқаруға Қотанның үлкен ұлы Үйсінді қояды.

Барар жеріне жетіп, хан баласымен достасқан соң, Үйсін жігіттерімен үйге қайтудан бас тартады. Келесі жылы тағы да жүз жігітпен Қотанның екінші баласы Болат, үшінші жылы Қотанның кенже ұлы Алшын жіберіледі. Екеуі де қайта оралмайды. Үш жүз жігіт бірігіп алып, өздерінің көршілеріне шабуыл жасап, олардың малдарын айдап кетіп жүреді, ал олар жігіттерді «қазақ» деп атайды, бұл түрікше «еркін», «басы бос» дегенді білдіреді. Кейін жігіттер хан мен басшыларды сайлауға келіседі. Үйсінді оның жүз жігітімен Сырдарияның жоғарғы бойына, Болатты — орта ағыс бойына, ал үшіншісі

Алшынды оның жүз жігітімен өзеннің төменгі ағысы бойына қоныстандырады. Хан баласын ақ киізге көтеріп, хан деп жариялайды. Қазақтың Үш жүздің баласы деп атануы осыдан деп айтылады аңызда⁶². Көңіл қояр бір жай, аңыздағы Үйсін мен Алшынның аттары Ұлы және Кіші жүздің ірі тайпаларының аттарымен сәйкес келеді.

Белгілі бір тайпалар топтарының өзі бір уақыттарда түрлі мемлекеттік құрылымдарда (Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы және басқалары) болатындай этникалық-саяси жағдай қалыптасып отырды, олар мекендейтін аумақ сырттан қысым көрудің немесе феодалдық соғыстардың, тартыстардың, ауа көшіп кетудің әсерімен өзгеріп отырды, бірақ қалай болғанда да бірігу жөніндегі басты бағыт өзіне жол ашты, түптеп келгенде өз халқының бір бөлігі екенін ұғыну тайпалық сана-сезімнен басым түсті. Түрлі мемлекеттік құрылымдарға еңсе де, Қазақстан аумағы халқының көпшілігі бір тілде сөйледі⁶³. Соған қарамастан зерттеушілер бұл жерлердегі монғол мемлекеттеріне дейінгі және олардан кейінгі тайпалық топтар мен тайпалардың көпшілігінің тілдерінің сабақтастығын атап көрсетеді. Тілдің сипатын танытатын ерекшеліктер осы уақыт бойы нығайды және оларды зерттеушілер XIV–XV ғасырлардағы қыпшақ әдебиеті ескерткіштерінің тіліне жатқызады. Халықтардың тарихи жады фольклорда — эпосқа, әндер, мен аңыздарда жинақталған. Қалыптаса бастаған халықтың шаруашылық және қоғамдық тұрмысының, материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктері одан әрі дамыды. Осы уақытқа қатысты антропологиялық материал тұрғындардың негізінен антропологиялық типінің тұтастығын, бұдан кейінгі уақыттағы қазақтармен бірдей екенін көрсетеді⁶⁴.

XIV–XV ғасырларда тұрғындардың ұзақ уақыт бойы жекелеген мемлекеттер жүйесіне — бұрынғысынша монғол ұлыстарына енуі жоғарыда аталған факторлардың ықпалын күшейте түсті, соның салдарынан Қазақстан аумағында этникалық шоғырланудың үш жүз түріндегі әр қилы тараптары пайда болды. Қазақ жүздеріне енетін тайпалар бір-бірімен ортақ көшу бағыттарымен байланысты болды, жоғарыда аталған мемлекеттер аумағының негізгі бөлігіне сай келетін этникалық аумағы ортақ еді. Ұлы жүз Жетісудан Сырдарияға дейінгі жерлерге орналасты; оның құрамына үйсіндер, қаңлылар, дуғлаттар, албандар, суандар, сіргелілер, ыстылар, ошақтылар, шапыраштылар, жалайырлар және т. б. кірді. Орта жүз Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстан аудандарын мекендеді; оның құрамына — қыпшақтар, арғындар, наймандар, қоңыраттар, керейлер, қарлұқ рулары және т. б. енді. Кіші жүз Батыс Қазақстанды, Сырдария сағаларынан Арал теңізі, Каспий жағалауларындағы ойпаттардың солтүстік бөлігіндегі жерлерді мекендеді. Оның құрамына алшын сияқты тайпалық бірлестіктер мен адай, алаш, байбақты, жаппас, таздар, қарасақал, қаракесек және т. б. тайпалар енді⁶⁵. Жүздердің құрылған уақыты мен механизмі белгісіз. Жүздер туралы деректемелер XVII–XVIII ғасырлардың соңғы уақыттарынан ғана мағлұмат береді, дегенмен жүздердің құрамдас бөліктері, яғни жоғарыда аталған тайпалардың неғұрлым ірілері Қазақстан аумағында ұзақ ғасырлар бойы пайда болған. Олардың нақты уақыты мен жағдайлары жоғарыда, ежелгі және орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларды баяндау барысында айтылды.

Монғол шапқыншылығынан кейінгі Қазақстанның этникалық тарихының негізгі мазмұны халық болып қалыптасудың аяқталуына, қазақ жүздерінің құрамына кіретін тайпалар санын анықтауға, ежелгі этникалық өзекті толық-

тыратын тайпалар мен рулардың XVII–XIX ғасырлар деректемелерінде көрсетілген кейінгі аумақтарға жылжуына саяды. Жүздер XV–XVI ғасырларға рулық-тайпалық құрамы жөнінен де, орналасқан аумағы жағынан да қалыптасқан түрде келді, бірақ олардың қалыптасуы мен қайта бөлінуі, тайпалардың айқын ажырауы халықтардың ұзаққа созылған қалыптасу процесімен бірге қыпшақтардың, өзбектердің, ноғайлықтардың, моғолдардың этносаяси қауымдастықтары арқылы және жекелеген рулар мен тайпалардың қалыптаса бастаған басқа да түрік халықтарының құрамына енуі жағдайында іске асты. Бірнеше мемлекеттік құрылымдардың құрамына кірген оның тарихи қалыптасқан жекелеген бөліктерінің бытыранқылығы этникалық шоғырлану процесінің түпкілікті аяқталуын кешеуілдетті. XIV–XV ғасырларда есепсіз миграциялық процестің одан әрі жалғасқанын атап айту керек. Мысалға, Темір соғыстары кезінде моғол топтары Жетісудан Орта Азияға ауысты. Әбілқайыр тұсында қалуштар және бұлғашы тайпалары Моғолстаннан соның қарамағына көшті; керейлер аз уақытқа Жетісудан Орта жүзге, маңғыттар (ноғайлар) батыстан Сырдарияға ауысып барды; XV ғасырдың аяғында көптеген рулар мен тайпалар Шығыс Дешті Қыпшақтан Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп, Орта Азияға кетті. Осының барлығы саяси жағдайды тұрақсыздандырып, Қазақстанның кең-байтақ аумағында тұрғындардың этникалық шоғырлануын қиындата түсті.

Қазақ халқының негізгі этникалық топтары мен оның этникалық аймағының XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырда мемлекет болып бірігуі халықтың шоғырлану процесінің аяқталуын тездетті. Әбілқайыр мен Ақ Орда хандықтарындағыдай, сондай-ақ Моғолстандағыдай емес, Қазақ хандығының неғұрлым берік этникалық негізі қалыптасып қалған қазақ халқы болды. Шығыс Дешті Қыпшақтың, Түркістан мен Жетісудың барлық түрік рулары мен тайпалары дерлік монғол шапқыншылықтарынан кейін тұңғыш рет бір мемлекетке бірікті.

Қазақстанның оңтүстігіндегі және қазақ этносы мекендеген басқа аумақтардағы тұрғындардың этникалық қауымдастығы проблемасының маңызы аса зор. Жазба және археологиялық материалдар бұл аудан тұрғындарының Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуды мекендеушілермен саяси-шаруашылық және мәдени даму дәстүрлерімен ғана емес, этногенетикалық туыстастығымен, ортақ этносаяси тағдырларымен де байланысты болғанын дәлелдейді. Қазақ халқын қалыптастырған этникалық басты екі өзек, ежелгі Қазақстанның аса ірі екі этносаяси қауымдастығы — Орта және Ұлы жүз қазақтарына арқау болған Орталық, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстандағы Қыпшақ тайпалар одағы мен Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы үйсін одағы байырғы заманнан Оңтүстік Қазақстан және Оңтүстік-Батыс Жетісу аумағында тоғысқан болатын. Олардың этникалық аумақтары солтүстік пен солтүстік-шығыста Ортаңғы Сырдария мен Қаратау алабында көсіліп жатты. Сырдарияның төменгі сағасынан солтүстік-батысқа және солтүстікке қарай созылған кең-байтақ жерді қазақтың Кіші жүзі иеленді. Үш жүздің үшеуі де дерлік ортағасырлық Түркістан жерлеріне, яғни қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының басым бөлігіне шектес орналасты⁶⁶. XIV–XV ғасырларда Түркістанда (Сырдария бойындағы қалалар мен Қаратау ареалы аймағында) қыпшақтар, қанлылар, арғындар, дуғлаттар, маңғыттар, жалайырлар, қазақ және өзбек рулары мен тайпаларының басқа да өкілдері тұрды. Олардың біреулері (қыпшақтар, қанлылар) бұл жерлерді көне замандардан бері мекен еткен; екіншілері (қоңыраттар,

жалайырлар) монғол шапқыншылықтары кездерінде көшіп келген, олар өз құрамдарына бірқатар жергілікті рулар мен тайпалар жұрнақтарын қосып алып, өз есімдерін берген; үшіншілері мұнда (дуғлаттар, арғындар, маңғыттар және т. б.) Темір мен Барақ, Әбілқайыр мен Жәнібек, моғол ханы Жүніс пен Мұхаммед Шайбани соғыстары мен миграция тұсында пайда болған. Деректемелер бұл уақытта Түркістан аумағында қазақтардың, өзбектердің, қарақалпақтардың бірге тұрғанын да хабарлайды. XVI ғасырдың аяғындағы вақфтық грамотада Сығанак пен оның төңірегіндегі тұрғындар құрамында қазақтар, түріктер (өзбектер), арабтар (ежелгі заман шапқыншыларының ұрпақтары), қарақалпақ та болғанын атайды⁶⁷. Қазақтар мен өзбектердің, маңғыттар мен моғолдардың құрамына кіретін әр түрлі рулар мен тайпалардың ұзақ уақыт Түркістан аумағында болуы жергілікті тұрғындарды этникалық шұбарлыққа ұшыратты, қазақ халқының құрамында тек Оңтүстік Қазақстанға ғана тән айрықша этникалық компоненттің пайда болуына әкеліп соқтырды.

Қазақ хандығының нығаюымен және халықтың шоғырлану процесінің шапшаңдауымен бірге оның құрамына Моғолстан, Сібір хандығы, Ноғай ордасы билеушілерінің қол астында болған қазақ рулары мен тайпалары кірді. Ноғай ордасының күйреуі, ноғайлардың қазақтарға аумақтық және этникалық жақындығы ноғай ұлысы шығыс тобының Қазақ хандығына қосылуына және ноғайлықтардың бұл тобының Кіші жүз құрамындағы қазақ этносына енуіне қолайлы жағдай жасады.

Бұл қалыптасқан халық көршілері мен өз кезеңінің оқиғаларын баяндайтын деректемелерде XV ғасырдың екінші жартысынан «қазақтар» (қазақ) деген атпен таныс болған. Қазақ этнонимінің шығу тегі ұзақ уақыттар бойы зерттеушілер арасында айтыс туғызды, өз шығу тегіне байланысты баяндалатын толып жатқан халық аңыздарында көрсетілген⁶⁸. Бұл атау түрік-парсы деректемелерінде алғашқы әлеуметтік мәнде қолданылып, өз руынан, тайпасынан бөлініп кеткен, кезбе, қаңғыбас адам деген мағынаны білдірген. «Қазақтық» жасауға мәжбүр болғандар көбіне басқа, бөтен билеушілерге әскери қызметке барған. «Та'рих-и Рашиди» және басқа деректемелер бойынша «қазақтар» атауы әуелде «өзбек-қазақ», кейін «қазақ» ретінде Жетісуға көшкен, Жәнібек пен Керей бастаған саяси топтарды білдіру үшін қолданылған. «Өзбектер» және «қазақтар» атауларының XV ғасырда нақты айқындалған этникалық мағынасы болған жоқ. Фазлаллах ибн Рузбиханның жоғарыда аталған мағлұматын толық келтіре кетелік: «Шыңғыс хан иеліктерінде ерекше мәртебелі болған үш тайпа өзбектерге жатады. Қазір (солардың) біреуі — Шайбани әулеті мен оның бірнеше ата-бабаларынан кейінгі билеушісі ұлы хан болды және болып отыр. Екінші тайпа — бүкіл әлемге өздерінің қуатымен және өжеттігімен данқы шыққан қазақтар, ал үшіншісі — маңғыттар, ал олардан Астрахан патшалары шыққан»⁶⁹. Жәнібек пен Керей хандықтарының нығаюына орай олардың қол астындағы барша халық қазақтар деп аталды. «Қазақ» атауы бірте-бірте этникалық мәнге ие болды⁷⁰. Ол этникалық аумағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлері болған, әлдеқашан қалыптасқан біртұтас түрік халқын білдіру үшін қолданыла бастады.

Қазақ хандығының саяси шеңберінде қазақ мемлекеттігі дамуының шыннайы тарихи нәтижесі біртұтас қазақ халқы болып табылады. Қазақ хандығы дәуірінде, XV—XVII ғасырларда Қазақстанның кең-байтақ аумағын-

дағы тұрғындарға іс жүзінде ортақ, негізгі белгілері мен қазақ этносының өзіне тән материалдық және рухани мәдениеті бекіп жетілді. Өзінің этникалық тұтастығын түсінген халық оны эпикалық шығармаларында көрсете білген.

Қазақ халқы сонау XVI ғасырдағы жазба деректемелерде-ақ (Зайн ад-дин Васифидің «Бадаи' әл-вакаи'» атты еңбегінде) Қазақстан деп аталған өздерінің байырғы этникалық атамекендерін Мауараннахрда Шайбани және Аштархани өулеттеріне, Ертіс жағалауы мен Алтайда Сібір және орыс өкіметіне, Жетісу және Шығыс Қазақстан жерлерінде жоңғар тайшаларына қарсы кескілескен айқастарда қас қақпай қорғап қалды⁷¹.

Халықтың құралуы — ұзақ процесс, оның түпкілікті құралу мерзімін белгілі бір нақты уақыт кезеңімен дәл байланыстыру қиын. Дегенмен тарихи, археологиялық-этнографиялық, антропологиялық және лингвистикалық деректемелер жиынтығы қазақ халқының құрылу процесі XIV—XV ғасырларда негізінен аяқталды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

5. «ҚАЗАҚ» ТЕРМИНІ ТУРАЛЫ

Зерттеушілер екі жүз жылға жуық уақыт бойы «қазақ» терминінің шығуын түсіндіруге және оның семантикасын ашуға әрекет жасап келеді. Айтылған көзқарастар ауқымы өте кең, мейлінше иланымды ғылыми болжамдардан қиыннан қиыстырылып шығарылған этимологияларға дейін бар. Алайда, қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді, тегінде, әзірше ешкім айта алған жоқ.

Қазақстанның өз тәуелсіздігін алуына байланысты соңғы уақытта жалпы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне және атап айтқанда қазақ терминіне ден қою едәуір арта түсті. Ғылыми басылымдар мен газет-журналдардың беттерінде қазақ терминіне әйтеуір бір қатысы бар жарияланымдар пайда болды. Бірен-сарандарында ғана болмаса, оларда баяндалған пікірлер өткен кездерде айтылған көзқарастарға негізделген.

Қазақ атауының шығу тегі туралы мәселені шешкен кезде зерттеушілердің едәуір бөлігі тайпа атауына терминологиялық сәйкестікті іздестіру жолына түсті. Алдын ала атап өткен жөн, бұл әдістемелік тәсіл, зерттеушілік практиканың көрсетіп отырғанындай, салғастырылатын ұғымдардың жақындық дәрежесі туралы неғұрлым айқын тұжырымдар жасау үшін әлі де көп жеткіліксіз. Қазақ сөзіне үндес терминдерді ғалымдардың Қазақстан аумағынан едәуір алыс жерлерден тапқаны аз кездеспейді. Бұл орайда олардың этникалық байланыстарының терендігін көрсете алатын тарихи-мәдени сипаттағы жүйелі сәйкестіктерді анықтау қажетінен айналып өтілді.

Тарихнамада қабылданған ұқсастыру жөнінде мынадай негізгі болжамдар бар. Н. М. Карамзин мен А. Вамберидің⁷² ізімен зерттеушілер көбінесе Византия императоры Константин Багрянородныйдың (X ғасырдың орта шені) Кавказдың солтүстік-батысында жатқан «Казахия елі» деп айтқан мәліметтерін келтіреді. Айтылуының үндестігі негізінде авторлар «Казахия» терминінде қазақ этнонимі көрініс тапқан деп санайды. Сөйтіп осы негізде қазақ халқы X ғасырдан бастап белгілі болған деген тұжырым жасалады. «Казахия» деп оқудың дұрыстығына қатысты біз түзету жасауға тиіспіз, ол мынадай: түпнұсқада (грекше) екінші сөзде «дзета» (з) емес, қайта «сигма» (с) берілген. Демек елдің атауы Касахия деп оқылуға тиіс. Константин Багрянородныйдың хабарын түсіндіре келіп, В. Минорский Касахия деп касогтар айтылып отыр-

ғанын әбден айқын көрсеткен⁷³. Қазақия және қазақ халқы атауын ұқсастыру тарихшылардың қосымша материалдар, атап айтқанда, мұсылмандар дүниесінің жазбаша деректемелерінен алынған материалдар тарту мүмкіндігін кеңейтті. Мәселен, араб тарихшысы әрі географы әл-Масудидің (Х ғ.) «Китаб ат-танбих ва-ль-ишраф» деген шығармасында Кубань өзені ауданындағы кавказ халықтары мен тайпаларының атаулары арасында кашак этникалық қауымы — әл-касакия⁷⁴ атап өтіледі. Көрнекті неміс шығыстанушысы И. Маркварт бұл екі терминнің бір ғана этнос-касогтардың атауын беретіндігін көрсетті⁷⁵. Кім жазғаны белгісіз парсы тілді «Худуд әл-алам» деген географиялық еңбектің (Х ғ.) аландар өлкесі туралы хабарлары да қарастырылып отырған тақырып аясына жатады, онда Қара теңіз жағалауында орналасқан Касаг⁷⁶ қаласы, әдебиетте жазылып жүргеніндей, этникалық қауым емес, нақ қала туралы деректер келтіріледі. Касогтар туралы орыс жылнамаларында да айтылады. «Повесть временных лет» шығармасында Кубань өзенінің оңтүстігінде орыс княздары Святослав (965 ж.) пен Мстиславтың (1022 ж.) касогтармен жүргізген соғыстары туралы ақпарат бар⁷⁷. Касог термині бірінші рет VIII ғасырдың аяғы - IX ғасырдың басында монах Епифанийдің шығармасында ауызға алынады. Бұл ақпардан касах, касахия, касак, кашак, касог атаулары алдыңғы орта ғасырлардағы белгілі бір шағын кавказ тайпасын (немесе тайпалар бірлестігін) білдірудің әр алуан түрлері болып табылады деген тұжырым шығады. Кавказтанушылар касогтарды (ертедегі грузин ескерткіштерінде кашаг түрінде белгілі) Кіші Азияның хетто-несит дәуіріндегі каска/кашка этнонимімен көптен бері жақындастырып жүр. Осыдан касогтардың қазақтарға қосылысы туралы көзқарас қаншалықты ақталған және дәлелденген деген заңды сұрақ туады. Қазақ этнонимінің касог, касахия (қазақия?) атауымен байланысы туралы пікір - мейлінше декларативтік сипаттағы пікір, олардың арасында ешқандай тарихи сәйкестік болмаса да, ол пікір сөздердің үндестігінен туындайтын болжамға негізделген. Касогтар автохтондық кавказ тілдерінің біреуінде сөйлейтін абхаз-адыгей тобының ерекше кіші тобына кірген. Тілі, шыққан тегі, тұрмыс жағдайы және дене тұрпатының ерекшеліктері жағынан олардың қазақтардан және олардың түркі тілдес ата-бабаларынан айырмашылығы күшті. Касогтардың этникалық бөліну процестері және соларға байланысты Кавказдан орта ғасырлар дәуірінде Қазақстан аумағына көшуі байқалған жоқ. Касогтардың көршілері Балқанға барып қоныс теуіп, оған қазіргі Болгария атағын берген ертедегі түркі тілдес бұлғарлардың тарихи аренада атқарғаны сияқты рөл оларға берілмеді. Сондықтан касогтардың қазақтармен байланысы туралы пікір ешқандай сын көтермейді.

Әдебиетте қазақ сөзін араб тарихшысы Ибн Асам әл-Куфи айтады-мыс деген (З. В. Тоғанға сілтеме жасайтын көзқарас та бар. Біз ден қойып отырған термин Арран мен Дағыстанда хазарларға қарсы соғыс жүргізген араб қолбасшысы Марванға арналған «Китаб әл-футух» тарихи шығармасында (IX ғасырдың аяғы - X ғасырдың басы) айтылады. Еңбектің түпнұсқасында былай деп жазылған: «736 жылы Марван Касак (қазақ емес. — *Ред.*) деп аталатын жерде қыстап шықты, Кура өзенінен өтіп, Шаки қаласына беттеді»⁷⁸. Контекстен әл-Куфидің туындысында қазақ термині болмағаны, бірақ Үлкен Кавказдың таулы ауданында, Азербайжанның батысында орналасқан Касак деген жердің аталатыны көрінеді. Касак және қазақ терминдерін VIII ғасырдағы хронологиялық проблемаларға байланысты ғана емес, со-

нымен бірге бір-бірінен алшақ жатқан тарихи, географиялық және шаруашылық-мәдени өлшемдер кешені бойынша да салғастыруға болмайды.

Фин алтайшысы Г. И. Рамстедке барып тірелетін тағы бір пайымдауды көрсете кетуге болады, ол қазақ терминін монғолдың «хасаг-терген» деген сөз тіркесінен шығарады. «Қасиетті жылнамада» (XIII ғ.) айтылатын бұл қоссөзді ұғым арбаны білдірген⁷⁹. Иранист А. А. Семенов қолдаған бұл көзқарастың еш дәлелі жоқ⁸⁰. Оның иланымды болмайтын себебі - синхрондық тұрғыдан алғанда да, тарихи перспективасы тұрғысынан алғанда да «хасаг-терген» термині Қазақстанды мекендеген түркі тілділер арасында арбаның атауы ретінде көрініс таппаған⁸¹.

Енисейден табылған VIII ғасырдағы ертедегі түрік ескерткішінен В. В. Радлов «қазғақым оғлым» (менің асырап алған ұлдарым)⁸² деген тіркесті оқыған. Сыртқы ұқсастығы жағынан ғана емес, сонымен қатар «қазғақ» және «қазақ» терминдері мәндерінің жақындығы негізінде В. П. Юдин бұл сөздерді салыстыруға болады деген. Зерттеушінің пікірінше, «қазғақым» ұғымындағы «ғ» дыбысының VII—VIII ғасырларда түріктердің ауызекі сөзінде қолданылуы әбден мүмкін, ал кейініректе түсіп қалып, бұл сөздің қазақ түріне ие болуы ықтимал. Ол «қазғақ» түріндегі «қазақ» терминін кейіннен этникалық мағынаға ие болған саяси мәні жағынан алып қараған⁸³. Бұл көзқарас түркі тілдерінің тарихи фонетикасының заңдылықтарымен үйлеспейтіндігі себепті ол бұдан кейін мамандар тобынан қолдау таппады.

Сонымен бірге нарративтік деректемелердің басқа материалдары негізінде Қазақстан аумағы шегінде шоғырланған бірнеше салыстырулар жасалды. Олардың бірі үш қарлұқ тайпасының «хасақтар» (хаски) деп оқылуы жөнінде И Маркварт⁸⁴ айтқан пікір болып табылады, зерттеушілер соңғыларын қазақ тармен салыстырды. Бірқатар авторлар қазіргі кезде де осы көзқарасты ұстанғанымен, оны дәлелденген деп санауға болмайды. Тоғыз қарлұқ тайпасының атауларын XIII ғасырдағы парсы тілдес әдебиетші Ауфидің «Джавами әл-хикаят ва лавами ар-риваят» антологиясының көрінеу бұрмаланған мәтіні бойынша Маркварт ұсынғандай оқу алдын ала, сындарлы емес сипатта болды. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда мекендеген қарлұқ конфедерациясы туралы қарастырылып отырған мәліметтер IX—X ғасырларға жатады. Неғұрлым ертеректегі жазбаша ескерткіштерден, атап айтқанда, әл-Марвазидің арабша географиялық еңбегінен алынған материалдарға В. Минорскийдің текстологиялық және салыстырмалы-тарихи талдау жолымен қарлұқтардың тайпалық құрамы жөніндегі контекстің оқылуына елеулі түзетулер енгізді. Бұл ретте, «хасақтардың» орнына «баскиль» деген негізделген конъюнктура енгізілді⁸⁵.

Араб саяхатшысы Әбу Дулафтың шығармасында «қазлақ» түрінде «қазақ» этнонимі айтылады деген пікірді көрінеу негізсіз деп санау керек. Әбу Дулаф X ғасырдың орта шенінде Қазақстан аумағы арқылы батысынан шығысына қарай Қытайға жол жүріп өткен. Түркі тайпаларына арналған «Рисалада» баяндалған саяхат туралы естеліктерін орыс тіліне Н. Н. Пантусов аударды. Аударма мәтінінде «хазлақ»⁸⁶ деген этникалық атау айтылған, ол исламдық «қазлақ» үшін прототипке айналып, сонан соң бейнебір «қазақ» түрін алған. Сонымен бірге Н. Н. Пантусовтың «харлұқ» деудің орнына «хазлақ» сөзін дұрыс оқымағанын көрсете кету қажет, қарлұқ атауының жазылуы орта ғасырлардағы араб әдебиетінде солай берілген. Сол арқылы қарлұқтар мен қазақтар арасына теңдік белгісі қойылған, бұл біліктілік емес.

Фирдоусидің (935—1020) «Шахнамасында» қазақ халқы және қазақ хан-

дары туралы айтылғаны жөнінде А. Левшиннің пайымдауы негізінде кейбір ғалымдар қазақ халқының құрылуын Х ғасырға жатқызады⁸⁷. Солай бола тұрса да, ғылыми әдебиетте шығыстанушылар парсы авторының тарихи дастанында «қазақ» термині туралы ешқандай ақпарат жоқ екенін талай рет көрсетті. Бұл түсініспеушілікті түсіндіруге болады және оған қайран қалуға болмайды, өйткені А. Левшин өз білімі қаншалықты мол болғанымен, қазақтар мен олардың ортасының тарихшысы, алайда ол парсы және араб тілдерін білмеген.

Сонымен, ұсынылатын болжамдардың көп жағдайларында салыстыруға келмейтін атаулар салыстырылды. Сонан соң, этнонимдер нақты-тарихи көзқарастардың бүкіл жиынтығында емес, қайта оқшау алып қарастырылды. Соның ішінде этникалық процестердің өзі — этностағы уақыт жағынан өзгерістер ескерілмеді. Әдетте, деректемелерде этнонимнің пайда болуы халықтың құрылу уақытымен сәйкес келе бермейді (қырғыз этнонимі мен қырғыз халқын, түрікмен этнонимі мен түрікмен халқын, русьтер мен орыстарды және т. б. салыстырыңыз). Зерттеу жұмыстарында этноним мен этностың нақты-тарихи жағдайлардағы арақатынасы проблемаларын талдап шешу қажеттігін түсіну әсте де барлық уақытта бірдей бола бермейді. Ал белгілі бір этноним этностың (тайпаның, тайпалар одағының, халықтың, ұлттың) әр түрлі жай-күйін білдіре алады. Мәселен, бәз-баяғы бір этноним (қыпшақ) жағдайында III ғасырдан XIII ғасырға дейін қыпшақ этносы этникалық дамудың әр түрлі бес жағдайында — Ішкі Азиядағы тайпадан Қазақстан аумағында қыпшақ халқы қалыптасуының аяқталу кезеңіне дейінгі жағдайда болды. XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығы қыпшақ халқының белгіленіп қалған құрылу процесін үзіп тастады. Монғолдарға дейінгі кезеңнен айырмашылығы, одан кейін қыпшақ қоғамындағы тарихи процестің дамуы олардың өзінің этникалық қалыптасуы бойынша жүрмей, олардың бөлшектенуі, ең алдымен қазақ халқының, сондай-ақ толып жатқан өзге де түркі тілдес халықтардың құрылуына қатысу арнасына түсті. Бұл кезеңде қыпшақтар этникалық дамудың енді басқа бір таксономикалық деңгейінде болды. Сөйтіп қыпшақтардың тарихи құрылған этникалық қауымдары қыпшақтардың белгілі бір этнонимі жағдайындағы серпінділігі мен өзгеруі кезінде қалыптасты. Бір этнонимді басқаларымен салыстыру жай ғана декларациялауды емес, қайта асқан дәл зерттеулер жүргізуді сөзсіз қажет етеді.

«Қазақ» сөзінің өзі қыпшақтар мекендейтін аймақта пайда болған деп санауға барлық негіздер бар. Бірқатар түркологтардың пікірі бойынша, «қазақ» терминінің бастапқы таралған жері Шығыс Дешті Қыпшақпен байланысты болған. Қыпшақ тіліне тән осы фонетикалық ресімделуінде «қазақ» сөзінің пайда болуын А. Н. Самойлович уақыты жағынан ерте дегенде XI ғасырға жатқызған⁸⁸. Жазбаша әдебиетте «қазақ» термині 1245 жылы мамлюктік Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде жазбаша деректемелер ішінде бірінші рет қолданылған деп саналып жүр. Онда «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі⁸⁹. Бұл семантика «қазақ» терминіне әлеуметтік мағына берілген және өз руынан, тайпасынан, мемлекетінен бөлініп шығып, тіршілік құралдарын соғыс істеріне қатысу арқылы тапқан индивидтерді, адамдарды білдірген деп санауға мүмкіндік берді және ол қазақшыландыру институтымен байланыстырылды. «Қазақ» ұғымының пайда болуы уақыты жағынан XIII ғасырдан неғұрлым ертерек кезге жатады деп санауға да болады, алайда жазбаша

ескерткіштерде хронологияны нақтылайтын ешқандай да тікелей деректер жоқ. Айта кетелік, бұл жөнінде жанама мәліметтер бар.

Қазаққа айналу институт ретінде ауқымды, сатылы сипатта болды. Ол түркі тайпалары арасында да, араб Шығысының (су'лук), Шығыс Еуропаның (норвег викингілері), Русь (бродниктер) және т. б. қоғамдарында да орын алды. Және де әрбір жағдайда осы әлеуметтік құбылыстың мәні бірдей болғанымен, терминологиялық өзіндік ерекшелігі байқалып отырды.

Қазаққа айналу институтының сипаттамасы мен жұмыс істеу уақытын сипаттау үшін X ғасырдағы араб географы Ибн әл-Факихтің шығармасында мейлінше қызықты мәліметтер бар, бұл шығармасында ол оғыз ханзадасы Балқик ибн Жабғудың мынадай мазмұндағы әңгімесін келтіреді: «Менің аталарымның бірі, дейді Балқик, сол кезде патша болған әкесіне ашуланып, одан бөлініп кетіпті. Ол өзіне келгендерді, жасақтарды және талап-тонауды ұнататын басқа да адамдарды серік етіп алыпты. Ол елдің шығысы жағына бет алып, адамдарға шабуыл жасап, өзінің және өз серіктерінің жолында кездескендерін қолға түсірген»⁹⁰. Бәрінен де IX ғасырға жататын қазаққа айналудың осы, тегінде, классикалық суреттеуінде Ибн әл-Факих «қазақ» терминінің синонимі ретінде арабтың «су'лук» сөзін алса керек. «Салақа» деген атпен әрекет жасайтындар бәдәуилерде тайпада өзіне орын таба алмаған, сондықтан топтар құрып, талап-тонау арқылы бақытын іздеуге аттанған кедей және алғыр адамдарды білдірген. Терминдегі айырмашылықтарына қарамастан, екі түрлі көшпелі қоғамдардағы қазаққа айналу институтының мазмұны жағынан сәйкес келуі айқын аңғарылады.

Балқик ибн Жабғу ханзаданың суреттелген әңгімесі, сірә, Сырдариядағы оғыз билеушілері жабғулардың тарихи арқауы, орта есеппен алғандағы көрсеткіштер бойынша, IX ғасыр деп белгіленетін оқиғаларымен байланысты болса керек. Өкінішке қарай, Ибн әл-Факих арабтың «су'лук» терминінің оғыз синонимін келтірмейді. Айта кетейік, оғыздарда мұндай ұғым сол кездің өзінде-ақ қыпшақтар ортасы қабылдап алған «қазақ» термині болуы мүмкін. Мұндай сілтеме оғыздар мен қыпшақтардың сан ғасырларға созылған асатығыз этникалық-саяси және этникалық-мәдени өзара байланыстарының сайып келгенде генетикалық, тілдік, әлеуметтік және шаруашылық-мәдени жақындығын қалыптастырған объективті мән-жайларынан ғана туындамайды, сонымен қатар ол жазбаша деректемелердің қосымша материалдарына да негізделген. Мәселен, XIII ғасырда хорасан түрікмендері арасында антропоним құрамында «қазақ» термині ұшырасады. «Данишкеде-и Мақкул у Манкул» кітапханасы қолжазбасы бірінің колофондағы белгіде былай деп айқын қолтаңбамен жазылған: «Бұл қолжазбаны Біләл ибн Жабрайыл бин Мұхаммед Әли ат-Туркмани әл-Қазақи сатып алған, хижраның 660 жылы»⁹¹ (яғни біздің заманымыздағы 1262 ж.). Бұл тікелей жеке есімдегі әл-қазақи сөзін, сірә, этникалық тегін (түрікменнің) көрсететін басқа нисбамен қосарластырыла ұштастырылған нисба ретінде қабылдаған жөн. Әл-қазақ терминінің түрікмен этнонимімен ұштастырылуы бұл ұғымның әдеттегідей әлеуметтік сипаты болмай, қайта этникалық сарыны болған деп санауға мүмкіндік береді.

Қарастырылып отырған есімнің өзінде, З. В. Тоганның пікірінше, хорасан түрікмендері қоғамындағы қыпшақ қазақтарының өкілі айтылып отыр. Одан кейінгі уақытта Рашид ад-Дин Раб-и-Рашидидің хорезм-хорасан жазбасына жататын «Вақф-наме» деген жазбаша құжатында сөзсіз этникалық сипаты бар «қазахлу», «қазахлар» атауының кездесуіне қарағанда, бұл аймақта

қазақтар айтарлықтай топ болған. Ол кезде «қазақ» түрі қыпшақтардың тіл нормаларына сәйкес келсе, түрікмен-оғыз ортасына «қазақ» деп жазылған терминнің заңды болғаны атап өтерлік.

Баяндалған материал ІХ—Х ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында «қазақ» атауымен әлеуметтік, ал ХІ—ХІІ ғасырларда этникалық-әлеуметтік топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда бұдан монғолдардан бұрынғы уақытта қазақ этносының қалыптасуы туралы, оның бер жағында қазақ халқының құрылуы туралы тұжырым жасамаған жөн. Оның бер жағында басқасы да айқын ХІ—ХІІ ғасырларда қыпшақ тайпаларының топтасуы қазақ қауымдастығы қалыптасуының маңызды кезеңі болды. ХІ—ХІІ ғасырларда Қыпшақ хандығында этникалық процестердің даму барысында қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасады.

Монғолдардың жаулап алуы қыпшақ тайпаларының едәуір топтарын Дешті Қыпшақ шегінен бытыратып жіберді. Қыпшақтардың орын ауыстыруы қазақ терминінің орын алуына және оның әмбебап мәнге ие болуына себепші болды. «Қазақ» сөзі тұтас алғанда алуан түрлі еріктілерді айту үшін қолданылды. Ол кезде этникалық және мемлекеттік кедергілерге қарамай қазаққа айналып, қазақ бола берді. Мұсылман деректемелерінде түрік халықтарында қазаққа айналу — қазақлық институтының кең таралғаны атап өтілген. ХІV ғасырдың басында байырғы дәстүрлер жаңғыру барысында қыпшақ тайпасы ұйытқы болған жергілікті этникалық негізде алғашқы ірі мемлекет Ақ Орда құрылды. Ақ Орда этникалық құрамы жағынан қазақ халқы болса да, оның атауы деректемелерде кейінірек жазылып, анықталды. Дәлірек айтқанда, ХV ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы құрылғаннан соң, халықтың этногенез процесінің күрделі ерекшелігінің бірі болып табылатын «қазақ» атауы этникалық маңызға ие болды.

6. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІ. ЭТНИКАЛЫҚ АУМАҚ

Кез келген этноәлеуметтік организмнің (ЭЭО) өз аумағы шегінде экономикалық байланыстардың белгілі бір қауымдастығы болады. Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының құрылу, қалыптасу дәуіріндегі белгілі бір шаруашылық-мәдени үлгі (ШМУ)⁹², этносаяси процестер негізінде қалыптасқан ірі этноаумақтық тайпалар бірлестіктері (немесе одақтары) — жүздер этноәлеуметтік организмнің жоғары санаттарының бірі болды. Қазақтар тарихындағы мұндай бірлестіктер — Ұлы жүз, Орта Жүз және Кіші жүз.

Жүздер халқының негізгі кәсібі Евразия далаларында ерте заманның өзінде-ақ қалыптасқан өзінше бір шаруашылық-мәдени үлгі — көшпелі мал шаруашылығы болды. Ал егер этносаяси процестер жайында айтар болсақ, олар Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдардың тарихымен, бірін бірі ауыстыруымен байланысты, ол жөнінде алдыңғы тарауларда жеткілікті дәрежеде айтылды.

Жүздердің пайда болу себептері туралы әдебиет көп, бірақ олардың ең ертеректе айтылуы ХVІІ ғасырдың аяғына жатады⁹³. Жүздердің тарихымен көптеген зерттеушілер айналысты және айналысып келеді, ал бұл мәселе жөніндегі пікірлер әр түрлі. Мысалы, С. А. Аманжолов ертедегі қазақ жері үш жүзге монғолдарға дейінгі кезеңде — Х—ХІІ ғасырларда бөлінді деп санайды⁹⁴. Н. А. Аристов бұл процесті жоңғар шапқыншылығы дәуіріне жатқыза-

ды⁹⁵. Ш. Ш. Уәлиханов қазақтардың «үш жүзге» бөлінуі «...өздері көшіп жүретін жерлерде өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін одақтар құрған...» «ала-сапыран кезге» (Алтын Орданың ыдырау кезеңіне. — *Ред.*) байланыстырады⁹⁶.

Ш. Ш. Уәлихановтың жүздер пайда болуының себептері, уақыты туралы пікірі шындыққа мейлінше жақын, оған кейінгі тарихшылардың көзқарастары да жақындайды. В. В. Бартольд жүздердің пайда болу себепін қоршаған табиғатқа байланысты көшпелі мал шаруашылығын жүргізу жағдайларының айырмашылығында деп біледі. Осындай аудандардың бірі — Жетісу және Сырдарияның орта ағысы, екіншісі — Сарысу өзені мен Сырдарияның төменгі ағысы, үшіншісі — қазіргі Батыс Қазақстан аумағы болатын⁹⁷. В. В. Бартольдтің пікірінше, жүздердің құрылуына да осылайша окшаулану себеп болған.

В. В. Бартольдтің пікірін М. Вяткин қолдап және одан әрі дамытып, географиялық фактормен қоса саяси процестер де зор рөл атқарғанын айтты. «Жекелеген ордалардың ерекше саяси одақтар ретінде қалыптасуын...» М. Вяткин XVI ғасырдың аяғына жатқызады⁹⁸.

«Бізде, — деп жазады Т. Сұлтанов, — жүздердің қашан және қалай құрылғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Шығыстың азын-аулақ деректемелерінде қазақтар туралы ешнәрсе айтылмайды»⁹⁹. Бұдан кейін Т. Сұлтанов XVI ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамы ұйымдасуының бір нысаны екінші нысанымен — Ұлыс жүйесінің жүздермен біртіндеп ауысуы орын алған деп жорамалдайды¹⁰⁰.

«Жүз» терминінің шығу тегі туралы нақты пікір және қазақ жүздерінің пайда болу уақытын анықтаудағы үйлесімді келісім осы кезге дейін болмай отыр. Қазақстан тарихының осы күрделі де маңызды проблемаларын зшу мен шешу бөлігі міне осында жатқан болуы мүмкін. Көптеген зерттеушілер қазақ «жүзін» арабтың «джуз» — бір нәрсенің «басты бөлігі», «тармақ» деген сөзімен сәйкестендіреді¹⁰¹. Алайда араб деректемелерінде тайпалар одақтары (бірлестіктері) аумақтарының бір бөлігі ретіндегі жүздер туралы ешқандай мәліметтер жоқ. Олар орта ғасырлардың аса ыждағатты тарихшылары Рашид ад-Дин (XIII—XIV ғғ.) мен Фазлаллах ибн Рузбиханидың (XV—XVI ғғ.) шығармаларынан да табылмайды.

Махмұд бен Уәлидің 1634—1641 жылдарда жазылған шығармасында Шайбани хан өлгеннен кейін оның ұлы Баһадүр «осы ел мен ұлысқа басшылық ете бастады» делінген. Және одан әрі: «...ол қыстауы мен жайлауы үшін Ақ Орданы тандап алды, ол әрі Йуз-Орда ретінде де белгілі», — дейді¹⁰².

В. П. Юдин Йуз-Орданы қазіргі қазақтардың «жүз-ордасына» теліп, бұл арада ертеде «йуз» терминінің болғаны туралы айтылуы мүмкін, бірақ оны жүздер уақытымен ешбір байланыстыруға болмайды дейді¹⁰³.

«Йуз-орда» — «жүз-орда» қоғамның ұйымдық құрылысын көрсететініне және өткен кездерге мұқият шолу жасау оның түп-тамыры Евразия далалары кеңістігіндегі ертедегі мемлекеттердің құрылысында жатқанын анықтауға мүмкіндік беретіні күмәнсіз. Б. з. б. III ғасырдың аяғы — б. з. II ғасырдың басында күш-қуаты кемеліне келген Ғұн державасы екі бөлікке — шығыс және батыс бөліктеріне бөлінген 24 тайпаның одағынан құралған. Әрбір тайпаның өз жері болған. Ең маңызды істер жалпы көсемді де сайлайтын жалпы ғұн кеңесінде шешілген. Ғұн әскерін ондықтарға, жүздіктерге, мындықтарға бөлу сол кездің өзінде-ақ қалыптасқан¹⁰⁴.

Мемлекетті екі бөлікке бөлуді ғұн әскерлері құрылысының ондық

есебімен бөліну жүйесін жуан-жуань¹⁰⁵ тайпаларының қуатты одағы, ертедегі түрік қағанаты қабылдаған. Батыс түрік елінің толис-тардуш, екі қанаты жүйесі¹⁰⁶ монғол қоғамы ұйымының негізіне алынған Шыңғыс-хан өз империясының, соның ішінде жаулап алынған жерлердің де әскери жүйесінің негізіне аумақтық және рулық тұрмыс негізін қалады: шаңырақтардан жүздер, мындар, он мындар құралды¹⁰⁷. Монғолдардың ескі ғұрпы бойынша әскер үш бөлікке: орталық — кэль, сол қанат немесе сол жақ қол (шығыс жағы) — зюнгар, оң қанат немесе оң жақ қол (батыс жағы) — бэрунгар бөліктеріне бөлінген.

Боғыршыны оң жақ қолдың (батыс жағының) билеушісі қызметіне тағайындаған кезде Шыңғыс-ханның төменде келтіріліп отырған «...түменбасы бол да, осы батыс жағын алтын тауларға (яғни Алтайға дейін) басқар» деген сөздеріндегі «түменбасы» (он мындық әскер корпусының командирі) сөзіне назар аударыңыздар. Мұқалиді ол сол жақ қолдың (шығыс жағының) түменбасы етіп тағайындаған¹⁰⁸.

Бұл арада «түменбасы» деген сөзді Шыңғыс-хан оның сөзбе-сөз мәнінде емес (қанатқа бірнеше корпус енген), қайта әскери-аумақтық шен мағынасында қолданған.

Мұндай әскери мағынадағы әкімшілік-аумақтық бөлініс Алтын Орда ыдырағаннан кейін де сақталған және қазақ халқының этногенезі мен құрылуы кезеңінде де сақталғаны күмәнсіз. Кезінде Ақ Орданың Жошы ұрпақтарының сол қанаты болғанын айтудың өзі жеткілікті. Баһадүр кезінде ол Йуз-Ордаға сәйкес келеді — бұрынғы ондық жүйе сақталады.

Сонымен, Алтын Орданың ыдырауы мен жаңа этноәлеуметтік организмнің құрылуы кезеңіндегі әскери-аумақтық құрылымдардың шамамен алынған схемасы мынадай болған (кеми беретін рет бойынша): Орда — қанат (жақ) — йуз-жүз (жүздің — қанаттың әлдебір бөлігі мағынасында). Уақыт өте келе монғолдардың үшке бөлінген әскери-аумақтық ұйымының орнын этноаумақтық құрылымдар басып, оларда экономикалық-географиялық және этносаяси факторлар ұйымдастыру негізіне айналады, бұл Йуз-Орда мысалынан көрінеді. Жүзге бөліну принципі кейінгі мемлекеттік құрылымдар мен Қазақ хандығының негізіне алынған.

К. А. Пищулина Ақ Орда мен Моғолстан кезеңінде (XIV ғасырдың екінші жартысы — XV ғасырдың бірінші жартысы) сол мемлекеттер тайпаларының этникалық тұрақтануы орын алды және «Қазақстан халқы этникалық жағынан барған сайын біртекті, көпшілігі түрік тектес болды...» деп жазады¹⁰⁹. Қазақстан халқының XIII ғасырда монғолдардың шапқыншылығы үзген этносаяси және шаруашылық-мәдени даму дәстүрлері қайта жанданып, екі қазақ жүзінің: Ұлы (Жетісу және Моғолстанның басты бөлігі) және Орта (Орталық Қазақстан және Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандары) жүздерінің қалыптасу орталықтарына айналды¹¹⁰. Бұған үшінші орталық — Кіші жүз қалыптасқан Батыс Қазақстанды да қосу керек.

Алтын Орда ыдырағаннан кейін Маңғыт ұлысы едәуір салмаққа ие болды, ол Едігенің мұрагерлері кезінде (XV—XVI ғғ.) бұл ордада ноғайлар санының өсуі себепті Ноғай Ордасы деп атала бастады, оның осындай салмақ алуы маңғыттардың монғол тайпаларының біржола түріктенуіне әкеп соқты. Ноғай Ордасына түрік тайпалары: қыпшақтар, қаңлылар, қоңыраттар, керейіттер, наймандар, арғындар және басқалар¹¹¹, яғни қазақ халқының құрамына кірген тайпалар ұйытқы болды. Қазақтар мен ноғайларды тілдерінің

жақындығы ғана емес, материалдық және рухани мәдениеті де туыстастырады. Бұл этностардың жері де шектес болатын: «...Хвалын теңізі мен Астрахан арасында казак ордалары және Жайықтың басынан Еділге қарай үлкен ноғайлар»¹¹² орналасқан. Ноғай ордасындағы XVI ғасырдың екінші жартысындағы өзара қырқыстар Ноғай ордасының ыдырауына¹¹³, олардың бір бөлігінің Кавказға (Кіші Ноғай ордасы немесе Кизи ұлысы) көшіп кетуіне әкеп соқты, ал Жайық өзенінде қалған ноғайлар (бұрын 1563 жылы бекзада Жүсіптің балалары өлтірген сұлтан Ысмайылдың қоластындағылар) казак халқының құрамына және оның этноаумақтық бөлігі — Кіші жүзге кірді.

Қазақтардың ру басыларының сөздерінен жазып алынған әскери қызмет атқарған адамдардың хабарларын деректі деректемелер тобына жатқызып, оларды өткен ғасырларға (мәселен, XVI—XVII ғасырларға) аударуға болады, өйткені көшпелі қоғамның рулық-тайпалық құрылымы тіпті өзгерген түрінде де өздерінің негізгі сипаттамаларын сақтап қалады, ал олардың сыртқы көрінісі — рулық схеманың негізгі таксономикалық деңгейлері өзгермейтін қасиеті болады.

Әскери қызмет атқаратын адамдар Т. Петров пен И. Кунициннің Қалмақ даласына барған кезінде көргендері туралы «сұрап алынған сөзінде»: «...қазір Қалмақ жерінде казактардың Үлкен ордасы мен Қырғыз ордасының бодандықта екенін және оларға құлақ асатынын көрдік...»¹¹⁴. Бұл хабар 1616 жылы айтылған және казактардың Үлкен (Ұлы) ордасы туралы ең ертеректегі айтылған сөз болып табылады. Егер Үлкен орда болса, оның антиподы — Кіші орда өзінен-өзі сұранып тұрады. Тарихта мұндай мысалдар болған — Ноғай ордасы ыдыраған кезде екі: Жайық өзенінде — Үлкен, ал Солтүстік Кавказға кеткендерден Кіші ноғайлар (Кіші Ноғай ордасы немесе басшысының атымен Кизи ұлысы) құралғанын-ақ еске алайық.

1731 жылдың аяғында казактардың бодандығы туралы келіссөз жүргізу үшін Кіші жүзге келген тілмәш М. Тевкелев Бөкенбай батырдың айтуынан: «...Қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда) тұрады» деп жазып алған¹¹⁵.

Орынбор экспедициясының (1734 ж.) бастығы И. Кирилловтың хабарында казак жүздері туралы жалпы түсінік бар¹¹⁶.

XVIII ғасырдың аяғындағы құжаттарда казак жүздері туралы мейлінше толық түсініктер бар, оларды неғұрлым ертеректегі ғасырлар туралы айтқанда келтіруге болады, өйткені казактардың этникалық жерінің қалыптасуы — ұзаққа созылған процесс және ол алдыңғы ғасырлар ішінде жүріп жатты. Тайпалар шекараларының тоғысқан жерлерінде әлдебір өзгерістер болуы мүмкін, бірақ жүздердің аймақтары, олардың сипаты сақталып қалды, өйткені жүздер жинақтап алғанда казак халқының біртұтас аумағы болып табылатын салыстырмалы болса да, тұрақты этноаумақтық құрылым.

Орынбор генерал-губернаторы Г. Волконскийдің «Қырғыз-қайсақ ордаларының жай-күйі туралы түсінігінде»¹¹⁷ және XVIII ғасырдың аяғына жататын «Капитан Андреевтің Орта орданың шығу тегі... туралы суреттемелерінен үзіндіде» этникалық аумақ пен оны мекендеген тайпалар туралы мейлінше қызықты мәліметтер бар.

Г. Волконскийдің мәліметтеріне қарағанда, Үлкен орда (Ұлы жүз) алты тайпадан: дулат, сіргелі, сары үйсін, жалайыр, қаңлы және шанышқылы тайпаларынан тұрған¹¹⁸. Г. Волконскийде Ұлы жүздің ірі тайпалары: албан, шапырашты, суан, ысты, ошақты туралы мәліметтер жоқ. Мұны Ресей бо-

дандығына ру басыларының бәрі бірдей ықылас білдіре қоймағанымен және оның үстіне Қазақстанның оңтүстік-шығысында әскери-саяси жағдайдың күрделі болуымен түсіндіру керек. Циндік Қытайдың 1745 жылы Жоңғар хандығына күйрете соққы бергеніне қарамастан¹¹⁹, ойраттар әлі де күшті еді. Қытай тарихшысы Вэй Юань төрт хандық (дұрысында: үлестер. — *Ред.*) туралы хабарлаған, олардың екеуі Ұлы жүздің аумағында болған, олар: ордасы Іле өзенінде орналасқан шоростар, Үрімшідегі хошоуттар еді. Жоңғарларды қуып шығу XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басына дейін созылды.

Г. Волконскийдің хабарлауына қарағанда, шаңырақ саны 40 000 болатын дулат тайпасы Қытаймен шекара маңында, Құлжа, Қашғар, Кукон ауданында, Жоңғария жерінде (автор жоңғарлар басып алған жерді айтып отыр. — *Ред.*), сондай-ақ Талас, Ангрен, Шыршық өзендері бойында, Шыңғыс-Шаған тауларында көшіп жүрген.

Құрамында 20 000 шаңырақ бар сіргелі тайпасы жаздыгүні Түркістаннан Ақмешітке қарай, Сырдария мен Қуандарияның жоғарғы ағыстарында, Алакөл мен Аунамаз көлдерінің төңіректерінде көшіп жүреді. Бұл тайпа көшпелілерінің қыстаулары Сарысу және Қараша өзендерінің бойында болған. 70 000 шаңырағы бар сары үйсін және жалайыр тайпалары сіргелі тайпасымен аралас көшіп жүреді. Шаңырақ саны 3000 болатын қаңлы және шанышқылы тайпалары Сырдария жағалауынан Ташкент жағына көшеді¹²⁰.

Бұл жерде қатаған тайпасы туралы аздап айтып өту керек. Ш. Ш. Уәлиханов «Қоқан хандығы туралы жазбасында» шанышқылы (Уәлихановта «чанчк-лы») және қатаған тайпалары бір тайпа дейді. Бұдан әрі ол Үлкен орданың қатаған және қаңлы рулары Ташкент төңірегінде көшіп жүреді және «Ташкент аймағы әскерлерінің негізін құрайды, бұл орайда қаңлылар зекет төлейді және қажет болған жағдайда қосымша әскер береді деп жазады¹²¹. Сөйтіп қатағандар әскердің пұрсатты бөлігі болған және бұл осы тайпаның тағдырында қасіретті рөл атқарған.

XVI ғасырдың аяғында-ақ Сұлтанғазы сұлтан бастаған қатаған тайпасының қазақтары Қашғарияға кеткен. Ғазы сұлтанның ұрпақтары Қашғарияда маңызды мемлекеттік қызметтер атқарды, ал қатағандар қашғарлықтардың Есім хан қазақтарына қарсы соғысына қатысты. XVII ғасырдың бірінші ширегінде қатаған-қазақтардың қалдықтары Ташкентте билікті басып алған Тұрсын-Мұхаммедке бағынды. 1628 жылы Есім хан Тұрсын-Мұхаммедке өлтіріп, оның қатағандарын қырып тастады¹²². Ш. Уәлиханов қатағандар деп санайтын шанышқылылар қазақтардың арасында жеке болыс болған жоқ, олардың бірлі-жарым шаңырақтары, олардың қаңлы тайпасымен бірге көшіп жүрген жағдайындағы сияқты, басқа рулардың қауымына қосылған.

Г. Волконскийдің мәліметтеріне қарағанда Үлкен ордада (Ұлы жүзде) 133 000 әулет болған¹²³.

Г. Волконскийдің мәліметтерінде Орта жүздің барлық алты тайпасы аталады: олар — арғындар, наймандар, қыпшақтар, керейлер, уақтар және қоңыраттар.

Саны 35 000 шаңырақтан тұратын наймандар Қытаймен шекара маңында, Тарбағатай тауларында және Ертіс бойында көшіп жүрген, 900 шаңырақтың жайлауы Есілдің жоғарғы ағысында, ал қыстаулары Торғай маңында, Алакөл көлінде, Жыланшық өзенінің сағасында болған, 10 000 шаңырақ Торғай мен Есіл бойында, Ұлытау тауларында, Қаракұмда, Сырдарияда көшіп жүрген. 15 000 шаңырақ наймандар мен қоңыраттар Шажығай, Көксу, Қаратал

өзендерінің кеңістігінде, Актуар тауларында бірге көшіп, қыс кезінде Түркістан мен Ташкент төңірегіне кеткен.

30 000 шаңырақ арғындардың қыстаулары Баянауыл, Қызылтау, Далба, Үкітіқазлық, Шыңғыстау, Шаған тауларында, Торғайдың жоғарғы ағысы, Ұлытауда болған, ал жазда олар Ерейментауға және Нұра, Жиделісу өзендеріне көшіп барған; 9000 шаңырақ Ертісті бойлай көшіп жүрген, 4000 шаңырақ Ішқоңыр құмы мен Шу өзені бойында қыстап, жаздыгүні Сарысу өзеніне және Есіл өзенінің жоғарғы ағысына кетіп отырған. 11 000 шаңырақ арғындар Есіл өзенінің бойында, Көкшетау мен Мұқшатауда қыстап, көшіп жүрген. 80 000 шаңырақ арғындар Обаған өзенінің бойында қыстап, жаздыгүні Торғай мен Тобыл бойына көшіп барған, 6000 шаңырағы Аят өзенінің бойында көшіп жүріп, қыста Сарыбұтан өзенінің бойындағы торғай даласында, Тосын құмдарында қыстаған.

Саны 1000 шаңырақ болатын қыпшақтар — Есіл, Обаған өзендерінің бойында, 7000 шаңырағы Тобыл, Аят өзендерінің бойында көшіп жүрген, ал қыстаулары Ұя өзенінің бойында және Степной бекінісінен Усть-Үй бекінісіне дейінгі казак линиясы тұсында болған. 3500 шаңырақ қыпшақтар жазда Орынбор линиясына қарай Аманқарағай және Белібай алқабына, ал қыста Шиқияк және Торғай өзендерінде Қаракұмның ортасына дейін барып көшіп жүрген. 2000 шаңырақ қыпшақтар жаздыгүні Торғай, Мойынды өзендерінің бойында, Обағанның жоғарғы ағысында көшіп-қонған.

1000 шаңырақ керейлер Ұя, Тоғызак өзендерін бойлай көшіп, Верхнеуральскіден Степной бекінісіне дейінгі линия маңында және солардың тұсындағы далада қыстаған, 4000 шаңырақ керейлер жаздыгүні Есілдің шығыс жақ жағалауын бойлай көшіп, Звериноголовск және Пресногорьковск бекіністерінің тұсындағы Обаған өзеніне қараған далада қыстайтын болған.

Орта жүздің екі тайпасы — керейлер мен уақтар және Кіші жүздің 8000 шаңырақ болатын жетіру тайпасы Есіл өзенінің бойында, Жайылма көлінің маңында көшіп жүрген де, қыста Ертіске кеткен¹²⁴.

Г. Волконскийдің мәліметтерінде Өскемен бекінісінен Семей бекінісіне дейін Ертіс бойында, Тарбағатай тауларында көшіп жүрген керейлер туралы айтылмайды. Талицк және Долон форпостарының арасында Ертіс бойында көшіп жүрген уақтар туралы және Шығыс Қазақстандағы керейлер мен уақтар қоныстанған басқа жерлер туралы да ешнәрсе жоқ. Бұл олқылықты капитан Андреевтің мәліметтері толтырады, бірақ өкінішке қарай, оларда көшпелі шаңырақтар саны айтылмаған¹²⁵.

Г. Волконский келтірген Орта жүз қазақтары 159 000 шаңырақ болған.

Кіші орда (Кіші жүз) ірі-ірі үш ру бірлестігінен: байұлы, әлімұлы және жетірудан тұрған. 1200 шаңырақ байұлының жазғы жайлауы Қаракұмның батыс жағында болып, Сырдарияда, 7200 шаңырағы Троицк және Орск бекіністері маңында қыстап жүрген; байұлының 13 000 шаңырағы мен жетіру тайпасының 28 000 шаңырағы Торғай, Қарасқай өзендері бойында көшіп, Сырдарияның сол жақ жағалауындағы Тұмарлық, Қызылтал алқабында және Жаңадария бойында қыстаған. 10 000 шаңырақ адайлар, масқар руының 3000 шаңырағы және байұлы тайпасының шаңырақ саны 10 000 болатын басқа рулары жазда Жайық және Жем өзендерінің аралығында, Бұлдырты, Жосалы, Шыңғырлау және басқа өзендерде Қобда өзеніне дейін жайлаған. Олар Маңғыстауда, Жайықтың, Жемнің сағаларында, Орал казактары линиясының бойында және басқа жерлерде қыстаған.

Әлімұлының 18 500 шаңырағы Ырғыз өзенінің бойынан Қаратауға дейін көшіп барып, Сырдарияда, Қуандария мен Жаңадарияда, 11 000 шаңырақ Қарақұмның арғы жағындағы Құлақшы, Барбы-Қайрақты көлдерінің маңайында және басқа жерлерде, Ырғыз өзенінің бойында, басқа да жерлерде қыстап жүрген. Әлімұлы тайпасының әр түрлі руларынан тұратын 22 000 шаңырақ жазда Каспий теңізі алқабында, Жем, Темір, Сағыз, Ойыл, Қобда өзендерінің бойында Жайық өзеніне дейін көшіп барып, қысты Сырдария бойының алқабында, Арал теңізінің жағасында, Қарақұм қамыстары ішінде, Жем бойында және басқа жерлерде өткізген. Шөмекей (әлімұлы) руының 2200 шаңырағы жазда Елек және Ор өзендерінің жоғары ағыстарында көшіп жүріп, Жайық өзенінің бойында Верхнеозерной бекінісіне дейін барып қыстаған.

Табын (жетіру) руының 300 шаңырағы Сырдариядан Қарақұм арқылы Торғай және Тобыл өзендеріне қарай көшіп, Сырдариядағы Қорқыт, Қуат алқабында және басқа жерлерде қыстайтын болған. Жетіру тайпасының керейіт руына жататын 4000 шаңырақ Сырдарияда қыстап, жаздыгүні Ырғыз өзеніне Қарашатауға дейін барып жүрген. 4000 шаңырақ табындар Арал теңізінің жағасында және Каспий теңізі жағында қыстап, жаз кезінде Жем жайылымдарына кеткен. Жетіру тайпасының 12 000 шаңырағы жаздыгүні Орал линиясы тұсында көшіп жүріп, Жайық өзенін жоғары қарай бойлап, Орынборға дейін барып қыстаған, ал 7000 шаңырақ Көмек өзені бойында, Қарашатауда және Тобыл өзенінде көшіп жүрген де, Жайықты жоғары өрлеп, Верхнеозерный бекінісінен Верхнеуральск бекінісіне дейінгі жерде қысты өткізген. Рамадан руының 300 шаңырағы Кіші жүздің басқа рулары арасында көшіп жүрген.

Кіші жүзде барлығы 165 700 шаңырақ, ал үш жүзде 458 100 шаңырақ болған¹²⁶.

Ал XVIII ғасырдың аяғына қарай — ұлы қасірет («Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», 1723 ж.) кезінде — жоңғарлар шапқыншылығы және бір ғасырдан астам уақытқа созылып, көптеген қазақтардың өмірін қиған оларды қуып шығу кезінде қазақтар саны қанша болған? Егер 1 шаңырақта 3 адам болады деген коэффициентті алсақ, Ұлы жүзде — 399 000 адам, Орта жүзде — 478 200, Кіші жүзде — 497 100, ал үш жүзде барлығы 1 млн 374 300 адам болып шығады¹²⁷.

Алайда Г. Волконскийдің мәліметтерін түпкілікті мәліметтер қатарына жатқызуға болмайды. Албан, шапырашты және басқалар (Ұлы жүздегі) сияқты ірі тайпалар жөнінде мәліметтер жоқ, Орта жүз бойынша мәліметтер толық емес және т. т. Шаңырақтар мен оларда тұратын қазақтар санының көбірек болғаны күмәнсіз және Г. Волконскийдің хабарлауы кезіне қарай қазақтар кемінде 2 млн адам болған деп кәміл сеніммен топшылау керек.

Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана. Соматологическое исследование. Алма-Ата, 1982.

²*Исмагулов О. Этническая геногеография Казахстана (серологические исследования). Алма-Ата, 1977.*

³*Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). Алма-Ата, 1970; Соныкі. Этническая геногеография.; Соныкі. Этническая антропология Казахстана.; Исмагулов О., Сихимбаева К. Этническая одонтология Казахстана. Алма-Ата, 1989.*

⁴*Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI в. Вопросы политической и социально-экономической истории. Алма-Ата, 1977.

⁵История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк). Алматы, 1992.

⁶*Гинзбург В. В.* Краниологические материалы из Северного Казахстана и вопросы происхождения ранних тюркских кочевников // Доклады советской делегации на VI Международном конгрессе антропологов и этнографов. М., 1960.

⁷*Исмагулова А.* Краниологические материалы современных казахов Западно-Казахстанской области // Известия НАН РК. Серия общественных наук, 1994, № 1.

⁸*Грач А. Д.* Древние кочевники в Центральной Азии. М., 1980, 94-б.

⁹*Грязнов М. П.* Аржан. Царский курган раннескифского времени. Л., 1980; *Руденко С. И.* Культура населения Горного Алтая в скифское время. М.-Л., 1953; *Соныкі.* Культура населения Центрального Алтая в скифское время. М.-Л., 1960; *Акишев К. А.* Курган Иссык. М., 1978; *Пьянов И. В.* Саки. Содержание понятия. // Известия отделения общественных наук АН Тадж. ССР, 1968, № 3.

¹⁰*Гафуров Б. Г.* Некоторые проблемы этнической истории народов Центральной Азии в древнейший период // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности (II тысячелетие до н. э.). М., 1981, 581-б.

¹¹*Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992, 30-б.

¹²*Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан... 31-б.; *Грантовский Э. А.* «Серая керамика», «расписная керамика» и индоиранцы // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности (II тысячелетие до н. э.). М., 1981, 259-б.; *Гришман Р.* Иран и миграция индоариев и иранцев // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности (II тысячелетие до н. э.). М., 1981, 143-б.; *Грозный Б.* Доисторические судьбы Передней Азии // Вестник древней истории, 1940, № 3-4. С. 43-45; *Фрай Р.* Наследие Ирана. М., 1972, 19, 42-б.

¹³*Членова Н. Л.* Археологические материалы к вопросу об иранцах до скифской эпохи и индоиранцы // Советская археология, 1984, № 1.

¹⁴*Бұл да сонда,* 91-95-б.

¹⁵*Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан..., 31-б.; *Фрай Р.* Наследие Ирана..., 67-68-б., 233-б.

¹⁶*Аманжолов Алтай.* Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., 1996.

¹⁷*Гинзбург В. В., Дебец Г. Ф., Левин М. Г., Чебоксаров Н. Н.* Очерки по антропологии Казахстана // Краткие сообщения Института этнографии АН СССР, 1952. Вып. 16; *Гинзбург В. В., Трофимова Т. А.* Палеоантропология Средней Азии. М., 1972; *Исмагулов О.* Население Казахстана.; *Соныкі.* Этническая геногеография.; *Соныкі.* Этническая антропология.; *Исмагулов О., Сихимбаева К.* Этническая одонтология.; *Алексеев В. П.* География человеческих рас. М., 1974; *Соныкі.* Географические очаги формирования человеческих рас. М., 1985.

¹⁸История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. Том 1, 1996; Том 2, 1997.

¹⁹*Мункуев Н. Ц.* Заметки о древних монголов. // Татаро-монголы в Азии и Европе. М., 1977, 378-385-б., 402-б. (прим. 7); Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. М., 1957, 114-115-б., 180-б.; *Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. М., 1985, 156-б.

²⁰*Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, кн. I, М.-Л., 1952, 105-б.

²¹*Егоров В. Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв., 158-б.

²²*Бұл да сонда,* 157-158-б.

²³*Бұл да сонда.*

²⁴*Сандаг Ш.* Образование единого Монгольского государства и Чингиз-хан // Татаро-монголы в Азии и Европе, 34-б.

²⁵*Фазлаллах ибн Рубихан Исфакани.* Михман-наме-йи Бухара. М., 1976, 123-б.

²⁶*Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, кн. 2, М.-Л., 1952, 266-б.; *Мункуев Н. Ц.* Заметки о древних монголах, 394-395-б.

- ²⁷ *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. т. I, М. 1963, 471-472-б.; *Мункуев Н. Ц.* Заметки о древних монголах, 396-б.
- ²⁸ СМИЗО, т. II, 82-83-б.
- ²⁹ *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, кн. 2, 274-275-б.
- ³⁰ *Бартольд В. В.* Туркестан... с. 474, 481-484.
- ³¹ Мәселен, Батыйдың Руське 1235 жылғы жорығына 139 мың адам, ал Батыйдың шөбересі Токта хан мен Жошының жетінші ұлы Бувалдың немересі Ноғайдың арасында өткен шайқасқа екі жақтан 900 мың адам қатысқан. Дерек мәліметтері Н. Ц. Мункуевтің анықтамасы бойынша жасалынған. Көрсетілген еңбегі, 397-б.
- ³² *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, М.-Л., 1962, т. II, 66-б.
- ³³ СМИЗО, т. II, 84-85-б.
- ³⁴ Абулгази, изд. Демезона, т. I, 1871 г., 181-б. Изд. Саблукова Г. С. 1906, 159-б.
- ³⁵ *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. II, 81-б.
- ³⁶ История Киргизской ССР, т. I, 1984, 382-383-б.; *Абрамзон С. М.* Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., 1971, 52-б.
- ³⁷ СМИЗО, т. I, 150-б. Саксин — город на месте хазарской крепости Итиль.
- ³⁸ СМИЗО, т. II, 14-б.
- ³⁹ *Сафаргалиев М. Г.* Распад Золотой Орды. Саранск, 1960, 20-б.
- ⁴⁰ *Миллер Г. Ф.* История Сибири, т. I, М.-Л., 1937, 195-б.
- ⁴¹ The Ta'rikh-i Jahan-qusha of Ala ud-din Ata Malik-i-Juwayni. Ed by Mirza Muhammad Qazwini. Leiden — London, 1912, pt. I, p. 62-66.
- ⁴² *Бұл да сонда.* 67-68-б.; *Бартольд В. В.* Туркестан, 482-183-б.
- ⁴³ Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука, 126-б.
- ⁴⁴ СМИЗО. Т. I. 235-б.
- ⁴⁵ *Феодоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 171-177-б.
- ⁴⁶ *Юдин В. П.* О родо-племенном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // Известия АН КазССР, 1965, вып. 3, 58-61-б.
- ⁴⁷ Та'рих-и Рашиди, л. 85 б.; МИКХ, 216-217-б.
- ⁴⁸ Қараныз: *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI вв. 229-б, 236, 237-б.
- ⁴⁹ *Востров В. В., Муканов М. С.* Родо-племенной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX вв.). Алма-Ата, 1968, 22-б.
- ⁵⁰ Бахр ал-асрар, л. 132 б-133 а; *Иванов П. П.* Очерки по истории Средней Азии. М., 1958, 20-21-б, 39-б.; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков. М. 1965, 16-б.
- ⁵¹ *Муканов М. С.* Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974, 53—58-б.
- ⁵² Сведения Махмуда бен Вали приведены в кн.: *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 163-б.
- ⁵³ *Мас'уд бен Усман Кухистани.* Тарих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 312 а, б, 315 а и др.; *Камал ад-дин Бинаи.* Шайбани-наме, л. 1 б, 3 а и др.; МИКХ, 96-98-б., 143-144-б., 146-б.
- ⁵⁴ Материалы по истории киргизов и Киргизии. М., 1973, вып. I, 202-б., 210-216-б.; *Султанов Т. И.* Кочевые племена Приаралья в XV—XVII вв. М. 1982, 7—51-б.
- ⁵⁵ *Семенов А. А.* К вопросу о происхождении и составе узбеков Шайбани-хана. — МИГУСА, 1954, вып. I, 22-31-б.; *Ибрагимов С. К.* Еще раз о термине казах. — «Труды ИИАЭ АН КазССР». Алма-Ата, 1960, т. 8, 66-71-б.; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 11-17-б.; *Гафуров Б. Г.* Таджики, 547-548-б.
- ⁵⁶ *Рузбихан Исфхани.* Михман-наме-йи Бухара, л. 22 б.
- ⁵⁷ *Бұл да сонда,* л. 71 б; *Ибрагимов С. К.* Михман-наме-йи Бухара Рузбихана как источник по истории Казахстана XV—XVI вв. // ТИИАЭ АН КазССР, т. 8, 1960, 152-157-б.
- ⁵⁸ *Валиханов Ч. Ч.* Киргизское родословие. Собр. соч., т. I, 218-б.
- ⁵⁹ Та'рих-и Рашиди, л. 79 б-83 б; МИКХ, 214-216-б.

- ⁶⁰ Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан, 235-б.
- ⁶¹ Бахр ал-асрар, л. 124 б; МИКХ, 353-б.
- ⁶² Потанин Г. Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // Живая старина, II—III, 1916, Пг., 1917, 47—53-б.
- ⁶³ Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; Наджип Э. Н. Казахский язык. — Мына кіт.: Языки народов СССР. Т. VII. Младописьменные языки народов СССР. М., 1966.
- ⁶⁴ Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности; Соныкі. Этническая антропология Казахстана. Алма-Ата, 1982.
- ⁶⁵ Муқанов М. С. Этническая территория казахов в XVIII — начале XX вв. Алма-Ата, 1991, 5—6-б.
- ⁶⁶ Бул да сонда, 5—7-б.
- ⁶⁷ Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений); Пищулина К. А. Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV—XVII вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983, 174-б.
- ⁶⁸ Тынышпаев М. Материалы по истории киргиз-казахского народа. Ташкент. 1925, 31-б.
- ⁶⁹ Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара. М., 1976, 251—252-б.
- ⁷⁰ Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий, 251—258-б.
- ⁷¹ МИКХ, 180-б.
- ⁷² Карамзин Н. М. История государства Российского. СПб., т. 5, 1817, 396-б.; Vambery H. Das Turkenvolk in Seinen ethnologischen und ethnographischen Beziehungen. Leipzig, 1885.
- ⁷³ Константин Багрянородный. Об управлении государством. // Известия Государственной Академии материальной культуры. М.-Л., 1934, вып. 91, 21-б.; Minorsky V. Hudud al-Alam. "The Region of the World". London, 1937. (GMS, XI), pp. 72, 161, 422.
- ⁷⁴ Kitab at-tanbih wa-l-ischraf auctore al-Masudi, ed. M.J.de Goeje. Lugduni Batavorum, 1894.
- ⁷⁵ Marquart J. Osteuropaische und ostasiatische Streifzuge. Leipzig, 1903.
- ⁷⁶ Худуд ал-алам. Рукопись Туманского. Введение и указатель В. Бартольда. Л., 1930, л. 38а; Минорский В. Ф. История Ширвана и Дербенда X—XI веков. М., 1963, 190-б.
- ⁷⁷ Волкова Н. Г. Этнонимы и племенные названия Северного Кавказа. М., 1973, 20-б.
- ⁷⁸ Буниятов З. М. Ал-Куфи. Книга завоеваний. Баку, 1981; Ал-Куфи. Китаб ал-футух. Хайдарабад, 1968—1975, ч. 1—8.
- ⁷⁹ Козин С. А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г., т. I. М.-Л., 1941; Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов. Л., 1934, 39-б.
- ⁸⁰ Семенов А. А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана. // МИГУСА, вып. I (ТИИАЭ АН Тадж. ССР, т. XII), 1954.
- ⁸¹ Ибрагимов С. К. Еще раз о термине «казах» // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Алма-Ата, 1960, 69-б.
- ⁸² Radloff W. Die altturkischen Inschriften der Mongolei. St. Peterbourg, 1895, S. 362.
- ⁸³ Дискуссия о термине «казах» // Известия АН КазССР, серия общественная, 1968, № 2, 93-б.
- ⁸⁴ Marquart J. Uber das Volkstum der Komanen. AKGWG, Bd. XIII, No. 1, 1914, S. 42.
- ⁸⁵ Minorsky V. Sharaf al-Zaman Tahir Marzazi on China, the Turks and India. London, 1942, p. 120.
- ⁸⁶ Пантусов Н. Н. Сведения арабских географов о Средней Азии // Известия

ОАИЭ при Императорском Казанском ун-те. Т. XXV, вып. 5. Казань, 1909, 135-б.

⁸⁷ *Левшин А. И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей, ч. 2. СПб., 1832, 40-б.; *Ибрагимов С. К.* Еще раз о термине «казах», 67-б.; *Кляшторный С. К., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий, 250—260-б.

⁸⁸ *Самойлович А. Н.* О слове «казах» //Сб. «Казачи». Антропологические очерки». Л., 1927, 13-б.

⁸⁹ Ein turkisch-arabisches Glossar. Nach der Leidener Handschrift. Herausgegeben und erlautert von M. Hautsma. Leiden, Brill, 1894, p. 25, 86; *Курьшжанов А. К.* Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII века. Алма-Ата, 1970.

⁹⁰ *Ибн ал-Факих.* Китаб ал-булдан. Фотокопия Мешхедской рукописи. ИВ РАН, ФВ-202, л. 170; *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* Т. I, М.-Л., 1939, 153-б.

⁹¹ *Togan Z. V.* Londra ve Tahrandaki islami yazmalardan bazilarina dair //Islam Tetkikleri Enstitugu dergisi, qild III, quz 2-4. Istanbul, 1960, 156-б.

⁹² Шаруашылык-мәдени үлгі (ШМУ) – әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері жақын және ұқсас табиғи-географиялық жағдайларда мекендейтін түрлі халықтарда тарихи қалыптасқан шаруашылық пен мәдениет ерекшеліктерінің кешені (толығырақ қараңыз: *Чебоксаров Н. Н., Чебоксарова И. А.* Народы. Расы. Культура. М., 1985, 177—184, 205—213-б.).

⁹³ *Георги И. Г.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов. СПб., 1799. Т. II, 119—126-б.; *Рычков П. И.* История Оренбургская. Оренбург, 1896, 70-б.; *Левшин А. И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. Ч. III, 4—18-б.; *Вельяминов-Зернов В. В.* Исследование о касимовских царях и царевичах. СПб., 1864. Ч. II, 334—335, 382-б.; *Аристов Н. А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897, 45—46-б.; *Қазақ жүздері туралы қараңыз: В. В. Востров, М. С. Муканов.* Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX в.). Алматы, 1968, 9—23-б.

⁹⁴ *Аманжолов С. А.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы: Мектеп, 1959, 112—113-б.

⁹⁵ *Аристов Н. А.* Заметки об этническом составе... 45-б.

⁹⁶ *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч. Алматы: Наука, 1961. Т. I, 205-б.

⁹⁷ *Бартольд В. В.* История изучения Востока в Европе и России. Л.: 1925, 217-б.

⁹⁸ *Вяткин М.* Очерки по истории Казахской ССР. М.: ОГИЗ, 1941. 97-б. Келесі беттер: 98—102-б.

⁹⁹ *Султанов Т. И.* Кочевые племена Приаралья в XV—XVII вв. М.: Наука, 1982, 83-б.

¹⁰⁰ *Бұл да сонда,* 84—85-б.

¹⁰¹ *Григорьев В.* Караханиды в Мавереннахре. СПб., 1847, 207-б.; *Аманжолов С. А.* Вопросы диалектологии в истории казахского языка. А., 1959, 111-б.

¹⁰² Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар (Море тайн относительно доблестей благородных). Перевод К. А. Пищулина // *Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков (в дальнейшем: МИКХ).* Алматы: Наука, 1969, 347-б.

¹⁰³ *МИКХ.* 328-б.

¹⁰⁴ *Всемирная история.* М.: Политиздат. 1959. Т. II, 440—441-б.

¹⁰⁵ *Бұл да сонда,* 782-б.

¹⁰⁶ *Гумилев Л. Н.* Древние тюрки. М.: Наука. 1967, 161-б.

¹⁰⁷ *Д-р Эренжен Хара-Даван.* Чингис-хан как полководец и его наследие. Алма-Ата: Крамдс-Ахмед-Яссауи, 1992, 88—89-б.

¹⁰⁸ *Бұл да сонда,* 96-б.

¹⁰⁹ *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков. Алматы: Наука, 1977, 222-б.

¹¹⁰ *Бұл да сонда,* 213-б.

¹¹¹Алексеева Е. П. Древняя и средневековая история Карачаево-Черкессии. М.: Наука. 1971, 200–201-б.

¹¹²Книга Большому чертежу. М.-Л., 1950, 1476-б.

¹¹³Герасимов А. А. История Саратовского края в XVI–XVIII вв. Саратов-Москва, 1923, 110–111-б.; Калмыков И. Х., Керейтов Р. Х., Сикалиев А. И. М.: Ногайцы (историко-этнографический очерк). Черкасск: 1988, 23–25-б.

¹¹⁴Материалы по истории русско-монгольских отношений 1607–1636. Сб. документов. М., 1959, 53-б.

¹¹⁵Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (сборник документов и материалов). Алматы, 1961, 62-б.

¹¹⁶Бұл да сонда, 107-б.

¹¹⁷Центральный государственный исторический архив России. Ф. 1291. Оп. 81. Д. 23. (в дальнейшем: ЦГИА России).

¹¹⁸ЦГИА России. Ф. 1264. Оп. 1. Д. 316. Тексте тайпалардың қазіргі аты берілген.

¹¹⁹Сулейменов Р. Б., Мусеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века. Алматы: Наука, 1988, 32–40, 50–51, 53–54-б.

¹²⁰ЦГИА России. Ф. 1291. Оп. 81. Д. 23. Лл. 2–2 об.

¹²¹Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. Т. I, 452-б.

¹²²МИКХ. 326-б.; Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы: Рауан, 1992, 301-б.

¹²³ЦГИА России. Ф. 1291. Оп. 81. Д. 23. Л. 2 об.

¹²⁴ЦГИА России. Ф. 1291. Оп. 81. Д. 23. Лл. 2 об – 6 об.

¹²⁵Бұл да сонда. Ф. 1264. Оп. 1. Д. 315. Лл. 4 об – 5,8 және басқалары.

¹²⁶ЦГИА России. Ф. 1291. Оп. 1. Л. 23. Лл. 6 об – 13 (Г. Волконский есебінде қате жіберілген – 393 100 шаңырақ).

¹²⁷Демограф М. Тәтімов қазақтардың мынадай санын келтіреді: 1725 ж. – 2 222 000, 1845 ж. – 3 600 000, яғни өсімі – 1 378 000 адам. Осындай кезең ішінде қазақтардың шайқастарда осылай қырылуы, аштан және т. б. өлуі мүмкін бе? Мүмкін емес деп ойлаймын. М. Тәтімов деректемелерді, сандардың қайдан алынғанын келтірмейді. Сірә, бұл оның өзі жасаған есептеулері болса керек.

А л т ы н ш ы т а р а у

XV ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ


1. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Орта ғасырлардағы Қазақстан аймағында қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен дамуының қазақ халқының құралуы мен топтасуында, қазақ этносы дамуының ұзақ жолында, әсіресе оның соңғы кезеңінде, XV—XVII ғасырларда этностың тұтастығын сақтауда аса зор маңызы болды.

Қазақ хандығының пайда болуы Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Түркістанның кең-байтақ аумағындағы әлеуметтік-экономикалық процестердің заңды қорытындысы болды. Аралас экономикалы, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала шаруашылығы қалыптасқан өлкелердің табиғи интеграциясы негізінде XIV—XV ғасырларда тұтас экономикалық ауданның құрылуы аймақтың бүкіл жерінің бір саяси құрылымға бірігуіне қолайлы жағдай әзірледі. Аймақтың көшпелі және отырықшы халқының экономикалық, мәдени, қоғамдық-саяси байланыстарының нығаюы қазақ рулары мен тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне, халықтың ұзаққа созылған қалыптасу процесінің іс жүзінде аяқталуына себепші болды. Өз кезеңінде Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы шеңберінде жергілікті этникалық негізде мемлекеттіктің даму тәжірибесі қалыптасып жатқан біртұтас халықтың саяси жағынан бірігу қажет екенін түсінуіне жәрдемдесті.

Қазақ мемлекеті құрылуының объективті себептері мен шарттары осы жағдайлар болды. Ірі этникалық-әлеуметтік қауымдастықтың өзінің біртұтас әлеуметтік-аумақтық мемлекеттік ұйымын құруға ұмтылуы соңғы уақытқа — ұлттардың құрылу кезіне ғана емес, Орталық Азия аймағының қазіргі халықтары қалыптасқан орта ғасырларға да тән. Мемлекеттің этникалық қауымдастықты айқындайтын көптеген элементтерді — тіл, материалдық мәдениет, тұрмыс, тарихи зерде, халықтың ғұрпы, ойлау салты элементтерін қайта жаңғыртуда, оны дамыту мен этникалық аумағын қорғауда жетекші рөл атқаратыны белгілі.

Жоғарыда көрсетілгеніндей, XIV—XV ғасырлар соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан өмірінде ерекше маңызды кезең болды. Бұл қазақ халқының құрылуы, оның мемлекеттігінің, этникалық аумағының негізгі нобайларының қалыптасуы аяқталған кез еді. Жоғарыда монғолдар жаулап алғаннан кейінгі алғашқы онжылдықтардағы күйзелістің орнына келген шаруашылықтың қайта өрлеу фактілері атап өтілді. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың даму саласында өзгерістер орын алды. Монғолдардан кейінгі уақытта жоғарыда айтылған мемлекеттерде азды-көпті тұрақты шаруашылық жағдайларының



XV-XVII ғасырлардағы қазақ хандығы. Шартты белгілер: 1 - XV ғасырдың 60-жылдарының орта кезіндегі Қазақ хандығы; 2 - XV ғ. аяғындағы Қазақ хандығының аумағы; 3 - XVI ғ. бірінші ширегіндегі Қазақ хандығы аумағының ұлғаюы; 4 - XVI ғ. аяғындағы қазақ хандығының иеліктері; 5 - Жәнібек пен Керей хандар бастаған Ақ Орда халқы бір бөлігінің XV ғ. 50-60-жылдарында Жетісуға қарай көшуі; 6 - XVI ғ. бас кезінде Дешті Қыпшақ тайпалары бір бөлігінің Мауараннахрға көшуі; 7 - Қазақ хандығының жорықтары; 8 - Мұхаммед Шайбани ханның XVI ғ. басындағы қазақтарға қарсы жорықтары; 9 - 1582 ж. Абдаллах ханның қазақ жерлеріне жорығы; 10 - XV ғ. аяғы - XVI ғ. 40-жылдарындағы моғол хандығының жорықтары; 11 - XV-XVII ғ. ойраттардың (қалмақтардың) шапқыншылықтары; 12 - XVII ғ. бірінші жартысындағы ойраттардың (қалмақтардың) бір бөлігінің Еділге қарай көшуі; 13 - елшіліктер мен жиһанкездердің бағыттары; 14 - керуен жолдары.

қалпына келтірілуі, Орта Азияда, Иранда, Кавказ сыртында, орыс жерлерінде болғаны сияқты, Қазақстанда да қоғамдық қатынастардың үдемелі түрде ілгері басуын қамтамасыз етті. Қазақстанның бүкіл аумағында, әсіресе оңтүстік аудандарда әлеуметтік қатынастардың рулық- тайпалық белгілері мен рулық байланыстардың пәрменділігі барған сайын кеми берді, хандардың, сұлтандардың, әмірлердің, байлардың, билердің, мұсылман дінбасыларының еңбекші бұқара жөніндегі саясаты барған сайын өктем бола түсті. Ақ Орда мен басқа да аталған мемлекеттердегі әлеуметтік-экономикалық қатынастар проблемаларын әлі де жете зерттеуге тура келеді, дегенмен қоғамдық қатынастардың, әсіресе отырықшы-егіншілік дамыған аудандарда патриархаттық-рулық шеңберден біртіндеп арылуы мағынасында алғанда, ол қатынастардың дамуындағы кейбір ілгері басушылық туралы қазір де қорытынды жасауға болады. Ақ Орданың билеушісі Жошыдан тараған сұлтандар мен көшпелі тайпалардың шонжарларына үлестік иеліктер мен үлестік жерлер бөліп беру жүйесін ретке келтіру жөнінде бірқатар шаралар қолданылды. Бұл көшіп-қонудың ежелден қалыптасқан жолдарын ескере отырып, жайылымдық және егістік учаскелерді иелену және пайдалану құқығымен жүзеге асырылса да, көп жағынан алғанда дәстүрлі жер пайдалануды бұзбай қойған жоқ, өйткені сыйға тартылған сойырғалдардың өзге тайпалар көсемдерінің қолына түсуі жиі кездесетін еді.

Қоғамдық қатынастар жүйесінің одан әрі дамуы, Моғолстандағы сияқты, Ақ Ордада, сонан соң Әбілқайыр хандығында малды ғана емес, жерді де меншіктенудің нығайтылуынан көрінді. Мұны жайылым үшін барған сайын өрістей түскен күрес те растайды, бұған Әбілқайыр ханның Өзбек хандығындағы сияқты, аталған мемлекеттердің де тарихы жөніндегі жазбаша деректемелерде дәлелдер бар. Өз мемлекеттігінің құрылуына байланысты көшпелі шонжарлардың экономикалық және саяси күш-қуаты арта түсті. Қазақстанның оңтүстігінде қалалардың дамуы және қала халқын осы мемлекеттердің билеушілері мен қалаларды үлес-сойырғалға алған көшпелі шонжарлардың қанау мүмкіндіктерінің артуы, сондай-ақ мал санының көбеюі, жайылымдық жердің кеңеюі — осының бәрі шонжарлардың күш-қуаты артуы және қатардағы көшпелілердің, егіншілер мен қала тұрғындарының әлеуметтік жағынан саралануының өсуі үшін жаңа мүмкіндіктерді айқындап берді.

Моғолстандағы сияқты, Ақ Ордада да қоғамдық қатынастардың одан әрі дамуы туғызған осы құбылыстардың бәрі рулық және тайпалық байланыстарды барған сайын үзе түсіп, жекелеген этникалық топтардың этникалық жағынан араласуына, халық ретінде қалыптасудың жеделдеуіне жеткізді. Халықтардың этногенезі проблемаларын зерттеушілер барлық этностар мен халықтардың қалыптасу процесінде мемлекеттік, экономикалық, мәдени және басқа да әлеуметтік байланыстардың айқындаушы рөл атқаратынын атап көрсетеді¹. Этностың қалыптасуына әлеуметтік факторлардың ықпалы этникалық қарым-қатынасты жанама түрде көрсететін экономикалық байланыстармен ғана шектелмейді, ол қоғам дамуының басқа да көптеген қырларынан көрінеді. Егер қоғамдық өндіріс барысында материалдық игіліктерді өндіру ең алдымен этникалық қауымдастықтың физикалық жағынан өмір сүруі мен дамуына мүмкіндік берсе, халықтың түрлі топтарының экономикалық байланыстарының барысында мәдени ақпарат алмасу жүріп жатады. Экономикалық байланыстар «тиісті мемлекеттік құрылымдардың құрамдас бөліктерінің саяси қауымдастығын» нығайтады². Халықты этникалық жағынан топтастыру

мен оның өз тұтастығын сақтауы үшін оның мүшелерінің жаулап алушыларға қарсы бірлескен күресуінің, этникалық аумақты бірлесіп қорғауының зор маңызы бар.

Этностың қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық факторларының оң ықпал етуінің осы барлық көріністерін қазақ халқының құралу барысынан да көруге болады.

Қазақ халқының қалыптасу процесінің баяулауына, оның уақыт жағынан ұзаққа созылуына монғолдар жаулап алғаннан кейін Қазақстан аумағында пайда болған мемлекеттердің — әуелі монғол ұлыстарының, содан соң Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілқайыр хандығының, Ноғай Ордасының бір орталыққа бағынбауы, көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдағы қоғамдық қатынастардың баяу дамуы, сыртқы саяси жағдайлардың қолайсыз болуы (монғолдардың жаулап алуы, Темірдің және Темір ұрпақтарының агрессиялық саясаты, одан кейінгі ойрат феодалдарының Қазақстанды қаныратып кеткен, халықты тікелей қырып жойған, қоныстарды қиратқан, туыстас этникалық топтарды бөлшектеп, бытыратып жіберген шапқыншылықтары) салқынын тигізді. Қазақ халқының қалыптасуына қазақ қоғамы дамуының бүкіл барысындағы ұзаққа созылған ішкі соғыстар мен талас-тартыстар және қазақ билеушілерінің көршілес Орта Азия, Шығыс Түркістан, Сібір, Жонғария аумақтарындағы өздері жүргізген сыртқы соғыстары сияқты факторлардың да теріс ықпал жасағаны аз болған жоқ. Соғыс қимылдары объективті түрде пайда болған шаруашылық, мәдени және этникалық байланыстарды қайта-қайта үзіп отырды. Қазақ этногенезінің барысына жекелеген этникалық топтарды қалыптасқан халықтан шығарып тастаған немесе оған сырттан келгендерін қосып отырған халықтың көші-қоны айтарлықтай теріс ықпал жасады. Этникалық топтардың осылайша орын ауыстыруының халық топтасуының процесіне тежеуші ықпал жасайтыны бірқатар зерттеу әдебиетінде атап өтілген³. Моғолстанның, Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығының тарихы сондай және басқа да фактілерге толы. Сонымен бірге көші-қон этникалық тегі жағынан жақын ұжымдардың қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызды. Мысалы, Қазақстан даласы көшпелі қоғамының дамуы да, көшпелілер мен жартылай көшпелілерінің отырықшылануы сияқты нәтижелері де нақ осы бағытта болды. Жоғарыда аталған соғыстар мен талас-тартыстардың, жұттардың салдарынан қатардағы көшпелі малшылардың күйзеліске ұшырауы, әсіресе оларды Сырдария қалалары мен Жетісу ауданында, яғни ежелгі егіншілік мәдениеті ауданында отырықшы болуға амалсыздан әкеп соқтырды. Жерге отырықшыланған бұрынғы көшпелілер түркі тілді, араб тілді және басқа тілді өзге де этникалық қауымдастықтарға жататын жергілікті тұрғындармен шаруашылық, мәдени және этникалық байланыстар жасап, нақ Оңтүстік Қазақстан халқына тән өз ерекшеліктері бар этникалық топтар құрады⁴.

Біртұтас мемлекет қана халықтың этникалық құралу процесіндегі ықпалдардың әсерін жойып, оның этнос ретіндегі мәдени-шаруашылық дамуын қамтамасыз етеді.

Осыған орай көшпелілердің мемлекеттілігі туралы мәселе көтеріледі. Осы мәселе жайлы дау-дамайға тереңдеп енбей-ақ, бірқатар зерттеушілер көшпелілердің мемлекеттілігі егінші өңір мен қалаларды жаулап алуы арқылы қалыптасады деген пікір ұстанатынын атап өткен жөн. Бірақ тарихи шындыққа қарағанда арғы ата-бабалары сияқты қазақтар таза көшпелі мал шару-

ашылығымен ғана айналыспаған, олар отырықшы, жартылай отырықшы болған, егіншілікті де, қала мәдениетін де білген. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы мен нығаюында ерекше дамыған екі аудан — Түркістан мен Жетісу маңызды рөл атқарды.

Қазақстанның батыс-орталық бөлігінің аудандарымен, сондай-ақ Жетісумен және Шығыс Қазақстанмен қатар, Оңтүстік Қазақстан мен Сырдарияның орта және төменгі өңірінің қалалары, Орталық Қазақстанды қоса алғанда, қазақ этногенезі мен политогенезінің аса ірі үш торабының бірі саналады. XIII—XIV ғасырлар шебінде-ақ Алтын Орданың зорлық-зомбылығының артуы жағдайында қалыптасып жатқан жергілікті халық мемлекеттігінің саяси орталығы Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға қарай ойыса бергенімен, қазақ мемлекеттігінің дамуы да осы аталған ірі орталықтардың тарихымен тығыз байланысты болды. Қазақ хандығының саяси орталығы әуелі Батыс Жетісу, бірнеше жылдан кейін — Сыр өңірінің қалалары мен Қаратау беткейлерінің солтүстік бөлігіндегі ауданға (басты қалалары Сығанақ пен Сауран болған), ал XVI ғасырдың аяғынан бастап Түркістан қаласына ауысты. Қазақ хандығында мемлекет орталығын таңдау мәселесінде XIV—XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында одан бұрын болған мемлекеттер — Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы («көшпелі өзбектер мемлекеті») дәстүрлерінің жалғастырылуы кездейсоқ емес. Оңтүстік Қазақстанның нақ осы ауданына ноғай (манғыт) феодал шонжарлары, атап айтқанда әмір Едіге ұрпақтары мүдделерінің аударылуы жиі кездесетін және заңды болатын.

Түркістан мен Жетісу қазақ мемлекетінің өмір сүре бастаған алғашқы онжылдықтарынан бастап ұйытқысы болды. Оның пайда болу алғышарттарының осы аймақтың алдыңғы кезеңдегі, XIV—XV ғасырлардағы тарихымен байланысты болғаны сияқты, оның тағдырын нақ осы жерлердегі оқиғалар айқындап берді. Қазақ хандығының бүкіл дамуы, оның саяси тарихы, хандықтың нығаюы, қазақ халқының экономикалық және тарихи өмірі Түркістан мен Жетісу тарихына тығыз байланысты болды. Түркістан мен оның қалалары қазақтардың Орта Азия халықтарымен өзара экономикалық, мәдени, саяси қатынастарында, ал Жетісу қазақтардың қырғыздармен және Шығыс Түркістан халқымен қатынастарында зор рөл атқарды. Бұл қатынастардың феодалдық күрестен, ұзаққа созылған соғыстардан көрініс табуы сирек болмайтын, бірақ көбінесе бейбіт емес қатынастар бейбіт, тіпті достық қатынастармен ауысып отыратын.

Түркістан және Жетісу аудандарының қазақтың мемлекеттік, сол сияқты этникалық (ұлттық) аумағының қалыптасуында маңызды болғаны күмәнсіз. Алайда, тарихи әдебиетте қазақтың этникалық топтары бұл аумаққа XVI ғасырда не одан неғұрлым ертеректегі уақытта басқа жақтан қоныс аударған деген де пікір бар.

Шынына келгенде, қазақ мемлекеттігі Ақ Орданың өзінде-ақ қалыптасқан. Халықтың шаруашылық үлгісінің ортақтығы, бірдей материалдық мәдениеті мен тұрмысы, Қазақстан аумағында түгелдей басым болған түркі тілдес тайпалар мен тайпа бірлестіктіктерінің тіл жөнінен жақындығы орын алған. Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында да, Қазақ хандығында да халықтың ортақ қоныстау аумағы болды.

XV ғасырда Ақ Орда әлсірегенімен, Түркістанда және оған жапсарлас жатқан далалық аумақта Барақтың иелігі қалады. Феодалдық талас-тартыстар жағдайында және Барақ ханның қаза табуына байланысты Қазақстан даласы-

ның көп бөлігінде биліктің Шайбани ұрпағы Әбілқайырдың қолына көшуі — нақ сол Жошы ұрпақтары әулеттерінің алмасуы ғана болып табылады. Ал халық өзгермей, нақ сол аумақ шеңберінде қалды, оны шаруашылықтың, материалдық мәдениет пен тұрмыстың ортақ түрлері біріктірді. Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіндегі этникалық жағынан туыс түрік тайпалары, сондай-ақ әлдеқашан түріктеніп кеткен монғол тайпалары XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басындағы тарихи шығармалар авторларының түсінігінде-ақ этникалық жағынан біртұтас болып саналады. Әбілқайырдың «көшпелі өзбектер мемлекеті» ыдырағанға дейін-ақ және әсіресе осы оқиғадан кейін Қазақстан халқы (Жетісуды қоспағанда) екі саяси бірлестікке бөлінгенімен, олар нақ сол этникалық топтардан тұрды. Қазақстан аумағында біртұтас мемлекеттілік Алтын Орданың бөлінуі кезінен бастап, Қазақ хандығы пайда болып, нығайғанға дейін жергілікті этникалық негізде қалыптасты. Әбілқайыр хандығы ыдырағаннан кейін нақ сол қалыптасқан халықта, нақ сол этникалық аумақта, нақ сол шаруашылық-экономикалық жағдайларда билеуші әулет қана алмасып, Жошы ұрпақтарының бұрынғы тармағының билігі қалпына келтіріледі.

Билеуші әулеттердің алмасуы, саясат саласында болған өзгерістер қоғамның экономикалық негізіне әсер еткен жоқ.

Жәнібек пен Керей «қазақтарының» Әбілқайыр «өзбектерінен» этникалық құрамы жөнінен де, әлеуметтік-мәдени дамуы, кәсібінің тегі, материалдық тұрмысы шаруашылығы жөнінен де еш айырмашылығы болмады. Сондықтан өзбектерді (бұл арада XIV—XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында мекендеген «өзбектер» айтылып отыр) Сырдариядағы егіншілікпен тығыз байланысты, ал қазақтарды тек далалық аудандарда тұрған, егіншілік және отырықшы өмірді білмеген таза көшпелілер деп санаған бірқатар зерттеушілердің пікірі қате болып табылады. «Өзбектердің» Шығыс Дешті Қыпшақтан Мауараннахрға ауысуын бұл зерттеушілер олардың Сырдарияда бастан кешіре бастаған жер тарлығынан болды деп түсіндіреді.

Ақ Орда мемлекетін, Әбілқайыр хандығын, Моғолстанның солтүстік бөлігін (Жетісуды) және Ноғай Ордасын қазақ халқының ірі-ірі этникалық топтары мекендеді. Қазақ хандығы Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы мемлекеттігінің және жоғарыда айтылған басқа да мемлекеттердің тікелей жалғасы болды. Осы мемлекеттер шеңберінде қазақ халқы қалыптасуының ұзаққа созылған процесі, ал Қазақ хандығында біртұтас халықтың біржола топтасуы аяқталды. Этникалық процестермен бірге қазақ мемлекеттігінің өзі де қалыптасып, дамиды, ол бұрын Қазақстан аумағында мекендеген тайпалар мен халықтардың (кимектердің, қыпшақтардың, наймандардың және басқа да түрік халықтардың) феодалдық мемлекеттігі дамуының тікелей жалғасы болды.

Қазақ хандығының, қазақ мемлекетінің құрылу себептері әлеуметтік-экономикалық факторлардың тұтас кешенінде, қоғамдық қатынастардың одан әрі дамуында жатыр. Әбілқайыр сынды рулық-тайпалық үстем таптың феодалдық құқықтарын қорғаушыдан айрылған шонжарлардың мүдделері оның немересі Мұхаммед Шайбани ғана емес, сонымен қатар бөлініп кеткен қазақ хандарынан да неғұрлым күдіретті қамқоршы іздестіруде болып табылады.

Көшіп кету қазақтардың екі тобын — Орта және Ұлы жүз тайпаларын бір мемлекетке байланыстыру, жаңа саяси бірлестіктің құрылуына себеп болды. Хандық көшіп кету басталғаннан кейін 10 жыл өткен соң ғана құрылды. Оның құрылуы Әбілқайыр билігі құлауының және бүкіл Қазақстан аумағында,

барлық қазақтарға, соның ішінде Кіші жүзге де Жошы ұрпақтарынан тараған Ақ Орда тармағы хандарының билігі орнатылу себептерінің бірі болды, ал Кіші жүз аумағына сол кезде- ақ Жәнібек хан, одан соң Бұрындық, әсіресе Қасым хан өз ықпалын таратқан еді.

Ақ Орда мемлекетінде, Әбілқайыр хандығында, Ноғай Ордасы мен Моғолстанда мемлекеттік даму, шаруашылық, мәдениет саласында монғолдар жаулап алуының теріс зардаптарын біртіндеп жоюмен бірге XIV—XV ғасырларда қазақ халқының одан әрі бірігу, топтасу процесі жүріп жатты.

Бұл мемлекеттердің бәрінің — Қазақ хандығы ізашарларының құрылуы прогресшіл болғаны күмәнсіз. Ақ Орданы да, Әбілқайыр хандығын да Шыңғыс ұрпақтары басқарғанымен, Алтын Ордадан айырмашылығы сол — олар жергілікті тайпалар одағының негізінде, шын мәнінде — қалыптасқан қазақ халқының негізінде пайда болды. Өйткені Әбілқайыр хандығынан да көптеген көшпелілер, солардың ішінде 200 мың қазақ көшіп кетіп, «Жәнібек пен Керей маңына жиналды» (ал олар да «кошунат-и узбек», яғни өзбек әскері деп аталды). Әскербасыларының көбі Әбілқайырдың мирасқоры Шайх-Хайдардан кетіп, Жәнібек пен Керейге қосылды. Мұхаммед Шайбанимен бірге Орта Азияға бұрынғы Әбілқайыр хандығының рулары мен тайпаларының азын-аулақ бөлігі ғана кетті.

XIII—XIV ғасырларда Қазақстанда татар-монғол жаулап алушыларының билігі Жошы ұлысының батыс бөлігі Алтын Ордадағы сияқты тікелей болған жоқ, қайта «бұл далада монғол-татар ақсүйектерінің ұлыс басқаруының дамымағандығы себепті жергілікті шығыс-қыпшақ ақсүйектерімен едәуір дәрежеде жанама түрде» болды⁵. Мұндағы ұлыстар — жергілікті феодалдардың нақты феодалдық иеліктері. Едіге мен оның ұрпақтарының, Шайбани мен оның ұрпағы Әбілқайырдың ұлыстары, Ұрұс хан мен Барақтың мұрагерлері Жәнібек пен Керейдің ұлысы осындай жеке феодалдық иеліктерді құрады. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасу процесінде жергілікті феодал шонжарлардың Алтын Орда хандарына тәуелсіз қоғамдық-саяси рөлі елеулі болды.

Этникалық сана-сезімнің нығаюы этностың өз әлеуметтік-аумақтық (негізінен — мемлекеттік) ұйымына ұмтылуымен ұштасатыны мәлім. Нақ осының өзі «этностың тұрақты тіршілік етуін, этносты айқындайтын көптеген элементтерінің, яғни тілдің, материалдық мәдениет пен тұрмыстың тұрақты ерекшеліктері сақталуын, өзінің этникалық жақындығын, бірлікті (этникалық сана-сезім) және ең алдымен аумақтық бірлікті ұғынуды қамтамасыз етеді»⁶.

Мемлекет ел өміріндегі қазақ қоғамының шаруашылық жағынан оқшауланған этникалық автономиялы бөліктерін біріктірген аса маңызды интеграциялаушы күш болды (капитализмге дейінгі дәуірде мұның басқа да Шығыс халықтарының даму тарихында болғаны сияқты). Монғолдар жаулап алуының зардаптарын жоюдың бүкіл кезеңі бойында, Қазақстан аумағында Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы өмір сүрген кезең бойында нақ қазақ мемлекеттігін нығайту міндеті алда тұрды.

Жүздер тайпалары құрамының біржола қалыптасуы, тұрақтануы нақ XIV—XV ғасырларда Ақ Орда мен Моғолстанның нығаюы кезеңінде, қазақ тайпаларының мемлекеттік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, этникалық-мәдени байланыстарының айтарлықтай дамуымен сипатталатын кезеңде халық қалыптасуының ұзаққа созылған процесінің соңғы кезеңімен қосарласа жүрді. Сол кездегі Қазақстанның этникалық тарихының негізгі мазмұнын — халық қалыпт-

тасуының біржола аяқталуы, қазақ жүздері тайпалары құрамының анықталып-бөлінуі, ертедегі автохтондық этникалық ұйытқыны толықтырған тайпалар мен рулардың XVII—XIX ғасырлардағы деректемелерде көрсетілген ең кейінгі өз аумақтарына ауысуы құрайды. Халық құралуының ұзаққа созылатын процесс екені белгілі, оның жекелеген кезеңдерін, аяқталған уақытын әлдебір онжылдыққа жатқызуға болмайды, сол сияқты қазақ халқының этникалық тарихының оны жүздерге бөлу тәрізді ерекше белгілерінің пайда болуын да белгілі бір қысқа уақыт аралығына жатқызуға болмайды.

Қазақ халқы қалыптасуының сан ғасырлық процесінің XIV—XV ғасырлардағы аяқталу кезеңі оның қыпшақтардың, өзбектердің, ноғайлықтардың, моғолдардың этникалық-саяси қауымдастығына кірген бөліктерінің бірігуімен және сонымен бірге Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудың жекелеген рулары мен көптеген тайпалары бөлімшелерінің басқа да қалыптасқан түрік халықтары құрамына енуімен сипатталады. Мысалы, XVI ғасырдың басында Қазақстанның Жетісу мен оған шектес аудандардағы тайпаларының бір бөлігі Мұхаммед Шайбани ханмен бірге Орта Азияға кетеді, дулаттардың, қаңлылардың, қыпшақтардың, наймандардың, керейіттердің жекелеген топтары өз тайпаластарының негізгі бұқарасынан бөлініп, олар қырғыздардың құрамына кіреді⁷.

Алайда қалыптасқан қазақ халқының жекелеген бөліктерінің монғол ұлыстарының күйреген орындарында пайда болған бірнеше саяси құрылымдарға — мемлекеттерге (Ақ Ордаға, Моғолстанға, Әбілқайыр ханның хандығына, Ноғай Ордасына, Сібір хандығына) қарауы, сондай-ақ Жошы ұрпақтарының және рулар мен тайпалардың феодалдық үстем таптарының өндіргіш күштерінің, соның ішінде адам резервтерінің кемуіне, экономикалық құлдырауға, туыстас этникалық топтардың бөлшектелуіне, саяси және шаруашылық байланыстардың үзілуіне әкеп соққан үздіксіз соғыстары мен талас-тартыстары бұл процесті қатты тежеді. Этникалық жағынан жақын топтардың саяси бытыранқылығын жою, сол кезде-ақ іс жүзінде халық болып қалыптасқан қазақ тайпалары мен руларын мемлекет етіп біріктіру міндеті барынша қажет болды. Оны нақты шешуге біртұтас мемлекет құру жәрдемдесе алатын еді.

Монғолдардан кейінгі уақытта (XIV—XV ғасырдың бірінші жартысы) халықтың әлеуметтік-экономикалық, этникалық-саяси, мәдени дамуы қазақ халқының саяси жағынан біртұтас болып бірігуіне жағдай дайындады. Ол кейінгі ғасырларда қазақ халқының топтасуын, оның этникалық аумағының тұтастығын, халықтың сан ғасырлық мәдениетінің дамуын қамтамасыз еткен Қазақ хандығы болуға тиіс еді.

2. ЖӘНІБЕК ПЕН КЕРЕЙ

Қазақ халқының түрлі мемлекеттік бірлестіктерге бытырап, саяси бөлшектелуін жоюға әрекет жасау Жошы ұрпақтары Жәнібек пен Керейдің үлесіне тиді. Олардың басқа Шыңғыс ұрпақтарымен (негізінен алғанда Шайбани ұрпақтарымен) бұрынғы Жошы ұлысының мұраға қалған жерлерінде билік жүргізу құқығы жолындағы тайталастағы әулеттік мүдделері топтасқан халықтың дербес мемлекет құруға ұмтылысын объективті түрде бейнелеген еді. Қазақ хандары жалпы мемлекеттікке және ұзақ уақытқа созылған

өзара байланысты Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу және Түркістан аумағын мекендеген этникалық топтардың этникалық-саяси, шаруашылық-мәдени дамуы арқылы бірігуге дайындалып та қойған жерлерді топтастырғанын атап өткен жөн.

Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның әлсіреуі және ыдырауы жағдайында аталған кең-байтақ аймақтың рулары мен тайпаларының ең ықпалды көсемдері саяси тәуелсіздікке ұмтылды немесе әлдебір Шыңғыс ұрпағы арқылы қамқоршы іздестірді. Олардың көбісі алғашқы қазақ хандарының біртұтас мемлекет құру мен оны нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерін қолдады.

Қазақ рулары мен тайпаларының едәуір бөлігі сонау 40—50-жылдардың өзінде Қазақстанның оңтүстігіндегі жерлерде — Қаратау баурайларында, Сырдарияның төменгі ағысында, Түркістанның солтүстік бөлігінде Керей мен Жәнібектің төңірегіне топтасқан еді. Әбілқайыр хан қырда өз билігін нығайту жолындағы күреспен, көптеген Жошы ұрпақтарының және рулар мен тайпалардың бағынбаған басшыларының қарсылығын басумен әлек болып жүргенде, Ақ Орда хандарының мұрагерлері бұл аумақта тұрақты билігін қамтамасыз етіп алды.

Тарихи әдебиетте Ұрұс хан, ал сол арқылы Барақ хан мен Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей де Орда-Еженнің ұрпақтары деп саналатын болған, дегенмен бұл деректемелерде нақты мәліметтер жоқ. Теңге деректері мен Му'ин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих Му'ини» шығармасының мәліметтеріне қарағанда, Ұрұс ханның генеалогиясы Сасы-Бұға ханға барып тіреледі: Сасы-Бұға — оның ұлы Ерзен хан (Лэн Пуль Стенлиде Ерзеннің орнына Мүбәрак-Қожа хан аталған) — оның ұлы Шымтай — Шымтайдың ұлы Ұрұс хан. Алайда, бұл деректемеде Сасы-Бұғаның тегі Орда-Ежен емес, Алтын Орданың әмірі Ноғай деп саналады, бұл басқа деректермен қуатталмайды⁸. Рашид ад-Диннің айтуынша, Ақ Ордада Сасы-Бұғаға дейін Орда (Орда-Ежен) — Сартақтан (Сартақ) — Қуынжы (Қоншы) — Байан билік еткен⁹. Сасы-Бұғаның Орда ұрпақтарының бұл тармағымен генеалогиялық байланысы дәлелденбеген, дегенмен де дәстүр бойынша Ұрұс хан Орда-Еженнің ұрпақтарынан шыққан деп саналады.

Жошы ұрпақтарының генеалогиясына қатысты басқа деректемелерде (авторы белгісіз «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», Махмұд бен Әмір Уәлидің «Бахр-әл-асрар фи манакиб әл-ахийары») қазақ хандарының генеалогиясын Жошының 13-ұлы Тоқа-Темірге апарып тірейді: Жошы — Тоқа-Темір — Үз-Темір — Қожа — Бәдік — Ұрұс хан — Каруджак (Құйыршық) — Барақ — Жәнібек хан¹⁰, оны Бу Са'ид деп те атаған. Керей хан мен Жәнібек ханды Махмұд бен Уәли «Жошы ханның ұлы Тоқа-Темір ханның ұрпағына» жатқызады («Барақ сұлтанның ұлы Жәнібек хан — Тоқа-Темірден (шыққан) сұлтандардан»¹¹. Қадырғали Жалаири де Ұрұс ханды Жошының 13-ұлы Тоқа-Темірдің ұрпағы деп атайды¹². Бұл шығармаларда келтірілген генеалогияларда кейінгі кездердегі қазақ хандары мен сұлтандарының есімдері бар, оларды XV ғасырдағы басқа да бірқатар деректемелер растаған. Барақтың, Жәнібектің, Керейдің, Бұрындықтың ұлдары мен қыздарының есімдері келтірілген; олардың анықтығы күмән туғызбайды. Олардың арасындағы туыстық қатынастар туралы мәселені шешудің XIV—XV ғасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттік құрылымдардың саяси тарихы фактілерін түсіну үшін зор маңызы бар. Ұрұс хан мен оның ұрпақтарының Жошы тармағындағы Тоқа-Темірден тарайтындығының немесе олардың тегі Орда-Еженмен байланысты болуының принципті

маңызы жоқ. Олардың екеуі де дәстүр бойынша Ақ Орданың дәрежесі тең билеушілері деп саналған, өйткені Тоқа-Темір ағалары Орданың ұлысында үлес берілген және бәрі бірігіп Жошы иеліктері мен әскерінің сол жақ қанатын құрған ағайынды төртеудің (Удурмен, Шингкуммен және Шинкурмен бірге) ішінде болған¹³. Тоқа-Темір ұрпақтары XIII ғасырдың өзінде-ақ Орда-Ежен ұлысына жатады деп саналған¹⁴. Бірақ XIV—XV ғасырлар шебінде Алтын Орданың ыдырауы кезеңінде олардың көбі оның Сарайдағы тағына үміткер болды. Бұл жөнінен Сарайда 1428—29 жылы орнығып алған Ұлық-Мұхаммед ханның, сонан соң оның інісі, Сарайды 1438 жылы алған Кіші-Мұхаммед ханның мейлінше жолы болған еді. Шайбани ұлысының ханы Әбілқайыр, — деп хабарлайды Махмұд бен Уәли, — Ұлыстағы билікті қолына алған бойдан-ақ өз иеліктерін әлгі Тоқа-Темір ұрпақтарына тәуелсіз, яғни Алтын Ордаға тәуелсіз деп жариялаған¹⁵. Батысқа кеткенде Тоқа-Темір ұрпақтары өздерін дәстүр бойынша Ақ Орда аумағының, соның ішінде Шайбани ұлысының да заңды иеленушілері деп санаған.

Осы әулетке жатқан Ахмет хан мен Махмұд хан (олардың генеалогиясы: Жошы — Тоқа-Темір — Үз-Темір — Абай — Томған — Құтлық — Темір — Темірбек — Темір — Құтлық хан — Темір — (Кіші) Мұхаммед хан — Ахмед хан және Махмұд хан)¹⁶ Әбілқайыр ханға көп қарсылық көрсетті. Шайбанилік ханның 1431—32 жылы әскерімен Хорезмді шабуға кеткенін пайдаланып, сол жерлерден үміткер және сол кезде Арал өңірінде көшіп жүрген Ахмет пен Махмұд өздерінің іс-қимылын жандандыра түсті, Ма'суд Кухистанидің сөзімен айтқанда, «бүлік пен бұзақылық туын көтеріп, бағынбау және құлақ аспау жағында тұрды»¹⁷. Осы Тоқа-Темір ұрпақтары әскерлерінің өз Ұлысына басып кіруінен қорыққан Әбілқайыр Хорезмнен қайтып келген.

Қарсылығын Әбілқайыр ақырына дейін баса алмаған Жошыдан тарайтын сұлтандар ішінде деректемелерде Ұрұс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Жәнібек және Керей сұлтандар да аталады, ал олар туралы алғашқы мәліметтер Мұхаммед Хайдар Мырза Дуғлаттың «Та'рих-и Рашиди» деген шығармасында (ал одан кейін басқа да бірсыпыра шығармаларда, мысалы, Хондемирдің «Хабиб ас-Сийарында», «Бахр әл-асрарда») XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысына байланысты ғана пайда болады. Бұл кезге дейін олар Ақ Орданың 20-жылдарда Барақ ханның билігі мейлінше берік болған және одан кейінгі жиырма жыл бойы Әбілқайыр хан аттап баса алмаған нақ сол оңтүстік бөлігінде болған еді. Олар Барақтың осы аумақтағы билігін мұраға алды және Ахмет хан мен Махмұд ханның өздері мұраға алған жерге көз алартқан Әбілқайырға қарсы күресінде оларға одақтас болғаны күмәнсіз. Олардың келісе отырып іс-қимыл жасауы да мүмкін, Жәнібек пен Керейдің алыс болса да, неғұрлым құдіретті осы туыстарымен одақ жасасып қана қоймай, сонымен қатар қамқорлығында болуы да ықтимал еді. П. П. Иванов Жәнібек пен Керейдің арғы атасы «Барақ ханның атасы, Алтын Орда ханы Ұрұс» «Астархан әулетінің бабасы», яғни Кіші-Мұхаммедтің балалары Ахмет хан мен Махмұд ханның да атасы болған деп санайды¹⁸. Ал егер Ұрұс хан Тоқа-Темір әулетінен шыққан болса да, оның Кіші-Мұхаммедпен туыстығы, жоғарыда келтірілген генеалогияның көрсеткеніндей, дегенмен де оның бабасы деп санауға тым алыс болған.

Жәнібек пен Керей жастары жағынан Ахмет хан мен Махмұд ханның замандастары, қатарлары ғана емес, сонымен бірге олардың серіктері де болуы мүмкін еді (Керей хан мен Ахмет хан шамамен қатар өлген, біріншісі 1470 жыл

шамасында, екіншісі 1481 жылы қайтыс болған). Жәнібек пен Керейдің туған кезі туралы дәл деректер болмағанымен, жанама деректер олардың жас шамасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұған, атап айтқанда, олардың бір-бірімен туыстық қатынастарын анықтау көмектеседі.

«Таварих-и гузида-йи нусрат-намеде» берілген шежіреге сәйкес, Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей немере ағайын болған, яғни өте жақын туыс болмаған. Керей ханның (деректемелерде «Кирай хан») шежіресі: Ұрұс хан — Тоқтақия — Полад — Керей хан. Жәнібек ханның шежіресі: Ұрұс хан — Құйыршық — Барақ хан — Жәнібек хан¹⁹. Осы қосарласып билік еткен қазақ хандарының XV ғасырдың екінші жартысындағы (60—70-жылдардағы іс-қимылдары туралы баяндайтын деректемелерде осы екі ханның қайсысы басты хан болғаны дәл түсіндірілмейді, олардың есімдері қатар жазылады, бірақ қатаң ретпен жазылмайды. Жәнібек хан өз әкесі Барақ ханның тура мұрагері және мирасқоры болатын, оның атасы Құйыршық та хан болған. Керей ханның Жәнібектен жасы үлкен болған және ол Ұрұс ханның үлкен ұлы және мирасқоры, бірақ Ұрұс ханнан кейін көп ұзамай 778 жылы (1376—1377 жж.) қайтыс болған Тоқтақияның немересі еді, ал Жәнібек Ұрұс ханның төртінші ұлы Құйыршықтың немересі болатын. Бірақ орта ғасырлардағы Қазақстан мемлекеттерінде XIV ғасырдан бастап-ақ бірте-бірте орныққан хан билігін тікелей мұраға алу (әкесінен баласына) принципімен қатар хан билігіне беделді рубасы құқығының басым болатын бұрынғы түрік-монғол принципі де сақталып қалған еді, яғни ағасы (ханның ағасы) өзінің немересінен (ханның ұлынан) үлкен саналатын, демек Жәнібек сұлтан сияқты хан атағына Керей сұлтан да үміт ете алатын.

Тіпті олардың кішісі Жәнібек те өздері Жетісуға көшіп кетпестен көп бұрын, яғни 30—40-жылдарда Әбілқайырға қарсыластар қатарында бола алатын еді. Егер Жәнібек сұлтан (немесе Жәнібек оғлан) әкесі Барақ хан қаза тапқанға дейін бірнеше жыл бұрын, мысалы, 1420 жылы туған болса, 1436 жылдың өзінде-ақ ол 16—17 жасқа толған және Әбілқайырдың қарсыластары қатарында бола алатын (Әбілқайыр 17 жасында хан көтерілді; мұнда ең бастысы ханның жеке басына және оның жасына емес, оны қолдайтын топтарға, шонжарларға байланысты болды). 1446 жылы (Әбілқайыр хан Сырдария қалаларын алған кезде) Жәнібек — 26—27 жаста, 50-жылдардың аяғында көшіп кеткен кезде 38—40 жаста болуы мүмкін: 1480 жылға дейін, яғни 58—60 жасында қайтыс болған. Бұл деректер жас шамасын (дұрысырақ айтқанда, туған кезін) тағы да 10 жыл өрі жылжытуға мүмкіндік береді, айталық, егер ол 1410 жыл шамасында туған болса, Әбілқайырдың Екіретүп маңындағы Ахметпен және Махмұдпен шайқасы кезінде Жәнібек 20-21 жаста болған. Керей сұлтан Жәнібектен де үлкен еді, яғни екеуі де Әбілқайыр хан билік еткен алғашқы жылдардан бастап-ақ (1428 жылдан) оның саналы қарсыластары болды.

Қазақстанның оңтүстік аудандарында Керей мен Жәнібекке рулар мен тайпалардың едәуір бөлігі бағынды, олардың төңірегіне көшпелі рулық-тайпалық шонжарлардың айтарлықтай топтары, әсіресе үстем таптың Барақ ханды қолдаған және Сырдариядағы қалалармен байланысты бөлігі таптасты. Шонжарлардың бұл топтары өздерінің Сыр өңірінің отырықшы-егінші халқын қанауға, жергілікті қалалардың саудасы мен қолөнер кәсіпшілігінен пайда алуға дәмеленуін қамтамасыз ететін берік хан билігіне мүдделі болатын. Әбілқайыр хан қырда өз билігін нығайту жолындағы жиырма жылға жуық күреспен, көптеген Жошы ұрпақтарының және рулар мен тайпалардың ба-

ғынбаған басшыларының қарсылықтарын басумен айналысып жүргенде, Қазақстанның оңтүстігінде мұндай күшті билікті Ақ Орда хандарының мұрагерлері қамтамасыз ете алатын еді. Оларға рулар мен тайпалардың Әбілқайырға наразы көптеген көсемдері өз бодандарымен бірге ағылып келіп жатты. Қаратау баурайлары мен Сырдариядағы қала орталықтары мен бекіністер — Созақ, Сығанақ, бәлкім Сауран мен басқа да онша ірі емес бекіністер, сірә Жәнібек пен Керейдің қолында болса керек.

Бұл жорамал әбден орынды, өйткені деректемеде 1446 жылы бұл қалалады Әбілқайырдың кімнен тартып алғаны айтылмайды. Б. А. Ахмедов 40-жылдары Керей мен Жәнібек Сырдария бойында болмаған, әйтпесе олар Ақ Ордаға қарайтын осы қалалардың бірінде болса, олар Мұстафа ханмен шайқаста күші әлсіреген Әбілқайырға қарсылық көрсетер еді деп санайды²⁰. Бірақ жоғарыда айтылғанындай, Әбілқайырдың қалаларды алғанын жеткізуші бұл бірден-бір деректемеде қазақ хандары туралы да, олардың Әбілқайырға қарсылығы туралы да, көшіп кету туралы да, Әбілқайырдың қазақ хандарына қарсы Моғолстанға жорығы туралы да мүлде ешнәрсе айтылмайды — жалпы қазақ хандарына байланысты ләм демеяді, Әбілқайыр серіктерінің бірде-бір егжей-тегжейлі тізімінде олардың есімдері аталмайды. Сірә әдейі айтылмаған болса керек.

Ұрұс хан мен Барақ хан ұрпақтарының осы уақыттың бәрінде Ақ Орда аумағының оңтүстік бөлігін — Түркістанның солтүстік бөлігін, Сырдарияның төменгі ағысын, Қаратау баурайларын, Шу мен Таластың төменгі ағыстарын іс жүзінде билеушілер болғаны әбден айқын және Жәнібек пен Керейді олар Жетісуға кеткенге дейін-ақ, яғни XV ғасырдың 50-жылдарының аяғына дейін Дешті Қыпшақ рулары мен тайпаларының бір бөлігі хан деп таныған фактісі деректемелерде көрініс тапқан. Мысалы, Махмұд бен Уәли мұны былай деп растайды: «Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақ аймағында өз жауларының балаларын жеңіп шыққан кезде, Жошы ханның ұлы Тоқа-Темір хан ұрпақтарының кейбіреулері, мысалы, Керей хан мен Жәнібек хан... бағыну және мойынсұну шеңберінен шығып, отанынан кетіп қалғанды жөн көрді. Олар (бабаларынан) мұраға алған елден бас тартып, (жат жерге) апаратын жолға шықты. Мойындауға лайықты адамдар тобымен бірге олар Моғолстанға апаратын жолды тандап алды»²¹.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат осыған байланысты Керей хан мен Жәнібек хан Жетісуға «өздерінің сансыз көп халқынан» бөлініп кетті дейді²², яғни замандастары оларды Өзбек ұлысында билік еткен хандардың мұрагерлері, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының бір бөлігінің иелері, көшпелі халық рулары мен тайпаларының әлдеқашан-ақ бөлініп шыққан бөлігінің билеушілері деп әбден орынды санаған.

Алайда, Қазақстанның оңтүстігіндегі иеліктерінде Керей мен Жәнібектің жағдайы өте қолайсыз болды. Түркістанның солтүстік бөлігіндегі бекініс-қалаларда олар осы бекіністерді өз қолдарына қайтарып алуға тырысқан Темір ұрпақтарының наместниктеріне, сондай-ақ моғолдарға да үнемі тойтарыс беріп отыруға тиіс болды. Керей мен Жәнібектің көшпелі тайпалардан тұратын бодандары Әбілқайыр ханның көшпелі бодандары иеленіп алған Қазақстан даласына көктем-жаз кезінде дәстүр бойынша маусымдық терендеп көшіп баруына мүмкіндіктерінің болмауы себепті өз жағдайларында ерекше қиындық көрді. Өз кезегінде Әбілқайыр бодандары да, тым болмағанда, олардың едәуір бөлігі қалалар ауданында өздеріне жау қазақ сұлтандарының боданда-

ры болғандықтан, Төменгі және Орта Сырдария бойындағы дағдылы қыстайтын жерлеріне көшіп бару, көшпелі мал шаруашылығы үшін де, Сыр өңірі жазираларының отырықшы-егінші халқы үшін де мейлінше өмірлік маңызы бар сауда айырбасын жүргізу мүмкіндігінен айрылды. Жалпы алғанда, бұл саяси бытыраңқылықтан Шайбани ұрпақтарының да, қазақ сұлтандарының да бодандары зардап шекті, өйткені дәстүрлі экономикалық және мәдени байланыстар, этникалық-саяси қарым-қатынас бұзылды. Бұл жаулықтан Сыр өңірі қалаларының халқы мен Оңтүстік Қазақстан жазираларының егінші халқы Әбілқайырдың және Керей мен Жәнібек сұлтандардың көшпелі бодандарынан кем жоғалтқан жоқ. Бұрынғысы сияқты, XV ғасырдың бірінші жартысында да Түркістан ауданында оған билік жүргізуге көптеген үміткерлердің мүдделері ұштасып жатты: оларға Темір ұрпақтары да үстемдік етті, ол иеліктерге Ақ Орда хандарының ұрпақтары да өз құқығын қорғады, Әбілқайыр хан мен маңғыттар дәмеленді, моғол хандары мен феодалдары, ал содан соң ойраттар (қалмақтар) да шабуыл жасады.

50-жылдардың аяғында Әбілқайыр қалмақтардан (ойраттардан) жеңілгеннен кейін, ол ойрандалған ұлыстарда қатаң шаралар қолданып тәртіп орнатуға кіріскен кезде, Керей мен Жәнібекке бағынған көшпелі рулар мен тайпалардың жағдайы бұрынғыдан да қысымшылыққа ұшырады. Әбілғазы Шыңғыс ұрпақтарының арасында «ханның қысымына ұшырамаған не оның садағының оғы дарымаған бірде-бір адам қалмады»²³ деп жазады. Әбілқайырдың көрші елдердің ішкі істеріне үнемі дерлік араласып отыруы, үздіксіз жүргізген соғыстары мен шапқыншылықтары мемлекетті құлдырауға жеткізді. Осының бәрі өзбек және қазақ тайпаларының ара жігінің ажырауына және соңғыларының ұлыстың оңтүстік-шығыс аумағына көшіп кетуіне алып келді. Моғолстан ханының Жетісу халқын ойраттардың шапқыншылықтарынан қорғай алмауы сияқты, Әбілқайырдың іс-әрекеттері де бүкіл аймақтың соғыстар мен талас-тартыстар күйзелткен халық бұқарасының бұрынғыдан да зор наразылығын туғызды. Халық өзінің ауыр жағдайы үшін орта ғасырлардағы көшпелі қоғамға тән қарсылық түрі — Шығыс Дешті Қыпшақта да, Жетісуда да билеушілерінің қол астынан көшіп кетумен жауап қайырды.

50-жылдардың аяғында осындай көшіп кетуді Жәнібек пен Керей басқарды. Шығыс Дешті Қыпшақ, Түркістан мен Жетісу малшылары мен егіншілері өздерінің өндірістік еңбектерінен әлсін-әлсін қол үздіріп отырған толассыз тонаушы соғыстар мен өзара алауыздық қақтығыстар жағдайында қисапсыз ауыртпалықтар тартып, кіріптарлыққа түсті. Ортағасырлық далалық еркіндік жағдайында олардың қолдарынан келген бар қарсылықтары өздері бағынатын билеушілердің қол астарынан көшіп кету ғана болды. XV ғасырдың 50-жылдарының соңынан бастап, 70-жылдардың басына дейін Әбілқайыр хан билігінің соңғы кезеңінде ерекше жиілеп кеткен Жошы әулетінің, көшпелі рулар мен тайпалар көсемдерінің қайта-қайта бұрқ етіп отырған бүліншілігі жағдайларында, бұл ханның қалмақтардан жеңіліске ұшыраған сәтінде Шығыс Дешті Қыпшақтан, Сырдария бойындағы алқаптар мен Қаратау бөктерлерінен Батыс Жетісуға екі жүз мыңға дейін адам, негізінен қыпшақ рулары мен тайпалары көшіп кеткен.

Тұрғын халықтың жаппай көшуін Жәнібек пен Керей бастады. Олар өз төңіректеріне басқа да Жошы әулеті мен соларға тәуелді көшпелі және жартылай көшпелі қазақ далалары тұрғындарының рулық-тайпалық топтарын жинастырып алды да, 1458—1459 жылдары Әбілқайыр хандығынан тысқары,

Моғолстанға, Батыс Жетісу жерлеріне ертіп кетті. Орта ғасыр авторларының ішінде бұл оқиғаны тұңғыш тіркеген — Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат. Ол көшіп барған қазақ топтарының нақты орналасқан аумағын да атайды: «Бұл уақытта Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы тегінен тараған сұлтандарға көп зардап шектірді. Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға барды. Есен-Бұға хан оларды жылы шыраймен қабылдап, Моғолстанның батыс шебін құрайтын Шу және Қозыбасы округтерін берді»²⁴. Махмұд ибн Уәли Әбілқайыр саясатына наразы болған көшпелі тұрғындардың оның қол астынан көшіп кетуі тым жиі акті болғанын атап көрсетеді. Бұл мекен ауыстыру ондаған жылдарға созылған, миграция жасаған көшпелілердің жалпы саны да аталады. «Жәнібек хан мен Керей хан сол жерде [яғни Моғолстанда] ұзақ уақыт тоқтаған кезде, Әбілқайырға жек көрініштілікпен қарай бастаған билеушілер де, олардың қарамағындағылар да соларға барып бой тасалады»²⁵. Көшіп кету әсіресе 1468 ж. Әбілқайыр өлген соң, мемлекет ыдыраған кезде тым күшейіп кетті: «Олар онда рахаттанып жатқан кезде Әбілқайыр өлгеннен кейін Өзбек ұлысы бұзыла бастады: [онда] керемет аласапыран басталды. [Оның қарамағындағылардың] үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың маңына [жиналғандардың] саны екі жүз мың адамға жетті»²⁶.

Қазақ рулары мен тайпалары бөліктерінің 50—60-жылдарда Шығыс Дешті Қыпшақтан Жетісуға көшуі бұл кезеңде жаппай етек алғанымен, әдеттен тыс оқиға емес-ті. Өзара алауыздықтар, бір мемлекеттің күйреп, екіншісінің қалыптасуы, әсіресе көшпелі және жартылай көшпелілердің көші-қоны ширақ бұқарасы арасында этникалық, саяси жіктелу және халықтың шоғырлану процесін күшейте түсті. Халық бұқарасының қанауға қарсы наразылығын ақсүйектердің бір топтары екіншілерден есесін қайтару үшін пайдаланды. Жошы әулетіне қарсы күрес кезеңінде Әбілқайыр хандығында көшпелілердің бір билеушіден екіншісіне бұлайша ауысуы тым көп болды, тек жоғарыда аталған Жәнібек пен Керей бастаған көшу ғана ортағасырлық тарихи шығармалар беттерінен орын алған. Ол жайлы аталған авторлардан басқа Мирхонд, Хондемир, Хайдар Рази және басқалар жазған. Бұған себеп оның тым көп адамды қамтығандығы ғана емес, сонымен қатар қазақтардың мемлекеттік жаңа бірлестігінің катализаторы, қазақ халқының одан әрі шоғырлануының аса маңызды факторы қызметін атқарғандығынан болса керек. Халық бұқарасының бұл қимылы бытыраңқы қазақ топтарының, Дешті Қыпшақтағы ғана емес, Жетісудағы қазақтардың бір мемлекетке одан әрі бірігуін бастап берді. Халықтың Әбілқайыр иелігінен жаппай көшуі оның мемлекетінің құлауына тағы бір себеп болды. Бұл көшу тұрғын халықтың географиялық орналасуына, аймақтың саяси картасына өзгерістер енгізді. XV ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда етек алған осынау әлеуметтік және саяси құбылыстың маңызды нәтижелері осындай.

Жәнібек және Керей хандар бастаған қазақтардың қалың бұқарасының Оңтүстік және Орталық Қазақстаннан Жетісуға, Шу, Талас алқабына қарай ойысуы тегін емес. Бұған Ақ Орданың Моғолстанмен, ең бастысы оның Жетісудың солтүстік бөлігінің иелерімен ертеден бергі достық қатынастары; Жәнібек пен Керейге қарасты өлкенің басым бөлігін мекендейтін тұрғындарының этникалық жақындығы; ең соңында, феодалдық-бытыраңқы Моғолстанның әлсіздігі; оның билеушісінің Жетісудағы өкімет билігін өз қолында ұстап тұра алмайтын әлсіздігі себеп болды.

Шығыс Дешті Қыпшақ, Түркістан мен Жетісу халықтарының байланыстары туралы көне тарихта куә болатын фактілер көп. Мысалға, олардың Темір мен Темір әулетінің, жоңғар феодалдарының басқыншылық тонаушылық саясатына қарсы бірлескен күресі. Ақ Орда мен Моғолстан билеушілері бір жағынан Ұрұс хан, Тоқтамыс, Барақтан бастап Жәнібек пен Керейге дейін, екінші жағынан Қамар ад-дин әмір дуғлат, Қызыр хан, Уәйіс ханнан Есен-Бұға ханға дейін өзара қолдау саясатын ұстады.

Жоғарыдағы деректемелерде «моғолдар» деген жинақтаушы этносаяси топтар: дуғлаттар (дулаттар), үйсіндер, керейіттер (керейлер), қаңлылар (бекшіктер), арғындар, жалайырлар және т. б., яғни қазақтардың Ұлы және Орта жүздері құрамына енетін тайпалар қазақ халқының аяқталып қалған шоғырлану процесінде маңызды қызмет атқарғаны айтылды. Қазақ басшылары Керей мен Жәнібек өздеріне ерген рулық-тайпалық топтарды Жетісуда өздерімен туыстас түркі халқы қарсы алатынын білді. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудың малшы-көшпелі тайпалары тілі, мәдени дәстүрлері, тұрмыс салты жағынан бір-бірімен жақын еді. Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан аса үлкен рулық-тайпалық топтардың келуі олардың жергілікті тұрғындармен қарым-қатынастарында айтарлықтай шиеленіс туғыза қойған жоқ.

Моғолстан билеушілерінің XV ғасырдың ортасына қарай олардың мемлекетінің жалпы әлсіреуіне байланысты Жетісуға саяси ықпалы айтарлықтай төмендеді. Моғолстанның әлсіреуіне бірнеше себептердің әсері болды және олардың әрқайсысы Жетісудың тарихи тағдырынан көрініс тапты. Моғолстандағы феодалдық соғыстар мен өзара алауыздықтар мемлекеттің күйреуіне әкеліп соқтырды. Соғыстар өздерімен бірге этникалық топтардың бытыранқылыққа ұшырауын ала келді: Моғол этникалық қауымдастығына кіретін Жетісу қазақтарының, қырғыздар мен ұйғырлардың шоғырлануын қиындатты; өндірістік күштерді кемітті, экономиканы құлдыратты, тұрғындарды қырғынға ұшыратты.

Есен-Бұға хандығы феодалдық бытыранқылықтың салдарынан сыртқы басқыншылықтарға тойтарыс бере алмады. Моғолстанның сыртқы саяси жағдайы барған сайын нашарлай түсті. Әбілқайыр хан XV ғасырдың 40-жылдарының аяғында Сырдария бойындағы қалаларды жаулап алып, Моғолстанның батыс шептеріне жетті. Енді Есен-Бұғаның Жетісудағы иеліктерін тартып алу қаупі туды. Оның үстіне Қашғариядағы дуғлат әмірлердің қарсылықтарын әлсіретуге әрекет еткен моғол ханы көбіне көп Ақсуда жүруге мәжбүр болды. 50-жылдардың басында Моғолстанға үлкен жорық жасамақ болған Әбілқайыр хан Сауран мен Сығанақ маңына аса көп әскер жинады. Ол моғол билеушілерінен деректемелердің жеткізуінше, өз кезегінде, қарамағына өткен бүлікшіл моғол әмірлеріне бағынышты қалушы, бұлғашы, қаңлы, үйсін және басқа тайпалардан шыққан көшпелілермен туыстас тайпалар мекендеген Шу, Талас, Іле бойындағы, Балқаш жағалауындағы жерлерді басып алуды мақсат етті²⁷.

Есен-Бұға сонымен қатар Темір әулетінен шыққан Абу Са'ид мырза қолдайтын, өз ағасы Жүністің моғол тағына ұмтылған талабына да тойтарыс беруге тиісті болды: «Абу Са'ид мырза жоғарыда аталған ханның [Есен-Бұғаның] ағасы Жүніс ханды Ирактан шақыртып алып, оны қамқорлығына алып, көмек беріп, інісіне қарсы аттандырғандықтан, осы себепті Есен-Бұға хан билігінің іргетасынан жарықшақ шықты»²⁸.

Ойраттардың (қалмақтардың) Жетісу мен Моғолстанның басқа да шығыс

аудандарына шапқыншылықтары тағы да жиілеп кетті. 50-жылдарда олар Жетісу, Шу және Талас алқаптары арқылы Түркістан қалаларына өтіп, Сығанақ түбінде Әбілқайыр әскерлерін тас-талқан етіп женді. Әбілқайыр ханның Үз-Темір тайшы қалмақтарынан жеңіліс табуы өзбек ханының Моғолстанға басып кіру қаупін уақытша болса да тоқтатты, бірақ қалмақтардың Моғолстанға шапқыншылықтары толастаған жоқ. Моғолстанның 50-жылдар мен 60-жылдардың басындағы сыртқы саяси ауыр халі ішкі дұшпандармен қақтығыс, ірі феодалдардың бүлігі мен өзара қырқысуына, бағынбау әрекеттеріне қарсы тынымсыз күрес жағдайында моғол ханының шаңырағын шайқалта түсті²⁹.

Сөйтіп, Моғолстан билеушісінің өз әмірлері бастаған қазақ рулары мен тайпаларының жаңа топтарының Жетісуға көшіп келуіне кедергі жасайтындай күші болмады. Ол туыстық жағынан қашғарлықтардан гөрі Қазақстанның орталық және оңтүстік аудандарының тұрғындарына жақынырақ түркі тайпалары мекендеген Қашғариядан қашықтағы осынау өлкесінде өз ықпалын әлдеқашан-ақ жоғалтқан болатын.

Жәнібек пен Керей бастаған қазақтардың Батыс Жетісудағы қазақ жерінің тап осы аумағына көшіп келу себептері осындай. Бұл оқиға бүкіл аймақтың саяси тарихына және бүкіл жергілікті қазақ халқының тағдырына өзгеріс енгізді. XV ғасырдың 50—60 жылдарында Жетісуға көшіп келген қазақ тайпаларының тақыр жерлерді мекендемегенін ескертудің маңызы зор³⁰. Олар Жетісудың жергілікті тұрғын қазақтарымен тығыз байланыс орнатып, ол кейін бір мемлекет шеңберіндегі саяси одақ дәрежесіне жетті. Жәнібек хан мен Керей ханның көшіп келуіне Моғолстан ханының қалай қарағанын айтатын болсақ, деректемелердің хабарлауынша, ол «мәртебелі ханзадалардың келуін құрметпен және ықыласпен қарсы алған» және Есен-Бұға (хан) мен Жүніс хан иктасы ортасында аралық жер болғандықтан келген қазақтар тобына тап осы Моғолстанның батыс өлкесін³¹, сондай-ақ Әбілқайыр хандығының аумағын берген, яғни Моғолстан ханы көшіп келген қазақ басшыларының көмегімен өзінің ішкі және сыртқы дұшпандарын әлсіретіп алмақ болған. Есен-Бұға қазақтарға сүйене отырып, уақытша болса да інісінің бақталастық бәсекесін тойтара алды: «Есен-Бұға хан тірі тұрғанда, (оған) жоғарыда аталған хандардың көмегі арқасында Жүніс хан тәкаппарлық үзеңгісіне әдепсіздік аяғын сала қойған жоқ»³².

Махмұд ибн Уәли Жәнібек пен Керейге ерген қазақтардың Моғолстан шептерінде қалмақтармен және қырғыздармен шайқасқанын жазады³³, яғни Есен-Бұға хан қазақтарды ойраттарға тойтарыс беру үшін де нақты әскери күш ретінде пайдалануға тырысқан. Есен-Бұға хан Жәнібек пен Керей төңірегіне топтасқан аса көп қазақ рулары мен тайпаларына сүйене отырып, өзінің ішкі саяси жағдайын нығайтып алмақ болды. Ол өзі көрсеткен қамқорлығы үшін қарыздар қазақ билеушілерінен қолдау күте алатын еді. Хан өзінің қол астындағылар, салық төлеушілер мен көшпелі-жауынгерлер қатарын көбейте түсуді көкседі. Орта ғасырларда белгілі бір әскерлер (көшпелі) контингентін өз жағына тарту жиі қолданылғаны белгілі. Көшпелі мемлекет билеушісінің дәулеті, қуаты мен билігі оған қарасты аумағымен ғана өлшенбей, қармағындағы нақты адам санына, салық түрінде мемлекеттік қазынаға қосатын түсімі мен оның мемлекетінің негізгі әскери күшін құрайтын тұрғындар тәуелділігімен бағаланған.

Моғолстан ханының бұл үміттерін қазақ басшылары онша ұзақ уақыт ақтамады, олар Батыс Моғолстанға 60-жылдары Дешті Қыпшаққа қайта оралып,

өздерінің Шайбани әулетінен шыққан ежелгі дұшпандарын жеңудің оңтайлы сәтін күткен қашқындар немесе саяси қуғынға ұшырағандар ретінде келген жоқ-ты. Олар Жетісуға өздерімен бірге келген және жергілікті жетісулық рулар мен тайпалар көсемдерінің, сондай-ақ қатардағы көшпелілер бұқарасының қолдауларына сүйене отырып, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның толық құлдырау сәтін тиімді пайдаланып, өздерінің саяси дербестігін нығайтты.

3. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Түркістанның (Оңтүстік Қазақстанның) қазақ рулары мен тайпаларының этникалық және саяси топтасуының барған сайын күшейе түсуі, қазақ халқы қалыптасуының ұзаққа созылған процесі мен оған қосарласа үш жүздің қалыптасу процесінің аяқталуы, феодалдық қатынастардың одан әрі дамып, нығаюы Қазақ хандығы түрінде өзінің қазақ мемлекеттілігі пайда болуын туғызған объективті себептер болды.

Хандықтың негізін салушылар Ақ Орда билеушісі Ұрұс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек еді. Шығыс Дешті Қыпшақта Ақ Орда хандары әулетінің билігін қалпына келтіру жолында Шайбани әулетіне қарсы күресе отырып, олар халық бұқарасының наразылығын пайдалана білді. Олар қоныс аударуға өз беттерінше осыншама халықты көндіре алмаған болар еді. Жәнібек пен Керей өз әулетінің саяси билікке деген құқығын қорғай отырып, өз мүдделеріне орай қазақ рулары мен тайпалары ақсүйектерінің бір бөлігі мен шоғырланып алған халықтың дербес мемлекет құрмақ болған талаптарына батыл тойтарыс беріп отырды.

Өзара қырқыстар Қазақстан тайпаларын бытыранқылыққа ұшыратты, олардың біртұтас халық болып этникалық жағынан шоғырлануын қиындатты, өндіргіш күштердің, соның ішінде адам қорының кемуіне әкелді, экономикалық құлдырауға соқтырды. Қазақ халқын бытыранқылықтан, саяси шашыранқылықтан шығару көкейтесті міндетке айналды. Бұл міндет Ақ Орда мен Моғолстан құрылған кезеңде аз да болса шешілді, бұл кезеңдерде жергілікті феодал-ақсүйектер өкімет билігін өз қолдарына алды да, сол арқылы түркі тілдес тайпалардың мемлекеттік бірігуіне, қазақ халқының өріс алған қалыптасу процесінің жаңғыруына жағдай жасады. Қарастырып отырған жағдайда Жәнібек пен Керей бастаған қазақ тайпаларының Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан көшуі бұл тайпалардың Ұлы жүз тайпаларымен саяси бірігуіне, Қазақ хандығының құрылуына ең ақырында — қазақ халқының шоғырлануына қолайлы жағдай тудырды.

Зерттеуші-тарихшылар, сондай-ақ көне заман оқиғаларына байланысты ізденіп жүрген көптеген әуесқойлар Қазақ хандығы тарихын есептеу үшін қабылдаған бірнеше уақыттар немесе оқиғалар бар. Бәрінен бұрын «Та'рих-и Рашидиде» аталған көшу фактісі мен уақытына көңіл бөлінгені түсінікті. Бұл мемлекеттің құрылуын XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Керей мен Жәнібектің рулар мен тайпалардың бір бөлігімен Жетісуға көшуін бастау хақындағы пікір деректемелерден қолдау таба алмады, өйткені көшу уақытының өзі қосалқы мағлұматтар арқылы белгіленген ғой³⁴.

Хандықтың құрылуы мен Шығыс Дешті Қыпшақта қазақ хандары билігінің таралу уақытын Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та'рих-и Рашидидегі»³⁵

мағлұматтарына сүйеніп, В. В. Вильяминов-Зернов әлдеқашан-ақ хижраның 870 жылы, XV ғасырдың 60-жылдарының ортасы деп есептеуді ұсынған.

Осы мағлұматты толық келтірейік. «Сол уақытта Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарды көп мазалады. Жәнібек хан мен Керей хан одан Моғолстанға қашып кетті. Есен-Бұға хан оларды шын ықыласымен қарсы алып, Моғолстанның батыс шебін құрайтын Шу және Қозыбасы округін берді. Олар бұл жақта жақсы жайғасып алған кезде, Әбілқайыр өлген соң, Өзбек ұлысы бұзылып сала берді: онда үлкен-үлкен шатақтар басталды. Оның қол астындағылардың үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың төңірегіне жиналғандардың саны екі жүз мың адамға жетті. Олар енді өзбектер-қазақтар (өзбек-қазақ) деп аталатын болды. Қазақ сұлтандарының билігі сегіз жүз жетпісінші жылдан басталады, бәрін де бір Алла біледі»³⁶.

Осы уақыт — хижраның 870 жылы — біздің жыл санауымыздың 1465—1466 жылдар бес томдық «Қазақ ССР-ның көне заманнан бүгінге дейін тарихында» Қазақ хандығының құрылған уақыты ретінде алынған. Бұл оқиға Жетісудың батыс бөлігіндегі аумағымен байланысты деп көрсетілген. Қазақ тайпалары мен руларының бір бөлігі Шығыс Дешті Қыпшақтан ондаған жылдар бойы тап осында ауысып келген. Жетісуда іс жүзінде негізінен Моғолстан хандарының билігінен шығып кеткен Ұлы жүз қазақтары қалыптасты. Моғолстанның жоғарыда аталған ханы Есен-Бұға 1462 ж. өлгеннен кейін Жетісуда қазақ билеушілеріне қарсы тұра алатын нақты күш болған жоқ. Оның інісі Жүніс хан бұл кезде Ташкентте жүрген. Осындай жағдайда бұл аумақта жаңа саяси құрылым — Қазақ хандығының дербес шығуы толық жүзеге асатын әлі дәлелді құбылыс еді. Оның пайда болуы және қазақ басшыларының дербес шығуы үшін 1468 жылғы Әбілқайыр өліміне байланысты Дештідегі оқиғалардың барысын күтудің қажеті жоқ болатын. XV ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70-жылдарының басында және одан кейінгі жылдары қазақ хандарының билігі Қазақ хандығының құрамына енгізілген басқа жерлері мен оны мекендеген халықтары, Түркістан (Оңтүстік Қазақстанның Сырдариядағы қалаларының бір бөлігі) және Шығыс Дешті Қыпшақтағы ұлан-ғайыр жазық далаларда бірте-бірте кең тарай бастады. Өзбек ұлысында әулет билігін ауыстыру туралы ғана емес, қалыптасқан қазақ халқының дербес мемлекетінің пайда болуы жайлы мәселе қойылды³⁷.

Оның негізгі тұрғындарының ұлттық атауына орай тұңғыш мемлекет, Қазақ хандығының құрылу уақыты туралы мәселе ғылыми әдебиетте³⁸, ал қазіргі уақытта публицистикада айтыс тудырып, үнемі ерекше көңіл бөлуді қажет етіп келеді. Бұл мәселе осы мемлекеттің құрылған орнына да байланысты.

Қазақстан тарихы жөніндегі неғұрлым ертеректегі басылымдарда хандықтың құрылуы мен қазақ хандары билігінің Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіне таралу уақыты 1500 жылдан кейін Мұхаммед Шайбани хан бастаған көшпелі өзбектердің Мауараннахрға кетуіне байланысты оқиғалармен анықталады. Ол Мұхаммед Шайбани өлген 1510 жылғы деп кейініректегі уақытпен де белгіленеді: «Шайбани өлген соң, оның өкімет билігі жолындағы күрестен қолы босамаған ізбасарлары далалық аудандардан қол үзіп қалды. Бұл өзбек хандығы аумағындағы өкімет билігінің бірте-бірте қазақ хандары мен сұлтандарының қолына көшуіне әкеп соқтырды. Қазақ хандары бұдан 50 жыл бұрын Жәнібек пен Керей қашып барған Жетісудан батысқа қайтып оралды»³⁹. Де-

рекетемелерден ешқандай дәлелдердің табылмауына қарамастан қазақ билеушілері 1510 жылға дейін қазақтардың негізгі этникалық аумағында ешқандай билік құра алмаған болып шығады.

А. П. Чулошников Қазақ хандығы XV—XVI ғасырлар шебінде құрылды деп жазды. Сөйтіп ол құрылу фактісін XVI ғасырдың басына жақындата түседі⁴⁰. С. К. Ибрагимов дербес мемлекеттің түпкілікті құрылуын бұдан да кешірек мерзімге — XVI ғасырдың 30—40 жылдарына әкеледі. Ол XV ғасырдың аяғына қарай Жәнібек пен Керей ұлдары бастаған бірнеше феодалдық иеліктер ғана бөлініп шықты да, жаңаша, яғни Қазақ хандығы деп аталған жеке көшпелі мемлекеттің іргетасын қалады деп есептейді⁴¹.

Қазақ халқының ортағасырлық тарихын зерттеуші көрнекті ғалым Т. И. Сұлтановтың Қазақ хандығының құрылу уақыты туралы пікірі көңіл аудартады. Ол «Қазақ хандығының құрылуы бір мезгілде жүзеге асқан акті емес», ұзақ уақытқа созылған процесс деген орынды пікір айтады. Т. И. Сұлтанов «жаңа хандықтың құрылуын» Әбілқайыр хан өлген соң, Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына қайтып келіп, мұнда жоғарғы өкіметті басып алуымен байланыстырады. Бұл автордың ойынша XV ғасырдың 70-жылдарына, нақтырақ айтқанда 1470 жылға келеді⁴².

Қазақ хандығының құрылған жері мен уақыты туралы, көшіп кеткеннен кейінгі оқиғалар туралы деректемелер мағлұматтары мен әдебиеттердегі пікірлерді келтіре кетейік.

Көшіп барған рулар мен тайпалық топтарды Жетісуда туыстас түркі және түркіленген тұрғындар: қаңлылар, керейлер, дуғлаттар және басқа да қазақтар қарсы алды. Дешті Қыпшақ пен Жетісу тайпалары тілі, мәдени дәстүрлері, өмір салты жөнінен бір-біріне жақын болатын, сондықтан да Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан рулық-тайпалық топтардың жаппай ауысуы жергілікті тұрғындармен қарым-қатынаста айрықша қиындықтар туғыза қойған жоқ.

Автор Мұхаммед Хайдар көрсеткен уақытты қабылдамайды, өйткені ол өз еңбегін алыстағы Кашмирде жүріп жазғандықтан Қазақстандағы оқиғалар туралы онша біле қоймайтын еді. Бірақ бұл оқиға Мұхаммед Хайдардың тууынан көп бұрын, біріншіден, Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан қаптап келушілердің тым көбейіп кетуінен, екіншіден, кейбір жергілікті рулар мен тайпалардың оларға қосылуы есебінен болған еді. Жәнібек пен Керей моғол хандарының еркін орындаушы болып онша ұзақ уақытқа қалған жоқ. Хижраның 870 жылы шамасында (1465—1466) олар Батыс Моғолстан аумағында, Шу-Талас алқабы мен соның төңірегіндегі аудандарда өз алдарына Қазақ хандығының негізін қалады. Мұхаммед Хайдар атаған осы уақытты қабылдамауға негіз бар ма? Ал екіншіден, «Та'рих-и Рашидиден» жоғарыда келтірілген үзіндіде Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Қазақ сұлтандарының сегіз жүз жетпісінші жылдан билей бастауы» туралы сөзі тіпті де Әбілқайыр өлгеннен кейінгі уақыт кезеңін білдірмейді (хижраның 874 жылы — 1468/69 жылдар немесе Тышқан жылы — 1468 жылдың күзі). Сол үзіндіде Әбілқайыр өлгеннен кейін «оның қол астындағылардың үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті» делінген. Хандарға дейді. Олар бұл уақытта хан болған. Бұл сөздер Әбілқайырдың өлуіне байланысты емес, болған, бұрын іске асқан оқиғаны білдіреді. Және олардың биілік жүргізуі Әбілқайыр қазасынан көп бұрын, оның 1468/69 жылдары Моғолстанға қазақ хандарына қарсы жорығында өзі өлген уақыттан бұрын басталған.

Көптеген деректер Қазақ хандығының негізі Дешті Қыпшақта емес, тап

Батыс Жетісуда қаланғанын дәлелдейді. «Ол Әбілқайыр хан өлгеннен кейін оның қол астындағылары Керей хан мен Жәнібек ханға, қазақтарға қосылды... Қауіпсіздік пен өз бастарының амандығын тілегендердің барлығы Керей хан мен Жәнібек ханға кетті»⁴³. Замандастары қазақ билеушілерін дербес хандықтың иесі ретінде оның өліміне дейін, оның мемлекетінің біржолата күйреуіне дейін және XV ғасырдың соңғы ширегінде өкімет билігінің Орталық және Оңтүстік Қазақстанда қазақ хандарының қолына көшкенге дейін-ақ танығандары сөзсіз. Сондай-ақ Жәнібек пен Керей Жетісуға кеткенге дейін хан саналған. XV ғасырдың екінші ширегіндегі Орталық және Оңтүстік Қазақстан тарихын еске алайықшы. Ақ Орда хандары ұрпақтарының билігі іс жүзінде Қазақстан аумағының бір бөлігінде (Арал жағалауында, Түркістанның солтүстік бөлігінде) 1428 ж. Барақ хан қаза тапқаннан кейін де және Әбілқайырдың сол жылы Дешті Қыпшақ тайпаларының бір бөлігінде билікті өз қолына алған соң да үзілген жоқ. Оның әр түрлі бағыттағы Жошы әулеті өкілдерімен күресі өзі билік құрған уақыт ішінде тоқтаған емес және оның билігі Ақ Орданың барлық аумағын⁴⁴ немесе Өзбек ұлысын қамти алмады.

А. А. Семенов XV ғасырдың бірінші жартысында барлық өзбек тайпаларының одағы бола қоймағанына күдік білдіріп, яғни өзбек тайпалары деп аталғандардың барлығының бір мемлекетке — Әбілқайыр хандығына бірікпегенін жазады⁴⁵. С. К. Ибрагимов Әбілқайырдың Жошы әулетімен, соның ішінде Ақ Орда хандарының ұрпақтарымен, Барақ ханның туыстары Махмұд ханмен, Ахмед ханмен күресі ұзақ уақытқа созылғанын атап көрсетеді⁴⁶. Әбілқайыр 20 жыл билік құрғаннан кейін ғана бірқатар оңтүстік қалаларын: Аркөк, Сығанақ, Созақты алды, бірақ оларды кімнен тартып алғаны белгісіз. Тап осы кезеңде оның Ақ Орда хандарының ұрпақтарымен қатынасы ерекше шиеленісе түсті. Мұның сыртында, Әбілқайыр хан билігінің 1446 жылдан кейін де Сырдарияның төменгі сағасы мен Арал жағалауында тарағаны туралы дерек жоқ. Мұнда да, Сырдария бойындағы қалаларға қарасты аудандарда да Әбілқайыр мен Жошы әулеті арасындағы таусылмайтын соғыстар салдарынан өздерінің әдеттегі көші-қон бағыттарын пайдалану мүмкіндіктерінен айырылып, қысым көрген қол астындағы қазақтармен бірге Барақ ұрпақтарының болуы да мүмкін. Жәнібек пен Керей қазақтарының бұл аудандардан көшуі бұдан он жылдан астам уақыт өткен соң, 50-жылдың аяғында болған еді.

Шығыс Дешті Қыпшақ рулары мен тайпаларының бір бөлігі Жәнібек пен Керейді Жетісуға кеткенге дейін хан ретінде мойындауларының маңызы зор. Бұл туралы деректемелерде анық айтылған. Жоғарыда айтылғандай Махмұд бен Уәли қазақ басшыларын хан атап және олардың жат жұртқа кетерінде «бабаларынан мұраға алған елден бас тартқанын»⁴⁷ айту арқылы бұл пікірді анықтай түседі. «Бахр әл-асрардың» авторы олардың Моғолстанда болуының алғашқы кезеңі туралы айта келіп, «сол кезде Керей ханның патша атанғанын» атап көрсетеді⁴⁸.

Осыған байланысты Мұхаммед Хайдар Дуғлат Керей хан мен Жәнібек ханның Дешті Қыпшақтан Жетісуға кетерінде «өзінің толып жатқан халқынан» бөлініп шыққандарын айтады, яғни замандастары оларды Ақ Орда хандарының мұрагерлері, Шығыс Дешті Қыпшақтағы осынау «толып жатқан халықтың» заңды билеушілері деп таныған⁴⁹. Осы арқылы тікелей әулеттік қана емес, Жетісудағы Қазақ хандығының жаңа ханының Ақ Орда хандығымен демографиялық байланысы да дәлелденеді. Олай болса, Ақ Орда да Қазақ мемлекеті болып танылуы керек.

Қолында көпшілігі бізге жетпеген деректемелері болған, көп нәрседен хабардар Махмұд ибн Уәли Жәнібек пен Керейдің сыртқы саяси істер мен байланыстарда өз беттерінше қимыл жасаған хандар, ерекше мемлекеттік саяси бірлестіктердің билеушісі болғаны туралы бірнеше рет айтады: «Есен-Бұға ханның тірі, оған жоғарыда аталған хандар (яғни Жәнібек пен Керей) көмек көрсетіп, қолдап отыруының арқасында Жүніс хан тәкаппарлық үзеңгісіне әдепсіздік аяғын сала алған жоқ»⁵⁰ деп жазады, яғни 1462 жылға дейін-ақ (Есен-Бұға ханның өлген жылы) қазақ билеушілері халықтың Әбілқайырға бағынбайтын бөлігінің билеушілері ретінде қабылданған.

XVI ғасырдың 40-жылдарында Жетісуда Қазақ хандығының құрылуы туралы еңбегін жазған Мұхаммед Хайдар мағлұматы жалғыз және ең ертедегі дерек деуге болмайды (сөз өз мағлұматтарын «Та'рих-и Рашидиден» алған авторлар хақында болып отыр). Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістандағы өкімет билігі жолындағы күресте қазақ хандары қарсыласы Мұхаммед Шайбани ханның хұзырмен жазылып, тікелей бақылауынан өткен Шайбани әулеті ортасының деректемелері деп аталатын топтама Қазақ хандығының алғашқы кезеңі тарихына байланысты жағдайларды бағалау үшін қажетті көптеген материалдар береді. «Та'рих-и Рашидиден» жиырма-отыз жыл бұрын жазылған XVI ғасырдың басындағы бұл деректемелерде де (Камал ад-дин Әли Бинаидің «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Шайбани-наме», Шадидің «Фатх-наме», Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара» және басқалары) Жәнібек пен Керей хандар аталады.

Шайбани әулеті авторлары Әбілқайыр өлгеннен кейін оның мемлекетінде бұрқ ете қалған өзара алауыздық қырқысулар туралы айта келіп, оның мұрагері Шайх-Хайдар ханның дұшпандары қатарында қазақ басшыларын да хан ретінде атаған: «Ол дұшпандарының біреуінің аты Ибак, екіншісі — Барақ ханның ұлы Жәнібек хан. Үшіншісі — Буреке және тағы біреуі — Мұса»⁵¹. Бинаидің «Шайбани-наме»⁵² және «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбектерінде де Шайх-Хайдар хан дұшпандарының тізімінде Жәнібек хан аталған. Т. И. Сұлтанов Шайбани әулетін мадақтайтын шығармаларда Әбілқайыр хан мемлекетіндегі бөлшектену және «одан жаңа саяси құрылымның бөлініп шығуы» жайында ештеңе айтылмайды деп көрсетеді⁵³. Шынында да бұл шығармаларда Әбілқайыр ханның заманы хақында ештеңе жазылмаған, олар шығармаларын ханның қазасынан кейінгі оқиғаларды суреттеуден бастайды, яғни бұл бөлшектенуден он-он бес жыл кейінгі оқиғалардан бастайды. Дегенмен осы шығармалардың өзінде де қазақ билеушілері саяси қызмет сахнасына билеуші, мемлекет иесі, хан ретінде шыққан.

Шайбани әулеті айналасының шығармалары Мұхаммед Шайбанидің Дешті Қыпшақ пен Түркістан билігіне Әбілқайыр хан ұрпақтары сияқты дәмесінің заңдылығын негіздеуге міндетті болды. Сондықтан оның хан атасы ақырына дейін жеңе алмаған Ақ Орда хандарының ұрпақтары ретінде авторлардың да қазақ хандарының тап осындай «заңды» құқықтарын жазуының ешқандай жөні жоқ еді («тапсырма беруші» Мұхаммед Шайбанидің мұны талап етпеуі мүмкін емес). Соған қарамастан Мұхаммед Шайбанидің Өзбек ұлысындағы өкімет билігі үшін күресінің алғашқы сәтіндегі қазақ хандары туралы айтпай кетуге болмайтын еді, өйткені ол Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін тап осы қазақ хандарымен күрес жүргізді.

Қазақтар мен «Әбілқайыр ханның бөлшектенуі» туралы осы билеуші мен оның мемлекеті жайында арнайы сөз қозғайтын бірден-бір автор Мас'уд бен

Усман Кухистани да өзінің «Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани» деген еңбегінде тап осы себеппен ештеңе жазбаған. Мас'уд бен Усман Кухистанидің қазақтар ханында ештеңе айтпау фактісіне А. А. Семеновтан кейін С. К. Ибрагимов та көңіл аударды. Бұл ғалым да «Та'рих-и Абу-л-Хайр-ханида» қазақтар туралы материалдардың жоқтығы «көшіп кетудің Өзбек ұлысын да, Моғолстанда да мекендеген тайпалардың саяси өмірінде айтарлықтай рөл атқармағанын» дәлелдейді деп көрсетті⁵⁴. Дегенмен Мас'уд бен Усман Кухистани да, Мұхаммед Хайдар мырза да еңбектерін XVI ғасырдың 40-жылдарында жазғанын, көшіп кету туралы және қазақ билеушілері Жәнібек хан мен Керей ханның қызметтеріне байланысты кейінгі оқиғалардан хабардар болғанын ескеруіміз керек. Шығармаларда олар жайында мағлұматтардың болмауын алдын ала ойластырған әрекет дей аламыз. Өйткені, Әбілқайыр хан балаларының (Сүйініш-Қожа хан мен Күшкүнші хан) қарамағанда қызмет атқарып, Шайбани әулетінің даңқын мадақтайтын еңбек жазу үстінде Мас'уд бен Усман Кухистани сол кезеңде Шайбани әулетінен шыққан билеушілермен бітіспес дұшпандықта болған қазақ хандары туралы әдейі ештеңе айтпауы әбден мүмкін. Сондай-ақ, «Та'рих-и Абу-л-Хайр-ханидің» авторы Әбілқайыр хан билігінің соңғы жылдары туралы тым үстірт баяндайды. «Та'рих-и Абу-л-Хайр-ханида» қазақтар жайында фактілердің кездеспеуін осындай жағдайлармен түсіндіруге болады.

Ең ақырында, қазақ хандарының Жетісудан Шығыс Дешті Қыпшаққа қайтып оралғанға дейін-ақ дербес хандықтың билеушілері болғанын дәлелдейтін тағы да бір мағлұмат аса сенімді жылнамашы автор, сол кездегі Қазақстан мен Орта Азиядағы көптеген оқиғалардың куәгері Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидан да табылады. Әбілқайыр өлген соң, «өзбек хандары елінде үлкен берекесіздіктерге жол берілді. Шайбани әулеті ұлысын басқару кезегі Әбілқайыр ханның ұлы Шайх-Хайдар ханға жетті. Қазақ ұлысының сұлтандары ханбыз деп мақтанды. Осынау жоғарғы қызмет бірінен соң біріне өтіп, бірнеше адамнан кейін хандық құру кезегі Бұрындық ханға жетті, ал ол ұлыс ұлыларының бірі және даңқты хандар ұрпақтарынан шыққан болатын»⁵⁵. Бұдан біз «Михман-наме-йи Бухара» авторы үшін Қазақ хандығының, қазақ ұлысының өмір сүруі Әбілқайыр хан қаза тапқан кезде дербес мемлекет ретінде таңғаларлық жағдай болмағанын көреміз. Ол Кашмирде «Та'рих-и Рашидидің» жазылуынан көп бұрын бұл бірнеше адамның, Керей хан мен Жәнібек ханның есімдерін білгені сөзсіз. Мұхаммед Хайдар бұл адамдардың — қазақ хандарының есімдерін атап, билік құрған («хандық құрған») ретін келтірген. Керей ханнан кейін оның ұлы Бұрындық хан болды деп екі рет атап өтеді⁵⁶.

Керей хан мен Жәнібек ханның Моғолстандағы иеліктері туралы, олардың бұл аумаққа дербес билеуші ретінде келгендігі жайлы Махмұд ибн Уәлидің мағлұматы да өте құнды: «Жошы әулеті сұлтандарынан шыққан Буруди оғлан Шайбани әулетіне қосылып, ханзадаларды... Моғолстанның Керей хан мен Жәнібек ханға қарасты бірқатар жерлеріне шапқыншылық жасап, тонауға көндірді»⁵⁷.

Сөйтіп XV—XVI ғасырлар деректемелеріндегі мәліметтер «Та'рих-и Рашидиде» келтірілген Қазақ хандығының Шығыс Дешті Қыпшақта емес, Батыс Жетісуда (Шу мен Талас алқаптарында) іргесі қаланғаны туралы мағлұматты тікелей немесе жанама түрде растайды. Белгілі деректемелерде тап осы аумақтың алғаш рет «Қазақстан» атауымен аталуы (Зайн ад-дин Васифи) көңіл аудартады.

Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңі жергілікті Жетісу тұрғындарының тағдырымен, яғни Ұлы жүз қазақтарының тағдырымен мейлінше тығыз байланысты. Жетісу Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан көшіп кеткен қазақ тайпаларының да (Орта жүз қазақтарының), Оңтүстік-Шығыс Қазақстан қазақтарының да (Ұлы жүз) бір тұтас мемлекетке бірігу орталығына айналды. Бұған саяси, шаруашылық, әлеуметтік және этникалық қатынастардың бұдан бұрынғы кезеңде ертеден қалыптасқан дәстүрлері жағдай жасады.

1462 ж. Есен-Бұға хан өлгеннен кейін Моғолстанда бұрынғыдан да шиеленісіп кеткен өзара алауыздық қақтығыстар Жетісу тайпаларының Жәнібек пен Керейдің қол астына ағылып келуін күшейте түсті. Жетісу қазақтарын Қазақ хандығының құрамына бірте-бірте енгізу процесі кейін де XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың басында да бұл мемлекетке қазақтардың этникалық аумағының қосылу барысына қарай жүргізілді. Мысалға, Тянь-Шань мен Жетісудағы, яғни ыдырауға ұшыраған Моғолстанның шығыс аудандарындағы өкімет билігі жолындағы күрес кезінде, XV ғасырдың 80—90-жылдарында Ахмед Алаша ханның Жәнібек, Керей және оның ізбасарларының қол астына көшіп кеткен Жетісу қазақтарымен бірнеше рет шайқасуына тура келді⁵⁸. Қазақ хандығының құрылған жері мен уақытын анықтау кезінде феодалдық өзара алауыздық қақтығыстар әлсіреткен Моғолстан жағдайымен санаспауға болмайды.

Жәнібек пен Керей қазақтарының Батыс Жетісу аумағына көшуі және осыдан кейін Қазақ хандығының құрылуы бұл ауданның саяси тарихында өзгерістер тудырған 50—60-жылдардың басында Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси тарихындағы мейлінше маңызды саяси оқиғалар болды. Бұл оқиғалар Жетісу қазақтарының тарихында үлкен бетбұрыс болған сәт еді: жергілікті тайпалар монғол билігі орнағаннан кейінгі уақытта тұңғыш рет Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы бір-біріне жақын этникалық топтармен біртұтас мемлекеттік ұйымға бірігу мүмкіндігін алды. Жетісудағы түркі тайпаларының Қазақстанның осы аудандарының тұрғындарымен бірігуге деген ертеден бергі ұмтылысы бұл ауданда Қазақ хандығын құру үшін, бір жоғарғы өкіметтің қол астына екі жүз тайпаларының бөліктерін біріктіру үшін өте тиянақты негіз болды. Көшудің пайдалы нәтижелерін айтқан кезде XV ғасырдың 50—60-жылдарында Жетісуға көшкен қазақ тайпалары келген соң, бос жатқан далаларды мекендемей (әдебиетте кейде осы сәтте ешкім меншіктене қоймаған Іле мен Ертіс аралығы туралы пікір кездесіп қалады), Жетісудың жергілікті қазақтарымен қоян-қолтық тығыз қатынастар орнатқанын ұмытпау керек. Бұл қатынастар көп ұзамай бір мемлекеттік бірлестік көлемінде саяси одақ дәрежесіне көтерілді.

Сөйтіп, 60-жылдары Батыс Моғолстандағы алғашқы қазақ хандары өз дұшпандарының өлуін және оның мемлекетінің күйреуін күткен қашқындар немесе саяси қуғынға түскендер рөлінде болған жоқ. Рулар мен тайпа көсемдерінің және қатардағы көшпелілер бұқарасының (өздерімен бірге Жетісуға келгендердің де, жергілікті жетісулықтардың да) көмегіне сүйенген, сондай-ақ Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның толық құлдырау кезеңіндегі жағдайды пайдаланған олар екі жүз тайпалары бөліктерінің одағы негізінде өз хандықтарын құра білді.

Деректемелерде Қазақ хандығы әуел бастан-ақ екі жүз қазақтарының одағы негізінде құрылды деуімізге дәлел болатын қандай фактілер бар? Деректемелерде жергілікті тұрғындардың Жәнібек пен Керейге көрсеткен қарсылықта-

ры туралы ешқандай мағлұмат жоқ, оның есесіне көп ұзамай Жетісу қазақтардың моғол ханы Ахмедке қарсы шыққаны жайында хабар жеткілікті⁵⁹. Қазақ билеушілері Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістандағы өкімет билігі жолында Шайбани әулетімен жүргізген күресі⁶⁰ кезінде олардың аса мол әскери күші және Жетісуда тиянақты тылы болу фактісі Жетісуда оларға қарсы тұра алатын күштердің жоқтығын көрсетеді, тіпті қазақ билеушілерін едәуір нығайта түскен жергілікті тұрғындармен арадағы одақ болғанын баяндайды. Одан әрі «Сұлтан Са'ид хан Қашғарияға алып кеткен жергілікті тайпалар («Моғолстан тұрғындары») сөз жоқ, Моғолстанға, яғни Жетісу мен Тянь-Шаньға кері қайтуға күштар» деп бірнеше рет қайталап жазады Мырза Хайдар. «Моғолстан тұрғындары» дегенді тиісінше өз халықтарының қазақ және қырғыз саяси одақтарының құрамына кіретін қалың бұқарасына қосылуға ұмтылған Жетісу мен Тянь-Шань маңын көптен мекендеушілердің бір бөлігі деп қарау керек⁶¹. Туыстас тайпалар мен рулардың бірігуі қазақ хандары мен феодалдық аксүйектерінің нығаюына жағдай жасады, бұл олардың Шығыс Дешті Қыпшақта гегемония жолында, түптеп келгенде қазақтардың этникалық аумағын біріктіру жолында сәтті күрес жүргізуге мүмкіндік берді. Бұған сонымен қатар Моғолстан билеушілерінің жағымды қатынастары да көмектесті.

Сөйтіп, Қазақ хандығының құрылған уақытын XV ғасырдың 60-жылдары деп белгілеуге болады. Хандықтың Мұхаммед Хайдар атаған уақыт — хижраның 870 жылы (1465—1466 жылдар) Моғолстандағы саяси жағдай (Есен-Бұға ханның өмірінің соңғы жылдарында өкімет билігі үшін інісі Жүніс ханмен жүргізген күресі, 1462 жылғы оның өлімі, Жүніс ханның Моғолстанда билікті өз қолына алу жолындағы сәтсіз әрекеттері, осы кезеңде Моғолстанда іс жүзінде өкіметтің мүлде болмауы) Моғолстанның солтүстік-батыс аумағында қазақ хандары билігінің нығаюына, олардың өздерін дербес билеуі деп жариялауына және сөз жүзінде емес, шын мәнісінде дербес саяси бірлестік құруларына толық қолайлы болғандықтан жазба деректемелерде айтылған бірден бір уақыт ретінде қабылдауға толық болатын мерзім.

Жоғарыда Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандарын Қазақ хандығының құрылған жері деп есептеуге ешқандай негіз жоқтығын дәлелдедік. Жәнібек пен Керейдің асықпай Әбілқайыр мемлекетінің күйреуін күтуі ешқандай ақылға сыймайтын іс болар еді. Осыған байланысты Әбілқайыр ханның өзі өлерден аз уақыт бұрын 1468 ж. Моғолстанға жорыққа аттанып, сол жолы қаза тапқанын айта кету қажет. Деректемеде Әбілқайыр қарсыласының кім екені айтылмаған, оның «Моғолстанды жаулап алуға» шыққаны ғана сөз болады. Жорық оңтүстік-шығыс аумақтарда жаңа саяси бірлестіктің құрылып, нығаюына байланысты ұйымдастырылуы мүмкін деген ой туады. Бұған, біріншіден, осы уақытта бұл өлкелерде моғол ханы Жүністің болмауы, ал екіншіден, хан әскерлерінің Талас алабы арқылы Шуға, одан әрі солтүстік-шығысқа беттеген қозғалыс бағытының өзі дәлел.

Қазақ хандығының құрылуын XVI ғасырдың алғашқы ширегінің аяғына қарай белгілеуге де болмайды, өйткені бұл уақыт деректемелерге сай келмейді. Жәнібек пен Керей балаларының (Әдік сұлтан, Махмұд сұлтан, Жаныш сұлтан, Таныш сұлтан, Бұрындық және басқалары) үлестерін — ұлыстарын дербес иеліктер деп санауға болмайды. Олардың барлығы да ұлыстар құрайтын жекелеген қазақ тайпаларын басқарды, барлығы да тәуелді жоғарғы хан тарапынан берілген үлестік еншілік құқығында олардың жұрттарына — өмір сүретін аумақтарына иелік етті. Дешті Қыпшақтағы оқиғаларды, XV ғасыр-

дың соңғы ширегінде қазақ билеушілерінің Сырдария бойы қалалары үшін жүргізген күресін баяндайтын деректемелер бас қазақ ханы мен ұлыс иелері — сұлтандар қимылдарының бір ыңғайлығы туралы бірнеше рет мағлұматтар келтіреді; бұл фактілер Жошы әулетінен шыққан сұлтандар мен көшпелі ақсүйектердің үлестік иеліктеріне бөлінбеген бір хандықты дәлелдейді. Жазбаша деректемелерде Қазақ хандығы XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырда бір мемлекет ретінде көрінеді. Осының барлығы хандықтың тым кейінгі құрылу уақыты туралы пікірлерді теріске шығарып, бұл мемлекеттің XV—XVI ғасырлар үшін «Қазақ хандықтары» емес, «Қазақ хандығы» деп атауының заңдылығын растайды.

Сөйтіп, деректемелер мағлұматтары да, фактілер мен пікірлерді салыстыру да Қазақ хандығының XV ғасырдың 60-жылдарының ортасында Батыс Жетісуда құрылғанын көрсетеді. Ақ Орда хандарының ұрпақтары басқарып, Шығыс Дешті Қыпшақ халқына Ақ Орда хандары әулетінің билігін қалпына келтіру жолында күрес жүргізген Орта жүздегі қазақ тайпалары мен руларының бір бөлігі ондаған жылдар бойы тап осында көшіп келген. Мұнда олардың келуіне қолайлы жағдайлар жасалды — негізінен Моғолстан мемлекетінің құлдырауына байланысты хан билігінен іс жүзінде шығып кеткен Ұлы жүз қазақтары осында қалыптасты. Қазақ хандығына екі жүз тайпаларының бір бөлігінің одағы негіз болды⁶².

4. XV ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ҮШТЕН БІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

Моңғолдардан кейінгі уақытта Қазақ хандығы шеңберінде XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырдың басында Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, кең-байтақ далалық аймақтың ұзақ уақыт бойы саяси жағынан бөлшектеліп келген халқы жалпы мемлекеттік дамуға мүмкіндік алды.

Қазақ билеушілерінің алдында олар мемлекет болып бөлініп шыққан бойдан-ақ жаңадан пайда болған мемлекетті нығайту, мемлекет құрамына қазақтар мекендейтін аумақтарды қосып алу мақсатымен оның шекарасын кеңейту міндеттері, сондай-ақ хандықты көрші мемлекеттердің жер жөніндегі талаптарынан қорғау міндеттері тұрды, XV ғасырдың соңғы үштен бірінде қазақ хандарының Шайбани ұрпақтарымен және Моғолстан билеушілерімен өзара қатынастарын сол міндеттер анықтады.

XV ғасырдың соңғы онжылдықтары — XVI ғасырдың басында Қазақ хандығы экономикалық жағынан нығайып алды және қазақтардың этникалық жерінің едәуір бөлігін өзіне қосып алып, аумақтық жағынан кеңейе түсті. Қазақ хандығының нығаяуы Қазақстан-Орта Азия аумағы шегіндегі соғыс, талас-тартыстар, халықтың үлкенді-кішілі көшіп-қонуы орын алған күрделі жағдайда өтті. Бұл кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақта Шайбани ұрпағы Әбілқайыр ханның ойраттармен, моғол хандарымен және Темір ұрпақтарымен соғыстар әлсіреткен хандығы тарих сахнасынан кетті; XV ғасырдың аяғында — XVI ғасырдың басында көшпелі өзбектердің басшысы, Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбаниге қарсы күресте Маураннахрдағы билігінен біржола айрылған Темір ұрпақтары мемлекетінің әскери және саяси күшеюінің күні өтті; іс жүзінде Моғолстан бірнеше феодалдық иеліктерге бөлшектеліп кетті.

Қазақ билеушілеріне 70-жылдардың өзінде-ақ Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның едәуір бөлігінде қарсы тұратын күштер болмады. Бұл жағдай олардың Түркістандағы Қаратау, Сарысу аймағындағы және басқа аудандардағы қазақ жерлерін біріктіру жөнінде таяудағы жылдардың өзінде-ақ ойдағыдай іс-қимыл жасауын айқындап берді. Олар жас мемлекеттің сыртқы саяси жағдайын нығайтуға, қазақтардың этникалық жерлерін біріктіру мен қорғауға бағытталған тәуелсіз және дербес саясат ұстанды⁶³.

60-жылдардың аяғы — 70-жылдардың басында Әбілқайыр хан өлгеннен кейін мемлекетін бүліктер мен талас-тартыстар жайлап алған Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан қашып келген көшпелілер есебінен Жәнібек пен Керейге бағынатын қазақ этникалық топтары халқының саны ұлғайды⁶⁴. Мұхаммед Хайдар қазақ көсемдерінің күшейгенін былай деп атап көрсетеді: «Әбілқайыр хан өлгеннен кейін Өзбек ұлысында (яғни Шығыс Дешті Қыпшақта) өзара тартыс басталды; шамасы келгендердің бәрі қауіпсіздік пен бақдәулет іздеп, Керей мен Жәнібекке кетіп қалды. Осының салдарынан олар едәуір күшейіп алды»⁶⁵. Махмұд бен Уәли жауынгерлердің көп мөлшерде Әбілқайыр хандығынан қазақ әміршілеріне қашып кеткені туралы былай деп жазады: «Әсіресе Әбілқайыр хан өлгеннен кейін, Дешті Қыпшақ аймақтарында тәртіпсіздік пайда болған кезде, өзбек жауынгерлерінің (кошунат-и узбак)⁶⁶ көпшілік бөлігі ханзадалардың (Жәнібек пен Керейдің) күдіретті туы астына жиналды»⁶⁷. Едәуір әскери күштері (жоғарыда айтылғанындай) бар және Жетісуда берік тылы болған, жергілікті халық қолдаған Жәнібек хан мен Керей хан Шығыс Дешті Қыпшақ халқына билік ету үшін Жошыдан тарайтын көптеген сұлтандарға қарсы күреске шығуды кешіктірмеді. Олардың басты қарсыластары Әбілқайырдың мұрагерлері — оның ұлы Шайх-Хайдар хан және Мұхаммед Шайбанидің немерелері шайбандық-сұлтандар мен Махмұд сұлтан болатын. Оларға қарсы күресте қазақ жетекшілері өздерінің ежелгі одақтасы, Жошыдан тарайтын Тоқа-Темірдің ұрпағы, Кіші-Мұхаммед ханның ұлы Ахмет ханмен, Шайбани ұрпақтары Ибақ ханмен, Бұрыж оғланмен, маңғыт әмірлерімен тізе қоса отырып қимылдады. Шығыс Дешті Қыпшақтың далалық аудандары мен Оңтүстік Қазақстанның (Түркістанның) қала орталықтарында үстемдік ету жолындағы күрес XV ғасырдың 70—80-жылдарында Жәнібек және Керей хандар мен олардың мирасқоры Бұрындық ханның іс-қимылдарындағы негізгі бағыт болды, оның үстіне жазбаша деректемелерде келтірілген негізгі оқиғалар Оңтүстік Қазақстанда өтті. Мұның XV ғасырдың соңғы онжылдығы мен XVI ғасырдың басына да қатысы бар. Шығыс ұрпақтарынан тараған екі әулетті жақтаушылар өкілдерінің Шығыс Дешті Қыпшақтағы күресі, жас мемлекеттің бұдан кейінгі тағдырын, қазақ халқының құрамына енген көптеген рулық-тайпалық топтар мен этникалық аумақтың саяси жағынан бір мемлекетке бірігу мүмкіндігін анықтап берген күресі Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен егіншілік жазиралары аймағында өріс алды. Және бұл кездейсоқ емес. Бұл аудан қазақ хандарының Батыс Жетісудағы иеліктеріне ең жақын аудан болды. Олар кезінде Жетісуға осы жерден көшіп барған еді. Бұл аудан аумағында Әбілқайыр хан билік еткен кезеңнің өзінде-ақ⁶⁸, ол 1446 жылы Сырдария қалаларын жаулап алғанға дейін Ақ Орда билеушілері ұрпақтарының ықпалы мейлінше күшті болды.

Ұрұс хан мен Барақ ханның мұрагерлері бұрынғы Ақ Орданың Арал өңіріндегі, Сырдарияның төменгі ағысындағы, Қаратау баурайларындағы

бірқатар оңтүстік аумағын өздерінің тұрақты қарсыластарының, Шайбаниден тараған хандардың осы ойдағыдай әрекетінен көп бұрын иеленіп келген еді.

Бірақ хандардың Шығыс Дешті Қыпшаққа билік ету жолындағы күресінің далалық аудандардан гөрі Түркістан аумағында өріс алуына осы ауданның экономикалық және стратегиялық маңызы басты себеп болды. Қазақ хандары да, олардың негізгі қарсыласы Мұхаммед Шайбани де Сыр өңірінің қалаларын көшпелілер мен малшыларға билік жүргізу жолында ойдағыдай күрес жүргізу үшін экономикалық және әскери база деп білді.

Оңтүстік Қазақстан орта ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы алдыңғы мемлекеттік құрылымдардың, яғни Ақ Орданың және ол өмір сүрген соңғы онжылдықтарда Әбілқайыр хан мемлекетінің дәстүрлі экономикалық және саяси орталығы болды. Қазақ хандығының экономикалық, мәдени және саяси өмірінің шоғырланатын жері нақ осы өлке бола алатын еді (кейіннен солай болды да), өйткені XIV—XV ғасырларда Жетісуда іс жүзінде сол кездерде қала тұрмысы болған жоқ, отырықшы-егіншілік тұрмыс болмашы түрде ғана өмір сүрді⁶⁹. Сонымен бірге Ақ Орда кезінде Қазақстанның оңтүстігінде бұл аумақ Темір ұрпақтарының мемлекетіне қараған кезде (XIV—XV ғасырдың алғашқы отыз жылында), жоғарыда көрсетілгендей, айтарлықтай шаруашылық өрлеуі орын алды, Отырар, Сығанак, Сауран, Сайрам, Созақ, Аркөк қалалары және басқалары біртіндеп қалпына келтіріліп, оларда қолөнер кәсіпшілігі жанданды, сауда айырбасы өсе түсті. Түркістан жазираларында қала мәдениетінің жеделдете дамуы одан кейінгі кезеңде де жалғаса берді⁷⁰. Жазбаша деректемелердің материалдары XV—XVI ғасырларда, яғни Қазақ хандығының қалыптасуы және нығаюы кезінде Қазақстанның оңтүстігінде қала шаруашылығының дамуы туралы археологиялық деректерге толық сәйкес келеді⁷¹.

Түркістан өңірі қалаларының қалпына келтіріліп, өркендеуі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы аудандары халқының тарапынан қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдары мен егіншілік және мал шаруашылығы өнімдеріне сұранымның артуына байланысты болатын. Бұған қолайлы жағдай Ақ Орда мемлекетінің, Әбілқайыр хандығының, содан соң Қазақ хандығының нығаюы барысында қалыптасып, шаруашылықтың өрлеуі байқалды, мал саны көбейді, мал шаруашылығы өнімдерін өткізу мүмкіндігі артты. Оңтүстікте қала шаруашылығының және қырда мал шаруашылығының өсуі негізінде Шығыс Дешті Қыпшақтың далалық аудандары малшыларының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның егінші және қала халқымен шаруашылық-мәдени байланыстары, өзара сауда айырбасы күшейді. Оңтүстік Қазақстанның қала шаруашылығы ықпалының өрісіне Жетісу халқы да тартылды. Сыр өңірі қалаларының өніміне сұранымның пайда болуы бұл өлкедегі монғолдар үстемдік еткен және Темір, ойрат феодалдары тонаушылық шапқыншылықтар жасаған кезден бері келе жатқан ұдайы шаруашылық күйзелісінің салдарынан еді.

Сырдарияның төменгі және орта ағысындағы жер бағалы қысқы жайылымдар ретінде қазақ хандарына бағынышты көшпелі тайпаларға қажет болатын. Қазақстан далаларының географиялық ерекшеліктеріне және көшпелі мал шаруашылығының қыстыгүні Шығыс Дешті Қыпшақтың алыстағы аудандарының көшіп жүретін жерлерінен оңтүстік аудандарға, Сырдария мен оның салалары алаптарына, Қаратау баурайларына көшіп келуді талап ететін қалыптасқан дәстүрлерге байланысты бұл аумақтың дала халқы үшін өмірлік маңы-

зы бар еді, олардың қалыптасқан-дәстүрлі өндіріс циклінде зор шаруашылық маңызы болды. Алайда бұл жайылымды осы аумақтың басты орталықтарын – Түркістан өңірі мен Қаратаудың бекіністі қалаларын иеленгенде ғана пайдалану мүмкін еді.

Сыр өңірінің қалалары қазақ хандарына қорғаныс-стратегиялық мекендер ретінде де керек болды. Далалық аудандарға билік ету жолындағы күрес барысында тайталасушы екі жақ та өздерінің көшіп жүретін қоныстарына ең жақын жатқан, өздерінің экономикалық жағынан да, әскери жағынан қуатының артуына жәрдемдесе алатын Қаратау мен Түркістан аймағының қалалары мен қоныстарынан өздеріне тірек іздеді, Оңтүстік Қазақстанның қалалары да ол кезде нашар бекіністер емес еді және ұзаққа созылатын қоршауға алуға төтеп бере алатын. Түркістан қалаларына сүйене отырып, қазақ хандары мен сұлтандары ең алдымен даланың рулық-тайпалық шонжарларына өз билігін орната алды. Мұның бәрі қазақ хандарының Түркістан қалаларын бағындыру жолында қайсарлық көрсеткенін түсіндіреді.

Қазақ хандарын хандықты құрылған кезінен бастап-ақ, Сыр өңірінің қалалары үшін, жалпы Түркістан жері үшін күрес жүргізуге итермелеген жоғарыда аталған себептерді толығымен оның қарсыласы Мұхаммед Шайбаниға да теңеуге болады, сол кезде ол Шығыс Дешті Қыпшақта Шайбани ұрпақтарының билігін қалпына келтіруге ұмтылып, Ақ Орда билеушілерінің мұрагерлері ретіндегі қазақ хандарының осы билікке құқығына дауласты, ал кезінде олардан тақты Шайбани ұрпағы Әбілқайыр тартып алған еді.

Маураннахрдың Темір ұрпақтары өздері бір кезде Ақ Ордадан тартып алып, қыр өңірінің көшпелілеріне қарсы қорғаныс бекіністеріне айналдырған Түркістан қалаларын қорғады. Күреске моғол хандары Жүніс пен оның ұлы Сұлтан Махмұд та араласып, Моғолстан ыдырап, өздерінің билігінен шығып бара жатқан жағдайда талауға түскен Темір ұрпақтары мемлекетінің Ташкент маңындағы жерлеріне өз билігін жүргізуге тырысты.

Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістандағы билік үшін, соның ішінде Сыр өңірінің қалалары үшін күрес бірнеше кезеңдерге бөлінеді.

Қазақ әміршілері мен Мұхаммед Шайбани Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін, яғни 1469–1470 жылдан кейін көп кешікпей-ақ өздерінің даладағы билік жолындағы күресінің ең басында-ақ күш-жігерін Түркістан қалаларын басып алуға бағыттады. Әбілқайыр ханның мұрагері, оның ұлы Шайх-Хайдар ханға Жошы ұрпақтары мен маңғыт әмірлерінің біріккен күштері қарсы шықты. Шайбанилік деректемеде одақтастардың есімдері аталған: «Сол ғасырда Әбілқайыр ханның жұртында жаулар пайда болды. Олар (Шайх-Хайдар ханның өміріне) қастық жасады. Бұл жаулардың есімдері: Қажы-Мұхаммед ханның баласы Сайидек және Қажы-Мұхаммед ханның немересі, Махмүдек ханның ұлы Ибақ, Барақ ханның балалары (ұрпақтары) Жәнібек (пен) Керей, Араб (яғни Арабшах) балаларынан (яғни ұрпақтарынан) – Буреке сұлтан, маңғыттардан Аббас бек пен Мұса (және) Жаңбыршы⁷²; (солар) бастаған жаулар жиналып, (оған) жан-жақтан қастандық жасады»⁷³. Бірнеше шайқас болып, олардың барысында, Камал ад-дин Әли Бинаидің айтуынша, «екі жақтан да көп адамдар қаза тапты»⁷⁴. Алайда Шайх-Хайдар көп ұзамай Әбілқайыр мұрагерлерінің азын-аулақ жақтаушылары тарапынан жасалатын қолдаудан айрылды. Бинаи былай деп атап өткен: сайып келгенде ол, «Шайх-Хайдар хан, (барлық) тараптар мен өлкелердегі өзінің әмірлері мен баһадүрлеріне (көмек сұрап) көп адамдар жіберді, бұдан ешнәрсе шықпады: адамдар мен әскер жи-

налмады»⁷⁵. Оны бір шайқаста Үлкен Орда ханы Ахметтің (ол онда 1465 жылдан бастап билік еткен) әскерімен келген Ибақ хан өлтірді. Мұхаммед Шайбани інісімен бірге Қажы-Тарханның (Астраханның) билеушісі, Темір-Құтлық ханның (Тоқа-Темірдің) ұрпағы Қасым ханға барып паналады. Қаланы Ахмет хан, Ибақ хан және Ноғай ұлысының билеушісі Аббас бек қоршап алып, Мұхаммед Шайбани інісімен бірге Түркістан уәлаятына қашты, сөйтіп онда Темір ұрпақтарының әкімі Мұхаммед-Мазид тарханнан қолдау тауып, Әбілқайыр ханның бұрынғы әскербасылары арасынан өзін жақтаушыларды жинауға үміттенді. Мұхаммед-Мазид тархан Шайбаниге көмек көрсетуге келісті. Мұны оның бақталастарын қақтығыстырып, олардың араздығын өз мүдделеріне пайдалану үшін көшпелілер арасынан одақтастар табуға ұмтылуымен түсіндіруге болады. Алайда «қыс кезінде Түркістанға Керей хан жау болып келді»⁷⁶. Қайдан келгені деректемелерде айтылмайды, бірақ Қажы-Тарханды қоршағандар ішінде қазақ хандары аталмаған.

1470 жылдың қысына қарай қазақ әміршілері Түркістанда едәуір ілгері басты. Жәнібек ханның үлкен ұлы Махмұд сұлтан Қаратау етегінде Созақты алды. Басқа бір ұлы Еренші сұлтан Сауранды иеленді, енді Керей ханның өзі Түркістанға жақындап келді. Қазақстанның оңтүстігінде қазақтардың іс-қимылының жандануы Мұхаммед Шайбаниді Маураннахрға Темір ұрпақтарының қол астына шұғыл түрде кетуге мәжбүр етті. Шайбанилік сұлтандарға Түркістаннан кетуге кеңес беріп, Мұхаммед-Мазид өз иеліктеріне қазақтардың шабуыл жасау қатерінің бетін бұрмақ болды.

Қашып жүрген кезінде Мұхаммед Шайбани Сауран түбінде қаланың жаңа иесі қазақ сұлтаны Ереншінің әскери қосынымен қақтығысып қалды. Сауран түбіндегі шайқаста Мұхаммед Шайбани төңірегіндегі бірнеше сұлтан өлтірілді⁷⁷. Оның төңірегіне жиналған өзбек бектері мен Жошыдан тараған сұлтандар оны тастап кетті, сөйтіп ол Бұхараға қашуға мәжбүр болды. Сыр өңіріне осы алғашқы шабуылының нәтижесінде қазақ әміршілері өздеріне Сауран мен Созақты бекітіп алды және Шайх-Хайдар хан қаза тапқаннан кейін бытырап кеткен шайбани әскерлерінің басшыларын Мұхаммед Шайбанидің жинастырып алуына мүмкіндік бермеді⁷⁸.

Шайбани ұрпақтарын жақтайтын шығармалардың авторлары Камал аддин Әли Бинаи, Мұхаммед Салих, Молла Шади, «Таварих-и гузида-йи нусратнаме» шығармасының беймәлім авторы және басқалар оқиғалардың мәнін әдейі бұрмалаған. Бұл авторлардың айтуына қарағанда, Мұхаммед Шайбани бейне бір бірнеше ондаған адаммен он мыңдаған қазақтарды жеңген немесе ең болмағанда төтеп берген болып шығады. Олардың шайбаниліктердің «жеңістерін» көрінеу әсірелеуі және Қазақстан даласы мен Түркістандағы оқиғаларды объективті көрсетпеуі бұл тайталастың нәтижелерін қабылдауға кедергі жасамауға тиіс. Жошы ұрпақтарының түрлі тармақтары Шығыс Дешті Қыпшаққа, оның көшпелі және жартылай көшпелі халқына өз билігін жүргізуге дәмеленді, бірақ олар аймақтағы этникалық және саяси процестің барысына объективті түрде ықпал етті. Оларды қолдаған көшпелі халық топтары, Қазақстан даласындағы рулар мен тайпалардың шонжарлары барған сайын екі бөлікке, «қазақтар» мен «өзбектерге» бөлініп алыстай берді. Мұхаммед Шайбанидің бұрынғы Әбілқайыр хан мемлекетінің жерлері мен оларда мекендеген ұлыстарды бағындыра алмауы, оның Қазақстан аумағында Өзбек хандығын қалпына келтіре алмауы Қазақ мемлекеттігінің нығаюына елеулі рөл атқарды. Қазақтар күдіретті және ұйымдасқан күшке айнала бастады.

Бірақ Мұхаммед Шайбани қарсы әрекеттерін жалғастыра берді. Екі жылдан кейін Темір ұрпақтарынан әскери көмек алған Мұхаммед Шайбани Түркістанға келіп, бірқатар бекіністерді басып алды. Бірінші болып Сырдарияның сол жақ жағалауындағы шағын бекініс Аркөкті қолға қаратты. Соған сүйене отырып, Мұхаммед Шайбани солтүстік жаққа, Түркістан өлкесі мен Шығыс Дешті Қыпшақ шекарасына беттеп, Сығанақты басып алды. Сол кезге қарай Ноғай ұлысының басшысы Мұса мырза өз кезегінде Түркістанға жақындап келді⁷⁹. Қазақ хандарының одақтастары ішінен ол олардың жауына айналып үлгіріп, қырдағы билік жолындағы күресте елеулі қарсы әрекет жасады.

Мұхаммед Шайбанидің оған Әбілқайырдың немересін қолдауға және оны «Дешті Қыпшақтың ханы»⁸⁰ деп жариялауға уәде берген Мұса мырзаның белгілене бастаған одағына Бұрындық бастаған қазақ әскерінің Батыс Жетісудан Түркістан шекарасына асығыс келіп жетуі кедергі жасады («ол маңғыттарға қарсы соғысуға келді»)⁸¹. Әскер басыларының бірі қазақтың болашақтағы ханы Қасым болатын.

Осы оқиғалар туралы хабарлаған деректемелерде Бұрындық хан деп аталған. «Бахр әл-асрарда» әкесі Керей хан қайтыс болғаннан кейін оның «хандық құра бастағаны» айтылады⁸².

Мұхаммед Шайбанидің маңғыт басшысымен одағы қазақ билеушілері үшін шиеленіс қатерін төндірді. Шайқастың егжей-тегжейі Бинаидің «Шайбани-намесінде» суреттелген, дегенмен де шайқастың қай жерде болғаны айтылмаған, сірә, Түркістан мен Шығыс Дешті Қыпшақ шекарасының бір жерінде болса керек, өйткені деректемеде шайқастан кейін Шайбанидің бірден Сығанаққа келгені атап өтілген.

Мұса мырза Мұхаммед Шайбаниді шайқаспауға көндіріп баққан, өйткені онда небәрі 300 адам болатын, ал Бұрындық хан 50 мың адамдық қазақ әскерін әкелген. Бірақ шайбанилік сұлтан оның ақылын тыңдамай, Қасым сұлтанның әскерін қашырып және маңғыттармен бірге Бұрындықтың әскерін талқандап, «жеңіске жеткен». Шайбанилік деректемелердің Бұрындық ханды талқандауы және Мұхаммед Шайбанидің «жеңісі» туралы бұл хабары көрінеу әсірелеу: осы оқиғалардан кейін көп кешікпей-ақ Бұрындық әскери қосынымен осы ауданға Созақтың қазақ билеушісі Махмұд сұлтанға көмекке тағы келген. Қазақ әскерлерінің елеулі талқандалуы мен Мұхаммед Шайбанидің жеңісі оның қырдағы жағдайының нығаюына жеткізуге тиіс сияқты еді. Алайда бұлай болмады, өйткені іс жүзінде жеңістің өзі болған жоқ еді. Ол былай тұрсын, Сығанаққа қайтып оралғаннан кейін Шайбанидің өзіне қазақтардың Түркістанға жаңа шабуылына тойтарыс беруіне тура келді.

Бұрындықпен келісе отырып, қимыл жасаған Созақ билеушісі, Жәнібек ханның ұлы Махмұд сұлтан Түркістанда Мұхаммед Шайбани ықпалының нығаюына кедергі жасап, осындағы өз иеліктерін кеңейтуге ниеттенді, ол жөнінде Камал ад-дин Әли Бинаи тура былай дейді: «Махмұд сұлтан... Созақ уәлаятында... Түркістан уәлаятын жаулап алуға бару (үшін) Түркістан уәлаятына қарсы қисапсыз әскер жинады»⁸³. Бинаи мен Шадидің айтуына қарағанда, Мұхаммед Шайбани қазақ сұлтанының ниетін біліп қойып, оның алдын орауға асығып, жүздеген жауынгерімен Созаққа өзі аттанған⁸⁴. Айқас қыс кезінде аязды күні Созақтың бекініс орнының жанында болған. Бинаи былай деп жазады: сан жағынан басым болғанына қарамастан, қазақ сұлтанының әскері тым-тырақай қуылған, ал Мұхаммед Шайбани қазақ сұлтанына қарасты дала

үшін күрестегі стратегиялық маңызы бар Созақ бекінісін алуға және оны өзіне бекітіп алуға әрекет жасамай, көп олжа түсіріп, Сығанаққа қайтып оралды. Соңғысы Мұхаммед Шайбанидің бұл жеңісі жалған екенін дәлелдейді. Көп кешікпей Махмұд сұлтан өз әскерін жинады, оған Бұрындық та көмекке келді. Қазақтардың біріккен әскері көп болатын, Молла Шадидің жазғанындай, «санаса сан жетпейтін» еді⁸⁵.

Созаққа Бұрындықтың келгенін және қазақ әскерлерінің біріккенін білген Мұхаммед Шайбани Сығанақтан Созақ бағытына аттануға асыққан. Қазақ әскерлерімен шайқас Қаратау тауының Соғұнлұқ асуында өтті. Шайқаста Жәнібек ханның ұлы, Созақ әміршісі Махмұд сұлтан қаза тапса да, Мұхаммед Шайбани жеңіліске ұшыраған, бұл жөнінде оның болашақтағы сарай маны тарихнамашыларының өзі де айтпай кете алмаған⁸⁶. Мұхаммед Шайбани Түркістаннан кетуге мәжбүр болды. Ол Маңғыстауға («Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» бойынша – Хорезмге)⁸⁷ кетті. Мұхаммед Шайбанидің өз атасының бұрынғы иеліктерінде орнығуға жасаған екінші әрекеті осылай аяқталды, бұл да оны Түркістанда, оның үстіне қазақстандық Дешті Қыпшақтың далалық аудандарында табысқа жеткізбеді. Бұрындық хан Сығанақты алды. Жәнібектің ұлдары Қасыммен және Әдікпен бірге оңтүстікке қарай беттеген ол Темір ұрпақтарымен және олардың иеліктеріне келген моғолдармен қақтығысып қалды.

Сонымен, қазақ хандары Жәнібек пен Керей, содан соң соңғысының ұлы Бұрындық XV ғасырдың 70-жылдарында өз жағдайларын ең алдымен Қазақстанның оңтүстік аудандарында нығайтуға үміт артып, өздерінің Шығыс Дешті Қыпшақты бағындыруға жасаған әрекеттерінде едәуір табыстарға жетті. Олар Жетісудағы иеліктеріне сүйене отырып, өздерінің алдында Шайбани ұрпақтары мен маңғыттардан құралған қарсыластарының едәуір күшті одағы тұрғанымен, бұл кезеңде Орталық Қазақстан даласында нақты саяси күшке айналды.

80-жылдарда қазақ әміршілерінің Қазақстан далалары мен оңтүстігінің жазираларына билігін кеңейту жалғастырыла берді. Бұл кезеңде және 90-жылдардың басында Мұхаммед Шайбани тарапынан да, қазақтар тарапынан да жасалған соғыс қимылдары барынша табандылығымен және қаталдығымен ерекшеленді, олардың қатынастарына Темір ұрпақтарына қоса, моғол хандары да араласты. Түркістан уәлаятына келген Мұхаммед Шайбани тағы да Аркөк бекінісін басып алды⁸⁸. Созақ пен Сығанақ бұл кезде қазақтардың қолында болатын, бірақ хан немесе сұлтан әскерімен белгілі бір қаладан шығып, қырға кетісімен, қала іс жүзінде қорғаныссыз қалатын да, басқа үміткердің оп-оңай олжасына айналатын. Мұхаммед Шайбани сәті түсіп, Сығанақты басып алды. Бұрындық хан қыр жақтан көп әскермен, сол уақытқа қарай одақтастық қатынастары жақсарған маңғыттармен, Жәнібек ханның ұлдарымен бірге асығыс келіп жетті. Қазақ әскерлерінің Сығанақты қоршауы үш айға созылды, алайда Мұхаммед Шайбани берік қорғанды да, қоршау, деректемелердің хабарлауына қарағанда, қазақтар үшін сәтсіз аяқталды⁸⁹.

Бірақ Мұхаммед Шайбани де қыр жаққа ілгерілей алмады; ол Сығанақта өз адамдарының бір бөлігін қалдырып, Отырарға кетті. Бұрындық хан дереу қайтып келіп, Сығанақты қайта қоршады, қала тұрғындары «бұл уәлаят бұрын да Бұрындық ханға тиесілі болған» деген себеппен оған бірден бағынды⁹⁰. Уәлаят тұрғындары қаланы Бұрындық ханға беру арқылы «төнген қауіптен», үнемі «билік алмасуынан» құтылуға тырысты. Сол кездегі деректемелердің Сыға-

нақты атағанындай, «Дешті Қыпшақтың қақпасына» қасарыса ұмтылған Мұхаммед Шайбани бұл бекініске тағы келді, ал қазақтар әуелі сол кезде Мұхаммед Шайбанидің інісі Сұлтан Махмұд отырған Ясы қаласын қоршап алған еді, ал содан соң Сырдариядан өтіп, Аркөкті де қоршады, оған Сығанақ түбінен бұл бекіністі ала алмаған Мұхаммед Шайбани асығыс қайтып оралды.

Шайбаниліктер Аркөкте қазақтар мен Темір ұрпақтары әкімінің біріккен күштеріне қарсы 40 күн бойы қорғанды. Мұхаммед-Мазид тарханның қазақтармен күтпеген жағдай болып көрінетін одағын Темір ұрпақтарының Түркістандағы иеліктерін Мұхаммед Шайбанидің көшпелі өзбектерінің басып алуына жол бермеуге ұмтылған Самарқандтағы Сұлтан Ахмет мырзаның талап етуімен түсіндіруге болады. Бұрын Темір ұрпақтарының Түркістандағы әкімі Мұхаммед Шайбани бұрынғы Әбілқайыр хан мемлекетінің далалық аудандарында билікті басып алу мақсатын ғана көздейді және оның Шығыс Дешті Қыпшақтағы қазақтармен қақтығысы екеуін де Түркістан қалаларынан алаң етеді деп санап, Шайбаниді қолдап келген еді. Ал енді Мұхаммед Шайбанидің Сыр өңірі қалаларын өзіне бағындырып алуға ұмтылатынын көрген соң, Мұхаммед-Мазид тархан өз бағдарын өзгертіп, қазақ үміткерлерін қолдады.

Сонымен бірге Темір ұрпақтарының Ташкент уәлаятындағы иеліктері моғол ханы Жүністің (1469—1487 жж.) назарын аударды, ол Ферғана мен Ташкентке жапсарлас жатқан, Қашғариядағы Ақсу мен Оңтүстік Қырғызстандағы Атбашыға дейінгі оңтүстік-батыс иеліктерін қоспағанда, Моғолстан мен Қашғарияның негізгі аудандарында билігін нығайту мүмкіндігін жоғалтты деуге болатын. Самарқанд билеушісі Сұлтан-Ахмет (1469—1494) пен Ферғана билеушісі Омар-Шайхтың (1461—1494) арасындағы XV ғасырдың 70—80-жылдарында күшейе түскен күресті, сондай-ақ өзінің Омар-Шайхпен туыстық байланыстарын Темір ұрпақтарымен күрделі қатынастарына шебер пайдаланған Жүніс хан 1482—1485 жылдарда Сайрам мен Ташкентті өз қолына қаратып алды⁹¹, яғни Сыр өңірі қалалары аймағына жақын келіп, қазақтар мен Шайбани ұрпақтарының күресіне араласудың сәтін түсірді.

Қазақтар мен олардың одақтастарына қарсы толассыз жүргізілді деуге болатын үш жылдық күрестегі жеңілістер Мұхаммед Шайбаниді 1486 жылдары Түркістанды тастап шығып, Хорезмде соғыс сәттілігін іздестіруге мәжбүр етті⁹².

80-жылдардың аяғы — 90-жылдардың басында Ташкент пен Сайрамда билік құрған моғол ханы Сұлтан Махмұдтың (оның әкесі Жүніс хан 1487 жылы Ташкентте өлген еді) қазақ хандары мен Шайбани ұрпақтарының Сыр бойындағы қалалар үшін күресіне араласып, бірде бір жағын, бірде екінші жағын қолдай отырып, өзінің Түркістандағы ықпалын кеңейтуге тырысуы сәтсіз болған жоқ. 1488 жылы ол Темір ұрпағының әкімі Мұхаммед-Мазидті Отырардан қуып шықты⁹³. Сұлтан Махмұд хан өзіне ертеректе Шайбани ұрпағының Темір ұрпағы Сұлтан Ахмет мырзаға қарсы Шыршық өзеніндегі шайқаста көрсеткен көмегі үшін алғыс ретінде⁹⁴ және Сыр өңірінде оны қазақтарға қарсы өз одақтасы деп білу үмітімен басып алынған Отырарға Мұхаммед Шайбаниді шақырды. Моғол ханынан қолдау тауып және Отырарға сүйене отырып, Мұхаммед Шайбани тағы да екі үлкен бекініс-қала Сауран мен Ясыны (Түркістанды) басып алды.

Жоғарыда айтылған қалаларды алуда моғол ханының Шайбани ұрпағына көмектесуі моғолдар мен қазақтар қатынасының шиеленісуіне әкеп соқты. Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат былай деп жазады: «Осы себепті қазақтар

Керей хан және Жәнібек ханның балаларымен арадағы достық (та) енді дұшпандықпен алмасты. [Керей хан мен Жәнібек ханның балалары былай деді]: «Шахыбек хан (яғни Мұхаммед Шайбани) біздің жауымыз. Қалайша сен оны Түркістанға бізге қарсы қоясың?» Қысқасы, осы жанжалға байланысты Сұлтан Махмұд хан мен өзбек-қазақтар арасында екі рет шайқас болды. Екі ретте де [Сұлтан Махмұд] хан жеңіліске ұшырады»⁹⁵. Сірә, бұл шайқастар да Түркістан аумағында өтсе керек.

Сол кезге дейін Темір ұрпақтары әкімінің баласы Құл-Мұхаммед тархан билеушісі болған Сауран төмендегідей жағдайларда Мұхаммед Шайбанидің інісінің қолына түскен. «Таварих-и гузида-йи нусрат-намеде» айтылғанындай, қаланы Шайбани ұрпақтарына қала тұрғындарының өздері былай деп берген: «Сауранның барлық адамдары мен молдалары және қожалары кеңесіп: «Отырар тағы да Мұхаммед Шайбани ханның қолына түсті. Оның күдіреті күннен-күнге артып келеді. Енді ол бүкіл уәлаятты басып алады», — деп адам жіберіп, Махмұд сұлтан Баһадүрді (Мұхаммед Шайбанидің інісін әкеліп, Сауранды соған берді»⁹⁶. Қаланы күшпен басып алуға байланысты болуы мүмкін күйзелістердің алдын алған саурандықтар қаланы, өздерінің ойлағанындай, сол кездегі неғұрлым күшті қамқоршыға өз еркімен беруге ұйғарған.

Осыған байланысты ағайынды шайбанилердің Сауран шонжарлары жағының іс-әрекеті жөніндегі әңгімесі қызықты. Саурандағы інісіне келген Мұхаммед Шайбани оған, ақыры, олар, қаланың атақты адамдары, өздерінің бұрынғы бегі Құл-Мұхаммед тарханға сатқындық жасаған екен, олар бұл жөнінде де кез келген сәтте солай істейді деп ескертіп: «[Жаңа опасыздықтан құтылу үшін], қанеки, енді олардың ұлы адамдарын көшіріп жіберейік те, Сауранды өзіміз тиісінше сақтайық» деп ұсынды. Бұған жауабында Махмұд сұлтан Баһадүр өздерін, Шайбани ұрпақтарын, өз бодандары қала тұрғындарымен (райаттармен) бірге Сауранның ақсүйектері («ұлы адамдары») шақырып алып, «шарт пен жағдай жасасқанын», сондықтан да оларды қаладан көшіріп жіберуге болмайтынын атап көрсетті. Мұхаммед Шайбани бұл дәлелдермен келіскен жоқ⁹⁷.

Қалалардың өздері үшін күйзеліс әкелетін шексіз-шетсіз күресте, Түркістан аумағында сансыз көп қарсыластар арасында толассыз жүргізілген соғыстарда қала тұрғындарының ықпалды үстем таптары сол кездегі неғұрлым күшті жаққа жиі өтіп, сол арқылы өзінің азды-көпті дербестігін қамтамасыз ететін немесе тым болмағанда, жаппай күйзелістің, талап-тонаудың және басқа да қасіреттің алдын алып отыратын. Түркістандағы ұзаққа созылған күрес шаруашылық-экономикалық өмірге, қалалардың, әсіресе төңіректегі қыстақтардың жай-күйіне апатты әсер еті. Жоғарыда айтылып та өткен Сығанақты — Бұрындық ханға, Аркөкті — Мұхаммед Шайбаниге, Сауранды — Махмұд сұлтан Баһадүрге беру фактілерін және басқаларын қала тұрғындарының күйзелістен қалай болса да аман қалуға ұмтылысымен түсіндіруге болады.

Шайбани ұрпағы Махмұд сұлтан Сауранға орныққаннан кейін үш ай өткен соң, қалаға Бұрындық ханның, Жәнібек хан ұлдары Қасым мен Әдіктің және Мұхаммед-Мазид тарханның біріккен әскерлері жақындап келді. Қаланы қоршаушылар «ондағы шонжарлармен жасырын хабарласып, қала тұрғындарының өзбек гарнизонына қарсы көтерілісін туғызды»⁹⁸. Сауран шонжарларының бір бөлігінің ұзақ уақыт бойы қала қазақтарға қарап келген кезден-ақ қазақ хандарымен орныққан тығыз байланыстары болғаны анық. Саурандық-

тар Мұхаммед Шайбанидің інісін оның төңірегіндегілердің бәрімен бірге ұстап берді. Тұтқындар тапсырылған Қасым сұлтан оларды Созаққа жөнелтті, бірақ жолда орайын келтіріп Махмұд сұлтан қашып кетті, бұған өз тұтқынына, анасы жағынан туысына жаны ашыған Қасым сұлтанның өзі де көмектескен («Қасым сұлтан әдет бойынша Махмұд сұлтан Баһадүрді өзінің аталығы деп атаған»)»⁹⁹.

Сауранда орнығып алған Бұрындық хан және Жәнібек ханның ұлдары «орасан көп әскермен» Мұхаммед Шайбани отырған Отырарға аттанып, Мұхаммед-Мазид тарханмен бірге бұл бекіністі қоршауға алды. Бірақ Шайбани ұрпақтарына Ташкенттен моғол ханы Сұлтан Махмұдтан көмек жетіп үлгірді, ол жақсы қаруланған мың жауынгер жіберген еді. Бұрындық хан қоршауды тоқтатып, Сауранға кетуге мәжбүр болды. Отырар түбінде қазақ ханымен одақтасып табысқа жетпеген Мұхаммед-Мазид тархан Ясы қаласына бет алды. Өз кезегінде моғол ханы Сұлтан Махмұд көп кешікпей қазақтармен бұрын, өзі Отырарды Шайбани ұрпақтарына бергеннен кейін үзілген «бейбіт қатынастар»¹⁰⁰ орнатты. Енді Сұлтан Махмұдты Мұхаммед Шайбанидің күшеюі аландата бастаған еді, ол Ташкент пен Сайрамдағы өз иеліктерінің тағдыры үшін қауіптенді.

Бұрындық ханның Отырарды қоршауын тоқтатуы Мұхаммед Шайбанидің Мұхаммед-Мазид тархан қоршап алған Ясы бекінісін қорғауға екі жүз адамымен асығыс аттануына мүмкіндік берді¹⁰¹. Мұхаммед-Мазид тарханға Самарқандтан көмек келгеніне қарамастан, ол талқандалып Мұхаммед Шайбаниге тұтқынға түсті.

Моғол әскерімен бірге Бұрындық хан мен қазақ сұлтандары Отырарды тағы бір қоршады, Түркістан уәлаятында бірнеше айқас өтті, бірақ сәтсіз болды — Ясы (Түркістан) мен Отырар көшпелі өзбектер басшысының қолында қалды.

Қазақ хандары мен Мұхаммед Шайбани арасындағы соғыс қимылдары XV ғасырдың соңғы онжылдықтарында толассыз дерлік жүріп жатты және ғасырдың аяғына қарай уақытша бітіммен аяқталды. Бұрындық хан өзінің екі қызын шайбанилік сұлтандарға ұзатты¹⁰². Оңтүстік Қазақстан жазираларының аумағы іс жүзінде бөлшектеліп кетті. Шайбани ұрпақтары Отырар, Ясы (Түркістан), Аркөк, Үзкент қалаларында өз жағдайларын табанды күреспен нығайтып алды, олардан Темір ұрпақтарының әкімдерін ығыстырып шығарды. Аркөкті, Үзкентті және кезінде Сығанақпен және Аққорғанмен бірге (1446 жылы) Әбілқайыр хан басып алған Сырдарияның сол жақ жағалауындағы шағын қалаларды қоспағанда¹⁰³, қалған қалаларды Мұхаммед Шайбани үшін оның атасының мұрасы деп сөз жүзінде де санауға болмайтын еді. Ташкент пен Сайрамда моғол ханы Сұлтан Махмұд отырды. Түркістан аумағының орталығы Сығанақта, Сауранда болған солтүстік бөлігі, сондай-ақ Қаратаудың Созақпен қоса алғандағы жапсарлас ауданы және оның теріскейі мен күнгейіндегі, Сырдарияның төменгі ағысындағы басқа да қоныстар, Арал өңірі қазақ хандарының қолында қалды.

Өздерінің Батыс Жетісудағы иеліктеріне сүйеніп, Әбілқайыр хандығынан (яғни Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан) көшіп барған қазақтарды ғана емес, сонымен бірге Жетісу тайпалары мен руларының бір бөлігін де топтастырған хандар Жәнібек пен Керей, Бұрындық және Қасым сұлтан XV ғасырдың соңғы үштен бірінде Оңтүстік Қазақстанның едәуір бөлігінде орнығып алып, көптеген далалық аудандарды өз билігіне бағындырды.

Жошыдан тараған екі тармақтың — Шайбани ұрпақтары мен қазақ хандары арасындағы билік үшін күрестегі соғыс қимылдары XV ғасырдың соңғы үш онжылдығы ішінде іс жүзінде Түркістан мен Қаратау шегінен шыққан жоқ. Алайда, жалпы алғанда, бұл аймақтағы күрес Шығыс Дешті Қыпшақтың далалық аудандарын қоныстануды көрсетті. Жетісуда, Түркістанның солтүстік бөлігінде, Қаратау баурайларында, Сырдарияның төменгі ағысында түйінді жағдайларға ие бола отырып, қазақ хандары өздеріне көптеген дала рулары мен тайпаларын да бағындырып алды. Мұхаммед Шайбани ғасырдың аяғына қарай Түркістанның оңтүстік бөлігіне ғана бекініп алып, бұл жылдарда іс жүзінде оның шегінен шыққан жоқ.

Сөйтіп, XV ғасырдың аяғына қарай тұтас алғанда Қазақ мемлекетінің нығаюы жолында үлкен маңызы болған алғашқы қазақ хандары қызметінің елеулі кезеңі аяқталды. Шайбани әулетіне қарсы ұзаққа созылған күресте олар бұрынғы Әбілқайыр хандығының көлемінде олардың өкіметінің қайта қалпына келуіне кедергі жасады. Мұхаммед Шайбани 1500 ж. қол астындағы көшпелі өзбектердің бір бөлігін ертіп, Мауараннахрға кетті де, Түркістанның оңтүстік бөлігінде өзі басып алған қалалардың көмегіне сүйеніп, басқыншылық мақсатпен Темір әулеті мемлекетіне ұмтылды¹⁰⁴.

Өз кезегінде Қазақстан жерінен үміттенген Шайбани әулеті бұл ниеттерінен ештеңе шығара алмай, ақырында оның халқына билік жүргізуден біржолата айрылды.

Келе-келе көптеген басқа да Жошы әулетінің өкілдері Шығыс Дешті Қыпшақтан ығыстырып шығарылды.

XV ғасырдың аяғына қарай қазақ хандарының мемлекеті едәуір нығайды, оның алғашқы шекарасы кеңейе түсті. Оның құрамына Жетісудан басқа Оңтүстік Қазақстанның жоғарыда аталған қалалары мен алқаптар, төңірегіндегі далалық аумақтармен бірге Қаратау өңірі, Сырдарияның төменгі ағыстары мен Солтүстік Арал жағалауы, Орталық Қазақстанның үлкен бөлігі енді. Жетісудағы иеліктері де кеңейді.

XV—XVI ғасырлар шебінде Моғолстанның құлдырауы (уақытша күш алған Ахмед хан көп ұзамай ағасымен бірге Шайбани ханнан жеңіліп, қаза тапты) Жетісудың Шағатай әулетінен шыққан моғол хандарының билігінен біржолата кетуіне жағдай жасап, бұл аудандағы қазақ тұрғындарының бірте-бірте Қазақ хандығының құрамына кіруіне мүмкіндік берді.

Мұхаммед Хайдар: «Тоғыз жүз қыркыншы жылға дейінгі уақыт ішінде (1533—1534 жылдар) Өзбекстанның үлкен бөлігінде бірыңғай қазақтар билік құрды» (яғни Шығыс Дешті Қыпшақта)¹⁰⁵ деп жазады. Біріккен қазақтар аумақтарындағы көптеген этникалық топтарды бойына сіңіріп, іс жүзінде әлдеқашан-ақ бір халық болып алған «қазақтар» этнонимі барған сайын кең тарай берді. Дегенмен бұл Қазақ хандығының нығаю жолындағы алғашқы саты ғана еді. Бұл мемлекет билеушілерінің Мауараннахр билігін қолына алған Мұхаммед Шайбанимен арадағы Оңтүстік Қазақстан үшін күрес XVI ғасырдың басында одан әрі жалғасты: XVI ғасырдың бірінші жартысында өкімет билігі Шығыс Түркістанда (Қашғарияда) шоғырланған моғол хандарының қазақ хандарынан Жетісуды тартып алмақ болған әрекеттері ұзақ жылдарға созылды.

XV ғасырдың аяғында Қазақ хандығының нығаюы белгілі дәрежеде Қазақстанның сол кездегі өз ішіндегі сияқты, көршілес Орта Азия, Сібір, Еділ бойы аймақтарындағы да саяси жағдайларға: Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның ыдырауына; Мауараннахрда Темір әулеті өкіметінің әлсіреуі және онда

көшпелі рулар мен тайпалардың бір бөлігінің немесе Мұхаммед Шайбани бастаған тайпалар бір бөлігінің кетіп қалу мүмкіндігінің тууына; Алтын Орданың біржола ыдырауы нәтижесінде жаңа мемлекеттер пайда болған қазақ далаларының батыс және солтүстік шекараларындағы жалпы жағдайдың тұрақсыздығына байланысты болды. Әскери бағын сынамақ болған көптеген Жошы әулетінің өкілдері: Түмен (Сібір) хандығының негізін қалаушы, Шайбани ұрпағы Ибақ хан, Мұхаммед ханның баласы, Темір ұрпағы Тоқа, Астрахан билеушісі Қасым хан, Үлкен Орда ханы Ахмед (1480 ж. ол Угри өзенінде III Иванның әскерлеріне қарсы тұрды, бұл «тұру» Русьтегі монғол-татар езгісін жоюдың соңғы актісі, ал келесі жылы дұшпандарының қолынан қаза тапты¹⁰⁶) және басқалары Астрахан, Сібір, Қазан хандықтарына кетті.

Қазақ хандығының аумақтық жағынан өсуі және нығаю мүмкіндігі іс жүзінде мемлекеттің өзінің құрылуына негіз болған себептермен бірдей, қазақ қауымының ішкі жағдайына, ортағасырлық Қазақстанның шаруашылық, әлеуметтік, этносоциалды дамуынан бастау алғаны сөзсіз.

XIV–XV ғасырларда Оңтүстік Қазақстанның отырықшы егіншілікпен айналысатын орталықтары мен мал шаруашылықты далалық аудандарындағы шаруашылық өрлеудің жоғарыда аталған құбылыстары олардың арасындағы шаруашылық байланыстардың өсуін күшейтіп, олардың бір мемлекетке бірігуіне мүмкіндік тудырғанын атап айту керек. Ортағасырлық Қазақстандағы жекелеген аудандар тұрғындарының өзара шаруашылық қатынастары мен соған негізделген мәдени байланыстары (сондай-ақ көрші елдер тұрғындарымен), бұл қарым-қатынастардың қоғамдық өмірге әсері барған сайын айқындалып, нығая түсті. Оңтүстік Қазақстанның ертеден жақсы дамыған отырықшы-егіншілікті және қала шаруашылықтары, Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу тұрғындары шаруашылықтарының көп ретте тұйықтықта болғанына қарамастан, Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылықты аудандарының тұрғындарын астық өнімдерімен және қолөнер бұйымдарымен қамтамасыз ету ісінде айтарлықтай орын алып келді.

Археологиялық зерттеулердің көптеген деректері қолөнердің дамуына, қыштан, металдан және басқа материалдардан жасалған бұйымдар сипатына, оларды әзірлеу әдістеріне, тұрғын үйлер мен қоғамдық құрылыстар салудың ерекше әдістерінің қалыптасуына экономикалық сұраныс пен дала мәдениетінің өзі ықпал болғанын айғақтайды. Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалық орталықтардың далаға ықпалы бұдан да зор болды: қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ете отырып, мал шаруашылығының дамуына, үйдегі қолөнерге, дала тұрғындарының саяси, мемлекеттік ұйымдасуының нығаюына, дала феодалдарының ақсүйектері арасында жазудың, білімнің таралуына әсер етті.

Ақ Орда хандары мен Әбілқайыр ханның ізін ала Шығыс Дешті Қыпшақты, Түркістан мен Жетісу аумақтарын бір мемлекет көлемінде біріктіруге ұмтылған қазақ хандары Оңтүстік Қазақстанның далалық қана емес, отырықшы-егіншілікті тұрғындарының да мүдделерін танытты.

Алғашқы қазақ хандарының өз мемлекеттерін нығайтуға бағытталған қимылдары қазақ рулары мен тайпаларының ақсүйектері тарапынан қолдау тапты, олар қазақ қауымының әлеуметтік билеуші топтарының мүдделерін көрсетті. Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның ыдырауы жағдайында ақсүйектер мемлекет билігін қолына алуға неғұрлым мүмкіндігі зор талапкерді қолдау арқылы мемлекеттік өкіметті нығайтуға күш салды: алғашқы қазақ

хандары осындай кісілер болды, олар көшпелі ақсүйектердің үмітін толық ақтап шықты. XV ғасырдың үшінші ширегіндегі күрес әр түрлі бағыттағы Жошы ұрпақтарының өзара алауыздық қақтығысулары шеңберінен ғана шықты. Бұл күрес Дешті Қыпшақта да, Түркістан қалаларында да Жошы ұрпақтарының әр түрлі бағыттарын қолдайтын көшпелі рулық-тайпалық ақсүйектердің екі тобының — қазақтар мен өзбектердің экономикалық және саяси бақталастықтары сипатын алды. Осы кезеңде жекелеген өкілдері бір ханнан екіншісіне — біріншісінің дұшпанына өтіп кетіп отырған әр түрлі саяси топтардың жігі ашыла түсті. Қазақ хандарының күші басым болғаны даусыз, Жетісудың батыс бөлігі олардың сенімді тірегіне айналды, олардың айналасына аса көп көшпелілер бұқарасы топтасты. Тіпті Шайбани әулетін мадақтайтын деректемелер мағлұматтарының өзінде олардың әскери күшінің Мұхаммед Шайбани күштерінен басым болғандығы айтылады. Бұл аталған деректемелердегі көрсеткіштер бұрмаланып, асыра айтылғандарына қарамастан (орта ғасырлар авторларына тән бір қасиет — олар шығармаларының жазылуына кімнің қамқорлық жасағанына қарай олардың әскери күштерін кемітіңкіреп және алғашқылар «жеңісін» мадақтау мақсатымен дұшпандарының күшін көбейтіңкіреп көрсетуге әуестік) белгілі дәрежеде шындықты да танытады. Далалық аймақтарда билікті өз қолына алу жолындағы күресте Мұхаммед Шайбанидің іс жүзінде нақты күші болмаған: күресінің бірінші сатысында, өзі Мауараннахрға кеткенге дейін оны көшпелі ақсүйектердің бір бөлігі ғана қолдаған, сондықтан да оның Сырдария бойындағы аумақтарды алу жолында бақталастықпен ғана шектелуіне тура келді.

Оңтүстік Қазақстан тұрғындары Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудың кең-байтақ жерлерімен саяси-шаруашылық және мәдени даму дәстүрлерімен ғана емес, сонымен қатар этногенетикалық туыстығымен, ортақ этносаяси тағдырларымен де байланысты болды. Жазба деректемелер мағлұматтары мен археологиялық материалдарға қарағанда XV—XVI ғасырларда мұнда қыпшақтар, қаңлылар, қоңыраттар, арғындар, маңғыттар, дуғлаттар, жалайырлар, басқа да қазақ рулары мен тайпаларының өкілдері өмір сүрген.

Қазақ хандығына Қаратау аймағының аумағы мен Сырдария қалаларының бір бөлігі мен оның алқаптарының қосылуы қазақ хандарының елді тұтас біріктіру жолында табысқа жетуінің кілті болды. Қазақ хандығының бүкіл қалыптасу тарихы, оның нығаюы, одан арғы тарихы, қазақ билеушілерінің XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырда ортаазиялық оңтүстік көршілері — Темір әулетімен, одан кейін XV—XVI ғасырларда Шайбани әулетімен, XVII ғасырда Аштархан әулетімен қарым-қатынастарының тарихы Сырдария бойындағы қалалармен байланысты. Ортаңғы Сырдариядағы бұл қалалардың аумақтарын Қазақ хандығына қосу оның нығаюы үшін аса маңызды қызмет атқарды.

Дегенмен, ортағасырлық қоғам жағдайында халықтың этникалық аумағын біріктіру процесі қарапайым халықты сұрапыл ауыртпалыққа ұшыратқан көрші мемлекеттер билеушілерімен арадағы ұзаққа созылған соғыстар барысында жүзеге асты. Нақтырақ айтқанда, Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі малшы тайпалары мекен еткен далалары мен Орта Азияның отырықшы-егіншілікті алқаптарының түйіскен тұсында орналасқан Сырдария бойы қалалары тұрғындардың бейбіт сауда байланыстарының, этносаяси және этномәдени қатынастарының ғана емес, сонымен қатар тұтас алғанда Моғолстан, Шығыс Дешті Қыпшақ, Мауараннахр мен Жетісу билеушілерінің тым жиі әскери қақтығыстарының да торабы болды. Сырдария қалалары аума-

ғындағы ұзаққа созылған соғыстар жергілікті халықты қайыршылыққа ұшыратты, қала шаруашылығын құлдыратты, суландыру жүйелерін бұзды, егістік жерлерді тарылта түсті. Табиғи-географиялық, шаруашылық жағынан және тарихи тағдырлары бойынша біртұтас болып табылатын Ортаңғы Сырдария алабы мен Қаратаудағы қалалар ауық-ауық әр түрлі мемлекеттер аралығында бір-бірінен қол үзіп қалып отырды, бұл осы қалалар мен олардың алқаптарының экономикалық және мәдени дамуын кешеуілдетті. Соғыс қимылдары, қарсыластардың тонаушылық шапқыншылықтары саудаға кесірін тигізді және далалық мал шаруашылықты аудандардың экономикалық жағдайына кері әсер етті.

Соған қарамастан, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды Қазақ хандығына қосу жолында күрес жүргізген қазақ билеушілерінің қимылдарының сәтті аяқталуы әділдік еді. Қазақ хандығында XV ғасырдың соңғы ширегінде-ақ қазақ халқын құрайтын және Қазақстан аумағының басым бөлігінде өмір сүретін көптеген этникалық топтардың тұңғыш рет саяси мемлекеттік бірігу процесі басталды. Ақ Орда, Әбілқайыр мемлекеті, Моғолстандағыдай емес, қазақ хандығының өте кең де берік этникалық базасы болды: Қазақстан аумағын монғол шапқыншыларының басып алуынан кейін ғана емес, монғолдарға дейінгі уақыттардан бері де алғаш рет көптеген қазақ рулары мен тайпаларының, соның ішінде ертеден Жетісуды мекен еткен тұрғындардың бір мемлекетке бірігуі басталды. Бұл процесс XVI ғасырдың басында одан әрі жалғасты.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тайпаларының тезірек ірге көтеруге бейімдігі, олардың әскери-саяси тағдырларының тұрақсыздығы өздері өмір сүретін шекараларды жиі өзгерткеніне қарамастан, дербес қазақ мемлекетінің құрылуы аймақта жағдайдың едәуір тұрақтауына, шаруашылықтың өсуіне, көшпелі мал шаруашылықты және отырықшы егіншілікпен айналысатын тұрғындар арасында қарым-қатынастардың қалпына келуіне мүмкіндік берді. Осының барлығы қосылып қазақтардың ұзаққа созылған этникалық процесін аяқтауға және олардың этникалық аумағының қалыптасуына қолайлы жағдай туғызды.

Бірақ Қазақ хандығының құрылуы және оның одан әрі нығаюы Шығыс Дешті Қыпшак, Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) және Жетісу қазақтарының тарихи тағдыры үшін ғана маңызды болған жоқ. Ол Тянь-Шань төңірегіндегі қырғыздар, Шығыс Түркістандағы ұйғырлар үшін де, яғни тұтас алғанда Моғолстан халықтары үшін де зор рөл атқарды. Батыс Жетісуда жаңа саяси бірлестіктің пайда болуы бүкіл Жетісудың моғол хандары билігінен бөлініп шығуын тездетті, ал одан әрі XV—XVI ғасырлар шебінде Қазақ хандығының нығаюы, қазақ халқының құрамында Ұлы жүздің этникалық қалыптасуының аяқталуы, қырғыз халқының қалыптасуы Жетісу мен Тянь-Шань төңірегіндегі аумақта моғол билеушілерінің үстемдігін біржола жойды, сөйтіп, іс жүзінде, басқа да себептермен қатар, Моғолстанның ыдырауына, оның халықтарының: Қырғызстанда қырғыз, Шығыс Түркістанда ұйғыр дербес мемлекетінің қалыптасуына жеткізді.

5. ЖЕТІСУДА ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ БИЛГІНІҢ ОРНАУЫ

XV ғасырдың соңғы үштен біріндегі, XV—XVI ғасырлар шебіндегі оқиғалар Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі «өзбек» халқының Орта Азияға қоныс

аударып, оған «өзбек» атын алып кеткен, оны Орта Азияның ең ірі халықтарының біріне этноним ретінде берген бөлігінің этникалық-саяси жағдайларын да айқындап берді.

Қазақ рулары мен тайпаларының жаңа қазақ хандығы мемлекетінің құрамында бірігуі күрделі жолмен, кейде бейбіт, көбінесе қазақтар XV ғасырдың екінші жартысының басына дейін бодан болып келген мемлекеттердің билеушілерімен қақтығыста өтті.

Қазақ хандығының негізін салушылар Жәнібек және Керей ханмен тығыз қарым-қатынастар, оның үстіне одақтастық, достық байланыстар жасаған алғашқы мемлекет Моғолстан болды. Бұл қатынастардың негізі қазақтар Керей мен Жәнібектің XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Батыс Жетісуға келгеннен кейін көп ұзамай іс жүзінде құрылған хандыққа дейін-ақ айқындалған болатын және ол қатынастар едәуір ұзақ уақыт бойы берік болып қала берді. Мұхаммед Хайдар қазақтар мен моғолдар арасындағы «достық және бейбіт қатынастар» Есен-Бұға хан (1462 жылы өлген) кезінен бастап Абд ар-Рашид хан билік ете бастаған кезге дейін¹⁰⁷, яғни XVI ғасырдың 30-жылдарына дейін жасалып келді деп жазады. Шынына келгенде ол қатынастар соғыстармен және талас-тартыстармен, Жетісу және Сыр өңірі жерлері үшін күреспен үзіліп отырғанымен де, алғашқы кезеңде жаңа саяси бірлестіктің билеушілері жоғарыда атап өтілген себептерге байланысты Моғолстан ханы тарапынан қарсы қимыл кездестірген жоқ. Жетісу аумағының едәуір бөлігі қазақ әміршілерінің билігіне іс жүзінде оның қарсылығынсыз өтті.

Жетісудағы қазақ тайпаларының орта ғасырлардағы Қазақстанның басқа аудандарының халқымен, яғни өзбек-шайбанилер, өзбек-қазақтар (шынына келгенде қазақтар), маңғыттар (ноғайлар) сияқты этникалық-саяси қауымдастықтармен өзара байланыстары мен өзара қатынастары әдетте дәстүр бойынша бейбіт болды және Моғолстан мен Ақ Орда, Моғолстан мен Әбілқайыр хандығы мемлекеттердің байланыстары мен қатынастары ретінде көрінді. Бұл мемлекеттер едәуір тығыз саяси байланыстар жасады, олардың мүдделері, әсіресе Темірдің және Темір ұрпақтарының, ойрат (қалмақ) феодалдарының басқыншылық саясатына тойтарыс беруде көп жағынан сәйкес келетін еді¹⁰⁸. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның қазақтары біртіндеп Моғолстан хандарының билігінен шығып, басқа аудандардың қазақтарымен бір мемлекетке — Қазақ хандығына біріккен кезде, қазақтар мен Моғолстанның қалған бөлігі халқының сыртқы саяси қатынастары Жетісу қазақтары үшін де мемлекетаралық қатынастарға айналады. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқының кейіннен бір әулет хандарының (Моғолстандағы Шағатай ұрпақтарының) билігінен шығып, басқа әулет хандарының (Жошы ұрпақтарының — Ақ Орда хандары ұрпақтарының) билігіне көшуі неліктен көп шиеленіс туғызбағанын этникалық тегінің, тарихи тағдырларының ортақтығымен, достық қатынастарының дәстүрлілігімен түсіндіруге болады.

Жетісуда Қазақ хандығының құрылуы Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның жергілікті халқының тарихи тағдырларына зор ықпал жасады. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістаннан келгені бар, сондай-ақ жергілікті Жетісу қазақ тайпалары негізінде пайда болған бұл мемлекеттің бұдан кейін тез арада нығаюы осы аудандар мен Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқының өз мемлекеттігіне ұмтылуын көрсетті, бүкіл аймақтың көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы халқы дамуының ішкі этникалық-саяси және

әлеуметтік-экономикалық процестерін айқындады. Алғашқы қазақ хандарының Батыс Жетісу аумағында дербес саяси бірлестік құру және кейіннен оны нығайту, оған біртіндеп бүкіл Жетісу (Шығыс Дешті Қыпшақпен және Түркістанмен қатар) қазақтарының этникалық аумақтарын қосу жөніндегі ойдағыдай іс-әрекеті Жетісудың жергілікті қазақ тайпаларының орта ғасырлардағы Қазақстанның қалған аумағындағы қазақ тайпалары мен руларына туыстық іш тартуын бейнелейді. Жүздер қалыптасуының аяқталуы кезінде этникалық топтардың бір жүзден екіншісіне өзара емін-еркін ауысып жүру фактісі де осыны көрсетеді, мысалы, деректемелерде айтылғанындай, қалушы және бұлғашы тайпаларының Моғолстаннан Әбілқайыр ханның бодандығына көшуі¹⁰⁹, осы ханның бодандары арасында Жетісудан келгені анық үйсін (ушун, үйсін, үйсун) деп аталатын тайпа топтарының пайда болуы¹¹⁰, бір кезендерде керейлердің Жетісудан Орта жүзге ауысуы¹¹¹, алғашқы қазақ хандары бодандарының Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан Шу мен Таласқа қоныс аударуы, 1514 жылы Сұлтан Са'ид хан Қашғарияға ертіп әкеткен «моғолдар» тайпалық топтарының қайтадан «Моғолстанға», яғни Жетісу мен Тянь-Шаньға көшуі¹¹² және басқа да көптеген фактілер, міне, осындай.

Қазақ хандығының құрылуы Жетісу тайпаларының қазақтар билеушілерінің қол астына бейбіт жолмен көшуін қамтамасыз етті. Қазақтардың біртұтас мемлекеттігінің пайда болуы қазақ жүздерінің, жалпы халықтың қалыптасуы аяқталуының маңызды факторларының бірі болды. Алдындағы уақыттағы сияқты, XV ғасырдың екінші жартысында да Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның халқы Қазақстанның басқа да аудандарының халқымен шаруашылық, этникалық және саяси қатынастары жағынан тығыз байланысты болып қала берді, оның үстіне ендігі жерде сыртқы ғана емес, ішкі мемлекеттік қатынастар орнықты. Бұрын өздерінің тарихи тағдырларында ортақ жағы көп болып, ертеден байланыс жасаған Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқы енді орта ғасырлардағы Қазақстанның қалған аудандарының халқымен бұрынғысынан да тығыз байланыс жасай бастады.

Қазақ халқының қалыптасуымен қатар Ұлы жүз тайпалары оқшаулануының аяқталуы мен Батыс Жетісуда Қазақ хандығының құрылуы Моғолстан билеушілерінің Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға билігі жойылуының басты себебі болды. Бұл бөлінуді Жетісудағы қазақ тайпаларының Моғолстандағы Шағатай ұрпақтарынан тараған хан билігінің феодалдық езгісіне, зорлық-зомбылығына қарсы күресінен көруге болады, әрине, ол стихиялы түрде көшіп кетуден, көрші билеушілердің қол астына кетіп қалудан көрінеді. Деректемелерде бұл күресті ру көсемдері — феодалдардың моғол ханына бағынбау фактісінен де көруге болады, ол жөнінде Мұхаммед Хайдар талай рет айтады.

Жергілікті халықтың орта ғасырлардағы дамымаған, әсіресе көшпелі қоғамдағы қоғамдық жағдайларда дербес мемлекеттік, этникалық, шаруашылық даму жолындағы күресінен көшпелі және жартылай көшпелі халқы мен оның тайпалық және рулық көсемдерінің сол кездегі белгілі бір ірі, күшті ханның төңірегіне топтасып отырғаны көрінді. Қарапайым еңбеккерлер шынайы тәуелсіздікті аңсап немесе неғұрлым жолы болғыш ханнан неғұрлым берік қамқоршылық іздестіргенде өздерінің жоғарғы өміршілерін ауыстыруға жиі-жиі бел байлайтын көшпелі рулар мен тайпалар көсемдеріне ойланбай еретін еді, ал бұл орайда әлсіреген, оның үстіне Жетісуға мүдделігін жоғалтқан моғол хандарының орнына олар алғыр қазақ хандарына көшті. Жиі-жиі болып тұрған феодалдық соғыстар мен талас-тартыстар, Моғолстанның іс жүзінде

ыдырауы жағдайында шынына келгенде жоғарғы билеушісіз қалған Жетісу мен оны мекендеген қазақ тайпалары Шыңғыстан тарайтын Жошы ұрпақтарының басқа тармағынан шыққан хандардың қол астына оп-оңай өте салды. Жетісудың қазақ тайпалары үшін бұл әулеттік бодандықты ауыстыру ғана емес, сонымен қатар — ең бастысы — Оңтүстік және Орталық Қазақстаннан келген қазақтардың этникалық жағынан туыс топтарымен, ал кейініректе Қазақстанның басқа да барлық аумағының қазақ халқымен бірігу болды¹¹³.

Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда моғол хандарының билігін жоюда XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырдың басында Моғолстанның жалпы құлдырауы мен күйреуі маңызды рөл атқарды. Жоғарыда аталған, ертеректе, XV ғасырдың орта шенінде, мемлекеттің әлсіреуін туғызған фактілер бұл кезеңде бұрынғысынан да гөрі күшті әрі айқын көрінеді. Ыдырау себептері мейлінше әр алуан сипатта, ішкі сипатта да, сыртқы сипатта да, экономикалық сипатта да, этникалық-саяси сипатта да болды, бұл орайда олардың көбінесе ұштасып отырғаны сонша, оларды белгілі бір санатқа бөлу қиын. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы Моғолстанның ыдырауына қатынасы жағынан сыртқы фактор болар еді, бірақ ол Моғолстанның өзіндегі ішкі процестерден де, атап айтқанда, Орта жүз қазақтарының, қырғыз халқының этникалық жағынан қалыптасуымен, олардың бөлініп шығуға ұмтылуымен, сондай-ақ жергілікті халық өмірінің басқа да әлеуметтік жағдайларының тұтас кешенімен байланысты.

Моғолстанның құлдырауы туралы айту — Шағатай әулетінен тарайтын моғол хандарының Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен қазіргі Қырғызстан аумағындағы, яғни Жетісудағы, Тянь-Шань алқабындағы, Ыстықкөл өңіріндегі билігінің жойылуы туралы айту деген сөз, өйткені бұлар мәні бірдей құбылыстар, себебі, аталған аумақтар Моғолстанның негізгі аудандары болатын.

Қазақ хандығы құрылғанға дейін ондаған жылдар бойы басталған Моғолстанның ыдырау процесі XV ғасырдың орта шенінен бастап ерекше күшейді. Ол XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырдың басындағы Моғолстан тарихының негізгі мазмұнын құрады¹¹⁴. Бұл мемлекеттің ыдырауы әр түрлі себептерге және ең алдымен Моғолстанның ішкі саяси жағдайының үнемі тұрақсыз болуына байланысты еді. Феодалдық бытыраңқылық, мемлекетті бір орталықтан берік басқарудың болмауы, іс жүзінде ешқашан толас таппаған феодалдық бүліктер мен талас-тартыстар, феодалдық таптың ірі өкілдерінің, атап айтқанда Қашғарияның дуғлат әміршілерінің экономикалық және саяси тәуелсіздігінің өсуі, отырықшы және көшпелі феодал шонжарларының арасындағы қайшылықтар мен күрес, сондай-ақ халық бұқарасының феодал топтар тарапынан жасалған езгіге қарсылықтың күшеюі — осының бәрі моғол ханының жағдайын әлсірете берді. Есен-Бұға ханның ел басқаруының соңғы жылдарындағы негізгі күш-жігері феодалдық үстем таптың, әсіресе Қашғария билеушілерінің қарсылықтарын басуға, сондай-ақ Мауараннахрдағы Темір ұрпақтарының Моғолстанға билеуші етіп өз адамын (Есен-Бұғаның інісі Жүніс сұлтанды) қоюға талай рет жасаған әрекеттерін тыюға бағытталды. «Есен-Бұға хан басқаруының іргетасында сызат пайда болды» деп Махмұд бен Уәли жазған жағдайдың өзі қалыптасты¹¹⁵.

Іс жүзінде Есен-Бұға ханның өзі тірі кезіндегі соңғы жылдарына дейін оның билігінің ең басында-ақ одан бөлініп шыққан көптеген рулар мен тайпалардың — қалушылар мен бұлғашылардың, шорастар мен бариндердің

жетекшілері, қаңлылар мен дуғлаттардың, қоншылар мен басқаларының бекшіктері оны жеңе алмады¹¹⁶.

Олардың бір бөлігі Моғолстаннан тыс жерлерге (Әбілқайыр ханның иеліктеріне және қалмақтарға) кетіп қалды, ал басқалары кезі келгенде Есен-Бұғаны мойындағанымен, Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда, одан кейінгі уақытта да «ханға олардың бәрі бірдей тиісінше бағына қойған жоқ»¹¹⁷. Ағасының тірі кезінде-ақ Оңтүстік-Батыс Моғолстан жеріне талай рет басып кірген Жүніс сұлтан бүлікші феодалдардың кейбіреулерін өз жағына шығарып ала алды. Мұхаммед Хайдар солардың арасынан Мир Ибраһим бекшікті (қаңлы), Мир Қожа қоншыны, дуғлат Сансыз мырзаны және басқаларын атайды¹¹⁸. Есен-Бұға хан өлгеннен кейін оның ұлы әрі мұрагері Дос-Мұхаммед хан (хижра бойынша 873 жылы — 1468—1469 жылдарда Ақсуда өлген) жағында Қашғария әмірлерінің болмашы бөлігі ғана қалды, ал оның ұлы Кебек сұлтан (1472 жылдар шамасында Турфанда өлтірілген) жағында одан да аз қалды. 60-жылдардың орта шенінде Моғолстанның оңтүстік-батыс бөлігін (Ферғана мен Ташкентке шектесіп жатқан аудандарды) басып алған Жүніс 1472 жылға қарай Моғолстанға жапсарлас жатқан аумақтармен қоса Қашғарияны да бағындырды¹¹⁹, бірақ оның Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқына билігін орнықтырмақшы болған әрекеттері іс жүзінде сәтсіз болып шықты. Жүніс ханның Моғолстанның солтүстік өңірлерін бағындырып алмақшы болған іс-әрекеттерінің нәтижелеріне елдегі іс жүзінде билік болмаған ұзақ жылдар ішінде тәуелсіздікке және дербес сыртқы саяси бағдар ұстауға дағдыланып алған көптеген жергілікті феодалдардың оған деген көзқарасы теріс әсер етті. Жетісу рулары мен тайпаларының көптеген көсемдері бірте-бірте қазақ әміршілерінің жағына шықты.

Жетісудың Моғолстаннан оқшаулануының жоғарыда атап өтілген факторларымен қоса, Жүніс ханның бұл өлкеде сәтсіздікке ұшырауының тағы бір себебін атауға болады. Бұл «Та'рих-и Рашиди» авторының талай рет атап көрсеткеніндей, Иран мен Орта Азия қалаларында тәрбие алып ұзақ уақыт бойы өмірін сонда өткізген Жүніс ханның көшпелілер даласында моғол хандарының ескі ғұрпы бойынша тұрғысы келмеуі болатын¹²⁰. Билік басына Жүніс ханның келуіне байланысты Моғолстанда отырықшы және көшпелі шонжарлар арасындағы күрес күшейді. Жүніс хан өзінің ынта-ықыласын Моғолстанның батысындағы аумаққа — Ташкент, Сайрам, Ферғанаға аударды. Жүніс ханды өзінің жеке ниетімен қоса, отырықшы-егіншілік және қалалы орталықтарға орнығу мүмкіндіктерін іздестіруге итермелеген әлеуметтік-экономикалық және саяси дәлелдер осыдан айқын аңғарылды. Жүніс ханға моғол феодалдық үстем таптарының отырықшы-егінші және қала халқын нақты тұрақты, салықтар алу жолымен феодалдық қанау арқылы үздіксіз кіріс келтіріп отыруды қамтамасыз етуге тырысқан бөлігі ықпал жасады, ал көшпелі-малшылар арасында мұндай салық алу барлық уақытта бірдей мүмкін бола бермейтін еді. Қалаларды осылайша басып алуға және олардан пайда келтіруге ұмтылу көшпелі шонжарларға ежелден тән болатын, өйткені қаладағы, отырықшы-егіншілік аудандардағы жерлер көшпелі жерлердегіден көбірек кіріс келтіретін¹²¹. Сондықтан көшпелі мемлекеттердің феодал шонжарлары арасынан хандарды отырықшы-егіншілік аудандарды мықтап жаулап алуға және олардың халқын ұзақ уақыт бойы феодалдық қанауға итермелеген топтар әрқашан табылып отыратын; ал шонжарлардың басқа бір бөлігі көшпелі тұрмыс салтын сақтай отырып, уақытша тонаушылық шабуылдар,

шапқыншылықтар жасауға және талап-тонауға ұмтылатын. Үстемдік етуші феодал үстем таптар арасындағы қайшылықтар мемлекетті әлсіретті. Бұл қайшылықтар феодал ақсүйектердің іс жүзінде жіктелуіне ұласты: олардың бір бөлігі Жүніс ханды билеуші деп тануды қойып, 1484 жылы оның баласымен бірге мемлекеттің қырғыз тайпалары мекендеген шығыс аудандарына кетіп қалды¹²². Қашғарияда Әбубәкір дуғлаттың тәуелсіз иелігі бөлініп шықты (1480—1514 жж.). Моғолстанның солтүстік жағында қазақ хандарының билігі барған сайын нығая берді, олардың мемлекет құрамына этникалық аумағымен қоса кірген рулар мен тайпалар саны барған сайын көбейе түсті.

Моғолстанның құлдырауында Моғолстанның негізгі аудандары — Жетісу мен Тянь-Шань өңірінің шаруашылық және саяси жағынан оқшауланғандығының елеулі рөл атқарғаны күмәнсіз. Қазақтардың Жетісуы мен қырғыздардың Тянь-Шань өңірі аумақтарының ұйғырлар мекендеген Манлай Сүбеден — Қашғариядан (көбінесе Моғолстанға тәуелді жағдайда болған, ал кейде Моғолстанмен саяси жағынан біртұтас болғаннан гөрі дербес те болып келген) бөлініп шығуын Моғолстан аймақтарын құраған халықтың табиғи-географиялық жағдайлары, шаруашылық, этникалық-саяси және этникалық-мәдени дәстүрлері мен байланыстарының айырмашылығы туғызған еді. Аумақтық жағынан оқшауланған Жетісу Моғолстанның басқа аудандарынан шаруашылығы дамуының өзіндік ерекшелігімен, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығын маусымдық көшіп-қону қоныстарын егіншілікпен белгілі бір шеңберде ұштастырған томаға-тұйық өндіріс циклімен ерекше болатын. Ежелден келе жатқан болса да, Шығыс Түркістанмен шаруашылық қарым-қатынас аймақтардың географиялық жағдайына байланысты, дегенмен де шектеулі еді. Шаруашылық, сауда-саттық жағынан, ал сол арқылы мәдени, этникалық-саяси қарым-қатынасы жағынан алғанда, Жетісу ауданы өтуі қиын тау асулары арқылы баратын Шығыс Түркістаннан гөрі, Оңтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан мен Орта Азияға көбірек бейім болатын. Бұл қарым-қатынас Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның және Жетісудың дәстүрлі экономикалық байланыстарының ежелгі жолы арқылы — «Ұлы жібек жолының» Ыстықкөлге дейін бұрылатын жүргінші ең көп бөлігі арқылы жасалатын.

Моғолстанның шаруашылық және этникалық жағынан оқшауланған екі, кейде үш бөліктерге (қазақтардың Жетісудағы Ұлы жүзін құрған тайпалары, Тянь-Шань алқабы мен Ыстықкөл өңіріндегі қырғыздар, Шығыс Түркістандағы ұйғырлар) негізделуі оны бүкіл тарихы бойында әлсіз етіп келді; бұл факт Моғолстанның мемлекет ретінде өмір сүруінің соңғы кезеңінде ерекше маңызды рөл атқарды. Осы аудандардың әрқайсысында халықтардың этникалық жағынан одан әрі даму, қалыптасу сарыны дербес мемлекеттер құру қажеттігін объективті түрде туғызды, ал олар XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырдың басында бөлініп шықты, олар: Қасым хандығында Ұлы жүздің этникалық-саяси және этникалық-шаруашылық бірлестігі түріндегі Жетісудың қазақ тайпалары; Ахмет Алаша хан мен Мұхаммед Қырғыздың саяси бірлестігіндегі қырғыз тайпалары; ыдырап кеткен Моғолстан хандарының ұрпақтары бастаған, бірақ жергілікті этникалық негіздегі Моғолия мемлекетіндегі Шығыс Түркістан ұйғырлары.

Қазақ хандығына келетін болсақ, ол бірте-бірте нығая берді. Есен-Бұға ханнан кейін Жәнібек пен Керейдің Жетісудағы жағдайы едәуір нығайды. Әбілқайыр ханның зорлық-зомбылығынан қашқандар мен Орталық және

Оңтүстік Қазақстандағы қазақ рулары мен тайпаларының көшпелі феодалдарын қоспағанда, оларға жергілікті халықтың белгілі бір бөлігі де бағынды. Қазақ хандығы нақ осы онжылдықта құрылып, күш ала бастады, бірақ оның негізін салушылардың мемлекетті нығайту жөніндегі алғашқы қадамдарының өзі-ақ күрделі сыртқы саяси жағдайда жасалды. Моғол билеушілері 60-жылдардың өзінде-ақ өздерінің ішкі қырқыстары себепті негізінен алғанда Қашғариядағы және Моғолстанның оңтүстік-батыс аудандарындағы билік үшін күресте Жетісудағы оқиғалардың барысына араласу мүмкіндігін жоғалтқанымен, оларға қоса қазақ әміршілерінің өзіне күшті екі қарсылас — жаңа саяси құрылымның батыс шекарасында Әбілқайыр хан және шығыс шекарасында ойрат (қалмақ) тайшылары пайда болды.

1468 жылдың қысында, Қазақ хандығы құрылғаннан кейін үш-төрт жыл өткен соң, Әбілқайыр хан «моғол сұлтандарының өзге жерлерін жаулап алу үшін» шығысқа жорық жасады. Махмұд бен Уәли (рас, ол XVII ғасырда жазған, бірақ оның қолында бізге дейін жетпеген неғұрлым ертеректегі деректемелер болған), — Шығыс Дешті Қыпшақтың бір кездегі құдіретті әміршісінің осы соңғы әрекеті туралы айта келіп¹²³, Әбілқайыр хан жорығының жоғарыда айтылған мақсатын оның «қырғыздар мен қалмақтардың көшіп жүретін жерлері (жұрттары) жағына» аттанғанын көрсету арқылы түсіндіреді¹²⁴. Алайда, Шайбани ұрпағынан шыққан ханның орасан көп әскерінің Қаратау етегінен Талас Алатауы сілемдері (Қызыладыр қыраттары) Талас алқабы арқылы Шуға және одан әрі солтүстік-шығысқа қарай бет алып жүргеніне қарағанда, оның ең алдыңғы мақсаты қазақ жетекшілерінің иеліктерін талқандау болған. Бұл кезде Жетісуда «моғол сұлтандары» жоқ еді — Махмұд бен Уәли олардың шамамен алғанда сол кезде Дос-Мұхаммед хан қайтыс болған Қашғарияда тақ иелену істерімен айналысып жатқан жағдайын ескермеген. Әбілқайыр ханның жорығы кезінде ойраттардың жетекшісі Амасанжы тайшы өз ұлысымен бірге, қалмақтардың осы жетекшісінің оның туған-туыстары Ибраһим онгпен және Лияс онгпен өзара қатынастары туралы Мұхаммед Хайдардың егжей-тегжейлі мәліметтерінен көрінетініндей, Жетісудан әлі де қашықта, Моғолстанның шығыс шептерінде болған¹²⁵.

XV ғасырда Тянь-Шань аумағында алғаш рет нақ Махмұд бен Уәли айтқан қырғыздарға келетін болсақ¹²⁶, олардың көшіп жүретін жерлерін бұл автор қалмақтардың көшіп жүретін жерлерімен бірге атайды. Сол кезде Оңтүстік Алтайдан Тянь-Шань өңіріне қарай көшкен¹²⁷ немесе түрлі уақыттарда Моғолстаннан кеткен, бірақ әлі де қырғыз атымен емес, әр түрлі рулық-тайпалық атаулармен (қалушы, бұлғашы, барин, шорас және т. б.)¹²⁸, аталған қырғыздар қалмақтардың боданы болуы мүмкін, ал деректемелерде айтылатынындай, моғолдардың этникалық-саяси қауымдастығы құрамына көптеген этникалық топтар кіріп, олар уақыт өте келе қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарына қосылған¹²⁹.

XVI ғасырдың басына қарай қырғыз халқының этникалық құрамы әбден тұрақтанды¹³⁰, сөйтіп қырғыздар Моғолстанның, Моғолияның және көршілес Қазақ хандығының саяси өміріне және қазіргі Қырғызстан аумағындағы оқиғаларға (Шудың жоғарғы ағысындағы Ыстықкөл өңірінде және Таластың орта ағысында, Нарын өзенінің аңғарында) өз атымен белсене қатысады, мұның өзі деректемелерде кеңінен көрсетілген¹³¹. Ал XV ғасырдың соңғы онжылдықтарында қырғыздарды деректемелерде моғолдардың жоғарыда атап өтілген және басқа да этникалық топтары айтылатын жерлерден де көруге болады.

Қаратаудың солтүстік-шығыс сілемдерінен Ілеге дейінгі Батыс Жетісу жерінде, яғни Әбілқайыр ханның әскерлері жүріп өткен жол бойында деректемелерде 60-жылдардың аяғында қырғыз тайпаларының да, моғол тайпаларының да болғаны айтылмайды. Мұнда Жәнібек пен Керейдің қол астындағы Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан келген қазақтар мен бұрын моғолдардың этникалық-саяси қауымдастығы құрамына кірген кейбір жергілікті қазақ этникалық топтары (қанлылар, дулаттар, керейіттер, арғындар және басқалар) болған еді¹³².

Әбілқайыр ханды өзінің ежелгі қарсыластары — өз билігіне еш бағынбай-ақ қойған, қазақ тайпаларын басқарып келген Ақ Орда хандары ұрпақтарының күшеюі көрінеу мазасыздандырған еді. Мынадай сұрақ туады: Әбілқайыр ханның қашып кеткен қазақ хандарына қарсы Моғолстанға бұрынырақ жорық жасамай, он жылдан кейін өмірінің аяғында ғана жорық жасағаны неліктен? Оның осындай жорық жасау ниеті болған, бұл жөнінде «Бахр әл-асрардағы» жоғарыда айтылған мәліметтер бар, бірақ оны орындай алмады. Бұған оның мемлекетінің құлдырауға бет бұруы, оның әлсіз болуы, әскери күш-қуатының жеткілікті болмауы, көшпелі-феодал шонжарлар арасында жауларының көп болуы себеп болған еді. Орда-Еженнен, Тоқа-Темірден, Шайбаниден тарайтын Жошы ұрпақтарының феодалдық өзара қырқыстары жалғаса берді (атап айтқанда, оның дұшпандары арасында деректемелерде Бұрыш оғлан, Ибақ хан, Ахмет хан және басқалар айтылған), маңғыт әмірлері және рулар мен тайпалардың басқа да феодал көсемдері жиі-жиі бағынбай ханның иелігінен көшіп кетіп отырды. Шынына келгенде Керей мен Жәнібек әлі де Түркістан өңірі мен Қаратау ауданында болған кезінде-ақ Әбілқайырдың оларға қарсы күресуіне ұзақ уақыт бойы қол байлау болған осы себептер еді. Сонымен бірге 50—60-жылдардың бас кезінде Мауараннахрда бірсыпыра уақыт бойы Темір ұрпақтары, атап айтқанда, Әбу-Са'ид мырза күшейіп, Сыр өңірінде Әбілқайырға ол да қарсы әрекет жасайды және Моғолстанның ішкі істеріне араласады. Ойраттардың Сыр бойына келіп, олардың 1457 жылы Әбілқайыр әскерлеріне күйреге соққы беруі Әбілқайыр хандығын ұзақ уақытқа әлсіретіп тастады, сірә, ол бұдан ең ақырына дейін ес жия алмаған болса керек. Және ақырында, ең соңғысы, тегінде, ең бастысы да болар — Керей мен Жәнібек бастаған қазақ феодалдары Жетісуда әбден күшейіп алды, айбарлы әскер күші болып, Моғолстан ханы Есен-Бұғамен жақсы одақтастық қатынастар орнатты.

Әбілқайырдың 1468 жылғы Моғолстанға жасаған жорығы негізінен соларға қарсы бағытталды, алайда Әбілқайырдың осы соңғы соғыс әрекеті нәтижесіз аяқталды. Деректемелерде қарсыластардың қақтығысы туралы айтылмайды, шайбанилік хан әскерлері жақындаған кезде қазақтар өз жерінің түкпіріне қарай шегініп, бытырап кеткен. Жорық кезінде Алматы деген бір жердің маңайында¹³³ Әбілқайыр ауырып, қайтыс болады да, оның әскері қайтып кеткен.

Көп ұзамай қазақ хандары Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін күреске араласты. Қазақтардың басты күштерінің кетуін Жүніс хан пайдаланып қалуды қалт жібермеді, сол кезге қарай ол өзінің көшпелі бодандарының мәжбүр етуімен Қашғарды тағы да тастап шығып, Моғолстанға кеткен еді¹³⁴. Ол көп әскерімен және көшімен Моғолстан хандарының бұрынғы иеліктерінің солтүстік аудандарына қарай асығыс бет алды, бірақ мұнда 300 мыңдық ұлысы Жетісу жағына қарай бара жатқан Амасанжы тайшымен ұшырасып қалды.

Сірә, ойрат басшысы да қазақ хандарының ыдырау үстіндегі Әбілқайыр хандығының тағдыры шешіліп жатқан Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістанға кетуін пайдаланып қалғысы келген болса керек.

Ойраттардың (қалмақтардың) көшпелі-феодал шонжарларын Моғолстанның, соның ішінде Жетісудың да кең-байтақ жері көптен бері-ақ қызықтырып жүрген еді; олар мұнда өздерінің қол астындағы көшпелі рулар мен тайпалар үшін тамаша жайылымдық жерлерді басып алуға тырысты, бұл арадан қолайлы сауда жолдары өтетін, ал сол бір феодалдық соғыстар мен таластартыстарға толы аласапыран заманда олар Оңтүстік Қазақстанның отырықшылық-егіншілік жазиралары мен Орта Азияның солтүстік-шығыс шет аймақтарына шапқыншылық жасаудың жолдары да болатын¹³⁵. XV ғасырдың 20-жылдарынан бастап ойраттардың шапқыншылықтары талай рет қайталанды. Олар Моғолстанды әлсіретті және, жоғарыда айтылғанындай, Есен-Бұғхан 50-жылдардың аяғында Батыс Жетісуға келген Жәнібек пен Керей қазақтарын нақ ойраттарға тойтарыс беру үшін пайдаланбақшы болған еді. Іс жүзінде қазақ хандары әсіресе 60-жылдардың орта шенінен бастап-ақ өздерінің иеліктерін қорғап, ойрат тайшылары басып алған көші-қон жерлерін қайтарып алып, өз кезегінде қалмақ ұлыстары мен жұрттарына шабуыл жасап отырды.

Махмұд бен Уәли Керей хан мен Жәнібек ханның нақ осы іс-қимылдарына байланысты олардың бодандары өз атын алды деп санайды: «Моғолстанға келгеннен [кейін] алғашқы кезде олар уақытын қалмақтар мен қырғыздарға шабуыл жасап, [оларды] талап-тонаумен өткізгендіктен және өлкенің шет жақтарында қарақшылық жасаумен айналысқандықтан, бұл халыққа «қазақ» деген ат тағылды. Бұл кезде Керей хан патша деп аталған еді»¹³⁶. Айтпақшы, «шапқыншылықтар мен талап-тонаудың» нақ осы кезені жөнінде Мұхаммед Хайдар мүлде басқаша рухта айтқан: «Олар (Керей мен Жәнібек) әуелі қашып кетіп, өздерінің көп халқынан қол үзгендіктен, бірсыпыра уақыт бойы дәрменсіз болып, қаңғып жүрді, сондықтан олар қазақтар деп аталып, осы атау оларда орнығып қалды»¹³⁷. 1469 жыл немесе 1470—1471 жылдар шамасында Жүніс хан Іледегі бір жерде, Жетісу шегінде болуы мүмкін Амасанжы тайшыдан ауыр жеңіліске ұшырады (мұны Жүністің шайқастан кейін Сырдарияға қашып кеткені көрсетеді). Шайқаста «көптеген моғол әмірлері» қаза тапты немесе тұтқынға түсті, 60 мың отбасы (хандар) болатын өз ұлысының қалдығымен, Мұхамед Хайдардың мәліметтеріне қарағанда¹³⁸, Жүніс хан Сырдарияға кетіп, онда, сірә, 1469—1470 жылдарда болар¹³⁹, Қаратоғай деген жерде «қыстап шыққан». Мұнда Шайбани ұрпақтарының — Әбілқайыр хан тұқымдарының, түрлі тармақтан тарайтын Жошы ұрпақтарының, соның ішінде қазақ хандарының да билік жолындағы қиян-кескі күресі жайлаған аласапыран кезде Жүніс хан Шайбани ұрпақтарының бірі, Арабшахтан тарайтын Жәдігер ханның ұлы Бұрыш оғланның (Буреке сұлтанның) 30 мыңдық ұлысын шауып тонады. Хижабра бойынша 877 жылы (1472—73 жж.) Жүніс хан Ташкенттегі Темір ұрпақтарының әкімінде бір жыл тұтқында болып, «Моғолстанға» қайтып барғаннан кейін оның есіл-дерті, Мұхаммед Хайдардың атап өткеніндей, бұрынғысы сияқты, түгелдей Моғолстанның оңтүстік-батыс аумағы мен Қашғарияда болды (мұнда оған «Та'рих-и Рашиди» авторының атасы, ұлысбек, Дуғла Мұхаммед Хайдар Мырза бағынған)¹⁴⁰. Амасанжы тайшының қалмақтары әлдеқашан кетіп, өздерінің Ертістің жоғарғы ағысы мен Оңтүстік Алтайдағы қоныстарына қайтып оралса да, ол енді Моғолстанның солтүстік аудандарына іргі

тебуге тырысқан да жоқ¹⁴¹. Бұдан кейін, ондаған жылдар бойы ойраттар батысқа қарай, Жетісуға дейін ұзап бара алмады, олардың агрессиялық әрекеттері Моғолстан мен Шығыс Түркістанның шығыс шет аймақтарымен шектелді.

Жүніс хан Темір ұрпақтарының Ферғана мен Ташкенттегі талас-тартыстарына үнемі араласып, енді Жетісу аумағына аттап басқан жоқ. Өзара жауласқан Темір ұрпақтарының — XV ғасырдың 70—90-жылдарындағы, атап айтқанда, Сұлтан Ахмет мырзаның, Омар-Шайхтың, Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың — күш-қуатының құлдырауы моғол хандарының жаңа жерлерді басып алуына мүмкіндік туғызды, ал бұлайша жаулап алу билеушінің өзін қолдайтын феодал шонжарлар бөлігі арасында саяси және экономикалық беделін арттыра (жаңғырта) алатын еді. Бұрынғы Есен-Бұға, ендігі Жүніс пен оның ұлы Сұлтан Махмұд сияқты, моғол хандары да Мұхаммед Шайбани, қазақ хандары, маңғыт әмірлері, Темір ұрпақтары сияқты көптеген үміткерлердің Сыр өңірі қалалары аймағында ықпал жасау жолындағы күресіне мейлінше белсене қатысты.

Сонымен, XV ғасырдың екінші жартысында жоғарыда аталған барлық факторлардың салдарынан Моғолстанда қалыптасқан ішкі жағдай, сондай-ақ аймақтағы әскери-саяси оқиғалардың жоғарыда айтылған барлық жиынтығы — осының бәрі моғол хандарының Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы ықпалының біртіндеп әлсіреуіне, ал сонан соң, XVI ғасырдың басында, толық жойылуына және бұл өлкенің қазақ тайпаларының олардың билігінен шығуына негіз жасады. XV—XVI ғасырлар шебінде Моғолстан іс жүзінде біртұтас мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатады. Оның аумағында бірнеше феодалдық, іс жүзінде тәуелсіз иеліктер: Сұлтан Ахмет ханның, Сұлтан-Махмұд ханның, Хадид сұлтанның, Мансұр ханның және басқаларының иеліктері құрылды. Жетісу Қазақ хандығының құрамына кірді.

¹ Бромлей Ю. В. Этнос и этнография. М., 1973, 39, 138, 162-б.

² Бұл да сонда, 162—171-б.

³ Алексеев В. П., Бромлей Ю. В. К изучению роли переселений в формировании новых этнических общностей. «Советская этнография», 1968, № 2, 35—45-б.

⁴ Сенигова Т. Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972, 210—217-б.; Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969 (Ары қарай: МИКХ), 314—318-б.; Пищулина К. А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVII вв. //Казахстан в XV—XVIII вв. Алма-Ата, 1969, 47—48-б.; Иванов П. П. Очерк истории каракалпаков. «Материалы по истории каракалпаков», «Труды ИВ АН СССР». Т. VII, М.-Л., 1935, 35-б.

⁵ Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 38-б.

⁶ Бромлей Ю. В., Козлов В. И. Этнические процессы как предмет исследования // Этнические процессы в СССР, М., 1975, 11-б.

⁷ Абрамзон М. С. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи, Л. 1971, 26—27, 31, 33 және басқа беттер.

⁸ Савельев П. Джучиды Синей Орды. ТВО, ч. III, вып. 2, 1857, 355-б.; СМИЗО, т. II, 129—130, 234-б.; Греков Б. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950, 310—315-б.; Иванов П. П. Очерки по истории Средней Азии (XVI — середина XIX вв.). М., 1958, 18-б.

⁹ Рашид ад-Дин. Сборник летописей, т. II, М.-Л., 1960, 67-б.

¹⁰ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 124а, 127а; МИКХ, 39—42-б.

- ¹¹ *Махмуд ибн Вали*. Бахр ал-асрар, л. 124а, 135а; МИКХ, 354, 362-б.
- ¹² *Кадыргали Джалаури*. Джами ат-таварих, л. 60б.
- ¹³ *Рашид ад-Дин*. Сборник летописей, т. II, 66, 71, 77-б.
- ¹⁴ *Федоров-Давыдов Г. А.* Общественный строй Золотой Орды, 165-б.
- ¹⁵ Бахр ал-асрар, л. 118б.
- ¹⁶ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 124а—125б; МИКХ, 39—40-б.
- ¹⁷ *Мас'уд Кухистани*. Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, Л., 321а,б.
- ¹⁸ *Иванов П. П.* Очерки по истории Средней Азии, 35-б.
- ¹⁹ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 124а, 127а; МИКХ, 39—42-б. Жәнібек хан өзінің БуСа'ид (Абу-Са'ид) деп мұсылман есімімен де аталған. Ескертпе: «Муиззу»мына кіт.: СМИЗО, т. II, 63-б.
- ²⁰ *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 62-б.
- ²¹ Бахр ал-асрар, л. 124а, МИКХ, 352-б.
- ²² *Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат*. Та'рих-и Рашиди, л. 177а; МИКХ, 222-б.
- ²³ *Абул-Гази*. Шаджра-и тюрк ва могул. Изд. Г. С. Саблукова. Казань, 1906 159-б.
- ²⁴ *Бұл да сонда*, л. 46а; МИКХ, 195-б.
- ²⁵ Бахр ал-асрар, л. 124б.
- ²⁶ Та'рих-и Рашиди, л. 46а, 51а, 51б; МИКХ, 196, 198-б.
- ²⁷ Та'рих-и Рашиди, л. 45б.
- ²⁸ Бахр ал-асрар, л. 124а.
- ²⁹ *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в сер. XIV — нач. XVI вв. Алма-Ата, 1977, 118—121, 124, 126, 264-б.
- ³⁰ Жетісудың батыс аудандарында Жәнібек пен Керей қазақтарының келуі қарсаңында оның демографиялық тұрғыдан «бос қалғаны» жөнінде әдебиетте айтылып жүрген пікірдің негізсіздігін мына кітаптан қараңыз: *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — нач. XVI вв., 236, 261 және басқа беттер.
- ³¹ Бахр ал-асрар, л. 124а; МИКХ, 352-б.
- ³² *Бұл да сонда*, л. 124б; МИКХ, 353-б.
- ³³ *Бұл да сонда*.
- ³⁴ *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А.-А., 1992, 233—234-б.
- ³⁵ *Вельяминов-Зернов В. В.* Исследование о Касимовских царях и царевичах. СПб., 1864, ч. II.
- ³⁶ МИКХ. 198 және басқа беттер.
- ³⁷ *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI вв. 246—264-б.
- ³⁸ Пікірлер жиынтығы мына кітапта келтірілген: *Султанов Т. И.* Некоторые замечания о начале казахской государственности. — «Известия АН КазССР, сер. обществ. наук», 1971, № 1, 54, 55-б.
- ³⁹ История Казахской ССР, т. I. Алма-Ата, 1957, 142-б.
- ⁴⁰ *Чулошников А. П.* Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов, ч. I. Оренбург, 1924, 200—203-б.; *Соныкі*. К истории феодальных отношений в Казахстане в XVII—XVIII вв. // «Известия АН СССР, отд. обществ. наук», 1936, № 3. М.-Л., 498-б.
- ⁴¹ *Ибрагимов С. К.* К истории Казахстана в XV в. // «Вопросы филологии и истории стран советского и зарубежного Востока», 172, 175, 180-б.
- ⁴² *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. 238—240-б.; *Соныкі*. О первом Казахском государстве // Кунсткамера. Этнографические тетради. 1995. Вып. 8—9. СПб., 31—37-б.
- ⁴³ Та'рих-и Рашиди. Л. 51а, 174а; МИКХ, 198, 222-б.
- ⁴⁴ *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, М. 1965, 149-б.
- ⁴⁵ *Семенов А. А.* К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана. // «Труды ИИАЭ АН ТаджССР», Сталинабад, 1954, Вып. I, т. XII, 36-б.
- ⁴⁶ *Ибрагимов С. К.* К истории Казахстана в XV в., 176, 177-б.

- ⁴⁷ Бахр ал-асрар, Л. 124а; МИКХ, 362-б.
- ⁴⁸ *Бул да сонда*, Л. 124б; МИКХ, 353-б.
- ⁴⁹ Та'рих-и Рашиди, Л. 177а; МИКХ, 222-б.
- ⁵⁰ Бахр ал-асрар, 124б; МИКХ, 353-б.
- ⁵¹ *Шади*. Фатх-наме. Рук. СПб ЛГУ № 962, Л. 586, 596; МИКХ, 56, 57-б.
- ⁵² МИКХ, 99-б.
- ⁵³ *Султанов Т. И.* Некоторые замечания о начале казахской государственности, 55-б.
- ⁵⁴ *Ибрагимов С. К.* К истории Казахстана в XV в., 175-б.
- ⁵⁵ *Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани*. Михман-наме-йи Бухара. Рук. ИВ АН РУз, № 1414, Л. 73б. В издании Р. П. Джалиловой, 96-б.
- ⁵⁶ МИКХ, 195, 222-б.
- ⁵⁷ Бахр ал-асрар. Л. 135б; МИКХ, 364-б.
- ⁵⁸ Та'рих-и Рашиди, Л. 68а; МИКХ, 210-б.
- ⁵⁹ Та'рих-и Рашиди, Л. 68а; МИКХ, 210, 211-б.
- ⁶⁰ Бинаи, Шайбани-наме, Л. 7б; МИКХ, 103-б; Таварих-и гузиде..., Л. 10б; МИКХ, 38-б.
- ⁶¹ Та'рих-и Рашиди. Л. 67а—68б.
- ⁶² *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI в., 246—264-б.
- ⁶³ *Пищулина К. А.* Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века // Казахстан в эпоху феодализма (Проблема этнополитической истории). Алма-Ата, 1981, 96—123-б.
- ⁶⁴ Та'рих-и Рашиди, л. 46а; Камал ад-дин Али Бинаи, Шайбани-наме, МИКХ, 99, 195-б.
- ⁶⁵ Та'рих-и Рашиди, л. 174а; МИКХ, 222-б.
- ⁶⁶ Яғни қазақтардың. V тарау, § 3 қараңыз.
- ⁶⁷ Бахр ал-асрар, л. 124б; МИКХ, 352—353-б.
- ⁶⁸ Та'рих-и Рашиди, л. 51а, 174а; Бахр ал-асрар, л. 124а; МИКХ, 198, 222, 352-б.; *Семенов А. А.* К вопросу о происхождении и составе узбеков Шайбани-хана.
- ⁶⁹ *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI в., 127—153-б.
- ⁷⁰ *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Позднесредневековый Отрар, Алма-Ата, 1977; *Солар.* Отрар в XIII—XV вв. Алма-Ата, 1982.
- ⁷¹ *Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств // Казахстан в XV—XVIII вв. (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата, 1969, 5—49-б.; *Соныкі.* Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана в XIV—XVII вв. — Мына кіт.: Средневековая городская культура Средней Азии и Казахстана. Алма-Ата, 1983.
- ⁷² Мұса мен Жаңбыршы — Едігенің немересі Уақас бидің балалары.
- ⁷³ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 95б; Камал ад-дин Али Бинаи Шайбани-наме, л. 4а,б; *Молла Шади*. Фатх-наме. л. 586, 596; МИКХ, 19, 56, 57, 99, 100, 507, 508-б.
- ⁷⁴ Шайбани-наме, л. 4а; МИКХ, 99-б.
- ⁷⁵ *Бул да сонда*.
- ⁷⁶ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 97а; МИКХ, 21-б.
- ⁷⁷ Шайбани-наме, л. 5б—6а; МИКХ, 102-б.
- ⁷⁸ *Бул да сонда*, л. 4а; МИКХ, 99—103-б.
- ⁷⁹ Шайбани-наме, л. 7а—7б; МИКХ, 103-б.
- ⁸⁰ *Бул да сонда*, л. 7б, 8а.
- ⁸¹ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 97а; МИКХ, 21-б.
- ⁸² Бахр ал-асрар, Л. 124б; МИКХ, 353-б.
- ⁸³ Шайбани-наме, л. 9б; МИКХ, 105-б.
- ⁸⁴ *Бул да сонда*, л. 9б, 10а; *Молла Шади*. Фатх-наме, л. 75а—76б.
- ⁸⁵ Фатх-наме, л. 76а; МИКХ, 75-б.
- ⁸⁶ «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», л. 97б—98а, Мұхаммед Шайбаниге азын-

аулақ ергендердің бәрі дерлік («Бұл бір жүздік (оларға, яғни қазақтарға) төтеп бере алмайды.., — деді ол інісіне ұрыс кезінде. Бүкіл елді қозғалысқа келтіру керек») сол шайқаста қаза тапты. Шайқастан кейін оған Дешті Қыпшақтың «ерлері мен жігіттерінен» тұратын төрт жүздей адам келіп қосылса да, ол «Түркістан уәлаятына салмақ салмай, Хорезмге кетті. Камал ад-дин Бинаи де Мұхаммед Шайбанидің Түркістаннан қашуын күштердің тең болмауымен түсіндірген — «жаудың (яғни қазақтардың) санына санаса сан жетпейтін еді, сондықтан өлтіру мен қорғанудан пайда жоқ болатын»).

⁸⁷Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 99а.

⁸⁸ *Бұл да сонда*, л. 105б; Шайбани-наме, л. 13б; МИКХ, 28, 111-б.

⁸⁹ Шайбани-наме, л. 14а.

⁹⁰ *Бұл да сонда*, л. 14б; МИКХ, 112-б.

⁹¹Та'рих-и Рашиди, л. 62б—64б; МИКХ, 203—206-б.; *Азимджанова С. А.* К истории Ферганы второй половины XV в. Ташкент, 1957; *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 88—89-б.; *Ахмедов Б. А.* К изучению политической истории Киргизии XV в. // ОНУ, № 5, 1961, 32—33-б.

⁹² Шайбани-наме, л. 15а; МИКХ, с. 113; *Ахмедов Б. А.* Государство кочевых узбеков, 146-б.

⁹³Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 108а; МИКХ, 29-б.; В Та'рих-и Рашиди (л. 66а, МИКХ, 206-б.) — из Туркестана.

⁹⁴ Та'рих-и Рашиди, л. 64б, 65а; МИКХ, 205—206-б.

⁹⁵ Та'рих-и Рашиди, л. 66а; МИКХ, 206—207-б.

⁹⁶Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 108а, 108б; МИКХ, 29, 30-б.

⁹⁷ *Бұл да сонда*, л. 108б.

⁹⁸ *Семенов А. А.* Шайбани-хан и завоевание империи Тимуридов, — МИГУ - СА. Вып. I. ТИИАЭ АН ТаджССР. Т. XII, 1954. 48-б. Басқа деректемелердегі сияқты автордың Сайрам туралы айтқаны дұрыс емес (Фатх-наме, л. 111б—115б; Шайбани-наме, л. 18б—19б; МИКХ, 77—83, 115—117, 494-б.), осы оқиғалар туралы айтылатын «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» бекініс-қала Сауранды (Сабран түрінде) атайды.

⁹⁹ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 109б; Шайбани-наме, л. 19б; МИКХ, 31, 117-б.

¹⁰⁰ Шайбани-наме, л. 21б; МИКХ, 120-б.

¹⁰¹ Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 110а,б; Фатх-наме, л. 118б; Шайбани-наме, л. 20б; МИКХ, 31, 85—87, 118-б.

¹⁰² Шайбани-наме, л. 22а; МИКХ, 121-б. Алайда бұл уақытша бітім сол арада-ақ бұзыла бастады. Самарқандқа кетер алдында Мұхаммед Шайбани Сауранды тағы бір рет басып алады, ол соның қарсаңында Ясы уәлаятын қолдан шығарып алған еді (Шайбани-наме, л. 22б—23а, б).

¹⁰³ *Мас'уд бен Усман Кухистани.* Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 326а; МИКХ, 159-б.

¹⁰⁴ *Мукминова Р. Г.* К вопросу о переселении кочевых узбеков в начале XVI в. // Изв. АН УзССР. 1954. № 1. 70—81-б.; *Семенов А. Н.* Шайбани-хан и завоевание империи Тимуридов. 38—83-б.; История Узбекистана. Т. II. Ташкент, 1993.

¹⁰⁵ Та'рих-и Рашиди. Л. 46а; МИКХ, 195-б.

¹⁰⁶ *Иванов П. П.* Очерки по истории Средней Азии, 3б-б.

¹⁰⁷Та'рих-и Рашиди, л. 46б; МИКХ, 196-б.

¹⁰⁸ *Пищулина К. А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI в. (Вопросы политической и социально-экономической истории). 72—74, 111—115, 210—218 және басқа беттер.

¹⁰⁹Та'рих-и Рашиди, л. 45б; МИКХ, 194-б.

¹¹⁰Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани, л. 312а—312, 315а; Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 57б, 98а; МИКХ, 17, 22, 144, 146-б.

¹¹¹ *Муканов М. С.* Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974, 32—33-б.

¹¹² Мырза Хайдар Моғолстаннан Қашғарияға әкетілген жергілікті тайпалардың қайтадан, Моғолстанға, яғни Жетісу мен Тянь-Шаньға үнемі ұмтылып отырғанын талай рет атап өтеді. Жетісудағы автохтондық мекендеушілердің өз халқының Қазақ хандығы құрамына енген негізгі бұқарасымен қайта қосылуға ұмтылған бөлігін де осы «Моғолстан тұрғындары» деп түсінуге болады. Та'рих-и Рашиди, л. 796–80а; МИКХ, 214–215-б.

¹¹³ Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI в., 227–246, 254–264-б.

¹¹⁴ Моғолстанның оның өмір сүруінің соңғы кезеңіндегі, XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ хандығының тарихымен байланысты негізінен Оңтүстік-Шығыс Қазақстан тарихының шеңберінен тыс тарихын Мырза Мұхаммед Хайдардың «Та'рих-и Рашиди», Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-нама» деген шығармалары мен басқа да шығармалардың деректеріне мұқият талдау жасау негізінде В. В. Бартольд, М. Е. Массон, С. Н. Азимджанова, Б. А. Ахмедов, К. И. Петров зерттеген, сондықтан оны бұл арада толық айтып жатудың қажеті жоқ.

¹¹⁵ Махмуд ибн Вали. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар, л. 124а; МИКХ, 352-б.

¹¹⁶ Та'рих-и Рашиди, л. 45а–45б; МИКХ, 194-б.

¹¹⁷ Бұл да сонда, л. 46а; МИКХ, 195-б.

¹¹⁸ Бұл да сонда, л. 48а–50а; МИКХ, 196–197-б.

¹¹⁹ Бұл да сонда, л. 50а; МИКХ, 197-б.

¹²⁰ Бұл да сонда, л. 50б, 52б–53а; МИКХ, 197-б., 200–201-б.; Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Соч., т. II, ч. I, М., 1963, 88-б.

¹²¹ Беленицкий А. М., Бентович И. В., Большаков О. Г. Средневековый город Средней Азии. Л., 1973, 318–321-б.

¹²² Та'рих-и Рашиди, л. 626; МИКХ, 203-б.

¹²³ Бахр ал-асрар, лл. 132б–133б; МИКХ, 358–364-б.

¹²⁴ Бұл да сонда, л. 133а; МИКХ, 359-б.

¹²⁵ Ағайынды (еркін) бауырлар (Исан тайшының ұлы Амасанжы тайшы мен Ибраһим онг пен Ілияс онг – олар да Исан тайшының моғолдық Уәйіс ханның қарындасынан туған балалары) арасындағы қатынастар Дост-Мұхаммед хан өлгенге дейін үзілген. Дост-Мұхаммед хан хижра бойынша 873 жылы (1468/1469 жж.) өлген. Ибраһим онг пен Ілияс онгтің қашып шығып, Қытайға кетуі хижра бойынша 91 жылы (1509–1510 жж.) болса керек... Ибраһим онг пен Ілияс онгтен бөлінген Амасанжи тайшы Моғолстанға келген («Та'рих-и Рашиди, лл. 50б–51а). Мұхаммед Хайдар қалмақ басшысының «Моғолстанда» нақ қай жеріне келгенін анықтап айтпайтындығы, ал Моғолстан аумағының шығыс жағында Жетісудан алысқа (Баркөлге және Ертістің жоғарғы ағыстарына, Хами қаласы мен Турфанға дейін) созылып жатқандығы себепті оның Жетісуға бірден, бірінші жылы жетпеуі мүмкін. Амасанжының «Моғолстанға» келген жылы да беймәлім, қайткен күнде де 1468–69 жылдардан көп ертерек емес, әйтпесе 1509–10 жылдардағы уақыт аралығында ағайындылар кімнен қашар еді, өйткені олардың кетуі ағасымен дауласу фактісіне байланысты ғой.

¹²⁶ Ахмедов Б. А. К изучению политической истории Киргизии XV века. «Общественные науки в Узбекистане», 1961, № 5, 31-б.

¹²⁷ Абрамзон С. М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи.,

¹²⁸ Та'рих-и Рашиди, л. 45б, 67б; МИКХ, 194, 209-б.

¹²⁹ Юдин В. П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // «Известия АН КазССР, сер. общественных наук», 1965, вып. 3, 52–65-б.; Абрамзон С. М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи, 26, 27, 31–33-б.; Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI вв., 14, 15, 192, 227–230, 236–245-б.

¹³⁰ История Киргизской ССР, т. I. Фрунзе, 1984, 408–441-б.; Абрамзон С. М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи.

¹³¹ Та'рих-и Рашиди, лл. 70а–85б.; МИКХ, 211–217-б.; Бартольд В. В. Киргизы.

Исторический очерк. Соч., т. II, ч. I, М., 1963, 509–514-б. Введение в историю кыргызской государственности. Бишкек, 1994.

¹³² История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. Т. 2, Алма-Ата, 1979, 246–247-б.

¹³³ Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков, 59-б.

¹³⁴ Та'рих-и Рашиди, л. 50б; МИКХ, 197-б.

¹³⁵ Златкин И. Я. История Джунгарского ханства (1635–1758 гг.). М., 1964, 100–102-б.; Чимитдоржиев Ш. Б. Взаимоотношения Монголии и Средней Азии в XVII–XVIII вв., М., 1979, 22–23-б.; История Казахской ССР, т. 2, 179–181-б.

¹³⁶ Бахр ал-асрар, л. 124б.

¹³⁷ Та'рих-и Рашиди, л. 174а; МИКХ, 222-б.

¹³⁸ Бул да сонда, л. 51а–52а; МИКХ, 197–199-б.

¹³⁹ Немесе 1470–1471 жж. Осы және жоғарыда аталған оқиғалар туралы баяндайтын. Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат олардың дәл мерзімін айтпайды. Оқиғалардың хронологиясын ол келтіретін әлдебір мерзімді (ол да үнемі дәл бола бермейді) және «сол қыста», «бір жылдан кейін», «келесі көктемде» деген сияқты кейінгі ескертпелерді негізге ала отырып шамалауға болады. XV ғасырдағы кейбір мерзімді Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың шығармасы бойынша түзетуге болады («Бабур-наме». Записи Бабура. Аударған М. Салье. Ташкент, 1958 г.).

¹⁴⁰ Тарих-и Рашиди, л. 53а.

¹⁴¹ Бартольд В. В. Киргизы. Исторический очерк, 514-б.; Тарих-и Рашиди. Л. 53а, МИКХ, 200–201-б.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

**XVI – XVIII ҒАСЫРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТІ**

Б і р і н ш і т а р а у

XVI ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ

1. ҚАСЫМ ХАН. ХАНДЫҚТЫҢ ӨРЛЕУІ. ЖЕР АУМАҒЫНЫҢ КЕҢЕЮІ

Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның ұлы Қасым 1445 жыл шамасында туған; 1513 жылы күзде Шу өзені жағасында онымен Шағатай ұрпағы Саид хан арасында жүздесу болған кезде, олардың замандасы Мырза Хайдар Дуғлаттың айтуына қарағанда, «Қасым ханның жасы алпыстан асып, жетпіске жақындаған еді». Оның Жаһан бегім есімді анасы Шайбани ханның бауыры Махмұд сұлтанның шешесінің туған сіндісі болатын. Уақыт қастерлі қасиетке айналдырған үлкенге бағыну дәстүрін ұстанған нағыз дала ұлы ретінде Қасым сұлтан әкесінің үлгісі бойынша бастапқыда барлық жағынан Бұрындық ханның айтқанынан шықпай, бас иіп жүрді деп жазады Мырза Хайдар. Шынында да, Шайбани ханның қазақ билеушілерімен XV ғасырдың 80-жылдарындағы соғыстарын суреттеуге байланысты деректемелерде Қасым сұлтан Қыпшақтың «белгілі сұлтандары мен даңқты баһадүрлерінің» бірі және Бұрындық ханның атты әскерінің басшысы делінген. Жұрттың пікірі адамды билікке лайық деп тапса, көбінесе биліктің өзі қуып келетіні қашаннан белгілі. XVI ғасырдың басына қарай Қасым сұлтанның жеке билігі қатты күшейді. Қасым сұлтанның күшеюін оның ағасы Әдік (Атик) сұлтанның Шайбани хан 1503 жылы Ташкентті басып алғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болуымен байланыстыратын Мырза Хайдар Жәнібек хан ұлы жағдайының нығаю себептері жайлы ешнәрсе айтпайды. Бұл деректерді біз Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» деген шығармасынан табамыз, ол Шайбани ханның 1504 жылғы көктемнің басындағы Әндіжанға жорығын суреттей келіп, былай деп хабарлайды: «Бұл кезде Қасым хан маңғыттардан көмек алып, солардың қолдауымен бүкіл Қыпшақ даласында үстемдікті қаратып алды, сөйтіп оның Ташкент пен Түркістан шегіне шапқыншылық және шабуыл жасауына мүмкіндігі болды»¹.

Қасым сұлтан хандықтағы билік пен инициатива іс жүзінде өз қолында екенін білгенімен, көреген саясатшы ретінде ол сақ болды, жағдай мәселенің шешілуін тездетуге мүмкіндік беретін жерде шыдамдылықпен аңысын андай білді. Мырза Хайдардың айтуынша, 1510 жылы шайбанилер Қасымның ұлысына шапқыншылық жасаған «кезде-ақ оның билігі жоғары болғаны сонша, Бұрындық хан жөнінде ешкім ойына алмаса да, ол әлі хан атағын алмаған еді. Бірақ ол (Қасым) Бұрындық ханға жақын жүргісі келмеді, өйткені жақын жүріп, тиісінше құрмет көрсетпесе, ханға қарсы шыққандық болар

еді, ал оған бағынуды жаны қаламады, сондықтан да ол Бұрындық ханнан аулақ жүруге тырысты».

Хандықтағы аса ықпалды екі адамның бақталастығы сайып келгенде күдіретті де жігерлі сұлтанның жеңіске жетіп, бар беделінен айрылған ханның қуылуымен аяқталды. Ерте дегенде 1511 жылдың күзінде Бұрындық хан маңайындағы бір топ адаммен бірге Мауараннахрға кетті. Хандықта жоғарғы билік Жәнібек ұрпағына көшті, олардың ішінде бірінші болып оның ұлдарының ең дарындысы Қасым сұлтан хандық құрды.

Бұрындық ханның Шайхым, Санжар-Жаһан, Жаһан-Бақты, Кімсін деген төрт ұлы және бірнеше қызы болған. Оның Дәдім ханым деген бір қызы Жәнібек ханның немересі, болашақтағы қазақ ханы Шығай сұлтанға ұзатылған. Басқа үшеуі XV ғасырдың 90-жылдарында Шайбани ұрпақтарына: біреуі — Мұхаммед Шайбани ханға, екіншісі — Шайбани ханның інісі Сұлтан Махмұдқа, үшіншісі Шайбани ханның ұлы Темір сұлтанға күйеуге берілген еді. Михр Сұлтан ханым деген соңғысы Самарқандта тұрған және сақталып қалған вақфтық құжаттардан көрінгеніндей, ірі меншік иесі болған. Бодандары безген Бұрындық хан міне соған барған. Оның бұдан кейінгі тағдыры бізге белгісіз, сірә, ол жат жерде жүріп өлген болса керек.

Алайда, Түркістан мен Мауараннахрдағы саяси өмір оқиғаларына оралайық.

Шайбанилердің аяусыз жеңіліс табуы және ең бастысы, қазақ әміршілерінің жауап ретінде басып кіру қаупі Шайбани ханды қазақтар көшіп жүретін қоныстарына шекаралас иеліктерін күзету үшін жауынгерлік қосындар ұстауға мәжбүр етті, олар тіпті мемлекетке қатерлі қауіп төнген кезде де өздеріне сеніп тапсырылған аудандардан кетпейтін еді. Мәселен, Хорасанда болған кезінде Шайбани хан жаңа парсы мемлекетінің негізін қалаушы Исмаил шахтың аттанысқа шыққаны туралы хабар алып, дереу Түркістанға, Ташкентке, Әндіжанға және басқа аймақтарға жаушылар жіберіп, облыстардың билеушілері мен сұлтандары өз қосындарымен бірге күш қосу үшін дереу Мервке келуді талап еткен. «Бұйрыққа сәйкес әрқайсысы өз иқталарынан аттанып кетті, — деп жазады «Бахр әл-асрардың» авторы, — бұған Көшім хан қосылған жоқ, ол қазақ Қасым ханның шабуыл жасау қаупін төндіруі себепті Түркістанда қалып қойды».

Иран шахы Исмаил әскери айлакерлікпен қақпанға түсірген Мұхаммед Шайбани ханның Мерв түбінде қаза табуының (1510 жылғы қараша) егжей-тегжейі және содан кейін өзбек ханы әскерлерін қызылбастардың толық талқандағаны, Бұхарада, Самарқандта және Түркістанның бірқатар қалаларында биліктің бірсыпыра уақыт Темір ұрпағы Бабырдың қолына көшкені, Әбілқайыр хан ұрпақтарының Ясыға кеткені жақсы мәлім.

Бұл жағдайларды Қасым хан өзінің Оңтүстік Қазақстанда билігін нығайту үшін пайдаланып қалуды қалт жіберген жоқ. Көп кешікпей Сыр өңірінің ең оңтүстіктегі қаласы Сайрам қазақ ханының қол астына көшті, сөйтіп ол Ташкентті қаратып алуға әрекет жасады. Бұл мынадай жағдайларда болған еді. 1512 жылы Шайбани ханның немересі Убайдолла сұлтан Құл-Мелик маңындағы шайқаста Бабырды жеңіп шықты; Бабыр Кабулға қайтып барып, сонан соң одан әскерімен Үндістанға аттанды, ол онда «Ұлы Моғолдар» мемлекетінің негізін қалады. Қашып кеткен Бабырдың Сайрамдағы әкімі Қаттабек шайбанилер әскеріне қарсылық көрсетті, алайда қаланы ұстап тұруға күші жетпей, оны қазақ ханына бермекші болып шешті. 1513 жылы ерте көктемде, Қасым хан Қараталда (Жетісуда) болған кезінде оған Сайрамның

бір топ атақты қала тұрғындары барып, оны Қаттабектің атынан қалаға кіруге шақырды. Ұсыныс қабыл алынды. Қасым хан «Моғолстан шекарасындағы» өз қонысынан ірге көтеріп, Талас алқабы арқылы Түркістанға асығыс аттанды да, өз жақындарының бірін бұрынырақ жіберді, Қаттабек Сайрамды соған берді. Қаттабек Қасым ханды Ташкент билеушісі Шайбани ұрпағы Сүйінші-Қожаға қарсы аттануға көндірді. «Қасым хан, — деп жазады бұдан әрі Мырза Хайдар өзінің «Та'рих-и Рашиди» деген еңбегінде, — сансыз көп әскермен Ташкентке аттанды. Сүйінші хан Ташкент бекінісіне бекінді. Қасым хан Ташкент бекінісіне барып, оның алдында бір түн тұрды. Сонан соң ол Ташкент төңірегін тонап, қолға түскеннің бәрін алып кетті. Одан әрі ол Сайрамның төңірегіне жақындап, мүлік пен мал санын есептеумен айналысты»².

«Зубдат әл-асардың» Шайбани ұрпағына ниеттес авторы Қасым хан мен Сүйінші-Қожа хан қалпығысының басқа бір нұсқасын келтіреді. «Қасым хан, — деп жазады ол, — Дешті Қыпшақтың әміршісі болатын. Ол қазақтар мен маңғыттардан тұратын әскерімен Түркістан мен Ташкентке жорық жасап, бірнеше қорғансыз адамды тұтқынға алды. Қасым хан Ташкентке жақындап келгенде, Сүйінші-Қожа хан оған әскерімен қарсы шықты. Қиян-кескі шайқас болды; Қасым хан атынан құлап түсті, бірақ қызу шайқас үстінде қарсыластары ханды танымай, оның өмірін осы жағдай сақтап қалды. Нөкерлері оған дереу ат тауып берді; Қасым хан тізгінін Дешті Қыпшақ жағына бұрды».

Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың айтуынша, моғолдар ханы Сұлтан Саид Қасым ханның Ташкентке аттанғанын естіп, онымен бірлесіп қимылдау үшін қалаға жетуге асыққан. «Ферғана мен Ташкент уәлаяттарының арасындағы» Кендірлік деген тау асуында Қасымның қайтып кеткені туралы хабар алған Саид хан Ташкентке жалғыз барудан бас тартып, кері қайтқан. Сол 1513 жылы күзге қарай ол Шу өзеніндегі Қасым ханға барып, қазақтар ханын Шайбани ұрпақтарына жаңа жорық жасау қажет екеніне көндірмекші болды. Бірақ Қасым сыпайы түрде бас тартты.

Мерв жеңілісінен кейін болған оқиғалардың барысында Шайбани ханның ұлан-байтақ мемлекетінің орнында екі мемлекет: біреуі басты қаласы Самарқанд, содан соң Бұхара болған Мауараннахр және орталығы әуелі Үргеніш, сонан соң Хиуа болған Әбілқайыр ханның ұрпақтарына тәуелсіз Арабшах (ол да Шайбани) ұрпақтарының хандығы құрылды. Шайбани хан қаза тапқаннан кейін және Сүйінші-Қожа сұлтан аз уақыт хандық құрғаннан кейін Мауараннахрдың жоғарғы билеушісі болып Әбілқайыр ханның ұлы қартайған Көшім сұлтан жарияланды, ол ешқандай талантымен көзге түспеген адам және «аты ғана хан» болды.

1514 жылдың көктемінде Шағатай ұрпағы Саид хан Жетісудан шығып, шамамен 5000 адам болатын қосынымен Қашғарияға басып кірді. Онда дуғлат әмірлерімен күресте жеңіп шығып, Шығыс Түркістанда орталығы Жаркент болған, жергілікті авторлардың тарихи хроникаларында Могулийе, Мамлакат-и могулийе — Моғол мемлекеті деп аталған жаңа мемлекеттің негізін қалады.

Орта Азиядағы осылайша өзгерген саяси жағдай, әлбетте, Қазақ хандығы жағдайына да әсерін тигізді. XVI ғасырдың екінші онжылдығында Қасым хан қазақтың кең-байтақ далалық жерінде өз үстемдігін нығайтып алды. Бұл кезде хандықтың шекарасы оңтүстігінде Сырдарияның оң жақ жағалауына дейін жетіп, Түркістан қалаларының бір бөлігін қосып алды, оңтүстік-шығысында ол Жетісудың тау етектері мен жазықтарының едәуір бөлігін қамтыды,

солтүстік-шығысында Ұлытау және Балқаш көлі өңірі арқылы өтіп, Қарқаралы тауларының сілемдеріне дейін, солтүстік-батысында Жайық өзені аңғарына дейін жетті.

Қазақ хандығы сол кездегі халықаралық қатынастарға біртіндеп тартыла берді. Қазақ хандығымен дипломатиялық байланыстар жасаған алғашқы мемлекеттердің бірі Ұлы князь III Василий (1505-1533) басқарған Москва мемлекеті болды. Қасым хан билік еткен кезеңдегі Қазақ хандығының тарихы нақ сол жылдарда қазақтардың Батыс Еуропаға дербес этникалық қауым ретінде белгілі болуымен ерекше: Москвада бірнеше рет (1517 және 1526 жж.) болған австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейн қазақтар туралы өз жазбаларын қалдырған.

Қасым ханның билік еткен соңғы жылдарындағы қазақ билеушілері мен шайбанилердің өзара қатынастарына келер болсақ, олар шиеленіскен және әсте де бейбіт емес қалпында қала берді. Деректемелерге қарағанда, негізгі күрес Ташкент төңірегінде жүрген; бұл уәлаяттың билеушісі Сүйінші-Қожа ханның қазақтармен бірнеше рет шайқасуына тура келген. Айта кетелік, ол ғана емес. Васифидің хабарлауынша, қазақтарға қарсы Көшім хан бастаған шайбани сұлтандарының бірлескен жорығы жасалған, ол сірә, 1516-1517 жылдың қысында болса керек.

Шайбанилердің Қыпшақ даласына бірлесіп жасаған бұл жорығы айтылған уақытына қарағанда, тегінде, Қасым хан билік еткен соңғы кезеңге сәйкес келеді.

Кейінгі авторлар әл-Ғаффаридің, Хасан бек Румлудың, Мунаджжим-башының және басқаларының деректеріне қарағанда, Қасым хан хижра бойынша 930 жылы (1523-1524 жж.) қайтыс болған. Қасым ханның замандасы Мұхаммед Хайдардың деректеріне қарағанда, бұл билеуші хижра бойынша 924 жылы (1518 ж.) өлген. XVII ғасырдың басындағы автор Қадыралы бектің мәліметтері бойынша, Қасым хан Сарайшық қаласында қайтыс болған; «оның қабірі қазір де сонда». Алайда соңғы пайымдау түсінік беруді керек етеді. Жайық аңғарындағы Сарайшық қаласының Жошы ұрпақтары үшін шын мәнінде де екінші орталық ретінде маңызы болған және онда Жошы тегінен тараған хандар жерленген: Әбілғазының айтуынша, Алтын Орда хандары Жәнібек, Бердібек сонда хан тағына отырған; Алтын Орда хандары Меңгу-Темір, Тоқтағұл, Жәнібек (XV ғасырда Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханмен шатастырмау керек. — *Ред.*) сонда жерленген. Алайда 1580 жылдар шамасында бұл қаланы орыс казактары басып алып, жермен-жексен етіп қиратқан, тағылықпен өліктер де моладан шығарылып тасталған. Демек Қадыралы бек өз кітабын жазған кезде (XVII ғасырдың басында) қаланың өзі де, Жошы ұрпақтарының бейіттері де болмаған. Ол кезде Ресейде тұрған Қадыралы бек бұл зұлымдықты білмеген немесе айтқысы келмеген.

Қасым ханның Мамаш және Хақназар деген екі ұлы болғаны мәлім, екеуі де хан болған. Фольклор материалдарына қарағанда, бір қызы атақты ноғай мырзасы Шайх-Мамайға күйеуге берілген. Оның екінші қызы (оның да есімі келтірілмейді) Шайбани Убайдолла сұлтанға ұзатылған.

Бинаи, Ибн Рузбихан, Бабыр, Хондемир, Мырза Хайдар сияқты замандастарының пікірлеріне қарағанда, Қасым хан жүйрік атты жақсы көрген, оларды жақсы айыра білген, әскери талантымен, жеке басының ержүректігімен және өзгелерді өз соңынан ерте білу қабілетімен көзге түскен; солардың ай-

туына сүйенгенде моральдық қасиеттері жоғары, еліктеуге лайық адамның бейнесі көз алдына келеді. Тегінде, хан билігі оның кезіндегіден ешқашанда сондай берік болмаған және қазақ хандарының ешқайсысы Қасым хан сияқты адамдар санын өз билігіне біріктірмеген, оның бодандарын замандастары миллионнан астам адам деген. Қазақтардың халық аңызында «Қасым ханның қасқа жолы» ретінде белгілі заңдардың жасалуы Қасым ханның есімімен байланыстырылады, ол заңдар сірә, қағаз жүзіне түспеген болса керек және біздің заманымызға дейін жетпеген.

Қасым хан тұсында едәуір нығайғанына қарамастан, Қазақ хандығы дегенмен де орталықтандырылған мемлекет болған жоқ. Бұл ол қайтыс болғаннан кейін бірден байқалды, ол кезде сұлтандар мен басқа да феодалдардың оқшаулануы айқын аңғарылып, өзара қырқыс басталды. Өзара қырқыстың теріс зардаптары хандықтың жағдайына сыртқы саяси жағдайдың қолайсыз болуы кезінде ерекше қатты әсер етті. Қазақ әміршілеріне қарсы моғол және өзбек хандарының одағы құрылды.

2. XVI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ МАУАРАННАХРДЫҢ ӨЗБЕК ХАНДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Қазақ хандығының нығаюы, оның құрамында этникалық аумақтың бірігуі XVI ғасырдың басында Бұрындық және Қасым хандардың билік ету кезімен байланысты. Солардың тұсында мемлекеттік аумақ оның қазақтар мекендеген этникалық шекаралармен толық дерлік сәйкес болатындай етіп кеңейтілді. Одан кейінгі уақытта мемлекеттік билік айтарлықтай құлдырап, қазақ хандарына қарасты аумақ қысқарады. Қазақтардың этникалық аумағының едәуір бөлігі көрші мемлекеттер билеушілерінің — батысында өз бодандарын Сарысу мен Сырдарияға дейін қоныстандырған ноғай мырзаларының және Қазақстанның шығысы мен оңтүстік-шығысы қазақтардың жайылымдық жерлеріне үнемі шабуыл жасап тұрған жоңғар тайшыларының қол астына түседі. Сібір хандығының билеушілерімен әсіресе, XVI ғасырдың ортасында өз иеліктерін Қазақ даласының аумағына жылжытқан Орыс мемлекетімен қатынастар күрделі болды. XVI ғасырдың екінші жартысы Қазақ мемлекеті аумағының, бұрынғысы сияқты қазақтардың этникалық аумағы шегінде тағы да ұлғаюымен сипатталады, алайда оны толық біріктірген жоқ. XVI ғасырдағы сияқты, XVII ғасырда да мемлекеттікті нығайту және қол астындағы аумақты кеңейту проблемалары негізінен Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен Жетісу жері үшін күреспен байланысты болды. Жетісу жері XVI ғасырда Шығыс Түркістанның моғол хандарынан және XVII ғасырда Жоңғар мемлекетінен ерекше көп қысымға ұшырады. Қазақ хандарының қазақ рулары мен тайпаларының жерлерін қорғау және қосу жөніндегі бұл күш-жігерінің бағыттылығын ең алдымен экономикалық себептермен түсіндіруге болады. Қазақстан даласының көшпелі халқы үшін Орта Азияның отырықшы-егіншілік аудандарымен шаруашылық байланыстарының, Сыр өңірі қалалары арқылы жүзеге асырылған байланыстардың зор маңызы бар еді. Жетісуда қазақ билеушілері өздерінің көшпелі бодандарының жерлерін қорғады.

Қазақтардың Түркістан (Сыр өңірі) қалалары үшін әуелі Темір ұрпақтарына, содан соң Мұхаммед Шайбани хан мен оның мирасқорларына қарсы

екі ғасырға созылған күресі қазақ хандары тарапынан да, Мауараннахр билеушілері тарапынан да зор табандылығымен және қаталдығымен ерекше болды. Сыр өңірі қалалары қолдан қолға көшіп отырды. Қазақ хандарына бұл қалалар Шығыс Дешті Қыпшақта өз билігін нығайту үшін олардың ішкі талас-тартыстарға қарсы күресінде тірек пункттер ретінде керек болатын, ал өз жауларынан жеңіліс тапқан кезде олар сол қалалардың дуалдарына тығылып паналайтын. Бұл қалалар оларға өз қол астындағы хандықтың экономикалық күш-қуатын нығайту үшін орталықтар ретінде керек болды: осы қалалар арқылы Орта Азия мен Шығыс Түркістаннан далаға көшпелілерге керекті қолөнер мен егіншілік өнімдері әкелінетін, олар малын және мал өнімдерін осыларға әкеліп сататын. Қалалар әміршілерінің егіншілерден, қолөнершілерден алатын салық түсімдері және керуендері осы сауда орталықтары арқылы Орта Азияға жүріп өтетін саудагерлерден алынатын баж зор рөл атқарды. Қазақтар мекендейтін жерлердің тарихи қалыптасқан жағдайлары мен географиялық ерекшеліктері мынадай болатын: Сырдария алқабы, әсіресе Сырдарияның төменгі ағысы, Қаратау баурайлары олардың қысқы қоныстары орналасқан жерлер еді, ал оларды бұл аумақтың түйінді пункттері — қалаларды қолда ұстағанда ғана иелену мүмкін болатын. Осының бәрі қазақ билеушілерінің Сырдария қалалары үшін күресте табандылық көрсетуін түсіндіріп береді.

Мауараннахрдың билеушілері үшін бекіністері бар бұл аумақ әрқашанда Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің шапқыншылығына қарсы қорғанысты шеп болып келді. Осы шекаралық мекендерге ие болып, оларға гарнизондарын орналастыру арқылы олар көшпелілерді Мауараннахрдың отырықшы аймақтарына өткізбеуге тырысты.

Көршілес екі мемлекеттің бір-біріне қарсы бағытталған осы агрессиялық ниеттері табан тірескен күреске әкеп соғып, онда бір жағының сәтсіздіктері оның жеңісімен алмасып және керісінше болып отырды. Екі ғасыр бойы қазақ билеушілерінің мерейі үстем болып, Оңтүстік Қазақстанның жері мен қалаларын уақытша болса да өз қолдарына қаратып алды.

Қалаларды иеленіп алу қазақ хандарын қырда да күшейтті. XVI ғасырда, әсіресе Қасым хан, Хақназар хан мен Тәуекел хан табысқа жетті, оның тұсында Түркістан қалалары ғана емес, сонымен қатар Ташкент те Қазақ хандығының құрамына қарады, Түркістан Қазақ хандығының астанасы болды.

Қазақ хандығының XVI ғасырда Орта Азиядағы Шайбани ұрпақтарының мемлекетімен өзара қатынастары бұрынғысынша күрделі болып қала берді. Ол қатынастарға Сыр өңірі қалаларын иелену жолындағы ұзаққа созылған күрес негіз болды. Бұл ауданның қарастырылып отырған уақыттағы тарихы жалғыз осы күреспен анықталған жоқ. Орта ғасырлардағы Қазақстан халқы көршілес Орта Азияның отырықшы-егінші халқымен бейбіт қарым-қатынастар орнатты. Тату көршілік қатынастар бейбіт экономикалық байланыстар арқылы жасалды. Көрші халықтардың экономикалық укладының мазмұны мен ерекшеліктері олардың бір-бірімен тығыз араласуын қажет етті. Қазақтар, көшпелілер көбінесе қалалық қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарымен және отырықшы егіншілер еңбегінің өнімдерімен жабдықтауды қажет етті, өз кезегінде олар артық малы мен көшпелі мал шаруашылықта өндірілген өнімдерін өткізуге мұқтаж болды. Қазақстан мен Орта Азияның көршілес аймақтары халықтарының шаруашылық, сауда байланыстары өзара мүдделілікке негізделген дағдылы құбылыс еді.

Шаруашылық байланыстар мәдени алмасуға, материалдық мәдениет, тұрмыс элементтерін, шаруашылық дағдыларын, әдет-ғұрыпты, заңдарды, қоғамдық өмір укладын, мемлекеттік құрылыс нысандарын, әскери өнерді және т. б. алмасуға жетеледі. Қазақстан мен Орта Азияның көшпелі және отырықшы халқының орта ғасырларда шаруашылық және мәдени байланыстар жасауға өзара мүдделі болғаны сауда керуендері туралы, товарлар алу қажеттігі туралы айтылған деректемелерде көрініс тапқан. Өзінің саяси мақсаттарына бола халықтың бейбіт сауда байланыстарын үзуге ұмтылған Мұхаммед Шайбани ханның нысаналы саясаты туралы ибн Рузбихан Исфаханидің мәліметтері бірқатар деректер келтіреді. Өзбек және қазақ хандары әскерлерінің өзара шапқыншылықтары бейбіт шаруашылық байланыстарды бұзды, өз мемлекеттерінде шаруашылықтың дамуына тежеу жасап, мемлекеттердің өздерінің тұрақтылығын әлсіретті. Осы толассыз соғыстар сол бейбіт байланыстар жүзеге асырылған және соғыс қимылдары жүргізілген ауданның экономикалық жағдайына — Оңтүстік Қазақстанның Сырдариядағы қалалары ауданының жағдайына өте қолайсыз әсер етіп отырды.

Жиі-жиі қолдан қолға өту, біртұтас биліктің, саяси тұрақтылықтың болмауы, ойрандаулар, қала тұрғындарын тонау мен қырып-жою, айдап әкету — осының бәрі бұл қалаларды экономикалық жағынан әлсіретіп, олардың шаруашылығы дамуын баяулатты, жергілікті халықтың әлеуметтік және мәдени дамуын тежеді, бұл қалалардың Қазақ хандығындағы орталықтандырушылық рөлінің тиімділігін төмендетіп, мемлекетті саяси жағынан әлсіретті. Қазақ билеушілері хандықты нығайту үшін Оңтүстік Қазақстанды бағындыру қажет екенін түсініп, ортаазиялық билеушілерге қарсы ұзаққа созылған күрес жүргізді, бұл үшін барлық мүмкіндіктерді, соның ішінде көршілерінің ішкі істеріне, өзара қырқыстарына араласуды да пайдаланып отырды. Оңтүстік Қазақстан аймағын иелену қазақтар мемлекеттігінің нығаюында, этникалық және әлеуметтік процестердің дамуында маңызды іздер қалдырды. Сыр өңірі қалалары аумағының бірқатар ғасырлар бойы бірде бір, бірде екінші билеушілер қолына алма-кезек өтіп отыруы, бұл аумақта қазақтар мен өзбектердің, моғолдар мен маңғыттардың азды-көпті ұзақ уақыт үстемдік етуі бұл аумақ халқының этникалық жағынан ала-кұла болуына, көптеген этникалық топтардың араласуына және қазақ халқының құрамында тек Оңтүстік Қазақстанға ғана тән этникалық компоненттердің пайда болуына жеткізді. Қазақ хандығының Орта Азия мемлекеттерімен өзара қатынастары мен байланыстарының ерекшеліктері әлеуметтік байланыстар, қазақтардың әлеуметтік қатынастарының дамуына олардың жасаған ықпалы болып табылады. Мұнда, атап айтқанда, Қазақстанның оңтүстігінде феодалдық-жер қатынастарының неғұрлым жедел дамығанын, әлеуметтік қарым-қатынастардың көптеген нысандарын (сондай-ақ терминдерді, оларды белгілейтін меншік, тәуелділік, бағыныштылық, салық және т. б. нысандарын) алмасу екенін атап өтуге болады. Сыр өңірі қалалары ауданында қазақтардың отырықшылыққа көшуі жергілікті дәстүрлер мен дағдылардың әсерімен ғана емес, сонымен қатар көршілес Орта Азия аудандарының ықпалымен де басқа қандай жерден болса да неғұрлым интенсивті жүрді.

Түркістан аймағына ие болу қазақ хандарының аймақ көшпелілері арасындағы билігінің ұлғаюы мен нығаюына да жәрдемдесті.

Кейін, қазақ хандары XVI ғасырдың аяғында Сырдария қалаларында орнығып алған кезде, олардың Сырдариядағы иеліктері — Түркістан, Сайрам,

Отырар, Сығанақ қалалары мен басқалары, сондай-ақ Ташкент олардың Орта Азия билеушілерінің істеріне белсене араласуы үшін даулы мекендер болды.

Ал ғасырдың бас кезінде Түркістан аймағында қазақтарға мейлінше белсенді қарсы әрекет жасаған Мауараннахрдың жаңа билеушісі Мұхаммед Шайбани хан болды. Ол қазақтардың Түркістан қалаларына ілгерілеуіне әскери және экономикалық шаралар арқылы барынша қарсы әрекет жасауға, сол арқылы осы аумақтағы өз иеліктерін қорғауға, ең бастысы — оларды Мауараннахрға өткізбеуге тырысты. Шайбани хан қазақтардың Түркістан мен Мауараннахрға өтуіне жол бермеу жөнінде қолданған шаралар өз қарсыластарын экономикалық жағынан да, саяси жағынан да әлсіретуге бағытталды. Мұхаммед Шайбани ханды осы шараларды қолдануға мәжбүр еткен экономикалық себептерді Ибн Рузбихан Исфাহани өз шығармасында былай деп егжей-тегжейлі түсіндіреді: «Қазақтар әшекей заттарды, береке-байлықты, қару-жарақ заттарын, өзбектердің артықшылықтарын көзбен көргенде, осы берекені көру оларды өзбектермен соғыс және қырқыс жолына түспекші болған шешімге әкеп салып, бұл елдерді жаулап алу тілегін туғызбасын, оларды осы әшекей заттар мен тәтті тағамдарды иелену үшін қындарынан жауыздықпен қырғын-сүргін семсерлерін суырмасын, сол кезде оларды қуып шығу өте қиын болады... Демек, екі жақ арасында араласушылық пен қандай да болсын қарым-қатынастың үзіліп, олардың, қазақтардың, бұл жерлерді кезіп жүрген іздерінің мүлде жойылғаны жақсы. Аса мәртебелі ұлы хан қазақтардың Түркістан мен Мауараннахр елдеріне келіп тұруына тыйым салу жөніндегі пікірді өте даналықпен баяндады»³.

Мауараннахрдағы өз иеліктерін қазақтардың шапқыншылығынан қорғауға ұмтыла отырып, Мұхаммед Шайбани хан XVI ғасырдың басында Сыр өңірі қалаларын, тым болмағанда Түркістанның оңтүстік бөлігін сақтап қалуға тырысты.

Түркістан аумағын Мауараннахрды Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі аудандарынан бөліп тұратын кедергіге айналдыру жөніндегі XVI ғасырдың басында Мұхаммед Шайбани хан жүзеге асырған саясат жаңа емес еді. Мұндай саясат бұрын, Темірдің және Темір ұрпақтарының кезінде де олардың Ақ Орда мен Алтын Орда хандарымен, сонан соң Әбілқайырмен де қатынастарымен жүргізілген болатын. Өз кезегінде Шығыс Дешті Қыпшақтың билеушілері, жоғарыда көрсетілгеніндей, Сыр өңірі қалаларын әрқашанда өздерінің көшпелі аудандар халқына билік жүргізуінің экономикалық және әскери тірегі деп білді. Бұл қалаларды бағындырып алуға деген ұмтылысында олар осы аумақтағы Орта Азия билеушілерінің мүдделерімен қақтығысып отырды.

XVI ғасырдағы Орта Азиядағы өзара қатынастар, XV ғасырдың екінші жартысындағы сияқты, Сырдария қалалары үшін күреспен анықталды. Тарихи шығармалардың беттері қазақ сұлтандарының да Орта Азия жазираларына, Шайбани ұрпақтарының да Сыр өңірі қалалары мен қазақтардың қырдағы іргелес иеліктеріне басқыншылық шапқыншылықтарына, тонаушылық жорықтарына толы.

XVI ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақтардың даңқты ханы Бұрындық болды. Ибн Рузбихан ол 400 мыңға дейін әскер шығара алады, оның адамдары, қазақтар, Дешті Қыпшақта көшіп жүреді деп жазады. Шығыс Дешті Қыпшақ даласын «өзбек-қазақтар жайлауының жері» деп атай келіп, Рузбихан өзі суреттеп отырған уақыт. (1508—1509 жылдар) жөнінде «шілденің ыс-

тығы мен қатты аңызак уақыты туған жаз кезінде қазақ ұлысы оның (Шығыс Дешті Қыпшақтың) шет аймақтары мен шет жақтарына барып қонады» және «мал санының көп, жайылымның қажет болуы себепті олар осы кеңбайтақ даланы түгелдей иеленіп алады» дейді⁴. «Михман-наме» авторы «әрбір сұлтан бұл елдің бір өлкесін (нахийа) қолында ұстап, билеп отыр»⁵, Шығыс Дешті Қыпшақта ұлы хан бастаған қазақ өміршілері мен ұлыстардағы жекелеген сұлтандар, мысалы, Жаныш сұлтан, Таныш сұлтан және басқалар үстемдік етті деп атап көрсетеді. Алайда Сығанақ, Отырар, Түркістан (Ясы), Сауран және басқа қалаларымен қоса Түркістан қазақ хандарының сыртқы саясатының оңтүстік бағыттағы аса маңызды мақсаты, ал оларды уақытша болса да иелену XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығы билеушілерінің экономикалық күш-қуатын нығайтудың елеулі факторы болып қала берді.

«Қыстыгүні, — деп жазады Ибн Рузбихан, — қазақтар Дешті Қыпшақтан оңтүстікке, Сырдария жағалауына дейін көшіп барып, Сығанаққа дейін жетіп жүрді»⁶. Қазақтарға қарасты жерлер — Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қыстаулар Түркістан ауданына дейін созылып жатқан: «Көшіп-қонатын жеріне жеткен кезде (қазақтар), Сырдария өзенін бойлай орналасады. Олардың Сырдария өзенінің жағалауын бойлай орналасатын жер (көлемі) 300 фарсахтан асады. Олар Сырдария жағалауына келген кезде, олар Түркістан аймағына жақындайды. Ол да Сейхун жағалауында орналасқан»⁷. Басқа бір жерде Рузбихан Сығанақтан әріректегі Қара-Абдал деген жерді қысқы қоныстың орталығы деп атайды: «Шайбани хан жер қайысқан қолымен Самарқандтан шығып, Түркістанға беттеді. Ол қазақтар жерінің (билад-и қазақ) шегіне жеткен кезде, Сығанақтан өтіп, олардың қысқы қыстауларының орталығы болып табылатын Қара-Абдалға дейін жетті»⁸. Шайбани ұрпағын дәріптейтін автор қазақтардың оңтүстік жаққа ойдағыдай ілгерілеуін қанағаттана отырып айта алмайтын еді, сондықтан да Рузбиханнан Түркістанның солтүстік бөлігінде қазақтар ірге тепкен аумақты анықтаудағы қайшылықтар аңғарылып тұрады, дегенмен де, осы автордың айтуынша, Сығанақ қазақ хандары иелігіне кірген. Бірақ «Михман-наме» авторының мәліметтеріндегі бұл қайшылықтар Қазақ хандығының оңтүстік шекарасы жай-күйінің шын көрінісін көрсеткен, ол XVI ғасырдың алғашқы онжылдықтарында бұрынғысы сияқты тұрақты емес болатын. Егер бұрын, XV ғасырда, қазақтардың кейде моғолдармен, маңғыттармен, Темір ұрпақтарымен одақтаса отырып, кейде соларға қарсы күресе отырып, Шайбани өзбектерімен Сыр өңірінің қалаларын иелену жолындағы күресі қазақ хандары үшін де, Шайбани ұрпағынан тарайтын сұлтандар үшін де Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі халқына билік жүргізуді қолға алуды мақсат етіп келген болса, енді Жәнібек пен Керей, Бұрындық пен Қасым хандар далалық аудандарды, Оңтүстік Қазақстанның отырықшы-егіншілік ауданын қалаларымен қоса Қазақ хандығына берік біріктірген кезде, ол хандықтың ішкі жағдайын нығайту үшін де, оңтүстік көршілері жөніндегі белсенді сыртқы саясат үшін де ең басты экономикалық негіз болатын. Мұхаммед Шайбани хан Қазақ хандығының күшеюіне жол бермеуге тырысты және XV ғасырдың аяғындағы сияқты, қазақ билеушілерінің Сыр өңіріндегі билігінің орнығуына барынша кедергі жасап бақты.

Мұхаммед Шайбани хан әр түрлі экономикалық шаралар арқылы, атап айтқанда, қазақ саудагерлерінің Түркістан (Сыр өңірі), Мауараннахр мен Хорезм өлкелеріне келуіне тыйым салу, қырға ең жақын тұрған қалалар халқының да қазақтармен сауда жасауына тыйым салу арқылы («Түркістан тұрғын-

дары қазақ-көпестермен ешқандай да сауда мәмілесін жасамасын және олар (яғни қазақтар) мен осы қалалар тұрғындарының арасында қарым-қатынас және көпестердің араласуы болмасын»⁹, сондай-ақ қазақтарға қарсы соғыс жорықтары арқылы да қазақтардың Түркістан мен Мауараннахрға келуін тоқтатуға тырысты. Өз тарапынан қазақ хандары Оңтүстік Қазақстан аумағына шығуға табандылықпен ұмтылды, қалалармен тұрақты сауда қатынастарын орнатуға тырысты.

Оңтүстіктегі Темір ұрпақтарының иеліктерін жаулап алуды мақсат еткен жорықтары кезінде Шайбани хан өзінің Хорасан мен Иранға бет алған жолынан талай рет кері оралып, қазақтардың кезекті тегеуірініне тойтарыс беру үшін солтүстікке, Мауараннахрға және одан әрі Түркістанға асығыс түрде қайтып келіп отырды.

«Михман-наме» авторы Шайбани ханды оның Иранға жорықтары кезінде «сол халықтың (яғни қазақтардың) Түркістан мен Мауараннахр жеріне (билад) шапқыншылығы мен шабуылы» осылайша үнемі қауіп төндіруі аландатып отырғанын жазады. Хижраның 909 жылында (1503—1504) Шайбани хан Түркістан арқылы жүріп өтіп, өздерінің көш-керуені мен малын тастап, Дештінің түкпіріне қарай шегінген қазақтарға қарай қырға бет алды. Өзбек ханы әскерлер қолға түсірген мол олжа алып, кері қайтты, бұл жолы бәрі де шайқассыз өтті. «Бір жылдан кейін, — дейді Рузбихан, — Орта Азияның оңтүстігі мен Хорасандағы басқыншылық мақсаттарын жүзеге асыруға өзіне тыл жасау үшін Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға жаңадан жорық жасады». Хижра бойынша 910 жылғы (1504—1505 ж.) Бұрындық хан қазақтарына жасалған бұл жорықта да қазақтар дала түкпіріне шегініп кеткен, бірақ Рузбиханның айтуына қарағанда, Шайбани ханның қазақтарды азды-көпті дәрежеде талқандаудың сәті түспеген: «ол оңтүстікке кетісімен, қазақтар қайтадан Түркістан мен Мауараннахрға келді» деп хабарлайды Рузбихан.

Қазақ сұлтандары жорықтар кезінде олжа түсіріп, тұтқындар алумен қанағаттанбай, жер алуға да ұмтылып отырады. XVI ғасырдың бірінші онжылдығының аяғына қарай Түркістанды Жәнібектің ұлы Жаныс сұлтан ішінара басып алды: «Олар [Жаныс сұлтанның ұлы Ахмет сұлтанның қазақтары] [Самарқанд пен Бұхараны шапқаннан кейін] Сырдария өзенінен Үзкент бекінісі тұсынан өтіп, Түркістанға, қазақтардың ең жақын иелігі болып табылатын Жаныс сұлтанның иелігіне келді»¹⁰.

Жаныс сұлтанның Түркістандағы иеліктері шегінен Самарқанд пен Бұхараға Ахмет сұлтанның бұл шапқыншылығы 1508 жылдың күзінде жасалған еді. Шайбани ханның Хорасаннан асығыс қайтып келе жатқанын білген қазақтар Сырдарияның арғы жағындағы Түркістанға қайтып, өздерімен бірге мыңнан астам тұтқын әкеткен. Шайбани хан қайтып келген кезде қазақтардың Сырдариядан өтіп те кетуіне, ал Хорасан істерінің тез арада қайтып оралуды керек етуіне байланысты өзбек ханы қазақтарға қарсы жорықты бір жылға кейін қалдырып, оларға бір жылдан кейін, хижра бойынша 914 жылы (1509 жылғы 28-қаңтарда) ғана аттанды. Осы жорыққа қатысушы Ибн Рузбихан Исфাহани нақ осы жорықтың мән-жайын мейлінше толық баяндайды. Оның қазақтар мен өзбектердің жауласуы туралы пікірі, 1509 жылғы жорықтың әзірлігі туралы, Мұхаммед Шайбани әскерлерінің Түркістан қалаларында азық-түлікпен жабдықталу тәртібі туралы мәліметтері ынта-ықылас туғызады.

Өзбектердің Түркістанға баратын жолындағы алғашқы бекініс Шайбани ханның иелігіндегі Аркөк болатын, ол азық-түлік қорын толықтырып

алу үшін үш күнге аялдады, мұнда оған өз әскерлерімен өзбек сұлтандары мен әмірлері келіп қосылды: Самарқанд уәлаятынан 30 мыңнан астам әскері бар баласы Мұхаммед-Темір сұлтан келіп жетті, басқа да «атақты өзбек әмірлері» мен сұлтандары келді. Аркөктің өзінен де, Түркістанның басқа жерлерінен де қазақтарға жорық жасауға қажетті көп мөлшерде азық-түлік пен жем-шөп жиналды: «Түрлі өлкелер мен шет аймақтардың шайқасқа аттанатын әскерлеріне Түркістан уәлаятынан бір айға [қажетті] жабдық (йарак), өнімдер мен азық-түлік, салт мінетін ат пен жүк артатын көлікке арнап жем-шөп алып, өзбектер (қазақтар) жаққа аттануға... жеңімпаз әскер қатарындағылардың бәріне... Түркістанның шығыс жерлері шебінен көп мөлшерде жабдықтар, қару-жарақ заттарын, азық-түлік жинауға қасиетті бұйрық берілді»¹¹.

Сырдария жағасындағы бекініс Үзкенттен өткен соң, Аркөктен төменіректе Шайбани ханның әскері 1509 жылғы ақпан айында Сырдариядан мұз арқылы арғы жағалауға шыққанда оған «Түркістанның, Ташкенттің, Әндіжанның өзге де ұлы сұлтандары және Ходжент, Шахрухия қалалары мен басқа елдердің әмірлері»¹², атап айтқанда, Түркістан уәлаятының билеушісі Көшім сұлтан (Кучкунди-сұлтан), Ташкенттің билеушісі Сүйініш-Қожа хан келіп қосылды.

Негізгі лагерін Ясыда (Түркістанда) қалдырып, Шайбани хан Жаныс сұлтанның қыста көшіп жүретін жері және ол Шайбанидің жақындап келе жатқанын естіп, Түркістаннан шегініп барған жері Қара-Абдалға жетті.

Рузбиханның мәліметтері бойынша, Жаныс сұлтанның бүкіл ұлысында 100 мың адам болған, олардан ұрысқа жарамды 30 мың жауынгер шыққан. Жеңіліс тапқан қазақтар Шығыс Дешті Қыпшаққа терендеп, Бұрындық ханға қашқан. Жаныс сұлтанның ұлы Ахмет тұтқынға түсіп, өлтірілген. Қашқан Жаныс сұлтанның ұлысы толық талап-тоналды. Қолға түсірілген олжаның мөлшері мен сан алуан болғаны — соның ішінде қазақтардың он мыңнан астам жылжымалы үйі (киіз үйлер), үй жабдықтары, мүлкі, салт мінетін аттар, сиыр, түйе, қой туралы Рузбихан келтірген мәліметтерге қарағанда, олардың саны «санауға сан жетпейтін қисапсыз көп» болып¹³, оларды кейіннен бірнеше ай бойы тасуға тура келген, мұның өзі қазақтардың экономикалық күш-қуаты едәуір мықты болғанын да, оларды толассыз соғыстар көп шығынға ұшыратып отырғанын да аңғартады.

Осы жорық кезінде Мұхаммед Шайбани ханның өзбектері басқа да қазақ ұлыстарын, атап айтқанда, Таныш сұлтанның ұлысын да талап-тонады. Жаныс сұлтанды талқандағаннан кейін Шайбани Бұрындық ханның орналасқан жеріне қарай бет алды, бірақ қазақтар дала түкпіріне шегініп көшіп кетті. Мол олжа түсірген Шайбани Сығанаққа беттеді. Сансыз көп олжаның бәрі Ясы қаласында теңделіп-буылды да, сонан соң Мауараннахрға жөнелтілді. Шайбани хан қазақтардың сол кезге қарай Қасым сұлтанның қолына шоғырланған негізгі күштеріне 1509 жылғы жорығында тиіскен жоқ. Шайбанидің қазақтарға қарсы жасаған үш жорығының нәтижесінде ол қазақ билеушілерін Түркістан жазирасы шегінен ығыстырып шығаруға қол жеткізді. Келесі жылдың өзінде-ақ Мұхаммед Шайбани тағы да қазақтарға қарсы аттанады. Оның осы соңғы жорығы туралы Мұхаммед Хайдардың «Та'рих-и Рашидиінде» және Абдаллах ибн Мұхаммед ибн Әли Насруллахидың «Зубдат әл-асарында» айтылады¹⁴. Жорық хижра бойынша 915 жылдың қысында (1509 жылғы 21-сәуір — 1510 жылғы 12-наурыз) ұйымдастырылды. Бұл жолы Мұхаммед Шайбани-хан қазақтардың жаңа билеушісі Қасым сұлтанға қарсы аттанды.

Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтан сол кезге қарай қазақ сұлтандарының арасында ең күштісі болып, ол Бұрындық ханмен билікке таласта табысқа жетіп жүрген еді. Бұрындықтың тұсында Қасым сұлтанның ұлысы Жетісуда орналасты. Небәрі бір жыл өткен соң, Қасым сұлтан қазақтың көрнекті ханына айналады (1511–1518). Мұхаммед Хайдар қазақтардың жаңа билеушісінің күш-қуатын былай деп ерекше атап көрсеткен: «Ол Дешті Қыпшаққа өз билігін жүргізді. Оның бодандары (лашкар) миллионнан астам адам болды. Жошы ханнан кейін бұл жұртта одан күдіретті хан болған жоқ»¹⁵. Бұл сөздер Қасым хан Түркістан мен Ташкенттің шекаралық аудандарында Шайбани ұрпақтарын үздіксіз мазалап отырған келесі онжылдыққа қатысты айтылған. Ал бұл жолы, 1509–1510 жылдың қысында Мұхаммед Шайбани хан өзінің қазақтарға қарсы осы жаңа жорығын олардың нақ Түркістанға қарай жылжуына жауап ретінде ұйымдастыруға мәжбүр болған еді. Мұхаммед Хайдардың атап өткеніндей, өзбек ханы «өз иеліктеріне көршілері тарапынан қатер төнбеуі үшін» қазақтарға тойтарыс беруді мақсат еткен.

Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға бұл жорығы сәтсіз болып шықты, жорық оның толық талқандалуымен аяқталды. Өзбектердің басшысы Сығанақ төңірегіне дейін жетіп, өз ордасын Көк-Қашанға орналастырды да, Темір сұлтан мен Убайдаллах сұлтан бастаған әскерін ілгері жіберді. Ұлытау маңындағы бір жерде өзбектер Қасым ханның ордасын шапты. Қазақ ханы негізгі күштерімен онда жоқ болатын. Алайда бірнеше күннен кейін жауының лагерінде орналасып алған өзбектерге Мойынсыз-Хасанның бастауымен Қасым хан жіберген шағын қосын шабуыл жасады¹⁶. Қарсылық көрсете алмаған өзбектер қаша жөнелді. Қасым хан оларды өкшелей қуды. Қаруларын тастап, көптеген адамдарынан өлідей айрылған өзбектер Шайбани ханның ордасына жетті де, зәресі ұшқан ол шегініп кетті. «Талқандалып, тоз-тозы шыққан» олар қыстың аяғында (1510 ж.) «әбден бейшаралық жағдайда» Самарқандқа қайтып оралды¹⁷.

1510 жылдың аяғында Мұхаммед Шайбани ханның қаза табуы және содан кейінгі өзбек-шайбани билеушілердің Темір ұрпағы Бабырмен күресі қазақтардың тұрақты қарсыластарын Түркістаннан алаң етті. Бұл Қасым ханның оңтүстік аудандарда өз жағдайын нығайтып алуына мүмкіндік берді.

3. XVI ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘМІРШІЛЕРІ. ІШКІ САЯСИ ОҚИҒАЛАР

Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда, Қасым хан өлгеннен кейін таққа оның ұлы Мамаш отырған. Бұл ханның билеу оқиғалары бізге мәлім емес. Мамаш хан көрсоқыр, түсініксіз соғыстың құрбаны болған: ол шайқастардың бірінде жауынгерлік жарақтарының ауыр болуы салдарынан тұншығып өлген. Оны Қамаш хан деп атайтын, Хайдар Разидің мәліметтеріне қарағанда, бұл 928/1522 жылы болған.

Мамаш (Мумаш, Қамаш) хан өлгеннен кейін Қазақ хандығында тағы да «үлкен алауыздық» басталды: «Дешті Қыпшақтың қазақ ретінде белгілі сұлтандары бір-бірімен көп соғысты». Ақыр-соңында Жәнібек ханның ұлы Әдік (Әтік, Әйтік) сұлтанның ұлы Тахир сұлтан хан болып жарияланды. Бұл оқиға кеш дегенде 930/1523-24 жылдарда болған, Тахир сол кезде-ақ хан аталған.

Тахир ханның немере ағасы Қасым сияқты ықпалы болған жоқ. Ол асқан қатігездігімен ерекше болды және оның дипломатиялық та, әскери де таланты жоқ еді, мұны оның талай рет соғыста жеңіліс тауып, дипломатиялық сәтсіздікке ұшырағаны дәлелдейді. Хан қабылдаған сыртқы және ішкі саяси бағыт хандыққа да, Тахирдың өз тағдырына да апатты әсер етті. XVI ғасырдың басында Қазақ хандығының асқақтай көтерілуінің ізінше қасіретті де аласапыран жылдар басталды.

Хандықтағы онсыз да ауыр ішкі жағдайды сыртқы саяси жағдай асқындыра түсті. Тахир хандық еткен біршама аз уақыт ішінде сыртқы саясаттағы негізгі бағыт маңғыттар мен Орта Азия өзбектерінің билеушілеріне қарсы күрес, атап өтелік, оның үстіне сәтсіз күрес болды, Тахир ханның одақтас табуына болатын моғолдар мен қырғыздарға көзқарасы нақ осы күреске байланысты туындап, сол арқылы анықталды.

Маңғыттармен бейбіт қатынастар орнатып, тіпті әскерінің бір бөлігін құраған Қасым ханнан кейін қазақ әміршілерінің Ноғай ұлысы тайпаларымен және руларымен өзара қатынастары күрт нашарлап кетті. Сөйтіп Тахир хан басталған соғыста маңғыттармен көршілес аумақты қорғауға мүмкіндігі болмай, өзіне ерген 200 мың боданымен Моғолстанға көшті. 930/1523-24 жылғы қыстың ортасында Тахир Қошқарға барды. Моғолдар ханы, сол кезде ордасы сонда болған Сұлтан Саид оған барлық күткендегіден асып түскен қабылдау жасады; Тахирдың қарындасы Сайд ханның ұлы Абд ар-Рашид сұлтанға ұзатылды, сөйтіп қазақтар мен моғолдар арасында формалды одақ жасалды. Алайда сол 1524 жылы олардың арасы алшақтап, Тахир сол кезде моғол ханына қарайтын қырғыздардың бір бөлігін өз жағына шығарып алды. Қазақ ханы «Моғолстанның арғы шетіне» кетті.

Бірақ бұл Қасым ханның алғашқы мирасқорлары кезінде Қазақ хандығының үлесіне тиген үлкен саяси қиыншылықтардың басы ғана болатын. Деректемелердің көрсетіп отырғанындай, Тахирдың маңғыттарға ғана емес, шайбанилерге қарсы соғыстары да сәтсіз болып қойған жоқ, оның үстіне бұл жағдайда да жеңіліс салдарынан қазақтардың негізгі иеліктерінің бір бөлігінен айрылды. Мәселен, Махмұд ибн Уәли Ташкент билеушісі Шайбани ұрпағы Сүйінші-Қожа хан өлгеннен кейін (1525 жылы шілдеде қайтыс болған) көп ұзамай орын алған оқиғаларды баяндай келіп, былай деп жазады: «Бұл кезде Әдік ханның ұлы, Қасым ханнан кейін бүкіл Қыпшақ даласы мен Моғолстанның кейбір облыстарына билік ете бастаған Тахир хан өзінің мінез-құлқының дөрекілігі себепті тайпалар мен жауынгерлерді өзінен бездіріп, елдің әскер бастықтары мен атақты адамдары оны тастап кетті де», Келді-Мұхаммед сұлтаннан көмек сұрады. Сүйінші-Қожа ханның ұлы және мұрагері оған көмек беруге келісіп, олар бірнеше рет елшілер алмасты, оларды екі жақ та барынша құрметпен қарсы алды. «Хан (қазақ ханы) ұлы мәртебелі сұлтаннан көмек сұрағаны туралы және ол оған достыққа уәде беріп, онымен одақ жасасқаны туралы хабар оның жауларының құлағына тиген кезде, олар қатты үрейге бөленді», сөйтіп олар Тахир ханға бағынатындығын білдіріп, қайтадан оның туы астына жиналды. Келді-Мұхаммед ханның жағдайы нығайғанын және «жаңадан сәттілікке» ұшырағанын білген кезде, ол құттықтап, Дешті Қыпшаққа елшілік жіберген. «Бірақ арамзалық пен тұрақсыздық бойын билеген Тахир, — деп жазады Махмұд ибн Уәли қазақ ханының іс-әрекетін айыптағандай болып, — Шайбани ұрпағының елшілерін тұтқынға алады, «сөйтіп қайғы-қасірет қақпасын ашып, бүлік пен бүлдіргі

туын ұстап», сұлтанның иеліктеріне жорыққа шыққан». «Бұл күйінішті хабар патшалық қосынға тараған кезде», Келді-Мұхаммед қатаң қыс пен қатты аязға қарамастан, Тахир ханға қарсы шықты. Бірнеше күннен кейін сұлтан әскерінің оң қанатының қарауылдары қазақ ханының бірнеше жауынгерін қолға түсірді, олар қинап, азаптағаннан кейін: «Біздің Тахир ханнан кеткенімізге бүгін төрт күн болды, біз өз мекенімізге (жұртқа) бара жатырмыз, ал Тахир хан Қарналық арқылы Түркістанға кетті», — деп хабарлады. Ханның қайда бара жатқанын біліп алған Келді-Мұхаммед Түлкібас пен Айша өзені арқылы тез жүріп өтіп, Түркістан (қазіргі қала) маңында қазақ ханын қуып жетті. Алыстан Тахир әскерін көріп, сұлтан өз әскерін сапқа тұрғызды. Оң қанатқа қолбасшылық етуді ол өз жақындарының біріне, ал сол қанатты Көшім ханның ұлы Абдаллах (Абдолла) сұлтанға тапсырды да, өзі ортаға орналасты. Тахир хан да «көпшілік бөлігі қырғыздардан тұратын» өз әскерін шайқасқа әзірлей бастады. Қанға бөккен айқастан кейін Тахир хан талқандалып, «бірсыпыра атақты және жай адамдарымен қасірет иірімі мен өлім оқпанынан құтқаратын жағалауға шығып, жараланған ол асыға қашты», оның иеліктерінің кейбір аудандары жеңімпаздардың қолына көшті. Оларды басқаруды Абдаллах сұлтанға тапсырып, Келді-Мұхаммед Ташкентке оралды.

«Бахр әл-асрар» авторында жорық мерзімі көрсетілмейді: барлық жағынан қарағанда, Тахир хан мен Келді-Мұхаммед арасындағы шайқас 1525-1526 жылғы қыстың бас кезінде болған.

Рас, осы жеңілістен кейін де Тахир қырғыздар мен қазақтардың бір бөлігін өз жағына шығарып, тіпті Жетісуды өз ықпалына бағындырып алған. Бірақ бәрін де замандасы және сол тарихи оқиғаларға қатысушы Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың айтуындай ретімен келтірейік.

1525-26 жылдың қысында Тахир (сірә, өзі жеңіліс тапқаннан кейін болса керек) Моғолстанға барып, Қошқарға жақын жерге қосынын орналастырды; оған жақын маңайдағы қырғыздардың жартысы қосылды. Саид ханның ұлы Рашид сұлтан Тахирдан қауіптеніп, қыс ортасында Қошқардан Ат-Башиге кетіп қалды. «Бұл хабар жоғары мәртебенің құлағына тиген кезде» Сұлтан Саид ханның өзі 1526 жылғы қыстың аяғында Қашғардан Ат-Башиге аттанды. Көктемде Тахир бастаған қазақтар Моғолстанның шығыс жағына кетіп, Хасс пен Кункаш маңына орналасты. Сонда Саид хан болашақтағы «Та'рих-и Рашиди» авторы Мырза Хайдарға өтініш жасап, оған: «Моғолстанға барып, менің аса құрметті апайым Сұлтан-Нигар ханымға (Тахир ханның өгей шешесі. — *Ред.*) бар, ол мені мен Тахир ханның арамызға түсіп, істі достықпен жолға қойсын», — деді. «Мен Жаркентке барып, — деп жазады Мырза Хайдар, — ханымды өзіммен бірге Моғолстанға апардым». Саид хан Ақсайда болатын. Бұл келіссөздің нәтижелері туралы хабарлар жоқ. Саид хан қырғыздарды жазаламақшы болып, оларға қарсы аттанды. Көп кешікпей Ақ-Құяшқа жетті; хан Рашид сұлтан мен Мырза Хайдар бастаған әскерді қырғыздар орналасқан Арышларға жіберді. Сол жерге келгенде моғолдар «өлі адамдар мен көптеген аттардың өліктерін» көрді, сөйтіп осыдан бірнеше күн бұрын бұл жерде үлкен шайқас болып, қырғыздардың Құсаннан келген Бабашақ сұлтанның қосынын талқандағанын анықтады. Одан әрі жүргенде моғолдар қырғыздардың 100 000-ға жуық қойын тауып, оны айдап әкетті, соның салдарынан жорық халық арасында «қой үшін жорық» (қой-черики) деп аталып кетті.

Осы оқиғалардан кейін көп ұзамай моғолдар Оңтүстік-Шығыс Қазақстан-

нан көтеріле көшіп, Қашғарияға кетті; Жетісу мен Ыстықкөл өңірі қазақтар мен қырғыздардың қолында қалды.

Жетісудың қазақтар қолына көшуі қазақ әміршілерінің моғол хандарымен және қалмақтармен қақтығыстарын бастап берді, ол қақтығыстар бірнеше жыл өткен соң, осы өлкені иелену жолындағы табанды да қантөгісті күреске ұласты. Осы өзара қатынастарға көшпестен бұрын XVI ғасырдың 30-40-жылдарындағы хандықтағы саяси жағдайды қысқаша баяндап өтейік.

Тахир ханның жеке тағдыры тартысқа, кейде қасіретке толы болып қалыптасты: 1526 жылы Тахирдың інісі Әбілқасым сұлтан өлтірілді, ал ханның өзін халқының көпшілігі тастап кетті. Ұлымен (оның есімі аталмайды) және азын-аулақ қазақтармен бірге ол тағы да қырғыздарға кетіп қалды; бірқатар жағдайларда қазақтардың өздерінен гөрі қырғыздар оған неғұрлым адал бодан болып қала берді. Мырза Хайдардың айтуынша, Тахир хан қырғыздар арасында жоқшылық көріп өлген. «Тарих-и Хайдариде» бар хабарлардан мәлім болып отырғанындай, бұл ерте дегенде 938/1531-32 жылдары болған.

«Та'рих-и Рашиди» авторының айтуынша, Тахир хан өлгеннен кейін қазақ-қырғыз бірлестігінің басына оның інісі Бұйдаш (Бұйлаш) сұлтан келген. Ол ежелден қырғыздармен байланысты болатын және Жетісу аумағында іс-қимыл жасаған; оның қарауында «отыз мыңға дейін адам» болды. Бұл хабардан ол кезде Бұйдаштың бірден-бір қазақ ханы болмағаны және оның хандықтың бір бөлігіне ғана билік еткені көрінеді. XVI ғасырдың 30-60-жылдарындағы Қазақстан тарихының деректемелерде нашар көрсетілгенін ескерте кеткен жөн. Бұл кезең туралы мәліметтердің жеткіліксіздігі XVI-XVII ғасырлар шебінде-ақ аңғарылды, мысалы, XVII ғасырдың басындағы автор Қадыралы бек Бұйдаштан басқа «ол елде басқа, ұсақ хандар да болды, олардың есімдері тіпті дәл мәлім емес» деп жазған.

Сол жылдардағы шамамен бір уақытта хан атағы болған қазақ сұлтандарынан бұл арада Ахмет хан мен Тоғым ханды атап өтелік. Тоғым хан, тарихи әдебиетте жазылып жүргеніндей, Әдік (Әтік, Әйттік) сұлтан емес, Жәдік (Йадик, Джаук) сұлтанның ұлы болатын. Жәдік пен Әдік — Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның тиісінше төртінші және тоғызыншы ұлдарының есімдері.

Тоғым хан сірә, 944/1537-38 жылдары Шағат деген жерде қаза тапса керек; онымен бірге 37 қазақ сұлтаны, Тоғым ханның барлық ұрпақтары (ал олар «Тоғыз сары» деп аталған) және оның жиені Бәшібек сұлтан қаза тапқан. Қазақтардың елеулі жеңіліске ұшырағаны сонша, ол алуан түрлі түсінік туғызды. Мысалы, өзінің «Та'рих-и Рашидиін» XVI ғасырдағы 40-жылдардың басында жазған Мырза Хайдар 930/1523-24 жылдарда қазақтар миллион адам болатын, 944/1537-38 жылдардан кейін «тайпалардың бұл қауымдастығынан жер бетінде із де қалған жоқ» деп пайымдаған. Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» деген шығармасындағы қазақтар туралы тиісті мәліметтер «Та'рих-и Рашиди» бойынша баяндалатын жерінде бұл сөйлем тастап кетілген. Ол түсінікті де. Махмұд ибн Уәли XVII ғасырдың 40-жылдарында жазған, ол қазақтардың құрып кетпегенін білген және көрген. Мырза Хайдар Дуғлат қателескен. Әрбір жаңсақтықтың өз себебі болады. «Та'рих-и Рашиди» авторының жаңылысу себебі оңай анықталады. Мырза Хайдардың тағдыры былайша қалыптасты: 1533 жылы ол отанынан кетуге мәжбүр болып, Кашмирге барды, өзінің атақты тарихын да сонда жазды.

Сөйтіп «Та'рих-и Рашиди» авторы Орта Азия мен Қазақстандағы оқиғаларды 1533 жылдан кейін алыстан қадағалап, көбіне екінші және үшінші адамнан алынған ақпаратты пайдаланған, ал кейде оның 944/1537—38 жылдардан кейін қазақтар толық құрып кетті-міс деген хабары да ұзынқұлаққа жатады. Жалпы алғанда аса адал тарихшы Мұхаммед Хайдардың бір жаңсақ пікірінің бүкіл тарихы міне осындай.

4. XVI ҒАСЫРДЫҢ 30–50-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР, МОҒОЛДАР ЖӘНЕ ҚАЛМАҚТАР

XVI ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ-моғол қатынастарына келетін болсақ, Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың айтуынша, Есен-Бұға ханнан (1429—1462) бастап Рашид хан (1533—1560) заманына дейін моғолдар мен қазақтар арасында достық қатынастар болып келген. Махмұд хан (1508 ж. өлген) мен Ахмет хан (1504 ж. өлген) кезінде орын алған азын-аулақ қақтығыстар сірә, олардың өзара қатынастары үшін елеулі болмаса керек; олардың арасында тіпті туыстық байланыстар да жалғаса берді, ал мұның өзі Мырза (Мұхаммед) Хайдар Дуғлаттың айтуынша, «елеулі іс болған». Алайда Жаркент тағына Саид ханның үлкен ұлы Абд ар-Рашид хан отыруына (1533 жылғы шілде) байланысты моғолдар мен қазақтардың өзара қатынастарында күрт өзгеріс туды.

Моғолдың жас ханы (ол 915/1509—1510 жылдарда туған) өзі билік еткен алғашқы жылдардан бастап-ақ бұрынғы туыстық сезімдер мен естеліктерге емес, қайта өз заманының есепті пікірлеріне негізделген өзіндік ерекшелігі бар саясат ұстады. Бұл саясаттың негізгі қыры Рашид хан өзінің мұраға алған жұрты деп қараған Жетісу аумағынан қазақтарды аластауға және бұл аумаққа өзінің басым ықпалын таратуға бағытталды. Осындай саясат ұстанған моғол ханы, Мырза Хайдардың айтуына қарағанда, «ежелден (моғолдарға), бұдан бұрын айтылғанындай, дұшпан болып келген өзбек-шайбанилермен достық пен татулық негіздерін қалап, ежелден дос болып келген өзбек-қазақтарды қыра бастады».

Жаркент хандығы билеушісінің саяси бағдарын бұлайша күрт өзгертуі, тегінде, бір жағынан, толып жатқан сәтсіздіктер салдарынан Қазақ хандығының әлсіреуіне, екінші жағынан, шайбанилердің күшейіп, XVI ғасырдың 30-жылдарында Орта Азиядағы күшті саяси факторға айналуына байланысты болса керек. Ақылды билеуші және шебер дипломат ретінде Рашид ханның қазақтарды моғол хандарына тиесілі аумақтан қуып шығу үшін мұның қолайлы уақыт екенін, ал бұрынғы дәстүрлі одақтастарына қарсы бағытталған бұл істе ең жақсы әріптес тек шайбанилер ғана бола алатынын көрмеуі мүмкін емес еді. Оның үстіне бұл шайбанилерге де тиісті болды: олар моғол және қазақ билеушілерінің арасындағы ертеден келе жатқан одақтастық қатынастарды күйретті және күш қоса отырып, осы кезге дейін өздеріне қатерлі де қауіпті саяси күш болған қазақ әміршілерін бұрынғысынан да әлсірете түсті.

Сөйтіп, нақты жағдайды шебер пайдалануға негізделген өз саясатын басылыққа алып, Рашид хан қалыптасқан дәстүрлерді елемей, қазақтарға аяусыз соғыс жариялады және өзбек билеушілерімен одақтасып, олармен бірнеше рет ірі шайқастар жасады. Көрнекті ирантанушы О. Ф. Акимешкиннің өте мазмұнды және түпнұсқа деректемелерге негізделген

мақаласында оларға сондай-ақ Абд ар-Рашид хан мен оның мирасқорлары билік еткен кездегі қазақтардың моғолдармен өзара қатынастарына талдау жасалған. «XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдарға» кіріспе мақала-анықтамалары мен ескертулерінде осы бағалы жинақты құрастырушылар тобы жетекшілерінің бірі В. П. Юдин XVI ғасырдың 30-50-жылдарындағы қазақ-моғол өзара қатынастары туралы бірқатар маңызды пікірлер айтқан¹⁸.

Қолда бар деректемелер мен зерттеулер бойынша XVI ғасырдың 30-50-жылдарындағы қазақтардың моғолдармен өзара қатынастары мынадай түрде болып көрінеді.

Абд ар-Рашид хан алғыр әрі тапқыр билеуші болған. Нақты жағдайлар қалай өзгерген бойда, ол да қазақ әміршілеріне бұрынғы көзқарасын өзгертті, сөйтіп 1533—1537 жылдар аралығында өзбек ханы Убайдолламен одақ жасасып, 944/1537—38 жылдарда болса керек, қазақтарға жорық жасады, ол туралы әңгімені Зайн ад-дин Васифидің көлемді еңбегінен табамыз.

«Қасиетті мухаррам айының (жылы көрсетілмейді) алғашқы күнінде, — деп жазады осы оқиғалардың замандасы Васифи, — Убайдолла хан қазақтарға жорық жасауға дайындалып, өз әскерін Қазығұрт тауының етегіне (Сайрам ауданындағы Бадам өзенінің бас жағына) шоғырландырды. Сол кезде моғол ханынан хабар алып жаушы келді, онда Абд ар-Рашид өзбек ханына бұрын Ақ-Боғыз тау асуының етегінде жасалған бірлескен қимылдар туралы шарт негізінде қазақтарға қарсы біріккен күшпен аттануды ұсыныпты. Ұсыныс қабылданды да, Убайдолла хан Сайрам өзенінің жағасынан көтеріліп, «Қазақстан жағына» бет алды. 16 сафарда, Убайдолланың жауынгерлері Ұзынқұлақ өзенінің жағасында тұрған кезде, Рашид ханның жақындап келгені туралы хабар алынды, ал 17 сафарда Ыстықкөл ауданындағы Сән-Таш деген жерде екі әскер қосылды. Сол күні кешке өзбектер мен моғолдар қазақтар өздеріне пана және аялдайтын орын етіп алған кең әрі терең сайда жауына жетті. Келесі күні таңертең болған аяусыз шайқаста қазақтар жеңіліс тапты, «сөйтіп олардың мүліктері мен аттардан тұратын керек-жарақтарының барлық түрлері де, малы да, малайлары да, отырғандары да, тұрғандары да, сөйлемейтіндері де, еркін жайылып жүргендері де жеңген әскердің иелігіне көшті».

Сөйтіп, Абд ар-Рашид хан мен Убайдолла ханның арасында бірлесіп қимылдау туралы шарт және келісім жасалуына байланысты қазақтар мен қырғыздардың XVI ғасырдың 20-жылдарында қалыптасқан саяси бірлестігіне моғолдар мен Мауараннахр өзбектерінің одағы қарама-қарсы қойылды, ал моғолдар ханы осылайша «ежелгі достарына» қарсы өз семсерімен ғана емес, сонымен қатар өздерінің «ежелгі дұшпанының» және қазақтардың бұрынғы туыстарының семсерімен де аттануға мүмкіндік алды. Абд ар-Рашид осы сыртқы саяси бағытты, сірә өзі билік еткен барлық уақытында ұстанған болса керек. Бізде моғол ханының шайбанилермен бірлесіп қазақтарға бірнеше жорық жасағаны туралы мәліметтер бар.

Мәселен, XVII ғасырдың басындағы автор Хайдар ибн Уәли моғолдар мен өзбектердің Ыстықкөл ауданында қазақ әміршілеріне қарсы бағытталып бірлесіп жасалған жорығын суреттей келіп, былай деп хабарлайды. «Әуелі, — деп жазады ол, — [Барақ хан] көршілігі және аумақтық жақындығы себепті Қашғар билеушісі Абд ар-Рашидпен [одақ жасалған жағдайда] сонан соң басқа уәлаяттарды жаулап алумен жайбарақат айналысу үшін бейбіт келіссөз жүргізді және Мир-Мұхаммед барластың күш салуы арқа-

сында олардың арасында бітім жасалды». Ақ-Боғыз асуында кездескен олар бір кілемде отырып, бір-бірімен ант беріп бекітілген шарт пен келісім жасасты. Бұл ретте Барақ хан (мәтінде Будан хан) Абд ар-Рашид ханның қарындасын әйелдікке алып, кері қайтты. Барақ хан Түркістан мен Мауараннахрда билік құрды. 951 жылы (1544—45 жж.) Барақ хан Қашғардың билеушісі Абд ар-Рашид ханмен бірге қазақтарға қарсы соғыс ашып далаға аттанды. Ыстықкөлде кездесіп, уағдаластық жасаған Абд ар-Рашид хан тездетіп ілгері ұмтылды, қазақтарды қуып жетіп, жеңіске жеткізген шайқастан кейін оларды қуып жөнелді. Будан хан (яғни Барақ хан) ізінен келді. Қазақтардың ұрыс кезінде тастай қашқан барлық мал-мүлкі солардың жауынгерлерінің қолына түсті. Жеңістен кейін Абд ар-Рашид хан кері қайтты, «сөйтіп олардың әрқайсысы өз жөніне кетті»¹⁹. О. Ф. Акимушкиннің пікірінше, Хайдар ибн Әлидің барлық хабарлары шындыққа әбден жанасымды көрінеді, солай бола тұрса да, ол әсіресе Васифидің «Реляциясы» тұрғысынан алғанда анық емес тәрізді. Шынына келгенде бұл арада әңгіме 944/1537—38 жылдардағы Тоғым хан мен 37 қазақ сұлтаны қаза тапқан шайқас жайында болып отырса керек. Хайдар ибн Әлиде «не дұрыс деректер болмаған, не Васифиді әдейі «жаңартқан», өйткені Хайдар ибн Әлидің неғұрлым кейінгі мерзімді келтіруінде, Убайдаллах ханды Барақ ханмен ауыстырып, оны жеңушілердің бірі деп атап өтуінде тек осымен ғана түсіндіруге болады».

Егер тіпті солай болғанның өзінде де, бұл жағдайда да бірнеше шайқас болған. Моғол ханының қазақтарға жаңа жорық жасағаны туралы мәліметтер біршама кейінгі деректемелерде бар, олардың авторлары шайқастың егжей-тегжейін әсте де бірдей бермейді.

О. Ф. Акимушкин бірқатар тарихи фактілерге сүйене отырып, моғолдардың қазақтармен және қырғыздармен бұл шайқасын 959/1551—52 және 963/1555—56 жылдар аралығындағы кезеңге жатқызады және барлық деректемелер хабарлары үшін мынадай ұқсас элементтерді белгілейді: 1) Абд ар-Рашид ханның жорығы ұлының қаза табуына байланысты жасалған; 2) шайқас Моғолстанның бір жерінде болған; 3) моғолдар жеңіске жеткен; 4) қазақтар мен қырғыздардың біріккен күштері жеңіліс тапқан; 5) бұл күштерді қазақ хандары (Хакназар немесе Бұйдаш) басқарған.

Сонымен, жаңа қақтығыс болып, қазақтар моғолдардан тағы жеңілген. Айта кетелік, Жетісуда қазақтар моғолдармен ғана емес, сонымен қатар сол кезге қарай батысқа едәуір ілгерілеген қалмақтармен де қақтығысқа түскен. Жетісу қазақ әміршілерінің қолына көшкенге дейінгі жалпы қазақ-қалмақ қатынастарына келетін болсақ, олардан бізге белгілісі шамалы. Қазақ хандығын ол құрылған алғашқы кезеңнен бастап қалмақтардан көршілес Моғолстан қорғап тұрды және оңтүстік-шығыстан жасалған сыртқы соққылардың бәрі моғолдарға тиіп жатты. Бірақ мұндай жағдай біршама қысқа уақытқа созылды. Қазақ әміршілерінің қалмақтармен тікелей қақтығыстары туралы жанама деректер, сірә XVI ғасырдың 20-жылдары біз қазақ ханы Тахирдың «қалмақтарға тойтарыс беру үшін бір таудың етегінде Жатан бекінісін» салғанын айтып отырмыз, ол жөнінде өзінің мемуарларында Зайн ад-дин Васифи сөз арасында айта кетеді. Қалмақтар мен қазақтардың соғыс қимылдарын неғұрлым толық суреттеуді XVI ғасырдағы шығарманың авторы Сейфиден кездестіреміз, бірақ олар XVI ғасырдың 50-жылдарына қатысты. Бұл мәліметтерді ешкім толық келтірген емес, В. В. Бартольдте олар туралы айтылып өтеді. Осыған байланысты біз В. В. Бартольдтің жазғандарын аударып келтіріп отырмыз. «Қашғар өлкесінің екінші жағында қазақ

деп аталатын тайпа орналасты. Олар көшпелілер, оларда қалалар да, қыстақтар да жоқ. Олардың саны жүз мың әулет бойынша екі есе болады. Олардың Тәуекел деген ханы бар. Қазақтар бір жолы шапқыншылық жасап, қалмақтар иеліктерінің бір бөлігін талап-тонап қайтты. Бұл жөнінде қалмақтардың жетекшісіне жеткізілді. Ол өз уәзірлерінің біреуін қазақтарды қууға жіберіп: «Қалайда Тәуекелдің басын алып қайт немесе өз басыңды әкел», — деп әмір берді. Ол қазақтардың ізімен жүріп отырып, Тәуекелдің жұрты болған жерге келді. Тәуекел қалмақтардың көп әскерін көріп, қандай қарсыласуды да пайдасыз деп тауып, Ташкент жағына қашты. Қалмақтар оны өкшелей отырып, Ташкент төңірегіне дейін жетті де, оны қуып жетіп, әскерінің жартысын қырып жіберді. Тәуекел қалған адамдарының бірсыпырасымен бірге Ташкентке қашып барды. Жұрттың айтуынша, Ташкент ертеде Афрасиабтың астанасы болған; бұл— өте үлкен өлке. Ол кезде Ташкенттің билеушісі лақап аты Барақ хан деп аталатын Наурыз Ахмет хан болатын; ол Шыңғыс ұрпақтарынан шыққан. Қысқасы, Тәуекел Ташкентке қашып барып, қалмақтар оның елін талап-тонап, өз еліне қайтып оралған. Тәуекел Барақ ханға былай деп адам жіберген: «Мен келіп, өзімді сенің қорғауыңа бердім. Біздің екеуіміз де Шыңғыс ұрпағымыз, туыстық жағынан байланыстымыз. Оның үстіне біздің екеуіміз де мұсылманбыз, дініміз бір. Маған көмек көрсет, сонда біз бірге аттанамыз да, әлгі кәпірлерден өш аламыз». Барақ хан оған (мынадай) жауап қайтарды: «Егер мені мен сен сияқты он хан бірге біріксек те, олар қарама-қарсы тұра алады, өйткені олар — йаджудж тайпасы»²⁰. «Шын мәнінде де олар бүкіл санының көптігімен йаджудж тайпасына ұқсайды», — деп жазады Сейфи және одан әрі қалмақтардың әдет-ғұрпын сипаттайды.

Бұл әңгімеде Алтын хан мен Барақ ханның аталуын ескере отырып, бұл оқиғаның мерзімін 1552-1556 жылдар аралығындағы кезең, яғни қалмақтардың тумет жетекшісін бағындырғанынан Ташкент билеушісі қайтыс болғанға дейінгі кезең деп белгілеу керек. Алайда Тәуекел 1580 жылдың өзінде, «Шараф-наме-ий шахиді» шығарушының айтуынша, өзбек ханы Абдолланың қызметші сұлтандары арасында жүрген. Ол қазақтарға ерте дегенде 1583 жылы хан болған. Бұл жағдайда қалмақтардың талқандауына ұшыраған Тәуекел ханның ұлысы емес, жас (шынына келгенде, тіпті жасөспірім) Тәуекел сұлтанның ұлысы. Алайда бұл арада басқа бір ықтималдылыққа жол беруге болады. Осман авторы Сейфи Челебидің шығармасы 1590 жылы жазылған: Сейфидің өзі жазып отырған елдеріне саяхат жасамаған және оның мәліметтері көпестер мен саяхатшылардың тек қана ауызекі айтқандарына негізделген деп саналады. Былай да болуы мүмкін: Сейфи XVI ғасырдың 50-жылдарында болған оқиғаларды өз заманындағы қазақ ханы Тәуекелдің есімімен байланыстырған (оның мына сөздерін қараңыз: «Олардың Тәуекел деген ханы бар. Қазақтар бір жолы шапқыншылық жасап...»), ал шынына келгенде қалмақтарға қарсы әскер бастап, Барақтан әскери көмек сұраған басқа бір қазақ ханы (Бұйдаш? Хакназар?) болуы мүмкін.

Сонымен, Жетісуға орналасып алған қазақ әміршілері қазақ тайпаларының қырғыздармен саяси бірігуінің негізін қалаған, мұны Тахир хан әскерінің құрамы да, Рашид ханның қазақ әміршілеріне қарсы жорықтарының барлық дерлік суреттемелерінде қазақтармен қатар қырғыздардың аталуы да дәлелдейді. Жетісудың қазақ хандарының қолына көшуі мен олардың қырғыздармен одағы қазақ және моғол билеушілерінің арасындағы одан кейінгі қатынастарды анықтап берді. Бұрынғы дәстүрлі бейбіт қатынастар

тұрақты соғыс қақтығыстарымен алмасты: шайбанилермен одақтаса отырып, Абд ар-Рашид хан қазақтар мен қырғыздар отырған Жетісу мен Ыстықкөл өңірінде өз билігін нығайту үшін бірқатар жорықтар жасады. Алайда моғол ханының шайбанилермен одағы және олардың қазақтар мен қырғыздарға қарсы бірлескен соғыс қимылдары Жетісуда моғолдар билігін қалпына келтіруге жеткізбеді, ең жақсы дегенде Рашид хан қазіргі Қырғызстан аумағына тікелей жапсарлас жатқан аудандарды ғана өзінің ықпал өрісіне айналдыра алды, алайда, кейіннен олардан да айрылды, сөйтіп онда қазақтармен бірлесе қимылдауын жалғастырған қырғыз тайпалары біржола орнығып қалды.

Ол кезде қазақтар мен қалмақтар арасындағы соғыс қимылдары кейінгісіндегі сияқты әлі де ұйымдасқан соғыс сипатында болған жоқ, ал кейін қазақтардың Жетісу өлкесін иелену үшін қалмақтарға қарсы табанды да қан төгіскен күрес жүргізуіне тура келді: алдыңғы кезеңдерде бұлар шынына келгенде тонаушылық шапқыншылықтар болған еді. Алайда сол жылдардың өзінде-ақ жонғарлардың шабуылдары кейде қазақ әміршілерін көрші билеушілер арасынан күшті қамқоршы іздестіруге мәжбүр етті, сайып келгенде, шайбанилер сондай қамқоршылар болды. Сірә, күшті үш дұшпанға — моғолдарға, өзбектерге, қалмақтарға қарсы жападан-жалғыз қалудың нақ күйінішті келешегі мен үш майданда бірдей ұзаққа созылған күрес жүргізу қатері қазақ әміршілерін XVI ғасырдың екінші жартысында Мауараннахрдың өзбек әміршілері жағында қимылдауға мәжбүр еткен болса керек.

¹ *Махмуд ибн Вали*. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар. Т. 6, ч. 3, л. 1780.

² *Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат*. Та'рих-и Рашиди. Рукопись СПб филиала ИВ РАН. В. 648.

³ *Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани*. «Михман-наме-йи Бухара». Рук. ИВАН РУз № 1414. Л. 846.

⁴ *Бұл да сонда*. Л. 726.

⁵ *Бұл да сонда*.

⁶ Л. 73а, б.

⁷ *Бұл да сонда*.

⁸ *Бұл да сонда*, л. 86а.

⁹ *Бұл да сонда*.

¹⁰ *Бұл да сонда*, л. 94б.

¹¹ *Бұл да сонда*, л. 49а.

¹² *Бұл да сонда*, л. 62, 62б.

¹³ *Бұл да сонда*, л. 102 а, б.

¹⁴ *Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат*. «Та'рих-и Рашиди». Рук. ИВАН РУз № 1430. Л. 119б–150а; 217–218, 133–134-б.

¹⁵ Та'рих-и Рашиди, рук. 1430, л. 46б, 174б.

¹⁶ *Абдаллах Мухаммад ибн Али Насраллахи*. Зубдат ал-асар, л. 93б; МИКХ, 133-б.

¹⁷ Та'рих-и Рашиди, л. 145б; Зубдат ал-асар, л. 93б.

¹⁸ *Акимушкин О. Ф.* К вопросу о внешнеполитических связях Могольского государства с узбеками и казахами в 30-х гг. XVI в. — 60 гг. XVII в. — Палестинский сб., М.-Л., 1970, вып. XXI; *Юдин В. П.* Вступительная статья к «Таварих-и Кашгар» // Материалы по истории казахских ханств.

¹⁹ *Хайдар ибн Вали*. Тарих-и Хайдари. Л. 417б; Акимушкин О. Ф. Көрсет. еңбегі. 237–238-б.

²⁰ *Сейфи Челеби*. Таварих. Рукопись Лейденского ун-та, № 917, л. 146–156.

Екінші тарау

XVI ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XVII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ

1. ХАҚНАЗАР ХАН. XVI ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ НЫҒАЮЫ

Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың қазіргі Қырғызстан аумағында Шағатай ұрпағы Абд ар-Рашидтің қазақтарды құртып жібергені, содан кейін бейнебір бұл халықтың аты жойылып кеткені туралы хабары Қазақ одағының XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Хақназар хан тұсында «қайтадан түледі» деп пайымдауға негіз берді. Мұны XVI ғасырдың орта шеніндегі қазақтардың тарихы жөніндегі деректемелерде еш мәліметтердің айтылмауымен түсіндіруге болады. Сондықтан бұл кезеңдегі қазақ хандығының тарихы осы кезге дейін толық анықталған жоқ. Осының бәрі тарихнамада Қазақ одағының «қайта түлеуі» туралы мәселе қоюға түрткі болды. Біздің ойымызша, бұл одақ «қайта түледі» деген пікір қате.

Қазақтар «мүлдем құрып кетті» дегенде, Мұхаммед Хайдар, сірә, Тахир мен оның бауыры Бұйдаштың иеліктерін ғана айтса керек. «Жами ат-таварихтың» («Шежірелер жинағы») авторы жалайыр Қадырғали бидің мәліметтеріне қарағанда, ол елде Бұйдаштан басқа ұсақ хандар болған, олардың есімдері дәл мәлім емес. Сол кездегі, хижра бойынша 940–944 жылдардағы (біздің заманымыздың 1535–1538 жж.) хан атағы болған қазақ сұлтандары арасында деректемелерде Тоғым хан, Ахмет хан, Хақназар хан, Наурыз-Ахмет хан айтылады.

Ноғайларда болып қайтқан мемлекеттік елші Данила Губиннің 1535 жылғы хатында былай деп хабарланған: «Ал қазақтар, Патша ағзам, өте күшті деседі, Патша ағзам, Ташкентпен және Ташкент ханзадаларымен соғысты деседі, олармен екі рет шайқасты, қазақтар оларды талқандады деседі»¹. Данила Губин 1535 жылғы 2-мамырдағы басқа бір хатында былай деп жазған: «Ал Патша ағзам, қазақтар күшті, оларға қалмақтар да берілді деседі, ал Ших Мамай мен Жүсіп және олармен бірге көшіп жүрген өзге де мырзалар Жайықтың арғы жағындағы Жем өзенінде күзетте тұр, бүкіл қыс бойы қазақ ордасынан қорғанады»².

В. В. Бартольдтің өзі де 1537 жылдан кейін Абд ар-Рашидтің қазақтармен тағы да бірнеше рет соғысуы ықтимал екеніне назар аударған; ал егер шынында да осылай болса, қазақтардың құртылып жіберілуі мүмкін емес. Ол былай тұрсын, В. В. Бартольд «бұл жеңілістен қазақтар да, қырғыздар да

ұзақ уақыт бойы әлсіреген жоқ» деген пайымдау айтқан³. Соңғы уақытта бұл мәселе одан әрі дамытылды: зерттеушілер Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың қазақтарды Абд ар-Рашид ханның «кұртып жібергені» туралы мәліметінің қате екенін растайтын иланымды жаңа айғақтар келтірді.

Қазақтардың 1537 жылы ерекше ауыр жеңіліске ұшырағаны мәлім, онда Тахирдің бауыры Тоғым ханмен бірге 37 сұлтан қаза тапқан еді. Олардың қаза тапқанын «Жами ат-таварих» авторы Қадырғали би ғана хабарлайды. Қадырғали бидің шайқас болған мерзімді де, қарсыластар мен жеңімпаздардың есімдерін де келтірмейтіні себепті бұл хабар кейіннен түрліше түсініктер туғызды. Мәселен, В. В. Вельяминов-Зернов Тоғым хан шағатпен шайқаста қаза тапқан деген пікір айтқан; ол «шағат» деген сөзді «шағатай» деген сөздің қысқартылған нұсқасы деп қарастырған. Сонымен, зерттеуші Тоғым хан Шағатай ұрпақтарымен шайқаста қаза тапқан деген қорытындыға келген; ал XVI ғасырда Шағатай ұрпақтары Шығыс Түркістанды ғана иелік еткендіктен, ол Тоғым ханның шайқасын 1537 жылғы қазақ-моғол шайқасы деп санаған. Бұл оқиғаны В. В. Бартольд те 1537 жылғы қазақ-моғол шайқасына жатқызған⁴. В. П. Юдин «шағат» деп халықты түсіну керек, Тоғым хан (оның көшіп жүретін жері, тегінде, Сібірмен шектес болса керек) солармен шайқаста қаза тапқан деп санаған. Алайда О. Ф. Акимешкиннің пікірі бойынша, Шағат — белгілі бір жер, сөйтіп ол «Жами ат-таварих» авторының мағлұматын былайша түсіндіреді: «Тоғым хан мен 37 сұлтан Шағат деген жерде қаза тапқан — бар болғаны сол»⁵. Біздің ойымызша, Тоғым ханның бұл шайқасы қазақтар жеңіліс тапқан шайқастардың бірі болған, бірақ оның 1537 жылғы қазақ-моғол шайқасына қатысы жоқ.

Осы оқиғадан кейін көп кешікпей деректемелерде (мезгілін дәл көрсетпей) моғолдардың Хакназар ханмен, «қазақ және қырғыз ханымен» шайқаста жеңіліс тапқаны туралы айтылады. Бірқатар парсы және түркі тілді шығармаларда: Шах Махмұд Шорастың «Хроникасында», есімі белгісіз автордың «Тарих-и Қашғарында», Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрарында» және басқаларында Абд ар-Рашид ханның ұлы Абд әл-Латифтің қазақтар мен қырғыздарды шабуы туралы және оның кейіннен қаза табуы туралы мағлұмат бар. Осы шығармалардан Абд ар-Рашид хан Ақсу мен Үшке әкім етіп тағайындаған Абд әл-Латифтің кезекті жорықтан қайтып келе жатқан кезінде қазақтармен және қырғыздармен шайқаста толық жеңіліс тапқаны да мәлім. Алайда белгісіз автордың Шығыс Түркістандық түркі тілді «Тазкира-йи Ходжа Мұхаммад Шариф» деген шығармасында қазақтар мүлде айтылмайды, онда Абд әл-Латиф сұлтанға қырғыздардың шабуыл жасағаны туралы (ал қырғыздар туралы олардың Қаратегінде мекендегені хабарланады) және олармен шайқаста сұлтанның толық жеңіліске ұшырап, өлтірілгені туралы сөз етіледі. Сірә, шайқас шамамен 1556 жылы болса керек.

Ұлының өлгенін білген соң Абд ар-Рашид Наурыз-Ахмет ханнан көмек сұрап, жорыққа дайындала бастады. Сол оқиғадан кейінгі шайқас болған жерді Махмұд ибн Уәли — Ыстықкөл деп, Шах Махмұд Шорас — Емел, «Тарих-и Қашғардың» беймәлім авторы Ертіс деп атайды, бұл авторлардың пікірінше, Абд ар-Рашид қырғыздар мен қазақтарды қуып жеткен. Бұл шығармада аталған қазақ хандарының есімдері сәйкес келмейді. Шах Махмұд Шорастың айтуынша, ол кезде қазақтардың ханы Хакназар болып, ол осы шайқаста қаза тапқан тәрізді. Алайда бұл хабар шындыққа жанаспайтын сияқты, өйткені Хакназар ханның есімін Хафиз Таныш көп кейін, 1580 жылы айта-

ды, ал Емел түбінде жеңіске жеткен Абд ар-Рашид ханның өзі 1559 жылы өлген еді. Егер Хақназар хан Абд ар-Рашидке қарсы аталған шайқасқа қатысқан болса да, ол емес, қайта басқа бір қазақ ханының өлтірілгені анық. Осы оқиғаларға байланысты «Тарих-и Қашғарда» да қазақтардың ханы Хақназар деп аталады, бірақ сонымен қатар қазақтардың ханы Наурыз-Ахмет болған деп қосады, ал ол Барақ болатын.

«Бахр әл-асрар» бойынша, бұл шайқаста қазақтарды Бұйдаш сұлтан басқарған. Оның бер жағында, «Та'рих-и Рашиди» бойынша, Бұйдаш тарих аренынан 1533-1534 жылдардан кейін кетеді. Жоғарыда Бұйдаш ханның 967/1557 жылы қазақ сұлтандарының Мауараннахрға жасаған шапқыншылығы кезінде қаза тапқаны айтылды, біздің ойымызша, бұл шындыққа көбірек сәйкес келеді. Оның үстіне «Жами ат-таварих» авторының пікірінше, Бұйдаш хан Ташкент билеушісі, Наурыз-Ахмет ханның ұлы Дәруіш ханмен шайқаста қаза тапқан. Мәлім болып отырғанындай, жоғарыда аталған деректемелердің бәрінде бұл шайқастың дәл мезгілі көрсетілмеген, оларда: 1) онда Абд ар-Рашид ханның жеңіске жеткені; 2) қазақтар мен қырғыздардың біріккен күші талқандалғаны; 3) бұл күштерді Хақназар хан (Махмұд ибн Уәли бойынша, Бұйдаш сұлтан) басқарғаны ғана атап өтіледі. Бірақ кейінгі авторлар Абд ар-Рашид ханның қазақтармен әр түрлі географиялық мекендерде өткен шайқастар туралы белгілі бір хабарлары бола отырып, бұл айқасты «Та'рих-и Рашидиде» айтылған шайқасқа балады және бұл орайда географиялық есімдер мен атаулардың өзінде де үлкен алалық жіберді. Сонымен, Абд ар-Рашидтің қазақтармен бірнеше рет шайқасқанын, ал деректемелерде бұл шайқастардың бәрі бір шайқасқа баланып келгенін мойындау керек.

Кейбір зерттеушілердің ойынша, XVI ғасырдың 50-жылдарында Қасым ханның ұлы Хақназар бастаған Қазақ одағы «қайта түлей» бастаған. Хақназар ханның тегі туралы мынадай мәліметтер бар. Мәселен, «Джахан-арада» Гаффар былай дейді: «Сейтақ ханның ұлы, Жәнібектің ұлы, Берді ханның ұлы Қасым хан Дештінің патшасы болды. Ол [Қасым хан] 930 жылдың 1-айында өлді (10 XI 1523 — 28 X 1524. — *Ред.*). Қасым ханның ұлы Хақназар хан әкесінен кейін патшалыққа отырды және енді Дештінің әміршісі болып табылады»⁶. Алайда, біріншіден, Қасым ханды Сайидак ханның ұрпағы деп атау дұрыс емес. Шынында ол Жәнібектің баласы. Сірә, Сайидак (Әбу-Саид) пен Жәнібек есімдерін автор бір адамның орнына екі адам деп есептесе керек, ал басқа деректемелер бойынша, Жәнібектің өзі — Әбу-Саид (Сайидак). В. В. Вельяминов-Зернов «Исследования о Касимовских царях и царевичах» деген еңбегінде Сейдак — Жәнібек есімінің қате жазылуы деп атап өтеді⁷. Екіншіден, Қасым хан өлгеннен кейін Хақназар хан болды деген мағлұмат шындыққа жанаспайды, өйткені ол кезде Хақназар әлі бала болатын, сондықтан билік Қасымның ұлы Мамаш ханның қолына көшті, ол жоғарыда айтылғанындай, шайқастардың бірінде қайтыс болды. Бұдан кейін билік басына Қасымның ағасы Жәдік сұлтанның ұлы Тахир сұлтан келді. Біз Тахир-Мұхаммедтің «Раузат ат-тахиринінен» осындай мәліметтер таба аламыз, тек қана мұнда Сайидак хан емес, Сеид хан аталады. Иранның осы дәстүрі XVI ғасырдағы автор Хасан бек Румлуда да аңғарылады, ол осы мәліметті өзінің «Ахсан ат-таварих» деген шығармасында пайдаланған⁸.

Хақназар ханның билеуі 30 жылдан астам уақытқа созылды. Аңыз бойынша, Тахир мен Бұйдаш үстемдік еткен жылдарда Хақназар бір ноғай мырзасы-

ның қолында тұрған. Бұл әбден ықтимал, өйткені сол кезде саяси жағынан бытырап кеткен ноғай ұлысы жөнінде Қасым жүргізген саясатқа қайшы келмейді. Ноғай даласының жекелеген аудандарын бір-бірімен жауласқан тәуелсіз өмірші-мырзалар басқарған. Сондықтан толассыз жүргізілген өзара қырқыстар себепті көптеген ноғайлар көбінесе тұтас ауылдарымен бірге қазақ ханының қол астына қашып барып паналаған; ал Қасым оларға ықыласпен қолдау көрсеткен.

Хақназар туралы ең ертеректегі хабар (оның түрікмендермен шайқасы туралы) 1549 жылға жатады. Ол Хасан бек Румлудың «Ахсан ат-таварихында» айтылады және тегінде, түпнұсқа болар, өйткені бізге белгілі шығармалардың басқа ешқайсысында кездеспейді. Хижра бойынша 955 жылы – біздің заманымыздағы 1548/1549 жылы Хақназар (-оғлан) Әмудариядан жүзіп өтіп, Пул-и Хатун түбінде Қазақпен⁹ шайқасты, шайқас Хақназардың жеңіліс табуымен тынды деп хабарланған¹⁰. Одан әрі нақ сонда ол бір топ өзбекпен Әмудариядан өтті делінген, бірақ ол кездегі деректемелерде «өзбек» және «қазақ» деген терминдердің әлі де этникалық мәнге ие болмағандығынан және жиі араластырылғандығынан, көшпелілердің саяси жағынан қайда жататындығын анықтаған кезде біз деректеменің контекстін негізге алуға тиіспіз. Бұл ретте, контекстке қарағанда, қазақтардың тайпалық топтары жайында айтылып отыр деп қорытуға болады.

XVI ғасырдың екінші жартысында толас таппаған соғыстарға, өзара қырқыстарға байланысты Қазақ хандығы қатты әлсіреп кетті. Хақназар хан билік еткен кезеңде бұл мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси өмірінде белгілі бір өрлеу байқалып, ол кейіннен тағы да күлдыраумен алмасты.

XVI ғасырдың 50-жылдарының аяғынан бастап Қазақ хандығы ноғайларға, Көшімнің Сібір хандығына, Орта Азия хандықтарына елеулі қауіп төндірді. Мәселен, 1558-1559 жылдары Орта Азияда болған ағылшын көпесі А. Дженкинсон «мұсылман дініндегі қассақтар» туралы өте күшті және саны көп халық деген пікір айтқан¹¹. Ол өзі келерден бұрын қазақтар Ташкентті үш жылдан бері тықсырып келгенін және шабуыл жасау арқылы керуендердің еркін жүріп өтуіне кедергі жасап отырғанын хабарлаған. Бұл Ташкентке үнемі қатер төндірген Хақназар ханның қосындары болатын.

Хасан бек Румлу «Ахсан ат-таварихта» 963/1556 жылы Барақ (Наурыз-Ахмет) хан өлгеннен кейін Хақназар Ташкентті шапты дейді, біздің ойымызша, бұл Шах-Махмұд Шорастың қазақ ханы 1556 жылы Абд ар-Рашид ханмен шайқаста қаза тапты деген пайымдауын теріске шығарады.

1560 жылы Моғолстан билеушілерімен ерекше табан тірескен күрес өріс алды. Атап өткен жөн, Хақназар хан кезінде қазақ-моғол қатынастары шиеленіскен күйінде қала берді де, бұл күресте моғол хандарының басым түсуі жиі болып отырды. XVI ғасырдың орта шенінде қазақтар Сырдарияның орта ағысын ғана алып қоймай, Моғолстанда да көшіп жүрді. Моғол ханы Абд ар-Рашидтің оларды Моғолстаннан ығыстырып шығаруға тырысуы қазақ-моғол күресіне де себеп болды. Бұл оқиғалар Шах-Махмұд Шорастың «Хроникаларында» бар. Оның айтуынша, Абд ар-Рашид ханның ұлы Абд әл-Латиф сұлтан Хақназар ханды жеңіліске ұшыратып, көп олжа түсірген және көп тұтқындар алған деп хабарлайды. Бірақ көп кешікпей Хақназар хан қазақтар мен қырғыздардың біріккен күштерімен Абд әл-Латифтің әскерін тас-талқан етті. Абд әл-Латиф сол шайқаста қаза тапты. Абд ар-Рашид хан бұл оқиғадан кейін көп әскермен қазақтарға қарсы аттанды. Емелде Хақназар

хан талқандалды, Махмұд Шорас, сірә бұл шайқаста Хақназардың қаза тапқаны туралы қателесіп айтқан болуы мүмкін, шынына келгенде ол, сірә Моғолстаннан шегініп, Сарысу ауданына көшіп кеткен болуы мүмкін. Абд ар-Рашидтің мирасқоры Абд әл-Кәрім (1559–1591 жж.) бұл кезде Шайбани ұрпақтарымен достық қарым-қатынас жасаған. Махмұд ибн Уәлидің айтуына қарағанда, ол қазақ және қырғыз басшыларына қарсы талай рет соғыс ашып, барлық шайқастарда жеңіске жетіп отырған¹².

Алайда Тәуекел хан тұсында қазақ хандары мен Моғолстанның Шағатай ұрпақтары арасында одақтастық қатынастар жолға қойылады. Осыған байланысты Шах-Махмұд Шорастың Моғолстанда, атап айтқанда, Шалыш пен Турфандағы саяси істеріне Тәуекелдің қатысуы туралы, онда Тәуекел ханның бұл иелік тағына кімнің отыруы жөніндегі мәселені шешуі назар аударарлық еді.

Москваға қазақтар туралы ноғай мырзаларының өздері де жазған. 1537 жылы ноғай мырзасы Жүсіп IV Иванға жолдаған грамотасында: «Ал егер Қазақ ордасымен соғысу керек болса, мен қазір де Жайықтың арғы жағындағы Елек өзенінде көшіп жүрмін», — деп хабарлаған¹³. Ноғай мырзалары ұлыстардың Ноғай ордасынан бөлініп, олардың қазақтарға қосылып жатқанын хабарлап отырды. Мысалы, 1557 жылы ноғай мырзасы Ысмайыл IV Иванға: «Қазір менің немерелерім де Жайықтың арғы жағында қалып, қазақ патшасына қосылды, сөйтіп менімен соғысу сәтін күтіп жүр», — деп шағым айтқан¹⁴. Бұл хабар Хақназар бастаған қазақтардың саяси белсенділігінің өсе түскендігін дәлелдейді. Бұл кезде Ноғай ордасының мырзалары арасында күрес болып, соның салдарынан екі жік пайда болғанын атап өткен жөн. Бұл күрестің негізінде экономикалық сипаттағы екі себеп бар еді: ноғай ұлыстарының бір бөлігінің (батыс бөлігі) Москвамен, ал екіншісінің Орта Азиямен неғұрлым тығыз сауда байланыстары болды. Соңғы топтың өкілдері негізінен Ноғай ордасының шығыс бөлігіндегі Жайық өзенінің жағалауына және оның шығыс жағына топталды. Москва тобына қарсы күресте сәтсіздікке ұшыраған жағдайда оның қарсыластарының өз ұлыстарымен бірге шығысқа, 1557 жылғы сияқты, қазақ даласына қоныс аударуына әрқашанда мүмкіндігі болды.

Дженкинсон өз саяхаты туралы жазбаларында ноғай ұлыстарының өмірін бірсыпыра тәптіштеп келтіреді. Ол өзара қырқысқан соғыстардың салдарынан барлық ноғайлар әбден титықтап, сол себепті аштық пен жаппай ауру орын алған, одан 100 мыңдай адам қаза тапқан деп хабарлайды. Жақсы жайылымдардың болуына қарамастан, Дженкинсон жүріп өткен ел оған елсіз мекен сияқты көрінген.

Сол кезде Шайбани ұрпағы, Сібір ханы Көшіммен күрес жүріп жатты, онда Хақназар әрқашан жеңіске жете берген жоқ. Ал Көшім үшін де Хақназар өте елеулі қарсылас болды. Мәселен, Москва патшасының елшісі Иван Поздеевпен әңгімесінде Көшім өз билігі туралы өте сенімсіздікпен былай дейді: «Қазір сіздердің Патша ағзамыңызға және ұлы князьге алым жинап, елшілер жіберемін, ал ертең мен қазақ патшасымен соғысамын да, мені қазақ патшасы жеңіп, Сібірге отырар болса, сөз басқа, ол Патша ағзамға алым беруді ойламайды»¹⁵.

Бұл кезде Көшім хан (Абдаллах ханның тікелей қатысуымен және қолдауымен) өз билігін исламның рөлін күшейту арқылы идеологиялық жағынан негіздеуге ұмтылған еді. Алайда Көшім ханның Орта Азиямен мейлінше жақын қатынастар орнатуға бағытталған саясатына бұл ғана себеп болған жоқ,

оның үстіне Қазан және Астрахан хандықтары Ресейге қосылғаннан кейін (XVI ғасырдың 50-жылдарында) Сібір хандығы олардан оқшауланып қалған еді. Сондықтан Көшім хан Орта Азияның билеуші топтарының қолдауы мен көмегіне бағдар ұстады. Осы жағдайдың бәрінде Орта Азиямен жақын қатынастар орнату Сібір хандығы үшін өмірлік маңызы болған сауданың дамытылуын қамтамасыз етер еді.

Башқұрт аңыздарында Хакназарға башқұрттардың да бағынғаны айтылады. Осы аңыздарды негізге ала отырып, Рычков былай деп жазған: «Осы Ақназар хан болған соң, қатты күшейіп алды да, бір ғана ноғайлар мен Башқұртстанға ие болып қана қоймай, сонымен қатар Қазан, Сібір және Астрахан патшалықтарын, Бұхарияны, Хиуаны, Ташкентті және басқа да көптеген қалаларды өз қол астына бағындырып, олардан алым жинады... Ал башқұрт халқына дейін Ақназар хан Оралдың арғы жағындағы сібірлік Көшім ханды, Белая мен Жайықты, яғни Белая мен Жайық өзендерінің бойында тұратындарды, қазандықтарды бағындырды; ал таулықтарды, ноғай хандарын аталған Ақназар хан бәрін өзінің қол астына қаратты; олардың тұрақсыздығын және әр түрлі ұрлық-қарлығын көріп, оларды барынша титықтатты, сөйтіп дәрменсіз күйге жеткізді; өйткені үш үйге бір ғана қазан ұстауға рұқсат етті, малы мен керек-жарақтарын, олардың балаларын да өзіне алып қойды, жер иеленуде де солай істеді және Белая өзенінен өтуге рұқсат етпеді, ал аң аулауды кәсіп ететіндер сол үшін оған әрбір адамнан бір түлкі, құндыз және сусар терісінен ясақ төлеуге мәжбүр болды, соның салдарынан олар ақырында әбден азып-тозып, бейшара күйге түсті»¹⁶.

XVI ғасырдың екінші жартысында, Қазан (1552 ж.) мен Астраханды (1556 ж.) қосып алғаннан кейін, Ресейдің Орта Азия хандықтарымен байланыстары жолға қойыла бастады, атап айтқанда, қазақ-орыс қатынастары нығайып, кеңейе түсті. Нақ сол кезде Орта Азия-орыс саудасы орнығады. Орыстардың Бұхарамен, Хиуамен және Персиямен сауда жасағаны туралы нақты деректер сақталған. 1569-1573 жылдарда орыс елшілері Семен Мальцев пен Третьяк Чебуков Қазақ хандығында болып қайтты. Москваға шетелдіктер де қазақтар туралы әр түрлі мәліметтер жеткізді. Сол кезде Англияның жаңа рыноктар іздестіріп, Персиямен және Азияның басқа да мемлекеттерімен сауда қатынастарын жасауға ұмтылғаны мәлім. Ағылшын көпесі Антони Дженкинсон 1557 жылы Ресейге сол мақсатпен де жіберілген еді. Оның Орта Азияға саяхаты Москваның Орта Азиямен ынтымақтастығының одан әрі дамуында зор мәні болды, өйткені Дженкинсонда IV Иванның арнаулы грамотасы бар еді, сөйтіп ол Москва мемлекетінің Орта Азия хандықтарындағы алғашқы ресми өкілі болды. 1559 жылы Дженкинсонмен бірге Бұхарадан, Балх пен Үргеніштен елшіліктер келді.

Хакназар хан тұсында Қазақ хандығы Москвамен сауда байланыстарын орнатып, саяси қарым-қатынас жасады. Қазақ хандығының аралық етуімен Москва Түркістандағы өзбек хандықтарымен байланысты жолға қойды. Ресеймен қатынастарында Хакназар хан әкесі Қасымның жолын ұстанды. Патша архивінің тізбесінде III Иванның Қасым ханмен байланыс жасағаны тіркелген, бірақ олардың сипаты тарих ғылымына әлі де беймәлім.

Орта Азиядағы саяси жағдай қазақтарды күшті де сенімді одақтас іздестіруге мәжбүр етті. Олар Ресейдің осындай одақтас бола алатынына барған сайын көз жеткізе түсті. Өз кезегінде, Ресей де Көшімге қарсы күресу үшін одақтас іздеді, ал Көшім мен оның арасы XVI ғасырдың 70-жылдарында ерекше

шиеленісіп кеткен еді. Ол кезде Қазақ хандығы Ресейге осындай одақтас бола алатын.

XVI ғасырдың екінші жартысында ағайынды Строгановтардың Орта Азияда ірі сауда операцияларын жүргізгені белгілі, олардың экономикалық мүдделері қазақ әміршілерімен байланыстар орнатуды керек етті. Сондықтан IV Иван соңғыларымен одақ жасасуға ұмтылды. Елші Третьяк Чебуков қазақтарға осы мақсатпен де жіберілген еді. Бірақ ол өз міндетін атқара алмады, өйткені оны 1573 жылдың шілде айында Көшімнің жиені Мәметқұл тұтқынға алды. Біраз уақыт өткен соң (1574 жылғы 30-мамырда) Иван Грозный Строгановтарға қазақтармен баж салығынсыз сауда жасауға грамота тапсырды. XVI–XVII ғасырларда қазақ даласындағы ішкі сауда жүргізілген өнімдер туралы белгілі саяхатшы П. И. Рычков былай деп хабарлайды: «Азия көпестері, яғни: хиуалықтар, бұхарлықтар, ташкенттіктер және сол сияқтылар Ресей жағына Қырғыз-қайсақ ордаларынан асып ешқашан жақындаған емес, қайта сол ордалардың... ұлыстарында ғана сауда жасады... ал олардың саудасының өзі де небәрі өздерінің қағаздары мен бөздерін және өз үлгілері бойынша тігілген киімдерден ғана тұрды, олар сол заттарын қырғыздарға жылқы мен қойға айырбастап алып, оларды Хиуаға және малы аз басқа жерлерге айдап апарып, пайдамен сататын»¹⁷.

70-жылдардың аяғында-ақ Ресеймен қатынас жолға қойылды да, Хакназар хан өзін «патша әрі ұлы князьбен татумын» деп санай алатын болды. Мұны «Ноғайға» жіберілген орыс елшісі, бояр баласы Борис Доможиров дәлелдейді, ол 1577 жылы Иван Грозныйға былай деп жеткізген: «Иә, Патша ағзам, татар Асан Иллибабаев осы көктемде Қазақ ордасының адамдары Ақмырза мен Бекмырзаға келіп, олардың көп малын айдап әкетті, олардан бес адамды алып кетті дейді. Сөйтіп олар, Патша ағзам, бесінші адамды Тинехмат князьға және Ұрұс мырзаға жіберіп, оларға біздің патшамыз Акак Назар Патшамен әрі ұлы князьбен тату және Таксицтермен де, Юргенцтермен де тату, ал біздің патшамыз Акак Назар сендерді шауып алады, Жайық және Еділ бойында көшіп жүргізбейді деп айтып баруды тапсырыпты»¹⁸. Бұл хабардан Хакназар ханның көрші халықтарға беделді және ықпалды болып қана қоймағаны, сол кезге қарай-ақ Ресей мен Қазақ хандығы арасында қатынастар орнатуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізгені көрінеді. 1573 жылы ағайынды Строгановтардың қатты өтінуімен Хакназар ханға Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілігін жіберген кезде Иван Грозныйдың елшілердің алдына Қазақ хандығымен тікелей байланыс орнату мақсатын ғана емес, онымен Сібір ханы Көшімге қарсы әскери одақ жасасу мақсатын да қойғаны кездейсоқ емес.

XVI ғасырдың ортасына қарай Қазақстан аумағы арқылы сауда жолдары өтті. Орыс көпестерінің Қараған бекетіне дейін жеткені мәлім: «...Астраханнан солға қарай Қараған бекетіне жүру керек, ал Қараған бекетінен Камен мен Илитирге дейін жүру керек». Григорий Васильчиковтың статьялық тізімінде Қараған бекеті «Мышлақта», яғни Маңғыстау түбегінде деп көрсетілген. Дженкинсонның айтуынша (1558 жылғы сипаттамада), Маңғыстауға Астраханнан Каспийдің солтүстік-шығыс жағасын бойлай жүзген. XVI ғасырда түбекте төрт айлақ болған, Каспий теңізі бойынша солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытындағы басты жол солар арқылы өткен де, сол жерден Хиуа мен Бұхараға баратын керуен жолдары басталған. Дженкинсон айлақтардың біреуі Түпқарағанның солтүстік жағалауына, «шығанақ ішінде І-лигада» орналасқан деп хабарлаған. Дженкинсон өзі тоқтамақшы болған бұл

түбекті Маңғыстау деп атаған. Сонымен бірге Түпқарағанның солтүстік жағында тағы да екі айлақ болған. Григорий Васильчиков өзінің статьялық тізімінде «Ал Қарағанда үш жердегі айлақтарда сауда адамдарының айналымдық көліктері тұрады»¹⁹ деп атап өткен. XVI ғасырдың орта шенінен бастап-ақ жылына екі рет Қараған айлағынан Маңғыстауға желкенді кемелер барып отырған, Хиуа және Бұхара көпестері солармен Астраханьға жүзіп барған.

Орыс үкіметі өзінің барлық елшілеріне Қазақ хандығындағы істің жайын анықтауға, ханның Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынастары қандай екенін білуге тапсырма берді. Ал орыс елшілері өздерінің «Статьялық тізбелерінде» қазақ даласындағы әскери жағдайға көп көңіл бөлген. Бұл мәліметтердің бәрі үкіметке Қазақ хандығымен тұрақты дипломатиялық қатынастар орнату үшін қажет болған еді.

Аталған уақытта қазақтардың Шайбани ұрпақтарымен өзара қатынастарының сипатында XVI ғасырдың алғашқы онжылдықтарында орын алғанынан елеулі айырмашылығы болған жоқ. Бұл байланыстар жеткілікті дәрежеде тығыз және жан-жақты болды. Соғыс жанжалдары ынтымақтастық және достық кезеңдерімен араласып отырды, неке одақтары жасалды. Шайбани ұрпағы II Абдаллах хан Хакназар ханмен жақындасуға және одақ жасасуға мейлінше мүдделілік көрсетті. 1561 жылы Абдаллах әкесі Ескендірді хан тағына көтеріп, оның атынан өз қарсыластарына, жеке үлестердің билеушілеріне қарсы ойдағыдай күрес жүргізді, ал 1583 жылы әкесі өлгеннен кейін оның өзі хан тағына ие болып, онда 1598 жылы өлгенге дейін отырды. Абдаллах ханның билеуі хан билігінің күшеюімен сипатталды, мұның өзі табысты жүргізілген жаулап алушылық жорықтардың ғана емес, оның өзімен жауласқан барлық туыстарын жеңіп шығуының нәтижесі болатын: олардың бәрі дерлік қырып тасталды. Осы ханның билеп-төстеген кезеңінде өзбектердің тайпалық шонжарларының өкілдері хан қызметінде белгілі бір салмағы болғанымен де, дербес саяси рөлден айрылған «мемлекеттік міндет атқарушы адамдар» жағдайына көшуге мәжбүр болды. Абдаллах хан қазақтарды әскери-саяси күш деп біліп, сол күшті ол, әсіресе өзіне бақталас Шайбани ұрпақтары орнығып алған аудандарда өз билігін нығайту үшін де пайдалануға ұмтылды. Осы мақсатпен ол Хакназар ханмен «ант беріп одақ» жасады, ол бойынша екі жақ бір-бірімен бейбіт қатынастар жасап отыруға міндеттенді. Шарттың дәл мазмұны беймәлім болып қалуда, бірақ «Біз өзіміз ұлы мәртебелімен жасасқан шарт пен одаққа қазір де адалмыз»²⁰ деген сөздер қазақтардың Бұхара ханымен тығыз байланыстары 1579 жылға дейін де жасалып келген деп ойлауға мүмкіндік береді.

XVI ғасырдағы 70-жылдардың аяғына қарай қазақтарға сәтсіздік әкелген ірі оқиғалар болды. Бұл кезде Абдаллах пен Барақтың (Наурыз-Ахметтің) ұлы Баба сұлтан арасында күрес туды. Соғысқа Ташкентті басып алған Бабаның өз ағасы, Абдаллах онда билеуші етіп отырғызған Дәруішті өлтіруі себеп болды. Абдаллах ханға бұл күресте қазақтардың қандай көзқарас ұстанатынын білу өте маңызды еді, өйткені ол, біріншіден, қазақтар Баба сұлтан жағына шығып кетуі мүмкін деп қауіптенді және екіншіден, өз күштеріне ғана үміт арта алмады. Абдаллах ханға сол кездің өзінде-ақ бүлікшілер қазақтармен сөз байласып, өздерінің заңды әміршісіне қарсы жорық жасамақшы екен деген лақаптар жеткен еді. Алайда Хакназар хан Абдаллахты қолдады, өйткені бұл жағдайда ол «ант беріскен шартты» ғана емес, өз мүдделерін де басшылыққа алды. Сырдария өзенінің орта ағысы бойында орналасқан ба-

والفعل

ابوالعازمی اللہ شاہ خاں مورو

حاکم و وارثہ و ضعیف ماند

جوشان سپید برف بیک

و جاجہ لوزکی و تون محمد را به حکم کرده زند

روان پانزده اولاد منکوشخ را به حکم

در نزار منکوشخ و اپنے منکوشخ او تہ و در

منکوشخ

Сығанаққа жолданған II Абдаллах ханның жарлығы. 997/1588–89 жылдар.

сқа қалалар сияқты, Ташкенттің де XV ғасырдан бастап Шайбани ұрпақтары мен қазақ хандары арасындағы күрестің себепшісі болғанын атап өтелік. Сыр өңірі қалалары қазақ ханын соғыс олжаларының объектісі ретінде және жеңіліс тапқан жағдайда сенімді пана ретінде қызықтырды; олардың қазақ хандарының экономикасы үшін өмірлік зор маңызы болды. Сонымен қазақ хандары мен сұлтандары Абдаллах ханға белсенді қолдау көрсетті.

Абдаллахқа онымен достыққа және адалдыққа сендіруді жеткізу үшін қазақ ханынан елші келді. Хакназар Абдаллахқа тұтқындағы «кейбір [Баба сұлтанның] ақсүйектермен бірге Баба сұлтан ұлдарынан Убайдаллах сұлтанды, оның әмірлерінен Жан-Мұхаммед аталық найман мен Шах-Ғазы би дүрменді» беруді ұсынды. Сонда Абдаллах хан осы елшімен бірге қазақтарға күдіретті әмір Сурхун аталықты мынадай сәлем айтып жіберді: «Ондағы барлық хақандарға жоғары дәрежеде дұға оқығаннан кейін біз (оларға) Түркістан уәлаятындағы төрт қыстақты сыйлаймыз»²¹.

Біздің пікірімізше, Түркістанның төрт қыстағын осылайша сыйға тарту жоғарыда айтылған «ант беріскен шарт тармақтарының» бірі болған. Қазақтардың қолдауы Баба сұлтанның бүлігін басуда шешуші рөл атқарды. 1579 жылдың орта шенінде ол Ташкент түбінде жеңіліс тапты. Абдаллах 1579 жылдың тамыз айында Баба сұлтанмен бітім жасасты. Алайда соңғысы «қазақ [сұлтандарының] жер қайысқан әскеріне қарсы тұруға өзінің мүмкіндігі мен күші болмағандықтан кеңес туын көтерді [және] олармен одақ жасасты. Яджуджам сияқты осы тобырға [Баба сұлтан] сойырғал ретінде Йассы және Сауран уәлаяттарын берді»²². Мұны беру Баба сұлтанның қазақ сұлтандарын Бұхара иеліктеріне бірлесіп шабуыл жасауға көндіруіне көмектесті. Ол бүлікші қазақ сұлтандарымен кеңесе келіп, қазақ Сарбан сұлтан Сырдариядан жүзіп өтіп, Бұхараның түмендеріне шабуыл жасауға, ал Бұзағыр сұлтан басқа бауырларымен Самарқанд уәлаятына аттануға тиіс деп шешті. Шынына келгенде, бірінші болып Бұзағыр сұлтан аттанды: ол Сырдариядан өтті де, жолындағының бәрін қиратып, талап-тонап, Кенбай деген жерге дейін жетті, онда көп олжа алып, сонан соң кері қайтты. Нақ сол кезде Сарбан сұлтан көп әскермен Сырдариядан өтіп, Бұхараны шапты, одан барлық малды айдап әкетті.

Бірақ қазақтардың Баба сұлтанмен одағы баянды болмады. 1580 жылдың сәуірінде Ташкент әміршісі күштерді жинастырып, Абдаллахқа қарсы бірлесіп аттануды ұсынып, қазақтарға Жанқұлы биді елші етіп жіберген кезде, қазақ сұлтандары, соның ішінде Хакназар хан, Баба сұлтанның қайын атасы Жалым сұлтан Баба сұлтанды өлтірмек болып қастандық ұйымдастырды. Қастандық кездейсоқ ашылып қалды. Жанқұлы биді өлтіру тапсырылған адам оны аяп босатып жіберді де, оның Баба сұлтанды алдын ала ескертуге мүмкіндік берді. Бұл арада Жалым сұлтан мұның бәрі жөнінде ешнәрсе білмей, өзінің екі ұлымен және Хакназар ханның екі ұлымен, орасан көп адам ертіп, Баба сұлтанға жүріп кетті. Қазақ сұлтандары сол жерден Хакназар ханға бармақшы болып, Шарапхана өзенінің жағасына жиналған кезде, Баба сұлтанның жауынгерлері олардың бәрін қырып тастады. Сонымен бірге Баба сұлтан Бұзағырға Хакназарды қуып жетіп, оны өлтіруге бұйрық берді. Алайда бірде-бір деректемеде Хакназардың өлімі туралы айтылмайды. Бұзағыр өзін Баба сұлтанның өлтірмекші ниетін біліп қойып, қашып кеткені ғана мәлім. Сонда Баба сұлтан оның ізінен Бөлтірік бидің баласы Достым биді жіберген. «Олар күтпеген жерден Бұзағыр сұлтан әскерінің Хакназардың мүлкі мен малын қолға түсіріп, оны қуып бара жат-

қан қосынына ұшырасты». Бұл оқиғалардың бәрі кеш дегенде 1580 жылғы мамырға дейін болған, өйткені сол кезден бастап Хақназар туралы хабар атаулы жойылып, енді оның немере інісі Шығай сұлтан қазақ ханы деп аталады.

XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси тарихының кейбір ерекшеліктерін атап өту қажет. XVI ғасырдың екінші жартысының басында Қазақ хандығында елеулі саяси және әскери күш болғанына қарамастан, ол дегенмен де XVI ғасырдың аяғына қарай елеулі қиыншылықтарды бастан кешірді және оны өз көршілері (жоңғарлар, ноғайлар, өзбектер және басқалар) Жетісудың отырықшы-егіншілік аудандарынан Сарысудың оңтүстік шебіне ығыстырып тастады, яғни ол Шығыс Дешті Қыпшақтан айрылды. Бұл оқиғаның айқын екеніне қарамастан, оған тарихшылар көңіл бөлмей, зерттелмей қалды. Қазақ хандығының күшті болғанымен және өз жауларына өте елеулі соққы бере алатынымен, көршілерінің онымен санаспай тұра алмағанымен келісуге болады. Бірақ XVI ғасырдың аяғында қазақ хандары мен сұлтандарының сонымен бірге сәтсіздікке ұшырап, өз позицияларын жоғалтқандығын да мойындау керек. Хақназар хан жорықтарының шеткі мекендерін Қазақ хандығының шекарасы деп санау, ал оның жеңістерін қазақтардың жеңілісті білмеуі деп білу тарихи ірі қателік болар еді. Қазақ хандығының және оның жекелеген ұлыс-иеліктерінің шекарасы соғыстағы табыстарға немесе сәтсіздіктерге, сыртқы саяси жағдайдағы өзгерістерге байланысты жиі өзгеріп отырды.

Ресей Қазан мен Астраханьды қосып алғаннан кейін Еділ өзенінің бүкіл аңғары Орыс мемлекетінің қол астына көшті. XVI ғасыр ішінде башқұрттар, Сібір хандығы Ресейге қосылды. Соның салдарынан Ноғай (Манғыт) ордалары да оңтүстік пен шығысқа ығысты. XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырда олардың көшіп жүретін жерлері Еділден Ертіске дейін созылып жатты. Оларды қазақ даласына лап қойған башқұрттар мен Сібір татарлары да тықсырды, ноғайлар олармен Башқұртстан мен Сібір хандығы Орыс мемлекетінің құрамына кіргенге дейін де қақтығысып жүрген еді. XVI ғасырдың аяғында II Абдаллах ханның Көшіммен одақтас болғаны және осы екі ханның Қазақ хандығына қарсы өздерінің іс-қимылдарын үйлестіріп отырғаны мәлім. Абдаллахтың тікелей қатысуымен Көшім өз бодандары арасында ислам дінін тарату жолымен өзінің билеп-төстеуін идеологиялық жағынан негіздеуге және сол арқылы өз билігін нығайтуға ұмтылды. Қазақ-орыс қатынастары туралы құжаттардан сол кезде Абдаллахтың Көшіммен одағы елеулі қатер төндіргені көрінеді. Сондықтан 1594-1595 жылдардағы Москва үкіметімен келіссөздерде қазақ ханы Тәуекел өз дұшпандарына қарсы күресу үшін Ресеймен әскери одақ орнатуға ұмтылды. Толып жатқан себептермен бұл одақ жасалмады. Ал Қазақ хандығына көрші мемлекеттер тарапынан шабуыл жасау барған сайын жиілей түсті. «XVI ғасырдың аяғында-ақ қырғыздар (қазақтар. — *Ред.*) орыстармен тікелей көршілес болып шықты және сонымен бірге өздеріне жау көшпелі халықтардың: батысы мен солтүстік-батысынан — башқұрттардың, қалмақтар мен ноғайлардың, шығысынан — жоңғарлардың, оңтүстігінен Хиуа, Бұхара, Қоқанның түрік халықтарының және басқаларының қоршауында қалды»²³.

XVI ғасырдың аяғында қазақ даласын ноғайлар басып алғанын көптеген фактілер растайды. 1604 жылы Үлкен ноғайлардың басшысы Иштерек Астрахань воеводасы Степан Годуновқа былай деп хабарлаған: «Жүсіп князьді (Едігенің тұқымы, ноғайлардың аға биі, 1555 жылы өлтірілген. — *Ред.*) Ысмайыл өлтірісімен, Смайыл князь мырзаларымен және ұлысындағы адам-

дарымен Жайық бойында, Жайықтың арғы жағындағы Ырғыз бойында және Сыр өзені бойында көшіп жүруге кетіп қалды...»²⁴. 1582 жылы Шайбани ұрпағы II Абдаллах хан маңғыттарға, яғни ноғайларға қашып құтылған Ташкент пен Түркістанның билеушісі Баба сұлтанды қуып, Сырдарияның төменгі ағысынан, Йассы, Сауран, Сығанақ қалалары ауданынан солтүстікке бет алып, Сарысу өзенінен өтті, Ұлытауға дейін жетіп, оны солтүстікке қарай кесіп өтті. Бірақ бұл орайда ол еш жерде қазақтарды кездестірмеген. Бұл кезде қазақ тайпаларының бір бөлігі соның жағында болатын. Шығай хан мен оның ұлы Тәуекел сұлтан бастаған олар Абдаллах әскерінің құрамына кіріп, осы жорыққа қатысты. Маңғыттар жеріне жорық жолы нақты айқындалған. «Шараф-наме-йи шахи» бойынша, бұл – Орталық Қазақстан. Шынында да, Абдаллахтың әскерлері маңғыттарды осы ауданнан, Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағынан, Ақкөл көлі мен нақ сол жерлердегі кейбір қоныстардан іздеген. Олар Баба сұлтанды жақтаушылардың, «Шараф-наме-йи шахиде» хабарланғанындай, маңғыттарға кеткен жекелеген топтарын нақ осы жерден тапқан.

С. Е. Толыбеков өз картасында Сарысудың оңтүстігіне қарай XVI ғасырдың 60-жылдарынан XVIII ғасырдың 20-жылдарына дейін Қазақ хандығының орналасқанын көрсетеді²⁵. Бұл картада Қазақ хандығы аумағының Сарысу өзенінің арғы жағына, Арал теңізінің солтүстік және солтүстік-шығыс жағына біраз шығып жатқаны да көрсетілген, бірақ бұл фактіде, тегінде, Қазақ хандығының «Үлкен Чертеж кітабында» келтірілген жағдайы көрініс тапса керек, онда былай делінген: «Көк теңізге шығыс жағынан Сыр өзені құяды, ал Сыр өзеніне Кендірлік өзені құяды, ал Кендірлік өзені Ұлытау тауларынан екі сала болып ағып шығады. Ал таудан Кендірлік өзені 330 шақырым ағады; ал екінші Кендірлік өзені сол таудан шығып, Сарысу өзеніне құяды.

Ал Сарысу өзені Сыр өзеніне жетпей, көлге құяды, ал сағасынан Кендірлік өзені 150 шақырым, ал Қарашат тауынан 70 шақырымнан астам; ал Қарашат тауының етегінде 250; ал Сыр өзенінен ол тау 80 шақырым. Ал Кендірлік өзенінің сағасынан 150 шақырым, Сыр өзенінің сол жағында, Қарашат тауының тұсында Сунақ қаласы; ал Ақбашлы көлінің Сауық өзенінің, Ақкөл көлінің арасында және Жыланшық өзенінің екі жағында, Кендірлік өзенінің, Сарысу өзенінің және Қаракұм құмдарының арасында, 600 шақырым сол жерлер Қазақ ордасының көшіп жүретін қонысы»²⁶.

XVI ғасырдың екінші жартысында Орталық Қазақстан мен Сырдарияның төменгі ағысына қарақалпақтар келеді. Сол кезге қатысты аңызда былай делінген: «Қарақалпақ руларының 40 өкілі «ақсақалдар кеңесінің шешімі бойынша» қазақ ханы Тәуекелге өз жері жоқ қарақалпақтарға Ұлытау алқабынан жер бөліп беруге өтініш жасады. Тәуекел бұл өтінішті орындады, алайда қарақалпақтарға өз ұлын билеуші етіп жіберді. Ал қарақалпақтар бірнеше жылдан кейін билеуші қазақ ханын өлтірген кезде, Тәуекел олардан берген жер алаптарын қайтып алды да, қарақалпақтар әр жаққа бытырап кетті»²⁷. Бұл аңыздан қарақалпақтардың біраз уақыт қазақ хандары мен сұлтандарына тәуелді болғаны көрінеді.

Бізге қарақалпақтардың XVI ғасырдағы сыртқы саяси тарихы жөнінде ешнәрсе мәлім емес деуге болады, бірақ деректемелерде сол ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың ең басында (1603-1605 жж.) қарақалпақтардың Сырдария өзенінің аңғары мен Ташкентті уақытша басып алып, қазақтарды ығыстырып шығарғаны айтылады. Мәселен, «Мусаххир әл-биладта» былай

حکم علی صادر بود که در این مکتوب
 عنایت فرماید بنده و درگاه قاضی
 بابانیک باره پسند از انانولوب
 پکنان نیک قاضی نقیب لایق شیخ الاسلام
 قدیر و پتوری بهر لایق شرفقت قیلدق
 مزاریدن قاضی نقیب شیخ الاسلام بیلبق
 بیرون اعزاز و اکرامی نیک جای کیلتور و ب
 و نجات و پیچیدات لارینی و موجب
 تدریب اینک امریندین حقیقی امر
 چار و ابهار داریفه خاطر بولوب



Тәуекел Мұхаммед ханның жарлығы. Мәрдегі мерзім – 1086/1675–76 жылдар.

делінген: «Абдаллах хан мен Абд әл-Момын хан өлгеннен кейін Түркістандағы қарақалпақ халқы Абд әл-Ғаффар сұлтанға ұқсастығы бар адамды Абд әл-Ғаффар деп, оны билеушінің тағына отырғызды. Ташкент пен Сайрамнан Баһадүр хан мен Есім хан және қазақ сұлтандары келіп, Абд әл-Ғаффар сұлтанмен он екі күн шайқасты. Он үшінші күні қазақтар жеңіліс тапты, ал Абд әл-Ғаффар Түркістан уәлаяты мен Сайрамды, Ташкентті де, Ақсикентті де, Әндіжанды да өз қолына қаратып алып, Ташкентті астана етті. Барыс жылына сәйкес келетін 1012 (1603) жылдың күзінде ол жолға шықты. Қоян жылына сәйкес келетін 1013 (1604) жылдың көктемінде ол Ташкентті тастап, [қала] қақпасынан жарты фарсақ жердегі Қарақамыс алаңына шатыр тікті. Алатаудан Баһадүр хан мен Есім хан саны көп жігіттермен Абд әл-Ғаффарға [шабуыл жасау] мақсатымен Ташкентке жақындап келді, бір адамды ұстап алып, олар одан Абд әл-Ғаффардың мән-жайын сұрады, ол бәрін айтып берді. Содан соң олар асығыс шауып кетті де, таң алдында оның Қарақамыстағы шатырына лап қойды. Абд әл-Ғаффар ұйықтап жатқан еді. Ат дүбірінен ол оянып кетті де, зәресі ұшып шатырдан жүгіріп шықты. Сол сәтте Есім хан келіп, үлкен семсермен оның қарнын жарып жіберді»²⁸. Сірә XVI ғасырдың аяғы – XVII ғасырдың басында қарақалпақтар өздерінің сыртқы саяси әрекеттерінде белсенді болса керек.

XVI ғасырдың екінші жартысында Сырдарияның орта ағысы бойындағы Отырар, Сауран, Сығанақ, Созақ, Ыссы қалаларымен қоса отырықшы-егіншілік аудандар, яғни Түркістан аймағы Шайбани ұрпақтарының билігінде болғанын да атап айту қажет. Егер XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың жартысында қазақ хандары мен сұлтандары осы қалаларды иелену жолында Темір, Шайбани және Шағатай ұрпақтарына қарсы кейде ойдағыдай күрес жүргізіп келсе (соның нәтижесінде Моғолстан мен қалалардың кейбіреулері бірсыпыра уақыт бойы олардың билігіне көшіп отырды), ал Шайбани ұрпақтарының мемлекеті құрылғаннан кейін қазақтар қалалардан ығыстырылып шығарылды, дегенмен де бұл аймақтарға шапқыншылық жасауын жалғастырып, олар сол қалалар үшін тұрақты күрес жүргізді. Мұхаммед Шайбани хан өлгеннен кейін (1510 ж.) Шайбани ұрпақтары мемлекетінің бытыраңқылығы кезеңінің өзінде де және II Абдаллах хан Түркістан қалаларын біріктіргенге дейін оны Шайбани ұрпақтары берік ұстап отырды. Мысалы, Барақ (Наурыз-Ахмет) хан мен оның мирасқорлары тұсында солай болды. Жоғарыда айтылғанындай, «Тарих-и Қашғарда», мысалы, Барақ хан тіпті қазақтарды Хакназар ханмен бір мезгілде билеген хан деп айтылады. Осы хабарға байланысты әдебиетте «мұнда көрінеу қате бар, өйткені Барақтың өзі болып табылатын Наурыз-Ахмет қазақ ханы болған жоқ» деген үзілді-кесілді пайымдау бар. Алайда, бұл хабар шындыққа әбден жанасымды деген басқа да пікір бар, өйткені Барақ хан Ташкентке және Сыр өңірінің кейбір аудандарына ұзақ уақыт бойы билік жүргізген. Жақын жатқан аудандарда көшіп жүрген қазақтардың кейбір топтарының, кейіннен Шығай, Тәуекел, Тұрсын-Мұхаммед, Абылай сұлтан және басқа да қазақ әміршілері жасағаны сияқты, өздеріне Шайбани ұрпақтарының билігін мойындауы әбден мүмкін. XVI ғасырдағы қазақ хандықтарының тарихы, жалпы сарын мен жеке фактілер бізді екінші пікір, яғни қазақтардың (Хакназар ханға тәуелсіз болуы да мүмкін) әлдебір бөлігіне Барақтың әмірі жүргені туралы жорамал шындыққа неғұрлым жақын болғанына сендіре түседі.

Алайда деректемелердің жай-күйі мынадай: бұл сұраққа қазір тұжырымды жауап қайтарылуы мүмкін емес, бірақ жаңа деректемелердің тартылуы

бұл мәселені анықтауға толық мүмкіндік береді. Қалай болғанымен де, «Тарих-и Қашғардың» хабары шындыққа сай келеді дегенді негізге алатын болсақ, Сыр өңірі қалаларын иелену жолындағы дауды күшпен шешу мүмкін болмаған жағдайларда және сірә Қазақ хандығы ішіндегі орталықтан қашу тенденциялары әсерінің нәтижесінде де болар, Қазақ хандығы халқының жекелеген топтарының өздеріне Сыр өңірінде Шайбани ұрпақтарының билік жүргізуін мойындап, солардың мүдделерін негізге ала отырып әрекет еткенін, мұның өзі олардың күшеюіне жәрдемдеспегенін мойындауға тура келеді. Сонымен, XVI ғасырдың аяғына қарай Қазақ хандығы Түркістанның отырықшы-егіншілік аудандары шебінен ығыстырылып шығарылды, яғни бұл ауданда қазақтардың аумақтық жағдайы XVI ғасырдың басымен салыстырғанда нашарлап кетті. Сондықтан Түркістанның егіншілікті, қолөнерлі бай сауда орталықтарынан айрылу Қазақ хандығының экономикасына қатерлі қауіп төндіруге тиіс болатын.

Аталғандарынан басқа тағы бір маңызды фактордың да әсері болды. Шығыстан, Балқаштың арғы жағынан, жоңғарлар Орталық Қазақстан мен Жетісуға жылжи бастады. XVI ғасырдың екінші жартысында олардың Қазақ хандығына қарсы соғыс қимылдары кең көлемде жүргізілді. Олардың Орталық Қазақстан мен Жетісуға қарай бет алғаны мәлім. Сол уақытқа қарай екі жақтың да өздерінің жайылым аумағын көршісінің есебінен кеңейтуге ұмтылуы, ойрат феодалдарының Сыр өңірі қалаларын өздерінің қолына қаратып алуға тырысуы да маңызды рөл атқарды. Сейфи Челебидің хабарлауына қарағанда, XVI ғасырдың аяғында Тәуекел хан жоңғарларға (қалмақтарға) шапқыншылық жасаған, соның салдарынан қазақтардың бұл елі «дінсіздердің» қаңыратып кеткен шапқыншылығына ұшыраған. Жоңғарлар Тәуекелді Ташкентке дейін өкшелей қуып, оны талқандаған, оның елін талап-тонап, содан соң кетіп қалған. Тәуекел Ташкенттің билеушісі Шайбани ұрпағы Барақ ханға жау еліне жорық жасауды ұсынды, бірақ ол, өз пікірінше, оларды жену мүмкін болмағандығы себепті одан бас тартты. Бұл күресте кейде қазақ хандары басым түсіп те отырды. Мәселен, Тәуекел ханның 1594 жылы Москваға барған елшілігі оны «Қазақ ордасында нығайып алды, ал өзінің інісі Шах-Мұхаммед ханзадаға қалмақтарды билетті, ал өзі жақын жерде көшіп жүр және бәрі бірге...» деп мәлімдеген²⁹. Сонымен, қазақ ханы Тәуекел сол кезде өзінің інісін қалмақтардың қазақтарға тікелей жақын жерде көшіп жүрген бір бөлігін басқаруға қойған. Бұл қалмақтардың Орталық және Солтүстік Қазақстан өңірінде мекендеген бөлігі болуы мүмкін. Сол кезде олардың қазақтармен шектес көшіп жүрген кейбіреулерінің соғыста жеңіліс табуы салдарынан қазақ хандарының билігін мойындауға мәжбүр болуы да ықтимал. Бірақ Қазақ хандығында хандар мен сұлтандар арасында талас-тартыс басталысымен-ақ, жоңғарлар бұрынғы шапқыншылықтар үшін кек алуды сылтауратып, қазақтарды шауып отырған. Мәселен, Тәуекел хан өлгеннен кейін олар Есім хан тұсында қазақтарды Жетісудан ығыстыра бастады. Бұл орайда Я. Гавердовскийдің мәліметтері бойынша, «жоңғарлардың бір бөлігі оларды тықсырып, қырып-жойып, шығысынан Төменгі Ертіс өзенінің бас жағы мен Жоңғар тауларынан... Бұғылытаға тау мен Сариса (Сарысу. — *Ред.*) өзенінің арғы жағындағы дала түкпіріне қуып барды, ал екінші бөлігі Үлкен Бұхарияға, Хиуаға лап қойып, Үргенішті тонады, сөйтіп Каспий және Арал теңіздерінің арасымен қырғыз даласына өтті де, Жем өзенінің төңірегі мен Оралдың төменгі жағын басып алып, қырғыздарға батысынан шапқыншылық жасай бастады»³⁰.

Сонымен, XVI ғасырдың екінші жартысында қазақтарға жоңғарлар қатты ықпал жасаған, сондықтан да сол кездегі қазақ-жоңғар қатынастары мұқият зерттеуді қажет етеді.

Сөйтіп, бұрын ұлан-байтақ дала кеңістігін иеленген Қазақ хандығының көші-қонысы XVI ғасырдың аяғына қарай Жетісу даласымен және тауларымен, соның ішінде қазіргі Қырғызстан аумағымен шектелген болып шықты. Бұл кезде қырғыздардың қазақтармен қосылып қимыл жасағаны аз кездеспейді, мұның өзі белгілі бір дәрежеде Қазақ хандығын күшейтіп отырған. Ал Түркістан Шайбани ұрпақтарының билігінде болды. Қалалардың қолда болмауы, бір жағынан, хандықтың экономикалық жағдайына салқынын тигізді. Екінші жағынан, жергілікті иеліктерді билеушілердің алауыздығы мен тәуелсіз болғанын, мұның өзі мемлекеттің бөлшектелуін барған сайын тереңдете түскенін атап өткен жөн. Осы жағдай қазақ хандарын XVI ғасырдың екінші жартысында Сыр өңірінің қалалары үшін кескілескен күрес жүргізуге мәжбүр етті. Қазақтардың оларды 1598-1599 жылдарда ғана, Өзбек мемлекеті ішкі тұрақсыздық кезеңін бастан кешіргендіктен сыртқы саяси аренада да әлсіреген кезде ғана иеленуінің сәті түсті.

2. XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРТА АЗИЯ ШАЙБАНИЛЕРІМЕН ЖӘНЕ АШТАРХАНИЛЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ. ТӘУЕКЕЛ ХАН. РЕСЕЙМЕН ЖАҚЫНДАСУДЫҢ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ

XVI ғасырдың 90-жылдарынан XVII ғасырдың басына дейінгі Қазақ хандығының тарихы Шығайдың Абдаллахқа өтіп кетуі³¹, Тәуекелдің одан кетіп қалуы, қазақ сұлтандары қатысқан 1588 жылғы Ташкент көтерілісі, 1594-1595 жылдардағы қазақ-орыс келіссөздері, 1598-1599 жылдардағы Тәуекел Түркістанды, Ташкентті, Ферғананы, Самарқандты басып алған кездегі соғыс оқиғалары сияқты оқиғалармен белгілі. Бұл аймақтардың Қазақ хандығы құрамына қосылуының тарихи маңызы зор болды, бір тарихи кезеңнің екіншісімен алмасуын көрсетті. Бұл оқиғалар тек Қазақ хандығына ғана емес, шайбанилік мемлекеттерге де елеулі ықпал жасады, өйткені Орта Азиядағы әулеттер ауысуының солармен тікелей байланысы болды.

1580 жылдан кейін деректемелерде Хақназар хан туралы ешнәрсе айтылмайды, ал оның немере інісі Шығай қазақ ханы деп аталған. Шығай ханның тегі туралы мынадай мәлімет бар. Мәселен, қазақ хандары туралы шежірелерде ол Жәдіктің баласы деп көрсетілген. Ол Ораз-Мұхаммедтің шежіресінде де Жәдік сұлтанның баласы деп аталған: «Ұрұс хан, [оның] баласы Құйыршық хан, [оның] баласы Барақ хан, [оның] баласы Жәнібек хан, [оның] баласы Жәдік хан, [оның] баласы Шығай хан, [оның] баласы Ондан сұлтан, [оның] баласы Ораз-Мұхаммед хан»³². Шығай ханның анасы Абайхан бикем болған. Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда, Жәдік 1503 жылдан кейін көп кешікпей өлген. 1582 жылғы оқиғаларға байланысты Шығай туралы уақыты жағынан ең кейінгі мағлұмат Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахиінде» кездеседі.

Шығай хан ұзақ, 80 жылдай ғұмыр кешкен, алайда оның өмірі туралы болмашы ғана мәліметтер сақталған.

1569 жылы ноғай мырзаларына жіберілген Семен Мальцев IV Иван патшаға «Ақназар патшаның, Шығай ханзада мен Жалым ханзаданың және

олармен бірге 20 ханзаданың «қазақ ордасы» Ноғайға келіп, соғыс болды» деп хабарлаған³³. Г. Ф. Миллер Сібір ханы Көшімнің бауыры Ахметкерейдің «Бұхария князі» Шығайдың қызын алғаны туралы ертедегі татар аңызын келтіреді. Алайда Шығай онымен жау болған және бір жолы адамдар жіберіп, олар Ахметкерейді алдап шақырып алған да, оны Ертіс жағасында өлтірген³⁴. В. В. Вельяминов-Зернов әлгі «Бұхария князі» қазақ әміршісі, Жәдіктің ұлы Шығайдан басқа ешкім де емес деп санайды³⁵. Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» және Мұхаммадийар ибн Араб қатағанның «Мусаххир әл-билад» деген еңбектерінде Шығай хан туралы маңызды мәліметтер бар. «Шараф-наме-йи шахиде» «Шығай көптеген жылдар бойы қыр мен шөл даланың әміршісі болды» деп те айтылады. Сірә, Шығай ханның хан атағын алғанға дейін қазақтардың белгілі бір бөлігін басқаруы да мүмкін. Тегінде, ол басқа қазақ хандарынан сырт жүрсе керек. Мәселен, Хақназар ханның Баба сұлтанмен соғыстарын суреттегенде және басқа да соғыс қимылдарын суреттегенде оның есімі аталмаған.

Хақназар хан өлгеннен кейін Шығай өзінің Абдаллах ханға адалдығын дәлелдеу үшін Баба сұлтанға өз бетімен қарсы шыққан, ал ол, тегінде, өзінің болашаққа деген үмітін Абдаллах ханмен байланысты деп санаған болуы мүмкін. Шығай мен Абдаллах арасында әлдебір байланыс болуы да ықтимал, өйткені, Хафиз Таныштың айтуынша, Шығай хан «көптен бері-ақ өзін аса мәртебелі патша ағзамның [Абдаллах ханның] жақтаушысы ретінде көрсетіп келген»³⁶.

Қазақ ханы Шығайдың Шайбани ұрпағы, Орта Азияның билеушісі II Абдаллах хан жағына шығуы XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығының елеулі саяси оқиғаларының бірі болды, ал қазақ хандарының билік және Дешті Қыпшақ үшін күресте Шайбани ұрпақтарының ежелгі және бітіспес жауы болып келгені мәлім.

1581 жылғы маусымда Шығай хан баласы Тәуекел сұлтанмен және басқа балаларымен бірге Абдаллах ханның ауылына келді. «Кейбір мемлекет тіректері мен [Абдаллах хан] шонжарларының араласуы арқылы ол әділетті ханмен жүздесу құрметіне ие болды. Ұлы мәртебелі өзіне тән мейірбандылықпен және қайырымдылықпен оған [Шығай ханға] құрмет пен сыйластық көрсетті. Аса құрмет пен алуан түрлі мейірбандық [Шығай ханға] көрсетіп, оған [Абдаллах хан] Ходжент жерін иқта³⁷ ретінде берді. Ол ақыл айтып және сенімді көмек көрсетуге [уәде] берді [және] патшаларға лайық той жасады»³⁸. Шығай ханның Мауараннахрға кету себептері жақын араға дейін онша айқын болмай келді. Бір зерттеушілер (М. П. Вяткин) мұны Абдаллах құдіретінің артуы және өзінің дәрменсіздігін сезінуі Шығай ханды Абдаллах ханнан пана іздеуге мәжбүр етті деп түсіндіреді. Ал басқа біреулері (А. П. Чулошников) қазақтардың Талас өзені жағасында (Баба сұлтанмен күресте) қатты жеңіліс табуы оларды сыртқы саяси қатынастарда әлсіретіп тастады, өйткені оларға бүлікшіл Баба сұлтан мен Шағатай ұрпақтарынан шыққан моғол хандары екі жақтан қауіп төндірді деп санайды. Тегінде, Шығай хан амалсыздан кеткен болса керек: оны басқа да қазақ хандары кудалаған. Шынына келгенде, Шығайдың Абдаллах ханға кетуіне бірнеше себептер болған және қазақ ханының бұл саяси қадамын сол себептерді кешенді түрде алғанда ғана түсіндіріп бере алады. Бұл себептер мейлінше елеулі болуға тиіс. Біз XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырда Шайбани ұрпақтары мен қазақ хандарының Дешті Қыпшақ даласында әскери

үстемдік үшін және сайып келгенде, Дешті Қыпшақтың көшпелілеріне жоғарғы билік жүргізу үшін өліспей беріспейтін күрес жүргізгенін естен шығармауға тиіспіз. Сондықтан Шығайдың Шайбани ұрпағына саяси жағынан бағынбақшы болған шешімі, сырттай қарағанда, ақылға сыймастай болып көрінеді. Бұдан бұрын біз XVI ғасырда далада қазақтар үшін мейлінше қолайсыз жағдай қалыптасқаны туралы жазғанбыз: орыстардың Сібірге және Еділ бойымен Астраханьға дейін өнмендеуі, көшпелі ноғайлар (маңғыттар) қоныстарының Ертіске дейінгі бүкіл дерлік қазақ даласына таралуы, башқұрттардың оңтүстікке ойысуы, ойраттардың шығыстан батысқа қарай қарсы қозғалуы, оңтүстіктен Шағатай ұрпақтарынан тарайтын моғол хандарының қысым жасауы, Шайбани ұрпақтарының Түркістанды билеп-төстеуі және қырғыздардың тәуелсіздікке ұмтылуы — осының бәрі жинақтала келіп, қазақтарды Жетісуға ығыстырды. Орын алған жағдай өзара қырқыс туғызды, оларға сыртқы саяси қиыншылықтар қосылды. Қазақ әміршілері орын алған жағдайдан шығар жол іздеуге мәжбүр болды да, олар Орта Азия жағына көз тікті.

Біріншіден, Абдаллах жағына барлық қазақтардың емес, Шығайдың қол астында болған бөлігінің, «қазақ әскерлеріндегі бірауызды және бірниетті адамдар қосынының» ғана өткенін де атап өткен жөн. Қазақтардың қалған тайпалары басқа ханның (хандардың) немесе сұлтандардың қол астында қалған. Біздіңше, Хакназар ханнан кейін қазақ тайпаларының өзге бөлігін оның ұлдары Мұңғатай сұлтан мен Дінмұхаммед сұлтан басқарған. Осыған байланысты Хафиз Таныштың 1588 жылғы Ташкент көтерілісіне қатысқан осы сұлтандар туралы мағлұматы назар аударарлық. Сол кезде қазақ билеушілері арасында ішкі күрес жүріп жатқанын атап өту керек. Солардың арасында Абдаллах ханмен бірлесе қимыл жасауды жақтаушылар мен олардың қарсыластары бөліп көрсетілген болуы ықтимал. Сонымен, бұл күреске қазақтардың экономикалық жағынан шашыраңқылығы, бөлшектенуі, сұлтандардың ханға тәуелділігінің әлсіздігі қосымша себептер болған, мұның өзі сұлтандардың оқшаулануына, олардың автономияға ұмтылуына себеп болды.

Оның үстіне Шығай Абдаллах жағына 1581 жылы өткен, ал Абдаллахтың ресми түрде 1583 жылы ғана барлық өзбектердің ханы болғаны мәлім, яғни Шығай хан өз жағына өткеннен кейін де Абдаллахтың тақ үшін күресте жоғарғы билікті кез келген уақытта иеленіп кете алатын бақталастары көп еді, сондықтан ол Шығай ханның қолдауына сүйену үшін оның өз жағына көшуіне мүдделі болған. Абдаллах ханға қызмет ете жүріп, қазақ қосындарын бастаған Тәуекел оның басқа да Шайбани ұрпақтарына қарсы күресі мен оларды қыруына белсене қатысты. XVI—XVII ғасырлардағы Орта Азияның саяси өміріне белгілі бір күшті ру басының басқа өзбектерге өз билігін таратуға, өз пайдасына мемлекет бірлігін қалпына келтіруге, хандардың әуелі іс жүзіндегі, сонан соң нақты билігін жойып, жаңа әулеттің негізін қалауға ұмтылуы тән болғанын атап өту керек.

Абдаллах ханның жаңа одақтастарына деген мүдделілігі Шығай хан мен Тәуекел сұлтанға Мауараннахрдан сойырғалдық³⁹ иелікке қыстақтарды сыйға тартуынан көрінді. Біздің жоғарыда айтқанымыздай, Баба сұлтанмен күресте Абдаллахқа әуелі Хакназар хан көмек көрсетті, соңғысы өлгеннен кейін Абдаллах Шығай ханға зор үміт артты. Шынында да, Шығайдың, Тәуекелдің және басқа қазақ сұлтандарының көмегімен ол ақырында Баба сұлтанды құртып тынды.

Атап өтелік, өз адамдарымен бірге Шығай ханның өзге де өзбек сұлтандары арасында зор беделі болған. Мәселен, Хафиз Таныш былай дейді: «Абдаллах хан Жизакқа келген кезде, мұнда оның жеңімпаз әскеріне толып жатқан қазақтарымен және ержүрек жауынгерлерімен бірге Шығай хан қосылды, бұл оның «ерекше ілтипатына» бөленген еді. Абдаллах хан қырда, шөл далада өскен, ұлы істерді істеген кезде қиыншылықтар көрген, көптеген жылдар бойы уақыт дастарқанынан ащы мен тәттінің дәмін татқан қазақ сұлтандарының бірі Шығай ханды оң қанаттағы алдыңғы қосынға тағайындады. Оның ұлы ержүректігі, батылдығы және батырлығы жөнінен барлық [бүкіл] әлемде [ғаламда деген сөз] бірден-бір адам және Дешті Қыпшақта даңқы шыққан Тәуекел сұлтанды да [хан нақ соған тағайындады]»⁴⁰.

1582 жылдың басында Абдаллах хан Баба сұлтан мен оның жақтастарына қарсы кезекті Ұлытау жорығын жасады, ол бұл жолы табыспен аяқталды. Өзі үшін соңғы жорық болған бұл жорыққа Шығай хан да қатысты. Шығай мен Тәуекелдің кудалауынан Баба сұлтан ноғайларға қашты. Ол сонда жүргенде ноғай мырзаларын өлтіріп, олардың жерін тартып алу үшін қаскүнемдік әзірледі. Бұл қаскүнемдік ашылып қалды да, Ташкентті алу жолындағы күресті қайта бастау мақсатымен Баба сұлтан Түркістан жағына бет алды. Мұны Тәуекел сұлтан кездейсоқ біліп қойды: оның жауынгерлері Баба сұлтан Түркістанға жасырын жіберген екі қалмақты ұстап алған еді, Баба сұлтан мен оның қайтып келе жатқаны жөнінде солар айтқан болатын. Тәуекел оған қарсы тез әскер жинады. Қақтығыс кезінде Тәуекел Баба сұлтанды өлтіріп, оның басын Абдаллахқа апарып берді, ал Баба сұлтанның ұлы Латиф сұлтан мен кейбір әмірлер тұтқынға алынды. Бұған сый ретінде Тәуекел мол тартулармен қоса, Африкент уәлаятын үлеске алды.

1582 жылы Шығай хан өлгеннен кейін Тәуекел хан болды. Абдаллахқа вассалдық тәуелділік оның кезінде де сақталып қалды. Бірақ 1583 жылдың бас кезінде-ақ «Әндіжан мен Ферғанаға жорықтан қайтып келе жатқанда Тәуекел өзіне ханның теріс ниетінен күдіктеніп, оны тастап, өзінің Дешті Қыпшағына кетіп қалды»⁴¹.

Тәуекелді осындай қадам жасауға итермелеген себептер деректемелерде түсіндірілмейді. Алайда бұл жөнінде бірсыпыра пікірлер айтуға болады. Абдаллахтың тақтың «занды» мұрагерлігі негізінде емес, өзінің дипломатиялық ептілігі және соғыста жолының болғыштығы арқасында ғана хан болғаны мәлім, ол бақталастарын тайдырып қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды түгелдей қырып тастады. Үміткерлердің едәуір бөлігін Абдаллах хан Тәуекелдің қолымен жойған еді. Ақырында, Абдаллах бүкіл Мауараннахрды Шайбани мемлекетінің қол астына біріктіріп, бұл орайда өзіне бақталас болуы мүмкін Шайбани ұрпақтарының бәрін қырып-жойғаннан кейін сірә, Тәуекелдің жағдайына да қауіп төнген болса керек. Өйткені ол да Жошы ұрпағы болатын, сондықтан Абдаллах сияқты, ол да Орта Азиядағы биліктен үміт етуі мүмкін еді (1598 жылғы оқиғалар оның осыған ұмтылғанын дәлелдейді де). Сірә, Тәуекелдің күдіктенуіне негіз болса керек. Сондай-ақ Тәуекелдің Абдаллахтан өзі күткен нәрсесін алмаған да болуы мүмкін. Абдаллахтың қазақтарға Түркістаннан төрт қала беруге уәде етіп, бақталастарын жойғаннан кейін өз уәдесін орындамай қойғаны мәлім.

Тәуекел Сыр өңірінің қалалары үшін күрес бастайды. 1586 жылы ол Ташкентті алуға әрекет жасайды. Абдаллах ханның әскерлері оңтүстікте шоғырланғанын біліп, Тәуекел Мауараннахрдың солтүстік аймақтарына ша-

буыл жасады. Оның шабуылы Түркістан, Ташкент, тіпті Самарқанд сияқты орталықтарға қатер төндірді. Ол Ташкент жасағын талқандады, бірақ өзіне Самарқандтан Абдаллахтың інісі Убайдаллах қарсы аттанғанда, Тәуекел шайқасқа түспей, асығыс шегініп кетті. Сөйтіп, Тәуекелдің Ташкентті алуға жасаған алғашқы әрекеті сәтсіз аяқталды.

Ташкент өңірінде болған 1588 жылғы көтеріліс сол кезеңдегі қазақ халқы тарихындағы маңызды оқиғалар қатарына жатады. Ол жөнінде Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» және Мукимидің «Зафар-наме» деген еңбектерінде қызықты мәліметтер мен жағдаяттар келтірілген. Ташкент көтерілісіне зерттеушілер осы кезге дейін назар аудармай келді, ал ол Орта Азия - Қазақстан аймағындағы тарихтың дамуына едәуір дәрежеде ықпал етті.

Хафиз Таныштың айтуынша, бұл көтеріліс Абдаллах ханға және оның немере інісі, Рүстемнің ұлы, осы аймақтың билеушісі Өзбек сұлтанға қарсы жасалған. Бұл кезде Абдаллах хан Гератта соғысып жүрген еді, оның болмауын пайдаланып, «Ташкент өңірінің және Шахрух пен Ходжент төңірегіннің бай және сыйлы адамдарының тобы қара ниетті қаратабандар қосынымен бірге орындалмас үміт пен жүзеге аспайтын тілекке салынып, Піскентте үлкен жиын өткізді және өзара шарт жасасып, оны ант берісіп нығайтып, кеңесе бастады»⁴². Сонымен, көтерілісшілерді атақты адамдар, Абдаллах ханның әмірлері басқарған. Бұл түсінікті де: өйткені Абдаллах таққа отырғаннан кейін көп ұзамай-ақ шайбанилік шонжарлар арасында оның басқаруына наразылық туған. Абдаллахқа дейін билік еткен барлық хандарды Шайбаниден тараған сұлтандар сайлап келгені мәлім (белгілі бір әміршінің билікке кірескені туралы айтқанда Хафиз Таныш мұны үнемі еске алып отырады), ал Абдаллахты таққа көтеруге тек қана әмірлер қатысқан еді. Таққа заңды құқығы болмаған және Ескендірдің өлгенін есіткен сұлтандар өзінен жасы үлкен үміткерді билеуші етіп жариялап қояр деп қорыққан Абдаллах өзінің сайлануына асықты, сөйтіп оны таққа көтеруге азын-аулақ адал адамдар ғана қатысты. Абдаллах өзінің хан үйінен тараған барлық туыстарын жеңіп шығып, өзбек тайпалары шонжарларының ең көрнекті өкілдерін өзіне бағындырып алды. Өз қарсыластарының қай тобымен болса да, билік жолындағы күресте Абдаллах мұсылман дінбасыларының ең ықпалды бөлігіне де сүйенді, ал XVI ғасырдың орта шенінде олардың арасында едәуір жер меншігін иеленген және осыған байланысты зор ықпалы болған жуйбар шейхтары едәуір көрнекті рөл атқарды.

Сөйтіп, оппозицияда болған шайбанилік шонжарлардың бір бөлігі бүлік шығарды. Бүлікшілер сырт пішіні Баба сұлтанға ұқсайтын қазақ сұлтаны Жанәліні хан деп жариялады. Бұл хабар таралысымен-ақ, көшпелі тайпалар мен әскерлер (аймақ уә ахшам) тұтас топ-топ болып бүлікшілер қосынына қосыла бастады. Көп ұзамай олардың саны 30 мың адамға дейін жетіп көбейді. Көтерілісшілер өздеріне Шах-Назар биді басшы етуге ұйғарды, сөйтіп олар Піскенттен соңғысының сойырғалы болған Ходжакатқа беттеді. Алайда Шах-Назар бүлікке қатысудан бас тартты, сонда «жаулар оны өздерімен шарт жасасуға мәжбүр етті, Шах-Назарқа алтын жинау үшін барған Өзбек сұлтан әкімдерінен бірнеше [адамды] өлтірді»⁴³. Раджаб айының алғашқы күндерінде бүлікшілер сол кезде Абдаллах ханның бауыры Өзбек сұлтан билік етіп отырған Ташкентке барып, қаланы қоршап алды. Осы аттанысты білген соң, Өзбек сұлтан дереу Ферғанаға — Асфандияр сұлтанға, Ахсикаттағы өзінің ұлы Хазар сұлтанға, Самарқандтағы Қажы биге, Сагирдж бен Жизактағы

жалайыр Есім би мен Гандж Әли биге адамдар жіберіп, олардың өзіне көмекке келуін сұрады. Ол орын алған жағдай туралы айтып және өзіне көмек көрсетуді өтініп, Гераттағы Абдаллах ханға да хабаршы жіберді. «Ұлы мәртебелі осы елеулі оқиға туралы біліп, алауыздық шаңын кешірім тамшыларымен және ізгілік көзінің суымен жуып тастады... [Өзінің] қансыраған жүрек тақтасында із қалдырған реніш іздерін де [қырып] сүртті [де], оны шексіз ізгілік қолдарымен аялады. Ол бауырына бүкіл Соғды аймағын беру туралы [ерекше] белгі мен құрмет грамотасын жіберіп, Мийанкаль Пулад сұлтанды, оның ізінше Жар-Мұхаммед сұлтанды аттандырды»⁴⁴.

Абдаллах хан таққа отырғанға дейін оны мен Өзбек сұлтанның арасында алауыздық болғанымен (Өзбек сұлтан 1551 жылдың өзінде-ақ Бұхарада биліктен дәме еткен де, оған бауыры Абдаллах бақталас болған), бірақ бүлік шығуы себепті Абдаллах ханның жағдайына қауіп төнді, сондықтан ол Өзбек сұлтанға көмек көрсетпекші болып шешті. Ташкентті қоршау айға жуық уақытқа созылды. Өзіне көмек келе жатқанын біліп, Өзбек сұлтан қоршауды бұзды да, қарсыластарын қуып тастады. Шах-Назар өз қосынымен — Сайрамға, Тұрсын Дараз дүрмен Қарасаман жаққа, тағы бір қосын Қаратауға қашты. Асфандияр сұлтанның, Хазар сұлтанның, Есім бидің, Гандж-Әли бидің Ташкентке келген әскерлері жауды өкшелей қуа бастады. Өзбек сұлтан жауына Сайрам төңірегінде қуып жетті, қатты ұрыстардан кейін бүлікшілер Дешті Қыпшаққа қашты. Сөйтіп, Өзбек сұлтан өз дұшпандарының алғашқы тегеуірініне тойтарыс берді, алайда көтеріліс әлі де біржола басып-жанышталмаған еді.

Бірсыпыра уақыт өткен соң, бүлікшілерге қазақ сұлтандары — сол кезде қазақтардың бір бөлігімен Дешті Қыпшаққа дейін көшіп жүрген, Хақназар ханның ұлдары Мұңғатай сұлтан мен Дінмұхаммед сұлтан қосылды. Сірә, қазақ сұлтандары Абдаллахқа қарсы шығуға қолайлы сәтті күтіп жүрсе керек. Бүлік және бүлікшілердің саны туралы білген олар бүлікшілерге жаушы жіберіп, олардың өздеріне келуін талап етті. Хафиз Таныштың хабарлағанындай, «Дешті Қыпшақта ерлігі жөнінен жоғарыда аталған сұлтандарға [тең келетін] ешкім болмағандықтан, ал өздерінде оның үстіне лайықты басшы болмағандықтан, әмірлер оларға көніп, сұлтандар жаққа баруға тілек білдірді»⁴⁵. Сығанақ төңірегінде бүлікшілер қазақ сұлтандарына қосылып, оларға өздерінің бағынатынын білдірді, сөйтіп солармен бірге Өгізтағадан Йассыға, сонан соң Сауранға бет алды.

Абдаллахтың билеп-төстеуімен келіспеген сұлтандар үшін аттануға қолайлы сәт туды. «Шараф-наме-йи шахиде» былай делінген: «Әмин сұлтанның сол оқиғаларға дейін-ақ [Абдаллах ханның] жеңімпаз әскерінен қашып, қырғыздарға барып паналаған ұлдары Әділ сұлтан мен Хади сұлтан енді қырғыз Хұсейн бимен бірге көтеріліске шығып, Ферғана уәлаяты мен Ходжакат қыстағына дейін жетті». Өзбек сұлтан осы сұлтандардың көтерілісі туралы білген кезде әскерді оның өзі басқарды. Сол кезде бүлікші сұлтандарды қоршаудан шығарып алу және солардың жағында соғысу үшін Шах-Назар мен басқа әмірлерден татар Тәңірберді келіп жетті. Алайда шайқас басталмай жатып-ақ бүлікші сұлтандардың одағы ыдырап, олар әр жаққа қашып кетті: Хади сұлтан Хұсейн бимен бірге қайтадан қырғыздарға оралды, Әділ сұлтанды татар Тәңірберді құтқарып алып, Дешті Қыпшақтағы әскерлерге әкетті, қалған бүлікші әмірлерімен Шах-Назар Йассы төңірегіне барды.

Сол кезде қазақ сұлтандары Сауран билеушісі Ишанкелді аутаршы мен

Наурыз би күсшының өздеріне қаскүнемдік жасауға дайындалып жатқанын біліп, өзбек әскеріне қарсы аттанды. Алайда бұл күресте Ишанкелді би жеңіп, қазақ сұлтандары мен бүлікші әмірлері жеңіліс тапты.

Үш айға жуық уақытқа созылып, әскери бүлік сипатында болған көтеріліс осылай аяқталды. Көтеріліске бүлікші әмірлермен және қазақ сұлтандарымен қатар көшпелі тайпалар да (аймақ уә ақшам) қатысты. Көтеріліс елеулі және бұқаралық сипатта болды. 1588 жылғы оқиғалар содан кейінгі 1598—1599 жылдардағы оқиғалардың, атап айтқанда, Шайбани әулетін Аштархани әулетінің алмастыруы сияқты елеулі оқиғаның алғышарты болды.

Сонау 1586 жылы-ақ Абдаллахқа дербес қарсы шыққан Тәуекел бұл көтеріліске қатысқан жоқ. Ол жеңген жағдайда өзіне айтарлықтай пайда келтіретін болса да, басқа қазақ сұлтандары жүргізген бұл күреске қосылмады. Шынына келгенде, мұны біріншіден, Шығай хан, Тәуекел және олардың жақтастары Абдаллах жағына өткеннен кейін (жоғарыда айтылғанындай, бұлайша кетуге мәжбүр етілген, өйткені оларды басқа сұлтандар ығыстырып шығарған) қалған қазақ тайпаларын сұлтандар (біздің ойымызша, бұлар Мұңғатай сұлтан мен Дінмұхаммед сұлтан) басқарғанымен түсіндіруге болар. Екіншіден, Тәуекел 1582 жылдың аяғында Абдаллахтан кеткеннен кейін оның жоғарғы билік үшін ұзақ уақыт және табан тіресе күресуіне тура келді, сірә оның қарсыластары Хақназардың нақ сол балалары болуы мүмкін. 1596 жылы оның хан атағы болғанымен, алайда ол оны занды негізде алмаған еді. Мәселен, Тәуекелдің сол жылғы Ташкентті шабуын суреттей келіп, Ескендір Мұңшының өзі де «өзіне хан атағын алған қазақ Тәуекел сұлтан сансыз көп әскермен Ташкентке жақындап келді» деп хабарлайды⁴⁶. Бұдан Тәуекелдің хан жағдайын 1586 және 1594 жылдар арасында жүргізілген ұзақ та табанды күрес нәтижесінде жеңіп алғаны, оның содан кейін Москвамен қатынастар жасау кезінде нағыз хан ретінде әрекет еткені анық болады.

1594 жылы Тәуекел өзін бодандығына қабылдауды өтініп, Федор патшаға Құл-Мұхаммедті елші етіп жіберді. Елшілік Тәуекелдің жиені «Ораз-Мұхаммедті орыс тұтқынынан босату» мақсатымен жіберілген болатын, ол 1580 жылы Көшіммен соғыс кезінде қолға түскен еді.

Қазақ елшілері орыс патшасына Қазақ хандығының жайы туралы бірқатар қызықты мәліметтер жеткізді. Мәселен, Құл-Мұхаммед былай деп хабарлаған: «Ал қазір Бұхара патшасымен уақытша татумыз, ал ноғайлармен бауырлардай татумыз, Тинехматтың балаларымен де, Ұрұс тұқымымен де ала-бөтен емеспіз»⁴⁷. Бұл елшілік туралы істе Тәуекел хан «қазақ және қалмақ патшасы» деп те аталған, бұдан оған Орталық және Солтүстік Қазақстанды мекендеген қазақтарға жақын көшіп-қонып жүрген кейбір жоңғар рулары бағынған деген қорытынды жасауға болады⁴⁸.

Сонымен, қазақ елшілігінің алдына Ораз-Мұхаммедті қайтаруға қол жеткізу және Абдаллахқа қарсы күресте Москваның көмегіне уәдесін алу міндеттері қойылды. 1595 жылғы наурыз айында елшіге патшаның жауап грамотасы тапсырылды, онда Москва патшасы Тәуекелге Қазақ хандығын «өзінің патшалық қол астына» алатынын хабарлаған және «патша мен ханзадаларға оқ ататын қару» жіберуге уәде етеді де, одан әрі мынадай тілек айтады: Тәуекел «біздің патшалық қоластымызда болғандықтан және біздің патшалық әміріміз бойынша Бұхара патшасымен және бізге опасыздық жасаған Сібір патшасы Көшіммен соғысып, біздің ұлы мәртебелі патшамызға жол салатын боласыздар»⁴⁹.

Қысқартып айтқанда, Абдаллах пен Көшімді Тәуекелдің өзі тыныштандыруға тиіс болды. Тәуекелдің жиеніне келетін болсақ, патша оны Тәуекел «оның орнына өзінің ұлы Үсейін ханзаданы аманат етіп жіберген» жағдайда ғана босатуға келісті. Бірақ қазақ ханына Москва патшасы шарттарының бәрі бірдей қабылдауға қолайлы болмады. Москвадағы орыс-қазақ келіссөздерінің материалдарына қарағанда, Москвамен өзара қатынастарға Тәуекел Қазақ хандығының саяси тәуелсіздігін жоғалтуы түрінде емес, қайта Абдаллахқа қарсы күресу үшін әскери одақ ретінде ғана қарағаны көрінеді.

Тәуекелдің елшілері Москваға Иран шахы I Аббастың елшісі Дәруіш-Мұхаммед келгенін біліп, қазақтар мен ирандықтардың Абдаллахқа қарсы бірлесіп күресуі туралы келісімге қол жеткізу үшін Иран елшісін өздерімен бірге Тәуекелге жіберуін сұрады. Елшілердің өтініші орындалды.

Құл-Мұхаммед елшілігіне жауап ретінде 1595 жылдың наурыз айында Москвадан Тәуекел ханға тілмаш Вельямин Степанов жіберілді.

Сонымен, қалыптасқан жағдайда камқорлық туралы мәселе жөнінде келісімге келу мүмкін болмай шыққанымен, Москва мемлекетімен дипломатиялық қатынастар, сондай-ақ сауда байланыстары XVI ғасырдың кейінгі жылдарында да жалғаса берді. Қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының дамуы керуен саудасының одан әрі кеңеюіне жағдай жасады. Қазақтар рынокқа өз товарларын: малын, мал өнімдерін және т. б. апарып отырды. Ресейден Орта Азия мен Сібірге апаратын жол Қазақ хандығының аумағы арқылы өтті. Тобыл қаласынан Орта Азияға апаратын сауда жолы Ертіс өзені арқылы Есіл өзенінің бас жағына қарай, ал ол жақтан Ұлытауды айналып өтіп, Сарысу арқылы Түркістанға дейін, сонан соң Сырдария өзені арқылы Бұхараға өтетін еді.

Орта Азия хандықтарына Қазақ хандығы арқылы өтетін басқа бір жол да белгілі болатын. Ол орыс елшісі Вельямин Степановтың Федор патшаға 1595 жылғы 20-мамыр мен 3-қазанда жолдаған хаттарында қысқаша суреттелген. Бұл жол Қазаннан Кама өзеніне және башқұрттар жері арқылы Уфа қаласына немесе соңғысына соқпай, Жайық өзенінің бас жағына жеткізетін болған. Бұдан әрі ол Ырғыз өзеніне жетіп, Қазақстанның шөл даласымен Шұбар тауларға (қазіргі Талас Алатауына. — *Ред.*) апарған. «Сөйтіп, патша ағзам, мен Қазаннан Шұбар тауларға дейін 9 апта жүрдім және патша ағзам, су болмағандықтан, көп ат өліп қалды және жол жүріп, Қазақ ордасына дейін жеткендері аз», — деп хабарлаған патшаға Вельямин Степанов⁵⁰.

1598 жылы Тәуекел Шайбани ұрпақтарының мемлекетіне жаңа шапқыншылық жасайды, ол Ескендір Мұңшының «Тарих-и аламар-йи Аббаси»⁵¹ деген еңбегінде жеткілікті дәрежеде суреттелген. Тәуекелдің аттанысқа шығуына Абдаллахтың өз ұлы Абд әл-Момынмен талас-тартысы себеп болды. Ескендір Мұңшының хабарлағанындай, Абдаллах хан Тәуекелді өзіне лайықты қарсылас деп санамай, оған қарсы шекаралас өңірлер сұлтандарының, әмірлерінің әскерлері мен өз әскерінің бір бөлігін жіберген. Ташкент пен Самарқанд арасындағы бір жерде шайқас болған. Абдаллах әскері ауыр жеңіліске ұшыратылды. Бұл оның тез арада жаңадан әскер жинап, оны өзінің басқаруына мәжбүр етті. Аттанысқа әзірленген соң, ол Гератқа Құлбаба Көкелташ әмірге адам жіберді. Абдаллахтың жақындап келе жатқанын білген соң, Тәуекел қырға шығып кетіп, онда бірсыпыра уақыт күте тұрмақшы болып шешті. Осыдан кейін 1598 жылы өріс алған оқиғалар қазақтар үшін қолайлы болып шықты. «Құлбаба келіп, жауынгерлер жиналғаннан кейін Абдаллах хан Тәуекел ханның көзін жойып, одан кек алу үшін Самарқанд

бағытына беттеді, алайда оған баласының араздығы мен бағынбауы, сондай-ақ қазақтардың өжеттігі келтірген реніші салдарынан оның денсаулығы нашарлап, ол көп кешікпей қайтыс болды»⁵².

Абдаллах өлгеннен кейін хандық саяси дағдарыс кезеңіне енді. Билік оның ұлы Абд әл-Момынның қолына көшті. Алайда, жаңа ханның жағдайы өте тұрақсыз болып шықты, сөйтіп оны 1599 жылы бүлікші әмірлер өлтірді. Ол қаза тапқаннан кейін Шайбани ұрпақтарының еркек өкілдерінен Абдаллах ханның немере ағасы Пір-Мұхаммед қана тірі қалған еді, өйткені қалғандарын өздеріне қауіпті бақталас деп білген Абдаллах хан мен Абд әл-Момын хан қырып тастаған-ды.

Абд әл-Момынның қаза табуымен Шайбани әулеті билігінің күні өтті. Деректемелер мен ғылыми әдебиеттен белгілі болып отырғанындай, бұл әулет Абд әл-Момынның билеуімен аяқталады. Зерттеулердің бірінде нақ былай делінген: «Шайбани әулеті 1599 жылы Абд әл-Момын ханның өлуімен бірге өзінің өмір сүруін тоқтатты, Бұхара тағы Жан мен Шайбани қызының ұлы Аштархани Бақи-Мұхаммедке көшті»⁵³. Алайда орныққан осы тарихи фактіні соңғы уақытта «Тарих-и Қыпшақ-ханидегі» мынадай қызықты мәлімет нақтыландырып, толықтыра түсті: «Абд әл-Момын хан оқиғасынан (яғни өлгеннен) кейін бұхарлықтар Балхтан [Пір-Мұхаммед ханды] шақырып, мың жетінші жылы (1598-1599) хан тағына отырғызды... Ол үш жыл билік құрды»⁵⁴. Бұл мағлұматқа қарасақ, Шайбани ұрпақтары өмір сүруін, әдетте айтылып жүргеніндей, 1599 жылы емес, қайта 1601–1602 жылы тоқтатқан.

Шайбани ұрпақтары мемлекетінің түрлі бөліктерін басқарып отырған билеушілер мемлекетті біртұтас билікке біріктіре алмай, тез арада сахнадан кетті. Мысалы, Бұхарада Пір-Мұхаммед хан таққа отырды. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» бойынша, ол Абдаллахтың туысқаны және «Жәнібек тегінен шыққан ханзада», Абд әл-Момынның Бұхарадағы мирасқоры болған, оны өзбек шонжарлары хан етіп жариялады; Тәуекелге тойтарыс беру үшін олар соның төңірегіне топтасты.

Тәуекелдің Орта Азияға 1598 жылы жасаған шапқыншылығы парсы тіліндегі бірнеше нарративтік еңбектерде көрініс тапқан (Ескендір Мұңшының «Тарих-и аламара-йи Аббаси», Мұхаммад Аваздың «Зийа әл-Кулуб», Мұхаммедийар ибн Араб катағанының «Мусаххир әл-билад» деген еңбектері, «Тарих-и Қыпшақ-хани» және басқалар). XVI ғасырдағы Орта Азия тарихы жөніндегі деректемелерді одан әрі зерттеу осы оқиғалар туралы баяндалатын жаңа шығармалар табылуына жеткізуі ықтимал. Бұл тұрғыдан Орта Азияның өмірбаяндық шығармалары мейлінше пайдалы болып табылады. Бірнеше деректеменің болуы оқиғалардың сыртқы көрінісін толығырақ сипаттап, қазақтардың Орта Азияға шапқыншылық жасауының ішкі себептеріне тереңірек бойлауға, сондай-ақ бұл оқиғаның кейбір мән-жайын нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Зийа әл-Кулубта» Мұхаммед Аваз келтірген, Ескендір Мұңшының мағлұматына сәйкес келетін хабарда сонымен бірге өріс алған оқиғалардың географиялық орны нақтылана түседі және басқа да бірқатар елеулі мән-жайлар бар.

Сонымен, Абд әл-Момынның қаза тапқанын білген соң, Тәуекел 1598 жылғы тамызда шайбанилерге қарсы белсенді қимылын өрістетті. Деректемелерде көрсетілгеніндей, оның іс-қимылының басталған жері — Алатау, мұнда ол ірі әскери күштерді шоғырландырған⁵⁵. Ескендір Мұңшының айтуынша, ағайынды Тәуекел мен Есім сұлтан әскерінің саны жүз мыңдай

адам болған. «Зийа әл-Кулубтың» авторы Мұхаммед Аваз да Тәуекел адамдарының саны осындай болғанын айтып, оған Тәуекелдің жанында болған балалары — сұлтандар 120 екенін қосқан. Оқиғалардың барысын Ескендір Мұңшы былайша суреттейді: «Тәуекел хан Түркістан және Мауараннахр уәлаяттарын, ең алдымен Ахсиді, Әндіжанды, Ташкент пен Самарқандты тура Мийанкальға дейін басып алып, жиырма мың адамымен інісі Есім сұлтанды Самарқандта қалдырды, ал өзі жетпіс-сексен мың адамымен Бұхараны бағындыру мақсатымен [әрі] аттанды. Сол кезде Бұхарада он-он бес мыңнан аспайтын адам (әскер) болғандықтан, Пір-Мұхаммед хан мен Бұхара әмірлері қаладан шықпауды және ашық шайқаста кездеспеуді жөн көрді, қайта қаланың мұнаралары мен қорғанын нығайтып, күш-жігерді орасан көп әскерге тойтарыс беруге (дайындалуға) шоғырландырды. Тәуекел хан үлкен қаланы қоршап алды... Екі жақ арасындағы шайқастар мен қантөгіс жалыны он бір күн бойы өршіп тұрды. Он екінші күні Бұхараның барлық әскері және жаужүрек батырлары мен баһадүрлері топталып [қаладан] шығып, екі жақ арасындағы асқан зор шайқас күн шыққаннан күн батқанға дейін созылды. Бұл күні бұхарлықтар жеңісті өз жағына қаратты, ал жеңіліс қазақ әскерінің еншісіне тиді... Бұл жағдайға ашуланған Есім сұлтан (оның) ізінен ерген қисапсыз көп әскердің Бұхараның шағын қосынынан жеңіліс тауып, қашуы сұмдық масқара екенін [айт] деп ағасына жаушы жіберді. Ал егер хан қашып құтылып, Самарқандқа келсе, самарқандтықтар қарсы әрекет қақпасын ашып, олардың алдынан келісу қақпасын жабуы (солай болуы) мүмкін деді. Жағдайдан шығудың ең жақсы жолы мынау: хан кері бұрылсын, ал өзі болса (өзінде бар) әскермен аса мәртебелінің үзеңгілесі болып қосылады. Тәуекел хан інісінің ақылына құлақ асып, тізгінді кері бұрды, (ал) Есім сұлтан оған келіп қосылды, сөйтіп олар тағы да шайқасқа әзірлене бастады.

Пір-Мұхаммед хан мен оған ергендер Тәуекел хан қашқаннан кейін оның ізіне түсіп қуу және аталған (ханның) қол астында қалған жерді қайтарып алу мақсатымен Бұхарадан шықты...

Олар Ұзынсақал (Мийанкаль) маңында жаумен кездесіп, соғыс оты бұрқетті. Сол кезде Пір-Мұхаммед ханға Дінмұхаммед ханның бауыры Бақи сұлтан келіп жетті, ол қызылбастардың жеңімпаз әскерінің соққысынан Пул-и Салар майданынан қашып шыққан еді... Бақи сұлтан Тәуекелдің адамдарымен ұрыстарға қатысты және шайқастардың көпшілігінде жеңіс соның жағында болды. Шамамен бір ай бойы екі жақ арасында соғыс өрті лаулап тұрды. Тәуекел хан ұрыстарда күшін сарқып, Пір-Мұхаммед ханның әскеріне түн жамылып шабуыл жасағанға дейін Бақи сұлтан өзінің Пір-Мұхаммед ханға адалдығын дәлелдеп, ерлік пен адалдықтың үлгісін көрсетті. Бірақ Пір-Мұхаммед ханның адамдары да өз кезегінде қаймықпай ұрысқа ұмтылып, жауға табанды қарсылық көрсетті, сөйтіп олардың арасында ауыр шайқас болды. Тәуекел хан жауынгерлерінің түнгі шабуылы кезінде Пір-Мұхаммед ханның туысы Сайид-Мұхаммед сұлтан мен Мұхаммед-Бақи аталық-диуанбегі қаза тапқанымен, Тәуекел де жараланып, табысқа жете алмады. Ол Ташкентке шегінді. Онда оның ауруы мендеп, ол мәңгілік сапарға аттанды»⁵⁶.

Сөйтіп Тәуекел аз уақыт ішінде Түркістанды, Ташкентті, Ферғананы алды. «Мусаххир әл-билад» бойынша, Тәуекел Ферғананы жергілікті қайраткерлеріне берген: «Жүсіп қожа Сайид-Атайи дінсіз адамдардан тұратын қарақшылармен... Әндіжаннан шығып, Мұхаммед-Кули сұлтанды

түтқынға алды. Сөйтіп Тәуекел сұлтанға апарып, сол жоғары текті шахзаданы ажал ойранына тастады»⁵⁷. Жүсіп қожа Сайид-Атайи, оның есіміне қарағанда, атақты шейх Сайид-Атаның ұрпағы және негізінен алғанда, діни лауазымды адам болған.

Тәуекел өзінің Орта Азияға жорығын жасағанда бір ғана қарудың күшіне үміт артқан жоқ; ол Орта Азия халқының белгілі бір әлеуметтік топтарына сүйенді, олар қажет болған кезде оған қолдау көрсетуге тиіс еді және олар шынында да қолдау көрсетті. Тәуекелдің Накшбандийа орденінің ортаазиялық суфылық пірлерінен кейін қолдау табу мақсатын көздеп, олардың ықыласына бөленуге ұмтылғанын Мұхаммад Аваз да айтады. Тәуекелдің Орта Азияның діни топтарымен байланыстарының түп-тамыры ол әкесі Шығаймен бірге II Абдаллах ханда вассалдық қызметте жүрген кезде жатқан болуы да мүмкін.

Көптеген мамандар XV-XVI ғасырларда қазақтар арасында шаманизм мен әр түрлі пұтқа табынушылық әлі де сақталған, ал ислам діні кең таралмаған деп санайды. Бұл жалпы алғанда дұрыс, бірақ ислам дінінің ең алдымен қазақ хандары мен сұлтандары арасына еніп, оны таратқан да солар екенінің нақтылай түскен жөн. Ислам дінін қабылдау қазақ хандарының өздеріне ықпалды мұсылман дінбасылары мен суфылық корпорациялары сияқты берік әлеуметтік тірек іздестіруі пайдасына дәлел бола алмайды. Қазақтарды ислам дініне кіргізу қазақ шонжарларының Түркістан және Мауараннахр қалаларының діни және зиялы өкілдерімен одағын идеологиялық негізде нығайтуға жәрдемдесті⁵⁸.

Мысалы, 1512 жылы болашақтағы атақты джубарлық шейх Исламның Бабыр мен қызылбастардан басқа еш жаққа емес, қазақ ханы Қасымға қашып келіп, одан едәуір ұзақ уақыт бойы меймандостық көргені мәлім. Алайда Бабыр жеңіліске ұшырап, қызылбастардың қалдықтары Мауараннахрдан қашып шыққаннан кейін, олар туралы сыбыстар азая бастаған кезде-ақ, Қожа-Ислам Бұхараға қайтпақшы болды. Сол уақытта Бабыр мен қызылбастарды жеңген Мұхаммед Шайбани ханның немересінен Қасымға сол кезде Бұхараның билеушісі болып орнығып алған өздерінің ханы үшін оның қызына құда түсуге елшілер келді. Қасым хан келісіп, Бұхараға ұзатылатын қызын Қожа-Исламның кепілдігімен жіберген болатын.

Әдебиетте қазақ хандары мен ортаазиялық дінбасыларының идеологиялық мүдделерінің ортақтығы негізінде қазақ хандары мен сұлтандары ислам дінін көшпелі қазақтар арасында таратуда белсенді рөл атқарды деген пікір айтылды. «Зийа әл-Кулубта» суфылық пірлер табыс көздерін ұлғайтуға мүдделі болды, өз догматтарын көшпелі қазақтар арасында белсенді насихат жүргізіп, оларды өз мүриттері қатарына тартты. Олардың қазақтар арасындағы насихатының табысты болғанын, мысалы, накшбандийлік шейх Лұтфолла Чустидің (1571/72 жылы өлтірілген) шәкірттері арасында қазақтар мен қырғыздарға суфизмді уағыздаушы қазақ Мұхаммедтің болуы фактісі көрсетеді. Бұл туралы Лұтфолла Чустидің өмірбаянында да мағлұмат бар. Суфылық корпорациялардың дінбасыларын қазақ хандарымен және сұлтандарымен жақсы қатынастар орнатып, оларға көмектесуге мәжбүр еткен де осы пендешілік қам-қаракеттер болатын.

Бірақ Тәуекел хан Орта Азияда дінбасыларына ғана сүйенген жоқ. Бізге Ескендір Мұңшының Тәуекел әскерінің құрамында «Түркістан тайпаларының және қырдағы өзбектердің» жауынгерлері болғаны туралы хабары ерекше ден қоюға лайық, олардың ішінде ең алдымен қазақтар болғаны ықти-

мал. Тәуекел өз әскерінің құрамына Түркістанда тұратын өзбектерді де қосқан. Соғыс қимылдарының суреттелуіне қарағанда, олар соның жағында белсене шайқасқан және деректемелерде олардың Пір-Мұхаммед хан мен Бақи-Мұхаммед сұлтан жағына шыққаны атап өтілмейді, егер оларды Тәуекел жорыққа күштеп қатыстырса, тегінде, мұндайлар орын алар еді. Өйткені Ескендір Мұңшы Пір-Мұхаммед хан мен Бақи-Мұхаммед сұлтанға олардың Самарқанд түбіндегі шайқас кезінде әскери сословиенің жекелеген өкілдерінің өтуі туралы айту мүмкіндігін қалт жібермеген. Керісінше, Ескендір Мұңшы II Абдаллах хан билік еткен кезеңдегі Шайбани мемлекетінің белсенді қайраткерлерінің бірі Абд әл-Уәси бидің Тәуекел жағына өткенін айтады, «ол Абд әл-Момын ханды өлтіруге қатысып, [ол] бұл әулетке қара ниеттілік көрсетіп, Тәуекел ханға қызмет етуге кетті, оны Мауараннахрды жаулап алуға айдап салып, түрткі болды» дейді⁵⁹. Абд әл-Уәси би ғана емес, сонымен қатар Шайбани мемлекетіндегі жоғарғы билікке Абдаллахпен кем дегенде тең құқығы болған кейбір ықпалды Шайбани ұрпақтары да Түркістан мен Мауараннахрда Тәуекелмен билікті бөлісуге келісетін еді. Мәселен, «Мусаххир әл-билад» бойынша, Өзбек сұлтан Абдаллахқа қарсы Тәуекелмен сөз байласып, өзінің балаларын Абдаллахтың жазалауынан құтқару үшін оларды соған жіберген. Тәуекел оған «өзі Түркістанның немесе Мауараннахрдың қандай да болсын уәлаятын алса, тең бөлісуге» уәде берген⁶⁰. 1551 жылдың өзінде Өзбек сұлтанның Бұхарадағы билікке үміткер болғаны, ал оған інісі Абдаллах сұлтан, болашақтағы II Абдаллах хан бақталастық еткені туралы жоғарыда айтылған болатын. Шонжарлар мен мұсылман дінбасыларының көпшілік бөлігі Өзбек сұлтанды қолдамады. Ол күдіреті күшті Қожа-Мұхаммед Исламның да қолдауына сүйенудің сәтін түсіре алмады. Жуйбар шейхтарының өмірбаяншылары Мұхаммед Тахир мен Бадр ад-дин Кашмирдің мәліметтеріне қарағанда, Балх билеушісі Пір-Мұхаммед хан Бұхара тағына өз адамын — Шайбани ұрпағы Рүстем сұлтанның ұлы, Өзбек хан деген атпен неғұрлым мәлім болған Омарғазы сұлтанды отырғызуға тырысқан. «Раузат ар-ризван» авторы былай дейді: «Бір жолы көрнекті әмірлер аса қасиетті оған (Қожа-Мұхаммед Исламға. — *Ред.*) Шыңғыс-хан Ясасын тілге тиек етіп, Өзбек ханды жақтап өтініш жасады, бірақ ол әмірлерге былай деп жауап қайырды: «Дәруіштер Шыңғыс-хан заңына мойынсұнбайды, тек Алланың еркіне ғана бағынады». Әмірлердің Пір-Мұхаммед ханның Өзбек ханды қолдайтындығын, оның басқалардан үлкен, батыл және ержүрек екендігін ишанның есіне салуына Қожа-Мұхаммед Ислам: «Егер Өзбек сұлтанды Пір-Мұхаммед хан дәріптесе, Абдаллах ханды Алла мадақтайды», — деп қатаң жауап қайтарған⁶¹. Демек Тәуекелдің Орта Азияда таққа отыруына Шайбаниден тараған жоғары дәрежелі шонжарлар кедергі жасамаған.

Сонымен, Тәуекелдің Орта Азияға жорығы күтілмеген және кездейсоқ жағдай болған жоқ. Оны Мауараннахрда күтіп отырған еді, көмек көрсетуге уәде берді, шын мәнінде де ондай көмек көрсетті. Бұл орайда ол мейлінше әр түрлі топтардан — дінбасылары мен мемлекеттік қызметтегі топтан, тіпті Шайбани тармағынан тарайтын Жошы ұрпақтарынан қолдау тапты. Сөйтіп, ол кезде Мауараннахрда Шайбани әулетін қазақ хандарының әулеттерімен алмастыруға ниет білдірушілік (рас, Орта Азия қоғамының жоғары әлеуметтік топтарында ғана) болған деп айтуға болады. Жекелеген Шайбани ұрпақтары билік бөлісуге, қоса басқаруға келісетін еді. Біздің ойымызша, деректемелерді одан әрі зерттеу бұл саяси сарынды неғұрлым

айқын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда қазірдің өзінде-ақ белгілі бір тұжырымдар жасауға болады.

Тәуекел хан мен Есім сұлтанның 1598 жылғы Орта Азияға жорығын Мауараннахрдағы аласапыранды отырықшы-егіншілік жазираларды талап-тонап, «тірі товар» түсіруге қолайлы сәт ретінде пайдаланған көшпелілердің басқа да көптеген шапқыншылықтарының қатарында қарастыруға болмайды. Бұл жорық алдын ала жоспарланған. Ол Тәуекелдің көпжылдық әрекетімен дайындалды және алысты көздейтін мақсаты болды. Өз құрамына Шайбани мемлекетіне кірген жерлер қосылатын жаңа мемлекеттің негізін салуға әрекет жасалды. Тәуекел Қазақ хандығының біршама шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік-саяси томаға-тұйықтығын осылай ғана жоя алатын еді. Осы оқиғаға дейінгі жүз жылда Мұхаммед Шайбани хан бүкіл Мауараннахрға өз билігін орната білді. Мұндай оқиғалар Орта Азияның бұдан бұрынғы сан ғасырлық тарихында да болған. Кез келген соғыс сияқты, Тәуекелдің Орта Азияға шапқыншылық жасауы да Мауараннахрдың халық бұқарасына көп қасірет әкелді. Қазақ және Бұхара хандары арасындағы Сырдария бойындағы қалаларды иелену жолындағы ұзаққа созылған соғыстар өлкенің өндіргіш күштерінің дамуын тежеді, егіншілер мен көшпелілердің шаруашылығына жойқын әсер етті. Өзбек және қазақ феодалдарының бұл өзара шапқыншылықтары өз экономикаларында елеулі рөл атқарған бейбіт, шаруашылық байланыстарды дамытуға ұмтылған Орта Азия мен Қазақстан халықтарының түбірлі мүдделеріне қайшы келді. Алайда, 1598-1599 жылдардағы оқиғаларға талдау жасай келгенде, көшпелілер тағы да қаһарлы, күйреткіш күш ретінде көрінді деген белгілі фактіні атап көрсетумен ғана шектелуге болмайды; бұл оқиғаларға талдау жасаған кезде Тәуекел хан мен оның төңірегіндегілердің агрессияшылдығын ғана негізге алуға болмайды. Бұл ретте хан сыртында саяси-экономикалық қажеттерімен қоса көшпелі қоғам тұрды. Қазақ хандарының Түркістан мен Мауараннахрдағы іс-қимылдарына түрткі болған себептер ретінде қазақ қоғамының бұл экономикалық қажеттері Сыр өңірі қалаларының қазақ хандықтары тарихындағы рөлі туралы еңбектерде талданған⁶².

Тәуекел өзінің алдына қойылған міндетті орындай алмады. Мауараннахр қазақ хандарының қол астына көшпей қалды. Алайда Түркістан, Ташкент пен Ферғана белгілі бір уақытқа Қазақстан құрамына кірді. Олардың бұған кіруі қазақ хандары мен ортаазиялық хандар арасында Накшбандий суфылық ордені шейхтарының арада жүруімен жасалған бітіммен баянды етілді, шынына келгенде, қазақ хандарының Түркістанда билік құруына бата берген де сол шейхтар еді (бұл орайда Тәуекелдің мүрит-накшбандий болғанын еске алмауға болмайды).

Сонымен, Қазақ хандығы құрамына жаңа аймақтардың қосылуы бұл аймақтардың тарихи тағдырларын айқындап қана қойған жоқ, сонымен бірге басқа тарихи кезеңнің басталғанын да білдірді. 1598—1599 жылдардағы оқиғалардың Қазақ хандығы үшін елеулі нәтижелері болды: олар Орта Азиядағы билеуші әулеттің алмасуына себепші болды. «Тарих-и аламара-йи Аббасиде» аштархани Бақи-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел хан мен Есім сұлтанға қарсы күресте сіңірген еңбегі ғана оның Самарқандқа және Самарқанд уәлаятына билік етуді қолына алуына мүмкіндік бергені атап өтіледі.

Бірақ ортаазиялық Жошы ұрпақтарының өзара қатынастарының сипатын білмейінше, Ескендір Мұңшының Шайбани ұрпағы Пір-Мұхаммед ханның

көрсеткен көмегі үшін Самарқандты Бақи-Мұхаммед сұлтанға берді деген мағлұматына сене қоюға болмайды. Бақи-Мұхаммед сұлтан күшті болатын, сондықтан Пір-Мұхаммед хан онымен санасуға мәжбүр болды. Сонымен бірге, Тәуекелді жеңгеннен кейін, жолы болғыш және пысық Бақи-Мұхаммед сұлтанның маңына қызметші адамдар едәуір көп мөлшерде жиналған болуы ықтимал. Ол өз қарамағындағы аймақтардан түскен табысты тайпалық шонжарлар мен қызметші сословиені өз жағына кеңінен тарту үшін аямай пайдаланып, оларды тіпті Пір-Мұхаммедтен де өз жағына тартып отырды. Бақи-Мұхаммед сұлтан «шет» аймақтардың едәуірін Самарқанд иелігіне қосып, соның есебінен күшейіп алды. Аталған қасиеттерінің арқасында себепші де ол, сірә, Орта Азияның ықпалды топтарына қазақтарға тойтарыс беруге бәрінен де қабілетті билеуші болып көрінсе керек. Осының бәрі оның Аштархани (Жани) әулетінің негізін салуға мүмкіндік беруі ықтимал.

«Тарих-и аламара-йи Аббасиге» қарағанда, Бақи-Мұхаммед жаңа әулеттің алғашқы ханы болған. Алайда, бұл нумизматика деректеріне қайшы келеді. Е. А. Давидович Аштарханилердің жергілікті материалдары бойынша жаңа әулеттің бірінші ханы Бақи-Мұхаммедтің әкесі Жани-Мұхаммед болғанын дәлелдеді. «Қазір Жани-Мұхаммед теңгелерінің 7 үлгісі, аса маңызды үш сарайдың атауы белгілі, теңгелерде оның есімі, тіпті мерзімі — хижра бойынша 1009 жыл — біздің заманымыздағы 1600/1601 жыл деп көрсетілген. Демек жаңа әулеттің бірінші ханы нақ Жани-Мұхаммед болып, бірнеше жыл тақта отырған»⁶³. Әдебиетте Жани-Мұхаммедке тақ ұсынылған, бірақ ол одан бас тартқан деген пікір болды. Алайда, Абдаллах кезіндегі Ескендір сияқты, өз ұлы Бақи-Мұхаммед тұсында Жани-Мұхаммедтің де нақ сондай хан деген аты ғана болуы мүмкін.

Түркістаннан, Ташкенттен, Ферғанадан айрылу Аштархани мемлекеті үшін өте елеулі болды. Сондықтан Аштарханилер XVII ғасырдың алғашқы онжылдақтарында бұл аймақтарды өз қоластына қайтару үшін үнемі жорықтар жасап тұрды, бірақ олар жалпы алғанда табысқа жеткізбеді. Тек Ферғана ғана қайтарылды. Жоғарыда біз қазақ әміршілері мен Аштарханилер арасында шарт болғаны, ол бойынша Түркістан, Ташкент пен Ферғана Аштарханилердің Ташкент істеріне араласпауы жағдайында қазақ хандарында қалғаны туралы айтқан да болатынбыз. Шарт ережелері туралы одан басқа ешнәрсе белгілі емес. Солай бола тұрса да, бұл жөнінде азды-көпті қосымша пайымдаулар айтуға болады. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» мәтінінде Ташкенттің Аштарханилер шарт жасасқан қазақ билеушісі «уәли», яғни уәлаяттың билеушісі деп аталған. Бұдан қазақ хандарының қолына көшкен және Аштарханилер істеріне араласпайтын болып міндеттенген Ташкент шын мәнінде уәлаят, яғни Аштархани мемлекетінің облысы болған деген қорытынды жасауға болады. Мұны атап айтқанда, 1600—1601 жылдарда Ташкентте Аштархани Жани-Мұхаммедтің есімі бар теңге соғылғаны дәлелдейді. Ертедегі теңгеге хан есімінің жазылуы оның билігін білдіргені мәлім, бұл ретте Ташкентке Аштархани егемендігінің таралуы мойындалған. Аштарханилер өзінің атақ-дәрежесіне өздерінің Түркістанға, Ташкентке егемендігін атап көрсетіп отырғаны да құжаттардан мәлім. Сухайлдың «Имамкули хан-намесінде» қазақ хандарынан бірінші болып Тұрсын-Мұхаммед (1629 жылы Есім өлтірген) Ташкентте өз атынан теңге соқтыра бастағаны, бұл орай оның сонымен қатар Аштархани Имамкули ханға (1611—1642 жж.) бадж бен ха-

радж, яғни Ташкент уәлаятынан салық жіберуден бас тартып, өз атына егемен патша ретінде хұтпа жариялағаны жөнінде мәліметтер бар⁶⁴.

Осының бәрінен Ташкентті қазақ хандарына беру туралы басқа аймақтарға да таралған шарт ережелері жөнінде мынандай қорытындылар жасауға болады: 1) Ташкент уәлаяты Аштархани мемлекетінің құрамдас бөлігі деп саналған; 2) Ташкент теңгелеріне Аштархани ханның есімі жазылған; 3) Ташкенттегі құтпада соңғысының есімі айтылған; 4) Аштарханилер Ташкент уәлаятының ішкі істеріне араласпауға міндеттенген; 5) қазақ хандары Ташкентте салық (бадж және харадж) жинап, олардың белгілі бір бөлігін аштарханилық ханға жіберіп отырған.

Қазақ хандары өздері жаулап алған аймақтарды Аштархани мемлекетінен мүлде қайтарып алуға ұмтылды, сондықтан шарт ережесін бұзды. Соңғысы Аштарханилердің Ташкенттегі, Ферғана мен Түркістандағы қазақ әміршілеріне қарсы соғыс қимылдарын бастауына сылтау болды, бұл жөнінде XVII ғасырдағы Орта Азия мен Сыр өңірі қалаларының тарихы баяндалатын шығармаларында едәуір хабарлар бар. Уақыт өте келе, қазақ хандары Ферғанадан айрылды, бірақ Ташкент пен Түркістанда орнығып алды, енді оларды Қазақ хандығының құрамына қосу жөнінде қандай болса да ережелер жоқ еді.

Сонымен, 1598-1599 жылдарда Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің Мауараннахрды қаратып алуға соңғы әрекеті жасалды. Тәуекел бүкіл Орта Азияға өз билігін орнықтыра алмады, бірақ сол кезден бастап екі жүз жылға – Ташкент, белгілі бір уақытқа Ферғана және бүкіл Түркістан, яғни сол кезге дейін Шайбани ұрпақтары иеленіп келген Сырдарияның орта ағысының екі жағасындағы отырықшы-егіншілік аудандар Қазақ хандығының құрамына кірді.

Аталған аймақтардың қосып алынуы Қазақ хандығының экономикасына, қоғамдық және саяси құрылысына аса күшті ықпал жасады, мемлекеттік шекараның тұрақтануына жәрдемдесті, қазақ-ортаазиялық саяси және экономикалық өзара қатынастарының жүйесіне де, тайпалар мен халықтардың Сырдария өзені аңғарында белгілі бір мекендеуіне де жағдай туғызды.

¹Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832, т. 2, 47-б.

²Бұл да сонда.

³Бартольд В. В. Киргизы. Соч, М., 1963, т. 2, ч. I, 516-б.

⁴Шах Махмуд Ибн Фазил Чурас. Хроника. М., 1976, 267-б.

⁵Юдин В. П. Вступительная статья к «Тарих-и Кашгар». - Мына кіт.: МИКХ, 406-б.; Акимушкин О. Ф. К вопросу о внешнеполитических связях Могольского государства с узбеками и казаками в 30-х гг. XVI в. - 60-х гг. XVII вв. - Палестинский сборник. М.-Л., вып. XXI, 233-242-б.

⁶Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Извлечения из персидских сочинений. М.-Л., 1941, т. 2, 212-б.

⁷Вельяминов-Зернов В. В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. - ТВО-РАО. СПб., 1864, ч. X, 262-б.

⁸Хасан-бек Румлу. Ахсан ат-таварих. Рук. ГПБ им. Салтыкова-Щедрина, каталог Б. А. Дорна, № 287.

⁹Қазақ – Герат әміршісі Мұхаммад хан Шараф ад-дин оғлы (хижра бойынша 964 жылы – б. з. 1558 жылы өлген) ұлы. Ол өлгеннен кейін шах Тахмасп оның ұлы Қазаққа билеуші-граф лауазымын берген (қараңыз: Ахсан ат-таварих, л. 38 а).

- ¹⁰Ахсан ат-таварих, № 38 а.
- ¹¹Английские путешественники в Московском государстве в XVI в. Л., 1937, 135-б.
- ¹²Махмуд ибн Вали. Бахр ал-асрар, India office, № 575, л. 82 а.
- ¹³Продолжение древней российской вивлиофики. СПб., 1793, ч. VI, 29-30-б.
- ¹⁴Бұл да сонда, СПб., 1795, ч. IX, 283-б.
- ¹⁵Бұл да сонда, 240-б.
- ¹⁶Рычков Л. И. История Оренбургская. Оренбург, 1896, 69-б.
- ¹⁷Рычков Л. И. Топография Оренбургской губернии 1862. Оренбург, 1887, 225-б.
- ¹⁸Продолжение древней Российской вивлиофики, XI, 186-б.
- ¹⁹Веселовский Н. Памятники дипломатических и торговых сношений Московской Руси и Персией. СПб., 1892, т. I, 106-б.
- ²⁰Хафиз Таньш. Шараф-наме-йи шахи. Рук. Д-88. № 261 б.
- ²¹Бұл да сонда, № 262 а.
- ²²Бұл да сонда, № 278 а.
- ²³Румянцев П. П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910, 13-б.
- ²⁴ЦГАДА. Ногайские дела за 1609 г., № 3, 67-66-б.
- ²⁵Толыбеков С. Е. Кочевое общество казахов в XVII - начале XX века. А., 1971, 241-б.
- ²⁶Книга Большому Чертежу. М.-Л., 1950, 95-б.
- ²⁷Материалы научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. Ташкент, 1955, 105-б.
- ²⁸Мухаммадийар ибн Араб катаган. Мусаххир ал-билад. Рук. ЛОИВ РАН СССР, 465/574-б.; Рук. ИВ АН Республика Узбекистан, инв. № 1605.
- ²⁹Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. А., 1961, 3-б.
- ³⁰Гавердовский Я. Обзорение киргиз-кайсацкой степи. Архив Санкт-Петербургского отделения Института истории РАН, ч. 2, кол. 15, ч. 2 (Собр. рукописных книг, № 495, л. 52).
- ³¹Жәнібектің немересі, Әбілқайыр ханның шөбересі Абдаллах хан 1538 жылы туған. 1561 жыл әкесі Ескендірді өзбектердің жоғарғы ханы деп жариялады. 1583 жылы әкесі өлгеннен кейін ресми түрде хан тағына отырып, бүкіл Орта Азиядағы, Хорасандағы, ал өмірінің аяғында Хорезмдегі де бүкіл билікті өз қолына шоғырландырды, 1598 жылы қайтыс болды (МИКХ, А., 1969).
- ³²Қадыр Али-бий Джалаури. Джамии ат-таварих. Рук. Казахского гос. ун-та, № 5028.
- ³³Прошлое Казахстана в источниках и материалах: Сб. IV в. до н. э. - XVIII в. н. э. Москва; Алматы, 1935, 93-б.
- ³⁴Миллер Г. Ф. История Сибири. М.-Л., 1937, т. I, 57-б.
- ³⁵Вельяминов-Зернов В. В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. ТВО-РАО. СПб., 1864, ч. X, 324-б.
- ³⁶Мусаххир ал-билад, л. 180 а.
- ³⁷Иқта (арабша — «кесінді жер», «үлесті жер») — әскери қызмет атқарған шонжарларға жер сыйлау жүйесі. XVI ғасырдың екінші жартысында иқта термині Орта Азияда әскери лен мәнінде ғана емес, сонымен қатар жалпы шартты-лендік мағынада да кездеседі (Иванов Л. Л. Хозяйство джуйбарских шейхов: К истории феодального землевладения. В Средней Азии в XVI-XVIII вв. М.-Л., 1954, 8-б.).
- ³⁸Шараф наме-йи шахи, л.
- ³⁹Сойырғал — «сыйға тарту». Кейбір реттерде сойырғал өмір бойына берілді, басқа бір реттерде оны үнемі (жыл бойынша) бекітіп отыру керек болды. Шайбани ұрпақтары кезінде сойырғал алуан түрлі, соның ішінде хан әулетінің рулық шонжарлардың жер өкілдеріне де лендік сыйлықты білдірді.
- ⁴⁰Шараф наме-йи шахи, л. 66 б.
- ⁴¹Бұл да сонда, л. 67 а.
- ⁴²Бұл да сонда, 475 б.
- ⁴³Бұл да сонда, л. 476 а.
- ⁴⁴Бұл да сонда, л. 476 б.

⁴⁵*Бул да сонда*, л. 476 б.

⁴⁶*Искандер Мунши*. Тарих-и аламара-йи Аббаси. Тегеран, 1314 г. х. - 1896/97 г. н. э. Литограф. издание, 379-б.; *Соныкі*. Исфахан, 1334-1335 г. х. - 1956 г. н. э. Наборное издание, 553-б.

⁴⁷Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв., 3-б.

⁴⁸*Бул да сонда*, 3-б.

⁴⁹*Бул да сонда*, 9-б.

⁵⁰Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч. I. Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии в XVI-XVII вв. Л., 1932, 193-б.

⁵¹*Абусеитова М. Х.* Казахское ханство во второй половине XVI века. А., 1985.

⁵²*Искандар Мунши*. Тарих-и аламара-йи Аббаси, 379-б.

⁵³*Rene Grousset*. The Empire of the Steppes: of history of Central Asia. New Brunswick; New Jersey. 1970, p. 486.

⁵⁴*Хуришут Э. У.* «Тарих-и Кипчак-хани» — важный источник по истории Средней Азии и Северного Афганистана XVI-XVII вв. Автореф. дис. канд. ист. наук. Ташкент, 1982, 9-б.

⁵⁵Қазақ және өзбек әскерлерінің арасындағы басты шайқас «Зийа әл-кулуб» бойынша — Сар-и Пул түбінде, «Мусаххир әл-билад» және «Бахр әл-асрар» бойынша Үшқарада болған.

⁵⁶Тарих-и алмара-йи Аббаси, 408-б.

⁵⁷Мусаххир ал-билад, л. 114 а (ленинградский список); л. 79 б (ташкентский список).

⁵⁸*Юдин В. П.* Известия «Зийа ал-кулуб» Мухаммад Аваза о казахах XVI века. Вестник АН КазССР, А., 1966, №. 5, 71-76-б.

⁵⁹Тарих-и аламара-йи Аббаси, 408-б.

⁶⁰Мусаххир ал-билад, л. 113 а (л. с.), л. 78 б (т. с.).

⁶¹Раузат ар-ризван, л. 60 аб; Маглаб ат-талибин, л. 61 а.

⁶²*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVII веках // Казахстан в XV—XVII веках. А., 1969.

⁶³*Давидович Е. А.* История монетного дела Средней Азии XVII-XVIII вв.: (Золотые и серебряные монеты Джанидов). Душанбе, 1964, 12-б.

⁶⁴*Бурнашева Р. З.* Клады медных монет из города Туркестана: (Предварительное сообщение) — Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана, А., 1969, 67-68-б.

Үшінші тарау

ҚАЗАҚСТАННЫҢ XVII ҒАСЫРДАҒЫ ІШКІ САЯСИ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1. XVII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ. ТАЛАС-ТАРТЫСТАР. БҰХАРА ХАНДЫҒЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

XVI ғасырдың аяғы — XVII ғасырдың басы — Қазақстан тарихындағы ерекше кезең, қазақ мемлекеттігінің, көршілес елдермен және халықтармен қазақтардың белсенді әскери-саяси, сауда және мәдени қатынастарының нығаю уақыты. Бұл кезде қазақтардың билігі Ташкентке, Түркістанға, Сауранға, Әндіжанға жүріп тұрды, олар үшін қазақ билеушілері мен Аштарханилер арасында үнемі соғыстар жүргізілді. Шайбани ұрпақтарынан кейін (1500—1598 жж.) бір жарым ғасырдан астам (1598—1743 жж.) уақыт бойы Мауараннахрды билеген Аштарханилерге ортаазиялық авторлардың бірқатар шығармалары арналған, олар: Сухайлдың «Имамкули хан-наме», Мұхаммед Талибтің «Матлаб ат-талибин», Мұхаммед Юсуф Муншидің «Ламахат мин нафахат әл-кудс», «Тарих-и Муким-хани» деген еңбектері және басқалары. Бұл шығармалардың мағлұматтарында қазақтардың Имамкули хан тұсында (1020/1611—1051/1642 жж.) Аштарханилердің саяси істеріне қатысуына едәуір орын берілген¹. Имамкули билік еткен кезең аласапыран заман болды.

XVII ғасырдың бірінші жартысында қазақ сұлтандарының арасында Есім (1598 жылы Тәуекелден кейін ресми түрде хан атағын мұраға алған, Түркістанда билік еткен), Тұрсын, Абылай, Ханзада сұлтандар басқарған, өзара бақталас бірнеше топтар болды. XVI ғасырдың аяғы — XVII ғасырдың басындағы аты белгілі емес және белгісіз қазақ хандары мен сұлтандары Әбу-Лайыс сұлтан («Мусаххир әл-билад»), Назар хан («Имамкули хан-наме»), Мұрат сұлтан («Ламахат мин нафахат әл-кудс») туралы мағлұматтар маңызды болып табылады. XVII ғасырдағы қазақ әміршілері мен Аштарханилер тартылған саяси оқиғалар олардың өзара қатынастарының тұрақсыздануына себепші болды, олардың арасындағы қақтығыстар уақытша одақтармен алмасып отырады. Мәселен, Түркістан мен Ташкенттен жасақталған 5 мың қазақты бастаған Есім хан² 1611 жылы Иранға және Уәли-Мұхаммедке³ қарсы күресінде Имамкули ханға көмек көрсеткен. Алайда бұл одақ уақытша сипатта болды және Имамкули хан қазақтарға қарсы талай рет жорықтар жасады. «Тарих-и аламара-йи Аббасиде» Имамкулидің қазақтарға қарсы Ташкентке екі жорық: 1020/1611 жылдың басында біреуін, ал 1022/1613 жылдың басында екіншісін жасағаны суреттеледі. Бірінші жорықта

Имамкули хан Самарқандқа дейін жетіп, қазақтармен бітісіп, олардың Ташкент пен оның аймағына үстемдігі құқығын таныды. 1613 жылы Имамкули хан Балх әскерін басқарған Нәдір-Мұхаммед ханмен бірге Ташкентке жорық жасап, қазақтарды жеңіп шықты. Осы жеңістен кейін ол өзінің ұлы Ескендір сұлтанды Ташкент билеушісі етіп тағайындады⁴. Көп кешікпей ташкенттіктер Ескендірді өлтірді де, Имамкули хан Ташкентті тағы да басып алып, сұмдық қырғын салды⁵. Ташкент Бұхара ханының билігінде ұзақ болған жоқ. Қазақ әміршілерінің Бұхара хандығымен өзара қатынастарының мән-жайы «Тарих-и аламара-йи Аббасиде», «Бахр әл-асрарда» және Иван Хохловтың «Статьялық тізімінде» суреттеледі. Бұл деректерде Имамкули хан мен Ташкентте отырған қазақ ханы Тұрсын-Мұхаммед⁶ арасындағы соғыс туралы (1030/1620-1621) айтылады. Ескендір Мұңшының айтуына қарағанда, екі рет тас-талқан болып жеңілген Имамкули қазақтармен татуласуға мәжбүр болған⁷. Бұл туралы Иван Хохловтың «Статьялық тізімінде» мынадай неғұрлым егжей-тегжейлі мәліметтер бар: «Бұхараның Имамкули патша... Ташкенттің Тұрсын сұлтанымен соғысы болды, мұның себебі: осының алдында сол Тұрсын сұлтанды өз адамдары қуып шығып, Имамкули патшаның аяғына жығылған; сонда Имамкули патша оған жақтасып, оны мемлекет басына отырғызған; ал оның мемлекеті — Ташкент қаласы, ал оның адамдары көшпелі, ол Қазақ Ордасы деп аталады, ал Қазақ Ордасында ханзадалар көп дейді; ал Тұрсын үлкені болған, сондықтан олардың (мұсылмандық) заңы бойынша патшалық соған жеткен»⁸.

1613 жылы Имамкули хан қазақ сұлтаны Тұрсынды Ташкент билеушісі деп жариялады. Кейін Тұрсын хан аштархани Имамкули ханның сюзерендігін танудан бас тартты, өз теңгесін соғып, баджды (бажды) және харажды (жер салығын) өз пайдасына ала бастады⁹. Осы оқиғалар мен Тұрсын сұлтанға қарсы өзара қырқысқан күрестен кейін Есім хан өзінің қоластындағы қазақ және қырғыз ұлыстарымен бірге Қырғызстанға кетуге мәжбүр болды. XVI—XVII ғасырлардағы оқиғалар туралы баяндалатын деректемелерде қазақтар мен қырғыздардың одақтастық қатынастары туралы айтылады. Қырғыздардың ата-бабалары туралы бір аңызда Дайыр деген келімсек аталады, ол содан соң қазақтарға барып, қазақтардың жалайыр (басқасы бойынша — албан) тобының негізін салушы болған. Бұл есім тарихи тұлға — қазақ ханы Тахирге әбден сәйкес келеді, ол қазақтарды да, қырғыздарды да біріктіріп, Сұлтан Саид ханға, оның ұлы Абд ар-Рашид сұлтанға қарсы күресте саяси және экономикалық дербестігін қорғап қала білді. Мұхаммед қырғыз тарих сахнасынан кеткеннен кейін қырғыздар XVIII ғасырдың орта шеніне дейін қазақ хандары Тахирдің, Хакназардың, Тәуекелдің, Есімнің билігін танып келді, деректемелерде олар көбінесе «қазақ пен қырғыз патшалары» деп аталған.

XVII ғасырдың басында қазақтар мен қырғыздардың Аштарханилердің саяси істерінде бірлесіп қимылдағаны атап өтіледі. 1621 жылы Аштарханилердің әскерлері мен біріккен қазақ және қырғыз күштерінің арасында ең ірі шайқастардың бірі болды. Тұрсын хан 100 мыңдай жауынгер жинады, олардың 10 мыңын қырғыз тайпаларының көсемдері берді. Махмұд ибн Уәлидің мағлұматы бойынша, Имамкули хан әскерінің саны 160 мыңға жеткен¹⁰. Оның үстіне Аштарханилерге Әндіжанның билеушісі және Имамкули хан қойған қазақ сұлтаны Абылай өз әскерімен келіп қосылды. Қарсыластар Шахрухийа бекінісіне жақын жерде беттесті. Абылай сұлтан басқар-

ған жауынгерлер шайқастың ұрыс алаңын тастап кете бастаған кезінде Бұхара әскерінде үрей туып, Имамкули хан шегінді.

Қазақ хандарының Моғолстандағы Шағатай ұрпақтарымен: Тұрсынның Жаркент пен Қашғар ханы Абд әл-Латиф (Апақ) ханмен, Есімнің Шалыш пен Турфан билеушісі Абд ар-Рақым ханмен одақтастық қатынастары XVII ғасырдың бас кезіне жатады¹¹. Ол былай тұрсын, Есім хан барлық қазақтардың бірден-бір ханы деп танылмай тұрған кезеңде Абд ар-Рақым ханға кетуге мәжбүр болып, бес жылдан астам уақыт бойы өз қосынымен бірге соның жағында күреске қатысты.

Махмұд ибн Уәли Ақсу мен Бай ауданында күреске Есім ханның белсене қатысқанын мейлінше егжей-тегжейлі баяндайды. «Сол арада Абд ар-Рақым хан Шалыштан және Есім сұлтан Ташкенттен Ақсуға аттанды. Шынтемір оғлан деген жерде олар бір-бірімен кездесті. Осы жорық кезінде Абд ар-Рақым хан мен Есім сұлтан құдандалық және жақын туыстық [қатынастармен] достық байланыс орнатты: Абд ар-Рақым хан Есім сұлтанның бауыры Күшік сұлтанның қызымен неке құрып қосылды, ал Есім сұлтан Абд ар-Рақым ханның қызымен некеге тұрды»¹². Көрініп отырғанындай, қазақтар мен моғолдар арасындағы саяси одақтар әулеттік некелер арқылы баянды етілген. Шорастың «Хроникасында» Абд әл-Латиф ханның анасы Тұрсын ханның қарындасы Ханым-падишах болғаны атап өтіледі.

Қазақ сұлтандарының өзара тартысқан қырқыстары барған сайын асқына түсті, билеушілер Есім мен Тұрсын-Мұхаммед арасында араздық туды. Бұл жөнінде біз «Түріктер шежіресінің» авторы, Хорезмдегі өз бауыры Исфандийардан қашып кетіп, 1625/26 жылы Түркістан қаласындағы Есім ханды паналаған Әбілғазыдан мынадай егжей-тегжейлі мәліметтер табамыз: «...онда үш ай тұрдым. Бұл кезде Ташкентті Тұрсын хан билеп тұрған еді. Есім хан сонымен жүздесуге кетті. Тұрсын ханмен жүздескеннен кейін қайтып келіп, Есім мені ертіп ханға апарды, онымен таныстырып, былай деді: «Бұл — Жәдігер ханның баласы Әбілғазы. Осы кезге дейін бұл үйдің мүшелерінен бізге мейман болып әлі ешкім келген жоқ, ал біздерден оларға барғандар көп. Сіз Әбілғазыны өзіңізге алмайсыз ба?» Мен Тұрсын ханның қолында тұруға кеттім. Екі жылдан кейін Есім Тұрсын ханды өлтіріп, оның адамдарының көбін қырып тастады. Сонда мен Есім ханға былай дедім: «Мен сендерге өздеріңнен, екі ханнан, маған әлдебір пайдасы тиер деген үмітпен келген едім, ал сендерде мынадай болды. Мені Имамкули ханға (Бұхараға) жіберіңдер». — «Жақсы. бара ғой», — деп жауап қайырды Есім. Мен Имамкули ханға кеттім»¹³.

Алайда «Ламахат мин нафахат әл-кудсте» Тұрсын ханның өлтірілуінің басқа бір нұсқасы бар. Бұл шығармада бір жолы Тұрсын ханның ортаазиялық шейхтардың Сырдариядағы мүриттерден табыс алуына кедергі жасап, сол үшін Хазірет Азизанның қарғысына ұшырағаны және сол үшін кейін өмірінен айрылғаны туралы қызықты мәліметтер келтіріледі¹⁴.

Махмұд ибн Уәли «Бахр әл-асрарда» қазақ сұлтандарының соғысы мен Тұрсын ханның қаза табуын егжей-тегжейлі суреттейді. Сол кезде (1036—1627/28) Есім хан қалмақтарды шабуға кеткенде, Тұрсын сұлтан жағдайды пайдаланып, басып алу және оның адамдарын қырып салу үшін Түркістанға, Есім ханның ордасына қосын жіберген. Жауынгерлер көптеген адамдарды қырып, Есім сұлтанның әйелдері мен балаларын қолға түсірген. Тұрсын сұлтан Есімді өлтірмек болды. Сол арада Әндіжанның әміршісі қазақ сұлтаны Абылай Бұхара әмірі Имамкули ханмен бірігіп,

олар Ташкентке қарайтын Піскентке шабуыл жасаған; ұрыстардан кейін оны қазақ Үшқара сұлтаннан тартып алған. Содан соң Шахрухийаға барып, одан қазақ Мұрат сұлтанды қуып шықты. Осы жағдайлар Есім сұлтанға мәлім болған кезде, ол да Ташкентке бет алды¹⁵.

Ташкент төңірегінде қазақ хандары Есім мен Тұрсынның шайқасы болды. «Бахр әл-асрардың» мағлұматына қарағанда, Тұрсын сұлтан қаза тапқан: оны өзінің маңайындағылар өлтірген. Осыдан кейін Бұхара ханы Есім сұлтанға Ташкентті, Түркістанды билеу тізгінін тапсыру туралы грамота берді. 1628 жылы Тұрсынды өлтірумен бірге Есім хан Тұрсынға бағынатын қатаған қазақтардың қалдықтарын қырып тастады.

Қазақ хандары Есім мен Тұрсынның XVII ғасырдың бірінші ширегінде болған соғысына қырғыздардың қатысуы жөнінде аңыздар мен тарихи әңгімелердегі қызықты мәліметтер сақталған. Тұрсын хан өлтіріліп, оның әскері талқандалды деп хабарланады. Аңыз бойынша бұл Есімге берген аңтын бұзғаны үшін оған лайықты жаза болған. Қазақ тарихында Тәуке хан тұсында қырғыздарды Қоқым би Қарашорин басқарғаны көрсетілген. Ш. Ш. Уәлиханов Есім ханның (1630 жыл шамасында өмір сүрген) өз қарамағында қырғыздың ру басы Көкем би болғаны, соның көмегімен оның қатағандар мен шанышқылылардың Тұрсынын құлата алғаны туралы аңызды келтіреді¹⁶. Қырғыздар мен қазақтар одағының ескерткішіне Есім Ташкентте мұнара салғызды, ол осы кезге дейін тұр және «Көкемнің көк күмбезі» деп аталады¹⁷.

Махмұд ибн Уәлидің хабарларына қарағанда, Есім хан 1628 жылы өлген. Есім хан 1643 жылға дейін билік етті деген басқа мәліметтер де бар. Есім хан Түркістан қаласында, Қожа Ахмет Йассауи мешітінің қасына жерленген. «Есім ханның ескі жолы» ретінде белгілі Ереженің жасалуын соның есімімен байланыстыратын аңыз осы кезге дейін сақталған. Есім ханнан кейін Қазақ хандығын талас-тартыстар жаулап алды. Ташкент пен оның төңірегіне Әндіжанды иеленген Абылай сұлтан билік етті. Билік Есімнің ұлы Жәңгірдің қолына көшті.

2. XVII ҒАСЫРДЫҢ 30–50-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы күресінің тарихы сан ғасырға созылған күрделі процесс. Бұл мәселе қазақ халқы құралған кезінен пайда болып, оның бүкіл тарихымен біте қайнасып отырды. Қазақ хандығының құрылуы, оның ішкі дамуы, көлбеу және тік байланыстары, иерархиялық қатынастар, өзінің құндылықтар жүйесі, халықтық мінез-құлықтың қалыптасу ерекшелігі талай рет тарихтың қатаң сынағынан өтуге тиіс болды. Соңғы орта ғасырларда да солай болған, жаңа уақытта да солай болды.

XVII ғасырдың 30-50-жылдары қазақтарда мемлекеттілігі дамуында белгілі бір рөл атқарды, бұлар — түрлі аймақтардың өзара байланыстарының неғұрлым тығыз ұштасуы, қалалардың дамуы, қоғам құрылысында кейбір сословиелер мінез-құлқының өзгеруі, хан билігінің артуы, қазақ қауымына түрліше қол сұғушылыққа тойтарыс беруді ұйымдастыру. Түркістан, Жанкент, Сауран, Сайрам, Жаңақорған, Созақ, Шолаққорған қалалары мен басқа да қалалар басты маңыз алды.

Қазақстан шонжарлары қалаларды басқару ісіне, олардың жағдайын реттеуге белсене араласты. Қазақтардың ықпал өрісі ұлғая берді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында да өзгерістер болды. Сұлтандармен қатар билер институты жанданады, батырлардың әлеуметтік сословиесі көтеріледі. Қазақ мемлекеттілігінің категориясы ретінде сұлтандар рөлі артты. Шыққан тегі ғана емес, сонымен қатар жеке бас қасиеттері де маңызды рөл атқара бастады және «егер олардың әлдебіреуі жұртты өз соңынан ерте алатындай ықпалға қол жеткізсе, бұған ол өзінің «ақсүйектігі» арқылы емес, қайта жеке қасиеттері арқылы жететін; бірақ жеке қасиеттерімен өздері арасында жай қырғыздар, «қара халық» та дәл сондай ықпалға ие болатын»¹⁸.

Бұрынғы «ақсүйек» феодал-шонжарлармен — Шыңғыс ұрпақтарымен қатар қауымдар мен руларда жаңа әлеуметтік категориялардың маңызы өсті. Билер осындай болды. Егер Шыңғыс ұрпақтары өздерін жер иелену құқығы болғандықтан, халықтың қалған топтарының бәрінен жоғары қойса, ал билер байырғы қазақ рулары арасынан ақсақалдар және рухани тәлімгерлер ретінде көтерілді. Бұл да ежелден атақты тектен шығуына қарай орын алып келген еді. Алайда XVII ғасырдан бастап білімі мен өмірлік тәжірибесі жетік билердің қызметі арта түсті. Олар рулар көшіп жүретін жерлерге билік етті және өз қызметімен айналысуын іскерлік қасиеттерімен дәлелдеуге тиіс болды. XVII—XVIII ғасырлардағы билер туралы Шоқан Уәлиханов жазып қалдырған¹⁹.

Батырлар институтында да өзгерістер болмай қалған жоқ. Бұл — әскери сословиенің ерекше әлеуметтік тобы. Ақсүйек сұлтан немесе би, хан төңірегіндегілердің кез-келгені батыр бола алатын еді. «Батыр» деген терминнің өзі қазақ фольклорында өте кең таралған. Бұл термин XIV ғасырдан мәлім. Жеке басының қасиеттері арқасында қатардағы қауым мүшелері — «қара халық» ұрпақтары да батырлар қатарына көтеріле алды.

Билер мен сұлтандар арасында қазақ қауымдарына саяси ықпал ету жолындағы күрес жүрді. Кейбір билердің билігі елеулі болды және олар сұлтандармен санаспады. Қазақ қоғамында үстемдік етуші сословиелер ішінде қатты қайшылықтар болды. Бұл Есім ханға оның билігі артуында тежеу салды. Есім хан тұсында рулық шонжарлардың қатысуымен билер съездері мезгіл-мезгіл жиналып отырған деп жорамалдауға болады. XVII ғасырдың аяғында мұның «Жеті жарғы» заңдар жинағында енді норма ретінде көрсетілу фактісі осындай ойға жетелейді.

Жалпы алғанда, XVII ғасырдың екінші ширегінде Қазақ хандығы осындай болған. Қазақ халқының қорғайтын мемлекеттік аумағы да, оны қорғайтын адамдары да бар еді.

Өзі билік еткен жылдарда Есім ханның жоңғар факторымен үнемі санасып отыруына тура келді. Ол Есімнің сыртқы саяси қызметте негізгі бағыты болды және қазақ қоғамының ішкі өміріне едәуір ықпал етті.

Әр түрлі деректерге, мысалы, орыс жылнамаларына қарағанда, XVI ғасырдың аяғынан бастап жоңғар иеліктері Ертістің сол жақ жағалауында, Есіл мен Тобылдың жоғарғы ағыстарында болған.

XVII ғасырдың басына қарай жоңғарлардың көшіп жүрген қоныстары Ертістің орта бойы мен бас жағында, Қамыстыда, Тобылдың, Есілдің жоғарғы ағыстарында шашырап жатты, олардың кейбіреулері Жем, Жайық және Еділ өзендерінің аралығында орналасты.

Олардың арасында түрлі тайпалардың өкілдері — шорастар, дербенттер, торғауыттар, хошауыттар болды. Жоңғарлардың Ертістің жоғарғы ағысынан, Тарбағатайдан солтүстік-батысқа қарай ойысуын жайылым жолындағы күрес талап етті. Бұл жағдайларда қазақтар жоңғарларға елеулі қауіп төндірді. Жоңғарлардың Жайық пен Еділге қарай жылжу барысы өте баяу жүрді. Бұған әр түрлі және қайшылыққа толы жағдайлар ықпал етті. Сөйтіп ол отыз жылдан астам уақытқа созылды. Кейде олар Оралға, Үлкен Ноғай ордасына шапқыншылық жасап отырды. Бірақ сонан соң қайтадан Тобылдың, Есілдің жоғарғы ағыстарына, Ертіске қайтып оралатын. Олар бытыраңқы иеліктер болды. XVII ғасырдың басына қатысты мұндай мысалдар аз кездеспейтін еді²⁰.

Жоңғарлар қазақтардың көшіп жүретін қоныстары мен Ресей жері арасындағы аралық өңірді жайлады.

Жоңғар қауымдары жауынгерлік-әскери сипатта қалыптасты. Олар қазақтарға, башқұрттарға, ноғайларға, орыстарға қарсы соғысты. Олар Дешті Қыпшақ жерінде, бұрынғы Алтын Орданың ұлан-байтақ аймағында қалыптасқан ішкі тепе-теңдікті бұзып, ол жерлерден әр түрлі түркі тілдес этностарды ығыстырып шығарды.

Алтай және Жоңғар Алатауы шегінде қазақтар мен қырғыздардан 1629 жылы жеңіліс тапқаннан кейін және ішкі қырқыстардың салдарынан Хоурлық (Хо-Урлюк) бастаған жоңғарлар солтүстікке қарай бет алды²¹. Бұл жолы Есілдің, Тобылдың, Ырғыздың, Торғайдың, Жемнің бас жағындағы аудандарға екі мыңдай қожалықтың көшіп барып орналасуы Жоңғар қауымдарының жағдайын нығайтты.

Жоңғарлардың басым бөлігінің Тобылға, Жемге, Жайыққа, Еділге қарай баяу жылжып барып қоныстануы қазақтар, башқұрттар, ноғайлар, хиуалықтар, орыстар пайдаланатын жер алаптарында қалыптасқан тепе-теңдікті бұзды. Олар белгілі бағытта: Есіл мен Тобылдың жоғарғы ағыстары арқылы Жем мен Жайыққа қарай қозғалды. Онда сол кездің өзінде-ақ саны аз болса да қалмақтар бар еді, алайда олар қазақтар мен ноғайларға, башқұрттарға қарсы тұру үшін едәуір жеткілікті болатын²². Оның үстіне бұл жылжуында жоңғарлар Көшім ұрпақтарының қолдауына сүйенді²³.

Бұл жөнінде шығыстанушы В. В. Григорьев былай деген: «Сөйтіп, монғолдар мейлінше қысқа уақыт аралығында қайтадан Сібірден Үндістанға дейінгі және Қытайдан Кавказға дейінгі елдердің әміршілеріне айналды. Хоурлықтың ордасы 50 000 шаңыраққа дейін жетті және ұрыс алаңына 30 000-ға дейін жақсы қаруланған атты әскер шығара алатын еді, ал оның артынан, нақ сол Еділ бағытына басқа қалмақтар тобыры ілесіп келе жатты»²⁴.

Жоңғарлардың басым бөлігі Батысқа көшіп кеткеннен кейін көп кешікпей қазақ ханы Есім қайтыс болды²⁵. Есім хан билік еткен кездің өзінде-ақ оның ұлы Жәңгір (Жаһангер) көзге түскен болатын. Ол өз билігін ойрат қоныстары бір бөлігінің мойындауына мәжбүр етті. А. И. Левшиннің айтуынша, Жәңгір әкесімен бірге жоңғарларға қарсы соғыстарға қатысқан²⁶. Алайда олардың ешқайсысы хан болып сайланған жоқ. Осының өзі де Қазақ хандығындағы саяси жағдайды шиеленістірді. Қазақ иеліктерінде оқшауланушылық ниеттер басымдық алды.

Осы кезеңде жоңғарларда маңызды саяси оқиғалар болып өтті. 1635 жылы Жоңғар хандығы қалыптасады. Соның қарсаңында жоңғар ханы Қара-Құла өліп, хандық басына оның қонтайшы атағын қабылдаған ұлы Батыр келген еді.

Енді қазақтарға өздері сияқты жай көшпелі қауымдар емес, Жоңғар хандығы — Алтай тауының етегін ғана алып жатқанымен, Оралдан Алтайға дейінгі ұлан-байтақ кеңістікті қамтыған неғұрлым ұйымдасқан саяси күш қарсы тұрды. Алайда Қазақ хандығы үш жағынан жоңғар әміршілерінің жекелеген иеліктерінің қоршауында қалды. Жоңғарлардың шашыранқылығымен салыстырғанда, Қазақ хандығы едәуір жинақы болатын.

Нақ сол 1635 жылы қазақ-жоңғар соғысы басталды. Шабуыл жасаушы жақ Батыр қонтайшы бастаған Жоңғар хандығы еді. Қазақтар жоңғарлардың атты жасақтарының тегеуірінен қорғануға мәжбүр болды. Алайда түрл сұлтандар арасында қалыптасқан жағдай туралы әр түрлі пікірлер мен ұсыныстар орын алды. Жоңғарларға қарсы кезекті күресті басқаруға қабілетті қазақ жасақтарын біріктіріп, оларды бастай алатын тарихи тұлға қажет болды. Оқиғалар Жәңгірді осындай қатерлі де батыл қадамға жетеледі. Жәңгір бастаған қазақ жасақтары жоңғар тайшыларына қарсы шайқасқа шықты. Бұл оқиғалар туралы замандастары — сібір татарлары мынадай мағлұмат береді: «Қара қалмақ тайшы, Талай тайшы, Қонтайшы да, Құжы тайшы да, Торғыша тайшы да, барлық қара қалмақтарымен бірге, осы қыста Қазақ ордасына аттанды, ал Қазақ ордасының адамдары қара қалмақтарға қарсы шықты. Сөйтіп қара қалмақтар Қазақ ордасының адамдарымен кездесті де, оларда жойқын соғыс болды. Ал қара қалмақтар Қазақ ордасының адамдарын қырып салып, олардан Есімнің ұлы Жәңгір ханзаданы тұтқындады, ал Есім Қазақ ордасында, әлгі ханзада қара қалмақтарда патша болған еді»²⁷. Сөйтіп Жәңгір жоңғарларға тұтқынға түсіп, өз жауларының қорлығын бастан кешірген алғашқы қазақ хандарының бірі болды. Алайда нақ сол құжатта «және өзге де қара қалмақтар, нақ сол Талай тайшы жолдастарымен бірге тағы да Қазақ ордасына соғысқа аттанды» деген қосымша бар. Демек соғыс қимылдары 1635 жылы басталып, одан кейінгі жылдарда жалғастырылған.

Қазақ жасақтары бір жағдайларда жеңіліс тауып, басқа бір жағдайларда олардың жолы болып отырған. Осындай бір сәтті аяқталған жағдайда Жәңгір тұтқыннан босатылған. Жәңгірдің тұтқыннан қайтып келуі оның жағдайын бұрынғысынан да қиындатып жіберді. Тұтқында болу масқарасы, қорлайтындай болып босатылуы, қазақ феодалдарының өзара қырқысқан талас-тартыстары, қазақ қоғамында ішкі тепе-тендіктің болмауы, жоңғарлар қысымының күшейе түсуі — осының бәрі бірден Жәңгірге танылды. Алайда әкесінің беделі мен жеке басының қасиеттері Жәңгірді құтқарып қалды. Ол батырлармен және билермен өз қатынастарын сәтті орнатады, Бұхара және Хиуа хандарымен өзара қатынастарға ерекше назар аударады. Жәңгірдің беделі тез өсті. Уақытының көп бөлігін ол Түркістан қаласында өткізді — қоғамдық өмірдің қызық ортасында болып, өз бақталастарының жағдайын және жоңғарлардың қозғалуын бақылап отыру керек еді. Күш-жігерді ғана емес, ақыл-ойды да қоса жұмсауды қажет етті. Жәңгір өзін белсенді қайраткер ретінде көрсете алды.

Жәңгір Бұхара хандығының әйгілі қайраткері, Самарқанд сарайларын салғызушы Жалантөспен жақсы қатынастар орнатады²⁸. Бұл кезеңде, қазақтар Бұхара хандығымен тығыз байланысты болатын, олардың бір бөлігі онда тұрақты ірге тепкен еді. Бұхара билеушілері арасында Абдул-Васидің жағдайы елеулі болды. Жалантөс Баһадүр (1576—1656) де Бұхара хандығында маңызды рөл атқарды. Аңыз бойынша ол Сырдарияның төменгі ағысында Кіші жүздің Әлім тайпасының төртқара руының қазақтары арасында туған. Шығай ханның

ауылдарымен бірге Жалаңтөстің үй-іші Нұрата тауларына, Бұхара маңайына көшіп барған. Бұхара ханы Имамкули 1612 жылы қазақ хандығымен достық пен өзара түсіністікті сақтау мақсатымен Жалаңтөсті Самарқанд қаласының әмірі етіп тағайындаған. Жалаңтөс жас кезінен-ақ батыр деп танылған еді. 1625 жылы жоңғар қалмақтарымен ұрыста көзге түсіп, құрметті «аталық» атағына ие болды. 1640 жылы Жалаңтөс Баһадүр 30 мындық жасағымен Батыр қонтайшы бастаған қалың жоңғар әскеріне күйрете соққы берді. Жалаңтөс көрнекті әскербасы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар архитектура мен өнер тарихында да елеулі із қалдырды. Оның тұсында Самарқанд қаласында Орталық Азия халықтарының мәдени мұрасында маңызды орын алатын, «Самарқан сәулетінің таңғажайыбы» саналатын орасан зор Тилля Қара мешіті мен Шир-Дор медресесі салынды. Жалаңтөстің есімі Шир-Дор қасбетінің ішкі жағына құрылысшылар жасаған жазбамен мәңгілікке қалдырылған.

Жәңгір Шығыс Түркістанның билеушілерімен де қатынас жасап тұрды. Оның үстіне бұған Жалаңтөстің ұлы Тәуке сұлтан да қатысты. «Шах Махмұд бен Мир Фазыл Шорастың тарихында» Шығыс Түркістанның хандарымен оған жоңғарлар басып кірген кезеңде Жәңгір хан жүргізген келіссөздер туралы былай делінген: «Сол кезде Жаһангер ханнан Шайх Хаванд Тахур ұрпақтарынан шыққан Жүніс-Қожа деген елші келді. Бұл жақтан Қожа Сеид Мұхаммед-халифаның ұлы Софы-Қожа жіберілді — оларға (Алланың) рахымы жаусын. Жаһангер хан Софы-Қожамен бірге өзінің ұлы Тәуке сұлтанды жіберді. Хан монархтық ізгілік көрсетіп, оған патшаға лайықты мейірбандылық көрсетті және оған Қошқар бекті ертіп жіберді. Сол кезде Жаһангер хан Ахунд Молла Жақыпты және Қожа Жанқожаның ұлы Уап қожаны өлтірді — иә, оларға (Алланың) рақымы түсіп, қайырымын берсін. (Жаһангер хан) ханға Қошқар бекпен өзінің үлкен ұлы Абақ сұлтанды беріп жіберді. Жолбарыс ханға өзінің қызын ұзатты»²⁹.

Жәңгір тіпті көршілес елдерге елшіліктер ұйымдастырды. 1640 жылдың қыркүйегінде Жәңгірдің елшілері Батыр қонтайшының ордасында болды. Сол кезде онда Ресей елшілері де болған еді. Меньшой-Ремезов өзінің статьялық тізімінде былай деп жазған: «Ал өзі, Меньшой, патша ағзамның сәлемін тапсырған кезде қонтайшыда Хоурлықтың ұлы Ильден тайшы және Бұхараның, Қазақ Ордасынан Жәңгір ханзаданың төрт елшісі және Далай-ламалар болды»³⁰.

Бұл деректер Жәңгірдің саяси қызметі өзі хан болып жарияланғанға дейін-ақ басталғанын дәлелдейді. Ол былай тұрсын, оның аты мен қызметі жоңғар қонтайшылары Қара-Құлаға, Батырға және басқаларына мәлім болған.

Жоңғар хандығы маньчжур дәмеленуіне қарсы ойдағыдай шабуыл жасады, 1640 жылғы «Дала ережесі» қабылданды. Жоңғар тайшылары Сібір воеводаларына қатер төндірді, оңтүстіктегі көршілеріне өз ықпалын күшейте түсті. Түрлі аймақтардағы қазақтарға да жаңа қатер төніп келе жатты.

Жәңгір мұны біліп, мүмкін болғанынша шаралар қолданды. Қазақ жасақтарын жинап, көрші билеушілерден көмек сұрау қажет болатын.

Өз кезегінде Батыр қонтайшы да Жетісуға шабуыл жасау үшін одақ құрды. Бұл одаққа халхастық Алтын ханның ұлы Омбо-Эрдени, Батыр қонтайшының күйеу баласы Огирту-Цэцэн хан, Огиртудың інісі Абылай хан, Чокур тайшы, Солтан тайшы (холт) және көптеген ұсақ тайшылар қосылды.

1643—1647 жылдарда жаңа қазақ-жоңғар соғысы басталды. Ол осының

алдындағы оқиғалардың барысымен, жоңғар феодалдарының және Батыр қонтайшының ниеттерімен дайындалған еді. Жалпы Батыр 50 мың адамдық әскер жинай алды. Бұған негізінен түрлі топтардағы жоңғарлар және олардың одақтастары — Орталық Азияның монғол халықтары кірді. 1643 жылы Батыр Тянь-Шаньның оңтүстік сілемдеріндегі жерлердің бір бөлігін басып алды, бірнеше мың қазақтар мен қырғыздарды тұтқынға түсірді³¹.

Сонда Жәңгір Бұхара хандығының ықпалды төресі әйгілі әмір Жалантөстен көмек сұрады. Тянь-Шань қырғыздарының әміршілерімен де уағдаластыққа қол жеткізілді. Олар көмек көрсетуге уәде берді.

Жағдай жедел қимылдауды талап етті. Жиналған жасақпен Жәңгір Жоңғар Алатауына, Орбұлақ деген жерге жетті. Қазақ ханы сол жерде жоңғарлардың беталысын бақылап жатты.

Жәңгір сұлтанда небәрі 600 қаруланған атты әскер бар еді. Бұлар тандаулы жасақтар болатын. Олардың арасында Шапырашты Қарасай, Арғын Ағантай, Алшын Жиёмбет, Қанлы Сарпық, Найман Көксерек, Дулат Жаксығұл, Суан Елтынды батырлар болды.

Жоңғарларға қарсы күресте Жәңгір тапқыр әрі дұрыс айла-тәсіл қолданды. Оны А. И. Левшин былайша суреттейді: «Осы бір ат төбеліндей аз адамдармен ашық шайқасқа шыға алмаған ол адамдарының бір жартысын екі таудың арасындағы табаны терең сай және жан-жағы биік жартақ шатқалға орналастырып, өзі екінші бөлігімен таудың арғы жағында тығылып тұрды. Жоңғарлар бекініске жақындап келіп, оған лап қойды, міне сол уақытта, жердің тар болуы себепті қоршап алуға өте тиімсіз шайқаста көп адамдарынан айрылған кезде, Жәңгір оларға желке тұсынан тап берді. Бұл соққының күтпеген жерден жасалуы, осы үшін тандап алынған жауынгерлердің қаһармандығы және олардың бәрі тамаша мылтықтармен жарактандырылуы Батырды көп шығынға ұшыратты»³².

Жәңгір әскерлері санының осынша аз болуын екі жағдаймен түсіндіруге болады. Бірінші жағдайды М. Тынышбаев келтірген. Ол «Жәңгірдің билігі әлі нығайып үлгірген жоқ еді» деп жазған³³. Оның үстіне сол кезде Есім ханның өлгені дәл анықталмаған болатын. Сондықтан М. Тынышбаев бұл хан сайлардың алдындағы уақыт еді деп санаған. Алайда 1628 жылдан 1643 жылға дейінгі уақыт — едәуір ұзақ мерзім. Шынына келгенде Жәңгірде әскер санының осындай аз болуы төтенше жағдайлармен ғана түсіндірілуі мүмкін. Өкінішке қарай бізде Жәңгірдің хан жариялануының дәл мерзімі жоқ. Оның 1635 жылы әлі тек сұлтан екені мәлім. Жәңгірді хан деп жариялау туралы алауыздықтар мен дау-дамайлар болғанын дәлелдейтін мән-жайлар бар. Бұл атақтан басқа адамдар да үміттенген. Мұндай жағдайда Орбұлақтағы шайқас кезеңіне дейін де Жәңгірдің әлі хан деп жарияланбаған болуы әбден мүмкін.

XVII ғасырдың бірінші үштен біріндегі жоңғарлармен соғыс қақтығыстарының нәтижесінде, сайып келгенде, жоңғарлар қазақтардың қоныстарына қауіп төндірді. Үрейлі көңіл күй туды. Осындай қиын-қыстау жағдайда Жәңгір қатерлі қадам жасады. Хан сайлауға байланысты таластың ұзаққа созылуы да қатерлі, бірақ ойластырылған шешім қабылдауға итермеледі. Орбұлақ шайқасы сондай қадам болды.

Біздіңше, Жәңгір әскері санының аз болуы әлдеқайда оңай түсіндіріледі. Тауда қимыл жасау, торуылға қатысу үшін жауынгерлер санының көп болуы қажет емес, артық адамдар ойлаған ойды жүзеге асыруға тек кедергі жасауы

мүмкін. Өйткені бұл ашық жердегі шайқас емес. Әрине, оралымдық та айтарлықтай рөл атқарады. Көмек күтуге мүмкіндік де аз еді.

Жоңғар Алатауындағы оқиғалардың баяндалуы қазіргі күндерде архив құжаттарында расталып отыр. Оларда Жәңгірдің өз адамдарының жартысын шағын окоптар немесе редуттар желісін салып, тауларға орналастырғаны айтылады. Деректемелерде олар шанцтар деп аталады.

Жоңғарияға жіберілген орыс елшісі, Тобольскідегі атаман Гавриил Ильин былай деген: «Сөйтіп Жәңгір тастар арасынан шанцтар қаздырып, сол шанцтарға ұрыстарға талай кіріп, майдандарда шындалған 300 адамды отырғызған, ал өзі тастың арғы жағында үш жүз адамымен жасырынып тұрған. Ал ол тайшы жауынгерлерімен шанцтарға кіргенде, шанцтарда жасырынған әскерлер Қонтайшының көп адамдарын қырып салған»³⁴. Жартастар арасында жоңғарлар бірнеше мың адамынан айрылды. Сөйтіп шайқас сол мандағы сай-салалы жерлерде өтетіндей жағдай қалыптасты. Күші басым жоңғарлар жеңіске жете алатын, алайда қазақ жасақтарына көп күш келіп қосылды. Әр жерден жиналған жасақтармен Самарқандтан Бұхара хандығында әмір болып жүрген қазақ батыры Жалаңтөс келіп жетті, Жәңгірге қырғыз жасақтары да көмекке келді. Қазақ жауынгерлерімен қырғыз батырлары Көтен мен Табайдың иық түйістіре қатысқаны мәлім. Жаңа шайқаста Жәңгір бастаған қазақ жасақтары жеңіске жетті.

Сөйтіп екі үлкен аяқас болды. Біреуі — жоңғарлар торуылға тап болған тауда, екіншісі ашық жерде көп әскердің қатысуымен өтті. Бұл жөнінде сол кезеңдегі құжатта былай делінген: «Сөйтіп Қонтайшыға басқа жағынан жасақтарымен Жәңгірдің өзі келіп, сол екі шайқаста қонтайшының 10 мыңнан астам адамын қырып салды»³⁵.

Қазақ шежірелері мен халық аңыздарының деректері бойынша, шайқас Жоңғар Алатауында, Орбұлақ деген жерде болған. Бұл неғұрлым кейінгі кездегі карталарда да расталады. Ірі оқиғалармен қатар Орбұлақ шайқасы да қазақ халқының тарихына енді. Жәңгір Салқам («Айбатты») деп аталып кетті. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов былай деп жазды: «XVII ғасырдың екінші ширегінде, нақ сол Есім хан тұсында, қырғыз-қазақтардың күшейіп алған қалмақ (жоңғар) әміршілеріне қарсы күресі басталды; Есімнің ұлы Жаһангердің 1643 жылғы Батырхан тайшымен соғысы туралы Фишер баяндаған»³⁶. Шынында да, Қазақ хандығының Жәңгір бастаған күресі туралы мәселе тарихнамада XVIII ғасырдан бастап қозғалған.

Батыр қонтайшы Қазақ хандығына қарсы күресу үшін тағы да бар күш-жігерін салып, қазақ даласына жорық жасауға дайындық бастады. Одан кейінгі жылдарда соғыс қайта жалғастырылды.

1646 жылы Батыр өзінің бұрынғы жеңілісі үшін жаңа жорық жасады. Бұл жөнінде тобыл бояры Данила Аршинский былай деген: «Ал олар жолдастарымен бірге Данила келгенге дейін қонтайшы Қазақ ордасына Жәңгір ханзадаға қарсы соғысып, көптеген адамдарды қырыпты, оның үстіне Жәңгірдің інісін әйелімен, балаларымен және көп адамдарымен бірге тұтқынға алыпты»³⁷. 1647 жылы Жоңғар елшісі Хорохай Далдин Томскінің өкімет орындарына былай деп хабарлаған: «Қонтайшының қара қалмақтармен Күнделен-Убашымен соғыстары болды. Иә ол Қазақ ордасымен де шайқасты және кейін олармен солар жағынан бұзықтық болғанға дейін бітісті»³⁸. Осымен соғыс қимылдары тынды, соғыс аяқталды. Бейбітшілік орнады. «Жәңгірмен достық байланыстары бар Күнделен тайшы Батырға белгілі бір қысым жаса-

ған болуы мүмкін»³⁹, — дегенде, сірә, В. А. Моисеев дұрыс жорамалдаған болса керек.

1643—1647 жылдардағы қазақ-жоңғар соғысының қазақ қоғамы үшін зор маңызы болды. Қоғамдық санада жоңғар жаулап алушыларына қарсы ұзаққа созылған күресте жасақтарды дұрыс ұйымдастыру, бір орталықтан басшылық жасау, өзара қол ұшын беру қажет деген идея орнықты. Алайда бұл соғыстың ойрат қоғамы үшін де өз зардаптары болды. Онда өзара қырқысқан күрестің жаңа дүмпуі басталды. Бұрыннан келе жатқан ішкі феодаларалық қайшылықтар айқын көрінді.

Сөйтіп, жоңғарлардың XVII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоныстары аумағына басып кіруі қазақтардың, қырғыздардың, башқұрттардың, ноғайлардың, қарақалпақтардың қалыптасқан шаруашылық аудандарын бұзды. Қазақтың Есім ханы жоңғар тайшыларымен өзара қатынастарды шешуге көп күш жұмсады. XVII ғасырдың екінші ширегінде қазақ халқының жоңғар жаулап алушыларына қарсы күресін Жәңгір хан басқарды. Ол ортақ жауға күресте әр түрлі қазақ руларының бірлігіне қол жеткізе алды. Ханның дипломатиялық қызметі Шығыс Түркістанның, Бұхараның; Тянь-Шань қырғыздарының билеушілерімен одақ жасасуға бағытталды. 1643—1644 жылдардағы соғыс қимылдары Жәңгірдің әскери өнерін, жағдайға қарай дұрыс бағдар алуға, шешуші сәтте жауынгерлерді жігерлендіруге, соғыс қимылдарына жеке өзінің қатысуы арқылы жәрдемдесуге шеберлігін көрсетті. Осы қасиеттің бәрі Орбұлақ маңындағы шайқаста айқын көрінді. Қазақ жауынгерлері өздерінің батылдығымен және жанқиярлығымен өз жерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғай алатынын көрсетті.

3. ТӘУКЕ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ БИЛІКТІҢ НЫҒАЮЫ. «ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

Қазақ хандығының билігі 1680 жылы Жәңгірдің ұлы Тәукеге көшті. Жаңа билеуші көреген саясаткер, ақылды дипломат, күдіретті хан болды. Тәуке ханның өзіне дейінгілерден айырмашылығы — хандықтағы ерекше әлеуметтік топты құрайтын, дала ақсүйектерінің өкілі билердің көмегімен өзінің үстемдігін нығайтуға тырысты. Дәстүрлі қазақ қоғамында билерге ерекше маңыз берілді. Билердің шаруашылық, әдетті-құқық, әскери және идеологиялық міндеттерді атқаруда ерекше рөлі болды. Алайда, олар Шыңғыс ұрпақтарына жатпайтын еді. Төңірегіне беделді билерді топтастырған Тәуке «билер кеңесінің» қолдауына сүйене отырып, хан билігіне ашық түрде қарсы шығушы Шыңғыс ұрпақтарына қарсы күрес жүргізді. Билер кеңесі халықтың айтуынша Тәуке ханға дейін, аңызға айналған Майқы би заманында-ақ белгілі болған. Билер мәжілісі ерекше жағдайларда, аса маңызды мәселелерді шешуге ғана шақырылған. Билер кеңесінің қызметін ретке келтіруде Тәуке бірқатар шаралар қабылдады. Ол билер съезінің өтетін жері мен уақытын белгіледі. Ханның маңызды билік жүйесі болып табылатын билер кеңесі әрдайым Тәуке ханның белгілі бір ордасында: Түркістан қаласы жанындағы Битөбеде, Сайрам қаласының маңындағы Мартөбеде және Сырдария облысының Ангрен қаласына жақын жердегі Күлтөбеде өткізілген⁴⁰.

Тәуке хан даулы істерді шешуде билер сотының беделін арттырып, билер кеңесін кесімді үкім шығаруда ерекше органға айналдырды. Осыдан бастап

билер кеңесі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатындағы аса маңызды мәселелерді шешетін тұрақты жүйеге айналды.

Билер кеңесінің шешімі міндетті түрде жүзеге асырылды. Оның бірде-бір шешімін немесе үкімін келесі билер кеңесінің мәжілісіне дейін ешкім де өзгерте алмайтын еді.

Тәуке хан билігінің бір бөлігін беру жолымен ықпалды билерді мемлекеттік істерге таратуға бағытталған саясат ұстанды. Ол қазақтың үш жүзінің ең беделді билерінің қатысуымен билер кеңесін сәтті ұйымдастырып отырды. Ұлы жүзде Төле бидің, Орта жүзде Қазыбек бидің, Кіші жүзде Әйтеке бидің беделі ерекше болды. Олардың даналығы мен кемеңгерлігі ойрат жаулап алушыларына қарсы қазақ халқының күшін біріктіруге, сондай-ақ хандықты ауыр сындардан аман алып өтуге бағытталды.

Үш жүздің басын құраудағы саяси оқиғада билер кеңесі үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар Тәуке хан өзінің билігі мен саясатында «би-батырлар тірегін» кеңейтуге тырысты. Кеңеске барлық рулардың қатардағы билері мен әскербасылары және батырлары көптеп шақырыла бастады.

Билердің мүддесін көздей отырып, Тәуке өз билігін нығайтты. Мұның барлығы қазақ тайпалары мен көшпелілер арасында жоғарғы билікті күшейтуге мүмкіндік берді. Сонымен, қазақ қоғамын ішкі саяси қайта құрулар хандық өкімет билігін орталықтандыруға тырысқан әрекет болды.

Қазақ ақсүйектерінің Тәуке хан бастаған белгілі бір тобы Орта Азиямен сауданы дамытуға мүдделі болды. Шамамен 1687—1688 жылдары Тәуке Ташкент жайлы Бұхара ханы Субханкулимен келіссөздер жүргізді. Сырдария өңіріндегі Тәукенің хандық билігі берік болды, оның астанасы Түркістан қаласы еді.

Тәуке хан орыс-қазақ қатынастарының жақындасуына табандылықпен қол жеткізді. Ол 1686—1693 жылдары Сібірге бес елшілік жіберді. Мұнда Тәуке орыс-қазақ қатынастарының өзара тең дәрежеде дамуын нығайтуға айқын мүдделілігін танытты. Бейбіт халықты өлтіру, тонау, мал-мүлкін тартып алу, жүздеген адамдарды тұтқынға алу, өзара шапқыншылықтарға байланысты туған қиындықтарға қарамастан, Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы бейбіт қарым-қатынастар сақтала берді. XVII—XVIII ғасырларда елшіліктер алмасу екі ел арасындағы саяси және сауда қатынастарын кеңейтті.

Тәуке ханның билік еткен кезеңінде қазақ-ойрат қатынастары шиеленісті. Галдан-Бошокту (1670—1697) билеген кезде, әсіресе оның мұрагері Цеван-Работан (1697—1727) өкімет басына келгенде қазақ-қалмақ қатынастары қатты шиеленісіп кетті. 1698 жылдан ойраттар мен қазақ әміршілері арасындағы қарулы қақтығыстардың жаңа кезеңі басталды. Жоңғардың әскери шонжарлары маңызды сауда жолдары өтетін және ірі сауда орталықтары орналасқан Оңтүстік Қазақстанның аумағын басып алуды көкседі. Қазақтың Сығанақ, Түркістан, Отырар, Сайрам, әсіресе Созақ қалалары жоңғарлармен күресте өзіндік стратегиялық тірек бекетіне айналды. Тәуке ханның ойраттармен күрестегі кейбір сәттіліктері оған үлкен жеңіс әкелмеді, соғыс белсенділігі ойраттардың жағында болды. Қалмақ-қазақ қырқыстары толассыз жүргізілді. Олардың 1711—12, 1714, 1717 жылдардағылары ерекше еді. Жоңғария қазақтарға аса қатерлі қауіп төндірді.

1718 жылы қазақтың барлық үш жүзіне билігі толық тараған қазақ хандарының соңғысы Тәуке қайтыс болды. Тәуке ханның тұсында қазақ хандығы бір орталыққа бағынған мемлекет еді.

«Жеті жарғы». Тәуке хан билік құрып тұрған кезінде қазақтардың әдеттегі құқық нормалары бір жүйеге келтіріліп, толықтырылды. Тұжырымдалған заңдар «Жеті жарғы» деген атпен мәлім, мұның өзі сөзбе-сөз алғанда «жеті ереже» деген сөз. Оларда орта ғасырдағы қазақ қоғамының патриархаттық-феодалдық құқығының негізгі принциптері мен нормалары баянды етілген. Ғылыми әдебиетте бұл заң құжаты «Тәуке ханның ережесі» немесе «Тәуке ханның заңдары» деп аталады. Деректемелерде «Ереженің» авторы кім болғаны жөнінде мәліметтер жоқ. Тарихи аңыздарға қарағанда, оны жасаушы Тәуке хан делінеді: ол Күлтөбе деген жерде үш жүздің басты билерінің басын қосқан, сөйтіп олар «Қасым мен Есім хандардың ескі әдет-ғұрыптарын» Жеті жарғы деп аталатын нормаға біріктірген деседі.

«Тәуке хан ережесінің» негіздері туралы қайсыбір тиянақты пікір айту қиын; кейбір ғалымдар оның негіздерін Шыңғыс-ханның Ясасынан іздейді, енді біреулері Жеті жарғы Ясадан мүлдем тәуелсіз жазылған деседі. Яса әдеттегі құқықтың жемісі болғандықтан, өз кезінде Ясаның құрамына кіріп, XVII ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамы жағдайында өз маңызын жоғалтпаған оның дәстүрлі нормаларын Жеті жарғыны жасаушылардың ескергені, бірақ өз заманының талаптарына сәйкес пайдаланғаны табиғи нәрсе. Тегінде, Жеті жарғының негізгі көзі деп бәрінен бұрын қазақтардың әдеттегі байырғы құқығын, сондай-ақ Тәукеден бұрын өмір сүрген қазақ хандарының жазылмаған заң ережелерін мойындаған жөн. Заңдарға негізінен алғанда қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери-саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне сәйкес келетін ережелер енгізілген. Жеті жарғыны жасау қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларын қазақтың феодалдық қоғамының жаңа қажеттеріне бейімдеу, бұл орайда ол нормалардың феодал шонжарлардың мүдделеріне сай келетіндерін ғана сақтау мақсатын көздеді. Сөйтіп, Тәуке ханның «Ережесінде» сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және құқықтық нормалары заң жүзінде баянды етілді. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған.

Әкімшілік-құқық нормалары мен қылмысты іс құқығы. Жеті жарғы бойынша, жоғарғы билік ханның қолында шоғырлануға тиіс болды. Заңдардың жекелеген баптарына қарағанда, хан жоғарғы судья болған, ол қылмысы және теріс қылықтары үшін соттап, жазаға тартқан, шағымдарды қараған, салық салу тәртібін белгілеген. Жеті жарғы тармақтарының бірінде сұлтандар мен ру-тайпа ақсақалдары арқылы хандықты басқару тәртібі нақтылана түскен: «Халық істері туралы пікірлесу үшін ханның өзі, сондай-ақ барлық сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен билеушілері қазақ даласының ортасындағы бір жерге күз кезінде жиналатын болсын»⁴¹. Бұл орайда олардың бәрі де «халық жиналысына» қару-жарағымен келуге тиіс болды. Бұл талаптың қатаң болғаны соншалық, құрылтай жиналысына қарусыз келген адамның дауыс беруге құқығы болмаған және барлық әдет-ғұрыпқа қарамай, жасы кішілер оған орын бермей отыра берген.

Жеті жарғы хан мен билердің пайдасына түрлі алымдар жинауды заңдастырды. Заңдардың бір ережесінде: «Сұлтандардан басқа қару асына алатын әрбір адам ханға және халық билеушілеріне жыл сайын өзінің мал-мүлкінің жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде салық төлеп отыратын болсын», — делінген.

Орта ғасырдағы басқа да құқықтық ескерткіштердегі сияқты, Жеті жарғы-

Сей законъ былъ, а въспомнявъ, что они
идутъ они со влѣхами, есть предположеніе
замеченнаго Хама ихъ Тавки а), который,
если вѣрныя предвѣнія, былъ действительно
во въ своемъ родѣ Геній, и въ законныхъ
Казачьихъ долженъ стоять на ряду съ Со-
лонами и Ликургами. Усмиривъ волнованіе
всѣхъ долго роды и поколѣнія, онъ не только
ввелъ въ нихъ устройство, порядокъ, но и
далъ имъ много законовъ.

Киргизы Большой и Средней Орды утвер-
ждаютъ, что народныя законы ихъ гораздо
древнѣе Хама Тавки.

Не останавливаясь на изысканіяхъ о томъ,
кому принадлежить первоначально законода-
тельство Киргизъ-Казачьяго, изложимъ крат-
кій сводъ оныхъ.

Первое иѣсно въ немъ занимаетъ законъ
оказнѣдія: за кровь мститъ кровью, за увѣ-
че навѣки-же увѣчаемъ. (Droit du talion)

За воровство, грабежъ, насиліе, прелюбо-
дѣліе казнятъ смертію.

По силѣ постановленій, родственники
убиитаго имеютъ право лишать жизни убій-
цу: а отрубивши руку, ногу, ухо и проч.

а) См. Исторія описаніе.

должна была делаться по частям, а не
 Впроче, каковыя могутъ бытьъ соглаше-
 ния по приговорамъ судей, или согласію
 ность, и тогда преступникъ наказывался
 только установленною за всякое преступле-
 ние платою а). Убийца возвращаетъ свою
 жизнь, платя Кунъ, т. е. отдавая за убита-
 го убитого мужчину 1000, а за женщину
 500 барановъ. Изувичишій, или опрубишій
 другому какой нибудь членъ, платитъ рав-
 нымъ образомъ определенное число скотинъ.
 Большой палець стоитъ 100 барановъ, по-
 зивецъ 20, и такъ далѣе.

Кто убьетъ Султана или Ходжу, тотъ
 платитъ родственникамъ убитого Кунъ за
 семь человекъ. Обида Султана, или Ходжи
 словами, наказывается пенею въ 9 скотинъ;
 а за побой 27 скотинъ.

Если жена умертвитъ мужа, то она ве-
 премьню предается смертной казни, оныя

а) Законъ, известный въ Моголианамъ: ибо онъ осно-
 ванъ на Коранѣ, котораго въ частн 1-й, главъ подъ словомъ:
 талица (Руск. перек.) сказано: прѣобърнысі елико преступити
 се законѣ воздавати равнас за равнас: для убити
 но если братъ преступитъ кровь брата своего: то съ пре-
 ступителемъ можно взыскати другое какое возмездіе.

да да қылмысты іс-құқық нормаларына негізгі орын берілген. Қылмысты әрекеттер тізбесіне мыналар енгізілген: кісі өлтіру, мертіктіру, әйелді зорлау, соққыға жығу, қорлау, баланың әкеге ілтипатын сақтамау, ұрлық істеу, некебұзарлық және басқалары. Жеті жарғыда адамның жеке басына қарсы, мал-мүлік қатынастарына қарсы жауапкершілік, отбасы-неке қатынастары мен дін саласындағы т. б. қылмыс жасағандығы үшін жауапкершілік көзделген.

Жасаған қылмыстары үшін кінәлілер түрлі жазаларға тартылған. Жеті жарғыда «қанға қанмен, мертіктірсе мертіктірумен кек қайтару» заңы сақталды. Бірақ билердің үкімі бойынша немесе талапкерлердің келісуі бойынша жаза жеңілдетілетін болған, мұндайда қылмыскер кез келген қылмысы үшін тек қана белгіленген құн төлеп жазаланатын. Алайда құн төлеп құтылу мүмкіндігі әрдайым беріле бермеген. Төрт жағдайда: 1) егер әйелі күйеуін өлтірсе және күйеуінің туыстары оны кешірмейтін болса; 2) егер «әйел көлдененен тапқан баласын ұялғаннан өлтіретін болса»; 3) егер өз әйелінің көзіне шөп салғанына күйеуінің көзі жеткен болса; 4) егер құдайға тіл тигізгені анықталса, өлім жазасына кесу заңдастырылған. Өлім жазасы екі түрлі болған: дарға асқан және тас лақтырып өлтірген (құдайға тіл тигізгені үшін).

Жазалаудың ең көп тараған түрі құн төлеу болған. Талапкерлердің келісуі бойынша, тіпті кісі өлтірген адамдар да құн төлеу арқылы өмірін сақтап қала алған. Қылмыскердің және өлген адамның (атақты адам — кедей адам, мырза — құл) әлеуметтік тегіне байланысты құн мөлшерінің өзгеріп отыруы Жеті жарғының таптық сипатын дәлелдейді. Мәселен, өлтірілген қатардағы ер кісі үшін кісі өлтіруші оның туыстарына 1000 қой, әйел үшін 500 қой төлеген, ал сұлтан мен қожаны өлтіргені үшін жеті адамның құны алынған; құлдың құны бүркіттің немесе аң аулайтын тазының құнына теңелген. Дене мүшелеріне зақым келтіргені үшін де белгілі мөлшерде мал төлеген: бас бармақ — 100 қой, шынашақ — жиырма қой т. б. тұрған.

Ұрлық жасаған кезде ұрлаған заттың құны иесіне «үш тоғыз» етіп қайтарылуға тиіс болған. Егер мал ұрланған болса, бұған кінәлі адам «түйе үшін — бір тұтқын, жылқы үшін — бір түйе, қой үшін — бір жылқы қосып беруге тиіс болған. Жүз түйе — 300 жылқыға немесе 1000 қойға теңеледі».

Жеті жарғыда өлім жазасы мен құн төлеуден басқа да жазалар: мал-мүлкін тәркілеу, елден қуу және жұрт көзінше масқаралау қолданылған. Жазаның бірінші түрі христиан дініне кірген адамдар жөнінде, екіншісі — күйеуін өлтіргені үшін екіқабат әйелдер жөнінде, үшіншісі ұлының ата-анасы алдындағы парызын бұзғаны (ата-анасына тіл тигізгені немесе ұрып-соққаны) жөнінде қолданылған.

Қатарынан екі қылмыс жасағаны (ұрлық істегені және кісі өлтіргені) үшін екі жаза бірдей есептеліп, кінәлі адам екі қылмыс үшін де жауапқа тартылған.

Жеті жарғы бойынша қылмысты жауапқа әдетте тікелей кінәлі адам ғана тартылған, алайда өз кісісі үшін туыстас топтың (ең жақын туыстарының, ағайындарының, жекжаттарының) ұжымдық жауапкершілігі принципі де сақталған. Егер мәселен, жауапкер сотқа келмей қалса немесе тиесілі құнды төлей алмаса, әлгі құн оның туыстарынан немесе оның «ауылынан» өндіріп алынатын болған. Мұндай жағдайда ағайындары мен ауыл тұрғындарының қылмыскер адамға не істесе де хақысы болған.

Ерікті адам ғана құқық субъектісі бола алған, құл заң жүзінде адам деп мойындалмаған. «Құлдың мырзаға шағымы ешқашан қабылданбайды» делінген заң тармақтарының бірінде. Құлдың иесіне өз қарауындағы құлдың

өмірі үшін шексіз құқық берілген. Бірақ қазақ қоғамы мүшелерінің негізгі бұқарасы жеке басының еркіндігі әрдайым заң алдындағы тең құқықтылық бола бермеген, сөйтіп бірқатар реттерде ерікті адамдардың да, ең алдымен әйелдердің құқықтары мен бостандығына нұқсан келтіріліп отырған. Мәселен, әйелдер, «сондай-ақ қызметкерлер, малайлар мен құлдар» сотта куә ретінде сөз сөйлей алмаған. Заң алдындағы толық құқықты адам «қару асынып жүре алатын» ересек еркек — үйдің иесі, отбасының басшысы ғана бола алатын еді. Әрбір ерікті еркектің пайдаланатын құқықтары немесе ол құқықтардан айыру оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты белгіленген.

Отбасы-неке құқығы. Мұра алу. Жеті жарғыда азаматтық қатынастар жеткілікті дәрежеде талданбаған. Бәлкім, бұлай болған себебі, Жеті жарғының қолда бар мәтіндерінің үзік-үзік болып келетіндігінен ғана емес, тіпті одан да гөрі азаматтар арасындағы көптеген қатынастардың әдеттегі құқық бойынша реттеліп, барша жұртқа белгілі болғандығынан, сондықтан да Тәуке хан «Ережесінің» бұл қатынастарға ішінара ғана тоқталғанынан болса керек.

Отбасы-неке қатынастары саласында ата-анасының өз балаларының өміріне құқығы орнықтырылып, әйелдің тең құқықсыздық жағдайы нығайтыла түскен. «Ата-анасы өз балаларын өлтіргені үшін ешқандай жазаға тартылмайды» делінген заңда. Күйеуінің немесе әкесінің қылмысын біле тұра айтпаған әйелі немесе баласы жазаға тартылмаған, «өйткені отбасындағы үлкеннің сыртынан сөз айтуға болмайды».

Мұрагерлік құқық мәселелерінде Жеті жарғы, сірә, әдеттегі құқық нормаларын баянды еткен сияқты. Баласы жоқ бөлек тұрған ұлы қайтыс болса, оның мал-мүлкі әкесіне берілетін болды. Ата-анасы қайтыс болса, жас балалары ең жақын туыстарының, ал ондай туыстары болмаған жағдайда «бөгде сенімді адамдардың» қамқоршылығына берілетін болған.

Сот. Соттау құқығы тек ханның, билер мен рубасыларының қолында ғана болды: «Дауды шешу және кінәлі адамға үкім шығару ханның өзі болмаса, талапкер мен жауапкер тұратын ауылдардың билеушілерінің не ақсақалдарының қолында болып, істі қарауға екі жақтан да сайланған арада жүруші тағы да екі адам шақырылуға тиіс». Істі шешкені үшін билер мен арада жүрушілерге өтелетін есенің оннан бір бөлігі берілуге тиіс болған. Айқын айғақтары болмай, қылмыс істеді деген күдікпен айыптау үшін екіден жетіге дейін куә керек етілген (мәселен, әйелді күйеуінің көзіне шөп салды деп айыптау үшін төрт куә, құдайға тіл тигізді деп айыптау үшін жеті куә керек болған т. б.). Куәлар болмаған жағдайда ант беру талап етілген, бірақ талапкер де, жауапкер де емес, өзінің адалдығымен белгілі адам ант беруге тиіс еді. «Билерге күдігі» бола қалса, айыпкердің олардың ауыстырылуын сұрауға құқығы болды.

Сот үкімін орындау дауды жеңіп шыққан жаққа жүктелген. Атқарушы органдардың болмауынан туып, кінәлі адам мен оның ағайындарын сот үкімін орындауға күштеп көндірудің кең көп тараған әдістерінің бірі болған мұндай тәсіл іс жүзінде Жеті жарғыда барымтаны бас бұзарлық әрекет деп қарамай, сол кездегі қазақ қоғамының жөн-жобалы құбылысы ретінде қарастыруға әкеліп соқты. «Егер айыпталған адам соттың үкімін орындамайтын болса немесе ауыл басшысы істі қараудан әдейі жалтаратын болса, сол арқылы қылмыскерді қорғаса, талапкер өз ақсақалының рұқсаты бойынша барымта жасауға, яғни өзінің туыстарымен немесе ең жақын

көршілерімен бірге жауапкердің ауылына барып, оның малын жасырын түрде айдап әкетуге құқық алады; бірақ үйіне қайтып келгеннен кейін ол барымталанған малдың саны талапқа мөлшерлес болу үшін бұл істі қадағалап отырған өз басшысына айтуға тиіс». Бұдан жергілікті жерлердегі сот және әкімшілік биліктің бір-бірінен бөлінбегені де көрінеді. Бидің бір басында кем дегенде үш міндет болған: ол рубасы да, би де, жергілікті әкімшілік биліктің өкілі де еді.

Бірқатар реттерде, тегінде, әдеттегі құқық нормаларын іс жүзінде қолдану орайында жекелеген адамдардың: қожайынның өз құлы жөнінде, шешесінің өз қызы жөнінде, күйеуінің өз әйелі жөнінде жазалау құқығы болған.

Жеті жарғыда қылмысты тексеру мен сот процестерінің сипаты мүлдем көрсетілмеген. Сот процесінің жалпы жұрттың көз алдында жүргізілгенін басқа деректемелерге қарап қана аңғаруға болады.

Жеті жарғының біздің заманымызға дейін жеткен мәтіні мазмұнының жалпы сипаты осындай. Тәуке хан «Ережесінің» жалпы бағыты — қазақтың феодалдық жоғары тобының артықшылық жағдайларын, оның саяси үстемдігін қорғау, феодалдық меншікті және патриархаттық әулетте үстем болған тәртіптерді қорғау, мұсылман дінін қолдау. Феодалдық құқықтарды бұзған әрбір адамға қатаң жазаға ұшырау қаупі төнген. Жеті жарғыны жасауға барлық қазақ жүздері өкілдерінің қатысуына қарағанда, онда тұжырымдалған құқықтық нормалар жиынтығы бүкіл Қазақ хандығы шегінде қолданылған деп қорытынды жасауға болады.

Тәуке ханның «Жеті жарғысының» мазмұны:

— «Қанға-қан, мертіктіргені үшін нақ сондай мертіктіру арқылы кек алынысын.

— Ұрлық, тонау, зорлық, зинақорлық жасағаны үшін өлім жазасына кесілісін.

— Осы бап бойынша, өлтірілген адамның туыстары кісі өлтірушіні өлтіруге құқылы; ал қолды, аяқты, құлақты және басқа мүшені кескен адам денесінің нақ сондай мүшесінен айырылуға тиіс. Қылмыстық жаза билердің үкімі немесе талапкерлердің келісімі бойынша жеңілдетілуі мүмкін, онда қылмыскер кез келген қылмысы үшін белгіленген құн төлеу арқылы ғана жазаланады. Кісі өлтіруші құн төлеп, яғни әрбір өлтірілген ер кісі үшін 1000 қой, ал әйел үшін 500 қой төлеп өмірін сақтап қалады. Адамды мертіктіруші немесе оның қандай да болсын бір мүшесіне зақым келтіруші соған төлем болардай мөлшерде мал санын төлейді. Бас бармақ — 100 қой, шынашақ — 20 қой тұрады және т. т.

— Сұлтанды немесе қожаны өлтірген адам өлтірілген адамның туыстарына жеті адамның құнын төлейді. Сұлтанды немесе қожаны тіл тигізіп ренжітуші 9 мал; ал соққыға жығушы 27 мал айып төлейді.

— Егер әйелі күйеуін өлтірсе, ол міндетті түрде өлтіріледі, егер туыстары оған кешірім жасамаса, одан құн төлеп құтыла алмайды. Бұл ереже екіқабат әйелдерге қолданылмайды, олар күйеуін өлтіргені үшін жазаланбайды; бірақ мәңгілік қарғысқа ұшырап, ардан безген деп саналады. Егер күйеуі әйелін өлтірсе, ол өлім жазасынан құн төлеп құтыла алады.

— Ата-аналарына өз балаларын өлтіргені үшін ешқандай жаза қолданылмайды; бірақ некесіз тапқан нәрестесін ұялғанынан өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі.

— Өзін-өзі өлтіруші зираттан оқшау жерге жерленеді.

— Егер әйелді атты адам қағып кетіп, мертіктірсе және одан өлі бала туса,

кінәліден мынадай есеп бойынша айып алынады: бес айға дейінгі сәби үшін — әрбір айға бір жылқы, 5—9 айлық сәби үшін — әрбір айға бір түйе.

— Зорлау кісі өлтірумен теңестіріледі, сондықтан кінәлі адам өлім жазасына кесіледі немесе әйелі үшін күйеуіне, қыз үшін туыстарына құн төлейді; бірақ өзі абыройын төккен қызға қосылу және ол үшін қалыңмал төлеу арқылы қылмыскер өлім жазасынан да, құн төлеуден де құтылады.

— Күйеуі өз әйелін зинақорлық үстінде ұстаса, оны өлтіре алады, егер қылмыс ашылған бойда солай істесе, жаза қолданылмайды. Кез келген басқа жағдайда ол билерден көзіне шөп салған әйел мен оны азғырушыны, егер олардың қылмысы дәлелденсе, өлім жазасына кесуді сұрай алады; ал егер сенімді 4 адам олардың кінәсіздігіне ант берсе, сот оларға ешқандай жаза қолданбайды.

— Өзгенің әйелін оның келісімінсіз алып қашқан адам өлім жазасымен жазаланады немесе құн төлейді; ал егер әйелдің келісімімен алып қашқан болса, алып қашушы оны күйеуіне қалыңмал төлеп және оның үстіне оған қалыңмалсыз қыз беріп, алып қала алады.

— Әйелге тіл тигізуші одан кешірім сұрауға, ал бұлай істеуден бас тартқан жағдайда қорлағаны үшін құн төлеуге міндетті.

— Қан араластырушылық өлім жазасына кесілуге тиіс; бірақ ол отбасыларының үкімі бойынша жазалаумен алмастырылады, өйткені бұл сияқты қылмыстар бөгде адамдардың қарауына берілмейді.

— Жеті куә әшкерелесе, құдайға тіл тигізуші таспен соғып өлтірілуге тиіс.

— Егер әлдекім христиан дініне кірсе, туыстары оның барлық опасыздығын мойнына алады.

— Құлдарын иелерінің тірі қалдыруға да, өлтіруге де құқығы шексіз. Құлдың мырзасына шағымы еш жерде қабылданбайды.

— Әке-шешесіне тіл тигізген немесе ұрған ұлын мойнына құрым киіз байлап, қара сиырға теріс қаратып мінгізеді де, ауылды айналдыра жүргізіп, қамшымен дүрелейді; ал қыздың қол-аяғын байлап анасына өз қалауынша жазалауға беріледі.

— Ұрлық жасағаны әшкереленген адам ұрлағаны үшін үш тоғыз (27) төлейді, ал бұлайша жазалау айбана деп аталады. Егер мал ұрланса, кінәлі адам түйе үшін — тұтқын, жылқы үшін — түйе, қой үшін жылқы қосып беруге тиіс. Жүз түйе 300 жылқыға немесе 1000 қойға тең.

— Кімде-кім әрі ұрлық жасап, әрі кісі өлтірсе, ол екі қылмыс үшін де жауапқа тартылады.

— Күйеуінің немесе әкесінің ұрлық жасағанын біліп, оны айтпаған әйелі мен балалары ешқандай жазаға тартылмайды, өйткені отбасындағы үлкеннің сыртынан сөз айтуға болмайды.

— Өлтірілген тазы немесе бүркіт үшін иесі құл немесе күн талап ете алады.

— Егер әкесінен бөлек тұратын ұлдың өлгенде баласы болмаса, оның мал-мүлкі әкесіне тиесілі. Жас балалар ең жақын туыстарының, ал егер туыстары болмаса, басқа бір сенімді адамдардың қамқорлығына беріледі.

— Рухани өсиеттер туыстары және молдалар қатысып отырғанда жасалады.

— Барымталап әкетілген малды қоспағанда, басқа ұрланған мал: бие, сиыр және қой төлімен қосып өндіріліп алынады; ал жасырып қалған басқа малы жоқ екенін дәлелдеу үшін ұрыдан ант ішу талап етіледі.

— Дауды шешу және кінәлі адамға үкім шығару ханның өзі болмаса, та-

лапкер мен жауапкер тұратын ауылдардың билеушілерінің не ақсақалдарының қолында болып, істі қарауға екі жақтан да сайланған арада жүруші тағы да екі адам шақырылуға тиіс.

— Егер айыпкер билерге күдік келтірсе, олардың ауыстырылуын өтіне алады.

— Егер жауапкер сотқа келмесе немесе салынған айыпты төлей алмайтын болса, онда әлгі құн оның туыстарынан немесе ауылынан өндіріліп алынады, бұл жағдайда ағайындары мен ауыл тұрғындарына қылмыскерден өз шығынын қайтарып алуға құқық беріледі.

— Қылмысты дәлелдеу үшін кемінде екі, ал кейде үш куә керек. Куәлар болмаған жағдайда, ант беруді қолдануға болады; бірақ оны өздері үшін талапкер де, жауапкер де бере алмайды: олар үшін адалдығымен белгілі адамдар ант беруге тиіс. Ал егер айыпкер үшін ешкім ант бермесе, ол жауапқа тартылады. Қызметшілер, малайлар мен құлдар сияқты, әйел жынысы да куә бола алмайды.

— Билер мен ара ағайындарға істі шешкені үшін бүкіл талап етіліп өндірілгеннің 10-нан бірі берілуге тиіс».

— Егер айыпталған адам соттың үкімін орындамайтын болса немесе ауыл басшысы істі қараудан әдейі жалтаратын болса, сол арқылы қылмыскерді қорғаса, талапкер өз ақсақалының рұқсаты бойынша барымта жасауға, яғни өзінің туыстарымен немесе ең жақын көршілерімен бірге жауапкердің ауылына барып, оның малын жасырын түрде айдап әкетуге құқық алады; бірақ үйіне қайтып келгеннен кейін ол барымталынған малдың саны талапқа мөлшерлес болу үшін бұл істі қадағалап отырған өз басшысына айтуға тиіс».

Осы заңдарға қосымша Тәуке ханның мынадай есте қаларлық баптары қосылуға тиіс:

— «Ханның өзі, сондай-ақ барлық сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен билеушілері халық істерін талқылау үшін күзде ортадағы бір жерге жиналып отырсын.

— Бірде-бір қазақ халық жиналысына қару-жарақсыз келмейтін болсын. Қарусыз адамның даусы болмаған және оған жасы кішілер орын бермеген.

— Қару ұстап жүре алатын (сұлтандардан басқа) кез келген адам хан мен билеушілерге жыл сайын мал-мүлкінің 20-дан бір бөлігін алымға төлеп отыратын болсын.

— Әрбір тармақтың, ру мен бөлімшенің өз таңбасы (ел таңба орнына жүретін белгісі) болсын. Таңбалар сол кезде-ақ үлестіріліп, бүкіл мал-мүліктің кімдікі екенін ажырату үшін олардың бәріне таңба салуға міндеттелген»⁴².

4. РЕСЕЙМЕН ЖӘНЕ КӨРШІ ХАЛЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

XVI ғасырда Қазақ хандығы күрделі этникалық-мемлекеттік организм болды, оның ішкі өмірінде аймақаралық әлеуметтік-экономикалық және мәдени байланыстардың нығаю процесі жүріп жатты. Сонымен қатар жер аумағы кеңейтіліп, шектес халықтармен және мемлекеттермен сауда және сыртқы саяси байланыстар жандандырыла түсті.

Қазақ хандығының сол кезеңдегі Орыс мемлекетімен байланыстары тұрақты болған жоқ, оның үстіне деректермен қамтамасыз етудің нашарлығы бай-

салды саяси бағалау жасауға мүмкіндік бермейді. Қазақ хандығының Орыс мемлекетімен алғашқы байланыстары, сірә, XV ғасырдың аяғында-ақ жасалған болса керек⁴³. Екі мемлекет арасындағы сауда және дипломатиялық байланыстар XVI ғасырда орнатылды. Орыс мемлекетінің Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайымен мұқият танысуы алдында өзара қарым-қатынастың негізі қаланды. Қазақ хандығының ішкі, сыртқы жағдайы туралы орыс деректерінде азын-аулақ мәліметтер жинақтала түсті. Соның бірі – Данила Губиннің өз патшасына берген мағлұматы. Онда 1534 жылы оның «қазақтардың» ноғайларға қарсы соғыс бастамақшы болып отырғаны хабарланады⁴⁴. 1535 жылғы келесі мағлұматында ол былай деп хабарлаған: «Ал қазақтар, патша ағзам, едәуір күшті деседі және патша ағзам, Ташкентті шапты деседі және Ташкент ханзадалары олармен екі рет шайқасып, қазақтар оларды жеңіп шықты деседі»⁴⁵.

XVI ғасырдың орта шеніне қарай Орталық Азия даласының кең-байтақ аумағында және оған жапсарлас жатқан аудандарда буырқанған этникалық және саяси оқиғалар болып, олар Орталық Азия, Еділ бойы мен Орал өңірі халықтарының белгілі бір шегінде этникалық-саяси шекаралардың қалыптасуына шешуші ықпал жасады. Әрбір халықтың этникалық-әлеуметтік жағынан қалыптасуы өзіндік даму жолымен жүреді, бұл орайда аумақтық шекаралар да, этникалық айырмашылықтар да тым бұлыңғыр болуы да мүмкін. «Көшпелі өмір және тұтас рулардың мындаған шақырымға жаппай көшуі орын алып отырған жағдайда жекелеген провинциялардың томаға-тұйықтығы мен айқын аңғарылатын этнографиялық айырмашылықты көзге елестету мүмкін емес»⁴⁶. Мәселен, 1557 жылы Исмаил Ноғайлы IV Иванға өз жиендерінің «қазақ патшасына қосылып жүргенін» және олар кейіннен өз ұлыстарына иеленушілер ретінде қайтып оралып, Исмаилға жанама бағынғанымен, кейбір ноғай ордаларының қазақтар болып қалғанын хабарлаған. Бұл орайда кейіннен орыс деректемелерінде астарлап болса да, Қазақ хандығының толық тәуелсіз және қуатты мемлекет екені айтылады.

IV Иванға Семен Мальцевтің хабарында Хақназар ханның тұсында Қазақ хандығының қысқа мерзімді өрлеуі мен орталық хан билігінің күшеюі көрініс тапқан, ол «Ақназар патшаның және Шығай ханзада мен Шелым ханзаданың, ал олармен бірге 20 ханзаданың Ноғайға келгені және шайқас болғаны» туралы жазған⁴⁷. XVIII ғасырдың мәліметтері бойынша бұл кезеңде Хақназар ноғайлар мен башқұрттардың бір бөлігін билеп-төстеген⁴⁸. Сол кезеңдегі оқиғаларды өте дәл суреттеген ағылшын саяхатшысы Дженкинсон 1558 жылға қарай «күшті де күдіретті халық қазақтар үш жылдан бері Ташкентке қысым көрсетіп, өздерінің талап-тонауы арқылы керуендердің емін-еркін жүріп өтуіне кедергі жасап келеді» деп жазды⁴⁹. Оның IV Иваннан Орталық Азия хандықтарына арнаулы грамотасы болған, мұны осы бір ұлан-байтақ аймақпен саяси байланыстар орнатуға тырысқан әрекет деп қарастыруға болады.

1573 жылы Қазақ хандығына Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілігі жіберілді, соның нәтижесінде Строгановтар өздеріне Тобыл, Ертіс және Обь бойындағы жерлердің бекітіліп берілуіне, сондай-ақ баж төлемей, соның ішінде қазақтармен де сауда жүргізуге грамота алды, ал «...оларға сол жаңа жерлерге қазақ ордаларының да, өзге жерлердің де жылқы және алуан түрлі товарлармен сауда жасайтын адамдары келіп тұрады, олар Москваға келмейді және оларда әр алуан товарлармен сауда баж салынбай жүргізілді»⁵⁰.

1577 жылы ноғайға жіберілген елші Б. Доможиров қазақтар туралы «...біздің патшамыз Ақназар патшамен әрі ұлы князьбен тату» деп хабарлаған⁵¹. Бұл хабарлардан Хақназар ханның ноғайларға шабуыл жасап, Еділ мен Жайықтың төменгі ағыстарын иеленуге ұмтылғаны көрінеді.

Москва мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы алғашқы саяси байланыстар жекелеген кезеңдерде өздерінің сыртқы саяси міндеттерін шешу үшін одақтастар іздестіру ретінде де атап өтілді. Екі жақ Көшімді Мальцев пен Чебуков арқылы өздерінің саяси өрісіне тартуға ұмтылған кезде Хақназар мен IV Иванның Көшім хан жөніндегі байланысы осындай болған еді.

Қазақ хандығы мен Орыс мемлекетінің арасындағы сыртқы саяси байланыстары Тәуекел хандық құрған кезеңде одан әрі дамыды. Сауда байланыстары мен екі мемлекет беделінің өсуі XVI ғасырдың аяғында неғұрлым тығыз деңгейде келіссөз жүргізуге мүмкіндік берді. Бұған мынадай жағдайлар себепші болды. Тәуекел ханның жиені Ораз-Мұхаммед сұлтанды Тобыл воеводасы Данила Чулков тұтқынға алып, Москваға кепіл етіп жібереді, онда ол өзінің қадір-қасиетімен терең құрметке бөленді, ал орыс патшасының күш-құдіреті және Ораз-Мұхаммедке ізгі көзқарасы тұтқынды беделді қызметкерге айналдырды. Ораз-Мұхаммедтің өзі орыс патшасына көрнекті әскербасы ретінде қызмет етіп қалды. Тәуекел хан өзінің жиенін тұтқыннан құтқару үшін Құл-Мұхаммед бастаған елшілік аттандырды. Елшіліктің мақсаты неғұрлым саяси байланыстар да орнату болатын. Құл-Мұхаммедтің Ораз-Мұхаммедпен және ханзада Федор Ивановичпен әңгімесінің жазбасы сақталған. Елшілік Москваға 1594 жылы жетті. Қолда бар деректемелерге қарағанда, Құл-Мұхаммед Московиямен келіссөз жүргізіп қана қоймай, сонымен қатар сол кезде Москвада болған парсы елшісімен де кездескен. Құл-Мұхаммед әңгіме кезінде Ораз-Мұхаммедтің нағашысы Тәуекел хан туралы құдіретті патша деп айтады: «Қазір сенің нағашың Тәуекел ханзада хан қазақ ордасында орнықты, ал өзінің інісі Шахмұхаммед ханзаданы қалмақтарға отырғызды, ол жақын жерде және бәрі бірге көшіп жүреді, қазір Бұхара патшасымен уақытша болса да тату және ноғайлармен татулығы бағғыдай ағайын сияқты»⁵².

Тәуекел ханның арнау хатында өз тарапынан белгілі бір шарттармен бодандыққа қабылдау туралы мәселе де айтылған: «...патша ағзамның рақымы түсіп, патша қабылдаса және ханзадаларды өзінің патшалық қолына алса, сені босатуға рақымы түсіп, рұқсат етсе, мен шынымды айтып отырмын, Тәуекел хан аманатқа ханзада жібереді. Ал патша ағзам тілесе, патша мен ханзадаларға оқ атса болғаны, Тәуекел патша мен ханзадалар дереу қарсы соғысты бастайды...»⁵³.

Толық тәуелсіз және құдіретті ханның бодандығын нақты міндеттемелермен өзара келісілген әскери-саяси одақ ретінде қарастыруға болады, Ораз-Мұхаммедтің тұтқындағы төре ретіндегі жағдайы Тәуекел ханды осындай саяси одақ түріне баруға мәжбүр етті. IV Иван мен Сібір ханы Көшім одақтың осындай түрін қабылдады; жалпы алғанда мұндай саяси одақтар Орталық Азия аймағының басқа да билеушілері арасында таралған еді. 1595 жылы Тәуекел ханға жауап ретінде 2 жылға Вельямин Степановтың елшілігі жіберілді, онда былай делінген: «...оған, Тәуекел патша мен ханзадаларға Вельямин Степановтың осы елшілігі жіберіліп отыр, бұл оларға барып, біздің істеріміз туралы айтқан кезде олардың бұған барлық жағынан сенгені жөн және оны тындап алып, ортақ ісіміздің мән-жайын ойластырып, оны

кідіртпей бізге жіберген жөн болар еді»⁵⁴. Яғни Москва патшасы Тәуекелмен жаңа саяси қатынастар орнатуды дегенмен де мойындаған, алайда өзі мынадай шарт қойған: «...Тәуекел патшаға айтындар: Тәуекел патша мен оның ханзада бауырларының бәрі патшаның қол астында болсын, ал патша ағзам әрі ұлы князь оларды барлық дұшпандарынан қорғауды және олардың Бұхара мен Көшім ханға қарсы тұруын ескертеді. Өзінің адалдығы үшін патша ағзам әрі ұлы князьге Тәуекел патша өзінің ұлы Үсейнді жіберсін, ал патша ағзам әрі ұлы князь оларға бауыры Ораз-Мұхаммед ханзаданы босатуға әмір береді»⁵⁵. Тіпті Тәуекел хан мен оның ұлдары атына бодандыққа қабылдау туралы грамота да жазылды, ал Тәуекел елші Вельямин Степановты өте құрметпен қабылдады. Москва патшасының талабы мен қойған шарттары қисынсыз өте ауыр болғандықтан Тәуекел ханның тарапынан қабылданбады.

XVII ғасырдағы жағдайларға байланысты Қазақ хандығы Орыс мемлекетімен саяси қарым-қатынасын үзді.

Томск воеводалары Василий Волынский мен Михаил Новосильцовтың 1609 жылғы құжатында Қазақ хандығы мазасыз және жаугер мемлекет деп айтылады. Сібір князьдарының бірі Ресей бодандығын қабылдаған кезде, оған Сібір шептерін қазақтар мен қалмақтардан қорғау жүктелген: «...оларды Алтын патшадан және Қазақ ордасы мен қара қалмақтардан қорғауға әмір бересің»⁵⁶ делінген, ал сол кезде қазақтардың өздері, басқа бір құжатта көрсетілгеніндей, қалмақтармен соғысып жатқан: «...қара қалмақтар олардан алысырақ көшіп кетіп, Алтын патшамен және Қазақ ордасымен соғысып жатты»⁵⁷.

Қазақ хандарының оңтүстік шептердегі саяси күресі, Қазақстанның оңтүстік-шығысында ойраттарға, батыс және шығыс шептерде қалмақтарға қарсы толас таппаған күресі, белгілі бір ұлыс пен жұрт әміршілерінің әрқайсысының саяси үстемдігін орнықтыруы негізіндегі әулеттік қырқыстар бүкіл XVII ғасырда жалғаса берді. Ресей мемлекетіндегі саяси жағдай да бірыңғай және тұтас көріністе болған жоқ. Дүрбелеңді уақыт кезеңі және мемлекет басында жаңа әулеттің орнығуы, ал сонымен бірге жаңа саяси және идеологиялық доктриналардың пайда болуы Қазақстан мен Ресей арасындағы ұзақ мерзімді және өзара тиімді саяси қатынастардың нығаюына жағдай жасамады. Саяси байланыстар XVII ғасырдың аяғында, екі мемлекетте де билік басына аса көрнекті саяси қайраткерлер — Тәуекел хан мен І Петр келген кезде жанданады. Ресей мен Қазақ хандығының жақындасуы жоңғарларға қарсы күрестің біртұтас саяси мүдделер негізінде орын алды. «Ал қазір қырда Галдан деген шайтан шықты, сөйтіп бір-бірімізге қатынасудан қалдық... жолдарды көп жылдар бойы шөп басып кетті»⁵⁸.

1687 жылы Тобольскіге Тәшім батыр бастаған қазақ елшілігі жіберілді. Бұл елшіліктің басты міндеті екі мемлекет арасында неғұрлым берік байланыс орнату болатын: «...Қазір қарамағымыздағы адамдарға тыныштық және олардың арасында елшілер мен сауда жасайтын адамдар жүргені керек, біздің арамыздағы ізгілікті даңқ... жарық дүниеде жақсы болады»⁵⁹, яғни дербес екі мемлекет арасында байланыстар орнату көзделген. Тобольскіге 1689 жылдың аяғы — 1690 жылдың басында барған келесі елшілікті Тұманшы батыр басқарды.

Бұл екі елшілік те нәтижесіз аяқталды. Зерттеушілер 1686—1693 жылдары Тәуекелдің Ресейге бес елшілік жібергенін, алайда оның берік саяси байланыс-

тар жасауға ұмтылысында олардың нәтижесіз болғанын атап көрсетеді: «[Біздің] тұсымызда болғанын желге ұшырып жатқанымыз жаман нәрсе, алдағы уақытта ол да болмайды, тек біз ғана кеңес құрамыз»⁶⁰. 1691 жылдың күзінде жіберілген, Тұманшы мен Қабай бастаған елшілік сияқты, ықпалды қазақтар Сары мен Келдей басқарған, енді ара ағайындар арқылы жасалған келесі елшілік те нәтиже бермеді. Ақырында, Сібір әкімшілігі мен Тәуке ханның арасындағы істерді жолға қою үшін 1692 жылғы шілдеде Түркістандағы Тәуке ханға Андрей Неприпасов, Василий Кобяков және аудармашы Шаманаев құрамында елшілік жіберілді, алайда саяси алауыздықтың күшті болғаны сонша, елшілер Сары мен Келдей және Неприпасовтың адамдары екі жақта да кепілдер ретінде ұсталды. 1693 жылғы қазан айында Тәуке хан Келдейді босату мақсатымен Тобольскіге Толыбай Аталықовты жіберді; онымен бірге орыс елшілігінің мүшелері де аттанды. Тобольскіге қазақ елшілігінің келуіне жауап ретінде Келдей мен оның адамдары босатылды. Келдеймен бірге Тәуке ханның ордасына 1694 жылы Ф. Скибин мен М. Трошин жүріп кетті. А. Неприпасовпен бірге олардың бәрін 1695 жылғы наурызда Тәуке хан ұстап алды. 1695 жылғы қазан айында Скибин мен Трошин Бұхараға қашып барып, 1697 жылдың басында олар Тобольскіге қайтып оралды. Ал Неприпасов Түркістанда қайтыс болады. Олардың хабарларында Қазақ хандығы туралы көптеген қызықты мәліметтер кездеседі. Тобольск әкімшілігі тарапынан қазақ елшіліктерін қабыл алмау Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастарының шиеленісуіне әкеп соғып, XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында Ресейдің жоңғарлармен жақындасуы себептерінің бірі болды.

Ұлы Жібек жолы кезінен бастап Қазақстан аумағы кең көлемді транзиттік сауда ауданына айналған еді. Сонау біртұтас Ноғай ордасы кезеңінде-ақ Орыс мемлекеті XVI ғасырдың бірінші жартысында: «Ноғай князьдарымен және үнді ханы Бабырмен сауда-саттық жөнінен қарым-қатынас жасау мақсатын» көздеді⁶¹. Бір-бірімен сауда жасасуға Орыс мемлекетінің өзі де, көршілес халықтар да мүдделі болды; 1524 жылы орыс көпестерінің Қазанға жақын жердегі жәрмеңкеге баруына тыйым салынған кезде, бұл Шығыспен сауда жасасуға қатты соққы болып тиді⁶². Товар алмасу мейлінше кең көлемді болған, С. М. Соловьевтің атап өткеніндей, «Шағатай көпестері – жібек маталар, татар көпестері жылқы және жаңбырдан қорғайтын жүннен басылып жасалған әдемі шапандармен осы шапандар жасалатын тамаша ақ материал әкеліп отырды»⁶³. Ал Орта Азия аумағына ер-тұрман, жүгендер, шұға, тері, мата, пышак, балта, үзеңгі, айна, әмияндар әкелінді⁶⁴.

Сауда бірнеше жолмен жүргізілді. Олардың біреуі Орта Азиядан Маңғыстау мен Астрахань айлағынан теңіз жолымен Жем арқылы Жайыққа, Сарайшықтан жоғары қарай, сонан соң Самараға, Башқұртстан арқылы «Ескі Қазан жолымен» өткен. XVI ғасырдың аяғында товар айырбасы мына жол арқылы жүзеге асырылды: Қазаннан (Орыс мемлекетіне бағынатын қалалар сияқты) Камаға, одан Башқұрт өлкесімен, Уфадан айналып өтіп, Жайықтың жоғарғы жағына қарай, Жайық өзенін Сақмар және Солқаш өзендерінің сағалары арасынан кесіп өтіп, сонан соң даламен жүріп, Сарысу өзенінің аңғарына беттеген де, Талас Алатауының бөктерінде аяқталған – бұл жолды 9 апта ішінде жүріп өтетін болған⁶⁵. Тағы бір жол Қазақстан даласы арқылы Тараға, Түмен мен Тобольскіге, ал одан әрі Ертісті бойлай Барабин даласын кесіп өткен. Сауда билік басындағылар тарапынан да,

көпестердің жеке саудасы арқылы да жасалған, бұл орайда патшалық сауда мен хан саудасы баж салығынан босатылған, баж салығы елшілік тартуларға да салынбаған. Әдебиетте аталып өткеніндей, 1583 жылдан 1600 жылға дейін Москва мемлекетінің шегіне Бұхарадан — 8, Хиуадан — 3 және қазақтардан 2 елшілік барған, ал 1578 жылдан 1600 жылға дейін келген орыс елшілері төртеуден аспайды. Көпестердің саудасына товардың әр пұтына баж салынған, бұл орайда оның үстіне жұмсақ товардың әр сомынан 11 теңге және «өлшенбелі» товардың әр сомынан 18 теңге алынған. Саудада алтынды сыртқа шығаруға тыйым салынды, күміс ақшаны да сыртқа шығару шектелді, қару-жарақтар мен сауыттар, қылыш, балта, пышақ, шарап, бал, тиін терісінен тігілген тон, қымбат былғары, балауыз әкетуге қатаң шек қойылды. Сондай-ақ тұтқындар, яғни ясырлар сатуға да тыйым салынды.

XVII ғасырда Тобольскіден Ертіс бойымен жоғары қарай Атабаш сілеміне беттейтін жол зор маңызға ие болды, одан әрі жол Есілдегі Каменный өткелінен өтіп, дала арқылы Түркістан қаласына бұрылған, оған 6 күншілік жер қалғанда екіге бөлініп, бірі — қазақ иеліктеріне, екіншісі қалмақ (ойрат) иеліктеріне апарған. Осы қашықтықтың бәрі жай жүргенде — 9 аптада, орташа шапшаңдықпен — 2 айда, ал асығыс жүргенде 30 күнде жүріп өтілген⁶⁶. Бұл жолдан тағы да «Орда жолы» бөлініп шыққан, ол қазақ даласы арқылы оралып, Есілге беттеген де, бұрынғы жолға қосылған — Түркістанға бұл жолмен жүргенде шамамен 40 күнде жеткен. Таразда, Түмен мен Тобольскіде сол кезде-ақ Бұхара саудасы жеңілдікпен жүргізілетін еді; бұл қалаларда көпес-тезиктер (тәжіктер) сауда жасаған. Жыл сайын Успен оразасы кезінде 2 немесе 3 апта бойы жүргізілетін Ямышев жәрменкесінің зор маңызы болды. «...орыс адамдары көлдерден тұз алып жүрген кезде жәрменке өткізіледі. Сөйтіп сан мыңдаған адамдар: қалмақтар мен бұхарлықтар, татарлар келіп, орыс адамдарымен сауда жасайды. Олар да жылқы мен ясырь және өзге де қытай товарларын сатады»⁶⁷. Жалпы алғанда Москва мемлекетіне қазақ жері арқылы жасалатын Орта Азия экспорты жыл сайын 40—50 мың сом болған, ал сауда керуендері санының өзі 300-ден 400-ге дейін түйе мен арбаға жетіп отырған.

XVI ғасырдағы қазақтар мен башқұрттардың өзара қатынастарын зерттеуде бірқатар қиыншылықтар жолығады, біріншіден, жоғарыда аталып өткеніндей, Еділ бойының, Орал өңірінің және бүкіл Орталық Азия аймағының қазіргі халықтарының этникалық-саяси тарихы қалыптасып жатты, екіншіден, әрбір этнос өміріндегі саяси оқиғалардың біртектес болмауы аңғарылды. Башқұрттардың этникалық тарихын зерттеуші Р. Г. Кузеев былай деп атап өтеді: «Түріктердің далалық дүниесімен дәстүрлі дәнекерлер мен тегі жағынан байланысты болған башқұрттар мүлде басқа дүниенің күшті де жанжақты ықпалының аясында қалды»⁶⁸. Орыс мемлекеті осындай дүние болатын, ал башқұрттардың рулық-тайпалық бірлестіктері XVI ғасырдың ортасынан бастап соның қол астына түскен еді. Башқұрттар мен қазақтардың барлық жүздерінің нақты анықталған этникалық жақындығы екі халық арасында тығыз тарихи байланыстар болған деп айтуға мүмкіндік береді.

XVI ғасырдың бірінші жартысында екі халықтың саяси өміріндегі аса маңызды фактор Ноғай мемлекеті болды, ол өзінің дәуірлеген кезеңінде және көршілерімен өзара қатынастарында күрделі өзгерістерге ұшырады. Әр түрлі көшпелі түрік-монғол тайпаларының бірлестігі болған ол өзінің этникалық-саяси элементінің үлкен тобын қазақ және башқұрт этностарының құрамына

қосты, оның үстіне бұл процесс біркелкі емес, тарихи оқиғалардың саяси тұрғыда құбылуына сәйкес жүрді.

Өзара талас-тартыстардың нәтижесінде XVI ғасырдың орта шеніне қарай Ноғай мемлекеті үш бірлестікті қамтыды, олардың Ших (Шейх)-Мамайға қарасты бірі Сібірдің бір бөлігі мен қазіргі Башқұртстанды алып жатты. Ших-Мамай өлгеннен кейін оның балалары 1549 жылы Жем өзеніне кетіп, Алтауыл (Жембойлық) ордасын құрды, оның құрамында қыпшақ тайпалары мен табындар болды.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазіргі Башқұртстан аумағы тікелей Ақназар ханның иелігінде болды, оған ноғайлардың бір бөлігі, башқұрттар және Сібір хандығының бір бөлігі бағынды. Сірә, Ших-Мамай мен оның балаларының, сондай-ақ Ақназар ханның иеліктерінде қазақтардың көшпелі элементі елеулі рөл атқарса керек, өйткені қыпшақтар да, табындар да Кіші жүз бен Орта жүздің қалыптасуы кезінде басты субстраттардың біріне айналды. Табындардың Жайық өзенінің жоғарғы ағысынан Тобыл мен Ертіске дейін көшіп жүргені мәлім. Башқұрт және қазақ табындарының ажырағысыз бірлігі орыс құжаттарында: «...Ших-Мамайдың балалары Қасай мырза бауырларымен бірге Сыр өзенінің бойымен Қазақ ордасына көшіп барады» деп жанама түрде расталады⁶⁹.

Башқұрт рулары мен тайпаларының Орыс мемлекетіне бағынуы XVI ғасырдың орта шенінен аяғына дейін қазақтар мен башқұрттар арасындағы туысқандық байланысты бірте-бірте үзе берді, сөйтіп Москва патшаларына қызмет еткен башқұрттар XVI ғасырдың аяғынан бастап-ақ көршілерімен өзара қатынастарда Москваның саяси бағытын ұстанады. Бұған қарамастан, өкімет билігі тарапынан жасалған езгіге төзбеген башқұрттардың бір бөлігі не Сібір хандығының шегіне немесе Ноғай билігіндегі иеліктер шегіне, яғни қазіргі Қазақстан аумағына көшіп отырды. Мәселен, 1600 жылы Көшімнің төрт ұлы Әли, Қанай, Әзім және Көбей-Мұрат Есілдің жоғарғы ағысында тұрды, олардың жанында әйелдерімен және балаларымен қоса 300 адам табындар мен сынряндықтар болған⁷⁰. Көшімнің балалары Қанаймен және Әзіммен бірге Есіл және Обаған өзендерінің арасына шамамен 150 адам болатын табындардың көшіп кеткенін Уфа воеводасының елшілері растаған⁷¹.

Башқұрттардың Москва патшасына қызмет етуі Сібір ханзадаларымен дұшпандық қатынастарға әкеп соқты, мәселен 1635 жылы орыс және башқұрт жасақтары Уфа түбіне жақындап келген Сібір ханзадалары Абылай мен Тәукені (Тәуекелді) талқандады. 1661 жылы Сібір ханзадасы Дәулеткерейдің Железинская өзенінің жағалауындағы ұлысы талқандалды, ондағы әскер құрамында башқұрттар да болған еді. Алайда 1662—1664 жылғы башқұрттардың көтерілісі кезінде көтерілісшілерге Көшімнің шөбересі Күшік қосылды. Башқұрттарды зорлап христиан дініне кіргізу 1680—1683 жылдарда жаңа көтеріліс туғызды. Көтеріліс барысында көтерілісшілерге «бөтен діндегілер» қосылды, сөйтіп 1682 жылдың күзінде Жайықтың жоғарғы ағысында ірі шайқас болып, оған өзге де «бөтен діндегілермен» бірге башқұрттар да қатысты⁷².

Қазақтар мен қалмақтардың тарихи тағдыры оларды XVI ғасырдың өзінде, батыс монғол-ойраттары Моғолстанды тастап шыққан кезде-ақ соқтығыстырған еді. XV ғасырда-ақ ойрат билеушісі Ұлжей-Темірдің ордасы Бесбалықта болды. XVI ғасырға қарай ойраттардың шапқыншылығы Ыстықкөлге дейін, тіпті Сырдарияға дейін жетті. XVI ғасырдың орта шенінде, қазақтар Шу және

Талас өзендерінің алқабына ірге тепкен кезде, ойраттармен үздіксіз қақтығыстар басталды, олардың басты себебі Моғолстанның біртіндеп бөлшектеліп, ыдырап бара жатқан иеліктері үшін күрес болатын. Бұған басқа жағдайлар да себепші болды. В. В. Бартольдтің атап өткеніндей, «Кейінгі уақыттағы барлық мемлекеттік құрылымдар... қазақ, өзбек хандықтары мен Орта Азиядағы басқа да хандықтар мұсылмандық хандықтар еді»⁷³. Шаруашылық, саяси, идеологиялық қайшылықтар ойраттардың бір бөлігі — торғауыттар мен дербеттердің Ертіс өңіріне көшіп келіп, бірте-бірте Солтүстікке ілгерілеуіне әкеп соқты. 1607 жылға қарай-ақ орыс шекарасына (Ертіс өңіріне) 12 сан, яғни шамамен алғанда 120 000 адам көшіп келді, ал барлық көшіп келгендер саны 8000 жауынгер мен 200 мың қалмақ халқы болатын⁷⁴. 1608 жылы қалмақ қосындары Жем өзенінде пайда болып, ноғайларды ығыстырды. 1613 жылы қалмақтар тұңғыш рет Жайық өзенінен өтті. Одан кейінгі жылдарда қалмақтар Ресей бодандығына кіріп, Ресейдің саяси аясына тартылды. Нақ осы кезеңде торғауыттардың «алыстағы қалмақтармен», яғни Жоңғария билеушілерімен қақтығысы болады. 1635 жылы қазақ ханы Жәңгірмен одақтасқан торғауыттар билеушісі Далай тайша Ертіс өңірінде көшіп жүрген дербеттер билеушісі Үрлік тайшаға екі рет шабуыл жасады. 1642 жылы ол Сібірдегі қоныстарынан Жайыққа ауысты. 1649 жылы шамамен алғанда саны 20 000 жауынгер болатын «алыстағы қалмақтардың» Ресей шегіне тағы бір көшуі басталды, соның салдарынан басқа қалмақ ұлыстары Жем және Сырт өңірлеріне ығысты. 1671 жылы қалмақтардың Ресей шегіне жаңадан келуі байқалады, ал Аюке ханның тұсында-ақ қалмақтардың Жоңғариямен қатынастары нығайды. Көшпелі халықтың осылайша жаппай көшуінің бәрі қазақ хандарының наразылығын туғызбай қойған жоқ, олар бүкіл XVII ғасыр бойы Қазақстанның далалық аудандарындағы өздерінің ежелгі жерлері үшін күрес жүргізді. Бұл қазақтың ауыз әдебиетінде көрініс тапқан, онда қазақтардың ең күшті жауы «қалмақ» деп аталған. Бұл орайда, В. В. Бартольдтің атап көрсеткеніндей, «қалмақ» деген терминді оның шыққан тегі қандай болса да, мұсылман авторлары ойратқа қарағанда біршама кең мағынада қолданады⁷⁵.

Сонымен қатар орыс үкіметі қалмақтарға үнемі қорған болып, олардың патшаға атқарған қызметін көтермелеп, оларды қазақтарға қарсы пайдаланды. Академик И. И. Лепехин XVIII ғасырда: «Біз оларды басқа да әскери қызметімен қоса, өз бабаларымызды қырғыз-қайсақтар мен кубандықтардың шапқыншылықтарынан жақсы және сансыз көп қорғаушылар деп білеміз», — деп жазған еді⁷⁶.

Қытайдың Орта Азия аймағымен тығыз байланыс жасап келгені жөнінде ерте заманнан бері көп мағлұмат бар. Кейінгі зерттеулерде Юань әулеті кезеңінде (1271—1368 жж.) осы ұзақ мерзімді және тұрақты байланыстардың Қытай өмірінің көптеген салаларына елеулі ықпал жасағаны атап өтілген. Мәселен, фарфор бұйымдарының түр-түсіне, қытайдың ас-тағамдарына «Батыс өлкенің» ықпал жасағаны байқалды. Мин әулеті кезеңінде (1368—1644 жж.) Қытайға киім-кешек үлгілерінің де, ортаазиялық тақияға ұқсайтын алты қиықты дөңгелек бас киім — люхэмао енгені аңғарылды. А. Ш. Қадырбаевтың, К. Ш. Хафизованың және басқа ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, Қытайдың саяси, әскери, мәдени өмірінде түрік элементінің елеулі болғаны көрінеді. Алайда, Мин әулеті кезеңінде-ақ Қытайдың Орта Азиямен байланысы біртіндеп нашарлай берді де, XVI ғасырдан бастап Қытайдың Батыс Азия ха-

лықтарымен бүкіл саудасы тоқтап қалды. Батыс Азиядан, соның ішінде Орта Азияның батыс аймағынан шыққандардың бір бөлігі ерекше этникалық қауымдастық — қытай мұсылмандарын құрады. Қытай өркениетімен тығыз саяси және өзге де байланыстар жасалған аудан Шығыс Түркістан болды, онда XV—XVI ғасырларда Моғол мемлекеті қалыптасып, дамыды да, ол XVII ғасырға қарай Орта Азия мемлекеттеріне ұқсас сипат алды. Моғолстанның бүкіл кең-байтақ аумағы XVI ғасырдың орта шеніне қарай өзбектер, қазақтар және қырғыздар арасында бөліске түсті де, Моғолстанның билеуші әулеті Шағатай ұрпақтары екі ғасырдай уақыт бойы Шығыс Түркістанда орнығып қалды. Бұл орайда дуғлаттардың тайпалық бірлестігі Шығыс Түркістанның өзін билеп тұрды. XVI ғасырдың бірінші ширегінде Шығыс Түркістанда өзбек-қазақтардың тайпалық бірлестігінен шыққан сұлтан Саид хан орнығып, сол кезден бастап «көбінесе өзбектер моғолдардың одақтастары болды» да, олардың бірлескен одағы Жетісу мен Ыстықкөл өңірі үшін қазақтарға және қырғыздарға қарсы күрес жүргізді, осы аудандарға оларды моғол хандары ықпал өрісінің бір бөлігі ретінде XVI ғасырдың 90-жылдарына дейін бақылау жасап келген әскер қосындары жиі жіберіліп отырды. Қазақ ханы Тахир 1524 жылы моғол хандарымен жақындасуға әрекет жасады, алайда сәтсіздікке ұшырады. 1527 жылдың көктемінде ол өзімен қырғыздарды да ертіп әкетті, сол кезден бастап, 1545 жылға дейін моғолдар Шайбани ұрпақтарымен одақтаса отырып, Жетісу мен Батыс Тянь-Шаньды қазақтардан да, қырғыздардан да тартып алуға әрекет етті⁷⁷. Нақ сол кезде-ақ Орта және Батыс Азияның міндік Қытаймен әбден әлсіреп кеткен байланысы біржола үзіліп тынды. Сол ғасырдың екінші жартысында Қытаймен моғолдардың өздерінің де байланыстары нашарлады. Циндер басқарған кезеңде 1694 жылдан жоңғар шапқыншылығына байланысты оқиғаларға дейін бұл байланыстар жанартылған жоқ. Сонымен бірге 1609 жылдан бастап, Әбу ар-Рахим Жаркент тағы үшін 40 жылдық күрес бастаған кезде, қазақтар моғол хандарының істеріне араласып отырды. 1639 жылы Жаркент хандарының орнына Турфан хандары келді. Жаркент тағы үшін күрес оқиғаларына Есім хан мен Тұрсын хан араласып, олардың тайталасы соңғысының 1628 жылы қаза табуына әкеп соқты. Моғол хандарының өздерінің Моғолстандағы билік үшін күреске ойраттарды тартуы Моғолстанның әлсіреуіне, ақырында, оның қазақтармен және оларға одақтас қырғыздармен күрес жүргізіп жатқан жоңғарларға біржола бағынуына әкеп соқты. Бүкіл XVI ғасыр бойында дерлік қазақтар мен қырғыздар Жетісу мен Батыс Тянь-Шань аумағын қаратып алу үшін бірлесе күрес жүргізді. Қырғыз мемлекетінің негізін қалаушы Мұхаммед-Қырғыз, сірә, бұл аңызға айналған Тоғай би болса керек, қырғыз мемлекетін нығайту үшін моғол әміршілеріне қарсы күресте қазақ хандығынан қолдау іздестірді⁷⁸. Өз кезегінде, қазақ ханы Тахир моғол хандарына, Шайбани ұрпақтарына және ноғайларға қарсы күресте 1524 жылы қазақ-қырғыз одағының негізін қалады.

Хақназар хан билеген кезеңде бұл одақ нығая түсті, деректемелерде ол қазақтар мен қырғыздардың ханы делінген. Хақназар моғол хандарына қарсы күресінде сенімді одақтастар ретінде қырғыздарға арқа сүйенді. Ақсудың билеушісі Абд әл-Латиф сұлтанмен шайқас кезінде оны қырғыздар қолдады, ал 1581 жылы Хақназардың өзі талқандалған кезде де қырғыздар соның жағында болды. Хақназар ханның мұрагері Шығай ханның Абдаллах ханға қарсы күресі кезінде де қырғыздар одақтастық міндеттемелерін сақтап қал-

ды. Шығай ханның ұлы Тәуекел 1582 жылы бірқатар солтүстік қырғыз руларының қолдауымен Ясы (Түркістан) қаласының маңында Баба сұлтанды талқандады, оның Ферғана, Ташкент және Самарқанд егіншілік аудандарына ие болу жолындағы күресінде олар белсене қолдау көрсетті.

1598 жылы Сырдарияның оң жақ жағалауы мен Ташкент-Әндіжан жазирасындағы қалаларды алу кезінде де қырғыздар оған қолдау жасады. XVII ғасырдың бас кезінде қазақтардың 1603 жылы Аштарханилерге қарсы және 1611 жылы Имамкули ханға қарсы күресі кезінде де нақ осындай қолдау көрсетілді. Есімнің Тұрсынға күресінде қырғыздар Есімді қолдады. 1621 жылы Аштарханилермен қатынастар шиеленіскен кезде қырғыздар Тұрсын сұлтан жағына шығып, Шахрухия қаласының маңындағы шайқасқа 10 мың адамдық әскер апарды. Тұрсын мен Есім ханның тайталасы Тұрсынның қаза табуына әкеп соқты да, оған бағынған қатағандар біржола қырғыз халқының құрамына енді. Бір-біріне деген осы одақтастық міндеттемелер XVII ғасырда ойраттармен күресте де сақталды. 1616 жылғы құжаттарда Ертіс өңірі аймағында қырғыздардың да қалмақтарға бағынышты болғаны айтылған. Олар 1617 жылы өздерінің тұтқындарын қайтару жөнінде қалмақтармен келісімге келді. Г. Ильиннің 1644 жылдың қаңтарындағы мағлұматтарында Батыр қонтайшының «Қазақ ордасының ханзадасы Жәңгірге, Жалаңтөске және алит-қырғыздарға» жорығы туралы айтылады: «Ал онымен бірге 50 мың жауынгер адамдар барды», бұл орайда «алатай-қырғыздарының екі жері мен 10 мың тоқмақ» алынды, құжаттың хабарлағанындай, бұдан кейін «Жәңгір де әскерімен қонтайшыға қарсы аттанып, сол екі шайқаста қонтайшыдан 10 мыңды босатып алды. Сол кезде бұл шайқас үстінде Жәңгір ханзадаға Жалаңтөс көмекке жетті, ал онымен бірге 20 мың жауынгер адам келді»⁷⁹. Алайда Батыр тұтқынға түскен қазақтар мен қырғыздарды алып кетті. Батыр алған жерлер, тегінде, Талас ауданындағы және көршілес Шу аудандарындағы жерлер болса керек. 1652 жылы Батыр қонтайшы тағы да Тянь-Шань қырғыздары мен қазақтарға қарсы соғыс жүргізді, ал олар — қазақтар Жетісудың алыс аудандарына, қырғыздар Ыстықкөлдің, Таластың биік таулы аудандарына кетіп қалуға мәжбүр болды; олардың бір бөлігі Памир-Алайға ығысты. Келесі жылы қазақтар мен қырғыздардың біріккен күштері ойраттарға қарсы ойдағыдай күрес жүргізе бастады да, 1655 жылға қарай-ақ Жетісудың шығыс бөлігі ойраттардан азат етілді.

XVI ғасырда Қазақ хандығы бүкіл жүзжылдық бойы дерлік Сыр өңірі қалалары (30 бекініс) үшін және қазіргі Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы басқа да бірсыпыра жазиралар үшін күрес жүргізді.

Саяси күрес әулеттік сипатта жүрді, оған генеалогиялық сабақтастық өзек болды, нақ сол кезде этногенетикалық межелену саяси тайталастың барысына барған сайын өз ықпалын жасады. Кейбір зерттеушілердің Мұхаммед Шайбанидің билік басына келуін отырықшы өзбектер мемлекеттігінің бірте-бірте қалыптасуына балағаны кейбір жағынан алғанда дұрыс. Алайда XVI ғасырдың бүкіл бойында бұл процесс бірқалыпты бағытпен жүрген жоқ. Соның салдарынан қазақ және өзбек халықтарының өзара қатынастары көбінесе сауда байланыстарының дамуынан айқын көрінеді.

XVI ғасырдың басына қарай Дешті Қыпшақтағы аса ірі сауда орталықтарының бірі Сығанақ қаласы болды, Ибн Рузбиханның айтуынша, «Дешті Қыпшақта өндірілетін товарлар мұнда тікелей Түркістаннан, Мауараннахрдан, Қашғар мен Хотаннан келіп түседі. Осы себепті Сығанақ барлық уақыт-

та көпес біткеннің бас қосатын жеріне айналды. Мұнда барлық елдердің товарлары әрқашанда жеткілікті мөлшерде болып тұрды»⁸⁰. Өзіне бағынышты тұтқынға түскен сұлтандардың өтеуіне Мұхаммед Шайбанидің қазақ сұлтандарына тең-тең бөз (карбас) артылған түйе керуендерін жіберуге бұйрық беруі сауда байланыстарының қомақты болғанын дәлелдейді⁸¹. Сұлтандар арасындағы қарым-қатынастар шиеленіскен жағдайда қару қолдану құқығы орын алатын еді, ал бұған қарамастан, сауда керуендері өздерінің баратын жерлеріне емін-еркін өтіп жүрген. Көшпелі қазақтар Орта Азия қалаларына мал, киіз, қоржын, арқан, қап әкелетін. Жылқымен сауда көп мөлшерде жүргізілді, тұтқындар сатудың маңызы да аз болған жоқ. Самарқанд пен Бұхарадан жазу қағаздары, барқыт, ашық қызыл түсті — «михмали кирмизат», Бұхара садақтары әкелінді. Көптеген товарлар «бұхари» деп аталды, дегенмен де олардың көрші мемлекеттер мен қалалардан әкелінген болуы да мүмкін⁸². Мауараннахрға қой терісінен тігілген ішіктер молынан ағылып кетіп жатты. Ташкент жазирасынан жусан (дермене), экспортының зор маңызы болды, ол Батыс Европаға да жіберіліп отырды⁸³. XVII ғасырда Бұхара ірі транзиттік орталықтардың біріне айналды, онда жоғары сапалы кездеме — сакарлат жасалатын, оған Дешті Қыпшақтан әкелінетін жоғары сапалы жүн негіз болды. Орталық Азияның көшпелі аудандары қылшықты жүннен мата тоқу үшін ең басты өнім берушілерге айналды.

Этностардың, соның ішінде қазақ этносының өз аумақтарының қалыптасуы қалалар мен көшпелі халық арасында кең айырбас жүргізуге мүмкіндік берді. Р. Г. Мукминованың атап өткеніндей, бұл кезеңде көшпелілер мен отырықшы халық арасында мықтап ұштасқан шаруашылық байланыстар болған⁸⁴. Бұған 1598 жылдан екі ғасырдай уақыт бойы Ташкенттің қазақ сұлтандары қолында орнығуы, сондай-ақ қазақ сұлтандарының басқа да Орта Азия аудандарында ара-тұра билік басында отыруы себепші болды. Х. Досмұхамедов қызықты мәліметтер келтіреді — Самарқандтағы атақты «Тилля Қара» және «Шир-Дор» медреселері 1619 жылы Алшын рулық бірлестігінен, Әлім тайпасынан шыққан Жалаңтөс батырдың (Ялантуш баһадүрдің) нұсқауымен салынған, ал Кіші жүздің атақты биі Әйтеке сол батырдың өзінен тараған немересі болатын⁸⁵. Бұхарадағы «Көгелташ» медресесі Тама руынан шыққан Көгенің нұсқауымен салынған деген мәліметтер бар, Х. Досмұхамедов XX ғасырдың бас кезінде оның ұрпақтарымен кездескен⁸⁶.

Бұл жәйіттер өзбек және қазақ халықтарының арасындағы байланыстардың өте жақын және тығыз болғанын, қазақтардың көшпелі құрылысы жоғары дәрежеде ұйымдасқан қоғамдық организм болғанын дәлелдейді.

¹Имамкули хан (1611—1642) — Мауараннахрда билік еткен Аштархани (жани) әулетінің төртінші өкілі. Бұл әулеттің бірінші ханы — Жани-Мұхаммед (1599-1601); екіншісі — Бақи-Мұхаммед (1601—1605); үшіншісі - Уәли-Мұхаммед (1605-1611). 1642 жылы Имамкули хан тақтан құлатылды, бірсыпыра уақыттан кейін көп нөкер ертіп, Иран арқылы қажыға аттанып, 1652 жылы Мәдинада қайтыс болды.

²Есім хан — Шығай ханның ұлы. Ол 1598 жылы Тәуекел өлгеннен кейін хан болды.

³*Искандер Мунши. Тарих-и аламара-йи Аббаси. Тегеран, 1314/1896-97, 252-б.*

⁴Материалы по истории русско-монгольских отношений. 1607-1636. М., 1959, 49-б.

⁵*Мухаммад Талиб Матлаб ат-Талибин*. Рукопись Санкт-Петербург. отд. ИВ АН В. 2504, л. 113 б. (253-б. - ескерту).

⁶Қазақ ханы Тұрсынның (1628 жылы өлтірілген) тегі әзірше беймәлім болып қалып отыр.

⁷*Искандер Мунши*. Тарих-иаламара-йи Аббаси, 678-б.

⁸Сборник князя Хилкова. СПб., 1879, 421-б.

⁹*Сухайла*. Имамкули-хан-наме, Рук. ИВР АН Уз., № 89, л. 138 а-147 а.

¹⁰*Махмуд ибн Вали*. Бахр ал-асрар. Рук. ИВ АН Уз., № 7418, л. 237 а.

¹¹Абд ар-Рақым хан — Шағатай ұрпағы, Абд ар-Рашид ханның ұлы, Шалыш пен Турфандағы хан.

¹²*Шах Махмуд Чорас*. Хроника // Критический текст, перевод, комментарии и указатели О. Ф. Акимовича. М., 1976, 252-б.

¹³*Абул-Газы-Багадур-хан*. Родословное древо тюрков. Перевод и предисловие Г. С. Саблукова. Казань, 1906, 306-б.

¹⁴Ламахат мин пафахат ал-кудс. Рук. Санкт-Петербург. отд. РАН, с. 1602, л. 132 а.

¹⁵Бахр ал-асрар, л. 238 б.; *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан: Летопись трех тысячелетий, А., 1992, 302-б.

¹⁶*Валиханов Ч. Ч.* Записки о киргизах. Собр. соч. в 5 т. А., 1985, т. 2, 77-б.

¹⁷Қырғыз аңыздарына қарағанда, бағыш тайпасының ең атақты көсемі — Кеклом би, ал оның бабасы — аты аңызға айналған Тағай ұлдарының бірі Қарашора болған.

¹⁸*Григорьев В. В.* Русская политика в отношении к Средней Азии // Сборник государственных знаний. Т. I. СПб., 1874, 249-б.

¹⁹*Валиханов Ч. Ч.* Записка о судебной реформе // Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. Т. 4. А., 1985, 87-90-б.

²⁰*Златкин И. Я.* История Джунгарского ханства. 1635-1758. М., 1983, 84-85-б.

²¹*Богоявленский С. К.* Материалы по истории калмыков первой половины XVII века // Исторические записки. Т. 5. М., 1939, 64-65-б.; *Бичурин Н. Я.* Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. Элиста. 1991, 38-б.

²²*Веселовский И. И.* Передовые калмыки на пути к Волге // Записки восточного отделения рус. археол. об-ва. Т. 3. Вып. 4. СПб., 1889, 389-б.

²³*Витевский В. Н. Н. И.* Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. Т. II. Казань, 1897, 498-б.

²⁴*Григорьев В. В.* Русская политика в отношении к Средней Азии // Сборник государственных знаний. Т. I. СПб., 1874, 241-б.

²⁵*Султанов Т. И.* Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). М., 1982, 120-б.

²⁶*Левшин А. И.* Описание киргиз-кайсацких или киргиз-кайсачьих орд и степей. Ч. 2. СПб., 1832, 57-58-б.; *Howorht H.* History of the Mongols from the 9th to the 19th century, Part II. The so-called tatars of russian and Central Asia. L., 1880. S. 639.

²⁷Русско-монгольские отношения 1607-1634. Сб. документов. М., 1959, 278-б.

²⁸*Досмухамедов Х. А.* Родословная Жалантус батыра (Яламтуш-Бахадура), строителя медресе Тилля-Кары и Шир-дор в гор. Самарканде // Год работы казахского высшего педагогического института. Ташкент, 1928, 83-88-б.

²⁹Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений. А., 1969, 385-б.

³⁰Русско-монгольские отношения. 1636-1654. Сб. документов. М.: ГРВЛ, 1974, 207-б.; *Златкин И. Я.* История джунгарского ханства 1635-1758. М., 1983, 129-б.

³¹Русско-монгольские отношения 1636-1654. Сб. документов. М.: ГРВЛ, 1974, 239-б.

³²*Левшин А. И.* Көрсетілген еңбегі, 59-б.

³³*Тынышпаев М.* Великие бедствия (Ақтабан-шұбырынды). А., 1992, 88-б.

³⁴Русско-монгольские отношения 1636-1654 гг. Сб. документов. М., ГРВЛ, 1974,

239-б.; *Левшин А. И.* Көрсетілген еңбегі, 60-б. Жалаңтөстің бұдан кейінгі тағдыры туралы бірер сөз айта кетелік. 1649 жылы Хорасан мен Балх үшін Бұхара ханы Абдул-Азизбен иран ханы арасында соғыс өрістеді. Жалаңтөс Бұхара әскерін басқарды, иран әскерлері талқандалды. Бұл соғысқа қазақтар Бұхара ханы жағында қатысты. Қожамқұл бек Балхидің «Тарихи Қыпшақ» еңбегінің мәліметтері бойынша Жалаңтөс бұл соғысқа 100 мың адамдық әскер шығарған. Самарқандтан 12 шақырым қашықтықтағы Дағбит деген жерде жерленген.

³⁵Русско-монгольские отношения... 239-б.

³⁶*Ч. Ч. Валиханов.* Соб. соч. в пяти томах. Т. 4, А., 1985, 200-б.

³⁷Русско-монгольские отношения 1636-1654, 277-б.

³⁸*Бұл да сонда*, 306-б.

³⁹*Моисеев В. А.* Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII вв. А., 1991, 46-б.

⁴⁰*Зиманов С. З., Усеров Н.* Несколько слов о Жеты-Жаргы // Известия АН КазССР, серия общественная, 1975, № 4.

⁴¹Бұл жерде және бұдан былай Жеті жарғы баптарына сілтемелер мына кітап бойынша беріліп отыр: *Левшин А.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 3, 170–178-б.; Сондай-ақ қараңыз: Материалы по казахскому обычному праву. А., 1948, 18–22-б.

⁴²Тәуке ханның заңдары бізге толық көлемінде жеткен жоқ. Қазақтардың тарихи және заң ғұрыптарын зерттеушілердің өз мәліметтерін тек қана А. Левшиннің шығармасынан алуына тура келеді, онда «Ереже» баптарынан 33 үзінді келтірілген. А. Левшиннің жазбасы бастапқы түріндегі «Жеті жарғы» емес. Ол «Ережені» жасалғанынан кейін жүз жылдан астам уақыт өткен соң жазып алған, мұның өзі оның дәл берілуіне, әрине, әсер етпей қоймайды. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша түрде ауысып отырғанда «Ереже» белгілі бір өзгерістерге ұшыраған. Қараңыз: *Левшин А.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 3. СПб., 1832, 170–178-б.

⁴³История Казахской ССР, т. 2. А., 1979, 290-б.

⁴⁴*А. И. Левшин.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832, ч. II, 47-б.

⁴⁵*Бұл да сонда*, 47-б.

⁴⁶*Тынышпаев М.* Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925. Репринт. А., 1990, 44-б.

⁴⁷*Лебедев В.* Из истории сношения казахов с Россией в XVIII в. // Красный архив, 1936, т. 5(78), 187-б.

⁴⁸*Карамзин Н. М.* История государства Российского. СПб., 1843, т. II, 245-б.

⁴⁹Английские путешественники в Московском государстве в XVI в. Л., 1937, 172-б.

⁵⁰*Миллер Г. Ф.* История Сибири, т. I, М., 1937, 340-б.

⁵¹История Казахской ССР, т. 2, 292-б.

⁵²Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. А., 1960, 3-б.

⁵³*Бұл да сонда*, 3-б.

⁵⁴*Бұл да сонда*, 6-б.

⁵⁵*Бұл да сонда*, 7-б.

⁵⁶*Миллер Г. Ф.* История Сибири, т. I, 425-б.

⁵⁷*Бұл да сонда*, 427-б.

⁵⁸*Басин В. Я.* Россия и казахские ханства в XVI–XVIII вв. А., 1971, 103-б.

⁵⁹Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв., 5-б.

⁶⁰*Басин В. Я.* Көрсетілген еңбегі, 107-б.

⁶¹*С. М. Соловьев.* История России с древнейших времен. М., 1989, т. 5, кн. III, 270-б.

⁶²*Бұл да сонда*, 314-б.

⁶³*Бұл да сонда*, 314-б.

⁶⁴*Бұл да сонда*, 314-б.

⁶⁵*Чулошников А. П.* Торговля Московского государства со Средней Азией в XVI–

XVII вв. // Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч. I, Л. 1932, 78-б.

⁶⁶Бул да сонда, 79-б.

⁶⁷Записки Русск. геогр. общества по отд. этнографии. Т. X, СПб., 1888, 43-б.

⁶⁸Кузеев Р. Г. Задачи исторической этнографии в изучении древней и средневековой истории башкир // Из истории феодализма и капитализма в Башкирии. Уфа, 1971, 6-б.

⁶⁹Кочкаев Б. А-Б. Ногайско-русские отношения в XV–XVIII вв. А., 1988, 107-б.

⁷⁰Миллер Г. Ф. История Сибири, т. I, 167-б.

⁷¹Бул да сонда, 369, 371-б.

⁷²Акманов И. Г. Башкирия в составе Российского государства в XVII – пер. пол. XVIII вв. Свердловск, 1990, 84-б.

⁷³Бартольд В. В. История турецко-монгольских народов. Соч. в 9-т., т. V, 213-б.

⁷⁴Очерки истории Калмыцкой АССР. М., 1967, 87–88-б.

⁷⁵Бартольд В. В. История турецко-монгольских народов, 214-б.

⁷⁶Очерки истории Калмыцкой АССР, 106–108-б.

⁷⁷Крюков М. В., Малявин В. В., Софронов М. В. Этническая история китайцев на рубеже средневековья и нового времени. М., 1987, 45-б.

⁷⁸О. В. Зотов. Китай и Восточный Туркестан в XV–XVIII вв. М., 1991, 73-б.

⁷⁹История Киргизской ССР, т. I. Фрунзе, 1984, 443-б.

⁸⁰Джамгерчинов М. Б. Из истории взаимоотношений Киргизстана с калмыками в пер. пол. XVII в. // Из истории дореволюционного Киргизстана. Фрунзе, 1985, 144-б.

⁸¹Прошлое Казахстана в источниках и материалах. А., 1935, 108-б.

⁸²Позднефеодальный город Средней Азии. Ташкент, 1990, 91-б.

⁸³Бул да сонда, 92-б.

⁸⁴Мукминова Р. Г. Позднефеодальные Бухара и Самарканд – центры связей Средней Азии с сопредельными странами, Россией и Европой.

⁸⁵Досмухамедов Х. Аламан. Алматы, 1994, 43-б.

⁸⁶Бул да сонда, 47-б.

Төртінші тарау

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ТҰРМЫСЫ

1. ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТҰРМЫСЫ

Қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды. Қазақтардың басты байлығы болған мал оларды тамақ өнімдерімен, киім-кешек және тұрғын үй материалымен қамтамасыз етіп отырды, сондай-ақ көлік қызметін де атқарды. Ол сонымен бірге оларға көрші халықтармен ең қажетті заттарды айырбастап алатын қаражат көзі болды. Көшпелілер өмірінде малдың маңыздылығын Ш. Ш. Уәлихановтай мейлінше дәл көрсету мүмкін емес, ол былай деп жазған: «Дала көшпелісін ішіп-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін өз тыныштығынан малының аман болғаны қымбат. Жұртқа мәлім, қырғыздар бір-бірімен амандасқанда: «мал-жаның аман ба?» деген сөздермен бастайды. Отбасының мал жайын алдын ала сұрастыруы көшпелілер өмірінде малдың қаншалықты маңызы барын айқын көрсетеді»¹.

Қазақтар негізінен қой, жылқы және түйе өсірген; қазақтардың шаруашылығында ірі қара болмашы орын алған, өйткені ол жыл бойы бағуға, әсіресе қыс кезінде қар астынан тебіндеп жайылуға нашар бейімделген. Бұл орайда қазақтарда шаруашылық жөнінен қой жетекші орын алды. Шайбани ханның (1510 жылы өлген) айтуынша, қой малы Қыпшақ даласы көшпелілерінің басты байлығы саналды. Қойдың еті мен сүті тамақ болды, терісі мен жүні киім-кешек, аяқ киім, ыдыс және шаруашылыққа қажетті басқа да көптеген заттар дайындауға жұмсалды. Қойдың майы мен хош иісті шөп күлімен қазақтар сабын дайындаған, оның түсі қошқылтым болып, киім-кешектен қандай да болсын дақтарды жойып жіберетін.

Көз көргендердің айтуынша, далалық жерлердегі қыпшақ қойлары төзімділігімен, ірілігімен және еттілік-сүттілік жағынан жақсы қасиеттерімен ерекшеленген. Мәселен, Танада бірнеше жыл тұрған XV ғасырдағы Венеция көпесі И. Барбаро дештілік көшпелілер өсіретін малдың негізгі түрлері туралы былай деп жазған: «Бұл халық өсіретін жануарлардың төртінші түрі — сирағы ұзын, сабалақ жүнді аса ірі қой, олардың кейбіреулерінің құйрықтарының әрқайсысы он екі қадаққа дейін салмақ тартады. Мен донғалақ байланып, оған құйрығы артылған сондай қойларды көрдім. Татарлар сол құйрық майын тамаққа қатық етеді, етпен қосып турайды, құйрық майдың дәмділігі сондай ауызға салсан, еріп кетеді»². XVI ғасырдың орта шенінде Арал өңірінің далалық кеңістігінде болған ағылшын А. Дженкинсон де ондағы қойлардың ірі, құйрықтары үлкен, салмағы 60-80 қадақ болатынын атап өткен. Жазбаша деректемелерде Қыпшақ даласының көшпелілерінде «қойдың көп» екендігі үнемі атап өтіледі. Дегенмен де ұсақ малды жайылымда

бағып, күзететін адамдар саны өте аз болған. Қой бағушыларды көрсету үшін орта ғасырлардағы мұсылман авторлары әдетте шупан немесе шобан деген парсы-түрік сөзін қолданады (қазақтарда неғұрлым көп қолданылатыны қойшы деген сөз). Қой бағушылардың негізгі құрамын тұтқындар, жетім балалар құраған. Қой бағушылар көшпелі қоғамда дәстүр бойынша ең төменгі әлеуметтік топты құраған. Көшпелі өмірінде жылқы ерекше рөл атқарды. Көшпелілер жылқыны салт мініп жүру және күш көлігі үшін пайдаланып қана қойған жоқ, оны олар тамақ та, киім де етті. Бірде-бір той ат жарысынсыз өткен емес; қолы бос кезінде дала тұрғындары құйрық-жалы жер сүзген әдемі айғырларға еріп жөнкілген емін-еркін жылқы үйірлерін көзге сүйініш еткен. Бұл жағынан Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың қазақ ханы Қасымның (1518 жылы өлген) аузынан есіткен мына сөздері ерекше көңіл бөлерлік: «Біз — дала тұрғындарымыз; бізде сирек кездесетін қымбат бұйымдар да, товарлар да жоқ, — дейді ол моғолдардың басшысы Сұлтан Саидқа, — біздің басты байлығымыз жылқы; оның еті мен терісі біз үшін ең жақсы ас әрі киім, ал біздің ең сүйікті сусынымыз да соның сүтінен дайындалады, біздің жерімізде бау-бақ та, ғимараттар да жоқ; біздің көңіл көтеретін жеріміз — мал жайылымы мен үйірлі жылқы, сондықтан біз аттарды қызықтау үшін жылқы үйірлеріне барамыз»³.

Дала жылқысы мейлінше төзімділігімен, күй талғамайтын қасиетімен ерекшеленеді және қар мен мұз астынан тебіндеп жыл бойы жайылудың қатан жағдайларына біршама оңай көндігеді. И. Барбароның айтуынша, дешті жылқысы аласа, қарынды және күй талғамайтын көнбістігімен дала тұрғындарының өсіретін негізгі малы болған.

Ат жүк таситын (жегін, жұмыс), салт мінетін және жүйрік-арғымақтар болып бөлінген. Дешті Қыпшақ елі асыл тұқымды аттар да өсірген, ал мойны ұзын таза тұқымды сәйгүліктер Қыпшақ даласында әрқашанда сирек кездесетін еді. Моғол ханы Саидтың 1513 жылы өзінің қазақ ханы Қасымның ордасына барған сапары туралы әңгімесінде былай делінген. «Біз барған кезде, — деген ол «Та'рих-и Рашидидің» болашақ авторына, — хан бізге өзінің барлық малы мен жылқысын көрсетіп: «Менде екі ат бар, олардың біреуі бүкіл табынға тұрады» деген. Оларды көріп таңғалған Сұлтан Саид хан Мырза Хайдарға бұл екеуінде атты өмірінде ешқашан көрмегенін айтқан. Аттарды әкелген кезде Қасым Саид ханға былай депті: «Дала адамдарына атсыз тіршілік жоқ; мен үшін мына екі ат — ең сенімді де лайықты аттар. Екеуін бірдей сыйға тарта алмаймын: бірақ сіз қымбатты қонақ болғандықтан, өзіңізге ұнаған біреуін тандап алсаңыз — мен ризамын, тек екіншісін маған қалдырыңыз»⁴. Қасым хан екі аттың да қасиетін толық суреттеп берген. Сұлтан Саид хан біреуін алған. Ал бұл атты «Оғлан-Торық» деп атайтын. Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың мойындауынша, мұндай атты ол да ешқашан көріп-білмеген.

Көшпелі мал шаруашылығына жылқыны үйірімен бағу тән болған. Үйірдегі мал жылқы деп аталады, ал аттың айырмашылығы салт мінетін, жүк артатын және жалпы ат болып табылады. Биелер үйір-үйір болып бөлінеді (әдетте үйір 12-15 биеден тұрады). Айғыр үйірді топтастырып, оларды шашау шығармай үйіріп жүреді. Егер әлдебір байтал бөлініп шығып, басқа айғырмен табысса, бұрынғы айғыр оны енді өз үйірінің маңына жолатпайды. Бірнеше үйір (әдетте үш үйір, яғни үш айғыр мен 40-50 байтал) жылқы табынын құрайды. Жылқының бірнеше (әдетте үш) табынан айдаған кезде үлкен табын

күралады. 40-50 жылқыдан тұратын әрбір шағын табынға бір жылқышы бөлінеді. Жазбаша деректемелерге қарағанда, жылқы бағушылар түрліше, атап айтқанда: келебан, ұлақшы, йамшы деп аталған; қазіргі қазақ тілінде үйірлі жылқы бағушылар жылқышы деп аталады.

Қазақтардың шаруашылығында түйе өсіру едәуір орын алған: көшкен кезде және жүк тасығанда түйе малы пайдаланылған. Ибн Рузбиханның айтуынша, қазақтар өгізбен қатар түйе малымен де арбаға орнатылған үйлерін сүйретіп алып жүрген. Сонымен бірге түйеден жүні алынған, ал түйе сүтінен дайындалатын калориялы да дәмді сусын (шұбат) қымызбен бірдей бағаланған. Дешті Қыпшақтың барлық көшпелілері сияқты, қазақтар да қос өркешті жүндес түйе өсірген.

Қой, жылқы, түйемен қатар қазақтар ірі қара және ешкі өсірумен де айналысқан. Бірақ бұл жануарларды өсірудің қазақтар шаруашылығында маңызы мейлінше төмен болды.

Мал жекеше-отбасылық меншігі саналды. Оның есесіне жайылымды көшпелі қоғамның барлық еркін мүшелері қауымдасып пайдаланды. Алайда өріс аумағын қауым болып пайдалану ұлыс халқын құрайтын рулар мен тайпалардың жайылымдарды ұрпақтан ұрпаққа ауыстырып иелену ғұрпын бұзбады, ал әрбір ұлыс сұлтаны өз халқымен бірге белгілі бір жерде, байырғы жұртында, хандық аумағындағы жерді иеленіп, сонда қоныстанды. Малы барлар ғана көшіп жүретін де, малы жоққа тән кедей-кепшіктер көшуден бас тартып, әдетте өзен жағаларында жыл бойы отыратын еді. Сан ғасырлық тәжірибемен жинақталған көші-қон ережелері жыл маусымдарына сәйкес белгілі бір аудандағы шөп шығымын ескеруге негізделді. Бүкіл өріс аумағы маусымдық жайылымдардың төрт үлгісіне: қысқы (қыстау), көктемгі (көктеу), жазғы (жайлау) және күзгі (күзеу) жайылымдарға бөлінді. Сөйтіп, Қыпшақ даласының тұрғындары, оларды ғылымдағы кейбір кісілердің санағанындай, шүйгін шөп пен су іздеп, бір жерден екінші жерге өз табындары мен отарларының соңынан жыл бойы енжар еріп жүретін кезбе-қаңғыбастар болмаған. Шынын айтқанда, қазіргі қазақ даласының сол кездегі тұрғындары жартылай көшпелі тұрмыс салтымен өмір сүрген: олар ғасырлар бойы қалыптасқан мал шаруашылығы мәдениетін сақтай отырып, белгілі жайлаудан өздеріне таныс қыстауға көшіп баратын малшылар еді.

Қыстаулар үшін жер көбінесе өзен маңайынан тандап алынатын. Мұны негізінен өзендердің жағаларында қамыс пен бұталардың қалың өсетінімен, қатал қыс кезінде олардың малға азық, қарлы борандар мен борасындарда ықтасын, оның үстіне көшпелілерге отын болуымен түсіндіруге болады. Өзен жағалары жайылымдарға неғұрлым бай болса, оның бойында көшпелілер соғұрлым көбірек орналасып, олар өзен жағалауында соғырлым ұзақ қалатын. Ибн Рузбиханның мәліметтеріне қарағанда, кейбір өзендерге көшпелілер ерекше құмар болған. Қазақтарға орта және төменгі ағысының аңғары мен бойы қысқы жайылымдарға ерекше бай Сырдария сондай өзен еді. XVI ғасырда қазақтардың қыстаулары сондай-ақ Қарақұмда, Балқаш көлінің, Жайық өзенінің жағаларында т. б. жерлерде орналасқан.

Қыстыгүні көшпелі қазақтар әрбір қыстаудың маңайында мал жаятын өріс алқабы жеткілікті дәрежеде мол болуы үшін мүмкіндігінше кеңірек жайғасатын. Қыпшақ көшпелілерінің қысқы тұрақтары алуан түрлі болған. Бірақ әдетте бұлар аздап тереңделіп қазылған шұңқырларға орнатылып, күресін қар басқан киіз үйлер мен лашықтардан тұратын да, оларға үздіксіз от жа-

ғылып отыратын. Малға арнап алдын ала көбінесе қамыстан, қидан, қой тезегінен қашалар салынған.

Көшпелілер өздерін қыс кезінде азық-түлікпен жабдықтау үшін жылына бір рет желтоқсан айында соғым сойған. Соғым саны хал-жағдайға байланысты болған, байлығы жететін адамдар қысқа арнап, қойды есептегенде, он және одан да көп жылқы сойып алған. Соғым сойылған күндер қысқы ойын-сауықтар, тойлар өткізілетін және бір-бірін қонаққа шақыратын мерекелі-думанды күндер саналған. Бірақ бәрі де сәтті аяқтала бермеген. Шаруашылық үшін ең қиын және көшпелілер үшін ең мазасыз айлар - қаңтар мен ақпан келеді: малдың қоңы тайып, әлсірейді, күтімді көбірек керек етеді, қырсыққанда аяз да күшейіп, шырқау шегіне жетеді, далада бұрқасынды-боранды маусымы басталады. Тұнжыраған және құбылмалы қыс көшпелілердің шаруашылығы үшін қиын жыл мезгілі ғана емес, сонымен қатар әскери жағынан да ең қауіпті кез еді: деректемелердің мәліметтеріне қарап қаншалықты пікір айту мүмкін болса, көшпелілерге қарсы жорықтар әдетте ұлыстар, Ибн Рузбиханның айтуынша, «шашырап жатқан» және қысқы тұрақтардың арасындағы қашықтық «он бес күндік болуы мүмкін» жерде орналасқан нақ қыс кезінде жасалған.

Көшпелілер әрқашанда қуанышпен қарсы алатын көктем келгенде қазақтар көктемгі жайылымға шығатын. Қысқы тұрақтардан ерекшелігі — мұнда киіз үйлер көбінесе қыраттар мен биік жерлерге тігілетін; бүкіл жарық күнді көшпелілер үйлерден тыс, ашық аспан астында өткізетін; мұнда қыста жүдеген мал қоң алып, қой, бие, інгендер төлдейді. Қойдың жабағысы қырқылып, түйе жүнделеді, екі-үш жасар тай-құнажындар күзеледі.

«Ыстық түсіп, өрт пен от көп болатын жаз күндерінде, — деп жазады Ибн Рузбихан, — қазақ халқы даланың шет аймақтарына, жан-жағы мен шет жақтарына барып қоныстанады. Жазғы қоныстарда қысқа қарағанда неғұрлым жиі орналасты және жайлаудағы өмір ең емін-еркін уақыт болды. Мұнда тойлар жасалып, ойындар, жүлде берілетін ат жарыстары (бәйгелер) өткізілді, балуандар күресі өтіп, әншілердің, күйшілер мен айтыскерлердің сайыстары ұйымдастырылды».

Күз келісімен малшылар күзгі жайылымдарға көшіп баратын, олар көп жағдайда көктемгі жайылымдарына сәйкес келетін. Күзгі жайылымдарда отырғанда көшпелілер әдетте алыс көршілеріне ауық-ауық шапқыншылықтар да жасап отырды. Күзде халық жиналыстары өткізіліп, оларда ел үшін маңызды істер шешілген.

Қыстаулар мен маусымдық көшіп жүретін жерлердің арасындағы қашықтық жүздеген шақырымға жетіп, бірнеше ай көшіп-қонатын болған. Жолдың осынша ұзақ болуы Дешті Қыпшақ тұрғындары тұрмысының кейбір ерекшеліктерін де айқындаған; бұл ерекшеліктер, атап айтқанда, сол кезде тұтас ұлыстар көшуінде, яғни даламен бір мезгілде он және жүз мыңдаған адамдар мен жануарлар баяу қозғалып отыруында болып табылады. Халық та көп, малдың саны да мол болғандықтан, алда бара жатқандар кейінде келе жатқандарға қажетті барлық шөп пен бұталарды таптап кетпеуі үшін қанатты кең жайып көшуге тура келетін еді. И. Барбароның мағлұматтарына қарағанда, «жылжып келе жатқан халықтың» шеттері аралығындағы аралық 120 мильге (190 шақырым және тіпті одан да көп) дейін жеткен.

Дешті Қыпшақтың көшпелі халқы тұрмысының тағы бір ерекшелігі мынада: олардың көшкенде үйлерін арбаға орнатылған күйінде бірге алып жүруі

болып табылады. XVI ғасырда қазақтардың көшу әдісі туралы Ибн Рузбихан міне былай деп жазған: «Қазақтардың қыстауға баратын жолында кейде олардың орасан көп табындарына су жеткілікті болмайтындықтан, олар қажет болған кезде жол бойына қар түскенде барып жолға шығады; «олардың тұрғын үйлері арба сияқты етіп жасалып, доңғалақтар орнатылған, ал оларды бір жерден екінші жерге түйелер мен аттар керуен тәрізді тізіліп сүйреп апарады; егер олар бірінен кейін бірі тізіліп жүретін болса, олардың арасы бір қадамнан артпаса, монғолдардың жүз фарсахындай қашықтыққа созылар еді»⁵. Олардың арбалары даламен жүруге, тіпті қар үстімен де жүруге әбден жарамды, әйтпесе, қазақтарға шөл мен су болмауынан қырылып қалу қатері төнер еді».

Дешті Қыпшақтың көшпелі халқының арбалары екі түрлі: екі доңғалақты арба және үлкен төрт доңғалақты ырдуан арба болған. Арбалардың ауырлығына немесе жеңілдігіне қарай оларға аттар, өгіздер және түйелер жегілген. Арбалардың сүйегі мен доңғалақтары әдетте қайыңнан жасалған: арбалар ағаш оңай иілетін сәуір және мамыр айларында әзірленген. Ал арбаны құрастыру жазда жүргізілген. Берік те мықты арбалар кем дегенде екі міндет атқарған: қорғаныс жағдайында көшпелілер өз лагерін қатарластыра қойған арбалармен қоршап, бекініс жасаған; арбаларға дала тұрғындарының тұрғын үйлері — «шатырлар» орнатылған, олар Шараф ад-дин Әли Йаздидің шығармасында түріктің «көтерме» деген сөзімен аталған. «Осы бір шексіз-шетсіз шөл дала тұрғындарының тұрғын үйі, — деп жазған ол, Темірдің 1391 жылғы Дешті Қыпшаққа жорығын суреттей келіп, — «көтерме шатырлар» болып табылады, оларды бөлшектемей, тұтасынан қойып, алынатындай етіп істейді, ал қоныс аударып, көшкен кезде оларды арбамен алып жүреді».

Дешті Қыпшақ тұрғындарының осы «арбаға орнатқан үйлерін», жабық арбаларын орта ғасырлардағы көптеген авторлар суреттеген. «Ах, қандай шатырлар! — деп танданады, мысалы, Ибн Рузбихан, — биік тұрғызылған замоктар, ағаштан әуе кеңістігіне салынған үйлер»⁶. И. Барбароның суреттеуіне қарағанда, мұндай арба-үйлердің сүйектері былайша жасалған. Диаметрі бір жарым қадам болатын ағаш шеңбер алып, оған ортасында қиылысатын бірнеше жартылай шеңбер орнатқан; араларына қамыс төсеніш төсеп, оларды жеткілікті болуына қарай не киізбен, не шұғамен жапқан. «Олар тынығуға аялдағысы келген кезде, — деп жазады одан әрі И. Барбаро, — Қыпшақ көшпелілері бұл үйлерді арбадан түсіріп алады да, соның ішінде тұрады».

Ибн Рузбиханның атайтынындай, бұл «жылжымалы үйлердің» алды мен артқы жағынан торлы терезелер жасалған: терезелерге «өте әдемі және шеберлікпен өрнектелген киіз перделер» тұтылған. «Арба-үйлердің» үлкендігі, жасаулануы мен олардың саны қожайындарының атақтылығы мен байлығын көрсеткен. Сұлтандар мен шонжарлардың иелігіндегі «арба-үйлер» әдемі әрі көркем жасауланған және оларға бір мезгілде жиырма немесе одан да көп адам сыйып кете алатын болған. Осындай үлкен шатыр арбаға орнатылып, арбаға қатарынан бірнеше түйе жегілген. Қарапайым қазақтардың «арба-үйлері» «ұзынша етіп жасалған». Олар да шынайы шеберлікпен соғылған, бірақ көлемінің едәуір кіші болуымен ерекшеленіп, оларды бір, кейде бірнеше түйе сүйреткен. Осы жылжымалы, «биік тұғырда тұратын үйлердің» тамаша екендігі сонша, «әдемілігіне, шебер жасалғандығына және әсемдігіне көңілің сүйсініп, басың айналады».

Көз көргендердің айтуынша, доңғалақты шатырлардың тұрғындары

негізінен әйелдер болғанымен, Қыпшақ даласының көшпелілері өз арбаларымен «қорқуды білмей, сеніммен» жүрген. Үлкен арбаны жүргізетін адам оны сүйрейді, ер салынған аттардың (түйелердің) біреуіне мініп отырған. Ол қолына айдауға арналған қамшы және үлкен сырық ұстаған, ол жолдан бұрылу қажет болған кезде, сырықпен бұрып отырған. Арбаларға әлбетте салт аттылар еріп жүріп, олар, атап айтқанда, өзеннен өткенде, өрге көтерілген кезде арбалардың дәртелеріне арқан байлап, оларды өрге шығаруға көмектескен де, төмен түсетін кезде доңғалақты тежеп, сол арқылы шатыр ішіндегілердің қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз еткен. Саяхатшы А. Контарини бұл әдемі әрі тез істелетін, бірақ, әрине, тым қауіпті іс болатын деп қорығады.

Дешті Қыпшақтың көшпелілері арасында негізгі тұрғын үй мен көлік түрі ретіндегі арба-үйлер XVII ғасырда жойылып кеткен, Қыпшақ тұрғындарының арба-үйлерді пайдалануы туралы уақыты жағынан мәлім соңғы хабарлар XVII ғасырдың бас кезіне жатады, ал неғұрлым кейінгі деректемелерде қос доңғалақты арбалар ғана айтылады және кейде көлемі жөнінен үлкен болғанымен де, жиналмалы киіз үйлер мен алып жүретін үйшіктер ғана суреттеледі. Арбалы үйлермен көшіп жүруден жиналмалы киіз үйлерге жаппай ауысу Дешті Қыпшақтың көшпелі халқының тұрмысында ірі өзгеріс болды және бұл өзгерістің себептерін тарихи дамудың әлеуметтік-экономикалық барысынан іздестіру керек деп санауға болады. Көшпелі шаруашылық жағдайындағы экономикалық құлдырауды ең алдымен жайылымның тарылып, мал санының азаюы туғызуы мүмкін. Қазақ тарихындағы осы кезең, XVII ғасыр жайылымдық жерлер үшін ойраттармен кескілескен күреске толы болды.

Деректемелердің кейбір хабарларынан қазақтардың егіншілікпен шұғылданғаны байқалады. Бірақ Қазақ хандығы аумағының түрлі аудандарында егіншіліктің дамуы мейлінше әркелкі болды, аудандардың басым көпшілігінде егін шаруашылығы төменгі дәрежеде болды немесе мүлде болмады. Алайда кейбір аудандарда егіншілік зор шаруашылық маңызға ие болды, бұл ең алдымен қазақ билеушілері жерінің ежелден егіншілікпен айналысқан ошақтары, атап айтқанда, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға қатысты еді.

Қазақтар негізінен тары өсірді. Дешті Қыпшақ көшпелілерінің шаруашылығында бұл дақылдың дәстүрлі екенін орта ғасырлардағы көптеген авторлар дәлелдейді. Әл-Омари былай деп жазған: «Оларда егіс аз, бәрінен де азы бидай мен арпа, ал бұршақ мүлде табылмайды. Оларда көбінесе тары егіледі, олар соны тамақ етеді»⁷. И. Барбаро дештілік көшпелі ұзақ жолға шыққанда, тары талқаннан аздап бал салып, қамыр сияқты иленген тамақ салынған, «лақ терісінен жасалған шағын дорба» алып жүреді деп атап өткен. Осындай тамақ қоры жеке жолаушының да, күзетші қосындардың да «өз адамдарынан он, он алты, ал кейде жиырма күншілік қашықтықтағы жолға» алыстап кетуіне мүмкіндік берген.

Көшпелілер егіншілікке барлық жерде экономикалық қажеттіліктің қысымымен көшіп отырды және отырықшылыққа ең алдымен көшуге мүмкіндігі жоқ кедейлер көшкен. Өз малынан айрылған отырықшы малшыларды көрсету үшін деректемелерде түріктің «жатақ» немесе «отырық» деген сөздері де қолданылады. Бұл орайда кедейленген көшпелілер қажетті мөлшерде мал жинап алысымен бірінші мүмкіндік туғанда-ақ амалсыздан «жер жыртуды» оп-оңай тастап кетіп, өздеріне дағдылы мал шаруашылығы-

на құлшына кірісетіні назар аударарлық. Номадтарда көшу мүмкіндігі әрқашанда аман-есендік белгісі саналған.

Дешті Қыпшақтың алуан түрлі жануарлар дүниесі бар кең-байтақ кеңістігі көшпелілерге жеке-дара және ұжым болып аңшылық етуге зор мүмкіндік берді. Орта ғасырлардағы бұл елді жақсы білген авторлар дештілік көшпелілердің «көбінесе садақпен тамаша аң аулай білетіндігін» атап өтеді. Ибн Рузбихан да «Түркістан елдерінің қуаныш-шаттығын суреттеу» бөлімінде бұл туралы былай деп жазады: «Сол көп нұр жауған елдің бүкіл шөл даласы жабайы аңдарға толы. Сол далада шөбі шүйгін жайылымдары мол болуынан киіктер семіз сиыр сияқты жүгіре алмайды, ал сол өңірдің аңшысы аң қуғанда аты аңға зорықпай жетеді. Мәлімет беруші сенім көрсетуге лайықты көптеген сенімді адамдар сол жерлерде, сол өңірде біреудің үйінде құрметті мейман қонаққа келгенде, үй иесі оған деген меймандостық пен сый көрсетуді сақтау ережелерін орындау үшін — бұл Түркістан тұрғындарының әдет-ғұрпы болып табылады — керек болса, егер ет қажет болып қалса, үй иесі иығына бірнеше жебесі бар үлкен садақты дереу асынып алып, мейманына кешкі ас дайындау үшін аң аулауға шығады деген лақап айтқан. Ол далаға аттанып, өнерлі бас бармағымен семіз құланды бірден-ақ өзінің аңшылық жебесінің нысанасына ала алады. Оның майы мен етінен мейманын сыйлау үшін лайықты түрде мүмкін болған тамақты дайындайды, аңшы үйіне қанжығысын жабайы құсқа толтырып оралған»⁸. Сонда кең далада қарақұйрықтар топ-топ болып жайылып жүретіні, көшпелілердің соларды аулайтыны айтылады.

Аң аулаудың бірнеше түрі болған: құс салған, тазы иттер қосып және қаумалап аулаған және т. б. Қыран құстардан қаршыға, бүркіт, сұңқар, лашын т. б. пайдаланылған. Қырын құстармен аң аулау Қазақстанда ХХ ғасырдың басына дейін кеңінен тараған. Қазақтардың киікті қаумалап аулағанын суреттеуді біз А. Левшиннен жолықтырамыз. Киіктер келіп су ішетін жерге аңшылар қамыстан жартылай дөңгелете қоршау жасаған, қамысты олардың өткір үш жағы қоршаудың ішкі жағына шығып тұратындай етіп шаншықан. Аңшылар торуылда жасырынып отырған. Киіктер суатқа келген бойдан оларды үркіткен. Жануарлар суаттың қоршау жағынан қалдырылған ашық жерге қарай қашып, қоршаудан қарғып өтуге ұмтылған кезде, қамыстың өткір ұшына шаншыла құлаған. Жараланған киіктерді пышақпен оп-оңай бауыздап алған.

Дешті Қыпшақ көшпелілерінде аң аулау, алайда, дербес кәсіп болмаған, қайта мал шаруашылығына көмекші кәсіп болған, дегенмен де дала тұрғындарының өзіндік шаруашылығында, сірә, оның маңызы аз болмаса керек. Сонымен бірге аң аулау кейде әскери айла-шарғы мақсатымен де пайдаланылған.

Қазақтардың шаруашылығында әр түрлі қолөнер мен үй кәсіпшіліктері елеулі орын алды, олардың көпшілігі мал шаруашылығы өнімдерін өндеумен байланысты еді. Қазақтар ежелден тері өндеп, киіз басуды, оларды түрлі түске бояуды білген, олар теріге, металға және тағы басқа материалдарға батыру арқылы өрнектеуді, құрап-жамау және кестелеп тігу тәсілін шебер меңгерген. Ибн Рузбиханның мағлұматына қарағанда, қазақтар «таңғажайып өрнек салынған түрлі-түсті текеметтер және өте әдемі әрі көркем, оймышты белдіктер жасаған». ХVІ ғасырда қазақтардың үй қолөнерінің, мысалы, тері өндеудің жоғары даму дәрежесінде болғанын, атап айтқанда, ХVІ ғасырдағы осман авторы Сейфи Челебидің деректері қуаттайды. «Оларда қой, жылқы және түйе көп, — деп жазады Сейфи қазақтар туралы, — олардың

тұрғын үйлері арбаларға орнатылады. Олардың тондары қой терісінен тігіліп, түрлі түске боялады, сөйтіп атласқа ұқсайды. Оларды Бұхараға апарып, онда атластан тігілген шапанның бағасындай бағамен сатады, олар сондай ғажап және әдемі. Оларда нақ сол қой терісінен тігілген ғажайып шекпендері де бар. Олардан су мүлде өтпейді және ылғал әсер етпейді: бұл тері өңдеу үшін пайдаланылатын, сол жерлерде өсетін кейбір шөптердің қасиетінен»⁹.

Киіз басу, тері илеу, былғары жасау, теріден бұйымдар тігу және т. б. сияқты еңбекті көп керек ететін және денеге салмақ түсіретін ауыр жұмыстарды көшпелі қоғамда түгелдей әйелдер атқарды. Сонымен бірге әйелдер қой мен ешкі бақты, киіз үйлерді тігіп, жығып отырды, мал сауумен, мал өнімдерін ұқсатумен, тамақ дайындаумен және басқа да үй істерімен айналысты: жас балаларды бағып-күту де әйелдердің мойнында болды. Қысқасы, көшпелілерде шаруашылық қызметке әйелдердің қатысу үлесі еркектердің еңбек үлесінен едәуір асып түсетін еді. Тұрмыстағы еркектер мен әйелдер еңбегінің мұндай арақатынасын көшпелілерде мал өнімдерін өңдеуге және үй шаруашылығын жүргізуге байланысты дене еңбегі, әдетте, еркін еркекке лайықты емес деп саналып, сондықтан түгелдей әйелдерге, мүмкін болуына қарай құлдарға да жүктелуімен түсіндіруге болады. Алайда жоғарыда айтылғандар, әрине, тұрмыста еркектер мүлде ешнәрсе істемеген дегенді білдірмейді. Көшпелі қоғамның еркін еркектері қару-жарақ заттарын, ат әбзелдерін, ер-тұрман, арбалар дайындады, үй салды, өздері үшін де, әйелдер үшін де етіктер тікті, «ішінара малға да қарап жүрді», атуға жаттықты, аң мен құс аулады. Еркектердің ең басты міндеті отбасы мен мүлкін қорғау, соғыс қимылдарына қатысу болды.

2. ХАЛЫҚ КӘСІПШІЛІГІ МЕН ҚОЛӨНЕРІ

Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз ету мәдениеті көп жағынан халық кәсіпшілігі мен қолөнері арқылы анықталып келді. Кез келген өндіруші шаруашылық, мал шаруашылығы немесе егіншілік өз қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарынсыз дамуы мүмкін емес: мал шаруашылығы үшін ер-тұрман, ат әбзелдері, малды ұстайтын, байлайтын жабдықтар мен т. б., егіншілік үшін жерді жыртатын және тырмалайтын, астықты жинайтын және өңдейтін құралдар мен т. б. қажет. Сондықтан қазақтар арасында әр түрлі салалар бойынша мамандар: ағаш өңдеушілер, темір ұсталары, тері илеушілер, тас қалаушылар және т. б. болған. Қолөнер кәсіпшілігінің адам тіршілігінің неғұрлым шаруашылық жағымен байланысты және едәуір дене күшін жұмсауды талап ететін бұл саласымен негізінен еркектер айналысты.

Үй кәсіпшілігіне келетін болсақ, ол қоғамның әрбір отбасын өзінің тіршілігіне қажетті заттармен белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етіп отырды: бұлар — тұрғын үйдің ішкі жасауының бұйымдары, ол үйдегі өндірістің едәуір бөлігін құраған, сондай-ақ әр алуан киім түрлері.

Үй кәсіпшілігі сәндік-қолданбалы өнермен тығыз байланысты болды, әрбір зат дерлік өзінің тікелей мақсатымен қоса өрнектеліп, безендіріліп отырды. Тұрмыс заттарын жасау шыдамдылықты және дамыған эстетикалық талғамды керек етті, ал бұл қасиеттер ежелден қыз-келіншектер қауымының еншісіне тиген. Сондықтан қазақтардың үй кәсіпшіліктерімен негізінен әйелдер шұғылданды.

Қазақтардың халықтық кәсіпшілігі мен қолөнерінің өз ерекшеліктері болды және олар халықтың шаруашылық қызметі мен тұрмыс салтының нәтижесінде қалыптасты. Халықтың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысты, оның негізінде жайылымды маусым сайын алмастырып отыру принципі жатты, мұның өзі көшпелі тұрмыс салтына себеп болды.

Көшпелінің шаруашылығы тұтынуға қажетті бұйымдарды өзі өндіретін сипатта болды және халықтық кәсіпшілік оның негізгі бөлігін құрады: малдан жүн, қой терісі, тері, сүйек алынды, олардан өздері тұтынатын әр түрлі бұйымдар жасалды, оның болмашы бөлігі ғана жұрт жаппай жиналатын жерлерде (мысалы, жайлауда) отбасылар, ауылдар арасында айырбас — товар түрінде сатылып отырды (XV—XVII ғасырларда кейініректе товар-ақша қатынастарының енуі кезеңінде далада қаптап кеткен алыпсатарлардың арамтамақ сословиесі әлі жоқ еді).

Үй кәсіпшіліктерінің қолөнерге және ұсақ товар өндірісіне айналу барысы байқалды, бірақ қазақтардың көшпелі мал шаруашылығы жағдайларында оны көптеген себептер: шаруашылықтың экстенсивтік нысаны, патриархаттық-рулық тұрмыс сарқыншақтары, меншік нысанының дамымағандығы тежеді. Бірақ негізгі тежеу Қазақстанда қолөнер кәсіпшілігі орталықтарының жоқтығы болғаны күмәнсіз, өйткені қолөнер отырықшы мәдениет жағдайында, қалалар мен ірі қыстақтарда ойдағыдай дами алады. Мысалы, XVI ғасырда Бұхара мен Самарқанд Орта Азияның экономикалық және сауда-қолөнер орталықтарына айналды, бұл қалалардың қолөнерінде еңбек бөлінісі бар цехтық ұйымдар болды¹⁰. Қазақстанда мұндай орталықтар болмады. Рас, кейбір аймақтардың әр түрлі өндіріс бойынша мамандануы орын алған, мысалы, Көкшетау ауданы мен Солтүстік Қазақстанның ормандарындағы халық киіз үйдің ағаштан жасалатын бөліктерін өңдеумен өте ерте заманнан бері айналысып келген¹¹. Бірақ бұл қолөнер еңбек қызметінің негізгі түрі мал шаруашылығына көмекші болған. Қолөнершінің еңбегі белгілі бір шеберлікті талап еткенімен де, қазақтардың қолөнері мал шаруашылығы саласынан дегенмен де бөлініп шықпады, ол қоғамдағы негізгі өндіруші болмады, қолөнершінің өз еңбегімен жасаған бұйымдарды сату есебінен тіршілік етуі мүмкін емес еді. Қазақтардағы қолөнер өз дамуының бастапқы сатысында тұрды, оған товар айырбасы тән болатын: қолөнерші өз бұйымы үшін ақыны заттай, көбінесе малмен алды.

Сонымен, қазақтардың XV—XVII ғасырлардағы үй кәсіпшіліктері мен қолөнері көшпелі мал шаруашылығы басым жағдайларда әрбір экономикалық ұяның негізгі шаруашылығының бір бөлігі болды, оның тұрмыс бұйымдарына деген қажеттерін қанағаттандырды. Алайда, шаруашылық жүргізудің аталған нысаны көшпелі және отырықшы өркениет арасындағы товар айырбасына соқпай өте алмады. XVI ғасырда Сығанақ осындай сауда орталықтарының бірі болды, орта ғасырлардағы шығармашының айтуынша, ол «... (әр түрлі) елдерден көпестер келетін жер болып табылады және онда барлық елдердің байлықтары мен товарлары мол»¹². Сауданың өзіндік шаруашылық негіздерін ыдырата бастағаны, қолөнердің дамытылуына ынта-ықылас туғызғаны күмәнсіз, бірақ ол көшпелі мал шаруашылығының басты салаларын түп-тамырынан қирататындай дәрежеде болған жоқ. Өз кезегінде шаруашылықтың мұндай үлгісі халықтық кәсіпшілік пен қолөнердің дамытылуына ынта-ықылас туғызды, әрбір буынның шеберлігі ұштала түсті, жасалатын бұйымдар сапасы жағынан жақсарды, өйткені жаңа леп болмаса,

кез келген мәдениетте тоқырау, ал сонан соң құрдымға кету басталады. Дүниежүзілік мәдениетке Евразияның көшпелілері де өз үлесін қосты, мұны көптеген мысалдардан көруге болады.

Тұрғын үй. Қазақтардың алып жүруге қолайлы тұрғын үйінің негізгі түрі — киіз үй әбден жетілдірілгенге дейін күрделі де ұзақ жолдан өтті. Көптеген ғалымдардың пікірінше, оны Евразияның түрік көшпелілері ойлап тапқан, ол даму мен жетілудің ұзақ та күрделі жолынан өтіп, негізгі конструкциялық шешімдерін I мыңжылдықтың орта шенінде тапқан¹³.

Орта ғасырлардағы көптеген саяхатшыларды көшпелі түрік тайпаларының киіз үйлері қайран қалдырған. Әл-Якуби (XI ғ.) түріктердің киізбен жабылған қабырғалы шатырлары туралы таңдана жазған¹⁴. Ибн Фадлан X ғасырда қазіргі Батыс Қазақстан аумағынан (Жем өзені) өтіп бара жатып, түріктерден көрген киізден жасалған күмбез тәрізді үйлер туралы айтады¹⁵. «Худуд әл-аламның» («Әлем шекаралары», X ғ.) беймәлім авторы Ертiс бойын мекендеген кимектер туралы хабарлай келіп: «Адамдар жазда да, қыста да киіз үйлерде тұрады, жайылым мен су іздеп көшіп жүреді», — деп атап өткен¹⁶. Ақырында, соған дейін киіз үйді (шатырларды) ешқашан көрмеген Рузбихан XVI ғасырда «...Қыпшақ даласының даңқты хандарының қолбасшылары мен әскербасылары...» «біздің құдіретіміздің тостағанынан кек көусарын...» жұтуын мақсат еткен Шайбани ханның соғыс жорықтарының біріне қатыса жүріп, мол олжаның — мүлкімен қоса қазақтардың он мыңға жуық киіз үйлерінің қолға түсірілгеніне куә болған...»¹⁷.

Алып жүруге қолайлы тұрғын үйдің ең жетілдірілген түрі ретінде киіз үй қазақтардың тұрмыс салтына бәрінен де гөрі сәйкес келеді, ол — адамның табиғатпен өзара байланысының, оның қоршаған ортаға сіңісуінің нәтижесі. Сонымен қатар тұрғын үйдің болуына ресурстық орта, яғни табиғи және адамның еңбегімен жасалатын, оның тұрғын үйі тұрғызылатын компоненттер зор ықпал етеді.

Көшпелі мал шаруашылығына тез құрастырылып, тез жиналатын, алып жүруге жеңіл тұрғын үй қажет болды. Киіз үйдің осындай қасиеттері бар, ал оны жасауға керекті шикізатты әркім өзі дайындайтын: үйдің сүйегі үшін ағаш материалы өзен аңғарлары мен таулы өңірлерде жеткілікті болатын, ал киіз жамылғысы үшін көшпелі халық өз қойының жүнін қырқып алып отырды. Сонымен, қазақтың киіз үйі ағаш сүйегі мен киізден тұрады. XVIII ғасырдың аяғындағы киіз үйдің ең ертедегі¹⁸ және осы заманғы егжей-тегжейлі сипаттамасын салыстыра келіп, оның бөлшектерінде айырмашылық жоқ деген қорытындыға келуге болады. Сондықтан XIX ғасырдағы автордың мәліметтері бойынша да¹⁹ киіз үйді сипаттап беруге және ол мәліметтерді неғұрлым ертедегі — XVI—XVII ғасырларға көшіруге әбден болады.

«Қолөнеріндегі (қазақтардың қолөнеріндегі. — *Ред.*) бірінші және ең басты нәрсе, — деп жазды И. Г. Андреев, — сәмбі талдан жасалатын өз үйлерін құрастыру...»²⁰.

Киіз үйдің ағаш сүйегінің бөлшектерін жасаумен маман шеберлер (үйшілер) айналысқан. Ағаш сүйегі мынадай төрт бөліктен тұрады: 1) құрастырмалы-жиналмалы қабырғасы — қанат, олардан киіз үйдің қабырғалары (кереге) құралады; 2) күмбез сүйегі (уық); 3) дөңгелек төбесі (шанырақ); 4) есік немесе сықырлауық. Ағаш сүйектің әрбір бөлігіне белгілі бір киіз жамылғы сәйкес келеді, оларды шебер қазақ әйелдері жасайды, олар: 1) керегелерге тұтылатын туырлық; олар бірнешеу; 2) үзік күмбезге жабылады, олар екеу;

3) түндік — шаңыраққа жабылатын шаршы киіз; 4) киіз есік — киіз үйдің есік ойығын жауып тұратын ұзынша киіз.

Қанаттың тор көзі ортасынан қиғаштап жіңішке қайыстармен (көк) біріктірілген шағын кереге ағаштарынан құралады, уықтар жиынтығы жеңіл де қатты, өндеуге жақсы талдан жасалады. Дөңгелек шаңырақ қайыңнан иілген екі жарты шеңберден құрастырылады, ал есігі екі жаққа айқара ашылатын қос жақтаулы етіп қарағайдан жасалады.

Керегелерінің санына қарай киіз үйлер: 6 қанатты, 7 қанатты, 8 қанатты және т. б. үйлер болып бөлінеді, яғни керегелерден құралатын қанаттары неғұрлым көп болса, киіз үй соғұрлым үлкен болады. Киіз үйдің сүйегі киізбен жабылып, арқанмен бекітілген. Қыста жылы болуы үшін киіз үйді екі қабат киізбен жауып, керегеге әсем өрнектелген ши тұтылған. Еденге әдетте киіз, тері, кілемдер төселген. Көшпелінің киіз үйінің ортасында күз бен қыс айларындағы суықта үйді жылытып тұратын ошақ орналасқан.

Киіз үй жиһаздары үй кәсіпшілігінің көптеген бұйымдарынан тұрады, киіз үйді сәнді өнер үлгісі деп санауға болады. Ғажайып текеметтер мен әсем тоқылған кілемдер, аяққаптар мен қоржындар, асадалдар, заттар сақталатын сандықтар мен абажалар, әр түрлі мақсаттарға арналған желбаулар мен басқұрлар басқа да көптеген ою-өрнекті үй жиһаздары — осылардың бәрі халық кәсіпшілігінің бұйымдары.

Рузбиханның айтуынша, қазақтар «әдеттен тыс өрнекті, түрлі-түсті текеметтер жасап», олармен өз үйлерін безендірген²¹.

Рузбиханның заманында (XVI ғ.) қазақтардың басқа бір тұрғын үйі — арба үстіне тігілген нақ сондай киіз үй де кездескен. Көші-қон немесе соғыс жорықтары кезінде оларды едәуір жиі пайдаланған. Рузбихан былай деп жазған: «Мен арбаға орнатылған қандай үлкен шатырлар көрдім десеніңші! Мен терезелері бар, өте әдемі де шеберлікпен жасалған киіз жабылған дағарадай кең үйлер көрдім.

...Бүкіл орда биік тұғырға орнатылған осындай таңғажайып үйлерге толы сияқты болып көрінді, сөйтіп қайран қаласың және әдеміліктен, шеберлікпен сұлулықтан басың айналады»²². Басқа бір жерінде Рузбихан «оларды бір жерден екінші жерге керуен сияқты тізілген түйелер мен аттар сүйреп апарды» деп жазады²³.

Осындай «арба үстіндегі үйлер» қазақтардың тұрмысында неғұрлым кейінгі кезде де кездесті және олар «күйме» деп аталды. Бұл үшін «Қыз Жібек» лиро-эпосын еске алсақ та жеткілікті, онда бас кейіпкердің осындай үйі жайында айтылады²⁴.

Егіншілік мәдениеті бар аудандарда отырықшы үйлер салынған. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанда XV—XVI ғасырлардан бастап жерден қазылып, жер бетіне шығып тұратын құрылыстар (жартылай жертөлелер мен жертөлелер) салынған. Киіз үй тәрізді дөңгелек жартылай жертөлелер немесе киіз үйге ұқсатып, жоспарланған жер бетіне дөңгелетіп тұрғызылған құрылыстар, сондай-ақ жер бетіндегі тұрғын үйлер (бір, екі, тіпті үш бөлмелі) қолда бар табиғи материалдан: өзен аңғарларында шикі кірпіштен, тауларда тақта тастардан салынған²⁵.

Халық кәсіпшілігі мен қолөнер бұйымдары. Қазақтың ісмер және қолөнерші әйелдері киіз үй мен отырықшы тұрғын үйлердің ішкі жиһаз жабдықтарымен қоса, өмірге қажетті және пайдалы толып жатқан бұйымдар

да жасаған. Дала тұрғындары киіп-тұтынатын бұйымдардың едәуір бөлігі үй кәсіпшілігінде өндірілген.

Рузбихан қазақтарды «бұлғын, тиін және басқада аң терісінен тігілген тон, көптеген әшекейлі жібек киім-кешек киіп, үйлерін қар жамылған далада сүйретіп..., Қыпшақ даласы мен Еділ шегінен Сырдария жағалауындағы қысқы жайылымдарға көшеді» деп жазған²⁶.

Басқа бір жерде ол былай деп жазады: «...жиі араласқандықтан, бұл елге әдемі әрі сәнді товарлар, әсіресе жақсы мата және кілем бұйымдары, күміс және алтын әшекейлер әкелінеді... Оның (қойдың. — *Ред.*) жүнінен әуелі (өзіне) жейде тоқып тігеді, ал демі бітерде кебін тігіп, мәйітін соған орайды...»²⁷.

Рузбиханның хабарлары көптеген шеберлер мен ісмер әйелдердің: тері өндейтін былғарышылар мен тон тігушілердің; мата және кілем тоқушылардың; қымбат металдардан әшекей заттар жасайтын шеберлердің (зергерлердің) және басқаларының еңбегін көрсетеді.

Рузбихан көрсеткен бұйымдардың алуан түрлі екендігін XVIII ғасырдың екінші жартысындағы авторлар да растап, толықтыра түседі және олардың айтқандарынан XVIII ғасырдағы қазақтардың шаруашылық және тұрмыстық укладының XV—XVI ғасырлардағыдан айырмашылығы аз болған деген ойға жетелейді.

Медицина докторы, тарих ғылымының профессоры, Ресей императорлық ғылым академиясы мен Санкт-Петербург Ерікті экономикалық қоғамының мүшесі, Римдегі табиғат зерттеушілердің императорлық академиясы мен Ағылшын Корольдік ғылыми жиналысының мүшесі П. С. Паллас 1769 жылы Орынбор, Орал, Оңтүстік Сібір қазақтарының жерін және Ертіс бойымен Семейге дейін аралап саяхат жасады. Ол қазақтар «теріден тон жасап, тері илейді, сондай-ақ қалың камлоттар немесе шекпендер тоқиды, қой жүнінен киіз басады және жүнді жақсы бояп, әрлендіре біледі, оның үстіне теріден алуан түрлі ыдыстар жасайды...» деп жазған²⁸.

П. С. Паллас алғашқылардың бірі болып қазақтардың тері мен киіз өндеу, оларды әр алуан түске бояу, табиғи бояу алу әдістері жайлы жазып қалдырды²⁹. Оның қазақтың темір ұсталары мен зергерлерінің, күміс шекуші шеберлерінің түсті металдардан әсем өрнектеп жасаған заттары, ерлер киімі, қару-жарағы т. б. қолөнер бұйымдары жайлы мәліметтерінің ғылыми маңызы зор³⁰.

Қызметін 1766 жылы Ертіс қамалдарының бірінде инженер-құрылысшыдан бастаған капитан И. Г. Андреев те өз жазбаларында қазақтардың өмірі, қолөнер кәсіпшілігі жайлы П. С. Палластың мәліметтеріндей құнды деректер келтіреді. Ол киіз үйдің ағаш сүйегі, киіз туырлығы, «киіз үйді бекітетін арқаны, бау-басқұр, ою-өрнегі» жайлы жалпылама сипаттап өткен³¹.

Капитан И. Г. Андреевтің қазақтың ағаш шеберлерінің өнері «көлемі үш фүтқа дейін жететін ағаш ыдыстар», оларды жасайтын станоктар туралы жазбалары өте қызықты³².


Қазақтың темір ұсталары негізгі еңбек құралдарын, балта, пышақ, қырықтық, шеге және басқаларын жасады. Темір ұсталары сонымен қатар басқа да шаруашылық-тұрмыс заттарын, қару-жарақтар, найзалар мен жебелердің темір ұштарын соққан³³. Ибн Рузбиханның хабарлауына қарағанда, қазақтың темір ұсталары батырлардың бес қаруын өте шеберлікпен жасаған³⁴.

Сонымен, халық кәсіпшілігі мен қолөнер көшпелі малшылардың өзіндік

шаруашылығының бір бөлігі болған. Шаруашылықтан алынатын шикізаттан тұрмыстық мақсатта әр түрлі бұйымдар жасау негізінен тұрғын үйдің ішкі жиһаздарын ұқсату мен әр түрлі киім-кешек тігу үшін өңделген.

3. ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ ҚАРУ-ЖАРАҚ

Әскери дәстүрлердің көшпелілер өмірінде зор маңызы болды; әскери міндеткерлік даладағы ең маңызды және ортақ міндеткерліктердің бірі еді. Шынына келгенде, дала халқы түгелдей қаруланған жұрт болатын. «Арал



Дулыға мен қылыш.

өңірінің көшпелілері, — деп жазған XVI ғасырдағы ағылшын саяхатшысы әрі дипломаты Антоний Дженкинсон, — «аң аулауға немесе әлде бір басқа сауық-сайранға болсын» ешқашанда садақ, жебе мен семсер алмай шықпайды»³⁵. Қару алып жүру еркін малшының заңды құқығы ғана емес, тіпті міндеті де болған, мысалы, халық жиналысында қарусыз еркектің дауыс беру құқығы болмаған, ал жасы кішілері оған орын да бермеген.

Көшпелі қазақтарда тұрақты әскер болған жоқ, тек қажет болған жағдайда жиналатын рулық-тайпалық жасақ қана болды. Рулық-тайпалық қосын дербес әскери бөлініс болған: оны рубасы басқарды, әрбір жасақтың өзінің жауынгерлік туы және өзінің жауынгерлік ұраны болды. Мұндай еркін қосындар ұлыс әскерін құраған. Ұлыс басшысы сонымен бірге ұлыс әскерінің де басшысы болатын; ұлыс әскерінің басты туы, өзінің ұраны болған. Біріккен әскердің жоғарғы қолбасшысы хан болды; шайқастарда жауынгерлерді оның өзі тікелей басқарып, ауыртпалықтар мен қауіп-қатерді солармен бірге бастан кешіріп жүрді. Осы арада шайқас кезінде Бұрындық хан мен Қасымның жаралануын, Бұйдаш ханның шайқаста қаза табуын, Тәуекел ханның 1598 жылы Шайбани ұрпақтарына жасаған жорық кезінде шайқастардың бірінде алған жарақаттан қаза табуын еске сала кетелік.

Бір-біріне қатысы жоқ деректемелер қазақтардың жоғарғы әміршісі жап-

пай әскер шақырған жағдайда 300—400 мың адам шығара алғанын көрсетеді. Мәселен, Рузбиханның айтуынша, қазақтардың аға ханы Бұрындық қазақ ұлысының барлық жағына: «Шапқыншылық үшін атқа қонындар» деп бұйрық жібергенде, тез арада «төрт мың қорамсақ (яғни батыр)» келіп жеткен³⁶. Бабырдың (1483—1530) мағлұматтарына қарағанда, Бұрындықтың мирасқоры Қасым ханның әскерінде «үш жүз мыңға жуық адам болғанын» замандастары санаған. Шынына келгенде, бірде-бір қазақ ханының қол астында жасақтардың мұндай саны, әрине, ешқашан болған емес. Деректемелердің сан деректеріне талдау жасау қазақ әміршілерінің салт атты әскерлер сапындағы жауынгерлерінің саны орта есеппен 30—50 мың адам болғанын көрсетеді. Әскери жорық қарапайым шапқыншылық болмаған сирек кездесетін жағдайларда ғана қазақ хандары өз әскерін күшейту үшін қазақтардың иеліктеріне жақын жатқан аудандардан жиналған жасақтарды тартып отырған. Мәселен, Бинаидің мәліметіне қарағанда, Шайбани ханнан жеңіліс тапқан қазақ сұлтаны Махмұд Бұрындық ханға барып, одан көмек сұраған. Бұрындық хан оның өтінішін қанағаттандырып, Махмұд сұлтанмен бірге әскерімен Созақ уәлаятына аттанған. Созақтың және Қарақұрым төңірегіннің адамдарынан «жаяу және атты әскер» жасақтап, оларды үлкен бір әскерге біріктіріп, Шайбани ханға қарсы шыққан. Басқа бір шығармада Тәуекел ханның 1598 жылғы Мауараннахрға жорығы кезінде оның әскері құрамында өз қазақтарынан басқа «Ташкент пен Түркістанның сұлтандары, қырғыздар мен қыпшақтар» болғаны айтылады. Қазақ ханының осы жорық кезіндегі әскерінің жалпы саны 90—100 мың адам болған. Махмұд ибн Уәлидің айтуынша, қазақ ханы Тұрсын-Мұхаммед (1627 жылы өлген) Аштархани Имамкули ханға қарсы 100 мың әскер бастап барған, оның 10 мыңға жуығы қырғыз тайпаларының жасағы болған.

Қарастырылып отырған кезеңде қазақтардың негізгі қаруы қылыш пен садақ болатын. Жауынгерлік қарудың басқа түрлерінен айбалта, шокпар, жалғыз сапты күрзі, екі басты шокпар, бір шоқ жылқы қылымен шашақталып, қарсыласын ерден жұлып алу үшін ілмек жасаған ұзын найза аталады. Мысалы, деректерде Шайбани тобының, Дешті Қыпшақтың шайқастағы сұлтаны былайша суреттеледі: «Оның кеудесінде аспан түстес көк сауыт, басында күнқағарлы жалтыраған дулығасы бар, ал беліне белбеу байлап, оған семсер ілінген». Негізгі қару-жарақ заттарын қазақтардың өздері дайындаған. Олар жебені қайың ағашынан, садақтың адырнасын қойдың ішегінен жасаған, ал «оның қарнынан жебелердің ұштарын орайтын қап істеген». Оқ ататын мылтық аз таралған, бірақ қазақтар «жақсы оқ дәрі» жасауды, сондай-ақ Ұлытау ауданынан және елдің басқа аймақтарынан өндірілген қорғасын және мыс рудасын балқыта да білген.

Көшпелілердің міндетті түрдегі әскери қару-жарағы жауынгерлік тулар (ту, бунчук) болған. Тулар кем дегенде екі міндет атқарды: олар маңызды қасиетті символ және жортуыл мен шайқаста әскерді басқарудың тиімді құралдарының бірі саналды. Әрбір рудың, әрбір ұлыс сұлтанының және әлбетте, ханның туы болған. Орныққан дәстүр бойынша, бір ханда болуы мүмкін тулардың ең көп саны тоғызға жеткен. «Тоғыз тулы хан» (тоғыз тулы хан) туралы айтқан кезде бұл билеушінің құдіреті туралы түсінік туғызған. Орта ғасырлардағы авторлардың мағлұматтары бойынша, қазақтардың алғашқы билеушілері «тоғыз тулы хандар» болған. Ту биліктің сырттай белгісі ғана емес, сонымен қатар әскербасы мен әскердің жауынгерлік даңқы мен ар-на-

мысының да нышаны болатын. Ең басты ту бейбіт кезде мемлекеттік қасиетті нәрсе ретінде мұқият сақталып, соғыста ғана шығарылған. Жауынгерлік туды сақтауға жорықтарда әдетте әскерлердің бірінші адамы болып табылатын жоғарғы әскер басшысынан кейінгі сұлтандардың немесе ықпалды билердің біреуі тағайындалған. Туды арнаулы қосын күзететін еді. Шайқастар кезінде қарсыластар туын қолға түсіру үшін аяусыз күрес жүргізілетін. Ту ұстаушы жауынгердің (тушының) өлуі жауынгерлер арасында әрқашанда аласапыран туғызатын, ал ең басты тудың құлауы, жоғалуы әскердің жеңілгенін білдіретін.

Көшпелілердің әскери тұрмысында өзіндік ерекшеліктер болды. Көшпелі-малшылар көршілес егіншілерге алысқа аттанатын жорықтарын әдетте күзгі жайылымдардан, яғни өздерінің жаугершілікте мінетін аттары жарамды және тез әрі ұзақ жолға шыдамды кезде, ал диқандар өздерінің барлық өнімін жинап алған кезде жасап отырған.

Шақырылған жағдайда әрбір жауынгер кемінде жауынгерлік екі атымен және әскери қару-жарағымен шығуға тиіс болған. Дала көшпелілерінің жеңіл атты әскерлері өте жылдам қозғалуымен ерекшеленді және кез келген уақытта, кез келген жерде олар шабуыл жасау үшін ірі күштерді шоғырландыра алатын еді. Шайқасқа мұқият дайындалды: аттарын жемдеп, олардың жалын тарады, қылыштары мен найзаларын қайрап, садақтары мен жебелерін тексерді, жауынгерлік белгілерін дайындады. Шайқасқа кірердің алдында жауынгерлер жауға шабар аттарына жабу жауып, өздері сауыт киді, өз жағындағылар мен басқаларды айыру үшін қолдарына өздерінің жауынгерлік туларына түстес шүберек байлап алған. Белгіленген мерзімде ту ұстаушы жауынгер ең басты туды көтеріп, әскер жауға жауынгерлік тәртіппен қарсы аттанған. Сөйтіп жау қатары жақындасқан. Екі жақтан да жер мен аспан күніренетін ұрандар көтеріледі. Бірінші болып «даңқты майданға» атақты алыптар жекпе-жекке шығып отырған. Батырлардың жекпе-жегі аяқталысымен әскерлердің теңіз сияқты қарама-қарсы екі жағы бір-біріне шүйлігіп, кеудесінде жаны барлардың бәрі өлім себетін семсерлер мен атылып жататын жебелердің нысанасына айналады. Көз көргендердің айтуы бойынша, Дешті Қыпшақ көшпелілерінің арасында «әскери шайқастар кезінде өмірін аямай, қауіп-қатерден қорықпайтын, алға ұмтылып, жауларын ойланып жатпай қыратын адамдар көп, сөйтіп бұл жағдайда қорқақтардың өзіне де қанат бітіп, батырларға айналады»³⁷.

Деректемелерде көшпелі түрік-монғол тайпалары мен халықтарының әскери өнері жөніндегі мәліметтер аз емес. Мынадай бірнеше мысал келтірейік. Егер әскербасылар белгілі бір нақты жағдайда жаумен атты әскер сапын түзеп шайқасу дұрыс деп таппаса, әскерлерге қажет болуына қарай аттарын белбеулеріне байлап, жауына жебелерін жаңбырдай жаудырып, найзамен шаншып, олардың жолына кедергі жасауға бұйрық берілген. Егер жау жағы кенеттен тиіп, әскер сапын түзеу мүмкін болмаса, қанаттарын жинап, шеңбер жасауға тырысып, сонан соң айқаса жүріп, «монғол ғұрпы бойынша» шеңбер ішіндегі шеңберге айналып отырған. Дешті Қыпшақ көшпелілері шабуылға шыққанда тұлғама немесе тұлғамыш деп ерекше аталатын әдісті пайдаланған. Бұл нысанның екеуі де түріктердің қоршау, айналдыру, айналдырып алу, қоршап алу, миын айналдыру деген «тұлғамақ» сөзінен құрылған. Ұрыс жүргізу әдісі ретіндегі тұлғама, тиісінше, айналыс, қанаттап бару, қанаттан соғу немесе жаудың желке жағынан шабуылдау. Бабыр өз жазбаларында тұлғама жүргізу әдісін Дешті Қыпшақтың көшпелі

өзбектерінің «ұрыстағы үлкен шеберлігі»³⁸ деп сипаттап, оны егжей-тегжейлі суреттейді. Бабырдың 1501 жылғы Шайбани ханмен болған ұрысты суреттеуінен бір үзінді мынадай. «Жауласушы екі әскер қатарлары бір-біріне жақындаған кезде, — деп жазады Бабыр, — Шайбани хан әскерінің оң қанатының шеті менің сол қанатымды орап өтіп, бізге желке тұстан тиісті. «Сол арада мен оларға майдан сала бұрылдым да, біздің алғы шебіміз... оң қол жақта болып шықты». «Біздің алғы шебіміз оң қол жақта қалғандықтан, біздің шебіміз жалаңаш қалды. Жаудың жасақтары енді бізге алдымыздан да, артымыздан да шабуыл жасап, жебе ата бастады». Бабырдың айтуынша, Қыпшақ даласының тұрғындарында бірде-бір шайқас тұлғамасыз өтпейді. Осы арада Бабыр Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тағы бір басқа ұрыс тәсілін де айтып өтеді. Шабуыл жасаудың бұл әдісі мынадай болған: бектер мен нөкерлердің бәрі бірге жау жағына шауып келеді де, жебе жаудырып, аттарын күрт тоқтатады; шегінгенде тізгінін босатып, шашырай шауып кетеді.

Әскери ерлік жоғары бағаланған, ал басқалардан гөрі «басты көбірек шауып, қан төккен» адам көшпелі мемлекетте жалпы құрметке бөленген. Шайқастағы жеке басының ерлігі және соғыс қимылдарына шебер басшылық еткені үшін құрметтеп батыр (баһадүр) атағы берілген. Ұрыс алаңындағы ерекше көзге түскен жаужүректер, талай рет ерлік көрсеткендер, XV ғасырдағы деректеменің көрсеткеніндей, толыбатыр (толыбаһадүр), яғни «толық батыр» атағын немесе лауазымын алған, яғни ерлігі, табандылығы, күші шексіз адам аталған. Батыр деген сөз ержүрек адамның өз есіміне атақ ретінде қосып айтылған. Бұл құрметті атақты соғыстағы қасиеттері үшін, қатардағы жауынгер болсын немесе қаны жағынан ханзада болсын, көшпелі қоғамның кез келген еркін мүшесінің алуына болатын еді. Атап айтқанда, жеке мөріне қарағанда, қазақ ханы Тәукенің батыр атағы болған. Батырлардың ерліктерін даланың суырып салма жыршылары — ақындар дәріптеп отырған.

¹ Уәлиханов Ш. Ш. Шығ. жинағы. 5 томдық. 2 т. А., 1985, 28-б.

² Барбаро и Контарини о России. К истории итало-русских связей в XV в. Л., 1971, 149-б.

³ Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Ташкент, 1996, 352-б.

⁴ Бұл да сонда.

⁵ Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). М., 1976, 94-б.

⁶ Бұл да сонда, 93-б.

⁷ Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884, 233-б.

⁸ Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара, 75-б.

⁹ Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992, 334-б.

¹⁰ Мукминова Р. Г. Очерки по истории ремесла в Самарканде и Бухаре в XVI в. Ташкент: ФАН, 1976, 37, 42, 43-б.; Сухарева О. А. Бухара. XIX — начало XX в. М.: Наука, 1966, 187-188-б.

¹¹ Полевые материалы этнографических экспедиций.

¹² Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой // Памятники письменного Востока. XXVII. М., 1976, 117-б.

¹³Вайнштейн С. И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии // Советская этнография. 1976. № 4, 46-56-б.

¹⁴Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. I. М.-Л., 1939, 150-б.

¹⁵Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу. Перевод и комментарии под редакцией академика И. Ю. Крачковского. М.-Л., 1939, 65-б.

¹⁶Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I. А., 1935, 29-б.

¹⁷Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме..., 133, 138-б.

¹⁸Андреев И. Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков // Новые ежемесячные сочинения. СПб., 1796. Ч. СХV, 54-57-б.

¹⁹Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. А., 1964. Т. III, 26-29-б.; Медведский П. Внутренняя киргизская орда в хозяйственно-статистическом отношении // Журнал Министерства государственных имуществ. 1862. Ч. 80. Август, 300-302 және басқа беттер.

²⁰Андреев И. Г. Описание Средней орды..., 54-б.

²¹Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме..., 128-б.

²²Бұл да сонда, 129-б.

²³Бұл да сонда, 94-б.

²⁴Казахский эпос. Алматы, 1958, 560-б.

²⁵Жолдасбаев С. Жилище казахов Южного Казахстана XV—XIX веков по данным археологии // Археологические памятники Казахстана. Алматы, 1978, 205-206, 208-б.

²⁶Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме..., 94-б.

²⁷Бұл да сонда, 102, 103-б.

²⁸Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. СПб., 1773. Ч. I, 569-б.

²⁹Бұл да сонда.

³⁰Бұл да сонда, 571-572-б.

³¹Андреев И. Г. Описание Средней орды..., 54-б.

³²Бұл да сонда, 55-б.

³³Бұл да сонда.

³⁴Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме..., 103-б.

³⁵Дженкинсон А. Путешествие в Среднюю Азию // Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке. Л., 1937, 89-б.

³⁶Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-йи Бухара, 92-93-б.

³⁷Барбаро и Контарини о России. К истории итало-русских связей в XV в. Л., 1971, 146-б.


³⁸Бабур-наме. Записки Бабура. Таш., 1958; Бабыр Захир ад-дин Мухаммед. Бабур-наме. Алматы, 1990.

Бесінші тарау

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҢҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ҚОНЫСТАРЫ

1. XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН (ТҮРКІСТАН) ҚАЛАЛАРЫ

Осының алдындағы кезеңдегі сияқты, Қазақстанның оңтүстік аудандары XVI–XVII ғасырларда да қазақ халқының тарихи дамуының аса маңызды өңірі болды. Ежелгі замандардан бері Сырдария бойының, Қаратау етегінің, Солтүстік Арал өңірінің, Талас және Шу өзендері аралығының тайпалары



XVI–XVII ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан қалалары.

мен халықтары бір-бірімен және Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу халқымен ортақ этногенетикалық түп-тамырлары, тарихи дамуының бірдей жағдайлары — саяси, әскери, әлеуметтік оқиғалар мен процестер, шаруашылық-мәдени өмірі сипатының ұқсас болуы арқылы тығыз байланысты еді. Оңтүстік Қазақстан қалаларының халқы көшпелі даланың, көшпелі-малшылар мәдениетінің күшті ықпалында болды, өз кезегінде олардың далалықтар өміріне жасаған ықпалы дами берді.

Оңтүстік Қазақстан, Орта және Төменгі Сырдария бойындағы қалалар мен жазиралар ежелден қазақ этногенезі мен политогенезінің аса ірі торабы, Қазақстанның Батыс және Орталық бөлігінің аймақтарымен, Жетісумен, Солтүстік және Шығыс Қазақстанмен қатар қазақтың этникалық аумағының құрамдас бөлігі болған. Қазақ мемлекеттігі дамуының өзі осы бүкіл ірі аймақтың тарихымен тығыз байланысты, оның үстіне Алтын Орда хандарының билігінен босап шыққан Шығыс Дешті Қыпшақ халқының тылсым тіршілігінің саяси орталығы XIII—XIV ғасырлар шебінде-ақ Оңтүстік Қазақстанға бет бұра бастады. Ақ Орда хандарының астанасы осында, Сығанақ қаласына көшірілді. Қазақ хандығы пайда болған кезден оның орталығы нақты жағдайлар себепті әуелі Батыс Жетісу болды¹, бірақ бірнеше жыл өткеннен кейін-ақ ол Сыр бойының солтүстік бөлігі аймағының қалалары мен Қаратау бөктеріндегі аудандарға (Созақ, Сығанақ, Сауран қалалары) ауысты, ал XVI ғасырдың аяғынан бастап Қазақ мемлекетінің астанасы Түркістан қаласы болды. Қазақ хандығында мемлекет орталығын таңдау мәселесінде соның алдындағы Шығыс Дешті Қыпшақ мемлекеттері дәстүрлерінің жалғастырылуы кездейсоқ емес. Қазақ хандығының нығаюы, қазақ халқының экономикалық және мәдени өмірі Оңтүстік Қазақстанның тарихымен тығыз байланысты болды. Соңғы орта ғасырларда қала мәдениеті мен отырықшы-егіншілік мәдениет қазақтың этникалық аумағының нақ осы, бірден-бір ауданында сақталып қалды. Қазақтың мемлекеттік және этникалық ұлттық аймағының құралуында бұл өңірдің маңызы зор.

Бұл аймақ пен оның қалалары көрші халықтармен — өзбектермен, қарақалпақтармен, қалмақтармен, ноғайлармен (маңғыттармен, моғолдармен, қырғыздармен экономикалық, саяси өзара қатынастарда зор рөл атқарды. Бұл қатынастардың соғыс тайталастарынан, ұзаққа созылған күрестерінен көрінуі сирек болмады, бірақ қырғи-қабақ қатынастар көбіне бейбіт қатынастармен алмасып, достық қатынастарға айналып отырды. Қазақтың этникалық аумағының осы аймағының маңыздылығы оның қазақ халқының тарихындағы экономикалық, мәдени, тарихи маңызын неғұрлым егжей-тегжейлі қарастыруға лайық².

Оңтүстік Қазақстан XIV—XVI ғасырлардың жазбаша деректемелерінде кеңінен таныстырылған (Муин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Муини», Шараф ад-дин Йаздидің «Зафар-наме», Ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бұхара», Камал ад-дин Бинаидің «Шайбани-наме», Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та'рих-и Рашиди», Хафиз-и Таныштың «Шараф-наме-йи шахи», Зайн ад-дин Васифидің «Бадай' әл-Вакаи'» деген еңбектері және басқалар)³, бұларда ол Түркістан деп аталады.

Бұл тарихи-географиялық термин орта ғасырлар деректемелерінде Мауараннахр (Сырдария және Әмудария өзендерінің аралығы осылай аталған) мен Шығыс Дешті Қыпшақ (Қаратаудан Сырдарияның төменгі ағысы мен Аралдан солтүстікке қарай көсіліп жатқан далалық кеңістік) арасында жатқан Орта

Сырдария алабына қатысты айтылады, яғни оңтүстік-шығысында — Сайрам қаласынан оңтүстікке таман (Шымкент маңайында), Шыршық және Бадам аңғарларының су айырығымен және солтүстік-шығысында — Қаратау жотасымен шектелетін Сырдарияның сол жағалауын бойлай созылып жатқан тар өңір мен сол жағалауын бойлай жатқан кең өңірдің жері Түркістан деп аталған⁴. XVI ғасырдағы автор Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфахани оңтүстіктен, Самарқанд пен Бұхарадан осы аймаққа баратын жолдағы Түркістанның алғашқы бекінісі немесе «Түркістанның шекаралық мекені» деп Аркөк қаласын атайды, ал Сығанақты ол солтүстіктегі «Түркістанның шекаралық мекені»⁵, Дешті Қыпшақ шегі сол жерден басталады деп санайды.

Аймақты біріктіріп жатқан негіз Сырдария (сол кездің деректемелері бойынша — «Сейхун») өзені болған. Ибн Рузбихан XVI ғасырда пайда болған ертедегі Сыр атауын да көрсеткен: «Өзбектер мен монғолдар оны «Сыр өзені» деп атайды»⁶. Қаратау беткейлерінен ағып шығатын көптеген шағын өзендермен қатар Сырдария аймақты сумен жабдықтаудың негізгі көзі болған. XVI ғасырдың басында аймақта қала және егіншілік өмірдің жоғары даму деңгейін аймақта болған Ибн Рузбихан Исфахани көзімен көрген адам ретінде былай деп куәландырған: «Түркістан елі белгілі өлкелер мен жерлердің бірі болып табылады... Түркістан Сейхун жағалауын бойлай орналасқан отыз бекіністен тұрады. Оның салалары мен тармақтарынан үлкен арықтар тарап жатыр, олармен өңделген жерлер суарылады. Сейхун өзенінен шығарылған арналардың жағаларында аса биік қамалдар сияқты биік бекіністердің асқақтап тұратыны сонша, өзендер жарып ағатын жұмақтың қуаныш-шаттығын паш етіп тұрғандай»⁷. Ибн Рузбихан Исфахани Түркістан жазирасының құнарлығына, су мен көкөністің молдығына, «ауасы жұмсақ әрі жан сергітетін» тамаша климатына басқа да көптеген сүйсінген сөздер арнаған.

Ибн Рузбихан осы аймақ пен «қазақтар елінде» болған кезінде, атап айтқанда, XV—XVI ғасырлар шебінде, Қазақ хандығының нығаюы дәуірінде ол айтқан «Түркістанның отыз бекінісінің» ең ірілері Сырдарияның оң жақ жағалауы мен оның салалары бойындағы Ясы (Түркістан), Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Иқан, оның сол жақ жағалауындағы Аркөк, Үзкент, Аққорған, Қожан, Қаратаудың теріскей беткейіндегі Созақ, Құмкент қалалары болған. Сол кездің деректемелерінде қалалар мен қалашықтардың, бекіністер мен қыстақтардың жиырмадан астам атауы ауызға алынады (археологтар тапқан қала жұрттарының саны бұдан артық). Мәселен, Ясы қаласының төңірегіндегі үлкен егіншілік жазирасында орта ғасырлардағы авторлар Иқан, Қарнак, Йунка, Қарашок, Сура қалалары мен қыстақтарын айтады. Отырар өңірінде XV ғасырға дейін белгілі Шілік қыстағы болған. Сайрамға жақын жерде көптеген қыстақтар арасынан Шымкент қалашығы (XVI ғасырдың аяғында Қарийа Шымкент «Зафар-намеде» аталған)⁸, төменіректе Арыста — Халадж-Қараспан (ол да XIV ғасырда белгілі, кейініректе, XVI ғасырда Қараспан деп аталған), Жақанкент (Йақанкент) көтерілді. Жазбаша деректемелер Қаратау беткейлерінде Қаракұрым қонысы мен Жылан-Қарауыл бекінісі болғанын біледі⁹. Орта ғасырлардағы авторлардың ізімен қазіргі зерттеушілер өткен ғасырларда Қазақстанның оңтүстік аймағында өмір сүрген бұл елді мекендерді бірде қалалар, бірде қыстақтар қатарына қосады¹⁰. Солай бола тұрса да, белгілі бір қонысты сол кездің авторлары бірде парсы тілді және түркі тілді деректемелерді қала немесе бекініс («шахр», «қала»; бұл соңғы сөз жергілікті түрік говорына неғұрлым сәйкес келеді) дегенді білдіретін терминдермен, бірде

шағын қалашыққа немесе қыстаққа неғұрлым лайықты терминдермен (касаба, балада, карийа, дих) атаған. XIV–XVII ғасырлардағы Түркістанның елді мекендерінің мәртебесін анықтаудағы бұл бұлыңғырлықты олардың тіпті ең елеулілерінің көлемі шағын болумен де, қала мен қыстақ арасындағы шаруашылық міндетінің межеленбеуімен де түсіндіруге болады¹¹. «Түркістан бекіністерінің» жоғарыда аталғандарынан алғашқы бес-алтауын ғана нағыз қалалар, аймақтың мәдени және экономикалық орталықтары деп атауға болады. Егер орта ғасырлардағы экономиканың шектеулілігін, оның өзіндік сипатын, пайдалануға енгізілген табиғи ресурстардың, атап айтқанда егістіктің, сумен жабдықтау көздерінің жеткіліксіздігін, оның үстіне халық санының біршама аз екендігін ескерер болсақ, мұндай шағын аймақ үшін бұл да аз емес.

Көбінесе саяси оқиғалар (Шыңғыс-ханның, Темірдің, ойраттардың соғыстары) туғызған шаруашылық құлдырау мен күйзелістерді жою кезеңдерінде бірде бір қала, бірде екінші қала, ал кейде бір мезгілде бірнеше қала да қалпына келтіріліп, алдыңғы қатарға шығып отырды. Түрлі кездерде бұлар саяси жағдайға қарай Сығанақ, Сауран, Ясы мен Отырар, Созақ пен Сайрам болды. Өйткені осы қалаларының бәрімен қоса Түркістан аумағы бір билеушінің емес, екі немесе бірнешеуінің: бір жағынан, Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының, Қазақ хандығының, екінші жағынан, Темір және оның ұрпақтары, Шайбанилер мемлекетінің, Моғолстанның қолында болып келді. Сыр өңірінің қалалары аймақ халқының өмірінде көп жақты рөл атқарды. Мысалы, Сығанақ Дешті Қыпшақ үшін «сауда айлағы» болды, ол дала мемлекеттері хандарының астанасы да саналды. Ясы (Түркістан) белгілі сауда орны, ірі егіншілік өңірінің орталығы, Темір ұрпақтары мен Шайбани ұрпақтары әкімдерінің әкімшілік орталығы, содан соң Қазақ хандығының астанасы болды, сонымен қатар ол бүкіл Түркістан, тіпті жапсарлас жатқан дала үшін ең басты діни орталық болды.

Отырар Оңтүстік Қазақстан жерінің ірі сауда-қолөнер орталығы болып қалыптасты¹². Ол ұзақ уақыт бойы өздерінің даладағы дұшпандарынан Отырар бекінісінің берік дуалдарына кіріп жасырынған, Темір ұрпақтарының, содан соң Шайбани ұрпақтарының Түркістан уәлаятында әкімдері отырған жер болды. Замандастары Отырардың басымдық жағдайын жақсы түсінді. Отырарды иелену бүкіл аймаққа билік жүргізуді қамтамасыз етті: «Отырар тағы да Мұхаммед Шайбани ханның қолына түсті», — деп хабарлайды «Таварих-и гузиданың» авторы. Енді ол бүкіл уәлаятты басып алады¹³.

Сауран қорғаныс құрылыстарының тұтас жүйесімен белгілі болды, олардың ішінен Хафиз Таныш мұнаралары бар биік бекініс дуалдарын, бекініс жалын, «өзен сияқты» терең орын атайды. Басқа бір деректемеде бұл қала онда XVI ғасырда «аса көрнекті сәулет құрылысы» — медресе салынуына, сондай-ақ ерекше суландыру құрылыстары — кәріздер салынып, пайдалануына, олардың біреуінде бауы мен жүзімдіктері бар қала сыртындағы қоныс-шаһарбақ орналастырылуына байланысты аталып өткен¹⁴.

Сайрам — жақсы бекітілген бекініс, Қазақстанның оңтүстігіндегі, Мауараннахрдан Түркістан мен Жетісуға баратын сауда және әскери жолдың тоғысқан жеріндегі ірі сауда-қолөнер орталығы болды; бұл қала деректемелерде Түркістан уәлаятымен қатар аталатын дербес уәлаяттың әкімшілік орталығы еді.

Қаратаудың теріскей беткейіндегі Созақ Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі

билеушілерінің, әуелі Ақ Орда, сонан соң Қазақ хандығы хандарының дала аудандарындағы билік үшін, сондай-ақ Түркістандағы қалалар үшін де күресінде үнемі басты тірегі болып келді¹⁵. Созақ жақсы бекініс қана емес, сонымен қатар далаға жақын жатқан сауда, қолөнер орталығы да болатын. Созақ маңайындағы қазақтардың басқа да отырықшы қоныстары: Күлтөбе (жоғарыда айтылған Қаракұрым сол деп саналады) қала жұрты, Раң, Тастөбе, Тасқорған, Көктөбе деректемелерде атап өтіліп, оларды археологтар зерттеген. Олардың біреулері — бекіністер, басқалары егіншілік қоныстар болған¹⁶.

Ірі қалаларда да, ұсақ қалаларда да Түркістанның қала халқының шаруашылық өмірінде ауыл шаруашылығы еңбегімен айналысу зор рөл атқарды. Зерттеушілер археологиялық материалдар бойынша және жазбаша деректемелердің деректері бойынша қалалардың жартылай аграрлық сипатта болғанын атап өтеді. Қалаларды баулар мен бақшалар, жүзімдіктер, егіндіктер мен жайылымдар қоршап тұрған. Егіншілікпен және мал шаруашылығымен төңіректегі жақын және алыс қыстақтардың тұрғындары ғана емес, көршілес Мауараннахрда, Шығыстың басқа елдерінде болғаны сияқты, қала тұрғындарының өздері де айналысты. Орта ғасырлардағы шығармалардың жоғарыда аталған авторлары, Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы сыйға тарту грамоталарының материалдары оларда, атап айтқанда, саудагерлерде астықтың (деректемелерде бидай, арпа, тары өндірілгені айтылған) және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерінің мол қоры болғанын көрсетеді¹⁷. Қала тұрғындарының өндейтін жерлері, суарылатын учаскелері қала сыртында, оның төңірегінде және жапсарлас жатқан өңірде болған. Бір ерекшелігі, қала халқына жер салығы — хараж салынған, мұның өзі қала халқының егіншілік еңбекке қатысы барын дәлелдейді. Археологтар қала тұрғындарының тұрғын үйлерінде астық, басқа да егіншілік өнімдері үшін үлкен ыдыстар-қоймалардың ғана емес, малға арналған арнаулы орындардың да болғанын атап өтеді¹⁸.

Қалалардың әрқайсысы дамыған суармалы егіншілігі бар, астықты және басқа да ауыл шаруашылық өнімін товарлы өндіретін кең-байтақ егіншілік ауданның орталығы болған. Сырдарияның орта және төменгі ағысы мен оның салалары, Қаратаудың теріскей және күнгей беткейлері аймақтарындағы жаңа заман шебінен бастап белгілі қолдан суару монғолдардың жаулап алуы кезеңінде қиратылғаннан кейін қалпына келтіріліп, XIV—XV ғасырдың бірінші жартысында бұрын болғанынан да зор көлемде дами берді¹⁹. Сығанақта ол Сырдариядан тартылған Төменарық пен Бозғыл-Ұзақ сияқты ірі арналарға, сондай-ақ Қаратаудан ағып шығатын тау өзендерінен тартылған көптеген арықтарға негізделді (құжаттарда Мыңбұлақ, Шолақ, Қызылтал, Арыстанды арықтары, Қараш, Тоқтамыс, Хисарчук бұлақтары және басқалар айтылған)²⁰. Сауранда аталған кәріздік жүйеден басқа, жер бетіндегі негізгі бас арналар да атап өтілген²¹. Абдаллах хан 1582 жылы Сауранды алғаннан кейін оның төңірегінде суландыру арналарын жөндеу және егіншілікті қалпына келтіру жөнінде шаралар қолданды, деп хабарлайды Хафиз Таныш²². Деректемелерде Ясы (Түркістан) мен оның төңірегінде жер учаскелері оларды суландыратын арықтармен бірге вақфқа берілгені айтылады. Олардың аты да белгілі: Мір-Қарасу, Сығанақ, Шорнақ, Қарабұлақ, Сазатбұлақ, Бохаршық, Шат, Дарбаза, Ташанақ, Көшқорған және басқалар. Отырар жазирасында Арыс арнасындағы соңғы орта ғасырлардағы суландыру жүйесі — Темірарық негізгі бас арнасы зерттелді. Сайрам төңірегіндегі өңделетін кең-байтақ жер алабы Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейлері мен Талас Алатауынан тартылған арықтар

арқылы суарылған. Хафиз Таныш осы өзендер арасында Арыс, Ақсу, Сайрамсу, Бөген, Шаян, Арыстанды өзендерін және басқаларын атайды.

Ибн Рузбиханның, Зайн ад-дин Васифидің, Хафиз Таныштың және басқа авторлардың мәліметтеріне қарағанда, Ясының, Сығанақтың, Сайрамның, Сауранның, Аркөктің, Үзкенттің егіншілік аудандарының байлығымен, жайлылығымен, астық және басқа да азық-түлік өндірумен даңқы шыққан. «Михман-наме-йи Бұхара» авторының айтуынша, «өзбектер еліне» (яғни Түркістанның солтүстік жағындағы далалық бөлігіне) жорық жасар алдында әскер үшін азық-түліктің және мал азығының бір айлық қорын жинау үшін, Мұхаммед Шайбани ханның жарлығы бойынша «диуан чиновниктері мен жасауылдары» «жеңімпаз жауынгерлердің бәрі қару-жарақпен жарақтандырылуы және тамақ жөнінде көңілде ешқандай түйткіл тумайтындай етіп азық-түлікпен молынан жабдықталуы үшін күштеп жиналған астықты (тағар) арбаға тиеп, оны кемемен Сейхун өзені арқылы өткізуге Түркістанның шығыс иеліктеріне (ал оларға автор «Ясыны, Сауранды және басқа иеліктерді» жатқызған) аттанды»²³. XVI ғасырдың аяғында, Сайрамды қоршап жатқан және астықтан өте мұқтаждық көрген Абдаллах хан нақ осында, Сайрамға адам жіберген. Сайрамнан астық алынды. «Жауынгерлер түйелер мен қашырлар керуенін әкеліп, астықты алып кетті. Адамдар барған сайын үсті-үстіне келіп, астық алуды ұсынды». 1582 жылы Абдаллах ханның Сайрамды қоршауының басты мақсаттарының бірі де «осы қаладан астықты едәуір оңай алу» ниеті болатын²⁴. Фазлаллах Ибн Рузбихан Аркөкте ауыл шаруашылық өнімінің мол екенін былай деп атап көрсеткен: Мұхаммед Шайбани «қазақ ұлыстарына өзбектердің жорығы үшін бір айдан астам уақытқа азық-түлік алатын болып, Сейхунның батыс жағалауында орналасқан Аркөк қаласының, басқа да азынаулақ қыстақтардың көмегімен әскерді астықпен және азық-түлікпен толық қамтамасыз етеді деп шешті. Қыс ортасы, астықтың қымбаттаған және тамақ өнімдерінің азайған уақыты екеніне қарамастан, бүкіл әскерге қажеттінің бәрі дайындалды. Жауынгерлер ауыртпалық түскен үйлерден шықты. Олардың арбалары мен түйелеріне әр түрлі заттар сықап артылған еді». Автор «Түркістан қыстақтарының көпшілігі әл-ауқаты жағынан Аркөк бекінісі сияқты, тіпті одан да гөрі гүлденіп тұр» деп атап өтеді²⁵. Бәлкім, Ибн Рузбихан Аркөкте астықтың ерікті түрде сатылуын («әлдебіреу әскерге бақытсыз еткені үшін шағым жасаған жоқ немесе өзін зорлық-зомбылықтан арашалауды өтінген жоқ») және оның үстіне оны тағар түрінде осындай көп мөлшерде (60 мыңдық әскерді бір ай асырау) жиналуын әсірелеп жіберген болуы мүмкін, солай бола тұрса да, оның Түркістан жазирасындағы егіншіліктің дамуы мен молшылық туралы бұл мағлұматтарын ескермеуге болмайды.

Археологиялық материалдар Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырлардағы қаласының экономикасын, егіншіліктің, қолөнер кәсіпшілігінің, сауданың, ақша айналысының даму жағдайын сипаттау үшін аса бағалы негіз болды²⁶.

Қалаларда құрылыс ісі және соған байланысты қолөнер (кірпіш, шыны жасау) дамыды. Жазбаша деректемелерде де Түркістан қалаларындағы түрлі кезендердегі құрылыс туралы айтылады. Ақ Орда ханы Ерзеннің Отырарда, Сауранда, Жентте құрылыс салдырғаны туралы Му'ин ад-дин Натанзидің мәліметтері мәлім. Әмір Темірдің XIV–XV ғасырлар шебінде таңғажайып ғимарат – Түркістанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесін салдырғаны туралы материалдар көп. Кесене XVI ғасырда да адамдарды қайран қалдырған. Ибн Рузбиханның айтуынша, бұл «төбесі көк тіреген күмбез тәрізді құрылыс» —

«дүние жүзінде салынған керемет ғимараттардың және адамзат баласының ғажайып туындыларының бірі»²⁷. Абд ар-Раззақ Самарқандидің мәліметтеріне қарағанда, Барақ хан XV ғасырдың 20-жылдарында Темір ұрпағы Ұлықбекке өзінің Сығанаққа құқығы барын білдірген, өз дәмесін ол өзінің атасы Ұрұс хан қалада құрылыс салдырды деп дәлелдеген. Деректемелерде XV—XVI ғасырлардағы Түркістан қалаларының дамыған әскери құрылыстар жүйесі туралы хабарланады. Ұзақ уақыт қоршауға төтеп бере алатын бекініс құрылыстары соғыстар кезінде қиратылып, шеберлердің еңбегімен қайтадан қалпына келтіріліп отырған. Абд ат-Тамдахидың мәлімдеуінше, нақ әлгі Барақ хан Сығанаққа «жақсы қаруланған және қамал бұзғыш қару — тас атқыштармен жаратандырылған қисапсыз көп әскер» апарған²⁸. «Күшті бекінген қамал» — Сауран бекінісін қоршау үшін Абдаллах хан да Бұхарадан жеткізілген тас ататын қаруды қолданған. Бекіністі қоршап тұрған өзбектер солардың көмегімен «ауыр тастар атып, бекініс тұрғындарының үйлерін, құрылыстарды және құдық шегендерін қиратқан», бекініс дуалдарының астын қазып, оларға толтырылған суды ағызып жіберген. Солай бола тұрса да, саурандықтар бекіністі әлі де ұзақ уақыт қорғап тұра алған. Хафиз Таныштың хабарлауынша, қоршау кезінде дуал бұзатын және тас ататын қарулармен қатар оқ ататын қару да қолданылған, ал бекініс құрылыстарын өртеу үшін мұнай пайдаланған. Мылтық атушылар (туфакандазы, атешбазы) бекіністі қоршап алған Абдаллах ханның өзбек әскерлері арасында да, бекіністегі қоршауда қалғандар арасында да болған. Камал ад-дин Бинаи қазақ ханы Бұрындықтың XV ғасырдың аяғында Мұхаммед Шайбани ханның қолында болған Отырар бекінісін ұзақ уақыт қоршап, табысқа жете алмағанын жазады. Ибн Рузбихан отыз мың әскері бар Бұрындық ханды «осы берік қамалды жаулап алуға жан салды» деп атап өткен²⁹.

Келтірілген фактілер XIV—XVI ғасырларда Қазақстанның қала өмірінде белгілі бір өрлеу болғанын, монғолдар жаулап алғаннан кейінгі құлдыраудың жойылғанын көрсетеді. Жоғарыда айтылғанындай, ол кезде қалалар мен қоныстарға дуалдар мен бекіністер салуға рұқсат етілмейтін. Монғол билеушілерінің Орта Азияда және Қазақстанның оңтүстігінде оларды салуға тыйым салуы тек әмір Темірдің тұсында ғана алынып тасталды. Және де мәселе бекініс құрылыстарында ғана емес. Олармен бірге және соларды қорғаныш ете отырып, орта ғасырлардың сол бір аумалы-төкпелі кезінде қалаларда тұрғын үй құрылыстары, діни және қоғамдық үйлер — мешіттер, медреселер, мазарлар, моншалар, дүкендер, жабық базарлар, керуен-сарайлар салынды. Мұны археологиялық және жазбаша деректемелер дәлелдеп отыр.

Захир ад-дин Бабырдың, Мұхаммед Салихтың, Камал ад-дин Бинаидің, Молла Шаидің, Мырза Мұхаммед Хайдардың, Хафиз Таныштың тарихи шығармаларындағы соғыс шайқастарын егжей-тегжейлі суреттеу әскердің қару-жарағы туралы түсінік береді. XIV ғасырда оқ ататын қару пайда болғанымен де, негізінен алғанда атты жауынгерлер семсерлермен және қанжарлармен, сүңгілермен және найзалармен, жебе-садақтармен қаруланды; жауынгерлер сауыт-саймандармен (сауыттар, дулыға, қалқан) қорғанды. Суық қару мен оқ ататын қару шығару Орта Азияның ірі қалаларында шоғырланды³⁰. Сыр өңірінің қалалары арқылы олар көшпелі жауынгерлердің қарулануына да түсіп отырды. Олардың әлде бір бөлігі жергілікті жерлерде де дайындалды, қалай дегенмен де, деректемелерде мұнда келетін әскерлер азық-түлік пен мал азығының ғана емес, сонымен қатар қару-жарактың (йарак) да

қорын толықтырып отырғаны атап өтіледі. Өз кезегінде деректемелерде осы қалалардың базарларындағы Дешті Қыпшақтан әкелінген садақтар мен жебелер туралы айтылады.

Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен жазираларында соңғы орта ғасырларда ауқымды да тұрақты рынок болып, ол аймақтың өз ішіндегі, қалалар мен қыстақтарды мекендеушілер арасындағы да, бір жағынан, олармен, екінші жағынан, көшпелі малшылар арасындағы да егіншілер мен қолөнершілердің өніміне тұрақты және өзара сұранымға негізделді. Сауда Түркістанның Сығанақ, Ясы, Сайрам сияқты аса ірі қалалары тіршілігінің ең елеулі жақтарының бірі болды. Ибн Рузбихан өзінің Сығанақ туралы әңгімесінде онда «қалалар, қаланы билеушілер болуын, мешіттер мен базар салынуын» аймақтың көркею фактісі ретінде атап өтеді. Айта кетелік, базардың болмауы ішкі сауданың қызу жүруіне кедергі болмаған, мысалы, Аркөкте «дүңгіршектер мен базарлар жоқ», дегенмен, «сатып алу-сатудың көп бөлігі тұрғындардың үйлерінде жүргізілген»³¹. Орта ғасыр авторының түсінігі бойынша қоғамның өркениетті даму нысаны — қала мәдениеті мен заңды өкімет билігі, дін мен сауда Қазақстан қалаларына да тән болды. Деректемелерде айтылған, саудагерлер мен қолөнершілерден алынатын көптеген салықтар (таңба, зекет, баж, хараж, пішкеш, сауға және басқалар) қолөнер сияқты, сауданың да дамығанын дәлелдейді³².

Жергілікті сауданың едәуір дамуын XVI ғасырдың ортасынан бастап және XVII ғасырда Саурандағы, Түркістандағы, Сығанақтағы, мүмкін, Отырардағы да болар, ақша сарайлары ұсақ мыс теңгелер арқылы қамтамасыз еткен. Нумизматика деректеріне қарағанда, Түркістан аймағы (Сыр өңірі қалалары) Мауараннахрмен бірге біртұтас экономикалық өңір болған³³. Сыр өңірі қалаларының халықаралық саудада алатын орны олардың дала мен отырықшы дүниенің жанасымы өңіріндегі географиялық, саяси жағдайы себепті ерекше маңызымен сипатталды. Ибн Рузбихан «Дешті мекендеушілерінің» Шығыспен саудасында Сығанақтың маңызын былай деп атап өтеді: «Дешті Қыпшақтың Адил (Еділ) өзені шегіне дейінгі иеліктері мен жерлерінің көпестері... Сығанақ қаласын өздерінің жиналатын орны істеді және осында сауда товарларын әкеледі. Түркістан, Мауараннахр аймақтарының және Шығыстан Қашғар, Хотан шегіне дейінгі жерлердің көпестері Сығанаққа осы елдердің товарларын әкеліп, сауда мәмілелері мен айырбас жасайды. Бұл сауда мәмілелері Сығанақта жасалатын болғандықтан, бұл иелік әрқашанда (түрлі) елдерден көпестер келіп тұратын орын болып табылады және онда барлық елдердің байлығы мен товарлары мол»³⁴. Деректемелерде соғыс қимылдары кезінде Сауран, Аркөк, Ясы қалаларына өткен сауда керуендері туралы айтылады³⁵.

Түркістан қалаларының базарларына көшпелі малшылар мал (Ибн Рузбиханның айтуынша — «семіз қойлар, аттар, түйелер») айдап әкелген, мал шаруашылығы өнімдерін — тері, жүн, олардан жасалған бұйымдар, сондай-ақ суық қару, ағаштан, негізінен қайыңнан жасалған бұйымдар, атап айтқанда, тахталар мен ыдыс-аяқ әкеліп отырған; елтірі, аң терісінен тігілген тондар мен бөріктер сатқан. «Сығанаққа, — деп жазады сол автор, — сатуға «бұлғын мен тиін терісінен тігілген тондар, мықты садақтар мен ақ қайыңнан жасалған жебелер, жібек маталар мен басқа да қымбат бағалы бұйымдар» сияқты бағалы товарлар әкелінді»³⁶. «Қайың ағашынан (қазақтар) мықты да берік жебелерді және әшекейлі тахталарды өте шебер жасады және ғажайып өрнектері бар түрлі-түсті текеметтер басатын»³⁷, Ибн Рузбиханның XVI ғасырдағы қазақ-

тардың қолөнері туралы мұндай мәліметтері көп және өте құнды. Олар Түркістан қалаларының базарларында да даланы мекендеушілерге ұсынатын нәрсе болғанын көрсетеді. XVI ғасырдағы тағы бір автор — Сейфи Челеби қазақ қолөнершілері бұйымдарының бір бөлігі нақ сату үшін дайындалғанын атап өткен³⁸.

Түркістан қалаларында малшылар өз еңбегінің өнімдеріне айырбастап алуан түрлі товарлар: мақта-мата және жібек маталар, қыш-құмыра кәсіпшілігінің бұйымдары мен металл бұйымдар, мата мен былғарыдан тігілген дайын бұйымдар — шапандар, шәлілер, бас киімдер, аяқ киім, ат әбзелдерінің бөлшектерін, сондай-ақ әр түрлі үй жарақтарын, қару, асыл тастардан жасалған әсемдік заттарын, айналар және басқа да көптеген заттар алған. Бұл товарлардың жергілікті жерде дайындалғандары да, Орта Азияның басқа аудандары мен Шығыстың көрші елдерінен әкелінгендері де болған: «...бұл елге (Мауараннахрға) әдемі де әсем товарлар әкеледі, әсіресе киім-кешектер мен кілем бұйымдары, күміс және алтыннан жасалған әсемдік заттар...»³⁹. Саудаға қазақтар қатысқан: «Орта Азия қалаларында сауда жасайтын қазақ көпестері» туралы Фазлаллах ибн Рузбихан жазып қалдырған⁴⁰. Көшпелілерде астыққа (бидайға, тарыға, арпаға және егіншілік пен мал шаруашылығының басқа да өнімдеріне) және әсіресе матаға мейлінше орнықты, тұрақты және жаппай сұраным болды. Нақ сол Ибн Рузбихан соғыстар мен қырқыстар кезінде бейбіт сауда байланыстары үзілгенде, көшпелілердің жетекшілері — «Дештінің хандары» Түркістан мен Мауараннахрдың қалаларына басып кіруді ұйымдастырып, көшпелі халық ерекше мұқтаж болып отырған қарбас мақта матасын (бұл мата Орта Азия халықтары арасында да кең таралған⁴¹) тартып алуға мәжбүр болған деп арнайы атап көрсеткен: «Шынына келгенде олар (хандар) негізгі бөлігі қарбас болып табылатын көйлек пен киімге мейлінше мұқтаждық салдарынан, — адамдарға киім мен кебін керек қой, — өздерінің ұлы мәртебелі ханның (Мұхаммед Шайбани ханның) иеліктері шегіне басып кіретінін мәлімдеді»⁴². Бірақ мәселе мынада: қазақ хандары өздерінің басып кіруі туралы мәлімдемені Мұхаммед Шайбани ханның қазақтармен сауда байланыстарын үзуге, тіпті олардың көпестерінің өз қолындағы қалаларға Түркістанның оңтүстік бөлігі мен Мауараннахрға аттап басуына тыйым салуға бағытталған іс-әрекеттеріне жауап ретінде жасаған еді. «Түркістан халқы қазақ көпестерімен ешқандай сауда мәмілелерін жасамайтын болсын және олар мен осы жерлер тұрғындарының арасында қарым-қатынас және көпестердің барып келуі болмасын деп бірнеше рет қасиетті жарлық шығарылды. Сөйтіп Түркістанның кейбір қалалары мен Хорезм қалаларына қазақ көпестерін тонауға бірнеше рет бұйрық берілді. Бұл жарлықты шығарған кезде ұлы мәртебелі хан алуан түрлі және даналық пікірлерді көздеген еді», — деп қорытады «Михман-наме-йи Бұхараның» авторы⁴³ және бұл пікірлердің нені көздегенін түсіндіріп береді. Олардың ең бастысы қазақтардың Орта Азияға басып кіруіне жол бермеу тілегі болатын. XV—XVI ғасырлар шебінде Темір ұрпақтарынан Мауараннахрды тартып алып, өзбектердің басшысы өзінің Дешті Қыпшақ пен Түркістандағы билік үшін күресіндегі ежелгі бақталастары — қазақ хандары мен сұлтандары енді оның жаңа иеліктерін жаулап алуға ниет етеді деп қауіптенді. Сауда жасауға тыйым салу арқылы «екі жақтың (яғни қазақтар мен өзбектердің) өзара жанасуын және олардың өзара қарым-қатынасын тыюға, сол арқылы қазақтарды Түркістан мен Мауараннахрдың қалалары мен отырықшы-егіншілік аудандарындағы өзбектердің шат-шады-

ман, рахат және молшылық өмірінен хабарсыз қалдыруға», демек оларды «осы аймақтарды жаулап алуға ұмтылу мен күш салу жолына түсуге» қызығудан айыруға болады деп санады⁴⁴. Мұхаммед Шайбанидің осы, өзінше бір экономикалық оқшаулануының басқа бір мақсаты осы оқшаулаудан өз бодандары — осы аймақтардың көшпелілерімен экономикалық байланыстар жасауға мүдделі саудагерлері мен қолөнершілерінің де шаруашылық мүдделері зардап шеккенімен, Түркістан мен Мауараннахрдың отырықшы халқымен өзара тиімді сауда жасауға белгілі бір дәрежеде тәуелді қазақтар экономикасына соққы беруге ұмтылу болатын.

Солай бола тұрса да, осы тыйым салуға қарамастан, өзара тонаушылық шапқындар сипатын алған соғыстың да жалғастырыла бергені сияқты халықтың қарым-қатынасы, бейбіт сауда қатынастары жалғаса берді. Шығыс Дешті Қыпшақтың далалық өңірлері малшыларының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның егінші және қала халқымен өзара сауда айырбасы оңтүстікте қала және егіншілік шаруашылықтың өсуіне де, қырда мал шаруашылығының өсуіне де игі әсер етті. Оңтүстік Қазақстанның қала және егіншілік шаруашылығының ықпал өрісіне Жетісу халқы тартылды. Оның тарапынан Сыр өңірі қалалары мен жазираларының өніміне сұранымының пайда болуы бұл өлкедегі монғолдар үстемдігі мен әмір Темірдің тонаушылық соғыстары кезінен бері ұзаққа созылып келе жатқан шаруашылық күйзелістің нәтижесі болатын.

Оңтүстік Қазақстан аймағының отырықшы-егіншілік дүниенің көшпелі даламен жапсарласып, сауда жолдары күре тамырының тоғысқан жерінде тиімді орналасқан жағдайы оны көршілес халықтардың шаруашылық-мәдени, экономикалық байланыстар орталығына айналдырды. Орта ғасырларда Қазақстанның және оған шектес Орта Азия аудандарының көшпелі және отырықшы халқының үнемі өзара тәуелді, екі жақтың да шаруашылық және мәдени байланыстарға мүдделі болғаны анық. Оны деректемелердің көптеген мағлұматтары растайды. Олар әдебиетте орын алып келген, бейне бір көшпелілер мен отырықшы халықтардың ежелгі жаулықтары туралы көзқарастың, атап айтқанда, қазақтардың Орта Азияның егінші халқымен қатынастарын түгелдей соғыс қалыңдыстарынан, «агрессияшыл» көшпелілердің «бейбіт» жазираларға шапқыншылықтарынан тұратын тізбек ретінде ғана көрсеткен көзқарастың қателігін көрсетеді. Қазақстан мен Орта Азияның көршілес өңірлері халқының шаруашылық, сауда байланыстары бір-бірінің экономикалық жағдайының нығаюына, қалалар мен егіншіліктің, мал шаруашылығының өсуіне себепші болды. Олар көшпелілер мен егіншілердің бір-бірінен материалдық мәдениет, тұрмыс элементтерін, шаруашылық дағдыларын, әлеуметтік нормаларды, мемлекеттік ұйым, әскери өнер мен қару нысандарын алуына жәрдемдесті, мәдени алмасуға бастады. Бейбіт тату көршілес байланыстар дала өңірінің феодал ақсүйектері арасында мұсылман мәдениетінің, жазуы мен кітаби білімінің таралуына ықпал етті, ал Орта Азия, Иран аймақтары мен басқа да аймақтарда саяси қайраткерлерді, тарихшылар мен хроникашыларды қазақтардың өмірімен және тұрмысымен таныстырған, бұл жазбаша деректемелерде көрініс тапқан.

Оңтүстік Қазақстанның халқы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудың кеңбайтақ аумағында мекендеушілермен шаруашылық-саяси және мәдени даму дәстүрлерімен ғана емес, сонымен қатар этникалық-генетикалық туыстығымен, этникалық-саяси тағдырларының ортақ болуымен байланысты еді. Іс

жүзінде барлық үш жүздің этникалық аумағы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың оңтүстік батыс бөлігінде тоғысқан⁴⁵.

Жазбаша деректемелердің деректері мен археологиялық материалдарға қарағанда, XIV—XVI ғасырларда Сыр өңірі аймағында қыпшақтар, қандылар, қоңыраттар, арғындар, маңғыттар, дуғлаттар, жалайырлар, басқа да қазақ және өзбек рулары мен тайпаларының өкілдері тұрған. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап және одан кейінгі ғасырлардағы деректемелерде (ал олар сол кезде-ақ қалыптасқан жағдайды көрсетеді) бүкіл Қазақстандағы сияқты, осы аумақтың халқы барған сайын рулық немесе тайпалық деп аталмай, көбінесе «қазақтар» деген жалпы этнониммен аталады. Ал мұның өзі ұзаққа созылған қазақ халқының қалыптасу кезеңінің сол кезге қарай іс жүзінде аяқталуымен байланысты еді.

XV—XVI ғасырлар ішінде Қазақ мемлекетінің (хандығының) қалыптасу және нығаю кезеңінің күрделі саяси оқиғалары жағдайында, жерлерді шаруашылыққа игеру барысында қазақтардың этникалық аумағының қалыптасуы аяқталды. Қалаларымен, сауда-қолөнер орталықтарымен және көшпелі дала халқының бүйрегі бұрып тұратын егіншілікті жазираларымен қоса алғанда, Оңтүстік Қазақстанның аумағы оның елеулі бөлігі болды. Деректемелерде дала халқының шаруашылық қызметі үшін маңызды осы аумақтың қазақтардікі екені көрсетілген. Сырдарияның төменгі және орта ағысындағы жерлер көшпелі тайпаларға тамаша қысқы жайылымдар ретінде де қажет болатын. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасқан дәстүріне сәйкес көптеген қазақ рулары мен тайпалары Шығыс Дешті Қыпшақтың алыстағы аудандарындағы көшіп жүретін жерлерінен қыстыгүні Сырдария мен оның салаларының аңғарына, Қаратау етегіне және Арал өңіріне келетін. «Күз түскен кезде ол елде ауа райы салқындайды және қар мол түседі, сөйтіп, әлбетте, қазақтар қыстап шығу үшін даладан қысқы жайылымдарына бет алады». ...Олардың қыстайтын жері Сейхун өзенінің жағалауы болып табылады, оны Сыр өзені деп атайды»⁴⁶.

Басқа бір жерінде Ибн Рузбихан қазақтардың қыста көшіп жүретін орталығы («мамлакат-и қышлақ») Сығанақтың арғы жағындағы бір жердегі Қара-Абдал деген жер болған (әлбетте, қазақтардың бір тобы жайында айтылып отыр), оның үстіне бұл кезеңде (XVI ғасырдың алғашқы онжылдығының аяғы) Сығанақ «қазақтар елінің» («билад-и қазақ») шекарасында болатын деп түсіндіреді⁴⁷. Бұрынғысы сияқты, бұл кезеңде де Сырдарияның төменгі ағысының қазақтар иелігі шегінде болғаны даусыз: «Қазақтар қыстайтын жерлеріне келген кезде, олар Сейхун өзенінің бойына орналасады, ал олар мекендейтін Сейхун жағалауының ұзындығы үш жүз фарсахтан асуы мүмкін. Олар Сейхун жағалауына жеткен кезде, Түркістан аймақтарына жақын келеді, ол да Сейхун жағалауына дейін жетеді»⁴⁸. Тіпті «ең кедей қазақтардың өзінде жылқы, түйе және қой саны мындап есептелетінін» атап өте келіп, Ибн Рузбихан көшпелілер үшін Сырдария жерінің құндылығы неде екенін анықтап берген. «Сейхунның бүкіл төңірегінде най өсімдігі өскен, ол түрікше қамыс деп аталады, мал азығы мен отынға бай»⁴⁹.

Әлбетте, көшпелі қазақтарды Сырдарияның төменгі ағысындағы жайылымдар ғана емес, сонымен қатар оның орта ағысындағы, Қаратау етегіндегі жерлер де қызықтырады. Суарылатын және тәлімді егістік жерлер негізінен қалалар мен қыстақтарға жақын орналасты. Далалық, тау баурайларындағы және жағалаудағы басқа жер мал жаюға жарамды, бос болып қалатын. Дерек-

темелерде Сыр өңірі қалалары ауданындағы жайылымдар талай рет айтылды: Сығанак ауданындағы Барақ хан ынтық болған жайылымдар, Сайрам, Аққорған жайылымдары, Ясыға жақын жайылымдар (курук) осындай. Алайда, бұл жайылымдарды осы аумақтың түйінді мекендерін — Түркістанның бекіністі қалаларын иеленгенде ғана пайдалануға болатын.

Сырдария қалалары дала билеушілеріне қорғаныстық-стратегиялық орындар ретінде де керек болды. Далалық аудандарға билік ету жолындағы күрес барысында көптеген қарсыластар өздерінің көшіп жүретін қоныстарына ең жақын бодандардан (қазақтардан, өзбектерден, моғолдардан, маңғыттардан және басқалардан), Қаратау мен Сырдария аңғарының қалалары мен қоныстарынан сүйеніш іздеп отырды. Сол кезде тәп-тәуір бекіністер болған Сыр өңірі қалаларын иелену олардың билеушілерінің әскери және экономикалық күш-қуатының нығаюына жәрдемдесе алатын еді. Соңғысына сауда байланыстарынан, сауда жолдарына бақылау жасаудан түсетін табыстар ғана емес, сонымен қатар қалалардың көптеген саудагер-қолөнерші халқын бұл қалаларды уақытша басып алған кезде егіншілік пен қолөнер еңбегінің өнімін тікелей иеліктен айыру түрінде де, бұл қалалар мен олардың айналасындағы жазираларды ұзақ уақыт иеленген жағдайда — қолөнершілерге, саудагерлер мен егіншілерге тұрақты салық салу түрінде де тікелей қанау есебінен түсетін табыстар да себепші болды.

Ертедегі қала және егіншілік өркениетінің шағын кезеңінде — Оңтүстік Қазақстан аймағында, алдындағы ғасырлардағы сияқты, XVI—XVII ғасырларда да Шығыс Дешті Қыпшақ, Орта Азия мен Жетісудың көршілес феодалдық мемлекеттері билеушілерінің қарама-қарсы мүдделері үнемі қақтығысып отырды. Жазбаша деректемелер Сырдария қалаларының соңғы орта ғасырлардың бүкіл бойындағы саяси жағдайы туралы егжей-тегжейлі материалдарға толы. Табиғи-географиялық, экономикалық жағынан және тарихи тағдырлары жағынан біртұтас Орта Сырдария аңғары мен Қаратау қалаларының аумағы үнемі түрлі мемлекеттер арасында бөлшектеліп отырды, мұның өзі олардың экономикалық және мәдени дамуын тежеді. Бір ғажабы, аймақтағы саяси жағдай тым болмағанда ондаған жылдар болса да, белгілі бір кезеңге тұрақтанған кезде бірден-ақ жазбаша деректемелер мен археологиялық материалдарда шаруашылықтың өрлеуін, қалалардағы құрылысты, сауданың жандануын көрсетеді, қаланың кімнің қолына — Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының, Қазақ хандығының далалық билеушілерінің немесе Темір ұрпақтарының (XIV ғасырдың аяғы — XV ғ.), Шайбани ұрпақтарының (XVI ғ.), Мауараннахрдағы Аштарханилердің (XVII ғ.) қолына түскеніне қарамастан солай болады. Түркістан аймағы, әсіресе оның солтүстік бөлігі Қазақстан аумағындағы барлық мемлекеттік құрылымдардың дәстүрлі саяси және экономикалық орталығы болды. Орта Азия билеушілері өз кезегінде Сырдың оңтүстігіндегі иеліктерін жауынгер көшпелілерден қорғап отыру үшін Түркістанды қолға ұстауға, оның қалаларын қорғанысты тірек пунктіне айналдыруға тырысты.

Осында, Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) аумағында қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының дәстүрлі достық байланыстары қалыптасқан, олардың этникалық негізінде де ортақ нәрселер көп екені мәлім және этникалық-саяси тарихының күрделі бетбұрыстарында олар шаруашылық және мәдени өмір тәжірибесін алмасып отырған. Деректемелер олардың соңғы орта ғасырларда Түркістан аумағында бірге тұрғанын көрсетеді. Нақты деректемеде Сығанак

пен оның төңірегіндегі тұрғындар құрамында қазақтар, түріктер (жоғарыда қалалар мен жазиралардың байырғы халқын құраған түркі тайпаларының көбі тізіп келтірілді), арабтар (ертедегі жаулап алушылардың ұрпақтары), қарақалпақтар аталған. Аталған түріктер арасында өзбектер құрамына да енген рулар мен тайпалардың болуы табиғи нәрсе. Оңтүстік Қазақстан қалаларында қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер тұрғаны XVII ғасырдың аяғындағы құжаттарда да атап өтіледі.

Қазақ этносының орналасу аумағы Қазақ хандығының мемлекеттік аумағындай хандықтың алғашқы қалыптасуынан, XIX ғасырда Ресей империясының құрамына еніп, оның жойылған кезеңіне дейін өзінің орналасу аумағына толық сәйкес келе бермеді. Мемлекеттің дамуы жүйелі және дәйекті түрде жүрмей, қалыптасу мен дәуірлеу және құлау кезендерін басынан өткергеніне байланысты оның мемлекеттік аумағы да тұрақты болмады. Өлкенің саяси картасында хандықтың мемлекеттік аумағының кескін-келбеті әлденеше рет өзгеріске ұшырады, сыртқы — көрші мемлекеттердің іс-әрекетінің және ішкі — шонжарлардың өзара қырқысуының әсерімен бірде ұлғайып, бірде тарылып отырды. Қазақ хандығы мемлекеттік аумағының ұлғаюы, өзгеріске ұшырауы белгілі бір кезендерде орын алған сандық өзгерістерге байланысты еді. Бұл өзгеріс үнемі дерлік нақты бір аймақта, қазақ этносы орналасқан Ертістен Есілге, Тарбағатайдан Қаратал мен Жайыққа дейінгі, Маңғыстау, Арал өңірі мен Сырдария, Шу мен Талас кең-байтақ аумағында өтті.

Қазақ этносының қоныстанған және қалыптасқан ертедегі бір өңірі соңғы ортағасырлар деректерінде Түркістан аталатын оңтүстік Қазақстанның жері саналады.

2. ҚАЛАЛАР САНЫ, СОҢҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЛА ЖҰРТТАРЫНЫҢ ТОПОГРАФИЯСЫ МЕН ТИПОЛОГИЯСЫ

Қазақстан тарихында қарастырылып отырған кезең осының алдындағы кезеңмен салыстырғанда жазбаша деректемелерде едәуір толық баяндалған⁵⁰. Жазбаша деректемелерде қалалар, бірінші кезекте Ясы-Түркістан, Отырар, Сығанақ, Сауран, Созақ, Сайрам қалалары өмірінің кейбір жақтары туралы түсінік беріледі.

Осының алдындағы уақытпен салыстырғанда, деректемелерде айтылатын қалалар саны (XIII ғасырдың екінші жартысы — XIV ғ.) 20-ға дейін, ал мезгілі XV ғасырдың екінші жартысы — XVIII ғасырдың басы деп белгіленетін қала жұрттары 23-ке дейін азайып кеткен. XV ғасырдың екінші жартысында жазбаша деректемелерде енді Солтүстік Қаратаудың Ұрысоған, Соғылкент, Құмкент қалаларының аттары кездеспейді. Осы қалалар деп саналатын қала жұрттары, археологиялық зерттеулердің көрсеткеніндей, XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басына қарай бос қалады. Сырдарияның төменгі ағысында - Қызқала қала жұрты, Бөгенде — Бұзықтөбе (Шілік), Орта Сырдарияда Құйрықтөбе мен Оксус қала жұрттары тіршілігін тоқтатады. XVI ғасырдың аяғындағы деректемелерде Халадж-Қарасаман ретінде мәлім болған Қарасаман қаласы жаңа орынға көшіріледі. Енді оған Обручевка селосының шетіндегі II Қарасаман қаласының жұрты сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, IX—XII ғасырлармен, қала мәдениеті барынша гүлденген уақытпен салыстырғанда, Оңтүстік Қазақстанның жазбаша деректемелер

бойынша белгілі қалаларының саны 3 еседей, ал қала жұрттарының саны 6 еседей азайып кеткен.

Археологиялық зерттеулердің көрсеткеніндей, XV ғасырдың орта шенінен бастап Отырарда қала төңірегінде ешкім тұрмаған. XVI ғасырға қарай оның аумағы бір гектардан сәл ғана асып, бүкіл қала өмірі орталық төбеге ғана шоғырланған. Сайрам, Сығанақ, Үзкент, Созақ қалалары аумағының тарылғаны байқалды. Олардың рабадтары бос қалып, қала өмірі ең бекіністі орталық бөлігі шегінде шоғырланады.

XVI—XVII ғасырларда аймақтың саяси және экономикалық өмірінде Сырдарияның сол жақ жағалауындағы Аркөк, Қожан, Аққорған, Үзкент сияқты қалалар маңызды рөл атқара бастады. Қаратаудың оңтүстік беткейінде басты қала рөлі Сайрамға ауысады.

Ясы-Түркістан бүкіл Оңтүстік Қазақстанның астанасы дәрежесіне дейін тез арада көтеріледі. Мұнда Темірдің бұйрығы бойынша Ахмет Йассауи қабірінің үстінен кесене тұрғызылып, қала аймақтың ресми идеологиялық орталығына айналғаннан кейін қаланың қауырт өскені байқалады. Сол кезден бастап қала өлкенің Темір ұрпақтары, Шайбани ұрпақтары әкімдерінің орталығына, ал сонан соң қазақ хандарының астанасына айналады.

Қаланың астаналық жағдайын XVI ғасырдың 60-жылдарында теңгелер соғуды қайта жаңғыртқан Түркістан теңге сарайының белсенді жұмысы да⁵¹, сондай-ақ XVI ғасырдың аяғында атының өзгертіліп, Ясыдан Түркістан болып аталуы да айқын көрсетеді. Осылайша қала аймақтың бүкіл аумағына немесе оның аталып кеткеніндей, «Түркістан уәлаятына» баланады деуге болады және оған Оңтүстік Қазақстанның Сырдариямен біртұтас болып біріккен аумағы қосылады. Ибн Рузбихан былай деп жазады: «Өзен Түркістан арқылы үш жүз фарсахтан астам жерде ағады... Оның салалары мен тармақтарынан үлкен арықтар таралып, олармен өңделген жерлер суарылады... Өзен... Түркістан бекіністерінің арасынан ағып өтеді. Аса биік замоктар сияқты биік бекіністердің Сейхун өзенінен тартылған арықтардың жиегінде асқақтап тұратыны сонша, бейнебір жұмақтың қуаныш-шаттығын көрсетіп тұрғандай...»⁵².

Ибн Рузбихан Ясыны «Түркістан билеушілерінің астанасы (тахт)» деп атайды, оның айтуынша, бұл Дешті Қыпшақтан, Ферғана мен Қытайдан келіп тоғысатын сауда жолдарының орталығы болған. Түркістанның қасиетті орны Қожа Ахмет Йассауи кесенесін Ибн Рузбихан «әлемнің ел мекендейтін бөлігі ескерткіштерінің арасында адам қолымен жасалған сирек кездесетін керемет» деп атайды. Түркістанның барлық билеушілері қаланың рухани өмір орталығы ретінде атқаратын рөлін сақтауға тырысып, жергілікті дінбасыларынан қолдау табуға ұмтылып отырған⁵³. Түркістанның маңайында көптеген қалашықтар мен қыстақтар: Қарнақ, Қарашық, Сөре, Йунка болған, олар нақты қала жұрттары деп саналады⁵⁴.

Бұрынғысы сияқты, Отырар монғолдарға дейінгі кезде де, монғолдар кезінде де Түркістанның тарихи тағдырларында маңызды рөл атқарды. Отырарды алуға дәмелену замандастарына бүкіл Түркістанға дәмелену болып көрінген⁵⁵. Ясы-Түркістандағы сияқты, мұнда да ірі идеологиялық орталық — Арыстан баб кесенесі жұмыс істеді⁵⁶. XIV—XV ғасырларда Отырардың орталығында үлкен мешіт салынып, жұмыс істеген⁵⁷.

Рузбихан Сығанақ қаласын «аймақтың солтүстік жағындағы жаннат жердің шеті...» деп сипаттайды. «Бұл қала, — деп жазады ол, — Дешті Қыпшақтың шекаралық бекеті болып табылады және бүкіл әлемге аумағының кендігімен,

қауіпсіз әрі тыныш болуымен даңқы шыққан»⁵⁸. Деректемелерге қарағанда, Сығанақ Түркістанның ірі сауда орталығы, жәрмеңкелер өткізіліп, көшпелілермен мәмілелер жасалатын жер болған. Сонымен бірге қала тау өзендерімен және Сырдариядан тартылған арықтармен суландырылатын бай жер алаптарының да орталығы еді⁵⁹.

VII ғасырдан бастап-ақ белгілі және IX—XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстанның астанасы болған Сайрам XV—XVIII ғасырларда Түркістанның аса ірі орталықтарының бірі болып қала берді. Ол сонымен бірге аймақта үстемдік етуге үміткерлер қаратып алу үшін үнемі күрес жүргізген маңызды стратегиялық орын еді. Гүлденген кезіндегі сияқты, ол тау өзендерімен суландырылған ауыл шаруашылық жерінің орталығы болатын. Сайрамның маңында көптеген қалашықтар мен қыстақтар орналасты, олардың ішінен Бадамдағы Шымкент пен Арыстағы Қараспанды, Боралдайдағы Жақанкентті атап айтуға болады⁶⁰.


Түркістаннан онша қашық емес, солтүстік-шығысында 35 шақырым жерде Сауран қаласы болды, ол деректемелерде егжей-тегжейлі суреттеледі. Ибн Рузбихан 1509 жылғы наурыз айының ортасында Сауранға (Сайрам) келіп, «оның әдеттен тыс көрікті қала екенін көрдік» деп жазады. «(Ол) ашық, далаға салынған. Ол өте көңілді, ашық-жарқын, ақылыңа шаттық ұялатып, күшіңе күш қосатын жұмсақ ауалы... Қаланың өзі биік дуалмен қоршалған, оны өктем күш жұмсап тез алу мүмкін емес, ал оны айналдыра өткел бермес ор қазылған...»⁶¹. Қала төңірегінде арықтармен, өзендермен және кәріздермен суландырылған кең-байтақ ауылшаруашылық алабы болған, ал олардың қалай игерілгенін 1515-16 жылдарда қалада тұрған Васифи өз жазбаларында хабарлайды⁶².

Қаратаудың солтүстік беткейінде Созақ ірі қала болып қала берді. Бұл ор қазып қоршалған елеулі бекініс болды⁶³. Оның маңайында көптеген бекіністер мен қыстақтар орналасқан, олардың ішінен Жылан-Қарауылды атап айтуға болады⁶⁴.

Қаратаудың тау шатқалдарында көптеген қыстақтар болғанын Филипп Назаров хабарлайды⁶⁵. Олардың қалдықтарын археологтар тапқан⁶⁶. Сырдарияның сол жақ жағалауындағы соңғы орта ғасырлардағы қалалар — жазбаша деректемелерде айтылатын Аркөк, Құжан, Үзген, Аққорған қалаларының орналасқан жерлері анықталды⁶⁷.

Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалаларының барлығы дерлік соның алдындағы уақытта болған қалалардың жоспарлы негізін мұраға алған. Соңғы орта ғасырлар қалаларының топографиясында «хисар» — қаланың дуалмен қоршалған орталық бөлігі мен қала төңірегіндегі аудандар айқын аңғарылады. «Хисар», «хисор» термині «қала», «бекініс» деп те, «қала дуалы» деп те түсіндіріледі⁶⁸. Зерттеушілердің анықтауынша, хисар — «қаланың халық тығыз тұратын, үкіметтік үйлер, казармалар, күмбезді мешіт, басты базарлар мен қолөнер шеберханалары, қаланың негізгі топтарының тұрғын үйлері шоғырланған бекіністі бөлігі»⁶⁹. Дуал, хисар сыртындағы құрылыс іздері бар аумақ қала төңірегі, ауылдық өңір болған және кейінгі этнографиялық материалдардың дәлелдегеніндей, оның өмірі хисардың өмірінен, қаланың өз өмірінен күрт ерекшеленген⁷⁰. Әдетте Орта Азияда хисарға тік бұрышты етіп жоспарланған түр беруге тырысқан немесе оны «ескі қала» сипатындағы нобайларда қайталап отырған.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалаларына көбінесе




Сайрам қала жұртының жоспары. XVI–XVII ғасырлар.

дөңгелек сипаттағы, монғолдарға дейінгі жоспарлау негіз етілген. Ал дәстүр бойынша тік бұрышты етіп жоспарланған қалалар оны кейінгі кезде де сақтап қалған. Сайрам сондай қала болған. Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қала жұрттарын археологиялық түрлерге бөлу кезінде, неғұрлым алдыңғы кездегі қала жұрттарын түрлерге бөлу сияқты, ескерткіштің мөлшері негізгі белгі ретінде пайдаланылады.

Барлық қала жұрттары екі топқа бөлінеді. Бірінші топты жалпы көлемі 20 гектар және одан да көп болатын қала жұрттары құрайды. Бұлар – Сайрам, Отырартөбе, Түркістан, Сауран, Сунақата, Созақ. Екінші топқа Ұзынтөбе, Қараспан, сол жағалық Бұзық, Икан, Ишкан, Сортөбе, Жүйнектөбе, Төрткөл II, Сүткент II, Қазғаната, Қотан, Қыр-Үзкент, Аққорған, Күлтөбе, Раң, Шаға кірді.

Анықталғанындай жазбаша деректемелердің авторлары парсыша «қала» деген «шаһар» терминін Қазақстан қалалары жөнінде сирек қолданады, ол термин уәлаяттың әкімшілік орталығына, дуалмен қоршалған ірі елді мекен-



Сауран қала жұртының жоспары. XVI–XVII ғасырлар.

ге қоса қолданылатын. Мұндай термин Сайрам мен Ясы-Түркістан жөнінде ғана қолданылған. Уәлаят орталықтары үшін Ясы, Сайрам, Отырар, Сауран, Сығанак, Созақ үшін «қала» термині пайдаланылған. Неғұрлым шағын елді мекендер Аркөк пен Құжан да кейде нақ сол терминмен аталған. Барлық қалаларға «қалашық», «шағын мекенді» білдіретін «балада»; «орын», «егіншілік қонысты» білдіретін «маузи» терминдері де қолданылған⁷¹.

Шығыс шығармалары авторларының белгілі бір елді мекендер жөнінде терминдерді құбылтып қолданғанына қарамастан, олар сол мекендердің сауда-саттық маңызын, қолөнердің, мешіттердің болуын атап көрсетеді⁷².

Түркістанда теңге сарайының жұмыс істегені жоғарыда атап өтілді. Отырарда да теңге соғылғаны туралы деректер бар. Осының бәрін қосып алғанда, қала жұрттарының бірінші тобын соңғы орта ғасырлардағы қалалардың қалдықтары деп санауға мүмкіндік береді. Бұл қалалардың әрқайсысы тарихи-мәдени аудан үшін: Сайрам — Талас Алатауының етегі өңірі үшін, Отырар — Арыстың төменгі ағысы үшін, Сауран — Сырдарияның орта ағысы үшін, Сы-

ғанақ — Сырдарияның төменгі ағысы үшін, ал Созақ — Қаратаудың теріскей беткейлері үшін дәстүрлі орталық болған.

Екінші топтың ескерткіштері — қалашықтар мен қыстақтардың қалдықтары. Бұл қала жұрттарына жүргізілген археологиялық зерттеулер оларда қолөнердің, бірінші кезекте, табылған заттарға қарағанда, қыш-құмыра, темір балқытушылық, ұсталық, зергерлік қолөнердің дамығанын дәлелдейді.

Сонымен бірге, жазбаша деректемелердің мағлұматтарына қарағанда, олардың селолық сипаты да айқын болған. Қала жұрттарының топографиясына қарағанда, қаланың сұлбасын құрайтын көшелер жүйесі едәуір күрделі болған. Мысалы, Отырарда оңтүстік және солтүстік кіреберістерді жалғастыратын орталық магистральдан басқа, меридиан бағытта созылып жатқан тағы да кесіп өтетін 6 көше бары анықталды. Орталық басты көше солтүстік және оңтүстік қақпаларды жалғастырған; орам көше қаланы шет жағынан дуалды бойлай айналдырып өткен.



Созақ қала жұрты.

Отырарда XVI—XVII ғасырлардағы 30-дан астам махаллалар қазылды, олардың 21-і тұтас, басқалары ішінара аршылды. Әрбір махаллада 6—12 үй болған. Бір махалла алып жатқан аумақ орта есеппен 1500 шаршы метрден аспаған, ал махалладағы орта есеппен алғандағы үйлер саны — 11. Ені 2 м болатын махалла ішіндегі шағын көшелер басты көшелерден басталып, махалланың барлық үй иеліктерін қосып жатыр. Әдетте, ол көшелерге ешнәрсе төселмеген, олардың беті тапталған, тығыз. Көріктендіру үшін кейде көшенің үй алдындағы учаскеге тас төсеу және көшелерді бойлай күйдірілген кірпіш пен оның сынықта-

рын қалау пайдаланылған. Шағын көшелерде «қолтықтар» — кең жерлері бар, сірә, малға арналған қашалар болса керек. Кейде махалла ішіндегі шағын көше кішкене аулаға — алаңшаға ұласады. Мұндай кішкене ауланың бүкіл махалла тұрғындарының малы үшін қаша ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қаратаудың теріскей беткейіндегі мерзімі XVI—XVIII ғасырлар деп белгіленген Раң және Күлтөбе қала жұрттарының құрылымына да осылайша махаллалар етіп салу тән⁷³. Саураннан, Қотаннан, Бұзықтан нақ осындай құрылым аңғарылады, оларда аэрофотосуреттерден махаллалар ішіндегі үлкен көшелер, махаллалардың аумақтары айқын көрінеді.

«Археологиялық» махаллаларды орта ғасырлардағы ортаазиялық қалалардың, әсіресе XIX ғасырдағы Бұхарадағы жақсы зерттелген «этнографиялық» махаллалармен салыстыру қызықты. Отырардағы сияқты, Бұхара махаллалары үйлерінің есіктері махалла ішіндегі көшелер жағынан шығарылған, ал қасбет жағына жабық қабырғалары қаратылған.

Көше онда тұратын адамдардың қарым-қатынас орны және махалланың басты желісі болған. Махалланың тұйық болуы тұрғындардың оны қорғауына кепілдік берген. Оны қорғау көшені жауып, махалланы мүлде оқшаулап тастайтын қақпалардың болуымен қамтамасыз етілген. Уақыт өте келе мұндай томаға-тұйықтық қақпалармен қоса жойылып кетті⁷⁴.

Махалла қаланың аумақтық жағынан бөлшегі ғана емес, сонымен қатар әкімшілік бөлінісі де болатын, махаллалардың ақсақалдары арқылы жұмыс істеген қаланың билік орындары онымен іс жүргізіп отырды⁷⁵.

Соңғы жағдай Отырар махалласы ерекшеліктерінің біріне назар аударуға мәжбүр етеді. Олардың әрқайсысында басқаларынан ортадағы жайда екі тандыры болуымен ерекшеленетін бір немесе екі үй орналасқан. Монғолдар кезінің өзінде-ақ «хона-шумора» салығының, зерттеушілердің пікірі бойынша, Русьтегі түтін салығына сәйкес келетін тұрғын үйден немесе усадьбадан алынатын алым болғаны деректемелерден белгілі⁷⁶. Оның неғұрлым кейінгі кезде де болғаны анық. «Екінші» түтін үшін салық салудан босату үйінде екі пеш ұстауға мүмкіндігі бар махалла ақсақалдарының өзінше бір артықшылығы болуы мүмкін.

Екі тандыры бар үйлердің махалладағы ең үлкені болуы міндетті емес. Егер Бұхарада да махалла ақсақалдарының әдетте байлардан немесе атақты адамдардан сайланбағанын ескеретін болсақ, мұны түсінуге болады. Бұл құрметті қызмет болған, ақсақал қауым қызметшісі саналған⁷⁷.

Махаллалардағы археологиялық материалдар негізінде жаңғыртылған әлеуметтік көрініс (неғұрлым ерте кездер үшін де атап өтілгеніндей) біртектес болмаған. «Байлар» және «кедейлер» махаллалары болып бөлінбеген. Әрбір махаллада көп бөлмелі екі-үш үлкен үй, бір, екі және үш бөлмелі бір-екі үй бар, қалғандары — көлемі жағынан шамамен бірдей үйлер.

Бұл фактіні этнографиялық параллельдермен түсіндіруге болады. Мысалы, Бұхарада белгілі бір махаллада, белгілі бір махаллалық қауымда байлар да, кедейлер де болған. Оның үстіне, әлеуметтік теңсіздік ежелден қалыптасқан тұрмыс укладын бұзбаған. Керісінше, бай және атақты отбасылар үшін мұндай көршілік көп жағынан қолайлы еді, өйткені олардың қызмет көрсетуге адамдар табуы оңай болатын⁷⁸.

Махаллалардың онда тұратын адамдардың қызметі бойынша мамандандырылуы туралы мәселе ден қоярлықтай. Отырарда бір махалланы ғана «қыш-құмырашылар махалласы» деп сипаттауға болады⁷⁹. Басқа махаллалардың бәрі тұрғындарының кәсіптік құрамы жөнінен әртектес. Оларда қыш-құмырашы-



XVI–XVII ғасырлардағы Отырар қала жұрты. Қазылып аршылған бөлігі.


лардың, темір ұсталарының, тас өндеу жөніндегі мамандардың, тоқымашылардың үйлері кездеседі. Мұндай жағдай соңғы орта ғасырлардағы Бұхараға да тән болды, онда да махаллалар тұрғындарының шаруашылық қызметінде үлкен айырмашылық аңғарылған. Мысалы, 32 махаллада аяқ киім тігушілер, көптеген махаллаларда құрылысшылар мекендеген⁸⁰.

Бірқатар жағдайларда Отырар махаллаларындағы үй иеліктері санының өсуін аңғаруға болады. Қала аумағында құрылыстардың тым тығыз салынып, іс жүзінде бос учаскелердің болмауы себепті, үй иеліктері санының өсуі учаскелердің бөлінуі есебінен орын алған. Бұрынғы қоймалар мен аулалардың тұрғын үй етіп қайта салынғанын жиі кездестіруге болады. Кейде үй махалла ішіндегі аула алаңдарын тарылту есебінен тұрғызылған. Қаланың бұлайша өсу жолы соңғы кезде де таралған.

Зерттеушілердің пікірінше, тарихи өткен кезеңде махаллалар аумақтық жағынан ірірек болып, олардың ұсақталуы бөлшектену нәтижесінде орын алған⁸¹. Отырардың материалдары, бір жағынан, махаллалардағы үй иелері санының көбеюі барысында болған процестің күрделілігін дәлелдесе, екінші жағынан, бүкіл орта ғасырлар бойынша қала махалласы аумағының өсу сарынын көрсетеді. Дала билеушілерінің Сырдария қалаларын иелену жолындағы қиян-кескі күресі кезеңінің барысында бірінші кезекте қалалардың өздері зардап шекті, бұл кезеңде олардың әрқайсысында күшті бекініс жүйесі болуға тиіс еді. Соңғы орта ғасырлар тарихшыларының шығармаларында қала қабырғаларының биіктігі мен беріктігінің, орлар тереңдігінің мейлінше әдемі суреттелетіні тегін емес. Сауранның XVI ғасырдың соңғы ширегіндегі қалалық бекіністерінің сипаттамасын Хафиз-и Таныш қалдырған. Солардың ішінде

ол «кіретін және шығатын есіктері» бар бекіністі қорғандарды, бекіністі дуалды (баре), орларды (хандак) атайды. «Бекіністік ор жағасының сырт жағынан биік болғаны сонша, — деп жазады ол, — өзенге ұқсайтын... Осы ордан қорғанның басына дейін елу гяздай болатын...»⁸².

Сауранның бекініс құрылыстарының қалдықтары осы кезге дейін керемет әсер қалдырады. Сауранның дуалы шикі кірпіш араластырып қаланған күйдірілген балшық блоктарымен салынған. Оның сақталып қалған биіктігі қазірдің өзінде де 6 метрге жетеді. Онда дөңгелек 4 мұнараның қалдықтары аңғарылады. Дуалдың сыртында тереңдігі 3 метрге, ені 20 метрден 50 метрге дейін жететін ор болған. Қақпалардың алдында сыртқа ойысынқы дуал бөлігінен құрылған жиырма метрлік тар жолдар бар.



Тұрғын үйдің көрінісі. Отырартөбе. XVII ғасыр.




XVI ғасырдағы тұрғын үйдің бір бұрышы. Отырар қала жұрты.

Қазба жұмыстарының материалдарына қарағанда, Түркістанның соңғы орта ғасырлардағы бекіністері едәуір мықты болған. Қала қоршалған дуал XV ғасырда тұрғызылған және зерттеушілердің пікірінше, Қожа Ахмет Йассауидің мемориалдық кешенінің құрылысымен ұқсас. Ол XVIII ғасырдың ортасына дейін, оның орнына кейінгі дуал салынған кезге дейін сақталды, ал кейінгі дуал XX ғасырдың басына дейін сақталып қалды. Дуалдың ені 6 метрге жуық болған және 3 метрге дейін биіктікте сақталған. Оның құрылысына көлемі 36—41x18—24x6—13 см кірпіш пайдаланылған⁸³.

Соңғы орта ғасырлардағы Отырардың қалалық дуалдарын қайта салу мен жөндеу іздері байқалды. XVI ғасырдың аяғында дуалдың ішкі қасбеті қайта өңделген. Сонымен бірге дуал астындағы қабат 2,3 метрге және оның түбінен төменге дейін тереңдетілген. Төбе беткейін бойлай ор қазылған, ор қабырғасы неғұрлым тік жасалған. Ордың ені жоғарғы жағынан 5 метрге жуық. Дуал өзінің қорғаныстық міндеттерін XVI ғасырдың аяғына дейін атқарған да, содан кейін оны кесіп тастап, тура соның астына жоғарғы екі құрылыс



XVI ғасырдағы үйдегі ошак. Отырар қала жұрты.



ХІІІ–ХV ғасырлардағы Отырардың көшелер желісі.

- — көшенің қазып аршылған бөлігі.
- - - - - — «аэрофото» мәліметтері бойынша анықталған көшелер.
- > — қалаға кіру орны.
- ① — көшенің шартты номерлері.

деңгейінде құрылыстар салынған. Дуалдарды үйлердің биік те тік беткейге қаратып салынған артқы қабырғалары алмастырған. Қала дуалы өмірінің ең соңғы кезеңінде жеткілікті дәрежеде тік болып, жоғарыда суреттелгені сияқты жұмыстар қажет болмаған жерлерінде бұзылмай, жалпы бекіністердің бөлігі ретінде пайдаланылған, ал онда негізгі қорғаныс міндетін тағы да сол үйлердің артқы жабық қабырғалары, қаланың тік жары мен ор атқарған.

3. ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР. ҚАЛАЛАРДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қаладағы тұрғын үй соның алдындағы уақыттың даму бағытын жалғастырады. Тұрғын үйлердің 4 үлгісі ерекше көрінеді⁸⁴. Біріншісіне екі, үш немесе төрт жай бір есікпен жалғастырылатын бір есіктен кіріп-шығатын етіп (анфиладалық) жоспарлау тән. Екіншісі төрт немесе одан да көп жайлардың жалға-

стыратын есіктерінен айқыштала жоспарлануымен сипатталады. Үйлердің үшінші үлгісі «Г» тәрізді етіп жоспарланған, онда бөлмелердің біреуі, әдетте кіреберіс немесе қойма үйдің басқа бөлмелерінің бұрыштарына орналастырылған. Сол кездегі тұрғын үйлердің төртінші үлгісіне екі, үш және сирек болса да, одан да артық бөліктері бар көп секциялы үлкен үйлер жатады. Әдетте мұндай үйлердің жалпы жоспары тік бұрышты болады, ал секцияларының жоспарлануы әр түрлі – анфиладалық, крест тәрізді және «Г» тәрізді болуы мүмкін.

XIV ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың бірінші жартысындағы тұрғын үймен салыстырғанда үй-жайлардың ішкі безендірілуінде кейбір жаңа элементтердің пайда болуын атап өткен жөн. Тандыр түпкі бұрыштан есікке жақындатылады. Ташнауға арналған орын екінші кезектегі жайды, ауланы, не айванды, не тұрғын жай мен қойманы «жинақтайтын» тәрізді. Ташнаудың тек тұрғын жайларға қажетті болуы міндетті емес, олар қоймалар мен аулаларда да болған. Орталық тұрғын үй бөлмесінің көп бөлігін алып тұратын сәкілер еденнен 30-40 см жоғары болған. Оған аузы сәкінің шетіне шығып тұратын тандыр орнатылған. Мұржа тандырдың қабырғасындағы дөңгелек тесіктен басталады, ол сәкі астынан қабырғаға немесе бұрышқа дейін ең қысқа жолмен салынған. Мұржа үйдің қабырғасындағы тік қуысқа қосылған.

Тандырдың стандартты көлемі: биіктігі 0,5 метрге дейін, диаметрі 0,3–0,45 м болған. Оның қабырғаларында толқындалған жолақтар сияқты суреттер жасайтындай етіп сызықтар сызылған. Егер XIII–XV ғасырларда мұржасыз



Сауран қала жұртының қакпасы. XVI–XVII ғасырлар.

және жоғарғы жағында оттығы жоқ тандырлар кездесетін болса, XVI–XVIII ғасырларда енді мұндай тандырлар кездеспейді. Тандырлар қақпақтармен жабылған. Әдетте, тандырдың тұсындағы сәкінің бұрышына көлемі 0,5–1,0x0,5–1,0 м болатын төрт бұрышты дөңбектер орнатылған. Оның мақсаты айқын, ол көмір шоктарына арналған жер. Үй-жайдың жалпы безендірілуінде тандыр мен оның алдындағы ташнау алаңшасы шаруашылық істері атқарылатын жер болып табылады. Мұнда сәкі үстінде, тандырдың жанында әдетте қыштан жасалған ыдыс тұрады. Ташнаудың жиегінде немесе алаңшада диірмен тастары жатады. Тұрақты пайдаланылатын диірмен тасы ретіндегі арнаулы дөңгелек дөңбектер де кездеседі.

Тұрғын жайлардың бұрыштарына ұралар жасалып, көзе, құмыра түріндегі ыдыстар көмілген. Ал кейде бөлменің ортасында, бұрышына жақын жерде саңылау тәріздес ұра болған. Бөлменің қабырғаларында керек-жарақтарды сақтауға арналған сөрелер жасалған. Сәкілерге қамыстан немесе шиден тоқылған төсеніштер төселіп, олардың үстінен киіз, мақта салынған көрпе жайылған. Қазба жұмыстары кезінде шилердің іздері мен шірінділері, сондай-ақ киіздер мен мақта салынған көрпелердің қалдықтары табылды. Қоймалар астық қорларын, сұйық және үгітілмелі өнімдерді сақтауға арналған.


Кейбір үйлерде екі нұсқада жаппамен жабылған шағын аулалар бар, олардың саны 20 процентке дейін жетеді. Біріншісіне үстінен бір жағынан (ауланың жартысын) жабу тән, ал екінші жағы ашық қалады. Жаппаның астында сопақша немесе алмұрт тәрізді жер ошақ, сондай-ақ азық-түлікке арналған



Үлкен Қызкала қала жұртының қақпасы. XVI–XVII ғасырлар.

ұра бар сәкілер болған. Ауланың екінші нұсқасында ол екі жағынан жабылып, оның ортасы ашық қалдырылады. Ашық бөлігіне күйдірілген кірпіштердің сынықтары төселген де, еріген қар суы мен жаңбыр суын жинауға арналған құрылғы — ташнау көзделген.

Үйлердің бір бөлігінде шағын аулалардан басқа, махалла ішіндегі шағын көшеге қаратылған албар бар. Ол тегінде, мал ұсталатын қаша ретінде пайдаланылса керек. Сәті түсіп анықталғанындай, мал сонымен бірге үйлердің арнаулы орындарында немесе үйлер арасындағы қашаларда ұсталған. Мұндай жайлардың едендерінде әдетте қоңыр түсті қара шіліктің қалың қабаты кездеседі. Мал ұстауға арналған кейбір орындарда науалар болған.



Қала қабырғасының ХІІІ–ХV ғасырлардағы қаламасы. Отырар қала жұрты.

Ауыл тұрғындары үйлерінің жоспарлануы мен сипатының қаладағыдан айырмашылығы аз болды, бірақ оның есесіне ауылдық өңірде ол тұрғын үйдің өзінен, ауладан және жер учаскесінен тұратын қоныс құрамына кіретін еді. Ауыл тұрғындарының қонысы Сауран төңірегінде мейлінше жақсы сақталып, зерттелген. Олар қираған жұрт орталығынан 1400—1600 м шеңберінде, әртүрлі тығыздық жүйесіндегі құрылыс құра отырып шоғырланған. Әрбір усадьба дуалмен қоршалған үйден және дәнді дақылдар, бақша егілетін жүзімдігі бар учаскеден тұрған. Усадьбалардың көлемі әртүрлі. Олардың ең ірілерінің көлемі 2—2,5 гектар, орташалары — 1,0—1,5 гектар, кішілері — 0,5 гектар. Орташа усадьбалар көбірек. Аэрофотосуреттерді талдау негізінде шамамен жасалған есептер бойынша, Сауран өңірінде 350-ге жуық селолық усадьбалар болған⁸⁵.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлерге талдау жасау оның алдыңғы кездегі тұрғын үйлермен байланысын көрсетеді. Мәселен, ортадағы жай, бұрынғысы сияқты, тұрғын үй және шаруашылық міндеттерін біріктірген. Онда әртүрлі орындар — бүкіл сәкі бетін алып жататын тұрғылықты жер, тандырмен қатар және бөлменің бұрыштарындағы ташнау алаңы шегінде орналасқан шаруашылық бөлімі айқын аңғарылады.

Алайда, соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйдің жоспарлануы мен тұрғызылуында дәстүрлі сипаттардың сақталуымен қатар жаңа белгілер пайда болады. Үйлерде бөлмелердің саны (5—6 бөлмеге дейін) көбейеді, олардың неге арналғандығын барлық уақытта бірдей анықтау қиын. Жартылай жабық аулдардың жаңа үлгісі пайда болады.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалалық тұрғын үйі көршілес аймақтардағымен едәуір дәрежеде ұқсас болып келеді. Хорезмде, Үргеніште Отырардың орта ғасырлардағы үйлерімен жақын ұқсастығы бар XV—XVII ғасырлардағы үйлер аршылып алынды⁸⁶.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлердің XIX—XX ғасырдың басындағы қазақтардың тұрғын үйімен ұқсастық фактісі ден қоюға лайық.

Қазақтардың тұрмысын зерттеу қыстауларда шикі кірпіштен жасалған қабырға-қалқа арқылы 2—3 бөлмеге: тұрғын жайға, ас үйге және қоймаға бөлінген біртұтас тұрғын үй болғанын көрсетті. Әдетте, биіктігі 1,5 метрге дейін жететін қалқалар бөлменің төбесіне дейін жетпеген. Олардың ерекшелігі мынада: олар үйдің ішін жылытқан, өйткені қабырғаның қуысына орнатылған сазбалшық пеш — «қазандыққа» текшелер ішінен өтіп, түтінді сыртқа шығаратын түтіндікпен қамтамасыз ететін еді.

Сонымен бірге түтін тура шығатын әдеттегі пеш — қазандық орнатылған. Олар жартылай жертөлелерде пайдаланылған, оларда да мұржа сыртқа шағын саңылау арқылы шығарылған⁸⁷. Сірә, мұржалары және түтін шығаруға арналған арнаулы қуыстары бар текшелерінің болуынан соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй дәстүрлерінің белгілерін көруге болады⁸⁸.

Қазақ қыстауларындағы «қоржын үй» үлгісіндегі ұзынша үйлердің жоспарлануы соңғы орта ғасырлардағы «линиялық» немесе «анфиладалық» деп аталатын тұрғын үйлердің жоспарлануына жақындайды. Қазақтардың қысқы тұрғын үйлерінің бұрыштарында дән қоймалары мен қамбалар, шаруашылық ұралары жасалған. Қабырғаларында ыдыс-аяққа, ұсақ-түйек құрал-саймандар мен шырағдандар қоюға арналған ойықтар ғана болған⁸⁹.

Оның екеуінде де құрылыста «күйдірілмеген» кірпіштер пайдаланылған⁹⁰.

Біршама жақын уақытта анықтаудың сәті түскеніндей, соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен қыстақтарында,

нақ ортағасырлық қала мәдениеті болған аймақта қазіргі заманға дейін өзгеріссіз дерлік сақталған. Мұндай тұрғын үйлер анықталған елді мекендердің тізімін келтірудің өзі жеткілікті, олар — Түркістан, Қарнак, Икан, Созақ, Шымкент, Сайрам, Манкент, Қарабұлақ, Қарамұрт⁹¹. Сол кездегі Оңтүстік Қазақстанның қала халқының мәдениетін, тегінде, қазақ халқы мәдениетінің құрамдас бөліктерінің бірі болған орта ғасырлардағы қала мәдениетінің бір ұштығы деп санауға болады⁹².

Отырар жөніндегі XVI—XVIII ғасырдың басындағы кезеңге қатысты материалдар қала халқының әлеуметтік құрылымы мен оның саны туралы мәселелер қоюға мүмкіндік береді.

Қалалық отбасы мәртебесінің сан жағынан алғандағы негізгі сипатын үйдің көлемі, сондай-ақ қабырғалардың қалану тәсілі, күйдірілген кірпіштің пайдаланылуы, көркемдік жағынан өрнектеп безендіруді (тандырдың өңешін безендіру үшін тақта тастарды, ташнау төсеніштерін) қолдану және әрине, қазба жұмыстары кезінде табылған теңгелердің, қоладан жасалған бұйымдардың, құйма керамика жиынтығы көрсетеді. Бұл орынды, өйткені этнографтар XIX—XX ғасырдың басында халықтың ауқатты бөлігінің тұрғын үйлері принципінде құрылысы жағынан дәулеті орташа адамдардың тұрғын үйлерінен ерекшеленбеген деп атап өткен. Атап айтқанда, тәжіктердің тұрғын үйлерін зерттеушілер осылай деп жазады⁹³. Түрікмен ауылдарында «хандар мен ишандар тұратын үйлер... әдеттегі тұрғын үйлерден көлемі жағынан ғана ерекшеленеді»⁹⁴. Бұл орайда әрбір үйдің қалалық жерде тұрғанын ұмытуға болмайды, ал ондай жер, тарихшылардың атап өткеніндей, өте қымбатқа түскен және орта ғасырлардағы қала өмірінің ішкі ұйымдастырылуын зерттеушілердің жерге жекеменшік пен қаладағы жер құнының жоғары болуы Орта Азиядағы қала өмірінің көптеген жақтарын ашатын кілт деп атауы тегін емес⁹⁵.

Сонымен, үйдің (оған бөлінген қалалық жер учаскесінің) жалпы көлемінің өзі-ақ үй иелерінің қоғамдық жағдайларының маңызды көрсеткіші екенін атап көрсету керек.

Отырардың аршылып, зерттелген 231 тұрғын үйі бойынша деректер пайдаланылды⁹⁶. Үй иеліктерінің мынадай төрт тобы бөліп шығарылды, олар: 1) 70 шаршы метрден астам; 2) 50-ден 70 шаршы метрге дейін; 3) 30-дан 50 шаршы метрге дейін; 4) 30 шаршы метрге дейін. Үйлердің осы топтардың біреуіне жатуы оны мекендеушілердің әлеуметтік жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. 231 үйдің 78 үйі — бірінші, 71-і — екінші, 52-сі — үшінші, 21 үй — төртінші топқа жататындығы айқындалды.

Үйлердің бірінші тобы қабырғаларының дұрыс қалануымен, қабырғаларының және едендерінің сапалы сылануымен, кірпіш төселген алаңша-аулаларының болуымен, олардың басқа үйлерге қарағанда күйдірілген кірпішті неғұрлым кеңінен пайдалануымен сипатталады. Жалпы көлемін қоспағанда, бірінші топтағы үйлерден екінші және үшінші топтағы үйлердің айырмашылығы аз, ал үй иеліктерінің төртінші тобына қабырғалардың жүрдімбардым қалануы, күйдірілген кірпіштің есік алдына төселмеуі, құйма керамика санының аз болуы тән.

Осының бәрі I топтың үйлерін қаланың ауқатты тұрғындарының тұрғын үйлері, 2 және 3-топтарды қала халқының орташа тобының үйлері және 4-топты қала халқының кедей бөлігі деп санауға мүмкіндік береді. Процентке шағып есептегенде, бұл былайша белгіленеді: қала тұрғындарының 34 проценті

қала халқының ауқатты, мейлінше дәулетті бөлігіне жатқан; 56 проценті орташа топ болып, қала тұрғындарының 10 проценті тұрғындардың кедей бөлігіне жатқан.

Соңғы орта ғасырлар кезеңінде әрбір елді мекендегі және жалпы аймақтағы қала халқының санын анықтау кезінде XVI ғасырдың аяғы — XVII ғасырдың 80-жылдарында Отырар үшін жасалған демографиялық есептеулер негізгі рөл атқарады, оларды басқа қалалар үшін пайдалануға да болады.

Отырар тұрғындарының санын анықтауда неғұрлым ерте уақыттағы қала халқының санын анықтау үшін қолданылған әдіс тандап алынды. Сан жағынан алғанда оның реті мынадай: махалладағы үй иелерінің санын және махалла тұрғындарының санын анықтау; қаладағы махаллалар санын және бүкіл қала тұрғындарының санын анықтау. Отырардағы тұрғын үй махалласының көлемі 1200—1300 шаршы метр (орташа — 1500 шаршы метр) болады. Қаланың аумағы XVI—XVII ғасырларда 20 гектарға немесе 200 000 шаршы метрге тең. Ғылымда жалпы қабылданған коэффициентке сәйкес⁹⁷, оның төрттен бір бөлігін жалпы жұрт пайдаланатын үйлер, аландар, үлкен көшелер алып жатқан. Сөйтіп адам қоныстануға болатын қалған 150 000 шаршы метр алаңға 100 тұрғынды махалла орналасқан.

Әрбір махаллада жеке отбасына жататын 6-дан 12-ге дейін үй иеліктері болып, оның құрамы, жалпы қабылданған пікір бойынша, 5—7 адамнан тұрады. Көп секциялы үйлерге келетін болсақ, оларда жекелеген отбасылардың секциялары айқын көрінеді және, олай болса, секцияларға қарағанда олардағы адамдар саны 2—3 есе көбірек болады. Махаллада орта есеппен 45-тен 63-ке дейін адам тұрған, ал қаладағы барлық тұрғындар саны 4500—6300 адам немесе орта есеппен 5500 адам болған.

Сығанак (20 га) пен Созақта (22 га) тұрғындар саны осындай болған деп айтуға болады. Көлемі 35 га болатын Түркістанда 170 махалла болып, оларда 9180 адам тұрған. Көлемі жағынан Сауран Отырардан екі есе үлкен, демек онда 11 000 адам болуға тиіс. 28 гектар жерді алып жатқан Сайрам тұрғындарының саны 7560 адам болған, ал уәлаяттардың орталықтарында небәрі 44 000 халықтан сәл ғана астам адам мекендеген.

Қарасаманда (6 га), Иканда (6,7 га), Қарнақта (4,5 га), Қарашоқта (5 га), Сүткентте (6 га), Аркөкте (7 га), Қотанда (7 га), Үзкентте (9 га), Аққорғанда (8 га) 1500-ден 2000-ға дейін тұрғындар тұрып, махаллалар саны 20-дан 40-қа дейін жеткен.

Жақанкентте, Суриде, Жүнкентте, Құжанда, Қаракұрымда және Раң сияқты баламасы табылмаған, көлемі 1 гектардан 2 гектарға дейін жететін қалашықтарда 800-ден 1000-ға дейін адам тұрған.

Сонымен, XVI—XVII ғасырдың алғашқы үш ширегі кезеңінде Қазақстандағы қала халқының саны 70 000 адамнан аспаған.

4. АРХИТЕКТУРА МЕН ҚҰРЫЛЫС

Жазбаша деректемелер қалаларда діни және азаматтық сипаттағы іргелі құрылыстар болғанын дәлелдейді. Біріншілеріне қала құрылысындағы ерекше доминанттар болған мешіттер, медреселер, ханақылар, кесенелер жататын.

Зайн ад-дин Васифи қалада XVI ғасырда салынған Сауран медресесін жарқын суреттеп қалдырған. Оның тербеліп тұратын мұнараларымен даңқы шық-



XVI—XVII ғасырлардағы мешіттің қалдықтары. Отырар қала жұрты.

қан. «Оның айванының иіндеріне, — деп жазады Васифи, — ғаламат биік және өте ғажайып екі үлкен мұнара орнатылған, сондықтан ақындардың біреуі сол Заххаку айванын жыландарға теңеген. Сол мұнаралардың «гүлдестесіне» шынжыр бекітілген де, әрбір мұнара күмбезінің астына бөрене салынған; сөйтіп, әлдебіреу бөренені күшпен қозғалтқан кезде, шынжыр тербеледі де, қарсы жақтағы мұнарада тұрған адамға мұнара құлап түсетін сияқты болып көрінеді, ал мұның өзі әлем кереметтерінің бірі»⁹⁸. Бұл мұнаралар ХІХ ғасырдың ортасында да тұрған және суреті сақталған⁹⁹. Қазір таңғажайып ансамбльдің орнында күйдірілген кірпіш сынықтары үйіліп жатыр, бірақ бір кездегі іргелі де сәулетті құрылыстың күрделі түрде жоспарланғанын осы кезге дейін аңғаруға болады.

Суреттерге жасалған талдау олардың кірер беттегі қасбетінің екі жағында тұрғанын көрсетеді. Олардың өздері екі қабатқа бөлінген. Біріншісі қасбет жақтауынан жоғарырақта «гүлдесте» деген сталактит ернеумен бітіп, ал екіншісі «кубба» күмбезімен аяқталған.

Шығыстың сәулетөнерінде «тербеліп тұратын» мұнаралар неғұрлым ерте уақытта да болған, мысалы, Аштарджандағы (Иран) мешіттерді айтуға болады. «Иіндерге орнатылған» мұнаралы қасбет үлгісі Иран мен Азербайжанның сақталған ескерткіштері бойынша мәлім. Алайда, Сауран медресесі қасбетіне Темір тұсындағы Шығыстың сәулетөнері мектебінің құрылыстары, бәлкім, Самарқанд ғимараттары сәулеттік үлгі болуы мүмкін¹⁰⁰.

Отырардағы археологиялық қазба жұмыстары ХVІ–ХVІІ ғасырлардағы мешіттің қалдықтарын аршыды. Ол қала жұртының оңтүстік-шығыс бөлігіне орналасқан, тік бұрышты етіп жоспарланып, қатаң түрде батыс-шығыс бағытында бағдарланған. Мешіттің аумағы 135,6 шаршы метр. Мешіттің қасбеті үш үлкен көше тоғысатын шағын алаңға қаратылған. Мешіт кешені көлемі 87,1



ХІІІ ғасырдағы монша. Отырар қала жұрты.

шаршы метр зал мен оған шығыс жағынан жалғасатын 6 бөлмеден тұрған. Орталық есік сірә, батыс қабырғасында, алаң жағында болса керек¹⁰¹.

Отырар мешітінің сипатын ұғыну оны соңғы орта ғасырлардағы Бұхара мешіттерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұхара мешіттерінде ішінара және толық жуынуға арналған арнаулы бөлмелер болған, қыстыгүні жуыну үшін су жылытылып берілген¹⁰².

Мұндай бөлмелер Отырар мешітінде де болған. Мәселен, бөлмелердің бірі сірә, дәрет алуға, ал екіншісі толық жуынуға арналған болса керек. Соңғысында бұл рәсім үшін қажетті температураны сақтауға арналған ошақ болған. Осы жерде, ошақта, ғұрыптық ерекше тағам — «халиса» әзірленіп, қаланың немесе махалланың тұрғындарына үлестірілуі мүмкін. Екі бөлме сірә, діндар адамның немесе мешітте жұмыс істейтін адамның тұрғын үйі болса керек.



ХІІІ ғасырдағы моншаның бір бұрышы. Отырар қала жұрты.

Қазып аршылған Отырар мешітінің қандай дәрежеде болғаны айқын емес, бірақ ол отыз шақты махаллада біреу-ақ болғандықтан, сол кез үшін оны күмбезді мешіт болған деп түсіндіруге болады. Тұрғындар әдеттегі намазды махаллалық мешіт ретінде пайдаланылған өз махалласының бір тұрғын үйінде оқыған болуы мүмкін.

Қала құрылысының қоғамдық құрылыстары арасында, бұрынғысы сияқты қоғамдық моншалар болған. XVI—XVII ғасырларда салынған сондай бір монша Түркістанда осы кезге дейін сақталған. Бұл — көлемі 400 шаршы метр болатын, күйдірілген кірпіштен қаланған көп күмбезді ғимарат. Моншаның қазіргі жер бетінен биіктігі 5 м, іргетасы жерге 3 м тереңдеп жатыр. Моншаның 8 бөлмесі бар, олар: шешінуге арналған зал; моншаға кірердегі дәліздер, дене сылауға арналған сәкісі бар орталық жуыну залы; ыстық сумен жуынатын орын; тағы бір жуынатын орын; екі санитариялық бөлме. Монша құдықтан алынған сумен жабдықталған. Жуынды сулар моншаның шығыс жақ қабырғасынан 15 м жерде жасалған су тұндыратын орынға ағызылған. Монша пешпен қосылған жылы ауа өткізгіштер арқылы жылытылған¹⁰³. Құрылысы жағынан алғанда моншаның неғұрлым ерте кездегі Отырар моншаларынан еш айырмашылығы жоқ, мұның өзі зерттеушілердің монша салу өнері сәулетөнерінің негізгі және ең дәстүрлі бағыттарының бірі болған деген тұжырымдарымен әбден сәйкес келеді. Моншаларда құрылыс тәсілдері мен сәулет нысандары ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталған¹⁰⁴.

XVI—XVII ғасырлардағы құрылыстардың бәрі негізінен қалыңдығы 8—10 см болатын, көлемі әр түрлі: 32x25, 25x15, 23—25x20 см тік бұрышты шикі кірпіштен салынған. Кірпіштерге әдетте сабан мол араластырылған, бірақ шымнан ойылған кірпіш те кең пайдаланылған. Шаршы түріндегі (қалыңдығы 4—6 см болатын 24—26 см) күйдірілген кірпіш негізінен еденге төсеу, сәкілердің жиектерін, пештің аузын бекіту және т. б. үшін қолданылған. Балшықтан құйылған қабырғалар мен қалқалар да кездеседі. Құрылыс ісінде ішінен қиюластырылып, бір немесе екі қатарлы етіп шегенделген түрдегі қаңқалы конструкциялар пайдаланылған. Қаңқаның қаншалықты кеңінен пайдаланылғанын айту қиын, өйткені ағаш нашар сақталды. Кірпіш қалау жүйесі: жалпағынан жымдастырып, жалпағынан және қисайтып қырынан салып аралас қалау, «шырша» тәрізді етіп қалау да кездеседі. Кірпіштер лаймен бекітілген, қабырғалары әлденеше рет сыланған. Моншалар құрылысында су өткізбейтін ерітінді — қыр кеңінен пайдаланылып, онымен бөлмелердің едендері сыланған. Оған күйдірілген кірпіш төселген. Қырдан жапсырма бөлшектер-жапырақшалар, айшықты тақталар дайындалып, олар Түркістанның XVII—XIX ғасырлардағы қабаттарын қазу кезінде байқалғанындай бай үйлердің интерьерлерін безендіру ретінде пайдаланылған. Отырарда қыр дайындалатын шеберхана табылды.

Қабырғалардың іргетастары жоқ. Кейбір жағдайларда қабырғаларға тұзды топырақ шаппау үшін қамыс төселгенін байқауға болады. Жабу құрылысы едәуір қиындық келтірген. Үйлердің едендеріндегі ағаш, қамыс қалдықтарын мұқият тазалау төбенің былайша жабылғанын аңғаруға мүмкіндік берді. Ортадағы пеші мен сәкісі бар бөлмелерде ұзындығы 1,5 м және жуандығы 15—20 см, бөлменің кіреберісіне қарсы сәкінің жиегіне тұтастай орнатылған ауыр ағаш сырғауылдар жатыр. Ағаш бағанның тірек негізі түрінде деп санауға болатын сырғауылдың жатысы әрқашанда қатаң қадағаланып, белгіленген, бұл — бөлменің ортасындағы нүкте. Тірек негізге

баған орнатылып, ол трапеция түріндегі шыбықтардың көмегімен ұзын арқалықты тіреп тұрған. Ұзын арқалыққа көлденеңінен шыбықтар салынып, қамыспен жабылған да, балшықпен сыланған. Шағын бөлмелерде сырғауыл түріндегі тірек негіз болмайды, баған сәкінің шұңқырына күйдірілген кірпіш қаланып орнатылған немесе сәкіге орнатылған тас негіз пайдаланылған нұсқалары сирек кездеседі. Шұңқыр орынға қарағанда, тіреуіш бағананың түбі дөңгелек немесе шаршы түрінде болуы мүмкін. Едендегі шұңқырлардың қалдықтарына немесе тас тұғырларға қарағанда, айвандардың қасбеттеріне де жалғыз немесе қос-қостан бағандар орнатылған. Ағаш пен қамыс үйлерді жабу үшін және басқа мақсаттарда қолданылған. Ағаш табалдырықтар мен есіктердің ағаш кәсектері аз кездеспейді, сәкілердің үстіне қамыстан тоқылған шыпталар төселген.

5. ҚОЛӨНЕР

Қала халқының қолөнершілік қызметінің мейлінше жаппай тараған түрі қыш-құмыра ісін сипаттау үшін ең көп мөлшерде деректер алынды. Отырарда XVI ғасырдың аяғы – XVII ғасырдың бірінші жартысындағы қыш-құмырашылар махалласы қазып аршылды. Ондағы ең ірі шеберхана 105 шаршы метр алаңды алып жатыр. Оның өндірістік бөлігінде 5 бөлме болған. Олардың біреуінде тандыр мен қыш-құмыра пеші орналасқан. Пеш екі қабатты, оның асты күмбезделіп жасалған, одан ыстық өткізетін 7 сопақша тесік тазаланды. От жағылатын қуысының диаметрі 1,1 және биіктігі 0,9 м. Оттықтың оң қапталында оттың аузынан 0,4 м тереңдіктен от жағылатын қуысқа қосымша ауа беріп тұруға арналған көлденең қуыс оқап тазартылды. От жағылатын көмейден түтін үй қабырғаларының түйіскен жеріне жасалған тік мұржа арқылы шығарылған. Көлемі 18 шаршы метр қатар бөлме қойма болған. Онда солтүстік-шығыс қабырғада шикізат сақтауға арналған үш қуыс орналасқан. Шеберхананың жылытылатын бұл бөлігі қыста жұмыс істеген.

Жазғы жайдың төбесі жарым-жартылай, жеңіл жаппамен жабылған. Бұл жайда екі пеш болған. Олардың біреуі жақсы сақталыпты. Ортасында астыңғы жағында шаршы тесік түрінде ыстық өткізгіш бар. Дөңгелек түрдегі от жағылатын қуыс аула бетіне бұрыштап орналастырылған. Батыс жақ бұрыштағы пеш нашар сақталған. Оның түбі от жағылатын қуысқа ірі кәсектер болып құлап түскен.

Еденнің жаппа астындағы бөлігіне күйдірілген кірпіш төселген. Бұл жерден диаметрі 1,5 метрге жуық құмыра ұршығын орнатуға арналған шұңқыр аршылып алынды. Шеберхана құрамына тағы да екі бөлме кірген. Оның біреуі қыш балшығын араластыру үшін пайдаланылған деп санауға болады, мұны табанында бөлменің қалған алаңынан аласа жақтау мен кішкене арықша арқылы бөлінген, тапталып тасталған тегіс дөңгелек алаңшаның болуы дәлелдейді. Шеберхананы аршыған кезде тас диірменнің төменгі жағы, сақар домалақтары бар тас ыдыс, шыны тәрізді қоқыстар, ыдысты қалыптауға арналған төс және бояуға арнап сазбалшықтан жасалған «палитра» табылды. Тегінде шеберхана үйлері нақ сол махаллада шеберхананың қарсысында орналасқан екі, тіпті үш адамның иелігінде болса керек. Үш үй иесінің керамика кәсіпшілігімен байланысты болғанын барлық үйлерден табылған құрал-

саймандар мен бір үйдің бөлмесіндегі тазартылған ыдысы бар ұра-қойманың болуы дәлелдейді.

Екінші шеберхана жоғарыда суреттелген шеберхананың қасында орналасқан. Шеберхана жалпы көлемі 56,5 шаршы метр болатын үш жайдан тұрады. Бірінші жай махалла ішіндегі көше жағынан ашық, бұл — ашық албар. Тағы бір жайда сыланған тандырлы сәкі бар және ол өндірістік жұмыстар атқаруға арналған. Үшіншісінде қыш-құмыра пеші орналасқан. Ол алаңның жартысын алып жатыр деуге болады. Бұл шеберхананың иесі, шынына келгенде, оның қарсысындағы, махалла ішіндегі шағын көшедегі тұрғын үйде тұрған болса керек.

Махаллада жоғарыда суреттелгеніне ұқсайтын тағы бір шеберхана болған. Оның көлемі 77 шаршы метрге жуық. Бір бөлменің бұрышында тұрған пеш қирап қалған, одан үйілген кірпіш сақталыпты. Шеберхана оның қарсысындағы үйде тұратын шебердің иелігінде болуы ықтимал.

Отырардың XVII ғасырдағы басқа махаллаларынан жекелеген қыш-құмыра шеберханалары табылды. Көлемі жөнінен ең үлкен шеберхана «V» махалласында болған. Оның көлемі 215 шаршы метрге жуық. Онда тұрғын үй және өндірістік бөлік бар. Өндірістік бөлік 5 жайдан тұрған, олардың екеуінде қыш-құмыра пештері орналасқан. Басқаларының неге арналғанын сақталған безендірілу қалдықтары бойынша анықтау қиын, олар шикізатты сақтау, өндірістік операциялар, бұйымдарды кептіру үшін пайдаланылған деп жорамалдауға ғана болады. Қыш-құмыра пештерінің біреуі толық қираған, екі қабатты екіншісі төрт бұрышты болған. Пеш оттықтың ортасына орналасқан сопақша тесік арқылы күйдіру қуысына қосылған. Қуыстың төрт бұрышынан ауа өткізгіш шығарылған, олар түтін таратып, жылуды реттеп отырған.

Ірі шеберханалармен қатар шағын қыш-құмыра пешінің үйдің ауласына салынуы ұсақ қолөнер кәсіпшілігінің болғандығын айқындайды. Мәселен, «А» махалласында екі бөлмелі үйдің шағын ауласында пеш сопақша шұңқырда тұрған. Пеш екі қабатты, күйдіру қуысымен көптеген ауа өткізгіштер арқылы жалғанған. Оған күйдірілетін зат жоғарғы жағындағы екі тесік арқылы салынған. Пеш стандартты құйылатын кішкене құйма кеселер өндіру үшін пайдаланылған, олар күйдірген кезде жабысып қалған үйінділер түрінде пештің ішінен табылды және нақ сол жерден қазып аршылған шұңқырдан сынықтары алынды¹⁰⁵.

«Ф» махалласында шағын екі үйшік бар, ол кішкене албар және қоймамен қатар тұрған бөлмеден тұрған, ауласында кішкене ыдыстар шығаруға арналған шағын қыш-құмыра пештері бар.

Отырардың қыш-құмыра шеберханаларын Орта Азия этнографтарының суреттеген шеберханаларымен салыстыру олардың құрылысы мен жарақтануы жақын екенін, тіпті бірдей деуге болатынын көрсетеді. Хорезм шеберханасының сипаттамасы мынадай. Өндіріс жайының көлемі 41 шаршы метр, кара көлеңке, бір терезесі бар, саз балшық шеберханаға сол арқылы берілген. Терезенің қасында құмыра станогы тұр. Ол шұңқырға орнатылған, тік өзекке орнатылған екі дөңгелек ағаштан тұрады: төменгісі — айналдыруға, жоғарғысы бұйымды қалыптауға пайдаланылған. Нақ соның қасына су құйылған қазан орнатылған және шебердің қолдарын балшықтан тазартуға арналған ылғал шүберек жатыр¹⁰⁶.

Отырар шеберханаларындағы қыш-құмыра станоктары да сондай, оларда қыш-құмыра дөңгелегін орнату үшін дөңгелек шұңқырлар аршылды, ал қасына

су құюға арнап ыдыстар қазып орнатылған, тегінде құрылысы ұқсас. Хорезм шеберханасының бұрышына, кіреберісте бұйымдар кептіретін жаппа жасалған, қасында балшық илейтін алаңша бар. Әдетте, шеберханаларда екі пеш болған, оның қыста жұмыс істелетіні — үйдің ішіне, жазғысы аулада орналасқан. Пештердің осылайша жазғы және қысқы болып бөлінуі Отырардың ірі шеберханаларынан байқалды. Соңғы орта ғасырлардан жаңа заманға дейінгі уақыт бойындағы қыш-құмыра құрал-саймандарының жиынтығы ұқсас. Бұлар — ыдыстың жиектерін тегістеуге арналған саз қырғыш (Отырарда сүйек қалақшалар кездестірілді), пышақ, көлемі әр түрлі, саңырауқұлақ сияқты төстер, құйма балқытуға арналған бөшке сияқты тас ыдыстар, глазурь ұнтақтауға арналған келсаптар¹⁰⁷.

Отырардың ірі шеберханаларының қожайындарында бір немесе екі шәкірті және қосалқы жұмысшылары болған. XVI ғасырда Самарқандтағы қолөнер шеберханасында шебер — «устан», шәкірт — «шагирд» және жұмысшы — «коргар» жұмыс істегені мәлім¹⁰⁸. Шеберге кіші шеберлер — «халпа», «шарик», үйрену мерзімін аяқтаған, дербес жұмыс істеуден тәжірибесі бар шәкірт — «зиризаст» бағынған¹⁰⁹. Осыған байланысты XVII ғасырдағы қыш-құмырашылар махалласының шеберханаларында Отырар үйлерінің тұрғын үй кешендеріне ұқсас тандырлы бөлмелердің болуы назар аудартады. Бұларда, тікелей шеберханалардың өздерінде шәкірттер мен кіші шеберлер тұрған болуы мүмкін.

«Л» махалласындағы ірі шеберхананың үш қожайыны болуы ықтимал. Сірә, олар бірлесіп иеленген болса керек. Солармен бірге, кем дегенде екі отбасы екі шеберхананы иеленген. Тегінде бұл қала махалласының қолөнерге мамандануы байқалатын жағдай және қалада әрбір махалла белгілі бір қолөнермен айналысқан деген жорамал факт күшіне ие болып келе жатса керек. Бірақ махаллалардың бұлайша сәйкес келуі мен оның мамандануы — XVII ғасырдағы Отырарда бірен-саран жағдай. Қыш-құмыра қолөнерінің шоғырлануымен қатар, қыш-құмырашылардың қаланың басқа махаллаларында қоныстанғаны байқалды.

Қыш-құмырашылар махалласында қолөнершілер тегінде, сақталып қалған цех жарғылары бойынша белгілі «рисольдар» сияқты цехтарға біріккен болса керек. Этнографтардың мағлұматтарына қарағанда, қолөнершілері өздерін «ұлпағар» деп атаған, бұл — «кәсіп бойынша серіктестік» деген сөз. Цех жиналысында сайланған «калантар» цех басшысы деп саналған. Ферғанада цех басшысы «бобо» және «ақсақал» деп аталған¹¹⁰. Самарқандта да нақ сондай терминдер қолданылған¹¹¹. Бір қызықтысы, Түркістандағы қазба жұмыстары кезінде XIX ғасырдағы қабаттан бір жағдайда Жүніс деген шебердің есімі, екіншісінде — оның есімі мен «кулоли калон» — аға құмырашы деген атағы жазылған қалып түсірілген көзелердің қалдықтары табылды. Хорезм калантарларының, Ферғана «боболары» мен «ақсақалдарының» болғаны сияқты Жүніс шебер, тегінде, Түркістандағы бір цехтың басшысы болуы ықтимал¹¹². Әдетте калантар қыш-құмырашылардың жоғары тобынан ұсынылған¹¹³. Мысалы, Хиуадағы Каттабаг қышлағының калантары ата-бабасынан ұста, ықпалды әрі дәулеті асқан бай Тәжі-Палуан болған. Ол шеберлердің жұмысын бақылап, өндіріс техникасын қадағалап отырған, базарда сауда жасаған кезде қыш-құмырашылар қатарының ақсақалы ретінде әрекет етіп, шеберлер мен кіші шеберлер арасындағы қатынастарды реттеген¹¹⁴.

Цехтық құрылыстың дәстүрлері мен ғұрыптары, орныққан рисольдар

ғасырлар бойы жасалған және Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қыш-құмырашыларында өмір сүргені даусыз. Қыш-құмырашылар махалласындағы бір үйдің ішкі көрінісінің байлығына қарағанда, ол цех бастығының үйі болуы мүмкін, ол сонымен бірге махалла басшысы да болған, өйткені үйден екі тандыр табылды, бұл, біздің ойымызша, махалла басшыларының үйлеріне тән болатын.

Өндірістің мамандануы да байқалады. Отырардың ірі шеберханаларында негізгі товарлы өнім ретінде белгілі бір сипаттағы бұйымдар — су таситын құмыралар, екі тұтқалы құмыралар мен көзелер өндірілген. Аулаларында кішкене пеші бар шағын шеберханалар мамандандырылған сипатта болды. Олар ұсақ және құймалы емес ыдыстар: кесе сияқты тостағандар мен кеселер, табақшалар шығарған.

Сонымен, алдыңғы және дамыған орта ғасырлар кезеңімен салыстырғанда, қалалық шеберлер — қыш-құмырашылардың мамандану сарыны жаңа заманға жақындаған сайын үдемелі сипат алғанын атап өтуге болады. Бұл құбылысты Орта Азиядағы қыш-құмыра кәсіпшілігінің сипатына жасалған этнографиялық қадағалаулар да растайды. Бір қыш-құмырашылар ыдыс-аяқ, екіншілері су құбырларын, үшіншілері тандырлар жасаған. Өз кезегінде, ыдыс-аяқ дайындайтын қыш-құмырашылар құйма керамика және ұршықшада айналдырып керамика жасаушыларға, сондай-ақ көлемі үлкендерін жасауға маманданған қыш-құмырашыларға бөлінген¹¹⁵. Жер-жерде құймалы емес және құйма ыдыстар кәсіпшілігіне мамандану; құйма керамика дайындау ісіне мамандану байқалды¹¹⁶.

Ортағасырлық қалада қолөнершілер мен саудагерлер арасында айқын межелену болмағаны, олардың көпшілігі өз бұйымдарын шеберханадан өздері сатып отырғаны мәлім. Кейінгі уақытта Хорезмде товарлы өнімді өндірілген жерінде және базарда ішінара сату байқалды¹¹⁷. Өнімді алыпсатарлар арқылы да сатуға болатын еді. Отырардың қыш-құмырашылар махалласында мекендеген шеберлер товарды тікелей өндірілген жерінде, үлкен көше жаққа шығарылған дүңгіршектер арқылы сата алатын болған.

Сонымен, соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан қаласында қыш-құмыра қолөнері Орта Азия—Қазақстан аймағының керамика кәсіпшілігінің жалпы арнасында дамыған деуге болады. Егер де алдыңғы кезде қыш-құмыра қолөнерінің ішкі ұйымдастырылуы көп жағынан болжамға сүйеніп, ал оның мамандандырылуы енді ғана байқалған болса, XIII ғасырдың екінші жартысы — XV ғасырда, әсіресе XVI — XVII ғасырларда, қазба жұмыстарының материалдарына қарағанда, серіктестік, цехтық ұйым ұғымдарын қолдануға болады. Шеберлердің керамика өнімдерінің белгілі бір түрлерін дайындау жөнінде мамандануы байқалады.

Керамика. Қыш-құмыра шеберханаларының өнім түрлерінің, оның нұсқаларының мейлінше алуан түрлі болуымен, құйылу түсімен, әшекейлену бояуларымен және элементтерімен ерекшеленген.

Мәселен, XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырдағы керамика бүйірі сопақша және мойыны аласа, тік немесе аздап кеңейе түсетін көзелер мен кішкене көзелер болып келеді. Мойынының ернеуі мен негізі көбінесе терең ойылған каннелюрлермен кескінделген. Су таситын құмыралар стандартты түрде — олардың бүйірі сопақша ұзын, мойыны цилиндр тәрізді болып келеді. Тұзақ тәрізді жалпақ тұтқалары ернеуі мен бүйірінің жоғарғы бөлігіне бекітілген. Ең көп кездесетін топ — құмыра тәрізді ыдыстар.

Құйма керамика ашық түспен ангобтап тегістеліп, үстінен сақарлы және қорғасынды глазурьмен қапталған. Түссіз (кейде күңгірт түсті) және көгілдір түспен боялған құймалар кездеседі, ақсары, аздап жасыл, көкшіл және қою-жасыл түсті құймалар неғұрлым сирек кездеседі. XV ғасырдың екінші жартысында қорғасын құймалармен қатар натрийі басым сілтілі құймалар кеңінен таралады.

XVI—XVII ғасырдың бірінші жартысында қыш-құмыра кәсіпшілігінің технологиясында кейбір өзгерістер болды. Сілтілі құймалар глазурьдың жетекші үлгісіне айналады. Өрнек салғанда кобальттің тотығы, марганецтің, натрийдің, калийдің, мырыштың, глиноземнің тотықтары бояу ретінде қолданылады. Мыс тотығы пайдаланылады және хромның, никельдің, сүрменің тотықтары мүлде жойылып кетеді¹¹⁸. Боялмаған құймалы бұйымдар екі түсті және бір түсті әшекеймен өрнектелген.

Екі түсті әшекейлі ыдыстардан, негізінен, биік тостағандар, кеселер, табақтар кездеседі. Қыш-құмыра тәрізді ыдыстар мен тағор үлгісіндегі қалың қабырғалы ірі бұйымдар да ұшырасты. Ыдыстар ашық түсті ангоб үстінен глазурьмен қапталып, әшекеймен өрнектелген, онда марганец (түрлі сипаттағы, кейде ақшыл көк-қараға дейін) пен көгілдір; марганец пен көкшілтім; кобальт пен ақшыл көк-қара; қою-жасыл және көкшіл түстер ұштастырылып отырады. Негізгі сурет марганецпен немесе кобальтпен орындалған; көкшілтім және көгілдір бояулармен оның нобайы ғана салынған. Нақ сол түстермен дербес мәні жоқ түзу немесе ирек сызықтар жүргізілген.

Әдетте, екі беті әшекейленген, бірақ олардың бір жағына баса көңіл бөлінген. Композицияда әшекей екі-үш жерге шоғырландырылған. Шағын



XVI ғасырдағы құйма ыдыс. Отырар.



XVI–XVII ғасырлардағы керамика. Отырар.

тостағандарда негізгі өрнек түп жағында орналасқан, ал ернеуін бойлата еңсіз жиек жүргізіледі. Орталық «статикалық» композиция басым. Оның негізіне шеңбер, сопақ немесе шиыршық алынып, иректелген сызықтар немесе ирек-

тер тарап жатады, олар түбін түгел толық толтырып тұрады. Кейде орталық шеңберден төрт сәулелі білік тартылып, олардың аралығына стильдендірілген гүлдер мен жапырақтар салынған.

Сирек болса да түп жағы ішінен бүйірінің ортасына дейін өрнектелген. Бұл жағдайда шеңбер немесе сопақша етіп сызылған ортасынан жеке-жеке орналастырылған өсімдік бейнелері тарап жатады. Түп жағында өзге де композиция — «тік» композиция да кездеседі, бұл орайда өрнектің «жоғарғы» және «төменгі» жақтары болады¹¹⁹. Жалпақ түбіне (кейде иілген жақтары бар алты бұрыш қосып салынған) лала гүл үлгісіндегі бір шок немесе бір тал гүл орналастырылып, сақинаның айналасынан ұсақ шиыршықтармен көмкерілген.

Сырт жағының әшекейлері кейде тура түбіне дейін әр түрлі композициядағы орталық белдеулер етіп орналастырылған. Бұлар — еркін шашырап жатқан шиыршықтармен қоршалып, алмасып отыратын, стильдендірілген жапырақты бұтақтар; әдіптелген картуш бетінде бөлек-бөлек жатқан «шырша» бұтақтары; үстіңгі және төменгі жақтарынан бейнесіз геометриялық мүсіндермен толықтырылған сопақшалар тізбегі; «жұлдызшалармен» толтырылған бағандар; ұсақ өсімдік шиыршықталып оралған үлкен сопақша жемістер. Бұл композициялар кейде геометриялық мүсіндер немесе орамдар белдеулерімен шектеледі.

Кобальтпен, марганецпен, көгілдір бояумен бір түсті әшекейленген, негізінен алғанда, түрі де, өрнектелуі де ыдыстардың жоғарыда суреттелген тобы сияқты ыдыстар. Мұнда да өрнектің «статикалық» және «тік» композициясы басым. Тостағандардың сыртқы беті ромб тәрізді ұялар құрайтын сызықтары бар белдеулермен безендіріледі.

Тагор түріндегі ыдыста екі беті де тегістелген ақ түс үстінен мөлдір глазурьмен қапталған. Ішкі жағы түгел әшекейленген. Өрнек композициясында түбі мен бүйірі бөліп көрсетілген. Орталық етіп орналастырылған әшекейлер бір-бірінен түзу жолақтармен бөлінген.

Көгілдір, көкшілтім, ақ сары және қою-жасыл құймалы қыш-құмыра бұйымдарынан тостағандар, шыныаяқтар, табақшалар, тагорлар, құмыралар және құмыра тәрізді ыдыстар бар. Әшекейсіз ыдыстарда да көгілдір глазурь кездеседі, бірақ көбінесе ол қара бояумен және марганецпен әшекейлегенде ұштастырыла пайдаланылады. Көгілдір немесе жасыл түске боялған құйманы аздап жағып, кобальтпен немесе марганецпен әшекейленген бұйымдар бар. Құймалармен боялып жасалған әшекейлердің сарындары керамиканың осының алдында табылған тобына ұқсас.

Жалпы алғанда құйма керамика жиынтығының Оңтүстік Түрікменстаннан¹²⁰, Самарқандтан¹²¹, Ташкенттен¹²², Хорезмнен¹²³, Ферғанадан¹²⁴ жиналғаны бойынша белгілі XV—XVI ғасырлардағы Орта Азия керамикасымен ұқсастығы бар.

Көзелерге қисық оюлар жасалған немесе тегіс, сопақ бүйірлі болу тән. Ернеулеріне немесе бүйірлеріне кейде қоңыр және қызыл бояу ағызып жағылған. Бұрынғысы сияқты, бұл кездің де құймасыз ыдысында екі тұтқалы құмыралар ең көп кездесетін үлгі. Су таситын құмыралар иіні жайпақ сопақша бүйірлі, мойыны аласа болып келеді. Бірқатар жағдайларда қабырғаларында қою-қоңыр бояудың ағыны немесе оймыштап, тура-ирек сызық салынған өрнегі болады.

Тостағандарға алқызыл немесе сары ангоб жалатылған. Табақшалардың түбі жайпақ және тік бұрыш етіп қайырылған тік қабырғалы немесе сипатты

түрде иілген қабырғалы болады. Ас құмыраларының аузы тар болып, ол дөңгелек бүйіріне жалғасады. Жалпақтау тұтқасы аузы мен иінін қосып тұрады.

Құйма керамика үшін көлемі әр түрлі тостағандар, табакшалар мен шай кеселер, құмыра тәрізді ыдыстар, тагорлар (тегештер), кішкене ыдыстар сияқты ыдыс түрлері де тән.

Бұл кезде, әсіресе XVII ғасырдың аяғына қарай, жоғары сапалы глазурьмен қапталып, әдемі әшекейлер жасалған керамикамен қатар құймасы онша жалтырамайтын, «бұдырлы» керамика таралады, мұны құймалардың химиялық құрамындағы өзгеріспен емес, қайта глазурь компоненттердің дайындалу тәсілімен түсіндіруге болады. Керамика кәсіпшілігінде тоқырау байқалады¹²⁵.

Әшекейлер спектрі қара, көгілдір, көк, жасыл, қоңыр және қызыл түстерден тұрады. Өсімдік және геометриялық сипаттағы әшекей элементтері қарапайым және күрделі ұштастырылып пайдаланылған. Құймасының түсі, әшекейінің спектрі және өрнектері бойынша құйма ыдыс мынадай топтарға бөлінеді.

Түссіз құймалы және қою-көк түстен қара деуге болатын түске, ашық-көк түстен көгілдір түске дейінгі әр түрлі рендегі көк бояумен бір түсте әшекейленген керамика. Әшекей өсімдік тәрізді етіп салынған. Қытайдың «кобальт» үлгісіндегі фарфорына еліктейтін, Орта Азияда XV ғасырда да мәлім болған, аталған үлгідегі керамика XV – XVII ғасырларда мейлінше кең таралады¹²⁶. Мысалы, Үргеніште ол негізінен XVII ғасырдағы қабаттардан кездестірілді¹²⁷. Түссіз құймалы және полихромдық әшекейлі керамика да бар.

Келесі топты түссіз құймалы және геометриялық сарынның басым болуы тән полихромдық әшекейлі ыдыс құрайды. Негізгі элементі тор болып табылады, оның ұялары бос, нүктелермен немесе шиыршықталған өсімдік бейнелерімен толтырылған болуы мүмкін.

XVII ғасырдың соңғы ширегі – XVII ғасырдағы керамиканың неғұрлым төменгі құрылыс кезеңінің ыдыстар кешенінен айырмашылығы шамалы. Құйма керамика үшін табанының кескінделуіндегі, түрлі-түстің жиынтығындағы және негізінен алғанда, өрнекті әшекей элементтеріндегі өзгерістерді атап өтуге болады. Негізгі өрнек сарыны күн тәрізді белгі (басма) болып табылатын керамика тарайды. Белгілер ақ түске марганец немесе көгілдір бояулармен салынып, әр түрлі нұсқаларда құрастырылған.

Жалпы алғанда XVIII ғасырдың басындағы керамика бітімінің ажарсыздануымен, әшекейлер бояуларының көмескіленуімен, олардың қарадүрсінденуімен, глазурь қабатының сапасыздануымен сипатталады, мұның өзі сол кезде керамика қолөнерінің құлдырағанын сипаттайды.

Ұсталық және металлургия. Бұрынғысы сияқты, олар қалаларда кең таралған. Қала жұрттарынан табылған крицтер мен темір балқытатын пеш қалдықтары XVI – XVII ғасырлар үшін өте көп. Мұндай олжалар Отырардан, сол жағалық Бұзықтөбеден, Қауғанатадан, Сығанақтан көп табылды. Соның алдындағы уақыттағы сияқты, шикі темір өндіретін арнаулы шеберханалар болған. Мұны Отырардың бір үйінен табылған олжалар дәлелдейді. Үй өмір сүрген кейінгі кезеңде, XVII ғасырдың аяғында мұнда темір балқытумен және өндеумен байланысты шебер, металлург-темір ұстасы тұрған. Бөлмелердің бірінен күл төгілетін жер, шикілей үрлейтін көріктің қақталған қабырғаларының сынықтары және криц түріндегі 20 килограмдай темір аршып алынды. Екінші бөлігінен ұста дүкенінің қажетті

компоненті ағаш көмір толтырылған шұңқыр тазартылды. Қоймадан жер жыртатын құралдардың түрендері табылды. Отырарда XVII ғасырдағы қабаттан жер жыртатын соғылған құралдармен қатар құйма құралдары да кездестірілді.

Қолөнершілер шойыннан қазандар да құйып шығарған. Шойыннан дөңгелектердің төлкесі де жасалған, әдетте, олар құйып істелген. Бірнеше темір кетпен табылды. Темірден орақтар мен балта-шоттар дайындалған.

Пышақтар мен олардың сынықтары — темірден жасалған бұйымдардың ең көп тобы. Темір тағалардың жиынтығы олардың көлемі жөнінен мейлінше алуан түрлі болғанын дәлелдейді. Аттарды ғана емес, қашырларды да, есектерді де тағалаған. Темірден тұрмысқа қажетті басқа да бұйымдар: қазықтар, шынжырлардың сақиналары, ілмектер, шегелер және т. б. дайындалған. Этнографиялық байқаулар темір өндіру мен одан бұйымдар жасау ісінде мамандану болғанын дәлелдейді. Ең көп мамандану темір ұсталығында байқалды. Мысалы, XIX ғасырда Самарқандта темір ұсталарының үш тобы — ұсақ бұйымдар (есік топсалары, тағалар, шегелер, ауыздықтар) жөніндегі мамандар; ағаш ұсталары мен тас қалаушылар үшін құрал-саймандар жасаған шеберлер; пышақтар, қайшылар, бәкілер жасаған қолөнершілер болған¹²⁸. Хорезмде күректер мен кетпендер; шоттар мен балталар; тағалар, шегелер соғатын шеберлер топтары болып бөлінген. Тек орақтар ғана соғатын ұсталар болған¹²⁹.

Мыс ісі қаланың қолөнер кәсіпшілігінде бұрынғысы сияқты зор рөл атқарды. Ол жөнінде қола ыдыстың табылуы бойынша мәлім. Қоладан құйылған бұйымдардың саны көп тобы көлемі үлкенді-кішілі әр түрлі қоңыраулардан құралады. Отырардағы қазба жұмыстары кезінде қоңыраулар мен басқа да бұйымдар құюға арналған кішкене қалыптар табылды.

Зергерлік өнер. Көбінесе сырғалардың, білезіктердің сынықтары табылды, бірақ тұтас даналары да бар. Өсімдік тәрізді етіп өрнектеліп, нүкте соғылып безендірілген білезіктер ден қоярлық. Білезіктердің ұштары кейде жылан басы түрінде жасалған. Күмістен жүзіктер, сырғалар соғылған. Табылған бір жүзіктің бетіне жылан өлтіріп жатқан адамның бейнесі ойып жасалған. Зергерлер кәсіпшілікте түрлі-түсті тастарды: сердоликті, қызыл тасты, яшманы, көк тасты, жұзақты, агатты, серпентиндерді, мөлдір тасты кең пайдаланған. Тастар моншақтар, жүзіктердің көздерін дайындау үшін, сондай-ақ жүзіктердің өздерін өндейтін материал ретінде қолданылған.

Серпентиндерден, яшмадан, көк тас пен лағылдан жасалған ромб тәрізді алқалар тобы бөлек көрінеді. Түрлі-түсті тастардан, негізінен алғанда, сердолик пен қызыл тастан жасалған моншақтар әдетте көп қырлы, бипирамидалды не ұзынша алты қырлы болып келеді. Жиналған моншақтар жиынтығында лағылдан жасалған көп қырлы және алты қырлы, мөлдір тастан, ақ кварцтан жасалған дөңгелек моншақтар бар. Үлкендігі қара өріктей болатын және сондай пішінде жасалған екі ірі моншақ серпентин мен құмтастан дайындалған.

Түрлі-түсті тастардан сондай-ақ қарсы ілгектер, қапсырмалар және басқа заттар жасалған, мысалы, белдіктің мүсінді ешімтас бастырмасы, агат ілгек және нефрит түйме бар.

Қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдардың дәлелдеп отырғанындай, зергерлік өнер жоғары даму деңгейінде болған. Шеберлер әр түрлі техникалық тәсілдерді: қақтау, құю, соғу, қалыптау, оймалау, қаптап ширату, алтын жалату, күміс ойып орнату әдістерін білген және қолданған. Олар күміс

және қола сымдар дайындау, түрлі-түсті тастарды қырлау мен тегістеу, тесу әдісін білген.

Жоғары дамыған зергерлік өнер дәстүрі Қазақстанда ХІХ – ХХ ғасырдың басында сақталып, дамытыла түсті. Зергерлер басқа да қолөнершілер бұқарасынан ерекше болды. Олардың өнімдері сырттан әкелінген бұйымдармен бәсекеге ойдағыдай төтеп берді¹³⁰. Көптеген әшекейлердің өзіндік ерекшелігін, олардың пішімін, өрнектердің үлгілерін атап өту маңызды, олардың арғы үлгілері Қазақстанның орта ғасырлардағы қалалары қолөнершілерінің өнерінде жатыр.

Шыны жасау. Шыныдан ыдыс және әшекей заттар (моншақтар, салпыншақтар) жасалған. Шыны ыдыстардан саптыаяқтар, тостағандар, бокалдар, құтылар бар. Шыны ақ және жасыл түсті болып келеді. Шыны моншақтар көгілдір немесе көк түсті шыны тәрізді жұмсақ массадан дайындалған.



XVI ғасырдағы күміс жүзік. Отырар қала жұрты.

Мейлінше көп кездесетіндері сақиналар, әшекейлер, геометриялық мүсіндер түрінде әсемделген түрлі-түсті шыныдан жасалған моншақтар болып табылады. «Бөртпелі» деп аталатын моншақтар кездестірілді. Олар ортадағы үлкен моншаққа жапсырылған ұсақ моншақтар шоғырынан тұрады.

Жасыл, сары, қызыл және алқызыл түсті шыныдан жасалған маржан табылды.

Сүйек өңдеу Қазақстан қаласындағы дәстүрлі қолөнер болған. Жабайы аңдар мен үй жануарларының мүйізі мен жілік сүйектері өңдеу материалы ретінде пайдаланылды. Жылқы мен сиырдың ұзынша сан жіліктерінен жүн өңдеуге арналған жылтыратқыштар, балалар бесігіне арналған жабдық (су-вак) жасалған. Кәрі жіліктен көп мөлшерде тескіштер мен біз жасалған.

Тас өңдеу. Құмтас пен граниттен жасалған қол диірмендер қазба жұмыстары кезінде ең жиі кездесетін олжалардың бірі болып табылады. Қол диірменмен қатар диаметрі 1 метрден 1,5 метрге дейін жететін диірмен тастарының қалдықтары табылды, олар жегілген мал күшімен айналдырылған.

Тастан мейлінше алуан түрлі мақсаттағы, салмағы 5 кг, ұзындығы 30 сантиметрге дейін болатын ірі келсаптардан ұсақ келсаптарға дейін жасалған. Ірілері кенді ұсақтау үшін пайдаланылған, олар әдетте темір балқытылатын шұңқырлармен бірге кездеседі. Үккіштер — құмтастан, кварциттен диаметрін әр түрлі етіп жасаған тас ядролар, көп кездесетініне қарағанда, шаруашылық пен тұрмыста кең қолданылған, мысалы, құйма компоненттерін жағу, топырақты үгу үшін пайдаланылған. Пішіні мен көлемі әр түрлі қайрақ тастар олжалардың ең көп тобы болып табылады. Тастан жасалған бұйымдардың ерте заманнан келе жатқанын, бүкіл орта ғасырлар дәуірі бойы өз сипатын сақтап қалғанын атап өтуге болады.

Өкініштісі, тоқымашылық, кілем тоқу, теріден бұйымдар жасау сияқты кең таралған қолөнер бұйымдары өте аз сақталған. Қалаларда мата тоқыған тоқымашылардың болғанын ұршықбастардың, сәкілерден маталар іздерінің, мақта көрпелер қалдықтарының, жанып кеткен ірі мақта-мата кездемелер жыртындыларының табылуы дәлелдейді. Мата көшпелілермен сауда жасайтын маңызды заттардың бірі болғаны мәлім. Ибн Рузбихан көшпелілердің карбас үлгісіндегі (бөз үлгісіндегі) матаға сұранымы туралы жазады. Бұхарадан, Самарқандтан керуендермен Қазақстан даласына мата, сондай-ақ «әдемі де көрікті товарлар, әсіресе жақсы киім-кешек товарлары мен кілем бұйымдары...» жөнелтіліп отырғаны белгілі¹³¹. Сырдария қалаларының да мата тоқып, қырда сатуға апарып отырғанына еш күмән жоқ.

Орта ғасырлардағы қаладағы жалпы қолөнердің дамуын сипаттай келгенде, оның үдемелі қарқынмен дамығанын атап өткен жөн.

6. САУДА ЖӘНЕ АҚША АЙНАЛЫСЫ

XV ғасырдың екінші жартысы — XVII ғасырдағы халықаралық саудада Қазақстан даласы мен Түркістан қалалары арқылы Орта Азия мен Ресей сауда қатынастарының жолға қойылуы болды. Ресеймен сауда экономиканың дамуында маңызды факторға айналады. XVI ғасырдың 90-жылдарына қарай Ресей қазақ хандықтарымен саяси байланыстар орнатуға әрекет жасайды¹³². Ресей мен Орта Азияның Қазақстан арқылы сауда және дипломатиялық қатынастары XVII—XVIII ғасырларда жанданды¹³³.

Орыс мемлекеті Орта Азиядан мақта-мата, мақта, жібек шикізатын, асыл тастар, Шығыс қаруын алды. Қытай товарлары Ресейге Орта Азия арқылы түсіп отырды. Қазақстан мен Орта Азияға Ресейден шұға, атлас, айна, аң терілері, күміс әкелінді¹³⁴.

Сауда керуендері Қазақстанның Созақ, Қарашок, Түркістан қалалары арқылы жүріп өтетін еді¹³⁵. Рузбихан Сығанақты Дешті Қыпшақтың сауда айлағы деп атайды¹³⁶. Сығанақты суреттей келіп, ол былай деп хабарлайды: бұл елге «... Дешті жағынан, Хажы Тарханнан көптеген игіліктер, семіз қойлар және аң терісінен, киш пен тиннен, яғни бұлғын мен тиін терісінен тігілген тондар, берік садақтар, ақ қайыңнан жасалған жебелер, жібек маталар сияқты басқа да бағалы товарлар және өзге де асыл бұйымдар жеткізіледі... Түркістан, Мауараннахр аймақтарының және Шығыстың көпестері Қашғар, Хотан шегінен Сығанаққа сол елдердің товарларын әкеліп, Дешті адамдарымен сауда мәмілелерін және айырбас жасайды»¹³⁷. «Йасы қаласына, — деп атап өтеді сол автор, — товарлар мен қымбат бағалы бұйымдар әкеліп, сол жерде сауда жасалады, ол (қала) көпестердің теңдерін шешетін жері және саяхатшылардың топтанып, елдерге аттанатын жері болып табылады»¹³⁸.

Шығыс деректемелерінің деректерін археологиялық олжалар растайды. Отырар, Түркістан, Сайрам қалаларының жұрттарынан XVI—XVII ғасырлардағы қытай селадоны мен фарфоры табылды¹³⁹.

Халықаралық саудамен қатар Сырдария қалаларының көшпелі дүниемен дәстүрлі саудасы және жергілікті сауда жүргізіледі. Даладан мал, тері, жүн, дайын бұйымдар әкелінген. Мәселен, Сейфидің 1582 жылы жазылған шығармасында қазақтардың саудасы туралы қызықты хабар бар. Ол былай деп жазады: «Оларда қой, жылқы мен түйе көп... Олардың шапандары қой терісінен тігілген, олар түрлі түске боялып, атласқа ұқсас болады, оларды Бұхараға әкеліп, атластан тігілген шапандардың бағасымен сатады, олар сондай сәнді әрі әдемі»¹⁴⁰. Сырдария қалаларынан далаға астық, қала қолөнерінің өнімдері, мата апарылды.

Сауда-экономикалық байланыстың екі жаққа да зор маңызы болды, сондықтан қазақтардың күш-қуатын әлсіреткісі келген Шайбанидің қазақтардың қалаларда сауда жасауына тыйым салуға тырысқаны кездейсоқ емес. Қазақтардың қалалармен сауда байланысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге ұмтылуы қазақ және өзбек хандарының күресін туғызған себептердің бірі болды.

Қалалар төңірегтегі егінші және көшпелі халықты қажетті товарлармен базар арқылы жабдықтап отырды. Қалалардың базарлары көшелердің жабылған қатарлары болатын. Дүкен-дүңгіршек әдетте қолөнерші шебердің иелігінде еді және ол екінші бірінде әрі шеберхана, әрі сауда жасайтын орын болды. Хиуа хандары архивінің құжаттары арасында «тейджай» — базардағы орын үшін баж төлеген қолөнершілер тізіп келтірілген. Атап өтілгеніндей, қалаларда қолөнер бұйымдарының алыпсатарлар тобы — «ва-фуруш» болған. Олардың арасында бұйымдарды сатып алу түрлері бойынша мамандану бай-



Ясы (Түркістан) қаласының мыс теңгесі. XV—XVII ғасырлар.

қалды¹⁴¹. Түркістан қаласында дүкендер болғанын Ахмет Йассауи кесенесінің вақфтарына қатысы бар жазбаша құжаттардың мәліметтері растайды. Отырарда қазба жұмыстары кезінде көше жаққа қаратылып салынған сауда дүңгіршектері анықталды.

Халықаралық сауданың және қалалар мен өңірдің арасындағы, жекелеген Сырдария қалаларының арасындағы сауданың мөлшері туралы негізінен Отырарды, Түркістанды, Сауранды қазу жұмыстарынан алынған нумизматикалық материал бойынша білуге болады.

Отырардан мыс теңгелердің көптеген олжалары шықты, оларды екі топқа бөлуге болады. Біріншісіне Йасы (Түркістан) мен Ташкентте соғылғандары жатады¹⁴². Екінші топ Орта Азия қалаларының (Бұхара, Самарқанд және басқалар) теңгелерін қамтиды. Йасы мен Ташкент ақша сарайлары көрсетілген мыс теңгелер типологиясы жағынан біртектес кешен болып табылады және Түркістан мен Отырардан табылған теңге көмбелерінің негізін құрайды. Қала жұрттарында мұндай теңгелердің жекелеген олжалары да аз емес. Оларда билеушілердің есімдері мен соғылған жылдары көрсетілмеген. Алайда синхронды археологиялық материалды ескергенде, теңгелер XVI—XVII ғасырларда айналыста жүрген деп санауға болады.

Ұсақ мыс тиындардың да Түркістан ақша сарайының өнімі болуы мүмкін. Оларда жазбалардың орнына керамика ыдыста бейнеленген таңбаларға ұқсайтын әр түрлі белгілердің салынуы жиі кездеседі¹⁴³. Йасы қаласында II Абдаллахтың әкесі (1560—1583 жж.) Ескендір ханның атынан күміс теңге шығарылған¹⁴⁴. Осы ханның екі теңгесі Раң қаласының жұртынан табылды¹⁴⁵. Олжаларда мезгілі XVI ғасыр деп белгіленетін мыстан соғылған теңгелердің мүлдем көп болуы сол кезеңде Отырардың қалалық базарында мыс айқындаушы рөл атқарған деп санауға мәжбүр етеді. Сол кездегі бүкіл Орта Азияға осындай жағдай тән.

XVI—XVII ғасырлар кезеңіндегі мыс теңгелердің айналысы туралы мәселе нумизматикада аз зерттелген мәселе болып отыр. Соңғы орта ғасырлардағы мыс теңгелердің басым бөлігінде айқын белгілер жоқ. Отырардағы төрт көмбенің мыс теңгелері негізінен Ташкентте, Йасыда және беймәлім жерде соғылған болып табылатын үш топқа бөлінеді; мыс дайындамаларда штемпель іздері жоқ, оларды ақша айналысының тең құқықты құралы деп санауға болады¹⁴⁶.

Ең көп тобын анэпиграфтық теңгелер құрайды. Олардың бір жағында аң, екінші жағында құс бейнеленген, аң бейнеленген кейбір теңгелердің екінші жағы тегіс. Ташкент облысының аумағынан табылған материалдарда осылай соғылған теңгелер бар. Аталған теңге үлгілерінің кейбіреулерін қазақ хандары Ташкентте және Түркістанда соққызған деп санауға әбден болады. Мыс көмбелердің мерзімін анықтауға олардың біреуінде Алексей Михайлович патшаның есімі бар, 1655—1663 жылдары соғылған отыз орыс тиынының болуы негіз береді¹⁴⁷.

Қалалардың аты қойылмай соғылуында іс жүзінде әлдебір саяси және фискалдық мақсаттар көзделмеген, қалалар өмірінде рөл атқарған рыноктық сауданы қамтамасыз етуге ғана арналған.

XVII ғасырдың аяғынан басталатын уақыт Отырар, Сауран, Сығанак, Аққорған, Үзкент өмірінің бітуімен байланысты, бұл қалалардың жұрттарынан табылған нумизматикалық олжаларда ол да көрініс тапқан¹⁴⁸.

7. ИРРИГАЦИЯ ЖӘНЕ ЕГІНШІЛІК

Орта ғасырлардағы қала тұрғындарының өмірінде қосалқы егіншілікпен айналысу маңызды рөл атқарды. Олардың қала сыртында өнделетін жер учаскесі болып, жазда соған көшіп барған. Бұл тұрмыс белгісі Қазақстанда бүкіл орта ғасырлар бойында сақталып қалды. Егіншілік пен мал шаруашылығы село тұрғындарының негізгі кәсібі болды. Жазбаша деректемелерде, бірінші кезекте халықты сумен жабдықтаған және егістікті суаруға пайдаланылған арналар аталады.

Түркістан қаласы кең-байтақ және бай егіншілік өңірінің орталығы болды.

Васифидің жазғанындай, Сауран төңірегінде XVI ғасырда суландырудың кәріздік жүйесі болып, жұмыс істеген, оның қалдықтарын археологтар тапты. Жер бетінде кәріздердің іздерінен құлап қалған вентиляциялық құдықтардың іздері жатыр. Бірінші (шығыс) кәріздің бастауы Міртөбе қала жұрты ауданында болған. Кәріз 0,5 шақырым қашықтықтан байқалады. Оның басты арнасына шығыс және батыс жағынан екі сала келіп құяды. Екінші (батыс) кәріз 1,5 шақырымдағы учаскеден табылды¹⁴⁹.

«Сығанақта, — деп хабарлайды Ибн Рузбихан, — егістік Сейхуннан тартылған арықтармен суландырылады»¹⁵⁰. Сығанақтағы грамоталарда Қызылтал, Шығыл-Торғай, Ордакент, Қалта-Жалғия, Жүлек, Жыңғылбұлақ, Арыстанды арықтары, сондай-ақ Тоқтамыс, Қараси, Хисаршық бұлақтары аталған¹⁵¹.

Сырдарияның сол жақ жағалауындағы соңғы орта ғасырлардағы қалалар — Қожан, Аркөк, Үзкент, Аққорған ауданындағы археологиялық зерттеулер мұнда суландыру негізінен өзен арнасында басталып, өздігінен ағатын басты жүйелерге негізделгенін көрсетеді. Бұл қалалар да ауылшаруашылық өнімдерін, ең алдымен, астықты мол өндірушілер болған. Ибн Рузбиханның мәліметтерінен Мұхаммед Шайбани қосындарының астықпен және мал азығымен Аркөкте жабдықталғаны мәлім¹⁵².

Тау беткейлеріндегі аудандарда суландыру үшін тау өзендерінің сулары пайдаланылған, сондай-ақ тәлімді жерге егіс салу кеңінен қолданылған.

Сайрам маңында суландырылатын жер алқаптары болған. Оларға су Ақсудан, Сайрамсудан, Бөгеннен әкелінген. Сайрамда бидай, арпа, тары мен сұлы өндірілгенін жазбаша деректемелер дәлелдейді. Деректемелерде атап өтілгеніндей, Шайбани ханның әскеріне Сайрам да астық берген.

XVI ғасырдың аяғында Сауранды қоршап жатқан Абдаллах хан өз әскері үшін осы жерге астық әкелуге адамдарын жіберген¹⁵³.

Отырар, Отырар жазирасы XV—XVII ғасырларда суды Темір-Арықтан алып отырған, ол Арыстан басталған. Бас бөлігінің ұзындығы 10 шақырым болатын негізгі — бас арнаның жалпы ұзындығы 40 шақырымнан астам. Арнадан су алатын болжалды алаптың көлемі 250 шаршы шақырымға немесе 25 мың гектарға жеткен¹⁵⁴.

Осы деректердің бәрі қалалар мен ауылдар өмірінде егіншіліктің зор рөл атқарғанын дәлелдейді. Қала өмірін зерттеушілер Шығыс деректемелерінің мәліметтеріне сүйене келіп, қалалардың жартылай аграрлы сипатта болғанын тура көрсетеді, олар қала халқына жер салығы — хараж салынғанын және егіншілік кәсіппен байланысты алымдар: суландыру жүйесін салу мен тәртіпте ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған салық - «мардикар» және әскер үшін астық пен салт мінетін және жүк артатын көлікке арналған жем түрінде берілетін азық-түлік — «тағар» төлегенін ерекше атап өтеді¹⁵⁵.

Археологиялық қазба жұмыстары қала тұрғындарының егіншілік кәсібінің маңызды рөл атқарғанын растайды, ол бұл кезде бұрынғы қай кездегіден де қалалардың аса маңызды міндеттерінің біріне айналады. Мәселен, бұл кезде үй иеліктері көлемінің өскені, оның ұралар, аулалар, қоймалар, малға арналған қора-қопсылар есебінен болғаны атап өтілген. Бұл өзгерістер қала халқы шаруашылығындағы кейбір өзгерістерді де дәлелдейді. Соңғы орта ғасырлардағы Отырардағы ішінара жаппа жабылған шаруашылық аулалары, астық пен ауылшаруашылық өнімдеріне арналған үлкен қоймалар, малға арналған арнаулы қора-қопсылардың пайда болуы сол кезде қаланың аграрлануы күшейе түскенін көрсетеді.

Қоймаларда астық, кептірілген жемістер сақталған. Астық пен ұн сақтау үшін көзелер мен астық ұралары да пайдаланылған. Кейбір қамбалардан жүзім сабақтары да табылды (сірә, оларда мейіз сақталса керек), көбінесе өте шағын болып келетін басқаларында алуан түрлі тәтті тағамдар ұсталған болуы мүмкін.

Мақта өсірілгенін осы дақылдың тұқымдары мен қауашақтарының табылуы дәлелдейді. Палеоботаниктер қазба жұмыстары кезінде табылған дәндердің, топанның, сабанның қалдықтары бойынша бидай, күріш, арпа, сұлы, тары, маш, тағар, анис, жүзім, қарбыз, қауын, өрік, алма сияқты мәдени өсімдіктерді анықтап шықты.

XVI—XVII ғасырлардағы Отырар үйлерінде сақталған астық көлемін есептеген кезде қызықты ақпарат алу мүмкін болды. Бір отбасына арналған жылдық астық қорынан басқа, Отырардың әрбір үшінші үйінде 5—8 тоннадай астық сақталғаны анықталды. Бұл қала тұрғындарының үштен бір бөлігі товарлы астық өндірумен байланысты болған деп жорамалдауға мәжбүр етеді¹⁵⁶.

Сонымен, соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының аграрлануы арта түскенін жазбаша деректемелер де, археологиялық материалдар да дәлелдеп отыр, көшпелілерге астық пен мақта-мата сатуда делдалдық рөл атқару ғана емес, сонымен қатар осы өнімдерді — мақтаны да, астықты да, басқа егіншілік өнімдерді де өндіру олардың міндеттерінің біріне айналады.

XV ғасырдың екінші жартысы — XVII ғасырлар мәдениетінің ерекшелігі оның дәстүрлілігі болып табылады. Бұл дәстүр қазақтардың өзіндік мәдениетінің дамуында ерекше маңыз алды. Орта ғасырлардағы қалада жасалғандардың көбі қазақтар мәдениетінің етене бөлігі болып табылады.

Қазақ хандығы кезіндегі қаланы және қала мәдени өмірін сипаттай келгенде, қалалар санының азайып, олардың аумағы мен халық санының кемігенін атап өткен жөн. Алдыңғы және дамыған орта ғасырлардан бастап Талас Алатауының етектерінде, Сырдарияда және Қаратаудың теріскей беткейлерінде тарихи-мәдени және экономикалық аудандарында орталықтар, қалалар одан әрі өмір сүріп, өз маңызын сақтап қалады. Олар саяси және әкімшілік мәдени орталықтар болып, қолөнер, сауда және егіншілік міндеттерін атқарған еді. Олардың өмірінде көшпелілермен экономикалық және мәдени өзара қатынастар ерекше рөл атқарды. Қалалардың гүлденуі де көп жағынан осы байланыстарға тәуелді болды.

Қалалар өмірінің өрлеу кезендері XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басына және XVII ғасырға тұстас келеді. Бұл — қазақ хандығының күшейген кезендері. Алынған археологиялық материалдар қала құрылысының дамуындағы, тұрғын үй, қолөнер эволюциясындағы сабақтастықты дәлелдейді. Қазақ-

станның оңтүстігінде қала мәдениетінің дәстүрлері өте берік әрі өміршен болып шықты, мүмкін, монғолдар шапқыншылығына, кейінгі феодалдық өзара қырқыстар мен соғыстарға қарамастан, Сырдария қалаларының осындай өміршен болып шығу феномені осында жатқан шығар.

XVII ғасырдың соңғы ширегі — XVIII ғасырдың басында қалалардың құлдырауы Отырар мен Түркістанның, Сауранның материалдары бойынша айқындалды. Өрт, қираған үйлер, теңгелер көмбелері — қазақ хандығына басты қауіпкәтерге айналған жоңғарлар шапқыншылықтарының іздері. Мәселен, археологиялық деректер Түркістан мен Сайрамды жоңғарлардың ойрандауы туралы баяндалатын жазбаша деректемелердің мәліметтерін растап отыр.

Соңғы орта ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстандағы ішкі талас-тартыстармен, феодалдық қатынастардың жалпы тоқырауымен бірге жоңғарлар шапқыншылығы Оңтүстік Қазақстанның қала мәдениетінің терең құлдырауына себеп болды.

¹*Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Рук. ВАН Узбекистана. № 1430. Л. 46а, 147а; Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI в. (Вопросы политической и социально-экономической истории). А., 1977, 210—272-б.*

²*Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. М., 1965.*

³Олардан үзінді мына кітапта жарияланған: Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. (Извлечения из персидских-тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. А., 1969. Ибн Рузбихан Исфханидің, Васифидің шығармалары сияқты басқалары аудармасымен және түпнұсқа мәтінде шығарылған.

⁴Материалы из источников о территории средневекового Туркестана — историко-этнографической области на юге Казахстана. Қараңыз: *Пищулина К. А. «Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVII вв.» — Мына кіт.: Казахстан в XV—XVII вв. А., 1969. 11—13-б.*

⁵*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара. М., 1976. 73, 92-б.*

⁶*Бұл да сонда, 73—74-б.* Ибн Рузбихан өз кезінде Дешті Қыпшақта кімдердің өзбектер деп аталғанын анықтап берген: «Үш тайпа өзбектерге жатқызылады, олар Шыңғыс-хан иеліктеріндегі ең данқтылар деген сөз. Қазір бірі — шибаниттер (шайбанилер). Екінші тайпа — қазақтар, олардың күшімен және батылдығымен бүкіл әлемге данқы шыққан және үшінші тайпа — маңғыттар, ал олардан Астрахан патшалары шыққан». *Бұл да сонда, 62-б.*

⁷*Бұл да сонда, 74—75, 140 және басқа беттер.*

⁸*Шараф-ад-дин Али Йазди. Зафар-наме. Рук. ИВАН. Респ. Узбекистан. № 4472, Д. 128а.*

⁹Материалы по истории Казахских ханств; *Пищулина К. А. Присырдарьинские города. 13—26-б.*

¹⁰*Байпаков К. М. По следам древних городов Казахстана. А., 1990, 101—107-б.*

¹¹*Пищулина К. А. Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV—XVII вв. Мына кіт.: Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. А., 1983, 170-б.*

¹²*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Древний Отрар, Алматы, 1970. Солардікі: Позднесредневековый Отрар. А., 1981. Солардікі: Отрар в XIII—XV вв. А., 1987.*

¹³Материалы по истории казахских ханств. 29—30, 117—119-б.

¹⁴*Зайн ад-дин Васифи. Бадай'ал-вакай'. М., 1972, т. II. 190-б.*

¹⁵Материалы по истории казахских ханств. 103—106-б.

- ¹⁶ *Жолдасбаев С.* Материальная культура казахов XV—XVIII вв. Автореферат. дисс. А., 1975, 23—27-б.; *Жетісу тарихы (XVI—XVIII ғғ.)*. А., 1996, 103-б.
- ¹⁷ Материалы по истории казахских ханств, 245—313, 317—319 және басқа беттер.
- ¹⁸ *Ерзакович Л. Б.* Жилище Отрара и некоторые этнокультурные и хозяйственные процессы на юге Казахстана в XIII—XVIII вв. — Мына кіт.: Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. 93-б.; *Байпаков К. М.* По следам древних городов Казахстана. 97—99-б.
- ¹⁹ *Грошев В. А.* Ирригация Южного Казахстана в средние века. А., 1985, 147-б.
- ²⁰ Материалы по истории казахских ханств, 317—319-б.
- ²¹ *Грошев В. А.* Ирригация Южного Казахстана, 98-б.
- ²² *Қараныз: Бартольд В. В.* К истории орошения Туркестана. Соч. т. III. М., 1965, 226-б.
- ²³ Михман-наме-йи Бухара, 75, 77—78-б.
- ²⁴ Материалы по истории казахских ханств, 263, 296-б.
- ²⁵ Михман-наме-йи Бухара, 75—76-б.
- ²⁶ *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Позднесредневековый Отрар; *Байпаков К. М.* По следам древних городов Казахстана; *Бурнашева Р. З.* К вопросу об экономическом положении позднесредневекового города Туркестана и области (XV—XIX вв.). Мына кіт.: Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. 52—60-б.
- ²⁷ Михман-наме-йи Бухара, 141-б.
- ²⁸ *Ахмедов В. А.* Улугбек и политическая жизнь Мавераннахра первой половины XV в. — Мына кіт.: Из истории эпохи Улугбека. Ташкент, 1965, 53—54-б.
- ²⁹ Материалы по истории казахских ханств. 117—118, 302—305-б.; Михман-наме-йи Бухара, 100-б.
- ³⁰ *Мукминова Р. Г.* Очерки по истории ремесла в Самарканде и Бухаре в XVI в. Ташкент, 1976, 114—126-б.
- ³¹ Михман-наме-йи Бухара, 114-б.
- ³² *Пищулина К. А.* Присырдарьинские города, 39—41-б.
- ³³ *Бурнашева Р. З.* К вопросу об экологическом положении, 52—57-б.
- ³⁴ Михман-наме-йи Бухара, 117-б.
- ³⁵ Материалы по истории казахских ханств, 28, 306-б.
- ³⁶ Михман-наме-йи Бухара, 116—117, 128-б.
- ³⁷ *Бұл да сонда*, 128-б.
- ³⁸ *Султанов Т. И.* Кочевые племена Приаралья в XV—XVII вв. М., 1982. 62-б.
- ³⁹ Михман-наме-йи Бухара, 102-б.
- ⁴⁰ *Бұл да сонда*, 101—102-б.
- ⁴¹ *Мукминова Р. Г.* Очерки по истории ремесла, 46—50-б.
- ⁴² Михман-наме-йи Бухара, 101-б.
- ⁴³ *Бұл да сонда*.
- ⁴⁴ Михман-наме-йи Бухара, 102-б.
- ⁴⁵ *Муканов М. С.* Этническая территория казахов в XVIII — начале XX веков. А., 1991, 5—6-б.
- ⁴⁶ Михман-наме-йи Бухара, 94-б.
- ⁴⁷ *Бұл да сонда*, 103-б.
- ⁴⁸ Михман-наме-йи Бухара, 94-б.
- ⁴⁹ *Бұл да сонда*.
- ⁵⁰ *Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVIII в. // Казахстан в XV—XVIII вв. — А., 1969. 5—49-б.; *Соныкі*, Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV—XVII вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. — А., 1983. 165—176-б.
- ⁵¹ *Бурнашева Р. З.* К вопросу об экономическом положении позднесредневекового города Туркестана и области (XV—XIX вв.) // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. — А., 1983, 58-б.

⁵²*Ибн Рузбихан (Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани)*. Михман-наме-йи Бухара (Записи Бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой. — М., 1976, 74-б.

⁵³*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств... 19—21-б.

⁵⁴*Байпаков К. М.* О локализации позднесредневековых городов Казахстана. // СА, 1977, № 2. 203—205-б.

⁵⁵*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города... 21—22-б.

⁵⁶*Есжанов А., Ходжаев М.* Арыстанбаб. — А., 1992.

⁵⁷*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Отрар в XIII—XV вв. — А., 1986, 103—112-б.

⁵⁸*Ибн Рузбихан.* Көрсетілген еңбегі, 116—118-б.

⁵⁹*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города... 13—17-б.

⁶⁰*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города... 22—24-б.; *Байпаков К. М.* О локализации средневековых городов Казахстана... 201—203-б.

⁶¹*Ибн Рузбихан.* Көрсетілген еңбегі, 140-б.

⁶²*А. Н. Болдырев.* Көрсетілген еңбегі, 161-б.

⁶³*Пищулина К. А.* Присырдарьинские города... 26-б.; Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. (МИКХ). — А., 1969, 106-б.

⁶⁴МИКХ, 293-б.; *Байпаков К. М.* О локализации позднесредневековых городов Казахстана, 207—208-б.

⁶⁵*Назаров Ф.* Записи о некоторых народах и странах средней части Азии. М., 1968. 32-б.

⁶⁶*Акишев К. А.* Средневековые рабаты и курумы Каратау // Известия НАН РК, № 5, 1994, 39—42-б.

⁶⁷*Байпаков К. М.* О локализации позднесредневековых городов Казахстана, 205—207-б.

⁶⁸*Сухарева О. А.* К истории городов Бухарского ханства. Ташкент, 1958, изд. АН КазССР. 59—62-б.

⁶⁹*Пугаченкова Г. А.* Зодчество Центральной Азии XV в. — Ташкент, изд. АН УзССР, 1958. 59-б.

⁷⁰*Сухарева О. А.* К истории городов Бухарского ханства, 59-б.

⁷¹*Пищулина К. А.* Письменные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV—XVII вв., 170—172-б.

⁷²*Бұл да сонда*, 170—172-б.

⁷³*Жолдасбаев С.* Материальная культура казахов в XV—XVIII вв. — Автореферат дис... канд. ист. наук. — А., 1975, ИИАЭ АН КазССР. 24—25-б.

⁷⁴*Сухарева О. А.* Бухара XIX — нач. XX вв. (Позднесредневековой город и его население). — М., 1966, 86-б.

⁷⁵*Сухарева О. А.* Квартальная община позднефеодального города Бухары. — М., 1976, 17-б.

⁷⁶*Беленицкий А. М.* К вопросу о социальных отношениях в Иране в хулагуидскую эпоху. — СВ, У, 1948. 117—118-б.

⁷⁷*Сухарева О. А.* Квартальная община позднефеодального города Бухары, 33-б.

⁷⁸*Бұл да сонда*, 18-б.

⁷⁹*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Позднесредневековый Отрар. — А., 1981. 87—96-б.

⁸⁰*Сухарева О. А.* Квартальная община позднефеодального города Бухары. 33-б.

⁸¹*Бұл да сонда*, 323-б.

⁸²МИКХ, 651, 291-б.

⁸³*Марьяшев А. Н., Мотов Ю. А.* Крепостные стены позднесредневекового Туркестана. // Изв. АН КазССР, сер. обществ., № 1, 1982. 40—46-б.

⁸⁴*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Позднесредневековый Отрар... 150-б.; С.; *Жолдасбаев С.* Раскопки городища Куль-тобе // АО 1973. — М., 1975, 468—469-б.; *Соныкі*, Городище Ран // АО — 1975. — М., 1976, 520-б.

⁸⁵*Байпаков К. М.* Городище Сауран // Памятники истории и культуры Казахстана. вып. 4. — А., 1989. 56—60-б.

⁸⁶*Федоров-Давыдов Г. А.* 1958. Раскопки торгово-ремесленного квартала XV—XVII вв. на городище Таш-Кала в Ургенче // Тр. ХАЭЭ, т. II, 506—511-б.

⁸⁷*Руденко С.* Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза // Казаки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. — Л., 1927, 11—13-б.; *Глухов А. Н.* Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков // Казаки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. — Л., 1927, вып. II. 110—118-б.

⁸⁸*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Позднесредневековый Отрар... 147-б.

⁸⁹*Жолдасбаев С.* Жилище казахов Южного Казахстана XV—XIX вв. по данным археологии // Археологические памятники Казахстана. — А., 1978, 211-б.

⁹⁰*Руденко С.* Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза... 112-б.

⁹¹*Наливкин В.* Краткая история Кокандского ханства. — Казань, 1886. 22-б.; *Юдахин К. К.* Некоторые особенности карабулакского говора. Ташкент, 1927, 404-б.; *Жилина А. М.* Традиционные поселения и жилища узбеков Южного Казахстана // Жилище народов Средней Азии и Казахстана. — М., 1982. 143—144-б.

⁹²*Байпаков К. М.* Некоторые социально-экономические и этнокультурные аспекты в изучении позднесредневекового жилища Южного Казахстана // Известия НАН РК, № 5, 1994. 28—29-б.

⁹³*Кисляков Н. А.* Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. — Л., 1969, 103-б.

⁹⁴*Бачинский Н.* Город и аул эпохи Махтум-Кули. — М., 1960. 50-б.

⁹⁵*Большаков О. Г.* Город в конце VIII — начале XIII вв. // *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г.* Средневековый город Средней Азии. — Л., 1973. 311—323-б.

⁹⁶*Байпаков К. М.* Некоторые социально-экономические и этнокультурные аспекты в изучении позднесредневекового жилища Южного Казахстана, 29—33-б.

⁹⁷*Шишкин В. А.* Варахша. — М., 1963, 106-б.

⁹⁸*Болдырев А. Н.* Зайн ад-дин Васифи. — Сталинабад, 1957, 160-б.

⁹⁹*Лерх П. И.* Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. — СПб., 1870. 13—14-б.

¹⁰⁰*Пугаченкова Г. А.* Сауранские башни // Тр. СаГУ, вып. VII, 1954, 163—167-б.

¹⁰¹*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Отчет о раскопках на городище Отрар в 1974 г. // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. — А., 1976, рис. 12.

¹⁰²*Сухарев О. А.* Бухара XIX — нач. XX вв. (позднесредневековый город и его население). — М., 1966, 6, 68, 70-б.

¹⁰³*Проскурин А. Н., Туякбаева Б. Т.* Средневековая баня на территории архитектурного комплекса Ахмеда Ясеви в Туркестане // Архитектура и строительство, вып. 4, 1975, 133—138-б.

¹⁰⁴*Воронина В. Л.* Об узбекских банях // СЭ, 1951, № 1, 131-б.

¹⁰⁵*Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Позднесредневековый Отрар... 29-б.

¹⁰⁶*Екимова Е. Е.* Гончарное производство в Хивинском районе. По материалам поездки в Узбекистан в 1930 г. // Тр. ХАЭЭ, с. IV, 1959. 351—352-б.

¹⁰⁷*Екимова Е. Е.* Гончарное производство в Хивинском районе... рис. 8, 18; *Джаббаров И. М.* Новые материалы к истории гончарного ремесла Хорезма // Тр. ХАЭЭ, т. IV, 1959, 9-сурет; *Соныкі.* Ремесло узбеков Южного Хорезма в конце XIX — нач. XX вв. Историко-археологический очерк // Занятия и быт народов Средней Азии. Среднеазиатский этнографический сборник. Тр. ИЭ, т. ХС VII, 10-сурет, 1971.

¹⁰⁸*Беленицкий А. М.* Организация ремесла в Самарканде в XV—XVI вв. // КСИ-ИМК, № 6, 1940. 46-б.

¹⁰⁹*Джаббаров И. М.* Новые материалы по истории гончарного ремесла Хорезма...

380-б.; *Пикулин М. Г., Шамансурова А. Ш., Рашидов Р. Т.* Ремесло и мелкая промышленность Афганистана. — Ташкент, 1966, 55-б.

¹¹⁰История народов Узбекистана. История народов Узбекистана с древнейших времен до начала XV в. — Ташкент, 1947, т. I, 32-б.

¹¹¹*Пещерова Е. М.* Из истории цеховых организаций в Средней Азии // КСИЭ, т. VI, 1949. 34-б.

¹¹²*Смагулов Е. А., Настич К. Н.* Гончарные штампы с надписями XIX в. из Туркестана // ИАН КазССР, сер. общ., № 2, 1983. 45—50-б.

¹¹³*Джаббаров И. М.* Новые материалы к истории гончарного ремесла Хорезма... 379—385-б.

¹¹⁴*Екимова В. В.* Гончарное производство в Хивинском районе... 348—349-б.

¹¹⁵*Екимова В. В.* Гончарное производство в Хивинском районе... 347-б.; *Джаббаров И. М.* Новые материалы к истории гончарного ремесла Хорезма... 394—395-б.

¹¹⁶*Рахимов М. К.* Художественная керамика Узбекистана. — Ташкент, 1961, 24-б.

¹¹⁷*Мукминова Р. Г.* Скупщики товаров и поставщики сырья в Средней Азии XVI в. // Ближний и Средний Восток. Товарно-денежные отношения при феодализме. — М., 1980. 154—161-б.

¹¹⁸*Тепловодская Т. М.* Некоторые результаты изучения технологии поздне средневековой керамики Отрара // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. — А., 1983, 200—205-б.

¹¹⁹*Пугаченкова Г. А.* Самаркандская керамика XV в. // Тр. САГУ. гуман. науки, кн. 3, вып. 17, 100-б.

¹²⁰*Пугаченкова Г. А.* Глазурованная керамика Нисы XV—XVI вв. // Тр. ЮТКАЭ, т. I. 1949. 400—417-б.

¹²¹*Сухарев П. А.* Два блюда XV в. из Самарканда // Тр. ИИА АН УзССР, т. I, 1947. 47—64-б.; *Пугаченкова Г. А.* Самаркандская керамика XV в. // Тр. САГУ, гуман. науки, кн. 3, вып. 17, 1950. 91—120-б.

¹²²*Вархотова Д.* Художественная керамика XV — нач. XVI вв. из Ташкента // ОНУз, 1969, № 8/9, 86—89-б.

¹²³*Вактурская Н. Н.* Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX—XVII вв.) // Тр. ХАЭЭ, 1959, т. IV. 334—339-б.

¹²⁴*Ахраров И. Е.* Новые археологические материалы с городища Ахсикента XIV—XVI вв. // СМУз, 1969, № 8/9, 79—81-б.

¹²⁵*Тепловодская Т. М.* Некоторые результаты изучения технологии поздне средневековой керамики Отрара... 205—206-б.

¹²⁶*Массон М. Е.* Городища Нисы в селении Багир и их изучение // Тр. ЮТАКЭ, 1949, т. I, 93-б.; *Пугаченкова Г. А.* Глазурованная керамика Нисы XV—XVI вв. // Тр. ЮТКАЭ, т. I. 1949. 413—416-б.

¹²⁷*Федоров-Давыдов Г. А.* Раскопки торгово-ремесленного квартала XV—XVII вв. на городище Таш-Кала в Урченче // Тр. ХАЭЭ, т. II, 1958. 511-б.

¹²⁸*Джаббаров И. М.* Ремесло узбеков Южного Хорезма в конце XIX — начале XX вв. Историко-археологический очерк // Занятия и быт народов Средней Азии. Среднеазиатский этнографический сборник. Тр. ИЭ. Т. ХCVII, 1971. 82-б.

¹²⁹*Бул да сонда.*

¹³⁰*Масанов Э. А.* Кузнечное и ювелирное ремесла в казахском ауле // Тр. ИИАЭ АН КазССР, т. 12, 1961. 156—170-б.

¹³¹*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани.* Михман-наме-йи Бухара... 101—102-б.

¹³²*Апполова Н. Г.* Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI — первой половине XIX вв. — М., 1976, 32-б.

¹³³*Халфин Н. А.* Россия и ханства Средней Азии. — М., 1974.

¹³⁴*Гуревич Б. П.* Международные отношения в Центральной Азии в XVII — первой половине XVIII вв. — М., 1979, 29-б.

¹³⁵Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. — Л., ч. I, 1973. 265-б.

¹³⁶Пищулина К. А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVIII вв. 16-б.

¹³⁷Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Көрсетілген еңбегі, 116—117-б.

¹³⁸Бұл да сонда, 141-б.

¹³⁹Ходжаев М. Гончарные изделия импортного происхождения из Отрара // Известия НАН РК, сер. общ. наук, № 5, 1995, 66—70-б.

¹⁴⁰Султанов Т. И. Краткое описание сочинения Сейфи // Известия АН КазССР, сер. общ. наук, № 1, 1970. 49-б.

¹⁴¹Иванов П. П. Архив хивинских ханов XIX в. Исследование и описание документов с историческим введением. — Л., 1940. 138—139-б.

¹⁴²Бурнашева Р. З. Клады медных монет из Туркестана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. — А., 1969. 58—68-б.

¹⁴³Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Древний Отрар. — А., 1972, 199—200-б.

¹⁴⁴Давидович Е. А. Нумизматические заметки (караханиды, Чингизхан, Шейбаниды) // Изв. АН ТаджССР, отд. общ. наук, № 3(53), 1968. 70—84-б.

¹⁴⁵Бурнашева Р. З. Монетные находки с городища Отрар-тобе за 1947 г. // Археологические памятники Казахстана. — А., 1978. 167-б.

¹⁴⁶Бурнашева Р. З. Монеты из Отрар-тобе (1973) // Археологические исследования в Отраре. — А., 1977, 32-б.

¹⁴⁷Спасский И. Г. Русская монетная система, историко-нумизматический очерк. — Л., 1970, 129—132-б.; Настич В. Н. К периодизации монетной чеканки Отрара и ее роли в денежном хозяйстве города и области // Ближний и Средний Восток. Товарно-денежные отношения при феодализме. — М., 1980, 169-б.

¹⁴⁸Настич В. Н. К периодизации монетной чеканки Отрара... 169-б.

¹⁴⁹Акишев К. А., Байпаков К. М. Кяризы Саурана // ВАН КазССР, 1973, № 4, 76—78-б.

¹⁵⁰Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Көрсетілген еңбегі, 116-б.

¹⁵¹МИКХ, 318—319-б.

¹⁵²Пищулина К. А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVIII вв., 24—25-б.

¹⁵³Пищулина К. А. Присырдарьинские города... 24—25-б.

¹⁵⁴Грошев В. А. Основные моменты динамики оросительной сети отрарского оазиса в XV—XVIII вв. // Археологические памятники Казахстана. — А., 1973, 140—151-б.

¹⁵⁵Пищулина К. А. Присырдарьинские города... 38—41-б.

¹⁵⁶Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Некоторые аспекты социально-экономической жизни позднесредневекового Отрара // Товарно-денежные отношения на Ближнем и Среднем Востоке. — М., 1979, 10—11-б.

А л т ы н ш ы т а р а у

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

1. ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР МЕН КАТЕГОРИЯЛАР

Хандар кезеңіндегі қазақ қоғамы бір-біріне қарама-қарсы негізгі әлеуметтік топтан — ақсүйектер мен қарасүйектерден тұрды, олардың экономикалық жағынан ғана емес, саяси және құқықтық белгілері жағынан да айырмашылығы болды. Сұлтандар деп аталатын Шыңғыс ұрпақтары мен Мұхаммед (632 жылы өлген) пайғамбар жолын ұстаушылардың ұрпақтары деп саналатын қожалар ғана ақсүйектерге жататын еді. Қоғамның қалған топтары мен жіктерінің бәрі қарасүйек саналды. Қоғамның тектік-топтық белгілері бойынша бөлінуі мен осы белгілермен құқықтарын айыру арқылы біріктіру принципі қатаң түрде дәйекті сақталды.


Қазақтарда сұлтандар ақсүйек топ деп саналып, қарастырылып отырған кезде қазақ қоғамының ең ықпалды саяси күшіне айналды. «Сұлтан» деген сөзбен бастапқы кезде жоғарғы билік — әміршілдік, үстемдік, сондай-ақ өкімет, үкімет туралы жинақтаушы ұғым білдірілген. Бұл термин ерте дегенде X ғасырдың орта шенінен бастап азаматтық биліктің, патшаның жеке атағын иеленушіге де қолданыла бастады: бұл сөзді алғаш рет ресми түрде пайдаланып, теңгелерде белгі салғандар салжұқтар болатын. Осман империясында патша сұлтан деп аталды. Қазақстан мен Орта Азияда, бері дегенде, көшпелі өзбектер кезінен (XIV ғ.) бастап, «сұлтан» деген сөз Шыңғыс-ханнан таралған өулеттің кез келген мүшесінің атағы болды.

Шыңғыс-ханның әке жағынан тарайтын, хан болмаған ұрпақтарын білдіру үшін сұлтан терминімен қатар «төре» немесе оғлан термині қолданылған. Алайда, «төре» деген сөз сұлтандарды ғана емес, неғұрлым көп адамдарды — жалпы алғанда көрнекті және атақты адамдарды да, атап айтқанда, чиновниктер мен қазы, билерді де білдіру үшін қолданылған.

Шыңғыс ұрпақтарының балалары туа салысымен құқық бойынша атақ қана емес, сонымен бірге осы әлеуметтік топқа әлеуметтік жағдайларына қарамастан, мирасқорлық жолымен тиесілі құқықтарды да, сондай-ақ белгілі бір адамның адамгершілік, ақыл-ой және дене қасиеттерін де алып отырған. Хан тағын жеке иелену құқығы тек Шыңғыс ұрпақтарында ғана болған, олар үшін билік жүргізу құқығы тегі бойынша өздеріне табиғи тән белгі еді. Бұл орайда Шыңғыс ұрпақтарының іс-қимыл аясы орын алған этникалық немесе мемлекеттік шекараларға байланысты болмаған: Шыңғыс ұрпақтарының әрқайсысы өзінің Шыңғыс-хан ұрпақтарының нақ қай өулетіне жататындығына қарамастан, монғол империясының дәстүрлері азды-көпті дәрежеде өлі де сақталған кез келген жерде хан атағынан дәмелене алатын еді. Қазақ

ұлыстарында Шыңғыс ұрпақтарының, мысалы, бірде қарақалпақтар мен қырғыздардың падишахы, бірде Бұхара мен Хиуаға қойылған хан релін атқаруы сондықтан. Бұл орайда сұлтандардың өздері қазақ та, өзбек те болмағанын, өздерін түрік-монғол тайпаларының ешқайсысына жатқызбағанын, буындарға бөлінбегенін атап өткен маңызды. Олар тегі жөнінен Шыңғыстан тарағандар, яғни Шыңғыс-ханның еркек кіндікті, билік жүргізуге мिरасқорлық алған ұрпақтары болды. Шыңғыс ұрпақтарының генеалогиялық құқыққа ғана негізделген, мазмұны мен сипаты жағынан саяси билігінің ұлттық мәні болған жоқ.

Қазақ ұлыстарының сұлтандары жалпы мемлекеттік басқаруға қатысу құқықтарын қазақ қоғамының барлық топтары мен жіктеріне қатысты істерді жүргізетін жиналыс — жыл сайын шақырылып тұратын құрылтайға жиналу арқылы жүзеге асырып отырған. «Жеті жарғы» тармақтарының бірінде былай делінген: «Ханның өзі, сол сияқты сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен



Сығанаққа жолданған Ишанкелдінің жарлығы. 995/1587 жылдар.

билеушілері халық істерін талқылау үшін күздігүні даланың ортасындағы бір жерге жиналып отыруы керек»¹.

Қазақтар дала мемлекеттілігінің дәстүрлерін сақтап қалды және Шыңғыс-хан ұрпақтарының әрбір ықпалды сұлтанның бір ұлысты билеу жөніндегі орныққан құқықтарын теріске шығармады. Қазақтардың XVI ғасырдағы әкімшілік-саяси құрылысын Ибн Рузбихан белгілі бір әр ұлыста өздерінің толық билік жүргізетін сұлтаны бар, ол өз халқымен бірге белгілі бір жерде, «байырғы жұртында» жүреді деп сипаттайды. Ұлыстарды басқару сұлтандарға ұлыс адамдарына әскери-саяси билік етуге де, іс жүзінде жайылымдарды, су көздерін және т. б. билеп-төстеуге де құқық беретін еді.

Сонымен, сұлтандар билігінің белгілі бір саяси және аумақтық маңызы болды, бірақ, дәстүрлі түсініктерге сәйкес, әрбір жеке сұлтанның билігі оның өз басының хандықты бірлесіп басқаратын билеп-төстеуші текке жататындығымен айқындалды, ал ол текке жатпаған жағдайда оның билігінің аумақтық та, саяси да мәні болмады. Әрбір ұлыс сұлтаны ұлыс аумағының мұраға алатын құқығы бар жеке иеленушісі емес, ең алдымен ұлысты басқару және ұлыс әскеріне қолбасшылық ететін құқығы бар билеушісі болды. Сол кездегі саяси ой-пиғылдар санатына сәйкес, барлық жердің жоғарғы меншіктенушісі жалпы билік етуші әулет болған, яғни ұлыс аумағы барлық Шыңғыс ұрпақтарының тектік-топтық меншігіне қарады, бірақ нақты бір кезеңде жоғарғы дәрежеде басшылық етуді олардың біреуі — билеп-төстеуші әулеттің басшысы, яғни хан жүзеге асырды, бұл орайда оның жеткілікті дәрежеде күшті болуы, ұлыс аймағына билік етуге құқығы да, сұлтандарды иеліктерінен айырып, оны басқа бір сұлтанға беру құқығы да болуға тиіс еді.

Шыңғыс ұрпақтарының генеалогиясына байланысты саяси мән-мағынасы барлық сұлтанды басқа да қоғам мүшелері алдында артықшылықтар беретін бірқатар заңды принциптер туғызбай қоймайды, ал осы ерекше артықшылықтар, атап айтқанда, хандықта қолданылған заң бойынша белгілі бір қылмыс үшін әр түрлі әлеуметтік топ адамдарының түрліше жазалануынан, ренжітіп, қорлағаны үшін әр түрлі жазаға тартылуынан байқалады. «Сұлтанды немесе қожаны өлтірген адам, — делінген «Жеті жарғы» қаулыларында, — өлтірілген адамның туыстарына жеті адамның құнын төлейді. Сұлтанға немесе қожаға тіл тигізіп ренжіткен 9 мал, ал қол тигізген 27 мал төлеумен жазаланады». Қоғамының түрлі топтарының жауапкершілігін бағалау жөніндегі бұл теңсіздік заңнан олардың жағдайында да теңдік болмауы туындады: сұлтандар (әскери міндеткерліктен басқа) ешқандайда міндеткерлік атқармады. Қазақ ұлысы барлық сұлтандарының «Арқар» деп айтылатын бір ғана ерекше ұраны болды, оны қарапайым халық — қарасүйектердің қолдануына болмады.

Қоғамның басқа мүшелері алдындағы тағы бір артықшылығы — оларға дүре соғуға болмады және билер соты соттамады. Шыңғыс ұрпақтарын сұлтан немесе ханның өзі соттайтын болды. Әңгімелескен кезде қарапайым адамдардың оларды атымен атауына болмайтын еді, есімінің орнына тақсыр (мырза) деген сөзді қолдануға тиіс болатын. Сұлтанмен кездескен кезде кез келген қарапайым адам атынан түсіп, онымен бір тізесін бүгіп тұрып сәлемдесуге тиіс болған. Сәлеміне жауап ретінде сұлтан оның иығына қолын салған. Үйдің ішінде де солай істелген. Сұлтан үйі қасиетінің сыртқы белгілерінің бірі оның үйі ақ киізбен жабылған. Жалпы жиналыстарда және басқа да қалған жағдайларда ақсүйектердің барлық өкілдері тек қана ақ киіздің

үстінде отырған. Егер жай қазақ мақтанып, өзін сұлтан деп атаса, оған 15-тен 30-ға дейін қамшымен дүре соғылып жазаланған. Ал егер қарасүйек адам өзін сұлтан тұқымы деп, сұлтанның қызына немесе оның туысына үйленсе, оған толық құн төлеттірген, яғни ер кісіні өлтіргені үшін құн төлеумен белгіленетін жаза қолданылған.

Шонжар ақсүйектер тобына қарама-қарсы хандықтың өзге халқы қарасүйек деп аталды. Сұлтандар мен қожалардан айырып, қарапайым адамдардың әр түрлі категорияларын атау үшін бірнеше термин: қараша (караджи), қаракісі, құл-құтан, шаруа, бұқара терминдері қолданылды.

Деректемелердің мәліметтеріне қарағанда, қараша — өзіндік және мүлік құқықтары бар заң жүзінде еркін адам. Жеке басы еркін көшпелі өз қалауы бойынша мүлікті мұраға қалдырып, куәлік айғақтар бере алатын еді және т. б. құқығы болды. Әлеуметтік және қоғамдық жағдайы әр түрлі адамдарға заң бойынша заңдық жағынан әр түрлі мән берілгенімен, қатардағы көшпеліні өлтіруге жаза қолданылды. Бірақ еркін адамдардың жеке бас бостандығы мен мүлік құқықтарын қорғауды мемлекеттік аппарат емес, түгелдей ру мүшелерінің ынтымақтасуы жүзеге асырды; билер арқылы жүзеге асырылатын мемлекет, мысалы, өлтірілген адамның туған-туысқандарына — қанғақан алу құқығын, ұрлық үшін барымта құқығын және т. т. қамтамасыз етті. Сөйтіп, жеке адамның ру бөлігі ретінде ғана мағынасы болды, ру ғана заңды тұлға еді. Құқықтарды жүзеге асырудың көшпелі тұрмысқа тән осы әдісі руы безінген адамның сол арқылы мүлде қорғаусыз болып шығуына, заңсыз болып қалуына әкеп соқты.

Ақсүйектер тегінен айырмашылығы қарасүйектер өкілдерінде жекелеген рулар мен тайпаларға бөліну берік сақталды. Қазақтардың барлық тайпалары үш жүзге: Ұлы жүзге, Орта жүзге және Кіші жүзге біріктірілді. Революцияға дейінгі тарихи әдебиеттерде орыс тіліне ерте кезден енген «орда» термині қолданылған.

Бұл арада жүздер тегін айтылып отырған жоқ. Қазақтардың хандығында қоғамдық құрылыстың негізгі принциптерінің бірі рулар мен тайпалар иерархиясы болды. Жекелеген қарасүйек өкілдерінің әрқайсысының қоғамдық жағдайы, ол ата-бабасынан би немесе қатардағы көшпелі болсын, тиісінше оның руы мен тайпасының артықшылық дәрежесімен анықталған. Үш жүздің болуы қазақтар қауымдастығын маңызына қарай терең белгіленген қауымдастыққа айналдырды. Этнографиялық байқауларға қарағанда: 1) жауынгерлік саптағы орынның белгіленуі кезінде; 2) соғыс олжаларын бөлісу кезінде; 3) үйге кіру және орналасып отыру кезінде; 4) салтанатты ашу кезінде; 5) қонақта және тойларда табақ тарту кезінде үлкендік тәртібі сақталып отырған.

Қазақ қоғамында, әрине, адамдарды мүліктік жағдайына қарай бай — кедей деп бөлу де орын алған. Ибн Рузбиханның айтуынша, «арбалы үйді» қоса алғанда, малының саны мен жылжымалы мүлкі көп кез келген «ықпалды бай адам» бай деп аталған. Ол кезде байлық биліктен бөлінбейтін еді, ал «дала адамдары», Мұхаммед Шайбани ханның айтуынша, «қойды көбейту арқылы аз уақыт ішінде көп байлық жинауға және осы бір ұшы-қиырсыз далада ұсақ мал өсіру арқылы мол дәулетке жетуге барынша күш-жігер салып, соның жайын ойлайды». Қазақтардың ірі байларының ондаған арбалы-үйлері, жүздеген түйесі, сан мыңдаған қойы және 15, 18, тіпті 26 мың жылқысы болған. Мал иеленушілер үшін байлық мақтаныш пен дақпыртты даңқ үшін қызмет етті.

Көшпелі қазақтарда байлар қоғамның едәуір басым бөлігі болды. Алайда бұл арада байлардың ерекше тегі болмағанын, сұлтандар арасында да, билер арасында да, қатардағы көшпелілер арасында да байлар болғанын ерекше ескерте кеткен жөн. Басқаша айтқанда, байлар қоғамның әлеуметтік жағынан біртектес тобы болған жоқ. Сөз жоқ, материалдық игіліктің молдығы зор пайда келтіріп, қоғамдағы беделді айқындап отырды. Солай бола тұрса да, ерекше саяси құқықтар дәулеттің мол болуымен байланыстырылмады. Жекелеген байлардың қоғамдағы орны олар жататын тектің орнымен айқындалды. Мысалы, әлдебір сұлтанның экономикалық жағынан тіпті қайыршы болуы да мүмкін еді, бірақ ол қоғамның сол әлеуметтік тобының үнемі бірлесіп иеленуіне заң бойынша берілетін барлық құқықтар мен артықшылықтарды пайдаланатын.

Әлеуметтік қарасүйектер тобында рулар мен тайпалардың басшылары — билердің ғана ерекше құқықтары болды. Би деген сөз бұрынғы бек сөзінің кейіннен өзгерген түрі болып табылады және деректемелерде XV ғасырдан ерте кездеспейді, ал түріктердің «бек» деген сөзі монғолдардың «ноян» және арабтардың «әмір» деген сөздеріне сәйкес келеді.

Билердің (бектердің) ықпалы өздері басқаратын рулардың адам санының басым және қуатты болуымен де, тегінің ежелден келе жатқандығы және айбындылығымен де айқындалды. Қазақ ұлыстарының билері кейбір құқықтарды пайдаланды: өздерінің қоластындағы рулар шегінде сот және әкімшілік билігі де, әскери билік те (ханды қоспағанда) тек билердің ғана қолында болды. Бұл билік билерге белгілі бір саяси салмақ берді, ол билердің сұлтандармен қатар жыл сайын шақырылатын «халық жиналысына» бірге барып, жалпы мемлекеттік істерді шешуге қатысуынан көрінді. Ең ықпалды рубасылары хан жанындағы «билер кеңесіне» кірген.

Хандықты басқару жүйесіндегі маңызды буын болған билер, сонымен, кем дегенде төрт міндетті: әскербасы, әкімшілік адамы, би және дала ақсүйектерінің өкілі міндеттерін ұштастырып отырған. Билер — алыста қалған уақыттың мирасқорлары, олардың бүкіл басқару міндеттерін мейлінше етене меңгергені сондықтан. Өйткені Дешті Қыпшақтың билері Шыңғыс ұрпақтарынан да ертеректе болған. «Ұлтқа жатпайтын» текті Шыңғыс ұрпақтарына қарағанда, билер, былайша айтқанда, «ұлттық» ақсүйектер, әлеуметтік қарасүйек тобының бетке шығарлары саналды.

Көшпелі қазақтар қоғамында ақсүйектер мен қарапайым адамдардан, байлар мен кедей, бірақ жеке басы еркін адамдардан басқа, бас бостандығы жоқ еркектер (құлдар) мен бас бостандығы жоқ әйелдер (күндер) болған. Құлдарды толықтырудың негізгі көздері: тұтқынға түсіру, құл саудасы, борышын өтей алмаушылық еді. Заң жүзінде құлдар қоғамның ең құқықсыз тобы есептелді. Еріксіздік жағдайының өзі құлды құқығы бар адам артықшылығынан айырды, оны зат, мал қатарына қойды. Құл куә бола алмады, қожайыны барынша қаталдық жасаса да, ол жөнінде шағым жасай алмады. Құлдар өз қылмыстары үшін жауап бермеді. Құлдардың жасаған қылмыстары үшін олардың иелері жауап беріп, олар зардап шеккен жаққа құл жасаған залалды өтеп отыруға міндетті болды. Өз кезегінде, құлдарға қатысты істер билер сотында қаралмады. Еріксіз құл жасаған әрекеттердің барлық түрлері үшін жазалау шараларын кінәлінің қожайыны белгіледі. Құлдар ешқандайда мемлекеттік міндеткерлік атқармады. Барлық құлдарға тән, оларды қоғамның басқа топтарынан ерекшелендіретін жалпы белгі — қожайындарға жеке тәуелді

болуы. Оның үстіне бұл тәуелділік мейлінше толық болатын және «Жеті жарғы» бойынша, құлды тірі қалдыру мен өлтіруге оның иесі ғана билік еткен. Сонымен, кез келген еркін адамның меншігі болып табылатын құл өз мырзасына қызмет етіп қана қоймай, одан тамақ, киім-кешек түрінде белгілі бір сыйақы алып отырған.

Сөйтіп, хандық кезеңіндегі қазақ қоғамы бір-бірімен тығыз және жан-жақты байланыста болған сословиелік топтар мен жіктердің иерархиялық жағынан ұйымдасқан әлеуметтік құрылымы болды. Әлеуметтік иерархияның жоғары сословиесін сұлтандар мен қожалар құрады. Шыңғыс ұрпақтарынан тарайтын текке жатпайтын рулық-тайпалық шонжарлар бір саты төмен тұрды. Қоғамдық сатының төменгі сатысын қатардағы көшпелі-малшылар құрады. Құлдар ерекше топ болды.

Барлық әлеуметтік иерархияның ең биігі хан атағы берілген адам еді. Тек сұлтанды ғана хан жариялауға болатын. Ғұрыпқа сәйкес хан атағын алатын тектің үлкенінде басымдық құқық болған, мысалы, ханның інісі өз немерелерінің, хан ұлдарының бәрінен үлкен деп саналды. Бірақ бұл ғұрып жиі бұзылып тұрды. Шынына келгенде, жоғарғы билік әкесінен баласына көшіп отырды. Алайда бұл тәртіп әрқашан да қатаң сақтала бермеген. Тақты мұралану тәртібінің заңмен қатаң бекітілген ережелерінің болмауы себепті бірнеше сұлтандар арасында жоғарғы билік үшін күрес жиі болатын және хан өлгеннен кейін әр уақытта дерлік далада аласапыран туып отыратын. Қазақ хандығының тарихында Қасым хан, Тахир хан, Шығай хан, Есім хан өлгеннен кейінгі кезеңдер сондай аласапыран уақыттар болды. Сонымен бірге билік құрушы сұлтандардың біреуінің хан атағын алу реттері сирек кездеспейтін. Сондықтан қазақ ұлыстарындағы жағдайды жақсы білетін авторлардан «қазір Дешті хандарының ең үлкені және аса белгілі басшылары» нақ мыналар деген нақтылауды кездестіруге болады. Кейде хандықтағы жоғарғы билік тіпті генеалогиялық дәстүр мен мұрагерлік принципін бұза отырып, билік етуші әулеттің үлкен тармағынан кіші тармақ өкілдеріне ауысып отырған.

Жаңа әміршіні таққа көтерген кезде дәстүр бойынша ақ киізге салып көтеретін ежелгі ғұрып сақталған: хан жарияланатын сұлтан оның ниетінің тазалығын, оның шыққан тегі мен байлығын көрсететін жұқа ақ киізге отырғызылып, хандықтың сұлтандар мен билерден тұратын ең беделді адамдары оның шетінен ұстап үш рет көтеріп: «Хан! Хан! Хан!» — деп айқайлаған. Хан отырған ақ киіз дала шөбіне тиер-тиместе оны жүгіріп келген топ ұстап алып, тағы да көтеріп, киізді жерге түсірген. Сонан соң тақ сияқты болған киіз бытшыт етіп жыртылып, әрбір адам өзінің салтанатты түрде хан жариялауға қатысқанының ескерткіші ретінде бір жұлымын алып кетуге тырысқан. Салтанатты түрде, тәртіппен басталған бұл ғұрып көп күнге созылған думанды тоймен аяқталған.

Қоғамдағы хан билігінің сипаты орта ғасырлардағы деректемелерде жалпы белгілері жөнінен былай белгіленеді: хан өз бодандарына «анасының» балаларына қамқорлық жасайтыны сияқты қамқор болуға міндетті, ал бодандары ханды «өз әкесіндей» көріп, оған шын көңілмен бағынуға тиіс. Егер нақты айтатын болсақ, хан билігі белгілі бір құқықтармен белгіленді және бірқатар міндеттер атқаруға байланысты еді. Ханның бұл құқықтары мен міндеттері кем дегенде бесеу болатын.

1. Билік етуші әулеттің басшысы және барлық қазақ тайпаларының жоға-

рғы сюзерені ретінде ханның бүкіл хандық аумағына, ұлысқа қарасты барлық жерге жоғары дәрежеде билік ету құқығы, оның негізгі қызметі мен басты міндетінен — елді сыртқы жаулардан қарумен қорғауынан туындайтын құқығы болды.

2. Соғыс жариялау және бітім жасау құқығы тек ханға ғана берілді, мұның өзі әскерлердің жоғарғы басшысы міндетінен туындайтын еді.

3. Ханның шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізуге жоғарғы дәрежеде құқығы болды, мұның өзі мемлекеттің сыртқы саяси бағытын белгілеу міндетінен туындайтын.

4. Ханда өзіне бағынышты адамды өлтіру немесе тірі қалдыру құқығы — оның жоғарғы билік міндетінен туындайтын құқығы болды. Ханның бұл құқығы мен міндеті қазақтардың «Жеті жарғы» құқық нормаларында айқын көрсетілген.

5. Сондай-ақ, ханда заңдар және қоғамның барлық мүшелері үшін міндетті бұйрықтар шығару құқығы — оның сол кездегі қоғамдық құрылыс пен тәртіпті сақтау міндетінен туындайтын құқығы болды.

Дала әміршісінің төңірегінде әрқашанда көптеген көмекшілер, кеңесшілер, әскербасылар топтары, сондай-ақ жасақ (оның өзін, оның отбасын және мал-мүлкін күзетуді қамтамасыз еткен) және қоңсылары (ханға күнделікті тұрмыста қызмет еткен) болғаны айтылатын деректемелердің тікелей мағлұматтары бар. Бірақ сонымен бірге деректемелерде хан сарайлары туралы, жалпы қазақ хандарының XVII ғасырға дейінгі тұрақты тұратын жері туралы ештеңе айтылмайды. Қазақ хандарының үкіметтік қызметі, тым болмағанда XV—XVI ғасырларда, бұрын болып келгеніндей, қырдағы көшіп-қонатын қоныстарда жүргенде жүзеге асырылған. «Бұл елде король мен ақсүйектер, — деп жазған, мысалы, И. Шильтбергер XV ғасырдағы Дешті Қыпшақ туралы, — қысы-жазы өзінің әйелдерімен, балаларымен және табындарымен бірге көшіп-қонып, өзінің басқа да бүкіл байлығын алып, осы бір мидай тегіс далада бір жайылымнан екіншісіне кезіп жүретінін атап өткен жөн»². XVI ғасырда қазақ хандарының бір жайылымнан екіншісіне аттан түспей үнемі дерлік көшіп жүргенін Мұхаммед Хайдардың төмендегі мағлұматына қарап та аңғаруға болады, онда Қасым ханның жесірі Тахир ханға қартайғанын және далада жүруге шамасы жоқтығын сезінетінін айтып шағынған. «Мен, — деген ол, — қалған өмірімді қалада, тыныш әрі алаңсыз бір жерде өткізе алуым үшін, мені өзімнің жиенім Сұлтан Саид ханға апарып тастағаныңды қалаймын»³.

Ханның ұлыстарды үнемі аралап жүруін оның жоғарғы билік, басты қорғаушы міндеттерін атқару қажет екендігі де, сол кездегі қазақ хандығы бодандарының негізгі бұқарасы тұрмыс салтының өзі де талап етті. Хандық экономикасына көшпелі мал шаруашылығы сипатты белгі болғаны жоғарыда атап өтілді: соған сәйкес халықтың көшпелі бөлігі үшін салық жүйесі өнім беру мен өзара есеп айырысудың өзіндік түрлерімен белгіленді. Ал ханның пайдасына жыл сайын алымды көшпелі малшылар нақтылай түрде төлейтін болғандықтан, көшпелілердің басшысына сол арада, жергілікті жерде өз малын, өзінің «басқа да байлығын» еселей түсу үшін, іс жүзінде бір орталық болмағандықтан, оған апарып бере алмайтын азық-түлік қорларын пайдалану үшін болса да, ұлыстарға барып жүруге тура келді. Көшпелілердің жоғарғы басшысы өмірінің осында суреттеліп отырған құбылысын Дешті Қыпшақтың көшпелі өзбектерінің басшысы Шайбани ханның «Михман-наме-ий Бұхара»

авторы Ибн Рузбиханға әңгімелердің бірінде: «Біздің астанамыз — аттың жалы, түйенің қомы», — деген сөздері дәл сипаттайды.

Бірақ жағдай біртіндеп өзгере берді. XVI—XVII ғасырлар шебінде маңайындағы аймақтарымен қоса Ташкент пен Түркістан қазақ әміршілерінің қолына көшті. Бұл қалалар бір жарым ғасыр бойы көбінесе солардың қоластына қарады және XVII—XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ хандары мекен еткен жер және хандықтың саяси орталықтары болды. Оларда қазақ хандарының «арнаулы сарайлары» болып, олар ордасымен бірге далаға көшіп кеткенде, астананы басқаруға «олардың ағалары» қалдырылды.

Қысқасы, хан атағы берілген сұлтан билік етуші әулеттің (ақсүйек) және хандықтың барлық бодандарының (қара сүйек) жоғарғы басшысы болды. Алайда дала ханының билігі әмірші туралы европалық түсінікке сәйкес келмейтін еді. Бұл билік оны мемлекет ішіндегі қандай да бір саяси күштермен бөлісуге жол берілмейтіндей толық дәрежеге сирек кездесетін жағдайларда ғана жетіп отырды. Қазақ хандығының тарихында Қасым хан (1518 жылы өлген) билік еткен кезеңде осындай сирек кездесетін жағдай болған: Бабырдың айтуына қарағанда, Қасым хан өз халқын қатаң бағыныста ұстаған. Тәуке хан да едәуір күшті әмірші және айта кеткен жөн, аумағы жөнінен қазақтың барлық үш жүзіне билік еткен қазақ хандарының ең соңғысы болған. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін (шамамен 1718 ж.) көп кешікпей барлық үш жүздің өз хандары пайда болды.

Батырлар. XVI—XVII ғасырлардағы қазақ қоғамы игі жақсыларының тобына батырларды да жатқызуға болады. Түрік-монғолдың «батыр», «баһадүр» сөзі бастапқыда шайқас алдында жауын жекпе-жекке шақыратын батыл, ержүрек адамды білдірген. Шыңғыс-хан кезінен бастап батыр — «феодалданған әскери-көшпелі шонжарлардың»⁴ өкілдеріне берілетін феодалдық иерархия атақтарының бірі, сондай-ақ шайқаста жеке басының көрсеткен ерлігі немесе соғыс қимылдарына шебер басшылық еткені үшін хан немесе сұлтандар алатын құрметті атақ. Атап айтқанда, жеке мөріне қарағанда, қазақ ханы Тәукенің осындай атағы болған⁵. Бұл сөз атақ ретінде адамның атына қосылып айтылған. Кейбір түрік деректемелерінде жаужүрек найзагерлерді, ұрыс майданының ерлерін көрсету үшін «алып» деген сөз де қолданылады⁶. Алайда, батыр — ердің атағы ғана емес, сонымен қатар кәсіби әскер қатарындағы қарулы жауынгерлер. Кәсіби әскери адамдар — батырлардың мәні олардың әскери өмірде атқаратын рөлімен, сондай-ақ ханның немесе ықпалды сұлтанның сарайына жақындығымен анықталған. Бұл батырлардың көпшілігінде қоғамда өздеріне жеке бастарының қасиеттері арқылы алған биліктен өзге билік болған жоқ, сондықтан да олар басқаларына қарағанда көбінесе руды басқару құқығын тартып алушылар рөлінде көрінген. Бұл орайда батырлардың даңқы көп жағынан алғанда даланың суырып салма жырауларына байланысты еді. Түрікмен эпосының орта ғасырлардағы ескерткішінде, мәселен, былай делінген: «Қобызын қолына алып, халықтан халыққа, бектен бекке жыршы барып жүреді; кімнің ержүрек, кімнің жасық екенін жыршы біледі»⁷. Соғыстар кезінде және руаралық жауласу шиеленіскен кезде батырлардың беделі күшейе түскен.

Ақсақалдар. «Ақсақал» — түрік сөзі. Деректемелердің мәліметтеріне қарағанда, саяси өмірде айтарлықтай рөл атқарған⁸. Өкінішке қарай, Ескендір Мұңшының мағлұматтарында оның нақты кімдерді ақсақалдар деп атайтыны айқын емес. В. В. Бартольдтің анықтамасы бойынша, ақсақалдар дегеніміз «іс

жүзінде белгілі бір заңдық өкілеттігі жоқ, жасына, байлығына және бұрын сіңірген еңбегіне қарай құрметке бөленген адамдар»⁹.

Көшпелі малшылар. Жазбаша деректемелерде олардың өмірі туралы айтылмайды деуге болады. Қазақстан тарихы жөніндегі жиынтық еңбектерде олар шаруа деген сөзбен аталған¹⁰. Нарративтік және нақты деректемелерден біз қараша (караджи) деген терминді кездестіреміз, ол контекске қарай екі мағынада: ақсүйектерге қарама-қарсы қарапайым адамдарды және Шыңғыстан тарайтын хан тегіне қарама-қарсы мемлекеттің барлық халқын көрсету үшін қолданылады¹¹.

Кез келген дамыған қоғам сияқты, қазақ қоғамында да қолданылған саяси тәртіп құқықтар мен міндеттердің күрделі ұштастырылуына негізделіп құрылған деуге болады. Өкінішке қарай, біз қарастырылып отырған уақыттағы еркін көшпелілердің жеке басының нақты міндеттерін және сол міндеттерге сәйкес келетін құқықтарын білмейміз. Олардың кейбіреулері жөнінде «Жеті жарғы» баптарының жекелеген ережелері бойынша пікір түйе болады.

Көшпелі қазақтардың уақыты жағынан ескі және маңызы жағынан басты міндеткерлігі әскери міндеткерлік болды, ол мұндай міндеткерлікті атқара алатын жастағы барлық еркін адамдарға жүктелетін еді. Біз әскери міндеттерден нақ қандай құқықтар туындайтынын білмейміз («халық жиналысына» қатысу құқығы ма?), дегенмен де бізге соғыс қимылдарына қатысудың экономикалық ынталандыру мәні түсінікті, бірақ осы міндеткерлікті атқаруға дене қабілеті болуының бір өзі-ақ қарапайым көшпелілерге тағы да бірқатар қосымша міндеттер жүктеген. Мәселен, «Жеті жарғы» бойынша, «қару алып жүре алатын» кез келген адам (сұлтандар мен билерді қоспағанда) хан мен билерге жыл сайын өз мүлкінің жиырмадан бір бөлігін төлеп отыруға тиіс болған (33-бап). Бұл алымның қалай аталатыны деректемеде көрсетілмеген. Бұл міндеткерліктің қалай өтелетіні де беймәлім.

Көшпелі малшылардың басқа бір міндеткерлігі күтіп-бағу міндеткерлігі болған, мұны олар заттай түрде өтеген: хан ұлыстарды аралаған кезде халық әміршіні, оның отбасын және көптеген нөкерлерін асырауға керекті тамақ өнімдерін беріп отыруға тиіс болды.

Ең құқықсыз әлеуметтік топ құлдар еді. Оларды көрсету үшін түріктің «құл» деген сөзі қолданылды, бұл сөз сонау ертедегі түрік жазбалары ескерткіштерінде кездеседі¹².

XVI–XVII ғасырларда Қазақ хандығында құлдардың болғаны «Михманнаме-йи Бұхара» мәліметтерінде де, «Жеті жарғының» ережелерінде де айқын көрсетіледі. Ұлыс адамдарының бұл категориясы қандай болғанын, мәселен, «Жеті жарғының»: «Аңшылық итін немесе бүркітін өлтіргені үшін қожайын құл немесе күң талап ете алады» деген ережесі (21-бап) едәуір дәрежеде түсіндіреді. «Құлдың мырзасына айтқан шағымы еш жерде қабылданбайды», — делінген «Жеті жарғының» 16-бабында.

2. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЖАЗИРАЛАРЫНДАҒЫ МЕНШІК НЫСАНДАРЫ. XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМЫ

Тарихи деректемелер мен құжаттарда жақсы көрсетіліп, өздері де кейінгі уақытқа дейін сақталған орта ғасырлардағы басқа да Орта Азия қалаларынан

айырмашылығы XV—XVII ғасырлардағы Сыр өңірі қалаларының тарихы жөнінде тарихи шығармаларда да, құжаттарда (актілерде, вақфтық грамоталарда, сыйлыққа тартуларда және басқаларында) да азын-аулақ мәліметтер ұшырасады, ал олардың өздері сол кезеңнің аяғына қарай құлап-қираған қала жұрттарына айналған. Әсіресе соңғы орта ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды сипаттау үшін жазбаша деректемелерде материалдар аз сақталған.

Тарихи шығармаларда бар нақты деректер мен мәліметтер XV—XVII ғасырлардағы Сыр өңірі қалаларын, яғни олардың соңғы өрлеуі кезін орта ғасырлардың Шығысқа тән дағдылы қалалары ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Олар Орта Азия мемлекеттерінің астаналары Бұхара мен Самарқанд, үлесті иеліктердің ірі орталықтары Балх, Әндіжан және басқалары сияқты онша салтанатты да сәнді болған жоқ, бірақ әлеуметтік-экономикалық жағынан нақ солар сияқты оларды шығыс дүниесінің бүкіл қоғамдық қатынастар жүйесімен тығыз байланыстыратын ортағасырлық феодалдық қалалар еді.

Шығыстағы феодализмнің ең ерекше белгілерінің бірі қалалардың феодалдарға толық тәуелділігі болды. «Шығыс қаласы феодалдық жүйеге қарсы кескілескен күрес жүргізбей, оған бейімделді. Шығыста феодалдар ауылдағы сияқты қалаларда да үстемдік етті, Европадан айырмашылығы, мұнда «қалалардың ауасы» да ешкімді «еркін етпеді»¹³. Мұнда, Шығыста, тарихи және экономикалық жағынан қалыптасқан жағдайға байланысты ірі феодалдық жер иелігі (мемлекеттік болсын, діни болсын, вақфтық немесе жеке меншікте болсын — мильк) әрқашанда шаруалардың ұсақ жер пайдалануымен ұштасып жатты. Әдетте, феодалдар өздеріне тиесілі жерде өз шаруашылығын жүргізбей, оны шағын учаскелер етіп, үлесші-шаруаларға жалға беретін. Ал жер иеленуші феодалдардың өздері қалаларда, билеушілердің ордаларында тұрып, қаланың билік етуші үстем табын құрады. Феодал-шонжарлар бүкіл қала өмірін, қолөнер мен сауданы өз қолдарында ұстап отырды.

Шығыс (және соның ішінде Орта Азия) қалаларына тән бұл белгі Сыр өңірі қалаларынан да байқалады. Ол былай тұрсын, осы бекіністі қалалар көлемінің шағын болуы, қолөнер кәсіпшілігінің біршама нашар дамуы және егіншілікті өңірмен тығыз байланысы олардың жергілікті ат төбеліндей шағын феодалдар мен Түркістанның кезекті билеушісіне тәуелділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Бір феодал-шонжардың жалғыз өзі қалаға да, оның ауылдық өңірі — егіншілік қоныстары (парсыша тексте маузи — уәлаяттың әкімшілік орталығына бағындырылған орын, жер; дих — ауыл, қоныс¹⁴) мен төңіректегі жайылымдарына (қыстау, жайлау, құрық) да үстемдік етті.

Бұл арада зерттеліп отырған кезеңдегі Сыр өңіріндегі елді мекендердің белгілі бір үлгілері арасындағы (яғни қала мен ауыл арасындағы) шаруашылық қызметтің онша айқын межеленбегенін атап өткен жөн¹⁵. Бұл әсіресе егіншілік мәселелеріне қатысты. Қала халқының өмірінде егіншіліктің зор рөл атқаратыны жоғарыда аталып өткен де болатын, ал қала халқы егіншілікпен кең көлемде айналысты. Қалалардың төңірегіндегі өңделетін бұл жерлердің дуалмен қоршалуы жиі кездеседі. Кейбір грамоталарға қарағанда (1400—1543 немесе 1548, 1634 жж.), егіншілікпен айналысқан қала халқына жер салығы — хараж салынуға тиіс болған, мұның өзі Түркістан қалаларының өмірінде егіншілік атқарған рөлді тағы бір рет дәлелдейді.

Бұл нарративтік шығармалар авторларының Сыр өңірі қалалары жөнінде қолданатын терминдеріне де әсер еткен. Бұл қалалар жөнінде шаһар (парсы-

ша — қала) термині өте сирек қолданылады; әдетте шығыстың орта ғасырлардағы деректемелерінде бұл терминмен төңіректегі ауылдық елді мекендерден көлемімен ерекшеленетін уәлаяттың әкімшілік орталығы аталады; сонымен бірге бұл орталық бекіністі дуалмен қоршалған. Рузбихан Сыр өңіріндегі бұрынғы уәлаяттар орталығы болған аса ірі Сайрам және Ясы (Түркістан) қалаларын осындай терминмен атайды¹⁶. Бұл қалалардың маңызын атап көрсете келіп, ол кейде оларды араб терминімен медицина — қала деп те атайды. Айтпақшы, Рузбихан және басқа авторлар шаһар деген терминді түрік тілдерінде көп тараған, тек бекіністің, қамалдың өзін ғана емес, сонымен қатар жалпы қаланы да білдіретін «қал'а» (арабша) деген терминмен жиі алмастырады, оның үстіне орта ғасырлардағы шығыс қалалары, әдетте, бекіністі дуалмен қоршалған. Деректемелерде Сыр өңірінің барлық ірі қалалары (уәлаяттардың орталықтары): Ясы, Сайрам, Отырар, Сауран, Үзкент «қал'а» деген терминмен аталады¹⁷. Сірә, оларды жергілікті түрік халқы да солай атаған болса керек. Сонымен бірге бұл терминді біздің авторлар Аркөк, Құжан сияқты бекіністі дуалдармен қоршалған болса да, шағын елді мекендерге де жатқызады¹⁸. Нақ сол шығармаларда ірі орталықтар жөнінде қалашық — «балада», шағын қоныс (арабшадан алынған көпше түрдегі ел, облыс, қала) деген термин де кездеседі, билад нысанында бұл терминді Рузбихан облыс, ел ретінде Түркістанға қатысты жиі қолданады¹⁹. Бірақ қалашықты, шағын қонысты білдіретін бұл терминнің шағын елді мекен, мысалы, уәлаяттың орталығы²⁰ болып қалғанымен, Рузбиханның кезінде-ақ көлемі болмашы болып қалған Сығанақ жөнінде қолданылатынының жөні басқа да, нақ сол Рузбиханның бұл терминді сол кездегі едәуір ірі қала Сайрамға («сүйкімді қала Сайрам») немесе оның өзі жергілікті билеушілердің астанасы деп атаған және Мас'уд бен Османи Кухистани «Түркістанның аса маңызды бекіністерінің бірі» деп сипаттайтын Ясы²¹ қаласына қолданады²². Ал кейде ірі елді мекендерге жоғарыда аталған дих (қоныс, ауыл) деген термин қосылып отырған және оны В. В. Вельяминов-Зернов қала деген сөзбен аударды²³.

Орта ғасырлардағы авторлар белгілі бір елді мекенге қолданған әр түрлі терминдердің өте көп нұсқаларын келтіруге болады. Мәселен, Васифи²⁴ Сауранды шаһар деп те, балада деп те, қал'а деп те, касаба деп те атайды, ал соңғысы «шағын қалашық» дегенді де, «үлкен ауыл», «қоныс» дегенді де білдіруі мүмкін. «Шараф-наме-йи-шахиде»²⁵, Үзкент қаласы сияқты Сайрам қаласы да жоғарыда аталған шаһар деген сөзбен қоса, шағын мекенді, егіншілікті қонысты білдірген «маузи'» терминімен де аталған. Бұл XVI ғасырдың аяғына қарай Сайрамның ірі орталық ретіндегі өз маңызынан айрылғанын көрсетуі мүмкін.

Белгілі бір елді мекендер жөнінде шығыста жазылған шығармалардың авторларынан, тіпті Рузбихан сияқты білгір автордан да байқалатын әр түрлі терминдер қолданудағы түсініксіздіктің жоғарыда келтірілген мысалдары қалалар мен ірі қоныстар арасындағы шаруашылық міндеттерінің шектеулі болмағанын, Түркістан қалаларының өмірінде егіншіліктің (саудамен және қолөнермен қатар) зор рөл атқарғанын тағы да бір дәлелдейді.

Сыр өңірі қалалары сипатының бұл елеулі жағы оларда феодалдардың саяси және экономикалық үстемдігінің бұрынғыдан да нығая түсуіне себепші болды. Егістік жерлердің де, жайылымдық жерлердің де алқаптарын иеленушілер сонымен бірге қаладағы билік етуші үстем тап болды.

Екіншілікпен осынша тығыз байланысты болған Сыр өңірі қалаларында сауда мен қолөнер едәуір дәрежеде дамығанымен де, олар ауыр салық салу жолымен де, толассыз соғыстар кезінде қала халқын талап-тонау жолымен де қолөнер кәсіпшілігі мен саудадан кіріс келтіріп отырған феодал билеушілерге толық тәуелді болды.

Сыр өңірінің қалалары үшін көшпелі Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның отырықшы аудандарының билеушілері арасында ұзақ уақыт бойы, табан тірескен күрес жүргізілгені мәлім. XIV—XVII ғасырларда Түркістанның қалалары ақырында, оларда қазақ хандары нығайғанға дейін Ақ Орда мен Алтын Орда хандарының, Темір мен маңғыттардың, Әбілқайырдың көшпелі өзбектері мен Темір ұрпақтарының, қазақ хандары мен Моғолстан билеушілерінің, Шайбани хан мен оның ұрпақтарының билігінде болып келді. Түркістанның бір-бірін ауыстырып отырған бұл әміршілерінің әрқайсысы, осы бай өлкеден мүмкін болғанның бәрін сығып алуға тырысты, мұның өзі, әлбетте, оның шаруашылық өміріне теріс әсер етті. Кезекті билеушінің әрқайсысы жаулап алынған аумақта емін-еркін билік етті, оны түгелдей немесе бөлшектеп хан тегінен шыққан біреудің немесе әскери-көшпелі феодал-шонжарлардың өкілінің үлестеріне айналдырды²⁶. XV ғасырдың ортасынан бастап жиырма жылдан астам уақыт бойы Созақ, Сығанақ, Үзгент қалаларында Әбілқайыр хан тағайындаған оның туысқандары мен әміршілері билік етті: Әбілқайыр ханның немере ағасының ұлы Бақтияр сұлтан, Түркістан уәлаятының бір бөлігін жаулап алуда көмек көрсеткен Манедан оғлан мен Уақас би маңғыт. Темір ұрпақтары кезінде Түркістанды уәкілдер немесе әміршілер (хакімдер) басқарды. XV ғасырдың аяғында Түркістанның хакімі әйгілі Мұхаммед Мәжит тархан болды, ол Ясы (Түркістан) және Отырар қалаларында отырды, ал оның ұлы Құл-Мұхаммед тархан Сауранды билеп-төстеді²⁷.

Сыр өңірінен жаулап алынған қалаларды Мұхаммед Шайбани хан да өзінің жақындарына ерсілі-қарсылы үлестірді. Түркістан үшін күрес кезеңінде Отырар бекінісін ол Мұхаммед-Темір сұлтанға, бауыры Махмұд сұлтанға Сауранды басқаруға берді, сонан соң өзбектер Мауараннахрға кеткеннен кейін Шайбани хан өзінің ағасы Күшкүнші сұлтанды (Көшім сұлтанды) бүкіл Түркістанның билеушісі етіп тағайындады²⁸. Күшкінші хан болған кезде ол Түркістанды оның ұлы Ұбайдолла сұлтанның үлесіне берді.

Сыр өңірінің қалалары қазақ хандарының қолына көшуіне байланысты хан тегінің мүшелері— сұлтандар жекелеген қалалар мен уәлаяттардың билеушілеріне айналды. Мәселен, XV ғасырдың аяғында, қазақтардың Шайбани ханның көшпелі өзбектерімен күресі кезеңінде, Жәнібек ханның ұлы Махмұд сұлтан бірсыпыра уақыт бойы Созақтың билеушісі болды. Бинаи бүкіл Созақ уәлаяты соның «иелігінде» болды, ал Сауран қаласын бір кездерде Жәнібек ханның ұлы Еренші сұлтан биледі дейді. Бұдан кейін (XVII ғ.), қазақтар Түркістан мен Ташкентті бағындырып алған кезде де, хан тегінен шыққандардың белгілі бір қалаларды иеленуінің үлесті жүйесі сақталды. Әбілғазы 1625—1626 жылдары қазақ ханы Есім Түркістан қаласын биледі, ал сол кезде Ташкент Тұрсын ханның қолында болды деп мәлімдейді.

Өзбек және қазақ хандарының Түркістандағы өз туыстарына немесе көшпелі шонжарлар өкілдеріне жер сыйлауы сойырғал түріндегі тарту болған еді, дегенмен де деректемелерден жоғарыда келтірілген және басқа да мысалдарда олар сойырғал деген терминмен аталмаған. «Шараф-наме-йи шахи-

де» қазақ билеушісі Хакназар ханға 1579 жылы Баба сұлтан берген екі уәлаят жөнінде осы термин кездеседі, ол Ташкенттен қашып шыққаннан кейін Түркістанның кейбір бөлігін басып алған еді: «[Баба сұлтан] яджудждар сияқты сол тобырға Йасы және Сауран уәлаяттарын сойырғалға берді»²⁹. Бірақ шынына келгенде бұл автордың бұл ретте істің мәнін көрсетпейтін, өзіне мәлім терминді қалай болса солай қолдана салуы еді, өйткені бұл арада әңгіме Баба сұлтанның басып алған жерлерін нақ сол жерге дәмеленген көршілес көшпелі тайпалардың билеушісіне әскери көмегі немесе бейтарап қалғаны үшін уақытша беруі жайында болып отыр. Хафиз Таныш қазақтардың Баба сұлтанды оның өзі Түркістан уәлаяттыңдағы басып алған жерінен ығыстырып шығарғанын, сөйтіп оның өз дұшпаны Абдаллах ханнан: «Жақында Дешті Қыпшақтан қазақ сұлтандары келіп, осы жерлерден жер (уәлаят) талап етуде, ал менде (оларға) қарсы тұратын мүмкіндік те, оларға қарсы күресетін күш те жоқ», — деп көмек сұрауға мәжбүр болғанын айтады³⁰.

Сойырғалдың Орта Азия мен Иранда сонау XIV ғасырдың өзінде кең таралған, салық салынбайтын және сот-әкімшілік жағынан қол сұғылмайтын, мұраға қалдырылатын жер жағдайының нысаны болғаны мәлім. XVI ғасырда билеуші әулет мүшелеріне, әміршілер мен әскербасыларына, феодал-шонжарларға тұрғын халқына үстемдік ету мүмкіндігі қоса берілген белгілі бір аумақ сойырғал деп аталды; сойырғал әскери не атқарған қызметіне қарай берілетін³¹. Түркістанда хандардың туыстары мен рулық-тайпалық шонжарларға сыйға берілген жерлер қалай аталғанымен, олардың мәні еш өзгеріссіз қала берді: жергілікті отырықшы халық пен қатардағы көшпелілерге әскери-көшпелі билеуші топтың үстемдігінде ешбір шек болмады. Қалаларымен, төңірегіндегі егіншілік қоныстарымен және оларға жапсарлас жатқан жайылымдарымен қоса тұтас аудандарды үлестіріп бере отырып, хандар өздерін әскери феодал-шонжарлардың қолдауын қамтамасыз етті, оларды соғыстан түскен олжалармен ғана емес, сонымен қатар қаладағы саудагер-қолөнерші және ауылдағы егінші халықтан алынатын салықтар мен алуан түрлі міндеткерліктер түрінде үнемі түсіп тұратын мол табыспен де қанағаттандырды. И. П. Петрушевский «Иран мен Орта Азияда көшпелі феодалдың — түрік және монғол жаулап алушыларының отырықшы егіншілерге үстемдік ету нысаны және осы соңғыларын қанау нысаны болған» сойырғал арқылы егіншілік аудандардың халқын көшпелі шонжарлар қанауының осындай сипатын атап өткен³². Ірі сойырғалдың иесі өзінің қол астындағы көшпелі тайпаға әскери күш ретінде сүйене отырып, өзін бүкіл ауданның толық құқықты әміршісі деп сезінетін. Қалалар мен ауылдардағы отырықшы халық ерекше ауыр қанауға түсті. Көшпелілердің егіншілікті ауданға келуі егінші және көшпелі халық мүдделерінің қатты қақтығысқа түсуіне әкеп соқты. Бұған жайылымдық жердің жеткіліксіздігі, көшпелілердің бос жатқан жайылымдарды ғана емес, егіс егілетін, суармалы жерлерді де жайылым ете беретіндігі және жергілікті халықтан көшпелілерге әрқашанда керекті қолөнер және егіншілік өнімдерін тікелей тартып алуы себеп болды. Көшпелі және егінші халық мүдделеріндегі бұл қайшылық Абдаллах ханның жоғарыда айтылған 1598 жылғы вақфтық грамотасында көрініс тапқан, ал оны берудің өзі Сығанақтың жергілікті егіншілерінің, Садр әл-Ислам Маулана Камал ад-диннің, Абдаллах ханның қол астындағы «көшпелі тайпалардың» (илатийе) «өз арықтарын бойлай орналасқан жерлерге зиян келтіріп отырғанына» шағым жасау-

ына байланысты қажет болған еді. Көшпелілердің егіншілікті ауданға қоныс аударуы, тіпті алғашқы уақытта болса да, өңделген жердің азайып кетуіне әкеп соғатын, дегенмен де кейіннен көшпелілердің бірсыпыра бөлігінің отырықшылануы, демек егістік жер көлемінің кеңею процесі жүретін.

Жергілікті егінші халықты қанауға жергілікті қала шонжарлары, ақсүйектер де, дінбасылары да септігін тигізіп отырды. Дешті Қыпшақ пен Орта Азия билеушілерінің Сыр өңірінің қалалары үшін ұзаққа созылған күресі бойында шонжарлар айтарлықтай еркін болды және сол кезде өз дұшпанын жеңіп шыққан билеушіден белгілі бір артықшылық алып, қарсыластар арасында бұлтарып отыра алатын еді. Деректемелерде бұған мысалдар аз емес. Сығанақтың жергілікті дінбасысы, Садр әл-Ислам Қазы Сыдық-шайх және бек Шықпақ жүзбегі сияқты қала шонжарлары Шайбани хан басып алған Сығанақты Түркістан уәлаятына келісімен-ақ қазақ ханы Бұрындыққа бере салды³³. Содан соң, Мұхаммед Шайбани моғол ханы Сұлтан-Махмұдтың көмегімен Түркістанның оңтүстігінде, атап айтқанда, Отырар мен Сайрамда орнығып алған кезде, «Сауранның молдалары мен қожалары» қаладан Темір ұрпақтарының әкімі Құл-Мұхаммед тарханды қуып шығып, өздеріне әмірші етіп Шайбани ханның інісін шақырды³⁴, бірақ үш айдан кейін Сауранның нақ сол молдалары мен қожалары және ақсақалдары сол кезге қарай Мұхаммед Шайбани ханды оның жаулап алған аудандарынан ығыстырып шығарып, Сауранды қоршаған Бұрындық хан мен Қасым сұлтанға бекіністі қолдан берді. Деректемелерде жергілікті шонжарлардың Мұхаммед Шайбаниге немесе қазақ ханы Бұрындыққа қосылған жекелеген өкілдерінің есімдері кездеседі. Жоғарыда аталған Шықпақ жүзбегінің деректемелерде Соғынлық маңындағы шайқасқа қатысқаны айтылады. Нақ сол шайқаста Отырардан Темір ұрпақтарының әкімінен Мұхаммед Шайбаниге қашып кеткен, «Түркістан жігіттерінің бірі» әмір Бек-Ата баһадүр қаза тапқан³⁵. Сайрамнан шыққан Шараф ад-дин Абд ар-Рахым Шайбани ханнан жоғары қызметтің бірі — садр қызметін алған³⁶. Шайбани хан Мауараннахрды басып алғаннан кейін оған Түркістан қалалары шонжарларының бұрын әр түрлі себептермен Темір ұрпақтарының иеліктеріне кетіп қалған өкілдері қосылған³⁷.

Жаулап алушыларды қолдай отырып, жергілікті шонжарлар өздерінің жер иелігін сақтап қалды және олардан әр түрлі артықшылықтар: салық салудан босатылған тархандық лауазымын, сыйға тартылатын жаңа жерлер, суландыру арықтарын алып отырды. Мәселен, «сол жердегі ақсақалдардың да ақсақалының» бірі Қазы Бекшік бастаған жергілікті шонжарлардың Аркөк бекінісін өз еріктерімен бергені және Шайбани ханға көптен бері қолдау көрсеткені үшін алғыс ретінде Шайбани хан оларға («осы бекіністің тұрғындарына») тархан атағын беріп, оларды «мемлекеттік (дуандық) ауыртпалықтар мен міндеткерліктен» (тархани аз тахлимат ва таклифат-и дивани) босатты³⁸. Тархандық артықшылықтармен негізінен қала шонжарлары пайдаланды, өйткені өңделетін жерлер нақ солардың қолында болатын және тархандық құқық алғанға дейін Темір ұрпақтарының мемлекеттік қазынасына салықты солар төлеуге тиіс еді. Ал шаруалар (диқандар) жерді шонжарлардан жалға алатын да, оларға шонжарлардың тархандық құқықтар алуынан ешнәрсе тимейтін. Орта Азияда XV ғасырдың аяғында тархандар билігі ерекше күшейді³⁹.

Хандар мен үлес иелерінен жергілікті халыққа зор ықпалы болған жоғары мұсылман дінбасыларының өкілдері ерекше пұрсаттар алды. Дінбасыларының

қолдауы олардың Түркістанға билігін нығайтуға көмектесті. Бүкіл Орта Азиядағы сияқты, бұл ауданда да мұсылман дінбасыларының қала мен ауыл өміріне жасаған ықпалы «жергілікті феодалдық жер пайдаланудағы дінбасылары үлес салмағының мейлінше жоғары болуына» негізделді⁴⁰.

Мұсылман дінінің шонжарлары (шайх әл-ислам, садр әл-ислам, қазилар, шейхтар, молдалар, мұтаваллилер) бір билеушіні екіншісі ауыстырған кезде өз иеліктері мен мол табыстарынан айрылып қалмауы үшін аймақтағы билікке кезекті үміткерге барынша қолдау жасап, жергілікті халықты оған бағынуға көндіріп отырды. Олар, өзбек ханы немесе қазақ ханы болсын, әрбір жаңа билеушіден ежелгі вақфтық жерлерге растайтын грамоталар алып отырды, жаңа жерлер мен басқа да тарту-таралғыларды иеленді. Мысалы, Абдаллах хан Әмір Темірдің Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің вақфтары туралы грамотасын бекітті. Ол 1598 жылы Әбу-л-Хасан Зийа ад-дин-шайх Сығанаки мазарының вақфын бекітсе, 1634 жылы нақ осы вақфты үлестің жаңа билеушісі Убайдаллах хан бекітіп берді. Вақфтық жерлер мұсылман дінбасыларына мол кіріс келтірді. Жергілікті дінбасыларының көптеген өкілдері: мұтаваллилер, хатибтер, Құран оқушылар (корра) және басқа адамдар вақфтық жерлерден, соның ішінде егіс алаптарынан, бақшалар мен баулардан түсетін табыс есебінен тіршілік етті. Табыстың көпшілік бөлігі вақф қорғаншысы мұтаваллидің үлесіне түсетін, ал ол вақф кірісіндегі өз үлесіне билік етіп қана қоймай (Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне Темір берген вақфтық грамота бойынша, бүкіл кірістің оннан бір бөлігін мұтавалли алатын болған), қалған бөлігінің де жұмсалуды бақылап отырған.

Түркістан жазирасында вақфтар суармалы жақсы жерлердің едәуір көп учаскелері болды және олар жер иеленудің ірі категориясына жататын, оларға салық салынбайтын еді. Тек Шайбани ұрпақтары тұсында ғана вақфтардан біраз уақыт салық алынды, сонан соң салық алудың қайтадан күші жойылды. Бұл Сыр өңірі қалаларының дінбасыларына қатысты грамоталардан да көрініс тапты. Абдаллах ханның 1598 жылғы грамотасында Зийа ад-дин Сығанаки мазарының вақфын салық салудан босатуға берілген нұсқаулар жоқ; нақ сол вақфтың өзгермейтіндігін растайтын 1634 жылғы грамотада оны барлық салық атаулыдан босату туралы және оның мазары жанында намаз оқушылар қызметін атқаратын осы «әулиенің» ұрпақтары болып табылатын барлық шейхтарға тархандық құқық беру туралы айтылады.

Жергілікті мұсылман дінбасылары билік еткен вақфтық жерлерден басқа да олар сатып алу арқылы да, түрлі адамдар, негізінен хандар тарапынан сыйға тарту арқылы да жиналған едәуір жер көлемін меншік иесі құқығымен иеленеді. Мысалы, Әмір Темірдің Сирадж ад-дин-шайхты шайх әл-ислам етіп тағайындау туралы грамотасымен оған төрт арықпен суландырылатын жерден бірнеше учаске сыйға тартылды, оның үстіне бұл учаскелердің бәрі мемлекеттік және жергілікті салықтардан босатылды, яғни олардың иесіне тархан құқықтары берілді. Шайх әл-исламнан кейін екінші маңызды адам болған рухани бас судья (Сығанақтағы куззат әл-ислам) қызметін бергенде де⁴¹, 1543 жылы Әбілғазы Абдар-Рахым хан баһадүр-сұлтан атынан берілген грамотадан көрінетініндей, грамотамен сыйлықта белгіленген басқа да ақшадай кірістермен қоса, жер және тархандық құқықтар берілген. Дінбасыларының жеке меншігінде жер болғаны туралы өзбек ханы Абдаллахтың 1598 жылғы грамотасында да айтылады, атап айтқанда, садр әл-ислам Камал ад-Дин өзінің «арықтарына [бойлай орналасқан] жеріне»

көшпелілердің келтірген залалын айтып шағым жасаған. Сірә, Имамкули хан (өзбектің Аштархани ханы) берген болуы мүмкін, 1617 жылғы грамотамен Асадаллах-Қожа ишанға дарубаста құқықтарымен, яғни салықтардан босатылып, Сайрам маңындағы суландыру арнасы, сонымен бірге оның пайдалануына суармалы жер берілген⁴².

Түркістандағы жергілікті мұсылман дінбасыларына Мұхаммед Шайбани ханмен бірге келген діни шонжарлар да қосылды. «Михман-намеде» Шайбани ханды құттықтау үшін түркістандық «ақсүйектермен және атақты адамдармен» (акабир ва айан) бірге Аркөкке келген бір «үлкен сеид» және «ғұлама ғалым» туралы айтылады. Осы «Йеменнен келген араб» Саййид Шамс ад-дин Мауараннахр мен Түркістанда жиырма жылдан астам уақыт бойы тұрған, Шайбани ханға жақын болып, оның Түркістанды жаулап алуына көмек көрсеткен, «енді ол Сайрам қаласында біржола тұрып қалды»⁴³. Осында, Сайрамда, ол «үй болып, малайлар» (ахл ва айал), мал және жер меншігін (маваши ва акар) алды, олары аз емес еді, сөйтіп Түркістанның ең атақты адамдарының қатарына қосылды.

Мұсылман дінбасыларының жер иеленуі туралы жоғарыда айтылғандардан Түркістан қалалары халқының өмірінде Ислам мен оның діни қызметшілерінің зор рөл атқарғаны түсінікті болады; діни шонжарлардың экономикалық күш-қуаты олардың саяси күші мен халық бұқарасына идеологиялық ықпалының негізі болған.

Қалалық (егіншілік) үстем таптың едәуір бөлігі дінбасыларынан басқа әскери феодал-шонжарлардың, сондай-ақ азаматтық әкімшіліктің өкілдері болатын. Тарихи шығармаларда және сый тарту грамоталарында айтылатын бектер (мыңбегі немесе мирхазарда — «мыңбасылар», жүзбегілер) және көп жер алабын меншік құқығымен болмаса да, шартты сыйлық құқығымен иеленген басқалар да сондай адамдар еді. Бұлар негізінен рулық-тайпалық көшпелі шонжарлардың өкілдері болатын; Түркістанға келгенге дейін иеленген сансыз көп малы мен ұлан-байтақ жайылымдарына қоса, олардың қолына егіншілік қоныстар мен суармалы жерлер тиді.

Орталық және жергілікті әкімшілік өкілдерінің арасында әр түрлі лауазымды адамдар: хандар мен үлес билеушілері қалалар мен уәлаяттарда тағайындап отыратын уәзірлер, уәкілдер (наместниктер), хакімдер, облыс билеушілері, губернаторлар аталған. Үлес билеушісінің өзі, сұлтан немесе бек болсын, барлық уақытта дерлік хан ордасында болған немесе соғыс жорықтарына қатысып жүрген.

Жоғарыда аталғандарынан басқа да әр түрлі чиновниктер — салық жинайтын адамдар, судың бөлінуін қадағалайтын қызметшілер — арбабтар болған. Грамоталардың бәрінде дерлік кездесіп отыратын арбаб терминінің (көпше алғанда рабб — әмірші, мырза: парсы тілінде көпше алынған түрінде помещик, мырза дегенді білдіреді) А. А. Семеновқа сілтеме жасай отырып, И. И. Иванов осылайша аударды⁴⁴. Бірақ бұл грамоталарда арбаб терминінің нақ ірі жер иесін білдіруі де мүмкін. Арбаб терминімен аталатын адамдарға грамоталарда «ұлы» және «құрметті» әмірлермен (1543 және 1598 жылдардағы грамоталар) және жоғары дәрежелі дінбасы шонжарлармен (1634 жылғы грамота) қатар қойылып, «мейірбан» (1543 және 1634 жылдардағы грамоталар), «ұлы» (1598 жылғы грамота) деген көтеріңкі эпитеттер қосылып отырады, мұның жай чиновниктер жөнінде айтыла қоюы екіталай. Сонымен бірге «суды қадағалайтын қызметшілер» де жататын «лауазымды адамдар» 1598 жылғы грамотада

жоғары лауазымды үстем тапқа, соның ішінде арбабтарға да жататын адамдардың басқа да барлық категорияларынан кейін айтылған⁴⁵.

Грамоталарда төменгі әкімшілік өкілдері: калантарлар (қалалық полиция қызметінің бастығы), кедхуд (ауыл бастығы) және басқалар айтылады. Олардың бәрі шартты түрде сыйға тарту құқықтарымен де, меншік құқықтарымен де (мильк) жер учаскелерін иеленген немесе халықтан жиналған салық есебінен күн көрген, мысалы, қаржы чиновниктері (амалдар) солай болған. Жерге меншік болғаны туралы Абдаллах ханның 1598 жылғы грамотасында айтылады; бірқатар су көздері (чашме) мен бірнеше суландыру арықтары Сығанақ тұрғындарының милькі деп аталған. Алайда қолда бар деректерге сүйене отырып, бұл мильктердің көлемін (олар ірі жер иелерінің меншігі болды ма немесе ұсақ шаруа меншігі болды ма, мүмкін, қауыммен де байланысты болған шығар) дәл айту мүмкін емес.

Біздің деректемелерде XV–XVII ғасырларда Түркістандағы жердің пайдаланылуы туралы мәліметтер жоқ деуге болады. Қаладағы салық төлеуші сөловиенмен бірге шаруалар деректемелерде ра'ийат (көпше алғанда — ра'айа) деген жалпы терминмен аталады. Негізінен бұл терминмен егінші шаруалар аталған. Сол деректемелердің негізінде, сондай-ақ Орта Азиядағы аграрлық қатынастар тарихынан алынған сондай мәліметтер бойынша шаруалардың бір бөлігі жерді меншік құқығымен иеленген, ал шаруалардың негізгі бұқарасы болатын басқа бір бөлігі әдетте өзі шаруашылықпен айналыспайтын ірі жер иелерінен жерді мұрагерлік жолымен немесе уақытша жалдау құқықтарымен жалдап алған деп қорытынды жасауға болады. Шаруалар шартты сыйланған жерлерді ұстаушы жер иелері мен меншік иелерінен шағын жер учаскелерін; вақфтық учаскелерді жалдап алған. Әмір Темірдің Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне берген грамотасында: «Аталған хатиб суымен қоса екі көш жер алып, оған егін егуге немесе ол жерді егістікке жалға беруге тиіс» делінуі вақфтық учаскелердің жалға берілетіні жайында айтылғаны күмәнсіз.

Жоғарыда аталған грамоталарда жалға алушы шаруалардың: шарик (парсыша, дәл мағынасы — қатысушы, жолдас, серіктес) және қаранде (парсыша: себу, егу) деген екі түрі аталады⁴⁶. Бұл екі термин жалпы үлесші тәуелді шаруаның мәні болды⁴⁷. Бұл үлестік жалдау шарттары туралы бізде бар деректемелерде айтылмайды. Бірақ жекелеген деректер бойынша үлесші шаруаларда көп нәрсенің болмағанын ұғуға болады. Мысалы, 1617 жылғы грамотада шаруалардың Асадаллах-Қожа ишанға дарубасқа берілген арықтың суын оның иесінің рұқсатынсыз пайдалануына тыйым салынатыны көрсетілген. Бұл тыйым салуды бұзғандық үшін кінәлі адам ишанның қарғысына ұшырап, оның күнәларын кешіруден айыруы мүмкін еді. Төңіректегі ауылдардың үлесші шаруалары (қарандехтар) жарлықтың бұзылғаны үшін, залал келтіргені және арықтың бүлінгені үшін олардан жеке мүлкін тартып алумен жауап берген.

Жоғарыда аталған вақфтық грамоталарда «шарик» термині «қожа» терминімен қатар жүреді. П. П. Иванов бұл сөзді «қожадан (жерді) жалға алатын шаруалар» деп аударады. Қожалар өздерінің діни беделін сақтаудан гөрі меншік құқықтарымен көп жер учаскелерін иеленген деген тұжырым жасайды⁴⁸. Бұл тұжырымның қаншалықты дұрыс болғанымен, грамоталарда үлесші-шаруалардың бұл жерді тек қожалардан жалдап алатыны неліктен бөліп көрсетілгені ғана түсініксіз, ал олар жерді жер меншіктенушілердің басқа да барлық категориядағы иеленушілерінен де

жалдап алатын еді. В. П. Юдин бұл ұғымды «қожа (және) шарик (категориясына жататын) райяттар» деп аударған; сонымен, шаруалар екі топқа: жерді меншіктенуші қожалар және үлесші жалдаушылар болып бөлінеді⁴⁹. Қожалардың әлдебір бөлігі, сірә, сол кезде және кейініректегі кезеңде (XVIII–XIX ғғ.) кейде тұтас ауылдан тұратын ауқатты меншік иесі-шаруалар категориясына жатқан болса керек⁵⁰. Бірақ қожалардың, араб жаулап алушылары ұрпақтарының және өздерін соларға қосатындардың негізгі бөлігі пұрсатты топқа еніп⁵¹, көбінесе жоғары діни қызмет атқарған. Мысалы, Сайрамның шайх әл-исламы Камал ад-дин-Қожа тегінен шыққан, ал ишан Асадаллах-Қожа ірі жер меншіктенуші болған⁵².

Деректемелерде қаланың саудагер-қолөнерші адамдарымен егінші және малшы шаруалардың қаналуы туралы мейлінше жалпылама мәліметтер бар. 1400, 1543 және 1634 жылғы вақфтық грамоталарда кеңінен мәлім салық хараж — жер алымы қаржы-қаражат (парсыша шығыс, шығын деген сөзден шыққан) нысанында да айтылады, осы соңғы күрделі термин жалпы алғанда тұрақты да, кездейсоқ та салықтарды, алымдарды білдіруі мүмкін. Грамоталарда алық ва салыг немесе «алық ва салық» деген күрделі термин келтіріледі. А. А. Семеновтың ұйғаруынша, бұл термин «салық», «жалпы алым» дегенді білдіреді⁵³. 1400, 1543 және 1634 жылдардағы грамоталарда «мардикар» (парсыша: мард — адам және кар — іс, жұмыс) термині де айтылады. Орта Азиядағы аграрлық қатынастарды зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл терминмен суландыру арықтарын қазу, оларды тазарту, көпірлер, жолдар салу мен оларды жөндеу және басқалар жөнінде жұмыс істеуге мәжбүр ету айтылған⁵⁴. «Мардикар» термині, тегінде, орта ғасырлардағы Иранда таралған бигарды еске салады, ол да «жұмыс істеуге мәжбүр ету» дегенді білдіреді⁵⁵.

Убайдаллах ханның 1634 жылғы грамотасында жоғарыда аталған алымдар мен міндеткерліктерге басқа да бірнешеуі қосылған. Мал-и жихад салығын В. В. Бартольд «наным үшін (қалмақтарға қарсы) соғысқа арналған ақша» деп ұйғарған⁵⁶. В. П. Юдин 1617 жылғы грамотаны түсіндіре келіп, мәтінді малваджихат деп оқыған жөн болар деп топшылады, бұл — «жер алымын» білдіретін белгілі термин (хараж терминінің синонимі)⁵⁷.

Ақырында, осы грамотада айтылған «құналғы» және «жамалғы» терминдері қала және ауыл халқы үшін «өтіп бара жатқан әскер бөлімдерін» (құналғы) және «қызмет бабымен жол жүріп бара жатқан әкімшілік адамдарын», жаушыларды, салық жинаушыларды, сондай-ақ әр түрлі атақты адамдарды (жамалғы) белгілі бір уақытқа тоқтағанда лайықты қабылдау жөніндегі ауыр міндеткерлікті білдірген⁵⁸. Райяттар олардың бәріне және олардың қызметшілеріне үй-жай, таситын құралдар беруге, оларды тамақтандыруға және т. б. міндетті болды.

Аталған салықтар мен міндеткерліктерге қоса деректемелерде басқа да, атап айтқанда, мұсылман құқығы бойынша міндетті салықтар мен міндеткерліктер айтылған. Олардың ішінде 1543 жылғы грамотада мұсылмандардан сауда мен жылжымайтын мүлік үшін алынатын алым — зекет туралы айтылады. Әскерді азық-түлікпен жабдықтау үшін шаруалар мен қала тұрғындарынан алынатын заттай алым «тағар» деп аталған⁵⁹. Бұл алымдардың мөлшері белгісіз. Ибн Рузбихан Исфханидің мәліметтеріне қарағанда, тағар түрінде әскер үшін азық-түлік, астық түріндегі (азық) та, салт мінетін аттар мен күш көліктері үшін жем (алық) жиналған⁶⁰. Тағар

жинаумен диуан чиновниктері (диуанийан) мен жасауылдар (йасавулан) айналысқан. Тағар шаруалар үшін ауыр салық болды, өйткені оның мөлшері айқын емес еді, ханның жіберген адамдары әскер күшіне сүйене отырып, халықтан қанша керек болса, соншасын «тартып» алатын, сөйтіп тұтас аудандарды күйзелтіп, қаңыратып кететін. Атап айтқанда, Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға жорыққа аттанған әскері үшін Ибн Рузбихан айтқан жағдайда «Түркістанның шығыс аудандарынан» бір айлық (йекмахе) азық-түлік жиналған. Әскер саны он мыңдап есептелетін. Мұхаммед-Темір сұлтанда ғана 30 мыңнан астам атты әскер, Сүйініш-Қожа ханда 10 мыңнан астам атты әскер мен 30 мыңдай жаяу әскер, Көшім сұлтанда 10 мыңдай атты әскер мен 20 мың жаяу әскер болған⁶¹. Тағардың көлемінің қомақты және бұл салымның райияттар үшін қаншалықты ауыр және күйзелісті болғанын шамалауға болады.

Деректемелерде шаруаларды қанауды жүзеге асыру үшін қолданылған бүкіл салық жүйесін сипаттайтын мәліметтер аз кездеседі. Қалалардың негізгі халқының — қолөнершілердің, ұсақ саудагерлер мен басқа категориялы адамдардың жағдайын сипаттайтын деректер де жеткіліксіз. Түркістан қалаларының бүкіл тіршілік-тынысы оның феодал әміршісіне бағындырылғанын атап өткен жөн. Жоғарыда айтылған салықтар, міндеткерліктер мен әр түрлі алымдар шаруаларға (егіншілерге, қатардағы көшпелілерге) ғана емес, сонымен қатар қалалық саудагер-қолөнерші халыққа да ауыр салмақ болып түсті. Орталық билік (хан) пайдасына бола салықтан босату, яғни жоғарыда айтылған тархандық құқықтар беру шонжарлардың баюына ғана қызмет етті. Қалалық және ауылдық қарапайым адамдар бұрынғысынша жер меншіктенушінің немесе жерді шартты түрде сыйға алған уақытша жер иеленушінің пайдасына түсетін салықтар мен жалдау ақысының бүкіл ауыр-тпалығынан зардап шекті.

Райияттарды қанау сауда-қолөнер қалалары мен егіншілікті қоныстардың көшпелі шонжарлардың қолына көшуімен одан әрі күшейе түсті. Осы орайда қазақ ақсүйектерінің экономикалық күш-қуаты артты, олардың билігі қатардағы көшпелі малшылардың қалың бұқарасына ғана емес, егіншілікті және қала тұрғындарына да тарады. Халықты қанау мен феодалдармен қарым-қатынастар күшейді. Қоғам дамуының өскелең талаптарын қанағаттандырудан туындаған, XVII ғасырдың аяғында Тәуке хан бір жүйеге келтіріп, толықтырған қазақтардың әдетті құқық нормаларын қалыптастыру қажеттілігі туды.

¹ *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992, 321-б.

² Путешествия Ивана Шильтбергера по Европе, Азии и Африке с 1394 по 1427 год. Одесса, 1866, 55-б.

³ *Мирза Мухаммад Хайдар.* Та'рих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского. Ташкент, 1996, 472-б.

⁴ *Петрушевский И. П.* Земледелие и аграрные отношения в Иране XIII—XIV веков. М.—Л., 1960, 44-б.

⁵ Казахско-русские отношения в XVI—XVIII веках (Сборник документов и материалов). А., 1961, 15-б.

⁶ *Ал-Хадждж Абд-ал-Гафар Крыми.* Умдат аш-таварих. Стамбул, 1343 (1925), 93-б.

⁷ *Бартольд В. В.* Турецкий эпос и Кавказ // Сочинения. Т. 5. М., 1968, 479-б.

- ⁸ *Искандар Мунши*. Тарих-и аламарай-и Аббаси. Рукопись ИВ РАН. 444-б., л. 670.
- ⁹ *Бартольд В. В.* История культурной жизни Туркестана // Сочинения. Т. 2. Ч. I. М., 1963, 367-б.
- ¹⁰ История Казахской ССР. Т. 2. Алматы, 1979; Народы Средней Азии и Казахстана. Т. 2. М., 1963, 330-б.
- ¹¹ *Мухаммед Салих*. Шейбани-наме. Джагатайский текст. СПб., 1908, 123-б.; *Бартольд В. В.* Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии // Сочинения. Т. 5. М., 1968, 452—453-б.
- ¹² Древнетюркский словарь. Л., 1969, 464-б.
- ¹³ История и социология. М., 1964, 273-б.
- ¹⁴ «Шараф-наме-йи шахи», лл. 216а, 308б, 323а; Грамота от 1617 г. (П. П. Иванов. Хозяйство джуйбарских шейхов, 341-б.); МИКХ, 246, 257, 261 және басқа беттер.
- ¹⁵ Бұл жағдай ортағасырлық басқа да шығыс елдеріне тән. Қараңыз.: *Ашрафян К. З.* Городские движения в Делийском султанате в XIII-XIV вв. «Советское востоковедение». № 4, 1958, 62-б.; *Соныкі*. Делийский султанат. К истории экономического строя и общественных отношений (XIII-XIV вв.). М., 1960, 161—162-б.
- ¹⁶ «Михман-наме», лл. 47 а, 109 б және басқалар. Сондай-ақ қараңыз: «Шараф-наме-йи шахи», л. 278 а; «Шайбани-наме», лл. 7 а, 8 а, 9 а, 10 б.
- ¹⁷ Бұл да сонда, «Шайбани-наме», лл. 47 а, 57 а, 78 б, 109 б және басқалар; «Та'рих-и Абу-Хайрхани», л. 328 б; «Шараф-наме-йи шахи», лл. 322 а, 346 б.
- ¹⁸ «Михман-наме», лл. 47 а-б, 120 а және басқалар.
- ¹⁹ Бұл да сонда, лл. 104 б, 106 а және басқалар.
- ²⁰ Бұл да сонда, лл. 47 а, 109 б.
- ²¹ Бұл да сонда, лл. 47 а, 109 б, лл. 112 а-б, 114 б, 115 а, 116 а-б.
- ²² «Та'рих-и Абу-л-Хайр-хани», л. 328 б.
- ²³ *В. В. Вельяминов-Зернов*. Исследование..., ч. II, 282-б.
- ²⁴ «Бадаи ал-вакаи», 337, 341, 342, 378-б.
- ²⁵ «Шараф-наме-йи шахи», лл. 261 а, 308 б, 323 а.
- ²⁶ *Иванов П. П.* Очерки по истории Средней Азии (XVI — середина XIX в.). М., 1958, 54-б.
- ²⁷ «Таварих-и гузида», л. 108 а-б, бұл жерде Құл-Мұхаммед Сауранның бегі, ал «Фатх-намеде» (л. 112 а) Шады хакім ретінде айтылады.
- ²⁸ «Михман-наме», л. 62 б, 78 б; «Таварих-и гузида», л. 108 б; «Шайбани-наме», л. 36 а.
- ²⁹ «Шараф-наме-йи шахи», л. 278 а.
- ³⁰ Бұл да сонда.
- ³¹ История Узбекистана. Ташкент, 1993, 42—43-б.
- ³² *Петрушевский И. П.* Земледелие и аграрные отношения в Иране, 274-б.
- ³³ «Таварих-и гузида», л. 106 а; «Шайбани-наме», л. 14 а-б.
- ³⁴ «Таварих-и гузида», л. 108 б; «Фатх-наме», л. 112 а-б; «Шайбани-наме», лл. 18 б-19 а.
- ³⁵ «Таварих-и гузида», л. 97 б; «Шайбани-наме», л. 9 а.
- ³⁶ «Михман-наме», л. 114 б.
- ³⁷ *Мукминова Р. Г.* К вопросу о переселении кочевых узбеков в начале XVI в. «Известия АН УзССР», 1954, № 1, 77-б.
- ³⁸ «Шайбани-наме», л. 7 а; «Михман-наме», лл. 47 б, 48 а.
- ³⁹ *Мукминова Р. Г.* Социальная дифференциация населения городов Узбекистана в XV—XVI вв. Ташкент, 1985, 20—21-б.
- ⁴⁰ *Иванов П. П.* Хозяйство джуйбарских шейхов, 29-б.
- ⁴¹ *Семенов А. А.* Очерк устройства центрального административного управления Бухарского ханства позднейшего времени. «Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии». Труды АН ТаджССР, т. XXV, 1954, вып. 2, 31-б.
- ⁴² *Иванов П. П.* Хозяйство джуйбарских шейхов. М.-Л., 1954, 314-б.; *Абдураимов*

М. А. Очерки аграрных отношений в Бухарском ханстве в XVI — первой половине XIX вв. Ч. I, Ташкент, 1966, 281-б.

⁴³ «Михман-наме», л. 50 а.

⁴⁴ *Иванов П. П.* Очерки истории каракалпаков, 34-б.; *Семенов А. А.* Очерк поземельно-податного и налогового устройства Бухарского ханства. Труды САГУ, серия II, вып. I, Ташкент, 1929, 29-б.

⁴⁵ *Абдураимов М. А.* Очерки аграрных отношений в Бухарском ханстве, 100, 295-296-б.

⁴⁶ Грамоты 1400 (1401 г.) 1538, 1543 (или 1548), 1634 гг.; *Иванов П. П.* Хозяйство джуйбарских шейхов, 341-б.; Дарубест 1617 г.

⁴⁷ Об арендаторах-издольщиках Средней Азии, обозначавшихся этими терминами, караңыз: *Иванов П. П.* Из области среднеазиатской хозяйственной терминологии. Известия АН СССР», 1935, № 8, 755-б.; *Соныкі.* Очерк истории каракалпаков, 35-36-б.; *Семенов А. А.* Очерк поземельно-податного и налогового устройства., 29-30-б.

⁴⁸ *Иванов П. П.* Очерк истории каракалпаков, 35-б.

⁴⁹ МИКХ, 283-б.

⁵⁰ *Семенов А. А.* Очерк устройства центрального административного управления Бухарского ханства., 14 және 65-б.

⁵¹ *Бул да сонда, сондай-ак: Бартольд В. В.* История культурной жизни Туркестана, 275-276-б.

⁵² МИКХ, 285-б.; Грамота 1617 г. Мына кіт.: *Иванов П. П.* Хозяйство джуйбарских шейхов, 314-б.

⁵³ *Семенов А. А.* Очерк поземельно-податного и налогового устройства, 5-6-б.

⁵⁴ *Бул да сонда, 6-б.; Кисляков Н. А.* Патриархально-феодалные отношения среди оседлого сельского населения Бухарского ханства в конце XIX — начале XX в. Труды ИЭ, т. LXXIV, М.-Л., 1962, 114-б.; *Абдураимов М. А.* Очерки аграрных отношений в Бухарском ханстве, 292-б.; *Мукминова Р. Г.* Социальная дифференциация населения городов Узбекистана, 24 және басқа беттер.

⁵⁵ *Петрушевский И. П.* Земледелие и аграрный вопрос в Иране, 394-б.

⁵⁶ *Бартольд В. В.* Отчет о командировке в Туркестан, 268-б.

⁵⁷ МИКХ, 283, 420-б.

⁵⁸ *Семенов А. А.* Очерк поземельно-податного и налогового устройства., 6-б.

⁵⁹ *Петрушевский И. П.* Көрсетілген еңбегі, 360, 383-б.

⁶⁰ «Михман-наме...-йи Бухара», л. 47а.

⁶¹ *Бул да сонда, л. 48 а, 63 б.*

Жетінші тарау

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

1. РУХАНИ МӘДЕНИЕТ

Өз мемлекетінің құрылуы қазақ халқы рухани мәдениетінің одан әрі дамуында зор маңызы болды. Оның түрі, тақырыбы мен мазмұны алуан түрлі болып, бұрынғы дәуірлердің мәдениетін қисынды жалғастырды. Оның құрамында аңыз-хикаялар мен кейінгі фольклорлық туындылар, орта ғасырлардағы қолжазба кітаби дүниелер мен қазақтың төл әдебиеті, тарихи-шежірелік және құқықтық қатынастар мен шешендік өнері, музыкалық және халықтық-драмалық шығармашылық пен халықтың көңіл көтеретін ойындары түгел қамтылған...

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысы мен өмірінің өзіндік ерекшелігі, сондай-ақ көшпелі және отырықшы өмірдің, мал шаруашылығы мен егіншіліктің үйлесімді ұштастырылуы халық мәдениетінің бірегей түрлерін туғызып, қоғамның рухани өмірінде жыраулардың поэзиясын, шешен-билердің шығармашылығы мен батырлық және тарихи мазмұндағы эпостарды алдыңғы қатарға шығарды.

Жыраулар поэзиясы. Дербес мемлекеттілік, оны қорғау мен нығайту қажеттігі жағдайында бір мезгілде әрі көреген суырып салма ақын, әрі хандықтың бас идеологы, әрі хандардың серігі және кеңесшісі, әрі тайпаның жауынгер-басшысы ретінде көрінген жыраулардың рөлі едәуір арта түсті... Хандықтың қаз тұруы кезеңінде қоғам мен мәдениетте этатизм және күшті хан билігі идеясы басты идея болды және ол жыраулардың поэзиясы мен жаңа эпикалық және тарихи фольклорлық туындыларда ерекше шабытпен жырланды. Жыраулар поэзиясы мемлекет пен билеушіге қызмет етті және мемлекетке қызмет көрсететін әдебиетті қалыптастырды. Олар мемлекет пен билеушіге қызмет етуді өздерінің басты мақсаты деп білді, күшті әміршіні дәріптеді. Ханның кеңесшісі және идеологы болған жыраулар мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелері бойынша суырып салып айтып, өз сөздерін тікелей әміршіге арнаған. Олар толғауларын хан кеңесінде немесе бүкілхалықтық жиналыста айтқан және олардың айтқандары поэтикалық ойланыс-толғау не арнау түрінде болған, олар бұл туындыларында өз дәуірі мен өткен дәуірді өсиеттік-философиялық тұрғыда жырлап, оларды салыстырып отырған, елдегі жағдайға баға беріп, болып жатқан оқиғалар туралы өз пікірлерін білдірген, ақыл-кеңес айтып, ұсыныстар берген, көбінесе сәуегейлікпен болжам жасаған.

Жыраулардың шығармаларында кейде оппозициялық ой-пікірлер білдірілді. Олар өздерінің ханға немесе сұлтанға арнаған жырларында

билеушінің белгілі бір шешімін не іс-әрекетін мақұлдамайтынын ашық айтып, әміршіні сынап та отырған. Жыраулар өздерінің сынында мемлекет мүдделерін негізге алған және «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген принцип ұсталып, шешендік өнер жоғары құрметтелген («Өнер алды — қызыл тіл») қоғамда олардың беделі жоғары болған.

Жыраулар поэзиясының басты тақырыптары Қазақ хандығын құраған тайпалардың топтасқандығы мен бірлігі, мемлекетті және оның әскери күш-қуатын нығайту мәселелері болды. Мұның өзі жыраулар поэзиясында ерлік тақырыбының басымдық алып, өз мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығын жырлауға жеткізді. Жыраулар билеушілердің және адамдар жокшылық дегенді білмей, молшылықта өмір сүретін қоғамның мінсіз бейнелерін жасады. Олар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік проблемалармен қатар әдеп пен мораль, ар-намыс пен қадір-қасиет мәселелерін қорғады, өмір мен өлім туралы, дүниенің құбылмалылығы мен жалғандығы туралы өз ойларын толғады.

XVI—XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының аса ірі өкілдері — Шалкиіз (Шалгез) Тіленшіұлы (1465—1560), Доспамбет жырау (шамамен 1490—1523), Жиёмбет жырау (XVII ғ.), Марғасқа жырау (XVII ғ.), Ақтамберді жырау (1675—1768), Тәтіқара ақын (XVIII ғ.), Үмбетей жырау (1697—1786), Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693—1787).

Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде ұзақ та қызықты, алайда тартысқа толы қиын ғұмыр сүрген Шалкиіз (Шалгез) Тіленшіұлы (1465-1560) аса көрнекті жырау болды. Ол атақты тектен (Едіге ұрпақтарынан) шыққан, өте жақсы білім алған, Үлкен Ноғай ордасының билеушісі Темір ханзадаға жақын жүріп, оның нөкерлерімен бірге Стамбул мен Қырымда, Дон мен Солтүстік Кавказда болған, содан соң қуғынға ұшыраған. Өмірінің соңғы жылдарын Қазақ хандығында өткізген.

Шалкиіздің біздің заманымызға дейін жеткен туындылары (олар 30-ға жуық) оны ақындық өнердің тамаша шебері және кең ауқымды ақын ретінде сипаттайды. Оның шығармаларында сол кездегі жыраулар поэзиясы толық жинақталып, оның бүкіл мәнін бейнелейді. Онда әміршіге тікелей арнау да, мадақ өлендер де, болмыс туралы философиялық толғаныстар да, халық туралы, билеуші туралы және өзі туралы ойлар да, ізгілік пен зұлымдық туралы, жақсы мен жаман туралы, достық пен дұшпандық туралы дидактикалық толғаулар да бар. Және осының бәрі көркемдігі жоғары поэзия тілімен, таптырмас теңеулер, жарқын метафоралар, синтаксистік және психологиялық параллелизмдер арқылы баяндалған.

Шалкиіздің Темір ханзадаға екі арнауы мен өзі және батыр мұраты туралы бірнеше толғауы оның ең көрнекті туындылары болып табылады. Темірге арнаған бірінші жырында қуғынға ұшыраған жырау әміршіні мадақтай отырып, оған қорлағаны үшін өз ренішін шеберлікпен білдіреді, ал екіншісінде сарайдан қуылған ол енді өзінің жеке басының ренішін емес, халықтың тағдыры туралы айтып, әміршіні Меккеге тауап етіп қайтуға үгіттейді. Ал мұның өзін де ол шеберлікпен айтады: Темірді дәріптеп, оны мінсіз билеуші деп бейнелейді, сонан соң оған жұрттың бәріне қадірлі сұлтан қажылыққа кетсе, оның елі мен халқында ие болатынын сөз етеді.

Осы екі арнауда асқан дарынды ақынның асқақ бейнесі мен асыл текті жауынгер-батырдың құдіретті тұлғасы бар болмысымен көрінеді.

Шалкиіздің поэтикалық таланты еш жағынан билеушіден кем түспейтін, тіпті данышпандығы мен ізгілігі жағынан одан да асып түсетін жауынгер-ақынның тамаша бейнесін сомдап соғып, осы бейне арқылы батылдықтың, ерліктің және жайсаң жандылықтың эталонын көрсеткен. Оның сырттай қарағанда мақтау өлендері билеушіні мақтаудан гөрі, жыраудың өз бейнесін ашып көрсетуге арналған. Ол жасырын қарсыласы — әміршіні қаншалықты жоғары қойса, жырау өзін соншалықты іштей асқақтата түседі. «Жырау — билеуші» оппозициясы поэтикалық құралдармен өте астарлы әрі шеберлікпен берілген. Солай бола тұрса да, Шалкиіз әділ билеушінің аса көрнекті рөл атқаратынын теріске шығармайды және оның адамдық қасиеттері өзінің жоғары жағдайына сай келгенін, өзі басқарып отырған мемлекет пен халықтың оған бола зардап шекпегенін қалайды. Оның адал берілгендік ойлары мен дәріптеулерінің негізінде мінсіз әміршіге деген сенім жатыр.

XVI ғасырдағы ең жарқын ақын-жыраулардың бірі — Аймадет Доспамбет жырау (шамамен 1490—1523). Оның өмір сүрген мезгілі әлі дәл анықталған жоқ. Бір зерттеушілер оны 1490 жылдардың орта шенінде туып, 1523 жылы қаза тапқан деп есептейді¹, ал екінші біреулері жырауды шамамен 1525—1596 жылдарда өмір сүрген деп топшылайды².

Доспамбет жырау, оның өз шығармаларынан көрінетініндей, Азов қаласында, XVI ғасырда құрылып, Төменгі Дон даласы мен Азов қаласының төңірегін алып жатқан Кіші Орданың атақты әскербасының отбасында туған. Болашақ жырау өз тегіне лайықты тәрбиеленіп, білім алған. Толысқан шағында ол Стамбул мен Қырымда болған, Бақшасарайға және Дешті Қыпшақтың көптеген жерлеріне барып, Ресейге қарсы бірқатар соғыс жорықтарына қатысқан. Түрік билеушілері арасындағы өзара қырқысқан қақтығыстардың бірінде қаза тапқан. Оның «Ер Мамайдың алдында шаһид кештім, өкінбен» деген сөздеріне қарағанда, ол шамамен 1549 жылға дейін қаза тапқан, өйткені билеуші Мамай сол жылы дүниеден өткен еді.

Өмірден қыршын кеткен Доспамбет өзін ханның кеңесшісі және хандықтың идеологы болған жыраулардың классикалық үлгісі ретінде көрсетіп үлгірмеді. Алайда оның бізге дейін жеткен поэтикалық мұрасының өзі-ақ ол жөнінде өмірді бүге-шігесіне дейін біліп, өлендерінде өз өмірінің негізгі оқиғаларын бейнелей білген талантты жауынгер ақын деуге мүмкіндік береді. Ол да өмір мен өлім жайында жырлағанымен, Доспамбеттің поэзиясында жыраулардың шығармаларына тән дәстүрлі өнеге-өсиет пен философия айтылмайды. Ол салқынқандылықпен пайымдап, ойлайтын және болжал жасайтын, өмірде көпті көрген жыршы ретінде сөйлемейді. Доспамбет жалындап, жанады, жырлары күш-жігер мен үмітке толы. Оның жырларында өмірден қыршын кететініне өкініш жоқ. Керісінше, ол лайықты өмір сүргеніне сенімді және ешнәрсеге өкінбейді. Ол Сарыарқа даласындағы кескілескен шайқаста қаза табатын жауынгерді пір тұтады. Доспамбеттің айтуынша:

«Қоғалы көлдер, қом сулар
Қоныстар қонған өкінбес,
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес,
Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес,

Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес,
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес,
Құрама шапшақ көп қымыз
Құйып ішкен өкінбес...»

Ол өз өмірін нақ осындай деп біледі. Мұндай өмір оны толық қанағаттандырады. Ол осындай өмірді дәріптейді, соған сүйсінеді. Доспамбет жырау көп жағдайда бірінші жақтан жырлайды және көбінесе өзі жайында айтады. Ол өзін ең алдымен:

«Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
Қатарланып, қарланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
Қабырғадан қараған
Достым менен дұспаным:
«Апырым, ер Доспамбет!» дегей ме!..»

дейтін ер жігіт етіп көрсетеді.

Оның туындылары арасында кейбір дәрежеде өмірбаяндық сипаттағы толғау ерекше көрінеді. Бұл — басқа жыраулардың осындай шығармаларынан ерекшеленетін қоштасу жыры. Онда қайғы-қасірет пен өкініш, күңіреніп, түңілу жоқ. Толғау-қоштасу жырларында жиі кездесетін күйректік пен қайшылықтан ада, онда ақынның тағдыры туралы қысқа болса да, кең көлемде баяндалады. Өлең автор жекеден жалпыға біртіндеп баратындай етіп құрылған: әуелі өзіне сипаттама береді және өзінің қалай жараланғанын айтады, сонан соң әйелі мен балалары жайында баяндап, содан кейін туған жерімен қоштасады. Осының бәрі параллелизмді қолдана отырып, асқан ақындықпен баяндалады, онда бірде бастан өткен тамаша күндер еске алынып, бірде орындалмаған армандары мен атқарылмаған істері тізіп келтіріледі. Бұл орайда ол армандарының орындалмағанына еш өкінбейтінін былай деп шабытпен түсіндіреді:

«Бүгін, сонды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен!..³»

Жыраулардың поэтикалық дәстүрінің жарқын өкілі **Жиембет жырау Бортоғашұлы** болып табылады, ол XV ғасырдың соңғы үштен бірі мен XVI ғасырдың ортасына дейінгі кезеңде өмір сүрген. Ол Байұлы тайпасының Тана руын билеген ірі феодалдардың арасынан шығып, Есім ханның Кіші жүздегі әмірі болған. Жиембет батыр ретінде де мемлекет пен ханның өз өмірінде елеулі рөл атқарған, Есімді ақ киізге көтеріп, хан жариялағандар қатарында қатысқан. Ол — қазақтар мен ойраттардың соғыс қақтығыстарында (1620 ж.), сондай-ақ Ташкент билеушісі Тұрсынның бүлігін басуда (1627 ж.) шешуші рөл атқарған басты қайраткерлердің бірі. Жиембет өмір дәрежесіне қанағат

тұтпай, өз мемлекетін құруға және Қазақ хандығынан бөлініп шығуға ұмтылды. Сеператистік пиғылы үшін ол хандықтың ойраттармен шектесетін аудандарына жер аударылып, бір деректерге қарағанда, айдауда жүріп өлген⁴, ал екіншілері бойынша, 1645 жылы Есім хан өлгеннен кейін Отанына қайтып оралған⁵.

Жиёмбет жыраудың мұраларынан оның ханға арнаған үш толғауы мен туған жерін сағынып, ешнәрсені өзгерте алмайтындығына күйінетін айдауда жүрген ақынның жай-күйі туралы екі лирикалық өлеңі ғана сақталған.

Есім ханға арнаған толғауында Жиёмбет өзін нағыз жырау ретінде көрсетеді: ханмен бірге мемлекетті нығайту жолында күреседі де, сонымен бірге өз әміршісіне оппозицияға көшіп, оның қаһарына ұшырайды.

Туындыларының мазмұнынан көрінетіндей, Жиёмбет қажет болған кезінде билеушімен терезесі тең сөйлесіп, өз пікірін ашық айта алатын, оның өркөкірек өзімшілдігі мен алысты болжай білмейтіндігін, оның іс-әрекетіндегі қателіктерін көрсете алатын өте ықпалды адам болған... Толғауында жырау әміршіге өзінің керек болған күндерін және мұның көмегін ешбір елемегенін оның есіне салады. Ол былай тұрсын, жырау Есім ханды өзі мен інісін ренжітіп, қорлағаны үшін кек алмақшы болып қорқытады. Жыраудың мұндай батылдығы дәстүрге ғана байланысты емес. Жиёмбеттің бұлай дейтін себебі, оның Есім хан алдында сіңірген еңбегі зор: тандаулы билермен және бектермен бірге ханды ақ киізге отырғызып, хан көтерген, әрқашанда оның қасында болып, қолдап жүрген, шайқастар мен қиын жағдайларда талай рет құтқарған. Мұндай іс-қылықтың тағы бір себебі – Жиёмбет жаугерлігімен және батырларымен данқы шыққан күшті әрі саны көп тайпаның басшысы болатын. Сонымен бірге Жиёмбет ордада аса беделді болып, атағы шыққан, жырау және батыр ретінде әр болып қана қоймай, әділ би әрі тілге жүйрік шешен де болған.

Оның толғауында хан мен жырау бейнелері антитезаны қолдану және ханды екі жағдайда: Жиёмбетпен араздасқанға дейінгі және онымен араздасқаннан кейінгі жағдайларда теңестіру жолымен жасалған.

XVII ғасырда Ақтамберді жырау Сарыұлы өмір сүріп, жырлап өтті, оның поэзиясында ерлік пен лирика, нақтылық пен бұлдырлық ұштасып отырады. Ол 1675 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау өңірін мекендеген ауқатты феодалдың отбасында туған. Ақтамберді ата-анасынан жастай жетім қалып, алыс жамағайыны, аймаққа белгілі Бердіке батырдың қолында тәрбиеленген, болашақ жырауды жас кезінен жауынгерлік өнердің қыр-сырына сол кісі баулиды. Жасөспірім кезінде-ақ Ақтамберді қазақтардың Моғолстан мен Жоңғарияға жасаған жорықтарына қатысып, ержүрек батыр-жауынгер деген атағы шығады. «Зор қасіретті ақтабан-шұбырынды» жылдарында ол жұрт таныған батыр-жыршы және Орта жүздегі беделді рубасы ретінде жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болып, көптеген шайқастарға қатысқан. Жоңғар хандығы талқандалғаннан кейін Ақтамберді өз тайпаларын ежелгі туған жеріне көшіреді, өзі де сол жерлерге қоныс аударып, 1768 жылы сонда қайтыс болған⁶. Ақтамберді жыраудың жиырма алты туындысы белгілі. Олар тақырыбы жағынан үш топтан тұрады және тиісінше жауынгер-ақын өмірінің үш кезеңін: жастық шағын, толысып, данқы шыққан жылдарын және егде тартқан кезін бейнелейді.

Бірінші топтағы туындылар, тегінде, жас Ақтамберді жоқшылыққа ұшырап, адамгершілік-жан күйзелісін бастан кешірген кезеңде туған болса ке-

рек. Оларда тағдырына налу, өзінің жалғыздығына, кедейлігі мен дәрменсіздігіне мұңаю басым. Лирикалық кейіпкер жападан-жалғыз және қорғансыз, көп қорлық көреді, өзін бәрінен айырылып, жұртта қалғандай сезінеді. Ол мұңайып, өзін бар күшімен көрсетіп, өзін-өзі қорғай алатындай жасқа тезірек жеткісі келеді. Ол жақсылыққа деген үмітке бөленіп, өзімен жұрт санасатын күнді армандайды... Ақырында, кейіпкер он жеті жасқа толып, қолына семсер алады да, жауларынан кек алуға аттанады.

Ақтамберді өмірінің көпшілігін жорықтарда өткізіп, қазақтардың тамаша жеңістері де, олардың жаудан масқара болып жеңіліс тапқандарын да көзімен көріп, куәсі болған, батырлардың ержүректігі мен қорқақ тайпаластарының жүрексіздігін көрген. Оқиғалар мен кескілескен шайқастардың қайнаған ортасында жүріп, жауынгер-ақын ұрыстарға қатысып қана қоймай, жалынды жырларымен жауынгерлерді батылдық пен ерлікке шақырып, олардың бойында өздерінің күшіне сенімін нығайтты және жауға бірлесіп тойтарыс беруге топтастырды:

«Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас.
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазырейіл тура келмей жан алмас!¹⁷.»

Екінші топтағы туындылардың арқауы — табандылық пен ерлік рухы. Сонымен бірге мұнда лирикалық кейіпкер арқылы Ақтамберді жыраудың арманы, оның дүниені түсінуі мен өмірге көзқарастары білдірілген өлеңдер де бар. Лирикалық кейіпкер ержүрек жігіттердің жауды жеңіп, дұшпанның сұлу қыздарын олжаға түсіретін кезін, елде бейбітшілік пен тыныштық орнап, соның арқасында өзінің халықтың басын қосып, оны берекелі бай жерге жайғастыратын күн туатын кезді, адамдардың құлдарды қожайынның туған балалары сияқты киіндіретіндей бай өмір сүретін кезін, лирикалық кейіпкердің өз күндерін кеменгер адамдармен ақылға толы әңгіме-дүкен құрып, ұлан-асыр той жасайтын кезді, өзінің қонақтардың аузынан ақ май ағызып, Атымтай сияқты даңқын шығаратын кезін, тобылғы торы сәйгүлік мініп, айдай сұлу ару құшатын... және т. т. кездерін армандайды.

Сөйтіп Ақтамберді жырау өз толғауларында жалпы жұрт рахатқа бөленетін қиялдағы ел жасайды, поэтикалық талант күшімен жасалған таңғажайып өмір сүретін тұрғындар мен өзінің қанатты қиялындағы мінсіз мемлекетті суреттейді. Сірә, жыраудың егде тартқан кезеңінде шығарғаны болса керек, бірқатар өлеңдерінде дидактика, нақылды ойлар көбірек. Өмірде көпті көрген Ақтамберді ненің жақсы, ненің жаман екенін, нағыз жігіт қандай, оның әйелі мен жақын досы қандай болуға тиіс екенін, ізгі адамдар мен түкке тұрғысыз адамдардың өздерін қалай ұстайтынын және т. б. айтады. Қысқасы, мұнда Ақтамберді жырау естірте ой толғап, өсиет айтады, кеңес береді. Ал мұның өзі жыраулар поэзиясының басты белгілерінің бірі.

Қазақтардың жоңғар жаулап алушыларына қарсы ұзаққа созылған күресі

дәуірінде халықты жауға топтасып, тойтарыс беруге шақырған жыраулар поэзиясының зор маңызы болды. Жыраулар бұл міндетті лайықты атқарды, олар туған жерді қорғаушылардың батырлық қасиеттерін жырлап, олардың ерліктері мен іс-әрекетін дәріптеді, оларға өз туындыларын арнады.

Сондай жыраулардың бірі Үмбетей Тілеуұлы болды. Ол 1697 жылы тамаша шебер қобызшы, халықтың ескі ғұмырын білгір және жыршы, өз тайпасында үлкен салмағы болған Тілеудің отбасында туған. Жас кезінде Үмбетей ауылдастары мен туыстарының теріс іс-әрекеттері мен кемшіліктерін келеке ететін сатиралық өлендер шығарады, әкесінің бай эпикалық репертуарын үйреніп, батырлық жырлар айтады. Жорықтарға қатыса жүріп, ол батырлардың ерліктерін көреді, сөйтіп олар туралы мақтау өлендер шығара бастайды, батырлық жырларды орындап, танымал болады. Оның шайқастардағы батылдығы мен жалынды шақыру жырлары жасақтағы жырау-жыршы деген лайықты атағын шығарады, сөйтіп ол уақыт өте келе Абылай ханның серіктері қатарына қосылады. Даңқы шырқап шыққан кезінде Үмбетей жырау Бөгенбай батыр жөніндегі атақты жоқтауын және Бөгенбай батырдың өлгені туралы Абылай ханға естірту өлеңін шығарады. Үмбетей жырау 1786 жылы Ақмола облысының аумағындағы Ерейментауда қайтыс болған.

Үмбетейдің бізге дейін жеткен туындыларының көпшілігі қайсыбір нақты жағдай жөнінде нақты адамға арнап шығарылған арнаулар болып келеді («Бәкеге», «Жауқашарға», «Бұқарға», «Бекболат биге» және басқалар). Оларда оқиғаның немесе фактінің өзі айтылмайды. Автор оларды суреттеп жатпайды, ол адамдар арасындағы даулы мәселелерді жырмен шешеді немесе ол жөніндегі өз пікірін ұсынады. Бұл — шешен-билердің шығармашылығына тән белгі, олар әдетте ақын әрі шешен болған және дау-дамайларды шешу үшін поэтикалық тәсілдер мен шумақтарды мол қолданып отырған. Үмбетей өз арнауларында шешен-билер сияқты дидактикалық сипаттағы қалыпты нақыл сөздермен сөйлеп, оларды өз пікірлері үшін дәлел ретінде пайдаланады. Сонымен бірге Үмбетей сол арнауларында өзін ақын ретінде де көрсетіп, өз кейіпкерлеріне және олардың іс-әрекетіне жыраулар үшін дәстүрлі стильде сипаттама беріп отырады.

Үмбетей жыраудың шығармашылығында «Бөгенбай өліміне» және «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» деген екі шығарма ерекше көрінеді. Ертедегі дәстүр бойынша атақты немесе ақсүйек адамдардың өлімін әміршіге жалпы жұрт таныған, халық арасында беделі жоғары адамдар, әдетте аса көрнекті жыраулар, билер немесе шешендер естіртетін еді. Мұндай адамдардың қазасын бүкіл халық азалайтын, бірақ ресми жоқтау қадірлі адамға тапсырылатын. Осы екі міндеті де Үмбетейдің орындауы оның таланты мен қоғам алдында сіңірген еңбегін жалпы жұрт танығанын дәлелдейді.

Түрі жөнінен «Бөгенбай өліміне» — жоқтау, жылау. Бірақ мазмұны жөнінен бұл — батыр жөніндегі гимн. Онда Бөгенбай нағыз бүкілхалықтық батыр ретінде жырланған. Автор батырдың ең басты жеңістері мен ерліктерін тізіп келтіріп, оның басқыншылардан азат еткен, сөйтіп қазақтарға қайтарған жерлерін: Баянауыл, Қызылтау, Абыралы, Шыңғыстауды, Қозымаңырақ пен Қоймаңырақты атайды.

«Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» дәстүрлі «естірту» емес, қайта отан үшін батырлар қызметінің маңызы және билеушілердің мемлекет өміріндегі рөлі туралы поэтикалық баяндау, бұл — Абылай дәуірі туралы толғаныс пен оның сипаттамасы. Бұл толғауда Үмбетей күйкі тірліктен жоғары

тұрған және Абылай мен оның батыр серіктерінің өмір жолын қалт жібермей біліп отырған нағыз жырау ретінде көрінеді. Бұл арада оның мәртебесі жоғары, ол ханмен тең, кейде одан да жоғары. Халқы мен оның игілігін, хан мен оның мемлекетін ойлап, ел тағдыры үшін аландайтын жыраудың үні асқақ та сеніммен естіледі. Ол ірі шайқастарды еске алады, жеңіске шешуші үлес қосқан батырлар мен билердің есімдерін атайды және бұл туралы «Ұмыттың ба соны, Абылай?!» деп талай рет ханның есіне салып отырады. Айтқандайын, Абылайдың, Бөгенбей мен бүкіл жасақтың Үмбетей еске алатын шайқастары мен тиісті іс-қимылдары тарихи өмір шындығына белгілі дәрежеде сәйкес келеді. Оларда XVIII ғасырдың алғашқы үштен бірінде орын алған оқиғалар мен сол жылдарда қазақ халқының тағдыры үшін маңызды жеңістер поэтикалық көрініс тапқан⁸.

XVIII ғасырда Бұқар Қалқаманұлы аса көрнекті жырау болды, оның шығармашылығы соның алдындағы бүкіл поэтикалық дәстүрді өзіне жинақтап, қорытты, сондай-ақ өз қоғамының рухани өмірінде зор рөл атқарды және кейінгі дәуірлерде қазақ әдебиетінің одан әрі дамуында зор маңызы болды.

Бұқар жырау шамамен 1693 жылдары⁹ Қалқаман батырдың отбасында туып, мұсылманша білім алған. Талантты ақын және қайраткер ретінде ол Тәуке билік құрған кездің өзінде-ақ көзге түсіп, оның сарайында болған, бірақ әлдебір себептермен қаһарға ұшыраған. Бұқар жырауды біршама қартайған шағында Абылай хан өз ордасына шақырып, оның кеңесшісі әрі идеологы болды. Абылай хан Бұқардың өмірлік бай тәжірибесін, даналығын және көрегендігін бағалады. Қиын кездерде хан одан ақыл сұрап, болжам жасауды өтінген, өз әміршісіне Бұқар да талай рет көмек көрсеткен¹⁰. Ол өзі құрмет тұтқан Абылайдан ұзақ өмір сүріп, зерттеушілердің санап жүргеніндей, 1787 жылдарда өлген.

Бұқар жыраудың шығармашылығы екі кезеңге: Абылайға дейінгі кезең және Абылай кезеңі болып бөлінеді. Осыған сәйкес оның туындылары екі топтан тұрады. Бір тобы Бұқардың айдауда жүрген кезіндегі жырларын, екінші тобы оның жырау Абылай ханның ең жақын серіктері қатарында болған кезінде жырлаған толғауларын қамтиды. Бұл екі топ тақырыбы мен мазмұны, жырлану сипаты мен себебі бойынша да ерекшеленеді.

Бірінші топтағы туындыларда көбінесе философиялық-ғибратты тұрғыда, қорытып, ақыл-өсиет айтылады. Өз өмірінде көпті көрген Бұқар ең қымбаттысы — адам өмірі, ең үлкен қасірет — адамның өлуі, әсіресе зорлық жасап өлтірілуі екенін жақсы білген. Сондықтан ол адамдарға олардың «ең алдымен өзіне алланың алдында күнәкар болмауды тілеуіне» және «жау әскері келіп, балаларды жетім, әйелдерін жесір етпеуін» тілеуіне кеңес береді. Бұқар адамдардың аман болып, татулық пен келісімде өмір сүруін тілейді. Осы мақсатпен ол тұрмыстық және мемлекеттік, эпикалық және саяси кеңес береді.

Философ-ақын ретінде Бұқарды жалпы адамзаттық мәселелер: қайткенде ұзақ та лайықты өмір сүруге және мезгілсіз ажалға ұшырамауға болатыны толғандырады. Бұған оның өзі жауап қайтарады, бұл жауапты ол өмірдің мән-мағынасы туралы поэтикалық толғаныстар түрінде, сұрақтар мен жауаптар түрінде, бұлжымас ақиқатты баяндау, сондай-ақ адам мен табиғатты немесе адамдардың әл-ауқатын салыстыру (кейде карама-қарсы қою) жолымен береді. Бұл жағдайларда өмірлік оқиғалар терең қорытып, жинақталады және поэтикалық құралдар, бейнелер арқылы белгілі бір жағдайларда не істеу

керек және апатқа жол бермеу үшін не жасау керек екені жөнінде жалпы қорытындылар немесе ұсыныстар айтылады:

«Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер.
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер...»

Бұл орайда Бұқар жырау өмірдің диалектикалық мәні туралы, дүниедегі қайырымдылық пен зұлымдықтың арақатынасы туралы, қоғамдағы жеке адам мен көпшіліктің рөлі туралы екінші бірінде таза философиялық ойлар айтады¹¹. Оның пайымдауынша, дүниеде тұрақты ешнәрсе жоқ, өмірде бәрі алмасып отырады, ізгілік пен зұлымдық, жақсы мен жаман қатар өмір сүріп, «олардың күресі» жүріп жатады:

«Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз,
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз...»

және т. т. Жалпы Бұқардың Абылайға дейінгі туындыларының тақырыбы мейлінше алуан түрлі, олар — адамның өмірі, оның тағдыры мен арманы, адамгершілік және шариғат ережелері, дүниенің жалғаншылығы мен бақыт-бақтың алдамшылығы, кәрілік пен жастық, жарлылық пен байлық, жақсы және жаман адамдар, әйел мен балалар...

Бұқар жыраудың Абылай кезеңіндегі шығармашылығы мемлекеттік көкейкестілігімен, қоғамдық қажеттілігімен және тарихи маңыздылығымен ерекшеленеді. Екінші топтағы туындылар — мемлекетке қызмет етудің асқақ поэзиясы. Ол ең алдымен идеологиялық міндет атқарады, күшті мемлекеттілік пен хан билігі идеясын насихаттап, орнықтыра түседі. Мемлекет қайраткері және идеологы ретінде Бұқарды елдің тәуелсіздігі, қазақ тайпалары мен руларының бірлігі, басқа мемлекеттермен бейбіт және тату көршілік қатынастарды сақтау проблемалары толғандырады. Ол қазақ мемлекетінің өз кезіндегісіне де, болашағына да аландайды, Ресей мен Қытай тарапынан қауіп жақындап қалғанын сезініп, Абылай ханмен бірге елді қауіптен құтқару мен хандықты сақтап қалу үшін барлық амалды қолданады. Сондықтан оның Абылай ханға арнауларында ең алдымен бейбітшілікті сақтап, халықты қасіреттен қорғауды мақсат ететін ақыл-кеңестер айтылады. Жауларға қарсы көптеген шайқастарға қатысқан 93 жастағы Бұқар соғыстың және жаудың тұтқиылдан шабуыл жасауының не екенін жақсы біледі. Аса тәжірибелі саясатшы болған ол көрші мемлекеттер билеушілерінің іс-қылығын жақсы білген, сондықтан Абылайға Сырдарияның арғы жағына, өзі жерұйық деп сипаттайтын Жиделі-Байсын өлкесіне алдын ала көшіп баруға кеңес береді. Бұқар өзінің бұл идеясын тарихқа ғана емес, сонымен қатар шүршіттердің шапқыншылығы болжап айтылған киелі кітаптарға да негіздейді. Бұқар Ресейдің Шығысқа барған сайын неғұрлым тереңдеп келе жатқанын, оның Қазақстанмен шекараны бойлай ондаған бекіністер салғанын, олардың бұдан былайғы жылжуына алғышеп

болып отырғанын да білді, ақынды бұл да аландатып, мазасыздандырды¹². Бұқар Ресейдің ертелі-кеш бүкіл Қазақстанды басып алатынын түсінді, өйткені оның қуатты оқ ататын қаруы мен сансыз көп әскері болды, сондықтан да ол Абылайға Ресейге қарсы соғыстардан сақтандырды. Мұны Абылай да ұғынды және Ресей империясымен соғысқа бармады. Данышпан қайраткер Бұқар бейнебір дәуірдің тамыр соғысын басып, оны қалт жібермей бақылап отырды және оның ішкі жағының да, сыртқы жағының да оқиғаларын көзден таса қылмады. Ол оқиғалардың барысына белсене араласып, олардың өтуі мен түпкі шешілуіне ықпал жасады.

Абылайға арналған толғауларында Бұқар мінсіз билеушінің бейнесін жасаған, ол өз әміршісін сондай деп санаған, дегенмен де жырау-ақын әміршісіне ара-тұра өз талаптарын айтады, оған ақыл айтып, сақтандырады, тіпті оны қорқытуға дейін барады. Бұл арада Бұқар жасының үлкендігі құқығын пайдаланып қана қоймайды, оның мұндай құқығы болатын себебі: ол көпті көріп, бастан кешірген, Абылайдың алдында таққа отырғандардың замандасы болған, Абылайды ол қашып жүрген және әлі ешкімге белгісіз түйеші болып жүрген кезінен біледі. Абылай хан болған кезде Бұқар бұрынғы билеушілерден жақсылық та, жамандық та көріп үлгірген белгілі әрі беделді жырау еді.

Патшаға сену үміті күшті болған Бұқар жырау үшін хан дегеніміз билеп-төстеуші, адамдардың тағдыры оның жеке басының есен-аман болуына байланысты («Хан қисайса бәрі оңбас»). Бұқар бойынша, бодандары ханды құрметтеп, көкке көтеруге міндетті, ешкім оған қарсы шықпауға тиіс, әйтпесе бәрі бақытсыздыққа ұшырайды («Жаулаған ханын қара оңбас»). Билеушінің жеке басын осылайша түсінуді негізге ала отырып, Бұқар жырау Абылай ханды кемшіліксіз адам («Дүниеден шықпай мініңіз»), бүкіл үш жүздің басын қосып біріктіре білген:

«...Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың...»

әділ де мейірімді хан деп суреттейді.

«...Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділдікпен жүрдіңіз
Әдепті іске кірдіңіз...»

Ол Абылайды «хан ием», тірегім, панам («Кең Абылай, кең ием») деп атайды.

Абылай ханды дәріптей отырып, Бұқар сонымен қатар қажет болған жағдайда оны ашық сынады және оның халық қамын ойлауын талап етеді («Еліңнің қамын жегейсің»). Жырау хан мен халық арасындағы ара ағайын сияқты көрінеді және олардың өзара қатынастары туралы мәселені мемлекеттің мүдделерін, бірлік пен тәуелсіздік қажеттерін негізге ала отырып шешеді.

Бұқар Қалқаманұлы бір мезгілде әрі суырып салма-ақын, әрі мемлекеттік идеолог, ханның кеңесшісі болған классикалық жыраулар поэзиясының соңғы жарқын өкілі болды. Ресей империясының Қазақстанды жаулап алуына байланысты Қазақ мемлекеті өзінің тіршілік етуін тоқтатты, сондықтан қазақ мемлекеттілігі идеясын таратушылар және мемлекеттік идеология мен саяса-

тқа ықпал жасаған қайраткерлер ретінде ақын-жыраулар тарих сахнасынан кетті. Енді сахнаға бұрын отбасылық-тұрмыстық және халық өмірінің басқа да әр түрлі тақырыбында жырлаумен айналысып, қыз ұзатып, келін түсіру тойларында, өлген адамның жылдық еске алу астарында және басқа да салтанаттарда өткізілетін поэтикалық сайыстар — айтыстарға қатысып жүрген ақындар шықты. XVIII ғасырдың аяғынан ақындардың рөлі арта бастады, олардың міндеттерінің ауқымы кеңейіп, поэзиясы бірте-бірте қоғамдық мән-мағынаға ие болды. Бірақ оның жыраулар поэзиясы сияқты мемлекеттік маңызы болмады және мемлекеттік істерге ешқандай ықпал жасамады. Сөйтіп абыздық сипатта және мемлекеттік қызмет әдебиеті болған жыраулар поэзиясының орнына кәсіби ақындар поэзиясы келіп, олар әдебиетті мемлекеттік идеологиялық міндеттен арылтып, оған демократиялық леп әкелді, поэзияны қоғамның қатардағы мүшелерінің киіз үйіне, халықтың қалың ортасына көшірді.

Би-шешендер шығармашылығы. Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысының өзіндік ерекшелігі, халық өмірінің ерекше жағдайлары мен өзіндік өзгешелігі бар қоғамдық уклад «билер сөзі», «билер айтысы», «билер дауы», «төрелік айту», «шешендік сөздер» деп аталатын көркемдік мәдениеттің бірегей түрін туғызды. Әдебиеттің бұл түрін шығарушылар негізінен XV—XVII ғасырларда қазақ хандығында, сондай-ақ XIX ғасырда, Қазақстан бұл кезде Ресей империясының құрамында болса да, қазақ қоғамында сот ісін жүргізумен айналысқан билер болатын. «Билер соты, — деп жазды Ш. Уәлиханов, — орыстардың 40 жылдық ықпал жасағанына қарамастан, ол жүздеген, бәлкім, бізге дейінгі мың жыл бұрын қандай болса, сондай болып қала берді»¹³.

XVI—XVIII ғасырларда билер сот ісін жүргізумен ғана айналысқан жоқ. Олар хан кеңесінің мүшелері болып, мемлекеттік істерге белсене қатысты. Сонымен бірге атақты билер тайпалар мен рулардың басшылары болып, ел өмірін басқарды, жиналыстарда солардың атынан сөз сөйлеп, айтыс-тартыстар кезінде олардың мүдделерін қорғады¹⁴.

Ресейге дейінгі дәуірдің билері ең алдымен қазақ хандығы тыныштығының қамын ойлап, көршілес мемлекеттермен бейбіт өмірге мүдделі болды, осы мақсатпен дипломатиялық елшіліктерге қатысты немесе бұл елдерге өздері елшіліктер жіберіп отырды. Билердің мұндай сан қырлы қызметі көбінесе сөзбен, ауызекі түрде жүзеге асырылды, ал мұның өзі билердің тапқыр шешен болуын талап етті, сонымен қатар барлық билер мұсылманша сауатты болған және олардың кейбіреулері шет тілдерін білген. Билер туралы айта келіп, Ш. Уәлиханов былай деп жазған: «...шешендік өнермен ұштастырылған сот ғұрпындағы терең білім ғана қазақтарға осынау құрметті атақты берген. Би атағын алу үшін қазаққа өзінің заң білімін және шешендік қабілетін халық алдында талай рет көрсету керек болған»¹⁵.

Осының бәріне қоса, билердің поэтикалық таланты зор және суырып салып айту мен сөз арқылы поэтикалық айтыстың тамаша шеберлері болған. Олардың сот ісін қарау немесе өзге де шаралар кезінде көпшілік алдында сөйлеген сөздері көбінесе өлең түрінде айтылып, нағыз поэзияның жарқын үлгілеріне айналып отырған. Мәселен, билер мемлекеттік істер туралы айтқанда, не өз жорамалдарын дәлелдегенде объективті түрде көркем әдебиет туғызған, олардың тандаулы толғаулары немесе нақыл сөздері халық есінде қалып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген. Бұл орайда жекелеген жағдайларда

поэтикалық жолдар арнап айтылған себеп ұмытылып кеткен де, өлендер жеке сақталып, дербес толғауларға немесе афористік нақыл сөздерге айналған. Билер тікелей көпшілік алдында сөйлегендіктен, олар өз ойларын әдемілеп және ақындықпен айтуға тырысқан, сөйтіп мұндай сөздер мәселені шешуге ықпал жасап қана қоймай, адамдардың зердесінде ұзақ уақыт жатталып қалған. Талантты билерді халық шешендер деп атап, сол арқылы олардың жоғары шешендік және поэтикалық қабілеттері мен сіңірген еңбектерін мойындаған.

Би-шешендердің әдеби шығармашылығы түрі жөнінен де, мазмұны жөнінен де ерекше, сондықтан ол жанрлық жағынан синкретикалы: прозаны поэзиямен ұштастырады. Екінші бірінде проза ұйқасып жатады, кейде іштей ұйқасады, соның салдарынан билердің сөздері айшықты нақыл сөз сипатына ие болады («Ой да көп, уайым да көп — ойлай берсең, ой да жоқ, уайым да жоқ — ойнай берсең»).

Би-шешендердің поэтикалық туындылары жанры, тақырыбы жағынан және олардың жасалу себебі жағынан алуан түрлі. Би-шешендердің тек сот міндетін ғана емес, әр түрлі міндеттер атқарғаны сияқты, олардың туындыларының түрлері мен мақсаты әр алуан болған. Ірі айтыс-тартыстар қаралған кезде немесе дипломатиялық миссияларда әдетте зерттеушілер «шешендік дау» немесе «билер айтысы» деп атайтын жыр-прозалық пікірсайыстық партиялар болған¹⁶. Жекелеген адамдарға арнаулары жағдайында би-шешендер суырып салып «шешендік арнау», «естірту», «көңіл айту», «жұбату», «қоштасу» және басқа жырлар айтқан... Би-шешендер әр түрлі өмірлік жағдайлар мен жекелеген даулар бойынша «шешендік толғаулар» туғызған, оларда нақты ұсыныстармен қатар қоғам өмірінің фактілерін қорытқан, табиғат құбылыстары мен адамдардың жай-күйін суреттеп, салыстырған, ғибрат берген.

«Шешендік» толғаулардың пайда болуында жағдайға байланысты сәттер мен нақты оқиғалар, билердің тапқырлығы мен олардың өз ойын қисынды және поэтикалық түрде айта білу қабілеті зор рөл атқарды. Мұндай жағдайларда билер табан астында немесе суырып салып сөз айтқан, жағдайды қасқағымда аңғарып, өткендегі сондай оқиғаларды негізге ала отырып өз шешімдерін айтқан.

Би-шешендер әдебиетінің тақырыбы өте кең, ал олар қозғайтын проблемалар қоғамдық жағынан маңызды әрі оппозициялы: әділеттік — озбырлық, достық — жаулық, ізгілік — зұлымдық, ұжымдылық — бытыраңқылық, адалдық — опасыздық, мейірбандық — қатыгездік, шыншылдық — екіжүзділік, ақылдылық — топастық, батылдық — қорқақтық және т. б.

Би-шешендер өз шығармашылығында өздерінің өмірге, оқиғалар мен адамдарға көзқарасын ғана білдіріп қойған жоқ. Олар хандық тұрғындары ұмтылуға тиіс болған мұраттарды жырлап, орнықтырды. Олардың толғауларынан мұрат туралы сол кездегі қоғамдық түсініктерге сәйкес сипатталған еркек мұратын, мінсіз әйел мен мінсіз ұлды (қызды) көруге болады.

Билер өздерінің поэтикалық туындыларында теңеуді, ассоциацияны, антитезаны және басқа көркемдік троптарды кеңінен пайдаланған, соның арқасында олар салыстыруға келмейтінді салыстырып, алысты жақын етіп, өткенді жақындатып, түймедейді түйедей, ал түйедейді түймедей ете білді. Би-шешендер поэзиясының негізгі қасиеттерінің бірі — ықшамдылық, аз сөзділік және астарлылық.

XVI—XVIII ғасырлардағы би-шешендер арасында мемлекеттік және қоғамдық қызметінің маңыздылығы жағынан, шешендік өнерінің күші мен поэтикалық шеберлігі жағынан **Төле би Әлібекұлы** (1663—1756), **Қазыбек Келдібекұлы** (1665—1765) және **Әйтеке Байбекұлы** (1682—1766) ерекше бөлек орын алады, олар Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Ресейде, Хиуада, Жоңғария мен Цин империясында танымал болған¹⁷.

Төле би Әлібекұлы қазіргі Жамбыл облысының аумағында, Жайсаң деген жерде туған. Өз заманына сай кемел білім алған. Бала кезінен бастап халықтың нақыл сөздерін жақсы біліп, ақын атағы шыққан. 20 жасында сот ісін қараумен айналыса бастайды, мәселелерді шешкен кезде әділдігімен ерекше көзге түсіп, соның арқасында халық арасында танымал болған. Атағы шыққан Төлені сол кездегі хан Тәуке мемлекеттік жұмысқа тартады, сөйтіп ол басқа билермен бірге ханның кеңесшісі болып, Тәукенің «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысады. Уақыт өте келе Төле биге «Төбе би» атағы беріледі. Тәуке ханнан кейін, Қазақ хандығы бөлшектеліп кеткен кезде ол Ұлы жүзді басқарды, бірсыпыра уақыт Ташкентті биледі. Қазақтардың жоңғарларға қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі болды. Ташкентте жерленген.

Ауызша таралу дәстүрі бойынша бізге Төле бидің толғау, қара сөзбен айтқандары, бата, сынау, көңіл айту, нақыл сөз және т. б. түрінде азын-аулақ туындылары жеткен. Оларда Төле би қоғамдық сипаттағы да, тұрмыстық сипаттағы да мәселелерді көтереді, халықтың жағдайы туралы айтып, оның тағдырын ойлап аландайды, барлық тайпалар мен рулар қазақтарының топтасқандығы мен бірлігі қажет екенін атап көрсетіп, елде алауыздық пен өзара қырқыс тұтанса, Қазақ хандығына төнетін қауіптен сақтандырады. Мемлекеттегі жалпы жағдайды жақсы түсініп, жоңғарлардың дұшпандық әрекеттерін ескерген Төле би көкейкесті проблемалар туралы жырлап, халықты бірігуге сөзбен шақырып қана қойған жоқ. Ол қасіреттің алдын алу жөнінде дипломатиялық шаралар да қолданып, Ресейге екі рет елшілік жіберген¹⁸.

Төле би өзінің бірқатар поэтикалық толғауларында сол кезге тән стильде жырлайды: жыраулар сияқты дәуір туралы, билеуші мен қарапайым халықтың өзара қатынастары туралы айтады, жақсы және жаман адамдарды, жақсы, көргенді әйелдерді, балаларды және олардың қарсы бейнелерін сипаттайды. Бұл орайда ол параллелизмнің әр алуан түрлерін қолданады, өз толғауын шартты сұрақ пен сол сұраққа авторлық жауап түрінде құрады. Адам қасиеттерін метафоралау немесе ассоциациялау жолымен анықтау түрлері де бар: «Атың жақсы болса — ер жігіттің пырағы, Балаң жақсы болса — жан мен тәннің шырағы»¹⁹.

Қазыбек би Келдібекұлы Қарағанды облысындағы қазіргі Қазыбек (Егіндібұлақ) ауданының аумағында өз руының билеушісі және әйгілі би Келдібектің отбасында туып, өз тегіне лайықты тәрбие мен білім алған. Ол жасөспірім кезінен алғыр ақылымен және ақындық дарынымен ерекшеленіп, жас шағынан-ақ тапқыр сөздерімен және әдетті, шариғатты, ата-бабалардың поэтикалық мұраларын білгіштігімен аты шыққан. Жас Қазыбектің асқан қабілеттілігіне көз жеткізген Орта жүз руларының ақсақалдары мен билері оны сот ісін қарауға тартады, сөйтіп ол өзінің тапқырлығымен, біліктілігімен және таңғажайып шешендік қабілетімен жалпы жұртқа танымал болады. Халық арасында зор беделге ие болған Қазыбек би, Төле би және Әйтеке билермен қатар Тәуке, Сәмеке, ал сонан соң Әбілмәмбет және Абылай хандардың

кеңесшісіне айналады, мемлекетті басқаруға белсене қатысып, хандықтың ішкі және сыртқы саясатына ықпал жасайды. «Жеті жарғыны» жасауға қатысады. Абылайдың басқаруы кезеңінде дипломатиялық өкілдік те атқарып, жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырады. XVIII ғасырдың 40-жылдарында Абылай ханды жоңғарлардың тұтқынынан босатуға қатысқан басты қайраткерлердің бірі²⁰, дегенмен де өзін белсенді сыртқы саяси қызметтен шығарып тастағысы келген ханмен барлық уақытта бірдей жақсы қарым-қатынаста бола бермеген²¹. Қазыбек би жүз жастан астам жасап, Қарқаралы тауларына жақын жердегі өзінің рулық ата қонысы жерінде қайтыс болған. Түркістан қаласында, Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне жерленген.

Басқа би-шешендер сияқты, Қазыбек бидің де әдеби шығармашылығы Орта жүздің жетекшісі, сот ісін жүргізуші және дипломат қызметінен ажырағысыз, сондықтан оның сот ісін қарағанда немесе Жоңғар әміршісі Галдан-Церенмен келіссөз-пікірсайыстарда сөйлеген сөздері қара сөзбен айтылған афоризмдер мен өлеңмен арнау не қарсыласының сөзіне қайтарылған жауап түрінде болып келеді. Оның шығармашылығында өзінің әріптестері не әңгімелесушілері айтатын даналық жұмбақтарды немесе ишара және астарлы сөздерді поэтикалық жолмен шешу де кездеседі.

Аса көрнекті би-шешен Қазыбек шешендік өнер тәсілдері мен поэтикалық бейнелерді шебер қолданған, бұл оның сөздеріне ешкім дау айта алмайтын еткен. Бұл қабілеті оның өз туыстарын, содан соң Абылай ханды да тұтқыннан босату мақсатымен Галдан-Церенге барған сапарлары кезінде ерекше айқын көрінді. Оның жоңғар билеушісі алдында айтқан ең таңдаулы поэтикалық сөздерінің бірі сақталған:

«Сен — темір де, мен — көмір,
Еріткелі келгемін!
Екі еліктің баласын,
Теліткелі келгемін!
Егесетін ер шықса,
Иілткелі келгемін!..

Қазақ, қалмақ баласы
Табысқалы келгемін!
Табысуға келмесен,
Тұрысатын жерінді айт,
Сен — қабылан да, мен — арыстан,
Алысқалы келгемін!!²²»

Аңызда айтылғанындай, Қазыбек бидің бұл сөздеріне Галдан-Церен еш жауап қайтара алмай, оның барлық талаптарын қанағаттандырған. Қазыбектің бұл әрекетіне, оның ақындық дарынына кезінде Абылай хан сүйсінген. «Абылайдан барлық үш орданың батырларынан оның ең құрметтейтіні кім екенін сұрағанда, ол былай деп жауап қайтарған: «Менің алдымдағы ерлердің екеуі қайран қалуға лайық: Галданнан 90 тұтқынды қайтарған қаракесек Қазыбек, ...Галданда өзім де болдым»²³.

Жоғарыда келтірілген мәтінде Қазыбек бидің айтқандары — мейлінше поэтикалық сөздер және экспрессиялық-сезімдік зор күшімен ерекше. Автор қарсыласына қысым көрсету мақсатымен көркемдік бейнені қолданған. Авто-

рдың өзі мен оның қарсыласының метафоралық бейнелері Қазыбек бидің поэтикалық талантының зор екенін және оның сөздерді бейнелі пайдалану шеберлігін жетік меңгергенін дәлелдейді. Бұл Қазыбек бидің ол әр түрлі жағдайларда айтқан басқа туындыларынан да аңғарылады және олардың көркемдік қасиеттері Қазыбек үшін би-шешен ретінде не туралы айту ғана емес, сонымен қатар қалай айту да маңызды болғанын көрсетеді.

Әйтеке би Бәйбекұлы. Оның өмірі мен қызметі туралы мәліметтер өте аз. Оның Кіші жүздегі Әлімұлы тайпасының Төртқара руынан шыққаны мәлім²⁴. Әбілқайырға дейін ол Кіші жүздің барлық руларын басқарған. Жұрт таныған би және Кіші жүздің жетекшісі ретінде Әйтеке Тәуке хан жанындағы кеңеске еніп, Төле бимен, Қазыбек бимен және басқа билермен бірге «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға, мемлекеттік істерді, сондай-ақ Ұлы жүз бен Орта жүз арасындағы, Кіші жүз рулары арасындағы кейбір ірі дауларды шешуге қатысқан. Жұртқа мәлім, «Орта орданың ең күшті иелерінің бірі Барақ сұлтан Кіші орданың ханы Әбілқайырды өлтіріп, өзіне сот жүргізу үшін бүкіл қазақ халқының 4 биін тандап алған. Оның билері қатарында Үлкен ордадан Төле би және Кіші ордадан Әйтеке болған»²⁵.

Әйтеке бидің мұраларынан бізге жеткені көп емес, бірақ соның өзі-ақ оны би-шешен ретінде ғана емес, поэтикалық өнердің суырып салма-шешені ретінде де әбден жеткілікті дәрежеде сипаттайды. Оның шығармашылығы сот ісін караумен тығыз байланысты, сондықтан дербес толғаулар ретінде айтылған өлеңдері өте аз. Әйтеке бидің поэзиясы жағдайға қарай туған, бірақ мазмұны жағынан терең. Оның поэтикалық дәлелдеп сөйлеген сөздері әдетте параллелизм мен қорытуға негізделіп құрылған. Оларда табиғат құбылыстары мен жағдай, дұрысырақ айтқанда, дауласушы адамдардың сол сәттегі жайкүйі үйлесімді көрсетіледі. Автор табиғат пен адамдарды теңейді және соның негізінде өз ойларын баяндайды. Аңыздардың біреуінде Төле би — талап қоюшы, Қазыбек би жауапкер болғаны айтылады. Билік етуші Әйтеке би болған. Дaudың мәні мынадай: «Ұлы жүздің жігіті құда түсіп қойған қыз Орта жүздің жігітімен қашып кетеді. Кек алу үшін Ұлы жүздің адамдары Орта жүздің жылқысын айдап әкетеді. Ұлы жүз заңды келінін қайтару туралы талап қойған да, Орта жүз жылқысын қайтаруды талап еткен».

Екі жақты да тыңдап алған Әйтеке былай деген:

«Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң, арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң, тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң, сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.
Төле, сен жылқыны қайыр!
Қазыбек, сен жесірін қайыр!²⁶»

Әйтеке бидің мұраларында өмірдің мән-мағынасы туралы, әлемде бәрінің өткіншілігі туралы жекелеген толғаулар бар, мораль мен әдеп тақырыбы ашып көрсетілетін даналық астарлы сөздер мен тапқыр жауаптар да кездеседі...

Сонымен XVI—XVIII ғасырлардағы би-шешендер шығармашылығы өз за-

манының жемісі болған және ол сол дәуірдің өмір шындығын өзінше бейнелеп, қоғамның талап-тілектеріне сай келген. Сол арқылы ол өз кезеңінің мәдениеті мен әдебиетіне зор үлес қосты. Би-шешендер шығармашылығы қазақ халқының әдебиетіне көркем проза мен диалог түрінде баяндаудың алғашқы үлгілерін енгізді. Олардың қара сөздері мен толғауларында нақты оқиғаларды көрсетумен қатар, адамдардың бейнелері жасалып, өмір фактілері көркемдік жағынан қорытылды.

Халықтың ауызша поэтикалық шығармашылығы. Ол қазақ халқының рухани өмірінде әлі де зор рөл атқарып, толымды өмір сүре берді. Ол өз дамуында нақты және күрделі процестерден өтті. Көне жанрлардың бір бөлігінің түрі өзгерді, бір бөлігі мәнінен айрылып, ұмытылды. Сонымен қатар дәуірдің қажеттері және сол кезеңдегі рухани мәдениеттің міндеттері талап еткен жаңа жанрлар пайда болды.

Бұл уақытта шығыс және көрші елдердің халықтық мәдениетімен өзара әсер де орын алды, сондай-ақ бүкіл рухани өмір одан әрі исламдандырыла берді. Көптеген алғашқы қауымдық мифтер мен ертедегі фольклорлық жанрлар пұтқа табынушылық деп жарияланып, қуғынға ұшыратылды, басқалары мұсылман түсініктеріне сәйкес қайтадан ой елегінен өткізіліп, өзгелері мүлдем өзгеріп, басқа жанрлардың құрамына кіріп кетті.

Әсіресе бұл көне жаратылу мифтері мен эсхатологиялық мифтерге қатысты болды. Дүние мен ғарыштың жаратылуы туралы, табиғаттың рух-иелері туралы мифтер, сондай-ақ космогониялық, тотемдік, дуалистік және алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінде-ақ пайда болған басқа да мифтер қуғындау салдарынан халық мәдениетінің шет жақтарына ығыстырылып тасталды. Этиологиялық мифтер аңдар мен құстардың шыққан тегін және олардың әрекеті мен мінезінің ерекшеліктерін өзінше түсіндірген жануарлар туралы аңыздар мен ертегілерге айналды. («Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Мүшелдің қалай пайда болғаны туралы», «Жүйрік-тұлпарлар қайда туады?» және басқалар).

Табиғат иесі-рухтар туралы мифтер албасты, жезтырнақ, су перісі, желаяқ, көлтауысар, таусоғар, орман перісі және т. б. сияқты жан иелері мен жын-шайтандар туралы айтылатын хикаяларға айналды. Бір кезде алғашқы қауымдық мифологияда оң рөл атқарған олар қайта өзгеріп, адамдарға жау болып шықты. Енді олардың орнын ислам дінінің мифологиялық кейіпкерлері басты. XVI—XVIII ғасырларда қазақ даласын исламның алғашқы пайғамбарлары, мұсылман періштелері мен әулиелері дәріптелген орта ғасырлардағы мұсылман авторларының шығармалары мен аты жоқ туындылар жайлап кетті. Қазақтың ауызша-поэтикалық дәстүрі біртіндеп монғол мәдениетінің элементтерінен арылып, барған сайын ислам мәдениетінің элементтерін сіңіретүсті.

Алайда, мұсылман дінінің тегеуіріні қаншалықты күшті болғанымен, бұл ежелгі түрік мәдениетінің, әсіресе халықтың поэтикалық шығармашылығының берік дәстүрін шайқалта алмады. Керісінше, мұсылман және өзге халықтар мәдениетімен өзара тығыз әсер етісу қазақ фольклорына оны өзіндік ерекшелігі бар ауызша мәдениет ретінде сипаттайтын қосымша белгілер әкелді.

Бұл ғасырларда қазақ фольклоры тарихи-батырлық мазмұндағы жаңа туындылармен едәуір байыды. Бұрынғы батырлық эпос өндеуге ұшырап, жаңа жанр — тарихи жыр қалыптасты, отанның тәуелсіздігі жолындағы күрес ғасы-

рында өзін ерекше көрсеткен тарихи тұлғалар туралы хикаялар мен аңыздар қаулап дамыды. Ертегілер (қиял-ғажайып, батырлық, жануарлар туралы) классикалық түр алып, олардың жаңа (новеллалық және сатиралық) түрлері пайда болды. Халық мәдениеті ауызша шығармашылықтың театрландырылған түрлерімен де толықты²⁷.

Қазақ мемлекеті пайда болған кезінен бастап бейбіт, тыныш өмір дегенді білмеді. Ол барлық уақытта экспансия объектісі болып, жау мемлекеттер тарапынан жасалған шабуылды тойтарумен келді. Жоңғар хандықтарымен соғыстар ерекше ұзақ уақыт және қиян-кескі жүргізілді, олар іс жүзінде үш ғасырға созылды. Бұл дәуірде жыраулар мен би-шешендер поэзиясымен қатар фольклор батырлық тақырыбын кең көлемде жырлап, жауынгер-жасақтардың жауынгерлік рухын көтеруде зор рөл атқарды. Қазақтардың эпос айта-тын жыршылары жыраулармен және би-шешендермен қатар өткен уақыттың алыптары туралы жырлап, замандас батырларының даңқын аспандатты. Олар ең алдымен бұрынғы батырлар жырларын жаңа заман мен қоғамның талап-тілектеріне сәйкес өңдеп отырды. Мұның өзі мұраға қалған эпосты тарихи циклдерге бөлуге әкеп соқты. Ерте кездегі эпостың негізгі оқиғалары жыршылар өмір сүрген уақытқа көшірілді, соның салдарынан рулық-тайпалық эпоста әрекет жасап, өз руы мен тайпасының бақыты жолында ындыстарға (индустар), қызылбастарға (парсыларға) қарсы соғысқан Алпамыс та, Қобыланды да, Сайын да, Көкше де, Қамбар да және басқа көптеген батырлар да енді сол кезеңдегі нақты жаулар — қалмақтармен шайқасып жүреді. Сөйтіп тарихи уақыттың, оқиғалар мен кейіпкерлердің орны ауыстырылып, ал бұрынғы жаулар жаңаларымен алмастырылды²⁸. Енді ертедегі (мифологиялық, сол сияқты рулық-тайпалық) эпос циклге түсірудің (өмірбаяндық, генеалогиялық және географиялық) алуан түрлеріне де ұшыратылып, феодалдық мемлекет дәуірінің классикалық батырлық эпосы түріне ие болды.

Сонымен бірге бұл кезеңде қазақтардың азаттық күресін ұйымдастырып, оның басында тұрған батырлар мен хандар туралы жаңа эпикалық туындылар (тарихи жырлар) мен аңыздар туды («Есім хан», «Олжаш», «Абылай хан», «Бөгенбай батыр», «Қабанбай батыр», «Өтеген батыр» және басқалар). Олар бұрынғы эпостың поэтикасы мен сарындарын пайдалану жолымен жасалды. Бірақ олар оқиғалардың өз ізінше жасалғандықтан, неғұрлым тарихи сипатта болды және өмір фактілерін, адамдарды, ұрыс оқиғаларының өздерін неғұрлым шыншылдықпен бейнеледі. Оларда фантастикалық негіз бен кейіпкерлердің іс-қимылдарын әсірелеп бейнелеу едәуір азайтылып, жаңа сюжеттер мен сарындар ойлап шығарылды, жаңа поэтикалық тәсілдер мен бейнелер қолданылды.

Есім, Тәуке, Тұрсын, Абылай хандар туралы, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым билер туралы, Бөгенбай, Қабанбай, Қарасай батырлар және басқалар туралы тарихи аңыздар мен жырлар көп мөлшерде пайда болды. Мұндай аңыздарда нақты адамдардың өмірінен алынған жекелеген оқиғалар, олардың өзара қатынастары және бірлескен ұрыс қимылдары туралы, олардың шайқас және басқа оқиғалар кезіндегі мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері туралы айтылды²⁹. Аса көрнекті батырлар мен хандар тарихи жырларда да жырланды, бірақ тарихи эпостан айырмашылығы — олардың бейнелері азырақ дәріптелетін, сондықтан өз прототиптеріне неғұрлым жақындайтын. Жырлардың негізгі тақырыбы — қазақтардың түрлі жылдардағы қалмақтарға қар-

сы шайқастары. Олардың ішінде «актабан-шұбырынды» кезіндегі оқиғалар ерекше оқшау көрінеді, олар көптеген әндердің негізіне алынған. Олардан «Қаратаудың басынан көш келеді» («Елім-ай») және «Күншығыстан ызғарлы жел келеді» әндері лиризмi мен эпикалық сипатының әдеттен тыс күшімен ерекше.

Халықтың ауызша шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің ролі зор болды. Әсіресе салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырағысыз бөлігі еді, салт-жора мен әнсіз тұрмыс мүмкін емес болатын. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған. «Ғұрып бойынша, туыстары өлген адамға *жоқтау* айтып жылаған, ал егер оның өмірі жорықта үзілсе, қаза тапқан адамның отбасына қаза туралы *естірту* айтып хабарлаған. Ажал аузында жатқанда ата-аналары балаларына, қарттар жастарға *өсиет* (поэтикалық өсиет) айтып қалдырған. Кетіп бара жатқан адам туған жерімен, өз ауылымен *қоштасу* әнін айтып қоштасқан. Тойларда *беташар*, *жар-жар*, *сыңсу* және қалыңдықтың, оның құрбылары мен жігіттердің басқа да өлеңдері айтылған. Ән жорықта жауынгердің серігі болды. Соттарда билерден бастап айыпталушыға дейін — бәрі мақалдарды, әдемі сөздерді, мәтелдерді жаңбырдай жаудырып, астарлап сөйлеп, жырларға сілтеме жасаған. Осылардың бәрі шындықтың айғағы ретінде, «ежелден келе жатқанның дәлелі» ретінде қолданылған. Айтыстар мен ру дауларын қараған кезде кеңестерге ақсақалдар мен үлкендер жиналатын, олардың сөздері бұрынғы уақыттың нақыл және уағыз сөздеріне толы болған. Елшілікті бастаған кезде ғибратты сөздерге, жырлар мен елшілерге жүгінген»³⁰.

Адамдарды аурулар мен улы жәндіктердің шаққанынан емдеген кезде де халықтық поэзия үлгілері (*арбау*, *шақыру*) пайдаланылған. Сөздің құдіретті күшіне сену халық емшілері мен бақсы-шамандар шығарып, орындаған тамаша поэтикалық үлгілердің пайда болуына жәрдемдесті (*бақсы сарыны*). Ауызекі дәстүр жоғары көркемдігімен және автордың даралық белгісімен ерекшеленген бірсыпыра бақсы жырларын сақтаған. Өз кезінде атақты болған Шақар, Жамансарт, Берікбай, Досмырза, Жаман және басқалар сияқты бақсы-шамандардың сарындары белгілі³¹. Бақсы сарындары — аруақтарды шақырып, оларды сипаттайтын, аруақтарға жүгініп, бұйрық-өмір беретін көлемді поэтикалық монолог. Рухы мен стилі жағынан бақсы сарындары батырлық эпосқа жақындайды, кейде оларда эпоста кездесетін тұтас шумақтар ұшырасады, аруақтарды суреттеу батырларды мадақтауға ұқсайды.

«...Бабаларым дем берген,
Өздеріңе қол берген.
Үлкен ата ер аруақ
Талай жерден жол көрген.
Әулиеге дем берген,
Айтар сөзге ем берген,
Жеті өлікке жан берген,
Жеті пірге қол берген
Ақшора бабам, қолдай көр!³²»

Шаман-бақсылар өз аруақтарымен олардың қарсыластарын сипаттау үшін теңеудің, анықтаудың және ассоциацияның мейлінше әр алуан түрлерін қолданып, әрбір аруақты тәптіштеп суреттеген, оның ерекше қасиеттерін атап көрсетіп, бұрынғы сіңірген еңбектерін тізіп келтірген. Олар аруақтарды белсенді қимылға шақырып, олардың рухын көтерген және олардан ауруды оның зұлым рухтарымен қоса тез әрі аяусыз жоюды талап еткен³³. Бұл орайда шамандар дәстүрлерімен қатар көбінесе өздерінің де поэтикалық жаңалықтарын пайдаланған. Бақсы ойынымен (камлание) айналысуды кәсіп еткен әрбір бақсының өз жыры болған, сондықтан олардың шығармашылығынан жеке негіз байқалады.

XVI—XVIII ғасырларда қоғамның рухани өмірінде ертегілер мен аңыздардың маңызы аз болған жоқ. Алғашқы қауымдық діни нанымдарға негізделген ертедегі хикаяттар халық арасында тәрбиелік-көңіл көтеру мақсаттарында айтылатын классикалық ғажайып ертегілер мен жануарлар туралы ертегілер болып қалыптасты. Алыптар мазмұнындағы ертегілер кең таралды, мұның өзі тынышсыз уақыт рухына сәйкес келді және бұл ертегілерге қазақтардың жоңғар жаулап алушыларына қарсы күресінің мотивтері сіңісті. Көпшілігінің түп-тамыры ертедегі үнді-иран және араб жинақтары мен орта ғасырлардағы туындыларына барып тірелетін новеллалық ертегілер халық арасына таралды. Сатиралық ертегілер едәуір дамыды, олардың бір бөлігі генетикалық жағынан рулық құрылыстың әңгіме түріндегі фольклорымен байланысты болды және жаңартылған еді.

Ертегілерде ертедегі сюжеттер мен діни нанымдарды (анимизм, магия, тотемизм және басқалар) сақтап қана қойған жоқ, оны қайтадан ой елегінен өткізді. Олар Қазақ хандығы дәуірінің феодалдық өмір шындығын өзіндік түрде бейнелеп, қарапайым адамдардың ой-арманын білдірді. Бұл жөнінен Жиренше туралы, «Аяз би», «Балтеке би», «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Жалайдар хан мен Сағат», «Мерхума» және басқа ертегілерді ерекше көрсетуге болады.

Ертегілермен салыстырғанда аңыздар сол кездердің оқиғаларына неғұрлым оралымды үн қосты, оларда тарихи және эпикалық, нақтылық және ойдан шығарылған нәрселер таңқаларлықтай ұштасқан.

Бұл кезеңде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған», әлдеқашан өтіп кеткен алтын ғасыр туралы, Жерұйық және Жиделі-Байсын деген ұжмақты жер іздеу туралы әлеуметтік-утопиялық аңыздар пайда болды³⁴. Мұндай аңыздар пайда болуының өз себептері бар еді. Өйткені «әлеуметтік-утопиялық идеялардың пиғылдардың, қозғалыстардың қоғамдық жүйелердің дағдарыстары кезеңдерінде, тарихи формациялар қирағанда», қоғамдағы ірі әлеуметтік-экономикалық сілкіністер мен саяси күрес кезінде «белсенді түрде пайда болып, мейлінше елеулі рөл атқаратыны» мәлім³⁵. Қазақ хандығының өмірі тартысқа толы болды, сондықтан фольклор оны өзінше бейнелеп, адамдардың әлеуметтік өмірді жақсарту туралы армандарын білдірді.

Әлеуметтік-утопиялық аңыздармен қоса тарихи-топонимиялық және діни-кітаби аңыздар да болды. Тарихи-топонимиялық аңыздарда әдетте алыс дәуірде өмір сүрген аса көрнекті тарихи адам туралы немесе әлдебір (көбінесе ойдан шығарылған) жердің, елді мекеннің, көлдің, өзеннің және т. б. тарихы туралы баяндалған («Ыстықкөл туралы аңыз», «Қорқыт туралы аңыз», «Оқжетпес», «Атасу», «Тоқпанның балалары» және басқалар). Діни-кітаби аңыздар негізінен сырттан келген және оларда ислам діні пайғамбарларының не

жергілікті әулиелердің өмірі мен қызметі туралы айтылды. Оларда ислам діні мадақталды, ол үшін мұсылман мифологиясымен бірге ертедегі ежелгі қазақ (шамандық) мифология кеңінен пайдаланылды, сондай-ақ кейіпкерлерді бейнелеу мен оқиғаларды суреттеуде фольклорлық көркемдік-стистикалық тәсілдер шебер қолданылды.

Қазақ хандығының өрлеуі кезеңінде тағы бір фольклорлық жаңа жанр — романтикалық эпос қалыптасты, оған бір-бірін сүйген, не мейірімсіз ата-анасының зұлымдық ықтиярымен, не күйеубаланың жауыздық, сатқындық арқылы өлтірілуімен, не рулық-тайпалық араздықпен, не сүйіскендердің әлеуметтік жағдайының тең болмауымен қосылмаған екі жастың қасіретті тағдыры туралы туындылар кірді. Әлбетте, жаңа жанр бірден пайда болған жоқ. Махаббат-лирикалық мазмұндағы жекелеген мотивтер, сюжеттер немесе хикаялар ертеректе, рулық құрылыс дәуірінде де туған, бірақ олар фольклорлық циклдерге бөлудің сюжеттік және басқа түрлеріне ұшырап, осы кезеңде ғана тұтас эпикалық туындыға айналды. Көптеген халықтар фольклорының тарихы көрсетіп отырғандай, мұндай романтикалық эпос феодалдық қоғам дәуірінде, ол қоғамда әлеуметтік-жеке адам мәселелері барған сайын зор белсенділік ала бастаған кезде белсенді түрде пайда болып, гүлденеді.

Қазақ фольклорының алғашқы классикалық махаббат-лирикалық туындылары — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» нақ осындай болған, олардың біржола романтикалық сипаттағы эпос болып қалыптасу уақытын зерттеушілер XVII—XVIII ғасырларға жатқызады³⁶.

Жалпы түрік аңызы негізінде туған³⁷ «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосында екі жас махаббатының қалай пайда болып, оның қалай күшейгені және оның күшті сезімге айналып, ғашықтардың ол үшін қалай күрескені баяндалады. Эпоста қазақтардың көшпелі тұрмысы және рулар арасындағы, адамдар арасындағы, ру мен отбасындағы күрделі өзара қатынастар дәлме-дәл бейнеленген, сондай-ақ бейнелер тұтас сомдалып, кейіпкерлерде махаббаттың туысыншылықпен және иланымды көрсетілген.

Біржола қалыптасқан уақыты XVII ғасырға жатқызылып жүрген «Қыз Жібек» эпосы³⁸ екі сюжет айтылатын екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігінің мазмұны Төлеген мен Жібектің арасындағы махаббат тарихынан және Төлегеннің жауыз бақталасы Бекежанның қолынан қаза табуынан тұрады. Екінші бөлігінде Жібектің одан кейінгі тағдыры туралы айтылады, ол Төлеген қаза тапқаннан кейін Төлегеннің інісі — өзінің қайнысы Сансызбайға күйеуге шығады.

Эпостың бірінші бөлігі, зерттеушілердің топшылауынша, екіншісінен ертерек туған және баянсыз махаббат тақырыбындағы, махаббат үшбұрышы: қыз — жігіт — бақталас тақырыбындағы нағыз романтикалық сипаттағы дербес туынды болған. Ал екінші бөлігі қаза тапқан батырдың інісі кейіпкер ретінде көрінетін эпилог болып табылады. Мұндай эпилогтың хикаяға енгізілуі — эпосқа тән генеалогиялық циклдерге бөлудің нәтижесі және оны XVII—XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қақтығыстарының нақты шындығы туғызған³⁹.

Халықтың драмалық шығармашылығы. Қазақ хандығының рухани мәдениет сыңаржақ поэтикалық тұрғыда болған жоқ. Оның құрамында театрлық-көріністік қойылымдардың әр алуан үлгілері, ойын-сауық түрлері болған. Олардың біреулері тікелей тұрмыс пен шаруашылыққа байланысты болса,

екіншілері арнаулы көңіл көтеретін көріністер, күлкілі және ермек ойындары еді⁴⁰.

Бірінші топқа алуан түрлі тұрмыстық және шаруашылық салт-жоралар, той және жерлеу рәсімдері кезіндегі әр түрлі іс-әрекеттер мен ауызша-поэтикалық туындылар жатады. Бұл — халық драмалық шығармашылығының күнтізбелік-еңбек және салт-жора түрлері. Олар халықтық күнтізбенің белгілі бір кезеңдеріне орайластырылған. Халық мерекелері мен ойындарының көпшілігі қаһарлы қыс кетіп, мал төлдеп, ауылдар жазғы қоныс — жайлауға көшіп барған көктемгі-жазғы маусымда өткізілді. Қыстыгүні және ерте көктемде өткізілетін ойындар мен рәсімдер болған. Кейбір ойын-сауық күзде өткізілген.

Ертеде «Ұлыстың ұлы күні», ал кейініректе Наурыз деп аталған Жаңа жылды мерекелеуге ерекше зор мән берілген. Жаңа жылдың бірінші күнінде жұрт мерекелік ойын-сауық ұйымдастырған. «Қалтырауық қамыр кемпір» және «Ақ боран» ойындарында қыс пен жаздың күресі бейнеленген. Қыс символды түрде қамырдан жасалған кемпір етіп көрсетілген, ол іс-қимылы арқылы кетіп бара жатқан (өліп бара жатқан) қысты көрсетуге тиіс еді.

Салт-жора мен ойындардың бір тобы малшы қазақтың еңбек қызметімен байланысты болды. Жазда, жайлауда, алғаш рет бие сауу басталған кезде рәсім бойынша «Қымыз мұрындық» өткізіліп, қымыз ішу ұйымдастырылған. Онда «Сейіл» сауығы ұйымдастырылып, оның кезінде жылқының қамқоры «Жылқышы ата» құрметіне әндер айтылған. Жаз өткенде немесе күзге салым бие сауу тоқтатылған кезде де нақ сондай сауықтар және рәсім бойынша қонақ шақыру өткізілген.

Шаруашылық өмірмен байланысты және кереметтің күшіне сенетін салт-жора сипатындағы «Бәдік» деген ерекше ойын болған. Бәдік малға әр түрлі ауру жіберетін қаскөй рух деп түсінілген. Ойын жазда өткізілетін. Жастар бір үйге жиналып, аурудың жалған рухы — Бәдікті ән айтып мазақтайды және оның ауылдан кетуін талап етеді, егер ол айтқанды тындамаса, оны жазаламақ болып қорқытады. Бұл орайда қаскөй рухты қуып жіберу оқиғасына байланысты әр түрлі күлкілі номерлер орындалған. Рухты қуу көрінісінде абыз ретінде көрінетін бақсы (шаман) басты рөл атқарған. Ойынға қатысушылар бақсының қимылын айқайлап, қосыла әндетіп және дене қимылымен көтермелеп отырған. Ойында, бір жағынан — корифей мен хорға, екінші жағынан — жалған рухқа бөлінушілік орын алған да, солардың арасында күрес жүрген.

Бақсы ойыны салт-жора және театр элементтерінің ұштастырылуымен ерекшеленді. Өзге дүниемен байланыс жасауға қабілетті және оның өкілдерімен күресудің (немесе достасудың) әдістерін біледі деп саналған бақсының абыздық мақсаты нақ осында көрінетін. Бақсы ойыны науқастың үйінде жұрт қатысып отырғанда жүргізілген және ол бірнеше бөлімнен тұратын, әнді, биді, музыка аспабында ойнауды, акробатикалық әдіс-айланы және көз байлаушылық номерлерді біріктіретін моноспектакль болған. Театрландырылған түрдегі мұндай бақсы ойыны қатысып отырғандарға және науқастардың өздеріне күшті сезімдік әсер еткен.

Халықтың драмалық шығармашылығының барлық салт-жоралық түрлері ішінде театр өнеріне үйлену дәстүрі мейлінше жақын болды. Орта ғасырларда қазақтың үйлену тойы үш бөлікті (немесе кезенді): құда түсу, аралық (той алдындағы) кезенді және үйлену тойын қамтыды. Бұл бөліктердің әрқайсысы бірқатар эпизодтардан тұратын. Құда түсуге құдалардың — күйеудің туыста-

ры мен достарының болашақ қалыңдықтың ауылына келуі, құдалық және қалыңмалдың мөлшері туралы, той өткізілетін мерзім туралы шарт және құдалардың кетуі кірген. Аралық (той алдындағы) кезең қалыңмал толық немесе жартылай төленіп, күйеудің қалыңдықпен кездесуге құқығы болған уақытты қамтыды. Бұл уақытта жастар жиі кездесіп тұрған және ол «қалыңдық ойнау» немесе «ұрын келу» деп аталған. Үйлену тойының өзі екі кезеңнен: а) қалыңдықтың ауылындағы той мен оны шығарып салудан, ә) ұзатылған қыздың күйеу ауылына келуі мен той өткізуден тұратын.

Той өткізу дәстүрінің әрбір үш бөлігіне сәйкес келетін салт-жоралар, ойын-сауықтар болған. Құда түсудің өзі өте қызықты еді, онда құда болушы жақтардың, әсіресе құда түсе келгендердің іс-әрекетін қатаң түрде реттейтін маңызды жобасы ерекше: құда түсе келгендерде әрбір адамның рөлі мен міндеттері қатаң бөлініп берілген. Бұл екі топ адамдардың шартты диалогы — айтысы болатын.

Күйеу қалыңдықтың ауылына келіп жүретін екінші (той алдындағы) аралық кезең ойындардың (және рәсімдердің) көп болуымен ерекшеленген. Оның әрбір келуі бір кезде киелілік мәні болуы мүмкін әр түрлі салт-жоралармен және ойындармен атап өтілген. Күйеу қалыңдыққа «есік ашар», «қол ұстатар», «шаш сипар» және т. б. сияқты ойын-кедергілер арқылы өтіп баруға тиіс болған.

Қалыңдықтың ауылында басталып, күйеудің ауылында аяқталатын тойдың үшінші сатысы — мейлінше қызықты және театрландырылған көрініс.

Қалыңдықтың ауылындағы тойда сезімге терең әсер ететін әндер — «Жар-жар» мен «сыңсу» айтылған, олардың рәсімдік-тұрмыстық мәні болып қана қоймай, сонымен қатар адамдардың эстетикалық талғамын қанаттандыратын. «Жар-жар» әнінің белгіленген музыкалық әуені мен мәтіні бар және оны жігіттер мен қыздардың екі хоры жеке-жеке орындаған. Бұл ән-хор партиялары мазмұны мен әуені жағынан ерекше болатын. Ерлер хоры әзіл-қалжыңы араласқан көңілді әуенмен қалыңдықты жұбатқан да, қыздар хоры мұңға бөленіп, қыз кезіндегі еркіндікті жоғалтатынын, алдағы туған-туысқандарынан айрылып, бөтен жерге кететіні туралы әнге қосқан.

Қалыңдықтың туған үйімен, туыстарымен және туған жерімен қоштасу көрінісі де қызықты әрі жан тебіренерлік. Құрбылары мен жеңгелерін ерткен ол бүкіл ауылды аралап, барша жұртпен ән айтып қоштасып шығады. Оның «Сыңсу» әні мұң мен үрейленушілікке толы, онда қалыңдық бақытты қыз кезінің тез өтіп кеткені жөнінде өкінішпен айтады, қыз кезімен қоштасады, ата-анасына, туыстарына және табиғатқа сөзін арнап, өзін есте сақтауды және ұмытпауды өтінеді.

Күйеудің аулындағы тойда келінді күйеудің туған-туысқандарымен және бүкіл жиналған жұртпен таныстыру көрінісі мейлінше театрландырылуымен ерекше. Осы мақсатпен «Беташар» жыры орындалған, оның салт-жоралық және эстетикалық маңызы бар, сонымен қатар әрі салтанатты-салиқалы, әрі әзіл-қалжыңды сипатта болып келеді. Бұл жораны өткізу кезінде келін белгілі бір жерде бетін жауып, күйеу ағаларының немесе туысқандарының жас келіншектері екі жағынан ұстап тұрады. «Беташар» жыры екі бөліктен құралған. Бірінші бөлігі келінді мақтауды және оның міндеттерін тізіп келтіруді қамтиды; екінші бөлігінде күйеудің ата-анасы мен туыстарына сипатама беріледі және келінге көрімдік беру талап етіледі. Күйеудің мінездеме берілген

туыстарының әрқайсысына келін иіліп сәлем етеді. Екінші бөлігінің аяғында бет ашушы немесе құрметті туыс адам келіннің бетін ашқан.

«Беташар» жырын айтқан кезде жыршы, адамдарды жалықтырмау үшін, күйеудің туған-туысқандарын таныстыра келіп, қимылымен және кейпімен олардың бейнелерін көрсеткен, әзіл-қалжың қосып отырған, кім туралы айттып тұрса, соған ұқсастырып әр алуан ым жасаған, сөйтіп барша жұртты күлдіріп, көңілдерін көтерген.

Қазақтардың халықтық драмалық шығармашылығында орындаушылардың өздерінің де, жиналған жұрттың да көңілін көтеруді мақсат ететін көңілді-ойын түрлері кең орын алған. Бұлар — халық мерекелері, әсіресе қыз ұзатып, келін түсіру тойлары мен өлген адамдарды еске түсіріп ас беру кезінде өткізілетін әр түрлі ойындар, жарыстар мен сайыстар. Сипаты, мақсаты және қатысушылардың құрамы жөнінен олар көптеген адамдар қатысатын шын мәніндегі халықтық көріністер болған, өйткені оларда жиналғандардың ойын-сауықты тамашалауы, көрермендер үшін ғана ұйымдастырылатын⁴¹. Үлкен тойлар мен астарда өткізілетін және спорттық-ойын сипатындағы көңіл көтеретін шаралар («бәйге», «жаяу жарыс», «жамбы ату», «қыз қуу», «көкпар», «күрес» және басқалары) — осындай ондаған (тіпті жүздеген) адам қатысатын көп адамдық көріністер.

Солармен қатар халықтық ойын-сауықтың тағы бір тобы болған, олар салтанатты-мерекелі күндерде ғана емес, жай күндері де өткізілген және осының алдындағы ойындардан өзгеше мақсат: орындаушылардың өздерінің көңілін көтеру мақсатын көздеген. Бұл — жастар ойындары, олар көрермендер үшін өткізілмеген. Көпшілікке арналған көп адам қатысатын көріністерден олардың айырмашылығы да мынада: ондай ойындар күндіз ғана емес, кеш түскеннен кейін де, далада да, үй ішінде де ойналатын. Оларға жататын ойындар: «Ақ сүйек», «Алтыбақан», «Хан», «Көрші», «Орамал тастау», ойынды-хор билері: «Айгөлек», «Қара құлан».

Олардың кейбіреулері жастардың ойындары түрінде қойылған өзінше бір спектакль болатын («Хан», «Хан жақсы ма?», «Қыз ойнақ»). Оларда Қазақ хандығы дәуірінің өмір шындығы көрсетілді: ойынға қатысушылар хан, ханша, оның уәзірлерін сайлады. Хан әмір беріп, шағымдарды қарайтын, жаза-лайтын не рақымшылық жасайтын еді. Бодандары — ойынға басқа қатысушылар - барлық жағынан ханға бағынып, оның еркін сөзсіз орындайтын. Мұндай ойындар махаббат-тұрмыс тақырыбында да атқарылған.

Жазбаша әдебиет. Бұл кезде Қазақ хандығы көршілес мемлекеттермен, Орта және Таяу Шығыс елдерімен үздіксіз араласып отырды, онда араб-мұсылман мәдениеті мен ғылымы барған сайын тереңдеп тарала берді, мектептер мен медреселер құрылып, оларда оқыту араб-парсы және түрік тілдерінде жүргізілді, ғылымның әр түрлі салалары (дін ілімі, математика, логика, философия) бойынша білім беріліп, Шығыстың ұлы ақындарының классикалық туындыларымен таныстырылды. Сарай маңындағы шонжарлар, ірі феодалдар, бектер және басқа да дәулетті адамдар өз балаларын Бұхараға, Самарқандқа, Бағдадқа және мұсылман дүниесінің басқа да мәдени орталықтарына оқуға жіберіп отырды. Мұның бәрі қазақ хандығының жалпы дамуына, бүкіл қоғамның рухани өмірі мен мәдениетіне игі ықпал жасады.

Бұл дәуірде қазақ халқының рухани мәдениеті ауызша-поэтикалық дәстүрмен ғана сипатталып қойған жоқ. Онда жазбаша әдебиет те дамыды, ол негізінен алғанда сарай маңындағы ортада және көбінесе тарихи шығармалар

түрінде қалыптасты. Орта ғасырларда әдебиет жанрлары жеке-жеке сараланған жоқ, сондықтан көркем проза дербес жанр болмады. Негізінен поэзия әдебиет деп танылды да, қара сөзбен тарихи және өзге де шығармалар жазылып, сол кезде олар тарихи еңбектер ретінде ғана емес, сонымен қатар оқырмандарға арналған көркемдік туындылар ретінде де қарастырылды. Сондықтан мұндай туындыларда әр түрлі әдеби тәсілдер, адам айтқысыз әсірелеулер, оқиғалардың айқын суреттемелері, поэтикалық жолдар мол кездеседі, ал поэтикалық жолдарда бейнелі теңеулер, ойға орала бермейтін эпитеттер мен көркем әдебиеттің басқа да белгілері болады.

Тарихта сақталған шежірелік және нарративтік деректемелер ретінде ғана емес, сонымен қатар соңғы орта ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның түрік халықтары көркем әдебиетінің ескерткіштері ретінде де маңызы бар шығармалар аз емес. Олардың ішінен Захир ад-дин Бабырдың «Бабыр-нама-сын», Камал ад-дин Бинаидің «Шайбани-намесін», Мұхаммед Хайдар Дуғлатидің «Тарих-и Рашидиін», Қожамқұл бек Балхидің «Тарих-и Қыпшағын», Қадырғали бектің «Жами'ат-таварихын» және басқаларын арнайы бөліп көрсетуге болады. Бұл авторлар тек оқиғаларды суреттеумен және билеушілер генеалогиясының тарихын баяндаумен ғана шектелмеген. Олар өз суреттемелеріне қоса көркем бейнелер жасап, ауыспалы мән беріп отырған, кейде шайқастардың немесе басқа оқиғалардың әдеби көріністерін беріп, өздерінің сөз саптауларын алуан түрлі айшықты троптармен әрлендіре түскен, хикаяларына өздерінің сирек кездесетін поэтикалық таланты мен кең көлемді эрудициясы бар екендігін дәлелдейтін өлең жолдарын енгізіп отырған. Мұның бірінші кезекте Бабырға қатысы бар.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр (1483—1530). Ол Әндіжанда туған және Темір ұрпақтарына жатады. Өте шиеленісті, соғыстар мен қауіп-қатерге толы өмір сүрген. Әулеттік араздықтың қиын-қыстау шақтарын өте ерте бастан кешірген. Әкесі өлген соң, 12 жасында-ақ Ферғана тағына отырды. Шайбанилерге қарсы күресті. Олардан жеңіліс тауып, Бабыр отанынан кетті де, 1525 жылы Ауғанстан мен Үндістанға жорық жасады. Үнді сұлтаны Ибрагимді жеңіп, Пенджаб алқабындағы Лахор қаласын алды, сонан соң Дели мен Аграны басып алып, жаңадан «ұлы моғолдар мемлекетін» құрды, ол ХІХ ғасырда Үндістанды ағылшындар басып алғанға дейін өмір сүрді. Бабыр Қазақ хандығымен де тығыз қарым-қатынас жасады, Қасым ханмен және Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлатимен туыс болатын, соңғысын оған қиын болған кезде тіпті паналатты да⁴². Ол Аграда қайтыс болып, Кабулда жерленген.

Бабыр жан-жақты дарынды адам: аса көрнекті қолбасшы және мемлекет қайраткері, талантты ғалым және ұлы ақын болған. Ол музыка тарихы жөнінде, әдеп және әскер ісі жөнінде құнды еңбектер жазды. Бізге оның тек «Бабыр-нама» деген тамаша кітабы, азын-аулақ ғажайып газельдері мен рубайлары, сондай-ақ «Аруз туралы трактат» деген ғажайып теориялық еңбегі ғана жетті⁴³.

Оның мемуарлық әдебиет жанрында жазылған және көп жағынан өмірбаяндық сипаттағы «Бабыр-нама» деген кітабы кеңінен мәлім. Кітапта Бабыр отанында болған кезде Орта Азия мен Қазақстанда ХV ғасырдың аяғы — ХVІ ғасырдың басында болған барлық негізгі оқиғалар, сондай-ақ оның жат елде болған тарихы қамтылған. Соған сәйкес оны шартты түрде екі бөлікке бөлуге болады: 1494—1508 жылдар аралығында болған фактілер мен оқиғаларды баяндау. Бұл уақытта ол Темір империясын қайта түлету мақсатымен шайбанилерге қарсы қиян-кескі, бірақ нәтиже бермеген соғыс жүргізді. Кітаптың

екінші бөлігі оның Үндістанды жаулап алып, өз мемлекетін құруына арналған.

Бұл кітапта Бабыр тарих пен саясат, мемлекеттік және әскери құрылыс саласында энциклопедиялық білімі бар талантты қолбасшы және аса көрнекті мемлекет қайраткері ретінде көрінеді. Ол толып жатқан фактілерден ең бастысын бөліп алып, нақты тұжырымдар жасай білген. «Бабыр-наманың» тілі түсінікті, баяндау стилі жеңіл, жекелеген суреттемелері мейлінше көркем және толық, ал мұның өзі кітапты жазбаша әдебиеттің ғажайып ескерткіші етеді.

Захир ад-дин Бабыр асқан дарынды ақын әрі поэзия теоретигі де болған. Оның газельдері мен рубаилары орта ғасырлардағы мәнерлі шығыс поэзиясының дәстүрлерінде жазылғанымен, оларда даралық белгісі аңғарылып тұрады. «Махаббат-наменің» авторы сияқты, ол да алыста жүрген сүйіктісі туралы сүйсіне сыр шертіп, оған өзінің күйінішті тағдырын айтады. Сонымен бірге Бабыр ақын өзінің өмірлік тәжірибесі мен жат жерде жүрген адамның психологиясынан туындайтын «мен» дегенін айқын бейнелейді. Оның тағдыры лирикасына да мынадай із қалдырған.

Бар ма қайғы-қасіреті, көрмегені Бабырдың?
Бар ма реніш, опасыздық көрмегені Бабырдың?
Ал оқыса «Бабыр-нама» кітабын әр жан біледі,
Қаншама азап көрсе де, өлмегенін әрі ақын,
әрі патша Бабырдың⁴⁴.

Бабыр тек ақын емес, ол өлең теориясымен де айналысып, «Аруз туралы трактат» деген тамаша еңбек қалдырған. Онда негізінен араб-парсы арузының теориясы баяндалады. Сонымен бірге Бабыр өзінің аруз туралы тезистерін түрік поэзиясынан мысалдар келтіре отырып дәлелдеген кезінде түрік аруздарының мәселелерін де талдап шешеді. Бұл орайда ол канондық аруздарға кірмеген түрік поэтикалық нысандарына (өлең, тархан, түрки, қошық, туют) арнайы тоқталады. Атап өтетін бір жәйіт, оның шығармаларында осы кезге дейін де қазақ поэзиясындағы ең бастылардың бірі болып табылатын «өлең» нысаны кездеседі.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлати (1499–1551). Оның әдеби бүркеншік аты — Аяз. Ол Ташкентте туған. Оның атасы Мұхаммед Хайдар мырза Қашғарда билеуші болған, бірақ 1480 жылы оны өзінің жиені Әбубәкір құлатқан. Қуғынға ұшыраған билеушіні досы Сұлтан Жүніс хан паналатып, оған кейіннен өзінің бір қызын оның ұлы Мұхаммед Хұсайнға берген (Хайдар Дуғлати содан туған), Хұсайн Бабырдың әкесі Омар Шайхпен және Ташкенттің билеушісі Сұлтан Махмұд ханмен жақсы қатынастарда болып, ұзақ уақыт бойы соның жанында жүрген. Ташкентті өзбектер алғаннан кейін ол Қаратегінге, Хұсрау шахқа қашып барады. Сонда, Кабулда жүргенінде ол Бабырға қарсы қаскүнемшілерге қосылған, бірақ Бабыр туыстық сезіммен оны өлтірмей жіберген. Бұдан кейін Мұхаммед-Хұсайн амалсыздан Ферғанаға қайтып барып, онда Мұхаммед Шайбани оны өлтіруге бұйрық берген.

Әкесі қаза тапқаннан кейін Хайдар Дуғлатидің Ферғанада қалуы қауіпті болған да, ол біраз уақыт Бұхарада жасырынып жүрген. Содан соң Бадахшанға қашып шығып, одан Кабулға, нағашы жұртынан немере ағасы Бабырға барған⁴⁵. Бабырмен бірге бірнеше соғыс жорықтарына қатысып, 1512 жылы Бабырдың рұқсатымен әкесі жағынан тағы бір немере ағасы Сұлтан Саид

ханға қосылған да, сонымен бірге Қашғарға жорық жасап, қайта оралып, Әбубәкірді қуып шыққан.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлати Саид ханның жанында болып, мемлекеттік және әскери ірі қызметтер атқарған, өз әміршісінің ұлы Абд ар-Рашид ханның тәрбиешісі болды, кейіннен «Та'рих-и Рашиди» қолжазбасы соған арналды. Хайдар Дуғлати 1573 жылы Саид ханның Тибетке жорығына қатысты, бірақ Саид хан жорық кезінде қаза тапты да, таққа оның ұлы Абд ар-Рашид отырды. Алайда Абд ар-Рашид әкесінің барлық жақындарын қудалап, Хайдар Дуғлати де сарайдан кетті. Ол Бадахшанда көп қаңғып жүрген де, сонан соң Үндістандағы Қамран-мірге барған. Онда таққа ие болып, Кашмирдің билеушісі болған. Хайдар Дуғлати 1551 жылы Үндістанның таудағы тайпаларымен соғыс қақтығыстарының бірінде қаза тапқан.

Атақты рудан шыққан Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлати тыңғылықты білім алып, түрік, араб, парсы тілдерін еркін меңгерген. Стилi мен оқиғаларды баяндау тiлiне қарағанда, «Та'рих-и Рашиди» кiтабы оның жалғыз шығармасы емес. Зерттеушiлердiң пiкiрiнше, оның түрiк тiлiнде жазылған «Жахан-наме» деген дастаны бар. Оның мазмұны ертегi сияқты. Дастанның қолжазбасы Берлин қалалық кiтапханасында сақтаулы⁴⁶, ол әлi де ғылыми жұртшылықтың игiлiгiне кең көлемде айнала қойған жоқ.

Хайдар Дуғлатидiң «Та'рих-и Рашиди» деген шығармасымен ғылым әлемi жақсы таныс. Ол екi кезеңде жазылған және 2 бөлiмнен тұрады. Бұрынырақ екiншi бөлiмi (1541/1542 жылдары) жазылған. Ал бiрiншi бөлiмi 1546 жылы аяқталған. «Та'рих-и Рашиди» фольклорлық аңыздар мен билеушiлердiң ауызша генеалогиясын, түрлi авторлардың жазбаша шығармаларын және өз авторының байқаулары мен естелiктерiн жинақтаған туынды болып табылады. Осы себептi кiтаптың жекелеген бөлiктерi оқиғаларды көзiмен көрген адамның әңгiмесi сияқты болып көрiнедi.

«Та'рих-и Рашиди» тарихи шығарма ғана емес. Бұл — талантты жазылған әдеби туынды, онда шыншылдықпен суреттелген ұрыс көрiнiстерi бар, шайқастар кезiндегi адамдардың iс-қимылдары, олардың ұрыс кезiндегi мiнез-құлқы көрсетiлiп, нақты адамдардың (Саид ханның, Бабырдың, Қасым ханның және басқаларының) бейнелерi суреттелген, оқиғалардың шиеленiсуi ашып көрсетiлiп, адамдардың белгiлi бiр жағдайлардағы көңiл күйлерi дәл берiлген. Автор өзi көргендерiн қызықты әңгiмелейдi, еске алу арқылы айтатынын көз жеткiзе суреттейдi. Оның хикаяларында кейiпкерлер iс-қимыл, iс-әрекет үстiнде, сұхбат кезiнде көрсетiлген, мұның өзi әңгiмелердi жинақы ете түседi. Мысалы, сол кездiң өзiнде-ақ жасы ұлғайып кеткен, автордың жазғанындай, 70 жасқа жақындаған Қасым хан мен әлi 30 жасқа да толмаған жас Саид ханның 1512/1513 жылғы кездесуi өте әдемі және қызғылықты суреттелген. Олардың мiнез-құлқы мен сөздерiнен кейiпкерлерiнiң мейiрбандығы, олардың өзара құрметтеуi және бiр-бiрiне жылы көзқарастары айқын аңғарылады... Осының бәрiнен Хайдар Дуғлатидiң ақындық таланты көрiнiп тұрады. Бұрын өзi тәрбиелеген Абд ар-Рашидтiң қылығына өзiнiң ашу-ызасын оған жазған хатында төрт жолдық өлеңмен былай деп бiлдiруi кездейсоқ емес:

«Қалай ғана ұмыттың шартымызды,
Адалдық пен сүйiспендiк антымызды!
Жауыздықты қайырым деп түсiндiң,
Алла жар болсын! Бiлдiм мәнiн бұл iстеген iсiңнiң!⁴⁷»

Хайдар Дуғлатидің сирек кездесетін ақын болғанын Бабырдың мына сөздерінен де түсінуге болады: «Енді ол (Хайдар Дуғлати. — *Ред.*) байсалды болып, жақсы жолға түсті деседі. Жазуға, сурет салуға, жебе, жебенің ұшын және садақ тартуға арналған шығыршық дайындауға — осының бәріне оның қолы ұсынақты болатын. Оның өлеңге де дарыны бар. Маған одан өтініш келді: оның сөз саптауы жаман емес»⁴⁸. Ұлы ақын Бабыр мұндай бағаны Хайдар Дуғлатиге бере алған себебі, Хайдар дүниені көркем көре білген және өзі көріп, өз туындыларында суреттегенінің бәріне өзіндік, өз бетінше бағалаған. Бабыр оны, тегінде, ар-ождан мен адалдықты бәрінен де жоғары қоятын шығармашы, асқақ адам деп білсе керек.

Қадырғали би Қосымұлы Жалаири. Шамамен 1555 жылдарда туып, 1607 жылдарда өлген деп жорамалданады⁴⁹. Өз кезінің білімді адамдарының бірі, бірсыпыра уақыт Көшім ханның кеңесшісі (қараша) болған. 1580 жылдардың басында Көшімнен кетіп, Ондан сұлтанға қызметке кірген, ол бұған жас сұлтан Ораз-Мұхаммедті тәрбиелеп, оқытуды сеніп тапсырады. 1587/1588 жылы ол Ораз-Мұхаммед сұлтанмен бірге Ресейге тұтқынға түскен де, 1600 жылға дейін Москвада болып, өзінің жас билеушісінің тағдырына ортақтасады. Орыс патшасы Борис Годуновтың шешімі бойынша 1602 жылы Касимов хандығының тағына отырған Ораз-Мұхаммедпен бірге Керман қаласында тұрды. 1610 жылы Ораз-Мұхаммед опасыздықпен өлтірілгеннен кейін оның тағдыры белгісіз.

И. Н. Березин шартты түрде «Жами-ат-таварих» деп атаған Қадырғали Жалаиридін шығармасы үш бөліктен тұрады: біріншісі — Борис Годунов патшаны мадақтау, екіншісі — Рашид ад-Диннің «Жами ат-таварих» деген еңбегінің парсы тілінен қысқартылған аудармасы, үшіншісі — Шыңғыс әулетінің Ораз-Мұхаммедке дейінгі тарихы, Алтын Орданың билеушісі Едіге туралы әңгіме, 1602 жылдың көктемінде Ораз-Мұхаммедтің Касимов тағына көтерілуі туралы хикая⁵⁰.

Бұл еңбек көп жағынан құнды. Оны XVI—XVII ғасырлардың тарихи деректемесі де, әдебиет және тіл ескерткіші де, Борис Годунов пен Ораз-Мұхаммедтің данқын дәріптеген туынды да деп санауға болады. Мұнда түрік-монғол халықтары патшалары мен олардың қызметіне байланысты оқиғалардың тарихи-аңызға айналдырылған хроникасын баяндаумен қатар, хан сарайының тұрмысы мен шаруашылығы суреттеліп, билеушілердің өздеріне ғана емес, сонымен қатар олардың дұшпандарына да сипаттама беріледі. Кітапта Ораз-Мұхаммед сұлтанның сарай адамдары мен жақындарының мінез-құлқы да мейлінше дәл бейнеленеді. Әдеби туынды ретінде бұл кітап Касимов қоғамының мінез-құлқы туралы, өмірге мұсылман дінінің терендеп енуі туралы, патшалық шонжарларының әл-ауқаты туралы толық түсінік береді. Автор Ораз-Мұхаммедтің таққа отыру сәтін егжей-тегжейлі суреттейді, сұлтанның таққа қалай отырғанын, мешітте кімнің намаз (құтпа) оқығанын және бұл салтанатқа қандай адамдардың қатысқанын көрсетеді:

«Бәрі, көрісі де, жасы да, молда мен калхуддей, барлық мұсылман адамдар қатысты. Мінежат етіліп намаз оқылды. Қарашалар мен аталықтар жоғары мәртебелі ханның үстіне шашу шашты. Жиналғандардың бәрі жоғары мәртебелі ханды құттықтады. Осы айдың аяғына дейін бірнеше күн бойы күндіз-түні қонақасы беріліп, сый тартылды. Бұл күндері өте үлкен той жасалып, көп мөлшерде бал мен шарап ішілді, сойылған жылқыға, қой мен сиырға сан жетпейді. Хан өте үлкен жиналыс шақырды. Жиналғандардың әрқайсысының

қызметі мен атағын белгіледі. Молдалар мен хафиздерге, жетім-жесірлерге, кедейлер мен қайыршыларға сый тартып, қайыр-садақа берді»⁵¹.

Тойды, қуанышты билеушінің мырзалығын суреттеу фольклорлық стильде, сонымен бірге ықшам әрі нақты берілген. Ораз-Мұхаммедтің бейнесі әдеби бейнеленген, утопиялық шығармаларда болатынындай, ол әділ де қайырымды билеуші етіп көрсетілген: «Үйсіздер мен кедейлерге мейірбандық пен ізгілік көрсетті. Оң қолымен істі шарифат бойынша басқарды, ал сол қолымен Борис Федорович патшаның жарлықтарына сәйкес ұры-қарылар мен лайықсыз адамдарды аяусыз жазалап отырды»⁵². Шынында да, бұл — дәріптеудің тамаша ескерткіші⁵³.

Қадырғали Жалаири шығармасының негізгі идеясы монархистік-этатикалық идея болды. Ол Нұхтан Оғызға, Оғыздан Хижратқа, Хижраттан Шыңғысқа, Шыңғыстан Ораз-Мұхаммедке дейінгі барлық билеушілердің тарихын шолып өтуді, олардың тарихтағы рөлін көрсетіп, сол арқылы өзі ауызға алған билеушілер мен Ораз-Мұхаммедтің патшалық құруының құдай берген заңдылығын дәлелдеуді мақсат етіп қойған. Автор, сірә, Ораз-Мұхаммедтің Керман қаласындағы патшалық құру тарихын одан әрі жазып, оны өз патшалығында, өзі жазғандай, «Борис Федорович патшаның бүкіл мемлекетінде тыныш болған» мінсіз қоғам құрған әділ билеуші етіп көрсетпекші болса керек⁵⁴.

Әбілғазы Баһадүр (1603—1664). Үргеніш қаласында Жошы ұрпағы Араб Мұхаммед ханның отбасында туған. Оның анасы Мехрибану ханым да Шыңғыс ұрпағынан шыққан. Әбілғазы 6 жасында анасынан жетім қалып, өгей анасының қолында тәрбиеленген. Ол әкесі салғызған Арысхан медресесінде оқыды. Жас шағынан бастап әдебиет пен тарихқа бейімдік танытты, тарихты және ізашарларының шығармаларын оқып-зерделеді, әскер өнеріне жаттығып, мемлекеттік істерге қатысты. Әкесі қартайған шағында оның балалары арасында Хиуа тағы үшін күрес басталды. 1621 жылы шайқастардың бірінде Әбілғазы ауыр жараланып, Әмудариядан жүзіп өтеді де, Маңғыстау түрікмендерін паналайды, ал содан соң қазақ хандары Есім мен Тұрсынға кетеді. Алайда 1628 жылы ол қолға түсіп, Иранға жер аударылған. Ол Исфаханда аттай он жыл өткізіп, ақырында, 1638 жылы сәті түсіп айдаудан қашып шығады. Бірсыпыра уақыт ол қалмақ ханы Хоурлықта тұрды, бірақ көп кешікпей Арал өңірі қазақтарына барып, олардың Хиуа ханы, өзінің бауыры Спандиярға қарсы көтерілісін басқарды, бірақ жеңіліс тапты. 1643 жылы Арал өңірі қазақтары оны өздерінің ханы деп жариялайды. Ол Хиуа ханына қарсы тынымсыз соғыс жүргізіп, 1645 жылы тақты тартып алған. 1663 жылы елді басқаруды баласы Ануш-Мұхаммедке өз еркімен беріп, «Түрік шежіресі» кітабын жазумен айналысты. Бірақ Әбілғазы бір жыл өткен соң қайтыс болып, кітапты оның ұлы бітірген⁵⁵.

«Түрік шежіресі» кітабы Шығыстың орта ғасырлардағы тарихи прозасы дәстүрлерінде жазылған және Адамнан бастап Әбілғазының өзіне дейінгі Шыңғыс әулетінің генеалогиясын баяндау болып табылады. Алғы сөз бен тоғыз тараудан тұратын ол таурат-құран сюжеттері мен ертедегі мифологияға, сондай сипаттағы ертедегі шығармаларға («Оғыз-нама», «Алтан-тобчи», «Зафар-нама» және басқаларға) негізделген, оларды автор өзінше пайдаланып, шығармашылық тұрғыдан түрік тіліне көшірген.

Баяндау стилі Әбілғазының дарынды адам болғанын, сөз саптауды жақсы білгенін көрсетеді. Кітаптың алғы сөзінде ол былай деп жазады: «...мен,

әсіресе, үш түрлі өлкелерді жете меңгердім... екінші — ақындық өнер, яғни түрлі өлең құрылысын сақтай отырып, түркі тілінде месневи, қасид, ғазел, рубаят тәрізді өлең шығара алу...»⁵⁶. Демек ол өлең жазған, олар әлі табылған жоқ. Ал кітапта оның сөзін және біздің Әбілғазы сонымен бірге ақын да болған деген ойымызды дәлелдейтін бірнеше бәйіт кездеседі.

Тарихи жағынан қызықты оқиғаларды, әсіресе соғыс қимылдарын суреттеген кезде Әбілғазы өзін көркем сөздің қас шебері етіп көрсетеді, ол әдеби баяндау тәсілдерін шебер қолданып, жағдайды дәл әрі ықшам береді, қолбасшылардың қиын-қыстау сәттердегі мінез-әрекетін көрсетіп, шайқас көріністерін көзге елестете суреттеп, кейде ұсақ-түйекті де ұтқыр аңғарады. Толының қытайларға қарсы шайқасының көрінісі міне былай көрсетілген: «Үкідай қаған Толы ханды он мың кісімен ілгері жіберді, оның артынан жай қозғалып өзі жүрді. Ол уақыттағы қытай патшасы Алтанхан бұл хабарды естіп, әмірлерінің бір-екеуін жүз мың кісімен оларға қарсы жіберді. Бұл жүз мың кісі Толы ханға жолығып, бұларды аз көріп, оларды айнала қамады, істің жаман болғанын Толы хан білді. Сикыршы бақсыларға сикыр қылындар деп үкім қылды. Сикыршылар үш күн, үш түн аруақ шақырып, сикырлық қылды. Жаздың ыстық күнінде қар мен жаңбыр жауа бастады. Сондай суық болды, көп кісі қолын жеңдерінен шығара алмады. Қытай әскерінің суықтан берекесі кетіп тұрғанын байқап, Толы хан өз әскеріне жан-жақтан ат қойындар деп бұйырды. Монғолдар қытай әскеріне тұс-тұстан лап қойды, қытайлар жеңілді, жүз мың әскерден бес мың кісі әрең қашып құтылды, өзгелері түгел қырылды»⁵⁷.

Ұрыс эпизоды мен шайқас көрінісі өте қысқа және жинақы суреттелген. Толы ханның батылдығы мен тапқырлығы бірнеше сөзбен көрсетілген, қытай әскеріндегі абыржу сезімі дәл аңғартылған, жаздыгүні аязды жағдайға ұшыраған адамдардың жай-күйі шыншылдықпен көрсетілген. Табиғат құбылыстарының суреттелуі, карама-қарсылық тәсілінің пайдаланылуы мен осының бәрі нағыз әдеби стильде жасалған және «Түрік шежіресін» XVII ғасыр әдебиетінің туындысы ретінде де зерттеуге болатындығын көрсетеді. Жоғарыда келтірілгені сияқты әңгімелер кітапта аз емес және олар Әбілғазының шығармасын қызықты етіп, оған көркемдік әр береді.

Сонымен, XVI—XVIII ғасырларда қазақ халқының рухани мәдениеті өзінің алдындағы дәуірлердегі мәдени дәстүрлердің қисынды жалғасы болып, бірнеше бағытта дамыған. Онда циклдерге айналдырылған ертедегі мифтер мен көне хикаялар белсенді түрде араласып жатты. Фольклор жаңаруды бастан кешірді, кейбір ескі жанрлар жойылып кетті, өзгелерінің түрі өзгертіліп, жаңа жағдайларға бейімделді. Бастапқы қауымдық нанымдарға негізделген ескі аңыздар мұсылмандандырылды немесе рухани мәдениеттің шетіне ығыстырылып шығарылды.

Хандықта қалыптасқан сыртқы экономикалық жағдайларға байланысты батырлық-елжандылық және тарихи тақырыптар көкейкесті сипат алды. Эпоста (тарихи жыр), тарихи өленде, ертегіде (новеллалық және сатиралық) жаңа жанрлар, нақты адамдар мен оқиғалар туралы жаңа аңыздар пайда болды.

Негізінен алғанда идеологиялық рөл атқарып, күшті қазақ мемлекеттігі мен оны жат жерлік басқыншылардан қорғау идеясын жырлаған жыраулар поэзиясы басты орын алды. Жыраулар поэзиясы мен би-шешендер шығармашылығы мемлекетке қызмет етіп, хан билігін қолдап отырды. Сонымен бірге олардың шығармашылығы мен іс-қимылдарынан ханға оппозициялық

белгілері аңғарылды. Алайда мемлекеттің тәуелсіздігіне келгенде алауыздықтар екінші қатарға ығысып, әдебиет те, ауызша шығармашылық та, музыка өнері де бірлікке және жаулап алушыларға қарсы күресуге шақырды.

XVIII ғасырдың ортасында жыраулар поэзиясының орнын кәсіби ақын поэзиясы басады. Қазақстан Ресей құрамына қосылып, өз мемлекеттігінен айрылды, соған байланысты оның идеологтары мен идеологиясы тарихи аренадан кетті. Мұның өзі, бір жағынан, демократиялық әуендегі ақындардың рухани өмірде белсенді рөл атқаруына және әдебиеттің мемлекет пен билеушіге тікелей қызмет етуден кетуіне, екінші жағынан, батырлық және отанды сыртқы жаулардан қорғау тақырыбының керегі болмай, оның орнын лириканың ала бастауына әкеп соқты. Қоғам мен оның рухани мәдениетінде әдебиет дербес бөлігіне айналды және оны жыраулармен қатар классикалық шығыс поэзиясының дәстүрлерін ұстанған ақындар (Софы Аллаяр, 1630—1723; Саихали, шамамен 1730—1799) одан әрі дамыта түсті. Сонымен бірге қазақ әдебиетінде көтерілісшілдік поэзия туып, қалыптасты, ол енді отан қорғау тақырыбының орнына, отаршылдыққа қарсы тақырыпты дамытты. Ол әсіресе XVIII ғасырдың аяғынан бастап, Қазақстанның түрлі жерлерінде Ресей отарлауына қарсы көтерілістер тұтанған кезде қауырт өріс алды.

2. ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазіргі қазақ тілі XV—XVI ғасырлар шебінде бірқатар жақын туыс рулық-тайпалық бірлестіктердің топтасуы және солардың негізінде XIV—XV ғасырларда қазақ халқы мен оның мемлекеттілігінің құрылуы процесінде қалыптасқан⁵⁸.

Қолданылып жүрген топтау бойынша қазіргі қазақ тілі ноғай тілімен бір шағын топ құрып, түрік тілінің қыпшақ тобына, оның батыс тармағына жатады және қарақалпақ, қырғыз, татар, қырым татарлары, башқұрт, қарашай-балқар және осы топтың басқа тілдерімен мейлінше жақын туыстық қатынастарда болып табылады.

Қазақ тілі қалыптасу тарихының түп-тамыры тым алыс өткен кезеңде жатыр. Егер қазақ этносы қалыптасуының үздіксіз даму процесін оның негізін құрайтын ертедегі усун, қаңлы, адай, дулат, қыпшақ, наймандардың және басқа да рулық-тайпалық бірлестіктердің этникалық компоненттері тарихымен сабақтастық байланыста алып қарасақ, ол үш кезең — ертедегі, ортағасырлық және жаңа кезеңдерге бөлінеді, өз кезегінде олар да әр түрлі тарихи жағдайлар мен басқа факторлардың салдарынан қазақ этносы тілінің түрлі жай-күйін сипаттайтын кезеңдерге тармақталады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ этносы тілі тарихының ертедегі кезеңі б. з. б. II ғасырдан біздің заманымыздағы V ғасырға дейінгі уақытты қамтиды. Усун, қаңлы рулық-тайпалық бірлестіктері сақтардың этникалық-мәдени мұрасының мирасқорлары болды, өз мемлекетін құрып, хұндармен (ғұндармен), юечжилермен, аландармен, ертедегі қытайлармен және басқа да шектес әрі алыс этностармен тығыз саяси қарым-қатынас жасап, этникалық байланыстар орнатты. Тарихтың бұл кезеңіндегі арғы қазақ тілінің жай-күйі фактологиялық материалдың мейлінше шектеулі болуы, сондай-ақ зерттеу әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жетілмегендігі салдарынан зерттелмеген деуге болады.

Қазақ этносы тілі даму тарихының екінші кезеңі алдыңғы орта ғасырлар

(VI—IX ғғ.) сатысына сәйкес келеді және ол Түрік қағанаттарының құрылып, гүлденуімен, орхон, енисей және талас руналық ескерткіштерінің жасалуымен байланысты⁵⁹. Егер тарихтың бірінші кезеңінде куәландырылған жазбаша деректемелердің болмауы себепті долбарлап айту мүмкін болса, бұл кезеңнің екінші сатысында зерттеліп отырған тілдің тарихы туралы енді неғұрлым нақты айтып, оның деректерін ертедегі түрік жазуының бізге дейін жеткен және жақсы зерттеліп, жарияланған ескерткіштерінің фактілерімен салыстыруға болады⁶⁰. VI—IX ғасырлардағы барлық түрік тайпалары үшін ортақ ертедегі түрік тілінің құрамында тек руналық ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар басқа да тарихи куәландырылған деректемелер де бар, сондай-ақ Батыс түрік қағанаты аумағында түрік тілінің қыпшақ тобының маңызды элементі ретінде «ж» деп сөйлеу де аңғарылады.

Басқа да көптеген түрік тілдері сияқты, қазақ тілі тарихында да дамыған және соңғы орта ғасырлар кезеңінің (X—XVII ғғ.) ерекше зор маңызы бар. Бұл кезең бүкіл Евразия кеңістігінде этникалық-лингвистикалық жағдайлардың ізін қалдырған күрделі де алуан түрлі тарихи оқиғалармен сипатталады, ал бұл кеңістікте ол кезде көшпелі, жартылай көшпелі немесе отырықшы тұрмыс салтын жүргізген және кейде әлеуметтік-саяси даму деңгейі бірдей бола бермеген көптеген түрік тайпалары, тайпа одақтары, халықтар мен ұлыстар жинақы және бытыранқы (дисперсиялы) мекендеген еді.

Қазақ тілі мен оны таратушылардың тарихы тұрғысынан алғанда жоғарыда аталған дәуір едәуір ерекшеленетін екі даму кезеңінен: X ғасырдан XV ғасырдың бірінші жартысына дейінгі және XV ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың басына дейінгі кезеңдерден қалыптасты. Егер қазақ тілі тарихының орта ғасырлардағы дәуірінің бірінші кезеңіне оның жай-күйі мен дамуы тұрғысынан қарайтын болсақ, ол ең алдымен бытыранқы этникалық топтардың жалпы ортақ қыпшақ тілі аясында бірігіп, кейіннен олардың ежелден мекендейтін географиялық кеңістігінде жалпыхалықтық дербес қазақ тілінің пайда болу процесімен сипатталады. Ал орта ғасырлардың екінші кезеңі ауызша және жазбаша түрлері бар бірыңғай және біртұтас қазақ тілінің қалыптасуымен аяқталады⁶¹. Тілдің мұндай жағдайына бұрынғы бытыранқы, дисперсиялық рулық-тайпалық топтардың топтасуы арқылы ғана емес, сонымен қатар енді Орта Азия мен Қазақстанның кең-байтақ аумағында қалыптасқан ортақ қыпшақ тілі шеңберінде ішкі интеграциялану мен жақындасу, тайпааралық диалектикалық айырмашылықтардың жойылуы арқылы да қол жетті.

Қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуының тарихи және ғаламдық-саяси өрістеуінде бұл кезеңдердің әрқайсысының ерекшелігі мен олардың атқаратын рөлі өте елеулі.

Қазақ тілі қалыптасуының алдыңғы орта ғасырлардағы тарихы туралы айтқан кезде кейіннен қазақ халқының этникалық құрылымына енген бізге белгілі тайпалар мен тайпалар бірлестіктері тілдерінің ауызша түрі жағынан да, жазбаша түрі жағынан да VI—IX ғасырларда қолданылған жалпы түрік әдеби тілімен ұқсас белгілерінің аз еместігін атап өткен жөн. Ертедегі түрік тілі сол кезеңде Орталық Азияның, соның ішінде Қазақстанның да ұлан-байтақ даласында өмір сүрген тілдер мен диалектілердің синтезі болған. Бұл нақты әрі бай тіл болатын, онда халықтық эпитеттер, бейнелі тұжырымдар мен көркемдік құралдардың үлгілері бай еді, оларда халықтық өсиеттер, сүйсіністер, кейіптеулер, қоштасулар, жоқтаулар, Тоникөк (716 ж.), Күл-

тегін (732 ж.), Білге қаған (735 ж.) және басқа да көптеген аса көрнекті мемлекет қайраткерлері мен әскербасыларының өмірі мен қаһармандық ерліктері туралы нақты диалогтар және монологиялық хикаяттар болды. Сонымен қазақтың эпикалық шығармалары мен ауызша-поэтикалық туындыларының көптеген үлгілері тіл бейнелілігі мен көркемдік баяндалу модельдері жағынан ертедегі түрік тілі дәстүрлерімен мирасқорлық байланысты болып табылады.

Түрік қағанаты құлдырап, мұсылман дүниесінің саяси және мәдени ықпал өрісінің кеңеюіне байланысты Орта Азия мен Қазақстанда бұл аймақтағы тіл жағдайына елеулі әсер еткен көп өзгерістер орын алды. Сол дәуірдің аса маңызды белгісі жана мәдени орталықтар мен мемлекеттік құрылымдардың құрылуы, сондай-ақ ислам дінінің таралып, соған байланысты араб жазуының кеңінен енуі болды.

IX ғасырда Оңтүстік Қазақстандағы бірқатар қалаларға саяси ықпалын жүргізген Саманилер мемлекетін қараханилық мұсылман-түріктердің жаулап алып, басқаруын Орта Азия мен Қазақстанның халықтарына тікелей қатынасы болған ең елеулі тарихи оқиғаларға жатқызуға болады⁶². Көшпелі ақсүйектер арасына мұсылман дінінің енуі мен таралуы оның ең алдымен рухани өміріне, ғасырлар бойғы әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Араб жазуына көшуге байланысты VIII ғасырдан бастап ертедегі түрік әдеби тілінің ауызша және жазбаша дәстүрлері біртіндеп кейінгі қатарға ығыстырылып шығарылды.

X ғасырда құрылған күдіретті Қараханилер мемлекеті шеңберінде іс жалпы түрік тілінде, бірақ араб жазуы негізінде жүргізілді. Мемлекеттік ауқымда жұмыс істеген түрік тілі осы державаның иеліктеріне енген рулық-тайпалық бірлестіктердің барлық тілдері мен диалектілерінің синтезі болды. Бұл тіл саманилер таңған араб тілінің ғана емес, сонымен қатар ертедегі түрік әдеби тілінің де дәстүрлері мен қағидаларынан біртіндеп алыстай берді, дегенмен де түріктер дүниесінің жекелеген аймақтары мен мәдени орталықтарында (мысалы, Алтын Орданың және т. б. кеңселерінде) ертедегі түріктердің жазбаша дәстүрлері одан әрі жұмыс істей берді.

Түрік тілдері тарихының орта ғасырлардағы кезеңі туралы сөз еткенде, көптеген көшпелі халықтардың мемлекеттік және этникалық мәдениетінде де, тілі мен қоғамдық-мәдени өмір укладында да елеулі өзгерістерге себеп болған аса ірі басқа тарихи оқиғалар жөнінде де айта кеткен жөн. Мысалы, Шыңғыс-хан мен оның ұрпақтарының Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы (XIII ғасырдың басынан) да сондай оқиғаларға жатады. Басқасын былай қойғанда, бұл оқиға түрік рулары мен тайпаларының бұрын бытыраңқы болып келген этникалық топтары мен шағын бірлестіктерінің қыпшақ тілі қауымы шеңберінде жалпы топтасуы айтарлықтай рөл атқарды⁶³, мұнда олар жалпы белгілері бойынша сараланып, біріктірілген. Мұның өзі де Алтын Орданың, Жошы және Шағатай ұлыстарының ыдырау кезеңіне сәйкес келген, бірқатар дербес тілдің, соның ішінде қазақ тілінің де пайда болуына әкеп соққан еді⁶⁴. Сондықтан жақын туыс ондаған түрік тілдері мен олардың ерекшеліктерінің жалпы типтендіру белгілерін жасауда бүкіл дамыған және соңғы орта ғасырлар бойы (X–XVII ғғ.) маңызды рөл атқарған және сайып келгенде, өзі таратушылар санының көп болуына және Евразияның бүкіл аумағында кең тарауы жөнінен басқа тіл топтарының арасында бейнебір үстем жағдайға ие болуы себепті «қыпшақ тобын» құраған

фактор ретінде ортақ қыпшақ тілінің (немесе одағының) сипаттамасына ерекше тоқталып өткен жөн.

Шынында да, тағдырдың өзі мынаған әкеп соқты: генетикалық жағынан ортақ түп-тамырға барып тірелетін, бірақ сол кезде-ақ жеке құрылымдық белгілері аз болмаған көптеген рулық-тайпалық тілдер арасында XIV—XV ғасырлардағы қыпшақ компоненті басым болып шықты және орта ғасырларда тілдердің қыпшақ тобы Орта Азия мен Қазақстанда да, Еділ бойы мен Кавказ сыртында да, Венгрияда да, Мамлюктік Египет пен Сирияда да кеңінен қолданылды. Мұның бәрі кейіннен аймақтық және шағын тілдердің сараланып қосылуы мен қалыптасуына жеткізді. Ал мұның өзі де әдетте ірі мәдени-әкімшілік орталықтар төңірегінде болып жатты. Сол кездің өзінде-ақ жалпы Дешті Қыпшақ түріктерінің тілі жайында емес, атап айтқанда, Еділ бойы, Орта Азия мен Қазақстан қыпшақтарының тілі жайында сөз етуге болатын еді. Қыпшақ тобының бірқатар дербес тілдері: қазақ, ноғай, татар тілдері мен басқа тілдердің пайда болуына әкеп соққан тілдер дамуының тарихи процесінде нақ осы сарын болатын.

Сонымен, қыпшақ тілінің ортақтығы (X—XV ғғ.) тілдік ортаны жинақтап, біріктіретін рөл атқарды, өз төңірегіне көптеген жақын туыс тілдер мен тіл ерекшеліктерін топтастырып, сол кезде қалыптасқан тіл жағдайларынан арыла білді, сөйтіп түрік тілдерінің типтік жағынан жинақы, құрылымдық жағынан тұтас, лексикалық жағынан бай, жаратылысы жағынан өзіндік ерекшелігі бар тобын қалыптастырды.

Қазақ халқы мен оның тілі қалыптасуының этникалық-генетикалық және этникалық-лингвистикалық процестерін де нақ осы тарихи тұрғыдан қарастыру керек. Этникалық сана-сезім: «қазақ» этникалық ұғымының тұтастығы, оның психологиясының, материалдық және рухани қазыналарының, жер аумағының және т. б. ортақтығы да осы процеспен байланысты. Бұл оқиғалар уақыты жөнінен қазақ жерінде мемлекеттіктің құрылуына тұспа-тұс келді.

Орта Азия мен Қазақстандағы басқа халықтар сияқты, қазақ халқы тарихының да орта ғасырлардағы кезеңі бұл кезеңде сол халықтардың қоғамдық өмірі олардың рухани, материалдық қазыналарының бейнебір өзіндік көрінісі болып табылатын мәдени оқиғаларға толы екендігімен ерекше, мұның өзі тіл жағдайына, нақты тіл тағдырына, әлбетте, әр түрлі ықпал жасады.

Осыған байланысты түрлі (жалпы, аймақтық, нақты) қыпшақ және аралас қыпшақ-оғыз тілдерінде толып жатқан көркем, хат түріндегі, филологиялық, тарихи, діни, географиялық, агиографиялық және басқа туындылар туғызылғанын атап өтпеске болмайды. Осы жазбаша ескерткіштерінің тіліне талдау жасау ғалымдарға олардың арасындағы тік-көлбеу байланыстарды, типологиялық ұқсастықтар мен алшақтықтарды және басқа да ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді, мұның өзі жалпы (өзінің қыпшақ тобы үшін), сол сияқты жеке (нақты тілдер үшін) белгілерді анықтау үшін өте маңызды.

Алтын Орданың Дешті Қыпшақтан Мамлюктік Египет пен Сирия шектеріне дейін созылып жатқан кең-байтақ иелігінде XIII—XIV ғасырларда диалектикалық ала-құлалығымен ерекшеленген аймақтық әр алуан түрлері бар жалпы қыпшақ әдеби тілі қолданылды. Мұны біріншіден, табиғи-географиялық жағдайлармен оқшауланған әр түрлі мәдени-әкімшілік орталықтардың жергілікті сарынымен, екіншіден, қыпшақтар-

дың өз әдеби тілінің құрылу, сондай-ақ бұл процесте әрбір қыпшақ тілінің жинақтап алғанда осы әдеби тілдің негізі болған жергілікті ерекшеліктерінің сақталу сарынымен түсіндіруге болады. Қалай дегенмен де, орта ғасырлардағы осы жалпы қыпшақтық әдеби тілдің ұйытқысы географиялық тұрғыдан алғанда Дешті Қыпшақ, ал тіл жағынан сол кезеңде түрік тілдерінің бүкіл қыпшақ тобында басым компоненті ретінде көрінген қыпшақ-куман диалектісінің өзі болған⁶⁵. Ал қазақ тіліне келетін болсақ, қазақ тілі біржола қалыптасқан (XV ғ.) геосаяси орта шешуші фактор болғанымен, оның қазақ халқының құрамына кірген қыпшақ рулық-тайпалық бірлестік арқылы сол компонентпен тікелей этникалық-генетикалық және этникалық-тілдік байланысы болған.

Ғалымдар қазақ тілінің тарихына тікелей немесе жанама қатынасы бар орта ғасырлардағы жазбаша ескерткіштердің тұтас бір тобын анықтап, зерттеді. Бұл еңбектер арасында біз үшін төмендегі филологиялық шығармалар мейлінше ден қоярлық:

1. Бұл XIII (1245 ж.) ғасырдағы қыпшақтардың ескі жазбаша ескерткіші «Түрік-араб сөздігі» (Китаб маджму тарджуман турки ва аджами ва магули ва фарси). Ғалымдардың пікірі бойынша, бұл шығарма «өзінің тіл көрсеткіштері бойынша орта ғасырлар дәуіріндегі қазақ тілінің тарихын зерттеу үшін елеулі ескерткіш болып табылады»⁶⁶.

2. Қыпшақ тілінің бүкіл дүние жүзіне әйгілі (XIII ғасырдың аяғы — XIV ғасырдың басы) ескерткіші — «Кодекс куманикус». Бұл шығарманың тілі негізінен алғанда Алтын Орда кезеңінде қалыптасқан қыпшақ әдеби тілінің базистік негізін құраған қыпшақ-куман диалектісі болып табылады.

3. Бізге дейін әзірше тізімдермен жеткен Қаңлы тілінің сөздігі — «Табши әл-луғат ат-туркия ала-лисан әл-қаңлы» (XIV ғасырдың басы). Түріктің белгілі тілтанушы-ғалымы проф. М. Ф. Копрюлюдің мәліметіне қарағанда, тізімде бұл лексикографиялық шығарманың авторы Хорезмшах үстемдік еткен кезде өмір сүрген рейн оғыздарынан шыққан филолог-ғалым Мұхаммед ибн Кайс (толық есімі — Шамс-ад-дин Мұхаммед ибн Кайс әр-Рази) аталады. Әлдебір түрік тіліндегі «Үлкен кітап» деп аталатын грамматикалық шығарманың авторы да сол саналады. Қазақтың Қыпшақ, Кимек, Керей, Найман және басқа тайпаларының тілдері сияқты, Қаңлы тайпасы тілінің де, жоғарыда атап өтілгеніндей, жалпыхалықтық қазақ тілі құрылғанға дейін өз еркіндігін сақтап қалып, сонымен бірге қыпшақтардың әдеби тілімен ортақ белгілерге ие болғанын айта кеткен жөн.

4. Осы тұрғыдан алғанда Жамал ад-дин ат-Туркидің «Бұлғат әл-муштак фи луғат ат-түрк ва әл-қыпшақ» деген араб-қыпшақ сөздігі (XV ғасырдың бірінші жартысы) айтарлықтай ынта-ықылас туғызады. Көптеген түркі тілдес шығармалар арасында бұл сөздік тікелей қыпшақ лексикасы болып табылады.

Орта ғасырлардағы авторлар (ұлты әр түрлі: түріктер, арабтар, ирандықтар және басқалар, әр түрлі аудандардан: Дешті Қыпшақтан, Египеттен, Орта Азиядан, Қазақстаннан, Ирактан, Кіші Азиядан және т. б. шыққандар) туралы ғылыми қолданыста жүрген ескі қыпшақ жазбаша ескерткіштердің бір жағдайда лексикалық-грамматикалық қатарды зерттеуге немесе сол тілді оқытуға, ал басқа бір жағдайларда түрлі жанрда көркем шығармалар туғызуға және моральдық-әдеп нормаларын, эстетикалық түсініктерді суреттеуге, сондай-ақ шарифат конондарын түсіндіруге және т. б. арналғанын айта

кеткен жөн⁶⁷. Олардың кейбіреулері мыналар: Әбу Хайяның 1313 жылы жазған «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак» деген шығармасы орта ғасырлардағы қыпшақ тілін үйрену жөніндегі практикалық құрал болып табылады. Египеттегі араб филологтарының қыпшақ, оғыз тілдері мен басқа тілдерді оқып-үйренуге арналған шығармалардан «Әл-Каванин әл-куулия ли дабт әл-лұғат ат-туркия» грамматикалық трактатын, сондай-ақ «Китаб ат-тухфат аз-закия фи-л-лұғат ат-туркия» деген филологиялық еңбекті және басқаларын атап айтуға болады⁶⁸.

Бұл шығармаларды географиялық жағынан бөліп, зерттеліп отырған туындының тілін көрсету ғана емес, сонымен қатар авторлары, құрастырушылары мен аудармашылары туралы, сондай-ақ олар тұратын қалалар мен мекендер туралы мәліметтердің болуы да назар аударуға лайық. Мысалы, олардың арасында Орта Азия мен Қазақстаннан, оның Фараб, Сығанақ, Сауран, Ясы, Баршынкент және басқа қалаларынан шыққан авторлар аз емес. Мәселен, өз кезіндегі әйгілі ғалым (XIII ғ.) Хамиди әл-Асими Баршынкенттік Сырдарияның төменгі ағысындағы Баршынкент қаласынан шыққан. Оның замандасы болған басқа бір ғалым Хусам-ад-дин де сол өлкенің перзенті, ол өз туындыларын үш тілде — шеберлігі асқан араб (фасих), өткір парсы (малих) және шыншыл түрік (яғни қыпшақ) (сахих) тілдерінде жазған. Фарабан (Отырардан) шыққан ғалымдардың тұтас бір шоғыры өз туындыларын ғылымның мейлінше әр түрлі бағыттарында туғызған.

Біздің қолымызда Дешті Қыпшақтан және Алтын Орда кезеңінен кейін, сондай-ақ Еділ бойы, Хорезм, Қырым және т. б. сияқты мәдени орталықтардан шыққан авторлардың әдеби туындыларының тұтас тобы бар. Мысалы: Сейф Сараидың (XV ғ.) «Гулистан би-т-турки»⁶⁹, Кутбтың поэтикалық «Хұсрау және Шырын»⁷⁰, Жошы ұлысының шығыс бөлігінен шыққан Хорезмидің өлеңмен жазылған «Махаббат-наме» шығармасы⁷¹. Ғалымдардың пайымдауынша, «Махаббат-наме» мен «Гулистанның» тілі аралас оғыз-қыпшақ тілі болып табылады⁷². Немесе мамлюк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің бірі Әбіл Лайт ас-Самарқандидің қазір Стамбул жинағында сақтаулы тұрған (қолжазба № 1451 Айя София) және кезінде Мамлюк мемлекетінде ғана емес, одан тыс жерлерге де кеңінен таралған «Китаб Мукаддимді» алайық. Ең ертедегі поэтикалық туындылардың бірі — Кул Галидің (1183-1236) «Қисса-и Юсуф» дастаны — Жақып пайғамбар мен оның ұлы өзінің қызғаншақ бауырлары құрбан еткен әділ Юсуфтың істері туралы Құраннан алынған әңгіме. Бұл — қыпшақ тілінде 1839 жылдан кейін ғана 70-тен астам рет қайта басылып шыққан, діни мазмұндағы ең танымал дастан⁷³.

Қазақ тілінің өзіне ғана тән сипатын сақтап, қандай қиын ахуалдар мен жағдайларда қалыптасқаны жөнінде азды-көпті дұрыс түсінік алу үшін жоғарыда келтірілген деректемелер әбден жеткілікті.

Осыған байланысты қазақ тілі қандай қиын тарихи жағдайлар мен этникалық-лингвистикалық реттерде қалыптасқан болса да, бұл әкіде оның бүкіл қалыптасу мен даму процесіне негізделетін үш фактордың ерекше зор маңызы бар. Олар:

- а) рулық-тайпалық тілдердің оның негізін құраған өз табиғаты;
- ә) оның ежелгі түрік тілдерімен сабақтастық факторын тану;
- б) тіл және этникалық-мәдени ортаның оның айналасына ықпал жасау факторлары.

Осы факторлардың әрқайсысын сипаттауға тоқталып өтейік.

1. Қазірдің өзінде белгілі тарихи жағдайлар себепті қазақ тілі қалыптасқан рулық-тайпалық тілдер негіздердің негізі болып табылады және ол қырық құрау да, гомогенді де емес. Басқаша айтқанда, кейбір түрік тілдері мен диалектілерінен (мысалы, өзбек, түрікмен және басқалар) айырмашылығы, қазақ тілі бір-бірімен жақын, шыққан тегі жағынан рулық-тайпалық түрік тіліне сүйенеді және оның біршама тез арада қалыптасуы мен құрылымдық тұтастығы себептерін осымен түсіндіруге болады. Бұл тіл құрылымының этникалық-генетикалық гомогенділігі Х және XV ғасырлар арасындағы көз жетерлік тарихи уақыт аралығында, қалай дегенмен де, этностың рулық-тайпалық негізінің Орта Азия мен Қазақстан аумағында араласып, сіңісіп кетпеуімен және өз құрамына өзге этникалық (түрік емес) компоненттерді қосып алмауымен де түсіндіріледі. Біршама «таза» күйінде қала отырып, рулық-тайпалық тілдер қыпшақтардың тіл ортақтығы шеңберінде өзіне ортақ «қыпшақ белгілерін» одан әрі дамыта түсті. Тегінде, қазақ тілінің көптеген қыпшақ тілдерімен және диалектілерімен осынша қатты ұқсастығын ортақ және ұқсас құрылымдық (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық) белгілерінің аз болмауын нақ осы жағдайларымен түсіндіру керек.

2. Қазақ тілінің IX—X ғасырларға дейінгі ертедегі тілдерімен құрылымдық сабақтастығын бірқатар факторлармен: біріншіден, ертедегі көшпелі тайпалар тұрмыс салтының олардың қарым-қатынасы мен тығыз байланыстарының интенсивтілігіне себеп болған жинақылығымен, екіншіден, олардың тіл, рухани, діни, этникалық-мәдени жақындығымен, үшіншіден, халық аңызшылары — жыраулар (ертедегі түрікше — «жырагу») ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келген ауызша-поэтикалық дәстүрлер мен тілдің көркемдік-бейнелеу құралдарының ортақтығымен түсіндіруге болады. Көркемдік баяндау мотивтері, образдар мен олардың кейіпкерлерінің іс-әрекетін қазақтың эпикалық, халықтық-поэтикалық туындыларында мол кездесетін мейлінше әдемі де бейнелі сөздермен сипаттау тәсілдері — осылардың бәрі біздің кезімізге дейін жеткен ертедегі ескерткіштердің, соның ішінде Орхон, Енисей және Таластағы тас тақталардағы жазулардың тіл қолдану тәсілдерімен астасып жатыр. Бұл арада әңгіме сол тарихи кезеңде, әлбетте, елеулі құрылымдық өзгерістерге ұшыраған нақты сөздер мен тіркестер жайында емес, негізінен алғанда тілдік, көркемдік-әдеби дәстүр жайында болып отырғанын ескерте кету керек. Солай бола тұрғанымен, бұл саладан да қазақ тілінде сондай ұқсастығы бар және бірдей болып келетін түбірі бір лексикалық бөлшектер мен сөз құрау үлгілерінің аз еместігін аңғаруға болады.

3. Тарихи оқиғалар, этникалық-мәдени орта және тіл төңірегі — осының бәрі тұтас алғанда нақты тілдің қалыптасуында, оның қолданылуында және бүкіл тарихы бойында оның үдемелі дамуында әрқашанда басты факторлардың бірі болып келген. Бірақ оның құрылымдық жағынан қалыптасуында дегенмен де тіл ортасы мен басқа тілдермен жанасымы мейлінше маңызды рөл атқарады. Бұл жағынан қазақ тілі ерекше емес, өйткені дүние жүзінде «таза» (өзге тіл элементтерінің қоспасынсыз) бірде-бір тіл жоқ.

Қазақ тілі мейлінше әр түрлі тарихи дәуірлерде — ертедегі, орта ғасырлардағы және қазіргі кезеңдерде болған этникалық-тіл ортасы оның құрылымына (әсіресе лексикалық құрамына, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылысына) айтарлықтай ықпал жасады. Оның үстіне бұл ықпалдың нәтижелері ықпал жасайтын (немесе өзара әсер ететін) факторлардың

дәрежесіне байланысты болады, ол факторларға мыналар жатады: байланыс жасайтын тілдердің типологиялық түрлері, байланыс жасау барысының ұзақтығы мен интенсивтілігі, оларды таратушылардың сан жағынан арақатынасы мен әлеуметтік-саяси жағдайы, оларда мемлекеттіктің болуы немесе болмауы және басқалар. Тіл жанасымдарының осы объективті факторлары мен шарттарын негізге ала отырып, қазақ тілі тарихының түрлі кезендеріндегі оның жай-күйін де анықтауға болады.

Біріншіден, егер қазіргі қазақ тілін әр түрлі рулық-тайпалық тілдердің біртұтас болып қалыптасуының ұзаққа созылған тарихи процесінің түпкі нәтижесі деп санайтын болсақ, бұл жолда ол өз тарихының ертедегі, орта ғасырлардағы, қазіргі кезендерінде де басқа тілдермен үнемі жанасым жасап немесе олардың ортасында болып келді, мұның өзі, әлбетте, ізсіз кеткен жоқ.

Екіншіден, қазақ тілімен жанасым жасаған тілдер ауқымын екі топқа бөлуге болады, олар: тектес, яғни түрік текті тілдер және тектес емес, яғни түрік текті емес тілдер, бұларға, мысалы, қытай, иран, араб, монғол, тунгус-маньчжур, славян тілдері мен басқа тілдерді жатқызу керек.

Бұл орайда қазақ тілінің тектес (түрік) тілдермен және тектес емес (құрылымы әр түрлі) тілдермен жанасым жасау сипаты мен нәтижесінің әсте де бірдей болмағанын атап өткен жөн. Жақын тектес тілдердің қыпшақ тілі қауымы шеңберіндегі жанасымдары әдетте олардың құрылымдық элементтерінің өзара сіңісуіне және ортақ типологиялық белгілер жасауға жеткізіп отырды. Ал тектес болғанымен, қыпшақ тіліне жатпайтын тілдермен жанасымдар да әдетте олардың өзара әсер етіп, өзара ықпал жасауға, бірақ кейіннен өз элементін енгізуіне әкеп соғады. Осы негізде қазақ тіліне қарлұқ, оғыз, салжұқ тілдері мен басқа тілдердің ықпал жасағаны мен элементтер енгізгені жөнінде айтуға тура келеді.

Қазақ тіліне алыста қалған тарихи кезеңде қазақтың ежелгі Қаңлы, Үйсін тайпалары мен басқалары арқылы ықпал жасалуы мүмкін екендігі туралы айтқанда, біз олардың ертедегі хундармен (ғұндармен), сақтармен нақты жанасым болғанына жиі сілтеме жасаймыз. Алайда ғылымда олардың қай тілге жататыны жөнінде әзірше деректер жоқ, сондықтан бұл жанасымдарды қазақ тілі дамуының сабақтастығы ретінде тану әлі де ерте.

Қазақ тілінің түркілік емес тілдермен түрлі дәуірлерде болған байланыстары қазақ тілінің құрылымында елеулі із қалдырған. Бұл арада қазақ тілі тарихының ертедегі және орта ғасырлардағы кезендерде қытай тілімен жанасым жасағаны туралы да долбарлап айтуға болады, мұны қытай шежірелері мен хан хроникасы ғана емес, қазақ тілі мен басқа да түрік тілдерінде бар қытай тілі элементтері дәлелдейді.

Қазақ тілінің лексикалық құрылымына иран (парсы, ішінара тәжік) және араб тілдерінің елеулі ықпал жасағанын ерекше атап өтуге тура келеді. Бұл негізінен Қазақстанда саманилер билік еткен кезеңде (VIII–IX ғғ.) орын алған, айта кетелік, бұл Қашғариядан Сырдарияға дейінгі орасан зор аумақты алып жатқан көптеген түрік халықтарының содан кейінгі тағдырында ерекше маңызды рөл атқарды⁷⁴. Арабтардың жаулап алуына байланысты (VIII–X ғғ.) Сырдария мен Іле арасындағы аймақтарда ислам діні кеңінен таралды. Сөйтіп бұл кезеңде араб тілі, сондай-ақ бірқатар мәдени орталықтарда парсы тілі де діни тіл ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік іс жүргізу тілі де болып, түріктердің ертедегі әдеби тілін ығыстырып шығарды және халықтың ауызша поэтикалық шығармашылық тілінің рөлін төмендетіп жіберді.

Араб және парсы тілдері ықпалының зор болғаны сонша, ол түрік тілдерінің лексикалық құрылымына елеулі (түрлі дәрежеде) өзгерістер енгізді, ал мұның өзі осы кезге дейін байқалады. Мәселен, қазіргі қазақ тілінің белсенді түрде қолданылып жүрген лексикасының жалпы мөлшерінде араб-парсы тілдерінен енген сөздер шамамен 15 процент болады⁷⁵.

Басқа қыпшақ тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінің де лексикалық құрылымында «монғол компоненті» дейтін елеулі орын алады, оның табиғатын ғалымдар екі фактормен: бір жағдайда түрік-монғол тілдері түбірінің бірлігі (бұл — алтай болжалын жақтаушылардың идеясы), ал басқа бір жағдайда олардың тарихи ұзақ уақыт бойы жанасым жасауының нәтижесі деп түсіндіреді. Бірінші жағдайда әңгіме бұл тілдердің лексикалық-грамматикалық құрылысының ортақтығы жайында, ал екінші жағдайда лексикалық ауыс-түйісі жайында ғана болуы мүмкін.

Қыпшақ тілінің, соның ішінде қазақ тілінің де Шыңғыс-ханның шапқыншылық жасап, Орта Азияны, Қазақстанды және басқа аймақтарды жаулап алуы кезеңі жөнінде сөз еткенде, ауыс-түйіс нәтижелері туралы, яғни түрік-монғол тілдерінің жанасымдары жайында айтуға тура келеді. Бұл жанасымдардың соғыс кезінде де, бейбіт уақытта да қаншалықты ұзақ болғанына қарамастан, жаппай қос тілділік және жанасым жасаған жақтардың нақты қарым-қатынасы жағдайында дегенмен де жергілікті түрік тілдері басым жағдайда болып қала берді. Монғол тайпаларының қалған бөлігі санының аз болуы және олардың түрік халықтары бұқарасының арасында дисперсиялы (шашыраңқы) орналасуы, ислам дінін қабылдауы және олардың әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне қысым жасалуы — осының бәрі «монғолдардың ықпалын» тереңдеткен жоқ, дегенмен де қазақ тілі мен басқа тілдердің сөздік құрамында монғол-түрік лексикалық ұқсастықтары немесе ортақ лексика көп мөлшерде пайда болды, тегінде, олардың түп-төркінін бұл жанасымдардан ғана емес, сонымен қатар олардың генетикалық туыстығынан да іздестірген жөн⁷⁶. Қазақ және монғол тілдерінде ежелден ортақ түбірлі лексикалар мен лексикалық-грамматикалық модельдердің және тұрмыстық, әкімшілік, әскери лексика саласындағы ауыс-түйістің, Қазақстан аумағында топонимдер мен географиялық объектілердің де ерекше тобының көп болуын да нақ осы факторлармен түсіндіру керек. Тұтас алғанда мұның бәрі қазақ тілінің монғолдық субстратын құрайды (XIII—XIV ғғ.).

Славян тілдерінде түрік тілінің атқарған рөлі сияқты, қазақ тілі мен түрік тілдерінің қыпшақ тобының лексикалық құрылымы қалыптасуының тарихи процесінде жалпы алғанда славян тілдері де айтарлықтай рөл атқарды. Мәселе мынада: түрік-славяндардың тілдік, этникалық-мәдени және басқа да тарихи тамырлары тереңде жатқан байланыстары мейлінше ұзақ және шынына келгенде, ертеден келе жатқан еді.

Русьтің ерте заманнан бері Дешті Қыпшақтың «пұтқа табынушыларымен» қоян-қолтық көршілес тұрғаны және бұл байланыстың сол кезден бастап, тарихтың одан кейінгі кезеңдерінде де: Алтын Ордамен де, жанадан құрылған Қазан, Астрахан, Қырым, Сібір, Ноғай хандықтарының бәрімен де және Жәнібек кезінде Ақ Орда құрамынан дербес мемлекет ретінде (1466 ж.) бөлініп шыққан Қазақ хандығымен де үзілмегені мәлім. Қазақстан Ресей құрамына қосылып алынғаннан кейін (1731 жылдан) қазақ-орыс тіл жанасымдары бұрынғыға қарағанда біршама басқаша сипат алды, өйткені патша өкіметінің отарлау саясаты қазақ тілін жұтып қою мақсатын көздеді. Біршама өзгеше

түрде болғанымен, КСРО жағдайында да (1917 жылдан) нақ сондай саясат жалғастырылды.

Сөйтіп қазақ және басқа да түрік халықтарының тағдырларында тұтас бір тарихи кезең болған түрік-славян (кең тұрғыдан алғанда) және қазақ-орыс (нақты тұрғыдан алғанда) тіл жанасымдары байланыс жасаушы тілдердің лексикасында елеулі із қалдырды.

Мәселен, зерттеулердің деректеріне қарағанда, қазіргі орыс тілінің сөздік құрамында 12 мыңнан астам түрік сөздері (шығыстық қатпарларымен қоса алғанда) бар, ал қазақ және басқа да түрік тіліне енген лексикалық ауыс-түйіс (европалық тілдердің элементтерін де қоса алғанда) саны едәуір көбірек болып шықты. Терминологиялық лексикаға келетін болсақ, оның кеңестік кезеңде толыққаны сонша, ғылым мен техниканың әр түрлі салаларындағы орыс-интернационалдық терминдер көлемі қазақ терминдері мен номенклатураларының өз санынан әлдеқайда асып түседі. Қазақ тілінің даму тарихының әр түрлі кезеңдерінде оның лексикалық құрамының қалыптасу процесіне қоршаған тіл ортасы ықпалының факторлары жалпы алғанда осындай.

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасу тарихында оның құрылымдық-функционалдық жай-күйінің үш деңгейіне сәйкес келетін үдемелі дамуының үш сатысы аңғарылады, мұның өзі тігінен қарағанда былай болып көрінеді: 1) жалпыхалықтық тілдің қалыптасу кезеңіне дейінгі рулық-тайпалық тілдер мен диалектілердің деңгейі немесе жай-күйі; 2) әдеби тілдің қалыптасу кезеңіне дейінгі жалпыхалықтық тілдің деңгейі немесе жай-күйі; 3) қазақ әдеби тілінің екі (ауызша және жазбаша) түрінің деңгейі немесе жай-күйі.

Қазақ тілінің осы үш деңгейі мен жай-күйіне сәйкес оның өзіне ғана тән көптеген құрылымдық белгілер мен ерекшеліктерге ие болғанын айта кеткен жөн.

Рулық-тайпалық тілдер мен диалектілердің жай-күйі ең алдымен олардың көптеген ғасырлар бойы дербес жұмыс істеуімен сипатталады. Табиғи-географиялық жағдайлардың, ғаламдық-саяси факторлардың себебінен бұдан кейін олар қыпшақ тілі қауымдастығы шеңберінде бірте-бірте жақындаса түседі (алшақтамайды). Бұл процесс XV—XVI ғасырлар шебінде қазақтың жалпыхалықтық тілі өзінің барлық құрылымдық буындарында түпкілікті қалыптасып біткенге дейін жалғаса берді. Мұның өзі де мемлекеттік құрылуының бір жолғы тарихи актісі ретінде бірден бола қойған жоқ, қайта өз төңірегіне барлық рулық-тайпалық тілдер мен диалектілерді бірте-бірте топтастыру жолымен және олардың айырмашылықтарын жатықтандырып, жалпы лексикалық-грамматикалық, айтылу, лексикалық және басқа нормалар жасау нәтижесінде болды. Өзінің ішкі дамуының бұл тарихи процесінде де қазақ тілі XIX ғасырдың бірінші жартысының өзінде-ақ біршама мінсіз жай-күйіне — өзінің қолданылуындағы бірлігі мен ортақтығы, құрылымдық тұтастығы мен бірыңғайлығы, ұлттық өзіндік ерекшелігі деңгейіне көтерілді⁷⁷.

Демек қазақтардың ресми түрде XIX ғасырдың екінші жартысында⁷⁸ қолданыла бастаған әдеби тілі шынына келгенде жалпыхалықтық тіл қойнауында пісіп жетілген деп санауға толық негіз бар. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі қазақтың аса көрнекті жыршы-жырауларының, суырып салма ақындарының шығармашылық қызметінің арқасында оның жазбаша түрінен едәуір озып кетті. Мысалы, Шалкиіз, Қазтуған және басқалары сияқты жыраулардың поэтикалық туындыларында XV—XVI ғасырлардың өзінде-ақ халық арасын-

да «Шалкиіз сөзі», «Қазтуған сөзі» кең таралды⁷⁹. Орта ғасырларда (XIV—XVI ғғ.) барлық хан сарайлары мен халық жиындарында нақ сол жырлар айтылып жүрді. XVI—XVII ғасырлар мен одан кейінгі дәуірде бұл әдеби тілдің жекелеген жазбаша үлгілері пайда бола бастады, олардың ең тандаулысы Қадырғали Жалаиридін «Жами'ат-таварих» деген туындысы болып табылады, оның тілінде ауызша дәстүрмен қатар соның алдындағы жалпы қыпшақтық әдеби тілдің кітаби дәстүрі де сақталған.

Одан кейінгі дәуірлерде (XVII ғасырдан бастап) Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар жырау, Тәтіқара, Үмбетей, Дулат, Шортанбай және басқалар сияқты қазақ ақындары мен жыраулары өз туындыларында азаматтық тақырыпқа бет бұрып, қазақ халқының тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бәрін жырға қосты, феодалдық бытыраңқылыққа қарсы шығып, халықты патша өкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы топтасуға және сыртқы жауларға қарсы бірлесіп күресуге шақырды.

3. ХАЛЫҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРПЫ, САЛТТАРЫ МЕН ДӘСТҮРЛЕРІ

XV—XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани өмірі біздің кезімізге дейін жеткен ертедегі халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы дәстүрлерін көрсетеді. Олар түгелдей алғанда сол кезде қазақтарда үстем болған патриархаттық-феодалдық қатынастарға негізделген. Қазақтардың көптеген әдет-ғұрпы олардың әдеттегі құқығының ертедегі нормаларымен байланысты болды, олардың негізі атақты қазақ хандары Қасым («Қасым ханның қасқа жолы») мен Есімнің («Есім ханның ескі жолы») құқықтық ережелерінде салынған болатын, ал XVII ғасырдың аяғында, Тәуке хан билік құрған кезде қазақтың үш жүзінен шыққан көптеген қазақ билерінің, соның ішінде халық зердесінде қалған атақты Төле бидің, Қаздауысты Қазыбек би мен Әйтеке бидің қатысуымен Тәуке ханның «Жеті жарғы» деп аталатын заңдары жүйеге түсіріліп, құрастырылды.

Қазақтың халықтық әдет-ғұрпы мен дәстүрлері көбінесе көшпелі малшылардың күнделікті шаруашылық қызметінде атқарылатын әр түрлі салт-жорасынан көрінеді. Мәселен, көктемде қыстаудан көшкенде қыстау мен малды отпен тазарту салты міндетті түрде сақталған. Бұл үшін қыстаудың маңынан екі жерден от жағып, барлық малды солардың арасынан айдап өткен, мұның өзі мұсылман дініне дейінгі от киесіне деген нанымға байланысты еді. Жазда қоныс аударған кезде әрбір ауыл көш керуенінің салтанатты безендірілуіне ерекше көңіл бөлген. Бұл үшін алдыңғы түйеге қырғауылдың ұзын қауырсынынан төрт басты қарқара орнатқан. Мұндай көш халық арасында «қарқаралы көш» деп аталады. Қарқаралы түйені ауылдың ең құрметті әйелі немесе ең жас келіні жетекке алған. Халықтың түсінігі бойынша, қырғауылдың әдемі қауырсыны көзі түскендердің назарын өзіне аударып, көш керуенін көз тиюден және жол-жөнекей әр түрлі қолайсыз жағдайлардан сақтайтын болған.

Жазғы жайылымдар (жайлау) арасында суаттары бар көшіп жүретін жолдар болды және бұл жерлер әдетте, ешкімге тиесілі емес, яғни барлық көшіп-қонушыларға ортақ саналды, сондықтан олар алғаш барып қону құқығымен пайдаланылды. Бұл үшін суат басына жайылымның бос еместігін көрсететін айқын із қалдыру жеткілікті болды.

Көктемде күн күркіремейінше, қазақтар өсімдік жемістерін жеуге рұқсат етпеген. Ал күн күркірегеннен кейін тау жуасын және басқа да жеуге жарамды жемістерді жинауға рұқсат етілген. Халықтың түсінігі бойынша, күннің күркіреуі сауын малы сүтінің көбеюіне жәрдемдесетін бүкіл өсімдіктер дүниесінің пісіп-жетілуінің жаршысы болған. Сондықтан күн күркіреген кезде қымыз құятын ағаш ожаумен киіз үй керегесін сыртқы жағынан абайлап соққан, бұл халық ішінде «ожау қағу» деп аталған. Бұл ретте міндетті түрде «Сүт көп болсын, көмір аз болсын» деп дауыстап отырған. Халықтың космогониялық түсініктері бойынша, бұл наным сүт өнімдері молшылығына септігін тигізген.

Жаз басталар-басталмастан, жазғы жайылымдарға (жайлауға) жеткен соң қазақтар қымыз ашытуға бие саууды ұйымдастыру үшін құлын байлайтын еді. Осыған байланысты ауыл шеңберінде «қазық майлау» немесе «бие мұрындық» деп аталатын шағын той-томалақ өткізілген. Бұл салт-дәстүрдің мән-мақсаты құлындар мен биелердің аман, қымыздың мол болуы еді. Жиналған ауылдастарына қымыз беріп, ет тартқаннан кейін жолжора құлын байланатын желіге май жағумен аяқталатын. Бұл орайда ақсақалдар жол-жораны ұйымдастырушыларға ізгі тілек білдіріп, батаның неше түрін беретін болған.

Мұсылман дініне дейінгі ырымдарға сәйкес көшпелі тұрмыстың кейбір еңбек құралдары мен заттары киелі деп саналған. Мысалы, жылқы ұстайтын «құрық», құлын байланатын «желі», қозы көгендейтін «көген», «жүген», «ноқта», шаңырақ көтеретін «бақан» және т. б. сондай киелі болған, олардан әсіресе әйелдерге аттап өтуге немесе оларды басуға қатаң тиым салынған.

Халықтық әдет-ғұрып қазақтардың отбасы-неке қатынастарында сақталатын әр түрлі салт-жораларда мейлінше толық ашылды, оларда ертедегі көптеген институттардың — топтық некенің (левират және сорорат), туыстық экзогамияның, полигамияның көп некеліктің, патриархаттық үлкен отбасының, қалыңмал мен жасау берудің және т. б. сарқыншақ белгілері жақсы сақталды.

Қазақтар некенің әр алуан түрлерін білген, бірақ некенің ең көп таралған және негізгі түрі құда түсу және келінді қалыңмал беріп алу жолымен үйлендіру болды. Құда түсу салтын жастардың ата-аналары немесе жасы үлкен туыстары жүзеге асыратын еді. Құда түсу туралы келіссөз жүргізуден бұрын күйеу баланың ата-аналары жорамалданып отырған құда түсер үйдің жақсылы-жаманды оң немесе теріс жақтарын дәлелдейтін барлық мән-жайларды біліп алатын. Осындай құпия «барлаудан» кейін ғана күйеудің әкесі ресми ұсыныс жасау үшін қыздың әкесіне өзінің сенім білдірген адамын «жаушы» етіп жіберетін. Егер қыздың ата-анасы ұсынысты қабылдаса, күйеу жағынан құдалардың келу мерзімін белгілеп, жаушыға «шеге шапан» деп аталатын шапан жапқан. Сонан соң күйеудің әкесі белгіленген мерзімде құдалар жіберіп, олар қалыңмалдың көлемі туралы, тойға жұмсалатын шығындар туралы, жасау-жабдықтар туралы, қалыңмал төлеудің алдын ала белгіленген мерзімдері және тойды өткізетін уақыттың өзі туралы ресми келіссөз жүргізген.

Құдалық туралы екі жақтың келісімі антпен бекітілген, бұл үшін құрбандыққа шалынған қойдың бауыздағандағы қанын ағаш тостағанға (аяққа) толтыра құйып, екі жақтың да бас құдасына апаратын, олар оған оң қолының

саусақтарын малып, ал неғұрлым ерте кезде оған найзасының немесе жебесінің ұшын салып, сонымен бірге құдалық уағданы бұзбау туралы ант берген сөздер айтатын болған. Ант беру рәсімі жасалғаннан кейін ақсақалдар қан толтырылған тостағанға қарап отырып аят оқу арқылы уағдаластыққа бата берген, бұл қазақтарда «батаяқ» деп аталды. Осы жол-жораның құрметіне күйеу жағынан келген бас құда қалыңдыққа тарту-таралғыны және қалыңдыққа «қарғыбау» немесе «үкітағар» (ен салу) деп аталатын сыйлықты атаған, бұл сыйлық қыздың осыдан бастап айттырылғанын білдірген. Осыдан кейін уағдаласушы жақтар заңды құда деп саналып, оларға жаңа пісірілген құйрық май мен бауырдан арнаулы «құйрық-бауыр» деген тағам тартылған. Құдалардың оны бір-біріне асатуы екі жақтың туыстық қатынастарының ұзақ жылдарға орнатылғанын бейнелеген. Құдаларға аттанар алдында сый ретінде «киіт» кигізілген.

Күйеудің әкесі келісілген қалыңмалдың негізгі бөлігін бергеннен кейін күйеу қалыңдыққа өзінің алғашқы ресми сапарын жасаған, ол «ұрын бару» деп аталады. Осы сапар кезінде болашақ ерлі-зайыптылар, әдетте, бірінші рет кездесетін, сондықтан олардың бұдан кейінгі тағдырында ұрын барудың зор мәні болды, олар бірін-бірі біліп, ұнатып кетуі мүмкін еді. Кейде бұл кездесу тең емес некені болғызбай тастайтын. Демек қазақтың «ұрын» термині түріктің ертедегі «игун» (тығылу, бауырына басу) деген сөзінен шыққан болуы мүмкін. Түріктің ертедегі «bagırsaqni bulza bagırqa igun» (Егер ізгілік көрсең, қабыл ал) деген қазір де бар бейнелі сөзі осындай жорамалдың растығын айқын дәлелдейді.

Күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары алғашқы кездесуді өткізуге мұқият дайындалатын. Қалыңдықтың туған-туысқандарына алуан түрлі көп тарту-таралғы беріп, күйеуге тәжірибелі жігіт (күйеу жолдас) бастаған 5—6 адамнан тұратын қошеметшілері еріп барған. Күйеудің қасына ерген адамдары үшін қалыңдықтың ауылында арнайы үй тігіліп, ұрын той жасалған. Қалыңдықтың жақын туысының үйінде келесі күні дәстүрлі «қыз қашар» кеші өткізілген. Кештің аяғына қарай қалыңдық құрбыларының қарсылығына қарамастан, жеңгелері оны арнайы отау үйіне апарды, онда алдын ала төсек салынып қойылады. Жас жеңгелер күйеуді сонда шақырады, ал басқа әйелдер күйеудің аяғының астына «бақан» (киіз үйдің шаңырағын көтеруге арналған сырғауыл) тастап, оның алдынан «желі» (құлын байлайтын арқан) тартады. Халықтың наным бойынша, бұлар — қасиетті заттар, олардан аттап өтуге болмайды, ал бұл жағдайда одан ақы төлеп айналып өту керек. Сондықтан күйеу бала жеңгелерге ақы (кәде) төлейді де, олар күйеу баланың жолынан кедергіні алып тастайды.

Отау үйінің есігін ашқан егде әйел қызметі үшін арнайы тарту алады (есікашар). Күйеуді үйдің өзінде қалыңдықтың анасы қарсы алады. Ол күйеудің ошаққа аздап май құюына көмектеседі (отқа май құю), сонан соң жалпы «ақ» деп аталатын сүттен жасалған әлдебір сусын құйылған тостаған ұсынады.

Сонан соң қалыңдықты ертіп келген жас жеңгелері күйеуден шымылдық ашқаны (шымылдық ашар), төсек салғаны (төсек салар), күйеудің қалыңдық қолын ұстатқаны (қол ұстатар) немесе оның шашын сипатқаны (шаш сипатар) үшін сый-тартуын алып, жастарды оңаша қалдырады. Бұл түні күйеу мен қалыңдықтың таң атқанша сыбырласып сөйлесіп отыруына, тіпті бірге жатуына да болады, бірақ олардың одан әрі жақындасуына бол-

майтын еді. Таң атар-атпастан, атасы мен енесі оянғанға дейін, күйеу өз үйіне кетуге тиіс болды. Осылайша дәстүр бойынша алғашқы некелік түн өткізген сияқты болғаннан кейін күйеу қалыңдықпен тура той болғанға дейін жасырын кездесіп жүре алатын (қалыңдық ойнау).

Күйеудің қалыңдыққа ресми сапары — «ұрын бару» аяқталғаннан кейін қалыңдықтың әкесі күйеу балаға ер-тұрманмен (ер-тоқым) қоса салт мінетін жақсы ат мінгізіп, жаңадан тігілген әдемі сыртқы киім кигізген. Ғұрып бойынша, қалыңдықты әкелерде атасының ауылындағы қыз ұзату тойына күйеу осы мінгізілген атпен, сол ер-тұрманды ерттеп, сол киіммен келуге тиіс болатын. Ұрын тойдан кейін екі жақ та жастарды үйлендіруге қызу дайындала бастайды. Күйеудің әкесі қалыңмалды толық төлеп, үйлену тойы үшін мал (той малы), әр түрлі тарту-таралғылар және т. б. дайындайды. Қалыңдықтың әкесі қызына арнап жасау, тойға арналған киіз үй (отау) және тойда киетін бас киім (сәукеле) әзірлейді.

Қалыңдықтың ауылындағы тойға барушыларды көбінесе күйеу баланың анасы бастап апарған. Олар қалыңдықтың туған-туысқандарына көптеген тарту-таралғымен барады. Олардың ішіндегі ең елеулісі әкесінің ошағы құрметіне (отқа салар), анасының қызын тәрбиелеп өсіріп жеткізген еңбегіне (сүт ақы) арналған тартулар және қалыңдықтың туған аға-інілеріне арналған тартулар болған. Сыйға түйе, жарамды ат, аңға салатын құс, ер, кілемдер және т. б. тартуға болатын еді.

Қасына ерген адамдарымен күйеу бала келісімен, қалыңдықтың ауылында дереу тойға арналған киіз үй (отау) тігіліп, оған жас жұбайларға арналған неке төсегі салынған. Бір күннен кейін түн ортасына қарай отауда жас жұбайлардың кездесуі ұйымдастырылған. Шынына келгенде, бұл кездесу олардың ерлі-зайыптылық өмірінің басы, яғни алғашқы неке түні болатын. Егер қалыңдық пәк болмай шықса, күйеу одан бас тарта алатын. XV—XVII ғасырларда мұндай жағдайларда алғашқы сапары кезінде-ақ күйеу баланың достары атасы мінгізген аттың ішін жарып, ерді қиратып, күйеу баланың киімін жыртып тастайтын, бұл тойдан үзілді-кесілді бас тартқандықты білдіретін, қарабет болған қыз әкесі қызын да, оның абыройын төккен адамды да өлім жазасына кесе алатын еді.

Егер қалыңдық «арлы» болып шықса, екі жақ та шын жүректен қуанып, үйлену тойын өткізуге кіріседі. Үйлену тойында әр түрлі ойындар: бәйге, күрес, сайыс, көкпар, айтыс және т. б. ұйымдастырылған. Әдетте үйлену тойының аяғында болатын атжарыстан кейін іле-шала салт бойынша қосылып «жар-жар» айтылған. Суырып салма ақын жігіт достарымен бірге қалыңдықты құттықтап жұбатады, тағдырының дегеніне көнуге құрбыларының қосылуымен туған үйінен, туған жерінен және туған-туысқандарынан кетіп бара жатқанына өкініш білдіреді. Кетер алдында қалыңдық құрбыларымен, сіңлілерімен және жеңгелерімен бірге өзінің барлық туысқандарын аралап (қыз танысу), олардың отбасыларымен қоштасып, ескерткіш сыйлықтар алады. Мұндай жағдайларда оны бір үйден екінші үйге кілемге салып апарған реттер аз болмаған. Қалыңдық ұзатылатын күні құдаларға жасау көрсетіліп, отау жығылған, той керуені жолға шығуға дайындалып, құдаларға, күйеуге және қалыңдыққа тарту-таралғылар жасалады. Сонан соң жеке үйде қалыңдыққа келіншек киімін, тойға арналған баскиім (сәукеле) кигізіп, желек жабылады, ол күйеудің ауылына соларды киіп баруға тиіс. Қалыңдықтың көшін шағын топты туысқандарын ертіп, қыздың шешесі басқарып барады. Той

көшін жас келіншектер, қыздар қарсы алып, келінді күйеудің ауылына жаяулатып, бұл орайда оны күйеудің үлкен туыстары көріп қоймауы үшін шымылдықпен апарады.

Үйлену тойы басталғанға дейін күйеудің ауылында келінді күйеудің туған-туысқандарымен салтанатты түрде таныстыру — «беташар» болады. Бұл үшін ауылдың ең құрметті адамдары жиналған күйеу әкесінің үйіне келінді толық той киімімен әкеледі, ал енесі оның ошаққа май құюына көмектеседі (отқа май құю). Осы рәсімнен кейін суырып салма ақын жігіт дәстүрлі тұрмыстық жыр — «беташарды» (келіннің бетін ашу) бастайды. Жырдың басында келін таныстырылады, сонан соң келінге ақыл айтылады, сөйтіп ол күйеудің үйде отырған туған-туысқандарын таныстырумен аяқталады.

Әдет-ғұрыпқа сәйкес, жас келіннің алғашқы баласын туғанға дейін немесе ұзатылғанға жыл толғанға дейін өзінің ата-анасына баруға құқығы болмаған. Ал бала туғаннан кейін ол өзінің тұңғышымен бірге ата-анасына барып (төркіндеу), ерекше үлес (енші) алуға міндетті еді. Құда түсу жолымен некеге тұруға байланысты барлық ғұрып пен жол-жора осы сапармен аяқталған.

Топтық некенің сарқыншақтары ретінде қазақтарда әменгерлік (левират) пен балдыз алу (сорорат) орын алды. Топтық неке институты алғашқы-қауымдық құрылыс кезінен жаңа уақытқа дейін қоғамдық қатынастардағы терең жаңарулар салдарынан өзгерістерге ұшырап, ертедегі құқықтың сырт бейнесін ғана сақтап қалды. Мәселен, таптық қоғамға дейін басқа рудың апалы-сінділі қыздарына топтық неке құқығы ортодоксалдық неке негіздерінің бірі болса, кейініректе левират пен сорорат қалыңдықты қалыңмалға сатып алумен және мүлікті мұраға алумен тығыз байланысты болды, яғни бұл дәстүрлер оның барлық экономикалық құрылысымен тығыз астасып кетті.

Мәселен, левираттық құқық бойынша, қазақтарда жесір күйеуінің жылын өткізгеннен кейін марқұм күйеуінің аға-інісіне немесе басқа бір жақын туысына қосылуға тиіс болған. Оның өзімен бірге балалары мен мүлкі де мұрагерлік бойынша жаңа күйеуіне көшкен. Егер жесір бұған келіспесе, күштеп қосатын, ең жақсы дегенде ол балалары мен мүлкін тастап, өзінің ата-анасына кететін. Қазақтарда левираттық құқық жесірлерге ғана емес, сонымен қатар күйеу бала қайтыс болған жағдайда айттырылған қалыңдыққа да қолданылды.

Әйелі немесе қалыңдығы қайтыс болған жағдайда тұл қалған еркектің немесе күйеудің ғұрып бойынша марқұмның туған сіндісіне үйленуге құқығы болды, бірақ левираттық құқықпен салыстырғанда, сорораттық құқықтың (балдыз алу) сақталуы барлық жағдайда міндетті болған жоқ.

Сорорат пен левираттың генезисі алыста қалған ерте дүниеде жатқанымен, сірә, қазіргі кезге дейін сорорат неғұрлым әлсіреп, өзін-өзі сарыққан түрде жеткен болса керек. Мәселен, әйелі қайтыс болған жағдайда күйеуі марқұм әйелінің айттырылмаған туған сіндісіне (балдызына) ғана үйленуге тілек білдіре алатын, ал қайын атасы еш қиналмастан, күйеу баласының өтінішінен бас тарта алатын. Егер левираттық құқық ағайындылардың үлкендерінің жесірлері мен кішілерінің жесірлеріне қолданылған болса, сорораттық құқық қайтыс болған әйелдің апаларына емес, тек сінділеріне ғана қолданылды. Сондықтан да қазақтарда сорорат «балдыз алу» (әйелінің сіндісіне қосылу) деп аталады. Егер қалыңмалы толық төленіп қойған қалыңдық әкесінің үйінде өлсе, сорораттық құқық міндетті деп саналған.

Қазақтарда ертедегі туыстық экзогамия институтының қалдықтары ежел-

ден өмір сүріп келді. Экзогамиялық тыйым салу қазақтарда еркек тұқымы бойынша ортақ ата-бабаның жеті ұрпағы шегінде қатаң сақталды. Бұл — қазақтарда қандас туыстық байланыстар жеті атаға дейін сақталып, ал сегізінші ұрпақтан бастап кәдімгі (құдандалық) байланыстар басталады деген сөз. Ортақ ата-бабадан сегізінші және одан кейінгі ұрпақтардан бастап некеге тұру тұрақты болуы үшін ақсақалдар жиынға жиналып, құрбандыққа боз бие шалған, мінәжат етіп, ортақ атадан тарайтын 8—9-ұрпақтың жас адамдарының бір жұбының некелесуіне бата берген.

Үйленген ұлдарына әкесі енші беріп, оларды отау етіп шығарған. Әкелері қайтыс болғаннан кейін оның барлық шаруашылығы, үйі минорат дәстүрі бойынша бөлініп шықпаған кенже ұлына тиесілі болған. Оның отбасы «үлкен үй» немесе «қара шаңырақ» ретінде құрметтеліп, барлық туыстарының құрметіне бөленген. Әке шаңырағының иесіне дәстүрлі тарту (сыбаға) үнемі беріліп отырған. Бұл арқылы, біріншіден, ата-бабалардың аруағына құрмет сезімі білдірілсе, екіншіден, одан күні өткен патриархаттық қатынастарды белгілі бір дәрежеде сақтау тілегі аңғарылады.

Қазақтар арасында үлкенді сыйлау рәсімі орын алды, оны бұзғандар айып салынып жазаланатын. Қазақ әйелі күйеуінің жасы үлкен туыстарын сыйлады. Ол жұбайының әкесіне және ағаларына көрінбеу салтын қатаң сақтайтын, олардың өз есімдерін атамайтын. Келін тарапынан күйеуінің туысқандарын құрметтеу мен сыйлау «ат тергеу» ғұрпы бойынша оның күйеуінің туысқандарын тіпті өз есімдерімен атай алмауға дейін жетіп, оларды тапқырлықпен қойылған жаңа, бірегей атпен атап, әсіресе жасы кішілеріне қалжың ат қоюға тиіс болды, мұның өзі қоғамның моральдық-этикалық талаптарына әбден сай келетін еді.

Дала өңірінде қонақжайлық дәстүрлі болатын. Жолаушының, кез келген адамның, тіпті танымайтын адамның да үйге қонып шығуға құқығы болды. Мейманға тамақ беру мен әр түрлі қызмет көрсету ешбір риясыз көңілмен жасалатын. Тіпті мейман өзін жақсы күтуді талап етуге де хақылы болды. Егер қожайын мейманды жақсылап қарсы алмаса, ол билер сотына жүгінуге хақылы еді. Әдет бойынша мейман өзі кеткенше үй иесінің толық қорғауында болды. Бұл құқық мейман үй иесінің жауы болған жағдайда да қолданылатын. Үй иесі мейманнан ол өз үйінде болған кезінде өшін ала алмайтын. Керісінше, қожайын өз мейманын оның басқа жауларынан қорғауға міндетті болды.

Қазақтар арасында дос-бауыр болу (тамыр болу) дәстүрі ежелден кең таралды. Түрлі адамдар арасында, олардың жас шамасына қарамастан, мұндай берік достық әр түрлі жағдайларда қалыптасқан. Олардың біреуін — ата-аналары, екіншілерін олардың ортақ жауға қарсы күрестегі мүдделерінің ортақтығы қосса, үшінші біреулері әр түрлі тұрмыстық қам-қарекет нәтижесінде — айтар болсақ, бір-бірінің жақсы атын, қыран құсын, тазысын және т. б. ұнату (қалау) арқылы табысатын. Тамыр болу куәлар алдында өте салтанатты жағдайда жасалды, қылышты немесе қанжарды сүйіп тұрып, өмір-бақи адал болуға ант берісетін. Қазақтардың өмір шындығында анттан таю өте сирек кездесетін құбылыс болған. Ал антты бұзу қазақтар арасында әдеттегі құқық нормаларымен қатаң жазаланатын.

Туысқандар арасында өзара көмек кеңінен таралды. Мұндай көмек оның мөлшеріне қарай «жылу», «немеурін» және «үме» деп аталды. Өзара көмектің ең ертедегі түрі «жылу» болды. Туыстардың өзара көмек көрсету ғұрпының тамырлары алыста қалған ерте заманда, адамдардың қоғамдық жағдайы тең

болған рулық құрылыс дәуірінде жатыр. Уақыт өте келе, жеке меншік пен таптардың пайда болуына байланысты туыстық қатынастар мен өзара көмек таптық сипат алды.

Қазақтарда адамды жерлеу-еске алу салты да көп болған. Марқұммен нақ өлер алдында жақын туыстарының қоштасып жүздесу (арыздасу) дәстүрі мүмкін болғанынша міндетті түрде сақталған. Бұл жүздесулердің ең басты мағынасы мынада: екі жақ әдетте бір-бірінен белгілі бір реніштері үшін кешірім сұрайды, ал өлім алдында жатқан адам өлерінен бұрын ауызша өсиет айтады, мұны барлық мұрагерлері марқұмның соңғы сөзі ретінде сөзсіз орындайды. Халық адамның өлгені туралы жақын туысқандарына хабарлау — «естірту» дәстүріне зор мән берген. Халықта «естіртудің» шешендік өнер негізінде құрастырылған көптеген үлгілері бар. Жақын адамның қайтыс болуы жөнінде жақын туыстарын жұбату — «көңіл айту» шеберлігіне де зор мән берілді, онда жұбату, шыдамдылыққа шақыру, оларға денсаулық пен бақыт тілеу болады.

Ертедегі діни нанымдарға байланысты ғұрып бойынша, әйелдер өлген адамға ұзақ уақыт бойы, ең кемі бір жыл бойы жоқтау айтқан, қайғысын білдіру белгісі ретінде жесір өзінің бетін тырнаған (бет жырту), еркектер өлген адам жатқан үйге жақындаған кезде атының басын жіберіп, ер үстінде оңды-солды теңселіп, «ой, бауырым» деп барынша дауыс салған, сол арқылы қайғының қабырғасына қатты батқанын білдірген. Өлген адамға қайтыс болғанынан кейін жетінші күні (жетісі), қыркыншы күні (қыркы) және бір жыл толғанда (жылы немесе асы) бата оқытылған. Жесір өлген күйеуін жыл бойы аза тұтқан.

Қазақтар 22-наурыздағы көктемгі күн мен түннің теңесуіне сәйкес келетін Жаңа жыл — «Наурызды» ежелден бері жыл сайын шат көңілді мереке етіп атап өткен. Бұл кезге қарай әдетте қатулы қыс бітіп, табиғат ояна бастайды, көктем туып, мал төлдеп болады, егіншілердің егіске дайындығы басталады. Бұл күні еркектер көршілерін құттықтап барып, әйелдер салтқа сәйкес дәстүрлі тағам — «наурыз көже» пісіреді, келген адамдардың бәріне соны ішкізеді. «Наурыз көже» құрамы жөнінен құрама болған, яғни міндетті түрде 7 компоненттен (су, тұз, ет, сүт, пияз, бидай және ақталған тары) тұрған. Еттен міндетті түрде қойдың басы немесе ірі қара малдың шекесі және қысқы соғымның сыбағасы асылған. Наурыз мерекеленетін күн халықта «Ұлыстың ұлы күні» деп аталды. Бұл күні жасына, жынысына және әлеуметтік жағдайына қарамастан, қыдыруға қатысатын адамдардың бәрі тең саналады. Наурызға қатысушылардың бәрі мерекеге лайық жасанып, мүмкіндігіне қарай ұлттық жаңа киім киінген, әсіресе әйелдер мен жастарға ешқандай шек қойылмаған. Жаңа жыл — «Наурыздың» келуіне байланысты үлкендер жағы жан-тәнімен қуанып, бүкіл мәз-майрам жұртқа ізгі тілектерді аямайтын. Наурыз күні халықтың жаппай келісімі туған, тіпті жауласушы жақтар арасында да Наурыз кезінде татулық орнаған. Ұлы мерекенің құрметіне адамдар бір-біріне ең ауыр деген ренішін де кешірген. Мұны «Ұлыстың ұлы күні алдына келсе, атанның құнын кеш» деген халық мәтелі дәлелдейді.

Қазақтар арасында діни сипатта құрбан шалатын ертедегі ғұрып — «құрбандық шалу» кеңінен қолданылды. Мұндай құрбандықтар әр түрлі жағдайларда: соғыстың аяқталуына, ұлының ұрыс майданынан аман қайтуына, зарыға күткен ұл тууына, ауыр науқастан сауығуына байланысты, қуаңшылық жағдайына, еркек тұқымы бойынша ортақ ата-бабадан тарайтын 8-ұрпаққа экзогамиялық тыйым салудың күші жойылуына және т. б. байланысты шалынатын еді. Құрбандыққа үй жануарлары — қой, өгіз, ат,

бие және түйе сойылған. Құрбандық шалған кез келген жағдайда көп адам, тіпті көрші ауылдардың да адамдары шақырылған. Құрбандық шалуға ауыл ақсақалдары мен мұсылман дінбасыларының өкілдері басшылық еткен.

Сонымен, көптеген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер қазақ халқының материалдық және рухани өмірінің әр алуан жақтарын көрсетті.

4. ДІНИ НАНЫМДАР. ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ

XVI—XVII ғасырларда қазақтардың Орта Азия халықтарымен экономикалық және мәдени байланыстарының дамуы Қазақстанда ислам дінінің жеделдете таралып, ықпалы күшеюіне себепші болады. Қаралып отырған кезеңде ислам дінін таратушылар ең алдымен Түркістан мен Мауараннахрдан, Қажы-Тархан мен Дербенттен, Хорезмнен, Хиуадан, Астрабадтан, Хорасан мен Ираннан шыққан ортаазиялық миссионерлер болды. Өз кезегінде қазақ көпестері мұсылман елдеріне барып, ислам діні іліміне тартылды. Жазбаша деректемелерден келтірген сансыз мысалдар қазақтардың ислам дініне жаппай қосылғанын дәлелдейді. Бұл кезеңде қазақтар құран оқып, намазға жығылған, ораза ұстап, неке қиюдың мұсылмандық ғұрпын жасаған, өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытқан⁸⁰. Ислам діні Қазақстанда, әсіресе оның оңтүстік аудандарында бірте-бірте қазақ қоғамында үстемдік етуші дінге айналады. Көшпелі тұрмыс салты құдайға құлшылық ететін арнаулы құрылыстар, тұрақты жұмыс істейтін діни мекемелер салу мен тұрақты дінбасыларын қалыптастыруды қиындатты. Намаз кез келген жерде оқыла беретін болды, ал халық көпшілігінің құран мен араб тіліндегі кітаптарға қол жеткізе алмағандықтан қазақтар молданың әрбір сөзін айнытпай қайталап, оның басшылығымен діни ғұрыптарды орындап отырды, ислам діні ілімінің қағидаларын жаттап алды.

Әрине, XVI—XVII ғасырларда қазақтарда мәжусилік дәстүрлер әлі де күшті болатын. Жазбаша деректемелерге қарағанда, қазақтар сонымен бірге пұт пен күнге табынып, оған қоса намаз кезінде мінәжат етіп отырған. Осындай қылықтар мен іс-әрекеттері салдарынан олар, мұсылман авторларының пайымдауынша, екінші бірінде діннен безгендер деп саналған⁸¹. Бірақ уақыт өте келе, ислам діні ілімі мен ғұрыптарына қазақ қоғамының қалың қауымы барған сайын қол жеткізе алатын болды. Сейфидің көрсеткеніндей, «Қырғыздардың көршілері — қазақтар; олар 200 000 отбасы; Имам Изам (Абу Халифа) ағымын ұстанатын мұсылмандар»⁸². Орталық Азияда 1558—1560 жылдары болған ағылшын саяхатшысы А. Дженкинсон қазақтарды «Мұхаммед дініне» сенетін халық ретінде атап өтеді⁸³.

Орта Азияның ірі діни орталықтары — Бұхарамен, Ташкентпен, Хиуамен қатар қазақтар арасында ислам дінін таратуда суфистік миссионерлер елеулі рөл атқарды. Ислам дінін орталық Азияның көшпелілері арасында таратумен және орнықтырумен суфистік қайраткерлердің көптеген ұрпақтары айналысты. Накшбанди-қожа ордені тармақтарының ішіндегі қаратаулық қожалар тармағының негізін салушы, Орта Азияның белгілі шейхы Қожа Ысқақ Уәли (1598 ж. өлген) белсенді миссионерлік қызмет жүргізді. Қожа Ысқақ Уәли Шығыс Түркістанның мәжуси халықтарын ислам дініне кіргізген деп саналатын Ахмет Ходжаги-йа Касанидің (Махдум-и Азам) баласы еді. Қожа Ысқақты оның әкесінің шәкірті және мирасқоры Лутфулла Чусты (1571 ж. өлген) тәрбиеледі, аңыздарда ол ислам дінін Орта Азия көшпелілері арасында тара-

ту жайын ойластырған пірәдар және ғажайып адам ретінде мәлім. Қожа Ысқақ Уәли мен оның бауыры Мұхаммед Әмин (Ишан-и Калан) арасында өздерінің бүкіл накшбанди-қожа тармағының шейх-муршиді болған әкелерінің мүридтеріне басшылық ету құқығы үшін күрес жүргізілді. Осы күрестің салдарынан орден ішінде екі топ – Ишан-и Калан басқарған ақтаулық және Қожа Ысқақ басқарған қаратаулық топтар пайда болды. Ишан-и Каланның ізбасарлары – ишкийя, ал Қожа Ысқақтың ізбасарлары исакийя деп аталды және бөріктерінің түсімен ерекшеленді: ақтаулықтар – ақ, ал олардың қарсыластары (қаратаулықтар) қара бөрік киіп жүрді, бұл партиялардың атаулары да осыған байланысты. Құрылған партиялар ілімінің мәні жөнінен ғана емес, сонымен бірге оларды басқарып отырған адамдардың мінез-құлқы мен қасиеттері жөнінен де ерекше болатын. Осы шын мәнінде діни-саяси партиялардың рухани қамқоршы-пірлерінің арасында ақсүйектік билік жолында күрес жүрді. Бұл топтардың тайталасы Орта Азияны ғана емес, қазақ және қырғыз далаларын да қамтыды. Бұл партиялар ХІХ ғасырдың екінші жартысында да өмір сүруін жалғастыра берді⁸⁴.

Қожа Ысқақ Уәлиге арналған агиографиялық шығармаларда «Қожа Ысқақ мәжусилер арасында ұзақ уақыт тұрды, қырғыздар мен қалмақтардың он сегіз ғибадатханасын қиратып, он сегіз мың дінсізді ислам дініне кіргізді» делінген⁸⁵. Әңгімелердің бірінде жүз жиырма ұлымен және сұлтандарымен бірге Тәуекел ханның Қожа Ысқақ мүриттері қатарына қосылғаны хабарланады. Тәуекелдің көп кешікпей шайқаста жеңіліп, қаза табуын ханды қаратаулық ілімнен тайып, сайып келгенде Қожа Ысқаққа опасыздық жасағаны үшін Қожа Ысқақтың қарғысына ұшырағанынан болған делінеді⁸⁶. Қожа Ысқақ Уәли ХVІ ғасырдағы ірі идеологиялық және саяси қайраткер болған, Қазақстанда суфизмнің таралу тарихы едәуір дәрежеде соның есімімен байланысты⁸⁷. Түрлі уақыттарда Ысқақ Уәли сияқты қайраткерлер көп болды. Жорамал бойынша Тәуекел ханның Орталық Азияның дінбасыларымен байланысы өзінің әкесі Шығаймен бірге Абдаллах ханның қоластында жүрген кезінде қалыптасқан⁸⁸. Қазақтардың ақсүйек шонжарлары беделді суфылық шейхтардың қолдауына мүдделі болды. 1512 жылы Бабыр мен қызылбашылардан қашқан атақты джуйбар шейхы Исламның қазақ ханы Қасымнан пана табуы кездейсоқ емес⁸⁹.

Қазақстанда суфизмнің түркі дәстүрінің атасы, йасауийа (султанийа) орденінің негізін салған Қожа Ахмет Йассауидің есімі кеңінен мәлім, йасауийадан әр түрлі тармақ дамып шықты. Йасауийа конгрегациясы түрік халықтарын, соның ішінде қазақтарды да ислам дініне кіргізуде маңызды рөл атқарды. Йасауийа іліміне тән белгі оның дербес тармақтары мен тұрақты қоныстары болмаған кезбелердің ілімі екендігі еді, онда түріктердің ежелгі дініне жақын діни практика елеулі рөл атқарды⁹⁰. Мәселен, йасауийа ілімінде зікір (джахр) салу дамытылды.

Қожа Ахметтің рухани ұстазы түрік шейхтарының бірі Арыстан баб (Арыстан баба) болған деп саналады. Қожа Ахмет Бұхарада Қожа Жүсіп әл-Хамаданның басшылығымен рухани жетілудің күрделі жолынан өтті. Ол тірі кезінің өзінде-ақ «өзінің тақуалығы, сопылығы үшін және өзі танымның шырқаушыңына жеткен суфизмдегі жоғары ерлігі үшін» кеңінен мәлім болды. Ахмет Йассауи түрік тілінде жазылған суфистік өлеңдердің белгілі жинағы «Хикматтың» («Даналық») авторы болып табылады⁹¹. Ол хижра бойынша 562 (1166–67) жылы қайтыс болған.

Жылдар өткеннен кейін әмір Темірдің (1338–1405) әмірімен Қожа Ахмет Йассауи қабірінің үстінен мешіт салына басталды (хижра бойынша 801/1398 жылы аяқталған). Қазіргі кезде орта ғасырлардағы Отырар қаласының қамалына жақын жерде, ашық далада Арыстан баб әулиенің кесенесі бар. Бұл ескерткіш мейлінше кейінгі кезде салынған, ал Темір салғызған ертедегі мешіт жер сілкінісінен қирап қалған.

Қожа Ахмет Йассауи әулиелігі даңқының жайылуы Түркістанды кеңінен мәлім етті, ол манайында жатқан қыстақтармен бірге көп ұзамай аса ірі діни орталыққа айналды. Оның ықпал өрісі Орта Азияның көптеген аудандарын қамтып, тіпті Сібірге дейін жетті.

Орта Азияның атақты суфылық қайраткері Махдум-и Азамның шөбересі, Шығыс Түркістан суфиі Хазірет Ишанның немесе Хидай-аталлах (Әппак)-Қожаның (XVII ғ.) ұрпақтарын Қазақстаннан қазіргі кезде де кездестіруге болады. Ол Шығыс Түркістанда накшбанди-қожа ишкийя орденінің ақтаулық сектасының басшысы болған. «Қашғарияның халықтық дәстүрі оған... ұлттық батыр және қорғаушы қасиеттерін берді. Оның мазары Қашғарияда ең соңғы уақытқа дейін барынша белгілі болды». Әппак қожа 1694 жылдың (хижра бойынша 1105 ж.) қайтыс болған⁹².

Жаулап алынған елдерде орныққан ислам діні жаңа діни көзқарас ежелгі діндерге қарсы күрес жағдайында пайғамбарлардың, ертедегі ислам қайраткерлерінің есімдерін кеңінен пайдаланды, ал оларға сыйыну исламға дейінгі бұрынғы құдайларға сыйынуды ығыстырып шығаруға тиіс болатын. Ислам діні дәстүрлі таралған басқа аймақтардағы сияқты, Орта Азия мен Қазақстанда да Мұхаммедтің ең жақын серіктері – Әбубәкірдің, Омардың, Османның, Әлидің есімдері кеңінен таралды. Сансыз көп аңыздарға айналған олардың есімдері халық тұрмысына терең тамыр жайды. Халиф Әли и Хауланың⁹³ ұлы Мұхаммед әл-Хана-фийа жерленген-міс делінетін қабір Созак селосының төңірегінде осы кезге дейін жолаушының назарын аударады. Жергілікті қасиетті орындар арасында Баба-ата (Ысқақ баба) әулие ерекше орын алады, аңызға қарағанда, ол Мұхаммед Хана-фийаның жетінші ұрпағы болып табылады.

Ислам дінінің таралу дәуірімен байланысты киелі есімдер аз емес. Әулие-ата әулиенің бейнесі Қараханилер әулетінің негізін салушы, ислам дінінің таралуына жәрдемдескен Қара ханның есімімен байланысты, ол өзінің есімімен аталған Әулиеата (қазір Тараз) қаласында жерленген. Әулие-ата кесенесі, жаңадан салынған, қазіргі күндерге дейін бар.

Жергілікті әулиелер шеңберінде бейне-бір дін жолында қаза тапқан киелі жауынгерлер елеулі топ құрайды (Жалаңаяқ Әзер әулие, Жылтырақ-баба әулие, Ұқаш-ата және басқалар).

Ең алдымен суфизм түрінде жүргізілген, Қазақстанды ислам дініне кіргізу әулиелердің жергілікті бейнелерін қалыптастыруға мұсылман мистицизмінің елеулі ықпал жасағанын дәлелдейді. Мысалы, қаңлы руы қазақтарының пірі Хазірет Ысмайыл-ата әулиенің бейнесі осындай. Сансыз көп киелі объектілер, арасында қазақтарда Қожа Ахмет Йассауидің киелі кесенесі ерекше орын алады, ол Түркістан қаласына «Кіші Мекке» атағын алып берген атақты әулиенің есімімен байланысты тұтас бір киелі орындар кешенінен тұратын орталық киелі орын болып табылады. Бұрын аталып өткеніндей, Отырар қаласының жұртына жақын жерде аңыздарға қарағанда, Ахмет Йассауидің рухани ұстазы болған әулие

Арыстан бабтың кесенесі бар. Бұл киелі орындар Қазақстанда мейлінше қастерлі.

Ислам дініне кіргізу барысында исламға дейінгі жергілікті қамқоршы құдайлардың жана атпен аталуы сирек кездеспейді, олардың құрметтелу себептерін түсіндіретін аңыздар сол аттармен байланыстырылған. Суфизмді осылайша тарату қой малының пірі Шопан-ата Қожа Ахмет Йассауи шәкірттерінің бірі болуына әкеп соққан. Ол кереметтің күшімен Маңғыстауға келген атақты әулиенің таяғын іздеп тауып алыпты-мыс. Сол жерге Шопан-ата есімін сақтап қалған зират тұрғызылған. Сиыр малының пірі Зеңгі-баба Қожа Ахмет Йассауидің ізбасарларының бірі — Хакім-атаның шәкірті, әйгілі түрік шейхының есіміне, дәлірек айтқанда, лақап атына ие болған. Түйе малы пірінің аты Ойсылқара — өте әйгілі тұлға, ертедегі ислам қайраткері Уайс әл-Каранидің бұрмаланған есімі, бұл тұлғаның тарихи анықтығы күмән келтіргенімен, ол туралы аңыздар барлық мұсылман елдеріне мәлім⁹⁴. Кейбір зерттеушілер Уайс әл-Караниді суфизммен байланыстырады. Мұхаммедтің қызы Фатиманың есімі исламға дейінгі жергілікті нанымдармен тығыз байланысты болып шыққан. Фатима әйелдер мен балалардың қамқорына айналды.

Басқа да көптеген халықтардағы сияқты, қазақтарда әулиелерге сыйыну исламға дейінгі дәстүрлі сыйынуға байланысты көне идеялардың ықпалымен қалыптасқан. Әулиелерге сыйынудан тайпалар мен рулардың негізін қалаушыларды құрметтейтін жергілікті дәстүрдің көріністерін аңғаруға болады. Оңтүстік Қазақстан облысының түрлі жерлерінде әулиелер Домалақ-ана мен Бәйдібек-атаның мазарлары бар, аңызда олар қазақтың үш тайпасының: албан, суан және дулат тайпаларының негізін қалаушылар деп көрсетіледі. Дулат (дуғлат), албан, суан Ұлы жүз халқының құрамындағы ірі тайпалар екені мәлім.

Қазақтарда көптеген бұлақтар, шыңдар, ағаштар және т. б. табыну объектілері болған. Тараз облысындағы киелі орын «Әулие бастау» анимистикалық көне көзқарастарға барып тірелетін дәстүр элементтерімен белгіленген. Қазақтарда қабірге ағаштың өсіп шығуы жерленген адамның қасиеттілігінің белгісі саналған. Киелі ағашқа әдетте шүберек қиындылары байланады. Қазақтардың қабірге өскен киелі ағашқа ерекше көзқарасын түсінудің кілті тіршілік тармақтары бейнесімен байланысты көне түсініктер шеңберінде жатыр.

Исламның әулиелерге сыйынуында қазақтарда исламға дейінгі кезде болған басқа сыйынулар да жана тыныс алды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы ел қадірлейтін таулардың бірі — Қазығұрт Нұх кемесі туралы ислам, дәлірек айтқанда, таурат аңызына байланысты. Бұл қасиетті жерді құрметтеу ертедегі тауларға табынушылық пен мұсылман дәстүрінің қосылуы туралы мысалдардың бірі болып табылады. Тауларды құрметтеуге байланысты киелі орындар Қазақстан аумағында көп. Мысалы, Жылаған-ата қасиетті орны осындай.

Қазақстанның мың-сан әулиелері тобына кәсіби істердің қамқоршылары кіреді; қазақ бақсыларының, музыкашылары мен әншілерінің қамқоршысы — атақты Қорқыт. Баба Түкті Шашты Әзіз (Баба-Туклас) қазақ батырларының қамқоршысы деп саналады, кейбір аңыздарда ол маңғыт тайпасының мифтік бабасы ретінде де көрінеді. Екіншіліктің пірі — Дикан-баба, желдің пірі — Жалаңаш-ата, қойдың пірі — Қошқар-ата және т. б. болып табылады. Қазақтар бас иетін әулие-әмбиелер ауқымы кең әрі алуан түрлі.

Келтірілген материалдар «діни өмірдің Орта Азиядағы ең сипатты құбылыстарының бірі — мұсылман әулиелеріне табыну, тегінде, мұсылмандарға дейінгі сарқыншақтардың сақталуы мағынасында алғанда, табынудың ең ауқымды, ресми дін ішінара мойындаған саласы» деген қағиданы растайды⁹⁵. Сонымен бірге, әулиелерге сыйыну исламға дейінгі түсініктер мен табынудың көптеген элементтерін бойына сіңіріп, өзінің негізгі идеялары жағынан ислам рухын білдіреді, оның орнығуына жағдай жасайды.

Сонымен, қарастырылып отырған кезеңде ислам діні суфистік ілімдер түрінде таралды, ислам дінінің таралуында ортаазиялық суфистік қайраткерлер едәуір рөл атқарды. Қазақтар арасында ислам дінін орнықтыруда зиялы шонжарлардың — хандар мен сұлтандардың атқарған рөлі зор. Қарастырылып отырған кезеңде ислам дінінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси рөлінің едәуір болғаны даусыз. Ислам дінінің қазақ қоғамында орнығуы, дамыған феодалдық қоғамның діни идеологиясының енуі жоғарғы билік пен мемлекеттік институттардың нығаюына, халықтың одан әрі топтасу процесінің неғұрлым айқын қалыптасу барысына жағдай жасады. Қазақ қоғамында ислам дінінің орнығуы қазақтың зиялы шонжарларының Орталық Азияның дінбасыларымен және оның қалаларының зиялы ақсүйектерімен одағының идеологиялық негізде нығаюына себепші болды.

Сонымен бірге қазақ қоғамының ең қалың бұқарасының дағдылы, практикалық өмірінде ислам дініне дейінгі ежелгі көзқарастар мен салт-жоралар одан әрі қолданыла бергенін атап өту қажет. Олар қоғамдық, отбасылық өмірде, отбасылық-туыстық өзара қатынастарда елеулі рөл атқарды, ол қатынастар бұрынғысынша әдеттегі құқық (әдет) ережелерімен анықталды. Қазақтардың ислам дініне дейінгі дәстүрлері мен ислам діні араласып, өзара әсер ете отырып, ол қазақ қоғамының нақты өмірінде ғасырлар бойы болған синкретикалық дінге айналды.

¹Мағауин М. Қобыз сарыны. А., 1968, 33-34-б.

²Дербісалин Ә. XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы // Мына кітапта: XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982, 37-38-б.

³Алдаспан. А., 1970, 69-б.

⁴Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967, 75-100-б.; Мағауин М. Қобыз сарыны. А., 1968, 56-61-б.

⁵Дербісалин Ә. Көрсетілген еңбегі, 43-47-б.

⁶Ақтамберді жыраудың бейіті Семей облысының Аобай ауданында, Құндызды деген елді мекенге жақын жердегі «Жүрек жота» төбесінде.

⁷Бес ғасыр жырлайды. А., 1984, I т., 69-б.

⁸Тілепов Ж. Елім деп еңірген ерлер жыры. А., 1996, 69-91-б.

⁹Бұқар жыраудың өмірі мен өлімінің кезеңдері дәл белгілі емес. Бір зерттеулерде 1693—1787 жж. (Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. А., 1958, I-т., 261-б), басқаларында — 1693—1789 жж. деп көрсетіледі (Исмаилов Е. Акыны. А., 1957, 45-б.). М. Мағауиннің соңғы еңбегінде 1668—1781 жж. деп беріледі (Мағауин М. Ғасырлар белесі. А., 1991, 83-85-б.), Х. Сүйіншәлиевтің кітаптарында әр түрлі: 1668—1781 жж. (Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967, 110-б.) және 1684—1782 жж. (Сүйіншәлиев Х. VIII—XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А., 1989, 217-б.).

¹⁰Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Екі томдық. А., 1992, 2-т., 114-б.

¹¹Әуезов М. Әдебиет тарихы. 2-бас., А., 1991, 202-204-б.

¹²Әуезов М. Бұл да сонда; Мұқанов С. Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. I-бөлім. А., 1942, 16-26-б.

¹³Валиханов Ч. Ч. Записка о судебной реформе // Собр. соч. В 5-ти т. А., 1961, т. I, 507-б.

¹⁴Көпеев М.-Ж. Екі томдық. А., 1992, 2-т., 65-72-б.; Әуезов М. Әдебиет тарихы! Қызылорда. Ташкент, 1927, 2-ое изд. А., 1991, 206-б.; С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932. Переизд.: С. Сейфуллин. Шығармалар, 6-том. А., 1964, 263-270-б.

¹⁵Валиханов Ч. Ч. Көрсетілген еңбегі, 505-б.

¹⁶Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991; Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1948, I-т.; Қазақ әдебиетінің тарихы. 6 томдық. А., 1961. I-том, I-кітап.

¹⁷Толығырақ, қараңыз: Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. А., 1996 (Переиздание); Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. В 5-ти т. А., 1961, т. I; Тынышпаев М. Материалы киргиз-казацкого народа. Ташкент, 1925; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. А., 1961; Гуревич Б. П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX в. М., 1983; Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века. А., 1988, т. б..

¹⁸Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. А., 1960. 101, 128-б.; Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. А. 1996, 173-б.

¹⁹Төле би. А., 1991, 14-б.

²⁰Қазақ Совет Энциклопедиясы. I-т., 399-б.

²¹Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века, 99-100-б.

²²Қазақ әдебиетінің тарихы. I т., 275-б. Нұсқалары бар. Аңыздарда Қазыбек би Галдан-Церенге үш рет барған делінеді. (Қараңыз: Шешендік сөздер. А., 1967, 101-110-б.).

²³Валиханов Ч. Ч. Исторические предания о батырах XVIII в. // Собр. соч. В 5-ти т. А., 1961. Т. I, 222-б.

²⁴Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казацкого народа. Ташкент, 1925, 58-б.

²⁵Валиханов Ч. Ч. Записка о судебной реформе, 506-б.

²⁶Шешендік жырлары. А., 1993, 93-б.

²⁷Толығырақ, қараңыз: История казахской литературы. А., 1968, т. I; Ауэзов М. Мысли разных лет. А., 1961; Каскабасов С. А. Казахская волшебная сказка. А., 1972; Соныкі. Родники искусства. А., 1986; Соныкі. Қазақтың халық прозасы. А., 1984 и др.

²⁸«Фольклорлық анахронизм» дегеніміз осы.

²⁹Қараңыз: Валиханов Ч. Ч. Исторические предания о батырах XVIII в. // Собр. соч. т. I, 220-227-б.; Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Екі томдық. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. А., 1992, 2-т.; Курбанғали Хамид. Тауарих хамса. А., 1992; Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991; Соныкі. Мысли разных лет. А., 1959; Шешендік сөздер. А., 1967; Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1961, I-т., I кітап; История казахской литературы. А., 1968. Т. I; Каскабасов С. А. Казахская сказочная проза. А., 1990 т. б.

³⁰История казахской литературы. Т. I, 69-б.

³¹Қараңыз: Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991, 39-42-б.; Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті // Шығармалар. А., 1964, 6-т., 158-170-б.; Қазақ бақсы-балгерлері. А., 1993.

³²Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті // Шығармалар. 6-т., 158-б.

³³Бақсылар поэзиясы туралы толығырақ қараңыз: Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. А., 1974; Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклор. А., 1993.

³⁴Қазақтардың әлеуметтік-утопиялық аңыздарының мәні мен сатылық түрлері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі қараңыз: Каскабасов С. А. Казахская сказочная проза. А., 1990.

³⁵Чистов К. В. Русские социально-утопические легенды. М., 1967, 14-б.

³⁶Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1959; Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. А., 1973; Каскабасов С. А. Родники искусства. А., 1986.

³⁷Дүйсенбаев Ы. Көрсетілген еңбегі; Смирнова Н. С. Казахская народная поэзия. А., 1967.

³⁸Әуезов М. Әр жылдар ойлары, 301-б.

³⁹М. Әуезов былай деп жазады: «Вторая часть ее (имеет в виду эпос «Кыз-Жибек», который назван поэмой. — С.К.) отражает именно калмыцкое нашествие». — Қараңыз: Ауэзов М. Мысли разных лет. А., 1961, 432-б.

⁴⁰Толығырақ, қараңыз: Әуезов М. Жалпы театр өнері мен қазақ театры // Әуезов М. Уақыт және әдебиет. А., 1962, 13-33-б.; Муканов С. Истоки казахского народного театра // журн. «Литература и искусство Казахстана». 1941, № 1; Хусаинов Ш., Дүйсенбаев Н. Қазақтың ауыз әдебиеті мен халық ойындарындағы театр мен драма элементтері // журн. «Известия АН КазССР. Серия искусствоведения. 1959. Вып. I; Қазақ театрының тарихы. Екі томдық. А., 1975, I т.; Кундакбаев Б. Путь театра. А., 1976; Богатенкова Л. И. Верность времени. А., 1981; Каскабасов С. А. Театральные элементы в казахских обрядах и играх // Кіт.: Фольклорный театр народов СССР. М., 1985, 115-137-б.; Кابدиева С. Фольклорные традиции в казахском театре. А., 1986.

⁴¹Бұл арада орындаушылар кәсіби емес, нақ сол көп көрермендер арасынан шыққанымен, орындаушылар мен көрермендерге бөлінушілік бар. Бұл белгілі бір дәрежеде орта ғасырлардағы еуропалық халықтардың карнавалы мен бастапқы кезіндегі «аландағы театрға» тән болатын.

⁴²Бабыр мен Хайдардың аналары апалы-сіңлілер, сұлтан Жүніс ханның қыздары болатын. Оның тағы бір қызы Қасым ханның ағасы Әдік сұлтанның әйелі болған. Ағасы қайтыс болғаннан кейін Қасым оған әменгерлік бойынша қосылған (қараңыз: Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII в. А., 1969, 186, 188, 122-б.). Олардың өзара қатынастары жөнінде «Бабыр-нама» деген кітабында Бабыр да жазады (Ташкент, 1958, 21-б.).

⁴³«Бабур-наме» («Записки Бабура»). Перевод М. Салье. Ташкент, 1958; Захир ад-дин Мухаммед Бабур. Трактат об арузе. Факсимиле рукописи. Издание текста, вступит. статья и указатели И. В. Стеблевой. М., 1972; Стеблева И. В. Семантика газелей Бабура. М., 1982.

⁴⁴Поэзия народов СССР IV—XVIII веков. М., 1972, 364-б. Орысшадан аударған — Ж. Ә.

⁴⁵Бұл туралы Бабыр былай деп жазған:

«Хайдар мырза Хут Нигар ханымның баласы болатын. Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол маған келіп, үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан соң ол рұқсат сұрап, Қашқарға Ханға кетті. Саф алтын да, күміс те, қорғасын да қайдан шықса, сол жеріне барады». (Қараңыз: Бабур-наме. Ташкент, 1958, 21-б.).

⁴⁶Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков. А., 1969, 189-б.

⁴⁷Бұл да сонда, 188-б.

⁴⁸Бабыр-наме. Ташкент, 1958, 21-б.

⁴⁹Қадырғали Жалаиридін туған және өлген дәл мәрзімі әлі анықталған жоқ. Егер оның шығармасы 1602 жылы, автор елуге жақындаған кезде (Н. Березин) жазылғанын ескерсек, оның туған уақыты 1555 жылға сәйкес келеді деп жорамалдауға болады. Ал оның өлген уақытына келсек, зерттеушілер оны Ораз-Мұхаммед қаза таппастан бұрын, яғни 1610 жылға дейін қайтыс болған деп санайды. Осы жағдай және Қадырғали шығармасының Ораз-Мұхаммедтің таққа отыру күнін суреттеумен аяқталуы және онда жас ханның бұдан кейінгі өмірі мен П Лжедмитрий тарихы туралы, сондай-ақ аласапыран уақыт туралы ешнәрсе айтылмауы Қадырғалидың өлген кезін 1605—1607 жылдардың аралығы деп санауға негіз береді.

⁵⁰Қолжазбаның табылуы, оның басып шығарылуы мен зерттелу тарихы бірқатар еңбектерде егжей-тегжейлі суреттелген. Ең жаңаларынан мыналарды көрсетуге болады: Татар әдебиеті тарихы. Алты томдық. Казан, 1984, I т., 333-356-б.; Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991.

⁵¹Сыздықова Р., Қойгельдиев М. Көрсетілген еңбегі, 262-б.

⁵²Бұл да сонда.

⁵³Валиханов Ч. Ч. Извлечения из «Джами ат-тавариха» // Собр. соч., т. I, 1961, 159-б.

⁵⁴Ораз-Мұхаммедтің өмірі мен патшалық құруы туралы жазушы М. Мағауин «Аласапыран» деген тамаша роман жазып, оған 1984 жылы Мемлекеттік сыйлық берілді.

⁵⁵Қолжазбаның табылуы, көптеген басылымдары мен зерттелуі тарихын Б. Абылқасымов егжей-тегжейлі баяндаған, ол оны қазақ тіліне аударып, жеке кітап етіп шығарды. Қараңыз: *Әбілғазы*. Түрік шежіресі. А., 1992.

⁵⁶*Әбілғазы*. Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б. Абылқасымов. А., 1992, 8-б.

⁵⁷*Бұл да сонда*, 95-б.

⁵⁸История Казахской ССР. В пяти томах, т. 2, А., 1979, 230-238-б.

⁵⁹*Бернштам А.* Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрок VI–VIII вв. Восточнотюркский каганат и киргизы. М.-Л., 1946, 82-б.

⁶⁰*Малов С. Е.* Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1961, 121-б.; *Айдаров Г.* Орхон ескерткіштерінің тексі. А., 1990.

⁶¹*Сыздықова Р. Г.* Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XIX ғасырлар). А., 1993.

⁶²*Бартольд В. В.* Собр. соч., т. III, ч. I, 126-б.

⁶³*Жубанов Е. Х., Ибатов А. М.* История народа и история его языка // Вестник АН КазССР, 1987, № 8, 33-35-б.

⁶⁴*Греков Б. Д., Якубовский А. Ю.* Золотая Орда и ее падение.

⁶⁵*Курьшжанов А. К.* Язык старокыпчакских письменных памятников. Автореф. на соиск. ученой ст. доктора филолог. наук. А., 1973, 51-52-б.

⁶⁶История Казахской ССР, т. 2, 232-б.

⁶⁷*Курьшжанов А. К.* Көрсетілген еңбегі, 1-52-б.

⁶⁸*Баскаков Н. А.* Введение в изучение тюркских языков. М., 1969, 73-б.

⁶⁹*Наджип Э. Н.* Тюркоязычный памятник XIV в. «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Ч. I, А., 1975.

⁷⁰*Бартольд В. В.* Двадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии // Соч. т. V. М., 1968.

⁷¹*Шербак А. М.* Огуз-наме, Мухаббат-наме. Памятники древнетюркской и староузбекской письменности. М., 1959; *Наджип Э. Н.* Хорезми «Мухаббат наме».

⁷²*Шербак А. М.* Грамматика староузбекского языка. М.-Л., 1962, 223-б.

⁷³*Усманов М.* Кул Гали: восемь веков в народной памяти // «Новости». Информационный бюллетень ЮНЕСКО, № 5, 1983, 17-20-б.

⁷⁴*Бартольд В. В.* Собр. соч., т. II, ч. I, 128-б.

⁷⁵*Рустемов Л. З.* Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. А., 1982.

⁷⁶*Кайдаров А. Т.* Тюркская этимология: проблемы и задачи // Проблемы этимологии тюркских языков. А., 1990, 5-25-б.

⁷⁷*Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1996.

⁷⁸*Абилхасымов Б.* Казахский литературный язык второй половины XIX в. (на материале казахской печати). Автореф. докт. филол. наук, А., 1983, 6-б.

⁷⁹*Өмірәлиев Қ.* XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. А., 1976.

⁸⁰*Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани.* Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перев., предисл. и примеч. Р. П. Джалиловой. М., 1976, 106-б.

⁸¹*Бұл да сонда*, 105, 108-б.

⁸²*Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья // Соч. Т II. Ч. 1, 96-б.

⁸³*Бұл да сонда.*

⁸⁴Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под ред. проф. С. Д. Асфендиарова и проф. П. А. Кунте. Сб. 1 (V в. до н. э. – XVIII в. н. э.). Алма-Ата, 1935, 127-б.

⁸⁵*Юдин В. П.* Известия «Зийа ал-кулуб» Мухаммад Аваза о казахах XVI века // Вестник Академии наук КазССР. 1966, № 5, 71-72-б.; *Шах-Махмуд ибн Фазил Чурас.* Хроника. Критич. текст, пер., коммент., исслед. и указ. О. Ф. Акимовича. М., 1976, 275-б., прим. 94, 276-б.; *Вяткин В. Л.* Шейхи Джуйбари I. Ходжа Ислам // «В. В. Бартольду туркестанские друзья, ученики и почитатели». Ташкент, 1927, 19-б.; *Семенов А. А.* Уникальный памятник агиографической среднеазиатской литературы XVI века. Ч. I // Известия Узбекского филиала АН СССР. Ташкент, 1940, № 12, 55-

б.; *Валиханов Ч. Ч.* О состоянии Алтышара или шести восточных городов Китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии) в 1858–1859 годах // Собр. соч. в пяти томах. Т. 3. А., 1985, 127, 179-б.

⁸⁶*Ворожейкина З. Н.* Доисламские верования киргизов в XVI в. (по рукописи «Зия ал-Кулуб») // Вопросы филологии и истории стран Советского и зарубежного Востока. М., 1961, 182-184-б.; *Соныкі.* Зийа ал-Кулуб... 182–184-б.

⁸⁷*Юдин В. П.* Известия... 74-76-б.

⁸⁸*Абусейтова М. Х.* Из истории казахско-среднеазиатских отношений: события 1598–1599 годов // Казахстан в эпоху феодализма (Проблемы этнополитической истории). Алма-Ата, «Наука», 1981, 127-б.

⁸⁹*Вяткин В. Л.* Шейхи Джуйбари. Ходжа Ислам, 6-7-б.

⁹⁰*Тримингем Дж. С.* Суфийские ордены..., 58-б. О суфизме и культе святых в Казахстане см.: *Мустафина Р. М.* Представления, культы, обряды...

⁹¹*Боровков А. К.* Очерки по истории узбекского языка (Определение языка хикматов Ахмада Ясеви // Советское востоковедение. М.-Л., V, 229-250-б.; *Қожа Ахмет Йасауи.* Диуани Хикмет (Ақыл кітабы). Алматы, 1993.

⁹²Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (далее – МИКХ). А., 1969, 371-б., примеч. 8; сонымен қатар қараңыз: *Валиханов Ч. Ч.* О состоянии Алтышара... 127-128-б.; *Думан Л. И.* Аграрная политика Цинского (Манчжурского) правительства в Синьцзяне в конце XVIII века. М.-Л., 1936, 220-221-б.

⁹³*Ал-Хасан ибн Муса ан-Наубахти.* Шиитские секты. Пер. с араб., исслед. и коммент. С. М. Прозорова. М., 1973, 87, 132, 209-б., прим. 45.

⁹⁴*Снесарев Г. П.* Хорезмские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. М., 1983, 80-100-б.

⁹⁵*Снесарев Г. П.* Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М., 1969, 266-б. Сонымен қатар қараңыз: *Мустафина Р. М.* Представления, культы, обряды...



ҚОСЫМШАЛАР



ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

1206–1224	– Шыңғыс-ханның ел билеуі.
1219–1224	– Қазақстан мен Орта Азияны монғолдардың жаулап алуы.
1219–1220	– Монғолдардың Отырарды қоршап алуы және қиратуы.
1227–1242	– Шағатай ханның ел билеуі.
1227–1255	– Батый ханның ел билеуі.
1228/29–1241	– Ұлы хан Үгедейдің ел билеуі.
1236–1242	– Батыйдың Руське және Шығыс Европаға жорығы.
1243	– Алтын Орданың құрылуы.
1245–1247	– Пано Карпинидің Қазақстан аумағы арқылы Монғолияға сапары.
1253–1255	– Вильгельм Рубруктың Қазақстан аумағы арқылы Монғолияға сапары.
1257–1266	– Берке ханның (Алтын Орда) ел билеуі.
1266–1280	– Менгу Темір ханның (Алтын Орда) ел билеуі.
1269	– Шағатай әулеті мемлекетінің құрылуы.
1271	– Масудбектің Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі ақша реформасы.
1271/72	– Отырарда күміс теңгелердің шығарыла бастауы.
XIII ғасыр	– Кетбұғаның (Ұлы жыршы) өмір сүрген кезені.
XIV ғасырдың басы	– Ақ Орданың оқшаулануы.
1312–1342	– Өзбек ханның (Алтын Орда) ел билеуі.
1321	– Кебек ханның ақша реформасы.
1342–1357	– Жәнібек ханның (Алтын Орда) ел билеуі.
1346	– Моғолстанның құрылуы.
XIV ғасырдың екінші ширегі	– Ақ Орданың Алтын Ордадан оқшаулануы.
1348–1362/63	– Тоғылық-Темір ханның ел билеуі.
1361–1376/77	– Ұрұс ханның (Ақ Орда) ел билеуі (Басқа деректемелерге қарағанда 1368/69 жылдан бастап).
1365	– Ілияс қожа мен Темір әскерлері арасындағы «Лайсан шайқасы» («Джанг-и лой»).
1370	– Асан Қайғы жыраудың шамамен алынған туған жылы.
1370–1405	– Темірдің ел билеуі
XIV ғасырдың 70–90-шы жылдары	– Темірдің Ақ Орда мен Моғолстан аумағына жорықтары.

- 1374/75
1380–1395
1380, 8-қыркүйек
- 1395
1396–1411
1397–1398
XIV ғасырдың аяғы —
XV ғасырдың екінші ширегі
XIV–XV ғасырдың алғашқы
үштен бірі
- XIV–XV ғасырлар
- 1409–1449
1422/23–1428
1426–1440
1428–1468
- 1433/34–1462
1457
- XV ғасырдың 50–60-шы
жылдары
XIV–XV ғасырлар
1466
1468
1480–1511
XV ғасырдың аяғы
XV ғасырдың аяғы —
XVI ғасырдың басы
XV ғасырдың аяғы —
XVI ғасырдың басы
1500–1508
- 1509–1510
- 1510
- 1511–1518 (немесе 1523)
1523–1532
1532–1557
1537
- 1538–1580
1557–1582
- Ұрұс ханның Сарайды алуы.
 - Тоқтамыс ханның (Алтын Орда) ел билеуі.
 - Куликово шайқасы. Куликово даласында орыс әскерлерінің татар-монғолдарды жеңуі.
 - Темірдің Алтын Орданы талқандауы.
 - Едігенің (Алтын Орда) ел билеуі.
 - Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің салынуы.
 - Ноғай Ордасының оқшаулануы.
 - Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында қала мәдениеті, егіншілік пен қолөнердің жандануы.
 - Ноғайлы цикліндегі тарихи батырлар жырының өркендеуі.
 - Ұлықбектің Орта Азияда ел билеуі.
 - Барақ ханның (Ақ Орда) ел билеуі.
 - Нұр ад-диннің (Ноғай Ордасы) ел билеуі.
 - Әбілқайырдың Шығыс Дешті Қыпшақта ел билеуі.
 - Есен-Бұға ханның (Моғолстан) ел билеуі.
 - Әбілқайыр хан әскерлерінің ойраттармен шайқасы.
 - Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлектенуі.
 - Қазақ халқы қалыптасуының аяқталуы.
 - Қазақ хандығының құрылуы.
 - Әбілқайыр ханның Моғолстанға жорығы.
 - Бұрындық ханның ел билеуі.
 - Сібір хандығының құрылуы.
 - Моғолстан мемлекетінің құлауы.
 - Жалпыұлттық қазақ тілі қалыптасуының аяқталуы.
 - Мұхаммед Шайбанидің Орта Азияны жаулап алуы. Темір әулетінің құлауы.
 - Мұхаммед Шайбани ханның қазақтардың аумақтарына жорығы
 - Мерв түбіндегі шайқас. Мұхаммед Шайбани ханның өлуі.
 - Қасым ханның ел билеуі.
 - Тахир ханның ел билеуі.
 - Бұйдаш ханның ел билеуі.
 - Қазақтардың жеңілісімен аяқталған Сән-Таш төңірегіндегі (Ыстықкөл ауданы) қазақтар мен моғолдар арасындағы шайқас.
 - Хакназар ханның ел билеуі.
 - II Абдаллах хан.

- | | |
|-----------------------|--|
| 1569–1573 | – Қазақ хандығына келген Семен Мальцев пен Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілігі. |
| 1580–1582 | – Шығай ханның ел билеуі. |
| 1581/82 | – Ермактың Сібірге жорығы. |
| 1583 жылдан кейін | – Тәуекел ханның ел билеуі. |
| 1594 | – Құл-Мұхаммед елшілігінің Москваға келуі. |
| 1595 | – Орыс елшісі Вельямин Степановтың Тәуекелге келуі. |
| 1598 | – Сібір хандығының Орыс мемлекеті құрамына кіруі. |
| 1598–1599 | – Тәуекел ханның Орта Азияға жорығы. |
| 1598–1599 (1600–1601) | – Орта Азияда Шайбани әулетінің құлауы. Аштарханилердің өкімет басына келуі. |
| 1598–1628 | – Есім ханның ел билеуі. |
| 1635 | – Жоңғар хандығының құрылуы. |
| 1643 | – Орбұлақ шайқасы. |
| 1652 | – Жәңгір ханның ойраттармен ұрыста қаза табуы. |
| 1680–1718 | – Тәуке ханның ел билеуі. |
| 1681–1684 | – Жоңғар феодалдарының Қазақстан аумағына жасаған шапқыншылықтары. |
| XVII ғасырдың аяғы | – Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар Ережесін шығаруы. |

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

- Абай, Жошы әулетінен 329
Абақ 432
I Аббас, Иран шахы 415
Абдаллах бен Мұхаммед (Абдаллах Балхи) 21
Абдаллах бен Мұхаммед бен Али Насруллахи 27, 363
Абдаллах хан 17, 51, 158, 178, 452, 479–481, 521, 543, 545, 597
II Абдаллах хан, Шайбани әулетінен 19, 397, 400, 402–404, 406, 408–416, 418, 419
Абдалхалық әл-Гидждувани 248
Абд ар-Раззак Самарқанди 11, 13, 15, 34, 43, 112, 138, 143, 144, 160, 481
Абд ар-Рахим 17, 427
Абд ар-Рашид сұлтан 15, 575
Абд ар-Рашид хан 16, 22, 24, 385, 388–391, 393–397, 426
Абд әл-Әзіз 255
Абд әл-Ғаффар 405, 406
Абд әл-Кәрим ибн Мұхаммед ат-Тамдахи 143, 481
Абд әл-Латиф хан, Әбілқайыр ханның немересі 18, 22, 24, 394, 396, 427
Абд әл-Момын 416, 419
Абрамзон С. М. 52, 71
Абылай сұлтан 406, 425, 426, 428
Абылай хан 556–559, 562, 563, 566
Агаджанов С. Г. 52, 71
Агахи 24
Агеева Е. И. 73
Ағантай 433
Адаб бек 62
Адам Олеарий 30
Акимушкин О. Ф. 42, 43, 71, 263, 388, 390, 394
Акишев К. А. 70, 72–74, 263, 523–526, 528
Ақтамберді жырау 551, 554
Ақынжанов С. М. 61
Ала ад-дин Ата Мәлік Жувейни 10, 15
Алаев А. Б. 72
Алғұй 79, 80
Алексей Михайлович 60
Аманжолов С. А. 308
Амасанжы тайшы 151, 154
Андре де Лонжюмо 218
Андреев И. В. 467, 469
Андрианов Б. В. 55
Ан-Нувайри 291
Ануш-Мұхаммед 577
Араб Мұхаммед хан 577
Арғынбаев Х. А. 263
Аристов Н. А. 34, 36, 37, 308
Арслан-Қожа тархан 142, 143, 150
Арсланова Ф. Х. 61, 74
Арығ-Бұға 79, 91
Арыстан баб (Арыстан баба) 257, 260, 597–599
Апполова Н. Г. 40, 527
Асан Қайғы 239, 240, 245, 246
Асфандияр сұлтан 412, 413
Асфендияров С. Ж. 37–39
Ахмед Алаша хан, Сұлтан Ахмет хан, Жүніс ханның ұлы 154, 256, 342, 362, 364, 366
Ахмед Ғаффари Казвини 114, 138
Ахмед ибн Мұхаммед ибн Арабшах 11, 26
Ахмедов Б. А. 14, 17, 43, 44, 47, 49, 52, 54, 70, 71, 143, 331, 523
Ахмед сұлтан 189, 382, 387, 388, 393
Ахмед хан, Тоқа Темір әулеті 137, 156, 157, 329, 348, 355
Ахраров И. Е. 527
Аюке хан 451
Әбділхалық, Хұдайдад ұлы 146
Әбдірашид (Абд ар-Рашид) сұлтан 189

- Әбубәкір 362, 363, 574, 598
 Әбу Дулаф 305
 Әбу Жақып Жүсіп әл-Хамадани 248
 Әбу-Лайыс сұлтан 425
 Әбу-л Хасан Зийа ад-дин-Шайх 543
 Әбу-л-Хасан Сайид Әли әл Жүзжани 14
 Әбу Саид мырза 152, 158, 334
 Әбусейтова М. Х. 20, 50, 70
 Әбу Хайян 584
 Әбілғазы (Әбілғазы Баһадүр хан) 23, 31, 37, 44, 47, 96, 97, 114, 115, 117, 118, 134, 160, 173, 290, 332, 376, 427, 540, 543, 577, 578
 Әбілқайыр хан 17–19, 22, 40, 100, 101, 103, 104, 144, 145, 153, 155–158, 162, 163, 177, 183, 188, 190–197, 238, 255, 294–302, 320, 322, 326, 328, 330–333, 335–338, 340, 342–347, 354, 361, 363–365, 374, 375, 380, 486, 540, 564
 Әбіл Лайт ас-Самарқанди 584
 Әбілмәмбет 562
 Әбішке, Шағатай ұрпағы 79
 Әдік (Әтік, Әйтiк) 350, 352, 373, 384, 385, 387
 Әділ-Шах 131
 Әйтеке би 435, 454, 562, 564, 566, 589
 Әл-Айни 11, 137
 Әл-Асади 11
 Әл-Ғаффари 143, 376
 Әлеке сұлтан 158
 Әли (Әлибек) 183, 450, 598
 Әли сұлтан 251
 Әл-Калкашанди 26
 Әл-Масуди 304
 Әл-Омари 25, 91, 92, 140, 172, 174, 293
 Әмин-Ахмед Рази 16
 Әмір Сайид-Әли дұғлат 187
 Әмір Сар-Бұға-ий Қыпшақ 131, 141
 Әмір Хұдайдад дұғлат 187
 Әуезов М. О. 40, 262

 Баба сұлтан, Барақ ұлы 400, 402, 404, 409–412, 541
 Баба Түкті Шашты Әзіз (Баба-Туклас) 247, 599
 Бабаджанов С. 37
 Бабыр 374, 376, 384, 418, 472, 473, 541
 Бадағұл оғлан 155
 Байан, Баян 109, 111, 119, 120, 320
 Байпақов К. М. 72–74, 263, 523, 525, 526
 Байсұңқар мырза, Әмір Темірдің немересі 13
 Бака ад-дин Накшбанди 248
 Бактурская Н. Н. 73
 Бақи Мұхаммед сұлтан 417, 419–421
 Бақтияр сұлтан 158, 188
 Балкик ибн Жабғу 307
 Барақ оғлан 139, 142, 143
 Барақ сұлтан 564
 Барақ хан (Ұрыс ханның немересі) 13, 80, 103, 109, 114, 120, 138, 140, 142–145, 148, 155–157, 177, 199, 326–328, 330, 331, 334, 339, 340, 345, 347, 389–391, 481, 486
 Барақ хан (Наурыз Ахмет) 395, 396, 400, 406, 407
 Барбаро И. 30, 172, 176, 458, 459, 461, 462
 Бартольд В. В. 13, 14, 20, 33–36, 39, 46, 47, 58, 80, 88, 92, 93, 96–99, 117, 121, 144, 150, 180, 184, 199, 262, 263, 309, 390, 393, 394, 450, 451, 536, 548
 Басенов Т. 263
 Басин В. Я. 51, 71
 Батый (Бату) 28, 37, 47, 79–82, 97, 103, 111, 115–119, 155, 290, 291, 293, 296
 Батыр қонтайшы 430, 432, 452
 Баянкули 223
 Бекежан 569
 Бекшік әмір 197
 Бердібек 102, 109, 141, 376
 Березин И. 32–34, 85, 97, 576
 Берке хан 79, 80, 82, 83, 116, 246
 Бернштам А. Н. 39, 61, 74, 92
 Берікбай 567
 Бичурин И. 32
 Болат, Қотанның баласы 299
 Болдырев А. Н. 525, 526
 Большаков О. Г. 99, 209, 526
 Борис Годунов 576, 577
 Босфорт К. 88, 97
 Бөгенбай 311, 540, 556, 566
 Бурнашева Р. З. 74, 524, 528
 Бұзағыр сұлтан 402
 Бұйдаш хан 16, 390, 391, 393, 395, 470
 Бұқар жырау 551, 557–559, 589
 Бүреке 340, 347
 Бұрындық 22, 49, 326, 343, 349, 350, 352,

- 353, 373, 374, 383, 384, 470, 471, 481
Бұрыш оғлан 364
Біләл ибн Жабрайыл бин Мұхаммед
Әли ат-Туркмени әл-Қазақи 307
Білге қаған 581
- Вактурская Н. Н. 527
Вамбери А. 303
Вархотова Д. 527
III Василий 376
Васильев Л. С. 56, 73
Васильчиков Григорий 399
Вассаф 112, 290
Вельяминов-Зернов В. В. 32, 33, 47, 49,
337, 394, 395, 409, 548
Верховский Ю. П. 95
Веселовский Н. И. 33
Вид А. 29
Висконти П. 29
Витсен Н. К. 30
Владимирцов Б. Я. 36, 39
Волин С. Л. 34, 99
Волконский Г. 311–314
Волынский В. 447
Воронина В. П. 263, 526
Востров В. В. 52, 71
Вэй Юань 312
Вяткин М. П. 39, 309, 409
- Гавердовский Я. 407
Газан хан 111
Галдан Бошокту 436
Галдан Церен 563
Гандж Әли би 412, 413
Гафуров Б. Г. 71, 96, 97, 99
Георги И. Г. 31
Герберштейн С. 29, 30
Геродот 37
I Гетум 199, 218, 219
Годунов Б. 23
Греков Б. Д. 40
Греков И. Б. 45, 262
Григорьев А. Г. 97, 98, 262
Григорьев В. В. 33, 36, 430
Грошев В. 73, 74, 524
Грум-Гржимайло Г. Е. 118
Губин Данила 28, 393, 444
Гумилев Л. Н. 46, 54
Гуревич Б. П. 527
- Газан хан 289
Газы сұлтан 312
Гаффар 395
- Давидович Е. А. 59, 99, 199, 220, 421, 528
Дайырқожа 237
Далай лама 432
Даниал-Қожа 24
Дахшлейгер Г. Ф. 40
Дәруіш-Мұхаммед 415
Дәруіш хан 395
Дәулетберді 142
Дәулет Сұлтан Саканджы 146
Дәулет-Шайх 155
Дегин Ж. 33
Джалилова Р. Л. 44
Дженкинсон А. 396–398, 445, 458, 470,
596
Джованни Мариньола 219
Джузджани 291
Дмитрий Донской 130, 132, 136
Доможиров Б. 28
Дос-Мұхаммед 361, 363
Доспанбет жырау 551, 552, 553
Дінмұхаммед сұлтан 410, 413, 414, 417
- Егоров В. Л. 45, 70, 96, 97, 117–119, 261,
262, 288
Едіге 28, 30, 104, 110, 112–114, 156, 159,
218, 234, 235, 310, 324, 576
Елбарыс хан 21, 22
Енге-төре 132, 133, 173, 186
Епифанова Л. М. 44
Еренов А. Е. 54
Еренші сұлтан 49, 348, 540
Ерден хан 103, 109, 112, 177, 187, 200, 480
Есен-Бұға хан 49, 151–154, 175, 195,
334, 335, 337, 340, 360–362, 364–366,
388
Есен тайша 153
Есипов С. 28
Ескендір, Әмір Темірдің немересі 13,
114, 145, 245
Ескендір Мұңшы (Мунши) 20, 44, 414–
420, 536
Есу-Мөңке 79
Есім хан 16, 20, 23, 24, 406, 416, 417, 420,
425, 427–429, 430, 434, 435, 452, 566,
577, 589

- Жалал ад-дин 138
 Жалантөс Баһадүр 431, 432, 434, 452, 454
 Жамал ад-дин ат-Түрки 583
 Жамал ад-дин Қарши (Жамал Қарши)
 15, 25, 77, 241
 Жан Батиста Тавернье 31
 Жани-Мұхаммед 421
 Жаныш сұлтан 381, 383
 Жаңбыршы 160
 Жапарберді 138
 Жаһан-Бегім 373
 Жаһангер (Темірдің ұлы) 17, 130
 Жаһаншах дуғлат (Жаһаншах) 149, 150,
 190
 Жәдігер хан 18, 21
 Жәдік, Жәнібек ханның ұлы 387, 395,
 408, 409
 Жәнібек хан, Өзбек ханның ұлы (Алтын
 Орда ханы) 30, 83, 102, 107, 135, 373,
 374, 376, 384, 395, 408
 Жәнібек хан, Барақ ханның ұлы 16, 17,
 22, 32, 49, 137, 154, 158, 160, 163, 239,
 243, 244, 295, 297, 298, 302, 325–327,
 330–340, 342, 343, 345, 350, 362–365,
 540, 587
 Жәңгір хан (Есім ханның ұлы) 173, 428,
 430–435, 452
 Жданко Т. А. 71
 Жебе (Жебе ноян) 290
 Жиёмбет (Жиёмбет жырау) 433, 551,
 553, 554, 589
 Жолбарыс хан 255, 432
 Жошы хан (Жошы) 10, 11, 14, 77–82, 87,
 90, 97, 106, 108–112, 114, 117, 129, 132,
 134, 138, 146, 173, 177, 183, 185, 195,
 198, 232, 236, 245, 246, 288–291, 297–
 299, 310, 322, 327, 331–333, 337, 339,
 343, 384, 577, 581, 584
 Жувейни 77, 83, 85, 95–97
 Жұмадық хан 155, 156
 Жүніс-Қожа 432
 Жүніс хан (Жүніс) 146, 152, 154, 189, 302,
 334, 335, 337, 343, 351, 361, 362, 364–
 366, 574
 Жүсіп Баласағұни 44, 243
 Жүсіп, ноғай мырзасы 311, 397, 403
 Зайн ад-дин Васифи 19, 43, 303, 341, 389,
 390, 476, 480, 523
 Закиров С. 262
 Захир ад-дин Бабыр 15, 21, 33, 44, 92, 93,
 98, 366, 481, 573, 574, 576, 597
 Зиманов С. З. 54
 Златкин И. Я. 51, 54, 71, 79
 Ибақ 157, 163, 340, 347, 355, 364
 Ибн Арабшах 160
 Ибн Асан әл-Куфи 304
 Ибн әл-Асир 89, 236
 Ибн әл-Фурат 26
 Ибн Баттута 26, 84, 172, 175, 249
 Ибн Сина 260, 263
 Ибн Фадлан 467
 Ибрагимов С. Қ. 17, 42, 47, 49, 70, 71,
 338, 339
 Ибраһим сұлтан 12, 139, 149, 150, 155,
 573
 III Иван 163, 355
 IV Иван 397, 399, 408
 Иванов И. И. 544, 545
 Иванов Л. Л. 17, 46, 52, 71, 193, 324, 528,
 548, 549
 Ильин Г. 433
 Илюшечкин В. П. 55, 73
 Имамкули хан 20, 421, 425–427, 431, 452,
 544
 Исин А. 51, 71
 Исмағұлов О. 72
 Исмайл 311, 445
 Калмыков И. Х. 71, 159
 Камал ад-дин әл-Хорезми ас-Сығанаки
 25
 Камал ад-дин Бинаи 17, 18, 42, 298, 340,
 347, 573
 Камар ад-дин дұғлат әмір 13
 Карамзин Н. М. 47, 288, 303
 Қармышева Б. Х. 52
 Каэн Л. 33
 Кебек хан 59, 80, 81, 86, 128, 138, 183, 198,
 199
 Келді Мұхаммед, Сүйініш-Қажының
 ұлы 21, 385
 Кемпфер Э. 30
 Кепек би 162
 Керейтов Р. Х. 71
 Керей хан 16, 17, 22, 32, 49, 154, 156,
 158, 163, 239, 295, 298, 302, 325–327,

- 330–340, 342, 343, 345, 351, 352, 364, 365
- Керімберді 138
- Кетбұға 236, 237, 245
- Кириллов И. 311
- Кисляков Н. А. 526
- Кларе А. К. 72, 73
- Ключевский В. О. 98
- Кляшторный С. Г. 70, 98, 547
- Константин Багрянородный 303
- Контарини А. 30
- Копрюлю М. Ф. 583
- Корнеллии де Бруин 30
- Кочекаев Б. А.-Б. 48, 53, 70, 159
- Көшім сұлтан 547
- Көшім хан 23, 383, 386, 397–399, 403, 409, 414, 576
- Кузеев Р. Г. 52, 159
- Кунте П. А. 38
- Кушаев Г. А. 74
- Күйік хан 79, 80, 89
- Күйінші (Күнші) 111
- Күлтегін 581
- Күмісбаев Ө. 262
- Күнше оғлан 140
- Кычанов Е. И. 70
- Кіші-Мұхаммед 137, 156, 329, 345
- Қабанбай батыр 156
- Қадырбаев А. Ш. 53, 71, 74, 451
- Қадырғали Жалаири 23, 33, 110, 160, 328, 376, 394, 573, 576, 577, 589
- Қажы барлас 126
- Қажы-Мұхаммед 156
- Қазан хан 81, 234
- Қазтуған жырау 240, 245, 246, 588, 589
- Қазыбек би, Келдібекұлы 435, 562–564, 566, 589
- Қамар ад-дин дұғлат 103, 127, 128, 130, 131, 133, 149, 190, 194, 198
- Қара-Құла хан, Жоңғар ханы 430, 432
- Қара Хұлағу 79
- Қаскабасов С. А. 261, 263
- Қасым хан 21, 22, 51, 114, 326, 348, 352, 353, 355, 362, 373–378, 383–385, 395, 398, 418, 458, 470, 471, 535, 536, 573, 576, 589, 597
- Қиас ад-Дин (Шәдібектің баласы) 138
- Қожа Ахмет Йассауи 14, 106, 253–257, 259, 260, 263, 520, 543, 545, 563, 597, 599
- Қожа-Жүсіп әл-Хамадани 597
- Қожалақ баһадүр 163
- Қожамқұл бек Балхи 573
- Қожа-Мұхаммед Шәріп 22
- Қожа-Сеид Мұхаммед Халифа 432
- Қожа-Ыскак Уәли 247, 596, 597
- Қойшыбаев Е. К. 98
- Қоныша 109
- Қорқыт 568, 599
- Құблық 119
- Құбылай 79, 80
- Құйыршық 109, 137–139, 330, 408
- Құл-Мұхаммед 28, 255, 352, 414, 446, 540
- Құтлығ-Бұға 129
- Құттықия 234
- Қызыр-Қожа хан 103, 104, 127, 132, 133, 135, 146, 147, 151, 175, 179, 194–196, 255
- Қызыр хан 109, 188
- Қылышбай Баһадүр 183
- Ланда Р. Г. 97
- Латиф сұлтан 411
- Левшин А. И. 32, 305, 306, 430, 433
- Лепехин И. И. 451
- Лерх П. И. 33, 526
- Лунина С. Б. 209
- Лутфолла Чустуи 418, 596
- Лэн Пуль Стэнли 112, 238
- IX Людовик 90, 218
- Мағауин М. 262
- Майқы би 299, 435
- Макризи 26, 85
- Максимова А. Г. 74
- Макшеева А. 98
- Малов С. Е. 159, 263
- Мамай 28, 102, 110, 130, 132, 234, 235
- Манедан оғлан 188
- Марғасқа жырау 551, 589
- Марғұлан Ә. Х. 40, 74, 262
- Маркварт И. 304, 305
- Марков Г. Е. 55, 72, 73
- Марко Поло 111
- III Мар Ябаллахи 217
- Масанов Н. Е. 53, 55, 72, 73, 527
- Массон М. Е. 57, 73, 74, 255, 263, 527

- Масудбек 59, 86, 198, 199, 220, 222
 Масуд ибн Усман Кухистани 18, 19, 42, 154, 156, 157, 183, 298, 329, 341, 529, 598
 Маулана Камал ад-дин 541
 Махмұд, Жәнібек ханның ұлы 49
 Махмұд ибн Уәли 16, 20, 43, 47, 91, 97, 114, 115, 117, 118, 154, 155, 157, 296, 298, 309, 328, 335, 339, 341, 345, 348—353, 360, 365, 373, 385, 387, 394, 397, 426—428
 Махмұд Қашғари 44
 Махмұд-Қожа хан 155, 156, 162, 163
 Махмұд сұлтан 153, 348—353, 373
 Махмұд хан 155—157, 162, 163, 368, 574
 Мәлік әл-Ислам 150
 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы 261, 262
 Медоев А. 263
 Меңгу-Темір хан 83, 114, 115, 117, 118, 220, 376
 Миллер Г. Ф. 31, 162, 409
 Минг-Темір 155
 Минорский В. Ф. 303, 305
 Мирзоев А. М. 17, 43
 Мир-Ибраһим 190, 361
 Мир-Кәрімберді 151
 Мир Мұхаммед-шах 151
 Мир Хақ-Берді бекшік 151, 153
 Мирхонд бен Абу әр-Раззак 93, 149, 150, 173, 197, 333
 Моисеев В. А. 51, 71, 434
 Молла Мұса Айса 24, 25
 Молла Шади 17, 18, 349, 481
 Молла Шараф ад-дин 20
 Мотрә А. 31
 Мөңке хан 79, 80, 84, 90, 110, 198
 Му'ин ад-дин Натанзи 13, 34, 43, 47, 109, 110—115, 117—120, 126, 127, 139, 146, 160, 187, 328, 476, 480
 Муками 412
 Мукминова Р. Г. 17, 454, 524, 527, 548
 Мунаджжим-баши 16, 376
 Мункуев Н. И. 99
 Мұқанов М. С. 52, 71, 72, 524
 Мұңғатай сұлтан 410, 413, 414
 Мұрат сұлтан 425, 428
 Мұртаза, Едігенің ұлы 30
 Мұса мырза 160, 163, 347
 Мұстафа хан 155, 157
 Мұхаммед Аваз 44, 416, 418
 Мұхаммед ибн Араб Қатаған 20
 Мұхаммед Ғази 144
 Мұхаммед оғлан 145
 Мұхаммед Салық Қашғари 14, 22, 24, 481, 548
 Мұхаммед Талиб 425
 Мұхаммед-Темір сұлтан 383, 540, 547
 Мұхаммед-Хавенд шах Мирхонд 13, 14
 Мұхаммед Хайдар Дуғлати, Мырза Мұхаммед Хайдар 14—16, 33, 44, 49, 98, 143, 146, 147, 151, 152, 173, 176, 179, 184, 188, 295, 298, 329, 331, 333, 336, 338—341, 345, 356, 361, 363, 365, 373, 375, 376, 380, 383, 384, 386—388, 393, 394, 458, 535, 573—576
 Мұхаммед хан 13, 88, 112, 138, 146, 147, 151, 190, 247, 529, 598, 599
 Мұхаммед Хұсайын 188, 574
 Мұхаммед Шайбани 17—19, 21—23, 32, 163, 297—299, 301—303, 325—329, 337—340, 343, 344, 347, 350—353, 366, 374, 377, 379, 382—384, 406, 420, 453, 478, 480, 481, 483, 484, 521, 522, 540, 544, 547
 Мұхаммед Юсуф Мунши 20, 425
 Мүбәрак-Қожа 103, 109, 112, 120, 326
 Мүбәрак хан 177, 200
 Мүрид хан 109
 Мүтіген 79
 Наджип Э. Н. 112
 Назаров Ф. 489, 529
 Назар хан 425
 Наливкин В. 526
 Наршахи 144
 Насреддин Бурхонуддин Рабғузи 242
 Настич В. Н. 73, 74, 528
 Наурыз-Ахмед хан 393—395
 Нәдір-Мұхаммед хан 426
 Нәдір-Мұхаммед шах 20
 Неприпасов А. 447, 448
 Низам ад-дин Шами 11—14, 34, 43, 112, 130, 134, 187
 Низами 243
 Никифоров В. Н. 72
 Новосильцов М. 447
 Ноғай 113, 120, 328, 348
 Нұр ад-дин (Нұрадын) 159, 196, 199, 234

- Огирту-Цэцэн хан 432
 Оғыз хан 24, 577
 Омар-шайх 114, 132, 366, 574, 598
 Омбо Эрдэни 432
 Ондан сұлтан 23
 Ораз Мұхаммед хан 23, 408, 414, 446, 576, 577
 Орда-Ежен (Орда-Ичен) 10, 37, 45, 77, 82, 83, 96, 108, 109, 111, 115–117, 119, 120, 138, 145, 154–156, 185, 290, 291, 296, 298, 328
 Орда-Шайх 109
 д'Оссон 33

 Өзбек сұлтан, II Абдаллах ханның інісі 412, 413
 Өзбек хан 83, 102, 112, 116, 119, 135, 247, 348, 382, 419
 Өтеміс-Қажы ибн Маулана Мұхаммед Дост 21, 22, 44, 116, 117, 246

 Паллас 11, 469
 Панкратова А. М. 39, 40
 Пантусов Н. Н. 36, 98
 Папа IV Инокентий 89
 Парпария 234
 Пацевич Г. И. 73
 Перри Д. 31
 Перетяткович Г. 34, 47
 Петрушевский И. П. 35, 96–99, 547–549
 Пикулин М. Г. 527
 Пищулина К. А. 42, 47, 49, 53, 72, 117, 262, 263, 310, 325, 523, 524
 Плано Карпини 77, 89, 90, 96, 98, 111, 217, 218, 292
 Полад 112, 330
 Поладшы 103, 121, 122, 127
 Потанин Г. Н. 262
 Потапов Л. П. 52, 54
 Проскурин А. Н. 263, 526
 Пугаченкова Г. А. 73, 263, 526, 527
 Пулад 155
 Пір-Мұхаммед 416, 417, 419–421

 Раббан Саума 217
 Радлов В. В. 33, 37, 305
 Раймонд Руф 251
 Рахимов М. К. 527

 Рашид ад-Дин, Фазаллах Рашид ад-дин 77, 91, 96, 97, 99, 103, 111–114, 119–121, 201, 289, 290, 307, 309, 328, 576
 Рашид сұлтан, Саид ханның ұлы 386
 Рашид хан 388, 391, 392
 Ремезов С. 28, 29
 Ремпель Л. И. 73
 Розен В. Р. 33
 Ромаскевич А. А. 34
 Ромодин В. А. 35, 47
 Рубрук Вильгельм 79, 98, 174, 200, 218
 Руденко С. 526
 Рычков П. И. 31, 398, 399
 Рюй Гонзалес Клавихо 11, 30, 160

 Саблукова Г. С. 96
 Садр әл-Ислам 150
 Саид хан 575
 Сайид Әли 187, 188
 Сайид Әли Әмір 173
 Сайид Әли дуғлат 189
 Сайидек, қажы Мұхаммед ханның баласы 347
 Сайид хан 189, 535
 Сайхали 579
 Салахетдинова М. А. 42, 43
 Самойлович А. Н. 306
 Сартак 109, 328
 Сатұқ-Боғра хан 22
 Сасы-Бұқа 109, 113, 120, 200, 328
 Сафарғалиев М. Г. 45, 46, 117, 219
 Сейтак (Сейид Ахмед) 162
 Сейф Сараи 584
 Сейф Челеби 19, 391, 407, 464
 Сейфи ибн Сина 243, 596
 Семенов А. А. 42, 46, 52, 339, 546, 548, 549
 Семенов Ю. И. 55, 72
 Сенигова Т. Н. 73
 Сигизмунд Герберштейн 376
 Сикалиев А. И. 71
 Скибин Ф. 29
 Смирнов А. П. 263
 Соловьев С. М. 47, 98, 448
 Сопы бек, Сопыбек Найман 163, 183
 Спасский И. Г. 528
 Степанов Вельямин 415, 447
 Старленберг Ф. И. 31

- Субханкули хан 436
 Суфи хан 155
 Сухарева О. А. 525, 526
 Сухаил 425
 Сұлтан-Ахмед 351
 Сұлтан-Махмұд 351—353
 Сұлтан-Са'ид хан 343, 373, 375, 385, 386, 388, 426
 Сұлтан Сайид 15
 Сұлтанов Т. И. 47, 49, 50, 52, 70, 71, 97, 112, 117, 120, 309, 338, 340, 524, 528, 547
 Сүбедей 290
 Сүйініш-Қожа хан 375, 376, 383, 385, 547
 Сүлейменов Р. Б. 72
- Табалдиев К. Ш. 61, 74
 Таныш сұлтан 343, 381, 383
 Гармашырын 81, 123, 223
 Татищев В. Н. 31, 288
 Тауэр Ф. 12
 Тахир хан 384—387, 391, 393—395, 426, 452, 535
 Тәуекел хан 16, 19, 28, 51, 378, 390, 391, 397, 403—408, 410—412, 414—420, 425, 426, 445, 446, 471, 597
 Тәуке хан 17, 29, 89, 432, 435, 436, 444, 473, 536, 562, 564, 566, 589
 Тевкелев М. 311
 Темір, Әмір Темір 11—14, 17—19, 26—28, 30, 46, 92, 101—104, 106, 107, 110, 113, 114, 120, 122, 126, 128—130, 132—135, 137, 141, 143—146, 152, 173, 180, 181, 188, 193, 196—199, 201, 207, 213, 219, 223, 235, 238, 255, 257, 259, 301, 302, 323, 329, 334, 343, 344, 346, 347, 351, 352, 354—356, 360, 366, 380—382, 406, 478, 480, 486, 488, 540, 543, 551, 573, 598
 Темір-Қожа 109
 Темір-Құтлық 110, 113, 134, 137—140, 187, 190, 348
 Темір-Мәлік 113, 130
 Темір-Мәлік оғлан 130
 Темір сұлтан 374, 384
 Темір тайша 153
 Тепловодская Т. М. 527
 Тизенгаузен В. Г. 13, 33, 34, 97, 261
 Тихвинский С. Л. 99
- Тоган З. Г. 304, 307
 Тоғлық-Темір хан (Шағатай ұрпағы) 12, 14, 103, 107, 120, 122, 123, 126, 127
 Тоғым хан 387, 390, 393, 394
 Тойнби А. Дж. 54, 72
 Тоқа-Темір 38, 49, 108, 113, 115, 116, 118, 120, 138, 145, 155, 156, 298, 328, 329, 331, 345, 348, 355
 Токтай хан 289
 Тоқтақия 129, 130, 330
 Тоқтамыс 28, 30, 46, 103, 104, 110, 113, 116, 117, 120, 129, 130, 132, 134, 135, 137, 140, 182, 187, 188, 190, 198, 235, 238, 334, 521
 Толстов С. П. 36, 39, 73, 261
 Толыбеков С. Е. 54, 72
 Төле би 435, 562, 564, 566, 589
 Төлей 77, 79
 Тува (Дува) 80, 91, 119, 121
 Тұрсын-Мұхаммед хан 20, 23, 406, 421, 425—428, 452, 566, 577
 Түй-Қожа оғлан 129
 Түк-Темір 149
 Тыныбек 83, 112, 243
 Тынышбаев М. Т. 37, 39, 433
- Уақас би 156, 158, 160, 183
 Уәйіс оғлан 146, 147
 Уәйіс хан 92, 143, 147, 151—154, 176, 334
 Уәли Мұхаммед 425
 Уәлиханов Ш. Ш. 32, 33, 98, 160, 261, 297, 308, 309, 312, 428, 429, 434, 458, 560
 Убайдолла хан 374, 376, 384, 389, 390, 412, 543
 Улжайту Темір 149
 Усманов М. А. 97
- Ұбайдаллах хан 19, 25
 Ұлықбек 13, 14, 101, 138, 139, 142—153, 177, 190, 191, 197, 199, 257, 481
 Ұлық-Мұхаммед 112, 137, 138, 139, 142, 238, 329, 345
 Ұлысбек Хұдайдад Әмір 183, 196
 Ұрұс хан 11, 12, 103, 109, 110, 113, 120, 127, 129—131, 138—142, 144, 148, 156, 177, 188, 190, 195—197, 326—328, 330, 331, 334, 336, 345

- Үгедей 10, 77–80, 90, 95, 119, 185, 290
 Үз-Темір тайшы 153, 328, 329, 335
 Үмбетей Тілеуұлы 551, 556, 589
 Үрлік тайша 451
- Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани** 18, 42, 43, 47, 107, 114, 159, 174, 176, 177, 183, 289, 297, 298, 302, 309, 340, 341, 376, 379–382, 453, 460–462, 467–469, 476, 477, 480–482, 485, 488, 521, 523, 525, 527, 528, 531, 532, 539, 546, 547, 556
Фазлаллах Рашид ад-Дин 10, 11, 15, 23
Әл-Фараби 243
Федоров-Давыдов Г. Е. 45, 54, 72, 97, 99, 112, 117, 204, 252, 262, 263, 526, 527
Филипп Авриль 30
Фра Мауро 29
- Хазірет Ишан-Қожа** 598
Хайдар ибн Уәли 390
Хайдар Рази 16, 34, 114, 138, 143, 333
Хайду 80, 91, 95, 102, 119
Хакназар хан (Ақназар) 16, 24, 30, 160, 376, 378, 390, 393–398, 400, 402, 403, 409, 410, 414, 426, 445, 452–541
Халид сұлтан 141, 199
Хамдаллах Казвини 15, 85, 97
Хан-Мелек 112
Хасан бек Румлу 20, 376, 395, 396
Хафиз-и Аbru 12, 13, 147, 180
Хафиз-и Таныш ибн Мир-Мұхаммед Бұхари 19, 33, 43, 394, 408–410, 412, 413, 476, 478–481, 541
Хафизова К. Ш. 451
Ходжаев М. 528
Хондемир 14, 329, 333, 376
Хорду 112
Хорезми 240, 584
Хорезмшах 583
Хорохой-Далдин 434
Хоурлық (Хо-Урлюк) 430, 432
Хохлов Иван 426
Хұдайдад дуғлат (Хұдайдад әмір дуғлат) 127, 187
Хұдайдад Хұсайни 139, 141, 146
- Цеван — Рабтан** 436
Цинман М. З. 72
- Чандэ** 200, 217
Чебуков Т. 398, 399, 445
Черепнин Л. В. 97
Черкасов А. А. 57, 73
Чулков Д. 23
Чулошников А. П. 36, 37, 338, 409
- Шағатай** 10, 14, 15, 24, 77–80, 84, 86, 90, 92, 93, 95, 102, 106, 119, 120, 122, 126–4 128, 130, 185, 195, 198, 220, 221, 289–291, 297, 408, 581
Шайбани 82, 103, 108, 113, 115–118, 120, 138, 144, 154, 155, 185, 296, 297, 309, 364, 373–375, 381, 382, 452, 467, 471–473, 486, 488, 573
Шайх-Мамай 376
Шайх Нур ад-дин 138–142, 146
Шайх Хайдар 17, 163, 347, 348
Шалкиіз (Шалгез) Тіленшіұлы 551, 552, 588, 589
Шамши-Жаһан 141, 145–147, 152
Шамс ад-дин Мұхаммед ибн Каис 126, 127, 583
Шаниязов К. 52, 71
Шараф ад-дин Әли Йазди 11–15, 34, 43, 92, 112, 128, 130, 152, 179, 476, 523
Шах-Жаһан 145, 146, 199
Шах-Исмаил Сефеви 18
Шахматов Ф. 40, 54
Шах-Назар би 412, 413
Шах-Махмұд Шорас 16, 43, 394, 396, 427
Шах-Мәлік әмір 142, 146
Шахрух 13, 114, 138, 143, 144, 146, 147, 199
Шәдібек 110, 114, 138
Шәкерім Құдайбердіұлы 37, 261, 262
Шерәлі оғлан 145, 147
Шер-Мұхаммед Әуез (Мунис) 24
Шер-Мұхаммед хан 146–148, 150, 152, 173, 197
Шильтбергер И. 535
Шортанбай 589
Шығай хан 19, 51, 374, 404, 408–411, 414, 418, 450, 452, 597
Шымтай 109, 200, 328
Шыңғыс оғлан 139, 142
Шыңғыс-хан 12, 18, 22–24, 35, 77, 78, 80, 82–85, 88, 89, 94, 95, 119, 160,

176, 193, 194, 236, 238, 246, 287–291,
293, 302, 309, 310, 435, 478, 529, 533,
534, 536, 537, 577, 581, 587

Щербак А. М. 262

Ысмайыл, ноғай мырзасы 397, 403

Илияс-Қожа 103, 126, 127, 197

Юдин В. П. 18, 42, 47, 53, 71, 116, 138,
251, 262, 305, 309, 389, 394, 546,
584

әл-Якуби 463, 467

Якубовский Л. Ю. 36, 46, 56 73, 97, 117,
209

Ямғұршы 163

Ян Стрейс 70

ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР КӨРСЕТКІШІ¹

- Азақ, қ. 134
 Азербайжан 89, 289, 505
 Азия 287
 Батыс 134, 451, 452
 Кіші 220, 304, 583
 Алдыңғы 269
 Орталық 269, 270, 279, 280, 289, 292,
 320, 445, 446, 449, 454, 573, 580, 600
 Азов, қ. 106, 552
 Аққорған, қ. және қ. ж. 57, 145, 157, 159,
 199, 353, 477, 488, 490, 503, 520, 521
 Ақмешіт, таулар 312
 Ақ-Орда 82, 100, 102–120, 123, 129–132,
 134, 135, 137–139, 141, 143–148, 154–
 156, 159, 162, 163, 176, 177, 180, 182–
 185, 187, 189–200, 219, 243, 244, 294–
 300, 310, 320, 323–327, 329, 331–336,
 339, 340, 344–347, 355, 357, 358, 364,
 380, 478–480, 486, 540
 Ақсу, қ. 121, 145, 153, 188, 334, 351, 360,
 427
 Ақсу, өз. 148, 150, 179, 480, 521
 Ақтөбе, кан. 178
 Ақтөбе (Ақ-төбе), қ. ж. 199, 281
 Алакөл, қ. 77, 111, 120, 218, 312
 Алаша хан, кес. 256
 Алмалық, қ. 77, 86, 92, 123, 133, 145, 217,
 219, 220, 222
 Алматы, қ. және қ. ж. 92
 Алтай 81, 105, 109, 133, 287, 290, 363, 430
 Оңтүстік 77, 365
 Алтын Орда 7, 21, 25, 27, 32, 33, 35, 41,
 43, 44, 46, 74, 76, 78–80, 82–85, 91,
 98–102, 104, 108, 109, 112–115, 122–
 125, 127–129, 131–135, 137, 148, 149
 Алтын Орда 77, 79, 81–89, 95, 102, 104,
 106–110, 112–114, 120, 127–130, 132,
 134, 136–139, 142, 154, 155, 157, 159,
 160, 162, 185–187, 190, 192, 195, 196,
 198, 204, 209, 219, 220, 232, 234, 235,
 238, 240, 243, 245, 246, 252, 259, 289,
 292, 296, 310, 324–329, 355, 376, 380,
 430, 476, 540, 581, 583, 584, 587
 Алтынкөл (Улықкөл), қ. 750
 Алтынтөбе, қ. ж. 202
 Анатолия, қ. 88
 Ангрэн, қ. 312, 435
 Арал теңізі (Арал) 89, 108, 156, 157, 174,
 291, 300, 314, 404, 407, 476
 Арал маңы 105, 109, 145, 155, 156, 159,
 171, 218, 239, 277, 329, 339, 344, 353,
 458, 475, 487, 577
 Солтүстік 155, 159, 354, 475
 Аркөк, қ. және қамал 57, 157, 339, 346,
 349, 351–353, 382, 383, 477, 480, 482,
 488, 489, 491, 503, 521
 Армения 219
 Арыстан-баба (Баб-Арслан), кес. 257,
 488, 598
 Арсланды, кан. 480, 521
 Арсланлық, қараңыз: Арыстанды
 Арыстанды (Арсланлық), өз. 17
 Арыс, өз. 57, 59, 179, 202, 479, 480, 489
 Асанас, қ. ж. 199
 Аснас, қараңыз: Ашнас
 Асон, қ. 199
 Аспара (Ашпара), қамал және қ. ж. 130,
 141, 146–150, 179

¹ Көрсеткішке «Қазақстан» (барлық бөліктерімен) және «Орта Азия» атаулары енгізілмеген.
 Негізгі қысқартылған сөздер: қ. — қала, мемл. — мемлекет, мемл-тік — мемлекеттік, қ. ж.
 — қала жұрты, кан. — канал (арық), кес. — кесене, қ. — көл, окр. — округ (уәлаят), пос. —
 поселке (село), өз. — өзен, қон. — қоныс.

- Астрабад, к. 223, 596
 Астрахан хандығы 102, 110, 157, 160, 298, 397, 587
 Астрахан (Қажы-Тархан), к. 102, 106, 110, 130, 134, 137, 169, 310, 348, 398, 400, 403, 410, 448, 519, 596
 Атбасар, өз. 155, 157
 Атбасы (Ат-Баши), к. және өлке. 121, 131, 351, 386
 Ауғанстан 78, 81, 134, 144
 Солтүстік 81
 Ахмет Йассауи кес. 107, 134, 178, 252, 259, 262, 480, 488, 520, 563, 598
 Акси, к. 417
 Ахсикет (Ахсикент), к. 139, 406
 Ашнас (Аснас), к. 89, 198, 204, 211, 218, 282, 285, 289, 292
 Аштаржан, к. 500
 Аштарханилер мемл. 421, 422
 Аягөз, өз. 132
 Аунамаз, өз. 312
- Әбілқайыр мемл., қараңыз: Әбілқайыр хандығы
 Әбілқайыр хандығы («Өзбек ұлысы», көшпелі өзбектер мемлекеті) 7, 19, 100, 105, 153, 154, 156–159, 163, 177, 182, 184–187, 189, 191, 192, 194–197, 294–296, 299, 300, 301, 320, 322–328, 332, 333, 335, 336, 346, 348, 353–355, 357, 358, 364, 365, 478, 486
 Әмударья (Жейхун), өз. 77, 81, 122, 291, 396, 476, 577
 Әндіжан, к. 116, 134, 139, 142, 145, 146, 148, 151, 215, 223, 363, 364, 372, 374, 383, 400, 406, 407, 411, 414, 417, 425, 428, 452, 524, 538
 Әулиеата, қараңыз: Тараз
- Бадам, өз. 202, 389, 477
 Бай, к. 188, 427
 Баласағун, к. 93, 200
 Балқаш, тең. 122, 150, 156, 159, 376, 460
 Балх 398
 Бату ұлысы, Берке ұлысы, Жошы ұлысы, қараңыз: Алтын Орда
 Балқаш маңы 287, 291, 334, 406
 Солтүстік-Батыс 150
 Батыс 430
- Батыс Сібір ойпаты 163
 Баркент (Барукент), к. 118, 199
 Баршыкент, к. 109, 113, 200, 584
 Баршынлыкент, к. 89, 178, 218, 289, 292
 Башқұртстан 448
 Белая, өз. 398
 Бесбалық, к. 146, 450
 Боам, өз. 148, 150
 Бөген, өз. 148, 179, 480, 487, 521
 Бозғылөзек, кан. 178
 Бұлғар, аймақ 77, 260, 291
 Бұхара, к. және аймақ 16, 22, 25, 28, 58, 60, 74, 77, 82, 85, 86, 127, 132, 219–223, 348, 374, 375, 382, 398–400, 403, 413, 415, 417, 446, 448, 453, 465, 466, 468, 477, 479–481, 490, 504, 506, 515, 520, 524, 559, 582, 593, 596
 Бұхара хандығы 425, 426, 431
- Венгрия (Венгр княздығы) 136, 582
 Верхнеозерный камалы 314
 Верхнеуральск, к. 314
 Византия 244, 256
- Дағыстан 304
 Дамаск, к. 24
 Дарваза, кан. 476
 Дәуітбек кес. 259
 Дербенд, к. 289, 596
 Дешті Қыпшақ 19, 22, 25, 44, 45, 50, 52, 100, 102, 106, 108–116, 123, 125–135, 138, 141, 143, 148, 149, 151, 152, 155, 157, 158, 163, 167–170, 173–177, 183, 189, 193, 195, 199, 225, 230, 231, 232, 233, 235–240, 242, 244–247, 281, 283, 284, 287, 289–291, 296, 298, 300, 307, 321, 324, 325, 327, 329–333, 335–338, 341, 342, 346, 350, 356, 365, 370, 374, 375, 380, 384, 385, 398, 409, 410, 413, 418, 430, 441, 442, 446–448, 450, 451, 453, 454, 459, 460–465, 468–475, 477, 482, 483, 487, 488, 505, 519, 521, 522, 526, 527, 532, 535, 538, 540–542, 552, 567–569, 572, 582, 584
 Шығыс 12–14, 17, 18, 21, 33, 41, 43, 45, 47, 49, 52, 74, 77, 96, 98–100, 102–104, 106–118, 120, 123,

- 124, 129–131, 133–141, 143, 149, 150–152, 154–160, 162, 163, 165, 166, 168, 169, 171–175, 177, 182, 187, 193, 281–283, 287, 289–291, 293–295, 296–302, 308, 316–318, 320, 323–329, 331–337, 339–349, 351, 353–357, 363–365, 367, 368, 370, 371, 378–381, 383, 392, 403, 411, 422, 463, 464, 475, 476, 485, 486
- Днестр, өз. 289
Днепр маңы 136
Долба, тау 312
Долон бекінісі 313
Домалақ ана, кес. 598
Дон, өз. 137, 552
Дунай, өз. 53, 60, 81, 241, 289
- Европа 95, 182, 217, 528
Шығыс 82, 88, 136, 137, 269, 270, 291, 307
Батыс 288, 376
- Египет 88, 243
Еділ (Әділ, Еділ, Итиль), өз. 60, 77, 81, 82, 105, 134, 155, 174, 218, 239, 247, 287, 310, 403, 410, 429, 430, 445, 469, 482
Төменгі 82, 137, 290
Еділ бойы 60, 82, 87, 88, 100, 102, 110, 134, 137, 159, 185, 217, 219, 240, 259, 291, 354, 399, 445, 449, 582
Орта 136
Төменгі 136, 159, 252, 277
- Еділ Бұлғариясы 87, 252
Екіоғыз (Эквиус), к. 200, 218, 219
Екіре түп, жер аты 160
Елек, өз. 115, 155, 314
Елец, к. 134
Емел, өз. 122
Емел, к. 132, 220
Енисей, өз. 585
Ерейментау, к. 313
Ертіс, өз. 28, 53, 74, 77, 79, 104, 107, 109–111, 114, 115, 117, 120, 122, 127, 128, 132, 133, 146, 150, 152, 154, 157, 159, 162, 163, 180, 211, 218, 283, 284, 289, 290, 303, 305, 313, 334, 342, 356, 384, 393, 394, 398, 399, 403, 404, 409, 415, 418, 429, 430, 438, 445, 447, 448, 487
- Жоғарғы 77
Орта 118, 162, 163
Төменгі 407
Ертіс өңірі 53, 59, 154, 159, 199, 205, 283, 290, 295, 312, 439, 441, 450, 452
Ескіүңгір, шөл 313
Есіл (Ишим), өз. 155, 312, 313, 415, 428, 430, 448, 450, 487
Есіл даласы 162
- Жайық, өз. 83, 103, 105, 134, 137, 156, 157, 159, 174, 217, 218, 239, 247, 287, 310, 311, 313, 314, 376, 393, 397, 389, 399, 403, 415, 429, 430, 445, 448–451, 460, 487
Жайылма, өз. 313
Жақанкент (Яканкент), к. 57, 489, 503
Жанабалық, к. 200
Жанакент (Янгикент), к. 199, 289
Жанакорған, к. 428
Жанадария, өз. 313
Жақышман, к. 131
Жана (Янги), қараңыз: Тараз
Жана-Тараз, қараңыз: Тараз
Жанакент, к. ж. 178
Жаркент, к. 375, 386, 388, 427
Жатан, камал 390
Жейхун, қараңыз: Әмудария
Жент, к. 59, 80, 82, 89, 109, 113, 118, 178, 222, 480
Жем, өз. 156, 157, 174, 199, 200, 220, 247, 289, 313, 314, 407, 429, 430, 448, 450, 451
Жете (уәлаят) 127, 139, 149, 150
Жетісу 49, 57, 59, 61, 77, 79, 80, 82, 83, 86, 100, 103, 104, 106, 108, 109, 119–121, 128, 132, 205, 216–219, 222, 251, 252, 277, 287–292, 294, 295, 298, 299, 301, 302, 309, 310, 323, 324, 327, 328, 331–346, 350, 354, 355, 357–359, 361–366, 374, 375, 377, 384, 386–388, 390–392, 407, 408, 432, 463, 484, 476, 478, 486
Батыс 49, 184, 332, 333, 335, 338, 341, 342, 353, 356, 358, 359, 364, 365
Солтүстік-Шығыс 185, 188, 214
Оңтүстік-Батыс 175, 181, 191, 301
Жизак, к. 412
Жоңғария 51, 312, 323, 433, 436, 450, 554

- Жоңғар Алатауы 430, 433, 434
 Жоңғар хандығы 51, 311, 377, 430, 431, 432
 Жосалы, өз. 313
 Жұлдыз (Юлдыз), жазығы 132, 133, 148, 175
 Жүйнектөбе, қ. ж. 490
 Жүзден, кес. 131
 Жылан-Қарауыл, қамал 477, 489
 Жыланшық, өз. 134, 312
 Жыңбұлақ, кан. 521

 Зернұқ (Зернух), к. 199, 219

 Икан, қоныс 477, 490, 502, 503
 Иль-Аларгу (Ел-Аларғу), жер аты 74
 Индия (Үндістан) 176, 209
 Ирак 334, 583
 Иран 82, 83, 86, 102, 119, 128, 132, 134, 184, 187, 209, 219, 220, 223, 322, 361, 382, 415, 425, 484, 505, 596
 Испиджаб (Исфиджаб), к. 176
 Исфахан 17

 Йасы, қараңыз: Түркістан (к.)
 Йезд, к. 223

 Кабул 574
 Кавказ 119, 132, 137, 217, 311, 322
 Солтүстік 82, 108, 134, 136, 240
 Кама, өз. 415, 448
 Касимов хандығы 576
 Каспий теңізі 134, 218, 300, 314, 399
 Каспий төңірегі 159, 247, 277
 Каспий маңы ойпаты 300
 Каффа, к. 134, 219
 Качир қорымы 61
 Кашан, к. 131
 Кашмир 338
 Келте-Шалғый, кан. 178
 Кенбай, жер аты 402
 Кендірлік өз. 404
 Кенжде (Кенжиде), аймақ 59, 83, 199, 222
 Кенжек, қараңыз: Жаңа
 Керман, аймақ 570
 Кетпен, к. 148, 150
 Кеш, қ. және аймақ. 126, 217
 Киев, к. 217
 Константинополь, к. 256

 Көбік, өз. 132
 Көксу, жер аты 384
 Көк-Қашан, жер аты 384
 Көк Кесене, кес. 153, 257
 Көк Орда 45, 100, 102, 103, 108, 111, 113, 114, 116–120
 Көксу, өз. 312
 Көктас, бұлақ 178
 Көктөбе, жер аты 133, 148, 175, 479
 Көкшетау, қ. 313
 Көкшетеніз, қараңыз: Балқаш
 Көшқорған, кан. 178, 479
 «Көшпелі өзбектер мемлекеті», қараңыз: Әбілқайыр хандығы
 Кубань, өз. 304
 Куликово даласы 130, 136
 Күлтөбе қ. ж. 207, 435, 436, 479, 490, 493
 Күнгес, өз. 132, 148, 149, 173
 Күңгір, өз. 150
 Кура, өз. 132
 Кіші жүз 36, 101, 105, 154, 160, 260, 289, 290, 292, 293, 297, 300, 301–306, 310, 311, 313, 314, 317, 326, 420, 424, 431, 435, 438, 442, 454, 518, 532, 539, 549, 564

 Қазақ ордасы 28
 Қазақ хандығы ...49–51, 56, 60, 88, 104, 160, 234, 240, 296, 301, 302, 310, 320, 324–328, 330, 336–341, 344–346, 354–360, 363, 366, 373, 375–381, 385, 388, 396, 398–400, 403, 404, 407, 408, 420, 422, 428, 430, 434, 436, 444, 445, 447, 448, 453, 465, 476, 478, 479, 485–487, 518, 532, 534, 562, 572, 573
 Қазан, к. 138, 159, 259, 398, 403, 415, 448
 Қазан хандығы 110, 137, 160, 385, 587
 Қазықұрт 389
 Қалта-Жалқия, кан. 521
 Қалмақ хандығы 311
 Қара-Абдал, жер аты 383
 Қарабұлақ, кан. 178, 479
 Қарабұлақ, жер аты 133, 147, 502
 Қаракөл, жер аты 186
 Қаракұрым, к. 77, 84, 119, 218, 289, 471, 477, 480, 503
 Қаракұм, шөл 115, 312, 314, 460
 Қарасаман, к. 146, 199, 413, 487, 503

- Қараскай, өз. 313
 Қараспан, қ. ж. 199, 477, 489, 490
 Қаратал, өз. 103, 133, 312, 374, 487
 Қаратау, жота 57, 82, 113, 118, 132, 141, 145, 156, 158, 159, 171, 172, 178, 179, 198, 199, 219, 301, 313, 324, 328, 331, 332, 345, 347, 348, 350, 353, 354, 356, 357, 363, 364, 378, 475–479, 487, 489, 493, 522
 Қаратұр, жота 133
 Қарахандар мемл. 581
 Қараш, бұлақ 178, 479
 Қараша, өз. 312
 Қарашок, қон. 134, 199, 477, 488, 503, 519
 Қарашатау, тау 314
 Қарнақ, қ. 477, 488, 502, 503
 Қаттабак, қыстақ 507
 Қауғаната, қ. ж. 199
 Қашғар, қ. және аймақ 121, 139, 148, 150, 184, 217, 219, 312, 364, 386, 389, 390, 427, 519, 574
 Қашғария 15, 21, 99, 102, 103, 107, 116–118, 125, 129, 130, 134, 135, 140–142, 144, 145, 147, 148, 153, 174, 176, 182, 183, 186, 191, 192, 291, 298, 304, 311, 326, 334, 335, 342, 343, 345, 350–352, 354, 356, 359, 360–362, 365, 375, 376, 386, 572, 582, 586
 Қашқадария, өз. 81
 Қаялық (Қойлық), қ. 200, 218, 219, 290
 Қобда, өз. 313, 314
 Қожа Ахмет Йассауи кес.; қараңыз: Ахмет Йассауи кес.
 Қожатумас, қан. 178
 Қоқан 403
 Қотан, қ. 490, 493, 503
 Қошқарбасы, жер аты 386
 Қуат шатқалы 314
 Қуандария, өз. 312, 313
 Құлақшы, өз. 313
 Құлжа, қ. 217, 312
 Құмкент, қ. 477
 Құндыз, қ. және аймақ 60
 Құндызша, жер аты, 133
 Құсан (Құша), қ. 145, 188
 Құтжан, қ. 489, 491, 503
 Құтжан, өз. 374
 Құяш, жер аты 77
 Қызкала, қ. ж. 199, 487
 Қызылқұм, шөл 247
 Қызылсу, өз. 148, 150
 Қызылтал, қан. 178, 479, 521
 Қызылтал, шатқалы 312, 313
 Қызылтура, қараңыз: Тура (қ.)
 Қызыр Қожа хан ұлысы, қараңыз: Моғолстан
 Қыпшақ мемлекеті 139, 159, 277, 308
 Қырғыз Ордасы 311
 Қырғызстан 104, 108, 129, 130, 132, 134, 135, 298, 357, 360, 363, 392, 393, 408
 Қырым 60, 102, 108, 110, 130, 134, 136, 137, 218–220, 252, 289, 552
 Қырым хандығы 102, 587
 Қысаршық, бұлақ 178, 479, 521
 Қытай 88, 95, 102, 135, 146–148, 179, 217, 219, 280, 288, 289, 306, 311, 451, 452, 486, 558
 Леонтев қорымы 61
 Мауараннахр ...49, 52, 80, 81, 86, 100, 102, 106, 120, 121, 123, 126–131, 134, 136, 141, 143, 144, 148, 179, 193, 219, 220, 222, 242, 290, 298, 299, 303, 325, 337, 344, 354, 356, 360, 364, 374, 375, 378, 380–383, 389, 392, 395, 409–411, 417–420, 425, 483, 484, 486, 519, 544, 596
 Мамлюк мемлекеті 300, 306, 582
 Маңлай-Сүбе, аймақ 182
 Маңғыт Ордасы, Маңғыт ұлысы (жұрты), қараңыз: Ноғай ордасы
 Маңғыстау, түбек 124, 129, 153, 159, 166, 240, 241, 247, 306, 313, 341, 350, 389, 399, 400, 437, 448, 474, 487, 561, 577, 582
 Манкент, қ. 502
 Мәдина, қ. 25
 Мейрамтөбе, қ. ж. 193
 Мекке, қ. 205, 206
 Мерв, қ. 215, 374, 375
 Мин, империя 102
 Моғолстан, «Моғол ұлысы» 51, 60, 81, 93, 100, 102, 104–107, 121–123, 126–129, 131–136, 139, 141, 144, 146–154, 175, 178–180, 182–184, 186–189, 192–195, 197, 198, 289, 294–296, 299–302, 310, 320, 322, 323, 325, 327, 332, 334–339, 342, 343, 347, 351, 354, 357–362,

- 364–366, 385, 386, 390, 396, 397, 406,
451, 452, 478, 540, 554
Батыс 335, 338, 342, 361
Моғолия, мемл. 375, 455
Молдова мемл. 136
Монғолия 77, 95, 217, 288–290
Батыс 290
Монғол империясы 53, 60, 77–80, 83, 84,
94, 95, 119, 185, 194, 219, 287
Москва, қ. 376, 397, 398, 403, 414, 415,
445, 446, 450
Москва мемл., қараңыз: Ресей
Мосул, қ. 218
Мойынлы, өз. 313
Мыңбұлақ, кан. 153, 479
Мірқарасу, кан. 178, 479
- Нарын, өз. 122
Ноғай (Манғыт) ордасы, Ноғай ұлысы
51, 100, 104, 105, 136, 137, 155, 159,
160, 163, 182, 186, 189, 191–193, 195–
197, 234, 239, 294, 296, 297, 300, 302,
310, 320, 323, 325, 327, 349, 385, 397,
403, 430, 448, 449, 587
Нұра, өз. 313
- Обь, өз. 162, 445
Обаған, өз. 313
Оғыз мемл. 242, 277
Ойыл, өз. 314
Оксус, қ. ж. 487
Омыл, қ. 218
Орал, тау 115, 313
Орбұлақ, жер аты 433, 434
Ордакент, кан. 178, 521
Орду әл-Азам, қараңыз: Ұлұғ-Иф
(Үлкен үй)
Орда Ежен ұлысы 82, 115, 155, 296, 329
Орду-Базар, қ. 157, 159
Орынбор, қ. 313
Орск қамалы 313
Орта жүз 105, 296–298, 301, 310–314, 325,
359, 360, 435, 532
Орхон, өз. 77, 78, 585
Ор, өз. 314
Осман империясы 525
Отырар (Фараб), қ. және маңы 50,
57, 60, 79, 89, 106, 109, 129, 134,
135, 145, 146, 148, 149, 158, 176,
178, 179, 191, 199, 200, 201, 203,
204, 207, 209, 215, 219, 221–223,
259, 289, 292, 346, 350, 351, 353,
379, 381, 406, 436, 477, 478, 480,
487, 488, 491, 493, 494, 501, 503,
515, 519, 520–522, 539, 540, 584,
598
Отырар мешіті 257, 506
Отырар жазирасы 202, 479, 521
- «Өзбек елі» (Дийар-и узбек), қараңыз:
Ақ Орда
Өзбекстан 128
«Өзбекстан», қараңыз: Шығыс Дешті
Қыпшак
«Өзбек ұлысы», қараңыз: Әбілхайыр
хандығы
Өскемен бекінісі 313
- Персия 176, 398
Польша-Литва мемлекеті 136, 137
- Рабиға-сұлтан-бегім, кес. 256
Ран, қ. ж. 479, 490, 493, 503
Ресей (Орыс, Москва мемл-ті, Русь) 51,
81, 83, 110, 136, 137, 160, 176, 291, 307,
311, 376, 377, 387, 389, 398, 399, 403,
415, 430, 436, 444–451, 487, 518, 519,
552, 558, 562, 579
Рум, қараңыз: Византия
- Сабран, қараңыз: Сауран
Сағыз, өз. 314
Садыр-Қорған, қ. ж. 179
Сазатбұлақ, кан. 178, 479
Сайрам, қ. және қала маңы 106, 118, 130,
135, 139, 141, 142, 145–148, 151–153,
158, 176, 178, 179, 191, 193, 199, 346,
351, 361, 374, 375, 379, 404, 406, 413,
428, 435, 436, 477–480, 482, 486–491,
502, 503, 519, 521, 523, 539, 542, 546
Сайрам жазирасы 202
Сайрамсу, өз. 179, 202, 389, 480, 521
Сакмара, өз. 134, 448
Саксин, қала және жер аты 77, 291
Саманилер мемлекеті 581
Самара, қ. 448
Самарқанд, қ. және аймақ 60, 77, 89, 126,

- 127, 129, 131–133, 139, 143, 157, 158, 188, 199, 215, 217, 219–221, 223, 292, 353, 374, 375, 381, 383, 384, 408, 411, 412, 415, 417–420, 421, 431, 432, 434, 452, 454, 466, 477, 510, 514, 518, 520, 538, 572
- Самғар, аймақ 125
- Санташ (Сән-Таш), жер атауы 388
- Сарай, к. 88, 102, 110, 113, 129, 130, 137, 138, 140, 142, 157, 183, 329
- Сарай-Бату, к. 82, 218, 219
- Сарай-Берке, к. 82, 106, 113, 134, 209, 219
- Сарайшық, к. 159, 215, 219, 376, 448
- Сарыарқа, дала 173
- Сарысу (Сарыөзен), өз. 77, 83, 115, 118, 134, 141, 155, 174, 309, 312, 313, 345, 377, 397, 403, 404, 407, 415, 448
- Сары-ұйғыр, жер аты 125
- Сауран (Сабран), қала және қала маңы 58, 59, 60, 106, 109, 129, 130, 134, 135, 139, 141, 142, 145, 146, 148, 158, 176, 178, 191, 198, 199, 200, 202, 324, 331, 334, 346, 348, 351–353, 381, 402, 406, 425, 428, 476–482, 487, 489–493, 495, 501, 503, 520, 521, 539, 540–542, 584
- Сауран жазирасы 179
- Саян-Алтай, жота 60
- Сегіз-ағаш, жер аты 113, 130
- Сейхун, қараңыз: Сырдария
- Сирия 88, 244
- Соғұнлұқ, асу 350
- Соғды 412, 413
- Соғылкент (Сүхұлхан), к. және к. ж. 199, 487
- Созак, к. және қала маңы 145, 157–159, 188, 331, 339, 346, 348–350, 353, 406, 436, 471, 476–479, 487–492, 502, 503, 519, 540
- Солқаш, өз. 448
- Сортөбе, к. ж. 490
- Стамбул, к. 244, 552
- Сунақата, к. ж. 490
- Сури, қоныс 199, 488, 503
- Сүткент, к. 199, 503
- Сығанақ, к. және қала маңы 59, 83, 89, 106, 109, 110, 112, 119, 130, 139, 142–145, 148, 153, 157–159, 171–178, 188, 191, 198–200, 202, 204, 219, 257, 289, 292, 324, 331, 334, 335, 339, 346, 349–353, 379, 381, 383, 384, 406, 436, 453, 466, 476, 478–482, 485–488, 489, 491, 492, 503, 515, 519, 520, 540, 542, 584
- Сығанақ, кан. 479
- Сыр, өз. 115, 156
- Сырдария (Сейхун) 51, 60, 80, 89, 108–110, 119, 123, 126, 132, 135, 137, 139, 140, 142, 145, 156, 159, 162, 171, 174, 179, 191, 193, 198, 199, 202, 217, 219, 244, 277, 292, 299–301, 312–314, 324, 328, 330, 332, 345, 349, 351, 353, 365, 375, 377, 381, 383, 400, 402, 404, 415, 450, 460, 469, 475, 477, 479, 485–487, 489, 492, 521, 586
- Орта 50, 82, 109, 118, 142, 144, 153, 157, 160, 171, 172, 178, 198, 290, 309, 332, 356, 406, 422, 476, 487
- Төменгі 57, 142, 155, 156, 172, 174, 289, 332, 378, 381, 476, 485
- Сырдария өңірі 135, 137, 139–142, 152, 153, 158, 339, 356, 378, 436, 485, 486
- Сібір 88, 216, 291, 303, 323, 354, 397, 410, 415, 436, 447, 587, 598
- Батыс 58, 60, 96, 100, 152–154, 156, 157, 160, 162, 163, 284
- Оңтүстік 105, 290
- Сібір хандығы 163, 164, 298, 302, 327, 355, 377, 396–398, 403, 450
- Талайханата, к. ж. 215
- Талас, к. және аймақ, қараңыз: Тараз
- Талас (Талаш), өз. 80, 90, 109, 139, 148, 150, 174, 185, 198, 200–202, 218, 312, 331, 334, 335, 359, 363, 409, 450, 453, 475, 487, 584
- Талас алқабы 55, 57, 125, 130, 142, 143, 146, 150, 152, 168, 179, 190, 192, 194, 195, 198, 201, 333, 338, 363, 364, 375
- Талас Алатауы 173, 179, 192, 196, 202, 351, 363, 401, 404, 437, 448, 479, 491, 522
- Талаш, қараңыз: Талас
- Талғар, к. және к. ж. 214
- Талицкий бекінісі 315
- Тальхиз 219
- Тана, к. 219
- Таңғұт, к. 218

- Тара, қараңыз: Тура
Тараз (Жаңа-Тараз, Янги-Тараз, Талас),
қ. және қала маңы 83, 86, 92, 93, 139—
142, 146, 148, 149, 173, 180, 191, 200,
201, 217, 219, 222, 449, 598
Тарбағатай, жота 77, 132, 218, 313, 429,
487
Тарбүкір, аймақ 125
Тарим, қ. 145
Тарсакент, қоныс 200
Тары, өз. 166
Тасқорған, қ. ж. 479
Тастөбе, қ. ж. 479
Татария 11, 29, 30
Ташанак, қан. 178, 479
Ташарық, жер аты 191, 200
Ташмойнак, қ. 152
Ташкент (Шаш), қ. және аймақ 14,
19, 20, 28, 31, 42, 49, 51, 58, 60, 82,
86, 117—119, 121, 123, 126, 136,
138, 141—143, 146, 147, 152, 153,
182, 188, 193, 199, 214, 221, 242,
304, 305, 312, 337, 338, 342, 344,
351—353, 356, 361, 363—367, 369,
372—376, 378—380, 383—386, 390,
391, 393, 394, 396—398, 400—402,
405—417, 420—422, 425—428, 442,
452, 458, 506, 514, 520, 522, 526,
527, 540, 547, 559, 574, 582, 596
Тегеран 13, 18
Текелік, жер аты 151
Текес, өз. 132, 148—150, 175
Темір (Темірарық), қан. 314, 479, 521
Терек, өз. 134
Темір (Темір әулеті) мемл. 7, 60, 106, 187,
573
Тобольск, қ. 448, 449
Тобыл, өз. 82, 134, 155, 162, 163, 172, 313,
314, 415, 429, 430, 445
Тобыл өңірі 277
Тоғызак, өз. 313
Тоғлық-Темірхан ұлысы 198
Токтамыс, бұлақ 178, 479, 521
Том, өз. 164
Тосын, шөл 313
Торғай, өз. 155, 312—314, 430
Торғай алқабы 162, 172
Троицк, қ. 313
Тува (Тыва) 283
Тура (Тара), қ. 155, 156, 448
Тура, өз. 156, 162, 163
Тұмарлық шатқалы 313
Тұрфан, қ. және өлке 148, 152, 153, 193,
397, 427
Түлкібас, жер аты 386
Түркістан (Йасы, Ясы), қ. және қала
маңы 57, 58, 106, 107, 134, 135,
141, 145, 151, 152, 158, 176, 178,
191, 198, 202, 207, 219, 351, 353,
374, 379, 381, 383, 384, 386, 402,
406, 408, 415, 417, 421, 425, 428,
431, 435, 436, 448, 449, 452, 476—
480, 482, 488, 490, 491, 502, 510,
519, 520, 539—541
Түркістан, өлке 49, 52, 103, 104, 108,
119, 129, 132, 139—145, 153, 156,
158, 171, 177, 178, 181, 188, 223,
248, 287, 291, 298, 299, 301, 302,
312, 324, 328, 332, 334, 335—337,
340, 346—350, 352, 354—359, 364,
365, 373—375, 377, 380, 382, 383,
404, 406, 408, 411, 417, 418, 420,
447, 478, 480, 483, 484, 487, 489,
519, 540, 545, 584, 596
Шығыс 51, 60, 79, 80, 100, 103, 105,
106, 121, 133, 134, 179, 188, 189, 193,
219, 220, 281, 289, 294, 295, 323, 324,
354, 357, 362, 366, 375, 377, 432, 435,
451, 596
Түрікменстан 514
Түркия 256
Түрік қағанаты 235
Түмен (Чимги-Тура, Чинги-Тура), қ.
155, 162, 163, 448
Тянь-Шань 61, 135, 287, 295, 342, 343,
359, 363, 432, 435
Батыс 452
Тянь-Шань өңірі 93, 105, 129, 188, 189,
290, 357, 360, 362
Солтүстік 147
Угра, өз. 355
Ұзынтөбе, қ. ж. 490
Ұйғыр қағанаты 10
«Ұлы Ұлыс», қараңыз: Ұлық Ұлыс
Ұлы жүз 105, 295, 300, 301, 310—312,
314, 325, 336, 337, 342, 357, 359,

362, 435, 532
Ұлығ-Иф (Үлкен үй) 77
Ұлытау даласы 109
Ұлытау, жота 79, 82, 104, 134, 162, 167,
168, 172, 174
Ұлытау, тау 108, 113, 154, 305, 312, 365,
377, 384, 393, 404, 411, 415
«Ұлыс-и моғол», Қараңыз: Моғолстан
«Ұлыс-и өзбек», қараңыз: Ақ Орда,
Әбілқайыр хандығы
Ұрасоған, қ. 199, 487
Ұрұс хан ұлысы, қараңыз: Ақ Орда

Үзкент, өз. 474
Үзкент, қ. және қамал 79, 80, 82, 86, 89,
151–153, 157–160, 182, 188, 199, 282,
285, 289, 292, 344, 353, 372, 383, 467,
474, 477, 480, 489, 503, 520, 521, 539
Үгедей ұлысы 77, 95, 290
Үргеніш, қ. 57, 132, 157, 219, 220, 375, 378,
407
Үрімші, қ. 312
Үш, қ. 394
Үш Фирман, қ. 145

Фараб, қараңыз: Отырар
Ферғана, аймақ 86, 121, 122, 145, 146, 221,
351, 361, 366, 375, 408, 411–413, 417,
420–422, 452, 488, 510, 514, 574

Хаджи-Тархан, қараңыз: Астрахан
Хазар қағанаты 277
Хами, қ. 193
Ханбалық, қ. 219
Хангай, жота 156
Харшук, қ. 199
Хиуа, аймақ 88, 375, 398, 399, 403, 407,
448, 530, 577, 596
Ходженд (Ходжент), қ. 81, 86, 221, 383
Ходжкат, қоныс 413
Хорасан, аймақ 126, 145, 157, 217, 223,
248, 374, 382, 596
Хорезм 79, 109–111, 129–137, 144, 157–
159, 203, 215, 217–219, 252, 257, 291,
329, 350, 351, 381, 483, 510, 511, 514
Хотан, қ. 139, 145, 148, 184, 189, 519
Хулағу әулеті мемлекеті 144

Цзинь, империя 311

Чимги-Тура, қараңыз: Тюмень

Шаға (Чага), кан. 182
Шаған, қ. 313
Шағат, жер аты 387, 394
Шағатай әулеті мемлекеті 80, 81, 93, 95,
128, 185, 186, 198, 221
Шағатай ұлысы 77–80, 84–86, 88, 91,
102, 103, 106–108, 127, 132, 176, 184,
192, 290, 297, 581
Шажығай 312
Шайбани (Шайбани әулеті) ұлысы 82
103, 115, 155, 156, 159, 188, 195, 296
478
Шалыш, қ. 117, 128, 133, 386, 397, 415
416, 427
Шарабхан, өз. 517
Шаруашлық, қ. 202
Шарын, өз. 148, 150, 175
Шат, кан. 479
Шатдарбаза, кан. 178, 479
Шахрисябз, қ. 129
Шахрухия, қ. 149, 153, 223, 383, 426, 428
452
Шаш, қараңыз: Ташкент
Шаян, өз. 179, 480
Шелек, қ. 199, 487
Шелек, өз. 148, 150, 175
Шелже, қ. 202
Шиқияқ, өз. 313
Шираз, аймақ 223
Шолақ, кан. 178, 479
Шорнак, кан. 172, 479
Шу, өз. 90, 109, 122, 132, 150, 153,
185, 198, 200, 202, 313, 321, 323,
334, 335, 359, 363, 373, 450, 453,
475, 487
Шулық, қараңыз: Чу
Шу алқабы 57, 131, 179, 190, 198, 201,
214
Шығыс 95, 130, 210, 307, 448, 519
Алдыңғы 217, 220
Орта 184, 217
Шусуы, өз. 115
Шыңғырлау, өз. 313
Шыңғыстау, қ. 313, 556
Шыршық, өз. 312, 351, 477
Шықыл-Торғай, кан. 517

Ырғыз, өз. 115, 155, 172, 313, 314, 403,
415, 430

Ыстықкөл, көл 121, 130, 133, 141, 148,
150, 151, 153, 251, 362, 390, 391, 394,
450, 451

Ыстықкөл маңы 186, 131, 360, 362, 363,
386, 389, 451

Іле, өз. 80, 130, 132, 133, 153, 185, 189,
202, 218, 312, 334, 342, 364, 365,

586

Іле алқабы 86, 87, 153, 180, 194, 195, 200,
211, 212, 217, 219

Ілебалық, қ. және жер аты 88, 92, 147,
153, 194, 200, 212, 219

Эквиус, қараңыз: Екіоғыз

Янги (Жана), қараңыз: Тараз

Ясы (Йасы), қараңыз: Түркістан, қ.

ЭТНИКАЛЫҚ АТАУЛАР КӨРСЕТКІШІ

- Адай 300, 313, 579
Алазондар 37
Аландар 304, 579
А л а т а й - к ы р ғ ы з д а р , қ а р а ңыз :
қырғыздар 453
Алаш 160, 300
Албандар 300, 311, 314, 427, 599
Алит-қырғыздар, қараңыз: қырғыздар
453
Алтайлықтар 51
Алшындар (алшын) 34, 105, 160, 454
Арабтар 302, 487, 546
Аргинуд (аргинут) 123, 126
Арғындар 34, 105, 160, 237, 293, 296,
300, 301, 310, 312, 334, 356, 364,
485
Арилер 302, 310
Арлаттар 81, 123
Астар 82, 105

Әлім (әлімұлы) 313, 314, 431, 454, 564

Баарин (барин) 123, 131, 149, 150—152,
290, 292, 293, 360, 363
Байбақты 300
Байұлы 293, 313, 553
Барластар 81, 105, 123, 129, 150, 190,
289, 290, 292, 293, 296
Баскил 305
Башқұрт 17, 29, 45, 51, 106, 398, 403,
410, 415, 430, 435, 449, 450, 579
Бекшіктер 105, 153, 361; сондай-ақ
қараңыз: қаңлылар
Бүйрек 82, 115, 296
Бұлғарлар 82, 86, 87, 110, 304
Бұлғашылар 105, 123, 133, 330, 334, 359,
360, 363
Бүркіттер 105, 155, 156, 297
Бұхарлықтар 416, 449

Ғұндар (хұндар) 279, 280, 309, 579

Дербеттер 429, 450
Дуғлаттар 15, 16, 47, 103, 105, 121—
123, 127, 128, 136, 149, 150, 187—
190, 196, 301, 302, 334, 356, 360,
599
Дулаттар 7, 34, 48, 300, 311, 327, 337,
364, 451, 485, 579, 599, сондай-ақ
қараңыз: дуғлаттар
Дүрман 156, 296

Жалайырлар 23, 81, 105, 131, 289, 290
292, 293, 300, 301, 311, 334, 356,
427,
Жаппас 300
Жаттар (шаттар) 296
Жетіру 313, 314
Жоңғарлар 50, 150, 312, 403, 407, 430,
433, 447, 554, 562, 563; сондай-ақ
қараңыз: ойраттар
Жуан-жуандар 309

Зюнгарлар, қараңыз: чороста
шорастар

Индустар (ындыстар) 566

Йаджудж 391

Кенгерестер 160
Кенегестер 105, 156, 293, 296
Кимектер 277, 325
Керейіттер (керейлер) 28, 34, 52, 105
109, 123, 126, 149, 150, 160, 291, 292,
296, 300, 310, 312, 327, 334, 337, 364,
583
Командар (кумандар) 90, 292; сондай-
ақ қараңыз: қыпшақтар және

- половецтер
Күрлеуіт 17, 105, 156, 296
Күшші (косшы) 17, 82, 115, 156, 296
- Қазақтар 7, 16–25, 28–40, 43, 44, 50–53, 60, 61, 105–107, 115, 120, 154, 158–160, 174, 195, 236, 239, 246, 250, 251, 262–277, 279, 294, 295, 308, 312, 322–327, 331–339, 354–366, 373, 400, 402–404, 406–421, 425–437, 444–454, 458–460, 462–471, 476, 477, 482–487, 501, 531–533, 536, 587, 554, 569, 588–600
- Қалмақтар 16, 23, 25, 28, 35, 92, 122, 139, 152–154, 234, 247, 334, 335, 361, 363, 365, 387, 390–394, 403, 407, 414, 430, 431, 434, 447, 449–451, 476, 546, 563, 566; сондай-ақ қараңыз: ойраттар
- Қалмықтар, қараңыз: қалмақтар
Қалуштар 105, 151, 334, 359, 360, 363
Қанғиттер (хвалистер) 28, 90, 292; сондай-ақ қараңыз: қаңлылар
Қаңлылар 34, 41, 53, 87, 105, 123, 124, 126, 156, 160, 293, 297, 300–305, 310, 311, 325, 334, 337, 356, 364, 485, 579, 599
- Қарақалпақтар 29, 31, 45, 51, 57, 88, 105, 106, 302, 404, 435, 486, 530, 579
- Қаракесек 300
Қаракыпшақ 237
Қарасақал 300
Қарлұқтар 53, 82, 87, 105, 109, 115, 156, 160, 289, 296, 300, 305
- Қасоғтар (әл-қасақия, кашак) 37, 303, 304
- Қатаған 297, 312, 428, 452
Қаушындар 81, 115
Қият (кыйт) 17, 105, 156, 234, 289, 297
«Қолмақтар», қараңыз: ойраттар
Қоңыраттар 17, 52, 105, 109, 156, 160, 289, 293, 300, 301, 310, 312, 356, 485
- Құлан-қыпшақ 162: сондай-ақ қараңыз: қыпшақтар
- Қырғыздар 16, 22, 31, 33, 43, 45, 51, 53, 61, 88, 105, 154, 247, 267, 268, 279, 295, 306, 324, 327, 334, 335, 357, 360, 363–365, 390, 426, 428, 435, 471, 476, 485, 530, 596
- Қыйат, қараныз: кият
Қыпшақтар 7, 26, 34, 45, 48, 53, 60, 61, 86–87, 105, 109, 131, 156, 160, 220, 234, 288, 291, 293, 295–297, 300, 301, 310, 312, 325, 327, 356, 449, 471, 579, 582, 583
- Қытай (хытай) 87, 105, 156, 296, 297
Қырым татарлары 45, 579
Қытайлар 87, 105, 153, 451, 578, 579
Қытай-қыпшақ 156, 162; сондай-ақ қараңыз: қыпшақтар
- Лобнорлықтар 53
- Маджар (мадьяр)-қыпшақтар 162; сондай-ақ қараңыз: қыпшақтар
Маджар (мадьяр) 162, 237, 297
Маңғыттар 7, 17, 48, 104, 105, 109, 110, 136, 137, 156, 160, 162, 291, 293, 297, 300–310, 332, 357, 358, 366, 373, 376, 381, 385, 404, 476, 485, 486, 540; сондай-ақ қараңыз: ноғайлықтар
- Маньчжурлар 27, 432
Масқар 313
Меркіттер 160, 289
Минг 296
Моғұлдар (моғолдар) 16, 24, 25, 48, 51, 52, 93, 100, 105, 122, 127, 130, 143–146, 148, 149, 151, 175, 194, 197, 289, 294, 295, 300, 302, 344, 351, 363–365, 374, 384–388, 390, 392, 427, 451, 458, 476, 486, 541, 578
- Монғолдар 7, 10, 33, 35, 45, 46, 51, 57, 58, 61, 77, 78, 80, 83–95, 98, 100, 102, 105–109, 118, 121, 123, 128–130, 136, 152, 176, 177, 179, 181, 186–188, 201, 204–217, 219, 252, 270, 277–279, 286–289, 308, 309, 430, 477, 541, 578
- Наймандар 4, 34, 52, 82, 105, 109, 115, 156, 160, 162, 163, 289, 291, 292, 296, 300, 310, 312, 325, 327, 579, 583
- Ноғайлықтар, ноғайлар, ноғайлылар 16, 27–30, 33, 45, 48, 51, 53, 105, 106,

- 174, 178, 235, 240, 294, 297, 300–303, 310, 311, 324, 403, 404, 414, 430, 476, 582; сондай-ак қараңыз: маңғыттар
- Оғыздар (ғұздар)** 234, 291, 297, 307
- Ойраттар** 16, 20, 32, 151–153, 193, 296, 297, 310, 335, 344, 363–365, 410, 435, 452, 553; сондай-ак қараңыз: қалмақтар
- Оңғыттар** 162
- Орыстар** 29, 46, 305, 430, 449
- Ошақты** 300, 311
- Өзбектер** 14, 16–19, 20–23, 31–34, 45–48, 51, 52, 92, 100, 105, 112, 115, 120, 143, 144, 159, 174, 199, 293, 298, 300–302, 353, 356, 379, 380, 382–384, 402, 418, 450, 451, 470, 472, 483–486, 529, 530, 535, 574
- Өзбек-казак** 36, 45, 48, 52, 294, 297, 337, 352, 358, 380, 388, 451
- Өзбек-шайбанилер** 358, 384, 388; сондай-ак қараңыз: өзбектер
- Өкіреш-найман** 156
- Парсылар (ирандықтар)** 87, 234, 566, 583
- Половецтер (командар, кумандар)** 87, 291; сондай-ак қараңыз: қыпшақтар
- Рамадан** 314
- Савроматтар, қараңыз: сарматтар**
- Сағал-қыпшақтар** 162; сондай-ак қараңыз: қыпшақтар
- Сарматтар (савроматтар)** 28, 283
- Сактар** 280, 283, 586
- Саксиндер, қараңыз: хазарлар**
- Салдүздер** 149, 150
- Сары-үйсіндер** 311, 312
- Славяндар** 87, 270
- Суандар** 300, 311, 599
- Сіргелі** 300, 311
- Сібір татарлары** 45, 51, 105, 106, 403, 431
- Табын** 314, 449
- Таз** 300
- Таймастар** 297
- Тама** 160, 235, 454
- Тана** 557
- Таңғұттар** 56, 297
- Татарлар** 30, 45, 48, 105, 111, 116, 174, 175, 200, 289, 292, 293, 409, 458, 579
- Татарлар, қараңыз: монғолдар**
- Тәжіктер** 102, 449, 502
- Тибеттіктер** 87
- Тоқмақтар** 453
- Торғауыттар** 429, 450
- Торыайғыр-қыпшақтар** 162; сондай-ак қараңыз: қыпшақтар
- Төленгіттер** 278, 290
- Төлес** 290
- Төртқара** 431, 564
- Түрікмендер** 24, 31, 45, 247, 305, 307, 396, 571
- Тұрлар** 283
- Түріктер** 7, 23, 26, 36, 46, 87, 102, 118, 250, 280, 286, 290, 302, 487, 597
- Уактар** 312
- Угро-финдер** 84
- Усун, қараңыз: үйсіндер, усундер** 41, 280, 296, 297, 579
- Ұйғырлар** 16, 33, 53, 77, 86, 87, 106, 156, 167, 297, 334, 357, 362, 363
- Үйсіндер** 41, 105, 109, 123, 156, 297, 300, 334, 359
- Үйілүндер** 156
- Хазарлар** 267, 268
- Хакастар** 271
- Хасактар (хаска)** 305
- Хвалисстер, қараңыз: канғиттер**
- Хиуалықтар** 480
- Хорезмдіктер** 87
- Хошоуттар** 312, 429
- Хұндар, қараңыз: ғұндар**
- Черкестер** 37, 82

Шабакты 297

Шанышқылы 311, 312

Шапырашты 300, 311, 314

**Шорастар (чорос, чурас) 16, 105, 151,
152, 360, 363, 420**

Шоростар (зюнгарлар) 312, 429

Шөмекей 314

Шу, қараңыз: дулат 34

Шұңқырлы 297

Шымбай 156, 297

Ысты 300, 311

Юечжилер 579

Юздер 24

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ВИ	– Вопросы истории
ГАИМК	– Государственная академия истории материальной культуры
ГИМ	– Государственный исторический музей
ГПБ	– Государственная публичная библиотека им М. Е. Салтыкова-Щедрина
ИВ АН СССР	– Институт востоковедения АН СССР
ИВ АН УзССР	– Институт востоковедения АН Узбекской ССР им. Алишера Навои
КирФАН СССР	– Киргизский филиал АН СССР
ЛГУ	– Ленинградский государственный университет им. А. А. Жданова
ЛО ИВ АН СССР	– Ленинградское отделение Института востоковедения АН СССР
МИА	– Материалы и исследования по археологии СССР
МИКХ; МИТТ; МИТУСА;	– См. в сносках
МИУТТ	
НАА	– Народы Азии и Африки
ООН АН ТаджССР	– Отделение общественных наук АН Таджикской ССР
ПЛНВ	– Памятники литературы народов Востока
ППВ	– Письменные памятники Востока
ПСРЛ	– Полное собрание русских летописей
РГО (ИРГО)	– Русское географическое общество
СА	– Советская археология
СВ	– Советское востоковедение
СМИЗО	– См. в сносках
СТ	– Советская тюркология
СЭ	– Советская этнография
ТВОРАО	– Труды Восточного отделения Русского археологического общества
ТИИАЭ АН КазССР	– Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР им. Ч. Ч. Валиханова

ТКЛА	– Туркестанский кружок любителей археологии
ЦГАДА	– Центральный государственный архив древних актов
GMS	– E. J. W. Gibb Memorial Series
GMS, NS	– E. J. W. Gibb Memorial Series, New Series
JA	– Journal Asiatique
UAJ	– Ural-Altische Jahrbucher
ZDMG	– Zeitschrift der Deutschen Morgenlandischen Gesellschaft

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	7
Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихнамасы және деректемелері	10
1. Жазбаша деректемелер	10
2. Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихнамасы	31
3. XIV–XVIII ғасырдың басындағы Қазақстанды археологиялық зерттеудің тарихнамасы	56

БІРІНШІ БӨЛІМ. Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ мемлекетінің құрылуы мен дамуы

Бірінші тарау. Алтын Орда	77
1. Ұлыстардың құрылуы	77
2. Саяси және мемлекеттік құрылысы	83
3. Жаулап алудың зардаптары	89

Екінші тарау. XIV–XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттер	100
1. XIV–XV ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы саяси жағдай және этникалық-мәдени даму	100
2. XIV ғасырдағы Ақ Орда	108
3. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Моғолстанның құрамында	121
4. Әмір Темірдің Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу аумағындағы басқыншылық соғыстары	128
5. XV ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу	135
6. Әбілқайыр хандығы («Көшпелі өзбектер мемлекеті»)	154
7. XIII–XV ғасырлардағы Ноғай Ордасы, Солтүстік Қазақстан және Батыс Сібір	159

Үшінші тарау. Қазақстанның XIV–XV ғасырлардағы экономикасы	171
1. Мал шаруашылығы мен егіншілік	171
2. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар	182
3. Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілқайыр хандығының, Ноғай Ордасының мемлекеттік-әкімшілік құрылысы	194
4. Қалалар, қалалық және селолық қоныстар	197
5. Қолөнер	207
6. Керуен жолдары, сауда және ақша айналысы	217

Төртінші тарау. Рухани мәдениет. Дін. Өнер.	232
1. Қазақстанның XIII—XV ғасырлардағы рухани мәдениеті	232
2. Діни нанымдар. XIV—XV ғасырлардағы ислам	246
3. Архитектура мен өнер	252
Бесінші тарау. Қазақ халқының қалыптасуы	264
1. Антропология деректері бойынша қазақ халқының этногенезі ...	264
2. Монғолдар жаулап алғаннан кейінгі этникалық процестер. Халықтың аумақтық орналасуындағы, рулық-тайпалық құра- мындағы өзгерістер	287
3. Қазақстан аумағында этносаяси қауымдастықтың қалыптасуы	294
4. Қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңі	299
5. «Қазақ» термині туралы	303
6. Қазақ жүздері. Этникалық аумақ	308
Алтыншы тарау. XV ғасырдағы Қазақ хандығы	320
1. Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары	320
2. Жәнібек пен Керей	327
3. Қазақ хандығының құрылуы	336
4. XV ғасырдың соңғы үштен біріндегі Қазақ хандығының нығаюы ...	344
5. Жетісуда қазақ хандары билігінің орнауы	357

ЕКІНШІ БӨЛІМ. XVI—XVII ғасырдың басындағы Қазақ мемлекеті

Бірінші тарау. XVI ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ мемлекеті ..	373
1. Қасым хан. Хандықтың өрлеуі. Жер аумағының кеңеюі	373
2. XVI ғасырдың басындағы Қазақ мемлекеті билеушілерінің Мауараннахрдың өзбек хандарымен өзара қарым-қатынастары	377
3. XVI ғасырдың екінші ширегіндегі қазақ әміршілері. Ішкі саяси оқиғалар	384
4. XVI ғасырдың 30—50-жылдарындағы қазақтар, моғолдар және қалмақтар	388
Екінші тарау. XVI ғасырдың екінші жартысы — XVII ғасырдың басындағы Қазақ мемлекеті	393
1. Хакназар хан. XVI ғасырдың екінші жартысында мемлекеттің нығаюы	393
2. XVI—XVII ғасырлардағы Орта Азия шайбанилерімен және аштарханилерімен қарым-қатынастары. Тәуекел хан. Ресеймен жақындасудың жолдарын қарастыру	408
Үшінші тарау. Қазақстанның XVII ғасырдағы ішкі саяси және халықаралық жағдайы	425
1. XVII ғасырдың басындағы саяси жағдай. Талас-тартыстар. Бұхара хандығымен өзара қарым-қатынастар	425
2. XVII ғасырдың 30—50-жылдарындағы Қазақ хандығы	428
3. Тәуке хан тұсындағы биліктің нығаюы. «Жеті жарғы»	435
4. Ресеймен және көрші халықтармен өзара қарым-қатынастары ...	444

Төртінші тарау. Қазақтардың экономикасы мен тұрмысы	458
- 1. Шаруашылығы және тұрмысы	458
- 2. Халық кәсіпшілігі мен қолөнері	465
3. Әскери іс және қару-жарақ	470
Бесінші тарау. Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалалары мен қоныстары	475
1. XVI–XVII ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) қалалары	475
2. Қалалар саны, соңғы орта ғасырлардағы қала жұрттарының топографиясы мен типологиясы	487
3. Қалалық және ауылдық тұрғын үйлер. Қалалардың әлеуметтік құрылымы мен демографиялық жағдайы	497
4. Архитектура мен құрылыс	503
5. Қолөнер	508
6. Сауда және ақша айналысы	518
- 7. Ирригация және егіншілік	521
Алтыншы тарау. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар	529
1. Әлеуметтік топтар мен категориялар	529
2. Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен жазираларындағы меншік нысандары. XV–XVII ғасырлардағы қала халқының әлеуметтік құрамы	537
Жетінші тарау. Қазақ халқының рухани мәдениеті	550
1. Рухани мәдениет	550
2. Қазақ тілі	579
3. Халықтың әдет-ғұрпы, салттары мен дәстүрлері	589
4. Діни нанымдар. Ислам дінінің таралуы	596
Қосымшалар	605
Хронологиялық көрсеткіш	606
Есімдер көрсеткіші	609
Тарихи-географиялық және топографиялық атаулар көрсеткіші	619
Этникалық атаулар көрсеткіші	629
Қысқартулар тізімі	633

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(көне заманнан бүгінге дейін)

бес томдық

II том

«Атамұра» баспасының бас директоры

Мұхтар Құл-Мұхаммед

Бас редакторы *Әділхан Пірманов*

Редакторлары *Кәдірбек Сегізбайұлы, Райхан Райбаева*

Техн. редакторы *Гүлнафис Әзімқұлова*

Корректоры *Назира Дүйсенбаева*

Суретшісі *Арыстан Ысқақов*

«Атамұра» корпорациясының компьютерлік
орталығында терілген

Компьютерде беттеген *Наталья Развинавичене*

Компьютерде терген *Эльвира Омарова*

ИБ № 151

Теруге 10.01.98 берілді. Басуға 17.03.98 қол қойылды. Формат 60x90 1/16. Таймс гарнитурасы. Шартты баспа табағы 40,0+0,125 жапсырма+0,125 қосарбет. Есептік баспа табағы 52,3+0,102 жапсырма+0,11 қосарбет. Таралымы 6000 дана. Бағасы келісімді. Тапсырыс № 345.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 157.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының «Полиграфкомбинат» ЖШС, 480002, Алматы қ., Мақатаев к., 41-үй.

**Басылым Алматы темекі компаниясы
акционерлік қоғамының,**

ФИЛИП MORRIS


компаниясы тобының
қаржылай демеуі мен Зерттеу және
айырбас жөніндегі Халықаралық
Кеңестің қолдауының нәтижесінде
жарық көрді

This book was published thanks
to financial support
of **Almaty Tobacco Company,**
a Member of the

PHILIP MORRIS

Family of Companies
and cooperation of the International
Research & Exchanges Board (IREX)

XV-XVII ҒАСЫРЛАРД



АҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

